

К.МАРКС пен Ф.ЭНГЕЛЬС

Тандамалы
шығармалары

2

ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА
ПРИ ЦК КПСС

К.МАРКС
И
Ф.ЭНГЕЛЬС

•

Избранные
произведения
в трех томах

•

Том
2

ИЗДАТЕЛЬСТВО
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва • 1970

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы ПАРТИЯ
ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ — КПСС Орталық Комитеті
жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ
ФИЛИАЛЫ

К.МАРКС
пен
Ф.ЭНГЕЛЬС

Таңдамалы
шығармаларының
үш томдығы

2
ТОМ

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
А Л М А Т Ы • 1980

З К 11
М 24

- Маркс К., Энгельс Ф.**
М 24 Таңдамалы шығармалар: Үш томдық (К. Маркс, Ф. Энгельс.— Алматы: «Қазақстан», 1976.—
... см.— (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы).
Т 2: 544 бет.

М $\frac{10101-113}{401(07)-79}$ 8—79. 0101010000.

З К П

- © Издательство политической литературы, 1970 г.
© Қазақша аудармасы, «Қазақстан» баспасы, 1980 ж.

К. МАРКС

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІНІҢ ҚҰРЫЛТАЙ МАНИФЕСІ

СЕРІКТІК 1864 Ж. 28 СЕНТЯБРЬДЕ ЛОНДОНДАҒЫ СЕНТ-МАРТИНС
ХОЛЛДА, ЛОНГ-ЭЙКРДЕ БОЛҒАН АШЫҚ ЖИНАЛЫСТА НЕГІЗДЕЛГЕН*

Жұмысшылар!

1848 жылдан 1864 жылға дейін жұмысшылар бұқарасының қайыршылығы кеміген жоқ, — бұл талассыз факт, ал, шынында, өнеркәсіптің өркендеуі мен сауданың өсуі жағынан қарағанда бұл дәуір тарихта өз теңдесі жоқ дәуір. 1850 жылы британ буржуазиясының бір ұстамды, жақсы хабардар органы: егер Англияның шеттен зәкімделуі мен шетке зат шығаруы 50% өссе, онда бұл елдегі пауперизм құрыр еді деп болжау айтқан еді. Ондай болу қайда! 1864 жылғы 7 апрельде казначейство канцлері* өзінің парламенттік аудиториясын мынадай мәлімдемемен қуантты: Англияның импорты мен экспортының жалпы сомасы 1863 жылы көбейіп, «443 955 000 фунт стерлингке дейін жетті! Бұл адам танданарлық сома біршама осы жуырда өткен 1843 жылғы заманның сауда айналымдарының сомасынан үш есе дерлік көп!» Солай бола тұрса да канцлер «кедейлік» туралы айқын айтты. «Кедейліктің шегінде тұрғандар туралы», «өспей отырған... жалақы» туралы, «он реттің тоғызында күн көріс үшін күресуге тірелетін... адам өмірі» туралы «ойлап қараңыздаршы!» — деді ол лепіре дауыстап. Бірақ ол солтүстікте бірте-бірте машина ығыстырып шығарып отырған, ал оңтүстікте қора-қора қой ығыстырып шығарып отырған ирланд халқы туралы тіс жармады; айтпақшы, осы бақытсыз елде тіпті қойдың саны да кеміп барады, рас, адам санының жемінің тездігіндей шапшаңдықпен кеміп отырған жоқ. Аристократияның жоғары өкілдерінің кенеттен өздері тап болған қорқыныштан естері кетіп, әлгіде ғана байқамай айтып салғандарын ол қайталаған жоқ. «Тұншықтырушылар»² туғызған үрей белгілі шамаға жеткен кезде, лордтар палатасы жер аудару мен каторгалық жұмыстардың жағдайларын тексеруге, мұның нәтижелерін есеп түрінде жариялауға қаулы етті. Ақиқат 1863 жылғы көлемді Көк кітаптың³ беттерінен ашылды, сөйтіп Англия мен Шотландияда

* — У. Гладстон. *Ред.*

қылмысты іспен айыпталғандардың ең нашарлары — каторгадағылар — ағылшын мен шотланд ауыл шаруашылық жұмысшыларынан гөрі әлдеқайда аз жұмыс істеп, әлдеқайда жақсы тамақтанатыны ресми расталған фактілер мен цифрлар арқылы дәлелденді. Бірақ жалғыз бұл ғана емес. Америкадағы Азамат соғысының⁴ салдарынан Ланкашир мен Чеширдің жұмысшылары көшеге шығарылып тасталған кезде, сол әлгі лордтар палатасы ең арзан бағамен және неғұрлым қарапайым формада берілетін көміртегі мен азоттың орта есеппен алғанда «аштықтан болатын аурулардың алдын алуға» жететін минимум мөлшерін анықтау жөнінде тапсырма беріп, өнеркәсіптік округтерге дәрігер жіберді. Медицина уәкілі доктор Смит мынаны анықтады: аптасына 28 000 гран көміртегі мен 1 330 гран азот орта есеппен алғандағы ересек адамның өмірін сақтай алатын минимум екен... сақтағанда дәл осы дәрежеде сақтайды, ол дәрежеден төмендеп кетсе аштықтан болатын аурулар басталады екен; сонан соң, оның айқындағаны: бұл мөлшер мақта-мата фабрикалары жұмысшыларының қатты мұқтаждықтың ауыртпалығынан іс жүзінде лажсыз қанағат ететін жартымсыз тамағына сәйкес келеді десе болғандай екен*. Алайда бұдан әрі тындап көріңіз! Дәл сол ғалым доктор біраз уақыт өткеннен кейін жұмысшы табының кедей бөлегінің тамақтануын тексеру үшін Күпия советтің медициналық инспекторы етіп қайта жіберілген. Оның зерттеулерінің нәтижелері парламенттің жарлығы бойынша осы жылы басып шығарылған «Халықтың денсаулығы туралы алтыншы есепте» баяндалған. Ал бұл доктордың сондағы тапқаны не? Жібек маталарын тоқушылардың, тігіншілердің, қолғап тоқушылардың, шұлық тоқушылардың және басқалардың тамағы орта есеппен алғанда** тіпті мақта-мата өнеркәсібінің жұмыссыз жүрген жұмысшыларының тамағынан нашар екенін және олардың тамағында «аштықтан болатын аурулардың алдын алуға тура жеткілікті» мөлшердегі көміртегі мен азоттың өзі жоқ екенін байқаған.

«Ол ол ма»,— дегенді оқимыз есептен,— «ауыл шаруашылық халқына жататын сэмьяларды тексергенде былай болып шықты: бұл семьялардың бес-тен бір бөлегінен астамы көміртегінің қажетті минимумын ала алмайды екен, бұл семьялардың үштен бір бөлегінен астамы азоттың қажетті минимумы бар тамақ алмайды екен және үш графтықта (Беркшир, Оксфордшир және Сомерсетшир) азотты тамақтың жетіспеуі дағдылы жағдай болған».

* Көміртегі мен азот, сумен және кейбір органикалық емес заттармен қатар адамның тамағы үшін шикізат болып табылатынын оқушының есіне салудың қажеті бола қояр ма екен. Алайда адам организмінің қоректенуі үшін бұл химиялық қарапайым құрамды бөлшектер өсімдік немесе мал өнімдері түрінде берілуге тиіс; мәселен, картопта көбінесе көміртегі бар, ал енді бидай ұнының нанында тиісті пропорцияда көміртегі мен азот бар.

** Немісше тексте «жылдан жылға» деп қосылған. *Ред.*

«Мынаны еске алу керек»,— деп қосады ресми есеп,— «тамақтың едәуір нашарлауы қажырлы қарсылық жасаудан кейін ғана фактіге айналады, әдетте, оның бұлай нашарлауы басқа жоқшылықтардан кейін болады... Тіпті тазалық сақтаудың өзі де қымбатқа немесе қиынға түсетін болып шығады, егерде кісінің өз адамгершілігін қадірлеу сезімі дегенмен тазалық сақтауға ұмтылдырса, онда әрбір осындай әрекеттің өзі аштықтың қосымша азабына айналады». «Мұның өзі кісіге бір түрлі мұңды ойлар салады, әсіресе егер осында сөз болып отырған кедейлік әсте де еріншектік үшін тартатын лайықты жаза емес екенін еске алатын болсақ, кісіге сондай ойлар салады; жоғарыда айтылған реттердің бәрінде де — мұның өзі еңбекші халықтың кедейлігі. Шынында да, осы жартымсыз тамақты алу үшін жұмысшылардың жасайтын еңбегі көп реттерде тым ұзақ болып шығады».

Есеп мынадай бір таң қаларлық және тіпті күтпеген фактіні келтіреді: «Біріккен корольдіктің барлық бөліктерінің ішінен» — Англиядан, Уэльстен, Шотландия мен Ирландиядан — «нақ Англияда», корольдіктің ең бай бөлегінде, «ауыл шаруашылық халқы бәрінен де нашар тамақтанады»; бірақ тіпті Беркширдің, Оксфордширдің және Сомерсетширдің ауыл шаруашылық жұмысшылары да Лондонның шығыс бөлігіндегі үй өнеркәсібінің орасан көп маман жұмысшыларынан гөрі жақсы тамақтанады.

Парламенттің жарлығы бойынша 1864 жылы, еркін сауданың өрлеген кезінде ресми жарияланған мәліметтер осындай, ал нақ осы кезде казначейство канцлері қауымдар палатасына былай деп хабарлаған:

«Великобританияда орташа жұмысшының күйі жақсара бастады, мұны сондайлық тамаша, ешбір елде, ешбір заманда өзіне теңдесі болмаған жақсару деп білу керек».

Бұл ресми ділмарсушылыққа халықтың денсаулығы туралы ресми есептің мына жай ғана ескертпесі барынша қайшы келеді:

«Елдің қоғамдық денсаулығы деп оның халқының қалың бұқарасының денсаулығы түсініледі, ал егер бұл бұқараға оның ең төменгі тобына дейін аз да болса жақсы тұрмыс жағдайы жасалмаса, ол бұқараның денсаулығы бола қояр ма екен».

Ұлттың прогресі туралы есептердегі статистикалық цифрлардың құбылуына масаттанған казначейство канцлері лепіре шаттанып, былай деп даурығады:

«1842 жылдан 1852 жылға дейін еліміздің салық салынуға тиісті табысы 6% артты... Сегіз жылдың ішінде, 1853 жылдан 1861 жылға дейін, ол табыс, егер 1853 жылдың табысын негізге алатын болсақ, 20% артты! Бұл фактінің ғажап екендігі соншалық, оның өзі тіпті мүмкін емес дерлік нәрсе сияқты.. Байлық пен күш-қуаттың мұншалық таңғажайып өсуі»,— деп қосады Гладстон мырза,— «бүтіндей дәулетті таптармен шектеледі!»

Егер сіздің «бүтіндей дәулетті таптармен шектелетін» осы «байлық пен күш-қуаттың мұншалық таңғажайып өсуін» жұмысшы табының денсаулықты жойғызатын, азып-тоздыратын,

ақыл-ойды аздыратын қандай жағдайларда жасағанын және жасайтынын білгіңіз келсе, онда ең соңғы «Халықтың денсаулығы туралы есепте» баспаханалардың, киім тігетін және тігін шеберханаларының қалай сипатталғанына көз жіберіңіз! Мұнымен 1863 жылы басып шығарылған «Балалар еңбегінің жағдайларын зерттеу жөніндегі комиссияның есебін» салыстырып қараңыз, ол есепте, мәселен, былай деп хабарланады:

«құмырашылар, еркектері де, әйелдері де, дене бітімі мен ақыл-ойы жағынан халықтың неғұрлым азғындап бара жатқан тобы болып табылады», «дімкәс бала, өз кезегінде, дімкәс ата-ана болады», «нәсілдің нашарлауының үдей түсуі сөзсіз» және «егер көршілес жерлерден жұрт үнемі ағылып келіп жатпаса, халықтың неғұрлым дені сау топтарымен некелесу болмаған болса, Стаффордширдің халқы онан да бетер азғындай түскен болар еді».

Трименхир мырзаның «Наубайшы-күндікшілердің шағымдары» деген Көк кітабын қараңыз! Ал фабрикалық инспекторлардың: мақтаның тапшылығы салдарынан мақта-мата фабрикаларында жұмысты уақытша тоқтатқан Ланкашир жұмысшылары жартымсыз паякқа отырғызылғанымен, олардың денсаулық жағдайы іс жүзінде жақсарды, бұл кезде балалардың өлім-жітімі азайды, өйткені шешелері балаларын Годфридің апиын микстурасымен тамақтандырмай, өз сүтімен тамақтандыруға, ақырында, мүмкіндік алды деген, туу мен өлім-жітімнің ресми статистикасы растаған оғаш мәлідемесі кімнің жанын түршіктірмеді.

Бірақ медальдің бет жағына тағы да бір қарап көрейік! Табыс салығы мен мүлік салығы туралы қауымдар палатасына 1864 жылы 20 июльде тапсырылған есеп бізге мынаны көрсетіп отыр: салық жиюшының бағалауы бойынша жылма-жыл 50 000 ф. ст. және онан жоғары табыс табатын адамдардың саны 1862 жылғы 5 апрельден 1863 жылғы 5 апрельге дейін он үш адам көбейген, яғни бұл адамдардың саны осы бір жылдың ішінде 67-ден 80-ге дейін өскен. Тағы да осы есептен байқалып отырған нәрсе — шамамен 3 000 адам өзара жылма-жыл 25 000 000 ф. ст. табысты бөліседі, яғни Англия мен Уэльстің ауыл шаруашылық жұмысшыларының күллі бұқарасының жылма-жыл үлесіне тиетін сомдан асып түсетін соманы бөліседі. 1861 жылғы санақты алып қараңыз, сонда сіз мынаны көресіз: Англия мен Уэльстегі жер иеленуші еркектердің саны 1851 жылғы 16 934 адамнан 1861 жылы 15 066 адамға дейін азайды; мұның өзі 10 жылдың ішінде жердің шоғырлануының 11% өскенін көрсетеді. Егер Англияда жер меншігінің аз ғана адамдардың қолына шоғырлануы бұдан былай да осындай жылдамдықпен іске асатын болса, онда жер мәселесі өте-мөте оңайлайтын болады, Рим империясында осындай болған еді, ол кезде Африка провинциясының тең жартысы алты адамның иелігінде екенін естігенде, Нерон табалап миығынан күлген еді.

Біздің осы «ғажаптығы соншалық, тіпті мүмкін емес дерлік болып көрінетін фактілерге» осынша толық тоқталған себебіміз, Англия сауда мен өнеркәсіп жөнінде Европада бірінші орын алады*. Осыдан бірнеше ай бұрын Луи-Филипптің эмиграцияда жүрген ұлдарының бірі ағылшын ауыл шаруашылық жұмысшыларын олардың хал-жағдайымен жұрт алдында құттықтағанын еске түсіріңіздер, олардың жағдайы өздерінің Ла-Манштың арғы бетіндегі онша бақытты емес жолдастарының халынан жақсы-мыс. Шындығында Англиядағы сияқты фактілер біраз өзгерген жергілікті жағдайларда және аз көлемде континенттің өнеркәсіпті және алдыңғы қатарлы елдерінің бәрінде қайталанатын. Бұл елдердің бәрінде де 1848 жылдан бастап өнеркәсіп бұрын-соңды болмаған дәрежеде дамып, шеттен зат әкелу мен шетке зат шығару ешбір адамның түсіне де кірмеген дәрежеде ұлғайды. Бұл елдердің бәрінде де «байлық пен күш-қуаттың бүтіндей дәулетті таптармен шектелетін өсуі», шынында да, «таңғажайып» болды. Бұл елдердің бәрінде де, дәл Англиядағы сияқты, жұмысшы табының азшылығы үшін нақты жалақы** сәл ғана артты, ал енді мәселен, Лондондағы кедейлерге арналған үйде немесе жетімдер баспанасында тұратындар үшін әл-ауқаттың нақты артуының оншалық маңызы болмағаны сияқты, жұмысшы табының көпшілігі үшін ақшалай жалақының артуының да оншалық маңызы болған жоқ — бұған факті: әлгі кедейлер үйінде немесе жетімдер баспанасында тұратындарды асырауға қажетті тамақ 1852 жылғы 7 ф. ст. 7 шилл. 4 пенсстің орнына 1861 жылы 9 ф. ст. 15 шилл. 8 пенс болды. Барлық жерде де жұмысшы табының қалың бұқарасының халы барған сайын төмендей берді, төмендегенде олардан жоғары тұрған таптар қоғамдық сатымен қаншама дәрежеде жоғарылаған болса, жұмысшы табының қалың бұқарасы кем дегенде соншама дәрежеде төмендеді. Машиналардың жетілдірілуі де***, ғылымның өндіріске қолданылуы да, қатынас құралдарының жақсаруы да, жаңа отарлар да, эмиграция да, жаңа рыноктар да, еркін сауда да, бірге қосып алғанда осылардың бәрі де еңбекшілер бұқарасының қайыршылығын жоя алмайтыны қазір Еуропаның барлық елдерінде көрінеу жаңсақ ойламайтын әрбір адам үшін айдан анық ақиқат болып отыр, сондықтан мұны басқа адамдарды жалған үміттермен жұбатуға мүдделі адамдар ғана бекер дей алады; қазіргі заманның кері кеткен негізінде тұрғанда, еңбектің өндіргіш күштерінің одан әрі дамуы атаулының бәрі қоғамдық қара-

* Неміше тексте былай деп қосылған: «және іс жүзінде оның дүние жүзілік рыноктағы өкілі». *Ред.*

** Неміше тексте былай деп қосылған: «яғни ақшалай алатын ақыға сатып алынуы мүмкін тамақ өнімдерінің мөлшері». *Ред.*

*** Неміше тексте былай деп қосылған: «химиялық жаңалықтар да». *Ред.*

ма-қарсылықтарды сөзсіз тереңдетіп, қоғамдық антагонизмдерді асқындыра түседі. Экономикалық прогрестің осы «таңғажайып» заманының кезінде аштан өлу Британия империясының астанасында қоғамдық тәртіп сипатын алды десе болғандай. Бұл заман әлем шежіресінде сауда-өнеркәсіп дағдарысы деп аталатын әлеуметтік обаның барған сайын жиі қайталануы арқылы, барған сайын зор көлем алуы арқылы және барған сайын сұрапыл салдары арқылы орын алды.

1848 жылғы революция сәтсіз болғаннан кейін континенттегі жұмысшы табының барлық партия ұйымдары мен партиялық баспасөз органдары өрескел зорлықпен құртылған болатын, жұмысшы табының неғұрлым алдыңғы қатарлы перзенттері түңілгендіктен Атлантиканың арғы бетіндегі республикаға қашқан еді, сөйтіп азаттыққа жетсек-ау деген ұзаққа бармаған армандар өнеркәсіп дүрбелеңінің, адамгершілік жағынан азғындаудың және саяси реакцияның заманы басталысымен көзден ғайып болды. Континентте жұмысшы табының жеңілуі өзінің кесапатты әсерін көп ұзамай-ақ Ла-Манштың бұл бетіне де тигізді; оның жеңілуіне қазіргі кездегі сияқты сол кезде де Санкт-Петербург кабинетімен туысқандық одақ жасай отырып қимылдаған ағылшын үкіметінің дипломатиясы ішінара себепкер болды. Континентте тап жағынан туысқандардың жеңілуі ағылшын жұмысшы табын торықтырып, оның өзінің төл ісіне сенімін жойды, ал жер мен ақша шонжарлары біраз әлсірей бастаған менменсінуіне қайта ие болды. Олар алдында жарияланып қойған жеңілдіктерді арсыздықпен кері қайтып алды. Алтын шығатын жаңа жерлердің ашылуы эмиграцияға көптеп кетуді туғызды, осының нәтижесінде британ пролетариаты орны толмас шығынға ұшырады. Оның бұрын белсенді болған, жұмыс пен жалақының уақытша көбеюі қызықтырған басқа өкілдері «саяси штрейкбрехерлерге» айналып кетті. Чартистер қозғалысын қолдамақ болған немесе қайта өзгертпек болған әрекеттердің бәрі де үзілді-кесілді сәтсіздікке ұшырады; бұқараның енжарлығы салдарынан жұмысшы табының баспасөз органдары бірінен соң бірі өздерінің өмір сүруін тоқтатты; шындығында, Англияның жұмысшы табы саяси мүсәпірлік жағдайына бұрын ешқашан да осыншама дәрежеде көне қоймаған сияқты еді. Егер бұрын Англияның жұмысшы табы мен континенттегі жұмысшы табының арасында қимыл жағынан ынтымақтық болмаған болса, ал енді қалай болғанда да жеңілу жағынан ынтымақтық бар екендігі байқалды.

Солай болғанымен де, 1848 жылғы революциялардан бергі жерде өткен дәуірдің игілікті жақтары да болды. Бұл арада екі ірі фактіні ғана атап өтейік.

Ағылшын жұмысшы табы тамаша қажырлылықпен жүргізген отыз жылдық күрестен кейін ол он сағаттық жұмыс күні туралы

заң шығартқызу үшін⁵ жер иеленуші аристократия мен ақша аристократиясының арасындағы уақытша жіктелісті пайдаланды. Фабрикалық жұмысшылар үшін бұл заңның күш-қабілет, адамгершілік, ақыл-ой жағынан өте-мөте игілікті нәтижелерін, әрбір жарты жылда фабрика инспекторларының есептерінде атап көрсетілетін осы нәтижелерін, қазір жалпы жұрт мойындайтын болып отыр. Европалық үкіметтердің көпшілігі аздықөпті елеулі түзетулермен ағылшын фабрикалық заңын қабылдауға тиіс болды, ал ағылшын парламентінің өзі бұл заңның ықпал өрісін жылма-жыл ұлғайтып отыруға мәжбүр болып отыр. Бірақ жұмысшылар үшін істелген бұл шарада, оның практикалық маңызын былай қойғанда, оның ғажап табысқа жетуіне себеп болған тағы да бір басқа нәрсе болды. Д-р Юр, профессор Сениор тәрізді өздерінің мейлінше белгілі ғалымдарының және осы тектес басқа да ғұламаларының сөзімен буржуазия: жұмыс уақытына заң жүзінде қандай да болсын шек қою, қанішер сияқты, адамның қанын, онда да баланың қанын сорып қана күн көре алатын британ өнеркәсібі үшін жаназа әуеніндей болып естілуге тиіс деп сәуегейлік айтып, тынымсыз тақақтады. Ерте заманда балаларды өлтіру Молох дінінің құпия жорасы болған, бірақ оның өзі кейбір аса салтанатты реттерде ғана қолданылған, сірә, жылына бір реттен артық қолданылмаған болу керек; оның бер жағында Молох тек кедейлердің балаларына ғана қатерін тигетін деуге келмейді. Жұмыс уақытына заң жүзінде шек қоюдың төңірегіндегі бұл күрес бұрынғыдан да бетер қатаң жүргізілді, өйткені бұл арада әңгіме пайдаға құныққандардың қорқынышына қарамастан, буржуазияның саяси экономиясының мазмұны болып отырған сұраным мен ұсыным заңының дүлей үстемдігі мен қоғамдық көрегендік арқылы басқарылатын, жұмысшы табының саяси экономиясы болып табылатын қоғамдық өндірістің арасындағы үлкен талас туралы болды. Сондықтан оң сағаттық жұмыс күні туралы заң аса маңызды практикалық табыс болып қана қойған жоқ, сонымен қатар принциптің жеңісі де болды; буржуазияның саяси экономиясы жұмысшы табының саяси экономиясының алдында тұңғыш рет ашық тізе бүкті.

Бірақ еңбек саяси экономиясының меншік саяси экономиясын* онан да елеулі жеңуі әлі алда тұрды. Біз кооператив қозғалысы туралы, атап айтқанда ешқандай қолдаусыз-ақ аздаған батыл «қолдардың» күш-жігер жұмсауымен құрылған кооперативтік фабрикалар туралы айтып отырмыз. Осы әлеуметтік ұлы тәжірибелердің маңызын айтып жеткізу қиын. Ірі көлемдегі өндірістің, қазіргі заманғы ғылымның талаптарына сәйкес жүр-

* Немісше тексте «меншік саяси экономиясын» деген сөздердің орнына «капитал саяси экономиясын» деп басылған. *Ред.*

гізілетін өндірістің жалдама жұмысшылар табының еңбегін пайдаланатын қожайындар табы болмаған жағдайда жүзеге асырылатындығын жұмысшылар сөз жүзінде емес, іс жүзінде дәлелдеді; олар өндірістің ойдағыдай жүргізілуі үшін еңбек құралдарының әсте де жұмысшыға үстемдік жүргізу құралы ретінде және оны тонау үшін монополияланбауы керек екенін дәлелдеп шықты және құлдық еңбек пен крепостниктік еңбек сияқты, жалдама еңбектің — тек өткінші және төменгі* форма екенін, бұл форма жұрттың өз еркімен, ынта-жігерімен, шабыттана атқаратын бірлескен еңбекке орын беруге тиіс екенін дәлелдеп шықты. Англияда кооперативтік системаның тұқымын сепкен Роберт Оуэн болды; континенттегі жұмысшылардың жасаған тәжірибелері шындап келгенде ойлап шығарылған теориялардан емес, 1818 жылы жалпы жұртқа естірте жарияланған теориялардан шыққан практикалық қорытынды болып табылады.

1848—1864 жылдардағы дәуірдің тәжірибесі сонымен бірге мынаны даусыз дәлелдеді** : кооперативтік еңбек принципіде қаншалық тамаша жақсы және практикада қаншалық пайдалы болғанымен, оның өзі жекелеген жұмысшылардың кездейсоқ күш салуларының тар салуынан шықпай тұрғанда, ол еңбек ешқашан монополияның геометриялық прогрессиямен өсуін де бөгей алмайды, бұқараны азат ете де алмайды, тіпті олардың жоқшылықтан көретін ауыртпалығын айтарлықтай жеңілдетеді де алмайды. Бәлкім, дәл сол себептен де ізгі ниетті аристократтар, буржуазиялық мылжын-филантроптар, тіпті әккі экономистер де — барлығы бір кісідей болып аяқ астынан өздері ұрығында-ақ құртуға тырысып арам тер болған, өздері қиялшылардың утопиясы деп келемеж еткен немесе социалистердің қорлаушылығы деп масқаралаған кооперативтік еңбек системасын кісіні жирендірерліктей жер-көкке сыйғызбай мақтай бастады. Еңбекшілер бұқарасын азат ету үшін кооперативтік еңбек жалпы ұлттық көлемде, демек, жалпы ұлттық қаражатпен өркендетілуге тиіс. Бірақ жер алпауыттары мен капитал алпауыттары өздерінің экономикалық монополияларын қорғап, мәңгілік ету үшін әрдайым өздерінің саяси артықшылықтарын пайдаланатын болады. Олар еңбекті азат ету ісіне көмектеспек түгіл, қайта оның жолына мұнан былай да неше түрлі кедергілер жасайтын болады. Соңғы парламент сессиясының кезінде ирланд арендаторларының праволары туралы заң жобасын қорғаушыларға лорд Пальмерстонның келемеждеп дүрсе қоя бергенін еске тү-

* Немісше тексте «қоғамдық» деп қосылған. *Ред.*

** Немісше тексте былай деп қосылған: «жұмысшы табының аса көрнекті көсемдері 1851—1852 жылдардың өзінде Англиядағы кооперативтік қозғалысқа сәйкестендіре қорғаған жағдайды». *Ред.*

сіріңіздер: қауымдар палатасы дегеніміз,— деп лепірді ол,— жер иелерінің палатасы.

Демек саяси өкіметті жеңіп алу жұмысшы табының ұлы міндеті болды. Жұмысшылар, сірә, мұны түсінген болу керек, өйткені Англияда, Германияда, Италияда және Францияда бір мезгілде сергу басталды және жұмысшы партиясын саяси жағынан қайта құру мақсатымен бір мезгілде тиісті қадамдар жасалды.

Табысқа жету элементтерінің бірі — сан жағы — жұмысшыларда қазірдің өзінде бар; бірақ сан жағы істің тағдырын бұқараны ұйым қамтыған және оны білім басқарған кезде ғана шеше алады. Өткен дәуірдің тәжірибесі мынаны көрсетті: түрлі елдердің жұмысшыларының арасында болуға тиісті және оларды өздерінің азаттық алу жолындағы күресінде бірін-бірі берік қолдауға ұмтылдыруға тиісті туысқандық одақты елемейшілік олардың бытыраңқы күш салуын жаппай жеңіліске ұшыратады. Осы ой 1864 жылы 28 сентябрьде Сент-Мартинс-холлдағы жария митингіге жиналған түрлі елдердің жұмысшыларын Халықаралық Серіктік құруға ұмтылдырды.

Бұл жиналысқа қатысушыларды тағы бір сенім жігерлендірді.

Егер жұмысшы табын азат ету ісі* жұмысшылардың туысқандық ынтымағын керек ететін болса, онда қылмысты мақсаттарды көздеп, ұлттық соқыр сенімдерді пайдаланатын және тонаушылық соғыстарда халықтың қанын төгіп, байлығын ысырап ететін сыртқы саясат барда жұмысшылар бұл ұлы міндетті қалай орындап шыға алады? Құлдықты мәңгілік етіп, оны Атлант мұхитының ар жағына тарату мақсаттарын көздеген масқаралық крест жорығының авантюрасынан Батыс Европаны үстем таптардың данышпандығы құтқарған жоқ, қайта олардың қылмысты есуастық ісіне Англияның жұмысшы табының ерлік қарсылық көрсетуі құтқарды. Кавказдың таулы қамалдарын Россияның қалай алып жатқанын, қаһарман Польшаны қансыратып жатқанын Европаның жоғары таптарының ар-ұяттан безіп мақұлдауы, бұған көлгірсіп тілектес болуы немесе нақұрыс немқұрайдылықпен қарауы, басы Санкт-Петербургте жатқан, ал қолдары Европаның барлық кабинеттерін шарлап жүрген осы варварлық державаның орасан зор және ешқандай қарсылық кездестірмеген басып алулары жұмысшы табына өзінің міндетін көрсетті, ол міндет — халықаралық саясаттың құпия сырларын өзі меңгеру, өз үкіметтерінің дипломатиялық қызметін қадағалап отыру және қажет болған ретте өзінің қарауындағы барлық құралдарымен әлгі қызметке қарсылық көрсету; ал бұл қызметті болдырмау мүмкін болмаған ретте — оны бір мезгілде әшке-релеу үшін бірлесу керек және өздерінің арасындағы қатынас-

* Неміше тексте «түрлі елдердің» деп қосылған. *Ред.*

тарда жеке адамдар басшылыққа алуға тиіс болатын адамгершілік пен әділеттіліктің қарапайым заңдары халықтар арасындағы қатынастарда да ең жоғарғы заңдар болуына жету керек.

Осындай сыртқы саясат жолында жүргізілетін күрес жұмысшы табын азат ету жолындағы жалпы күрестің бір бөлігі болып табылады.

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

К. Маркс 1864 ж. 21 және 27 октябрь аралығында жазған

Мына кітапшада басылған: „Address and Provisional Rules of the Working Men's international Association, Established September 28, 1864, at a Public Meeting held at St. Martin's Hall, Long Acre, London.,“

Кітапша 1864 ж. ноябрьде Лондонда басылған. Автордың неміс тіліне аударған аудармасы „Social-Demokrat“ газетінің 2-номерінде және 3-номерге берілген қосымшада 1864 ж. 21 және 30 декабрьде басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 3—11-беттер

К. МАРКС

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІНІҢ ЖАЛПЫ УСТАВЫ⁶

Мыналарды еске алу керек:

жұмысшы табының азаттығын жұмысшы табының өзі жеңіп алатын болуға тиіс; жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес таптық артықшылықтар мен монополиялар үшін жүргізілетін күрес емес, тең праволар мен міндеттер үшін және таптық үстемдік атаулыны жою үшін жүргізілетін күрес;

еңбек құралдарының, яғни өмір сүру негіздерінің монополисіне еңбекшінің экономика жағынан бағындырылуы құллықтың барлық формаларының негізі, қандай да болсын әлеуметтік бақытсыздықтың, ақыл-ой жағынан кемсіту мен саяси тәуелділіктің негізі болып отыр;

демек, жұмысшы табын экономикалық жағынан азат ету ұлы мақсат болып табылады, саяси қозғалыс атаулының бәрі құрал ретінде осы мақсатқа бағындырылуы тиіс;

осы ұлы мақсатқа жұмсалып отырған күш-жігердің бәрі әрбір елдегі еңбектің түрлі салаларында істейтін жұмысшылардың арасында ынтымақтың жеткіліксіз болуы салдарынан және әр түрлі елдердің жұмысшы табының арасында туысқандық одақ болмауының салдарынан осы кезге дейін сәтсіз болып шығып отырды;

еңбекті азат ету — жергілікті және ұлттық проблема емес, қазіргі қоғам өмір сүріп отырған барлық елдерді қамтитын әлеуметтік проблема; ал бұл проблеманы шешу неғұрлым алдыңғы қатардағы елдердің практикалық және теориялық ынтымақтасуына байланысты;

Европаның неғұрлым дамыған өнеркәсіпті елдерінде жұмысшы табы қозғалысының қазіргі жаңадан өрлеуі жаңа үміттер туғыза отырып, сонымен бірге бұрынғы қателіктерді қайталауға қарсы жасалған елеулі ескерту болып табылады және әлі де болса бытыраңқы қозғалыстарды дереу біріктіруді талап етеді;

осы айтылған пікірлер еске алына келіп, Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі құрылған болатын.

Ол былай деп мәлімдейді:

оған кірген барлық қоғамдар мен жеке адамдар ақиқатты, әділдік пен адамгершілікті өздерінің бір-бірімен қатынасының және түсіне, дініне немесе ұлтына қарамастан барлық адамдар жөніндегі қатынасының негізі деп танитын болады.

Серіктік міндетсіз право болмайды, правосыз міндет болмайды деп біледі.

Осы айтылғандардың бәріне сүйене отырып, мына Устав жазылды:

1. Бұл Серіктік құрылғанда түрліше елдерде өмір сүріп отырған және бірдей мақсатты көздейтін, атап айтқанда — жұмысшы табын қорғауды, кемелдендіруді және толық азат етуді көздейтін жұмысшы қоғамдарының арасында қарым-қатынас пен ынтымақ* орнататын орталық болу үшін құрылды.

2. Қоғам «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі» деген атты қабылдайды.

3. Серіктік бөлімшелерінің делегаттарынан құралған жұмысшылардың жалпы конгресі жыл сайын шақырылады. Конгресс жұмысшы табының жалпы талаптарын жариялауға, Халықаралық Серіктіктің ойдағыдай қызмет етуіне қажетті болатын шараларды қолдануға және Серіктіктің Бас Советін тағайындауға тиіс.

4. Әрбір конгресс келесі конгрестің шақырылатын уақыты мен орнын белгілейді. Делегаттар арнайы шақырусыз-ақ белгіленген мерзімде, белгіленген жерге жиналады. Қажет болған жағдайда Бас Совет конгрестің шақырылатын орнын өзгерте алады, бірақ оның шақырылатын уақытын кейінге қалдыруға праволы емес. Конгресс жылма-жыл Бас Советтің тұрағын белгілеп, оның мүшелерін сайлап отырады. Осылай сайланған Бас Совет өзінің құрамын жаңа мүшелермен толықтырып отыруға праволы.

Өзінің жылма-жылғы мәжілістерінде жалпы конгресс Бас Советтің жылдық жұмысы туралы жария есебін тыңдайды. Аса қажет болған ретте Бас Совет жалпы конгресті бұрын белгіленген жылдық мерзімінен бұрын шақыра алады.

5. Бас Советтің құрамына Халықаралық Серіктікте өкілі болған түрлі елдердің жұмысшылары кіреді. Ол өзінің ішінен іс жүргізу үшін қажетті қызмет адамдарын сайлайды, атап айтқанда: казначей, бас секретарь және түрлі елдер үшін корреспондент-секретарьлар сайлайды, т. т.

6. Бас Совет Серіктіктің түрлі ұлттық және жергілікті топтарының арасындағы байланысты жүзеге асырушы халықаралық орган болып қызмет атқарады, ол бір елдің жұмысшылары бар-

* Немісше басылуында «ынтымақ» деген сөздің алдына «жоспарлы» деген сөз қосылған. *Ред.*

лық басқа елдердегі өздерінің табының қозғалысы туралы үнемі хабардар болып отыруын көздейді; Европаның әр түрлі елдеріндегі әлеуметтік жағдайларды зерттеу бір мезгілде және жалпы басшылықпен жүргізілуін көздейді; бір қоғамда көтерілген, бірақ ортақ мүдде болып табылатын мәселелерді барлығының талқылайтын болуын көздейді және дереу практикалық шаралар қолдану керек болған реттерде, мәселен, халықаралық жанжалдар бола қалған күнде, Серіктікке кіретін қоғамдардың бір мезгілде және келісіп қимылдайтын болуын көздейді. Барлық тиісті реттерде Бас Совет әр түрлі ұлттық немесе жергілікті қоғамдарға ұсыныстар енгізу инициативасын өз міндетіне алады. Байланыстарды оңайлату үшін Бас Совет мерзімді есептерін жариялап отырады.

7. Әрбір елде жұмысшы қозғалысының табысқа жетуі бірлесудің күшімен, ұйымдасумен қамтамасыз егілетін болғандықтан, ал екінші жағынан, халықаралық Бас Советтің тигізетін пайдасы едәуір дәрежеде оның жұмысшы серіктіктерінің аз ғана ұлттық орталықтарымен істес бола ма, әлде толып жатқан ұсақ және бытыранқы жергілікті қоғамдармен істес бола ма, міне осыған байланысты болғандықтан, Халықаралық Серіктіктің мүшелері әрқайсысы өз елінде бытыранқы жұмысшы қоғамдарын ұлттық орталық органдар түріндегі ұлттық ұйымдарға біріктіру үшін барлық күш-жігерін жұмсаулары керек. Алайда уставтың бұл статьясын қолдану әрбір елдегі заңдардың әрекетшіліктеріне байланысты екені және заңдар жасайтын кедергілердің болуына қарамастан, жергілікті дербес қоғамның Бас Советпен тікелей байланыс жасауы әбестік болмайтыны өзінен өзі түсінікті*.

8. Әрбір секцияның Бас Советпен хат жазысып тұруы үшін өз секретарын тағайындауға правосы бар.

9. Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігіне оның принциптерін мойындайтын және қорғайтын әрбір адам мүше бола алады. Әрбір секция өзінің қабылдайтын мүшелерінің мінсіз болуына жауапты.

10. Халықаралық Серіктіктің мекендеп тұру үшін бір елден екінші елге көшіп баратын әрбір мүшесі Серіктікке біріккен жұмысшылар тарапынан туысқандық көмек алады.

11. Халықаралық Серіктікке кіретін жұмысшы қоғамдары туысқандық ынтымақтың мызғымас одағына біріге отырып, алайда, өздерінің қазіргі бар ұйымдарын қалтқысыз сақтайды.

12. Конгреске қатысушы делегаттардың $\frac{2}{3}$ бөлегі Уставтың қайта қаралуын жақтап шыққан жағдайда, бұл Уставты әрбір конгресте қайта қарауға болады.

* 1872 жылы болған Гаага конгресінің шешімі бойынша 7-статьядан кейін 7а-статьясы қосымша енгізілген. Осы томның 312-бетін қараңыз. *Ред.*

13. Бұл Уставта көзделмеген нәрселердің бәрі әрбір конгресте қайта қаралып отыруға тиісті ерекше Регламентте толықтырылатын болады*.

256, Хай Холборн, Лондон,
Уэстерн Сентрал, 24 октябрь,
1871 ж.

Жеке кітапшалар түрінде ағылшын және француз тілдерінде 1871 ж. ноябрь — декабрьде және неміс тілінде 1872 ж. февральда басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 17-том, 445—448-беттер

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 448—460-беттер. Ред.

К. МАРКС

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ АВРААМ ЛИНКОЛЬНГЕ⁷

Марқабатты тақсыр!

Сіздің орасан көпшілік дауыспен қайта сайлануыңызға байланысты біз америкалық халқына құттықтау жолдаймыз.

Егер Сіздің бірінші сайлануыңыздың байыпты ұраны құл иеленушілердің құдіретті күшіне қарсылық көрсету болса, енді Сіздің екінші сайлануыңыздың жеңімпаз жауынгерлік ұраны: құлдық жойылсын! деп атой салып отыр.

Америкадағы арпалысқан алып шайқастың әуел басынан-ақ Европа жұмысшылары өз табының тағдыры жұлдызды түмен байланысты екенін табиғи сезіммен сезді. Осы сұрапыл эпопеяға бастама болған территория үшін күрес — ұлан-байтақ ең далаңның тың жатқан жері қоныс аударушылардың еңбек етуіне тиіс емес пе еді?

300 000 құл иеленушілер олигархиясы қарулы бүліктің туына «құлдық» деген сөзді жазуға дүние жүзілік тарихта бірінші болып батылы барғанда, бұдан жүз жылдай бұрын біртұтас ұлы демократиялық республика идеясы бірінші рет туған, адам праводарының бірінші декларациясы⁸ жарияланып, XVIII ғасырдағы еуропалық революцияға алғаш қозғау салған жерлердің өзінде, нақ осы жерлерде контрреволюция «бұрынғы конституция жасалып жатқан кезде үстем болған идеяларды» құрттым деп, «құлдық — игілікті институт, шындығында, капиталдың еңбекке қатынасының ұлы проблемасын бірден-бір шешу» деп бұлжымас дәйектілікпен мақтанып, адамды меншіктенуді «жана үйдің іргетасы» деп арсыздықпен жариялағанда, — міне, сонда Европаның жұмысшы табы: құл иеленушілер бүлігінің меншіктің еңбекке қарсы жаппай крест жорығын жасау үшін дабыл қағу болатынын және Атлант мұхитының арғы бетінде болып жатқан осы орасан зор соғыста еңбекшілер тағдырының, олардың болашақтан күткен үмітінің, тіпті олардың өткен кезде жеткен жеңістерінің қатерге тігіліп отырғанын бірден түсінді, — джентри-конфедераттар ісін жоғарғы таптардың фанатиктікпен

қорғауы Европа жұмысшы табы үшін қатерлі сақтандыру болмастан көп бұрын түсінді. Сондықтан жұмысшы табы мақта дағдарысынан⁹ өздеріне түскен ауыртпалықтарды барлық жерде төзімділікпен көтерді, билік басындағылардың құл иеленуді көздеп қалай да жасамақ болған интервенциясына¹⁰ барынша қарсы шықты, сөйтіп Европа елдерінің көпшілігінде әділетті іс үшін қан төгіп, өз үлесін қосты.

Жұмысшылар — Солтүстіктің нағыз саяси күші — өз республикасын құлдыңтың масқаралауына жол беріп отырғанда, келіскен-келіспегеніне қарамай біреудің сатуына, сатып алуына түсіп кете баратын негрдің алдында олар ақ нәсілді жұмысшының өзін өзі сататын және өзіне қожайынды таңдап алатын жоғары артықшылығын мақтан етіп отырғанда, — олар нағыз еңбек бостандығына да жете алмайтын еді, өзінің европалық бауырларының азаттық жолындағы күресін де қолдай алмайтын еді; бірақ прогресс жолындағы бұл кедергіні енді азамат соғысының⁴ қанды толқыны ысырып әкетті.

Европа жұмысшылары тәуелсіздік үшін болған американ соғысының¹⁰ буржуазия үстемдігі заманының бастамасы болғаны сияқты, құлдыққа қарсы американ соғысының жұмысшы табы үстемдігі заманының бастамасы болатынына берік сенеді. Европа жұмысшылары болашақ заманның нышанын мынадан көреді: құлдыққа түскен нәсілді азат ету жолындағы және қоғамдық құрылысты қайта құру жолындағы теңдесі жоқ ұрыстардан өткізіп өз елін ілгері қарай бастау міндеті жұмысшы табының адал перзенті Авраам Линкольнге жүктеліп отыр.

К. Маркс 1864 ж. 22 және 29 ноябрь аралығында жазған

„The Bee-Hive Newspaper“
де басылған, № 169, 7 январь, 1865 ж.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 17—18-беттер

К. МАРКС

ПРУДОН ТУРАЛЫ

(И. Б. ШВЕЙЦЕРГЕ ХАТ)¹¹

Лондон, 24 январь, 1865 ж.

Марқабатты тақсыр!

Мен кеше Сіздің менен *Прудонға* толық баға беруді талап еткен хатыңызды алдым. Уақыттың жетіспеуі маған Сіздің тілегіңізді қанағаттандыруға мүмкіндік бермей отыр. Оның үстіне мұнда менің қолымда оның шығармаларының *бірде-біреуі* жоқ. Алайда Сіздің тілегіңізді орындауға әзірлігімді дәлелдеу үшін мен пікірімді қысқаша нобайлап асығыс жазып шықтым. Сіздің кейін оны толықтыруыңызға болады, оған қосымша жасауыңызға болады, оны қысқартуыңызға болады,— қысқасы, ол жөнінде Сіз ойыңызға не келсе, соны істеуіңізге болады*.

Прудонның алғашқы тәжірибелері қазір менің есімде жоқ. Оның «*Бүкіл дүние жүзілік тіл*» туралы шәкірттік еңбегі¹³ шешіп шығу үшін өзінің ең қажетті білімі болмаған проблемаларды шешуге оның қандай ибасыздықпен кіріскенін көрсетеді.

Прудонның «*Меншік дегеніміз не?*» деген тұңғыш шығармасы, сөз жоқ, оның ең жақсы шығармасы болып табылады. Ол шығарма мазмұнының жаңалығы жағынан болмаса да, ескіні айтудағы жаңа да батыл сөз мәнерімен болсын өзіне бір заман жасады. Оның өзіне мәлім француз социалистері мен коммунистерінің шығармаларында «*propriété*»**, әрине, жан-жақты сынға алынып қана қойған жоқ, сонымен қатар утопиялықпен «*жоқ қылынды*». Фейербах Гегельге қандай қатынаста болған болса, Прудон осы кітабы арқылы Сен-Симон мен Фурьеге шамамен сондай қатынаста болды. Гегельмен салыстырғанда Фейербах тым жұтаң еді. Алайда Гегельден *кейін* ол өзіне бір заман жасады, өйткені ол христиандық сана-сезім үшін ұнамсыз және сынның табысты болуы үшін маңызды кейбір пункттерді *бірінші қатарға* қойды, бұл пункттерді Гегель мистикалық *clairobscur**** қалдырған еді.

* Біз хатты *ешбір өзгеріссіз* жариялаған жөн деп таптық. («*Social-Demokrat*»¹² газеті редакциясының ескертуі.)

** «меншік». Ред.

*** — ала көлеңкеде. Ред.

Егер осылай деп айтуға болатын болса, Прудонның бұл шығармасында стильдің күшті бұлшық еті әлі басым жатыр. Ал, осы шығарманың стилін мен оның басты қасиеті деп есептеймін. Тіпті Прудонның ескі нәрсені қайталап айтып беріп отырған жері де ол үшін өз алдына жаңалық болатыны көрініп отыр; оның айтып отырғаны оның өзі үшін жаңа нәрсе болғаны және өзінің оны жаңа деп бағалайтыны көрініп отыр. Саяси экономияның «ең абзал қасиеттеріне» шабуыл жасап отырған оның шімірікпейтін батылдығы, оның буржуазиялық пасық парасатты келекелейтін өткір тілді парадокстары, өлтіре сынау, зәрлі мысқыл, қазіргі тәртіптің мерезіне әне жерде де, мына жерде де барынша, шын ниетімен ашыну сезімі, революциялық наным — барлық осы қасиеттері арқылы «*Меншік дегеніміз не?*» деген кітап оқушылардың бойын билеп, өзінің алғаш жарыққа шығысымен-ақ жұртқа күшті әсер етті. Саяси экономияның шын ғылыми тарихында бұл кітап ауызға алуға лайықты бола қоймас еді. Бірақ бұл сияқты сенсациялық шығармалар ғылымда нақ әсем әдебиеттегідей өз ролін атқарады. Мәселен, *Мальтустің «Халықтың өсіп-өнуі туралы»* кітабын алып қараныз. Бірінші басылуында бұл кітап «*sensational pamphlet*»* -тен басқа, оның үстіне — басынан аяғына дейін *плагиаттан* басқа дәне де емес еді. Әйтседе *адам баласын қорлаған осы пасквиль* жұртқа қандай күшті әсер етті десеңші!

Менің қолымда Прудонның кітабы болған болса, оның ең алғашқы жазу мәнерін бірнеше мысалмен көрсету оңай болған болар еді. Оның өзі ең маңызды деп есептеген параграфтарда *антиномияларды* түсіндіргенде ол *Кантқа* еліктейді — бұл ол кезде Прудон аударма арқылы білетін жалғыз неміс философы еді — сондықтан Кант сияқты, Прудон үшін де антиномияларды шешу адамның ақыл-ойы «*жетпейтін*» бір нәрсе, яғни оның өз ақыл-ойы үшін түсініксіз бір нәрсе деген белгілі бір әсер туады.

Бүкіл архиреволюцияшыл сияқты болып көрінуіне қарамастан, «*Меншік дегеніміз ненің?*» өзінде-ақ қайшылыққа кездесің: бір жағынан, Прудон қоғамды сынағанда француздың парцеллалы шаруасының (кейінде — *petit bourgeois***)) тұрғысынан және көзқарастарының әуенімен сынайды, ал екінші жағынан, оған өзінің социалистерден алып пайдаланған өлшемін қолданады.

Атының өзі-ақ кітаптың кемшіліктерін көрсетті. Мәселенің теріс қойылғандығы соншалық, оған дұрыс жауап беру мүмкін болмады. *Көне замандағы «меншік қатынастарын»* феодалдық қатынастар жойды, ал феодалдық қатынастарды «*буржуазиялық»* меншік қатынастары жойды. Сөйтіп, өткен заманның мен-

* — «сенсациялық памфлет». *Ред.*

** — ұсақ буржуаның. *Ред.*

шік қатынастарын тарихтың өзі сынады. Шын мәнінде Прудонда әңгіме болған нәрсе — өмір сүріп отырған, қазіргі замандағы буржуазиялық меншік. Ол не? — деген сұрауға жауап бергенде — меншік қатынастарының ерік қатынастары ретіндегі *юридикалық* көрінісін емес, олардың нақты формасын, яғни *өндірістік қатынастар* ретіндегі осы меншік қатынастарының жиынтығын қамтитын «*саяси экономияға*» сын талдау жасау арқылы ғана жауап беруге болар еді. Бірақ Прудон осы экономикалық қатынастардың бүкіл жиынтығын «*меншік*», «*la propriété*» деген жалпы юридикалық ұғыммен шатастырғандықтан, ол *Бриссоның* 1789 жылдан бұрын-ақ берген жауабының шеңберінен шыға да алмады, ал Бриссо бұл сұрауға сондай сөздермен және сол сияқты шығармада¹⁴: «*La propriété c'est le vol*»* деп жауап берген болатын.

Ең мықтағанда бұдан шығатын қорытынды тек мынадай ғана: «*ұрлық*» туралы буржуазиялық-юридикалық ұғымдарды буржуаның өзінің «*адал*» табысы жөнінде де қолдануға болады. Екінші жағынан, меншікке зорлап қол сұғу болып табылатын «*ұрлық*» меншікті көздейтін болғандықтан, Прудон шынайы буржуазиялық меншік жөнінде әр түрлі, оның өзі үшін түсініксіз сәуегейлікке салынып шатасты.

1844 жылы Парижде болған кезімде менің Прудонмен өз қарым-қатынасым басталды. Менің осы арада мұны еске алып отырған себебім, оның «*sophistication*»-ға (ағылшындар тарапының өнін айналдырып көрсетуді осылай атайды) салынуына белгілі дәрежеде мен де кінәлымын. Екінші бірінде түні бойы болатын ұзақ таластардың кезінде мен оны өзіне көп зиянын тигізген гегельшілдікке ұйыттым, алайда ол неміс тілін білмегендіктен, гегельшілдікті дұрыстап зерттей алмады. Менің бастағанымды Парижден мені жер аударғаннан кейін *Карл Грюн* мырза жалғастырды. Неміс философиясының оқытушысы ретінде оның менен тағы да бір артықшылық жері — ол өзі неміс философиясының түгін де түсінбейтін еді.

Өзінің екінші ірі шығармасы — «*Қайыршылық философиясы* және т. т.» — жарыққа шығардың біраз алдында өте толық жазған хатында оны маған Прудонның өзі хабарлады, ол хатында айта кету керек, мынадай сөздер бар: «*J'attends votre fêrule critique*»**. Шынында, көп ұзамай-ақ оның бастырмалатқан сынға душар болғаны сондай (менің «*Философия қайыршылығы* және т. т.» деген кітабымда, *Париж, 1847****), мұның өзі біздің достығымызды біржолата үзді.

* «*Меншік дегеніміз — ұрлық*». *Ред.*

** — «*Сіздің қатаң сыныңызды күтемін*». *Ред.*

*** Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 65—185-беттер. *Ред.*

Осы арада айтылғандардан Сіз мынаны көресіз: Прудонның «Қайыршылық философиясы, немесе Экономикалық қайшылықтар системасы» деген кітабында шын мәнінде ол «Меншік дегеніміз не?» деген сұрауға алғаш рет жауап берген болатын. Шынында да, өзінің бірінші кітабы жарыққа шыққаннан кейін барып қана Прудон өзінің экономикамен шұғылдануын бастады; ол өзінің қойған сұрауына балағатпен жауап бермей, қазіргі «саяси экономияға» талдау жасау арқылы ғана жауап беруге болатынын ашты. Сонымен қатар ол экономикалық категориялардың системасын диалектикалық жолмен баяндауға әрекет етті. Канттың шешілмейтін «антиномияларының» орнын енді даму құралы ретінде гегельдік «қайшылық» басуға тиіс болды.

Оның екі томдық қампайған шығармасына берілген сынды Сіз менің жауап ретінде жазған шығармадан табасыз. Мен онда, басқасын былай қойғанда, ғылыми диалектиканың құпия сырын Прудонның қаншалық аз түсінгенін көрсеттім және, екінші жағынан, экономикалық категорияларды материалдық өндірістің дамуының белгілі сатысына сай келетін тарихи өндірістік қатынастардың теориялық көріністері деп білудің орнына ол әлгі категорияларды сорақылықпен атам заманнан келе жатқан, мәңгілік идеяларға айналдырып, оның қаншалық дәрежеде спекулятивтік философияның жалған үміттеріне қосылып отырғандығын, сөйтіп оның осындай бұрма жолмен буржуазиялық экономияның тұрғысына қалай қайта оралып отырғанын көрсеттім*.

Онан соң мен тағы мынаны көрсетемін: өзі сынға алған «саяси экономиямен» оның таныстығының қаншалықты жеткіліксіз екенін, кейде әншейін шәкірттік қана таныстық екенін көрсетемін және оның утопистермен бірге тарихи қозғалысты, қозғалыс болғанда, азат етілудің материалдық жағдайларын өзі жасайтын қозғалысты сын көзімен тануды ғылымның негізі етудің орнына «әлеуметтік мәселені шешу» үшін соның көмегімен а priori** формула ойлап шығаруға болатын «ғылым» делінетіннің соңына қалай түсіп отырғанын көрсетемін. Ал онда ерекше көрсетілген нәрсе: барлығының негізі — айырбас құны жөніндегі Прудонның түсініктерінің соншалықты күңгірт, теріс және шалағай болып қалып отырғандығы; міне, сондықтан да

* Қазіргі бар қатынастар — буржуазиялық өндіріс қатынастары — табиғи қатынастар болып табылады дегенде, экономистер мұнымен: бұл қатынастар табиғат заңдары бойынша байлық жасалып, өндіргіш күштер дамитын қатынастардың нақ өзі дегісі келеді. Демек, бұл қатынастардың өзі уақыттың әсеріне байланысты емес табиғи заңдар болып табылады. Мұның өзі — әрқашан қоғамды билеуге тиісті мәңгілік заңдар. Сонымен, осы уақытқа дейін тарих болған еді, ал енді бұдан әрі тарих жоқ» (менің еңбегімнің 113-бетін қараңыз) [К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 142-бет. Ред.]

** — Күні бұрын, тәжірибеге дейін, жалаң пікірге ғана сүйеніп. Ред.

құн теориясына *Рикардоның* берген утопиялық түсінігін ол жаңа ғылымның негізі деп біледі. Оның жалпы көзқарасы жөніндегі өзімнің пікірімді мен мына сөздермен түйіп айтамын:

«Әрбір экономикалық қатынастың жақсы жағы да бар, жаман жағы да бар — міне, Прудон мырзаның өз пікірін өзі теріске шығармайтын бірден-бір пункт осы. Жақсы жағын, оның пікірінше, экономистер ұсынады; ал жаман жағын социалистер әшкерелейді. Ол экономистерден мәңгілік экономикалық қатынастар болуы қажет деген сенімді қабылдап отыр; ал социалистерден ол мынадай жалған үмітті қабылдап отыр: бұл жалған үміт бойынша социалистер қайыршылықты (қайыршылықтың ескі қоғамды құлататын революцияшыл, қиратушы жағы бар деп білудің орнына*) тек қана қайыршылық деп біледі. Ол экономистермен де, социалистермен де келіседі, бұлай еткенде ғылымның беделіне сүйенуге тырысады. Оның түсінігінде ғылым көлемі мардымсыз кейбір ғылыми формула болып шығады; оның өзі формулалардың соңына түскен адам. Міне, сондықтан да Прудон мырза саяси экономияны да, коммунизмді де сынады деп ойлайды; ал іс жүзінде ол бұлардың екеуінен де төмен тұр. Ол экономистерден төмен тұр, өйткені ол кереметі бар формулаға ие философ болғандықтан таза экономикалық егжей-тегжейлердің түбіне жетіп жатудан аулақпын деп ойлайды; ол социалистерден төмен тұр, өйткені тым болмаса ой жүгірту жағынан буржуазиялық ой-өрісінің дәрежесінен жоғары көтерілу үшін оның ерлігі де, байыптағыштығы да жетпейді...

Ғылым отағасысы ретінде ол буржуа мен пролетарлардан жоғары шарықтағысы келеді, бірақ ол капитал мен еңбектің арасында, саяси экономия мен коммунизмнің арасында үнемі ауытқып отыратын ұсақ *буржуа* ғана болып шығады»**.

Бұл үкім қаншалықты қатаң болып естілгенімен, мен қазір де оның әрбір сөзіне қол қоямын. Алайда мұнымен қатар мынаны ұмытпау керек: мен Прудонның кітабын *petit bourgeois* социализмінің кодексі деп жариялап, мұны теория жүзінде дәлелдеп шыққан кезде экономистер, олармен бірге социалистер де Прудонды нағыз әсіре революционер деп сөгіп жүрген болатын. Міне, осы себепті мен кейінде де ол революцияға «*опасыздық*» жасады деп айқай-шу көтергендерге ешқашан қосылған жоқпын. Әуел бастан-ақ басқалар да, өзін-өзі де жалған түсінген Прудон негізсіз үміттерді ақтамаған болса, бұл оның кінәсы емес.

«*Меншік дегеніміз не?*» деген шығармаға қарама-қарсы «*Қайыршылық философиясында*» Прудонның баяндау мәнерінің барлық кемшіліктері тым лайықсыз көзге түседі. Стилі бастан-

* Жақшаға алынған сөздерді Маркс осы мақалада қосқан. *Ред.*

** Бұл да сонда, 119, 120-беттер. (*К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 146—147-беттер. Ред.*).

аяк, француздар айтқандай, *atrroulé** келген. Немістің философиялық мәнері деп көрсетілетін спекулятивтік даурықпа шатпақ галлдық өткір мысқылды ол қолдана алмаған жердің бәрінде де кездесіп отырады. Мақтаншақтық, базардағыдай айқай-шулы дәріптеушілік сарын, әсіресе жалған «*Ғылым*» арқылы тәкаппарланушылық, сол ғылым жөнінде құр мылжындаушылық құлағына түрпідей тиеді. Оның бірінші еңбегінің өн-бойындағы шын жүректен шыққан жылы леп мұнда кейбір жерлерінде барынша қызбалық такпақтаушылыққа үнемі айналып кетіп отырады. Ал оның үстіне мұның өзі өз бетімен оқып білген адамның, өзінің ойының сонылығы мен дербестігін мақтан еткен табиғи өрлігінің сағы сынған, осының салдарынан, ғылымдағы *ragueni*** ретінде, өзіне тән емес және өзінде мүлде болмаған қасиетпен бәлденуге тиіспін деп қиялданатын осындай адамның өзінің ғалымдығын көрсетіп қалуға дәрменсіз әрі кісі жиренерліктей тыраштануы болып табылады. Бұл аз болса мұның өзі француз пролетариатының қозғалысында атқарған практикалық ролі үшін құрметтеуге тұратын *Кабе* сияқты адамға әдепсіз дәрекі, ақылсыз түрде, үстірт және тіпті теріс шабуыл жасап отырған ұсақ буржуаның психологиясы; мұның есесіне ол, мәселен, *Дюнуайемен* өте сыпайы (не дегенмен де «мемлекеттік кеңесші» ғой) тіпті бұл *Дюнуайенің* бар қасиеті — қалың әрі адам шыдағысыз іш пыстырарлық үш томның¹⁵ өн-бойында өзінің ригоризмді кісі күлерлік байсалдылықпен уағыздап отырғандығы болса да онымен өте сыпайы; ал Гельвещий ригоризмді былай сипаттаған болатын: «*Onveut que les malheureux soient parfaits*». (Сорлылардың жетік болуын талап етеді.)

Февраль революциясының¹⁶ болуы Прудон үшін шынында да тым орынсыз болды, өйткені Прудон февраль революциясынан не бары бірнеше апта бұрын ғана «*революциялар заманының*» мәңгі-бақи өткенін даусыз дәлелдеген еді ғой. Оның Ұлттық жиналыста сөйлеген сөзі болып жатқан нәрселердің барлығын Прудонның қаншалық аз түсінетінін көрсеткенмен де, барынша мақтауға тұрарлық сөз болып отыр¹⁷. Июнь көтерілісінен¹⁸ кейін мұның өзі асқан ерлік әрекет болды. Мұның үстіне, оның сөйлеген сөзінің мынадай дұрыс нәтижесі болды: *Тьер* мырза Прудонның ұсыныстарына қарсы сөйлеген сөзінде¹⁹, кейін жеке кітапша болып басылып шыққан осы сөзінде, баланың былдырағындай қандай бишаралық катехизистың француз буржуазиясының осы рухани тірегінің тұғыры болғанын бүкіл Европаға дәлелдеп берді. *Тьер* мырзамен салыстырғанда *Прудон* шынында да атам заманғы алыптай болып көрінді.

«*Crédit gratuit*»*** және осыған негізделген «*халық банкі*»

* — көпірмелі. *Ред.*

** — әлдеқалай адам. *Ред.*

*** — «Тегін кредит». *Ред.*

(«banque du peuple») дегенді ойлап шығару Прудонның соңғы экономикалық «ерліктері» болып табылады. Менің «Саяси экономия сыны жөнінде» деген кітабымда, 1-кітап, Берлин, 1859, (59—64-беттер*) Прудонның көзқарастарының теориялық негізінің шыққан жері буржуазиялық «саяси экономияның» негізгі элементтерін, атап айтқанда — *товардың ақшаға қатынасын* — білмеуі екені, ал практикалық қондырмасы анағұрлым ескі және едәуір жақсы жасалған жобаларды жай ғана қайталап келтіру болғаны дәлелденеді. Бұл сияқты кредиттің, мәселен, XVIII ғасырдың басында, ал онан соң қайтадан XIX ғасырдың басында Англияда мүліктің бір таптың қолынан екінші таптың қолына көшуіне себепкер болғаны сияқты, бұл кредит те белгілі бір экономикалық және саяси жағдайларда жұмысшы табының азат етілуін тездетуге көмектесуі мүмкін, бұған ешқандай да күмән жоқ және бұл өзінен өзі түсінікті. Бірақ *процент келтіретін капиталды капиталдың басты формасы* деп есептеу, кредиттің ерекше қолданылуын, проценттің жалған жойылуын қоғамдық қайта құрылыстың негізі етуге тырысу — мұның өзі түгелдей *мещандық* бос қиял. Шынында да, біз *он жетінші ғасырдағы ағылшын ұсақ буржуазиясының экономикалық идеологтарының* ақ бұл бос қиялды егжей-тегжейлі дамытқанын көреміз. Процент келтіретін капитал туралы Прудонның Бастиамен айтысы²⁰ (1850 ж.) «Қайыршылық философиясынан» едәуір төмен жатыр. Оның құлдилағаны соншалық, тіпті Бастиа да оны жеңіп кетті, ал қарсыласы өзіне әрбір соққы берген сайын ол кісі күлерліктей бұрқан-тарқан болады.

Осыдан бірнеше жыл бұрын Прудон, ұмытпасам, Лозанна өкімет орындары жариялаған конкурсқа арнап «Салықтар» туралы шығарма жазды. Мұнда даналылықтың ең соңғы жұрнағы да жоғалып, тек *petit bourgeois tout pur*** ғана қалады.

Прудонның саяси және философиялық шығармаларына келетін болсақ, онда бұлардың бәрінде де, экономикалық еңбектеріндегі сияқты, нақ сол қайшылықты, екі жақты сипат бар екені көрініп отыр. Мұның үстіне ол шығармалардың таза жергілікті маңызы — тек Франция үшін ғана маңызы бар. Алайда француз социалистері діншілдікті XVIII ғасырдың буржуазиялық вольтершілдігі мен XIX ғасырдағы неміс құдайсыздығына қарағанда өздерінің артықшылық қасиеті деп білуді орынды деп санап отырғанда, Прудонның дінге, шіркеуге, т. т. жасаған шабуылы Франция жағдайында оның сіңірген үлкен еңбегі болды. Егер Ұлы Петр орыс варварлығын варварлықпен жеңген болса, Прудон француздың сөзуарлығын жел сөзбен жеңу үшін өз қолынан келгеннің бәрін істеді.

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 65—70-беттер. *Ред.*

** — нағыз ұсақ буржуа. *Ред.*

Оның «Мемлекеттік төңкеріс» туралы кітабын жай ғана нашар шығарма деп қарамау керек, қайта тура оңбағандық деп қарау керек, алайда бұл оңбағандығы оның ұсақ буржуазиялық көзқарасына әбден сай келеді; мұнда ол Луи Бонапартқа қарап қылмындайды және оны француз жұмысшыларына қолайлы адам етуге шынымен тырысады; оның *Польшаға* қарсы ең соңғы шығармасы да осындай²¹, мұнда ол патшаға жағыну үшін меңіреуше арсызданады.

Прудонды жұрт екінің бірінде *Руссомен* салыстырып жүрді. Мұндай салыстырудан өткен қате жоқ. Ол ең дұрысы *Ник. Ленгеге* ұқсайды, айтпақшы, Ленгенің «*Азаматтық заңдардың теориясы*» деген кітабы өте дарынды шығарма.

Прудон табиғатында диалектикаға бейім болатын. Бірақ ол ешқашан да нағыз ғылыми диалектиканы түсінбегендіктен, софистикадан әрі аспады. Шындығында бұл оның ұсақ буржуазиялық көзқарасына байланысты еді. Ұсақ буржуа, тарихшы *Раумер* қалай болса, нақ солай, «бірінші жағынан» да, «екінші жағынан» да құрастырылған. Өзінің экономикалық мүдделерінде ол осындай, *сондықтан* өзінің саясатында да, өзінің діни, ғылыми және көркемдік көзқарастарында да ол осындай. Ол өзінің моралы жағынан осындай, ол in everything* осындай. Ол — қайшылықтың өзі. Ал егер мұнымен қатар ол өзі, Прудон сияқты, ойы жүйрік адам болса, онда ол өзінің қайшылықтарын жүз құбылтуға және оларды, ретіне қарай, күтпеген, әйгілі, кейде бәлелі, кейде тамаша парадокстерге айналдыруға тез дағдыланады. Ғылымдағы шарлатандық пен саясаттағы бейімделгіштік осындай көзқараспен тығыз байланысты. Мұндай субъектілерде бір ғана қозғаушы себеп қалады, бұл — олардың *даңқ құмарлығы*; барлық даңқ құмар адамдар сияқты, олар бір сәттік табыстың, дүрліктірудің қамын ойлайды. Мұндайда ең қарапайым моральдық әдептен айырылатыны сөзсіз, мұндай әдеп, мәселен, Руссоны өмір сүруші өкіметпен мәмлеге келу тәрізді болып көрінуі мүмкін нәрсенің бәрінен әрдайым сақтандырып отырды.

Бәлкім, кейінгі ұрпақ, француз тарихының осы жуырда өткен дәуірін сипаттай келіп, Луи Бонапарт бұл дәуірдің Наполеоны болды, ал Прудон — оның Руссо-Вольтері болды деп айтатын болар.

Ал енді Сіз маған осы адамның өлімінен кейін іле-шала оның өлгеннен кейінгі төрешісі болу ролін таңғаныңыз үшін жауапкерлікті мен түгелімен Сізге жүктеймін.

Сізді қадірлеуші *Карл Маркс*

1865 ж. 24 январьда жазылған

«*Social-Demokrat*» газетінде басылған: №№ 16, 17 және 18; 1,3 және 5 февраль, 1865 ж.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 24—31-беттер

* — барлығы жөнінен. *Ред.*

К. МАРКС

ЖАЛАҚЫ, БАҒА ЖӘНЕ ПАЙДА²²

АЛДЫН АЛА ЕСКЕРТПЕЛЕР

Азаматтар!

Мәселенің тікелей өзін баяндауға көшпестен бұрын маған алдын ала біраз ескертпелер жасауға рұқсат етіңіздер.

Қазір континентте стачкалар шын мәнісінде кеңінен тарап отыр, ал жалақыны арттыру талабы жалпы жұрттың талабына айналды. Бұл мәселе біздің конгресімізде²³ талқыланбақшы. Халықаралық Серіктікті басқарып отырған сіздердің осы аса маңызды мәселе жөнінде берік қалыптасқан пікірлеріңіз болуға тиіс. Сондықтан мен тіпті сіздердің шыдамдарыңызды қатаң сынға салатын болсам да, бұл мәселені тыңғылықтап қарастыруды өзімнің міндетім деп есептеймін.

Мен алдын ала екінші ескертпені азамат Уэстон жөнінде жасауға тиіспін. Ол жұмысшы табының мүдделерін көздеп отырмын деп ойлап, жұмысшылардың арасында мүлде түсініксіз екені өзіне мәлім көзқарастарды сіздердің алдарыңызда баяндағаны былай тұрсын, тіпті оларды жұртшылық алдында да жақтап шықты. Мұндай моральдық ерлік көрсетушілікке біздің қай-қайсымыз болса да аса құрметпен қарауға тиіспіз. Менің баяндамамының сарыны қатаң бола тұрса да, мен баяндама аяқталғаннан кейін, меніңше, азамат Уэстонның өз тезистерін жасағанда, сірә, негізге алған идеямен менің келісетіндігіме, бірақ оның тезистерін өзінің қазіргі формасында менің теория жағынан жалған, ал практика жағынан қауіпті деп есептейтіндігіме азамат Уэстонның көзі жетер деп сенемін.

Енді тікелей өзіміз көңіл қойып отырған мәселеге көшемін.

1. ӨНДІРІС ЖӘНЕ ЖАЛАҚЫ

Азамат Уэстонның дәлелдемесі іс жүзінде екі алғы шартқа негізделіп отыр:

1) ұлттық өнімнің жиыны өзгермейтін бір нәрсе, тұрақты мөлшер болып табылады немесе, математик айтатындай, тұрақты шама болып табылады;

2) *нақты жалақының сомасы*, яғни оған сатып алуға болатын товарлардың мөлшерімен өлшенетін жалақының сомасын *өзгермейтін* сома, *тұрақты* шама болып табылады.

Оның айтқан бірінші пікірі көрінеу қате. Өнімнің құны мен жиыны жылдан жылға көбейіп отыратынын, ұлттық еңбектің өндіргіш күші өсіп отыратынын, ал осы өсіп отырған өнімнің айналысына қажетті ақшаның мөлшері үздіксіз өзгеріп отыратындығын өздеріңіз білесіздер. Бүкіл жыл үшін және өздерін бір-бірімен салыстырғандағы әр түрлі жылдар үшін дұрыс болған нәрсе бір жылдың ішіндегі әрбір күн үшін де дұрыс. Ұлттық өнімнің жиыны немесе шамасы үздіксіз өзгеріп отырады. Мұның өзі — *тұрақты* шама емес, *өзгермелі* шама, және, — егер тіпті халықтың санының өзгеруін былай қойғанның өзінде де, — ол шама *капиталдың қорлануы мен еңбектің өндіргіш күшінде* үздіксіз өзгерістер болып отыратындықтан да өзгермелі шама болуға тиіс. Егерде бір сәтті күні *жалақының жалпы деңгейі өскен болса*, онда бұл *өсу өзінен-өзі*, оның бұдан былайғы нәтижесі қандай болса, сондай болсын, өнімнің жиынын *тікелей* өзгерте алмаған болар еді; бұл әбден дұрыс. Бұл өсу алғашқы кезде істің қазіргі жағдайы негізінде болар еді. Ал егер ұлттық өнім жалақы өскенге *дейін тұрақты* шама болмай, *өзгермелі* шама болған болса, онда оның өзі жалақы өскеннен *кейін* де тұрақты шама болмай, өзгермелі шама болып қала береді.

Алайда ұлттық өнімнің жиынын *өзгермелі* шама емес, тұрақты шама екен дейік. Тіпті осы реттің өзінде де біздің Уэстон досымыздың логикалық қорытынды деп санаған нәрсесі дәлелсіз айтылған сөз болып қана қалар еді. Егер біз бір кесімді санды, айтайық 8-ді алсақ, бұл санның *абсолютті* шектері оның бөлшектеріне өздерінің *относительді* шектерін өзгертуіне кедергі жасамайды. Егер пайда 6-ға, жалақы 2-ге тең болса, онда жалақының 6-ға дейін өсуі, ал пайданың 2-ге дейін төмендеуі де мүмкін, сонда да жалпы сома 8-ге тең болып қала береді. Демек, өнім жиынының өзгермей қалуы жалақы сомасының да өзгермей қалуға тиістілігін ешқандай дәлелдемейді. Олай болса, біздің Уэстон досымыз жалақы сомасының өзгермейтіндігін қалай дәлелдейді? Ол мұны өшейін осылай болады дейді.

Ал тіпті оның айтқан пікіріне келіскеннің өзінде де, ол пікір екі бағыт үшін дұрыс болуы керек қой, ал азамат Уэстон болса оны бір бағытта ғана дұрыс етпек болады. Егер жалақы сомасы тұрақты шама болатын болса, онда жалақыны көбейтуге де, азайтуға да болмайды. Демек, егер жұмысшылардың жалақыны уақытша арттыруға күш салуы ақылға сыйымсыз болса, онда капиталистердің жалақыны уақытша азайтуға күш салуының ақылға сыйымсыздығы да одан кем түспейді. Белгілі бір жағдайларда жұмысшылар жалақыны өсіруге капиталистерді мәжбүр ете *алатынын* біздің Уэстон дос бекер демейді; бірақ оған

жалақының сомасы табиғатында тұрақты шама болып көрінетіндіктен, оның ойынша, жалақы өскеннен кейін оған қарсы әрекет болуға тиіс. Екінші жағынан, жалақыны капиталистердің күшпен азайта *алатындығын* және іс жүзінде солай істеуге үнемі тырысатындығын да ол біледі. Жалақының тұрақты болу принципі бойынша, бұл орайда да қарсы әрекеттің болуы алдыңғы реттегіден кем болмауға тиіс. Демек, жалақыны кеміту әрекетіне немесе жалақының кемітіліп отырғандығына жұмысшылар қарсы әрекет жасап, дұрыс істеп отыр. Олай болса, жұмысшылар *жалақыны арттыруға* күш салғанда да дұрыс істейді, өйткені жалақыны кемітуге *қарсы жасалған әрекеттің* қандайы болса да оны арттыру үшін істелген *әрекет* болып табылады. Сонымен, азамат Уэстонның өзі ұсынған *жалақының тұрақты* болу принципіне сәйкес жұмысшылар белгілі бір жағдайларда бірігіп, жалақыны арттыру үшін күресуге тиіс.

Егер азамат Уэстон бұл қорытындыны теріс деп табады екен, онда ол бұл қорытынды шығатын алғы шарттан да бас тартуы керек. Олай болған күнде ол жалақының сомасы *тұрақты шама* болатындығын сөз қылмай, ол *өсе* алмайтын және *өсуге* тиісті емес болса да, капитал оның кемуін керек етсе-ақ ол әрқашан *азайып отыратындығын* және *азаяуға* тиісті де екенін сөз қылуы керек. Егер капиталист ойына келгенін істеп, сіздерді еттің орнына картоппен, бидайдың орнына сұлымен тамақтандырғысы келсе, онда сіздер оның дегенін саяси экономияның заңы деп қабылдап, оған көнуге тиіссіздер. Егер бір елде жалақының деңгейі екінші бір елдегіден жоғары болса, мәселен, Құрама Штаттарда Англиядағыдан жоғары болса, онда сіздер жалақы деңгейіндегі бұл айырмашылықты американ және ағылшын капиталистерінің тілектерінің түрліше болғандығынан деп түсіндіруге тиіссіздер,— әрине, мұндай әдіс экономикалық құбылыстарды ғана емес, басқа құбылыстардың қай-қайсысын болса да зерттеуді өте-мөте оңайлатқан болар еді.

Бірақ тіпті осылай болған күнде де біз былай деп сұрай алар едік: американ капиталисінің тілектерінің ағылшын капиталисінің тілектерінен өзгеше болуының *себебі не?* Ал мұндай сұрауға жауап беру үшін бізге *тілектер* жөнінде әңгіме қылуды қоюға тура келер еді. Құдай Францияда бір түрлі нәрсенің, Англияда екінші түрлі нәрсенің болуын қалайды екен деп поп айта алар. Егер мен одан тілектердің бұл екі жақты болуының мәнісін түсіндір деп талап етсем,— құдайдың Францияда бір түрлі тілектердің болуын, Англияда екінші түрлі тілектердің болуын қалауға еркі бар деп жауап беруге поптың беті шімірікпес еді. Бірақ ақылға сыйымды пікір атаулыны түгелдей бекерге шығаратын бұл сияқты дәлелдемеге біздің Уэстон дос, әлбетте, бармайтын болар.

Капиталист, әрине, мүмкіндігінше көп алуды *тілейді*. Алайда

біздің міндетіміз — оның *тілектерін* түсіндіру емес, оның *күшін*, ол *күштің шектерін*, ол *шектердің сипаттарын* зерттеу болып табылады.

2. ӨНДІРІС, ЖАЛАҚЫ, ПАЙДА

Азамат Уэстонның бізге оқып берген баяндамасындағы пікірлер бір жаңғақтың қауызына сыйып кеткен болар еді.

Оның пікірлерінің бәрі мынаған келіп саяды: егер жұмысшы табы капиталистер табын ақшалай жалақы формасында 4 шиллинг орнына 5 шиллинг төлеуге көндірсе, онда капиталист жұмысшыларға 5 шиллинг құнның орнына товар формасында 4 шиллингтік құн қайыратын болады. Бұл орайда жұмысшы табы жалақы өскенге дейін 4 шиллингге сатып алып жүрген заттарына енді 5 шиллинг төлеуге мәжбүр болар еді. Бірақ неліктен бұлай болуы керек? Капиталистің 5 шиллингге не бары 4 шиллингтік құн төлеуінің себебі не? Оның себебі — жалақының сомасы тұрақты белгіленген сома. Бірақ жалақының 4 шиллингтік құны бар товармен белгілену себебі не? Құны 3 немесе 2 шиллингтік товармен, болмаса онан басқа бір сомамен неге белгіленбейді? Егер жалақы сомасының шегі капиталистің еркіне де, жұмысшының еркіне де байланысты болмайтын қандай да болсын бір экономикалық заңмен белгіленген болса, онда азамат Уэстонның ең алдымен сол заңды баяндап және дәлелдеп шығуы керек болар еді. Бұдан әрі ол әрбір кесімді уақыттың ішінде іс жүзінде төленген жалақының сомасы қажетті болған жалақы сомасына әрқашан да толық сәйкес келетінін және онан ешқашан да ауытқымайтынын дәлелдеуі керек еді. Екінші жағынан, егер жалақы сомасының белгілі бір шектері капиталистің *еркіне ғана* немесе оның тойымсыздығының шектеріне ғана байланысты болса, онда ол шектер — беталды белгіленген шектер, оларда ешбір қажеттілік жоқ, олар капиталистің еркі бойынша өзгеріп отыруы мүмкін, ал олай болса оның еркіне *қарсы да* өзгеруі мүмкін.

Азамат Уэстон өзінің теориясын мынадай мысалмен сипаттады: егер белгілі бір мөлшердегі адамдарға арналған бір ыдыста белгілі мөлшерде сорпа болса, онда қасықтардың көлемін үлкейткенмен сорпа көбеймейді. Бұл сипаттаманың біраз оңбаған* сипаттама екенін айтуға тиіспін. Мұның өзі Менений Агриппаның бір салыстырмасын біраз есіме түсіреді. Рим плебейлері Рим патрицийлеріне қарсы ереуіл жасаған кезде, патриций Агриппа оларға: патрицийдің қарны мемлекеттік дененің плебейлік мүшелерін қоректендіріп отыр деген болатын. Бірақ бір кісінің қарнын тойдырумен екінші бір кісінің мүшелерін қоректендіруге

* Сөз ойнақылығы: «sroop»—«қасық», «ашық ауыз»; «sroopу»—«жарымес», «оңбаған». *Ред.*

болатындығын Агриппа дәлелдей алмады. Өз кезегінде азамат Уэстон жұмысшылардың тамақ ішіп жүрген ыдысында ұлттық еңбектің барлық өнімі болатындығын, ол ыдыстан жұмысшылардың көбірек алуына кедергі болатын нәрсе ыдыстың кішкентайлығы емес, оның ішіндегісінің аздығы да емес, олардың қа-сықтарының кішкентайлығы ғана екенін ұмытып отыр.

Капиталист қандай айланың көмегімен 5 шиллингге 4 шиллингтік құн төлеуге мүмкіндік табады? Жұмысшыларға сата-тын товарының бағасын арттыру арқылы мүмкіндік табады. Бірақ бағаны арттыру немесе, неғұрлым жалпы айтқанда, то-вардың бағасының өзгеруі, товардың бағасының өзі капиталистің еркінің жалаң өзіне ғана байланысты ма? Әлде керісінше, бұл еріктің жүзеге асуы үшін белгілі бір жағдайлардың болуы ке-рек пе? Егер мұндай жағдайлар керек болмаса, онда рыноктық бағалардың өсуі мен кемуі, олардың үнемі өзгеріп отыруы ше-шілмейтін жұмбаққа айналады.

Егер біз еңбектің өндіргіш күштерінде де, жұмсалатын ка-питал мен еңбектің мөлшерінде де, өнімдердің құнын бағалай-тын ақшаның құнында да ешбір өзгеріс болған жоқ, тек жалақы деңгейінде ғана өзгеріс болды деп ұйғаратын болсақ, онда жалақының бұл өсуі товарлардың бағаларына қандай жолмен әсер ете алады? Бұл өсу товардың бағасына әсер еткенде, тек сол товарға деген сұраным мен оларды ұсыным арасындағы іс жүзіндегі арақатынасқа ықпал еткендіктен ғана әсер етеді.

Біртұтас тұлға ретінде қарастырылып отырған жұмысшы та-бы өз табысын ең қажетті заттарды алуға жұмсайды және жұм-самауға амалы да жоқ, бұл әбден дұрыс. Сондықтан жалақы деңгейінің жалпы өсуі ең қажетті заттарға сұранымның өсуін туғызады, демек, ол заттардың рыноктық бағасының көтерілуін туғызады. Бұл заттарды өндіретін капиталистерге өздерінің тө-лейтін жалақысының өсуінің есесін өздерінің товарларының рыноктық бағасының артуы толтырады. Бірақ ең қажетті зат-тарды өндірмейтін өзге капиталистердің халдері қандай болмақ-шы? Мұндай капиталистер аз екен деп ойламаңыздар. Егер ұлт-тық өнімнің үштен екісін халықтың бестен бір бөлегі ғана тұтынатынын,— ал жақын арада қауымдар палатасының бір мүшесі оларды тіпті халықтың жетіден бір бөлігі ғана тұтынады дегенді де айтты,— естеріңізге алсаңыздар, онда сіздер ұлттық өнімнің қаншама зор үлесінің сән-салтанат заттары түрінде өн-дірілуге тиіс екенін немесе сол заттарға айырбасталуға тиіс екенін және ең қажетті заттардың өзінің де орасан көбі малай-ларға, атқа, мысық ұстауға және т. т. жұмсалып ысырап бола-тындығын түсінесіздер. Ең қажетті заттардың бағасы көтеріл-ген кезде бұл ысыраптың әрқашан да едәуір шағындалатынын біз тәжірибеден білеміз.

Сонымен, ең қажетті заттарды *өндірмейтін* капиталистердің халдері қандай болмақшы? Жалақының жалпы өсуі салдарынан *пайда нормасының кему* есесін олар *өздерінің товарларының бағасын арттырумен* толтыра алмайды, өйткені ол товарларға сұраным артпайды. Олардың табысы азаяды, оның үстіне қымбаттап отырған ең қажетті заттардың бұрынғы мөлшерінің өзіне олардың әлгі азайған табыстан артық төлеуіне тура келеді. Ол ол ма. Өздерінің табыстары азайғандықтан, олардың сән-салтанат заттарына ақшаны кемірек жұмсауына тура келеді, сөйтіп олардың өздерінің товарларына өзара сұранымдары да кемиді. Сұранымның осындай кемуінің салдарынан олардың товарларының бағасы да төмендейді. Демек, өнеркәсіптің бұл салаларындағы *пайданың нормасы* тек жалақы деңгейінің жалпы көтерілуінің әсерінен ғана кемімей, сонымен қатар жалақының жалпы өсуінің, ең қажетті заттардың бағасы көтерілуінің және сән-салтанат заттарының бағасы төмендеуінің бірігіп әсер етуі салдарынан да кемиді.

Өнеркәсіптің түрлі салаларында жұмсалған капиталдардың *пайда нормаларының* мұндай әр түрлі болуының салдары қандай болмақ? Әрине, мұның салдары өндірістің түрлі салаларындағы *пайданың орта нормаларының* арасында қандай да болсын бір себептен айырма туатын барлық жағдайларда қандай болатын болса, нақ сондай болады. Капитал мен еңбек тиімділігі кемірек салалардан неғұрлым тиімді салаларға ауысады, ал еңбек пен капиталдың бұл ауысу процесі өнеркәсіптің бір саласында ұсыным сұранымның артуына сай өскенше, ал басқа салаларында ол ұсыным сұранымның азаюына сай кемігенше созыла береді. Мұндай өзгеріс *болып өтісімен-ақ* өнеркәсіптің түрлі салаларында *пайданың нормасы* қайтадан *теңеледі*. Әуел баста ауысудың бәрі түрлі товарларға сұраным мен ұсынымның арақатынасының өзгеруі салаларынан ғана шыққандықтан, енді, ол себеп жойылғаннан кейін, оның әсері де тоқталады, сөйтіп *баға* өзінің бұрынғы деңгейіне, тепе-теңдігіне қайта түседі. Жалақының өсуінен туған *пайда нормасының кемуі* өнеркәсіптің жекелеген салаларымен ғана шектелмей, *жалпылама* болады. Біздің болжауымызша, еңбектің өндіргіш күшінде де, өнімнің жалпы жиынында да өзгеріс болмайды, *бірақ сол өнім жиынының формасы өзгереді*. Енді өнімнің көпшілігі ең қажетті заттар формасында болып, азшылығы сән-салтанат заттары формасында болады, не болмаса — тағы да бәрі бір есеп — азшылығы шетелдік сән-салтанат заттарына айырбасталып, өзінің бастапқы формаларында тиісінше көп тұтынылады, немесе — тағы бәрі бір есеп — отандық өнімнің көбі сән-салтанат заттарының орнына ең қажетті шетелдік заттарға айырбасталады. Сондықтан жалақы деңгейінің жалпы көтерілуі рынок бағасының уақытша бұзылуынан кейін тек *пайда нормасының жалпы төмендеуін*

туғызады, бірақ товар бағасының азды-көпті ұзақ уақыт өзгеруіне соқтырмайды.

Егер біреулер маған: жоғарыда келтірілген дәлелдемеде жалақының үстіне қосылғанның бәрі ең қажетті заттарға жұмсалса деген болжауға сүйенесің дейтін болса, онда мен: азамат Уэстонның көзқарастарына өте-мөте қолайлы болжау жасадым деп жауап беремін. Егер жалақының өсімі жұмысшылар бұрын тұтынбайтын заттарға жұмсалса, онда жұмысшылардың сатып алу күшінің нақты түрде артқандығын дәлелдеп жатудың керегі болмас еді. Алайда, жұмысшылардың бұл сатып алу күшінің артуы тек жалақының өсуінің нәтижесі болғандықтан, ол өсім капиталистердің сатып алу күшінің кемуіне дәлмедәл келуі керек. Олай болса, товарға *сұранымның жалпы мөлшері артпай*, сол сұранымның құрамды бөлімдері ғана *өзгереді*. Бір жақтың сұранымының өсуі екінші жақтың сұранымының кемуімен теңгеріліп отырар еді. Өйткені сұранымның жалпы жиыны осылай өзгермейтін болғандықтан, товардың рыноктық бағаларында да ешқандай өзгеріс болуы мүмкін емес.

Сонымен, біз мынадай дилеммаға келеміз: не жалақының өсімі тұтыну заттарының бәріне тең жұмсалады,— ал бұлай болған күнде жұмысшы табының тарапынан сұранымның ұлғаюы капиталистер табының тарапынан сұранымның кемуімен теңгерілуге тиіс,— не жалақының өсімі рыноктық бағасы уақытша артатын кейбір заттарға ғана жұмсалады,— ал бұлай болған күнде осының салдарынан өнеркәсіптің кейбір салаларында пайда нормасының артуы, оның есесіне басқа салаларында пайда нормасының тиісінше кемуі капитал мен еңбектің әр салаға бөлінуіне өзгеріс туғызады, бұл өзгеріс ұсыным өнеркәсіптің бір саласында сұранымның өсуіне сәйкес өскенше, ал басқа салаларында кеміген сұранымға сәйкес кемігенше жалғаса береді. Бірінші жорамалымызда товардың бағасы ешқандай өзгермейді; ал екінші жорамалымызда, рынок бағасы бірсыпыра ауытқығаннан кейін товардың айырбас құны бұрынғы қалпына қайта түседі. Бұл жорамалдың екеуінде де жалақы деңгейінің жалпы артуы, сайып келгенде, пайда нормасының жалпы төмендеуінен басқа ешқандай өзге салдар туғызбайды.

Азамат Уэстон сіздердің қиялдарыңызға әсер ету ниетімен, сіздерге ағылшын ауыл шаруашылық жұмысшылары жалақысының 9 шиллингіден 18 шиллингке дейін жалпы артуы туғызатын қиыншылықтар туралы ойлап қарауды ұсынды. Ең қажетті заттарға сұранымның орасан өсуі туралы және ол өсудің салдарынан бағаның сұрапыл көтерілуі туралы ойлап қараңыздаршы!— деп лепірді ол. Ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасы Құрама Штаттарда Біріккен корольдіктегіден төмен болса да, еңбек пен капиталдың арасындағы жалпы қатынас Құрама Штаттарда да Англиядағыдай болса да, жылдық өнімнің жиы-

ны Англияға қарағанда Құрама Штаттарда әлдеқайда аз болса да, американ ауыл шаруашылық жұмысшысының орташа жалақысы ағылшын ауыл шаруашылық жұмысшысының орташа жалақысынан екі еседен де гөрі артығырақ екенін бәріңіз де білесіздер. Ал ендеше біздің досымыз не үшін дабыл қағады? Әншейін біздің алдымызда тұрған мәселеден бойын аулақ салу үшін дабыл қағады. Жалақының кенеттен 9 шиллингіден 18 шиллингге дейін көтерілуі жалақының кенеттен 100% артақаны болып табылар еді. Алайда біз Англияда жалақының жалпы деңгейі кенеттен 100% артуы мүмкін бе деген мәселені есте талқылап отырғанымыз жоқ қой. Бізге тегі бұл артудың шамасы туралы айтып жатудың қажеті жоқ, ол арту әрбір нақты ретте болатын жағдайларға байланысты болуға және сол жағдайларға сай келуге тиіс. Біз тек тіпті жалақы деңгейінің жалпы өсуі бір проценттен артпаған күнде, ол өсудің қандай нәтижесі болатынын ғана айқындап алуымыз керек.

Сөйтіп, мен Уэстон достың ойдан шығарып жалақыны қиялдағыдай 100% өсіруін былай қалдырып, сіздердің назарларыңызды 1849 жылдан 1859 жылға дейінгі дәуірдің ішінде Великобританияда жалақының іс жүзінде болған өсуіне аудармақпын.

1848 жылы жүзеге асырылған он сағаттық заң жобасын немесе, дұрысырақ айтқанда $10\frac{1}{2}$ сағаттық жұмыс күні туралы заң жобасын⁵ бәріңіз де білесіздер. Бұл — ең зор экономикалық өзгерістердің бірі; мұны біз өз көзімізбен көрдік. Бұл заң жобасы қайсыбір жергілікті кәсіпшіліктерде емес, Англияны бүкіл дүние жүзілік рынокта үстем етіп отырған өнеркәсіптің басты басты салаларында жалақының кенеттен, еріксіз көтерілуінің белгісі болды. Мұның өзі жалақының мейлінше қолайсыз жағдайларда өсірілуі болды. Доктор Юр, профессор Сениор және буржуазияның мүдделерін ресми түрде білдіруші барлық басқа да экономистер: бұл заң жобасы ағылшын өнеркәсібі үшін жаназа әуеніндей болмақ деп дәлелдеген болатын,— ал мен олардың біздің Уэстон досымыздан гөрі неғұрлым негізді дәлелдермен дәлелдегенін айтуға тиіспін. Олар бұл арада мәселе жалақының жай ғана артуы туралы емес, жұмсалатын еңбектің азаюынан туған және сол азаюға негізделген артуында деп дәлелдеді. Олар: капиталистерден тартып аламыз дейтін 12-ші сағат — капиталистің нақ сол пайда өндіретін бірден-бір сағаты деп кесіп айтты. Олар қор жинау кемиді, баға жоғарылайды, рыноктардан айрыламыз, өндіріс қысқарады, осыдан барып жалақы төмендейді, бүтіндей күйзеліске ұшыраймыз деп қорқытты. Олар тіпті бұл заңға қарағанда Максимилиан Робеспьердің максимум туралы заңдары²⁴ түкке де тұрмайды деп мәлімдеді, белгілі мағынада олардың мұнысы дұрыс та еді. Ал шынында қандай болып шықты? Жұмыс күнінің қысқаруына қарамастан, фабрика жұмысшыларының ақшалай жалақылары

өсті; фабрикаларда істейтін жұмысшылардың саны едәуір көбейді; фабрика бұйымдарының бағасы үздіксіз кеміді; фабрика жұмысшылары еңбегінің өндіргіш күштері керемет дамыды; фабрика товарларын шығарып сататын рыноктар бұрын болмаған дәрежеде, бірден-бірге үдеп өсті. Ғылымның дамуына көмектесу ассоциациясының 1861 ж. Манчестерде болған жиылысында У. Ньюмен мырзаның: мен де, доктор Юр де, Сениор да және экономикалық ғылымның барлық басқа ресми өкілдері де қателестік, ал халықтың түйсінуді дұрыс болып шықты деп мойындағанын мен өз құлағыммен естідім. Мен профессор Фрэнсис Ньюменді айтып отырғаным жок, Томас Тук мырзаның «Баға тарихы» деген еңбегін, 1793 жылдан 1856 жылға дейінгі баға тарихын құнттап зерттеген осы тамаша еңбектің авторының бірі және оны бастырып шығарушы ретінде экономика ғылымында аса көрнекті орын алатын У. Ньюмен мырзаны ²⁵ айтып отырмын. Егер біздің Уэстон достың жалақының өзгермейтін сомасы туралы, өнімнің өзгермейтін жиынтығы туралы, еңбектің өндіргіш күшінің өзгермейтін деңгейі туралы, капиталистердің өзгермейтін еркі туралы адамды мезі қылатын ой-пікірі және оның өзге де өзгермеушіліктері мен түпкіліктерінің бәрі дұрыс болса, онда профессор Сениордың жамандыққа жорыған болжаулары дұрыс болар еді де, ал жұмыс күніне жалпы шек қоюды жұмысшы табын азат ету жолындағы бірінші даярлық қадамы болады деп 1815 жылдың өзінде-ақ жариялаған²⁶ және, жалпы теріс түсінікке қарамастан, ыстық-суығын өз мойнына алып, Нью-Ланарктағы өзінің мақта иіру фабрикасында жұмыс күніне бұл шек қоюды шынымен жүзеге асырған Роберт Оуэннің пікірі қате болған болар еді.

Нақ сол он сағаттық заң жобасы енгізілген кезде және оның арқасында жалақы көбейген кезде Великобританияда бұл жерде тоқталып жатуға болмайтын бір себептермен ауыл шаруашылық жұмысшыларының да жалақысының жалпы артқаны байқалды.

Менің тіке көздеген мақсатыма мұның қажеті болмаса да, сіздердің қате ұғынып қалмауларыңыз үшін мен бұл арада біраз алдын ала ескертпелер жасайын.

Егер бір адамның аптасына алатын жалақысы 2 шиллинг болып, артынан оның жалақысы 4 шиллинг болып көбейсе, онда жалақы деңгейі 100% өскен болады. Егер жалақының бұл өсуіне оның деңгейі өсу тұрғысынан қарасақ, онда бұл өсу орасан зор өсу болып көрінуі мүмкін, ал бірақ жалақының шын шамасы, аптасына 4 шиллинг, қалай дегенмен тіпті аз, жартымсыз садақаның қасындағы жалақы болады. Сондықтан жалақы деңгейі өсуінің проценті дардайлығына мән бола көрмеңіздер. Біз жалақының бастапқы шамасы қандай еді деп әрқашан да сұрауға тиіспіз.

Онан соң, егер 10 жұмысшы аптасына 2 шиллингден, 5 жұмысшы — 5 шиллингден, тағы бір 5 жұмысшы 11 шиллингден алатын болса, барлық 20 адам қосылғанда аптасына 100 шиллинг, немесе 5 фунт стерлинг алатынын түсіну қиын емес. Егер мұнан кейін олардың апталық жалақысының *жалпы* сомасы, айтайық, 20% артса, онда бұл жалақы 5 ф. стерлингден 6 ф. стерлингге дейін көбейеді. Егер орта есеппен алсақ, іс жүзінде 10 жұмысшының жалақысы бұрынғы күйінде өзгермей қалса да, *жалақының жалпы деңгейі* 20% өсті деуге болады; 5 адам бар бір топ жұмысшының әрқайсысының жалақысы 5 шиллингден 6 шиллингге дейін өсті, ал екінші топтағы 5 жұмысшының жалақысының сомасы 55 шиллингден 70 шиллингге дейін өсті. Жұмысшылардың тең жартысының жағдайы ешқандай жақсарған жоқ, жұмысшылардың $\frac{1}{4}$ бөлегінің жағдайы болмашы ғана жақсарды, тек қалған $\frac{1}{4}$ бөлегінің ғана халі шын жақсарды. Алайда, егер *орта шамаға* сүйенсек, онда бұл 20 жұмысшының жалақысының жалпы сомасы 20% артты, ал мәселенің өзі осы жұмысшыларды жұмсап отырған бүкіл капитал мен сол жұмысшылар өндірген товарлардың бағасына қатысты болғандықтан, бұл арада барлық жағдай — жалақының орта мөлшерде өсуі барлық жұмысшыларға бірдей болған ретте қандай болатын болса, бұл арада да нақ сондай болады. Ауыл шаруашылық жұмысшылары жөнінде жоғарыда айтылған мысалда жалақының өсуінің жұмысшыларға еткен әсері мүлде әрқелкі болады, өйткені ауыл шаруашылық жұмысшылары жалақысының деңгейі Англия мен Шотландияның әр графтығында мейлінше әр түрлі.

Ақырында, жалақының әлгіндей көтерілген кезінде оған қарама-қарсы бағытта әрекет еткен бірқатар фактілер де болды, олар: Россиямен соғысудың²⁷ салдарынан туған жаңа салықтар, ауыл шаруашылық жұмысшылары үйлерінің жаппай бұзылуы²⁸, т. т.

Осыншама алдын ала ескертпелерден кейін мен Великобританияның ауыл шаруашылық жұмысшылары жалақысының орташа деңгейі 1849 жылдан 1859 жылға дейінгі дәуірде *шамамен алғанда* 40% өскенін атап айтамын. Мұны растау үшін мен мол және толық материалдар келтіре алар едім, бірақ алдымда тұрған мақсат үшін сіздерді марқұм *Джон Ч. Мортон* мырзаның «Екіншілікте қолданылатын күштер» деген тақырыпта 1859 ж. Лондондағы өнер мен қолөнер қоғамында²⁹ сын тұрғысынан байыптап оқыған рефератына сілтесем де жеткілікті болар деп есептеймін. Мортон мырза Шотландияның 12 графтығында, Англияның 35 графтығында тұратын 100 шамалы фермерден өзі жинап алған есеп-қисаптар мен басқа да түпнұсқа документтерден мәліметтер келтіреді.

Біздің Уэстон достың көзқарасы бойынша, әсіресе фабрика жұ-

мысшылары жалақысының бір мезгілде өсуін еске алсақ, 1849—1859 жылдары ауыл шаруашылық өнімдері бағасының сұмдық өсуі болуға тиіс еді. Ал шынында не болды? Россиямен екі арада болған соғысқа және 1854—1856 жылдардың ішінде бірнеше рет егіннің шықпай қалуына қарамастан, Англияның негізгі ауыл шаруашылық өнімі болып табылатын бидайдың бір кварталінің орта бағасы 1838—1848 жылдары шамамен 3 ф. ст. деңгейінде болса, 1849—1859 жылдары бір кварталінің бағасы шамамен 2 ф. ст. 10 шилл. дейін кеміді. Мұның мәнісі ауыл шаруашылық жұмысшыларының орташа жалақысының бір мезгілде 40% өсуімен қатар, бидайдың бағасы 16 проценттен аса кеміп отыр деген сөз. Дәл сол дәуірдің өзін алып, оның сонын басталуымен, яғни 1859 жылды 1849 жылмен салыстырсақ, бұл уақыттың ішінде ресми түрде есепке алынған пауперизм азайып, 934 419 адамнан 860 470 адамға түскенін, яғни 73 949 адам кемігенін көреміз. Бұл кему өте мардымсыз, оның үстіне келесі жылдарда ол кему жоққа тән болғанына мен келісемін, бірақ сонда да кемудің аты кему болады.

Кейбіреулердің астық заңдарының³⁰ жойылуы себепті 1849 жылдан 1859 жылға дейінгі дәуірде шетелден астық әкелу 1838—1848 жылдардағы дәуірмен салыстырғанда екі еседен артық өсті деуі мүмкін. Ал онан не шығады? Азамат Уэстонның көзқарасынша, бұдан шетелдердің рыноктарында сұранымның кенеттен мұндай орасан зор, үздіксіз өсуі ауыл шаруашылық өнімдерінің бағасын адам айтқысыз қымбаттатуға тиісті екендігін күтуге болатын еді, өйткені өсе түскен сұраным елден тыс жерде болып отырса да, не сол елдің өз ішінде болып отырса да, оның әсері бірқалыпта қалып отырады. Ал шындығында не болды? Егін шықпай қалған бірнеше жылды айтпағанда, бүкіл бұл дәуірдің өне-бойына Францияда астық бағасының ойсырап төмендеуі жұрттың үнемі зар илейтін әңгімесі болды, американдар өз өнімінің артығын талай рет өртеп жіберуге мәжбүр болды, ал Россия, егер Уркарт мырзаға сенетін болсақ, Құрама Штаттардағы Азамат соғысын⁴ қолдаумен болды, өйткені янки тарапынан болған бәсеке орыстың ауыл шаруашылық өнімдерін Европа рыноктарына шығаруға үлкен кедергі жасады.

Егер азамат Уэстонның дәлелдемесін оның абстрактілі формасына түсірсек, ол дәлелдеме мынадай болып шығады: сұранымның өсуінің қандайы болса да әрқашан өнімнің белгілі бір жиынының негізінде болып отырады. Сондықтан ол өсу керекті товарлардың ұсынымын ешқашан да арттыра алмайды, тек олардың ақшалай бағасын ғана жоғарылата алады. Алайда тіпті жай ғана байқаудың өзі сұранымның өсуі кейбір реттерде товарлардың рыноктық бағасын мүлде өзгертпейтінін, ал басқа реттерде рынок бағасын тек уақытша ғана көтеретінін, содан

кейін барып ұсынымның көбейетіндігін көрсетеді. Ұсынымның бұл көбеюі бағаның тағы да бұрынғы деңгейіне *дейін* төмендеуіне, ал кейбір реттерде бұрынғы деңгейінен де *әрі* төмендеуіне апарып соғады. Сұранымның өсуі жалақының көбеюінің арқасында бола ма немесе басқа бір себептердің арқасында бола ма, бұл жағы проблеманың шарттарын ешқандай өзгертпейді. Азамат Уэстонның көзқарасынша, бұл жалпы құбылысты түсіндіру айрықша жағдайларда болатын, жалақының өскен кезінде болатын құбылысты түсіндіру қандай қиын болса, нақ сондай қиын болар еді. Сондықтан біз қарастырып отырған мәселеде оның дәлелдемесі тіпті еш нәрсені де дәлелдей алмайды. Оның дәлелдемесі сұранымның өсуі рынок бағаларының тіпті де міндетті түрде көтерілуін туғызбай, ұсынымның көбеюін туғызатын заңдарды азамат Уэстонның түсінбейтіндігін ғана көрсетеді.

3. ЖАЛАҚЫ ЖӘНЕ АҚША

Жарыссөздердің екінші күні біздің Уэстон дос өзінің бұрынғы пікірін жаңа формаға түсірді. Ол былай деді: ақшалай жалақы жалпы өскен кезде сол жалақыны беру үшін нақты ақша көбірек керек болады. Ақшаның мөлшері *өзгермейтін* болса, онда ақшаның сол өзгермейтін сомасы арқылы көбейген ақшалай жалақы сомасын қалайша төлеуге болады? Бұрынғы қиыншылық жұмысшының ақшалай алатын жалақысы өссе де, оның үлесіне келетін товардың мөлшері өзгермей қалуында болып еді; ендігі қиыншылық товардың мөлшері өзгермесе де, ақшалай жалақының көбейгенінде болып отыр. Әлбетте, егер сіздер азамат Уэстонның бастапқы догмасын теріске шығарсаңыздар, туынды қиыншылықтардың да қарасы өшеді.

Солай бола тұрса да, мен сіздерге бұл ақша жөніндегі мәселенің біздің қарастырып отырған нәрсемізге тіпті ешбір қатынасы жоқ екенін көрсетейін.

Европа елдерінің қайсысына қарағанда да төлем механизмі сіздердің елдеріңізде анағұрлым жетілген. Банктер жүйесінің көп таралып, шоғырлануының арқасында құнның бірқалыпты сомасын айналымға келтіру үшін немесе бұрынғы қалыпта, болмаса онан да артық мөлшерде келісімдер жасау үшін ақша бұрынғыдан анағұрлым кем керек болады. Мәселен, жалақыға келсек, істің жайы мынадай: ағылшынның фабрика жұмысшысы өзінің жалақысын апта сайын дүкеншіге береді, дүкенші оны апта сайын банкирге жіберіп отырады, банкир оны апта сайын фабрикантқа қайтарып отырады, фабрикант оны қайтадан жұмысшыларына төлейді, осылай кете береді. Осындай механизмнің арқасында жұмысшының жылдық жалақысы, айтайық,

52 ф. ст. тек жалғыз соверен* арқылы ғана төленіп отыруына болады, бұл соверен апта сайын бір ізбен ауыспалы айналым жасап отырады. Бұл механизмнің жетілуі тіпті Англияда да Шотландиядағыдан гөрі төменірек; сонымен қатар оның жетілуі барлық жерлерде бірдей емес, міне, сондықтан да біз, мәселен, кейбір селолық округтерде құндардың анағұрлым аз сомасының айналым жасауы үшін, таза фабрикалық округтерге қарағанда, нақты ақшаның әлдеқайда көп керек болатынын көреміз.

Егер сіздер Ла-Манштан әрі өтсеңіздер, онда *ақшалай жалақының* Англияға қарағанда континентте анағұрлым төмен екенін көресіздер, ал солай бола тұрса да Германияда, Италияда, Швейцарияда және Францияда оны төлеу үшін *анағұрлым көп ақша сомасы* керек болады. Ол жақта әрбір соверенді банкир қолына соншалық тез түсіріп алып, өңкеркісіп капиталисіне соншалықты тез қайтарып бере алмайды, сондықтан Англияда жыл сайын 52 ф. стерлингтің айналымын қамтамасыз етуге қажет бір совереннің орнына континентте 25 ф. стерлингтік жылдық ақшалай жалақыны төлеу үшін, мүмкін, 3 соверен керек болар. Сонымен, континенттік елдерді Англиямен салыстырсаңыздар сіздер ақшалай аз жалақы ақшалай жоғары жалақыдан гөрі ақшаны анағұрлым көбірек керек етуі мүмкін екенін, ал мұның өзі іс жүзінде біздің сөз қылып отырған мәселемізге мүлде байланысы жоқ таза техникалық мәселе екенін бірден-ақ байқайсыздар.

Маған белгілі ең жақсы есептерге қарағанда, Англия жұмысшы табының жылдық табысын 250 млн. стерлингке бағалауға болады. Осы орасан зор сома шамамен 3 млн. фунт стерлинг арқылы төленіп отырады. Жалақы 50% өсті дейік. Онда 3 млн. ф. стерлингтік нақты ақшаның орнына 4½ млн. ф. стерлинг керек болады. Жұмысшы өзінің күнделікті шығындарының денін күміс және бақыр ақшаларды пайдаланып өтейтіндіктен, — яғни кесек қағаз ақшалардың құны сияқты өз құны алтынға шаққанда заң арқылы қалай болса солай белгіленетін қарапайым белгілерді пайдаланатындықтан, — ақшалай жалақының 50% өсуі ең көп дегенде, айтайық, сомасы бір миллион совереннің қосымша айналымға түсуін керек қылады. Қазір Англия банкісінің немесе жеке банкирлердің подвалдарында құйма түрінде немесе монеталар түрінде сақталып жатқан бір миллион енді айналымға түседі. Алайда осы қосымша миллионның монета болып соғылуына байланысты, болмаса оның айналымға жүріп тозуына байланысты болатын болмашы шығындарды да болдырмауға болады, ал айналым қаржыларын толықтыру туғызатын пәлендей бір қиыншылық болған жағдайларда шынында да ол шы-

* Соверен — Англияның бағасы 1 фунт стерлинг тұратын алтын монета-сы. *Ред.*

ғындарды болғызбайды. Англияда айналымдағы ақшаның үлкен екі түрге бөлінетінін сіздер бәріңіз де білесіздер. Олардың біреуі әр түрлі банкноттардан құралады және саудагерлер арасындағы алыс-берісте, сонымен қатар тұтынушылар мен саудагерлердің арасындағы біршама ірі төлемдерде қолданылады; ал металл монеталардан құралатын екінші түрі бөлшек саудада айналым жасайды. Айналымда болатын ақшаның бұл екі түрінің арасында айырма бола тұрса да, алайда бұлар бір-бірімен ұштасып, байланысып жатады. Мысалы, алтын монета тіпті біршама ірі төлемдерде де 5 фунт стерлингіден төменгі ұсақ сомаларды төлеуге өте көп қолданылады. Егер күні ертең 4,3 немесе 2 ф. ст. банкноттар шығарылса, айналымның осы каналдарын толтыратын алтын монеталар ол каналдардан бірден алынып, ақшалай жалақының өсуі салдарынан қатты керек болып отырған жерге қарай ауысар еді. Сөйтіп, ақшалай жалақының 50% артуы себепті керек болып отырған қосымша миллион жаңадан бір соверен де қоспай-ақ табылған болар еді. Банкноттың санын арттырмай-ақ вексельдердің айналымын көбейту арқылы дәл жаңағыдай нәтижеге жетуге болады, мұндай іс Ланкаширде өте ұзақ уақыт қолданылып келген-ді.

Егер жалақы деңгейінің жалпы өсуі,— мәселен, азамат Уэстонның ауыл шаруашылық жұмысшыларының жалақысы үшін жорамалдағанындай 100% өсуі,— ең қажетті заттардың бағасын едәуір қымбаттатып жіберетін болса және Уэстонның көзқарасы бойынша, табуға болмайтын қосымша ақша сомасын керек қылатын болса, *жалақының жалпы төмендеуі* де нақ осындай дәрежеде, нақ осындай нәтиже, бірақ кері бағыттағы нәтиже туғызатын болар еді. Өте жақсы! 1858—1860 жылдар мақта-мата өнеркәсібінің ең гүлденген жылдары болды, әсіресе бұл жөнінде 1860 жылға тең келетін жыл сауда шежіресінде болған емес, оның бер жағында бұл кезде өнеркәсіптің басқа салаларының бәрі де әбден гүлденген еді, мұны сіздер бәріңіз де білесіздер. Мақта-мата өнеркәсібі жұмысшыларының және онымен байланысты басқа салалардың бәріндегі жұмысшылардың жалақысы 1860 жылы бұрынғы қай уақыттағысынан да жоғары болады. Бірақ Америкадағы дағдарыстың басталуы-ақ мұң екен, бұл жұмысшылардың бәрінің жалақысы өзінің бұрынғы мөлшерінің шамамен төрттен біріне дейін кенет төмендеді. Ал бұған қарама-қарсы қозғалыс болғанда бұл 300% өскендік болған болар еді. Егер жалақы 5-тен 20-ға дейін өссе, біз оны 300% өсті дейміз. Егер жалақы 20-дан 5-ке дейін кемісе, біз оны 75% кеміді дейміз. Бірақ алдыңғы мысалдағы өсудің сомасы да, соңғы мысалдағы кемудің сомасы да бірдей болар еді, атап айтқанда 15 шиллинг болар еді. Сөйтіп, мұның өзі жалақы деңгейінің кенет, бұрын болып көрмеген өзгерісі болды; оның үстіне бұл өзгеріс,— егер жұмысшылардың бәрін, мақта-мата өнеркәсі-

бінің тікелей өзінде істейтін жұмысшыларды ғана емес, сонымен қатар оған жанама түрде байланысты жұмысшыларды да қоса есептесек, — ауыл шаруашылық жұмысшыларынан $1\frac{1}{2}$ есе көп жұмысшыларды қамтыды. Бірақ бұдан бидайдың бағасы кеміді ме? Кеміген жоқ, егер бір квартал бидайдың 1858—1860 жылдардың аралығындағы үш жылдықта орташа жылдық деңгейі 47 шилл. 8 пенс болса, 1861—1863 жылдардың аралығындағы үш жылдықта бір кварталдың орташа жылдық деңгейі 55 шилл. 10 пенске дейін көтерілді. Ал ақшаға келсек, 1860 жылы монета сарайында 3 378 102 ф. ст. монета жасалса, 1861 жылы 8 673 232 ф. ст. монета жасалды. Басқаша айтқанда, 1860 жылға қарағанда, 1861 жылы 5 295 130 ф. ст. артық жасалды. Рас, 1861 жылы айналымда болған банкноттар 1860 жылдағыдан 1 319 000 ф. ст. кем болды. Бұл соманы шығарып-ақ тастайық, сонда да гүлденген жыл — 1860 жылмен салыстырғанда 1861 жыл үшін айналымда 3 976 130, немесе 4 млн. ф. стерлингге жуық артық ақша қалады; ал Англия банкiсiндегi алтын қоры бұл уақыттың iшiнде азайды, рас, нақ мұндай пропорцияда емес, бірақ соған жақын азайды.

1862 жылды 1842 жылмен салыстырайық. Айналымда болған товардың құны мен мөлшерінің орасан артуының үстіне акцияларға, облигацияларға, т. с., темір жолдың құнды қағаздарына әрдайым төленіп тұратын капиталдың бір өзі ғана 1862 жылы Англия мен Уэльсте 320 млн. ф. стерлингге жетті; мұндай сома 1842 жылы болса адам айтқысыз нәрсе болып көрінер еді. Солай бола тұрса да, 1862 жыл мен 1842 жылы айналымда болған ақшаның жалпы мөлшері бір шамалас болды. Ал тегінде тек товарлардың жалпы құнының орасан артуына ғана емес, сонымен қатар ақшаның жалпы қолдан қолға өтуінің орасан көбеюіне қарамастан, айналымдағы ақшаның бірден-бірге кеми беру тенденциясының бар екендігі байқалады. Біздің Уэстон достың тұрғысынан қарағанда, мұның өзі шешілмейтін жұмбақ.

Егер ол істің мәнісіне тереңірек ой жүгірткен болса, онда былай деп тапқан болар еді: тіпті жалақыны мүлде былай қойып, оны өзгермейді деп жорығанда да, айналымдағы товардың құны мен жиыны да, жасалған ақшалай келісімдердің сомасы да тегінде күн сайын өзгеріп тұрады; шығарылған банкноттардың саны күн сайын өзгеріп тұрады; ақшаның жәрдемінсіз, вексель арқылы, чек арқылы, жиро-кредит арқылы, есеп айыратын палаталар арқылы жүзеге асырып отыратын төлемдер сомасы күн сайын өзгеріп тұрады; нағыз металл ақшалар керек болатындықтан, бір жағынан, айналымда жүрген монеталардың саны мен, екінші жағынан, қорда немесе банктердің подвалдарында жатқан монеталар мен құймалардың арақатынасы күн сайын өзгеріп тұрады; ұлттық айналымға жұмсалатын алтынның мөлшері мен халықаралық айналым үшін шетелдерге жіберіліп

отыратын алтынның мөлшері күн сайын өзгеріп отырады; ақшаның сомасы өзгермейді деген өзінің догмасының күнделікті өмірімізге жанаспайтын сорақы адасушылық екендігін ол түсінген болар еді. Ақша айналымының заңдарын өзінің түсінбегендігін жалақының өсуіне қарсы келтірілетін дәлелге айналдырудың орнына, азамат Уэстонның ақша айналымының соншалықты үздіксіз өзгеріп тұратын жағдайларға қарай бейімделуіне мүмкіндік беретін заңдарды зерттеуі керек еді.

4. ҰСЫНЫМ ЖӘНЕ СҰРАНЫМ

Біздің Уэстон дос «repetitio est mater studiorum»— қайталау — ілім анасы деген латын мәтелін ұстанады, сондықтан да ол жалақының өсуі салдарынан ақшаның азаюы капиталды кемітуге және сондайларды туғызуға тиіс дей келіп, өзінің бастапқы догмасын жаңа формада тағы да қайталап отыр. Біз оның ақша жөніндегі бос қиялы туралы айтып өткендіктен, енді мен оның қиял еткен нәтижелерін, нәтиже болғанда, өзінің пікірінше оның өз ойынан шығарып алып жүрген ақша айналымының нашарлауынан туатын нәтижелерін толық талдап жатуды мүлде артық деп есептеймін. Мен ең дұрысы оның догмасын, — өзі әлденеше саққа жүгіртіп қайталаса да *баяғы бір қалпында қалатын догмасын — оның ең қарапайым теориялық түріне* келтіруге тікелей әрекеттеніп көрейін.

Өз тақырыбын баяндауға оның сын көзімен қарамағандығы жалғыз бір ескерту жасаудан айқын болады. Ол жалақының өсуіне немесе оның өсуі нәтижесінде жалақының жоғары болуына қарсы шығады. Ал мен онан былай деп сұраймын: жоғары жалақы деген не және төмен жалақы деген не? Мәселен, аптасына 5 шиллинг алынса төмен жалақы болып, ал аптасына 20 шиллинг алынса жоғары жалақы болуының себебі не? Егер 20-ға қарағанда 5 төмен жалақы болса, онда 200-ге қарағанда — 20 одан да төмен жалақы болады ғой. Егер біреу-міреу термометр туралы лекция оқығанда температураның жоғары, төмен болатындығын айтып білгішсінсе, онда ол мұнысымен ешкімге ешқандай білім бере алмайды. Ол ең әуелі қату нүктесі мен қайнау нүктесінің қалай анықталатынын айтып, сонан соң бұл негізгі нүктелердің термометрді сатушының немесе оны жасап шығарушының дегенімен емес, табиғат заңдарымен белгіленетінін түсіндіруге тиіс. Азамат Уэстон болса, жалақы мен пайда туралы айтқанда, мұндай негізгі нүктелерді экономикалық заңдардан шығара алмағаны былай тұрсын, тіпті оларды іздеудің қажеттігін сезген де жоқ. Ол тоғышарлардың жоғары, төмен деген сіңісті сөздерін дәл бір кесімді мағынасы бардай етіп алады да, соған қанағаттана салады, бірақ жалақыны жоғары немесе төмен дегенде, оны жалақының шамасын өлшейтін бір

өлшеммен салыстырып барып қана айтуға болатыны әбден айқын бола тұрса да, солай етеді.

Ол маған еңбектің белгілі бір мөлшеріне белгілі бір ақша сомасының неліктен берілетінін айта алмайды. Егер ол маған бұл ұсыным мен сұраным заңы арқылы белгіленеді деп жауап берсе, онда мен салған жерден одан: ал ұсыным мен сұранымның өздерін қандай заң ретке келтіреді?— деп сұраймын,— сонда мұндай жауап оны бірден-ақ тұйыққа тіреді. Еңбек ұсынымы мен оған деген сұранымның арақатынасы үнемі өзгеруде болады, ал осы өзгерістермен бірге еңбектің рыноктық бағасы да өзгеріп отырады. Егер сұраным ұсынымнан артық болса, жалақы көтеріледі; егер ұсыным сұранымнан артық болса, жалақы төмендейді, дегенмен мұндай жағдайларда, мәселен, стачка жасау арқылы немесе басқа бір әдістер арқылы сұраным мен ұсынымның шын қалпын *байқап* көру қажет болып қалуы мүмкін. Бірақ егер сіз жалақыны ретке келтіретін заңды ұсыным мен сұраным деп тапсаңыз, онда сіздің жалақының өсуіне қарсы шығуыңыз балалық және пайдасыз іс болып шығады, өйткені өзіңіз сүйеніп отырған жоғары заң бойынша жалақының мезгіл-мезгіл төмендеп отыруы қаншалық қажет, қаншалық заңды болса, оның мезгіл-мезгіл өсіп тұруы да соншалық қажет, соншалық заңды. Ал егер сіз ұсыным мен сұранымды жалақыны реттейтін заң деп мойындамасаңыз, онда мен еңбектің белгілі бір мөлшеріне белгілі бір ақша сомасының берілу себебі не?— деген сұрауымды тағы қайталаймын.

Бірақ мәселеге неғұрлым кеңірек тұрғыдан қарап көрейік: егер сіз еңбектің немесе қандай да болса басқа бір товардың құны, сайып келгенде, ұсыным мен сұраным арқылы белгіленеді екен деп жорысаңыз, онда сіз қатты қателесесіз. Ұсыным мен сұраным рынок бағасының тек уақытша *ауытқуын* ғана реттейді. Ұсыным мен сұраным товардың рынок бағасының кейде өзінің *құнынан* жоғары көтеріліп, кейде өзінің *құнынан* төмен түсіп отыратын себебін түсіндіре алады, бірақ бұлар осы *құнның* өзін ешқандай да түсіндіре алмайды. Ұсыным мен сұраным өзара теңгеріледі немесе, экономистер айтатындай, бірін-бірі жабады дейік. Өйткені бұл біріне-бірі қарама-қарсы күштер тең болған кезде олар өзара бірін-бірі әлсіздендіреді де, белгілі бір бағытта әсер етуден қалады ғой. Ұсыным мен сұранымның бір-біріне теңесіп, сол себептен олар әсер етуден қалған кезде *товардың рынок бағасы* өзінің *шын құнына*, қалыпты бағасына дәл келеді; *товардың рынок бағасы* осы қалыпты бағаның төңірегінде ауытқып отырады. Сондықтан бұл *құнның* табиғатын зерттеген кезде ұсыным мен сұранымның рынок бағасына уақытша әсер етуінде біздің ешқандай ісіміз жоқ. Мұның өзі жалақыға да, басқа товарлардың бәрінің бағасына да қатысты болады.

5. ЖАЛАҚЫ ЖӘНЕ БАҒА

Біздің достың барлық дәлелдерін ең қарапайым теориялық түріне келтірсек, олар мынадай бір ғана догмаға келіп саяды: *«Товардың бағасы жалақы арқылы белгіленеді немесе реттеледі»*.

Бұл ескірген және теріске шығарылған адасушылықты теріске шығару үшін мен практикалық тәжірибеге сүйене алар едім. Англияның фабрика жұмысшыларының, кеншілерінің, кеме жасайтын жұмысшыларының, т. т. еңбектері біршама жоғары төленетін болса да, олардың қолынан шыққан өнімдер басқа ұлттардың сондай өнімдерінен арзан сатылатындығын, ал енді, мәселен, еңбектері біршама төмен төленетін Англияның ауыл шаруашылық жұмысшыларының еңбек өнімдерінің басқа ұлттардың бәрінің дерлік дәл сондай өнімдерінен қымбат екендігін мен сіздерге көрсете алар едім. Мен бір елдің әр түрлі бұйымдарын, немесе түрліше елдердің товарларын салыстыра отырып, сіздерге шындығынан гөрі елестігі басым кейбір реттерді қоспағанда, орта есеппен алғанда, қымбат төленетін еңбектің арзан товар өндіретінін, ал арзан төленетін еңбектің қымбат товар өндіретінін көрсете алар едім. Бұл, әрине, бір ретте еңбектің бағасының жоғары болуы, екінші ретте оның бағасының төмен болуы әр уақытта бір-біріне мүлде қарама-қарсы келетін осы нәтижелердің себебі болатындығын тіпті де дәлелдемейді, бірақ бұл қалай дегенмен де товардың бағасы еңбектің бағасы арқылы белгіленбейтіндігін дәлелдейді. Алайда бізге бұл сияқты эмпирикалық әдіске барудың ешқандай қажеті жоқ.

Бірақ мүмкін, азамат Уэстонның: *«Товарлардың бағалары жалақы арқылы белгіленеді немесе ретке келтіріледі»* деген догманы ұсынғаны бекер деушілер болар. Шынында да, ол бір рет те мұндай тұжырым жасаған жоқ. Ол тіпті мұның керісінше, пайда мен рента да товар бағасының құрамды бөлектері болып табылады, өйткені товарлардың бағасынан тек жұмысшылардың жалақысын ғана емес, сонымен қатар капиталистердің пайдасын да, жер иелерінің рентасын да төлеуге тура келеді деді. Бірақ, оның ойынша, баға неден құралады? Ең алдымен жалақыдан құралады. Сонан кейін ол бағаға капиталистің пайдасына процент үстеме, жер иесінің пайдасына басқа процент үстеме қосылады. Товарды өндіруге жұмсалатын еңбектің ақысы 10 болады дейік. Егер пайданың нормасы төленген жалақыға қарағанда 100% болса, онда капиталист 10 қосады, ал егер рентаның нормасы да жалақыға қарағанда 100% болса, онда тағы бір үстеме 10 қосылады, сөйтіп товардың бүкіл бағасы 30-ға тең болады. Бірақ бағаны бұлай белгілеу баға эшейін жалақы арқылы белгіленеді деген сөз болып шығар еді. Егер осы айтылған ретте жалақы 20-ға дейін өскен болса, онда товар-

дың бағасы да 60-қа дейін көтерілген болар еді, сөйтіп кете берер еді. Осыған сәйкес баға жалақы арқылы реттеледі деген догманы жақтаған саяси экономия мәселелері жөніндегі бұрынғы авторлардың бәрі мұны пайда мен рентаны *жалақыға қосылатын проценттік үстеме деп қана* қараумен дәлелдеуге тырысты. Бұл проценттік үстемелердің шегін қандай да болса бір экономикалық заңға апарып тіреуге олардың қайсысының болса да, әрине, шамасы келмеді. Қайта олар *пайда* дәстүр бойынша, салт бойынша, капиталистің қалауы бойынша немесе қайсыбір сол сияқты бет алды қолданылатын, түсіндіріп болмайтын әдіспен белгіленеді деген ойда болса керек. Пайда капиталистердің арасындағы бәсеке арқылы белгіленеді дегенде олар мұнысымен еш нәрсені де айтпайды. Рас, бұл бәсеке өндірістің түрлі салаларының түрліше пайда нормаларын күмәнсіз теңестіреді, яғни ол нормаларды бір орта деңгейге келтіреді, бірақ бәсеке бұл деңгейдің өзін немесе пайданың жалпы нормасын еш уақытта белгілей алмайды.

Товардың бағасы жалақы арқылы белгіленеді дегенімізде біз нені айтқымыз келеді? Жалақы дегеніміз еңбек бағасының тек аты ғана болғандықтан, товардың бағасы еңбек бағасы арқылы реттеледі деп түсінеміз. *«Баға»* дегеніміз айырбас құны,— ал құн туралы айтқанда, мен әрқашан да айырбас құнын айтамын,— *ақшаға шағылған айырбас құны* болғандықтан бұл ереже — *«товардың құнын еңбек құны белгілейді»* немесе *«еңбек құны құнның жалпы өлшеуіші»* дегенге келіп саяды.

Бірақ бұлай болған күнде *«еңбек құнының»* өзі қалай белгіленеді? Бұған келгенде біз тұйыққа тірелеміз. Әлбетте, біз логикалық жағынан пайымдамақ болғанда ғана тұйыққа тірелеміз. Ал бұл доктринаның қорғаушылары логикаға онша мән бере қоймайды. Мәселен, біздің Уэстон досты алып қараңыз. Ол әуелі бізге: товардың бағасын жалақы белгілейді, демек, жалақы өссе, баға да өсуге тиіс деді. Сонан кейін ол бізге: мұның керісінше, жалақының өсуі ешбір пайда келтірмейді, өйткені товардың бағасы жоғарылайды әрі жалақы іс жүзінде өзі жұмсалатын товардың бағасымен өлшенеді дегенді дәлелдемек болды. Сонымен, біз товардың құнын еңбектің құны белгілейді дегеннен бастап еңбектің құнын товардың құны белгілейді дегенмен аяқтаймыз. Сөйтіп, шынында біз шырғалаңнан шықпай, шырқобелек айнала береміз де, ешқандай қорытындыға келе алмаймыз.

Тұтас алғанда бір айқын нәрсе сол, егер біз бір товардың құнын, мәселен, еңбектің, астықтың, немесе басқа бір товардың құнын құнның жалпы өлшеуіші, реттеушісі етіп алсақ, онда біз бар болғаны қиыншылықты кейінге жылжытамыз, өйткені бір құнды өзін белгілеуді керек қылатын екінші бір құнмен белгілейміз.

«Товардың бағасы жалақы арқылы белгіленеді» деген догманың неғұрлым абстрактылы түрін алсақ, оның өзі «құнды құн белгілейді» дегенге тіреледі, ал бұл сияқты тавтология іс жүзінде біздің құн жайынан жалпы түк білмейтінімізді көрсетеді. Егер осы алғы шартты қабылдасақ, онда саяси экономияның жалпы заңдары жайындағы пікірлердің бәрі де бос мылжыңға айналады. Сондықтан Рикардоның сіңірген зор еңбегі мынау болды: ол өзінің 1817 жылы басылып шыққан «*Саяси экономия бастаулары*» деген шығармасында: «баға жалақы арқылы белгіленеді-міс» деген әдетке сініп кеткен, заманы өткен жалған түсінікті, Адам Смит пен оның француз ізашарлары өздерінің зерттеулерінің нағыз ғылыми бөлімдерінде теріске шығарған, бірақ неғұрлым үстірт, тұрпайы жазылған тарауларында қайта қайталаған жалған түсінікті Рикардо әбден талқандады.

6. ҚҰН ЖӘНЕ ЕҢБЕК

Азаматтар, мен енді қарастырылып отырған мәселені шындап анықтауға кірісетін пункттің өзіне келіп отырмын. Мен мұны толық қанағаттандырыллық етіп істеп шығамын деп уәде бере алмаймын, өйткені бұл үшін менің саяси экономияның бүкіл саласын түгел қамтуыма тура келер еді. Мен, француздар айтатындай, тек «*effleurer la question*»-ға, яғни негізгі пункттерге ғана тоқтала аламын.

Біздің ең алдымен қоюға тиісті сұрағымыз мынау: товар құны дегеніміз не? ол немен белгіленеді?

Алғаш қарағанда товардың құны мүлде *относительді* бір нәрсе сияқты, бір товарды қарастырғанда оның барлық басқа товарлармен қатынасын жағынан алып қарастырмайынша, оның құнын анықтауға болмайтын сияқты көрінуі мүмкін. Шын мәнінде біз құн туралы, товардың айырбас құны туралы сөз қылғанда, сол товардың басқа товарлардың бәріне айырбасталуының сандық арақатынасын еске аламыз. Бірақ онда мынадай сұрақ туады: товарлардың біріне бірі айырбасталатын пропорциялары қалай белгіленеді?

Бұл пропорциялардың ұшы-қиыры жоқ түрлі-түрлі болатынын біз тәжірибеден білеміз. Егер біз қандай да болса бір товарды, мәселен, бидайды алсақ, онда біз бидайдың бір кварталі түрліше басқа товарларға шексіз дерлік әлденеше түрлі пропорцияда айырбасталатынын көреміз. Алайда, оның құны мейлі жібек арқылы, мейлі алтын арқылы немесе тағы бір басқа товар арқылы белгіленетініне қарамастан, *оның құны әлгі реттердің бәрінде де бір күйінде қала береді*, міне, сондықтан ол құн өзі басқа товарларға айырбасталатын *әр түрлі пропорциялардан* өзгеше бір нәрсе, олардан тәуелсіз бір нәрсе болуы керек. Ол

құнды түрліше товарлардың арасындағы теңдестіктің бұл алуан түрлі қатынастарынан өзгеше формалда көрсетуге мүмкіншілік болуға тиіс.

Онан соң: егер мен бидайдың кварталері белгілі бір пропорцияда темірге айырбасталады десем немесе бір кварталер бидайдың құны темірдің белгілі бір мөлшерінде көрінеді десем, ол менің: бидайдың құны және оның темір түріндегі эквиваленті бидай да емес, темір де емес — *басқа бір үшінші затқа тең* болады дегенім, өйткені мен бидай да, темір де айналып келгенде екі түрлі формадағы бір шаманы көрсетеді дегенге сүйенемін. Сондықтан бұл товарлардың әрқайсысы — бидай да, темір де — басқа бір затқа байланыссыз-ақ өздерінің ортақ өлшеуіші болатын сол үшінші затқа теңелуге тиіс.

Бұл қағиданы түсінікті ету үшін мен геометриядан өте қарапайым бір мысал келтірейін. Алуан түрде, алуан шамада болатын үш бұрыштардың ауданын салыстыратын болсақ немесе үш бұрыштардың аудандарын тік бұрыштардың аудандарымен немесе басқа бір тура сызықты фигуралардың аудандарымен салыстыратын болсақ біз не істер едік? Біз кез келген үш бұрыштың ауданын оның көрініп тұрған формасынан мүлдем басқаша көрініске келтіреміз. Үш бұрыштың ауданы табаны мен биіктігінің көбейтіндісінің жартысына тең екенін біле отырып, біз үш бұрыштардың барлық түрлерінің және барлық тура сызықты фигуралардың әр түрлі шамасын бір-бірімен салыстыра аламыз, өйткені бұл фигуралардың әрқайсысын үш бұрыштардың белгілі бір санына бөлшектеуге болады.

Товарлардың құндары жөнінде де осы әдісті қолдануға болады. Товарлардың құндарын өздерінің ұқсас бір өлшеуде болатын пропорциялары жағынан ғана айыра отырып, сол құндардың бәрін олардың бәріне ортақ бір түрге салуға мүмкіншілігіміз болуы керек.

Товардың *айырбас құндары* бұл заттардың *қоғамдық функциялары* ғана болып, олардың *табиғи* қасиеттеріне ешқандай қатынасы жоқ болғандықтан, біз ең алдымен: барлық товарлардың жалпы *қоғамдық субстанциясы* қандай болмақ? деп сұрауға тиістіміз. Ол субстанция — *еңбек*. Товарды өндіру үшін оған белгілі бір мөлшерде еңбек жұмсалуы немесе оған белгілі бір еңбек сіңірілуі керек. Және мен әйтеуір бір *еңбекті* айтып тұрғаным жоқ, *қоғамдық* еңбекті айтып тұрмын. Бір адам тікелей өз басының керегіне бола, өзі тұтыну үшін бір зат өндірсен, оның бұл өндірген заты *товар* емес, *өнім* болады. Өз басы үшін жұмыс істейтін өндіруші ретінде оның қоғаммен ешбір байланысы жоқ. Ал *товар* өндіру үшін адам *қоғамдық* тұтыныстың бірі болмаса бірін қанағаттандыратын затты өндіруге тиісті екені былай тұрсын, сонымен қатар оның еңбегінің өзі қоғамның жұмсайтын еңбегінің жалпы жинағының айырғысыз бір

бөлшегі болуға тиіс. Оның еңбегі қоғам ішіндегі еңбек бөлінісіне бағынышты болуы керек. Еңбектің басқа бөлімдерінсіз оның еңбегі түк те емес, бірақ өз ретінде еңбектің басқа бөлімдерін толықтыру үшін ол еңбек қажет.

Товарларды құн ретінде қарағанда біз оларды тек қана *сіңірілген, жинақталған* немесе керек десеңіздер, *қорытылған қоғамдық еңбек* ретінде ғана қараймыз. Бұл тұрғыдан қарағанда товарлардың бірінен-бірінің *айырмасы*: еңбектің бірінде аз, бірінде көп болуында ғана болуға тиіс. Мәселен, жібек қол ормал жасауға бір кірпішті жасаудан гөрі артық еңбек жұмсалуды мүмкін. Әйткенмен *еңбектің мөлшері* немен өлшенеді? *Еңбектің жұмсалған уақытымен*, — сағатпен, күнмен, тағы сондайлармен өлшенеді. Бұл өлшеуді еңбекке қолдану үшін еңбектің барлық түрлерін, оларды бірыңғай ету ретінде, орташа не жай еңбекке айналдыру керек.

Сонымен, біз мынадай қорытындыға келеміз: *қоғамдық еңбектің жинақталуы* болып табылатындықтан товардың құны болады. Оның құнының *шамасы* немесе оның *относительдік* құны ондағы қоғамдық субстанция мөлшерінің аз, немесе көп болуына байланысты, яғни ол құн товардың өндірілуіне керекті еңбектің *относительді* мөлшеріне байланысты. Сөйтіп *товарлардың относительді құны сол товарларға жұмсалған, сіңірілген, жинақталған еңбектің тиісті мөлшерімен* немесе *жиынымен* белгіленеді. *Бірдей жұмыс уақытының ішінде* өндірілетін товарлардың *тиісті* мөлшерлері өзара *тең* болады. Немесе: бір товардың құнының басқа товардың құнына қатынасы олардың бірінде жинақталған еңбек мөлшерінің екіншісінде жинақталған еңбек мөлшеріне қатынасындай болады.

Сіздердің көбіңіздің: товардың құны *жалақы* арқылы белгіленеді деген пікір мен товардың құны оны өндіруге керекті *еңбектің относительді мөлшері* арқылы белгіленеді деген пікірдің арасында шындықта соншалық үлкен айырма немесе қандай да болса бір айырма бар ма? — деп сұрайтындарыңызды мен күні бұрын біліп тұрмын. Алайда еңбекке берілетін *ақы* мен еңбектің *мөлшері* — мүлде екі басқа нәрсе екенін сіздердің білулеріңіз керек. Мәселен, бір квартал бидай мен бір унция алтынға *сіңірілген еңбектің мөлшері бірдей* екен дейік. Бұл мысалды пайдаланып отырғаным, оны «Қағаз ақшаның табиғаты мен қажеттігі туралы *азын-аулақ зерттеу*» деген атпен 1729 жылы шыққан өзінің тұңғыш еңбегінде *Бенджамин Франклин* келтірген-ді, бұл еңбегінде ол құнның шын табиғатын алғашқылардың бірі болып байқаған болатын. Сонымен, біз бір квартал бидай мен бір унция алтынның құны *тең* немесе *эквиваленттер* болады дедік, өйткені оларда *қорытылған орта еңбектің мөлшері бірдей*, оларға тиісінше жұмсалған еңбектің уақыты пәлендей күні немесе пәлендей аптасы бірдей. Алтын мен астықтың *относительді* құнын

осылайша белгілегенде, біз ауыл шаруашылық жұмысшысының немесе кеншінің *жалақысының* көмегін қай түрмен болса да пайдаланамыз ба? Мүлде пайдаланбаймыз. Біз олардың күндік немесе апталық еңбектері *қалай* төленді деген мәселені және тіпті тегінде жалдама еңбек қолданылды ма, жоқ па, деген мәселені де мүлде *анықтаусыз* қалдырып отырмыз. Егер жалдама еңбек қолданылған болса, онда бұл екі жұмысшының жалақысы әсте бірдей болмауы мүмкін еді. Бір квартал бидайға еңбек сіңірген жұмысшы тек 2 бушель бидай алуы, ал кен өндіру ісінде істейтін жұмысшы $\frac{1}{2}$ унция алтын алуы мүмкін болатын. Немесе, олардың жалақысы бірдей болды деп ұйғарған күннің өзінде, ол жалақы олардың өздерінің өндірген товарларының құндарынан мейлінше түрлі пропорцияда ауытқуы мүмкін. Ол жалақы бидайдың кварталінің не алтынның унциясының $\frac{1}{2}$, $\frac{1}{3}$, $\frac{1}{4}$, $\frac{1}{5}$ немесе онан басқа бір үлесіне тең болуы мүмкін. Олардың *жалақысы*, әрине, өздері өндірген товарлардың құнынан *аса* алмайды, онан *артық* бола алмайды, бірақ онан *кем* болуы, оның үстіне мейлінше әр түрлі дәрежеде кем болуы мүмкін. Олардың *жалақысына* өнімдердің *құны арқылы шек қойылады*, бірақ *олардың өнімдерінің құнына* жалақы арқылы ешқандай да шек қойылмайды. Ал ең басты нәрсе сол, мәселен, астық пен алтынның құны, относителді құны жұмсалған еңбектің құнына, яғни *жалақыға* ешбір байланыссыз белгіленеді. Сондықтан товардың құнын *оған жұмсалған еңбектің относителді мөлшерімен* белгілеу — товардың құнын еңбек құнымен немесе *жалақымен* белгілеу сияқты тавтологиялық әдістен мүлде бір басқа нәрсе. Бірақ бұл пункт біздің зерттеуіміздің барысында онан әрі баяндалмақ.

Товардың айырбас құнын есептегенде, біз өндірістің *соңғы* сатысында жұмсалған еңбек мөлшерінің үстіне товардың шикізатына *алдын ала* жұмсалған еңбек мөлшерін және еңбек етуге керекті жабдықтарға, саймандарға, машиналарға, үйге жұмсалған еңбек мөлшерін қосуымыз керек. Мәселен, мақта-мата тоқитын жіптің белгілі бір мөлшерінің құны жіпті иіру процесінде мақтаға қосылған біраз еңбек мөлшерінің, мақтаның өзіне бұрын жұмсалған еңбек мөлшерінің, көмірге, майға және басқа да пайдаланылатын көмекші материалдарға сіңірілген еңбек мөлшерінің, бу машинасына, ұршыққа, фабрика үйлеріне және сондайларға жұмсалған еңбек мөлшерінің қорытылуы болып табылады. Сөздің өз мағынасымен айтқанда, өндіріс құралдары, мәселен: саймандар, машиналар, үйлер өндірістің қайталап отыратын процестерінде азды-көпті ұзақ уақыттың ішінде қайта-қайта пайдаланыла береді. Егер олар, шикізат сияқты, бірден ұсталып тозып бітетін болса, онда олардың барлық құны өздерін қолдану арқылы өндірілген товарларға бірден ауыса қояр еді. Бірақ, мәселен, ұршық біртіндеп қана тозатын бол-

ғандықтан, орта есеп жасалады, мұның негізіне ұршықтың жұмысқа орташа қанша уақыт жарайтындығы және оның белгілі бір мезгіл ішінде, айтайық, бір күн ішінде орташа тозуы алынады. Осы жолмен біз бір күн ішінде иірілетін жіпке ұршық құнының қандай бөлімі ауысатынын шығарамыз, демек, мәселен, бір қадақ жіпке жұмсалған барлық еңбек мөлшерінің бұрын ұршыққа сіңірілген еңбекке қаншасы келетінін шығарамыз. Біздің алдымызда тұрған мақсат үшін бұл мәселеге бұдан артық толығырақ тоқталып жатудың қажеті жоқ.

Егер товардың құны *оны өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшерімен* белгіленетін болса, онда адам неғұрлым жалқау болса, немесе олақ болса, оның өндірген товарының құны да соғұрлым артық болатын сияқты болып көрінуі мүмкін, өйткені ол товарды өндіру үшін жұмыс уақыты да соғұрлым көбірек керек болады. Алайда, бұл сияқты қорытынды жасау күйінішті адасқандық болар еді. Менің «*қоғамдық еңбек*» деген сөзді қолданғаным естеріңізде болар, ал бұл «*қоғамдық*» деген сөздің мағынасы өте зор. Товардың құны оған жұмсалған немесе онда қорытылған *еңбектің мөлшерімен* белгіленеді дегенде, біз қоғамның қазіргі күйі тұсында, өндірістің белгілі бір қоғамдық орташа жағдайларында, қолданылып отырған еңбектің интенсивтілігі мен шеберлігінің қазіргі қоғамдық орташа дәрежесі болуы тұсында товар өндіруге *қажет болған еңбектің мөлшерін* айтамыз. Англияда бумен жүретін тоқу станогы қол станогымен бәсекеге түсе бастаған кезде жіптің белгілі бір мөлшерін бір ярд мақта-матаға немесе шұғаға айналдыру үшін бұрынғы жұмыс уақытының тек жартысындай-ақ уақыт керек болып қалды. Рас, бейшара қол тоқымашыларға бұрынғыдай күніне 9 немесе 10 сағат жұмыс істеудің орнына енді күніне 17—18 сағат жұмыс істеуге тура келді. Алайда оның 20 сағат істеген еңбегінің өнімінде енді тек 10 сағат қана қоғамдық еңбек болды немесе жіптің белгілі бір мөлшерін матаға айналдыру үшін қажет болған қоғамдық еңбектің 10 сағаты ғана болды. Сондықтан енді оның 20 сағаттық еңбегі өнімінің құны оның бұрынғы 10 сағаттық еңбегі өнімінің құнынан артық болмады.

Сонымен, егер товардың айырбас құны оған сіңірілген қажетті қоғамдық еңбектің мөлшері арқылы белгіленетін болса, онда товарды өндіруге керекті еңбектің мөлшері өскен сайын оның құны да өсуге тиісті, ал оған жұмсалған еңбектің саны кеміген сайын оның құны да кемуге тиіс.

Егер белгілі бір товарларды өндіруге қажет еңбек мөлшері тұрақты болса, онда ол товарлардың отноcительді құны да тұрақты болар еді. Алайда бұл олай емес. Қолданылатын еңбектің өндіргіш күшінің өзгеруімен бірге товарды өндіруге қажет еңбек мөлшері де ұдайы өзгеріп отырады. Еңбектің өндіргіш күші неғұрлым жоғары болса, белгілі бір жұмыс уақытының ішінде

өндірілетін өнім де соғұрлым көп болады, ал еңбектің өндіргіш күші неғұрлым төмен болса, өлшемді уақыт ішінде өндірілетін өнім де соғұрлым аз болады. Егер, мәселен, халықтың саны өсуіне байланысты құнарлылығы кемдеу жерлерді ұқсату қажет болса, онда өнімдердің бұрынғы мөлшерін тек бұрынғыдан көп еңбек жұмсаған күнде ғана алуға болар еді, сөйтіп осының салдарынан ауыл шаруашылық өнімдерінің құны да артқан болар еді. Екінші жағынан, егер бір жіп иіруші қазіргі өндіріс құрал-жабдықтарын пайдаланудың арқасында бір жұмыс күнінің ішінде мақтаны жіпке айналдыру ісін бұрын сондай уақыт ішінде ұршықпен істейтінінен әлденеше мың есе арттырса, онда жіп иірушінің еңбегі мақтаның әрбір қадағына бұрынғыдан әлденеше мың есе кем сіңірілетіні айқын, демек, иіру процесінде мақтаның әрбір қадағына қосылатын құн да бұрынғысынан әлденеше мың есе кем болады. Жіптің құны да осыған сәйкес кемиді.

Егер түрлі адамдардың табиғи ерекшеліктерінің және өндірістік дағдыларының әр қилылығын былай қоятын болсақ, онда еңбектің өндіргіш күші ең алдымен мыналарға байланысты болауы тиіс:

1) еңбектің *табиғи жағдайларына*, мәселен: жердің құнарлылығына, рудниктердің байлығына және т. с. байланысты;

2) *еңбектің қоғамдық күштерінің* үдей жетілуіне байланысты; олардың үдей жетілуі — ірі көлемдегі өндірістің, капиталдың шоғырлануының, еңбектің күрделіленіп ұштастырылуының, еңбек бөлінісінің, машинаның, өндіріс әдістерінің жетілуінің, химиялық және басқа табиғи факторларды пайдаланудың, байланыс құралдары мен транспорттың жәрдемі арқасында уақыт пен кеңістікті азайтудың және қандай да болсын өзге өнертабыстардың нәтижесінде болады, ғылым осы өнертабыстар арқылы табиғат күштерін еңбекке қызмет еткізеді, солардың арқасында еңбектің қоғамдық немесе кооперативтік сипаты дамиды. Еңбектің өндіргіш күші неғұрлым жоғары болса, белгілі бір мөлшердегі өнімді өндіруге еңбек те соғұрлым аз жұмсалады, демек, өнімнің құны да соғұрлым кем болады. Еңбектің өндіргіш күші неғұрлым төмен болса, сол белгілі бір мөлшердегі өнімді өндіруге еңбек те соғұрлым көп жұмсалады, демек, оның құны да соғұрлым жоғары болады. Сондықтан біз жалпы заң ретінде былай деп белгілей аламыз:

Товарлардың құны оларды өндіруге жұмсалған жұмыс уақытына тура пропорцияда, ал жұмсалған еңбектің өндіргіш күшіне кері пропорцияда болады.

Бұған дейін біз құн туралы әңгіме еттік, енді мен құн қабылдап алатын ерекше форма болып табылатын *баға* туралы бірер сөз қосамын.

Бағаның өзін алсақ, ол тек құнның *ақшаға шағылған түрі*, одан басқа еш нәрсе де емес. Мәселен, Англияда барлық товар-

дың құны алтын бағасына шағылады, ал континентте ол көбінесе күміс бағасына шағылады. Барлық басқа товарлардың құны сияқты, алтынның немесе күмістің құны оларды өндіруге қажетті еңбектің мөлшерімен белгіленеді. Сіздер еліңіздегі ұлттық еңбегіңіздің белгілі бір мөлшері қорытылған өнімдердің белгілі бір мөлшерін алтын мен күміс өндіретін басқа елдердің өнімдеріне, *олардың* еңбегінің белгілі бір мөлшері қорытылған өнімдеріне айырбастайсыздар. Нақ осы жолмен, яғни іс жүзінде товарды товарға айырбастау арқылы жұрт барлық товардың құнын, яғни оны өндіруге жұмсалған еңбектің мөлшерін алтынға, күміске шағуға дағдыланады. *Құнның осы ақшалай түріне* немесе, — бұл да бәрібір, — *құнның бағаға айналуына* зер салыңқырап қарасаңыздар, онда сіздер бұл жерде біздің барлық товардың *құнын дербес және бір тектес формаға* түсіретін процесті немесе барлық товардың құнын *біркелкі* қоғамдық еңбектің мөлшері ретінде көрсететін процесті сөз қылып отырғандығымызды көресіздер. Баға тек ақшаға шағылған құнның түрі болғандықтан, А. Смит оны табиғи баға, ал француз физиократтары — «қажетті баға» деп атаған.

Ал құн мен рынок бағасының арасындағы немесе табиғи баға мен рынок бағасының арасындағы қатынас қандай? Жеке өндірушілердің өндіріс жағдайлары қаншалық түрлі-түрлі болса да, барлық біртектес товарлардың рынок бағасы бірдей болатынын бәріңіз де білесіздер. Рынок бағасы өндірістің орташа жағдайларында рынокты белгілі бір бұйымдардың белгілі бір мөлшерімен жабдықтауға қажет болған қоғамдық еңбектің орташа мөлшерін ғана көрсетеді. Рынок бағасы бір тектес көп товардың бәріне бейімделе есептелінеді. Мұның себебі: товардың рынок бағасы оның құнына сәйкес келгендігі. Екінші жағынан, рынок бағасының біресе құнынан, немесе табиғи бағасынан жоғары көтеріліп, біресе құнынан төмен түсіп ауытқуы ұсыным мен сұранымның ауытқуына байланысты. Рынок бағасының құнынан ауытқуы үнемі болып тұрады, бірақ Адам Смиттің айтқанындай:

«Табиғи баға барлық товардың бағасын үнемі өзіне қарай тартып тұратын орталық баға сияқты болып табылады. Түрліше кездейсоқ жағдайлар товардың бағасын кейде табиғи баға деңгейінен көп жоғары ұстауы, ал кейде ол деңгейден төмендеуі мүмкін. Бірақ бағаны осы тұрақты орталықтан ауытқытатын кедергілер қандай болғанмен де, ол баға сол тұрақты орталыққа қарай үнемі бой ұрып тұрады»³¹.

Мен қазір бұл мәселені толық қарастыра алмаймын. Егер сұраным мен ұсыным өзара теңессе, товардың рынок бағасы оның табиғи бағасына, яғни сол товарды өндіруге қажетті еңбектің мөлшерімен белгіленетін құнына сәйкес келетінін айтсақ та жеткілікті болады. Бірақ ұсыным мен сұраным бірімен-бірі теңесуге үнемі ұмтылуға тиіс, дегенмен олар мұны бір ауытқудың

есесін екінші ауытқумен, жоғарылаудың есесін төмендеумен және *vice versa** толтырып жүзеге асырып отырады. Егер сіздер, күнделік ауытқуды ғана қарастырудың орнына, мәселен, Тук мырзаның «*Баға тарихы*» деген еңбегінде істегені сияқты, рынок бағасының неғұрлым ұзақ уақыттың ішіндегі қозғалысына талдау жасасаңыздар, онда сіздер рынок бағасының ауытқуы, оның құннан ауытқуы, оның жоғарылауы және төмендеуі бірін-бірі бейтараптандырып, бірінің орнын бірі жауып отыратынын көресіздер; сөйтіп, егер монополиялардың әсерін және өзін қазір тоқтала алмайтын кейбір басқа өзгерістерді есепке алмасақ, товардың барлық түрлері орта шамамен алғанда өз құнына, өзінің табиғи бағасына сатылады. Рынок бағаларының ауытқуын өзара теңестіріп отыратын орташа мерзімдер түрлі товар үшін түрліше болады, өйткені ұсынымның сұранымға бейімделуі товардың бір түрі үшін жеңілдірек болады да, екінші түрі үшін қиынырақ болады.

Сонымен, егер жалпы алғанда, аз немесе көпке созылатын мерзімдердің ішінде товарлардың барлық түрлері өздерінің құнына сатылатын болса, онда пайда — жеке реттердегі пайда емес, өнеркәсіптің түрлі салаларында болып отыратын тұрақты және дағдылы пайда — товардың бағасына үстеу қоюдан немесе өз құнынан артық бағаға сатылуынан шығады-мыс деп жору мүлде оғаш болар еді. Бұл сияқты пікірдің сорақылығы, оны жинақтап қорытпақ болсақ, тіпті айқын көрінеді. Кім де кім сатушы есебінде үнемі пайда көрсе, осынысынан ол сатып алушы есебінде үнемі зиян көрер еді. Ал сатпай-ақ, сатып алатын, немесе өндірмей-ақ, тұтынатын адамдардың болуына сүйенушілік те іске ешқандай жеңілдік жасамайды. Мұндай адамдар өндірушілерге төлейтінін ең әуелі сол өндірушілерден тегін алулары керек. Егер біреу алдымен сізден ақша алып, сонан кейін ол сіздің товарыңызды сатып алып, ол ақшаны өзіңізге қайырса, сіз нақ сол адамға өз товарыңызды өте қымбат сатқанмен ешқашан да байи алмайсыз. Бұл сияқты мәмлениң шығынды кемітуі мүмкін, бірақ әсте пайда келтіре алмайды.

Демек, *пайданың жалпы табиғатын* түсіндіру үшін, сіз: *товар орта есеппен алғанда нағыз өз құнына сатылады, пайда товардың өз құнына сатылуынан шығады*, яғни оған сіңірілген еңбектің мөлшеріне пропорциялы түрде сатылуынан шығады деген қағидаға сүйенуіңіз керек. Егер сіз пайданы осы жорамалға сүйене отырып түсіндіре алмасаңыз, онда сіз пайданы тегі түсіндіре алмайсыз. Бұл қисынсыз сияқты, күнделікті тәжірибеге қайшы келетін сияқты болып көрінеді. Бірақ жердің күнді айналуды да, судың онай тұтанатын екі газдан құралуы да қисын-

* — керісінше. *Ред.*

сыз емес пе. Заттың алдамшы сырт көрінісін ғана аңғартатын күнделікті тәжірибеге сүйеніп қорытынды жасасаңыз, ғылыми ақиқат қашан да болса қисынсыз болып көрінеді.

7. ЖҰМЫС КҮШІ

Күнның, товар атаулының бәрінің құнының табиғатын мүмкіндігінше мұндай қысқаша шолуда талдап шыққаннан кейін, біз енді назарымызды *еңбектің* ерекше *құнына* аударуымыз керек. Ал бұл арада мен сіздерге қисынсыз болып көрінетін бір пікірмен сіздерді тағы да таңдандыруға тиіспін. Сіздердің бәріңіз де күн сайын нақ өз еңбектеріңізді сататындығыңызға сенесіздер, демек, еңбектің бағасы бар деп те, және,— товардың бағасы дегеніміз оның құнының тек ақшаға шағылған түрі ғана болып табылатындықтан,— *еңбектің құны* боларлық заттың болуы мүмкін деп сенесіздер. Алайда мұндай зат, сөздің кәдімгі өз мағынасында, *еңбектің құны* боларлық зат, шындығында жоқ нәрсе. Біз товарда қорытылған қажетті еңбектің мөлшері сол товардың құнын құратындығын көрдік. Сонда құнның осы ұғымын қолдансақ, онда біз, айтайық, 10 сағаттық жұмыс күнінің құнын қалай анықтар едік? Бұл күнде қанша еңбек бар? 10 сағаттық еңбек бар. Егер біз 10 сағаттық жұмыс күнінің құны 10 сағаттық еңбекке, немесе осы жұмыс күнінің ішінде істелген еңбектің мөлшеріне тең десек, онда мұның өзі тавтология болар еді, ол ол ма, тіпті мағынасыз сөз болып шығар еді. Әлбетте, аспан денелерінің шын қозғалыстарын танып білгеннен кейін біз олардың өзіміздің көз алдымызда елестейтін сыртқы қозғалыстарын түсіндіре алатынымыз сияқты, әрине, *«еңбектің құны»* деген сөздің ақиқат, бірақ жасырын мағынасын ашқаннан кейін біз құнның бұл иррационалдық, мүмкін болмайтындай көрінетін қолданылуын да түсіндіре аламыз.

Жұмысшының сататыны өзінің тікелей *еңбегі* емес, оның өзінің *жұмыс күші*; мұны ол уақытша капиталистің қарауына береді. Мұның дұрыстығы соншалық, заң бойынша — Англияда қалай екенін білмеймін, бірақ қалай болғанда да континенттік елдердің кейбіреулерінде — жұмысшыға өзінің жұмыс күшін сатуға рұқсат етілетін *максимум мерзім* белгіленіп қойылады. Егер жұмыс күшін тілеген мерзімге сатуға рұқсат етілетін болса, онда құлдық дереу қайта орнар еді. Егер бұлай сату, мәселен, жұмысшының бүкіл өмірін қамтыған болса, онда мұның өзі жұмысшыны бірден жалдаушының өмірлік құлына айналдырар еді.

Англияның ежелгі экономистерінің, ең бір ерекше философтарының бірі *Томас Гоббс* өзінің *«Левиафан»* деген еңбегінде оның ізбасарларының бәрі де байқамаған бұл фактіні түйсікпен аңғарған еді. Ол былай дейді:

«Барлық басқа заттар сияқты, адамның құны немесе бағалылығы дегеніміз — оның бағасы, яғни күшін пайдаланғаны үшін оған берілетін нәрсе».

Егер біз осы негізге сүйенсек, қандай да болсын басқа товарлардың құнын белгілегеніміз сияқты, еңбектің де құнын белгілей аламыз.

Бірақ мұны істеместен бұрын біз былай деп сұрауға тиіспіз: біз рынокта, бір жағынан, меншігінде жері, машиналары, шикізаттары мен тіршілікке керекті заттары, яғни ұқсатылмаған жерден басқасының бәрі де еңбектің өнімі болып табылатын құралдары бар сатып алушылар категориясын, ал екінші жағынан, өзінің жұмыс күшінен, білегінің күшінен, қара басынан басқа сататын еш нәрсесі жоқ сатушылар категориясын кездестіреміз; біреулері пайда шығарып, баю мақсатымен үнемі сатып алумен болады, ал екінші біреулері күн көрерлік қаражат табу үшін үнемі сатумен болады; мұндай ғажап оқиға қалай шықты? Бұл мәселені зерттеу экономистердің алдын ала, немесе бастапқы қорлану деп атайтын нәрсесін, дұрысында бастапқы экспроприациялау деп аталуға тиісті нәрсені зерттеу болып табылар еді. Мұны зерттесек біз: бұл бастапқы қорлану дегеннің бірқатар тарихи процестер екенін, бұл процестердің қызметкер мен оның еңбек құралдарының арасында бұрын болған бірлікті қиратқанын білер едік. Бірақ бұл сияқты зерттеу менің алға қойған тақырыбымының шеңберінен шығып кетеді. Еңбекшінің еңбек құралдарынан бір кезде жүзеге асырылған бұлай қол үзуі өндіріс әдісіндегі жаңа, түбегейлі революция оны жойып, бұрынғы болған бірлігін жаңа тарихи формада қайта орнатқанға дейін бұдан былай да сақтала бермекші және үнемі кеңейген көлемде қайталай бермекші.

Сонымен, жұмыс күшінің құны дегеніміз не?

Қандай да болсын басқа товардың құны сияқты, жұмыс күшінің құны да өзін өндіруге қажет болатын еңбектің мөлшерімен белгіленеді. Адамның жұмыс күші оның өзінің нақты жеке басында ғана болады. Өсіп, өзінің өмірін сақтау үшін адам белгілі бір мөлшерде күнкөріс заттарын тұтынуы керек болады. Алайда машина сияқты адам да тозады, сондықтан оны басқа адаммен ауыстыруға тура келеді. Жұмысшының өзін сақтауға қажетті күнкөріс заттары мөлшерінің үстіне жұмысшыға жұмыс рыногында өзінің орнын басуға тиісті, жұмысшының ұрпағын мәңгілік етуге тиісті балаларын өсіру үшін тағы да күнкөріс заттарының біраз мөлшері керек болады. Оның үстіне, жұмысшы өзінің жұмыс күшін арттырып, белгілі бір мамандық алуы үшін тағы да құнның белгілі сомасын жұмсауына тура келеді. Біздің алға қойып отырған мақсатымыз үшін бұл арада тәрбиелеу, оқыту істеріне болмашы ғана шығын шығатын орта мөлшердегі еңбекті қарастырсақ та жеткілікті болады. Алайда, реті келгенде айта кетейін, мен сапасы әр түрлі жұмыс күшін өндіруге шығатын

шығындар түрліше болатындықтан, өндірістің түрлі салаларында қолданылатын жұмыс күшінің құны да түрліше болуға тиіс екендігін атап көрсетуге тиіспін. Сондықтан *жалақының бірдей болуын талап етушілік құр адасқандық, орынсыз тілек болып шығады, мұндай тілек ешқашан да жүзеге аспайды. Бұл талап — алғы шарттарды қабылдап, қорытынды жасаудан қашқақтауға тырысатын жалған, үстірт радикализмнің туындысы болып табылады. Жалдама еңбек жүйесі негізінде жұмыс күшінің құны қандай да болсын басқа товардың құны сияқты белгіленеді, ал жұмыс күшінің түр-түрінің құны түрліше болатындықтан, яғни өзін өндіру үшін түрліше еңбек мөлшерін керек ететіндіктен, оларға еңбек рыногында да түрліше баға төленуге тиіс. Жалдама еңбек жүйесі негізінде еңбекке бірдей ақы төленуін немесе ең болмағанда ақының әділдікпен төленуін талап ету — құлдық жүйесі негізінде бостандықты талап еткенмен бірдей нәрсе. Сіздердің дұрыстық, әділдік деп санаған нәрселеріңіздің мәселеге қатысы жоқ. Мәселе өндірістің қазіргі жүйесі тұсында не нәрсенің қажетті және болмай қоймайтын нәрсе екенінде.*

Осы айтылғандардың бәрінен кейін *жұмыс күшінің құны* — жұмыс күшін өндіруге, жетілдіруге, сақтауға және мәңгілік етуге қажетті *тіршілік заттарының құнымен* белгіленетіндігі айқын болып отыр.

8. ҚОСЫМША ҚҰН ӨНДІРУ

Енді белгілі бір жұмысшыға күн сайын қажет болатын тіршілік заттарының орташа мөлшерін өндіру үшін *6 сағаттық орташа еңбек* керек болады дейік. Оның үстіне, бұл 6 сағаттық орташа еңбек 3 шиллинг болатын алтын мөлшеріне сініріледі дейік. Сонда ол 3 шиллинг әлгі жұмысшының *жұмыс күшінің күндік құнының бағасы* немесе ақшаға шағылған түрі болады. Күніне 6 сағаттан жұмыс істегенде ол өзіне күнбе-күн керекті тіршілік заттарының орташа мөлшерін табу үшін, яғни жұмысшы ретінде өзінің тіршілігін сақтау үшін жеткілікті құнды күн сайын өндірген болар еді.

Бірақ бұл адам — жалдама жұмысшы. Сондықтан оның өз жұмыс күшін капиталистке сатуына тура келеді. Жұмыс күшін бір күнге 3 шиллингке немесе бір аптаға 18 шиллингке сатса, ол адам жұмыс күшін өз құнына сатқан болады. Ол адам жіп ируші екен дейік. Егер ол күніне 6 сағат жұмыс істесе, онда ол мақтаға күн сайын 3 шиллингтік құн қосады. Оның күн сайын мақтаға қосатын бұл құны оның жалақысының, немесе күн сайын алып отыратын өзінің жұмыс күші бағасының дәлме-дәл эквиваленті болып табылады. Ал бұлай болған күнде капиталист *ешқандай қосымша құн* немесе *қосымша өнім* ала алмаған болар еді. Сөйтіп, бұл жерде біз нағыз қиыншылыққа кездесеміз.

Жұмысшының жұмыс күшін сатып алып, оның құнын төлеген соң капиталист, басқа сатып алушылардың бәрі сияқты, сатып алған товарын тұтынуға, пайдалануға право алды. Машинаны жұмысқа қосу арқылы оны тұтынатыны не пайдаланатыны сияқты, адамның жұмыс күшін де оған жұмыс істеткізіп тұтынады, пайдаланады. Жұмысшының жұмыс күшінің күндік не апталық құнын төлеген соң капиталист осының арқасында әлгі жұмыс күшін *күн бойына, не апта бойына* пайдалануға немесе жұмыс істеткізуге право алды. Жұмыс күнінің не жұмыс аптасының, әрине, белгілі шегі болады. Бірақ бұл мәселеге біз кейінірек толық тоқталмақпыз.

Қазір мен сіздердің назарларыңызды мәселенің бір шешуші пунктіне аудармақпын.

Жұмыс күшінің *құны* өзін сақтап тұруға немесе өзін ұдайы толықтырып тұруға қажет еңбектің мөлшерімен белгіленеді, ал бұл жұмыс күшін *пайдалану* ісіне жұмысшының жұмыс қабілеті мен дене күші арқылы ғана шек қойылады. Аттың жейтін жемшөбі мен ол атты мініп жүретін уақыттың мүлде екі басқа болатыны сияқты, жұмыс күшінің күндік не апталық *құны* ол күштің күн сайын не апта сайын *жұмсалудынан* мүлде басқаша нәрсе. Жұмысшының жұмыс күшінің *құнына* шек қоятын еңбектің мөлшері оның жұмыс күші атқара алатын еңбектің мөлшеріне ешқандай шек жасай алмайды. Мысал үшін әлгі біздің жіп иірушіні алайық. Өзінің жұмыс күшін күн сайын ұдайы қалпына келтіріп отыру үшін ол күніне 3 шиллингтік құн өндіріп тұруға тиісті екенін және ол мұны күніне 6 сағат жұмыс істеп барып орындайтынын біз жоғарыда көрдік. Алайда бұл оны күн сайын 10, 12 сағат немесе онан да артық жұмыс істерлік қабілетінен айырмайды. Ал жіп иірушінің жұмыс күшінің күндік немесе апталық *құнын* төлеген соң капиталист оның жұмыс күшін *күні бойы немесе апта бойына* пайдалануға право алды. Сондықтан капиталист жіп иірушіге күніне 12 сағат жұмыс істеткізеді дейік. Жұмысшы өзінің жалақысын немесе өзінің жұмыс күшінің құнын өтеуге қажет болатын 6 сағаттық еңбектің *үстіне, онан тыс тағы бір 6 сағат* жұмыс істейді, мен мұны *қосымша еңбектің сағаттары* деп атаймын, ал бұл қосымша еңбек *қосымша құнға, қосымша өнімге сіңіріледі*. Егер, мәселен, біздің жіп иірушіміз күн сайын 6 сағат жұмыс істеп, мақтаға 3 шиллингтік құн, өзінің жалақысына дәлме-дәл эквивалент болатын құн қосатын болса, онда 12 сағаттың ішінде ол мақтаға 6 шиллингтік құн қосады және бұл уақыттың ішінде *соған сәйкес қосымша мөлшерде жіп иіріп шығарады*. Ол өзінің жұмыс күшін капиталистке сатқандықтан, оның жасаған құнының бәрі, немесе оның өндірген өнімінің барлығы капиталистікі болады, өйткені бұл капиталист оның жұмыс күшін *pro tempore** меншіктенуші болып

* — уақытша. *Ред.*

табылады. Демек, 3 шиллинг аванс берудің арқасында капиталист 6 шиллингтік күн өндіріп алады, өйткені 6 сағаттық еңбек сіңірілген күнды авансқа беріп, капиталист оның орнына 12 сағаттық еңбек сіңірілген күн алады. Бұл процесті күн сайын қайталай отырып, капиталист күн сайын 3 шиллинг аванс беріп, күн сайын 6 шиллингіні өз қалтасына салып отырады, мұның жартысы қайтадан жалақы төлеуге кетеді, ал қалған жартысы қосымша күн болады, бұл үшін капиталист ешқандай эквивалент төлемейді. Капиталистік өндіріс немесе жалдама еңбек жүйесі капитал мен еңбектің арасындағы нақ осы сияқты айырбасқа негізделген, ал бұл айырбас жұмысшыны жұмысшы күйінде, капиталисті капиталист күйінде үнемі қайта жаңғыртып отыруға тиіс.

Қосымша күнның нормасы басқа жағдайлары бірдей болғанда жұмыс күнінің жұмыс күшінің құнын ұдайы өндіруге қажет болатын бөлегі мен капиталист үшін жұмсалатын қосымша уақыттың немесе қосымша еңбектің арасындағы арақатынасқа байланысты. Демек, қосымша күнның нормасы жұмыс күнінің жұмысшы өз еңбегімен өзінің жұмыс күшінің құнын ғана өндіретін немесе өзінің жалақысын өтейтін уақыттан сырт қаншалық мөлшерде жалғасатындығына байланысты.

9. ЕҢБЕКТІҢ ҚҰНЫ

Енді біз «еңбектің құны, немесе бағасы» деген сөзге қайта оралуға тиістіміз.

Шынында еңбектің құны немесе бағасы дегеніміз жұмыс күшін сақтауға қажет товардың құны арқылы өлшенетін жұмыс күші құнынан басқа ештеңе емес екенін біз жоғарыда көрдік. Бірақ жұмысшы жалақысын өзінің еңбегін сіңіріп болғаннан кейін алатын болғандықтан және оның үстіне жұмысшы капиталистке шындығында нақ өзінің еңбегін беретінін білгендіктен, оның жұмыс күшінің құны, немесе бағасы қалай да оған дәл өзінің еңбегінің бағасы, немесе құны болып көрінеді. Егер жұмысшының жұмыс күшінің бағасы 6 сағаттық еңбек жұмсалған 3 шиллингге тең болса, ал ол 12 сағат жұмыс істейтін болса, онда ол бұл 3 шиллингін 12 сағаттық еңбектің құны немесе бағасы деп сөзсіз есептейді, ал дұрысында ол 12 сағат еңбек 6 шиллингтік күнға сіңірілген еңбек болады. Бұдан екі қорытынды шығады:

Біріншіден: дұрысын айтқанда, еңбектің құны мен бағасы деген сөздер түк мағынасы жоқ терминдер бола тұрса да, жұмыс күшінің құны немесе бағасы еңбектің өзінің құны немесе бағасы сияқты болып көрінеді.

Екіншіден: жұмысшының күндік еңбегінің бір бөлегі ғана төленіп, екінші бөлегі төленбей қалып отырса да, ал нақ осы

төленбеген еңбек немесе қосымша еңбек *қосымша құн* немесе *пайда* шығаратын қор құрастыратын болса да, сонда да, барлық еңбек ақысы төленген еңбек тәрізді болып көрінеді.

Еңбектің басқа *тарихи* формаларынан *жалдама еңбектің* айырмашылығы, міне, осы алдамшы көрінісінде. Жалдама еңбек жүйесінің негізінде тіпті ақысы *төленбеген* еңбек те ақысы төленген еңбек сияқты болып көрінеді. Ал *құлдың*, оның керісінше, еңбегінің тіпті ақысы төленген бөлегі де ақы төленбеген сияқты болып көрінеді. Жұмыс істеу үшін құл, әрине, өмір сүруі керек, сондықтан оның жұмыс күнінің бір бөлегі өзінің қара басының керегінің құнын өтеуге жұмсалады. Бірақ құл мен оның қожасының арасында ешқандай сауда-саттық келісімдері жасалмайтындықтан, ол екеуінің арасында ешқандай сатып алу және сату актісі болмайтындықтан, құлдың барлық еңбегі тегін еңбек сияқты болып көрінеді.

Екінші жағынан, Европаның бүкіл шығысында күні кешеге дейін болып келген деуге болатын крепостной шаруаны алып қарайық. Бұл шаруа, мысалы, 3 күн өзіне меншікті немесе өзіне берілген учаскеде өзі үшін жұмыс істесе, қалған 3 күн ішінде өз қожасының поместьесінде еріксіз, ақысыз еңбек істеді. Сөйтіп, бұл ретте еңбектің ақысы төленген бөлегі мен төленбеген бөлегі бірінен бірі уақыты жағынан да, кеңістік жағынан да бөлінуі айқын болды, ал бұған біздің либералдар адамға тегін жұмыс істеткізу деген пікірдің өзі барып тұрған сорақылық деп моральдық жағынан қатты наразы болды.

Солай бола тұрса да, адам бір аптаның ішінде өз учаскесінде өзі үшін 3 күн жұмыс істеп, ал 3 күн қожасының поместьесінде тегін жұмыс істей ме, болмаса ол фабрикада немесе шеберханада күніне 6 сағат өзі үшін жұмыс істеп және 6 сағат кәсіпкер үшін жұмыс істей ме, мұның бәрі бір нәрсе, бірақ соңғы ретте еңбектің ақысы төленген бөлегі мен ақысы төленбеген бөлегі араласып кетеді, ал *шарт болғандықтан* және аптаның аяғында *ақы төленіп* отыратындықтан, бүкіл келісімнің табиғаты мүлде бүркемеленіп қалады. Бірінде тегін еңбек ерікті еңбек болып, екіншісінде тегін еңбек еріксіз еңбек болып көрінеді. Бар айырма, міне, осында.

Егер мен «*еңбектің құны*» деген сөзді қолданатын болсам, оны тек кәдімгі айтылып жүрген термин ретінде ғана, «*жұмыс күшінің құнын*» белгілеу үшін ғана қолданамын.

10. ПАЙДА ТОВАРДЫҢ ӨЗ ҚҰНЫНА САТЫЛУЫНАН ШЫҒАДЫ

Еңбектің орташа сағаты 6 пенс боларлық құнға сіндіріледі, немесе еңбектің орташа 12 сағаты 6 шиллингтік құнға сіндіріледі дейік. Онан соң, еңбектің құны 3 шиллингге немесе 6 сағаттық

еңбектің өніміне тең дейік. Онан кейін, егер товарды өндіру процесінде пайдаланылған шикізатқа, машиналарға, т. с. орта есеппен 24 сағат еңбек сіңірілсе, онда бұлардың құны 12 шиллинг болады. Егер, мұның үстіне, капиталистің жалдаған жұмысшысы бұл өндіріс құрал-жабдықтарына өзінің 12 сағаттық еңбегін қосса, онда бұл 12 сағат 6 шиллингтік үстеме құн жасап шығарады. Сөйтіп, *өнімнің жалпы құны* затқа айналдырылған 36 сағаттық еңбек болады да, 18 шиллингге тең болады. Бірақ еңбектің құны немесе жұмысшыға төленген жалақы 3 шиллингге ғана тең болғандықтан, жұмысшының сіңірген және товардың құнына қосылған 6 сағаттық қосымша еңбекке капиталист ешқандай эквивалент төлемейді. Бұл товарды өзінің құнына, 18 шиллингге сатқанның өзінде капиталист ешқандай эквивалент төленбеген 3 шиллингтік құнды да шығарып алады. Бұл 3 шиллинг оның алатын қосымша құны, немесе пайдасы болып табылады, мұны ол өз қалтасына салады. Демек, капиталист 3 шиллинг пайда түсіргенде товарын құнынан *артық* бағаға сатудың арқасында емес, ол товарды *нағыз өз құнына* сатудың арқасында түсіреді.

Товардың құны оған сіңірілген *еңбектің жалпы мөлшерімен* белгіленеді. Бірақ ол еңбектің бір бөлегі жалақы формасында эквиваленті төленген құнға сіңірілген, ал екінші бір бөлегі *ешқандай эквивалент төленбеген* құнға сіңірілген. Товарға сіңірілген еңбектің бір бөлегі ақысы *төленген* еңбек те, екінші бір бөлегі ақысы төленбеген еңбек. Демек, товарды *өзінің құнына* сатқанда, яғни товарға жұмсалған *барлық еңбектің қорытындысы* ретінде сатқанда капиталист оны қалай да пайдасымен сатады. Капиталист өзінің эквивалент төлеген заттарын сатқаны былай тұрсын, сонымен қабат, жұмысшының еңбегі жұмсалса да, капиталистің өзіне тегін түскен заттарды да сатады. Товардың капиталистке түскен құны мен товардың нағыз тұратын құны — бұл екеуі екі басқа нәрсе. Сонымен, қайталап айтамын — қалыпты, орташа пайда товарды өзінің нағыз құнынан *артық* сатудың арқасында емес, *сол товарды нағыз өз құнына* сатудың арқасында шығады.

11. ҚОСЫМША ҚҰННЫҢ БӨЛІНЕТІН ТҮРЛІ БӨЛІМДЕРІ

Қосымша құнды, немесе товардың бүкіл құнының ішіндегі жұмысшының *қосымша еңбегі* немесе *ақысы төленбеген еңбегі* сінген бөлегін мен *пайда* деп атаймын. Бұл пайданың бәрі бірдей кәсіпкер-капиталистің қалтасына түспейді. Жердің монополияда болуы жер иесіне бұл *қосымша құнның* бір бөлегін *рента* деп атап, өзіне иеленіп алуға мүмкіндік береді, оның үстіне жер ауыл шаруашылығына пайдаланыла ма, құрылыстарға пайдала-

ныла ма, темір жол салуға не басқа бір өндірістік мақсатқа пайдаланыла ма, ол жағының бәрі бір. Екінші жағынан, *еңбек құрал-жабдықтарының* иесі болушылық кәсіпкер-капиталиске қосымша құн өндіруге мүмкіндік туғызады, немесе, екінші сөзбен айтқанда, *ақысы төленбеген еңбектің біраз мөлшерін иемденуге* мүмкіндік береді, бұл фактінің өзі кәсіпкер-капиталиске еңбек құрал-жабдықтарын түгелімен не жарым-жартылап қарызға беретін сол еңбек құрал-жабдықтарының иесіне, қысқасы, *қарызға ақша беруші капиталиске* әлгі қосымша құнның екінші бір бөлегін *процент* деп атап өзіне талап етуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, кәсіпкер-капиталистің өзіне тек *өнеркәсіптік* пайда немесе *коммерциялық* пайда деп аталатын пайда ғана қалады.

Қосымша құнның барлық сомасының көрсетілген үш категориядағы адамдардың арасында бұлай бөлінуі қандай заңмен тәртіптелетіндігі туралы мәселенің біздің тақырыбымызға ешқандай қатысы жоқ. Алайда айтылғанның бәрінен мынадай қорытынды шығады.

Рента, процент және өнеркәсіптік пайда — бұлардың бәрі де товардағы қосымша құнның немесе оған *сіңірілген ақысы төленбеген еңбектің* әр түрлі бөлектеріне берілген түрлі атаулар ғана болып табылады, сөйтіп олардың барлығы да бірдей осы негізден, тек соның жеке өзінен ғана шығады. Бұлар жердің өзінен де, капиталдың өзінен де шықпайды, бірақ жер де, капитал да өзін меншіктенушілерге кәсіпкер-капиталистің жұмысшыдан сығып алатын қосымша құнынан тиісті үлес алуға мүмкіншілік береді. Бүкіл осы қосымша құнды — жұмысшының қосымша еңбегінің немесе ақы төленбеген еңбегінің нәтижесін — кәсіпкер-капиталист түгелімен қалтасына баса ма, әлде бұл капиталист оның бірсыпырасын рента және процент деген атаумен тағы бір үшінші адамдарға төлеуге мәжбүр бола ма, бұл мәселенің жұмысшының өз басы үшін екінші дәрежелі қана маңызы бар. Кәсіпкер-капиталист тек өзінің меншікті капиталымен ғана пайдаланады және өзіне керекті жерге өзі ие екен дейік. Бұл жағдайда қосымша құн түгелімен оның өз қалтасына түсер еді.

Нақ кәсіпкер-капиталистің өзі бұл қосымша құнды тікелей жұмысшыдан сығып алады, бұл арада, сайып келгенде, қосымша құнның қаншасын оның өзі алып қалатындығы есеп емес. Сөйтіп, жалдама еңбектің бүкіл жүйесі, өндірістің бүкіл қазіргі жүйесі кәсіпкер-капиталист пен жалдама жұмысшының арасындағы нақ осы қатынасқа негізделіп отыр. Сондықтан біздің айттысымызға қатынасқан кейбір азаматтардың істің мәнісін бәсеңдетуге және кәсіпкер-капиталист пен жұмысшының арасындағы бұл негізгі қатынасты екінші дәрежелі мәселе етіп көрсетуге тырысқандықтары дұрыс емес; дегенмен олардың қазіргі жағдайларда бағаның жоғарылуының әсері кәсіпкер-капиталиске,

жер иесіне, ақша капиталисіне, керек десе, салық жинаушыға тіпті бірқалыпты тимейді деулері дұрыс.

Бұл айтылғаннан тағы бір қорытынды шығады.

Товар құнының тек шикізат пен машиналардың ғана құны болып саналатын бөлімі, бір сөзбен айтқанда — пайдаланылған өндіріс құрал-жабдықтарының құны әсте ешқандай *табыс* келтірмейді, тек жұмсалған *капиталды ғана* өтейді. Ал егер бұл мәселені тіпті былай қойғанда да, товар құнының екінші бір бөлімі, *табысты құрайтын* немесе жалақы, пайда, рента, процент түрінде жұмсалуды мүмкін бөлімі жалақы құнынан, рента құнынан, пайда құнынан және сондайлардан *құралады-мыс* деу дұрыс емес. Біз әуелі бұдан жалақыны шығарып тастаймыз да, тек өнеркәсіп пайдасын, процентті, рентаны ғана қарастыратын боламыз. Товарда болатын *қосымша құнның* немесе товар құнының *ақы төленбеген еңбек* сіңірілген бөлімінің өзі түрлі бөлімдерге *бөлініп*, үш түрлі аталатынын біз жаңа ғана көрдік. Бірақ товардың бұл бөлімінің құны *жаңағы үш компоненттің дербес құндарын қосудан шығады* немесе *құралады* деу мүлде дұрыс болмас еді.

Егер 6 пенсілік құнға бір сағат еңбек сіңірілсе, егер жұмысшының жұмыс күні 12 сағат болса және егер бұл уақыттың жартысы ақысы төленбеген еңбек болып шықса, онда бұл қосымша еңбек товарға 3 шиллингілік *қосымша құн* қосады, яғни ешқандай эквивалент төленбеген құн қосады. Бұл 3 шиллингілік қосымша құн кәсіпкер-капиталистің жер иесімен, қарызға ақша беруші адаммен бөлісіп алатын *күллі қоры* болып табылады, оны қандай пропорцияда бөліп алса да бәрібір. Бұл 3 шиллингілік құн олардың өзара бөлісе алатын құнының шегі болып табылады. Бірақ кәсіпкер-капиталист өзіне пайда түсіру үшін товардың құнына өз бетімен үстеме құн қосады, сонан соң жер иесі және сондайлар үшін тағы да белгілі бір құн қосылады, сөйтіп товардың жалпы құны осындай бет-бетімен белгіленген құндардан құралады деу дұрыс емес, тіпті де бұлай болмайды. Сонымен сіздер *бұл құнның* үш бөлімге *бөлінуін*, осы құнның *дербес* үш құнды қосу арқылы құралуымен шатастыратын, сөйтіп рента, пайда және процент алынатын құнның жиынын қалай болса солай белгіленетін шамаға айналдыратын жұрт арасына тарап жүрген түсініктің мүлде дұрыс емес екенін көріп отырсыздар.

Капиталистің алатын барлық пайдасы 100 фунт стерлинг екен дейік. Пайданың бұл сомасын *абсолютті* шама ретінде алып қарағанда, біз оны *пайданың жиыны* деп атаймыз. Егерде біз бұл 100 ф. стерлингін барлық авансыланған капиталға шаксақ, онда біз бұл *относительді* шаманы *пайданың нормасы* деп атаймыз. Анығында, пайданың бұл нормасы екі түрлі болып көрінуі мүмкін.

Жалақыға авансыланған капитал 100 фунт стерлинг дейік. Егер құралған қосымша құн да 100 ф. стерлингге тең болса, онда бұл жұмысшының жұмыс күнінің тең жартысы *ақысы төленбеген еңбек* болғанын көрсетеді, сондықтан біз,— егер бұл пайданы жалақыға авансыланған капиталдың құнымен өлшесек,— *пайданың нормасы* 100 процентке тең дейміз, өйткені авансыланған құн 100-ге тең болса, өндірілген құн 200-ге тең болады.

Егер біз, екінші жағынан, *жалақыға авансыланған капиталды* ғана есепке алмай, *барлық авансыланған капиталды*, айталық 500 ф. стерлингін есепке алсақ, оның 400 ф. ст. шикізаттын, машинаның, т. т. құны болады десек, онда біз *пайданың нормасы* тек 20 процентке тең болады дер едік, өйткені 100 ф. ст. пайда *барлық* авансыланған капиталдың бестен бір бөлегі ғана.

Пайданың нормасын шығарудың бірінші әдісі ақысы төленген еңбек пен ақысы төленбеген еңбектің нағыз арақатынасын көрсететін, еңбекті exploitation* (француздың осы сөзін қолдануға маған рұқсат етіңіздер) шын дәрежесін көрсететін бірден-бір әдіс. Пайда нормасын шығарудың екінші әдісі әдетте қолданыла беретін әдіс; бұл шынында кейбір мақсаттарға қолайлы, қалай дегенмен де, капиталистің жұмысшының тегін еңбегін қандай мөлшерде сығып алатынын жасыруға аса қолайлы әдіс.

Менің ендігі жерде жасайтын ескертпелерімде мен *пайда* деген сөзді қолданғанда, қосымша құн адамдардың түрлі категориясының арасында қалай бөлінетіндігіне қарамастан, капиталистің сығып алатын қосымша құнының бүкіл жиынын көрсету үшін қолданамын; ал *пайда нормасы* деген сөзді қолданғанда, мен әрқашан да пайданы оның жалақыға авансыланған капиталдың құнына қатынасымен өлшейтін боламын.

12. ПАЙДА, ЖАЛАҚЫ ЖӘНЕ БАҒА АРАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ АРАҚАТЫНАС

Егер товардың құнынан оған жұмсалған шикізаттың және басқа өндіріс құрал-жабдықтарының құнын шығарып тастасақ, яғни товардағы бұрын сіңірілген еңбек болып табылатын құнды шығарып тастасақ, онда товар құнының қалған бөлігі жұмысшының *соңғы* өндіріс процесінде қосқан еңбек мөлшері болады. Егер ол жұмысшы күніне 12 сағат жұмыс істейтін болса, ал 12 сағаттық орташа еңбек 6 шиллингтік алтынға қорытылса, онда бұл қосылған 6 шиллингтік құн сол жұмысшының еңбегі жасаған *бірден-бір* құн болып табылады. Жұмыс уақытымен белгіленетін бұл құнның өзі жұмысшы мен капиталистің әрқайсысы өз бөлімдерін, не үлестерін алатын бірден-бір қор, жалақы мен

* — қанаудың. Ред.

пайдаға бөлінетін бірден-бір құн болып табылады. Бұл құн осы екі жақтың арасына қандай мөлшерде бөлінсе де, бұл құнның өзі өзгермейтіні айқын. Бір жұмысшының орнына бүкіл жұмысшы халқын алсақ та немесе бір жұмыс күнінің орнына, мәселен, 12 миллион жұмыс күнін алсақ та ешнәрсе өзгермейді.

Капиталист пен жұмысшы осы шектеулі құнды ғана, яғни жұмысшының барлық еңбегімен өлшенетін құнды ғана өзара бөлісе алатын болғандықтан, бірінші жағы неғұрлым көп алса, екінші жағы соғұрлым аз алады және *vice versa*. Егер белгілі бір мөлшер болса, онда әр уақытта оның бір бөлімі қанша кемісе, екінші бөлімі сонша көбеймекші ғой. Егер жалақы өзгереді болса, онда пайда оған қарама-қарсы бағытта өзгереді. Егер жалақы төмендесе, онда пайда жоғарылайды; егер жалақы жоғарыласа, онда пайда төмендейді. Егер жұмысшы, біздің бұрынғы шамалауымызша, өзінің жасаған құнының жартысына тең болатын 3 шиллинг алатын болса, яғни, басқа сөзбен айтқанда, егер оның барлық жұмыс күнінің жартысы ақысы төленген еңбектен, ал қалған жартысы ақысы төленбеген еңбектен құрала-тын болса, онда *пайданың нормасы 100%* болады, өйткені капиталист те 3 шиллинг алады. Егер жұмысшы 2 шиллинг қана алса немесе бүкіл жұмыс күнінің $\frac{1}{3}$ -ін ғана өзіне істейтін болса, онда капиталист 4 шиллинг алады, сөйтіп пайданың нормасы 200% болады. Егер жұмысшы 4 шиллинг алып, капиталист 2 шиллинг қана алатын болса, онда пайданың нормасы 50 процентке дейін төмендейді. Бірақ бұл өзгерістердің бәрі де товардың құнына әсер етпейді. Демек, жалақының жалпы көтерілуі пайданың жалпы нормасын кемітер еді, бірақ товардың құнына әсер етпес еді.

Бірақ, сайып келгенде, товардың рынок бағасын ретке келтіруге тиіс товар құны тек қана сол товарға сіңірілген еңбектің жиынтық мөлшері арқылы белгіленгенімен және оған сіңірілген еңбектің төленген және төленбеген еңбекке бөлінуіне байланысты болмағанымен, алайда бұдан, мәселен, 12 сағаттың ішінде өндірілген жеке товарлардың немесе бір топ товардың құны тұрақты болып қалады деген қорытынды әсте де шықпайды. Белгілі бір жұмыс уақытының ішінде немесе еңбектің белгілі бір мөлшері жұмсалуды арқасында өндірілген товардың *мөлшері* не жиынтығы қолданылатын еңбектің *уақыт жағынан созылуына* немесе ұзақтығына байланысты емес, сол еңбектің *өндіргіш күшіне* байланысты. Жіп иірушінің еңбегінің өндіргіш күші бір деңгейде болғанда 12 сағаттық жұмыс күнінің ішінде, мәселен, 12 қадақ жіп иіруге болады, ал өндіргіш күші неғұрлым төмен деңгейде болғанда тек 2-ақ қадақ жіп иіруге болады. Демек, егер 6 шиллингтік құнға 12 сағаттық орташа еңбек сіңірілсе, онда бірінші ретте 12 қадақ жіп 6 шиллинг тұрар еді де, екінші ретте 2 қадақ жіп те 6 шиллинг тұрар еді. Сонымен 1 қадақ жіп бір рет-

те 6 пенс тұрар еді де, екінші ретте 3 шиллинг тұрар еді. Бағадағы бұл айырмашылық қолданылатын еңбектің өндіргіш күшіндегі айырмашылықтың салдары болар еді. Еңбектің өндіргіш күші жоғары болғанда 1 қадақ жіпке 1 сағаттық еңбек сіңірілер еді, ал еңбектің өндіргіш күші төмен болғанда 1 қадақ жіпке 6 сағаттық еңбек сіңірілер еді. Бір ретте жалақы біршама жоғары, ал пайда нормасы төмен болса да, 1 қадақ жіптің бағасы 6 пенске ғана тең болар еді, екінші ретте жалақы төмен, пайда нормасы жоғары болса да, бір қадақ жіптің бағасы 3 шиллингге тең болар еді. Бұлай болатын себебі: бір қадақ жіптің бағасы жұмсалған барлық еңбектің ақысы төленген және ақысы төленбеген еңбекке бөлінуінің пропорциясымен белгіленбей, оған жұмсалған барлық еңбек арқылы белгіленетіндіктен болар еді. Ақысы жоғары еңбектің арзан товар өндіретіні, ақысы төмен еңбектің қымбат товар өндіретіні туралы менің жоғарыда келтірген фактім осы себептен енді қисынсыз болып көрінбейді. Бұл факті товардың құны оған жұмсалған еңбектің мөлшерімен белгіленеді, ал еңбектің бұл мөлшері қолданылатын еңбектің өндіргіш күшіне түгелімен байланысты және сондықтан еңбек өнімділігі өзгерген сайын өзгеріп отырады деген жалпы заңның көрінісі ғана болып табылады.

13. ЖАЛАҚЫНЫ АРТТЫРУ ҮШІН НЕМЕСЕ ОНЫҢ ТӨМЕНДЕУІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУДІҢ АСА МАҢЫЗДЫ ЖАҒДАЙЛАРЫ

Енді жалақыны арттыру үшін немесе оның төмендеуіне қарсы күресудің аса маңызды жағдайларын барынша зер салып қарастырайық.

1) *Жұмыс күшінің құны*, немесе, неғұрлым көп тараған сөзбен айтқанда, *еңбек құны* күн көріс заттарының құнымен немесе сол заттарды өндіруге қажет болған еңбектің мөлшерімен белгіленетінін біз жоғарыда көрдік. Сонымен, егер бір елде жұмысшының орта есеппен күнделік тұтынатын тіршілік заттарының құны 6 сағаттық еңбек болып, 3 шиллингге шағылатын болса, онда жұмысшыға өзінің күндік тұтынатын заттарының эквивалентін өндіру үшін күніне 6 сағат жұмыс істеу керек. Егер бүкіл жұмыс күні 12 сағатқа тең болса, онда капиталист жұмысшыға 3 шиллинг төлегенде оның еңбегінің құнын төлейді. Жұмыс күнінің жартысы төленбеген еңбек болып шығады да, пайданың нормасы 100 процентке тең болады. Ал енді еңбек өнімділігінің төмендеуі салдарынан, айтайық, ауыл шаруашылық өнімдерінің сол бір мөлшерін өндіру үшін бұрынғыдан көп еңбек керек дейік, олай болғанда жұмысшының күн сайын тұтынатын күн көріс заттарының орта мөлшерінің бағасы 3 шиллингіден асып, 4 шил-

лингге жетеді. Бұл орайда еңбек құны $\frac{1}{3}$ немесе $33\frac{1}{3}$ процент өседі. Енді жұмысшының бұрынғы тіршілік дәрежесіне сай күндік тұтыну заттарының эквивалентін өндіру үшін 8 сағаттық еңбек жұмсау керек болар еді. Демек, қосымша еңбек 6 сағаттан 4 сағатқа дейін кемір еді де, пайда нормасы 100 проценттен 50 процентке дейін төмендер еді. Бірақ товар сатушының қайқайсысы болса да өзінің товарына жұмсалатын шығын артқан кезде товарының өскен құнының төленуін көздейтіні сияқты, жұмысшы да жалақының өсуін талап еткенде осы арқылы еңбегінің өскен құнын төлеуді ғана талап етеді. Егер жалақы арттырмаса немесе күн көріс заттарының өскен құнының есесін өтеу үшін жетпейтіндей болып арттырылса, онда еңбектің бағасы еңбектің құнынан төмендейді де, жұмысшының тұрмыс дәрежесі нашарлайды.

Бірақ өзгерістің бұған қарама-қарсы бағытта болуы да мүмкін. Еңбек өнімділігі өсуінің арқасында жұмысшының орта есеппен күн сайын тұтынатын күн көріс заттарының бұрынғы мөлшерінің бағасы 3 шиллингіден 2 шиллингге дейін төмендеуі мүмкін, басқа сөзбен айтқанда, күн сайын тұтынатын күн көріс заттарының құнының эквивалентін өндіру үшін 6 сағаттық жұмыс күнінің орнына 4-ақ сағат керек болады. Жұмысшы бұрын 3 шиллингге сатып алған күн көріс заттарын енді 2 шиллингге сатып ала алады. Шынында, еңбектің құны төмендер еді, бірақ еңбектің құны мұндай төмендегеннің өзінде жұмысшы бұрынғы алып жүрген товарының мөлшерін ала алар еді. Бұл орайда пайда 3 шиллингіден 4 шиллингге дейін жоғарылар еді, ал пайда нормасы 100 проценттен 200 процентке жетер еді. Жұмысшының тұрмыс күйінің абсолютті деңгейі бұрынғы қалпында қалғанмен, оның *относительді* жалақысы, сонымен қабат оның *относительді қоғамдық күйі*, оның капиталиске қарағандағы күйі нашарлар еді. Относительді жалақының бұлай төмендеуіне қарсылық көрсете отырып, жұмысшы өз еңбегінің өскен өндіргіш күштерінің беретінінің белгілі бір үлесін ғана талап еткен болар еді, сөйтіп әлеуметтік сатыдағы өзінің бұрынғы *относительді* күйін сақтап қалуға ғана ұмтылған болар еді. Мысалы, астық заңдары жойылғаннан кейін Англияның фабриканттары астық заңдарына қарсы үгіт жүргізген кезде өздерінің салтанатты түрде берген уәделерін өрескел бұзып, жалақыны жалпы алғанда 10% кеміткен болатын. Жұмысшылардың қарсылық көрсетуі алғашқы кездерде нәтижесіз болып шықты, бірақ артынан өзін қазір тоқтай алмайтын жағдайлардың арқасында әлгі айырылып қалған 10 процентті жұмысшылар қайтадан жеңіп алды.

2) Күн көріс заттарының құны, ал демек, еңбектің құны да өзгермей қала беруі мүмкін, бірақ бұлай болғанда бұрын ақша құнының өзгеруі салдарынан олардың ақшалай бағасының өзгеруі мүмкін.

Неғұрлым бай рудниктердің ашылуы, т. б. арқасында, мәселен, 2 унция алтынды өндіруге бұрын 1 унция алтынды өндіруге жұмсалған еңбектен артық еңбек кетпеуі мүмкін. Бұлай болғанда алтынның құны жартылай немесе 50% кемір еді. Енді барлық басқа товарлардың құндары сияқты, еңбектің құны да бұрынғыға қарағанда екі есе артық ақшалай бағаға шағылар еді. Бұрын 6 шиллингге баланатын он екі сағаттық еңбек енді 12 шиллингге баланар еді. Егер жұмысшының жалақысы 6 шиллинг болып көбейтілмей, бұрынғы 3 шиллингге тең күйінде қалса, онда ол жұмысшының еңбегінің ақшалай бағасы енді оның еңбегінің құнының жартысына ғана тең болар еді де, жұмысшының тұрмыс дәрежесі өте-мөте нашарлар еді. Егер жалақы өскен күнде де, алтын құнының кемуіне толық сәйкес түрде өспесе, мұндай жағдай азды-көпті орын алар еді. Біздің қарастырып отырған мысалымызда еңбектің өндіргіш күшінде де, ұсыным мен сұранымда да, товарлардың құндарында да ешқандай өзгеріс болмайды. Сол құндардың ақшалай аталуынан басқа ешнәрсе де өзгермейді. Бұлай болған күнде жұмысшы өзінің жалақысының тиісінше өсірілуін талап етпеу керек деушілік жұмысшы зат алудың орнына алатын ақшасының атына ғана қанағаттануы керек дегендік болады. Қашан да болсын ақшаның бұл сияқты бағасызданған кезінде, жұмысшыларды алдау үшін мұндай қолайлы жағдайларды пайдаланып қалуға капиталистердің жанталасатынын бүкіл бұрынғы тарих дәлелдеп отыр. Экономистері тым-ақ көп бір мектеп: жаңадан алтын кендерінің ашылуы, күміс рудниктерін қазу жұмыстарының жақсаруы және сынаппен неғұрлым арзан жабдықтаудың арқасында қымбат металдардың құны тағы да төмендеді дейді. Жалақыны жоғарылату жөнінде континентте орын алған бір уақыттың ішінде және жаппай талап қойылуының себебі, міне, осыдан болуы керек.

3) Бұған дейін біз жұмыс күнінде белгілі бір шек бар деген пікірге сүйеніп келдік. Бірақ өзін ғана алғанда жұмыс күнінде тұрақты шек жоқ. Капиталдың үнемі бой ұратын тенденциясы — жұмыс күнін адамның шамасы келгенінше барып тұрған шегіне дейін созуға ұмтылу, өйткені жұмыс күні ұзарған сайын қосымша еңбек артады, — демек, ол жасайтын пайда да көбейеді. Капитал жұмыс күнін қаншалық көп ұзарта алса, басқа адамның еңбегін ол соншалық көп иемденеді. XVII ғасырдың өн-бойында, тіпті XVIII ғасырдың бастапқы үштен екі бөлегінде де 10 сағаттық жұмыс күні бүкіл Англияда қалыпты жұмыс күні болды. Іс жүзінде британ барондарының британ еңбекші бұқарасына қарсы соғысы болған яacobиншілдікке қарсы соғыс³² кезінде капитал өзінің жүгенсіздігін күшейте түсіп, жұмыс күнін 10 сағаттан 12, 14, 18 сағатқа дейін ұзартты. Қалай дегенмен елжірегіш жыламсақ адам деуге болмайтын Мальтус 1815 жылдың шамасында жарияланған памфлетінде: мұндай жағдай бұдан

бұлай да созыла берсе, ұлт өмірі нағыз түп негізінен құриды деген болатын³³. Жаңадан ойлап шығарылған машиналарды жаппай қолданудан бірнеше жыл бұрын, 1765 жылдың шамасында, Англияда «Өнеркәсіп туралы тәжірибе» деген атпен бір памфлет шықты. Жұмысшы табының барып тұрған жауы аноним автор* жұмыс күнінің шегін ұлғайта түсу қажет деп көкиді. Бұл мақсатқа жеткізетін басқа да шаралардың бірі етіп ол *жұмыс үйлерін*³⁴ құруды ұсынды, бұл үйлер, оның айтуынша, «*үрей үйлері*» болуға тиісті. Сонда осы «*үрей үйлері*» үшін ол жұмыс күнінің ұзақтығы қандай болсын дейді? *Он екі сағат* болуы керек. дейді,— мұның өзі нақ 1832 жылы капиталистердің, экономистердің және министрлердің іс жүзіндегі жұмыс күнінің ұзақтығы деуі былай тұрсын, 12 жастан төменгі балалар үшін қажетті жұмыс уақыты деп жариялаған жұмыс күні еді.

Жұмысшы өзінің жұмыс күшін сатқанда,— ал қазіргі система тұсында жұмысшының бұлай етпесіне амалы да жоқ,— бұл күшті капиталистің пайдалануына береді, бірақ ақылға сыйымды белгілі бір шекте ғана пайдалану үшін береді. Ол өзінің жұмыс күшін сатқанда, бұл күшті жою үшін сатпайды, оны сақтау үшін сатады; бұл арада біз жұмыс күшінің табиғи қажуын әңгіме қылмаймыз. Жұмысшы өзінің жұмыс күшін күндік немесе апталық құнына сатқанда, бұл жұмыс күшінің бір күннің не бір аптаның ішінде 2 күннің не 2 аптаның ішіндегідей болып жұмсалмауы, қажымауы көзделеді. 1000 фунт стерлингтік құны бар машинаны алайық. Егер ол машина 10 жыл істейтін болса, онда ол өзін пайдалану арқылы өндірілген товарлардың құнына жыл сайын 100 фунт стерлингден қосып отырады. Егер ол машина 5 жыл істейтін болса, онда бұл товарлардың құнына жыл сайын 200 фунт стерлингден қосады. Басқа сөзбен айтқанда, ол машинаның жыл сайын тозуының құны оның пайдаланылған мерзіміне кері пропорцияда болады. Бірақ жұмысшының машинадан айырмасы да нақ осында. Машинаның тозуы оның пайдаланылуына толық сәйкес келіп отырмайды; ал адам, оның керісінше, тек жұмыс уақытын ұзарту жөніндегі цифр мәліметтеріне ғана сүйеніп шамалауға болатынынан әлдеқайда тез тозады.

Жұмысшылар жұмыс күнін ақылға сыйымды бұрынғы шама-сына келтіру үшін күрескенде немесе,— қалыпты жұмыс күнін заң жүзінде тағайындатқызуға қолдары жетпейтін болғандықтан,— шамадан тыс ауыр еңбектің зардабын жалақыны көбейтіру арқылы, көбейттіргенде, өздерінен сығып алып отырған қосымша уақытына пропорциялы түрде ғана емес, сонымен қатар пропорциялықтан гөрі артық көбейттіру арқылы жоюға тырысқанда, олардың тек өзі үшін, өзінің ұрпағы үшін мойындаған борышын өтегені ғана болады. Олар тек капиталдың озбыр

* — сірә, Дж. Қанингем болу керек. *Ред.*

өктемдігіне ғана шек қояды. Уақыт дегеніміз адам баласының даму кеністігі. Бір минут бос уақыты жоқ адам, адамның жаратылысы керек ететін ұйқыға, тамақ ішуге және т. т. үзіліс жасағаны болмаса, өзінің бүкіл өмірі капиталистке жұмыс істеумен ететін адам,— мұндай адам жүк артқан жануардан да жаман жағдайға дейін төмендегіледі. Титықтап, дымы құрыған, рухани жағынан топастанған ондай адам басқаларға байлық жасайтын машина ғана болады. Ал капиталды ауыздықтамаған күнде, оның өзі бүкіл жұмысшы табын аяусыздықпен, мейірімсіздікпен осы шектен тыс азып-тозу деңгейіне түсіруге тырысатындығын қазіргі өнеркәсіптің бүкіл тарихы көрсетіп отыр.

Капиталист, жұмыс күнін ұзарта отырып, *неғұрлым жоғары жалақы төлеуі* мүмкін, бірақ солай бола тұрса да *еңбектің құнын кем* төлей алады. Мұндай нәрсе жалақының өсуі жұмысшыдан сығып алынатын еңбек мөлшерінің көбеюіне және осының салдарынан жұмыс күші тозуының тездетілуіне сай келмеген жағдайда болады. Капиталист мұны басқа әдіспен де істей алады. Мәселен, ағылшынның буржуазиялық статистиктері сіздерге Ланкашир фабрикаларында істейтін жұмысшы семьяларының орташа жалақылары өсті дей алады. Бірақ мұны айтқанда олар қазір капитал Джаггернаут арбасының дөңгелегінің³⁵ астына тек ересек ер адам, семья басы ғана тасталмай, оның әйелі де, үш-төрт баласы да тасталып жатқанын және семьяның жалпы жалақысының өсуі жұмысшы семьясынан алынатын бүкіл қосымша еңбектің жалпы мөлшеріне сай келмейтінін ұмытады.

Тіпті қазіргі кезде фабрика заңына бағынған өнеркәсіп салаларының бәрінде белгілі бір шек қойылған жұмыс күні болып тұрғанда да, *еңбек құнының* төленуін бұрынғы дәрежесінде сақтап қалу үшін болса да, жалақыны арттырудың қажет болуы мүмкін. Еңбектің *интенсивтілігін* арттырған жағдайда адам бұрын 2 сағатта жұмсалатын өмірлік күшін 1 сағатта жұмсауға мәжбүр болуы мүмкін. Фабрика заңына бағынған өндірістерде мұның өзі машиналардың жұмысын шапшаңдатып, бір адам қамтитын жұмыс машиналарының санын көбейту арқылы қазірдің өзінде белгілі дәрежеде жүзеге асырылып отыр. Егер еңбектің немесе 1 сағаттың ішінде жұмсалатын еңбек жиынының интенсивтілігінің артуы жұмыс күні ұзақтығының қысқаруына тиісінше сай келіп тұрса, онда жұмысшы мұндай қысқарудан қалай дегенмен ұтады. Ал егер мұндай шек бұзылса, жұмысшы бір формада ұтқанынан екіншіде айрылады, сөйтіп 10 сағаттық еңбектің азабы бұрынғы 12 сағаттағыдай болып шығуы мүмкін. Жалақыны еңбектің интенсивтілігінің артуына сәйкес өсіру жолында күрес жүргізу арқылы капиталдың бұл тенденциясына қарсы әрекет жасағанда жұмысшы тек өз еңбегінің бағасы төмендеуіне, өз тегінің азып-тозуына қарсы күреседі.

4) Өзін түсіндіру үшін қазір тоқталып жатудың қажеті жоқ

себептер бойынша капиталистік өндірістің мезгіл-мезгіл қайталап тұратын белгілі бір циклдерден өтіп отыратынын сіздер бәріңіз де білесіздер. Капиталистік өндіріс тыныштық сатысынан, өршіп көтерілу, гүлдену, артық өндіру, дағдарыс пен тоқырау сатыларынан өтіп отырады. Товардың рынок бағасы мен пайданың рынок нормасы кейде өзінің орта деңгейінен төмендеп, кейде онан жоғары көтеріліп, осы фазаларға ілесіп отырады. Бұл циклді тұтасынан алып қарасаңыз, рынок бағасының бір реттегі ауытқуы екінші реттегі ауытқумен өтеліп отыратынын және орта есеппен, бүкіл циклдің көлемінде, товардың рынок бағасын оның құны ретке келтіріп отыратынын байқайсыздар. Рынок бағасы төмендеген фазаларда, дағдарыс пен тоқырау фазаларында жұмысшыны өндірістен мүлде шығарып тастамаса, оның азайтылған жалақы алатыны айқын. Өзі алданып қалмау үшін тіпті рынок бағасының мұндай кеміген кезінде де жұмысшы жалақының тым төмендеуіне қарсы капиталиспен күресуге тиісті. Егер капиталист ерекше жоғары пайда алатын гүлдену фазасының кезінде жұмысшы жалақысын арттыру үшін күрес жүргізбесе, онда орта есеппен алғанда бүкіл өнеркәсіп циклінде ол өзінің орташа жалақысын да немесе өзінің еңбегінің құнын да ала алмас еді. Циклдің қолайсыз фазаларында жалақысы сөзсіз төмендейтін жұмысшыдан циклдің қолайлы фазаларында әлгі шеккен зияндарының есесін қайтарудан бас тартуды талап етушілік барып тұрған ақымақтық болар еді. Жалпы алғанда барлық товарлар құнының жүзеге асырылуы ұсыным мен сұранымның үздіксіз ауытқуының салдарынан үнемі өзгеріп тұратын рынок бағасының теңелуі арқылы ғана болып отырады. Қазіргі системаның негізінде еңбек — басқа товарлар сияқты ғана товар. Демек, еңбек те сол ауытқулардан өтуге тиіс, сөйтіп, солардың нәтижесінде ғана оның құнына сәйкес орта баға алуға болады. Бір жағынан, еңбекті товар деп қарау, ал екінші жағынан, оны товарлардың бағаларын ретке келтіретін заңдардан сырт қою нағыз өрескелдік болар еді. Құл тұрақты, белгілі бір мөлшерде күн көріс заттарын алып тұрады, ал жалдама жұмысшы олай емес. Бір ретте жалақыны жоғарылаттырумен жұмысшы ең болмағанда екінші ретте жалақының төмендеуінің есесін қайтарып отыруға тиісті. Егер жұмысшы капиталистің дегенін, капиталистің бұйрығын ең жоғары экономикалық заң ретінде бас иіп қабыл алса, онда жұмысшы құл жағдайының барлық азабын шегіп, бірақ тіпті құл пайдаланған күн көріс дәрежесіне қолы жете алмаған болар еді.

5) Мен қарастырып өткен жағдайлардың бәрінде де, — ал мұндай реттер 100-дің 99-ы, — біз мынаны көрдік: жалақыны арттыру жолындағы күрес *ілгері болған* өзгерістердің ізімен ғана жүріп отырады, ол күрес өндіріс мөлшерінде, еңбектің өндіргіш күшінде, еңбектің құнында, ақша құнында, жұмысшыдан сығып

алынатын еңбектің ұзақтығында не интенсивтілігінде, ұсыным мен сұранымның ауытқуына байланысты болатын және өнеркәсіп циклінің түрлі фазаларына сай келетін рынок бағасының ауытқуында бұрын болып өткен өзгерістердің сөзсіз нәтижесі болып табылады; бір сөзбен айтқанда, бұл күрес капиталдың бұрынғы әрекетіне еңбек тарапынан істелген қарсы әрекет болып табылады. Жалақыны арттыру жолындағы күресті бұл жағдайлардың бәрімен байланыстырмай қарасаңыздар, тек жалақының өзгеруін ғана еске алып, оны туғызатын басқа түрлі өзгерістердің бәрін де естен шығарсаңыздар, онда сіздер жалған қорытындылар шығару үшін жалған алғы шарттарға сүйенген болар едіңіздер.

14. КАПИТАЛ МЕН ЕҢБЕКТІҢ АРАСЫНДАҒЫ КҮРЕС ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

1) Мен жұмысшылардың жалақының азаюына мезгіл-мезгіл қарсылық көрсетуі және олардың жалақыны арттыру жөнінде мезгіл-мезгіл істейтін әрекеттері жалдама еңбек системасымен тығыз байланысты екенін және нақ сол еңбектің товарға теңестірілген фактісінен, демек, бағаның жалпы қозғалысын билейтін заңдарға бағыну фактісінен туатынын көрсеттім; одан кейін мен жалақының жалпы көтерілуі пайданың жалпы нормасын төмендететінін, бірақ товарлардың орташа бағасына да, олардың құнына да әсер етпейтінін көрсеттім; енді келіп ақырында мынадай сұрақ туады: капитал мен еңбектің арасындағы бұл үздіксіз күресте еңбек қаншалық табыстарға жете алады?

Бұл сұрауға мен жалпы қорытындымен жауап беріп, былай дей алар едім: барлық басқа товарлар сияқты еңбектің *рынок бағасы да* көп уақыт ішінде өзінің *құнына* сәйкеседі; еңбектің рынок бағасы жоғарылы-төмен қаншама ауытқыса да,— жұмысшының әрекетіне байланыссыз,— ол жұмысшы орта есеппен өз еңбегінің құнын ғана алады; ал оның еңбегінің құны жұмыс күшінің құны болып табылады; жұмыс күшінің құны оны сақтауға және ол күшті ұдайы өндіруге қажет күн көріс заттарының құны арқылы белгіленеді; ал бұл күн көріс заттарының құны өз ретінде өздерін өндіруге қажет болатын еңбектің мөлшерімен белгіленеді.

Бірақ *жұмыс күшінің құнын*, немесе *еңбектің құнын*, барлық басқа товарлардың құндарынан айыратын кейбір ерекшеліктер бар. Жұмыс күшінің құны екі элементтен құралады: оның бірі таза табиғи элемент те, екіншісі тарихи не әлеуметтік элемент. Жұмыс күші құнының *ең төменгі шегі табиғи* элемент арқылы белгіленеді. Мұның мәнісі, өзінің тіршілігін сақтап, ұдайы қайта өніп отыруы үшін, өзінің табиғи тіршілігін мәңгілік ету үшін жұмысшы табы өзінің күнелтуіне және өсіп-өнуіне өте қажетті

күн көріс заттарын алуға тиісті деген сөз. Демек, осы қажетгі күн көріс заттарының құны еңбек құнының ең төменгі шегі болады. Екінші жағынан, жұмыс күнінің ұзақтығының да, өте созылмалы болса да, өзінше ақырғы шегі бар. Оның ең арғы шегі жұмысшының дене күшінің шамасымен белгіленеді. Егер жұмысшының тіршілік қуатының күн сайын кемуі белгілі бір шамадан асып кетсе, онда ол күн сайын бұрынғыдай күш салып жұмыс істей алмайды. Алайда, мен айтқандай, бұл шектер өте әр қилы. Қуатты, көп жасайтын ұрпақтардың бірінің артынан бірі келіп отыруы жағдайында жұмысшы рыногының қамтамасыз етілуі қандай болса, әлсіз, аз жасайтын ұрпақтардың тез ауысып отыруы жағдайында да жұмысшы рыногының қамтамасыз етілуі одан кем болмайды.

Бұл таза табиғи элементтің үстіне еңбектің құны әр елде өмірдің дәстүрлі деңгейімен де белгіленеді. Бұл деңгейге табиғи тіршіліктің керектерін қанағаттандыру ғана кіріп қоймайды, сонымен қатар жұрт өмір сүріп, тәрбие алатын қоғамдық жағдайлардан туатын белгілі бір керектерді қанағаттандыру да кіреді. Ағылшынның өмірлік деңгейін ирландтықтың өмірлік деңгейіне теңестіруге, неміс шаруасының өмірлік деңгейін лифлянд шаруасының өмірлік деңгейіне теңестіруге болады. Бұл тұрғыда тарихи дәстүрлер мен қоғамдық дағдылардың едәуір роль атқаратындығын сіздер Торнтон мырзаның «Халықтың артық өсуі» деген еңбегінен білулеріңізге болады; бұл еңбекте ол Англияның түрлі ауыл шаруашылық округтерінде, ол округтердің крепостниктік қалыптан шыққан кездегі жағдайларының азды-көпті қолайлы болу-болмауына қарай, орта жалақының қазірде де азды-көпті әр түрлі екенін көрсетеді.

Еңбектің құнына кіретін бұл тарихи немесе әлеуметтік элементтің ұлғаюы да, кемуі де, немесе табиғи шектен басқа ештеңе де қалмайтындай болып мүлде жойылуы да мүмкін. Алым-салықтың оңбаған жалмауызы, еңбек етпей олжаға батсам дейтін кәрі Джордж Роуздың сүйсініп айтатынындай, қасиетті дініміздің игіліктерін пасық француздардың басқыншылығынан қорғап қалу үшін якобиншілдерге қарсы жүргізілген соғыстың кезінде ағылшынның мейірімді фермерлері, өткен мәжілістеріміздің бірінде өзіміз мейірбандықпен әңгіме еткен фермерлеріміз, ауыл шаруашылық жұмысшыларының жалақысын тіпті осы таза табиғи минимуммен де төмендетіп жіберген еді; ал жұмысшылардың табиғи тіршілігін сақтауға және олардың үрім-бұтағының өсіп-өнуіне қажет болған күн көріс заттарының жетпегенін ол фермерлер кедейлер туралы заңдардың³⁶ негізінде көмек көрсету қорынан толықтырған болатын: Мұның өзі жалдама жұмысшыны құлға айналдырудың, ал Шекспирдің тәкаппар йоменін пауперге айналдырудың тамаша әдісі болды.

Егер сіздер әртүрлі елдердегі немесе сол бір елдің өзіндегі

түрлі тарихи замандардағы жалақының немесе еңбек құнының деңгейін салыстырып қарасаңыздар, *еңбек құнының* өзі тұрақты шама емес, ауыспалы шама екенін, тіпті барлық басқа товарлардың құндары өзгермеген күнде де ауыспалы шама болатынын көресіздер.

Бұл сияқты салыстыру *пайданың рыноктық нормасы ғана емес, оның орта нормасының* да өзгертіндігін көрсетер еді.

Ал *пайдаға* келетін болсақ, оның *минимумын* белгілей алатын ешбір заң жоқ. Біз пайданың кемуінің шеткі шегі қандай екендігін айта алмаймыз. Біз оның шегін неге белгілей алмаймыз? Себебі, біз жалақының *минимумын* анықтай алсақ та, оның *максимумын* анықтай алмаймыз. Біз мынаны ғана айта аламыз: егер жұмыс күнінің шегі белгіленсе, *пайданың максимумы жалақының табиғи минимумына* сәйкес келеді, ал егер жалақының мөлшері белгіленсе, *пайданың максимумы жұмыс күнінің жұмысшының дене күші шамасында ең шегі болатын ұзақтығына* сәйкес келеді. Сөйтіп, пайданың максимумы өзінің шегін жалақының табиғи минимумы мен жұмыс күнінің табиғи максимумынан табады. *Пайданың максимумы нормасының* бұл екі шегінің арасында толып жатқан өзгерістердің болуы мүмкін екендігі айқын нәрсе. Пайда нормасының *Е* жүзіндегі деңгейі капитал мен еңбектің арасындағы үздіксіз күрес арқылы ғана белгіленеді: капиталист әрқашан да жалақыны оның табиғи минимумына дейін төмендетуге, жұмыс күнін оның табиғи максимумына дейін ұзартуға тырысады, ал жұмысшы әрқашан оған қарсы әрекет жасайды.

Істің мәні күресуші жақтардың күштерінің арасалмағы жөніндегі мәселеге келіп тіреледі.

2) Англияда болсын, барлық басқа елдерде болсын, *жұмыс күніне шек қойылу* мәселесіне келсек, мұндай шек қойылу әрқашан да *заңның араласуымен* ғана болып келді, ал жұмысшылар тарапынан үнемі қысым жасалып отырмаса, заңның араласуы еш уақытта болмаған болар еді. Қалай дегенмен де, жұмысшылар мен капиталистердің арасында жеке келісімдер жасау арқылы жұмыс күніне шек қоюға еш уақытта да болмас еді. Өзінің таза экономикалық әрекеттерінде капитал жағының күші басым болатындығына осы *жалпы саяси әрекеттің* қажет болғанының өзі-ақ дәлел бола алады.

Ал *еңбек құнының шегіне* келсек, оның шынымен белгіленуі әрқашан да ұсыным мен сұранымға байланысты. Мен капиталдың еңбекке деген сұранымы мен жұмысшылардың еңбекті ұсынымы туралы айтып тұрмын. Отар елдерде ұсыным мен сұраным заңы жұмысшыға қолайлы. Құрама Штаттарда жалақы деңгейінің біршама жоғары болуының себебі де осыдан. Құрама Штаттарда капитал қалай тырысса да, ол жалдама жұмысшылардың тәуелсіз дербес шаруаларға үнемі айналып отыруының салдарынан еңбек рыногының үнемі бос тұруына кедергі жасай алмайды.

Американ халқының әлдеқайда едәуір бөлігіне жалдама жұмысшының халі өтпелі жағдай ғана болып көрінеді, ол жағдайдан жұмысшы азды-көпті қысқа мерзімнің ішінде сөзсіз құтыламын деп ойлайды. Отарлардағы бұл жағдайларды жөндеу үшін әкеше қам жейтін британ үкіметі біраздан бері отарлаудың қазіргі кездегі теориясы дегенді ұстанып отыр; бұл теорияның мәнісі — отарларда жерге әдейі жоғары баға қою, сөйтіп барып жалдама жұмысшылардың дербес шаруаларға тым тез айналып кетуіне кедергі жасау.

Бірақ өндірістің барлық процесінде капиталдың үстемдігі жүріп тұрған ескі цивилизациялы елдерге келейік. Мысалға 1849 жылдан 1859 жылға дейінгі уақыттың ішінде Англияда ауыл шаруашылық жұмысшыларының жалақысы өсуін алыңыз. Бұл өсудің салдары қандай болды? Фермерлер бидайдың құнын арттыра алмады, біздің Уэстон дос оларға осындай кеңес берер еді; олар тіпті бидайдың рынок бағасын да арттыра алмады. Оның керісінше, олар бидай бағасының төмендеуіне лажсыз көнді. Бірақ осы 11 жылдың ішінде олар сан қилы машиналар енгізді, неғұрлым ғылыми әдістер қолдана бастады, егістік жердің бірсыпырасын жайылымға айналдырды, фермалардың көлемін, сонымен бірге өндірістің көлемін де ұлғайтты, сөйтіп осылар арқылы және еңбектің өндіргіш күшін арттырған басқа да шаралар арқылы еңбекке сұранымды азайтып, фермерлер село халқының относителді түрде артық болып отыруына тағы да жетті. Ерте уақытта орныққан ескі елдерде жалақының өсуіне қарсы капиталдың кейде тез, кейде баяу әрекет жасауының әдісі де жалпы алғанда, міне, осындай. Рикардоның: машина еңбекпен үздіксіз бәсекелеседі, машина көбінесе еңбектің бағасы белгілі бір деңгейге көтерілген кезде ғана енгізіледі³⁷; бірақ машинаның қолданылуы еңбектің өндіргіш күшін арттырудың көп әдістерінің бірі ғана болады деуі дұрыс нәрсе. Бір жағынан, қарапайым еңбекті относителді түрде артық етіп отыратын, екінші жағынан, маманданған еңбекті қарапайымдандырып отыратын дамудың өзі, міне, осы реттермен еңбекті бағасыздандырып отырады.

Ал нақ осы заңның өзі басқа формада да жүзеге асырылып отырады. Еңбектің өндіргіш күші өскендіктен, тіпті жалақы деңгейі біршама жоғары бола тұрса да, капиталдың қорлануы тездетіледі. Бұдан қазіргі кездегі өнеркәсіптің қабырғасы қатып, буыны бекімеген кезде А. Смиттің жасағанындай — капиталдың осы жедел қорлануы таразының табағын жұмысшының пайдасына аударуға тиіс, өйткені ол жұмысшының еңбегіне деген сұранымның барған сайын өсуін қамтамасыз етеді деп қорытынды жасауға болар еді. Осы көзқарасқа қосыла отырып, қазіргі авторлардың көбі, соңғы 20 жылдың ішінде ағылшын капиталы Англия халқының өсуімен салыстырғанда әлдеқайда тез өссе де,

жалақының онша мардымды өспегеніне танданады. Бірақ капиталдың қорлану прогресімен қатар *капиталдың құрылымында үдей түсетін өзгерістер* болып отырады. Барлық капиталдың жалақыға немесе еңбекті сатып алуға жұмсалатын бөліміне қарағанда, оның тұрақты капиталдан — машиналардан, шикізаттан, әр түрлі өндіріс құрал-жабдықтарынан құралатын бөлімі барған сайын өседі. Бұл заңды азды-көпті дәл көрсеткендер: Бартон мырза, Рикардо, Сисмонди, профессор Ричард Джонс, профессор Рамсей, Шербюлье және басқалар болды.

Егер капиталдың құрамдас осы екі бөлімінің бастапқы арақатынасы бірге бір болса, онда өнеркәсіп одан әрі дамыған кезде ол 1-ге 5, тағы сондай бола береді. Егер барлық капитал 600 өлшем болып, оның 300-і саймандарға, шикізатқа және сондайларға жұмсалса, ал 300-і жалақыға жұмсалса, онда 300 жұмысшының орнына 600 жұмысшыға сұраным болатын ету үшін барлық капиталды екі есе өсіру керек. Бірақ егер бұдан әрі 600 өлшем капиталдың 500-і машиналарға, материалдарға және сондайларға жұмсалып, тек 100-і ғана жалақыға жұмсалса, онда 300 жұмысшының орнына 600 жұмысшыға сұраным болатын ету үшін нақ әлгі капиталдың өзін 600-ден 3600-ге дейін көбейту керек. Сондықтан өнеркәсіптің даму барысында еңбекке сұраным капиталдың қорлануына ілесе алмайды. Рас, еңбекке сұраным да өседі, бірақ барлық капиталдың өсуімен салыстырғанда үнемі кеміп отыратын пропорцияда өседі.

Қазіргі өнеркәсіптің дамуының өзі таразының табағын бірден-бірге капиталистің пайдасына, жұмысшының зиянына қарай басатындығын, демек, капиталистік өндірістің жалпы тенденциясы жалақының орташа деңгейін жоғарылатуға емес, оны төмендетуге бастайтындығын, яғни *еңбек құнын* азды-көпті дәрежеде оның *минимум шегіне* апаруға бастайтындығын көрсету үшін осы жоғарыдағы аз ғана ескертпелер жеткілікті. Ал егер қазіргі системада *істің жағдайының* осындай тенденциясы болса, онда бұдан жұмысшы табы капиталдың талаушылық озбырлығына қарсы күресуден бас тартуы керек, болған мүмкіншіліктерді өзінің халін уақытша жақсарту үшін пайдалануға тырысуын қоюы керек деген шыға ма? Егер жұмысшылар осылай еткен болса, онда олар енді оңалмайтын, еңселері түскен өңкей кедейлер тобына айналар еді. Жұмысшылардың жалақының деңгейі үшін жүргізетін күресі жалдама еңбектің бүкіл системасымен ажыратқысыз байланысты екенін, жұмысшылардың өз жалақысын көбейтуге ұмтылуы 100 реттің 99-ында еңбек құнының қазіргі төлемін сақтап қалуға күш салу ғана екенін және еңбектің бағасы үшін капиталистерге қарсы күресудің қажеттігі жұмысшылардың өздерін товар ретінде сатуға мәжбүр қылатын жағдайынан туатынын мен сіздерге көрсете алған шығармын деп ойлаймын. Егер жұмысшылар капиталмен өздерінің

күнбе-күнгі қақтығыстарында жасықтық жасап, шегінетін болса, онда олар қандай да болсын кең түрде қозғалыс бастау қабілетінен сөзсіз айырылған болар еді.

Сонымен бірге тіпті жұмысшылардың жалдама еңбек система-сына байланысты жалпы кіріптарлығын мүлде былай қойғанның өзінде, жұмысшы табы бұл күнбе-күнгі күрестің түпкі нәтижелерін асыра бағаламауға тиіс. Жұмысшы табы бұл күнбе-күнгі күресте өзінің нәтижелерді туғызатын себептерге қарсы күреспей, нәтижелерге қарсы ғана күресетінін, өзінің төменге қарай жылжуды тек кідіретінін, бірақ ол жылжудың бағытын өзгертпейтінін, дертке қарсы жеңіл-желпі ғана шара қолданатынын, бірақ оны жаза алмайтынын ұмытпауға тиіс. Сондықтан жұмысшылар капиталдың ешқашан да тоқтамайтын шабуылынан немесе рыноктағы өзгерістерден үнемі туып отыратын жалаң осы сияқты болмай қалмайтын партизандық шайқасулармен ғана тынбауға тиіс. Қазіргі система өзімен бірге жоқшылықтың бәрін ала келумен қабат қоғамның экономика жағынан қайта құрылуына қажетті материалдық жағдайлар мен қоғамдық формаларды да жасайтынын жұмысшылардың түсінулері керек. «Әділ белгіленген жұмыс күніне әділ жалақы!» деген консервативтік ұранның орнына жұмысшылар өздерінің туына: «Жалдама еңбек системасы жойылсын!» деген революциялық ұранды жазулары керек.

Негізгі мәселені айқын түсіндіру мүддесі мені мәжбүр еткен осы өте ұзақ әрі жұртты жалықтыратындай болды ма деп қорқатын баяндаудан кейін мен баяндамамды мынадай қарар ұсынумен аяқтаймын:

1) Жалақы деңгейінің жалпы көтерілуі пайданың жалпы нормасын төмендетуге әкеліп соғар еді, бірақ тұтас алғанда товарлардың бағасына әсер етпес еді.

2) Капиталистік өндірістің жалпы тенденциясы жалақының орташа деңгейін көтермейді, төмендетуге әкеліп соғады.

3) Тред-юниондар капиталдың шабуылына қарсы орталықтар ретінде ойдағыдай әрекет жасауда. Өз күшін дұрыс пайдаланбағандықтан, олар ішінара жеңіліске де ұшырауда. Жалпы алғанда тред-юниондар сәтсіздікке ұшырауда, өйткені қазіргі системаны өзгертуге жаппай ұмтылудың орнына, өздерінің ұйымдасқан күштерін жұмысшы табын түпкілікті азат етуге, яғни жалдама еңбек системасын біржолата жоюға тұтқа болатындай етіп пайдаланудың орнына олар қазіргі системаның нәтижелеріне қарсы партизандық жүргізумен ғана шектеліп қалып жүр.

К. Маркс 1865 ж. майдың аяғында — 27 шоньде жазған

Бірінші рет 1898 ж. Лондонда жеке кітапша болып жарияланған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. 2-басылуы. 16-том, 101—155-беттер

К. МАРКС

УАҚЫТША ОРТАЛЫҚ СОВЕТТІҢ ДЕЛЕГАТТАРЫНА ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУ³⁸

1. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Уақытша Орталық Совет Уақытша Уставта* баяндалған *ұйымдық жоспарды* жалпы және тұтасынан қабылдауды ұсынады. Бұл жоспардың дұрыстығын және бірлесіп қимыл жасауға нұқсан келтірмей, түрлі елдердің жағдайларына оны қолдануға болатындығын екі жылдық тәжірибе дәлелдеді. Біз келесі жылы Орталық Советтің тұрағы етіп Лондонды қалдыруды ұсынамыз, өйткені континенттегі жағдай, сірә, қандай болсын бір өзгерістер үшін қолайсыз болу керек.

Орталық Совет мүшелерін кооптациялайтын правосы болатын етіп конгресс сайлауға тиіс екені (Уақытша Уставтың 5-параграфы) өзінен-өзі түсінікті.

Бас секретарьды Серіктіктің ақы төленетін бірден-бір лауазымды адамы ретінде бір жылға конгресте сайлау керек. Біз оған аптасына 2 ф. ст. төлеуді ұсынамыз**.

Серіктіктің әрбір жеке мүшесі үшін бірыңғай жылдық жарна жарты пенни (бір пенни болуы да мүмкін) болып белгіленеді. Мүшелік карточканың (кітапшаның) құны қосымша төленуге тиіс.

Серіктік мүшелерін өзара көмектесу қоғамдарын құрып, бұлардың арасында интернационалдық байланыс орнатуға шақыра отырып, біз сонымен бірге бұл мәселе жөніндегі инициативаны (өзара көмектесу қоғамдарын құру; Серіктік мүшелерінің жетімдеріне моральдық және материалдық көмек көрсету) швейцариялықтарға береміз, өйткені бұл ұсынысты өткен жылғы сентябрьде болған конференцияда солар ұсынған болатын³⁹.

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 12—15-бзттер. *Ред.*

** Француз және неміс тілдеріндегі текстерде бұдан әрі мынадай абзац келеді: «Орталық Советтің іс жүзіндегі атқарушы органы болып табылатын Тұрақты комитетті конгресс сайлауға тиіс; оның жекелеген мүшелерінің міндетті қызметін Орталық Совет белгілейді». *Ред.*

2. ЕҢБЕК ПЕН КАПИТАЛ АРАСЫНДАҒЫ КҮРЕСТЕ СЕРІКТІКТІҢ КӨМЕГІМЕН ҚИМЫЛДАРДЫ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ТҮРҒЫДАН БІРІКТІРУ

(а) Жалпы айтқанда, бұл мәселе Халықаралық Серіктіктің бүкіл қызметін қамтиды; Халықаралық Серіктіктің мақсаты — түрлі елдердің жұмысшы табының өзін азат ету жолындағы осы кезге дейін бытыраңқы болып келген күресін ортақ арнаға бағыттап, біріктіру.

(b) Біздің Серіктіктің осы кезге дейін ойдағыдай орындап келген ерекше қызметтерінің бірі стачкалар мен локауттер бола қалған жағдайда шетелдік жұмысшыларды жергілікті жұмысшыларға қарсы қару қылып қастандықпен пайдалануға қашанда әзір тұратын капиталистердің тіміскі әрекеттеріне қарсылық жасау болып табылады. Серіктіктің ұлы мақсаттарының бірі — түрлі елдер жұмысшыларының біртұтас армия қатарында өзін азат ету жолында күресуші бауырлар мен жолдастар екенін сезініп қана қоймай, бірлесіп қимыл жасауына жету.

(с) Барлық елдердегі жұмысшы табының жағдайын статистикалық тұрғыдан жұмысшы табының өзінің тексеруі — «қимылдарды интернационалдық тұрғыдан біріктірудің» ұлы үлгісі болып табылады. Табысқа жетеміз деген азды-көпті үмітпен әрекет ету үшін қолға алғалы тұрған материалды білу керек. Осындай зор еңбекке кірісе отырып, жұмысшылар өз тағдырын өзінің қолына алуға қабілетті екенін дәлелдейді. Сондықтан біздің ұсынатынымыз:

Біздің Серіктігіміздің бөлімшелері бар әрбір жерде дереу жұмысқа кірісіп, тексерудің ұсынылып отырған схемасында көрсетілген түрлі пункттер бойынша нақты мәліметтер жиналсын.

Конгресс Европа мен Америка Құрама Штаттарының барлық жұмысшыларын жұмысшы табы туралы статистикалық мәліметтерді жинауға қатысуға шақырады; баяндамалар мен нақты мәліметтерді Орталық Советке жіберу керек. Орталық Совет осы материалдардың негізінде жалпы баяндама жазып, нақты мәліметтерді оған қосымша түрінде қосады.

Бұл баяндама қосымшамен бірге жыл сайынғы кезекті конгресске тапсырылып, ол бекіткеннен кейін Серіктіктің қаржысымен баспаға басылады.

ТЕКСЕРУДІҢ ЖАЛПЫ СХЕМАСЫ. БҮЛ СХЕМАҒА
ӘРБІР ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛУІ, ӘРИНЕ, МҮМКІН

1. Өндірістің аты.
2. Мұнда жұмыс істейтін адамдардың жасы және жынысы.
3. Ондағы жұмыс істейтін адамдардың саны.
4. Жалақы: (а) шәкірттердің жалақысы; (b) еңбекке күндік ақы төлене ме немесе кесімді ақы төлене ме; делдалдар төлейтін

ақының мөлшері. Апталық, жылдық орташа жалақы.

5. (а) Фабрикалардағы жұмыс күнінің ұзақтығы. (б) Ұсақ кәсіпкерлерде және үйдегі өндірісте (өндірістің барлық осы түрлері болған ретте) жұмыс күнінің ұзақтығы. (с) Түнгі және күндізгі еңбек.

6. Тамақ ішуге жасалатын үзілістер және жұмысшыларға көзқарас.

7. Шеберхананың және еңбек жағдайларының сипаттамасы: үйдің тарлығы, желдетудің нашарлығы, күн жарығының жеткіліксіздігі, газ жарығын қолдану. Тазалық, т. б.

8. Жұмыстардың түрі.

9. Жұмыстың адамның табиғи жағдайына әсері.

10. Моральдық жағдайлар. Тәлім-тәрбие.

11. Өндіріс жағдайы. Ол маусымдық өндіріс пе немесе бүкіл жыл бойына азды-көпті бірқалыпты жұмыс істей ме, едәуір ауытқып отыра ма, шетел бәсекесіне түсіп отыра ма, өндіріс көбінесе қай рынокты қамтиды, ішкі рынокты ма немесе сыртқы рынокты ма, т. т.

3. ЖҰМЫС КҮНІН ШЕКТЕУ

Жұмыс күнін шектеу алғашқы шарт болып табылады, өйткені бұлай етпейінше жұмысшылардың жағдайын жақсартып, оларды азат етпек болған бұдан былайғы әрекеттердің бәрі сәтсіздікке ұшырайды.

Бұлай шектеу әрбір халықтың негізгі тұлғасы болып табылатын жұмысшы табының денсаулығы мен дене қуатын қалпына келтіру үшін де, жұмысшылардың ақыл-ой тұрғысынан дамуының мүмкіншілігін, өзара достық қарым-қатынас жасауын, әлеуметтік және саяси қызмет істеуін қамтамасыз ету үшін де қажет.

Біз жұмыс күнін *8 сағат етіп заң жүзінде шектеуді* ұсынамыз. Бұлай шектеу Америка Құрама Штаттары жұмысшыларының жалпы талабы болып табылады⁴⁰; конгрестің шешімі мұны бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы табының ортақ платформасы етеді.

Серіктіктің континенттегі, фабрикалық заңдар жөніндегі тәжірибесі онша көп емес мүшелерінің есіне саларымыз: егер осы 8 сағаттық еңбек күннің қай *уақытында* болатыны дәл көрсетілмесе, заң арқылы белгіленген шектеудің ешқайсысы да мақсатына жете алмайды және мұны капитал бұзып отырады. Бұл уақыттың ұзақтығы 8 сағаттық еңбекпен және тамақ ішу үшін жасалатын үзілістерге керекті қосымша уақытпен белгіленуге тиіс. Мәселен, егер тамақ ішуге жасалатын түрлі үзілістер *бір сағат* уақыт алатын болса, онда заң арқылы белгіленген күндік уақыт 9 сағатты қамтуға тиіс, айтайық, таңертеңгі сағат 7-ден

күндізгі сағат 4-ке дейін немесе таңертеңгі сағат 8-ден күндізгі сағат 5-ке дейін болу керек т. с. Түнгі еңбекке заң арқылы нақты белгіленген өндірістерде немесе өндіріс салаларында тек айрықша жағдайда ғана рұқсат етілуге тиіс. Ал анығында түнгі еңбекті мүлде болдырмауға ұмтылу керек.

Бұл параграф ересек еркектер мен әйелдерге ғана қатысты; айта кетейік, әйелдер *қандай болсын түнгі жұмысқа*, сондай-ақ неғұрлым нәзік әйел организмі үшін қауіпті және оны улы немесе басқа да зиянды нәрселердің әсеріне ұшырататын барлық еңбек түрлеріне мүлде жіберілмеуге тиіс. Ересектер дегенде біз жасы 18-ге толған барлық адамдарды айтамыз.

4. БАЛАЛАР МЕН ЖЕТКІНШЕКТЕР (ҰЛЫ ДА, ҚЫЗЫ ДА) ЕҢБЕГІ

Біз қазіргі заманғы өнеркәсіптің балалар мен жеткіншектерді ұл демей, қыз демей қоғамдық өндірістің ұлы ісіне қатыстыруға тарту тенденциясын, мұның өзі капиталистік құрылыс тұсында сұрықсыз түр алғанымен, прогресті, жақсы және заңды тенденция деп санаймыз. Ақылға қонымды қоғамдық құрылыс тұсында *әрбір бала* 9 жасынан бастап еңбекке жарамды әрбір ересек адам сияқты өндіргіш қызметкер болуға тиіс, табиғаттың жалпы заңына бағынуға тиіс, атап айтқанда: ішіп-жеу үшін ол жұмыс істеуге тиіс, жұмыс істегенде миымен ғана емес, қолымен де жұмыс істеуге тиіс. Алайда қазіргі уақытта біздің міндетіміз жұмысшы табының балалары мен жеткіншектерінің қамын ойлау ғана болып отыр.

Біз физиологияға сүйене отырып, балалар мен жеткіншектерді ұл-қыз демей өздеріне түрліше көзқараспен қарауды талап ететін *үш топқа* бөлу қажет деп есептейміз, бұлар: бірінші топқа жасы 9 дан 12 ге дейінгі балалар енуге тиіс, екінші топқа 13 тен 15 ке дейінгілер, үшінші топқа 16 және 17 жастағылар енуге тиіс. Біздің ұсынатынымыз: бірінші топ үшін қандай болсын шеберханада немесе үйде істелетін еңбекті заң *екі* сағат етіп шек қойсын; екінші топ үшін *төрт* сағат және үшінші топ үшін *алты* сағат етіп шек қойылсын. Үшінші топ үшін тамақ ішуге немесе демалуға кемінде бір сағат үзіліс болуға тиіс.

Бәлкім, бастауыш мектеп оқуын 9 жастан бұрын бастаған жөн болар еді; бірақ біз бұл арада жұмысшыны капиталдың қорлануының жай қаруы болуға дейін құлдыратып, мұқтаждық езіп тастаған ата-аналарды өз балаларын сататын құл иеленушілерге айналдыратын әлеуметтік құрылыстың тенденцияларына қарсы амалдың ең қажеттісіне ғана тоқталып отырмыз. Балалар мен жеткіншектердің *праволары* қорғалуға тиіс. Бұлар өздерін өздері қорғай алмайды. Сондықтан оларға араша түсу қоғамның борышы.

Егер буржуазия мен аристократия өз ұрпағы жөніндегі міндетін елемейді екен, бұл олардың өз жұмысы. Бұл таптардың артықшылық жағдайын пайдалана отырып, бала олардың соқыр сенімдерінен де амалсыз азап шегеді.

Жұмысшы табы үшін мәселе мүлде басқаша болып отыр. Жұмысшының өз еркі өзінде емес. Тым көп жағдайда оның тіпті қараңғылығы соншалық, өз баласының шынайы мүдделерін немесе адамның өсіп-дамуының қалыпты жағдайларын түсіне алмайды. Қалай болғанмен де — неғұрлым алдыңғы қатарлы жұмысшылар өз табының, демек, адамзаттың болашағы жеткіншек жұмысшы ұрпағына тәлім-тәрбие беруге түгелдей байланысты екенін әбден түсінеді. Олар ең алдымен жұмыс істеуші балалар мен жеткіншектерді қазіргі заманғы системаның бүлдірушілік әрекетінен қорғау керектігін біледі. Бұған *қоғамдық сананы қоғамдық күшке* айналдыру арқылы ғана жетуге болады, ал қазіргі жағдайларда мұны мемлекеттік өкімет жүзеге асыратын *жалпы заңдар* арқылы ғана істеуге болады. Мұндай заңдарды жүзеге асырумен жұмысшы табы үкіметтің билігін тіпті де нығайтпайды. Қайта, жұмысшы табы қазір өзіне қарсы пайдаланылып отырған өкімет билігін өз қаруына айналдырады, сөйтіп ол толып жатқан бытыраңқы жеке күш жұмсаулар арқылы жетуге босқа тырысып келген нәрсесін жалпы заң жолымен жүзеге асырады.

Осы айтылғандарға сүйене отырып, біз балалар мен жеткіншектердің еңбегі тәлім-тәрбие берумен ұштастырылмайтын болса, ата-аналар мен кәсіпкерлерге олардың еңбегін пайдалануға ешқандай ретте рұқсат етілмейтінін мәлімдейміз.

Біз тәлім-тәрбие деп мына үш нәрсені түсінеміз:

Біріншіден: *ақыл-ой тәрбиесі*.

Екіншіден: *дене тәрбиесі*, гимнастика мектептерінде берілетін және әскери жаттығулар арқылы берілетін тәрбие секілді тәрбие.

Үшіншіден: *техникалық оқыту*, мұның өзі өндірістің барлық процестерінің негізгі принциптерімен таныстырады және сонымен бірге баланы немесе жеткіншекті барлық өндірістердің қарапайым құралдарын пайдалану дағдысына үйретеді.

Балалар мен жұмысшы жеткіншектердің жастарына қарап топ-топқа бөлінуіне ақыл-ой мен дене тәрбиесінің және техникалық оқытудың бірге-бірте қиындай түсетін курсы сай келуге тиіс. Техникалық мектептердің жұмсайтын шығындарының біразы олардың өндірген өнімдерін сату арқылы өтелуге тиіс.

Ақы төленетін өндіргіш еңбектің, ақыл-ой тәрбиесінің, дене шынықтыру жаттығуларының және политехникалық оқытудың ұштасуы жұмысшы табын аристократия мен буржуазияның деңгейінен едәуір жоғары көтереді.

9 жастан 17 жасқа дейінгі (17 жастағыны қоса) адамдардың

бәрінің еңбегін түнде және денсаулық үшін зиянды барлық өндірістерде қолдануға заң арқылы қатаң тыйым салынуға тиіс екендігі өзінен-өзі түсінікті.

5. КООПЕРАТИВТІК ЕҢБЕК

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі жұмысшы табының *стихиялық қозғалысын* ортақ арнаға бағыттап, біріктіруді өзіне мақсат етіп қояды, бірақ жұмысшы табына қандай болсын бір доктринерлік жүйелерді баса-көктеп таңуды тіпті де мақсат етпейді. Сондықтан кооперацияның қайсы бір *ерекше жүйесін* конгрестің жариялауының керегі жоқ, кейбір жалпы принциптерді баяндауымен тынуы керек.

(а) Біз кооперативтік қозғалыс таптық антагонизмге негізделген қазіргі қоғамды қайта құратын күштердің бірі болып табылады деп есептейміз. Бұл қозғалыстың сіңірген үлкен қызметі мынада: мұның өзі *еңбекті* капиталға *бағындырудың* қазіргі озбырлық және пауперизмді туғызатын жүйесін *еркін және дәрежесі тең өндірушілер ассоциациясының* республикалық және игілікті жүйесімен ауыстыру мүмкіншілігін іс жүзінде көрсетеді.

(b) Алайда жалдама еңбектің жекелеген құлдарының өз күш-жігерін жұмсауымен ғана құра алатын мардымсыз формалармен шектелетін кооперативтік жүйе капиталистік қоғамды ешқашан өзгерте алмайды. Қоғамдық өндірісті еркін кооперативтік еңбектің бірыңғай, кең және үйлесімді жүйесіне айналдыру үшін *жалпы әлеуметтік өзгерістер қажет, қоғамдық құрылыстың негіздерін өзгерту қажет*, ал бұл өзгерістерге қоғамның ұйымдасқан күштері, яғни мемлекеттік өкіметтің капиталистер мен жер иеленушілерден өндірушілердің өздеріне көшуі арқылы ғана жетуге болады.

(c) Жұмысшыларға ұсынарымыз: *кооперативтік саудадан* гөрі *кооперативтік өндірісті* қолға алған жақсы. Кооперативтік сауда қазіргі заманғы экономикалық құрылыстың үстіңгі жағын ғана қамтиды, ал кооперативтік өндіріс ол құрылыстың негізін қиратады.

(d) Барлық кооперативтік қоғамдарға ұсынарымыз: өздерінің жалпы табысының бір бөлегін іспен де, сөзбен де өз принциптерін насихаттау үшін, атап айтқанда, өз ілімін таратумен қатар жаңа өндірістік-кооперативтік қоғамдарды құруға жәрдемдесе отырып, сол насихатқа керекті қорға айналдыру.

(e) Кооперативтік қоғамдардың әдеттегі буржуазиялық акционерлік қоғамдарға (*sociétés par actions*) айналып, азып кетуінен сақ болу үшін әрбір кәсіпорынның жұмысшылары, өздерінің жарнашылар болу-болмауына қарамастан, табыстан тең үлес алып отыруға тиіс. Таза уақытша шара ретінде жарнашылардың шағын процент алатын болуына біз келісеміз.

6. КӘСІПТІК ЖҰМЫСШЫ ОДАҚТАРЫ (ТРЕД-ЮНИОНДАР).

БҰЛАРДЫҢ ӨТКЕНДЕГІСІ, ҚАЗІРГІСІ МЕН БОЛАШАҒЫ

(а) Бұлардың өткендегісі.

Капитал шоғырланған қоғамдық күш болып табылады, ал жұмысшының өз жұмыс күші ғана бар. Демек, капитал мен еңбек арасындағы *шарт* әділетті шарттар негізінде, тіпті күн көріс пен еңбектің материалдық құралдарын меншіктену жанды өндіргіш күшке қарсы тұратын қоғамның тұрғысынан алғанда әділетті деп есептелетін шарттар негізінде жасалуы ешқашан мүмкін емес. Жұмысшылардың әлеуметтік күші олардың санында ғана. Бірақ сан жағынан басымдылықтың күшін олардың бытыраңқылығы жойып жібереді. Жұмысшылардың бытыраңқылығы *олардың өз арасындағы сөзсіз болатын бәсеке* салдарынан туады және қазір де бар.

Кәсіптік одақтар бастапқыда жұмысшылардың өздерін ең болмаса жай ғана құлдардың күй-жайынан құтқаратындай келісім шарттарын жеңіп алу үшін әлгі бәсекені жоймақ немесе тым болмаса бәсеңдетпек болған *стихиялық* әрекеттерінен туды. Сондықтан кәсіптік одақтардың тікелей міндеті күнделікті мұқтаждықтармен, капиталдың үздіксіз шабуылын тоқтату әрекеттерімен, қысқасы,— жалақы мен жұмыс уақыты мәселелерімен шектеліп отырды. Кәсіптік одақтардың мұндай қызметінің заңды екені былай тұрсын, тіпті қажет қызмет болды. Өндірістің қазіргі әдісі болып отырғанда онсыз болмайды. Оның үстіне, бұл қызмет барлық елдерде кәсіптік одақтар құрып, біріктіру арқылы жаппай өріс алуға тиіс. Екінші жағынан,— орта ғасырлық муниципалитеттер мен коммуналардың буржуазия үшін ұйымдастырушылық орталықтар болғаны сияқты кәсіптік одақтар, бұлай болғанын өздері де ұғынбай, жұмысшы табы үшін *ұйымдастырушылық орталықтарына* айналды. Егер кәсіптік одақтар капитал мен еңбек арасындағы партизандық күрес үшін қажет болса, онда олар *жалдама еңбек системасының өзін және капитал өкіметін жою үшін керек болатын ұйымдасқан күш* ретінде онан да гөрі маңызды.

(б) Олардың қазіргісі.

Капиталға қарсы тек қана жергілікті және тікелей күреспен тым жиі шұғылданатын кәсіптік одақтар жалдама еңбек системасының өзіне қарсы күрес жүргізу үшін өздерінің қандай күш болып табылатынын әлі толық ұғынған жоқ. Сондықтан олар жалпы әлеуметтік және саяси қозғалыстан тым шет тұрды. Соңғы уақытта олардың өздерінің ұлы тарихи міндетін ұғынуы қалай дегенмен, сірә*, оянған тәрізді; мұны, мәселен, олардың

* Немісше тексте былай деп қосылған: «ең болмағанда Англияда». Ред.

Англиядағы қазіргі саяси қозғалысқа қатысуы⁴¹, Қурама Штаттарда өз міндетін олардың неғұрлым кең түсінуі⁴² және тред-юниондар делегаттарының таяуда Шеффилдте болған үлкен конференциясында⁴³ қабылданған төмендегі қарар дәлелдеп отыр:

«Бұл конференция Халықаралық Серіктіктің барлық елдердің жұмысшыларын біртұтас туысқандық одаққа біріктіру жөніндегі қызметін тиісінше бағалай отырып, осында өкілдері қатысып отырған түрлі қоғамдарға осы Серіктікке кіруді барынша ұсынады, Серіктік бүкіл жұмысшы халықтың прогресі мен гүлденуіне едәуір жәрдемдеседі деп ойлайды».

(с) Олардың болашағы.

Кәсіптік одақтар өздерінің бастапқы мақсаттарына қарамастан, енді жұмысшы табын *толық азат етуді* өзінің ұлы міндеті етіп алға қойып, жұмысшы табының ұйымдастырушы орталықтары ретінде саналы түрде қимыл жасауға үйренуі тиіс. Олар осы бағытта болатын әлеуметтік және саяси қозғалыстың қай-қайсысын да қолдап отыруға тиіс. Өздерін бүкіл жұмысшы табының өкіліміз және оның мүдделері үшін күресушіміз деп есептеп және іс жүзінде осы тұрғыда қимыл жасай отырып, олар ұйымдаспаған жұмысшыларды да өз қатарына тартуға міндетті. Олар ақы бәрінен нашар төленетін өндіріс салалары жұмысшыларының, мәселен, қолайсыз жағдайлардың салдарынан мүлде дәрменсіз* ауыл шаруашылық жұмысшыларының мүдделеріне ерекше қамқорлық жасауға тиіс. Кәсіптік одақтар өздерінің әсте де тар, өзіншілдік мүдделер үшін күресіп отырмағанын, езілген миллиондарды азат ету үшін күресіп отырғанын бүкіл дүние жүзіне дәлелдеуге тиіс.

7. ТӨТЕ ЖӘНЕ ЖАНАМА САЛЫҚТАР

(а) Салық салу формасында болатын өзгерістердің ешқайсысы еңбек пен капитал арасындағы қатынастарда айтарлықтай өзгерістер туғыза алмайды.

(б) Дегенмен, салық салудың екі жүйесінің бірін таңдау керек болса, біз *жанама салықтарды толық жойып, оларды төте салықтармен түгел алмастыруды* ұсынамыз;

Мұның себебі, жанама салықтар товарлардың бағасын көтереді, өйткені саудагерлер бұл бағаларға жанама салықтардың сомасын ғана емес, оларды төлеуге авансыланған капиталға деген процентті де, пайданы да қосады;

Мұның себебі, жанама салықтар әрбір жеке адамнан оның мемлекетке төлейтін сомасын жасырып көрсетпейді, ал төте

* Французша тексте «мүлде дәрменсіз» деген сөздердің орнына: «ұйымдасып қарсылық көрсетуге қабілетсіз» деп басылған. *Ред.*

салық болса ештемемен бүркемеленбеген, ашықтан-ашық алынады және тіпті ең қараңғы адамды да адастырмайды. Демек, төте салықтар әрбір адамды үкіметті бақылауға ұмтылдырады, ал жанама салықтар өзін-өзі басқаруға ұмтылу атаулыны басып тастайды.

8. ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ КРЕДИТ

Инициативаны француздарға беру керек.

9. ПОЛЬША МӘСЕЛЕСІ*

(а) Европа жұмысшыларының бұл мәселені көтеріп отырған себебі не? Ең алдымен мұның себебі, буржуазия жазушылары мен үгітшілері континенттегі барлық ұлттарға, тіпті Ирландияға қамқорсынғансып отырса да, бұл мәселе жөнінде үндемеуге сөз байласты. Бұлай үндемеудің себебі қандай? Оның себебі сол, аристократтар да, буржуалар да кейінгі қатарда тұрған азиаттық қараңғы державаға жұмысшы қозғалысының көтеріліп келе жатқан толқынына қарсы тұратын соңғы тірек ретінде қарайды. Бұл державаның Польшаны демократиялық негізде қалпына келтіру арқылы ғана шын мәнінде тойтарылуы мүмкін.

(b) Орталық Еуропаның, соның ішінде Германияның қазіргі өзгерген жағдайында демократиялық Польшаның өмір сүруі қашанғыдан да гөрі қажет. Мұнсыз Германия Қасиетті одақтың⁴⁴ қамалына айналады, ал демократиялық Польша болған жағдайда Германия республикалық Франциямен ынтымақтасуға келеді. Осы маңызды европалық мәселе шешілмейінше, жұмысшы қозғалысы әрқашан кедергілерге кездесіп, жеңіліске ұшырайтын болады және оның дамуы кешеуілдейтін болады.

(с) Бұл мәселе жөніндегі инициативаны өзіне алу әсіресе Германия жұмысшы табының борышы болып табылады, өйткені Германия — Польшаны бөлісуге қатысушылардың бірі.

10. АРМИЯЛАР**

(а) Зор тұрақты армиялардың *өндіріске* құртатын ықпал жасайтыны қай-қайдағы атақтармен өткізілген буржуазиялық конгрестерде, бейбіт, экономикалық, статистикалық, филантро-

* Французша текст былай делінген: «Ұлттардың өзін өзі билеу право-
ларын жүзеге асыру және демократиялық, әлеуметтік негіздерде Польшаны
қалпына келтіру арқылы Европада орыс ықпалын жою қажеттігі туралы».
Ред.

** Французша текст былай делінген: «Тұрақты армиялар өздерінің өн-
діріске қатынасында». *Ред.*

пиялық және социологиялық конгрестерде жеткілікті дәлелденді. Сондықтан біз бұл тақырыпқа көп тоқталып жатуды мүлде артық деп есептейміз.

(b) Біз халықты жаппай қаруландыруды және қарумен пайдалана білуді жаппай үйретуді ұсынамыз.

(c) Біз милицияның командалық құрамын үйрету мектептері ретінде қызмет ететін шағын тұрақты армиялардың болуын уақытша қажетті шара ретінде мақұлдаймыз; әрбір ер азамат осы армияларда өте қысқа уақыт қызмет етуге тиіс.

11. ДІН МӘСЕЛЕСІ*

Инициативаны француздарға беру керек.

К. Маркс 1866 ж. августтың аяғында жазған Мына газеттерде басылған: „The International Courier” №№ 6—7, 20 февраль және №№ 8—10, 13 март, 1867 ж., „Le Courier International” №№ 10, 11, 9 және 16 март, 1867 ж., сондай-ақ мына журналда басылған: „Der Uorbote” №№ 10, 11, октябрь және ноябрь, 1866 ж.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 194—203-беттер

* Французша тексте былай делінген: «Діни идеялар: олардың әлеуметтік, саяси және интеллектуалдық дамуға ықпалы». Ред.

К. МАРКС

«КАПИТАЛДЫҢ»⁴⁵ БІРІНШІ ТОМЫНЫҢ НЕМІСШЕ БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Бірінші томын мен жұртшылықтың назарына ұсынып отырған бұл еңбек — менің 1859 жылы жарияланған «Саяси экономия сыны жөнінде»* деген еңбегімнің жалғасы. Мұның басталуы мен жалғасы арасында ұсақ үзіліс болуына менің жұмысымды қайта-қайта тоқтатып тастап отырған, көптеген жылға созылған науқасым себеп болды.

Жоғарыда аталған, ертеректе жазылған шығарманың мазмұнына осы томның бірінші тарауында⁴⁶ қорытынды жасалды. Мен мұны зерттеудің барынша сабақтас және толық болуы үшін ғана істегенім жоқ. Баяндаудың өзі жақсартылды. Бұрын тек болар-болмас белгіленген көптеген пункттер бұл жерде, зерттеліп отырған пәннің аумағына қарай, одан әрі кеңітілді, ал, мұның керісінше, ондағы толық талданған пункттер бұл жерде тек қысқаша ғана аталып өтті. Сондықтан құн мен ақша теориясының тарихи дамуына қатысты бөлімдердің мұнан мүлде шығарылып тасталғаны өзінен өзі түсінікті. Алайда «Саяси экономия сыны жөнінде» деген еңбекпен таныс оқушы осы шығарманың бірінші тарауындағы ескертулерден бұл теориялардың тарихы жөнінде жаңа деректемелер табады.

Әр нәрсенің басталуы қиын, — бұл ақиқат әрбір ғылым үшін әділ нәрсе. Сондықтан бұл ретте де ең қиыны бірінші тарауды түсіну болады, — әсіресе оның товарға талдау жасау жөніндегі бөлімін түсіну қиынға соғады. Ал әсіресе құн субстанциясы мен құнның мөлшері жөніндегі талдауды алатын болсақ, мен оны мүмкіндігінше ұғымды еттім¹⁾. Ақша формасында аяқталған

* Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 1—167-беттер. Ред.*

¹⁾ Мұның өте-мөте қажетті көрінуі мынадан болды: Ф. Лассальдың тіпті Шульце-Деличке қарсы бағытталған еңбегінің бір бөлімінде де елеулі түсіп-беушіліктәр бар, онда, автордың айтуына қарағанда, бұл предмет жөніндегі менің зерттеуімнің «рухани квинтэссенциясы» берілген⁴⁷. Реті келгенде айта кетейін: Ф. Лассаль өзінің экономикалық еңбектерінің барлық жалпы теориялық қағидаларын, мәселен, капиталдың тарихи сипаты туралы, өндірістік қатынастар мен өндіріс әдісінің арасындағы байланыс туралы, т. т. туралы қағидаларды түгелдей дерлік менің шығармаларымнан алған болса, ең аяғы

түрге түсетін құн формасы өте мазмұнсыз әрі қарапайым. Солай бола тұрса да, адам баласының ойы 2 000 жылдан аса уақыт бойы мұны анықтап білуге босқа әуреленді, ал оның бер жағында, екінші жағынан, адам баласының ойы анағұрлым мазмұнды да күрделі формаларға, ең болмағанда, шамалап болса да, талдау жасай алды. Неліктен? Мұның себебі дененің кішкене клеткасын зерттеуден гөрі жетілген дененің өзін зерттеу оңай. Оның үстіне экономикалық формаларға талдау жасауда микроскопты да, химиялық реактивтерді де пайдалануға болмайды. Бұл екеуінің орнына абстракцияның күші жүруге тиіс. Ал еңбек өнімінің товарлық формасы немесе товар құнының формасы буржуазиялық қоғамның экономикалық клеткасының формасы болып табылады. Байыбына бармаған адамға оған жасалған талдау тек ұсақ-түйектер жайында білгішсіну болып көрінеді. Ал бұлар шынында да ұсақ-түйектер, бірақ бұлар, мәселен, микроанатомия шұғылданатын ұсақ-түйектер сияқты.

Құн формасы жайындағы бөлімі болмаса, бұл кітап түсінуге қиын емес. Менің айтып отырғаным, әрине, белгілі бір жаңалықты үйренгісі келетін, демек, өздігінен ойлағысы келетін оқушылар.

Физик табиғат процестерін не олардың барынша айқын формада көрінетін және оларды бұзушы ықпалдар онша көмескілемейтін жерде бақылайды, немесе, мүмкін болатын болса, процесс барысының таза түрде болуын қамтамасыз ететін жағдайларда эксперимент жасайды. Бұл еңбекте менің зерттеп отырғаным капиталистік өндіріс әдісі және оған сай келетін өндіріс пен айырбас қатынастары болып табылады. Осы өндіріс әдісінің классикалық елі әлі күнге дейін Англия болып келеді. Менің теориялық қорытындыларым үшін бұл елдің басты мысал болған себебі міне осыдан. Бірақ егер неміс оқушысы ағылшынның өнеркәсіп және ауыл шаруашылық жұмысшылары ұшырап отырған жағдайлар жөнінде екіжүзділікке салынып танданатын болса, немесе Германияда істің жайы оншалықты жаман емес деп өзін оптимистікпен жұбататын болса, онда мен оған былай деп ескертуге тиіспін: *De te fabula narratur!* [Осының өзі сенің тарихың емес пе!]*

Жеке алып қарайтын болсақ, бұл жерде мәселе капиталистік өндірістің табиғи заңдарынан туатын қоғамдық антагонизмдер-

менің жасаған терминологиямды да сөзбә-сөз дерлік қолданған болса, бірақ алған деректемесі көрсетілмеген болса, мұның себебі, әрине, насихат жүргізу ниетін көздеуден болған. Әлбетте, мен жеке қағидалар мен бұлардың практикалық қолданылуы туралы айтып отырғаным жоқ, өйткені бұларға менің ешқандай қатысым жоқ.

* — *Mutato nomine de te fabula narratur* (Атыңды ғана өзгертсе болғаны, осының өзі сенің тарихың емес пе). *Горацій*. «Сатиралар», I кітап, бірінші сатира. *Ред.*

дің даму сатысының азды-көпті жоғары болуында емес. Мәселе бұлтартпас қажеттілікпен қимыл жасап, жүзеге асып отыратын осы заңдардың өзінде, осы тенденциялардың өзінде. Өнеркәсіп жағынан басым дамыған ел бәсең дамыған елге оның өз болашағының суреттемесін ғана көрсетеді.

Бірақ бұл жеткіліксіз. Бізде капиталистік өндіріс толық орнаған жерде, мәселен, сөздің шын мағынасындағы фабрикаларда, біздің жағдайымыз ағылшындардың жағдайынан анағұрлым нашар, өйткені бізде фабрикалық заңдар түріндегі қарсы амал жоқ. Басқа салалардың бәрінде біз, Батыс Еуропаның басқа да континенттік елдері сияқты, тек капиталистік өндірістің дамуынан ғана емес, сонымен қатар оның дамуының жеткіліксіздігінен де зардап шегіп отырмыз. Бізді қазіргі заманның кеселдерімен қатар, ескіден мұра болып қалған толып жатқан кеселдер де жаншып келеді, бұл кеселдер дәурені өткен, атам заманғы өндіріс әдістері мен оларға сай келетін ескірген қоғамдық және саяси қатынастардың әлі де жан сақтап келе жатқандығынан туып отыр. Біз тек тірілерден ғана емес, сонымен қатар өлілерден де зардап шегіп отырмыз. *Le mort saisit le vif!* [Өлі тіріге жармасады!]

Англияның статистикасымен салыстырғанда, Германияның және Батыс Еуропадағы басқа да континенттік елдердің әлеуметтік статистикасы өте аянышты күйде. Алайда бұл статистика жамылғының бір шегін ашқанда, оның астында Медузаның басы жатыр ма деп күдіктенуге болатындай етіп ашады. Егер біздің үкіметтеріміз бен парламенттеріміз экономикалық жағдайларды тексеру үшін, Англияда істелетіні сияқты, дүркін-дүркін комиссиялар тағайындап отыратын болса, егер осы комиссияларға ақиқатты ашу үшін, нақ Англиядағы сияқты, уәкілдіктер берілетін болса, егер осы мақсат үшін істі жете білетін, әрі әділ, әрі батыл адамдар тауып алынатын болса, ағылшын фабрика инспекторлары, «Public Health» («Халық денсаулығы») туралы есеп жасаушы ағылшын дәрігерлері, әйелдер мен балаларды қанау жағдайларын, тұрғын үйдің, тамақтың және басқалардың жайын тексеруші ағылшын комиссияларының мүшелері сияқтылар тауып алынса, біздің өз істеріміздің жайы өзімізді шошындырған болар еді. Жалмауыздардың ізіне түсу үшін Персейге киіп алса ешкімнің көзіне түсірмейтін бөрік қажет болған еді. Ал біз жалмауыздардың өмір сүріп отырғанының өзін беркерге шығару үшін көрінбес бөрікті басы-көзімізді жаба киіп отырмыз.

Бос қиялға салынатын ешнәрсе жоқ. XVIII ғасырдағы тәуелсіздік үшін болған американо-ағылшын соғысы¹⁰ еуропалық буржуазия үшін дабыл қоңырауы сияқты болған болса, XIX ғасырдағы Америкадағы Азамат соғысы⁴ Еуропаның жұмысшы табы жөнінде нақ сондай роль атқарды. Англиядағы төңкеріс процесі

қазірдің өзінде-ақ әбден сезіліп отыр. Белгілі бір дәрежеге жеткеннен кейін ол континентке ауысуға тиіс. Ол мұнда жұмысшы табының өзінің даму деңгейіне қарай неғұрлым қатаң, немесе неғұрлым мейірбанды форма алмақ. Сонымен, неғұрлым жоғары сатыдағы қайсы бір дәлелдерді былай қойғанда, қазір үстемдік етіп отырған таптардың ең көкейтесті мүддесі жұмысшы табының дамуын тежейтін кедергілердің бәрін — заң жүзінде реттеуге болатындарын — жоюды талап етеді. Міне сондықтан да, сөз арасында айта кетейін, мен осы томда ағылшын фабрика заңдарының тарихына, мазмұны мен нәтижелеріне соншалық елеулі орын бердім. Әрбір ұлт басқалардан үйрене алады және үйренуге тиіс те. Қоғам, егер ол тіпті өз дамуының табиғи заңының ізін тапқан күнде де, — ал менің шығармамның түпкі мақсаты қазіргі замандағы қоғам қозғалысының экономикалық заңын ашу болып табылады, — дамудың табиғи сатыларынан аттап та ксте алмайды, оларды декреттермен жоя да алмайды. Бірақ қоғам толғақ азабын азайтып, жеңілдете алады.

Болуы мүмкін түсінбеушіліктерді болғызбау үшін бірнеше сөз айта кетейін. Капиталист пен жер иеленушінің кейпін мадақтаудан мен мүлде аулақпын. Бірақ бұл жерде адамдар туралы әңгіме еткенде олар экономикалық категориялардың бейнесі, белгілі бір таптық қатынастар мен мүдделерді білдіруші болғандықтан ғана әңгіме етіп отырмын. Мен экономикалық қоғамдық формацияның дамуын табиғи-тарихи процесс деп қараймын; сондықтан менің көзқарасым бойынша, қандай да болсын басқа көзқарасқа қарағанда, жеке адам субъективтік жағынан белгілі бір жағдайлардан қаншама жоғары тұрғанымен, әлеуметтік мағынада алғанда өзі сол жағдайлардың жемісі болып қала беретін жағдайлар үшін оның жауаптылығы кемірек деуге болады.

Саяси экономия саласында еркін ғылыми зерттеу басқа салалардағы өзі істес болатын жаулармен ғана кездесіп қоймайды. Саяси экономия шұғылданатын материалдың ерекше сипаты еркін ғылыми зерттеуге қарсы күрес майданына адам жанының нағыз өршеленген, нағыз азғын, жиренішті құмарлықтарын шығарады — жеке мүдденің зәрлі өшпенділігін шығарады. Мәселен, мәртебелі англикан шіркеуі⁴⁸ өзінің ақшалай табысының $\frac{1}{39}$ бөлегіне қарсы жасалған шабуылдан гөрі өзінің наным символындағы 39 статьяның 38-іне қарсы жасалған шабуылды оңайырақ кешіреді. Біздің заманымызда меншіктің дәстүрлі қатынастарын сынаумен салыстырғанда атеизмнің өзі *culpa levis* [кішкене күнә] болып табылады. Алайда бұл жерде де белгілі бір прогрестің барлығы күмәнсыз. Мен, мәселен, соңғы аптада жарияланған: «Correspondence with Her Majesty's Missions Abroad, regarding Industrial Questions and Trades Unions» деген Көк кітапты³ көрсетіп өтейін. Ағылшын тәжінің шетелдегі өкіл-

дері бұл жерде ашықтан-ашық былай дейді: Германияда, Францияда,— бір сөзбен айтқанда, европалық континенттің барлық мәдениетті мемлекеттерінде,— капитал мен еңбек арасында болып отырған қатынастардың түбегейлі өзгеруі, нақ Англиядағыдай, әрі қатты сезілетін, әрі болмай қоймайтын нәрсе. Осымен қатар Атлант мұхитының арғы бетінде Солтүстік Америка Құрама Штаттарының вице-президенті Уэйд мырза жұртшылық жиналысында: құл иеленушілікті жойғаннан кейін капитал қатынастары мен жерге меншіктілік қатынастарын түбегейлі өзгерту күн тәртібіне қойылып отыр деді. Заман талабы осындай; оларды алқызыл шекпенмен де, қара шапанмен де көзден тасалай алмайсың. Мұның өзі, әрине, күні ертең керемет болады деген сөз емес. Бірақ мұның өзі қазіргі қоғам берік кристалл емес, қайта өзгеріп отыра алатын және үздіксіз өзгеру процесін бастан кешіріп отырған организм екенін үстем таптардың өздері де енді аздап сезе бастағанын көрсетеді.

Бұл шығарманың екінші томы капиталдың айналым процесіне (II кітап) және бүкіл капиталистік процестің формаларына (III кітап) арналады, қорытынды үшінші том (IV кітап) экономикалық теориялардың тарихына арналады.

Мен ғылыми сынның айтқандарының бәрін қуанышпен қарсы аламын. Ал қоғамдық пікір дейтіннің соқыр сенімдеріне, мен еш уақытта кеңшілік жасамаған осынау нәрсеге келетін болсақ, менің ұраным бұрынғыша ұлы флоренциялықтың мына сөздері болмақ:

Segu il tuo corso, e lascia dir le gentili*

Лондон, 25 июль, 1867 ж.

Карл Маркс

Бірінші рет мына кітапта жарияланған:
К. Маркс. „Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie“. Erster Band. Hamburg, 1678

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 23-том, 5—11-беттер

* — Жұрт не десе, о десін, өз жолыңмен жүре бер! Данте. «Күдіретті комедия», Тозақ оты, V өлең (өзгертіліп алынған). Ред.

«КАПИТАЛДЫҢ» БІРІНШІ ТОМЫНЫҢ 1872 ЖЫЛЫ НЕМІСШЕ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА СОҢҒЫ СӨЗ

Мен алдымен кітаптың бірінші басылуын оқығандарға екінші басылуында жасалған өзгерістерді көрсетіп өтуге тиіспін. Кітаптың неғұрлым айқын құрылымы көзге түседі. Қосымша ескертулер барлық жерде де екінші басылуына берілген ескертулер деп көрсетілді. Ал текстің өзіне келетін болсақ, ең маңыздылары мыналар.

Бірінші тараудың 1-бөлімінде құнды тендеулерге жасалған талдаудан шығару ісі барынша ғылыми дәлдікпен орындалған, бұл тендеулерде айырбас құны атаулының бәрі көрінеді, сонымен қатар бірінші басылуында құн субстанциясы мен құн мөлшерін қоғамдық қажетті жұмыс уақытымен белгілеу арасындағы тек көрсетіліп қана кеткен байланыс мейлінше айқын көрінеді. Бірінші тараудың 3-бөлімі («Құн формасы») түгелдей қайта өңделді: мұның қажет болған себебі — бірінші басылуында мұның өзі екі рет баяндалған еді. Сөз арасында айта кету керек, менің мұны екі рет баяндауыма Ганновердегі досым д-р Л. Кугельман себеп болды. Мен онымен 1867 жылдың көктемінде кездестім, бұл кезде Гамбургтен кітаптың алғашқы үлгі оттискілері келіп жатыр еді, ал ол мені оқушылардың көпшілігіне құн формасын қосымша, неғұрлым дидактикалық жолмен түсіндіру керек деп сендірді.— Бірінші тараудың соңғы бөлімі: «Товар фетишизмі және т. б.» едәуір өзгертілді. Үшінші тараудың 1-бөлімі («Құндар өлшемі») мұқият қайта қаралды, өйткені бұл бөлім бірінші басылуында үстірт орындалған еді,— оқушыларға 1859 жылы Берлинде басылған «Саяси экономия сыны жөнінде»* деген кітаптағы баяндауға сілтеме жасалған болатын. Жетінші тарау, әсіресе оның 2-бөлімі, едәуір қайта өңделді.

Текске енгізілген жекелеген өзгерістердің бәрін, кейде тек стилистикалық мәні бар өзгерістерді түгел көрсетіп жату пайдасыз болар еді. Мұндай өзгерістер кітаптың әр жерінде-ақ

* Қараныз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 1—167-беттер. Ред.

бар. Алайда, Парижде француз тілінде шыққалы отырған аударманың текстің қайта қарай келіп, мен енді мынадай қорытындыға келіп отырмын: неміс тіліндегі түпнұсқаның кейбір бөлімдері кей жерінде мүлде қайта өңдеуді, кей жерінде тек стилистика жағынан түзетуді немесе кездейсоқ шалалықтарды мұқият түзетуді талап етеді. Бірақ бұл үшін менің уақытым болмады, өйткені тек 1871 жылдың күзінде ғана, басқа да шұғыл жұмыстармен айналысып жатқан кезімде, кітап түгелдей сатылып кетті, екінші басылуы 1872 жылғы январьдың өзінде-ақ басталуға тиіс деген хабар алдым.

Неміс жұмысшы табының қалың ортасында «Капиталдың» тез түсініліп кетуі менің еңбегім үшін аса құрметті сый болып табылады. Вена фабриканы, экономикалық мәселелерде буржуазиялық көзқарасты жақтаушы Майер мырза Франция-Пруссия соғысы кезінде шыққан бір кітапшасында⁴⁹ мынадай бір әділ пікір айтты: немістердің мұрагерлік жетістігі деп есептеліп келген, теориялық ой жөніндегі ерекше қабілеттілік Германияның білімді таптары дейтіндердің арасында мүлдем жойылып кетті, бірақ оның есесіне бұл қабілет оның жұмысшы табы арасында қайтадан жанданып отыр⁵⁰.

Германияда саяси экономия осы уақытқа дейін шетелдік ғылым болып келді. Густав Гюлих «Geschichtliche Darstellung des Handels, der Gewerbe etc.» деген кітабында, әсіресе осы еңбектің 1830 жылы шыққан алғашқы екі томында бізде капиталистік өндіріс әдісінің дамуына, ал демек, қазіргі заманғы буржуазиялық қоғамның қалыптасуына кедергі болған тарихи жағдайларды бұрын едәуір дәрежеде көрсетіп бергенді. Сонымен, саяси экономия үшін өмірлік негіз болған жоқ. Саяси экономия даяр товар түрінде Англия мен Франциядан әкелініп отырды; саяси экономияның неміс профессорлары шәкірт қалпында болып келді. Бөтен шындықтың теориялық көрінісі олардың қолында догмалардың жинағына айналды, олар бұл догмаларды өздерінің төңірегіндегі ұсақ буржуазиялық дүниенің рухында түсіндірді, яғни теріс түсіндірді. Өздерінің ғылыми жағынан дәрменсіз екенін сезінуді және шындығына келгенде өздеріне мүлдем жат салада ұстаздық ролін атқаруға тура келетіні жөніндегі ұнамсыз ойды тойтарып тастау қолдарынан келмейтін болғандықтан, олар әдеби-тарихи ғалымдықтың жасанды байлығымен бүркенуге немесе камералдық ғылымдар деп аталатынның саласынан, — герман бюрократы болуға үміттенген кандидаттың әрқайсысы өтуге тиісті қыл көпірлі сан-алуан ақпарлардың қойыртпағынан алынған мүлдем бөгде материалды пайдалануға тырысты.

1848 жылдан бері қарай капиталистік өндіріс Германияда тез дамыды, ал қазіргі кезде өзінің жалдаптық гүлденуінің нағыз қарбаласынан өтіп жатыр. Бірақ біздің профессионал ға-

лымдарымызға тағдыр бұрынғысынша рақымсыз болып қалып отыр. Германия өмірінде қазіргі заманғы экономикалық қатынастар болмаған кезде олардың саяси экономиямен әділ айналысуға мүмкіндігі бар еді. Ал бұл қатынастар пайда болған кезде, ендігі жерде оларға буржуазиялық көзқарас шеңберінде отырып бұл қатынастарды әділ зерттеуге мүмкіндік бермейтін жағдайлар тап болды. Саяси экономия буржуазиялық саяси экономия болғандықтан, яғни ол капиталистік құрылысты дамудың тарихи өтпелі сатысы емес, қайта, керісінше, қоғамдық өндірістің абсолютті, түпкі формасы деп қарайтындықтан, оның өзі белгілі бір кезенге дейін ғана, тап күресі жасырын қалыпта немесе тек жеке-дара көріністерден байқалып отырғанда ғана ғылыми бола алады.

Англияны алайық. Оның классикалық саяси экономиясы тап күресінің дамымаған дәуіріне қатысты. Ағылшынның классикалық саяси экономиясының соңғы ұлы өкілі Рикардо ақырында келіп өз зерттеуінің бастама пункті етіп таптық мүдделердің, жалақы мен пайданың, пайда мен жер рентасының қарама-қарсылығын әдейі алады, бұл қарама-қарсылықты аңқаулықпен қоғамдық өмірдің табиғи заңы деп қарайды. Осымен бірге буржуазиялық экономика ғылымы өзінің соңғы, атап өтуге болмайтын шегіне жетті. Рикардоның тірі кезінде-ақ және оған қарама-қарсы түрде буржуазиялық экономияны сынау басталды, мұны Сисмонди бастады¹⁾.

Келесі дәуір, 1820—1830 жж. Англияда саяси экономия саласында ғылыми жанданумен сипатталады. Мұның өзі Рикардо теориясын тұрпайыландыру мен тарату дәуірі, сонымен қатар бұл теорияның ескі мектеппен күресу дәуірі еді. Тамаша тартыстар болып қатты. Бұл кезде экономистердің тындырған ісі Европа континентінде оншалықты белгілі емес, өйткені айтыс көбінесе журнал мақалаларында, кездейсоқ кітапшалар мен памфлеттерде бытыраңқы жүргізілді. Рикардоның теориясы айрықша бір ерекшелік ретінде сол кездің өзінде-ақ буржуазиялық экономикаға қарсы шабуыл құралы болып қолданылса да, ол кездегі жағдай бұл айтыстың әділдік сипат алуына себеп болды. Бір жағынан, ірі өнеркәсіптің өзі балалық шағынан жаңа шығып келе жатыр еді; мұны мына жағдайдың өзінен-ақ көруге болады: тек 1825 жылдың дағдарысынан бері ғана оның қазіргі өмірінің дүркін-дүркін қайталама айналысы басталады. Екінші жағынан, капитал мен еңбек арасындағы тап күресі кейінгі қатарға ығыстырылды: саяси салада бұл күресті, бір жағынан, Қасиетті одақ⁴⁴ төңірегіне топтасқан феодалдар мен үкіметтердің, екінші жағынан, буржуазия бастаған халық бұқара-

¹⁾ Менің «Саяси экономия сыны жөнінде» деген еңбегімді қараңыз. Берлин 1859, 39-бет (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 13-том, 47-бет).

сының арасындағы тартыс көлегейледі; экономика саласында бұл күресті өнеркәсіп капиталы мен аристократиялық жер меншігі арасындағы ұрыс-қағыстар көлегейледі; бұл ұрыс-қағыс Францияда парцеллалы меншік пен ірі жер иеленушілік мүдделерінің қарама-қарсылығы тасасында жатқан болса, Англияда астық заңдары³⁰ кезінен бері ашық көрінген еді. Англияның ол замандағы экономикалық әдебиеті д-р Кенэ қайтыс болғаннан кейін Францияда болған дауыл мен тегеурін дәуірін еске түсіреді, бірақ онысы қоныр күздің көктемді еске түсіретініндей ғана. 1830 жылы дағдарыс басталып, ол мұның бәрін бірден шешті.

Буржуазия Франция мен Англияда саяси өкіметті жеңіп алды. Осы кезден бастап тап күресі, практикалық және теориялық күрес, барған сайын өте айқын және қатерлі форма ала бастады. Сонымен бірге ғылыми буржуазиялық саяси экономия үшін өлім сағаты соқты. Ендігі жерде әңгіме белгілі бір теореманың дұрыс-бұрыстығы туралы емес, ол теорема капитал үшін пайдалы ма әлде зиянды ма, қолайлы ма әлде қолайсыз ба, полицейлік көзқараспен үйлесе ме әлде үйлеспей ме деген мағынада болды. Әділ зерттеудің орнын жалдама жазғыштардың айқастары басатын болды, әділ ғылыми ізденушілік орнына күні бұрын белгіленген, жарамсақтана мадақтау қолданыла бастады. Айта кету керек, фабрикантир Кобден мен Брайт бастаған, Астық заңдарына қарсы күрес лигасы басып шығарған дәмешіл шағын трактатсымақтар жер иеленуші аристократияға қарсы айтысы арқылы ғылыми жағынан болмаса да, ең болмағанда тарихи жағынан дегенмен де біраз көңіл бөлерліктей еді. Бірақ сэр Роберт Пиль заманынан бергі жерде тұрпайы саяси экономияның бұл соңғы құралын да фритредерлік заңдар тартып алды.

1848 жылғы континенттік революция Англияға да әсерін тигізді. Ғылым жағынан маңызды болуға дәмеленуден әлі қалмаған және үстем таптардың жай ғана софистері мен жалақорлары болу роліне қанағаттанбаған адамдар капиталдың саяси экономиясын ендігі жерде елемей кетуге болмайтын пролетариат талаптарымен үйлестіруге тырысты. Осыдан келіп ең тәуір өкілі Джон Стюарт Милль болған жадағай синкретизм пайда болды. Мұның өзі,— орыстың ұлы ғалымы әрі сыншысы Н. Чернышевскийдің «Саяси экономияның очерктері (Милль бойынша)» деген еңбегінде-ақ шеберлікпен көрсеткеніндей,— буржуазиялық саяси экономияның күйреуі еді.

Сонымен, Германияда капиталистік өндіріс әдісі Англия мен Францияда оның антагонистік сипаты тарихи күрестің дабыры жер жарған шайқастарында ашылғаннан кейін ғана барып жетілді, ал герман пролетариатының теориялық таптық санасы герман буржуазиясына қарағанда сол кездің өзінде-ақ анағұр-

лым айқын еді. Сөйтіп, буржуазиялық саяси экономияны ғылым ретінде мүмкін етерлік жағдайлар туар-тумақта мұның өзі қайтадан мүмкін болмай қалды.

Осындай жағдайларда оның өкілдері екі лагерьге бөлінді. Біреулері, парасатты практиктер, пайдақұмар адамдар, Бастиа туы төңірегіне, тұрпайы экономия апологетикасының ең сұмпайы, сондықтан да ең салымды өкілінің туы төңірегіне топтасты. Екіншілері, өз ғылымының қасиетін профессорларша мақтаныш ететін адамдар, ымыраға келмейтін нәрсені жарастыруға тырысқан Джон Стюарт Милльдің жолына түсті. Немістер буржуазиялық саяси экономияның кері кеткен дәуірінде, оның классикалық дәуіріндегі сияқты, жай ғана шәкірттер, шетелдік нәрсеге табынушылар, еліктеушілер, шетелдік ірі фирмалардың өнімдерін ұсақ тартушылар болып қалды.

Сонымен, герман қоғамының тарихи дамуының ерекшеліктері буржуазиялық саяси экономияға қандай да болсын бір бірегей талдау жасауға мүмкіндік бермейді, бірақ оны сынау мүмкіндігін жоққа шығармайды. Тегінде мұндай сын белгілі тап тарапынан болатындықтан, оны тек бір ғана тап — тарихи міндеті капиталистік өндіріс әдісінде төңкеріс жасау, таптарды түпкілікті жою болып табылатын тап қана, яғни тек пролетариат қана айта алады.

Герман буржуазиясының ғалым өкілдері мен ғалым емес өкілдері алғашында «Капиталды» ауызға алмауға тырысты, олар менің ертеректе жазылған еңбектерім жөнінде осылай еткен болатын. Ал мұндай тактика заман жағдайларына сай келуден қалған кезде, олар, менің кітабымды сынауды сылтауратып, «буржуазиялық ұжданды тыныштандыру» тақырыбына бірсыпыра кеңестер басып шығарды, бірақ жұмысшы баспасөзінде — мысалы, «Volksstaat»-та⁵¹ басылған Иосиф Дицгеннің мақалаларын қараңыз — тамаша қарсыласа алатын адамдарға кездесті, бұл адамдарға олар күні бүгінге дейін жауап та қайтара алмай келеді¹.

¹) Герман тұрпайы саяси экономиясының ділмарсыған мылжындары «Капиталдың» стилі мен баяндау әдісін сөгуде. Еңбегімнің әдеби кемшіліктерін мен басқалардың бәрінен де артық сеземін. Солай бола тұрса да бұл мырзалар мен олардың қауымындағыларға тәлім үйреніп, ғанибет алуы үшін ағылшын мен орыс сынының пікірлерін келтірейін. «Saturday Review»⁵², менің көзқарастарыма сөзсіз қастықпен қарайтын осы газет, немісше бірінші басылуы жөніндегі хабарында былай деп жазады: «баяндау желісі тіпті кейбір экономикалық мәселелерге де ерекше көріп (charn) береді». «Санкт-Петербургские ведомости»⁵³ 1872 жылғы 8(20) апрельдегі номерінде сөз арасында былай деп жазады: «Оның еңбегінің баяндау желісі (кейбір тым арнаулы егжей-тегжейлерін былай қойғанда) айқындылығымен, жалпы жұртқа түсініктілігімен және тақырыптың ғылыми биік дәрежесіне қарамастан, өзгеше әсерлілігімен көзге түседі. Бұл жағынан алғанда, автор... неміс ғалымдарының көпшілігіне ешбір ұқсамайды, өйткені олардың... өз шығармаларын көмескі де

«Капиталдың» орысша тамаша аудармасы 1872 жылдың көктемінде Петербургте шықты. 3000 дана болып шыққан бұл басылым қазірдің өзінде-ақ түгелдей дерлік тарап кетті. Киев университетіндегі саяси экономия профессоры Н. Зибер мырза 1871 жылдың өзінде-ақ «Д. Рикардоның құндылық пен капитал теориясы» деген еңбегінде құн, ақша мен капитал жөніндегі менің теориямды негізгі белгілері жағынан Смит — Рикардо ілімінің қажетті ілгерілеп дамуы деп көрсетті. Бұл бағалы кітапты оқыған кезде оның негізге алған таза теориялық көзқарасын дәйекті түрде баяндай білуі Батыс Европа оқушысын ерекше таң қалдырады.

«Капиталда» қолданылған метод жөнді ұғылмады, мұны кітапқа берілген, біріне-бірі қайшы келетін түрлі сипаттамалардың өзі-ақ дәлелдеп отыр.

Мәселен, Париждегі «Revue Positiviste»⁵⁴ журналы мені былай деп жазғырады: бір жағынан, мен саяси экономияны метафизикалық тұрғыдан қарастырады екенмін, ал екінші жағынан — не жөнінде екенін ойлап табыңыздаршы? — мен қазіргі жағдайды сын тұрғысынан мүшелеп бөлумен тынып, болашақтың асханасы үшін рецепт (конттық болар?) жасамайды екенмін. Метафизикалық деп жазғыру жөнінде проф. Зибер былай дейді:

«Әңгіме анығында теория туралы болып отырғандықтан, Маркстің методы бүкіл ағылшын мектебінің дедукциялық методы болып табылады, сондықтан экономист-теоретиктердің таңдаулы өкілдері оның кемшіліктеріне де, жетістіктеріне де ортақ»⁵⁵.

М. Блок мырза «Les Théoriciens du Socialisme en Allemagne. Extrait du «Journal des Économistes», juillet et août, 1872» деген кітапшасында менің методымды аналитикалық метод деп табады да, сөз арасында былай дейді:

«Маркс мырза бұл еңбегімен өзінің ең көрнекті аналитикалық ақыл-ой иелерінің бірі екенін көрсетті».

Неміс рецензенттері, әрине, гегельдік софистика туралы шулауда. Петербургтегі «Вестник Европы»⁵⁶ «Капиталдың» тек қана методына арналған мақаласында (1872 жылдың май айындағы номері, 427—436-беттері) менің зерттеу методымды қатаң реалистік метод, ал баяндау методымды, амал не, немістік-диалектикалық метод деп табады. Автор* былай деп жазады:

сүренсіз тілмен жазатыны соншалық, мұны оқыған әдеттегі пенделердің басы қатып кетеді». Осы заманғы ұлттық-либералдық неміс профессорлық әдебиетін оқыған адамдардың басы емес, мүлдем басқа жері қатып кетеді.

* — И. И. Кауфман. *Ред.*

«Былай қарағанда, егер баяндауының сыртқы формасы жағынан алып қарасаңыз, Маркс барып тұрған идеалист-философ, оның үстіне бұл сөздің «немістік», яғни нашар мағынасындағы идеалист-философ сияқты. Ал шындығына келгенде ол экономия сыны жөнінде өзінен бұрын өткендердің барлығынан да шексіз артық реалист... Оны ешбір ретте идеалист деп әсептеуге енді болмайды».

Мен бұл авторға оның өз сынынан бірнеше үзінді келтіріп жауап беруден басқа тәуір жауап таппаспын деймін; оның үстіне бұл үзінділер менің орыс тіліндегі түпнұсқасын түсінбейтін көптеген оқушыларым үшін пайдасыз болмайды.

Мен «Саяси экономия сыны жөнінде» деген еңбекке арнап жазған алғы сөзімде. Берлин, 1859, IV—VII беттер*, өз методымның материалистік негізін баяндағанмын, автор содан цитат келтіре отырып, былай деп жалғастырады:

«Маркс үшін бір ғана нәрсе: өзі зерттеп отырған құбылыстардың заңын табу ғана маңызды. Ал бұл жерде ол үшін тек заң ғана маңызды емес, бұл құбылыстарды басқарып отырған, әзірге белгілі бір формаға еніп отырған, әзірге дәл қазіргі кезде байқалып жүрген өзара қатынаста көрінетін құбылыстарды басқарып отырған заң ғана маңызды емес. Ол үшін, мұның үстіне, олардың өзгеруі, олардың дамуы, яғни бір формадан екінші формаға, өзара қатынастардың бір қалпынан екінші қалпына өтуі жөніндегі заң да маңызды. Бұл заңды ашқаннан кейін ол қоғамдық өмірде әлгі заңды айқын көрсететін жағдайларды толығырақ талдап қарайды... Осыған сәйкес Маркс бір ғана мақсатты көздейді: дәл ғылыми зерттеу арқылы қоғамдық қатынастардың белгілі тәртіптерінің қажеттігін дәлелдеуді және өзіне негізгі пункт пен тірек болатын фактілерді мүмкіндігінше мінсіз, анық етіп көрсетуді көздейді. Егер ол, қазіргі заманғы тәртіптің қажеттігін дәлелдегеннен кейін, осы тәртіптен әрі сөзсіз қадам жасалатын екінші тәртіптің қажеттігін де дәлелдесе, оған әбден жетіп жатыр, жұрт мұны ойласын-ойламасын, ұғынсын-ұғынбасын, бәрі бір. Маркс қоғамдық қозғалысты табиғи тарихи процесс деп қарайды, мұны адамның еркіне, санасы мен ниетіне байланыссыздығы былай тұрсын, қайта адамның еркін, санасы мен ниетін өздері билейтін заңдар басқарады деп біледі... Егер саналы элемент мәдениет тарихында осындай бағынышты роль атқаратын болса, онда мәдениеттің өзін сөз қылатын сын сананың қайсы бір формасын немесе қандай да болсын бір нәтижесін оншалықты тірек ете алмайтыны түсінікті. Яғни сынға идея емес, тек сыртқы құбылыстың бір өзі ғана бастама пункт бола алады. Сынның өзі фактіні идеямен емес, басқа фактімен тенестіріп, салыстырып, тексеріп шығу болады. Сын үшін маңыздысы тек мынау: фактінің екеуі де мүмкіндігінше дәл зерттелуі керек және дамудың әр түрлі дәрежесін шын мәнісінде көрсетуі керек, оның үстіне дамудың осы дәрежелерін көрсететін тәртіп, дәйектілік, байланыстылық та сондай дәл зерттелуі қажет... Бұл жерде кейбір оқушының ойына... экономикалық өмірдің жалпы заңдары, қазіргі өмірге қолданылса да, өткен өмірге қолданылса да, бәрібір, бірдей емес пе?— деген сияқты сұрақтың да келуі мүмкін. Бірақ Маркс нақ осыны мойындамайды. Ол үшін мұндай жалпы заңдар дүниеде жоқ... Оның пікірінше, керісінше, әрбір тарихи ірі дәуірдің өз заңдары бар... Ал өмір дамудың осы дәуірін басынан кешірісімен-ақ, осы сатыдан шығып, екінші сатыға аяқ басысымен-ақ, оны енді басқа заңдар басқара бастайды. Қысқасы, экономикалық өмір бізге бұл ретте өзіміз байқап жүрген биологиялық құбылыстардың басқа түрлерінен мүлде айнымайтын құбылысты көрсетеді... Бұрынғы экономистер экономикалық заңдардың табиғатын түсін-

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 521—525-беттер. *Ред.*

белі, бұларды физика мен химия заңдарымен тектес деп әсептеді... Құбылыстарды неғұрлым терең талдау элеуметтік организмдердің бір-бірінен айырмашылығы ботаникалық және зоологиялық организмдер арасындағы айырмашылықтан кем соқпайтындығын көрсетті... Нақ сол бір құбылыстың өзі бұл организмдердің құрылысында өзгешеліктер болуы, олардың органдарының әркелкі болуы, бұл органдар өз міндетін атқаратын жағдайлардың түрліше болуы және т. т. себепті мүлдем әр түрлі заңдарға бағынады. Мәселен, Маркс халық өсуінің заңы барлық замандар үшін де, барлық жерлер үшін де әрқашан және ылғи бірдей болады дегенді мойындамайды. Ол, керісінше, дамудың әрбір дәрежесінің өзіне тән өсіп-өну заңы болады деп дәлелдейді... Өндіргіш күштердің даму деңгейінің түрліше болуына байланысты бұларды реттейтін қатынастар мән заңдар да өзгеріп отырады. Сонымен, шаруашылықтың капиталистік тәртібін зерттеу мен түсіндіруді мақсат етіп қойып, Маркс экономикалық өмірді дәлме-дәл зерттеуде көзделетін мақсатты тек қатаң ғылыми жолмен дәл тұжырымдады... Оның ғылыми бағалылығы белгілі элеуметтік организмнің тууын, өмір сүріп, дамуын, өлуін, оның орнына екінші бір, жоғары организмнің келуін өздеріне бағындыратын жеке заңдарды анықтауында. Міне осы қасиет Маркс кітабында шынында да бар».

Автордың өзі менің шын методым деп отырған нәрсесін осылайша тамаша суреттей келіп, бұл методты қолданудағы менің өз тәсілдеріме осылай бар ықыласымен қарай келіп, соның нәтижесінде диалектикалық методтың дәл өзін суреттеп берді.

Әрине, баяндау методы формальды жағынан алғанда зерттеу методынан басқаша болмай тұра алмайды. Зерттеу ісі материалды егжей-тегжейлі игеруге, оның дамуының әр түрлі формаларын талдауға, олардың ішкі байланысын қадағалауға тиіс. Тек осындай жұмыс аяқталғаннан кейін ғана шын қозғалыс тиісті түрде көрсетілуі мүмкін. Ал мұның өзі істелгеннен кейін және материал өмірі өзінің идеалдық көрінісіне енгеннен кейін, міне сонда біздің алдымызда априорлық құрылыс тұрған сияқты болып көрінуі мүмкін.

Менің диалектикалық методым өзінің негізінде Гегельдікінен өзгеше екені былай тұрсын, қайта оған тікелей қарама-қарсы келеді. Гегельдің идея деген атпен тіпті дербес субъектіге айналдыратын ойлау процесі Гегельше болмыстың демиурги*, болмыстың өзі мұның тек сыртқы көрінісі ғана болып табылады. Ал менде, мұның керісінше, идеалдық дегеніміз — адамның ойына келген және сонда қайта өзгертілген материалылықтан басқа еш нәрсе де емес.

Гегель диалектикасының мистикалық жағын мен бұдан 30 жылдай бұрын, мұның өзі сән болып жүрген кездің өзінде-ақ сынаған болатынмын. Бірақ нақ «Капиталдың» бірінші томын жазып жатқан кезімде, қазіргі заманғы білімді Германияда мұрындық болып жүрген даурықпа, дәмегөй, тым қара дүрсін эпигондар⁵⁷ Гегельді жамандау мәнерін меңгеріп алды да, бір кездері, Лессингтің заманында, пысықша Мозес Мендельсонның

* — жасаушысы, құрушысы. *Ред.*

Спинозаны «өлі ит» деп жамандағаны сияқты мінез көрсетті. Сондықтан мен өзімді осы ұлы ойшылдың шәкіртімін деп ашық жарияладым, тіпті құн теориясы жөніндегі тараудың кейбір жерлерінде Гегельше сөйлеу тәсіліне еліктеген реттерім де болды. Гегельдің қолында диалектика мистикаға ұшыраса да, бұл жағдай дәл сол Гегельдің диалектика қозғалысының жалпы формаларын бірінші болып түгел қамтып, саналы суреттеп беруіне кедергі бола алған жоқ. Гегельде диалектика басымен жер сүзіп тұр. Оны аяғынан тік тұрғызу керек те, мистика қауызында жатқан құнарлы дәнін аршып алу керек.

Өзінің мистикалық формасында диалектика неміс модасына айналды, өйткені ол қазіргі жағдайды дәріптейтін сияқты болып көрінді. Өзінің құнарлы түрінде диалектика буржуазия мен оның доктринер идеологтарын тек ызаландырып, құтын қашырады, өйткені ол қазіргі барды позитивтік тұрғыдан түсінумен қатар қазіргі барды теріске шығару ұғымын, оның сөзсіз құрып бітетіндігін ұғынуды қоса қамтиды, диалектика жүзеге асқан әрбір форманы қозғалыста деп біледі, демек, оны өткінші түрінде де алып қарайды, диалектика еш нәрсенің алдында да бас имейді, ол шын мәнісінде әрі сыншыл, әрі революцияшыл.

Қапиталистік қоғамның қайшылықтарға толы қозғалысын практикашыл буржуа бәрінен де гөрі қазіргі заманғы өнеркәсіп басынан өткізіп жатқан дүркіндік циклдің ауытқуларынан, мұның ең жоғарғы шегі болып табылатын жалпы дағдарыстан айқын сезінуде. Дағдарыс әлі де өзінің бастапқы сатысында болғанымен, тағы да төніп келеді, сондықтан ол өз қимылының жан-жақтылығы арқылы да, интенсивтілігі арқылы да диалектиканы тіпті қасиетті жаңа прусс-герман империясы мансапқорларының басына да тоқпақтап сіңіріп береді.

Карл Маркс

Лондон, 24 январь, 1873 ж.

*Бірінші рет мына кітапта басылған:
К. Маркс. „Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie“. Erster Band. Zweite verbesserte Auflage. Hamburg, 1872*

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. 2-басылуы, 23-том, 12—22-беттер

К. МАРКС

КАПИТАЛ

ЖИЫРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУ
АЛҒАШҚЫ ҚОРЛАНУ ДЕЙТІН ҚОРЛАНУ

1. АЛҒАШҚЫ ҚОРЛАНУДЫҢ СЫРЫ

Біз ақшаның капиталға қалай айналатынын, капиталдың қосымша құнды қалай өндіретінін және қосымша құнның есебінен капиталдың қалай көбейетінін көрдік. Сөйтсе де капиталдың қорлануы қосымша құнның болуын, қосымша құн капиталистік өндірістің болуын, ал бұл соңғының өзі товар өндірушілердің қолында едәуір мөлшерде капитал мен жұмыс күшінің болуын керек етеді. Сонымен, бұл қозғалыстың бәрі шырғалаң шеңберде айналып жүретін тәрізді; сондықтан капиталистік қорланудан бұрын «алғашқы» қорлану (А. Смиттің айтуынша «previous accumulation»), — капиталистік өндіріс әдісінің нәтижесі болып табылатын қорлану емес, оның бастама пункті ретіндегі қорлану болды деп ұйғармайынша, біз бұл шырғалаң шеңберден шыға алмаймыз.

Теологияда күнәкарлық қандай роль атқарса, әлгі алғашқы қорлану да саяси экономияда шамамен сондай роль атқарады: Адам ата алманы татамын деп, адам баласын күнәға батырған. Алғашқы қорлануды түсіндіргенде ол туралы атам заманда болған тарихи анекдот ретінде айтып, түсіндіреді. Есте жоқ ежелгі заманда, бір жағынан, еңбек сүйгіш, әсіресе, ұқыпты, ақылды, тандаулы адамдар тобы, екінші жағынан, өзінің қолда барын тіпті онан да артық ішіп-жеп қоятын жалқау жалба-жұлбалар болған. Рас, күнәкарлық жөніндегі теологиялық аңыз бізге адамдардың өз тамағын мандай терін төгіп, еңбек етіп барып табуға қалайша душар болғанын айтады; ал экономикалық күнәкарлықтың тарихы еңбек етуге мүлде мұқтаж емес адамдардың қалай пайда болғанын ашып береді. Бірақ мұның бәрі бір. Алғашқылар байлық жинаған болып, ал соңғылардың, ақыр аяғында, өздерінің жон терісінен басқа сатарлық ештенесі қалмаған болып шығады. Барынша еңбек етуіне қарамастан, әлі күнге өзінен басқа сатарлық ештенесі жоқ қалың бұқараның кедейлігінің және жұмыс істеуді баяғыда-ақ қойса да, дәулеті үнемі молая беретін аздаған адамдардың байлығының шығу тегі сол күнәкарлық заманнан басталады деседі. Мәселен,

progrîété [меншікті] ақтау мақсатымен осы сияқты пасық ертегілерді ежелден сөз тапқыш француздарға Тьер мырза қайта-қайта айтып жүр, айтқанда да мемлекет отағасысынша маңғазданған байсалды пішінмен айтады. Алайда әңгіме меншік туралы мәселеге қатысты болғандықтан, қасиетті борыш барлық жастағы адамдар үшін және дамудың барлық сатысы үшін бірден-бір дұрыс көзқарас ретінде балалар әліппесінің көзқарасын қолдауға бұйырады. Шынайы тарихта басып алудың, құлдыққа салудың, талап-тонаудың, — қысқасын айтқанда, зорлықтың зор роль атқаратыны белгілі. Бірақ биязы саяси экономияда баяғыдан бері-ақ идиллия дәурен сүріп келді. Право мен «еңбек» баяғыдан-ақ баудың бірден-бір құралы болды, — әрине, «осы жыл» ғана үнемі есепке кірмейтін-ді. Шындығында не нәрсені болса да алғашқы қорланудың әдісі болды деуге келер, тек идиллия жөнінде мұны айтуға болмайды.

Нақ тіршілік заттары мен өндіріс құрал-жабдықтары сияқты ақша мен товарлар да өздігінен эсте капитал болмайды. Олар капиталға айналдырылуға тиіс. Бірақ мұндай айналудың белгілі бір жағдайларда ғана орындалуы мүмкін, ондай жағдайлар мынадай: бір-бірінен мүлде өзгеше екі товар иесі бір-бірімен кездесіп, өзара байланыс жасаулары керек, — олар бір жағынан, ақшаның, өндіріс құрал-жабдықтарының және тіршілік заттарының иесі, ол өзі иемденіп алған құнның сомасын онан әрі молайта беру үшін бөтеннің жұмыс күшін сатып алуы керек; екінші жағынан, еркін жұмысшылар, өздерінің жұмыс күшін сатушылар, демек, еңбекті сатушылар. Еркін жұмысшылар екі түрлі мағынада еркін болады: олардың өздері құлдар, крепостнойлар, т. б. сияқты тікелей өндіріс құрал-жабдықтарының қатарына жатпайды, бірақ олардың өз алдына дербес шаруашылық жүргізетін шаруалардағы сияқты өндіріс құрал-жабдықтары да болмайды, т. б; керісінше, олар өндіріс құрал-жабдықтарынан бос, олардан құтылған, олардан айырылған. Товар рыногының осылай саралануы арқылы капиталистік өндірістің негізгі шарттары жасалады. Капиталистік қатынас еңбектің жүзеге асырылу шарттарын меншіктенудің жұмысшылардан бөлінуін керек етеді. Капиталистік өндіріс өз аяғын тік басқан соң-ақ, бұл бөлінуді қуаттаумен бірге оны үнемі өскелең көлемде ұдайы өршітіп отырады. Сонымен, капиталистік қатынасты туғызатын процесс жұмысшының оның еңбек ету шарттарын меншіктенуден айыру процесі, — бір жағынан, қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдыратын процесс, екінші жағынан, тікелей өндірушілерді жалдама жұмысшыларға айналдыратын процесс болып табылады, бұдан басқаша болмақшы емес. Демек, алғашқы қорлану дейтініміз, анығында, өндірушіні өндіріс құрал-жабдықтарынан айыратын тарихи процесс болып табылады. Оның «алғашқы»

болып көрінетін себебі — ол капиталдың және оған сәйкес келетін өндіріс әдісінің өзіне дейінгі тарихы болып табылады.

Капиталистік қоғамның экономикалық құрылымы феодалдық қоғамның экономикалық құрылымынан өсіп шықты. Соңғынан іріп-шіруі алғашқының элементтерін босатты.

Тікелей өндіруші, жұмысшы, оның жерге шырмалуы және оның басқа біреуге крепостнойлық немесе феодалдық тәуелділігі тоқталған кезде ғана өз басына өзі билік етуге мүмкіндік алады. Онан соң, жұмыс күшін еркін сатушы, өз товарын оған сұраным болатын жерге апарып сатушы болу үшін жұмысшы цехтардың үстемдігінен, шәкірттер мен кіші мастерлер жөніндегі цехтық уставтардан, еңбек жайындағы басқа да тежеуші ережелерден құтылуға тиіс болды. Сонымен, өндірушілерді жалдама жұмысшыларға айналдыратын тарихи процесс, бір жағынан, оларды феодалдық міндеткерліктер мен цехтық зорлықтан азат ету түрінде көрінеді; біздің буржуазияшыл тарихшылар процестің тек осы жағын ғана көреді. Бірақ, екінші жағынан, азат болушылар өздерінің барлық өндіріс құрал-жабдықтарынан және ескі феодалдық тәртіптер қамтамасыз етіп келген барлық тіршілік тірегінің кепілдіктерінен айрылғанда ғана өздерін өздері сатушы болады. Олардың бұл экспроприациялануының тарихы адамзат шежіресіне қан мен оттың жалын атқан тілімен жазылған.

Өнеркәсіп капиталистері, осы жаңа билеп-төстеушілер, өз тарапынан цех мастерлерін ғана емес, сонымен қатар байлық көздерін иемденген феодалдарды да ығыстырып шығаруға тиіс болды. Бұл жағынан алып қарағанда олардың мерейі үстем болуы феодалдық өкіметке, оның адамды ашындыратын артықшылықтарына қарсы, сол сияқты цехтарға қарсы және өндірістің еркін дамуына, адамды адамның еркін қанауына цехтардың жасап отырған шырмауына қарсы жеңімпаз күрестің жемісі болып көрінеді. Алайда өнеркәсіп серілері, олардың өздерінің мүлде қатысы болмаған оқиғаларды пайдалануы арқасында ғана семсер серілерін ығыстыра алды. Олар бір кезде Римнің азаттық алғандарының өз қамқоршыларының әміршісі болуына мүмкіндік берген нақ сол жиркенішті амалдарды пайдалану арқылы мерейлі болды.

Жалдама жұмысшыны да, капиталисті де туғызған дамудың бастама пункті жұмысшының құлдығы болды. Бұл дамудың мәні жұмысшыны құлданудың формасын өзгертуде, феодалдық қанауды капиталистік қанауға айналдыруда болды. Бұл процестің барысын түсіну үшін біздің өткен заманға өте шығандап кіруіміздің қажеті жоқ. Капиталистік өндірістің алғашқы бастамалары Жерорта теңізі жағалауындағы кейбір қалаларда XIV және XV ғасырларда-ақ некен-саяқ кездесе бастағанымен, капиталистік заман тек XVI ғасырдан басталады. Ол аяқ басқан

жерде крепостниктік право баяғыда-ақ жойылды және орта ғасырлық дәуірдің жарқын беті болған еркін қалалар солып қалды.

Алғашқы қорлану тарихында туып келе жатқан капиталистер табына тірек болған төңкерістер, ең алдымен көптеген адамдарды өздерінің күн көріс құралдарынан күтпеген жерден күшпен айырып, заңнан тыс қойылған пролетарлар түрінде еңбек рыногына шығарып тастаған жағдайлар өзінше бір дәуір болды. Ауыл шаруашылық өндірушісінің, шаруаның жерін экспроприациялау бүкіл процестің негізі болды. Бұл экспроприацияның тарихы түрлі елдерде түрліше сипатта көрінеді, әр қилы тәртіппен, түрлі тарихи замандарда түрліше кезеңдерден өтіп отырады. Мұның классикалық формасы Англияда ғана болып отыр, сондықтан да біз оны мысалға аламыз¹⁸⁹⁾.

2. СЕЛО ХАЛҚЫНЫҢ ЖЕРІН ЭКСПРОПРИАЦИЯЛАУ

Англияда крепостнойлық тәуелділік іс жүзінде XIV ғасырдың аяғында бітті. Халықтың орасан көпшілігі¹⁹⁰⁾ ол кезде — XV ғасырда онанда көбірек — меншігі феодалдық бүркеніштің қандайымен бүркемеленсе де, өз бетінше дербес шаруашылық жүргізетін еркін шаруалар болды. Мырзалардың меншігіндегі неғұрлым ірі иениелерде бір кезде өзі крепостной болған bailiff (басқарушыны) еркін фермер ығыстырып шығарды. Егіншіліктегі жалдама жұмысшылардың біразы бос уақытын ірі жер иелеріне жұмыс істеуге жұмсайтын шаруалардан, біразы относи-

¹⁸⁹⁾ Капиталистік өндіріс бәрінен бұрын дамыған Италияда крепостнойлық қатынастар да бәрінен бұрын ыдырады. Мұнда крепостной өзін қандай да болсын жерге деген ежелгі правомен қамтамасыз етуден бұрын босады. Сондықтан азат болу оны дереу заңнан тыс қойылған пролетарға айналдырады, мұның үстіне ол көпшілігі тіпті Рим заманынан сақталып қалған қалалардан дереу жаңа қожайындар табады. XV ғасырдың аяғынан бастап дүние жүзілік рынок революциясы⁵⁸ Солтүстік Италияның саудадағы артықшылығын жойғаннан кейінгі жерде кері бағыттағы қозғалыс басталды. Жұмысшылар қалалардан деревняларға жаппай ығыстырылып, онда бау-бақша шаруашылығы түрінде ұйымдастырылған ұсақ егіншілік мәдениетін үздік гүлдендіре бастады.

¹⁹⁰⁾ «Өз жерін өз қолымен өңдейтін және жұпыны әл-ауқатты місе тұтқан... ұсақ жер меншікшілері ол кезде қазіргіге қарағанда ұлттың анағұрлым көп бөлегі болатын... Семейларымыз қоса алғанда, бәлкім бүкіл халықтың жегіден бір бөлегінен асатын кемінде 160 000 жер меншікшісі өздерінің ұсақ freehold — учаскелерін» (freehold — жерге толық меншік) «өңдеумен күн көрді. Бұл ұсақ жер иелерінің орташа табысы 60—70 фунт стерлинг болып бағаланады. Есептей келгенде, өз жерін өңдейтіндердің саны басқа біреудің жерін арендаға алушылардан көп болып шықты» (*Macaulay*. «History of England», 10th ed. London, 1854, v. I, p. 333, 334). XVII ғасырдың соңғы отыз жылы ішінде де ағылшындардың $\frac{1}{5}$ -і егіншілікпен шұғылданды (бұл да сонда, 413-бет); — Маколей тарихты үнемі бұрмалаушы ретінде мұндай фактілерді мүмкіндігінше «боямалап» бағады, сондықтан мен цитатты содан алып отырым.

тельді жағынан да, абсолютті жағынан да саны аз, ерекше таптан, сол жалдама жұмысшылар табынан құралған болатын. Мұның үстіне тіпті осы сонғылардың өздері де іс жүзінде өз алдына дербес шаруашылық жүргізуші шаруалар болды, өйткені олар жалақымен бірге коттедж, сол сияқты 4 акр және онан да артығырақ егістік жер алып отырды. Мұнымен бірге олар шаруалармен бірлесіп қауымдық жерді де шын мағынада пайдаланды, оған өзінің малын жайды, одан отындық материалдар: ағаш, шымтезек, тағы сондайлар алды¹⁹¹⁾. Еуропаның барлық елдерінде де феодалдық өндіріс жердің мүмкін қадерінше көптеген вассалды тәуелді адамдар арасында бөлінуімен сипатталады. Феодал мырзалардың, сол сияқты басқа да барлық суверендердің күш-қуаты олардың ренталарының көлеміне қарап емес, оларға бағынышты адамдардың санына қарап, ал бағынышты адамдар саны дербес шаруашылық жүргізетін шаруалар санына қарап белгіленіп келді¹⁹²⁾. Сондықтан Англияда жер норман жаулап алушылығынан кейін көбінесе әрқайсысы 900-ге дейін ескі ағылшын-саксон лордтықтарын қамтитын орасан зор барондықтарға бөлінгендігіне қарамастан, онда ұсақ шаруа шаруашылықтары көп болатын, тек кей жерлерде ғана бұл ұсақ шаруашылықтар аралығында мырзалардың ірі поместьелері болды. Мұндай қатынастар XV ғасырға тән қалалық өмірдің гүлденуімен қатар, канцлер Фортескью өзінің «*Laudibus Legum Angliae*» деген еңбегінде соншалық ділмарлықпен суреттеген халық байлығына мүмкіндік жасады, бірақ бұл қатынастар капиталистік байлыққа мүмкіндік бермеді.

Капиталистік өндіріс әдісінің негізін жасаған төңкерістің бастамасы XV ғасырдың соңғы үштен бірінде және XVI ғасырдың алғашқы ондаған жылында өрістеді. Заннан тыс қойылған пролетарлар бұқарасы феодалдық жасақтардың таратылуы нәтижесінде еңбек рыногына шығарып тасталды, олар, Джемс Стюарт сэрдің орынды айтқанындай, «барлық жерде үйлер мен сарайларды құр босқа толтырған еді»⁵⁹⁾. Өзі де буржуазиялық дамудың жемісі болған корольдік өкімет абсолю-

¹⁹¹⁾ Тіпті крепостнойлардың өз қорасына іргелес жатқан шағын жер учаскесін меншіктенумен бірге, — рас, олар оброк төлеуге міндетті еді, — қауымдық жерді бірлесіп иемденушілер де болғанын ұмытуға болмайды. «Шаруа онда» (Силезияда) — «крепостной». Алайда бұл крепостнойлар қауымдық жерді иемденеді. «Осы уақытқа дейін силезиялықтар қауымдық жерді бөлуге көнбей келді, ал Неймаркте жерді осылайша бөлуді барынша ойдағыдай түрде жүзеге асырмаған деревня қалған жоқ». (*Mirabeau. «De la Monarchie Prussienne»*. Londres, 1788, t II, p. 125, 126).

¹⁹²⁾ Жер иемденуі таза феодалдық жолмен ұйымдастырылған және ұсақ шаруа шаруашылығы кең өріс алған Жапония еуропалық орта ғасырдың бейнесін біздегі тарихи кітаптардың бәрінен де анағұрлым дұрыс суреттейді, өйткені бұл кітаптар көбінесе буржуазиялық соқыр сәнімдер тұрғысынан жазылған Орта ғасыр есебінен «либералшыл» болу өте қолайлы-ақ.

тизмге ұмтыла отырып, бұл жасақтардың таратылуын күшпен шапшаңдатқанымен, бірақ оның өзі жасақтардың таратылуының бірден-бір себебі болған жоқ. Корольдік өкіметке және парламентке өте күшті антагонизмде болған ірі феодалдар қауымдық жерлерді басып алып және шаруаларды өз жерінен қуып шығып, бұдан анағұрлым көп пролетариатты туғызды,— ол жерлерді меншіктенуге феодалдардың правосы қандай болса, шаруалардың да сондай феодалдық правосы бар еді. Бұған Англияда фландрлық жүн мануфактурасының гүлденуі және осыған байланысты жүн бағасының артуы тікелей түрткі болды. Ескілікті феодал аксүйектерді феодалдық ұлы соғыстар жаламап кетті, ал жаңа аксүйектер өз заманының перзенті еді, олар үшін ақша барлық күштердің ең күдіреттісі болды. Егістік жерлерді қой жайылымына айналдыру феодалдардың ұраны болды. Харрисон өзінің «Description of England. Prefixed to Holinshed's Chronicles» деген еңбегінде ұсақ шаруаларды осы экспроприациялаудың елге қаншама күйзелушілік әсер еткенін суреттейді. Бірақ, «what care our great incroachers!» («біздің ұлы зорлықшыларымыздың мұнымен ісі қанша!») деп жазады ол. Шаруалардың үйлері мен жұмысшылардың коттеждері зорлықпен талқандалды немесе иесіз қалды.

«Егер біз»,— дейді Харрисон,—«кез келген сәрі именовінің ескі тізбесін алып қарайтын болсақ, мынаны көреміз: қисапсыз көп үйлер мен ұсақ шаруа шаруашылықтары жоқ болып кеткен; жердің қазір асырайтын адамдары анағұрлым азайған; жаңа қалалардың гүлденуімен бірге көптеген қалалар құлдырап кері кеткен... Талқандалған және қой жайылымына айналдырылған және олардан тек помещиктердің үйлері ғана қалған қалалар мен деревнялар туралы бірқыдыру әңгіме айтып бере алар едім».

Бұлар сияқты ескі хроникалардың шағымдары әрдайым асыра айтылған, дегенмен бұл шағымдар өндірістік қатынастарда ол кезде болған революцияның тұтастарына еткен әсерін дәл суреттейді. Біз канцлер Фортескью мен Томас Мордың шығармаларын салыстыра отырып, XV ғасыр мен XVI ғасыр арасындағы шыңырауды айқын көреміз. Торнтонның әділ айтқанындай, ағылшын жұмысшы табы өзінің алтын ғасырынан ешқандай өтпелі сатысыз-ақ темір ғасырға тап болды.

Бұл төңкеріс заң шығару ісін үрейлендірді. Заң шығару «Wealth of the Nation» [«ұлтық байлық»], яғни капитал жасау және халық бұқарасын аяусыз қанап, қайыршыландыру қандай да болсын мемлекеттік даналықтың ultima Thule* болып есептелетін цивилизация дәрежесіне әлі жете қоймаған еді. Бэкон өзінің VII Генрихтің патшалық құру тарихында былай дейді:

* — сөзбе-сөз: қиыр шеткі Фула; бұл арада ол сөз актық шегі деген мағынада қолданылып отыр. (Ерте замандағылардың түсінігі бойынша, Фула — Еуропаның қиыр солтүстігіндегі аралдағы ел.) *Ред.*

«Сол кезде» (1489 ж.) «егістік жерлердің тек аздаған бақташылардың ғана қарауын керек қылатын жайылымға» (қой жайылымы, т. т.) «айналдырылуына қарсы шағым көбейді; өмірлік немесе жылдық арендаға» (йомендердің дені жылдық арендамен тіршілік ететін) «берілетін жерлер ірі имендерге айналдырылды. Мұның өзі халықтың құлдырауына, демек, қалалардың, шіркеулердің, десятиналардың кері кетуіне әкеліп соқтырды... Король мен парламент бұл дертті таңқаларлық даналықпен емдеуге тырысты... Олар халықты қырғынға ұшырататын қауымдық жерлерді басып алуға (deropulating inclosures) қарсы, қауымдық жерлерді басып алумен қат-қабат жүргізетін, халықты қырғынға ұшырататын жайылымдық шаруашылыққа (deropulating pasturage) қарсы шаралар қолданды».

VII Генрихтің 1489 жылы шығарған заңының 19-тарауы кемінде 20 акр жері бар шаруа үйлерін бұзуға тыйым салады. VIII Генрихтің патшалық құруының 25-ші жылы шығарылған заңы әлгі заңды қайта жаңғыртады. Онда, мысалы, былай делінген:

«арендалық жердің едәуірі және көптеген табын-табын мал, әсіресе қой аз адамның қолына жиналады, соның салдарынан жер рентасы мықтап өсті, ал егістік жерді (tillage) өндеу қатты құлдырады, шіркеулер мен үйлер бұзылды, сөйтіп адам айтқысыз көп халық өзін және семьясын асырау мүмкіндігінен айрылды».

Сондықтан заң бұзылған үйлерді қалпына келтіруді міндеттейді, егістік пен жайылымның арақатынасын белгілейді, т. т. 1533 жылы шығарылған бір заң көптеген жеке меншікшілердің 24 000-ға дейін қойы бар деп налиды да, ұстауға болатын қойдың саны екі мыңнан аспауы керек деп шек қояды¹⁹³⁾. Ұсақ фермерлер мен шаруаларды экспроприациялауға қарсы VII Генрих заманынан бастап 150 жыл бойы шығарылып келген заңдар да, халықтың наразылығы да жеміссіз болды. Бұлардың жеміссіз болуының сырын бізге абайсызда Бэконның өзі ашып берді.

«VII Генрихтің заңындағы»,— деп жазады ол өзінің «Essays, civil and political» деген еңбегінің 29-тарауында,—«терің сырлы, танданарлық бір жағдай, ол егіншілік шаруашылықтары мен үйлерін белгілі қалыпты мөлшерде ұйымдастырды, яғни олардың пайдалануына керегінше жер қалдырды, соның арқасында олар ішіп-жемі жеткілікті, құлдық тәуелділікте болмайтын бағынышты адамдар беріп отырды, ал екінші жағынан, ол жерге салынған плугті жалдама адамның емес, меншікшінің өз қолы ұстады» («to keep the plough in hand of the owners and not hirelings») ^{193a)}.

¹⁹³⁾ Томас Мор өзінің «Утопиясында» «адамдарды қой жеп жатқан» таңғажайып ел туралы айтады («Utopia», transl. Robinson, ed. Arber, London, 1869, p. 41).

^{193a)} Бэкон ауқатты еркін шаруалар мен жақсы жаяу әскер арасындағы байланысты түсіндіреді. «Дені сау қабілетті адамдардың тарыншылық көрмей өмір сүруін қамтамасыз ету үшін және корольдік жерінің көбін йомендердің, яғни бекзадалар мен коттерлердің (cottagers) және батырақтардың орта аралығында тұрған адамдардың иемденуіне бекітіп беру үшін арендадан жеткілікті мөлшерін сақтау корольдіктің күш-қуаты мен әдет-ғұрыптарын сақтау жолында аса маңызды шара болды... Өйткені әскери істі өте-мөте жетік білетіндердің бәрі де... армияның негізгі күші инфантерия, немесе жаяу

Бірақ капиталистік система, керісінше, халық бұқарасының нақ құлдық жағдайда болуын, олардың өздерін жалданушыларға, олардың еңбек құралдарын капиталға айналдыруды талап етті. Осы өтпелі дәуір ішінде заң әрбір селолық жалдама жұмысшының коттеджіне ең кемінде 4 акр жерді бекітіп беруге тырысты және бұл жұмысшының өз коттеджіне тұрғындар жіберуіне тыйым салды. 1627 жылы-ақ, I Карл тұсында, Фонтмиллдегі Роджер Крокер өзінің именовісі Фонтмиллде коттедж сала отырып, оған 4 акр жер бөлмегені үшін айыпталған; тіпті 1638 жылдың өзінде-ақ, I Карл тұсында, ескі заңдарды, әсіресе 4 акр жер жөніндегі заңды орындаттыру мақсатымен корольдік комиссия тағайындалған; Кромвель де Лондоннан 4 мильден жақын жерде қасында 4 акр жері жоқ үйлер салуға тыйым салған. XVIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ ауыл шаруашылық жұмысшысы оның коттеджіне 1 акрден 2 акрге дейін жер бөлінбеген болса, сотқа шағым береді екен. Ал қазір ол өз коттеджінің іргесінде шағын бақшасы болса немесе оған таяу жерден бірнеше шаршы сажын жер ала алатын болса, бақытты саналады.

«Жер меншікшілері мен арендаторлар»,— дейді д-р Хантер.—«мұнда кол ұстасып әрекет етеді. Коттедж іргесіндегі бірнеше акр жер жұмысшыны тым тәуелсіз етер еді»¹⁹⁴.

Халық бұқарасын зорлықпен экспроприациялау XVI ғасырда Реформацияға және онымен қат-қабат болған шіркеулік именовілерді мейлінше тонауға байланысты қайтадан өрескел асқынып кетті. Реформация қарсаңында Англия жерінің едәуір бөлегін католик шіркеуі феодалдық меншіктенуші болды. Монастырьлардың, т. т. жойылуы оларда тұрушыларды пролетариатқа айналдырды. Шіркеу именовілерінің едәуір бөлегі ко-

әскер дегенді түгел мақұлдайды. Бірақ жақсы инфантерія құру үшін құлдық пен қайыршылықта өскен адамдар емес, еркіндікте және белгілі дәрежеде жақсы тұрмыс жағдайында өскен адамдар керек. Сондықтан мемлекетте дворяндар мен жоғары қоғам басты маңыз алатын болса, ал село халқы мен егіншілер тек жұмысшылардан немесе батырақтардан, сол сияқты коттерлерден, яғни күркелері ғана бар қайыршылардан құралатын болса, онда мұндай жағдайда жақсы атты әскердің болуы мүмкін, бірақ жақсы, мықты жаяу әскер әсте де болмайды... Францияда, Италияда және басқа кейбір шетелдер жерінде біз осыны көріп отырмыз, бұларда шындығында барлық халық дворяндардан және қайыршы шаруалардан тұрады... сондықтан олар өздерінің жаяу батальондары үшін жалдама швейцариялықтар бандаларын, т. с. алуға мәжбүр болып отыр, бұл ұлттардың халқы көп болып, бірақ солдаттарының аз болуы міне осыдан», («The Reign of Henry VII etc. Verbatim Reprint from Kennet's England, ed. 1719». London, 1870, p. 308).

¹⁹⁴ Д-р Хантер, «Public Health 7th Report 1864». London, 1865. p. 134. «Белгіленген» (ескі заңдар бойынша) «жер мөлшері қазір жұмысшылар үшін тым көп, бұдан олардың тіпті ұсақ фермерлерге айналып кетуі мүмкін деп жүр» (George Roberts. «The Social History of the People of the Southern Counties of England in Past Centuries». London, 1856, p. 184, 185).

рольдің жыртқыш тамыр-таныстарына сыйлыққа берілді немесе жалдаптық жасаушы фермерлер мен қала тұрғындарына су тегін арзанға сатылды, бұлар ескі мұрагер арендаторларды отырған қоныстарынан жаппай қуып шығып, олардың шаруашылықтарын қосып жіберді. Кедейленген егіншілердің шіркеулік десятинаның белгілі бір бөлегін алуға деген заң кепілдік берген правосы олардан үнсіз-түнсіз тартып алынды¹⁹⁵. «*Raureg ubique jacet*»⁶⁰,— деді королева Елизавета Англияда жасаған бір саяхатынан кейін. Оның патшалық құруының 43-ші жылында үкімет, ақырында, пауперизмді ресми түрде мойындауға мәжбүр болып, кедейлер үшін салық жинауды енгізді.

«Бұл заңның авторларына оның шығарылу себептерін ашық айту ұят еді, сондықтан да ол заң барлық әдет-ғұрыптан тыс ешқандай преамбуласыз» (түсіндірме алғы сөзсіз) «жарыққа шықты»¹⁹⁶.

I Карлдың патшалық құруының 16-шы жылы шығарылған 4-ші акті бұл заңды түпкілікті заң деп жариялады, сөйтіп тек 1834 жылы ғана оған жаңа, неғұрлым қаталырақ форма берілді¹⁹⁷. Алайда Реформацияның бұл тікелей нәтижелері оның ең

¹⁹⁵ «Кедейлердің шіркеулік десятинаның бір бөлегіне ие болу правосы ертедегі заң ережелерінде тікелей белгіленген» (*J. D. Tuckett.*, цитат алынған шығарма. II том, 804, 805-беттер).

¹⁹⁶ *William Cobbett.* «*A. History of the Protestant Reformation.*» § 471.

¹⁹⁷ Бұл ретте протестанттық «рухтың» қалай білініп отырғаны, мысалы, мынадан-ақ көрінеді. Англияның оңтүстігіндегі бірнеше жер меншікшілері мен ауқатты фермерлер бас қосып, ойланып-толғанады да, кедейлер туралы Елизавета заңын түсіндірудің ең дұрыс жолы қайсы деген мәселе жөнінде он сұрақ әзірлейді. Бұл сұрақтарды олар қорытынды жасау үшін сол кездегі атақты юрист, право докторы Сниггеге (кейін I Яков тұсында судья болған) береді. «Тоғызыншы сұрақта былай делінген: Діни қауымның кейбір бай фермерлері данышпандық жоспар ойлап шығарды, заңды орындау кезіндегі барлық абыржушылықты осы жоспардың көмегімен болдырмауға болады. Олар қауым ішінде түрме салуды ұсынады. Бұл түрмеге қамалуға келіспейтін әрбір кедейге көмек көрсетілмеуге тиіс. Одан кейін, көрші селоларға мынаны хабарландыру керек: егер оларда осы қауымның кедейлерін жалдағысы келетін қайсыбір адам табылса, онда ол белгілі күнде, біздің кедейлерді өзіне алып, асырап-сақтауға келісетін ең арзан бағасы көрсетілген жабық өтініш жіберсін. Бұл жоспардың авторлары көрші графтықтарда жұмыс істегісі келмейтін және жерді немесе кемеңі арендаға алып, сөйтіп еңбек етпей күн көруге жеткілікті дәулеті немесе кредиті жоқ адамдар («so as to live without labour») бар деп ойлайды. Мұндай адамдар қауымға өте тиімді ұсыныстар жасай алар еді. Ал егер осындай жалдаушының қарауына берілген кедейлер зәуде өле қалатындай болса, онда күнә сол жалдаушының мойнына түседі, өйткені қауым ол кедейлер жөніндегі өз борышын өтеген болады. Алайда біз бұл акт мұндай даналық шараларға (*prudential measure*) жол бермес деп қауіптенеміз, бірақ сіз біздің және көрші графтықтардың басқа барлық фригольдерлері бізге қосылатынын және өздерінің қауымдар палатасындағы өкілдерін кедейлерді түрмеге отырғызып, еріксіз еңбек еткізуге рұқсат ететін заң жобасын ұсынуға көндіретінін, сөйтіп түрмеде отырғысы келмейтіндердің бірде-бірінің жәрдем алуға правосы болмайтынын жақсы білуге тиіссіз. Бұл шара, біздің ойымызша, қайыршылыққа түскен адамдарды жәрдем сұрамайтын етеді» («will

маңызды нәтижесі болмады. Шіркеу меншігі жер меншігінің дәстүрлі қатынастарының діни тірегі болды. Бұл тіректің құлауымен бірге жер меншігі қатынастары да тұрақтай алмайды¹⁹⁸⁾.

XVII ғасырдың соңғы ондаған жылында-ақ йомендер, тәуелсіз шаруалар, арендаторлар тобына қарағанда көбірек болды. Олар Кромвельдің негізгі күші болды, тіпті Маколейдің мойындауынша, сауықшыл дворян балаларымен және олардың қызметшілерімен, міндеті бариндердің қатардан қалған көңілдес әйелдерінің күнәсін неке тәжімен бүркемелеу болған селолық поптармен салыстырғанда өте тиімді болды. Тіпті жалдама село жұмысшылары да қауымдық меншікті әлі бірлесіп иемденді. 1750 жыл шамасында йомендер¹⁹⁹⁾ жойылды, ал XVIII ғасырдың соңғы он жылында егіншілердің қауымдық меншігінің ешқандай да ізі қалмайды. Біз бұл жерде аграрлық революцияның таза экономикалық себептерін есепке алмаймыз. Бізге қажеттісі оның күш қолдану жағы.

Стюарттардың реставрациясы кезінде жер меншікшілері зорлықты заң арқылы жүргізді, ал континентте бұл зорлық барлық

prevent persons in distress from wanting relief») (*R. Blakey. «The History of Political Literature from the Earliest Times», London, 1855, v, II, p. 84, 85.*)— Шотландияда крепостниктік право Англияға қарағанда бірнеше жүз жыл жойылды. 1698 жылы-ақ Солтундағы Флетчер Шотландия парламентінде былай деп мәлімдеді: «Шотландиядағы қайыршылар кем дегенде 200 000 болады. Принципінде республикашыл болғандықтан мен бұған қарсы бірден-бір құрал ретінде крепостнойлық правоны қайта қалпына келтіруді және өздігімен өмір сүруге қабілеті жоқтардың бәрін құлға айналдыруды ұсынамын». Иден де «*The State of the Poog*», деген кітабында осылай дейді, v. I, ch. I, p. 60, 61: «Егіншілердің азат болуы пауперизмді туғызады. Мануфактура мен сауда — біздің кедейлердің ақиқат ата-аналары осылар». Иден және жоғарыда цитат келтірілген Шотландияның «принципінде республикашылы» бір нәрсе жөнінде ғана кателесіп отыр, егінші крепостнойлық право жойылғандықтан пролетарий немесе паупер болған жоқ, өзінің жерге жеке меншігі жойылғандықтан солай болды.— Экспроприация басқаша әдіспен жүргізілген Францияда кедейлер туралы ағылшын заңына 1566 жылғы Мулен ордонансы мен 1656 жылғы эдикт сай келеді.

¹⁹⁸⁾ Роджерс мырза ол кезде Оксфорд университетінде, протестанттық ортодоксияның осы орталығында, саяси экономия профессоры болса да, өзінің «*History of Agriculture*»-ге жазған алғы сөзінде Реформацияның салдарынан халық бұқарасының қайыршыланғанын атап көрсетеді.

¹⁹⁹⁾ «*A Letter to Sir T. C. Bunbury, Brt.: On the High Price of Provisions.* By a Suffolk Gentleman. Ipswich, 1795, p. 4. Тілті ірі фермерлікті өлдердәй қорғаушы, «*Inquiry into the Connection between the Present Price of Provisions and the Size of Farms etc.*». London, 1773, p. 139, авторы былай дейді: «Мен бәрінен гөрі біздің йомендердің, біздің ұлтымыздың тәуелсіздігін шын мәнісінде қолдап келген адамдардың осы категориясының жойылуына қайғырамын... олардың жерлері қазір лорд-монополистердің қолында болып отырғанын және ол жерлердің вассалдарға қойылатын шарттардан сәл ғана тәуір шарттармен ұсақ фермерлерге арендаға берілуін көріп отыру маған ауыр, оның бер жағында бұл фермерлер бір қырсықты жағдайға кездессе-ақ болғаны жерден қуылуы мүмкін».

жерде ешқандай заң шығарып жатпай-ақ жүргізілген еді. Олар жер қатынастарындағы феодалдық құрылысты жойды, яғни мемлекет алдындағы міндеткерлік атаулыны өз мойындарынан алып тастады, шаруаларға және басқа да қалған халық бұқарасына салықтар салу арқылы мемлекеттің «есесін толтырды», поместьелерді жеке меншіктенудің қазіргі заманғы правосын өздері иеленіп алды, бұрын олардың поместьелерді иемденуге тек феодалдық правосы ғана болған еді және, ақырында, Англияның селолық жұмысшыларын қоныстандыру («laws of settlement») туралы заңдарды бекітіп берді, татар Борис Годуновтың указы орыс шаруаларына қандай әсер етсе⁶¹, бұл заңдар *mutatis mutandis* [тиісті өзгерістерімен] ағылшын егіншілеріне дәл сондай әсер етті.

«Glorious Revolution» (даңқты революция)⁶² III Вильгельм Оранскиймен²⁰⁰ бірге өкімет басына жер иелері мен капиталистерден шыққан обырларды қойды. Олар мемлекеттік мүлікті талап-тонаудың осы күнге дейін болып келген қалыпты дәрежесін орасан зор көлемге жеткізіп, жана дәуірді бастады. Мемлекеттік жерлер сыйлыққа берілді, су тегін арзанға сатылды немесе тікелей тартып алу арқылы жеке меншіктегі поместьелерге қосылды²⁰¹. Осының бәрі де ешқандай заңдылық нормасы сақталмастан жасалды. Шіркеуден тонап алынған жерлермен қатар осындай алаяқтық әдіспен иемденілген мемлекеттік мүлік, бұлар республикалық революция кезінде тағы да сақталып қалғандықтан, Англия олигархиясының қазіргі заманғы князьдік иеліктерінің негізі болып табылады²⁰². Буржуа-капиталистер бұл іске қамқоршы болды, ондағы мақсаты — жерді еркін сауда затына айналдыру, ірі егіншілік өндірісі саласын кеңейту, заңнан тыс қойылған пролетарлардың деревнядан ағылып ке-

²⁰⁰ Осынау буржуазиялық сабаздың моральдық сиқын мынадан көруге болады: «1695 жылы Ирландияда леди Оркниге сыйға берілген кең байтақ жер — корольдің ледиге деген махаббатының және оған ледидің иқпалының қаншалықты күшті болғанын көрсететін жұртқа мәлім үлгі міне осы... Леди Оркнидің сыпайыгерлік қызметі сіз — foeda laborum ministeria (махаббаттың лас қызметі) болған болса керек». (Британ музейінде, Слоон жинаған қолжазбалар коллекциясында, № 4224. Қолжазбаның тақырыбы: «The Charakter and Behaviour of King william, Sunderland etc. as represented in Original Letters to the Duke of Shrewsbury from Somers, Halifax, Oxford, Secretary Vernon etc.» делінген. Ол күлкілі жәйттерге толы.)

²⁰¹ «Бір бөлегін сату арқылы, бір бөлегін сыйлыққа беру арқылы мемлекеттік жерді заңсыз иеліктен айыру Англия тарихының шатақ тарауы... ұлтты барынша алдау болып табылады (gigantic fraud on the nation)». (F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851, p. 129, 130). {Қазіргі кездегі Англияның ірі жер иелерінің өз иеліктеріне қалай ие болғаны жөніндегі толық мәліметтерді мынадан қараңыз: [Evans, N. H.] «Our old Nobility». By Noblesse Oblige. London, 1879. Ф. Э}.

²⁰² Мысалы, Э. Бёрктің Беффордтағы герцогтік үйі туралы памфлетін қараңыз, лорд Джон Рассел «the tomtiu of liberalism [либерализмнің бармақтай құсы]» — осының ұрпағы.

луін көбейту, т. т. еді. Оның үстіне жаңа жер аристократиясы жаңа банократияның, жұмыртқаны жаңа ғана жарып шыққан осы финанс шонжарларының және ол кезде қамқорлық баждарға сүйенген ірі мануфактуралар иелерінің табиғи одақтасы болды. Ағылшын буржуазиясы бұл жерде өзінің төл мүдделерін ғана қорғады және осы тұрғыдан алғанда дұрыс істеді, дұрыс болғанда, мұның керісінше, өзінің экономикалық тірегі — шаруалармен бірігіп, швед қала тұрғындарының олигархия талап алған мемлекеттік жерлерді (1604 жылдан бастап, онан соң кейініректе, X Карл және XI Карл тұсында) қайтадан күшпен тартып ала бастаған корольдерді қолдап дұрыс істегені сияқты дұрыс істеді.

Қауымдық меншік — жаңа ғана сөз болған мемлекеттік меншіктен мүлде өзгеше меншік — феодализм қамқорлығымен сақталып келген германиялық ескі институт болды. Бұл меншікті әдетте егістік жерді жайылымға айналдырумен қоса-қабат жүретін күшпен басып алу ісі XV ғасырдың аяғында басталып, XVI ғасыр бойы созылғанын жоғарыда көрдік. Алайда ол кезде бұл процесс кейбір жеке-дара күш қолдану формасында жүзеге асырылды, заң бұған қарсы 150 жыл бойы күресіп түк шығара алмады. Жол-жөнекей ірі фермерлер өздерінің де кіші-гірім әдістерін²⁰³⁾ қолданып отырғанымен, XVIII ғасырда заңның өзі халықтық жерді талаудың құралына айналуы жөнінде прогресс байқалады. Бұл талаудың парламенттік формасы «Bills for Inclosures of Commons» (қауымдық жерді қоршау жөніндегі заңдар) болды, яғни декреттер болды, осылардың көмегімен лендлордтар халықтық жерді жеке меншік правосында өздеріне өздері сыйға тартты, ол декреттер халықты экспроприациялады. Қауымдық меншікті феодалдардың орнын басқан ірі жер меншікшілерінің жеке меншігі ретінде көрсетуге тырысушы сэр Ф. М. Иден «қауымдық жерді қоршау туралы жалпы парламенттік заң» шығаруды талап ете отырып, демек, оларды жеке меншікке айналдыру үшін парламенттік мемлекеттік төңкерістің қажет екенін мойындай отырып және, екінші жағынан, экспроприацияланған кедейлердің «шеккен зиянының орнын толтыруды» заң жүзінде орындауды талап ете отырып²⁰⁴⁾, өзінің қулық-сұмдық адвокаттық сөзін өзі теріске шығарады.

Тәуелсіз йомендердің орнын tenants-at-will — жерді жылмажыл арендаға алушы ұсақ фермерлер басқан кезде, құлдық

²⁰³⁾ «Фермерлер коттерлерге өздерінен басқа ешқандай тірі жәндік ұстауға рұқсат етпейді, ондағы сылтауы: егер коттерлердің малы мен құсы болса, онда олар фермерлердің жем-шөбін ұрлаған болар еді дейді. Олар: коттер еңбек сүйгіш болсын десен, онда оны кедейлікте ұста дегенді де айтады. Шындығында, істің бәрі мынаған келіп саяды: фермерлер қауымдық жер жөніндегі барлық правоны осылайша басып алады» («A Political Inquiry into the Consequences of Enclosing Waste Lands». London, 1785, p. 75).

²⁰⁴⁾ *Eden*, цитат алынған шығарма, алғы сөз.

жағдайға дейін кемсітілген және лендлордтардың өктемдігіне тәуелді адамдар тобыры басқан кезде, мемлекеттік мүлікті тонаумен бірге қауымдық жердің ұдайы талан-таражға салынуы XVIII ғасырда капиталдық фермалар²⁰⁵⁾ немесе көпестік фермалар²⁰⁶⁾ деп аталған ірі фермалардың құрылуына айрықша көмектесті; нақ осы себептер село халқының пролетариатқа айналуына, оның өнеркәсіп үшін «босап шығуына» себепші болды.

Ұлттық байлықтың халықтың кедейлігімен барабар екендігі XVIII ғасырда XIX ғасырдағыдай дәрежеде әлі анық болмаған еді. Ол уақыттың экономикалық әдебиетінде «қауымдық жерді қоршау» жөнінде қызу айтыс болғаны осыдан. Менің алдымда жатқан мол материалдан сол уақыттағы жағдайды ерекше айқын көрсететін аздаған жерлерін ғана келтіремін.

«Хартфордширдің көптеген діни қауымдарында»,— деп жазады бір ашынған қалам,— «эрқайсысында 50—150 акр жер бар 24 ферма 3 фермаға біріктірілген»²⁰⁷⁾. «Нортгемтонширде және Лестерширде қауымдық жерді қоршау өте-мөте кең тараған, жер қоршаудың нәтижесінде құрылған жаңа лордтықтардың көпшілігі жайылымдарға айналдырылған; осының салдарынан көптеген лордтықтарда 50 акр жер де жыртылмайды, ал бұрын 1500 акрға дейін жер жыртылатын еді... Мұнда бір кездегі тұрғын үйлердің, сарайлардың, ат қоралардың, тағы сондайлардың бұзылған орындары жатыр»— бұрынғы тұрғындардан қалған бірден-бір белгі міне осылар. «Кәйбір жерлерде жүз үй мен семьядан не бары... 8 немесе 10-ы қалған... Жерді қоршау осыдан тек 15 немесе 20 жыл бұрын ғана басталған көптеген діни қауымдарда жер қоршалмастан бұрын жер өңдеп жүрген жер мәншікшілерінің тым азы ғана қалған. Мал өсіруші 4 немесе 5 байдың таяуда ғана қоршалған, бұрын 20—30 фермердің және сондай мөлшерлі ұсақ меншікшілер мен басқа да тұрғындардың қолында болған үлкен лордтықтарды басып алуы жиі кездеседі. Бұл адамдардың барлығы семьяларымен қоса өз иеліктерінен қуып жіберілген, бұлармен бірге солардан жұмыс, тамақ тауып жүрген көптеген басқа да семьялар да қуып жіберілген»²⁰⁸⁾.

Лендлордтар екінің бірінде жерді қоршау деген сылтаумен бос жатқан көршілес жерлерді ғана емес, сонымен қатар бірлесіп өңдейтін немесе жеке адамдар қауымнан белгілі бір ақыға арендаға алып өңдейтін жерлерді де басып алды.

«Мен бұл жерде сол уақытқа дейін қоршалмаған, сол кездің өзінде-ақ өңделіп жүрген егістік жерлердің қоршалуы туралы айтып отырмын. Тіпті жерді қоршауды жақтаушы авторлардың өздері де жерді қоршаудың салдарынан ірі фермалардың монополиялық жағдайлары күшейеді, тіршілік зат-

²⁰⁵⁾ «Capital farms» («Two Letters on the Flour Trade and the Dearness of Corn.», By a Person in Business. London, 1767, p. 19. 20).

²⁰⁶⁾ «Merchant-farms» («An Enquiry into the Causes of the Present High Price of Provisions». London, 1767, p. 111, ескерту). Жазған адамның аты-жөні көрсетілмей басылып шыққан осы жап-жақсы еңбектің авторы священник Натаниэл Форстер.

²⁰⁷⁾ Thomas Wright. «A short address to the Public on the Monopoly of large farms», 1779, p. 2, 3.

²⁰⁸⁾ Rev. Addington. «Inquiry into the Reasons for and against inclosing-Open Fields». London, 1772, p. 37—43, passim.

тарының бағасы артады және халық азаяды дегенді мойындайды... Тіпті бос жатқан жерлерді қоршаудың өзі де, қазіргі уақыттағы қолданылып жүрген түрінде қоршау, кедейлерді өздерінің тіршілік заттарының бір бөлегінен айырады және онсыз да өте ірі фермаларды ұлғайтады»²⁰⁹. «Егер жер», — деп жазады доктор Прайс, — «аздаған ірі фермерлердің қолына тиетін болса, онда ұсақ фермерлер» (бұларды ол бұрын былай сипаттайтын: «өздерін және өз семьяларын өздерінің індейтін жерінің өнімімен, қауымдық жерде ұстайтын қойларымен, құс, шошқа, тағы басқаларымен қамтамасыз ететін, сондықтан өздерінің тіршілік заттарының ешқайсысын дерлік рыноктан сатып алуына тура келмейтін ұсақ меншікшілер мен фермерлер бұқарасы») «өздеріне керекті тіршілік заттарын басқа бірзге еңбек ету арқылы табуға және өзіне қажет нәрсенің бәрін рыноктан сатып алуға мәжбүр болатын адамдарға айналдырылады... Еңбектің көп істелуі мүмкін, өйткені еңбек етуге зорлау күшейеді... Қалалар мен мануфактуралар өседі, өйткені кәсіп іздеуге мәжбүр болған адамдар оларға барған сайын көп қуылады. Фермалардың шоғырлануы жеткізбей қоймайтын нәтижелер міне осындай, шынында да ол біздің корольдігімізде міне көп жылдар бойы осындай нәтижелерге әкеліп соқтырып отыр»²¹⁰.

Жерді қоршаудың жалпы зардаптарын ол былайша қорытындылайды:

«Жалпы алғанда халықтың төменгі таптарының жағдайы барлық жағынан дерлік нашарлады, ұсақ жер иелері мен фермерлер күндікшілер мен жалдамалар деңгейіне түсірілді; сонымен қабат мұндай жағдайда олардың тіршілік заттарын табуы қиындай түсті»²¹¹.

²⁰⁹ *Dr. R. Price. «Observations on Reversionary Payments», 6 ed. By W. Morgan. London, 1803, v. II, p. 155.* Форстерді, Аддингтонды, Кентті, Прайсты және Джемс Андерсонды оқыңыз, сөйтіп Мак-Куллохтың каталогіндегі бишара жалақорлық мылжынын осылармен салыстырыңыз: «*The Literature of Political Economy*». London, 1845.

²¹⁰ *Dr. R. Price*, цитат алынған шығарманың 147-беті.

²¹¹ *Dr. R. Price*, цитат алынған шығарманың 159-беті. Мұның өзі Ежелгі Римді еске түсіреді. «Байлар тұтас жатқан жердің көпшілігін иемденді. Сол уақытта өздеріне қолайлы болып шыққан жағдайды арқаланып, олар бұл жерлерді өздерінен қайыра тартып алады деп қорықпады, сондықтан да олар кедейлердің жапсарлас жатқан учаскелерін біразын олардың өз келісімімен сатып алды, біразын күшпен алды, сөйтіп олар енді әр жерде бытырап жатқан алқаптардың орнына кең даланы бірден жыртатын болды. Бұл орайда олар егіншілік жұмыстары мен мал шаруашылығы үшін құлдарды пайдаланды, өйткені еркін адамдар әскери қызметке алынар еді, демек, оларда жұмыс істей алмаған болар еді; құлдарды иемденудің оларға тағы бір үлкен пайдалы жері сол, құлдар әскери қызметтен босануының нәтижесінде емін-еркін өсіп-өніп, бала-шағасы көп болатын еді. Сөйтіп әлді адамдар өз қолдарына бар байлықты жинақтады да, бүкіл ел құлдарға толып кетті. Италиялықтар өздерінің арасында кең өріс алған қайыршылықтың, алым-салықтар мен әскери қызметтің салдарынан барған сайын азая берді. Ал бейбіт заман орнаған кезде олар мүлде жұмыссыз қалатын болды, өйткені барлық жерді байлар иемденді де, олар жерді өңдеу үшін еркін адамдардың орнына құлдарды пайдаланды» (*Appian. «Römische Bürgerkrieg», I, 7*). Бұл жері Лициний заңы⁶³ алдындағы дәуірге қатысты. Рим плебсінің күйзелуін соншалық тездетте түскен әскери қызмет Ұлы Карл үшін ерікті неміс шаруаларын феодалдық тәуелділер мен крепостнойларға тез айналдырудың басты құралы болды.

Шындығында, қауымдық жерді басып алудың және онымен қоса-қабат жүрген егіншіліктегі революцияның ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жағдайына қатты әсер еткені сонша, Иденнің өзінің айтуынша, 1765—1780 жылдарда олардың жалмақысы минимумнан да төмен құлдырай бастаған, соның салдарынан жалақыны ресми жәрдем қаражаттары есебінен толықтыруға тура келген. Олардың жалақысы, дейді ол, «ең қажетті деген өмірлік керектерді ғана қанағаттандыруға жетті».

Енді жерді қоршауды жақтаушылардың бірін, д-р Прайске қарсы адамды тыңдап көрелік.

«Халық ендігі жерде өз еңбегін ашық далада босқа ысырап етпейтіндіктен әл адамсыз қалды дейтін қорытынды дұрыс емес... Егер ұсақ шаруалар басқа біреулер үшін жұмыс істеуге мәжбүр болатын адамдарға айналдырылғаннан кейін көп еңбек іске қосылған болса, онда мұның өзі ұлтқа» (өзгеріске ұшыраған шаруалар, әлбетте, бұған жатпайды) «тек тиімді де қажетті нәрсе... Егер олардың құрамалас еңбегі бір фермада ғана қолданылатын болса, онда өнім көп болады: осылайша мануфактура үшін артық өнім жасалады, демек, мануфактуралар саны — еліміздің осы алтын қазыналарының саны — өндірілетін астық мөлшеріне сәйкес көбейеді»²¹²).

Торилік бағыттағы адам және «филантроп» сэр Ф. М. Иден бізге, былайша айтқанда, рухтың стоиктік жайбарақаттығының үлгісін көрсетеді, капиталистік өндіріс әдісінің негізін қалауға қажет болған жағдайда «меншіктің қасиетті правосын» өте өрескел бұзушылыққа және адамға өте өрескел зорлық жасаушылыққа экономистер осындай жайбарақаттықпен қарайды. XV ғасырдың соңғы үштен бірінен бастап XVIII ғасырдың аяғына дейін халықты күштеп экспроприациялаумен қоса-қабат жүрген талап-тонаудың, қаталдық пен жәбірлеушіліктің шексіз тізбегі оны тек мынадай «өте-мөте қолайлы» қорытынды пікірге келтіреді:

«Егістік пен жайылым арасында тиісті (due) пропорция жасау қажет болды. Тіпті бүкіл XIV ғасыр бойында және XV ғасырдың көп жылдарында бір акр жайылымға 2, 3 тіпті 4 акр егістік келетін. XVI ғасырдың ортасында бұл пропорция өзгеріп, 2 акр жайылымға 2, кейініректе 1 акр егістіктен келді, ақырында, дұрыс пропорция жасалып: 3 акр жайылымға бір акр егістік жерден келетін болды».

XIX ғасырда, әлбетте, егінші мен қауымдық меншік арасындағы байланысты еске алудың өзі де қойылды. Ең соңғы уақыт-

²¹² [J. Arbuthnot.] «An Inquiry into the Connection between the Present Price of Provisions etc.», p. 124, 129. Дәл осындай, бірақ қарама-қарсы тенденцияда айтылған пайымдауларды біз басқа автордан да көреміз: «Жұмысшылар өздерінің қоттеждерінен қуып жіберілген, сондықтан олар кәсіп іздеп қалаға қарай ағылуға мәжбүр, — бірақ бұл ретте қосымша өнім көп алынады, сөйтіп капитал өсе береді» ([R. B. Seeley.] «The Perils of the Nation», 2nd ed. London, 1843, p. XIV).

ты сөз етпегеннің өзінде, село халқы өзінен 1801 және 1831 жылдар арасында тартып алынған және лендлордтардан құралған парламенттің лендлордтарға сыйлыққа берген 3511770 акр қауымдық жер үшін бір тиын да төлем алған жоқ.

Ақырында, егіншілердің жерін экспроприациялаудың соңғы бір ірі процесі «Clearing of Estates» («имениелерді тазарту») — шындығында оларды адамдардан тазарту) дейтін болды. «Тазарту» экспроприацияның жоғарыда қаралған барлық ағылшындық әдістерінің шыңы болды. Өзіміздің жоғарыда көргеніміздей, қазіргі уақытта қуып шығарарлық тәуелсіз шаруалар қалмады, сондықтан іс енді жерді коттеждерден «тазартуда» ғана қалды, сөйтіп ауыл шаруашылық жұмысшылары өздері өңдейтін жерден қазір өздерінің тұрғын үйлеріне қажетті орын таба алмайтын болды. Сөздің шын мағынасында алғанда «Clearing of Estates» дегеннің не екенін біз таулы Шотландияға, осы заманғы романдардың жерұйық деген жеріне көз жібергенде ғана біле аламыз. Онда бұл процесс өзінің үздіксіз сипатымен, оның бір дегеннен жасалатын көлемінің кеңдігімен (Ирландияда лендлордтар бірден бірнеше деревняны бұзып тастайды; таулы Шотландияда көлемі жағынан герман герцогтіктеріне тең келетін жерлер бірден «тазартылады») және, ақырында, экспроприацияланатын жер меншігінің ерекше формасымен көзге түседі.

Таулы Шотландияның кельттері кландар түрінде өмір сүрді, олардың әрқайсысы өзінің қарауындағы жердің меншікшісі болды. Кланның өкілі, оның басшысы, немесе «үлкен адам», бұл жерді өзінің атағы арқасында ғана, ағылшын королевасы өзінің атағы арқасында бүкіл ұлттық жер қорын қалай меншіктеніп отырған болса, дәл солай меншіктенді. Ағылшын үкіметі осы «үлкен адамдардың» арасындағы ішкі соғыстарды басып-жаншып, олардың жазықтағы Шотландия жеріне үнемі шапқыншылық жасауын тыйған кезде, кландардың басшылары өздерінің ескі қарақшылық кәсібінен әсте де бас тартпады; тек оның формасы ғана өзгертілді. Атағына байланысты меншіктену правоарын олар өздерінің билігімен жеке меншіктену правосына айналдырды, ал кланның қатардағы мүшелерінің қарсылығына кездескен кезде, оларды ашықтан-ашық күш жұмсау арқылы жерден қуып жіберуге ұйғарды. «Дәл осындай негізде Англия королі өзінің қол астындағыларды теңізге қуып жіберуге правом бар деп дәмете алар еді», — дейді профессор Ньюмен²¹³⁾. Талапкерді⁶⁴ жақтаушылардың соңғы көтерілісінің ізінше Шотландияда басталған бұл революцияның алғашқы кезеңдерін сэр

²¹³⁾ F. W. Newman. «Lectures on Political Economy». London, 1851, p. 132.

Джемс Стюарт²¹⁴⁾ пен Джемс Андерсонның²¹⁵⁾ еңбектері бойынша көруге болады. XVIII ғасырда жерінен қуылған гэлдерге⁶⁶ эмигранцияға кетуге де тыйым салынды, өйткені оларды Глазго мен басқа да фабрикалы қалаларға күштеп қуып тықпақшы болды²¹⁶⁾. XIX ғасырда үстем болып отырған әдістің мысалы ретінде²¹⁷⁾ біз бұл жерде герцогиня Сатерленд жүргізген «тазалауды» аламыз. Басқару тізгіні саяси экономия мәселелері жөнінен өте-мөте сауатты осы кісінің қолына тиісімен-ақ, ол дереу түбегейлі экономикалық ем жасауға кірісуді және барлық графтықты қой жайылымына айналдыруды ұйғарды, бұл графтықтың халқы бұрын да жүргізілген осы тәріздес шаралар арқылы 15 000 адамға дейін азайтылған еді. 1814 жылдан 1820 жылға дейін бұл 15 000 тұрғындар — шамамен 3000 семья — ұдайы қуылып, құртылды. Олардың барлық деревнялары талқандалып, өртелді, барлық егістік жерлері жайылымға айналдырылды. Британ солдаттары ұрып-соғып жазалау үшін жіберілді, сөйтіп

²¹⁴⁾ Стюарт былай дейді: «Бұл жер учаскелерінен алынатын рента» (ол кланның басшысына таксмендер⁶⁵ төлейтін алымды қателесіп жер рентасы деген экономикалық категорияға жатқызады) «олардың мөлшерімен салыстырғанда тым болмашы ғана; арендамен күн көретін адамдардың санына келетін болсақ, онда, бәлкім, Шотландияның таулы жерлеріндегі тоқымдай жердің өте бай провинциялардағы қуны дәл сондай жермен салыстырғанда он есе көп адамды асырауы мүмкін» (*James Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy»*. London, 1767, v. I, ch. XVI, p. 104).

²¹⁵⁾ *James Anderson. «Observations on the means of exciting a spirit of National Industry etc.»*. Edinburgh, 1777.

²¹⁶⁾ 1860 жылы күшпен экспроприацияланғандар Канадаға жіберілді, бұл ретте оларға әдейі жалған уәделер берді. Олардың кейбіреулері тауға және көрші аралдарға қашып кетті. Олардың соңынан полицейлерден қуғыншы жіберілді, бұл қуғыншылармен қолма-қол шайқастан кейін олар жасырынды.

²¹⁷⁾ «Таулы облыстарда», — деп жазады А. Смиттің комментаторы Бьюкенен 1814 жылы, — «меншіктің ескі жүйесі күн сайын күшпен құлатылуда... Лендлорд, мұрагер арендаторларға» (осы орайда бұл категория да дұрыс қолданылмаған) «назар аудармастан, жерді көбірек ақы ұсынғанға береді, ал егер ол жерді жақсартатын болса, онда лендлорд дереу жаңа дақылдар жүйесін енгізеді. Бұрын ұсақ шаруаларға толы жерлерге халық сол жерден алынатын өнімнің мөлшеріне сәйкес қоныстандырылды; жақсартылған дақылдың жаңа жүйесі кезінде және көбейтілген рента кезінде олар шығынды мүмкіндігінше аз жұмсап, өнімді мүмкіндігінше көп алуға тырысады және осы мақсатқа жету жолында пайдасыз болып қалған барлық адамдарды қуады... Туған жерінен қуылған адамдар фабрикалы қалаларға, тағы басқа жерлерге күн көріс қамымен кетеді» (*David Buchanan. «Observations on etc. A. Smith's Wealth of Nations»*. Edinburgh, 1814, v. IV, p. 144). «Шотландия шонжарлары шаруа семьяларын экспроприациялап, арам шөп сияқты лақтырып тастады; кек кернеген үндістер тағы андардың апандарын қалай талқандайтын болса, шонжарлар да деревнялар мен олардың халқын дәл солай талқандайды... Адамды қой терісіне, қойдың бір сирағына, тіпті одан да арзанға сатады... Қытайдың солтүстік провинцияларына шапқыншылық жасалған кезде монғолдар кеңесінде ондағы тұрғындарды жойып жіберіп, олардың жерін жайылымға айналдыру жөнінде ұсыныс жасалды. Таулы Шотландияның көптеген лендлордтары өз елінде өздерінің отандастары жөнінде осы жобаны жүзеге асырды», (*George Ensor. «An Inquiry concerning the Population of Nations»*. London, 1818, p. 215, 216).

олар жергілікті тұрғындармен кәдімгідей ұрыс жүргізуге дейін барды. Бір кемпірді өз үйінде өртеп жіберген, өйткені ол үйін тастап кетуден бас тартқан. Осындай жалмен Сатерленд атам заманнан кланға тиесілі болып келген 794 000 акр жерді иемденіп алды. Қуып жіберілген тұрғындарға ол теңіз жағасынан әрбір семьяға 2 акрдан 6000 акр шамасында жер бөлді. Бұл 6000 акр жер бұрын бос жататын және меншікшілерге ешқандай табыс келтірмейтін. Ғасырлар бойы герцогиняның ата-бабалары үшін қан төгіп келген кланның мүшелеріне жерді әрбір акрын орта есеппен 2 шилл. 6 пенстен беріп, герцогиня сонша мәртебелі адамгершілік сезім көрсеткен болды. Қланның тонап алынған жердің бәрін ол қой шаруашылығына арналған 29 ірі фермаға бөлді, бұл ретте әрбір фермада жалғыз бір ғана семья, көбінесе ағылшын фермерлерінің батырақтары тұрды. 1825 жылы 15 000 гәлдің орнына 131 000 қой болды. Теңіз жағасына қуылған аборигендердің біразы балық аулаумен күн көруге тырысты. Олар амфибияға айналып, бір ағылшын авторының сөзімен айтқанда, жартылай жерде, жартылай суда өмір сүрді, бірақ жер де, су да олардың күн көрісін тек жартылай ғана қамтамасыз етті²¹⁸⁾.

Алайда өздері кланның «үлкен адамдары» алдында таулықтарға тән романтикалықпен бас игені үшін қайратты гәлдердің алдында жаңа, бұрынғыдан да ауырырақ сын тұрды. «Үлкен адамдар» балықтың исін сезді. Олар бұдан пайдалы бірдененің болатынын білді де, теңіз жағалауын Лондонның ірі балық саудагерлеріне арендаға берді. Гәлдер екінші рет қуылды²¹⁹⁾.

Бірақ, ақырында, қой жайылымының бір бөлегі де, өз кезегінде, аң аулайтын парктерге айналдырылады. Англияда нағыз табиғи орман-тоғайдың жоқ екені белгілі. Ақсүйектердің парктерін мекендейтін жабайы бұғы Лондонның олдермендері сияқты семіз, бағымдағы малдай болып кетті. Шотландия осы «ізгі құмарлықтың» ең соңғы тұрағы болып табылады.

²¹⁸⁾ Қазіргі герцогиня Сатерленд Америка республикасының құл-негрлеріне деген өзінің тілектестік ниетін көрсету мақсатымен Лондонда «Том ағайдың лашығы» деген кітаптың авторы миссис Бичер-Стоумен салтанатты кездесу ұйымдастырған кезде, — Азамат соғысы⁴ кезінде барлық «ізгі ниетті» ағылшын жүрекері құл иеленушілерге тілектестік білдірген кезде басқа ақсүйектермен бірге герцогиня да әлгі ниеттестігін парасаттылықпен ұмытып кетті, — мен «New-York Tribune»-де Сатерлендтің өз құлдары қалай тұратыны жөнінде баяндап бердім⁶⁷ (менің мақаламның бір бөлегін *Кэри* «The Slave Trade»-те цитатка келтірді. Philadelphia, 1853, p. 202, 203). Бұл мақаланы бір шотландиялық газет көшіріп басты және оның өзі сол газет пен Сатерлендтің жалақорлары арасында күшті айтыс туғызды.

²¹⁹⁾ Осы балық саудасы жөніндегі қызықты мәліметтерді біз Давид Уркартан кездестіреміз: «Portfolio. New Series» — Nassau У. Сениор өзінің жоғарыда цитат келтірілген, өзі өлгеннен кейін шыққан «Journals, Conversations and Essay relating to Ireland», деген шығармасында, London, 1868, «Сатерлендширдегі шараларды адамзаттың бұрын-соңды көрген ең қайырымды «тазартуларының» (clearings) бірі ретінде» сипаттайды.

«Таулы облыстарда»,— деп жазады Сомерс 1848 жылы,— «тоғайлы жерлердің көлемі едәуір ұлғайтылды²¹⁹⁾. Мұнда, Гейктің бір бетінде сіз Глен-фешидің жаңа тоғайын, екінші бетінде, Ардвериканың жаңа тоғайын көресіз. Тағы сонда сізге Блэк-Маунт, таяуда жасалған орасан зор құлазыған бос жер көрінеді. Шығыстан батысқа қарай, Абердин өңірінен Обан құздарына дейін, қазіргі уақытта орман-тоғай өңірі созылып жатыр, ал таулы елдің басқа жерлерінде — Лох-Аркейгте, Гленгарриде, Гленмористонда, тағы басқаларында жаңа ормандар бар. Жердің қой жайылымына айналдырылуы... гәлдерді құнарсыз жерлерге қуып шығарды. Енді бұғы қойды ығыстыра бастады, мұның өзі гәлдерді бұрынғыдан да гәрі лажсыз қайыршылыққа ұшыратуда... Аң аулау паркі мен халық бірге өмір сүре алмақ емес. Екеуінің бірі жойылуға тиіс. Егер таяудағы ширек ғасырда аң аулайтын орындар саны мен көлемі жағынан өткен ширек ғасырда өскенді дәрежеде өсетін болса, онда бұдан былай өзінің туған жерінде бірде-бір гәл қалмайды. Таулы жерлердегі жер меншікшілері арасындағы бұл қозғалыс, бір жағынан, сән қуудан, ақсүйектік әуестіктен, аң аулауға құмарлықтан, т. с. туған болса, екінші жағынан, олар өте пайдалы істі көздеп, жабайы хайуандарды сатып сауда жасайды. Өйткені таулы жердің аң аулау үшін бөлінген учаскесі қой жайылымына айналдырылған сол учаскемен салыстырғанда көп реттерде іс жүзінде өлшеусіз зор табысты болып шығады... Аң аулайтын жер іздеп жүрген әуесқой адам өзінің қалтасы қаншаға мүмкіндік берсе, аң аулайтын жер үшін сонша төлеуге әзір... Таулы Шотландияға тап болған апаттың сұмдық-тығы норман корольдерінің саясаты салдарынан Англия ұшыраған апаттан кем емес. Жабайы аңдардың жері кеңіді, бірақ мұның есесіне адамдар барған сайын қысыла түсуде... Халықтың еркіндігін бірінен соң бірін тартып алып жатыр... Сөйтіп езгі күн сайын күшейіп келеді. «Тазарту ісі» мен халықты қууды меншікшілер белгіленген қатаң принцип, агротехникалық қажет нәрсе ретінде жүргізуде; Америка мен Австралияның тың жерлерінде ағаштар мен бұталарды қалай құртып жатса, мұны да солай істеуде; және де бұл істің өзі байыптап, іскерлікпен жүргізілуде»²²⁰⁾.

²¹⁹⁾ Шотландияның «deer forests» [«аң аулау парктерінде»] бірде-бір ағаш жоқ. Қойларды басқа жаққа айдап әкетеді де, олардың орнына бұғыларды ашық тауға қуып тығады, сөйтіп мұны «deer forests» деп атайды. Сонымен, мұнда тіпті ағаш өсіру де жоқ.

²²⁰⁾ Robert Somers. «Letters from the Highlands; or, the Famine of 1847». London, 1848, p. 12—28 passim. Бұл хаттар алғаш «Times»-те шықты. Ағылшын экономистерінің 1847 жылы гәлдердің аштыққа ұшырауын олардың көбейіп кетуінен деп түсіндіруі өзінен-өзі түсінікті. Қалай болғанда да гәлдер өздерінің күн көріс заттарына «қысым жасаған» көрінеді. Германияда «имениелерді тазарту» немесе, мұнда оның осылай деп аталғанындай, «Bauernlegen». Отыз жылдық соғыстан⁶⁸⁾ кейін ерекше күшпен өріс алды және 1790 жылы-ақ Саксония курфюрлігінде шаруалар көтерілісін туғызды. «Имениелерді тазарту» Шығыс Германияда кеңінен таралды. Пруссия провинцияларының көпшілігінде шаруаларға меншік правосына алғаш рет II Фридрих кепілдік берген еді. Силезияны жаулап алып, ол оның жер меншікшілерін шаруалардың үйлерін, қоймалары мен тағы басқаларын қалпына келтіруге және шаруа шаруашылықтарын малмен, құралдармен жабдықтауға мәжбүр етті. Оған армия үшін солдаттар, қазына үшін салық төлеушілер керек болды. II Фридрих тұсында, оның сұрықсыз финанс системасы мен деспотизмнің, бюрократизмнің және феодализмнің қойыртып қосындысы болып табылатын басқаруы кезінде шаруа тұрмысының қаншалықты жақсы болғанын Фридрихке барынша тәпті болған Мирабоның мына сөздері көрсетеді: «Зығыр Солтүстік Германия егіншісінің негізгі байлықтарының бірі болып табылады. Бірақ, адам баласының сорына қарай, бұл — дәулеттің қорланар көзі емес, шегіне жеткен жоқшылыққа қарсы құрал ғана. Төте салықтар, барщина, алуан түрлі міндеткерліктер шаруаны күйзелтеді, мұның үстіне ол не нәрсе сатып алса, соның бәріне жанама салық

Шіркеу мүліктерін тонау, мемлекеттік жерлерді қулық-сұмдықпен иеліктен айыру, қауымдық меншікті аяусыз террор жолымен талан-таражға салу, феодалдық меншік пен кландар меншігін қазіргі заманғы жеке меншікке айналдыру — алғашқы қорланудың алуан түрлі тамаша әдістері міне осындай. Капиталистік егіншілік үшін егістік жерлерді басып алу, жерді капиталдың билігіне беру және заңнан тыс қойылған пролетариатты қаланың өнеркәсібіне қажетті мөлшерде ағылып келетін ету осындай жолмен жүзеге асырылды.

төлейді... және бұл күйзелістің үстіне ол өзінің өнімдерін қайда сатқысы келсе, сонда, қаншаға сатқысы келсе, соншаға сата алмайды; ол өзіне керекті өнімдерді оған неғұрлым қолайлы бағамен сатуға келісетін көпестерден сатып ала алмайды. Осы жағдайлардың бәрі оны біртіндеп күйзелтеді, сондықтан да жіп иірумен шұғылданбаса, төте салықтарды төлей алмаған болар еді; жіп иіру оның әйелінің, балаларының, қызметкерлерінің және өзінің күшін пайдалануға мүмкіндік беріп, оған қажетті демеу болады. Бірақ тіпті осындай демеу болып тұрғанның өзінде де қандай аяншыты өмір десеңізші! Жазда ол қаторжик сияқты жер жырту мен егін орағында жұмыс істейді, жұмысын орындау үшін ол сағат 9-да жатып, түнгі 2-де тұрады; қыста ол ұзағырақ демалыспен пайдаланып, өзінің күш-қуатын қалпына келтіруге тиіс еді; бірақ ол салықтарды төлеу үшін өз өнімінің бір бөлегін сататын болса, онда оның астығы ішіп-жем мен тұқымға жетіспейді. Сөйтіп осы олқылықты толтыру үшін оның жіп иіруіне... иіргенде, жанын салып иіруіне тура келеді. Сондықтан шаруа қыста да түн ортасында немесе түнгі сағат бірде жатып, таңертеңгі сағат бесте немесе алғыда тұрады, немесе сағат тоғызда жатып, екіде тұрады,— жексенбі күндерінен басқа күндердің бәрінде өмір бойы күн сайын осылай істейді... Осылайша ұйқы көрмей таңды таңға ұру мен қалжыратып жығатын шамадан тыс еңбек адам организмін титықтатады; сондықтан да деревняда еркектер мен әйелдер қаладағылардан гөрі анағұрлым тез қартаяды (*Mirabeau*, цитат алынған шығарма, III том, 212 және келесі беттері).

2-басылуына қосымша. 1866 жылдың апрелінде, Роберт Сомерстің жоғарыда цитат келтірілген еңбегі жарияланғаннан соң 18 жыл өткеннен кейін, профессор Лион Леви Өнер мен қолөнер қоғамында²⁹ қой жайылымдарының аң аулайтын парктерге айналдырылуы туралы баяндама жасады. Ол таулы Шотландияны елсіз бос жерге айналдырудың қаншалық ілгері басқаны туралы айтты, сонымен қатар былай деді: «Халықты қуып жіберіп, жерді қой жайылымына айналдыру ешбір шығын шығармай-ақ табыс табу үшін ең қолайлы амал болды... Қой жайылымын аң аулайтын парктерге айналдыру таулы Шотландияда әдеттегі іс болып алды. Қойға орын босату үшін бұрын адамдар қалай қуылған болса, енді жабайы аңдар қойларды солай қуып шығуда... Сіз Форфарширдегі граф Далхузидің поместьелерінен шығып Джон-о' Гротсқа дейін орман-тоғай ішімен бара аласыз. Бұлардың» (осы тоғайлардың) «көпшілігінде көптен-ақ түлкі, жабайы мысық, сусар, күзен, ақ тышқандар мен альпі кояндары өсіп жатыр; ұй кояндары, ақ тиындар мен егеу құйрықтар онда тек соңғы уақытта пайда болды. Шотландия статистикасында керемет бай кең байтақ шабындықтар ретінде көрсетіліп жүрген ұлан-байтақ жерлер қазіргі уақытта ешқандай да ұқсатылып жақсартылмайды және олар аздаған адамдардың ғана аң аулап қызықтайтын жеріне,— жылына бірнеше күнге ғана созылатын қызықтау жеріне айналған».

Лондондық «Economist»³⁰ 1866 жылғы 2 июньде былай деп жазады. «Бір шотланд газеті соңғы аптаның жаңалықтары ішінде жол-жөнекей былай деп хабарлайды: «Сатерлендширдегі ең жақсы қой фермаларының бірі, ол үшін таяуда шарт мерзімі біткеннен кейін 1200 ф. ст. жылдық рента ұсынылған ферма аң аулайтын паркке айналдырылды!» Феодалдық инстинкт нормандар

3. ЭКСПРОПРИАЦИЯЛАНҒАНДАРҒА ҚАРСЫ XV ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДА ШЫҒАРЫЛҒАН ҚАНҚҰЙЛЫ ЗАҢ. ЖАЛАҚЫНЫ ТӨМЕНДЕТУ МАҚСАТЫМЕН ШЫҒАРЫЛҒАН ЗАҢДАР

Феодалдық жасақтардың таратылуы салдарынан жерінен қойылған және ауық-ауық қайталап отырған зорлықты экспроприация арқылы жерден айырылған адамдарды,— заңнан тыс қойылған бұл пролетариатты туып келе жатқан мануфактура ол пролетариат дүниеге қандай тез келсе, сондай тездікпен сіңіре алмады. Екінші жағынан, дағдылы тіршілік қалыбынан күтпеген жерден шығып қалған адамдар өздерінің жаңа жағдайларының тәртібіне нақ сондай бірден көндіге алмады. Олар ішінара бейімділігінен, ал көбінесе жағдайдың қысымымен топ-тобымен қайыршыларға, тонаушыларға, қаңғымаларға айналды. Сондықтан XV ғасырдың аяғында және бүкіл XVI ғасырдың өн бойында Батыс Еуропаның барлық елдерінде қаңғымаларға қарсы қанқұйлы заңдар шығарылады. Қазіргі кездегі жұмысшы табының ата-бабалары өздерінің қаңғымалар мен пауперлерге айналдырылғаны үшін алдымен жазаға тартылды. Егер ықылас қойған болса, олар қазірде жоқ, бұрынғы ескі жағдайларда еңбек ете алар еді деген болжалға сүйеніп, заң оларды «ерікті» қылмыстылар деп қарады.

Англияда мұндай заң шығару VII Генрихтің тұсында бас-талды.

VIII Генрихтің 1530 жылы шығарған заңы бойынша, еңбекке жарамсыз және кәрі қайыршылар қайыр сұрауға рұқсат алады. Ал әлі де еңбекке жарамды қаңғымаларға, мұның керісінше, дүре соғылып, түрмеге қамалатын болды. Оларды қол арбаға байлап қойып, тәнінен қан сорғалап аққанға дейін дүре соғу, сонан кейін олардан өзінің туған жеріне немесе соңғы үш жылын өткізген жерге қайтып барып, «еңбек етуге кірісу» жөнінде (to put himself to labour) ант ішкізіп, уәде алу керек болды. Қандай

шапқыншылығы кезінде... жаңа орман жасау үшін 36 деревня талқандалып бұзылған кезде... қалай көрінген болса, солай көрінуде... Екі миллион акр жер, оның ішінде Шотландияның бірнеше өте құнарлы аудандары, мүлде елсіз бос жерге айналдырылды. Глен-Тилттегі шабындықтарда өсетін шөп Перт графтығындағы ең жұғымды шөп болып есептелетін; Бен-Олдердегі аң аулау паркінен бұрын Вадеоктің кең байтақ округында ең жақсы шөп шыбатын; Блэк-Маунт орманының бір бөлегі Шотландияда қара қой үшін ең жақсы жайылым болатын. Аң аулауға әуесқойлар үшін бос жерге айналдырылған жерлердің көлемін мына бір фактіге қарап білуге болады: бұл жерлер бүкіл Перт графтығынан да әлдеқайда көлемдірек жерді алып жатыр. Жерді осылайша күшпен құлазытудың салдарынан елге қаншалық көп нұқсан келгенін мынадан көруге болады: Бен-Олдер орманы тұрған жерде 15 000 қой асырауға болар еді және бұл орманның ауданы Шотландияның барлық аң аулау өңірінің тек $\frac{1}{30}$ бөлігі ғана... Аң ауланатын бұл жердің бәрі де мүлде өнімсіз жерге айналды... егер бұл жерді Солтүстік теңіздің суы басып қалған күнде нәтижесі қандай болса, қазіргі нәтиже сондай. Құлазыған бос жерлерді осылайша қолдан жасаушылыққа заңның қарулы қолы тыйым салуға тиіс еді».

қаныпезерлік сайқы-мазақ десеңізші! VIII Генрихтің патшалық құруының 27-ші жылы шығарылған заң осы тәртіптерді қайта қаңғыртып, оны бірсыпыра қосымшалармен күшейтеді. Қаңғырмашылық қайталанған кезде дүре соғу қайталанып, оның үстіне құлағының жартысы кесіп алынады; ал егер қаңғыма үшінші рет қолға түссе, онда ол ең ауыр қылмысты және қоғамның жауы ретінде өлім жазасына тартылады.

VI Эдуард 1547 жылы — өзінің патшалық құруының бірінші жылында-ақ — заң шығарып, бұл заң бойынша кімде-кім жұмыстан жалтарса, ол адам оның бостан-бос қарап жүргенін хабарлаған адамға құлдыққа берілетін болды. Қожайын өзінің құлына нан мен су, сорпа-суан және өзі мақұл көрген ет қалдықтарын беруі керек. Қожайын оның қол-аяғын кісендеп, дүре соғу арқылы қандай жиіркенішті болса да кез келген жұмысты еріксіз істеткізуге праволы. Егер құл өз бетімен 2 апта кетіп қалса, онда ол өмір бойы құл болуға кесіледі және оның маңдайына не бетіне «S» таңбасы басылады; егер ол үшінші рет қашып кететін болса, онда оны мемлекеттік қылмысты адам ретінде дарға асады. Қожайын оны қандай да болсын жылжымалы мүлік немесе мал сияқты сата алады, мұра етіп қалдыра алады, құл ретінде жалға бере алады. Егер құлдар өздерінің қожайындарына қарсы жамандық бірдене ойлайтын болса, онда да олар өлім жазасына тартылады. Бітістіруші судьялар қожайындардың мәлімдеуі бойынша қашқын құлдарды іздеп табуға міндетті. Егер қашқын қаңғыма үш күн жұмыссыз бос сенделіп жүрген болса, онда оны туған жеріне қайтарады, қыздырылған темірмен оның кеудесіне «V» таңбасын басады да, аяқ-қолын бұғаулап, жол жұмысы мен басқа да жұмыстарға пайдаланады. Туған жерін дұрыс көрсетпеген қаңғыма осының жазасы ретінде тиісті селоның, оның тұрғындарының немесе корпорациясының өмір бойғы құлына айналдырылады және оған «S» таңбасы басылады. Кім де болса қаңғыманың балаларын тартып алып, ер баланы 24 жасқа дейін, қыздарды 20 жасқа дейін өзінде үйренуші етіп ұстауға праволы. Егер олар қашып кететін болса, онда әлгі көрсетілген жасқа жеткенше олар өздерінің тәрбиеші-қожайындарының құлына айналдырылады, қожайындар оларды шынжырлап ұстауға, ұрып-соғуға, т. т. праволы. Қожайын өзінің құлын басқа құлдардан ажырату оңай болу үшін және оның жасырынып жүруіне мүмкіндік бермеу үшін оның мойынына, аяғына немесе қолына темір құрсау кигізіп қоя алады²²¹⁾. Бұл заңның соңғы бөлімінде кедейлердің өздерін тамақтандырып,

²²¹⁾ «Essay on Trade etc.»-тің авторы былай дейді: «VI Эдуард патшалық еткен кезде ағылшындар мануфактураны күшейту және кедейлерге кәсіп тауып беру ісімен, сірә, шындап шұғылданған болса керек. Мұны мынадай бір тамаша заңнан көруге болады: ол заңда барлық қаңғымаларға таңба басылуға тиіс делінген», т. т. («An Essay on Trade and Commerce». London, 1770, p. 5).

сусын беретін және жұмыспен қамтамасыз ететін округта немесе адамдарда жұмыс істеуге тиісті жағдайлары қаралған. Осы тәріздес құлдар — діни қауымдардың құлдары — Англияда *goundsmen* (қауымшылар) деген атпен XIX ғасырға дейін сақталып келді.

Елизаветаның 1572 жылғы заңы бойынша, қайыр-садақа жинауға рұқсаты жоқ 14 жастан асқан қайыршыларды, егер оларды екі жыл қызметшілікке алуға ешкім келіспейтін болса, аяусыз ұрып соғады да, сол құлағына таңба салады; қайыр-садақа сұрау қайталанған кезде 18 жастан асқан қайыршылар, егер оларды ешкім 2 жылға қызметшілікке алуға келіспесе, өлім жазасына тартылады; үшінші рет қайталанғанда оларды мемлекеттік қылмысты адам ретінде ешбір кешірімсіз дарға асады. Бұл сияқты ережелер Елизаветаның патшалық құруының 18-ші жылында шыққан заңда да (13-тарауында) және 1597 жылғы заңда да^{221a)} бар.

221) Томас Мор өзінің *Утопиясында* былай дейді: «Мынадай жағдай да болады: өз елінің нағыз соры, ашқарақ, тойымсыз обыр мындаған акр жерді өзінің қолына жинап алады да, шарбақпен немесе дуалмен қоршап тастайды, немесе өзінің зорлық пен қысым көрсетуі арқылы меншікшілерді өз мүліктерінің бәрін сатуға мәжбүр етеді. Басқа да түрлі тәсілдермен, әйтеуір қайткенде де олардың тиығына жетеді, ақырында, олар — бұл кедей, қарапайым, сорлы адамдар көшіп кетуге мәжбүр болады! Бұлар — еркектер мен әйелдер, ерлері мен әйелдері, жетімдер мен жесірлер, емшекте баласы бар ашынған аналар, үй-шінің барлық адамдары, тіршілік заттарынан тапшылық көрген кедейлер, бұлар өте көп, өйткені егіншілік көп жұмысшы қолын керек қылды. Олар тоз-тоз болып жүр, деймін мен, өздерінің үйреншікті туған жерлерін тастап кетеді және ешқандай баспана таппайды. Онша құнды болмаса да барлық ұй жабдықтарын сату басқа жағдайларда оларға біраз көмек болар еді, бірақ күтпеген жерден көшеге шығарылып тасталған олар мүліктерін су тегін арзанға сатуға мәжбүр болады. Бұл бақытсыз кезбелер соңғы тиынына дейін бәрін жұмсап қойғаннан кейін, құдай ақы, айтыңызшы, оларға ұрлық істеуден басқа не қалады? Бірақ бұлай етсе, оларды заңның бүкіл формасы бойынша дарға асады. Немесе қайыр сұрау керек пе? Онда оларды жұмыссыз бос жүргені үшін қаңғымалар ретінде түрмеге жабады: олар өздеріне жұмыс беруді қаншалық тіленсе де, оларға ешбір жанның жұмыс бергісі келмейді, сонда да оларды жұмыс істемейсің деп кінәлайды». Томас Мордың айтуынша, турадан-тура ұрлық жасауға мәжбүр етіліп, қуып жіберілген осы кедейлердің ішінен «VIII Генрих патшалық құрған заманда ірілі-уақты 72 000 ұры дарға асылған» (*Holinshed. «Description of England», v. I, p. 186*). Елизавета уақытында «қаңғымаларды қатарлап тізіп қойып дарға асқан, не ана жерде, не мына жерде 300 немесе 400 адам дарға асылмаған жыл болмаған» (*Strype. «Annals of the Reformation and Establishment of Religion, and other Various Occurrences in the Church of Endland during Queen Elisabeth's Happy Reign» 2 nd ed., 1725, v. II*). Сол Страйптың өзінің айтуына қарағанда, Сомерсетширде тек бір жылдың ішінде ғана 40 адамды дарға асқан, 35 адамға таңба басылған, 37 адамға дүре соғылған және 183 «өжет жексұрын» еркіндік алған. Соған қарамастан, дейді ол, «бітістіруші судьялардың жол беруі мен халықтың орынсыз қайырымдылығы салдарынан айыптылардың осы елеулі саны барлық нағыз қылмыстылардың $1/5$ -і де болмай отыр». Ол былай деп қосады: «Англияның басқа графтықтарында да жағдай Сомерсетширдегіден жақсы емес, тіпті көпшілігі әлдеқайда нашар жағдайда болды».

I Яковтың тұсында бос сенделіп жүрген және қайыр сұрайтын адам қаңғыма деп есептелген. Petty Sessions-те⁷⁰ бітістіруші судьяларға мұндай қаңғымаларға жұрт алдында дүре соғуға және оларды бірінші рет қолға түскенін 6 айға, екінші рет қолға түскенін 2 жылға түрмеге отырғызуға уәкілдік берілген. Түрмеде отырған кезінде оларға бітістіруші судьялар ойына келгенін істеп, жиі-жиі және көп дүре соққызады... Түзелмейтін және қауіпті қаңғымалардың сол иығына «R» әрпінен күйдіріліп таңба басылады да, еріксіз жұмысқа жіберіледі; ал егер олар тағы бір рет қайыршылықпен қолға түсетін болса, онда олар кешірімсіз дарға асылады. Заңның бұл ережелері XVIII ғасырдың басына дейін күшінде болды, мұны Аннаның патшалық құруының 12-ші жылы шыққан заң ғана жойды, 23-тарауы.

Бұл сияқты заңдар Францияда да болды, онда XVII ғасырдың орта кезінде Париж қаңғымалары «қаңғымалар корольдігі» (royaume des truands) дегенді құрған болатын. XVI Людовиктің патшалық етуінің алғашқы кезінде-ақ ордонанс (1777 жылғы 13 июльде) шығарылды, бұл заң 16 жастан 60 жасқа дейінгі әрбір дені сау адамды, егер оның күн көріс қаражаты және белгілі кәсібі болмаса, қаторғаға жер аударуға ұйғарды. Бұл сияқты шаралар V Карлдың Нидерланды үшін шығарған статутында (1537 жылғы октябрь), Голландия штаттары мен қалаларының 1614 жылғы 19 марттағы бірінші эдиктінде, Біріккен провинциялардың 1649 жылғы 25 июньдегі плакатында, тағы басқаларында белгіленген.

Жерінен зорлықпен айырып, қуылған, сөйтіп қаңғымаларға айналдырылған деревня халқын осы сұмдық террорлық заңдарға сүйене отырып, дүрелеу, таңба басу, азаптау арқылы жалдама еңбек тәртібіне үйретуге тырысты.

Бір жағында капитал ретінде еңбек жағдайы, ал екінші жағында өзінің жұмыс күшінен басқа сатарлық ештенесі жоқ адамдар пайда болғаны аздай көрінді. Бұл адамдарды өздерін өз ықтиярымен сатуға мәжбүр ету де жеткілікті болмағандай болды. Капиталистік өндірістің онан әрі өсуімен бірге жұмысшы табы дамиды, ол өзінің тәрбиесі, дәстүр-салты, үйреншікті әдеттері бойынша капиталистік өндіріс әдісінің жағдайларын өзінен өзі болатын табиғи заңдар деп таныды. Дамыған капиталистік өндіріс процесін ұйымдастыру қандай да болсын қарсылықты күйретіп отырды; относительно артық халықтың ұдайы қалыптасуы еңбекке деген сұраным мен еңбекті ұсыным заңын, демек, жалақыны да капиталдың өз өсуінің қажеттеріне сай келетін шеңберде ұстап отырды; экономикалық қатынастардың дүлей күші капиталистердің жұмысшыларға жасайтын үстемдігін нығайтты. Экономикадан тыс тікелей зорлау, рас, әлі де қолданы-

лып отыр, бірақ ол ілуде бір қолданылады. Істің әдеттегі барысында жұмысшыны «өндірістің табиғи заңдарының» билігіне, яғни капиталға тәуелділікке беріп қоюға болады, ол тәуелділік өндірістің өз жағдайларынан туады, оны сол жағдайлар қамтамасыз етіп, мәңгі сақтайды. Капиталистік өндіріс жаңа ғана қалыптасып келе жатқан тарихи заманда басқа нәрсені көрміз. Туып келе жатқан буржуазияға мемлекеттік билік керек, ал жалақыны «реттеп отыру» үшін, яғни оны қосымша құн сығып алуға қолайлы шеңберлерде күштеп ұстау үшін, жұмыс күнін ұзарту үшін және жұмысшының өзін капиталға қалыпты тәуелділікте ұстау үшін ол шынында да мемлекеттік билікті қолданады. Алғашқы қорлану дейтіннің мәнді жері осында.

XIV ғасырдың екінші жартысында пайда болған жалдама жұмысшылар табы ол кезде және онан кейінгі ғасырда халықтың болмашы ғана бөлегі болды; оның жағдайы деревнядағы дербес шаруа шаруашылығынан және қалалардағы цехтық ұйымнан өзіне мықты тірек тапты. Деревняда да, сол сияқты қалада да қожайындар мен жұмысшылар элеуметтік жағынан біріне-бірі жақын тұрды. Еңбек капиталға тек формальды түрде ғана бағынды, яғни өндіріс әдісінің өзі әлі арнайы капиталистік сипатқа ие болмаған еді. Капиталдың өзгермелі элементі оның тұрақты элементінен көп басым болды. Осы себепті капитал қорланған сайын жалдама еңбекке деген сұраным тез өсті, ал жалдама еңбектің ұсынылуы сұранымның соңынан баяу ғана ілесіп отырды. Ұлттық өнімнің кейіннен капиталдың қорлану қорына айналған едәуір бөлегі ол кезде әлі де жұмысшының тұтыну қорына енетін еді.

Жалдама еңбек жөніндегі заңдарды, әуел бастан-ақ жұмысшыны қанауды көздеген және өзінің онан әрі дамуында үнемі жұмысшы табына жаулық қатынаста болған заңдар²²²⁾ шығару Англияда III Эдуард тұсында 1349 жылы шығарылған жұмысшы статутынан басталады. Францияда оған король Иоанның атынан 1350 жылы шығарылған ордонанс сай келеді. Англия мен Францияның шығарған заңдары қатар дамып отырады және өздерінің мазмұны жағынан ұқсас болды. Мен жұмыс күнін ұзартудың құралы болып табылатын жұмысшы статуттарына тоқталып жатпаймын, өйткені олар бұл жағынан жоғарыда (сегізінші тарау, 5-бөлім) қарастырылған болатын.

Жұмысшы статуты қауымдар палатасының өтініп сұрауы себепті шығарылды.

²²²⁾ «Әрдайым, заң қожайындар мен олардың жұмысшылары арасындағы таласты реттемек болған кезде, ол заңның кеңесшілері қожайындар болды»,— дейді А. Смит⁷¹. «Меншік — заңдардың рухы міне осы»,— дейді Ленге⁷².

«Бұрын»,— дейді бір тори аңқаулықпен,—«кедәйлер өнеркәсіп пен байлыққа қауіп туғызарлықтай соншалық жоғары жалақыны талап ететін еді. Қазір олардың жалақысының төмен екені соншалық, мұның өзі тағы да сол өнеркәсіп пен байлыққа қауіп болып отыр, бірақ бұл қауіп бұрынғыдан басқадай және, тегінде, ол кездегіден әлдеқайда қатерлі қауіп болса керек»²²³.

Заң жалақының қала мен деревняға арналған, кесімді жұмыс пен күндік жұмысқа арналған тарифін белгілейді. Селолық жұмысшылар бір жылға жалдануға тиіс, ал қалалық жұмысшылар «еркін рынокта» жалдануға тиіс. Түрмеге салу жазасымен қорқытып, статутта көрсетілгеннен артық ақы төлеуге тыйым салынады, оның бер жағында мұндай заңсыз ақы алған адамдар оны төлегендерден қаталырақ жазаланады. Мысалы, тіпті үйренушілер жөніндегі Елизавета статутының 18-ші және 19-шы статьяларында тарифтен жоғары ақы бергендерге он күн түрме жазасы, ал ол ақыны алғандарға үш апта түрме жазасы белгіленген. 1360 жылғы статут жазалау шарасын көбейткен және тіпті қожайындарға жұмысшыларды күш қолдану арқылы заң белгілеген тариф бойынша жұмыс істеткізуге уәкілдік берген. Тас қалаушылар мен ағаш ұсталарының басын қосып біріктірген барлық одақтар, шарттар, уәде-анттар, тағы басқалары заңсыз деп жарияланды. Жұмысшылар коалициялары XIV ғасырдан бастап 1825 жылға дейін, коалицияларға қарсы заңдар⁷³ жойылғанға дейін ауыр қылмыс ретінде қаралды. 1349 жылғы жұмысшы статутының және онан кейінгі барлық заңдардың рухы мемлекеттің әсте де жалақының минимумын белгілемей, тек максимумын ғана белгілейтінінен айқын көрінеді.

XVI ғасырда жұмысшылардың жағдайы өте-мөте нашарлап кеткені белгілі. Ақшалай ақы артты, бірақ мұның өзі ақшаның құны түсуі мен товарлар бағасының көтерілуі дәрежесінен көп төмен болды. Демек, іс жүзінде жалақы төмендеді. Соған қарамастан жалақыны төмендетуге бағытталған заңдар онан әрі күшінде қала берді; мұнымен бірге «ешкім өзіне қызметке алуға келіспеген» адамдардың құлақтары кесіліп, оларға таңба басылып отырды. Елизаветаның патшалық құруының 5-ші жылында үйренушілер туралы шығарылған статут, 3-ші тарауы, бітістіруші судьяларға жалақының белгілі бір дәрежесін белгілеуге және оны жыл мезгілдері мен товарлар бағасына сәйкес өзгертіп отыруға уәкілдік береді. I Яков еңбекті бұлай реттеу тәртібін тоқымашыларға, жіп иірушілерге және жұмысшылардың басқа да

²²³) [J. B. Byles.] «Sophisms of Free Trade». By a Barrister. London, 1850, p. 206. Ол мысқылдап былай деп қосады: «Біз кәсіпкерлердің пайдасына бола іске араласуға әрдайым әзір болдық; ал жұмысшылардың пайдасына келгенде ештеңе істей алмағанымыз ба?»

категорияларына қолданды²²⁴⁾. II Георг жұмысшылар коалицияларына қарсы заңдарды барлық мануфактураларға қолданды.

Мануфактуралық дәуірдің өзінде капиталистік өндіріс әдісі жалақыны заң арқылы реттеп отыруды әрі орындалмайтындай, әрі қажет етпейтіндей болып жеткілікті нығайды, бірақ дегенмен ескі арсеналдан қалған бұл қаруды керек бола қалса деп сақтай тұрғысы келді. II Георгтың патшалық құруының 8-ші жылында шығарылған тағы бір заң Лондон мен оның төңірегіндегі жерлердің тігінші кіші шеберлеріне бүкіл халықтық қаралы күндерден басқа реттерде 2 шилл. 7¹/₂ пенсіден артық күндік ақы төлеуге тыйым салады; III Георгтың патшалық құруының 13-ші жылында шығарылған тағы бір заң, 68-тарауы, бітістіруші судьяларға жібек тоқымашыларының жалақысын реттеуге ерік береді; бітістіруші судьялардың жалақы жөніндегі бұйрықтары ауыл шаруашылығы жұмысшыларынан басқа жұмысшыларға қолданыла ма, жоқ па деген мәселені шешу үшін 1796 жылдың өзінде жоғары сот мекемелерінің екі қаулысы керек болды; Шотландияның кен жұмысшыларының жалақысы Елизаветаның статутымен, оған қоса 1661 және 1671 жылдардағы шотландиялық екі заңмен реттелетіні тіпті 1799 жылдың өзінде парламенттік актымен баянды етілген болатын. Бұл уақытқа қарай жағдайдың қаншалықты қатты өзгергенін Англияның қауымдар палатасының практикасында бұрын-соңды болып көрмеген бір жағдай анық көрсетеді. 400 жылдан астам уақыт бойы жалақы осыдан ешқашан аспауға тиіс болатын тек қана белгілі бір максимумды белгілейтін заңдар шығарылып келген осы палатада Уитберд 1796 жылы ауыл шаруашылық жұмысшылары үшін

²²⁴⁾ I Яков патшалық құруының 2-жылында шығарылған статуттың бір пунктінен, 6-тараудан мынаны көреміз: бітістіруші судья болып жүрген кейбір шұғашылар өз шеберханаларында жалақы тарифін ресми түрде өздері белгілеп алатын болған. Германияда, әсіресе Отыз жылдық соғыстан кейін, жалақыны кеміту үшін статуттар өте жиі шығарылған. «Елсіз қалған жерлерде қызметшілер мен жұмысшылардың жетіспеуі помещиктерге өте ауыр тиді. Барлық деревня тұрғындарына бойдақ еркектер мен әйелдерге жалға бөлмелерін беруге тыйым салынды; барлық мұндай келімсектер жөнінде басшыларға хабарлап тұру бұйырылды, егер олар қызметші болғысы келмесе, қандай да болсын басқа кәсіппен, күндік ақы алып шаруаларға жұмыс істеумен немесе тіпті ақшамен және астықпен сауда жасау арқылы күн көріп жүруіне қарамастан, түрмеге отырғызылуға тиіс болды» («Kaiserliche Privilegien und Sanctionen für Schlesien», I, 125). Патшалардың указдарында қатаң тәртіпке бағынбайтын, заң бойынша белгіленген ақыға қанағат етпейтін бұзылған, арсыз малайлар жөнінде ашынып назалану бүкіл ғасыр бойы тоқталмайды; жеке бір помещиктің бүкіл округ үшін белгіленген мөлшерден гөрі неғұрлым жоғары ақы төлеуіне тыйым салынады. Сонда да соғыстан кейін қызметшілердің жағдайы кейде бұдан жүз жыл кейінгісінен жақсы болды; Силезияда қызметшілер 1652 жылдың өзінде аптасына екі рет ет алып тұрды, ал біздің ғасырымызда сол Силезияның өзінде қызметшілер жылына үш рет қана ет алатын жерлер бар. Соғыстан кейін жалақы да одан кейінгі ғасырлардағыдан жоғары болды» (G. Freytag. [«Neue Bilder aus dem Leben des deutschen Volkes». Leipzig, 1862, S. 35, 36]).

жалақының минимумын заң жүзінде белгілеуді ұсынды. Питт бұған қарсы болды, алайда ол «кедейлердің жағдайы өте нашар (guel)» дегенге қосылды. Ақырында, 1813 жылы жалақыны реттеу жөніндегі заңдар жойылды. Капиталист өзінің фабрикасында еңбекті өзінің заңы арқылы реттеп отыратын жағдайда және кедейлер пайдасына алынатын салық арқылы село жұмысшыларының ақысын қажетті минимумға дейін толықтырып отыратын жағдайларда ол заңдардың қауқарсыздығы кісі күлерліктей болып еді. Бірақ жұмысшы статуттарының қожайын мен жұмысшылар арасындағы келісімдер, шартты бұзу мерзімдері, тағы басқалары жөніндегі ережелері күні осы уақытқа дейін еш мүлтіксіз толық сақталды, бұл ережелер бойынша — келісімді бұзған қожайынға тек азаматтық іс бойынша ғана талап қойылады, ал келісімді бұзған жұмысшы қылмысты іс бойынша жауапқа тартылуға тиіс.

Коалицияларға қарсы қатаң заңдар 1825 жылы, пролетариаттың беталысы қатерлі болған кезде құрыды. Алайда олар тек ішінара ғана құрыды. Ескі статуттардың кейбір сүйкімді қалдықтары тек 1859 жылы ғана жойылды. Ақырында, 1871 жылғы 29 июньде парламенттік заң шығарылды, ол осы таптық заңның соңғы қалдықтарын жоюдан дәмеленді, өйткені ол тред-юниондарды заң жүзінде танылатын етті. Бірақ дәл сол күні шығарылған екінші бір парламенттік заң (зорлау, қорқыту және озбырлық жасауды жазалау шаралары жөніндегі қылмысты істер туралы заңды өзгерту үшін қабылданған заң) іс жүзінде бұрынғы жағдайды жаңа формада қалпына келтірді. Осындай парламенттік көз бояушылық арқылы жұмысшылардың стачка немесе локаут (өздерінің фабрикаларын бір мезгілде жабу ісін қолданатын өзара байланысты фабриканттардың стачкасы) кезінде пайдалануына болатын барлық құралдар жалпы правоның қатарынан шығарылып, қылмысты істер жөніндегі ерекше заңға бағындырылды, бұл заңның түсінілуі бүтіндей бітістіруші судьяларға, яғни фабриканттарға байланысты болды. Осыдан екі жыл бұрын сол қауымдар палатасының өзінде сол Гладстон мырзаның өзі жұмысшы табына қарсы бағытталған барлық ерекше заңдарды жою жөнінде белгілі бір ізгі ниеттілікпен заң жобасын енгізді. Бірақ онан әрі, бұл заң жобасын екінші рет оқудан әрі іс алға баспады, ақырында, «ұлы либералдық партия» торимен бірігіп, өздерін өкімет басына қойған пролетариаттың өзіне үзілді-кесілді қарсы шығуға батылы жеткенге дейін жоба ұзақ уақыт бойы тығулы жатты. Бұл сатқындыққа місе тұтпай, «ұлы либералдық партия» үстем таптардың алдында әрдайым құрдай жорғалаушы ағылшын судьяларына «конспирацияларға» қарсы ескі заңды⁷⁴ қазып алып, оларды жұмысшы коалициялары жөнінде қолдануға мүмкіндік берді. Біздің көріп отырғанымыздай, ағылшын парламентінің өзі арсыздық

өзімшілдікпен бес жүз жыл бойы капиталистердің жұмысшыларға қарсы бағытталған тұрақты тред-юнионы жағдайында болып келгеннен кейін, бұл парламент бұқараның қысымымен еріксізден ғана стачкалар мен тред-юниондарға қарсы заңдардан бас тартты.

Дәл сол сияқты француз буржуазиясы да революциялық дауылдың ең бас кезінде жұмысшылардың жаңа ғана жеңіп алған ассоциация правосын тартып алуға бел байлады. 1791 жылғы 14 июньдегі декрет бойынша буржуазия барлық жұмысшы коалицияларын «бостандық пен адам праволары декларациясына қарсы қылмыс» деп, 500 ливр айып салынып, азаматты бір жылға түбегейлі праволарынан айыратын қылмыс деп жариялады²²⁵). Капитал мен еңбек арасындағы бәсекені мемлекеттік-полицейлік шаралар арқылы капиталға қолайлы шеңберге әкеліп тығатын бұл заң барлық революцияларды және династиялардың барлық ауысуын басынан кешіріп, бұлардың бәрінен көп өмір сүрді. Тіпті террор үкіметі де⁷⁵ оған ешбір тиген жоқ. Тек таяуда ғана ол Code pénal-дан [Қылмыстық заңдар кодексінен] өшіріліп тасталды. Бұл буржуазиялық мемлекеттік төңкерістің дәлелдемесі өзіне өте-мөте тән. «Осы ақыны алатын адамның қажетті тіршілік заттарының жетіспеуінен туып отырған абсолютті, құлдық тәуелділік десе болғандай тәуелділіктен құтылуы үшін жалақыны қазіргі деңгейінен жоғары көтеру қажет бола тұрса да»,— деді баяндамашы болып сөйлеген Ле Шапелье,— солай бола тұрса да, жұмысшылар өздерінің мүдделері жөнінде өзара сөз байласпауға тиіс, өздерінің «абсолютті, құлдық тәуелділік десе болғандай тәуелділігін» жеңілдету мақсатымен бірлесіп әрекет етпеуге тиіс, өйткені бұлай етсе, «олар өздерінің бұрынғы қожайындарының, қазіргі кәсіпкерлердің бостандығын» (жұмысшыларды құлдықта ұстау бостандығын!) «бұзған болар еді» және өйткені бұрынғы цехтық қожайындардың озбырлығына қарсы коалиция дегеніміз — сіздер қалай деп ойлайсыздар?— француз конституциясы жойған цехтарды қайтадан қалпына келтіру болып табылады²²⁶).

²²⁵) Бұл заңның бірінші статьясында былай делінген: «Дәулеті бірдей немесе кәсібі бірдей адамдардың қандай да болсын корпорацияларын жою француз конституциясының түбегейлі негіздерінің бірі болып табылатындықтан, мұндай корпорацияларды қандай себептермен болса да, қандай формада болса да қалпына келтіруге тыйым салынады». Төртінші статьясы былай дейді: «егер белгілі бір кәсіппен, өнермен немесе қолөнермен шұғылданатын азаматтар бірлесе отырып бас тартуға немесе белгілі бір ақы төленген жағдайда ғана өзіміздің өнеркәсіптік қызметтерімізбен және жұмыстарымызбен қызмет көрсетеміз деп өзара сөз байласа немесе осылай деп келісім жасасса, онда бұл аталған сөз байласулар мен келісімдер конституцияға қарсы, бостандық пен адам праволарының декларациясына, т. т. қарсы нәрселер деп жариялануы керек...», яғни нақ сол ескі жұмысшы статуттарындағыдай мемлекеттік қылмыс деп жариялануы керек («Révolutions de Paris». Paris, 1791, III, p. 523).

²²⁶) *Buche et Roux*. «Histoire Parlementaire», t. X, p. 193—195, passim.

4. КАПИТАЛИСТИК ФЕРМЕРЛЕРДІҢ ГЕНЕЗИСИ

Біз заңнан тыс қойылған пролетариатты туғызған зорлықтарды, оларды жалдама жұмысшыларға айналдырған қанқұйлы тәртіпті, еңбекті қанау дәрежесін күшейтіп, капиталдың қорлануын полицейлік тәсілдер арқылы арттырған мемлекеттік жоғары жексұрын шараларды қарастырып өттік. Енді әуелде капиталистер қайдан пайда болды?— деген сұрақ туады. Село халқын экспроприациялау тікелей ірі жер меншікшілерін ғана туғызады ғой. Фермерлердің генезисіне келетін болсақ, онда біз оның әрбір қадамын қадағалап қарай аламыз, өйткені бұл — талай ғасырларға созылған баяу процесс. Крепостнойлардың өздері де, ал олармен қатар ерікті ұсақ жер меншікшілері де дәулеті жағынан өте әр түрлі жағдайда болды, сондықтан олардың босатылуы да өте әр қилы экономикалық жағдайларда өтті.

Англияда фермердің бірінші формасы *bailliff* [мырза имение-сінің басқарушысы] болды, оның өзі крепостной болып қала берді. Ол өзінің жағдайы жөнінен ерте заманғы римдік *villicus*-қа ұқсайды, бірақ мұның қызмет шеңбері тарырақ. XIV ғасырдың екінші жартысында *bailliff*-тің орнын фермер басты, ол фермерді лендлорд тұқыммен, малмен және егіншілік құрал-саймандарымен жабдықтайды. Оның жағдайы шаруаның жағдайынан онша өзгеше емес. Ол тек жалдама еңбекті көбірек қанайды. Көп ұзамай ол «*metayer*», жарты үлесті фермер болады. Егіншілікке қажетті капиталдың бір бөлегін ол, екінші бөлегін лендлорд қосады. Жалпы өнім олардың арасында келісіммен белгіленген пропорция бойынша бөлінеді. Англияда аренданың бұл түрі тез жойылып, өзінің орнын сөздің дәл мағынасындағы фермерге береді, бұл фермер кәсіпке өз капиталын жұмсайды, шаруашылықты жалдама жұмысшылардың көмегімен жүргізеді және қосымша өнімнің бір бөлегін лендлордқа жер рентасы ретінде ақшалай немесе заттай береді.

XV ғасыр бойында, тәуелсіз шаруалардың және жалдама жұмыстармен бірге өздерінің дербес шаруашылықтарымен де шұғылданған ауыл шаруашылық жұмысшыларының еңбегі олардың өз пайдасына жұмсалып тұрған кезде, фермердің өндіріс өрісі қаншалық мардымсыз болса, тұрмыс деңгейі де соншалық мардымсыз болды. XV ғасырдың соңғы үштен бірінде басталып, бүкіл XVI ғасыр бойы дерлік созылған (оның соңғы он жылын қоспағанда) егіншілік революциясы село халқын қаншалық тез күйзелткен болса, фермерлерді соншалық тез байытты²²⁷). Қа-

²²⁷ «Фермерлерге». — дейді Харрисон өзінің «*Description of England*» деген еңбегінде, — «бұрын 4 ф. ст. рентаны төлеу қиын болса, енді олар 40, 50, 100 ф. ст. рента төлейді және сонда да, егер аренда мерзімі өткеннен кейін қолында 6—7 жылдық рента қалмайтын болса, олар іс онша пайдалы болмады деп есептейді».

уымдық жайылымдарды, тағы басқаларды басып алу фермерлердің өз мал басын ешқандай шығынсыз дерлік едәуір көбейтуіне мүмкіндік береді, оның үстіне мал оның жері үшін мол тынайтқыш береді.

XVI ғасырда бұған шешуші маңызы бар тағы бір жағдай қосылады. Ол уақытта аренда шарттары ұзақ мерзімге, көбінесе 99 жылға жасалатын. Асыл металдар құнының, демек, ақша құнының ұдайы төмендеуі фермерлер үшін өте тиімді болды. Бұл, жоғарыда қаралып өткен басқа жағдайларды сөз етпегеннің өзінде, жалақыны төмендетті. Жалақының бір бөлегі фермердің пайдасына айналды. Астық, жүн, ет бағасының — бір сөзбен айтқанда, барлық ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының ұдайы көтерілуі фермердің тарапынан ешқандай күш-жігер жұмсалмаса да, оның ақша капиталын көбейтті, ал оның бер жағында жер рентасын ол ақшаның бұрынғы құны кезінде жасалған шарттардың негізінде төледі²²⁸⁾. Сонымен, ол өзінің жалдама жұмысшылары есебінен де, өзінің лендлорды есебінен де бірдей байыды. Сондықтан Англияда XVI ғасырдың аяқ кезінде сол уақытқа лайық бай «капиталистік фермерлер» табы құрылғандығының танданарлық ештеңесі жоқ²²⁹⁾.

228) XVI ғасырда ақшаның құнсыздануының қоғамның әр түрлі таптарына тигізген ықпалы туралы мынадан қараңыз: «A Compendious or Briefe Examination of Certain Ordinary Complaints, of Divers our Countymen in these our Dayes». By W. S., Gentleman (London. 1581). Бұл шығарманың диалогтық формасы оны ұзақ уақыт бойы Шекспирдің шығармасы деп келуге себеп болды, ол 1751 жылы да Шекспирдің атымен жарыққа шықты. Оның авторы — Уильям Стаффорд. Бір жерінде рыцарь (knight) былайша пайымдайды:

Рыцарь: «Сіз, менің егінші көршім, сіз саудагер мырза, құрметті мыс қолөнершісі сіз де, басқа қолөнершілер сияқты, өз мүдделеріңізді біршама оңай қорғай аласыздар. Өйткені барлық заттардың бағасы бұрынғысымен салыстырғанда қаншалық артатын болса, сіздер өздеріңіздің сататын товарларыңыз бен өздеріңіздің еңбектеріңіздің бағасын соншалық арттырасыздар. Ал біздің көтеріңкі бағамен сататын, сөйтіп өнімдер сатып алғанда шегетін зиянымыздың орнын толтыратын ештеңеміз жоқ». Басқа бір жерінде рыцарь доктордан былай деп сұрайды: «Айтыңызшы, сіз кімдерді айтып отырсыз? Және ең алдымен, сіздің ойыңызша, бұдан ешқандай залал шекпейтіндер кімдер?» *Доктор:* «Мен сатып алумен және сатумен күн көретіндерді айтып отырмын, олар қымбатқа сатып алатын болса, соншалық қымбатқа сатады да». *Рыцарь:* «Сіздің сөзіңізге қарағанда, бұдан ұтатын адамдардың категориясы кімдерден құралады?» *Доктор:* «Әрине, бұлар өздері өңдеп отырған жер үшін ескі рента төлейтін барлық арендаторлар немесе фермерлер, өйткені олар ескі норма бойынша төлейді, ал жаңа баға бойынша сатады, яғни өзінің жері үшін өте арзан төлейді, ал ол жерден өнетінің бәрін қымбатқа сатады...» *Рыцарь:* «Ал сіздің сөзіңізге қарағанда, бұл адамдардың ұтқанынан гөрі көбірек ұтылатындар кімдер?» *Доктор:* «Бұлар күллі дворяндар, джентельмендер және тегінде қаған белгіленген рентамен немесе белгіленген жалақымен күн көретін немесе өз жерін өздері ұқсатпайтын, немесе өздері сауда жасамайтын барлық адамдар».

229) Францияда бұрын орта ғасырлардың бас кезінде басқарушы және феодалдың пайдасына төленетін феодалдық төлемдерді жинаушы болған gégisseur көп ұзамай қорқытып алу, алдау, т. с. жолдармен капиталист болып шығатын

5. ЕГІНШІЛІКТЕГІ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ӨНЕРКӘСІПКЕ КЕРІ ЫҚПАЛЫ: ӨНЕРКӘСІП КАПИТАЛЫ ҮШІН ІШКІ РЫНОКТЫҢ ЖАСАЛУЫ

Село халқының мезгіл-мезгіл үдей түсіп, үнемі жаңғырып отырған экспроприацияға ұшырауы, жерлерінен қуылуы, жоғарыда көргеніміздей, қалалық өнеркәсіпке қандай да болсын цехтық қатынастардан мүлде тыс тұрған пролетарлардың барған сайын көптеген жаңа топтарын беріп отырды,— мұның өзі А. Андерсон қартты (Джемс Андерсонмен шатастырмау керек) өзінің сауда тарихы жөніндегі еңбегінде⁷⁶ құдіреттің тікелей қатысы бар деп сенуге мәжбүр еткен шытырманы көп жағдай болды. Біз алғашқы қорланудың осы жағына тағы да аздап тоқталуға тиіспіз. Жоффруа Сент-Илердің әлемдік материяның бір жерде шоғырлануына оның екінші бір жерде сиреуі себеп болады деп түсіндіретіні сияқты²³⁰, шаруашылықты дербес жүргізуші, тәуелсіз село халқының сиреуіне өнеркәсіп пролетариатының шоғырлануы ғана сай келіп қойған жоқ. Жерді ұқсататын адамдар санының кемуіне қарамастан, жер бұрын қанша өнім беріп келсе, қазір де сонша өнім немесе тіпті одан да көп өнім беретін болды, өйткені жер меншігі қатынастарындағы революция жер өңдеу әдістерінің жақсартылуымен, кооперацияның ұлғайтылуы-

homme d'affaires-ке [епшіл пысыққа] айналады. Бұл régisseurs өздері кейде бекзаттық сөсловиеден шыққандар болды. Мысалы: «Бұл есепті Безансондағы касталылар рыцары Жак де Торесс Дижонде герцог және граф Бургонский мырза алдында, көрсетілген касталықтан 1359 жылдың 25 декабрінен 1360 жылдың 28 декабріне дейін алынуға тиісті рента жөнінде есеп беруші өзінің қамқоршысына беріп отыр» (*Alexis Monteil. «Traité des Matériaux Manuscrits etc.»*, p. 234, 235). Қоғамдық өмірдің барлық саласында делдалдардың қолына мол үлес тиегіні осыдан-ақ көрінеді. Мысалы, экономикалық салада кәсіпкерлік олжаны финансистер, биржашылар, көпестер, дүкеншілер алады; азаматтық право саласында тартысып жүрген жақтарды адвокат алыммен күйзелтеді; саясатта өзінің сайлаушыларынан гөрі депутат мығым, патшадан гөрі министр мығым келеді; дінде құдайды оның қасиетті «қорғаушылары» кейін ысырып тастайды, ал бұл соңғыларды поптар кейін ысырады, ал поптар өз кезегінде «қайырымды пастырь» мен оның малы арасында сөзсіз делдал болады. Англиядағы сияқты, Францияда да ірі феодалдық жерлер сансыз көп ұсақ шаруашылықтарға бөлінді, бірақ олар село халқы үшін анағұрлым қолайсыз шарттармен бөлінді. XIV ғасырдың ішінде арендалар — фермалар, немесе terriers деп аталатындар пайда болды. Олардың саны ұдайы көбейіп, 100 000-нан едәуір асты. Олар жер рентасын өнімнің $\frac{1}{12}$ -інен $\frac{1}{5}$ -іне дейінгі бөлегі мөлшерінде ақшалай немесе заттай төлейді. Кейде тек бірнеше арпан ғана болатын жер ауданы мен бағасына қарай terriers лендер, кіші лендер (fiefs, arrière-fiefs) т. с. деп аталды. Бұл terriers иелерінің бәрінің өз учаскелеріндегі халық жөнінде белгілі бір дәрежеде сот билігі болды; олардың сот билігі төрт дәрежеге бөлінді. Барлық осы ұсақ тирандар билігінің село халқына қандайлық ауыр езгі болғанын аңғару қиын емес. Монтей: Францияда қазір не бары 4 000 сот бар жерде (бұған бітістіруші соттарды да қоса есептегенде) ол кезде 160 000 сот болғанын айтады.

²³⁰ Оның мына еңбегін қараңыз: «Notions de Philosophie Naturelle». Paris, 1838.

мен, өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануымен, т. т. қабат жүргізілді және ауыл шаруашылық жалдама жұмысшылары неғұрлым интенсивті еңбекке мәжбүр етіліп қана қоймай²³¹⁾, сонымен қатар олардың өздері үшін еңбек ететін өндіріс саласы да барған сайын кеми берді. Сонымен, село халқының бір бөлегінің босауымен бірге олардың бұрынғы тіршілік заттары да босайды. Бұлар енді өзгермелі капиталдың заттық элементтеріне айналады. Жер мен көктің ортасында қалған шаруа олардың құнын жалақы формасында өзінің жаңа мырзасынан, өнеркәсіп капиталисінен еңбек етіп алуға тиіс. Ауыл шаруашылығының өнеркәсіпке беретін отандық шикі материалды тіршілік заттарының тағдыры сияқты тағдырға тап болды. Ол тұрақты капиталдың элементіне айналды.

Мысалы, II Фридрих тұсында барлығы зығыр иірумен шұғылданған Вестфалия шаруаларының біразы зорлықпен экспроприацияланып жерден қуылды, ал енді біразы ірі фермерлердің батрақтарына айналдырылды деп ұйғарайық. Мұнымен бірге зығыр иіретін және тоқитын ірі кәсіпорындар өседі, жерден «босатылғандар» жұмысшылар ретінде осында келіп жалданады. Зығырдың түрі бұрын қандай болса, қазір де сондай. Оның бір талшығы да өзгерген жоқ, бірақ оның бойына енді жаңа әлеуметтік жан келіп кірді. Ол енді мануфактура иесінің тұрақты капиталының бір бөлегі болып табылады. Егер ол бұрын өз семьяларымен бірге жұмыс істеп өсіріп шығарған және шағын-шағын мөлшерде иірген көптеген ұсақ өндірушілер арасында бөлінген болса, енді ол басқа адамдарды өзіне арнап иіруге және тоқуға мәжбүр ететін бір капиталистің қолына шоғырланған. Зығыр иіруге жұмсалатын үстеме еңбек бұрын сансыз көп шаруалар семьяларының үстеме табысы түрінде, сондай-ақ II Фридрих тұсында, — *roug le roi de Prusse** алынатын салықтар түрінде іске асырылатын. Қазір ол аздаған капиталистердің пайдасы түрінде іске асырылады. Ұршықтар мен тоқыма станоктары бұрын әрбір деревняға таратылып, бытырап жатқан болса, енді жұмысшылар мен шикі материалдың өздері сияқты аздаған үлкен жұмысшы казармаларына жинақталған. Ұршықтар да, тоқыма станоктары да, шикі материал да иірушілер мен тоқымашылардың тәуелсіз күн көрісі құралынан иірушілер мен тоқымашыларға билік ету құралына²³²⁾, олардың ақы төленбейтін

²³¹⁾ Бұл пунктті сер Джемс Стюарт атап көрсетеді⁷⁷.

* — сөзбе-сөз: Пруссия королінің пайдасына, сөздің ауыспалы мағынасында: желге кететін. *Ред.*

²³²⁾ «Менің сіздерге басшылық еткенім үшін», — дейді капиталист, — «өздеріңізде әлі де болса бар азын-аулақ нәрсені маған беретін болсаңыздар, мен сіздердің маған адал қызмет етулеріңізге рақым етемін, ал басшылық ету міндетін өз мойныма аламын». (*J. J. Rousseau, «Discours sur l'Economie Politique»*).

еңбегін сорып алу құралына айналдырылады. Ірі мануфактуралардың, дәл сол сияқты ірі фермалардың да сыртқы түріне қарап, бұлар көптеген ұсақ, тәуелсіз өндірушілерді экспроприациялау арқылы көптеген ұсақ өндірістік бірліктерді қосудан пайда болған екен деуге әсте болмайды. Алайда бұл сыртқы көрініс әділ бақылаушыны алдай алмайды. Мирабо уақытында — революцияның осы арыстаны кезінде — ірі мануфактуралар әлі *manufactures réunies*, біріктірілген шеберханалар деп аталатынды, мұның өзі қазіргі уақытта біздің біріктірілген алқаптар дейтіміз сияқты.

«Ірі мануфактураларға ғана көңіл бөлінеді»,— дейді Мирабо,— «оларда жүздеген адам бір директордың басқаруымен жұмыс істейді және оларды әдетте біріктірілген мануфактуралар (*manufactures réunies*) деп атайды. Керісінше, әрбір жұмысшы өз бетінше, өз тәуекелімен бөлек-бөлек жұмыс істейтін көптеген жұмысшылары бар шеберханаларға көңіл бөлініп, назар аударылмайды. Мұндай шеберханалар мүлде екінші кезекке ығыстырылады. Бұл — үлкен қате, өйткені осылар ғана халық байлығының шын мәнісіндегі маңызды құрамды бөлегі болып табылады... Біріктірілген фабрика (*fabrique réunie*) бір немесе екі кәсіпкерді ғана өте-мөте мықтап байыта алады, ал жұмысшылар — жоғары немесе төмен ақы төленетін және кәсіпкердің әл-ауқатына ешбір қатыспайтын күндікшілер ғана. Мұның керісінше, бөлшектенген фабрика (*fabrique séparée*) ешкімді байытпайды, бірақ мұның есесіне көптеген жұмысшылардың әл-ауқатын қолдайды... Ыждағатты шаруақор жұмысшылардың саны өсе береді, өйткені тұрмыстың ақылға қонымды қалпын, еңбек сүйгіштікті олар жалақыны аздап жоғарылатудан гөрі өздерінің жағдайын едәуір жақсартудың құралы деп қарайды, ал жалақының аздап артуының болашақ үшін еш уақытта маңызды нәтижесі болмақ емес және ең қолайлы жағдайдың өзінде жұмысшылардың сол кезеңде ғана аздап жақсы тұруына мүмкіндік береді. Әдетте ұсақ ауыл шаруашылығымен ұштастырылған бөлек-бөлек жеке-дара мануфактуралар бірден-бір еркін мануфактуралар болып табылады»²³³.

Село халқының бір бөлегін экспроприациялап, деревнядан қуу өнеркәсіп капиталы үшін жұмысшыларды, олардың тіршілік заттарын, олардың еңбегінің материалын босатып қана қоймай, сонымен бірге ішкі рынокты да жасайды.

Шындығында, ұсақ шаруаларды жалдама жұмысшыларға, ал олардың тіршілік заттары мен еңбек құралдарын капиталдың заттық элементтеріне айналдыратын оқиғалардың өзі сонымен бірге капитал үшін ішкі рынокты да жасайды. Бұрын шаруа семьясы тіршілік заттары мен шикізатты өзі өндіріп, өзі өндейтін және олардың көбін өзі тұтынатын еді. Енді бұл шикізат пен тіршілік заттары товарға айналды. Ірі фермер оларды сатады; мануфактуралар оның рыногы болып табылады. Иірілген жіп,

²³³) *Mirabeau*, цитат алынған шығарма, III том, 20—109-беттер, әр жерінде. Егер Мирабо «біріктірілген» шеберханаларға қарағанда бөлшектенген шеберханалар неғұрлым үнемді және неғұрлым өнімді деп есептейтін болса «біріктірілген» шеберханаларды үкіметтердің қамқорлығымен жылы жайда қолмен өсірілген өсімдік қана деп қарайтын болса, бұл континенттік мануфактуралардың көпшілігінің сол кездегі жағдайынан туған еді.

кенеп, жүннен тоқылған қарадүрсін бұйымдар — шикізаты әрбір шаруа семьясының өз қолында болған, өздерінің тұтынуы үшін иіріп, тоқып шығарған осы заттар, — енді мануфактуралық бұйымдарға айналды, нақ сол егінші округтар оларды өткізетін рынок болып табылады. Бұған дейін өзінің білгенінше тәуекелмен жұмыс істеуші ұсақ өндірушілер бұқарасы қызмет көрсетіп келген көп санды бытыранды тұтынушылар енді тұтас бір тұлға болып шоғырланып, өнеркәсіп капиталы жабдықтайтын рынок жасайды²³⁴). Осылайша бұрынғы дербес шаруаларды экспроприациялаумен, оларды өндіріс құрал-жабдықтарынан айырумен қоса қабат селолық қосалқы кәсіпшілік жойылады, мануфактура мен егіншіліктің бір-бірінен бөліну процесі болады. Сондықтан селолық үй кәсіпшілігінің жойылуы ғана белгілі бір елдің ішкі рыногына капиталистік өндіріс әдісі мұқтаж болып отырған көлем мен тұрақтылықты бере алады.

Алайда мануфактура дәуірінің өзі түбегейлі өзгеріске әлі де жеткізе қоймайды. Мануфактураның кең базис [Hintergrund] ретінде әрдайым қалалық қолөнер мен селолық қосалқы үй кәсіпшіліктеріне негізделіп, ұлттық өндірісті өте толық емес түрде ғана меңгеретінін еске сала кетейік. Мануфактура бұл қосалқы кәсіпшіліктер мен қалалық қолөнерді олардың бір формасында, өнеркәсіптің белгілі бір салаларында, белгілі бір пункттерде жоя отырып, оларды басқа жерлерде қайта жандандырады, өйткені ол өзінің шикі материалын ұқсату үшін белгілі дәрежеде соларға мұқтаж болады. Сондықтан мануфактура ұсақ егіншілердің жана табын қалыптастырады, бұлар үшін жер өңдеу тек қосалқы сала болып табылады, ал негізгі кәсібі — өнеркәсіптік еңбек, тікелей немесе көпес арқылы мануфактураға сатылатын өнімдерді өндіру болады. Бұл — ең бастысы болмаса да, — Англия тарихын зерттеуші адамды алдымен шатастыратын құбылыс себептерінің бірі. XV ғасырдың соңғы үштен бірінен бастап зерттеуші деревняда капиталистік шаруашылықтың өсуі жөнінде, шаруалардың барған сайын құрып бара жатқаны жөнінде тек анда-санда ғана толастайтын, үздіксіз шағымға кездесіп отырады. Бірақ, екінші жағынан, ол бұл шаруалардың әрқашан өмір сүргенін көреді, рас олардың саны азайып, жағдайлары

²³⁴) «Егер жиырма қадақ жүн жұмысшы семьясының өз еңбегі арқылы, оның басқа жұмыстары аралықтарында, елеусіз түрде, бүкіл жыл бойында, сол семьяға керекті киімге айналдырылатын болса, мұнда бәрі де өте қарапайым. Ал бұл жүнді рынокқа шығарып көріңіз, оны фабрикантқа жөнелтіңіз, онан соң фабриканттың өнімін делдалға, онан көпеске жөнелтіңіз, сонда сіз ірі сауда операциясын көресіз, оның бер жағында бұл іске керекті номинальды капитал өлгі жүннің құнынан жиырма есе артық болады... Сөйтіп, жұмысшы табы бақытсыз фабрикалық халықты, дүкеншілердің арамтамақ табын және жалған коммерциялық, ақша, финанс жүйесін қолдап отыру үшін қаналады» (David Urquhart, цитат алынған шығарманың 120-беті).

барған сайын нашарлай түскенін көреді²³⁵). Мұның негізгі себебі мынада: Англияда біресе астық шаруашылығы, біресе мал шаруашылығы алма-кезек басым болып отырады, міне осыған байланысты шаруалар өндірісінің көлемі де ауытқып отырады. Тек машиналы ірі өнеркәсіп қана капиталистік егіншілік үшін берік базис жасап береді, село халқының орасан көпшілігін түбегейлі экспроприациялайды және деревняның үй өнеркәсібінің тамырын — жіп иіру мен тоқымашылықты жұлып тастап, осы өнеркәсіп пен егіншіліктің бөлінуін аяқтайды²³⁶). Демек, тек ірі өнеркәсіп қана өнеркәсіп капиталы үшін барлық ішкі рынокты жеңіп алады²³⁷).

6. ӨНЕРКӘСІП КАПИТАЛИСІНІҢ ГЕНЕЗИСІ

Өнеркәсіп²³⁸) капиталисінің генезисі фермер генезисінің бірте-бірте болғаны сияқты бірте-бірте болған жоқ. Кейбір ұсақ цех шеберлерінің және дербес ұсақ қолөнершілердің және тіпті жалдама жұмысшылардың бұлардан көбірегінің ұсақ капиталистерге айналғандығында, ал сонан сон жалдама еңбекті қанауды

²³⁵) Кромвель уақытында басқаша болды. Республика сақталып тұрғанда, Англияның халық бұқарасының барлық топтары өздері Тюдорлар тұсында дұшар болған құлдыраудан еңселерін көтерді.

²³⁶) Мануфактураның өзінен және село мануфактурасын немесе үй мануфактурасын жоюдың нәтижесінде машинаны енгізумен бірге ірі жүн өнеркәсібінің пайда болғанын Такет біледі (*Tuckett*, цитат алынған шығарма. I том 144-бет). «Плуг пен қамыт құдайлардың ойлап шығарған және ерлер кәсібінің заты болған болса, тоқыма станогының, ұршықтың, жіп иіргіштің шығу тегінің нашарырақ болғаны ма? Сіз жіп иіргішті плугтан, ұршықты қамыттан айырасыз да, фабрикаларды және кедейлерге арналған үйлерді, кредит пен дағдарыстарды, біріне-бірі жау екі ұлтты — село ұлты мен сауда ұлтын аласыз» (*David Urquhart*, цитат алынған шығарманың 122 беті). Бірақ Кэри келеді де, Англия барлық басқа елдерді кілең егіншілікті елдерге айналдырып, өзі олардың фабриканты болғысы келеді, деп Англияны кінәлайды, әрине, мұнысы негізсіз де емес. Осындай жолмен Түркия күйзелді, өйткені онда «жер меншікшілері мен егіншілерге плуг пен тоқыма станогының, тырма мен балғанын табиғи одағы арқылы өз жағдайларын нығайтуға» (Англия тарапынан) «еш уақытта рұқсат етілмеді» («*The Setave Trade*», p. 125) деп пайымдайды ол. Оның пікірінше, Уркарттың өзі Түркияның күйзелуіне басты кінәлылардың бірі болып табылады, мұнда ол Англияның мүддесін көздеп, сауда бостандығын насихаттаған. Бірақ ең тәуірі Кэри — айта кетелік, Россияның осы үлкен малайы — әлгі бөліну процесіне протекционизм жүйесінің көмегімен кедергі жасағысы келеді, шындығында протекционизм жүйесі бөлінуді шапшаңдата түседі.

²³⁷) Англияның Миль, Роджерс, Голдуин Смит, Фосетт, тағы басқалары сияқты филантропиялық экономистері және Джон Брайт пен К^о сияқты либерал фабриканттары, құдайдың Қайннан оның бауыры Авел туралы сұрағаны сияқты, ағылшынның жер аристократтарынан: біздің мыңдаған шаруаларымыз қайда кетті? — деп сұрайды. — Ал сіздердің өздеріңіз қайдан шықтыңыздар? Сол шаруалардың жойылуынан шықтыңыздар. Ал сіздер дербес тоқымашылар, жіп иірушілер, қолөнершілер қайда кетті деп неге сұрамайсыздар?

²³⁸) «Өнеркәсіп» бұл жерде «егіншілікке» қарама-қарсы қолданылған. Экономикалық категория мағынасында алғанда фермер — фабрикант қандай болса, дәл сондай өнеркәсіп капиталисі.

бірте-бірте ұлғайта отырып және оған сәйкес капиталдың қорлануын күшейте отырып *sans phrase* [сөзсіз] капиталистерге айналғандығында күмән жоқ. Капиталистік өндірістің сәбилік шағында екінші бірінде дәл орта ғасырлық қала өмірінің сәбилік шағындағыдай болды, онда қашқын крепостнойлардың қайсысы қожайын, қайсысы қызметші болу тиіс деген мәселе әдетте олардың ішінде өз қожаларынан кімнің бұрын қашып кеткеніне байланысты шешілетін-ді. Бірақ бұл әдістің тасбақаның тырбаңындай қарқыны XV ғасырдың аяқ кезінде ашылған ұлы жаңалықтар арқылы пайда болған дүние жүзілік жаңа рыноктың сауда қажеттеріне ешбір сай келмеді. Орта ғасырлар капиталдың екі түрлі формасын мұра етіп қалдырды, өсімқорлық капитал мен көпестік капитал болған бұлар нағыз алуан түрлі қоғамдық-экономикалық формациялар кезінде пісіп жетіледі және капиталистік өндіріс әдісінің заманы басталғанға дейін сондай капитал болып есептеледі.

«Қазіргі уақытта барлық қоғамдық байлық әуелі капиталистің қолына түседі... ол жер меншікшісіне рента, жұмысшыға жалақы, алым-салық жинаушыларға — салықтар мен десятина төлейді, ал өзіне еңбектің жылдық өнімінің едәуір бөлегі, тіпті басым бөлегі, оның үстіне ұдайы өсіп отыратын бөлегі қалады. Қазіргі уақытта капиталисті барлық қоғамдық байлық алдымен соның қолына түсетін меншікші деп қарауға болады. бірақ оның осы меншікке деген правосын қамтамасыз ететін заң жоқ... Меншік саласындағы бұл өзгеріс капиталға процент алудың арқасында жасалды... және бүкіл Еуропаның заң шығарушыларының өсімқорлыққа қарсы заңдар шығару арқылы бұған кедергі жасамақ болған әрекеттерінің мәні де кем болмады... Капиталистердің елдің барлық байлығына билік жасауы — меншік правосындағы толық революция; бұл революцияны қандай заң немесе қандай заңдар тізбегі жасады?»²³⁹⁾

Тегінде заңдардың еш уақытта да революция жасамайтынын автордың білуі керек еді.

Өсімқорлық пен сауда арқылы қалыптасқан ақша капиталының өнеркәсіп капиталына айналуына деревнядағы феодалдық құрылыс, қаладағы цехтық құрылыс кедергі болды²⁴⁰⁾. Бұл тежеулер феодалдық жасақтар таратылғаннан кейін, село халқы экспроприацияланып, ішінара қуылғаннан кейін жойылды. Жаңа мануфактура экспорттық теңіз гаваньдарында немесе ел ішінде цехтық құрылысы бар ескі қалалардың бақылауынан тыс болған жерлерде пайда болды. Англияның *corporate towns* [цехтық корпоративтік құрылысы бар қалаларының] өнеркәсіптің осы жаңа питомниктеріне қарсы кескілескен күресі осыдан шықты.

²³⁹⁾ «The Natural and Artificial Right of Property Contrasted». London, 1832, p. 98, 99. Жазған адамның аты-жөні көрсетілмеген бұл еңбектің авторы — Т. Годскин.

²⁴⁰⁾ 1794 жылы-ақ Лидстің ұсақ шұғашы шеберлері көпестердің фабриканттарға айналуына тыйым салатын заң шығару туралы петиция жолдап, парламентке депутация жіберді; (*Dr. Aikin*, цитат алынған шығарма).

Америкада алтын мен күміс кендерінің ашылуы, жергілікті халықты құрту, құлдыққа салып, рудниктерде тірідей жерлеу, Ост-Индияны басып алып, талап-тонау жөніндегі алғашқы қадамдар, Африканы қара түстілерді аулайтын қорыққа айналдыру — өндірістің капиталистік заманының таң шалағы міне осындай болды. Бұл идиллиялық процестер — алғашқы қорланудың негізгі кезендері. Бұлардан кейін Европа ұлттарының сауда соғысы басталды, бұл үшін жер шары соғыс алаңы болды. Бұл соғыс Нидерландының Испаниядан бөлініп шығуынан⁷⁸ басталады, Англияның антиякобиндік соғысында³² мейлінше кең өріс алады және қазір Қытайға қарсы «апиын» соғысы⁷⁹ түрінде онан әрі жүргізілуде, тағысын тағылар.

Алғашқы қорланудың түрлі кезендері түрлі елдер арасында, атап айтқанда: Испания, Португалия, Голландия, Франция және Англия арасында азды-көпті тарихи дәйектілікпен бөлінеді. Англияда XVII ғасырдың аяқ кезінде олар отарлық жүйе мен мемлекеттік заемдар жүйесіне, қазіргі салық жүйесі мен протекционизм жүйесіне үнемі біріктіріліп отырады. Ішінара бұл әдістер, мысалы, отарлық жүйе сияқты дәрекі зорлыққа негізделеді. Бірақ олардың бәрі де феодалдық өндіріс әдісін капиталистік өндіріс әдісіне айналдыру процесін шашпандату үшін және оның өтпелі сатыларын қысқарту үшін мемлекеттік өкіметті пайдаланады, яғни шоғырланған және ұйымдасқан қоғамдық күштеуді пайдаланады. Ескі қоғам атаулының бәрі жаңа қоғамға жүкті болған кезде күштеу жаңа қоғамның кіндік шешесі болады. Қүштеудің өзі — экономикалық потенция.

Христиандық отарлау жүйесі жөнінде христиандықты өзінің мамандығы еткен адам У. Хауитт былай дейді:

«Христиандық нәсіл деп аталатындардың әлемнің барлық бөлектерінде өздері құлдыққа салған барлық халықтар жөнінде жасаған тағылықтары мен арсыздық қаталдықтары қандай да болсын тарихи дәуірде қандай да болсын нәсілдің, бұл нәсіл қандайлық тағы да надан, мейірімсіз де арсыз нәсіл болса да, осы нәсілдің жасаған барлық сұмдықтарының бәрінен де асып түседі»²⁴¹⁾.

Голландияның отарлық шаруашылығының тарихы — ал Голландия XVII ғасырдағы үлгілі деген капиталистік ел болғанды — сатқындықтардың, сатып алулардың, кісі өлтірулер мен зұлымдықтардың бұрын-соңды болып көрмеген көрінісін көр-

²⁴¹⁾ *William Howitt*. «Colonization and Christianity. A. Popular History of the Treatment of the Natives by the Europeans in all their Colonies». London, 1838, p. 9. Құлдарға адамша қарамаушылық жөнінде мына еңбекте жақсы мәліметтер жинағы бар: *Charles Comte*. «Traité de Législation», 3ème éd. Bruxelles, 1837. Буржуа еш нәрседен именбестен дүниені өз қалпы мен өз сиқына сай өзгерте алатын жерлерде буржуаның өзі неге айналатынын және оның өз жұмысшыларын неге айналдыратынын көру үшін бұл еңбекті егжей-тегжейлі оқып-білу керек.

сетіп отыр²⁴²⁾. Ява аралындағы құлдардың қатарын толықтыру үшін Целебестен адам ұрлаудың голландықтар қолданған жүйесінен асқан ерекшелік ешқайда жоқ. Осы мақсатпен адам ұрлайтын арнаулы ұрылар даярланды. Ұры, тілмәш және сатушы бұл сауданың басты агенттері болды, жергілікті принцтер — негізгі сатушылар болды. Ұрланған жастар құл таситын кемелерге отырғызып аттандырып жіберуге жарарлық жасқа толғанға дейін Целебестегі жасырын түрмелерге қамалды. Бір ресми есепте былай делінген:

«Мысалы, Макассар қаласының бір өзі ғана бірінен-бірі өткен жан түршігерлік жасырын түрмелерге толы, олар қол-аяғы шынжырланған, өз семьясынан күшпен айырылған адамдарға, обырлық пен озбырлықтың бақытсыз құрбандықтарына лық толы».

Голландықтар Малаккаға ие болу үшін португалдық губернаторды сатып алды. 1641 жылы ол голландықтарды қалаға кіргізді. Олар қалаға кірісімен-ақ, келісілген сатып алу сомасын — 21 875 фунт стерлингті төлеуден «тартыну» үшін дереу губернатордың үйіне барып, оны өлтірді. Мұнан кейін олар жүрген жерінің бәрін қаңыратып, ел-жұртсыз қалдырды. Яваның Баньюванги деген провинциясында 1750 жылы 80 000 тұрғын болған болса, 1811 жылы бар болғаны 8000 адам болды. Міне *doix commerce* [залалсыз сауда] деген осы!

Англияның Ост-Индия компаниясының⁸⁰ Ост-Индияда саяси билікті алумен бірге шаймен сауда жасау, сондай-ақ жалпы алғанда Қытаймен сауда жасау және Европадаң товар әкеліп, Еуропаға товар тасу жөніндегі ерекше монополияға ие болғаны белгілі. Бірақ Индия жағалауындағы және аралдар арасындағы кеме қатынасы, сол сияқты Индиядағы ішкі сауда компанияның жоғары лауазымды адамдарының монополиясы болды. Тұзға, апиынға, бетельге, тағы басқа товарларға монополия жасау байлықтың сарқылмас көзі болды. Лауазымды адамдар бағаны өздері тағайындап, бақытсыз үнділерді өздерінің ойына келгенін істеп тонады. Генерал-губернатор бұл жеке меншік саудаға қатысты. Оның қалаулы адамдары белгілі бір шарттармен контракт жасасып, мұның өзі олардың жоқ нәрседен алтын жасауына алхимиктерден де жақсы мүмкіндік берді. Ірі байлық-дәулеттер жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап өсті, сөйтіп алғашқы қорлану алдын ала бір шиллинг те жұмсалмастан жүзеге асырылды. Уоррен Гастингстің сот процесі бұл тәрізді мысалдарға толы. Соның бірі мынадай. Апиын жеткізіп тұру жөніндегі бір контракт Индияның апиын өндіретін жерден қашық жатқан бір ауданына ресми тапсырмамен кетіп бара жатқан

²⁴²⁾ *Thomas Stamford Raffles, late Lieut. Gov. of that island. «The History of Java».* London. 1817 [v. II, p. CXC—CXC I, қосымша].

кезінде Салливен деген біреуге беріледі. Салливен өзінің контрактын Бинн деген біреуге 40 000 ф. стерлингке сатады, ал Бинн сол күні-ақ оны 60 000 фунт стерлингке қайта сатады. Контрактының соңғы сатып алушы және оны орындаушы болған адам одан мен де орасан зор пайда таптым деп мәлімдейді. Парламентке тапсырылған бір документке қарағанда, 1757 жылдан 1766 жылға дейін компания мен оның лауазымды адамдары үнділерді өздеріне 6 миллион фунт стерлинг сыйлық беруге мәжбүр еткен. 1769—1770 жылдары ағылшындар барлық күрішті сатып алып, оны адам айтқысыз өте жоғары баға болмаса, басқа бағамен сатудан бас тартып, әдейі аштық туғызды²⁴³.

Мысалы, Вест-Индиядағы сияқты тек экспорттық саудаға арналған плантацияларда, сондай-ақ таланып-тоналуға душар болған Мексика мен Ост-Индия сияқты халқы тығыз бай елдерде жергілікті халыққа деген көзқарас, әлбетте, бәрінен де сұмдық болды. Алайда алғашқы қорланудың бәз-баяғы христиандық сипаты нағыз отарлардың өзінде де көрініп отырды. Жаңа Англияның пуритандары — салиқалы протестантизмнің осы асқан шеберлері — 1703 жылы өздерінің Assembly [Заң шығару жиналысында] әрбір үндістің бас терісі мен әрбір күрән түсті тұтқын үшін 40 ф. ст. сыйлық беруге қаулы етті; 1720 жылы әрбір бас тері үшін берілетін сыйлық 100 ф. ст. дейін арттырылды, 1744 жылы, Массачусетс шығанағы ауданында бір тайпа ел бүлікшіл деп жариялағаннан кейін мынадай бағалар тағайындалды: 12 жасар және оның жоғары жастағы еркектің бас терісі үшін жаңа валютамен 100 ф. ст., еркек жынысты тұтқын үшін 105 ф. ст., тұтқын әйел немесе бала үшін 55 ф. ст., әйелдің немесе баланың бас терісі үшін 50 фунт стерлинг! Бірнеше он жыл өткеннен кейін отарлық жүйе бұл тақуа pilgrim fathers [пилигрим ата-бабалардың] өз кезегінде бүлікшіл болып шыққан тұқымдарынан кек алды. Ағылшындардың сатып алуы және азғырып арандатуы нәтижесінде оларды айбалталармен қырып салды. Британияның парламенті кісі талайтын иттерді және бас теріні сыпырып алуды «оған құдай мен табиғаттың өзі сыйлаған құрал» деп жариялады.

Отарлық жүйе сауда мен кеме қатынасының қарыштап өсуіне себепші болды. «Монополия-қоғамдар» (Лютер) капиталды шоғырландырудың қуатты тұтқалары болды. Отарлар тез өсіп келе жатқан мануфактуралар үшін товар өткізетін рынокты қамтамасыз етті, ал бұл рынокты монополиялық иемдену еселеп қор жинауды қамтамасыз етті. Европадан тыс жерлерде жергілікті халықты турадан-тура талап-тонау, құлдыққа салу, кісі

²⁴³) 1866 жылы бір ғана Орисса провинциясының өзінде миллионнан астам үнділер аштықтан өлді. Соған қарамастан ашыққан адамдарға тіршілік заттарын жоғары бағамен сату арқылы Индияның мемлекеттік қассасын байытуға бар күш жұмсалды.

өлтiру арқылы жиналған қазына метрополияға ағылып келiп жатты және осында капиталға айналды. Отарлық жүйенi бiрiншi болып толық дамытқан Голландия 1648 жылы-ақ өзiнiң сауда күш-қуатының шырқау шыңына жеттi.

«Ост-Индиялық сауда және Европаның оңтүстiк-батысы мен солтүстiк-шығысы арасындағы сауда қатынастары оның бiр өзiнiң дерлiк иелiгiнде болды. Оның балық аулайтын жерiнiң, кеме қатынасының, мануфактураларының басқа ешбiр елде теңдесi болмады. Бұл республиканың капиталы, мүмкiн, бүкiл қалған Европаның капиталын қоса алғандағыдан молырақ болған шығар»⁸¹.

Бұл жолдардың авторы Гюлих мына бiр жайды қоса айтуды ұмытып отыр: Голландияның халық бұқарасы бүкiл қалған Европаның халық бұқарасына қарағанда 1648 жылдың өзiнде-ақ шектен тыс еңбектен көбiрек азап шектi, олардан гөрi кедей болды және әлдеқайда қатал езгiге душар болды.

Қазiргi уақытта өнеркәсiптiк гегемония сауда гегемониясын да орнатады. Мұның керiсiнше, мануфактуралық дәуiрдiң өзiнде сауда гегемониясы өнеркәсiптiк басымдықты қамтамасыз етедi. Ол кезде отарлық жүйенiң шешушi роль атқаруы осыдан болған-ды. Мұның өзi Европаның бұрынғы құдайларымен бiрге алтарьға шығып алып, бiр сәттi күнi олардың бәрiн бiр сермегенде-ақ аулаққа лақтырып тастаған «көрiнбейтiн құдайдың» өзi болды. Отарлық жүйе баюды адамзаттың ең соңғы және бiрден-бiр мақсаты деп жариялады.

Орта ғасырларда-ақ Генуя мен Венецияда өркен жайғанын өзiмiз көрiп отырған қоғамдық кредит, яғни мемлекеттiк борыштар жүйесi мануфактура дәуiрiнiң iшiнде бүкiл Европаға таралды. Теңiз саудасы бар және сауда жолында соғыс жүргiзген отарлық жүйе ол үшiн жылы ұя болды. Ол осылайша өзiнiң тамырын алдымен Голландияда жайды. Мемлекеттiк борыш, яғни мемлекет иелiгiне алу — деспоттық, конституциялық, немесе республикалық мемлекет болсын, оның бәрiбiр — капиталистiк заманға өзiнiң белгiсiн соғады. Ұлттық байлық дейтiннiң шын мәнiсiнде қазiргi халықтардың ортақ иелiгiнде қалатын бiрден-бiр бөлегi, бұл — олардың мемлекеттiк борыштары^{243 а)}. Сондықтан халықтың борышы неғұрлым көп болса, ол соғұрлым бай дейтiн қазiргi доктрина өте орынды. Мемлекеттiк кредит капиталдың сенiм бейнесiне айналуда. Мемлекеттiк борыштың пайда болуымен бiрге кешiруге болмайтын өлiммен тең күнә — қасиеттi аруақты жамандау емес, мемлекеттiк борышқа деген сенiмдi бұзу болып табылады.

Мемлекеттiк борыш алғашқы қорланудың ең күштi тетiктерiнiң бiрiне айналады. Сиқырлы таяқпен сүрме салған тәрiздi ол

²⁴³⁾ Уильям Коббет Англияда барлық қоғамдық мекемелер «корольдiк» мекемелер деп аталады, бiрақ оның есесiне онда борыш «ұлттық» борыш болады (national debt) дейдi.

өндiргiш емес ақшаға өндiргiш күш бередi, сөйтiп оны капиталға айналдырады, ақшаны өнеркәсiпке және тiптi өсiмқорлық iстерге жұмсаумен тығыз байланысты қауiп-қатерлер мен қиыншылықтарға душар етудiң қандайын болса да жояды. Мемлекеттiк кредиторлар шындығында ештеңе бермейдi, өйткенi олардың қарызға беретiн сомасы мемлекеттiк борыш куәлiктерiне айналады, ал бұл куәлiктер олардың қолында нақты ақша сияқты опoнай айналысқа түсiп, қызмет атқарады. Бiрақ осылайша жасалған жатып iшер рантье табымен және үкiмет пен ұлт арасында делдалдық қызмет атқаратын финансистердiң тосын байлығымен бiрге, қандай да болсын мемлекеттiк заемның мол үлесi аспаннан түскен капиталдай болып өз қолдарына түсетiн салық жинауды сатып алушылармен, көпестермен және жеке меншiк фабриканттармен бiрге мемлекеттiк борыш акционерлiк қоғамдарды, алуан түрлi бағалы қағаздар саудасын, ажиотажды, бiр сөзбен айтқанда — биржалық қулық-сұмдықтар мен осы заманғы банкoкратияны туғызды.

Ұлттық атақтармен нығайтылған iрi банктер өздерiнiң ең алғаш пайда болған кездерiнен бастап тек жеке меншiк жалдаптардың қоғамдары болды, бұлар үкiметтерге жәрдемдестi және өздерiне берiлген артықшылықтардың арқасында оларға қарызға ақша беруге мүмкiндiгi болды. Сондықтан мемлекеттiк борыштың қорлануының ең анық өлшеушi осы банктердiң акцияларының үдей түсiп артуы болып табылады, бұл банктердiң гүлденуi Англия банкiнiң құрылуынан (1694 ж.) басталады. Англия банкi өзiнiң қызметiн үкiметке 8% өсiммен қарыз беруден бастады; мұнымен бiрге ол банкнот формасында тағы да халыққа қарызға берген нақ сол капиталдың өзiнен ақша соғып шығаруға парламенттен уәкiлдiк алды. Ол осы банкноттар арқылы вексельдердi есепке ала алатын, товарлардың есебiне қарыз бере алатын, асыл металдарды сатып ала алатын едi. Көп уақыт өтпей-ақ банктiң өзi шығарған осы кредит ақшалары нағыз ақша ретiнде қызмет атқара бастады: Англия банкi банкноттар түрiнде мемлекетке қарыз бердi, мемлекеттiк заемдар бойынша төленетiн проценттi мемлекет үшiн банкноттар түрiнде төлеп отырды. Банк бiр қолымен бере отырып, екiншi қолымен одан едәуiр көп алды, бiрақ бұл да аз болды; банк өзiне алған күнде де ол өзiнiң берген барлық сомасының ақырғы тиынына дейiн ұлттың мәңгiлiк кредиторы болып қала бердi. Бiрте-бiрте ол елдiң металл ақша қорының бiрден-бiр сақтаушысы және бүкiл сауда кредитi үшiн орталық өзек болды. Ағылшындар мыстан кемпiрлердi отқа жағуды тоқтатқан уақыттан берi олар жалған банкнот жасаушыларды дарға аса бастады. Банкoкраттардың, финансистердiң, рантьенiң, делдалдардың, жалдаптардың және биржа көкжалдарының осы тобының кенет пайда болуы тұстастарына қалай әсер еткенiн сол кездегi шығарма-

лар, мысалы Болингброктың шығармалары көрсетіп береді^{243 б)}.

Мемлекеттік борыштармен бірге халықаралық кредит жүйесі пайда болды, бұл жүйе екінің бірінде белгілі бір халық үшін алғашқы қорланудың жасырын көздерінің бірі болып табылады. Мысалы, талап-тонаудың венециялық жүйесінің пасықтығы Голландияның капиталистік байлығының осындай жасырын негізі болды, құлдырап кері кеткен Венеция Голландияға кесек ақша сомасын қарызға берді. Голландия мен Англия арасындағы қатынас та нақ осындай болды. XVIII ғасырдың бас кезінде ақ Голландия мануфактураларын Англия мануфактуралары әлдеқайда басып озды, сөйтіп Голландия сауда мен өнеркәсіп жөнінен үстем ұлт болудан қалды. Сондықтан 1701—1776 жылдар дәуірінде Голландияның басты кәсіптерінің бірі орасан көп капиталдарды қарызға беру, әсіресе өзінің қуатты бәсекелесі Англияға қарызға беру болды. Нақ осы тәріздес қатынастар қазір Англия мен Құрама Штаттар арасында болып отыр. Өздерінің біртектес екенін білмейтін, Құрама Штаттарда пайдалануда жүрген көптеген капиталдар Англияда кеше ғана капиталға айналған балалар қаны болып табылады.

Мемлекеттік борыштар мемлекеттік кірістерге негізделетін болғандықтан, қазіргі салық жүйесі мемлекеттік заемдар жүйесіне қажетті қосымша болып алды, жылдық проценттер және тағы басқа төлемдер сол мемлекеттік кірістердің есебінен өтелуге тиіс. Заемдар үкіметке төтенше шығындарды өтеуге мүмкіндік береді, бұлай еткенде салық төлеуші бұл шығындардың бүкіл ауыртпалығын бірден сезбейді, алайда сол заемдардың өзі сайып келгенде салықтарды арттыруды талап етеді. Екінші жағынан, бірден бірге өсіп отырған қарыздардың салдарынан салықтардың артуы үкіметті әрбір төтенше жаңа шығын кезінде жаңа заемдарды алған үстіне ала беруге мәжбүр етеді. Сонымен, аса қажетті тіршілік заттарына салық салу (демек, олардың қымбаттауы) өзінің өзегі болып табылатын қазіргі фискальды жүйенің өзінде салықтардың өздігінен өсе беруінің ұрығы бар. Шектен тыс салық салу — кездейсоқ факт емес, қайта осы жүйенің өзінің принципі. Бұл жүйе ең алдымен нығайған Голландияда ұлы патриот де Витт оны өзінің «Максимдарында»⁸² жалдама жұмысшының көнгіштігін, місе тұтқыштығын, ыждағаттылығын және... шектен тыс ауыр еңбекке мойынсұнуға әзірлігін дамытудың ең жақсы әдісі ретінде мадақтайды. Алайда біз бұл арада қазіргі фискальды жүйенің жалдама жұмысшылардың жағдайына тигі-

^{243 б)} «Егер біздің заманымызда татарлар Европаны өзіне бағындырған болса, біздің арамызда финансистің алағын орнын оларға түсіндіру өте қиын болған болар еді» (*Montesquieu. «Esprit des loix», éd. Londres, 1769, t. IV, p. 33).*

зетін содырлы ықпалынан гөрі, шаруалардың, қолөнершілердің — бір сөзбен айтқанда, ұсақ буржуазияның барлық құрамдас бөлімдерінің осы жүйеден туған зорлықпен экспроприациялануына көңіл аударамыз. Бұл жөнінде тіпті буржуазиялық экономистердің арасында да екі ұшты пікір жоқ. Фискальды жүйенің экспроприациялаушы әрекеті протекционизм арқылы онан сайын күшейе түседі, ал протекционизмнің өзі фискальды жүйенің құрамдас бөлімдерінің бірі болып табылады.

Мемлекеттік борыштар мен тиісті фискальды жүйенің байлықты капиталға айналдыруда, бұқараны экспроприациялауда атқарып отырған зор ролі бірсыпыра авторларды: Коббетті, Даблдейді және мемлекеттік борыш пен фискальды жүйені қазіргі заманғы халықтардың жоқшылық көруінің негізгі себебі деп білген басқа да авторларды адастырды.

Протекционизм жүйесі фабриканттарды көптеп шығарудың, тәуелсіз қызметкерлерді экспроприациялаудың, ұлттық өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдырудың, ескі өндіріс әдісінен осы заманғы өндіріс әдісіне көшуді күштеп, тездетудің жасанды құралы болды. Еуропалық мемлекеттер осы өнертабыстың патентіне бола қырқысты және байлыққа құмартқан рыцарьларға қызмет етуге тап болып, олар осы мақсатпен өз халқын тонап отырғандығымен, жанамалай түрде — қамқорлық баж алымын алумен, тікелей түрде — экспорт сыйлықтарымен және т. т. тонап отырғандығымен қанағаттанбады. Олар өздеріне тәуелді көршілес елдердегі өнеркәсіп атаулыны күштеп жойды, мәселен, ағылшындардың Ирландиядағы жүн мануфактурасын құртқаны сияқты жойды. Еуропа континентінде бұл процесс Кольбердің сәтін салуымен онан сайын оңайлатылды. Бастапқы капитал мұнда өнеркәсіпшілерге едәуір дәрежеде тікелей мемлекеттік қазынадан келіп құйылады.

«Саксонияның Жеті жылдық соғыс⁸³ алдындағы мануфактуралық гүлденуінің себептерін алыстан іздеудің қажеті не?» — деп лепіреді Мирабо. — «180 миллион мемлекеттік борышқа назар аударудың өзі жеткілікті»²⁴⁴⁾

Отарлық жүйе, мемлекеттік борыштар, салықтар езгісі, протекционизм, сауда соғыстары, т. т. — нағыз мануфактура дәуірінің осы өркендерінің бәрі ірі өнеркәсіптің нәресте кезінде мейлінше ұлғаяды. Ірі өнеркәсіптің тууы балаларды мейірімсіздікпен ұрлаудың орасан етек алуымен белгілі. Король флоты өз матростарының құрамын күш қолдану арқылы толықтыратыны сияқты, фабрикалар да өздерінің жұмысшыларын осылай күш қолдану арқылы толықтырады. Сэр Ф. М. Иден XV ғасырдың

²⁴⁴⁾ *Mirabeau*, цитат алынған шығарма, VI том, 101-бет.

соңғы үштен бірінен бастап өзінің заманына дейін, XVIII ғасырдың аяғына дейін, село халқының жерін экспроприациялаудың қандайлық жан түршігерлік сұмдықтармен қоса қабат жүргізілгеніне немқұрайды қарауы қандай еді; капиталистік егіншілікті жасау үшін және «егістік пен жайылым арасында дұрыс арасалмақ орнату» үшін «қажетті» осы процесті оның масаттану құптауы қандай еді; бірақ тіпті сол сэр Иден де мануфактуралық өндірісті фабрикалық өндіріске айналдыру үшін және капитал мен жұмыс күші арасында дұрыс арасалмақ орнату үшін балаларды ұрлап әкетіп, құлдыққа салудың экономикалық қажеттілігін сондайлық түсіну дәрежесіне дейін жете алған жоқ.

Ол былай дейді:

«Мүмкін, жұртшылық мына мәселеге көңіл бөлетін болар. Қоттедждер мен жұмыс үйлерінен кедей балаларды ұрлап әкету арқылы ғана ойдағыдай жұмыс істей алатын өнеркәсіп; әлгі балалар топ-тобымен ауысып, түннің көбінде демалыссыз жұмыс істеуге тиіс; мұның үстіне ер-әйелдерді, әр түрлі жастағы және бейімділігі әр түрлі адамдарды бір жерге қосып араластырып жіберетін өнеркәсіп; мұның өзі еліктеткіш жаман өнеге арқылы адамды бұзып, аздыруы сөзсіз,— міне осындай өнеркәсіп ұлттың және жеке адамның бақытын молайта ала ма?»²⁴⁵. «Дербиширде, Ноттингемширде, әсіресе Ланкаширде»,— деп жазады Филден,— «таяуда ойлап шығарылған машиналар сумен жүретін дөңгелекті қозғалысқа келтіре алатын өзендерге жақын жерге салынған ірі фабрикаларда қолданылды. Қалалардан қашық жатқан осы жерлерге кенеттен мындаған жұмыс қолы керек болды; атап айтқанда, Ланкаширде, құнарсыз болып, осы уақытқа дейін халқы біршама аз болған жерде, бәрінен бұрын адамдар керек болды. Кішкентай ғана елті саусақтары бар балаларды керексіну ерекше күшті болды. Лондонның, Бирмингемнің және тағы басқа қалалардың діни қауымдарының жұмыс үйлерінен шәкірттер (!) алу дереу әдетке айналды. 7-ден 13 немесе 14 жасқа дейінгі осы мың-мындаған кішкентай дәрменсіз жандар сол кезде солтүстікке алып барылды. Әдетте қожайындар» (яғни балаларды ұрлаушылар) «өз үйренушілерін киіндіріп, тамақтандырып, оларды фабрикаларға жақын салынған үйлерге орналастыратын. Олар балалардың жұмысын бақылап, қарап отыру үшін бақылаушылар жалдады. Балаларға мүмкіндігінше көп жұмыс істетуге құлдардың жұмысын бақылаушылар мүдделі болды, өйткені олардың алатын ақысы әрбір баладан сығып алынған өнімнің мөлшеріне байланысты болды. Қаталдық мұның табиғи салдары болды. Көптеген фабрикалық округтерде, әсіресе Ланкаширде, фабриканттардың өктемдігіне берілген бұл жазықсыз, қорғансыз жандар нағыз жан түршігерлік азапқа салынды. Оларды шектен тыс ауыр еңбекпен өлімші етіп азаптады... ұрып-соқты, аяқ-қолын шынжырлап, нағыз жымысқы қатал азапқа душар етті; аштықтан әбден азып, қу сүйек болып қалған балаларды көбінесе қамшы астына алып, еңбек етуге мәжбүр етті... Кейде оларды өзін өзі өлтіруге дейін жеткізді!.. Дербиширдің, Ноттингемширдің және Ланкаширдің қандай да болсын қоғамдық бақылау атаулыдан таса жатқан тамаша әсем алқаптары ауыр азаптың және көбінесе өлімнің қаратүнек ұсына айналды!.. Фабриканттардың пайдасы орасан мол болды. Мұның өзі олардың айуандық обырлығын күшейте түсті. Олар түнгі жұмысты қолдана бастады, яғни күндізгі жұмыстан қалжыраған жұмысшылар тобының орнына түнге қарай фабрикаға жұмысшылардың басқа бір тобы келетін болды; күндізгі

²⁴⁵) *Eden*, цитат алынған шығарма, II кітап, I тарау, 421-бет.

топ жаңа ғана түнгі топ қалдырып еткен төсек-орынға барып жатады және vice versa [керісінше]. Ланкаширдегі халық төсек-орын еш уақытта суынған емес деп аңыз етеді²⁴⁶⁾.

Мануфактуралық дәуір ішінде капиталистік өндірістің дамуымен бірге Европаның қоғамдық ой-пікірі ұят пен ұжданнның ең соңғы қалдықтарынан да айырылды. Ұлттар капитал жинауға құрал болатын жексұрын пасықтық істердің қандайын болса да арсыздықпен мақтан етті. Мысалы, филистер А. Андерсон жазған сауданың аңғырт шежіресін⁷⁶ оқып қараңыз. Мұнда Утрехт бітімін жасасқан кезде Англия асьенто⁸⁴ бойынша Африка мен испан Америкасы арасында негрлермен сауда жүргізуге праволы болуға Испаниядан күштеп ризалық алғандығын ағылшындық мемлекеттік даналықтың тамаша салтанаты деп мадақтайды, ал бұған дейін Англия тек Африка мен ағылшындық Вест-Индия арасында ғана негрлермен сауда жасайтын еді. Англия 1743 жылға дейін испан Америкасына жыл сайын 4 800 негр жеткізіп беруге право алды. Осы арқылы британдық контрабанда үшін ресми бүркеншік те жасалды. Ливерпуль құлдармен сауда жасау негізінде өсті. Құлдармен сауда жасау оның алғашқы қорлануының әдісі болып табылады. Біздің кезімізде де Ливерпульдің «байсалды қоғамы» құлдармен сауда жасаудың Пиндары болып қалып отыр, бұл сауда,— доктор Эйкиннің 1795 жылы шыққан, жоғарыда цитат келтірілген шығармасын қараңыз,—«коммерциялық ептілік рухын құмарлыққа айналдырады, даңқты теңізшілерді жасақтап, орасан көп ақша түсіре-

²⁴⁶⁾ *John Fielden*, цитат алынған шығарма, 5, 6-беттері. Әуелде фабрикаларда қолданылған сорақылықтар жайында қараңыз: *Dr. Aikin*, цитат алынған шығарма, 219-беті және *Gisborne*. «Inquiry into the Duties of Men», 1795, v, II.— Бу машинасы фабрикаларды окшау селолық жерлердегі су құлаамасынан қалаларға көшірген кезде, балалардың жұмыс күші «тежелуге» бейім капиталистің қолында болып шықты, сөйтіп құлдарды жұмыс үйлерінен зорлап тасымалдау керексіз болып қалды.— Сэр Роберт Пиль («сыпайылық министрінің» әкесі) 1815 жылы парламентке балаларды қорғау үшін заң жобасын енгізген кезде Фрэнсис Хорнер («Құймалар туралы комитеттің» жұлдызы және Рикардоның сырлас досы) қауымдар палатасында былай деді: «Банкрот болған біреудің бағалы заттарымен бірге бір топ фабрикалық балалар әлгі адамның меншігінің бір бөлегі ретінде, егер осылай деп айтуға болатын болса, ашық саудаға салып сатуға белгіленгені және шынында сатылғаны жақсы мәлім. Бұдан екі жыл бұрын (1813 ж.) король сотында бір өрескел іс қаралды. Іс бір топ ер балалар жайында болды. Лондонның бір діни қауымы оларды бір фабрикантқа берген, ал ол, өз кезегінде, екінші фабрикантқа берген. Ақыр аяғында бірнеше филантроп оларды аштықтан әбден азған (*absolute famine*) күйінде тапқан. Бұдан да сорақы екінші оқиғамен ол парламент комиссиясының мүшесі ретінде танысқан. Осыдан бірнеше жыл бұрын Лондонның бір діни қауымы Ланкашир фабрикантымен шарт жасаған, бұл шарт бойынша фабрикант сатып алатын әрбір дені сау жиырма балаға бір нақұрысты қоса сатып алуға міндеттенген».

ді». 1730 жылы Ливерпуль құлдармен сауда жасау үшін 15 кеме, 1751 жылы — 53 кеме, 1760 жылы — 74. 1770 жылы — 96 және 1792 жылы — 132 кеме пайдаланды.

Мақта-мата өнеркәсібі Англияда балаларды құлдыққа салуды енгізе отырып, сонымен бірге Құрама Штаттардың бұрын азы-көпті дәрежеде патриархаттық шаруашылық болып келген құлдық шаруашылығын қанаудың коммерциялық жүйесіне айналдыруға түрткі болды. Жалпы алғанда Европадағы жалдама жұмысшылардың жасырын құлдығына негіз ретінде Жаңа дүниедегі *sans phrase* [ашық] құлдық керек болды²⁴⁷⁾.

Капиталистік өндіріс әдісінің «мәңгілік табиғи заңдарының» еркін көрінуі үшін жағдайлар жасау, жұмысшыларды олардың еңбек жағдайларынан айыру процесін жүзеге асыру, бір жағында қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдыру, қарама-қарсы жағында халық бұқарасын жалдама жұмысшыларға, еркін «жұмыс істейтін кедейлерге» — қазіргі заманғы тарихтың осы ғажайып нәтижесіне²⁴⁸⁾ айналдыру *Tante molis erat*⁸⁵. Егер ақша, Ожбенің сөзімен айтқанда, «дүниеге бір бетіндегі қанды дақпен келетін болса»²⁴⁹⁾, жаңа ту-

²⁴⁷⁾ 1790 жылы Вест-Индияның ағылшындық жерінде 1 еркін адамға 10 құлдан, француздық жерінде — 14 құлдан, голландтық жерінде — 23 құлдан келді (*Henry Brougham. «An Inquiry into the Colonial Policy of the European Powers»*. Edinburgh, 1803, v. II, p. 74).

²⁴⁸⁾ «*Labouring poor*» [«жұмыс істейтін кедей»] деген сөздер ағылшын заңдарында жалдама жұмысшылар табы елеулі мөлшерге жеткен кезден бастап кездесе бастайды. «*Labouring poor*» бір жағынан, «*idle poor*» [«жалқау кедейлерге»], қайыршыларға, тағы басқаларға, екінші жағынан, әлі тоналмаған, әлі де болса өз еңбегінің құрал-жабдықтарын меншіктеніп отырған жұмысшыларға қарама-қарсы қойылады. «*Labouring poor*» дейтін сөздер заңнан саяси экономияға ауысты, мұнда ол сөздер Қалпеперден, Д. Чайлдтан, т. т. бастап А. Смит пен Иденге дейін қолданылады. Эдмунд Бёрктің, осы «*exposable political cantment*» [«пасық саяси екіжүзді адамның»] «*labouring poor*» дегенді «*exposable political cant*» [«пасық саяси екіжүзділік»] деп атағандағы *bonne foi* [адалдығы] қандай екенін осыдан аңғаруға болады. Осы жалақор, ағылшын олигархиясының қамқорлығында бола отырып, француз революциясы жөнінде романтик болғансыды, ал Америкада жағдай шиеленісе бастаған кезде, ол солгүстік америкалық отарлардың асырауында бола отырып, ағылшын олигархиясы жөнінде либералдың ролін нақ сондай етіп, ойдағыдай атқарды; шындығында ол нағыз буржуаның өзі болды: «Сауда заңдары — табиғат заңдары, демек, құдайдың өзінің заңдары» деді ол (*E. Burke. «Thoughts and Details on Scarcity»*, ed. London, 1800, p. 31, 32). Құдай мен табиғат заңдарына адал болып қала отырып, ол өзін әрдайым өте тиімді рынокта сатып келгеніне танданарлық ештеңе жоқ! Бұл Эдмунд Бёрк либералдық жасап жүрген кезінде оған берілген жақсы сипаттаманы Такердің шығармаларынан табуға болады. Такер поп әрі торі болған адам, ал басқа жағынан ол инабатты адам және жақсы экономист. Біздің уақытымызда үстем болып жүрген және барынша жарамсақтықпен «сауда заңдарына» сеніп жүрген маскара принципсіздікті еске ала отырып, өзінің жолын қуушылардан тек талантымен ғана өзгеше көрінетін Бёрктерді үсті-үстіне маскараалап отыру керек!

²⁴⁹⁾ *Marie Augier. «Du Crédit Public»*.

ған капиталдың басынан аяғына дейін, бүкіл тұла бойынан қан мен ірің ағып тұрады²⁵⁰),

7. КАПИТАЛИСТІК ҚОРЛАНУДЫҢ ТАРИХИ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Сонымен, капиталдың алғашқы қорлануы, яғни оның тарихи генезисі неге келіп саяды? Мұның өзі құлдар мен крепостнойлардың жалдама жұмысшыларға тікелей айналуы, демек, форманың жай ауысуы болмайтындықтан, ол тек тікелей өндірушілерді экспроприациялау, яғни өз еңбегіне негізделген жеке меншіктің жойылуы ғана болып табылады.

Қоғамдық, коллективтік меншікке қарама-қарсы меншік ретінде жеке меншік еңбек құрал-жабдықтары мен еңбектің сыртқы жағдайлары жеке адамдардың қолында болған жерде ғана өмір сүреді. Бірақ бұл жеке адамдардың қызметкер немесе қызметкер емес екендігіне қарай жеке меншіктің өзінің сипаты өзгереді. Жеке меншіктің біздің көзімізге түсетін шексіз көп сарындары осы екі шеткеріліктің арасында жатқан аралық жағдайларды ғана көрсетеді.

Қызметкердің өз өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншігі ұсақ өндірістің негізі болып табылады, ал ұсақ өндіріс қоғамдық өндірістің және қызметкердің өзінің ерікті жеке басының дамуы үшін қажетті шарт болып табылады. Рас, бұл өндіріс әдісі құл иеленушілік құрылыс тұсында да, крепостниктік құрылыс тұсында да, адам тәуелділігінің басқа формалары тұсында да кездеседі. Алайда қызметкер өзінің, өзі қолданатын еңбек жағдайларының ерікті жеке меншікшісі болған жерде ғана, шаруа өзі өндейтін жерге ие болған жерде, қолөнерші өзі мейлінше шебер меңгерген аспаптарға ие болған жерде ғана бұл өндіріс әдісі толық гүлденеді, өзінің бар күшін көрсетеді, өзінің адекваттық классикалық формасына ие болады.

Бұл өндіріс әдісі жердің және басқа өндіріс құрал-жабдықтарының бөлшектелуін керек етеді. Бұл әдіс осы соңғылардың

²⁵⁰ «Капитал»,— дейді «Quarterly Reviewer»,— «айқай-шудан, ұрыс-керістен қашады және жасқаншақ келеді. Бұл шындық, бірақ бұл әлі барлық шындық емес. Табиғаттың бос кеңістіктен қорқатыны сияқты, капитал пайданың болмауынан немесе пайданың тым аз болуынан қорқады. Ал пайда жеткілікті мөлшерде болып отырса, капитал батылданып алады. 10 процент пайданы қамтамасыз етсеңіз, капитал қай жерге болса да қолданылуға әзір; пайда 20 процент болатын болса, капитал жандана түседі; 50 процент болатын болса, ол өзінің басын жаруға да әзір, 100 процент болатын болса, ол адам зандарының бәрін аяққа басады, 300 процент болатын болса, дарға асылу қаупі бола тұрса да, капиталдың тәуекел етпейтін қылмысы жоқ. Егер айқай-шу мен балағат пайда түсіретін болса, капитал оларды өршіте түседі. Мұның дәлелі: контрабанда және құлдармен сауда жасау» (Т. J. Dunning, цитат алынған шығарма, 35, 36-беттері).

шоғырлануын да, кооперациялануын да, сол бір өндіріс процесінің ішінде еңбек бөлінісін, табиғатқа қоғамдық үстемдік болуын және оны қоғамдық жолмен реттеуді, қоғамдық өндіргіш күштердің еркін дамуын болғызбайды. Ол әдіс өндіріс пен қоғамның тек әдепкі тар шектерімен ғана үйлесе алады. Оны мәңгілік етуге тырысу, Пеккёрдің әділ айтуы бойынша, «жалпыға бірдей орташалықты декреттеуге»⁸⁶ тырысумен барабар болып шығады. Бірақ дамудың белгілі бір деңгейінде оның өзі өзінің жойылуы үшін материалдық құралдар жасайды. Осы кезеннен бастап қоғамның қойнауында осы өндіріс әдісінің тежеп отырғанын сезетін күштер мен ниеттер қимылдай бастайды. Бұл өндіріс әдісі жойылуға тиіс және ол жойылады да. Оның жойылуы, жекелеген және бытыранды өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық шоғырланған өндіріс құрал-жабдықтарына айналуы, демек, көпшіліктің ұсақ меншігінің азшылықтың орасан зор меншігіне айналуы, қалың халық бұқарасының жерін, тіршілік заттарын, еңбек құралдарын экспроприациялау, — халық бұқарасының осындай аяусыз және ауыр экспроприациялануы капитал тарихының беташарын жасайды. Мұның өзі толып жатқан күштеу әдістерін қамтиды, бұлардың ішінен біз жоғарыда тек алғашқы қорланудың әдістері ретінде бүтін бір заман жасаған әдістерін ғана қарастырып өттік. Тікелей өндірушілерді экспроприациялау нағыз аяусыз вандализм арқылы және нағыз арсыз, нағыз оңбаған, нағыз ұсақ және нағыз құтырған ниеттердің қысымы арқылы жүргізіледі. Меншікшінің еңбегімен табылған, былайша айтқанда, жеке тәуелсіз қызметкердің өзінің еңбек құрал-жабдықтарымен біте қайнасуына негізделген жеке меншікті өзгенің, бірақ формальды жағынан ерікті жұмыс күшін қанауға негізделген капиталистік жеке меншік ығыстырып шығарады²⁵¹⁾.

Өзгерудің осы процесі ескі қоғамды барлық жағынан бірдей жетерліктей ыдыратқан кезде, қызметкерлер енді пролетарларға, ал олардың еңбек жағдайлары — капиталға айналған кезде, капиталистік өндіріс әдісі өз аяғынан тік басқан кезде, — міне сол кезде еңбектің одан әрі қоғамдастырылуы, жердің және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарының одан әрі қоғамдық жолмен пайдаланылатын, демек, ортақ өндіріс құрал-жабдықтарына айналуы және осыған байланысты жеке меншікшілердің одан әрі экспроприациялануы да жаңа форма алады. Енді өзі дербес шаруашылық жүргізетін қызметкер емес, көптеген жұмысшыларды қанаушы капиталистің өзі экспроприациялауға жатады.

²⁵¹⁾ «Біз мүлде жана қоғамдық құрылысқа аяқ бастық... біз меншік атаулының қандай да болсын түрін еңбек атаулының қандай да болсын түрінен бөлуге тырысамыз» («*Sismondi. «Nouveaux Principes de l'Economie Politique», t. II [Paris, 1827], p. 434).*

Бұл экспроприация капиталистік өндірістің өзіне тән заңдарының әрекетімен, капиталдардың орталықтануы арқылы болып жатады. Бір капиталист көптеген капиталистерді мерт етеді. Осы орталықтанумен, немесе аз ғана капиталистердің көптеген капиталистерді экспроприациялауымен қоян-қолтық түрде еңбек процесінің кооперативтік формасы барған сайын өскелең көлемде дамиды, ғылымды саналы түрде техникалық жағынан қолдану, жерді жоспарлы түрде пайдалану, еңбек құрал-жабдықтарын бұл еңбек құрал-жабдықтарын коллективті түрде қолдануға ғана жол беретін еңбек құрал-жабдықтарына айналдыру ісі, барлық өндіріс құрал-жабдықтарын құрамалас қоғамдық еңбектің өндіріс құрал-жабдықтары ретінде пайдалану жолымен үнемдеу ісі дамиды, барлық халықтарды дүние жүзілік рыноктың желісіне тарту ісі, ал сонымен қатар капиталистік тәртіптің интернационалдық сипат алуы дамиды. Өзгерудің осы процесінің барлық пайдалы жақтарын өзіне басып алатын және монополиялайтын капитал шонжарларының саны үнемі азаюмен бірге жоқшылық, езушілік, құлдық, азушылық, қаналушылық көлемі өседі, бірақ сонымен бірге капиталистік өндіріс процесінің өзінің механизмі арқылы үйренетін, бірігетін және ұйымдасатын, өзінің саны жағынан үнемі көбейіп отыратын жұмысшы табының ашынуы да өседі. Капитал монополиясы өз тұсында және өзінің негізінде өсіп жетілген өндіріс әдісінің тұсауына айналады. Өндіріс құрал-жабдықтарының орталықтануы және еңбектің қоғамдастырылуы бұлардың өздерінің капиталистік қауызымен сыйыса алмайтындай дәрежеге жетеді. Қауыз жарылады. Капиталистік жеке меншіктің соңғы сағаты соғады. Экспроприаторларды экспроприациялайды.

Капиталистік өндіріс әдісінен туатын капиталистік иемдену әдісі, демек, капиталистік жеке меншік те, өз еңбегіне негізделген даралық жеке меншікті тұңғыш бекерге шығару болып табылады. Бірақ капиталистік өндіріс табиғи процестің қажеттігімен өзін өзі бекерге шығаруды туғызады. Бұл — бекерге шығаруды бекерге шығару. Ол жеке меншікті қалпына келтірмейді, қайта капиталистік заман табыстарының негізінде: кооперация, жерді және еңбектің өзі өндірген өндіріс құрал-жабдықтарын ортақтасып иелену негізінде даралық меншікті қайта орнатады.

Жеке адамдардың өз еңбегіне негізделген бытыранды жеке меншігін капиталистік меншікке айналдыру, әрине, қазірдің өзінде-ақ іс жүзінде қоғамдық өндіріс процесіне негізделген капиталистік жеке меншікті қоғамдық меншікке айналдырудан гөрі анағұрлым ұзақ, қиын да ауыр процесс болып табылады. Онда әңгіме аз ғана қиянатшылдардың халық бұқарасын экс-

проприациялауында болып еді, мұнда халық бұқарасының аз-ғана қиянатшылдарды экспроприациялауына тура келеді²⁵²⁾.

Бірінші рет мына кітапта жарияланған:
К. Маркс „Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie“. Erster Band. Hamburg. 1867

«Капиталдың» қазақша 1-томынан алынып, К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының орысша 2-басылуымен салыстырылып беріліп отыр, 23-том, 725—773-беттер

252) «Өнеркәсіптің прогресі жұмысшыларды бәсеке арқылы бытыратудың орнына, ассоциациялар құрумен оларды революцияшыл етіп біріктіреді; бұл прогреске буржуазия лажсыз себепші болады, оған қарсы тұруға буржуазияның шамасы келмейді. Сөйтіп, ірі өнеркәсіптің дамуымен бірге буржуазия өзінің өнімдер өндіріп, оны иемденіп отырған негізінің өзінен айрылады. Буржуазия алдымен өзінің көрін қазушыларды туғызады. Буржуазияның құритыны да, пролетариаттың женетіні де сөзсіз... Қазір де буржуазияға қарсы тұрған барлық таптардың ішінде тек пролетариат қана шын мәнісіндегі революцияшыл тап болып табылады. Өзге таптардың бәрі ірі өнеркәсіп дамыған сайын азып, құри береді, ал пролетариат — осы өнеркәсіптің өз жемісі. Орта сословиелер: ұсақ өнеркәсіпші, ұсақ саудагер, қолөнерші мен шаруа — бұлардың бәрі орта сословиелер ретінде өздерінің өмірін күйреуден сақтап қалу үшін буржуазияға қарсы күреседі. Олай болса, олар революцияшыл емес консерватившіл. Ол ол ма, олар реакцияшыл: олар тарихтың дөңгелегін кері айналдыруға ұмтылады». (К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі». Лондон, 1848, 11, 9-беттер [қараңыз: осы басылуы, 1-том, 118, 116-беттері]).

Ф. ЭНГЕЛЬС

**К. МАРКСТІҢ «КАПИТАЛЫНЫҢ»
БІРІНШІ ТОМЫНА
«ДЕМОКРАТИСЧЕС ВОСНЕНБЛАТТ»
ҮШІН ЖАЗЫЛҒАН РЕЦЕНЗИЯ⁸⁷**

МАРКСТІҢ «КАПИТАЛЫ»*

I

Жер бетінде капиталистер мен жұмысшылар өмір сүріп келе жатқаннан бері жұмысшылар үшін біздің алдымызда жатқан кітаптай маңызы болған бірде-бір кітап әлі шыққан жоқ. Капитал мен еңбек арасындағы қатынас,— біздің қазіргі қоғамдық жүйе төңірегінде айналушы білік,— бұл кітапта тұңғыш рет ғылыми түрде, оның үстіне тек неміс үшін мүмкін болған тыңғылықтылықпен батыл зерттелді. Оуэннің, Сен-Симонның, Фурьенің шығармалары қанша құнды болғанымен және солай болып та отырғанымен, қазіргі заманғы әлеуметтік қатынастардың бүкіл саласы айқын да анық көрінетін заңдар биікке тек неміс қана жете алды, мұның өзі ең биік шыңда тұрған бағдарлаушыға ылдидағы таулы өңірдің түгел көрінетіні сияқты.

Осы кезге дейін болып келген саяси экономия бізге: еңбек — байлық атаулының шығар негізі және барлық құндардың өлшемі болып табылады, сондықтан өндірілуіне тепе-тең жұмыс уақыты жұмсалған екі заттың құны да бірдей болады, ал жалпы алғанда бір-біріне тең құндар ғана айырбасталатын болғандықтан, бұл заттар да бір-біріне айырбасталуға тиіс деп үйретеді. Бірақ сонымен қатар бұл саяси экономия қорланған еңбектің айрықша түрі болады деп те үйретеді, мұны ол капитал деп атайды; оның пікірінше, бұл капитал өзіндегі бар көмекші негіздердің арқасында тірі еңбектің өнімділігін жүздеген, мыңдаған есе арттырады және бұл үшін белгілі ақы талап етеді, мұның өзі пайда деп аталады. Нақты өмірде істің жайының былай болатынын біздің бәріміз білеміз: қорланған, өлі еңбектің пайдалары барған сайын өсе береді, капиталистердің капиталдары барған сайын зорая береді, ал тірі еңбектің жалақысы барған сайын кеми береді, тек жалақымен ғана күн көруші жұ-

* Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie, von Karl Marx. Erster Band. Der Produktionsprozeß des Kapitals. Hamburg, O. Meissner, 1867.

мысшылар бұқарасы барған сайын көбейе де, кедейлене де береді. Бұл қайшылықты қалай шешуге болады? Егер жұмысшыға оның өз өніміне жұмсаған еңбегінің толық құны төленетін болса, капиталистің пайдасы қайдан шығады? Егер тек тең құндар ғана айырбасталатын болса, онда бұл ретте де солай болуға тиіс қой. Екінші жағынан, егер көптеген экономистердің мойындайтынындай, әлгі өнім жұмысшы мен капиталистің арасында бөлінетін болса, тең құндар қалай айырбастала алады, жұмысшы өз өнімінің толық құнын қалай ала алады? Бұрынғы саяси экономия бұл қайшылықтың алдында дәрменсіз, ол еш нәрсені түсіндірмейтін бірденені жазады немесе қымсына былдырлайды. Тіпті саяси экономияның социалистік сыншылары да осы күнге дейін бұл қайшылықты айтқаннан басқа еш нәрсе істей алған жоқ; ақырында, Маркс бұл пайданың бүкіл пайда болу процесін оның өнуіне дейін қарастырып көрсеткенінше, сөйтіп барлығын да айқын еткенше, жаңағы қайшылықты ешкім шеше алмады.

Капиталды зерттегенде Маркс қарапайым әрі баршаға мәлім мына фактіден бастайды: капиталистер өз капиталының құнын айырбас арқылы арттырады; олар өз ақшасына товар сатып алады да, кейін оны оған төлеген ақшадан артық ақшаға сатады. Мәселен, капиталист 1000 талерге макта сатып алады да, кейін оны 1100 талерге сатады, сөйтіп 100 талер «табыс табады». Алғашқы капиталға бұл 100 талер артық үстемені Маркс *қосымша құн* деп атайды. Бұл қосымша құн қайдан пайда болады? Экономистердің жоруынша, тек тең құндар ғана айырбасталады және мұның өзі абстрактылы теория жағынан дұрыс та. Демек, бір күміс талерді 30 зильбер ұсақ ақшаға айырбастау және осы ұсақ монетаны қайтадан күміс талерге айырбастаудың қосымша құн қоса алмайтыны сияқты, мақтаны сатып алып, оны қайтадан сату да қосымша құн қоса алмайды: мұндай айырбастан ешкім байымайды да, кедейленбейді де. Сатушылар товарларды олардың құнынан жоғары сатуы немесе сатып алушылар товарларды олардың құнынан төмен сатып алуы себепті де қосымша құн пайда бола алмайды, өйткені олардың әрқайсысы бірде сатып алушы, бірде сатушы болады, сөйтіп бір ретте ұтқанын екінші ретте ұттырады. Қосымша құн сатушы мен сатып алушының бірін-бірі алдағаны себепті де пайда бола алмайды, өйткені мұның өзі ешқандай жаңа құн, ешқандай қосымша құн жасамаған болар еді, тек нақты капиталды капиталистер арасында басқаша түрде бөлген болар еді. Капиталистің товарларды олардың құны бойынша сатып алуына және товарларды олардың құны бойынша сатуына қарамастан, ол дегенмен құнды жұмсағанынан гөрі артық шығарып алады. Мұның өзі қалайша болады?

Қазіргі қоғамдық қатынастар тұсында капиталист товар ры-

ногынан айрықша қасиеті бар *товар* табады, оның мынадай бір ерекше қасиеті бар: *оны тұтыну — жаңа құнның негізі, жаңа құнды жасау болып табылады*, ал бұл *товар — жұмыс күші*.

Жұмыс күшінің құны қандай? *Товар атаулының құны оны өндіруге қажетті еңбекпен өлшенеді. Жұмыс күші нақты жұмысшы бейнесінде өмір сүреді, бұл жұмысшы өзі үшін де, сол сияқты өзі өлгеннен кейін де жұмыс күшінің өмір сүре беруін қамтамасыз ететін өз семьясын асырау үшін де тіршілік қаржысының белгілі бір сомасын қажет етеді. Сонымен, осы тіршілік қаржыларын өндіру үшін қажетті жұмыс уақытының өзі жұмыс күшінің құны болып табылады. Капиталист ол құнды апта сайын төлейді, сөйтіп жұмысшының апталық еңбегін пайдалану правосын сатып алады. Бұл пунктке дейін экономист мырзалар жұмыс күшінің құны туралы мәселеде жалпы алғанда бізбен келісуге тиіс.*

Ал енді капиталист өз жұмысшысын жұмысқа салады. Белгілі бір уақыттың ішінде жұмысшы өзінің апталық жалақысын өтейтін еңбек жұмсайды. Егер біз оның апталық жалақысы үш жұмыс күніне тең келеді десек, онда жұмысшы жұмысты дүйсенбі күні бастап, сәрсенбі күні кешке-ақ *төленген жалақының толы құнын капиталиске қайтарады*. Бірақ ол бұдан кейін жұмысты тоқтата ма? Ешбір тоқтатпайды. Капиталист жұмысшының *апталық* еңбегін сатып алды, сондықтан жұмысшы аптаның қалған үш күні бойы тағы да жұмыс істеуге тиіс. Жұмысшының жалақысын өтеу үшін қажет болған уақыттан артық жұмсалған оның бұл *қосымша еңбегі — қосымша құнның*, пайданың *негізі*, капиталдың үнемі еселей өсуінің негізі болып табылады.

Жұмысшы үш күнде өзі алған жалақыны өндіреді, ал қалған үш күнді капиталиске істейді деп болжауымызды ойдан шығарылған нәрсе деп бізді кінәламасын. Жалақыны өтеу үшін оған нақ үш, немесе екі, немесе төрт күн керек бола ма, бұл ретте, әрине, мұнын мүлде бәрібір және оның өзі жағдайларға байланысты өзгеріп отырады, бірақ негізгісі мынада: капиталист өзі ақы төлейтін еңбекпен қатар ол өзі *ақы төлемейтін* еңбекті де сығып алады, ал бұл — әсте де болжам емес, өйткені қай күні капиталист жұмысшыдан оған төлейтін жалақыны өтеу үшін қанша еңбек керек болса, үнемі сонша ғана еңбек алып отыратын болса, нақ сол күні өз кәсіпорнын жапқан болар еді, өйткені мұндай жағдайда оның бүкіл пайдасы жойылған болар еді.

Бұл жерде біз жоғарыла көрсетілген барлық қайшылықтардың шешілуін көреміз. Қосымша құнның қайдан шығатыны (мұның едәуір бөлігі капиталистің пайдасы болып табылады) енді әбден айқын және түсінікті болды. Жұмыс күшінің құны төленеді, бірақ бұл құн капиталистің жұмыс күшінен сығып алатын құнынан анағұрлым аз; міне осы айырма, *ақысы төлен-*

беген еңбек, капиталистің немесе, дәлірек айтқанда, капиталистер табының нақ сол үлесін жасайды. Өйткені тіпті жоғарыда келтірілген мысалда мақта саудагерінің мақтадан тапқан пайдасы да, егер тек мақтаның бағасы өспеген болса, төленбеген еңбектен құралуға тиіс. Саудагер өзінің товарын мақта-мата фабрикантына сатты, ал фабрикант өз өнімінен, жоғарыда көрсетілген 100 талердің үстіне, тағы да өзі үшін пайда түсіре алады, демек, ол ақы төленбей иемденілген еңбекті саудагермен бөліседі. Жалпы алғанда қоғамның барлық еңбек етпейтін мүшелері нақ осы ақы төленбеген еңбектің есебінен өмір сүреді. Оның есебінен капиталистер табына түсетін мемлекеттік және жергілікті салықтар, жер иелерінің жер рентасы және тағы басқалар төленеді. Бүкіл қазіргі қоғамдық құрылыс осыған негізделген.

Екінші жағынан, ақы төленбеген еңбек тек қазіргі қатынастар тұсында ғана, өндірісті, бір жағынан, капиталистер, екінші жағынан — жалдама жұмысшылар жүргізетін кезде пайда болды деп жорамалдау сорақылық болар еді. Керісінше. Езілген тап барлық уақытта да ақы төленбеген еңбек беруге тиіс болды. Еңбекті ұйымдастырудың үстем формасы құл иеленушілік болған бүкіл ұзақ уақыт бойында құлдар тіршілік заттары түрінде өздеріне берілгенінен анағұрлым артық жұмыс істеуге мәжбүр болды. Крепостниктіктің үстемдігі тұсында шаруалардың баршиналық міндеткерліктері жойылғанша да істің жайы осылай болды, бұл жерде шаруаның өз күн көрісі үшін істелетін жұмыс уақыты мен помещикке істелетін қосымша еңбек арасындағы айырма тіпті анағұрлым айқын көрінеді, өйткені помещикке істелетін жұмыс өзі үшін істелетін жұмыстан бөлек жүргізіледі. Енді форма өзгерді, бірақ істің мәні сол күйінде қалды; әзірге «қоғамның бір бөлегі өндіріс құрал-жабдықтарына бір өзі иелік етіп тұрғанда, қызметкер, ерікті немесе еріксіз болса да, өзін асырауға қажетті жұмыс уақытына өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісі үшін керекті өмірлік қаржы өндіруге басы артық жұмыс уақытын қосуға тиіс» (Маркс, 202-бет)*.

II

Өткен мақалада біз капиталист жалдаған әрбір жұмысшының екі түрлі еңбек атқаратынын көрдік. Өз жұмыс уақытының бір бөлегі бойында ол өзіне капиталистің берген жал-ақысын өтейді, ал еңбектің бұл бөлегін Маркс *қажетті еңбек* деп атайды. Бірақ жұмысшының бұдан кейін де жұмысты жалғастыруына тура келеді, ал осы уақыттың ішінде ол капиталист үшін *қосымша күн* өндіреді, мұның едәуір бөлігі пайда болып табылады. Еңбектің бұл бөлегі *қосымша еңбек* деп аталады.

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы 23-том, 246-бет. Ред.

Біз жұмысшы аптаның үш күнінде өзінің жалақысын өтеу үшін және үш күн капиталиске қосымша күн өндіру үшін істейді деп жоримыз. Басқаша айтқанда, мұның мәнісі — он екі сағаттық күн сайынғы еңбек тұсында жұмысшы алты сағат ішінде өзінің жалақысын өтейді және алты сағат қосымша күн өндіру үшін істейді. Аптадан тек алты, ал егер жексенбіні де қосса — жеті жұмыс күнін сығып алуға болады, бірақ әрбір жеке күннен алты, сегіз, он, он екі, он бес және тіпті одан да көп жұмыс сағаттарын сығып алуға болады. Жұмысшы капиталиске бір күндік жалақыға бір жұмыс күнін сатады. Бірақ *жұмыс күні дегеніміз не?* Сегіз сағат па әлде он сегіз сағат па?

Капиталист жұмыс күнін мүмкіндігінше ұзақ етуге мүдделі. Жұмыс күні неғұрлым ұзақ болса, қосымша күн соғұрлым көп өндіріледі. Жанылмайтын сезім жұмысшыға мынаны айтады: жалақыны өтеуден артық істелген еңбектің әрбір сағаты одан заңсыз тартып алынып отырады; шамадан тыс ұзақ уақыт істеудің не екенін жұмысшы өзінің жанына батқанынан біледі. Капиталист өзінің пайдасы үшін күреседі, жұмысшы өзінің денсаулығы үшін, күн сайынғы демалыстың азын-аулақ сағаты үшін күреседі, сөйтіп жұмыс, ұйқы және тамақтанудан басқа жағынан да адамша өмір сүруге мүмкіндік алу үшін күреседі. Жол-жөнекей тағы да мынаны ескертейік: капиталистердің бұл күреске түскісі келуі немесе келмеуі жеке капиталистердің ізгі еркіне мүлде байланысты емес, өйткені бәсеке тіпті бұлардың ішіндегі нағыз филантропиялықтарын да өз әріптестеріне қосылуға және жұмыс уақытының ұзақтығын оларда қандай болса, нақ сондай етуге мәжбүр етеді.

Жұмыс күнін белгілеу төңірегіндегі күрес ерікті жұмысшылардың тұңғыш рет тарихи аренаға шыққанынан бастап күні бүгінге дейін созылып келеді. Өнеркәсіптің түрлі салаларында әдет бойынша белгіленген ұзақтығы әр түрлі жұмыс күні үстем болып отыр, бірақ ол іс жүзінде сирек сақталады. Жұмыс күні заң бойынша белгіленген жерде ғана және оның бұзылмауы қадағаланып отыратын жерде ғана, тек осындай жерде ғана қатаң шектелген жұмыс күні бар деп айтуға болады. Бірақ мұның өзі осы уақытқа дейін Англияның тек фабрикалық округтерінде ғана дерлік болып келді. Бұл жерде барлық әйелдер үшін және 13-тен 18-ге дейінгі ересек балалар үшін он сағаттық жұмыс күні (бес күн бойы 10½ сағат, сенбі күні 7½ сағат) белгіленген, ал еркектер оларсыз жұмыс істей алмайтын болғандықтан, оларда да он сағаттық жұмыс күні болып шығады. Ағылшынның фабрикалық жұмысшылары бұл заңға көп жыл бойғы төзімді, фабриканттарға қарсы табанды, қиян-кескі күрес арқылы, баспасөз бостандығы, коалиция және жиналыстар жасау праволары арқылы, сонымен қатар үстемдік етуші таптың өз ішіндегі жіктелістерді шебер пайдалану арқылы жетті. Бұл заң ағылшын

жұмысшыларының қорғанышы болды. Бұл заң бірте-бірте ірі өнеркәсіптің барлық салаларына, ал өткен жылы — бүкіл өнеркәсіпке түгелдей дерлік, ең болмағанда олардың әйелдер мен балалар істейтін барлық салаларына қолданылды. Англияда жұмыс күнін осылайша заң жүзінде тәртіптеудің тарихы жөнінен қаралып отырған кітап әбден толық материал береді. Жуырда болатын Солтүстік-герман рейхстагы да өнеркәсіп уставын талқылауы керек, ал сонымен қатар фабрикалық еңбекті тәртіптеу ісін де талқылайтын болады. Неміс жұмысшылары сайлаған депутаттардың бірде-бірі Маркстің кітабымен алдын ала танысып, түсініп алмай тұрып, бұл заңды талқылауға кіріспейді деп сенеміз. *Бұл жерде көп нәрсеге жетуге болады.* Германияның үстемдік етуші таптарының арасындағы жіктеліс жұмысшы табы үшін Англиядағы бұрын-соңды болған жіктелістердің қайсысынан болса да неғұрлым қолайлы, өйткені *жалпыға бірдей сайлау правосы үстемдік етуші таптарды жұмысшылар алдында мәймәңкелеуге мәжбүр етеді.* Пролетариаттың төрт немесе бес өкілі бұл жағдайлар тұсында, егер олар тек өзінің жағдайын пайдалана білсе, егер олар, ең алдымен, не туралы әңгіме болып отырғанын, буржуаның білмей отырған нәрселерін түсінсе, күш болып табылады. Ал Маркстің кітабы бұл мақсат үшін оларға бүкіл материалды даяр күйінде береді.

Біз көбінесе теориялық маңызы бар толып жатқан тамаша зерттеулерді қоя тұрып, капиталдың жиналуы немесе қорлануы туралы әңгіме болатын қорытынды тарауға көшеміз. Бұл жерде алдымен мыналар дәлелденеді: капиталистік өндіріс әдісі, яғни, бір жағында капиталистердің, екінші жағында — жалдама жұмысшылардың болуын керек ететін өндіріс әдісі капиталист үшін капиталды үнемі жаңадан өндіріп қана қоймайды, сонымен бірге жұмысшылардың жоқшылық көруін де әрқашан барған сайын көбейтіп отырады; сөйтіп мынадай жағдайдың болуы қамтамасыз етіледі: мұның тұсында бір бетте барлық өмірлік қаржылардың, барлық шикізаттың және барлық еңбек құрал-жабдықтарының меншікшісі болып табылатын капиталистер үнемі болады, ал қарсы бетте — өзінің жұмыс күшін әлгі капиталистерге азын-аулақ өмірлік қаржылар үшін сатуға мәжбүр болатын орасан көп жұмысшылар болады, бұл қаржылар ең мықтағанда тек жұмысшылардың жұмыс істеу қабілеттілігін сақтауға және жұмыс істеуге қабілетті пролетарлардың жаңа ұрпағын өсіруге ғана жетеді. Бірақ капитал тек ұдайы өндіріліп қана қоймайды; ол ылғи көбейіп, өсіп отырады, сонымен қатар өзінікі деген меншігі жоқ жұмысшы табына оның өктемдігі де өсіп отырады. Капиталдың өзі қандай дәрежеде барған сайын кең көлемде ұдайы өндіріліп отыратын болса, қазіргі капиталистік өндіріс әдісі де өзіне тән меншігі жоқ жұмысшылар табын нақ сондай дәрежеде барған сайын кең көлемде, ұдайы өсіп

отыратын мөлшерде көбейтіп отырады. «Капиталдың қорлануы капиталистік қатынасты кең көлемде ұдайы өндіріп отырады: бір жағында капиталистерді немесе неғұрлым ірі капиталистерді көбірек, екінші жағында жалдама жұмысшыларды көбірек ұдайы өндіреді... *Сонымен капиталдың қорлануы дегеніміз пролетариаттың көбеюі болып табылады*» (600-бет)*. Бірақ машиналы өндірістің дамуы, егіншіліктегі жақсартулар және т. т. арқасында өнімнің белгілі бір мөлшерін өндіру үшін жұмысшылар барған сайын аз керек болады, ал жұмысшылардың артылып қалуын көрсететін бұл жетілдірушілік тіпті капиталдың өсуінен де жедел өседі. Осы барған сайын өсе беретін жұмысшылардың жайы енді не болады? Олар өнеркәсіптің резерв армиясын құрады, бұл армияға істің нашар немесе орташа барысы тұсында оның еңбегінің құнынан төмен ақы төленеді, оның тұрақты жұмысы болмайтын немесе қоғамдық қайырым жасаудың қамқорына түсетін уақыты болады, бірақ бұл армия, мұның Англия мысалынан айқын көрініп отырғанындай, капиталистер табына істің жайы айрықша жанданған кезінде қажет. *Барлық жағдайларда да бұл армия тұрақты жұмыс істейтін жұмысшылар қарсылығының күшін қирату үшін және олардың жалақысын төмен деңгейде ұстау үшін қызмет етеді. «Қоғамдық байлық неғұрлым көп болса... халықтың относителді артық өсуі (артық халық) немесе өнеркәсіптің резерв армиясы соғұрлым көп болады... Бірақ істегі (тұрақты жұмыс істейтін) жұмысшы армиясымен салыстырғанда бұл резерв армиясы неғұрлым көп болса, халықтың үнемі артық болуы, немесе жоқшылығы өздерінің еңбегінің азаптарына кері пропорциядағы жұмысшылар топтары соғұрлым көп болады**.* Ақырында, жұмысшы табының жоқшылықтағы топтары мен өнеркәсіптің резерв армиясы неғұрлым көп болса, ресми пауперизм соғұрлым көп болады. *Бұл — капиталистік қорланудың абсолютті, жалпылама заңы*» (631-бет)***.

Қазіргі капиталистік қоғамдық системаның ғылыми тұрғыдан жете дәлелденген негізгі заңдарының кейбіреулері осындай, ал ресми экономистер, әрине, оларды тіпті теріске шығаруға әрекет жасаудан да сақтанады. Бірақ осымен бәрі айтылды ма? Әсте де айтылған жоқ. Капиталистік өндірістің теріс жақтарын Маркс қандайлық батыл атап көрсетсе, ол сондайлық айқындықпен мынаны дәлелдейді: бұл қоғамдық форма қоғамның өндіргіш күштерін адамға лайық дамуды қоғамның *барлық* мү-

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 627—628-беттер. *Ред.*

** «Капиталдың» I томының автордың қатысуымен французша аудармасында Маркс бұл қағиданы нақтылай түседі. *Ред.*

*** Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 659-бет. *Ред.*

шелері үшін бірдей мөлшерде мүмкін ететін жоғары сатыға дейін дамыту үшін қажет болды. Бұрынғы қоғамдық формалардың бәрі бұл үшін тым жұпыны еді. Бұл үшін қажетті байлықтар мен өндіргіш күштерді тек капиталистік өндіріс қана жасайды. Бірақ сонымен бірге ол езілуші жұмысшылардың бұқарасы түрінде қоғамдық тап жасайды, бұл тап әлгі байлықтар мен өндіргіш күштерді өз қолына алып, оларды қазіргі кезде пайдаланылып отырғанындай монополист-таптың мүдделері үшін емес, бүкіл қоғам мүдделері үшін пайдалану қажеттігін барған сайын айқын көріп отыр.

Ф. Энгельс 1868 ж. 1 және 11 март аралығында жазған

„Demokratisches Wochenblatt“-тың 1868 ж. 21 және 28 марттағы 12 және 13-номерлерінде басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 240—248-беттер

Қ. МАРКСТІҢ «КАПИТАЛЫНЫҢ» ЕКІНШІ ТОМЫНА ЖАЗЫЛҒАН АЛҒЫ СӨЗДЕН

...Қосымша құн туралы Маркс не жаңалық айтты? Өзінен бұрынғы социалистік бағыттағылардың бәрінің, соның ішінде Родбертустің де, теориялары ешқандай әсер етпегенде, Маркстің қосымша құн теориясының ашық аспаннан жай түскендей әсер еткені, оның үстіне барлық цивилизациялы елдерде әсер еткені қалай?

Химияның тарихы мұны бізге мысалмен түсіндіріп бере алады.

Жұртқа мәлім, XVIII ғасырдың соңғы кезінің өзінде флогистондық теория үстем болды, бұл теория бойынша жану атаулының мәні мынада: жанушы денеден басқа нәрсе, гипотетикалық дене, флогистон деп аталған абсолюттік жанушы зат бөлінеді. Бұл теория ол кезде белгілі химиялық құбылыстардың көпшілігін түсіндіруге — кейбір ретте ол бұларды әрең-әрең түсіндірсе де — жеткілікті еді. Ал 1774 жылы Пристли ауаның бір түрін сипаттап берді, «мұны ол соншалық таза немесе флогистоннан соншалық ада деп тапты, мұнымен салыстырғанда кәдімгі ауа енді бұзылған ауадай болып көрінді». Ол мұны дефлогистонданған ауа деп атады. Бұдан кейін көп ұзамай Швецияда ауаның осындай бір түрін Шееле сипаттап, оның атмосферада бар екенін дәлелдеді. Шееле сонымен қатар егер бұл ауада немесе кәдімгі ауада белгілі бір дене жағылатын болса, онда ауаның бұл түрінің ғайып болатынын дәлелдеді, сондықтан да оны отты ауа [Feuerluft] деп атады.

«Бұл мәліметтерден ол мынадай қорытынды шығарды: флогистонның ауаның бір құрамды бөлігімен ұштасқан кезінде» {дәмек, жану кезінде} «пайда болатын қосынды — әйнек арқылы шығып кететін от немесе жылылық болып табылады, одан басқа еш нәрсе де емес»¹⁾.

¹⁾ Roscoe und Schorlemmer: «Ausführliches Lehrbuch der Chemie». Braunschweig, 1877, I, S. 13, 18.

Пристли мен Шееленің сипаттап бергені оттегі еді, бірақ олар өздерінің қолдарында не нәрсе болғанын білмеді. Олар флогистондық «категориялардың — өздерінің алдында өткендерден алған категориялардың шырмауында қалды». Барлық флогистондық көзқарастарды жоюға және химияны революцияшылдандыруға тиіс болған осы элемент олардың қолында мүлде жеміссіз құрып бітті. Бірақ осыдан кейін көп кешікпей Пристли Парижде болған кезінде өзінің ашқан жаңалығы туралы Лавуазьеге хабарлады, ал Лавуазье, осы жаңа фактіні басшылыққа ала отырып, бүкіл флогистондық химияны қайта зерттеп шықты, сөйтіп ауаның жаңа түрі химиялық жаңа элемент болып табылатындығын, жану кезінде жанушы денеден жасырын сырлы флогистон *бөлінбейтіндігін*, қайта осы жаңа элемент денемен *қосылатындығын* тұңғыш рет ашты, сөйтіп ол өзінің флогистондық формасында басымен төңкеріліп тұрған бүкіл химияны тұңғыш рет аяғынан тік қойды. Ал егер Лавуазье тіпті оттегін басқалармен бір мезгілде және оларға байланыссыз сипаттап шықпаған болса, кейін ол осылай деген болатын, онда қалайда істің шын мәнісіне келгенде оттегін *ашқан* Лавуазье, бірақ ана екеуі емес, ол екеуі оны тек *сипаттап* шыққан еді, олар тіпті *нак неі* сипаттағанын түсінген де жоқ еді.

Пристли мен Шееле жөнінде Лавуазье қандай болған болса, қосымша құн теориясында Маркс өзінің ізашарлары жөнінде дәл сондай адам болды. Өнім құнының қазір біз қосымша құн деп атап отырған бөлігінің *бар екендігі* Маркстен көп бұрын анықталған болатын; сол сияқты оның неден құралатыны, атап айтқанда: еңбекті иемденген адам ол үшін ешқандай эквивалент төлемеген еңбектің өнімінен құралатыны азды-көпті айқын айтылған болатын. Бірақ одан әрі барған жоқ. Біреулері — классикалық буржуазиялық экономистер — ең мықтағанда еңбек өнімінің жұмысшылар мен өндіріс құрал-жабдықтары иелерінің арасында қалай бөлінетінін көрсететін сан қатынасын зерттеді. Басқа біреулері — социалистер — бұл бөлісті әділетсіз деп тауып, осы әділетсіздікті жою үшін утопиялық амалдарды іздестірді. Бірақ олардың екеуі де өздерінің ізашарларынан алған экономикалық категориялардың шырмауында қалды.

Ал енді Маркс келіп шықты. Шыққанда да өзінің ізашарларының бәріне тікелей қарама-қарсы болып шықты. Олар мәселенің *шешімі* деп білген нәрсені ол тек *проблема* деп білді. Ол бұл жерде өзінің көріп отырғаны дефлогистонданған ауа да емес, отты ауа да емес, оттегі деп білді; бұл жерде әңгіме экономикалық фактіні жай атап өту туралы, бұл фактінің мәңгі әділеттілікке және ақиқат моральға қайшы келіп отырғандығы туралы болып отырған жоқ, қайта әңгіме бүкіл саяси экономияда төңкеріс жасауға тиіс факті туралы және бүкіл капиталистік өндірісті түсінудің кілтін тауып берген, ол кілтті пайда-

лана білушіге тауып берген факті туралы болып отырғанын көрді. Оттегінің ашылуын басшылыққа ала отырып, флогистондық химияның бұрынғы категорияларын зерттеген Лавуазье сияқты, Маркс әлгі фактіні басшылыққа ала отырып, өзіне дейінгі анықталған категориялардың бәрін зерттеді. Қосымша құн дегеннің не екенін білу үшін ол құн дегеннің не екенін білуге тиіс болды. Ең алдымен Рикардоның құн теориясының өзін сынға алу қажет болды. Сонымен, Маркс еңбекті оның құн жасау қасиеті жағынан алып зерттеді және қандай еңбектің, неліктен және қалай құн жасайтынын тұңғыш рет анықтады; құнның жалпы алғанда осы текті жинақталған таза еңбектен басқа ештеңе де емес екенін анықтады, — бұл пунктті Родбертус өмірінің ақырғы күніне дейін түсіне алмай кетті. Маркс одан кейін товар мен ақшаның қатынасын зерттеді, сөйтіп товар мен товар айырбасы қалай және неліктен — өзіне тән құн қасиеті себепті — товар мен ақшаның қарама-қарсылығын туғызуға тиіс екенін көрсетіп берді; Маркстің осыған негізделген ақша теориясы — ақшаның тұңғыш толық тұжырымдалған теориясы, қазірде жалпы жұрт үндемей мойындап отырған теория болып табылады. Ол ақшаның капиталға айналуын зерттеді және мұның өзі жұмыс күшін сатып алу мен сатуға негізделетінін дәлелдеп берді. Еңбектің орнына жұмыс күшін, құн жасаушы қасиетті қойып, ол қиыншылықтардың бірін, Рикардо бағытының күйреуіне әкеліп соқтырған қиыншылықты: капитал мен еңбектің өзара айырбасын құнды еңбекпен анықтайтын Рикардоның заңымен үйлестірудің мүмкін еместігін бірден шешіп шықты. Капиталдың тұрақты және өзгермелі капиталға бөлінетінін анықтай келіп қана, Маркс қосымша құнның жасалу процесінің шын барысын егжей-тегжейіне дейін жете көрсете алды, сөйтіп осы процесті түсіндіріп берді, мұны оның ізашарларының бірде-бірі істеген жоқ еді; демек, ол капиталдың өзіндегі айырмашылықты анықтады, Родбертустің де, буржуазиялық экономистердің де анықтау қолынан ешбір келмеген айырмашылықты, бірақ нағыз шым-шытырық экономикалық проблемаларды шешудің кілтін беретін айырмашылықты көрсетті; бұл жерде мұның айқын көз жеткізерлік дәлелі тағы да сол II кітап және одан да гөрі — III кітап болып табылады — мұны кейініректе көреміз. Онан соң, ол қосымша құнның өзін зерттеді, оның екі формасын: абсолютті және относителді қосымша құнды ашты, сөйтіп бұлардың капиталистік өндірістің тарихи дамуында қандайлық әр түрлі, бірақ екі ретте де шешуші роль атқарғанын көрсетті. Қосымша құн теориясына сүйене отырып, ол жалақының тұңғыш рационалды, біздің қолымызда енді ғана болып отырған теориясын дамытты, сөйтіп капиталистік қорлану тарихының негізгі белгілерін тұңғыш рет

көрсетіп берді және оның тарихи тенденцияларын баяндап берді...

Ф. Энгельс 1885 ж. 5 майда жазған

Бірінші рет мына кітапта жарияланған:
К. Марк. „Das Kapital. Kritik der politischen Oekonomie“. Zweiter Band. Herausgegeben von Friedrich Engels. Hamburg, 1885

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 24-том, 19—21-беттер

ҚҰРАМА ШТАТТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҰМЫСШЫ ОДАҒЫНА ҮНДЕУ⁸⁸

Жұмысшы жолдастар!

Біздің Серіктігіміздің құрылтай программасында біз былай деп мәлімдеген болатынбыз: «Құлдықты мәңгілік етіп, оны Атлант мұхитының ар жағына тарату мақсаттарын көздеген масқаралық крест жорығының авантюрасынан Батыс Европаны үстем таптардың данышпандығы құтқарған жоқ, қайта олардың қылмысты ақылсыздық ісіне Англияның жұмысшы табының қармандықпен қарсылық көрсетуі құтқарды»*. Енді соғысқа жол бермеу кезегі сіздерге келіп отыр; ал бұл соғыстың салдарынан жұмысшы табының Атлант мұхитының екі бетіндегі өсе түсіп отырған қозғалысы белгісіз мерзімге сөзсіз кері ығыстырылып тасталған болар еді.

Америка Құрама Штаттарын Англияға қарсы соғысқа киліктіруге соншама құштар болып отырған европалық державалар бар екеніне сіздерді иландырып жатудың керегі бола қояр ма екен. Сауда статистикасының деректерін жүгіртіп қарап шығудың өзі біздің көзімізді мынаған жеткізіп отыр: орыстардың шикізатты экспортқа шығаруы, — ал Россияда экспортқа шығаратын басқа ештеңе жоқ, — Азамат соғысы⁴ жағдайды кенет өзгерткенше, американ бәсекесі алдында тез-ақ шегінген еді. Дәл қазір американ соқасын семсер етіп қайта соғу сіздердің данасынған республикашыл мемлекеттік отағасыларыңыз өздерінің ең жақын кеңесшісі етіп қалап алған элгі озбыр державаны күйреу қаупінен құтқарып қалғандық болар еді. Бірақ белгілі бір үкіметтің ерекше мүдделерін мүлдем былай қойғанда, біздің барған сайын күшейіп келе жатқан халықаралық ынтымағымызды өзара қырқысқан соғысқа айналдыру біздің езушілеріміздің ортақ мүдделеріне сай келмей ме?

Линкольн мырзаның президент болып қайта сайлануына байланысты оған жолдаған құттықтауымызда біз американдардың тәуелсіздік жолындағы соғысы¹⁰ буржуазияның дамуы үшін қандай орасан зор маңызды болған болса, Америкадағы Азамат соғысының жұмысшы табының дамуы үшін дәл сондай маңызы болатынына өзіміздің кәміл сенетінімізді білдірген болатын-

* Қараңыз: осы том, 13-бет. *Ред.*

быз*. Шынында да, құл иеленушілікке қарсы соғыстың жеңіспен аяқталуы жұмысшы табының тарихында жаңа заман ашты. Дәл осы уақыттан бастап Құрама Штаттардың өзінде сіздердің байыры партияларыңыз бен олардың кәсіби саясатшылары өштікпен қарайтын тәуелсіз жұмысшы қозғалысы пайда болды. Бұл қозғалыстың кемелденуі үшін бейбіт жылдар керек. Бұл қозғалысты күйрету үшін Құрама Штаттар мен Англияның арасында соғыс болу керек.

Азамат соғысының тікелей айқын нәтижесі, әлбетте, американдық жұмысшысы жағдайының нашарлауы болды. Европадағы сияқты, Құрама Штаттарда да біреуден біреудің мойнына арта салатын сұмдық қан сорғыш — ұлттық борыш, — түптеп келгенде жұмысшы табының мойнына түсті. Ең қажетті бұйымдардың бағасы, — дейді сіздердің мемлекет қайраткерлеріңіздің бірі, — 1860 жылдан бері 78 процент өсті, ал сол уақытта мамандығы жоқ жұмысшының жалақысы не бары 50 процент, ал маман жұмысшының жалақысы 60 процент қана артты.

«Пауперизм», — деп қынжылады ол, — «қазір Америкада халыққа қарағанда тезірек өсуде».

Ал оның үстіне жұмысшы табы қасірет шегіп жатқанда финансистар аристократиясының, тез байығандар⁸⁹ аристократиясының және соғыс тудырған басқа да арамтамақтардың даурықпа сән-салтанаты оған сайын бадырая түсуде. Дегенмен, осының бәріне қарамастан, Азамат соғысының жақсы нәтижесі болды — құлдар азат етілді және осы арқылы сіздердің өздеріңіздің таптық қозғалысыңыз моральдық күш алды. Ізгі мақсаттармен де, ұлы әлеуметтік қажеттілікпен де ақтауға болмайтын жаңа соғыстың, ескі дүниенің рухында жүргізілетін соғыстың нәтижесі тұтқынның үзілген бұғаулары болмай, қайта еркін жұмысшыға түскен жаңа бұғаулар болар еді. Соғыс ала келетін қайыршы-ланудың өсуі сіздердің капиталистеріңізге тұрақты армияның рақымсыз семсері арқылы жұмысшы табын өзінің батыл да әділетті ынты-тілектерінен басқа жаққа бұруға керекті дәлелді де, құралды да бірден берген болар еді.

Міне, сондықтан да жұмысшы табы енді, ақыры, тарих арнасында айтқанды екі етпей орындаушы болмай, өзінің етене жауапкершілігін түсінетін және қожайындар деп аталатындар соғыс жайында жар салып жатқан жерлерде бейбітшілікті қорғап қала алатын тәуелсіз күш ретінде қимыл жасап отырғанын әлемге дәлелдеп берудің даңқты міндеті нақ сіздерге жүктеледі.

Лондон, 12 май, 1869 ж.

*К. Маркс жазған
„Address to the National Labour Union
of the United States“. London, 1869
листовка түрінде басылған*

*К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының
тексті бойынша басылып отыр. 2-ба-
сылауы, 16-том, 371—373-беттер*

* Қараңыз: осы том, 20-бет. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

«ГЕРМАНИЯДАҒЫ ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА» АЛҒЫ СӨЗ⁹⁰

1870 ЖЫЛҒЫ ЕҚІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

Бұл еңбек енді ғана аяқталған контрреволюциядан туған тікелей әсермен 1850 жылдың жазында Лондонда жазылған еді; ол Карл Маркстің редакциялауымен шығып тұрған «Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue»⁹¹ журналының 5-ші және 6-шы кітаптарында — Гамбург, 1850 жыл жарияланған болатын. Германиядағы менің саяси достарым оны қайта бастырып шығаруды өтініп жүр, сондықтан мен олардың тілектерін қарсы алдым, өйткені, менің өкінішім, бұл еңбек қазір де өз маңызын әлі жоғалтқан жоқ.

Бұл еңбек дербес зерттелген материал беруді мақсат етпейді. Қайта, керісінше, шаруалар көтерілістері мен Томас Мюнцгерге қатысты материалдардың бәрі Циммерманнан⁹² алынды. Оның кітабы, кейбір олқылықтары бола тұрса да, әлі күнге дейін нақты деректердің ең жақсы жиынтығы болып табылады. Оның үстіне Циммерман қарт өзінің еңбегіне сүйіспеншілікпен қарады. Осы кітаптың өн бойында оны езілуші таптың жақтаушысы болуға мәжбүр еткен кәдуілгі революциялық сезімнің өзі кейінгі кезде оны Франкфурттагі әсіре солшылдардың⁹³ ең таңдаулы өкілдерінің бірі етті*.

Егер, осының бәріне қарамастан, Циммерманның бізге беріп отырған баяндауында іштей байланыс жетіспей жататын болса; егер ол сол заманның діни-саяси контроверзаларын (талас мәселелерін) сол кездегі тап күресінің көрінісі ретінде көрсете алмаған болса; егер осы тап күресінен ол тек езушілер мен езілушілерді, залымдар мен мейірімділерді, ақырында, залымдардың жеңіске жетуін ғана көретін болса; егер оның қоғамдық қатынастарды, күрестің басталуына, сол сияқты оның аяқталуына себепші болған осы қатынастарды, түсінуінде барынша елеулі кемшіліктері болса, онда мұның бәрі осы кітап шыққан кезеңге тән кемшіліктер болып табылады. Қайта, немістің идеалистік тарихи шығармаларының ішіндегі ең мақтауға тұрарлық

* «Германиядағы шаруалар соғысының» үшінші басылуында (1875 ж.) бұдан әрі былай делінген: «Рас, содан бері ол біраз қартайған да болар». *Ред.*

ерекшелік болып табылатын бұл кітап өз кезеңі үшін өте-мөте реалистік тұрғыдан жазылған.

Мен өзімнің баяндауымда күрестің тарихи барысын тек жалпы түрде суреттей отырып, Шаруалар соғысының шығу себептерін, осы соғыста қимыл жасаған әр түрлі партиялардың ұстаған позициясын, саяси және діни теорияларды,— осы теориялардың жәрдемімен бұл партиялар өз позицияларын анықтап алуға тырысты,— ақырында, күрестің нәтижесін — осы таптардың қоғамдық өмірінің тарихи жағынан болған жағдайларының қажетті нәтижесі ретінде түсіндіруге тырыстым; сөйтіп сол кездегі Германияның саяси құрылысы, оған қарсы көтеріліс, сол заманның саяси және діни теориялары сол кезде Германиядағы егіншіліктің, өнеркәсіптің, құрылық және су жолдарының, сауда мен ақша айналысының жеткен даму сатысының себебі емес, қайта нәтижесі болғандығын көрсетуге тырыстым. Тарихты бұл бірден-бір материалистік тұрғыдан түсінуді ашқан мен емес, Маркс және бұл түсінік сондай-ақ оның сол «Revue»-де басылған 1848—1849 жылдардағы француз революциясы туралы еңбегінде* және «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» деген еңбегінде** баяндалды.

1525 жылғы герман революциясы мен 1848—1849 жылдардағы революцияның арасындағы параллель көзге мейлінше айқын көрініп тұрғандықтан, менің сол кезде одан мүлдем бас тартуым қиын еді. Алайда әр түрлі жергілікті көтерілістерді қазірдегідей ол кезде де бәз-баяғы бір князь әскерлерінің бірінен соң бірін басып тастауынан көрінетін оқиғалардың барысындағы ұқсастықпен қатар, екі жағдайда да қалалық бюргерлердің мінез-құлқында тіпті адам күлерліктей ұқсастық болғандығымен қатар, дегенмен айырмашылықтар да сондай айқын және бадырайып көрініп тұрды:

«1525 жылғы революциядан кімдер пайда тапты?— *Князьдар*. 1848 жылғы революциядан кімдер пайда тапты?— *Ірі тақсырлар, Австрия мен Пруссия*. 1525 жылы ұсақ князьдардың сыртында оларды өзіне салықтармен матап тастаған ұсақ бюргерлер тұрды, ал 1850 жылы ірі тақсырлардың, Австрия мен Пруссияның сыртында оларды өзіне «мемлекеттік борыш арқылы тез бағындырып алған қазіргі ірі буржуазия тұр. Ал ірі буржуазияның сыртында пролетариат тұр»***.

Өкінішке орай, мен осы қағидамен неміс буржуазиясына тым көп құрмет көрсеткенімді айтуға тиіспін. Оның Австрияда да, Пруссияда да монархияны «мемлекеттік борыш арқылы өзіне

* К. Маркс. «Франциядағы тап күресі» (қараңыз: осы басылуы, 1-том, 208—305-беттер). *Ред.*

** Қараңыз, осы басылуы, 1-том, 408—503-беттер. *Ред.*

*** Ф. Энгельс. «Германиядағы шаруалар соғысы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 436-бет.) *Ред.*

тез бағындырып алуға» мүмкіндігі болды, бірақ бұл мүмкіндік еш жерде және еш уақытта пайдаланылмады.

Австрия 1866 жылғы соғыстың нәтижесінде сыйлық ретінде буржуазияның қолына түсті. Бірақ буржуазия үстемдік етуді білмейді, ол әлсіз, оның ештеңеге де қабілеті жоқ. Ол бір нәрсені ғана біледі: жұмысшылар қимыл жасаса болғаны, оларға қарсы құтырынуды ғана біледі. Ол *венгерлерге* керекті болғандықтан ғана әлі де өкімет басында қалып келеді.

Ал Пруссияда ше? Рас, мемлекеттік борыш адам айтқысыз шапшаңдықпен өсті, дефицит тұрақты құбылысқа айналды, мемлекеттік шығындар жылдан-жылға өсуде, палатада буржуазия көпшілік болып отыр, оның келісімінсіз салықтар да ешбір көтерілмейді, ешбір заем да берілмейді,— сонда оның мемлекетке жасаған үстемдігі қайда? Осыдан бірнеше ай бұрын, мемлекет тағы да дефицитке ұшырау қарсаңында тұрған кезде, буржуазияның позициясы ең тиімді позиция болған еді. Ең болмағанда *біраз* сабыр қылғанда едәуір кеңшілікке оның қолы жеткен болар еді. Ал ол не істеді? Үкімет *оған* өзінің аяғының астына 9 миллионға жуықты салуға, және тек *бір* жылға ғана емес, жоқ — *жыл сайын* және алдағы уақыттардың бәрінде салуға *руқсат еткенін* ол жеткілікті кеңшілік деп білді.

Палатада мәжіліс құрушы сорлы «национал-либералдарды»⁹⁴, өздері соған лайық болып отырғанынан асырып сөккім келмейді. Өздерінің сыртында тұрғандар — буржуазия бұқарасы оларды тастап кеткенін мен жақсы білемін. Бұл бұқара билеп-төстегісі *келмейді*. Ол 1848 жылды әлі есінде тым жақсы сақтаған.

Неміс буржуазиясының осынша таңқаларлықтай қорқақтық көрсетуінің себебі туралы кейінірек айтылады.

Басқа жағынан алғанда жоғарыда келтірілген жағдай түгелдей расталды. 1850 жылдан бастап ұсақ мемлекеттер Пруссия мен Австрияның ээзілдіктерінің құралы ғана болып, барған сайын кейінгі қатарға ығыса түсуде; Австрия мен Пруссияның арасында үстемдік ету жолындағы қиян-кескі күрес барған сайын шиеленісе түсті, ал, ақырында, 1866 жылы бұл күрес күш жұмсау жолымен шешілді, бұдан кейін Австрия өз провинцияларын өзінде сақтап қалды, Пруссия тура немесе жанама түрде бүкіл солтүстікті өзіне бағындырып отыр, ал оңтүстік-батыстағы үш мемлекет* әзірге сырт қалып отыр.

Герман жұмысшы табы үшін осы толып жатқан екі жүзділіктің тек мынадай ғана мәні бар:

Біріншіден, жалпыға бірдей сайлау правосының арқасында жұмысшылар заң шығару жиналысына өздерінің өкілдерін тікелей жіберуге мүмкіндік алды.

* — Бавария, Баден, Вюртемберг. *Ред.*

Екіншіден, басқа үш тәж-тақты* тәңірінің рақымымен қылып салып, Пруссия жақсы үлгі көрсетті. Осы жағдайдан кейін ол өзіне бұрын танып келген осы дақ түспеген тәж-тақты тәңірінің рақымымен әлі күнге дейін иемденіп келеді дегенге қазір тіпті национал-либералдардың өздері де сенбейді.

Үшіншіден, Германияда революцияның әлі тек бір ғана елеулі дұшпаны бар, ол — Пруссия үкіметі.

Және, төртіншіден, Австрия немістері, ақырында, өздерінің кім болғысы келетіні жөнінде — немістер бола ма әлде австриялықтар бола ма? — өздерінің алдына енді мәселе қоюға тиіс. Оларға не қымбат — Германия ма әлде Лейтаның ар жағындағы олардың германиялық емес қосымшалары қымбат па? Олардың бұл екеуінің бірінен бас тартуға тиіс екендігі ертеден-ақ айқын болатын, бірақ мұны ұсақ буржуазиялық демократия әрқашан бүркемелеп келді.

1866 жылға байланысты басқа маңызды талас мәселелерге, сол уақыттан бері, бір жағынан, «национал-либералдар» және, екінші жағынан, «Халықтық партия»⁹⁵ кісі жиіркенерліктей талқылап келген мәселелерді алатын болсақ, онда соңғы жылдардың тарихы осы екі көзқарастың өзара өлердей дұшпандасуының себебі бар болғаны олардың сол бір ғана өрісі тарлықтың қарама-қарсы екі жағы болып табылатындығынан екенін әбден дәлелдеді.

1866 жыл Германияның қоғамдық қатынастарында тіпті ештеңені дерлік өзгерткен жоқ. Бірнеше буржуазиялық реформа — өлшем мен таразылардың бірыңғай жүйесі, жүріп-тұру еркіндігі, кәсіпшіліктер бостандығы, т. т., — бюрократияға қолайлы шектен аспайтын бұлардың бәрі де, басқа батыс европалық елдер буржуазиясының әлдеқашан ие болғанының өзіне де жетпей жатыр, сондықтан да ең басты кеселді — бюрократиялық концессиялар жүйесін⁹⁶ сол қалпында қалдырып отыр. Ал пролетариат үшін әдеттегі полициялық практика жүріп-тұру еркіндігі туралы, азаматтық правосы туралы, паспортты жою және тағы басқалар туралы заңдардың бәрін онсыз да мүлдем бос қиял етті.

1866 жылғы екі жүзділіктен гөрі Германияда өнеркәсіп пен сауданың 1848 жылдан басталған өрге басуының, темір жолдар құрылысының күшеюінің, телеграф пен мұхит пароходствосының дамуының маңызы әлдеқайда артық болды. Осы уақыттың ішінде Англияның және тіпті Францияның қолы жеткен табыстарынан бұл табыстар қаншама кем болса да, олар Германия үшін бұрын-соңды болып көрмеген табыстар және олар жиырма жылдың ішінде бұрын тұтас бір ғасырдың бергенінен әлдеқайда

* — Ганновер, Гессен-Кассель, Нассау. Ред.

көп берді. Германия тек енді ғана *дүние жүзілік саудаға* үзілді-кесілді және біржолата тартылды. Өнеркәсіпшілердің капиталдары тез көбейді, ал осыған сәйкес буржуазияның қоғамдық маңызы да көтерілді. Өнеркәсіп жөнінен өркендеудің ең айқын белгісі — *жалдаптық* өзінің салтанатты шеруіне герцогтер мен графтарды тартып, кең қанат жайды. Осыдан он бес жыл бұрын неміс темір жолдары ағылшын кәсіпкерлерінен көмек көрсетуді жалынып сұраған болса, қазір неміс капиталы — топырағы торқа болғыр! — орыс және румын темір жолдарын салып жатыр. Буржуазияның саяси үстемдікті де жеңіп алмағаны, үкімет жөнінде осыншама қорқақтық жасауы сонда қалай болғаны?

Неміс буржуазиясының сорлылығы мынада: немістің сүйікті әдетіне басып, ол тым кешеуілдеп шықты. Оның өркендеу кезі басқа батыс еуропалық елдердің буржуазиясы саяси жағынан енді құлдырай бастаған дәуірге дәл келді. Англияда буржуазия тек сайлау правосын кеңейту арқылы ғана — нәтижелері бүкіл буржуазиялық үстемдікті жоюға тиіс шара арқылы — үкіметке өзінің нағыз өкілін, Брайтты, өткізе алды. Францияда буржуазия, тұтас алғанда тап ретінде, тек екі жыл бойында ғана, 1849 және 1850 жылдары, республика тұсында үстемдік етті, бұл елде ол өзінің саяси үстемдігін Луи Бонапарт пен армияға беріп қана өзінің әлеуметтік өмір сүруін ұзарта алды. Еуропаның неғұрлым алдыңғы қатарлы үш елінің өзара әрекеттестігі ұшықпырсыз өсіп отырғанда, буржуазиялық саяси үстемдіктің Англия мен Францияда дәурені өтіп отырғанда, буржуазияның Германияда өзінің саяси үстемдігін тыныш және бейбіт жолмен орнатуы қазір енді мүмкін емес.

Бұрынырақ үстемдік етіп келген басқа таптардың бәрімен салыстырғанда буржуазияның өзіне тән ерекшелігі нақ мынада: оның дамуында бет бұрыс кезең болады, бұдан кейін оның қуаттылығының құралдарының, демек, ең алдымен оның капиталдарының онан әрі молаюы атаулының бәрі оның саяси үстемдікке барған сайын қабілетсіз бола түсетіндігіне әкеліп соғады. *«Ірі буржуазияның сыртында пролетариат тұр»*. Буржуазия өзінің өнеркәсібін, саудасын және қатынас құралдарын қандай мөлшерде дамытса, ол нақ сондай мөлшерде пролетариатты тудырып отырады. Сөйтіп, белгілі бір кезеңде, барлық жерде бір мезгілде болмайтын және дамудың біркелкі сатысында болуы шарт емес кезеңде буржуазия өзінің ажыраспайтын серігі — пролетариаттың өзінен де зорайып өсе бастағанын аңғара бастайды. Осы кезден бастап ол бірден-бір саяси үстемдік ету қабілетінен айырылады; ол өзіне одақтастар іздейді, сөйтіп ол өзінің үстемдігін солармен бөліседі немесе, жағдайға қарай, үстемдікті оларға түгелдей береді.

Германияда осы бет бұрыс кезең буржуазия үшін 1848 жыл-

дың өзінде-ақ туды. Рас, ол кезде неміс буржуазиясы неміс пролетариатынан гөрі, француз пролетариатынан көбірек қорықты. 1848 жылы Парижде болған июнь ұрыстары¹⁸ буржуазияға оның өзін не күтіп тұрғанын көрсетіп берді; неміс пролетариаты ол кезде, қазірдің өзінде-ақ нақ сондай нәтиже беретін тұқымның мұнда да бар екендігін буржуазияға дәлелдеу үшін жетерліктей күшті толқуда болды; міне осы кезеңнен бастап буржуазияның саяси қимылының қарқыны тойтарылды. Ол одақтастар іздей бастады және өзін оларға қандай бағаға болса да сата бастады,— сондықтан да тап бүгінгі күнге дейін ол бір адым да ілгерілеген жоқ.

Бұл одақтастардың бәрі өздерінің табиғаты жағынан реакцияшыл. Бұлар — өзінің армиясымен және бюрократиясымен қоса корольдік өкімет, бұлар — феодалдық ірі ақ сүйектер, бұлар — түкпір-түкпірдегі ұсақ-түйек юнкерлер, бұлар, ақырында,— поптар. Буржуазия тек өзінің қымбаты қара басын сақтап қалу үшін, ақырында, енді саудаға салатын ештенесі қалмағанға дейін олардың бәрімен сөз байласты және келісім жасасты. Ал пролетариат неғұрлым өсе түскен сайын, ол неғұрлым өзін тап ретінде сезініп, тап ретінде қимыл жасай бастаған сайын буржуа соғұрлым су жүрек бола түсті. Садова түбінде⁹⁷ пруссактардың ілуде бір кездесетін нашар стратегиясы австриялықтардың, бір ғажабы онан да бетер нашар стратегиясын жеңген кезде, кімнің уһ деп еркін дем алғанын — Садова түбінде өзі де тас-талқан болған прусс буржуасы ма әлді австриялық буржуа ма — айту қиын болды.

Орташа бюргерлердің 1525 жылғы жасағанын біздің ірі буржуа да 1870 жылы ешбір айнытпастан дәлме-дәл істеп отыр. Ал ұсақ буржуаға, қолөнер шеберлері мен дүкеншілерге келетін болсақ, онда олар әрқашанда өзгеріссіз қалады. Олар әйтеуір амалын тауып ірі буржуазияның қатарына шығуға үміттенеді, олар пролетариат қатарына түсіп қалудан шошиды. Үміт пен қорқыныштың арасында ауытқи отырып, олар күрес кезінде өзінің қымбаты қара басын сақтап қалады, ал жеңістен кейін жеңушілер жағына шығады. Олардың табиғаты әуел-бастан осындай.

1848 жылдан кейін пролетариаттың әлеуметтік және саяси қызметінің дамуы өнеркәсіптің өркендеуімен үзеңгілес жүріп отырды. Қазіргі уақытта неміс жұмысшыларының өзінің кәсіптік одақтарында, кооперативтік серіктіктерінде, саяси ұйымдары мен жиналыстарында, сайлауларда және рейхстаг деп аталатында атқарып отырған ролі, жалғыз осы рольдің өзі соңғы жиырма жылдың ішінде Германияда байқаусыз қандай төңкерістің болғандығын көрсетеді. Неміс жұмысшыларының үлесіне тиген аса зор абырой: *тек бір ғана олардың жұмысшыларды, жұмысшылар өкілдерін парламентке жіберуге қолдары жетті,*

ал осы уақытқа дейін бұған француздар да, ағылшындар да қолын жеткізе алмады.

Бірақ 1525 жылмен салыстыруға жол бермейтін халге пролетариаттың өзі де әлі өсіп жеткен жоқ. Тек қана және өмір бойы жалақымен күнелтуге мәжбүр болған тап әлі де болса неміс халқының көпшілігі емес. Демек, ол да одақтастарсыз тұра алмайды. Ал одақтастарды тек ұсақ буржуазияның, қалалық люмпен-пролетариаттың, ұсақ шаруалар мен ауыл шаруашылығы жұмысшыларының арасынан ғана іздеуге болады.

Ұсақ буржуа туралы біз ілгеріде айтып өттік. Олар өте-мөте сенімсіз және тек жеңіске жеткен кезде ғана, олар сыраханаларда адам айтқысыз айғай-шу көтереді. Солай бола тұрса да, олардың арасында жұмысшыларға өздері келіп қосылатын өте жақсы элементтер де бар.

Люмпен-пролетариат, бұлар барлық таптардың азған элементтерінің қоқсықтары болып табылады және олар көбінесе үлкен қалаларға жиналады, сондықтан болуы мүмкін барлық одақтастардың ең нашары болып табылады. Бұл азғындар мейлінше сатылғыш және өте-мөте мезі келеді. Егер француз жұмысшылары әрбір революция тұсында үйлердің қабырғасына: «Mort aux voleurs!»—«Ұрыларға өлім келсін!»—деп жазса және ұрылардың көбін атып тастаса, онда мұның өзі меншікті олардың барынша құрметтегендігінен емес, ең алдымен осы бандадан құтылу қажеттігін дұрыс түсіне білгендігінен болды. Осы кезбелерді өзінің гвардиясы ретінде пайдаланатын немесе оларға сүйенетін әрбір жұмысшы көсемі осының өзімен-ақ өзінің қозғалыстың сатқыны екендігін дәлелдейді.

Ұсақ шаруалар — ірілері буржуазияға жатады — әр түрлі болады:

Не бұлар — өзінің мейірбанды мырзаларына әлі де болса барщиналық міндеткерліктерін өтеуге міндетті *феодалдық шаруалар*. Буржуазия оларды крепостниктік тәуелділіктен азат ету — мұның өзі оның борышы болатын — мүмкіндігінен айрылып қалғаннан кейін, олар өзінің азат етілуін тек жұмысшы табынан күте алатындығына олардың көзін жеткізу онша қиын болмайды.

Не бұлар — *арендаторлар*. Бұл ретте көбінесе нақ Ирландиядағы сияқты қатынастар болып отырады. Арендалық ақының өскендігі сонша, шаруа егіннен орташа өнім алғанның өзінде өзі мен семьясын асырауға зорға дегенде шамасы келеді, ал егін шығымы нашар болғанда ол мүлде аштан өлуге жақын болады, аренда ақысын төлей алмайды және осы себепті жер иесінің мейірбандығына толық тәуелді болады. Мұндай адамдар үшін буржуазия өзін әйтеуір шара қолдануға мәжбүр еткен кезде ғана бірдеме істей бастайды. Сонда олар жұмысшылардан басқа кімнен араша күтпек?

Ендігі қалғаны — *өзінің кішкене учаскелік жерінде шаруашылық жүргізетін шаруалар*. Оларға көпшілік жағдайларда ипотекалардың бар ауыртпалығы түсетіндігі сонша, арендаторлар жер иелеріне қандайлық тәуелді болса, олар да өсімқорларға нақ сондай тәуелді болады. Сондықтан олардың қолында мейлінше мардымсыз, оның үстіне егін шығымдылығының жақсы-жаман болуына қарай, мейлінше аумалы-төкпелі табыс қалады. Өздерін нақ буржуа, капиталист-өсімқорлар қанын сорып отырғандықтан да, олар буржуазияға пәлендей бір үміт артуы екі талай. Алайда олардың басым көпшілігі өзінің меншігіне мейлінше жабысып айрылмайды, ал шындығына келгенде ол меншік бұлардікі емес, өсімқорлардікі. Халыққа бағынатын үкімет барлық ипотекалық борыштарды мемлекетке беретін борышқа айналдырған кезде және осылайша процентті төмендеткен кезде ғана өздері өсімқорлардан азат бола алатындығын оларға қайткен күнде де ұғындыру керек. Ал бұған тек жұмысшы табы ғана жете алады.

Орта және ірі жер меншігі үстемдік еткен жердің бәрінде деревнядағы сан жағынан неғұрлым көп тап *ауыл шаруашылық жұмысшылары* болады. Бүкіл Солтүстік және Шығыс Германияда істің жағдайы осылай болып отыр, сондықтан қаланың өнеркәсіп жұмысшылары *осы арадан өзінің неғұрлым көп және табиғи одақтастарын* табады. Өнеркәсіп жұмысшысына капиталистің қарама-қарсы тұрғаны сияқты, ауыл шаруашылық жұмысшысына жер иесі немесе ірі арендатор қарама-қарсы тұрады. Біреуіне көмектесетін шаралардың өзі екіншілеріне де көмектесуге тиіс. Егер буржуазияның капиталын, яғни өндіріске қажетті шикізатты, машиналар мен құралдарды, сондай-ақ тіршілік заттарын қоғамдық меншікке, яғни өзінің меншігіне, өздері коллектив болып пайдаланатын меншікке айналдырған жағдайда ғана өнеркәсіп жұмысшылары өзін азат ете алады. Нақ осы сияқты ауыл шаруашылық жұмысшылары да ең алдымен өздерінің еңбек етуінің ең басты объекті болып табылатын жер ірі шаруалардың және — одан да гөрі ірі — феодалдардың жеке меншіктік иелігінен алынып, қоғамдық меншікке, ауыл шаруашылық жұмысшыларының серіктіктері коллектив болып өңдейтін меншікке айналдырылатын болса ғана, өзінің жан түршігерлік жоқшылығынан құтыла алады. Біз бұл арада Базельде болған халықаралық жұмысшы конгресінің: қоғамның мүддесі үшін жер меншігін коллективтік, ұлттық меншікке айналдыру қажет деген атақты шешіміне келеміз⁹⁸. Бұл шешім ең алдымен ірі жер меншігі бар және онымен байланысты үлкен жер учаскелерінде ірі шаруашылығы бар, оның үстіне осындай зор иениелерде бір ғана мырза мен көптеген жалдама жұмысшылар болатын елдерді айтып отыр. Жалпы алғанда мұндай жағдай әлі күнге дейін Германияда басым болып келеді, міне сондықтан

да Базель конгресінің шешімі Англиямен қатар нақ Германия үшін де өте-мөте дер кезінде алынған шешім болды. Ауыл шаруашылық пролетариаты, село жұмысшылары — бұлар әмірші тақсырлар армияларына рекруттарды мейлінше көп беретін таптың нақ өзі. Бұлар — жалпыға бірдей сайлау правосының арқасында парламентке қазіргі уақытта феодалдар мен юнкерлерді көптеп жіберіп отырған таптың нақ өзі; бірақ мұнымен қатар олар — қалалық өнеркәсіп жұмысшыларына барынша жақын тұратын, олармен тіршілік ету жағдайын бірдей бөлісетін, тіпті олардан да бетер жоқшылық көріп отырған таптың нақ өзі. Бұл тап бытыраңқы және тоз-тоз болғандықтан да дәрменсіз келеді; үкімет пен дворяндар, алайда, оның жасырын жатқан күшін соншалық жақсы білетіндіктен де, оны қараңғылықта ұстау үшін мектептерді қожырату жағдайына ұшыратуға әдейі тырысады. Неміс жұмысшы қозғалысының ең таяудағы шұғыл міндеті — осы тапты ояту және оны қозғалысқа тарту. Село жұмысшыларының бұқарасы өздерінің төл мүддесін түсіне алатын болған кезден бастап, сол күннен бастап Германияда ешқандай реакцияшыл үкіметтің — мейлі ол феодалдық, бюрократиялық немесе буржуазиялық болсын — болу мүмкіндігі жойылады.

Ф. Энгельс 1870 ж. шамамен 11 февральда жазған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 412—420-беттер

Ф. Энгельстің «Германиядағы шаруалар соғысы» деген еңбегінің 1870 ж. октябрьде Лейпцигте басылып шыққан екінші басылуында басылған

1875 ЖЫЛҒЫ ҮШІНШІ БАСЫЛУЫНА АРНАП 1870 ж. АЛҒЫ СӨЗГЕ⁹⁰ ЖАЗЫЛҒАН ҚОСЫМША

Жоғарыдағы жолдар осыдан төрт жылдан астам бұрын жазылған еді. Олар қазірде де өзінің маңызын сақтап отыр. Садовадан⁹⁷ және Германияны бөлшектеуден кейін дұрыс болғанның бәрі Седаннан⁹⁹ және прусс ұлтының қасиетті герман империясы¹⁰⁰ құрылғаннан кейін де расталып отыр. Тарихи қозғалыстың бағытына үлкен саясат деп аталатынның «дүниені шайқалтатын» екі жүзділігі өте аз өзгерістер енгізе алады.

Оның есесіне осы қозғалыстың барысын жеделдету солардың еркінде. Осы жөнінен алғанда әлгі «дүниені шайқалтатын оқиғалардың» кінәлылары өздері үшін, сірә, тым-ақ қажетсіз табыстарға лажсыздан жетті, бірақ олар бұл табыстармен қаласын-қаламасын есептесетін болады.

1866 жылғы соғыстың өзі-ақ ескі Пруссияны оның түпкі негіздеріне дейін шайқалтқан болатын. 1848 жылдан кейін батыс провинциялардың тынымсыз өнеркәсіптік элементін — буржуазиялық та, сол сияқты пролетарлық та элементтерін — ескі тәртіпке қайтадан бағындырудың өзі онша оңайлыққа түсе қойған

жоқ; дегенмен мұның сәті түсті, сондықтан армиялардың мүдделерімен қатар шығыс провинциялар юнкерлерінің мүдделері мемлекетте қайтадан үстем мүдделерге айналды. 1866 жылы Солтүстік-Батыс Германияның бәрі дерлік Пруссияға қарады. Тәңірінің рақымындағы басқа үш тәж-тақты* қылғып салып, тәңірінің рақымындағы пруссиялық тәж-тақтың ұшыраған, енді қайтып түзелмейтін моральдық зияны туралы айтпай-ақ қойғанның өзінде,— енді монархияның негізгі салмағы едәуір дәрежеде батысқа ауысты. Рейн облысы мен Вестфалияның бес миллион халқы әуелі тура аннексия жолымен қосып алынған 4 миллион неміспен нығайтылды, ал сонан кейін Солтүстік-герман одағы¹⁰¹ арқылы жанама аннексия жолымен қосылып алынған 6 миллион неміспен нығайтылды. Ал 1870 жылы мұның үстіне тағы 8 миллион оңтүстік-батыс немістері¹⁰² қосылды, сонымен «жаңа империяның» 14,5 миллион ескі прустарына (алты Ост-Эльба провинциясынан, мұнда, оның үстіне тағы 2 миллион поляктар болды) ескі прустық юнкерлік феодализмнен әлдеқашан-ақ асып түскен 25 миллионға жуық немістер қарсы тұрды. Сонымен, нақ Пруссия армиясының жеңістері прустық мемлекет құрылысының бүкіл негізіне батыл өзгеріс жасады; юнкерлердің үстемдігі барған сайын тіпті үкіметтің өзі үшін де төзгісіз бола түсті. Бірақ сонымен қатар өнеркәсіптің қарыштап тез дамуы буржуазия мен жұмысшылардың арасындағы күресті алға қойып, юнкерлер мен буржуазия арасындағы күресті кейінгі қатарға ығыстырып тастады, сөйтіп ескі мемлекеттің қоғамдық негізінің өз ішінде толық төңкеріс болды. 1840 жылдан бастап бірте-бірте іріп-шірі бастаған монархияның негізгі алғы шарты дворяндар мен буржуазияның арасындағы күрес болды; бұл күресте монархия тепе-теңдікті сақтап отырды. Бірақ әңгіме дворяндарды буржуазияның тегеурінінен қорғау туралы емес, барлық дәулетті таптарды жұмысшы табының тегеурінінен қорғау туралы болған кезеңнен бастап, ескі абсолюттік монархия әдейі осы мақсат үшін жасалған мемлекеттік формаға: «*бонапартистік монархияға* түгелдей айналуға тиісті болды. Пруссияның бонапартизмге бұлай көшуін мен басқа жерде бұрын талдаған болатынмын («Тұрғын үй мәселесі жөнінде», екінші шығарылуы, 26 және келесі беттер**). Бірақ бұл жерде өте мәнді маңызы болып отырған бір фактіні онда баса көрсетудің қажеттілігі болмап еді, атап айтқанда бұл факті мынау: осы көшу 1848 жылдан кейінгі жерде Пруссияның *ілгері* аттаған *ең үлкен адымы* болған еді,— Пруссия қазіргі дамудан соншалық артта қалды. Ол әлі де болса жартылай феодалдық мемлекет болып қалып келді, ал бонапартизм — қалай дегенмен де феодализмді

* — Ганновер, Гессен-Кассель, Нассау. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 372—373-беттер. *Ред.*

жоюды керек ететін қазіргі заманғы мемлекеттік форма. Сонымен, Пруссия өзіндегі толып жатқан феодализм қалдықтарын құртуға және өз қалпындағы юнкерлікті құрбан етуге бел байлауға тиіс. Әрине, мұның бәрі ең жұмсақ формада және сүйікті «Қашанда асықпай-саспай алға бас» әнінің сазымен өтеді. Мысалы, округтер туралы атышулы ереже жөніндегі істің жайы осылай болып отыр. Ол ереже өз имениесінің территориясында жекелеген юнкердің феодалдық артықшылықтарын жояды, бірақ жойғанда — бүкіл округтің территориясында ірі жер иелерінің барлық жинақталған артықшылықтары түрінде оларды қайтадан қалпына келтіру үшін жояды. Істің мәні сол күйінде қалады, тек қана феодалдық диалектіден буржуазиялық диалектіге ауыстырылады. Ескі прусс юнкерін ағылшынның сквайры сияқты бірдемеге зорлап айналдырады, бірақ оның бұған ерекше қарсылық көрсетуінің ешбір қажеті болмады, өйткені бұлардың екеуі де бірдей топас.

Сонымен, Пруссияға ерекше тағдыр — 1808—1813 жылдарда басталған және 1848 жылы бір адым ілгері басқан өзінің буржуазиялық революциясын осы ғасырдың аяқ шенінде бонапартизмнің сүйкімді формасымен аяқтау тағдыры тиді. Егер бәрі де осылайша жып-жылмақы жүре беретін болса, дүние тыныш тоса беретін болса, ал біз өзіміз айтарлықтай ұзақ өмір сүре беретін болсақ, онда біз, мүмкін, 1900 жылы Пруссия үкіметі шын мәнінде феодалдық мекемелердің бәрін жоятын және Пруссия, ақыр аяғында, 1792 жылы Франция болған күйге жететін күнді көреміз.

Феодализмді жою дегеніміз ұнамды түрінде айтқанда буржуазиялық құрылысты орнату деген сөз. Дворяндардың артықшылықтары жойыла түскен сайын заң шығару ісі буржуазиялық бола түседі. Міне осы жерде біз неміс буржуазиясының үкіметке деген көзқарасындағы негізгі кезенге келеміз. Үкіметтің осы баяу және ұсақ-түйек реформаларды енгізуге *мәжбүр болғандығын* біз көрдік. Бірақ үкімет осы әрбір кішкене жеңілдіктерді буржуазияның алдына ол үшін жасалған *құрбандық*, тәж-тақтан көп еңбектеніп алынған жеңілдік етіп көрсетеді, бұл үшін олар, буржуа, өздерінің тарапынан үкіметке де бірдемелер жасауға тиіс. Мәселенің мәні өздеріне айдан анық болып тұрса да, буржуа осы алдауға көнеді. Міне осыдан келіп олардың үн-түнсіз келісуі туады, сөйтіп бұл келісу Берлинде рейхстаг пен прусс палатасындағы барлық айтыстардың құпия түрде негізі болып отыр: бір жағынан, үкімет буржуазияның мүддесі үшін заңдарды тасбақаның тырбаңындай баяу реформалап отыр, өнеркәсіптің дамуын бөгеген феодалдық кедергілерді және ұсақ мемлекеттерге бөлінушіліктен туған кедергілерді жойып жатыр, монетаның, өлшем мен таразының бірыңғайлылығын орнатты, кәсіпшілік бостандығын, т. т. енгізді, жүріп-тұру еркіндігін

орнаты, осы арқылы Германияның жұмыс күшін капиталдың тежеусіз билеп-төстеуіне берді, сауда мен жалдаптыққа қамқорлық жасады; екінші жағынан, буржуазия нағыз саяси биліктің бәрін үкіметке береді, салықтарды, заемдарды және солдаттар алуды мақұлдайды және реформалар туралы барлық жаңа заңдарды ұнамсыз адамдар жөніндегі ескі полицейлік өктемдікті толық күшінде қалатындай етіп тұжырымдауға көмектеседі. Буржуазия өзінің біртіндеп барып болатын қоғамдық азаттығын өзінің саяси билігінен дереу бас тартуы арқылы сатып алып отыр. Мұндай келісімді буржуазияға қолайлы ететін ең басты себеп үкіметтен қорқу емес, қайта пролетариаттан қорқу болып табылатындығы өзінен-өзі түсінікті.

Біздің буржуазияның саясат саласында бой көрсетуі қаншама болымсыз болса да, алайда, оның өнеркәсіп пен сауда жөнінен, ақырында, өзінің міндетін атқара бастағанын бекерге шығаруға болмайды. Екінші басылуындағы алғы сөзде* өнеркәсіп пен сауданың мен атап көрсеткен өрлеуі сол уақыттан бері одан да күшті қарқынмен жүріп келді. Осы жөнінде 1869 жылдан бастап Рейн-Вестфалия өнеркәсіп аймағында болған нәрсе — Германия үшін тура бұрын-сонды болып көрмеген құбылыс және осы ғасырдың бас кезіндегі ағылшын фабрикалық округтерінің гүлденуін еске түсіреді. Саксония мен Жоғарғы Силезияда, Берлинде, Ганновер мен теңіз жағалауындағы қалаларда дәл осылар болады. Ақырында, дүние жүзілік саудаға, нағыз ірі өнеркәсіпке, нағыз қазіргі заманғы буржуазияға біздің қолымыз жетті; бірақ оның есесіне бізде нағыз дағдарыс та болды, ал сонымен қатар нағыз, қуатты пролетариат қалыптасты.

Болашақтағы тарихшы үшін Шпихерн, Марс-ла-Тур түбінде болған ұрыстардағы¹⁰³ және Седан түбінде болған ұрыстағы зеңбірек гүрсілінің және осымен байланыстылардың бәрінің маңызы Германияның 1869—1874 жылдардағы тарихында неміс пролетариатының көнбіс, тыныш, бірақ үздіксіз үдей дамуынан әлдеқайда төмен болады. 1870 жылдың өзінде-ақ неміс жұмысшыларына елеулі сыннан өтуге тура келді, бұл сын — бонапартистік соғыс арандатушылығы еді, ал оның табиғи нәтижесі — Германиядағы ұлттық жаппай энтузиазм болды. Немістің социалистік жұмысшылары бір минутқа болса да өздерін адастырушылыққа жол бермеді. Олар шовинистік ұлтшылдық толқынына еліккен жоқ. Женіске өлердей мастанушылықтың ортасында олар сабыр сақтап, «Француз республикасымен әділетті бітім жасауды және ешқандай аннексияның болмауын» талап етті, тіпті қоршауда қалу жағдайының өзі де олардың үнін басып тастай алмады. Олардың ішінен әскери даңққа елігу де, «Герман империясының ұлылығы» туралы мылжың да ешбір

* Қараңыз: осы том, 168—176-беттер. *Ред.*

қостау таба алмады; олардың бірден-бір мақсаты бүкіл Европа пролетариатын азат ету болып қала берді. Толық правомен былай деуге болады: осы уақытқа дейін ешбір елде жұмысшылар осыншама қиын сынға нақ осындай абыроймен төтеп берген емес.

Соғыс кезіндегі қоршаудағы жағдайдан кейін мемлекетке опасыздық жасаушылық туралы, мәртебелі тақсырды және лауазымды адамдарды қорлаушылық туралы процестер болды, бейбіт уақыттағы полицейлік тіміскі тиісушіліктер барған сайын күшейе түсті. Әдетте, «Volksstaat»⁵¹ редакциясының кемінде үш-төрт мүшесі бір мезгілде түрмеге алынып жүрді; басқа газеттер де осындай күйде болды. Азды-көпті белгілі партия шешенінің қай-қайсысы болсын жылына бір рет болса да сотқа тартылуға тиіс болды; онда оған әрқашан дерлік айыптау үкімі шығарылды. Жер аудару, конфискелеу, жиналыстарды тарату дегенде есеп болмады. Бірақ осының бәрі бос әурешілік болды. Әрбір қамауға алынған немесе жер аударылған адамның орнын дереу басқа біреу басып отырды; таратылған әрбір жиналыстың орнына жаңадан екі жиналыс шақырылды; ұстамдылықпен және заңдарды дәл орындаумен не ана, не мына жерде полицейлік озбырлық күшті титықтатып отырды. Қудалаудың бәрі қарама-қарсы нәтижелерге әкеліп соқтырды: бұл қудалаулар жұмысшы партиясының сағын сындыра алмауы немесе ең болмаса жасыта алмауы былай тұрсын, қайта оған жаңадан жақтаушылар тартты және оның ұйымын нығайтты. Өкімет орындарымен болсын, жеке буржуамен болсын өзінің күресінде жұмысшылар барлық жерде өздерінің ақыл-ой жағынан да, моральдық жағынан да артықшылықтарын көрсетіп отырды, көрсеткенде әсіресе өздерінің «жұмыс берушілер» деп аталатындармен қақтығыстарында енді өздерінің, жұмысшылардың, білімді адамдар екендігін, ал капиталистер — дүмшелер екендігін дәлелдеп берді. Бұл орайда олар күресті көпшілігінде қуақылықпен жүргізіп отырды, ал бұл олардың өз ісіне сенетіндігінің және өздерінің артықшылығын түсіне білуінің ең жақсы дәлелі болып табылады. Тарих дайындаған негізде осылайша жүргізілген күрес үлкен нәтижелер беруге тиіс. Январьда болған сайлауда қол жеткен табыс қазіргі жұмысшы қозғалысы тарихында ерекше мәнді құбылыс болып табылады¹⁰⁴, сондықтан бүкіл Европада осы табыстарға сүйсіне тандану әбден түсінікті болды.

Европаның басқа жұмысшыларына қарағанда неміс жұмысшыларының екі елеулі артықшылығы бар. Біріншісі — олар Европаның неғұрлым теориялық даярлығы бар халқының қатарына қосылады және олар Германиядағы «білімді» таптар деп аталатындар мүлде дерлік айрылып қалған теориялық мағынаны өздерінде сақтап қалды. Өзіне дейінгі неміс философиясының, әсіресе Гегельдің философиясының немістің ғылыми социа-

лизмі — бұрын-соңды өмір сүрген бірден-бір ғылыми социализм — еш уақытта жасалмаған болар еді. Теориялық мағынасы осы ғылыми социализм жұмысшылардың қаны мен тәніне қазірде біз көріп отырғандай дәрежеде еш уақытта сіңбес еді. Ал бұл артықшылықтың қаншалықты ұшан-теңіз екендігін, бір жағынан, теория атаулыға селқостық, жекелеген қолөнерлерінің тамаша ұйымдасқанына қарамастан, ағылшын жұмысшы қозғалысының алға ілгерілеуінің сонша баяу болуының ең басты себептерінің бірі болып табылатын осы селқостық көрсетеді, — ал екінші жағынан, мұны француздар мен бельгиялықтарда бастапқы формасында болған, испандар мен итальяндарда Бакунин берген карикатуралық формада болған прудонизм таратқан лаң мен ауытқушылықтар көрсетеді.

Екінші артықшылық мынада: немістер жұмысшы қозғалысына тіпті жұрттың бәрінен де кеш қатысты. Немістің теориялық социализмі өзінің Сен-Симонның, Фурьенің және Оуэннің — өз ілімдерінің бүкіл қиялшылдығына және бүкіл утопизміне қарамастан барлық замандағы ұлы даналардың қатарына қосылатын және дұрыстығын қазір біз ғылыми жолмен дәлелдеп отырған сансыз көп ақиқаттарды данышпандықпен болжап білген үш ойшылдың — иығында тұрғандығын еш уақытта ұмытпайтыны сияқты, немістің практикалық жұмысшы қозғалысы да ағылшын және француз қозғалыстарының арқасында дамығандығын, олардың қымбатқа түскен тәжірибелерін жай ғана өзінің пайдасына айналдыруға, ол кезде көпшілік жағдайда болдырмауға болмайтын олардың қателіктеріне өздері ұрынбауға мүмкіндік алғандығын еш уақытта ұмытпауға тиіс. Ағылшын тред-юниондарының үлгісіз және француз жұмысшыларының саяси күресінің үлгісіз, әсіресе Париж Коммунасы жасаған орасан зор түрткісіз қазір біз қандай күйде болар едік?

Неміс жұмысшыларының өз жағдайының тиімділігін өте-мөте шеберлікпен пайдаланғанын ерекше атап көрсетсек әділін айтқан боламыз. Жұмысшы қозғалысы туғаннан бергі уақыт ішінде күрес ең алғаш рет өзінің біріне-бірі келісімді және өзара байланысты үш бағытында: теориялық, саяси және практикалық-экономикалық (капиталистерге қарсылық) бағытта жоспарлы түрде жүргізіліп отыр. Неміс қозғалысының күші мен жеңілмейтіндігі міне осында, былайша айтқанда, шоғырлана шабуыл жасауында болып отыр.

Бір жағынан, өздерінің осы тиімді жағдайының арқасында, екінші жағынан, ағылшын қозғалысының аралдық ерекшеліктерінің және француз қозғалысының күшпен басылып тасталуының салдарынан неміс жұмысшылары қазіргі кезеңде пролетарлық күрестің көш басына қойылды. Оқиғалар олардың осы құрметті орында қаншалық ұзақ тұрақтауына мүмкіндік беретінін күн ілгері болжап айтуға болмайды. Бірақ олар бұл орын-

ға ие болып отырған кезде олар өздеріне жүктелген міндеттерді ойдағыдай атқара алады деп сену керек. Бұл үшін күрес пен үгіттің барлық салаларында еселеп күш жұмсау керек болады. Әсіресе көсемдердің міндеті мынада болады: барлық теориялық мәселелер жөнінде ол өзін жетілдірген үстіне жетілдіре беруге, ескі дүние танушылыққа тән болған дәстүрлі жел сөздердің ықпалынан барған сайын арыла түсуге және социализм өзі ғылымға айналған уақытынан бері оған ғылым деп қарауды, яғни өзін оқып-үйренуді талап ететіндігін естен шығармауға тиіс. Осы ретпен қол жеткен, барған сайын айқындала түскен сана-сезімді жұмысшы бұқарасының арасына ерекше пәрменді жігермен тарату қажет және партия ұйымы мен кәсіптік одақтардың ұйымын бұрынғыдан да гөрі берік топтастыра түсу қажет. Январда социалистердің алған дауыстары қазір қаншама едәуір армия болып көрінгенімен, алайда олар әлі де болса неміс жұмысшы табының көпшілігі болып табылмайды; ал село халқының арасында жүргізілген насихаттың табыстары қаншама көп жігер бере тұрса да, дегенмен нақ осы село халқы арасында істелетін іс әлі де болса бастан асып жатыр. Сондықтан күресте шаршамау керек, жаудан бір қаладан кейін екінші қаланы, бір сайлау округінен кейін екінші сайлау округін тартып ала беру керек. Бірақ бәрінен бұрын қандай да болсын патриоттық шовинизмнің тууына жол бермейтін, пролетарлық қозғалыстағы әрбір жаңа қадамды, оның қай ұлттан шыққанына қарамастан, қуанышпен қошеметтейтін нағыз интернационалдық рухты сақтау қажет. Егер неміс жұмысшылары нақ осылай алға баса беретін болса, онда олар — қозғалыстың басында сап түзеп жүру ғана емес — қандай да болсын бір ұлт жұмысшыларының қозғалыстың басында сап түзеп жүруі қозғалыстың мүдделері үшін тіпті де тиімді емес, — сонымен бірге күрескерлердің қатарында құрметті орынға ие болады; сөйтіп, кенеттен ауыр сындар немесе ұлы оқиғалар олардан бұдан да асқан ерлікті, бұдан да асқан батылдық пен жігерлілікті талап ететін болса, олар бұған сақадай сай тұрады.

Фридрих Энгельс

Лондон, 1 июль, 1874 ж.

Мына кітапта басылған: *Friedrich Engels*. „*Der Deutsche Bauernkrieg*“. Leipzig, 1875

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. 2-басылуы. 18-том, 494—500-беттер

К. МАРКС

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІ БАС СОВЕТИ — ЖЕНЕВАДАҒЫ ОРЫС СЕКЦИЯСЫ КОМИТЕТІНІҢ¹⁰⁵ МҮШЕЛЕРІНЕ

Азаматтар!

22 марттағы мәжілісінде Үлкен Совет* сіздердің программаларыңыз бен статуттарыңыз Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің жалпы статуттарымен үйлесімді деп бірауызды шешімін жариялады. Ол сіздердің ұйымыңызды Интернационалдың құрамына алғанша асықты. Үлкен Советтің жанындағы сіздердің өкіліңіз бол деп сіздер ұсынып отырған құрметті міндетті мен шын ықыласпен қабылдаймын.

Сіздер өз программаларыңызда былай дейсіздер:

«...Польшаны езіп отырған императорлық езгі екі халықтың екеуінің де — орыс халқының да, поляк халқының да саяси және әлеуметтік бостандыққа жетуіне бірдей бөгет жасайтын тосқауыл болып табылады».

Сіздер бұған орыстардың Польшаны күштеп басып алуы Германияда және сол себептен тұтас континентте де әскери режим болуының зиянды негізі әрі нағыз себебі болып табылады дегенді қоса алар едіңіздер. Сондықтан Польшаға түскен бұғауларды қирату жолында еңбектене отырып, орыс социалистері өздерінің алдына әскери режимді жоюды көздейтін маңызды міндет деп қойып отыр; ал әскери режимді жою Европа пролетариатының жаппай азаттық алуының алғы шарты ретінде әбден қажет.

Осыдан бірнеше ай бұрын маған Петербургтен Флеровскийдің «Россиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген шығармасын жіберді. Мұның өзі — Европа үшін нағыз жаңалық. Континентте тіпті революционерлер дейтіндердің өздері таратып жүрген *орыс оптимизмі* бұл шығармада аяусыз әшкереленген. Бұл шығарманың кейбір жерлері таза теориялық жағынан алғанда сынды онша қанағаттандыра қоймайды десем, оның құндылығына нұқсан келмейді. Бұл — байыпты байқаушының, ер жүрек еңбеккердің, әділ сыншының, қуатты суреткердің, ең

* — Бас Совет. *Ред.*

алдымен езгі атаулыға қарсы ашынған, неше түрлі ұлттық лепірімелерге төзбейтін және өндіруші таптың бар азабы мен бар тілегіне жан-тәнімен ортақтас адамның еңбегі.

Флеровскийдің және сіздердің ұстаздарыңыз Чернышевскийдің еңбектері сияқты еңбектер Россияның абырой-атағын шындап асырады және біздің заманымыздың жалпы қозғалысына сіздердің елдеріңіз де қатыса бастағанын дәлелдейді.

Сәлемім мен бауырластық ниетімді жолдаймын.

Карл Маркс

Лондон, 24 март, 1870 ж.

«Народное дело» газетінде басылған, Женева, № 1, 15 апрель 1870 ж.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. 2-басылуы, 16-том, 427—428-беттер

К. МАРКС

ҚҰПИЯ ХАБАРДАН¹⁰⁶

4. Англияға арналған федерациялық советтен Бас Советтің бөлінуі туралы мәселе.

«Egalité»-нің¹⁰⁷ негізі қаланардан көп бұрын бұл ұсынысты Бас Советтің өзінде оның бір немесе екі ағылшын мүшесі мезгіл-мезгіл жасап келді. Бірақ ол әрдайым бірауыздан дерлік қабылданбай қалып отырды.

Сірә, революциялық инициатива жасайтын Франция болғанымен, елеулі экономикалық революция жасау үшін тұтқа тек Англия ғана бола алады. Бұл — қазірдің өзінде *шаруалары жоқ* және жерді меншіктену аздаған адамдардың қолында шоғырланған бірден-бір ел. Бұл — *капиталистік форма*, яғни капиталистік кәсіпкерлердің үстемдігімен енбектің кең көлемде бірігуі өндірісті түгелдей дерлік қамтыған бірден-бір ел. Бұл — *халықтың орасан көпшілігі жалдама жұмысшылардан* (wages labourers) *құралған* бірден-бір ел. Бұл — жұмысшы табының тап күресі және *тред-юниондарға* ұйымдасуы белгілі дәрежеде кемелденіп, жалпылама сипат алған бірден-бір ел. Дүние жүзілік рынокта үстемдік етуі арқасында Англия экономикалық қатынастарындағы әрбір төңкеріс дереу бүкіл дүние жүзіне шарпуын тигізуге тиіс болатын бірден-бір ел. Егер Англия лендлордизм мен капитализмнің классикалық елі болса, екінші жағынан, онда *бұларды жою үшін материалдық жағдайлар* басқа қай жердегіден болсын неғұрлым көбірек пісіп-жетілген. *Пролетарлық революцияның осы ұлы тұтқасының тікелей өз қолында тұруы* арқасында Бас Совет қазір бақытты жағдайда болып отыр. Осы тұтқаны бір ғана ағылшындардың қолына беріп қою қандай есуастық, тіпті қандай қылмыс болар еді деп айтуға болады!

Ағылшындардың қолында әлеуметтік революция жасауға қажетті *материалдық алғы шарттардың бәрі* бар. Оларға жетпей тұрған бір нәрсе бар, ол — *қорыту және революциялық шабыт рухы*. Тек Бас Совет қана осы олқылықтың орнын толтыра алады және бұл елдегі, демек, *барлық жердегі* нағыз революция-

лық қозғалысты осылайша тездете алады. Біздің бұл бағытта қазірдің өзінде жеткен ірі-ірі табыстарымызды *қауымдар палатасы* мен *лордтар палатасының* күні кеше ғана ағылшын жұмысшыларының *лидерлеріне* үлкен ықпал жасап келген радикал мүшелері дейтіндерді айтпағанның өзінде, үстем таптардың, мәселен, «Pall Mall Gazette», «Saturday Review», «Spectator», «Fortnightly Review»¹⁰⁸ сияқты неғұрлым зерделі әрі ықпалды органдары да мойындап отыр. Олар жұмысшы табының бойындағы *ағылшын рухын* бұздындар және түгел дерлік құрттындар, оны революциялық социализмге итермеледіндер деп бізді ашықтан-ашық айыптап жүр.

Осындай бет бұрысты жүзеге асырудың бірден-бір әдісі — *Халықаралық Серіктіктің Бас Советі* ретінде қимыл жасау. Бас Совет ретінде біз кейінірек, жүзеге асырылған кезде, жұрттың алдында ағылшын жұмысшы табының стихиялық қимылы ретінде көрінетін шаралар (мәселен, *Жер және еңбек лигасын*¹⁰⁹ құру) қолдануға итермелей аламыз.

Егер *Бас Советтен* басқа *федерациялық совет* құрылған болса, мұның тікелей нәтижесі қандай болар еді? *Интернационалдың Бас Советі* мен *Тред-юниондардың жалпы советі* арасында аралық жағдайда болатын федерациялық советтің ешқандай беделі болмас еді. Екінші жағынан, *Интернационалдың Бас Советі* *әлгі ұлы тұтқаны өз қолынан шығарып* алған болар еді. Егер біз байсалды және сырт көзге елеусіз жұмысты тастап, бос мылжыңға беріліп кеткен болсақ, онда біз «Egalité»-нің: Бас Совет «функцияларды осыншама ауырлатып ұштастыруға» неліктен төзіп отыр деп қойған сұрағына ашық жауап беру сияқты қателік те жіберіп алған болар едік.

Англияны басқа елдермен жай ғана қатар қоюға болмайды. Оны *капиталдың метрополиясы* ретінде қарастыру керек.

5. *Бас Советтің Ирландия амнистиясы жөніндегі қарары туралы мәселе.*

Егер Англия лендлордизм мен европалық капитализмнің қамалы болса, онда ресми Англияға елеулі соққы беруге болатын бірден-бір пункт *Ирландия* болып табылады.

Біріншіден, Ирландия ағылшын лендлордизмінің қамалы болып табылады. Егер лендлордизм Ирландияда күйресе, онда ол Англияда да күйреуге тиіс болады. Ирландияда мұның өзі жүз есе жеңіл бола алады, өйткені *онда экономикалық күрес бүтіндей жерді меншіктенуге шоғырланған*, өйткені *әлгі күрес онда сонымен қабат ұлттық күрес* те болып табылады, өйткені Ирландиядағы халық Англиядағыға қарағанда неғұрлым революциялық пиғылда және неғұрлым ашынған. Лендлордизм Ирландияда өз позицияларын тек *ағылшын армиясының* көмегімен ғана сақтап отыр. Осы екі елдің зорлықпен болған униясы¹¹⁰ тоқталысымен Ирландияда ескірген формаларда болса да, әлеу-

меттік революция бұрқ ете түседі. Ағылшын лендлордизмі өз байлықтарының ірі көзінен ғана емес, сонымен бірге *Англияның Ирландияға үстемдігінің өкілі* ретіндегі өзінің *моральдық күшінің аса маңызды көзінен* де айрылады. Екінші жағынан, ағылшын пролетариаты өз лендлордтарының Ирландиядағы қуатына тиіспеген күйі қалдырса, Англияның өзінде оларды бет қаратпайтын етеді.

Екіншіден, *ағылшын буржуазиясы* Ирландия кедейлерінің *амалсыз иммиграциясы* арқылы Англияда жұмысшы табының жағдайын нашарлату үшін Ирландия қайыршылығын пайдаланып қана қойған жоқ, ол сонымен бірге пролетариатты дұшпан екі лагерьге бөлді. Кельт жұмысшысының революцияшыл албырттығы мен ағылшын-саксон жұмысшысының жайбасар болса да, ұнамды мінезі сайма-сай ұштастырылып отырған жоқ. Керісінше, *Англияның ірі өнеркәсіп орталықтарының бәрінде* ағылшын пролетариаты мен ирланд пролетариатының арасында терең антагонизм бар. Ағылшынның орташа жұмысшысы ирланд жұмысшысын жалақыны және *standard of life** кемітетін бәсекелес ретінде жек көреді. Ағылшын жұмысшысы ирланд жұмысшысын ұлттық және діни жағынан жек көреді. Ол оған Солтүстік Американың оңтүстік штаттарының *poor whites*** қара нәсілді құлдарға қалай қараса, дәл солай қарайды десе де болады. Англияның өзіндегі пролетарлар арасындағы бұл антагонизмді буржуазия әдейі қоздырып, қолдап отырады. Пролетарлардың осылайша жікке бөлінуінде *буржуазияның қуатын сақтаудың шын сыры* жатқанын буржуазия біледі.

Бұл антагонизм Атлант мұхитының арғы бетінде де етек алу да. Өгіз бен қойға өріс болған туып-өскен жерінен ығыстырылған ирландтар Құрама Штаттарда тағы да кездеседі; мұнда олар халықтың орасан зор, барған сайын көбейіп бара жатқан бөлегі болып отыр. Олардың жалғыз ойы, жалғыз тілегі — Англияға деген өшпенділік. Ағылшын және американдық үкіметтері, яғни олар атынан өкілдік ететін таптар *ұлтаралық күресті* мәңгі-бақи ету үшін әлгі пиғылдарды егіп отырады; ал ұлтаралық күрес Атлант мұхитының екі бетіндегі жұмысшылардың байыпты да адал одағының қандайына болса да бөгет, демек, олардың жалпы азаттық алуы үшін бөгет болып табылады.

Ирландия — ағылшын үкіметінің *тұрақты үлкен армия* ұстауына тілге тиек етіп отырған бірден-бір дәлелі; бұл армия Ирландияда әскер мектебінен өткеннен кейін оны қажет болған жағдайда, бұдан бұрын болғанындай, ағылшын жұмысшыларына қарсы жұмсайды. Ақырында, қазіргі уақытта Англияда Ежелгі Римнен ғана сұмдық мөлшерде көруге болған құбылыс-

* — тұрмыс деңгейін. *Ред.*

** — ақ нәсілді кедейлері. *Ред.*

тар қайталанып жатыр. Басқа халықты құлданып отырған халық өз бұғауын өзі жасайды.

Сөйтіп, Халықаралық Серіктіктің Ирландия мәселесі жөніндегі позициясы айдан айқын. Оның басты міндеті — Англияда әлеуметтік революция болуын тездету. Бұл мақсат үшін Ирландияда шешуші соққы беру қажет.

Бас Советтің Ирландия амнистиясы жөніндегі қарары* басқа қарарларға кіріспе ғана болады; ол қарарларда былай делінетін болады: қазіргі күштеу униясын — яғни Ирландияны құлдандуды — мүмкін болса, тең және еркін одаққа айналдыру, немесе қажет болса, толық бөлініп шығу халықаралық әділдік жөнінде айтпағанның өзінде ағылшын жұмысшы табын азат етудің алғы шарты болып табылады.

К. Маркс 1870 ж. марттың 28-і шамасында жазған

Бірінші рет мына журналда жарияланған:
„Die Neue Zeit“, Bd 2, № 15, 1902

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 16-том, 435—438-беттер

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 400—401-беттер. Ред.

К. МАРКС

ФРАНЦИЯДАҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ¹¹¹

Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ 1891 ЖЫЛҒЫ КІРІСПЕСІ¹¹²

Интернационалдың Бас Советінің «Франциядағы азамат соғысы» деген үндеуін қайта бастырып шығару және оны кіріспемен толықтыру туралы ұсыныс мен үшін күтпеген нәрсе болды. Сондықтан мен бұл жерде тек ең маңызды пункттерге қысқаша ғана тоқтай аламын.

Жоғарыда айтылған, көлемі жағынан үлкен еңбектің алдынан мен Бас Советтің Франция-Пруссия соғысы туралы неғұрлым қысқа екі үндеуінің екеуін де келтірмекпін*. Себебі, біріншіден, «Азамат соғысында» екінші үндеуге сілтемелер бар, ал бұл үндеудің өзі, бірінші үндеу болмайынша, барлық жерде бірдей түсінікті бола бермейді. Ал сондай-ақ тағы бір себебі, Маркстің өзі жазған бұл үндеудің екеуі де ірі тарихи оқиғалар көз алдымызда енді ғана өрістеп келе жатқан кезде немесе олар енді ғана аяқталған кезде осы оқиғалардың сипатын, маңызын және оның қажетті салдарларын бірден дәл аңғара білуге келгенде, тұңғыш рет «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмерінде»** көрінген, автордың ғажап талантының үздік үлгілері, «Азамат соғысынан» кем түспейтін үлгілері болып табылады. Ал, ақырында, бұған тағы бір себеп, біз Германияда осы оқиғалардың Маркс алдан болжап айтқан салдарларынан күні бүгінге дейін зардап шегіп отырмыз.

Егер Германияның Луи Бонапартқа қарсы қорғану соғысы француз халқына қарсы жаулап алу соғысына айналса, онда Германия өзінің азаттық соғыс¹¹³ деп аталған соғыстан кейін көрген ауыртпалығының бәрін одан да зор көлемде тағы көретін болады деп бірінші үндеудің алдын ала болжап айтқаны дұрысқа шықпады ма екен? Бисмарктің содан кейін де тұтас жиырма жыл бойы үстемдік еткенін, ал демагогтарды¹¹⁴ қуғындаудың орнына,— ерекше заң шығарылғанын¹¹⁵ және сол кездегідей полициялық зорлық-зомбылық істеп, нақ сол кездегідей заңды өрескел бұрмалап, социалистерді қуғынға ұшыратқанын басымыздан кешірмедік пе?

* Қараңыз: осы том, 202—206, 207—214-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 412—503-беттер. *Ред.*

Эльзас-Лотарингияны аннексиялап алу «Францияны Россияның құшағына қарай итеріп тастайды» және осы аннексиядан кейін Германия не ашықтан-ашық Россияны малайы болуға, не аз уақыт тыныс алғаннан кейін жаңа соғысқа, атап айтқанда «нәсілдік соғысқа, біріккен славян және роман нәсілдеріне қарсы соғысқа»* әзірлене бастауға тиіс болады деген болжау дәл келмеді ме? Француз провинцияларын аннексиялап алу Францияны Россияның құшағына әкеліп енгізбеді ме? Бисмарк патшаның көңілін табамын деп жиырма жыл бойына босқа әуреленбеді ме және оған итаршы болып, құлдық ұруы кішкентай Пруссияның «Европадағы бірінші ұлы держава» болғанға дейін «қасиетті Русьтің» аяғына жығылып әдет қылған құлдық ұруынан да асып түскен жоқ па? Ал басталған күнінен-ақ патшалардың протоколданып хатталған одақтарының бәрінің күлін көкке ұшыратын, немен тынары мүлдем белгісіздігі ғана болмаса, бізге ештеңесі белгісіз соғыстың, бүкіл Европаны он бес немесе жиырма миллион қарулы солдаттың емін-еркін тонап-талауына беретін нәсілшілдік соғыстың, ақырғы нәтижесі не боларын күн ілгері болжау мүлдем мүмкін еместігі ірі әскери мемлекеттердің ішіндегі тіпті ең күштісінің өзіне қорқыныш туғызып отырғандықтан ғана әлі бастала қоймаған соғыстың Дамокл семсері біздің тас төбемізден үнемі төніп-ақ тұрған жоқ па?

Сондықтан 1870 жылғы интернационалдық жұмысшы саясатының көрегендігін тамаша жақсы дәлелдейтін осы ұмытылдықрап кеткен документтерді қайтадан неміс жұмысшыларының қолы жетерліктей ету біздің міндетіміз бола түспек.

Менің осы екі үндеу туралы айтқандарымның «Франциядағы азамат соғысы» үндеуіне де қатысы бар. Коммунаның ақырғы жауынгерлері күші басым жауға қарсы күресте, 28 май күні Бельвильдің бауырында қаза тапты, ал осыдан екі күн өткеннен соң, 30 май күні, Маркс Бас Советке өзінің шығармасын оқып берді, бұл шығармада Париж Коммунасының тарихи маңызы қысқа, айқын белгілермен, бірақ соншалықты дәлме-дәл және — ең бастысы — соншалықты дұрыс суреттелді, ал бұған осы мәселе жөнінде осыдан кейін шыққан қаптаған әдебиеттің бәрінің ешқашан өресі жетпеді.

Францияның 1789 жылдан басталған экономикалық және саяси дамуының нәтижесінде соңғы елу жылдың ішінде Парижде бұрқ еге түскен әрбір революция пролетарлық сипат алмай тұра алмайтын жағдай қалыптасты; атап айтқанда: қанын төгіп жөніп шыққаннан кейін пролетариат өзіне тән талаптарын қойып отырды. Бұл талаптар әрбір ретте Париж жұмысшыларының кемелдену дәрежесіне қарай азды-көпті күнгірт және тіпті

* Қараңыз: осы том, 212-бет. *Ред.*

шым-шытырық болып отырды; бірақ, түптеп келгенде, ол талаптардың бәрі капиталистер мен жұмысшылардың арасындағы таптық қарама-қарсылықты жоюды көздеді. Ал оның қалай жүзеге асуы керек екенін, — рас, мұны олар білмеді. Бірақ бұл талаптың өзі, айқын болмаса да, өмір сүріп отырған қоғамдық құрылысқа қауіпті болды; бұл талапты қойған жұмысшылар әлі қарулы болатын-ды; сондықтан мемлекет тізгінін ұстап отырған буржуаның бірінші парызы ең алдымен жұмысшыларды қарусыздандыру болды. Осыдан келіп — жұмысшылардың жеңіп алған әрбір революциясынан кейін — жана күрес басталып, ол күрес жұмысшылардың жеңілуімен аяқталып отырды.

Бірінші рет бұл 1848 жылы болды. Парламенттік оппозицияға жататын либерал буржуа өз партиясының үстемдігін қамтамасыз ететін сайлау реформасын жүргізу мақсатымен реформалар пайдасына банкеттер ұйымдастырды. Үкіметке қарсы күрес оларды барған сайын халыққа жүгінуге мәжбүр етті, сондықтан олардың бірінші орынды бірте-бірте буржуазия мен ұсақ буржуазияның радикалдық және республикалық жіктеріне беруіне тура келіп отырды. Бірақ бұл жіктерді революцияшыл жұмысшылар қолдаған еді, ал бұл жұмысшылар 1830 жылдан бастап¹¹⁶ буржуаның және тіпті республикашылдардың ойлағанынан гөрі де анағұрлым көбірек саяси дербестікке ие болып алған-ды. Үкімет пен оппозицияның арасындағы қатынастарда дағдарыс туған кезде жұмысшылар көшеге шығып, күрес бастады; Луи-Филипп құрыды, онымен бірге сайлау реформасы да құрыды; оның орнына республика пайда болды, республика болғанда жеңіп шыққан жұмысшылар тіпті «әлеуметтік» республика деп жариялаған республика пайда болды. Бұл әлеуметтік республика дегеннің өзін не деп түсіну керек екенін ешкім де, тіпті жұмысшылардың өздері де анық білмеді. Бірақ олар енді қаруланып, мемлекет ішінде күшке айналған еді. Сондықтан өкімет басында отырған буржуазияшыл республикашылдар тірегінің біршама мықтырақ екенін сезісімен-ақ, олардың бірінші қолға алған ісі жұмысшыларды қарусыздандыру болды. Мұның өзі 1848 жылғы июнь көтерілісі¹⁸ кезінде істелді де; өздерінің жұмысшыларға берген уәдесін турадан-тура бұзып, жұмысшыларды көрінеу қорлап, жұмыссыздарды шалғай провинцияға айдап салуға әрекет жасауы олар жұмысшыларды осы көтеріліске мәжбүр етті. Өзіне керекті басым күшті үкімет күн ілгері қамтамасыз етіп алды. Бес күнге созылған қаржандық күрестен кейін жұмысшылар жеңілді. Міне, осы арада келіп қарусыз тұтқындар жөнінде сонау Рим республикасын құлауға апарып соқтырған азамат соғыстарынан бері қарай болып көрмеген қан құйлы жазалау қолданылды. Пролетариат өзінің дербес мүдделері мен талаптарын алға қойып, ерекше

тап ретінде буржуазияға қарсы шығуға батылдык жасаған кезде буржуазия онан қандай рақымсыз қаталдықпен кек алатындығын осы арада бірінші рет көрсетті. Бірақ дегенмен де, 1848 жыл буржуазияның 1871 жылғы құтырынуларымен салыстырғанда тіпті баланың ойыны ғана еді.

Кек алу ізбе-із жүріп отырды. Егер пролетариат Францияны әлі басқара алмаған болса, онда буржуазия Францияны енді басқара алмайтын еді. Қалай болғанда да, әйтеуір сол кезде басқара алмады: буржуазияның көпшілігі ол кезде әлі монархиялық буржуазия еді, ал оның үстіне үш династиялық партияға¹¹⁷ және төртінші — республикалық партияға бөлінген еді. Буржуазияның ішкі алауыздықтары авантюрист Луи Бонапарттың барлық тұтқалы позицияларды — армияны, полицияны, әкімшілік аппаратын басып алып, 1851 жылы 2 декабрьде¹¹⁸ буржуазияның ең соңғы таянышын, Ұлттық жиналысты талқандауына мүмкіндік берді. Екінші империя — саяси және финанс авантюристері шайкасының Францияны қанауы басталды, бірақ сонымен қатар Луи-Филипптің ұсақ өте сақтық жүйесі тұсында, ірі буржуазияның шағын бөлігінің бір өзінің ғана тұтас үстемдігі тұсында мүлдем мүмкін болмаған өнеркәсіп дамуы басталды. Буржуазияны жұмысшылардан қорғау және екінші жағынан, жұмысшыларды буржуазиядан қорғау дегенді сылтауратып, Луи Бонапарт капиталистерден олардың саяси өкіметін тартып алды; бірақ мұның есесіне оның үстемдігі жалдаптыққа және өнеркәсіп ісінің күшеюіне жағдай туғызды, қысқаша айтқанда — тұтас алғанда бүкіл буржуазияның сол кезге дейін болып көрмеген дәрежеде экономикалық өрлеуіне және баюына жағдай туғызды. Алайда коррупция мен жаппай ұрлық жасау онан сайын күшейе түсті; ал мұның орталығы император сарайы болды, сондықтан осылардың нәтижесінде бұл баюшылықтан мол процент алынып отырды.

Бірақ Екінші империя француз шовинизміне жүгіну деген сөз еді; Екінші империя дегеніміз Бірінші империяның 1814 жылы айырылып қалған шекараларын, ең болмағанда Бірінші республиканың айырылып қалған шекарасын қайтарып алу талабын қойғандық болды. Бұрынғы монархияның шекарасында, тіпті одан да тарылып қалған 1815 жылғы шекарада қалған француз империясының бұл жағдайы ұзаққа бара алмайтын еді. Осыдан барып оқтын-оқтын соғыс ашып, шекараны ұлғайту қажеттігі туды. Бірақ Рейн өзенінің неміс жағындағы сол жағалауы есебінен шекараны ұлғайтудан басқа еш нәрсе француз шовинистерінің қиялын қатты қоздырған емес. Рейн бойындағы бір шаршы миль француз шовинистерінің көзінде Альпыдағы немесе басқа бір жердегі он миль жерден артық болып көрінді. Екінші империя өмір сүріп отырған кезде Рейннің сол жақ жағалауын — бірден немесе біртіндеп — қайтарып алу талабы

мезгілін күтіп тұрған мәселе ғана еді. Бұл мезгіл 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысымен бірге келді. Бисмарктен «территория қарымын қайтарамын» деген үміті алдаған, сондай-ақ өзінің өте айлакер, андысыны андағыш саясатының салдарынан Бонапартқа соғыстан басқа жол қалмады, бұл соғыс 1870 жылы бұрқ ете түсті де, ол Бонапартты Седанға, ал сонан кейін Вильгельмсхэеге⁹⁹ әкеліп соқтырды.

1870 жылы 4 сентябрьде Парижде болған революция осы соғыстың сөзсіз салдары еді. Империя қуыршақ үйдей быт-шыт болды; қайтадан республика жарияланды. Бірақ жау қақпа алдында тұр еді; империяның армиясы не құтылып шығудан үмітін үзіп, Мецте қоршауда қалды, не Германияда тұтқында болды. Осындай қиын-қыстау жағдайда халық бұрынғы Заң шығарушы корпустың Париждегі депутаттарына өздерін «ұлттық қорғаныс үкіметі» деп жариялауына мүмкіндік берді. Олардың бұған тезірек келіскен себебі, енді қару ұстай алатын париждіктердің бәрі қорғаныс мақсатымен ұлттық гвардияға алынып, қаруланды, сондықтан ұлттық гвардияда жұмысшылар енді орасан басым көпшілік болды. Бірақ түгел дерлік буржуадан құралған үкімет пен қаруланған пролетариаттың арасындағы антагонизм көп ұзамай-ақ сыртқа тепті. 31 октябрьде жұмысшы батальондары тіке шабуыл жасап, ратушаны алды және үкімет мүшелерінің біразын қамауға алды. Сатқындық, үкіметтің өзі берген уәдесін тікелей бұзуы және бірнеше ұсақ буржуазияшыл батальонның бұл іске араласуы себепті қамауға алынғандар босатылды; және жау күшінің қоршауында қалған қалада азамат соғысының өршуіне жол бермеу үшін бұрынғы үкімет өкімет басында қалдырылды.

Ақырында, аштықтан титықтаған Париж 1871 жылы 28 январьда тізе бүкті. Алайда соғыс тарихында болып көрмеген құрметті шартармен тізе бүкті. Форттар берілді, қамал дуалына қойылған зеңбіректер алынды, линиялық полктар мен жедел гвардия қаруларын тапсырды, олардың өздері әскери тұтқын болып жарияланды. Бірақ ұлттық гвардия өзінің қару-жарағы мен зеңбіректерін сақтап қалды және жеңушілермен тек уақытша бітім жасады. Жеңушілердің өздері Парижге салтанатпен кіруге бел байлай алмады; олардың тек Париждің кішкене бір бөлегін ғана алуға батылы жетті, оның үстіне сол бөлегінің бірсыпыра жері қоғамдық парктер болатын, ал бұл жердің өзінде де олар бірнеше күн ғана тұрды! Парижді 131 күн бойы қоршауда ұстаған жеңушілердің өздері осы уақыттың ішінде Париждің қаруланған жұмысшыларының қоршауында болды; бұл жұмысшылар жат жерлік басқыншыларға берілген жердің тар шекарасынан бірде-бір «пруссактың» аттап өтпеуін көз жазбай қадағалап отырды. Империя армияларының бәрі алдына барып, қаруын тастаған әскерге Париж жұмысшылары өздерін осындай

құрмет тұтқызды. Революцияның ошағынан кек алу үшін осында келген Пруссия юнкерлері осы қарулы революцияның тура алдында бас ие тоқтап, оған қошемет көрсетуге мәжбүр болды!

Соғыс кезінде Париж жұмысшылары күресті жігерлі түрде жалғастыру талабымен шектелген еді. Бірақ енді, Париж тізе бүккеннен кейін бітім¹¹⁹ жасалған соң, жаңа үкіметтің басшысы Тьердің Париж жұмысшылары қаруланып тұрғанда дәулетті таптардың — ірі жер иеленушілер мен капиталистердің — үстемдігі үнемі қатер үстінде болатындығына көзі жетуге тиіс болды. Тьердің бірінші жұмысы оларды қарусыздандыруға әрекет жасап көру болды. Париж қоршауда болған кезде жылулап жиналған қоғамдық қаржымен құрылған ұлттық гвардия артиллериясын басып алуға ол 18 март күні бұйрық беріп, линиялық әскер жіберді. Бұл әрекет іске аспады; өзін өзі қорғау үшін бүкіл Париж бір адамдай қаруланып қарсы тұрды, сөйтіп Париж бен Версальда отырған француз үкіметі арасында соғыс жарияланды. 26 мартта сайланып, 28 мартта Париж Коммунасы жарияланды. Бұл кезеңге дейін үкімет міндеттерін атқарып келген және Париждің жамандықпен аты шыққан «әдеп полициясын» тарату туралы қаулы шығарып та үлгірген ұлттық гвардияның Орталық комитеті өзінің уәкілдігін Коммунаға берді. 30 мартта Коммуна солдатқа алынғандарды және тұрақты армияны таратты да, қару асынуға жарайтын барлық азаматтардан құралған ұлттық гвардияны бірден-бір қарулы күш деп жариялады. Коммуна 1870 жылдың октябрінен 1871 жылдың апреліне дейінгі пәтер ақы жөніндегі есеп-қисаптың бәрін жойды, ал төленіп қойылған соманы алдағы уақытта төленетін пәтер ақының есебіне жатқызды және қалалық ломбардқа салынған мүліктерді сатуды тоқтатты. Нақ сол күні Коммунаға сайланған шетел адамдары қызметке бекітілді, өйткені «Коммунаның туы — бүкіл дүние жүзілік республиканың туы». — 1 апрельде Коммуна қызметшілерінің, демек, оның мүшелерінің де жалақысы 6000 франктан (4800 маркадан) аспауға тиіс екендігі белгіленді. Келесі күні шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы және діни мақсаттарға арнап мемлекеттік қаржы жұмсаудың бәрін қою туралы, сондай-ақ шіркеу мүліктерінің бәрін ұлттық меншікке айналдыру туралы декрет шығарылды; 8 апрельде осы декретке сәйкес барлық діни символдарды, суреттерді, догматтарды, дүғаларды, — қысқасы, «әрбір жеке адамның ұжданына қатыстылардың бәрін» мектептерден аластау туралы жарлық шығарылып, ол жарлық біртіндеп жүзеге асырыла бастады. — 5 апрельде Коммунаның тұтқындалған жауынгерлерін Версаль әскерлерінің күн сайын атып тастай беруі себепті кепілдегілерді қамауға алу туралы декрет шығарылды, бірақ бұл декрет ешқашан толық жүзеге асырылмады. — 6 апрельде ұлттық гвардияның 137-батальоны гильотинаны сыртқа шығарып, ол бүкіл халықтың

шаттануы үстінде ашықтан-ашық өртелді.—12 апрельде Коммуна Вандом алаңындағы жеңіс колоннасын қирату туралы қаулы шығарды; бұл колоннаны 1809 жылғы соғыстан кейін Наполеон жаудан түсірілген зеңбіректерден құйдырған болатын, сондықтан бұл колонна шовинизмнің және халықтар арасындағы дұшпандықтың символы болып келген еді. 16 майда бұл қаулы орындалды.—16 апрельде Коммуна фабриканттардың тоқтатып қойған фабрикаларын есепке алу және оларды осы фабрикаларда жұмыс істеп жүрген жұмысшылардың — кооперативтік серіктіктерге бірігуге тиісті жұмысшылардың күшімен жүргізу жоспарын жасау туралы, сондай-ақ осы серіктіктерді ірі бір одаққа біріктіру жоспарын жасау туралы жарлық шығарды.—20 апрельде Коммуна наубайшылардың түнде жұмыс істеуіне тыйым салды және жұмыс тауып беретін конторларды жойды; бұл конторлар Екінші империя кезінен бері полиция тағайындап отыратын субъектілердің — жұмысшыларды нағыз қанаушылардың — бір өзінің ғана қарауында болып келген еді; бұл конторлар Париждің жиырма округі мэрлерінің қарамағына берілді.—30 апрельде Коммуна жұмысшыларды жекеше қанаудың құралы болып келген және жұмысшылардың өзінің еңбек құралына деген және кредит алу правосына қайшы келіп отырған ломбардтарды тарату жөнінде жарлық берді.—5 майда Коммуна XVI Людовикті өлім жазасына бұйыру күнәсын жуу үшін салынған ғибадатхананы құлату жөнінде қаулы шығарды.

Сонымен, 18 марттан бастап Париж қозғалысының нағыз таптық сипаты айқын да батыл көріне бастады, бұл таптық сипат осыған дейін жаудың басып кіруіне қарсы күрестің салдарынан кейін шегеріліп келген еді. Коммунада мәжіліс құрушылар түгелдей дерлік жұмысшылар немесе жұмысшылардың жұрт таныған өкілдері еді, сол себептен оның қаулылары да батыл пролетарлық сипаттағы қаулылар болды. Не бұл қаулылар республикашыл буржуазия тек жексұрын қорқақтығынан ғана бас тартқан реформаларды және жұмысшы табының еркін жұмыс істеуі үшін қажетті негіз болатын реформаларды белгілеп отырды. *Мемлекет жөнінде* дін жеке адамның қара басының ғана ісі болады деген принципті жүзеге асыру, міне осыған жатады. Не Коммуна жұмысшы табының мүдделеріне тура байланысты қаулылар, ескі қоғамдық тәртіпті біршама кеулей баса көктейтін қаулылар шығарып отырды. Бірақ қоршаудағы қаланың жағдайында барлық осы шараларды жүзеге асыру жөнінде мықтағанда тек алғашқы қадамдар ғана жасауға болатын еді. Май айының басынан бастап-ақ барлық күш Версаль үкіметінің сан жағынан үсті-үстіне көбейе түскен әскерлеріне қарсы күреске жұмсалды.

7 апрельде версальдықтар Париждің батыс майданында Нейя түбінен Сена өзенінен өтетін өткелді басып алды; алайда

11 апрельде олардың оңтүстік майданға жасаған шабуылына генерал Эд тойтарыс берді, ұрыста жау жағынан көп шығын болды. Бұрын пруссактардың Парижді бомбалауын зұлымдық деп масқаралаған адамдар енді келіп Парижді өздері үздіксіз бомбалауға кірісті. Дәл осы адамдар енді Пруссия үкіметіне Седан мен Мец түбінде тұтқынға түскен француз солдаттарын тезірек қайтаруды сұрап жалынды, ол солдаттар бұларға Парижді алып беруі керек болды. Осы әскерлердің бірте-бірте келе бастауы май айының басында версальдықтарды шешуші басымдылыққа жеткізді. Мұның өзі 23 апрельде-ақ айқын болды, осы кезде Тьер, кепіл есебінде Парижде ұсталған Париж архиепископын* және де басқа бірқатар священниктерді Коммунаға екі рет сайланған, бірақ Клервода тұтқында отырған Бланкидің бір ғана өзіне айырбастау туралы Коммунаның ұсынысы бойынша басталған келіссөзді тоқтатқан болатын. Мұны Тьердің сөйлеген сөздері сарынының өзгеруі одан да айқын көрсетті; осы кезге дейін ұстамды, екі ұшты болып келген сөздер енді кенет ар-ұятсыз, ашулы, күш көрсетіле сөйлене бастады. Оңтүстік майданда версальдықтар 3 майда Мулен-Саке редутын, 9 майда бомбалаумен түгел қиратылған Исси фортын, 14 майда Ванв фортын басып алды. Батыс майданда қаланың іргесіне дейін созылып жатқан көптеген деревнялар мен үйлерді алып, олар бірте-бірте негізгі қамал дуалына жетті; 21 майда опасыздық болу салдарынан және осы арада тұрған ұлттық гвардияшылардың бейқамдығынан олардың қалаға кіріп кетуіне мүмкіндік болды. Солтүстік және шығыс форттарда тұрған пруссактар уақытша бітім шарты бойынша версальдықтардың болуына тыйым салынған жер арқылы олардың қаланың солтүстік бөлігіне өтуіне мүмкіншілік берді, сөйтіп осы жерден версальдықтардың кең майданда шабуыл жасауына мүмкіншілік берді; ал париждіктер, уақытша бітім шарты бойынша, бұл майданнан шабуыл жасалмауы қамтамасыз етілген деп есептеген еді, сондықтан оны тым нашар қорғаған болатын. Осының салдарынан да Париждің батыс жартысында — негізінен алғанда байлардың сән-салтанатты кварталдары орналасқан жағында қарсылық көрсету біршама нашар болды; қалаға басып кірген әскерлер астананың шығыс жақ жартысына, қаланың нақ жұмысшы ауданына неғұрлым жақындаған сайын бұл қарсыласу да соғұрлым өршелене, табанды бола түсті. Содан тек сегіз күнге созылған күрестен кейін ғана Коммунаның ең соңғы қорғаушылары Бельвиль мен Менильмонтан қырқаларында қаза тапты, міне сонда барып, қарусыз еркек-әйелдерді, балаларды айуандықпен қырып-жою апта бойы күннен күнге күшейіп, ең шыңына жетті. Құндақ жағынан оқталатын мылтық шапшаң аты-

* — Дарбуа. Ред.

лып, шапшаң өлтіре алмайтын болғандықтан жеңілгендерді жүз-жүздеп митральезбен атты. Ең соңғы үлкен қырғын болған жер — Пер-Лашез зиратындағы «Коммунарлар дуалы» пролетариат өз праволарын қорғауға бел байлап, бас көтерген кезде үстем таптың қандай айуаншылыққа баратынын көрсететін тілсіз, бірақ айқын күә мызғымастан әлі тұр. Бәрін бірдей қырып-жою мүмкін емес екені белгілі болған кезде, тұтқындар арасынан қалай болса солай алына салған құрбандарды жаппай қамау, топ-тобымен ату басталды; қалғандарын үлкен бір лагерге айдап әкетті, олар сол жерде әскери сотты күтуге тиіс болды. Парижді солтүстік-шығыс жағынан қоршап алған прусс әскерлеріне қашқындардың ешбіреуін өткізбеуге бұйрық берілді, бірақ солдаттар жоғарғы бастықтарының бұйрығынан гөрі адамгершілік сезіміне көбірек бағынған кезде, офицерлер бұған көбіне немқұрайды қарады; өзінің адамгершілік жасау қасиеті жағынан Саксонияның армиялық корпусы ерекше даңққа бөленді, ол Коммунаның көптеген күрескерлерін көре тұра өткізіп жіберіп отырды.

Егер біз қазір, жиырма жыл өткеннен кейін, 1871 жылғы Париж Коммунасының істеген ісі мен тарихи маңызына көз жіберіп қарасақ, онда «Франциядағы азамат соғысында» баяндалғандарға тағы да кейбір қосымшалар жасау керек болатындығын көреміз.

Коммунаның мүшелері ұлттық гвардияның Орталық комитетінде де басым болған бланкистерден құралған көпшілік болып және көбінесе Прудонның социалистік мектебін жақтайтын Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі мүшелерінен құралған азшылық болып екіге бөлінді. Бланкистер негізгі көпшілігі жағынан алғанда ол кезде өздерінің революциялық пролетарлық түйсігі бойынша ғана социалистер еді; олардың тек азын-аулағы ғана неміс ғылыми социализмімен таныстығы бар Вайянның арқасында принциптік қағидаларды неғұрлым айқынырақ түсіну дәрежесіне жетті. Коммунаның экономикалық салада біздің қазіргі түсінігіміз бойынша істелуі керек болған көп нәрселерді неге істемегені, міне, осыдан келіп түсінікті болады. Коммунаның Француз банкінің алдына келіп неліктен бас иіп бөгеліп қалғанын түсіну, әрине, бәрінен де қиын. Бұл ірі саяси кәте де болды. Бапк Коммунаның қолында болған болса, оның кепілге он мың адам ұстағаннан анағұрлым артық маңызы болған болар еді ғой. Мұның өзі Коммунамен бітім жасатуды көздеп Версаль үкіметіне қысым жасауға бүкіл француз буржуазиясын мәжбүр еткен болар еді. Ал енді өзінің бланкистер мен прудонистерден құралғанына қарамастан, Коммунаның көп реттерде өте дұрыс істегендігі бәрінен де гөрі таң қаларлық нәрсе. Әлбетте, Коммунаның экономикалық декреттері үшін — олардың

жақсы жақтары үшін де, кемшіліктері үшін де — бәрінен бұрын прудонистер жауапты, ал оның саяси қимылдары мен қателеріне бланкистер жауапты. Өкімет билігі доктринерлердің қолына көшкен кезде әдетте болатыны сықылды, олардың екі жағы да, тарих кекесіні бойынша, өздерінің мектебінің доктринасы үйреткеніне дәл қарама-қарсы келетін істі істеді.

Прудон, ұсақ шаруалар мен қолөнер шеберлерінің осы социалистік ассоциацияны тура жек көрді. Ол былай деді: ассоциацияның жақсы жағынан жаманы көп, ол өзінің табиғаты жағынан бос, тіпті зиянды нәрсе, ол — жұмысшының бостандығын қыспақтайтын бұғаулардың бірі; ол пайдасыз және ауыртпалық келтіретін, жұмысшының бостандығына ғана емес, сонымен қатар еңбекті үнемдеуге де қайшы келетін бос догма; оның артықшылығынан гөрі кемшілік жағы тезірек өседі, ал оған қарағанда бәсеке, еңбек бөлінісі, жеке меншік пайдалы экономикалық күштер болып табылады. Жұмысшы ассоциациясы дегеніңіз тек ерекше жағдайларда ғана керек, — ал Прудон ірі өнеркәсіп пен ірі кәсіпорындарды, мысалы, темір жолдарды әлгіндей жағдайлар деп жариялайды («Революцияның жалпы идеясын» қараңыз, 3-этюд).

Бірақ 1871 жылы көркем қолөнер кәсібінің орталығы болған тіпті Париждің өзінде де ірі өнеркәсіп ерекше нәрсе болмай қалғаны сонша, Коммунаның ең маңызды декреті ірі өнеркәсіпті және тіпті мануфактураларды да ұйымдастыруды көздеді, бұлай ұйымдастыру әрбір жеке фабрикада құрылып жатқан жұмысшы ассоциацияларына ғана негізделіп қоймай, сонымен қатар осы серіктіктердің бәрін үлкен бір одаққа біріктіруге тиіс болды; қысқаша айтқанда, «Азамат соғысында» Маркстің әбден дұрыс атап өткеніндей, бұлай ұйымдастыру түптеп келгенде коммунизмге, яғни Прудонның іліміне тікелей қарама-қарсы болып табылатын нәрсеге бастауға тиісті болды. Міне, сондықтан да Коммуна сонымен бірге Прудонның социалистік мектебінің көрі болды. Бұл мектеп қазір француз жұмысшыларының арасынан жоғалды; мұнда қазір Маркстің теориясы толық үстем, оның үстіне «поссибилисттердің»¹²⁰ арасында үстем болуы, «марксистердің» арасындағыдан кем болып отырған жоқ. Прудонистер тек «радикал» буржуазияның арасында ғана әлі кездеседі.

Бланкистер де жетіскен жоқ. Заговоршылдық мектепте тәрбиеленген және осы мектепке тән қатаң тәртіппен ұйымдасқан бланкистер: сан жағынан шамалы ғана, жақсы ұйымдасқан, батыл адамдар қолайлы бір кезеңде өкімет билігін басып ала алатындығы былай тұрсын, сонымен қатар халық бұқарасын революцияға тартып және оны шағын ғана бір топ басшылардың төңірегіне топтастырғанға дейін әлгі өкімет билігін еш нәрседен тайсалмайтын орасан зор жігермен қимылдап, өз қолдарында ұстап та тұра алады деп ойлады. Мұның өзі бәрінен бұ-

рын бүкіл өкімет билігін өте қатаң диктаторлық жолмен революцияшыл жаңа үкіметтің қолына шоғырландыруды көздейтін еді. Ал көпшілігі нақ осы бланкистерден құралған Коммуна не істеді? Коммуна француз провинциясының халқына арнаған өзінің барлық прокламацияларында халықты Францияның барлық коммуналарын Парижбен бірге ерікті бір федерацияға біріктіруге, ұлттың өзі шын мәнінде тұнғыш рет құруға тиісті болған бір ұлттық ұйымға біріктіруге шақырды. 1798 жылы Наполеон құрған, сол кезден бері әрбір жаңа үкімет қолайлы құрал есебінде қабыл алып, өздерінің қарсыластарына қарсы пайдаланып келген өкімет билігі — бұрынғы орталықтанған үкіметтің езуші өкімет билігі, армия, саяси полиция, бюрократия, — нақ осы өкімет билігі Парижде құлағаны сияқты Францияның барлық жерлерінде де құлауға тиіс болды.

Жұмысшы табы үстемдік алғаннан кейін ескі мемлекеттік машинаны қолданып одан әрі қожалық ете алмайтынын; өзінің жаңа ғана жеңіп алған үстемдігінен тағы да айырылып қалмау үшін жұмысшы табы, бір жағынан, осы кезге дейін оның өзіне қарсы қолданылып келген бұрынғы езу машинасын түгел жою керек екендігін, ал, екінші жағынан, өзінің депутаттары мен чиновниктерінің бәрін бірін қалдырмай кез келген уақытта орнынан алып, ауыстыратын етіп жариялап, өзін осылардан қатерсіз етуі керек екендігін Коммуна әуел бастан мойындауға тиіс еді. Бұрынғы мемлекеттің өзіне тән сипаты неде еді? Бастапқы кезде қоғам өзінің ортақ мүдделерін қорғау үшін қарапайым еңбек бөлінісі жолымен өзінің ерекше органдарын құрды. Бірақ бертін келе бұл органдар, ал олардың ең бастысы — мемлекеттік өкімет, өзінің ерекше мүдделері үшін қызмет ете келіп, енді қоғамның қызметшісі болудан оның билеушісіне айналды. Мұны, мысалы, мұрагерлік монархиядан ғана емес, сонымен қатар демократиялық республикадан да көруге болады. «Саясатшылар» ешбір жерде дәл Солтүстік Америкадағыдай ұлттың соншалықты оқшауланған және ықпалды бөлігі болып отырған жоқ. Солтүстік Америкада мемлекет билігін бірінен соң бірі қолына алып отырған екі үлкен партияның қай-қайсысын болсын саясатты өздеріне пайдалы іске айналдыратын, одақтың болсын, жеке штаттардың болсын заң шығару жиналыстарындағы депутаттық орындармен жалдаптық жасайтын немесе өз партиясы үшін үгіт жүргізу есебінен өмір сүріп, жеңіп шыққаннан кейін сыйлық есебінде қызмет орнын алатын адамдар басқарады. Қісі төзгісіз болып кеткен осы езгіден құтылу үшін соңғы отыз жылдың ішінде американдардың қанша күш салғандығы және олардың, осыған қарамастан, коррупция батпағына бірден-бірге батып бара жатқаны жұртқа мәлім. Бастапқы кезде қоғамның құралы ретінде ғана қызмет етуге тиісті болған мемлекеттік өкіметтің қоғамнан осы оқшаулануының қалай да-

мып бара жатқанын нақ Америкадан бәрінен де анық көруге болады. Онда династия да, дворяндар да, үндістерді бақылап тұратын азын-аулақ солдаттарды айтпағанда, тұрақты армия да жоқ, тұрақты штаты және пенсия алуға правосы бар бюрократия да жоқ. Солай бола тұрса да, біз онда саяси жалдаптардың үлкен екі бандасы бар екенін көреміз, бұл бандалар мемлекеттік өкіметті алма-кезек өз қолына алып, оны нағыз лас амалдармен, нағыз лас мақсаттары үшін пайдаланады, ал ұлт саясатшылардың осы үлкен екі картеліне қарсы ештеңе істей алмайды, бұлар ұлт үшін қызмет еткен болып, шындығында ұлтқа үстемдік етеді, оны талап-тонап отырады.

Бұған дейін өмір сүріп келген барлық мемлекеттерде болмай қоймайтын осы мемлекет пен мемлекет органдарының қоғам қызметшілері болудан қоғамға үстемдік етушілерге айналуына қарсы Коммуна қатесіз екі шара қолданды. Біріншіден, ол басқару жөніндегі, сот жөніндегі, халық ағарту жөніндегі барлық қызмет орындарына жалпыға бірдей сайлау правосы бойынша сайланған адамдарды тағайындады, оның үстіне бұл сайланып қойылған адамдарды өз сайлаушыларының ұйғаруы бойынша қай кезде болсын кері шақырып алу правосын енгізді. Ал, екіншіден, ол қызмет орнындағы адамдардың барлығына, жоғарғысына да, төменгісіне де, басқа жұмысшылар алатындай ғана жалақы төледі. Коммунаның тегі төлеген жалақысының ең көбі 6000 франк болды. Сонымен, қызмет орнына таласуға және мансапқорлыққа қарсы сенімді кедергі жасалды, тіпті өкілдік мекемелерге баратын депутаттардың, Коммуна үстем енгізген, императивтік мандаттарына қарамай да кедергі жасалды.

Ескі мемлекеттік өкіметтің осы қиратылуы және оның жаңа, шын мәнісінде демократиялық мемлекеттік өкіметпен ауыстырылуы «Азамат соғысының» үшінші бөлімінде толық суреттелген. Бірақ мемлекеттік өкіметтің осы ауыстырылуының кейбір сипаттарына бұл жерде тағы да қысқаша тоқтап өту қажет болды, өйткені нақ осы Германияда мемлекетке деген соқыр сенім философиядан барып буржуазияның, тіпті көптеген жұмысшылардың да жалпы санасына көшіп отыр. Философтардың ілімі бойынша, мемлекет дегеніңіз «идеяның жүзеге асуы» немесе, философия тіліне аударғанда, жер бетіндегі құдайдың күдіреті болып табылады; мемлекет деген мәңгілік ақиқат пен әділеттілік жүзеге асатын немесе жүзеге асуға тиісті сала болып табылады. Ал осыдан мемлекетті және мемлекетке қатысы бар нәрселердің бәрін соқыр сеніммен құрметтеушілік келіп туады; бұл соқыр сенімнің бойға оңай сіңетін себебі: бүкіл қоғамға ортақ істер мен мүдделер бұрынғы әдіс арқылы, яғни мемлекет және оның табысы көп орындарды сыйлыққа алған чиновниктері арқылы болмаса басқаша жолмен орындалмайды және қорғалмайды екен-ау деп адамдар бала жастан ойлауға

әдеттенеді. Егер адамдар мұрагерлік монархияға сенуін қойып, демократиялық республика жағына шықса, онда олар әдеттен тыс батылдықыпен алға қарай қадам бастық деп ойлайды. Ал шындығына келгенде мемлекет дегеніміз бір таптың екінші тапты басып-жаншуы үшін керекті машинадан басқа еш нәрсе де емес, ал демократиялық республикада бұл монархиядағыдан титтей де кем түспейді. Ең жақсы дегенде мемлекет дегеніміз таптық үстемдік үшін күресте жеңіп шыққан пролетариатқа мұра бойынша ауысатын бір қырсық болып табылады; жеңіп шыққан пролетариат, Коммуна сияқты, жаңа, ерікті қоғамдық жағдайларда өскен ұрпақ мемлекеттіктің осы қоқсығының бәрін лақтырып тастайтын халге жеткенге дейін бұл қырсықтың жаман жақтарына дереу құртуға мәжбүр болады.

Сонғы кезде социал-демократиялық филистер¹²¹ пролетариат диктатурасы деген сөзден тағы да шошына бастап отыр. Мархабатты тақсырлар, бұл диктатураның қандай екенін білгілеріңіз келе ме? Білгілеріңіз келсе, Париж Коммунасына қараңыз. Мұның өзі пролетариат диктатурасы болған-ды.

Лондон, Париж Коммунасының жиырма жылдығы күні,
18 март 1891 ж.

Ф. Энгельс

„Die Neue Zeit“, журналында, Bd. 2. № 28,
1890—1891 және мына кітапта басылған:
Марк. „Der Bürgerkrieg in Frankreich“.
Berlin, 1891

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 189—201-беттер

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІ БАС СОВЕТІНІҢ ФРАНЦИЯ- ПРУССИЯ СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ БІРІНШІ ҮНДЕУІ¹²²

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІНІҢ ЕВРОПА МЕН ҚҰРАМА ШТАТТАРДАҒЫ МҮШЕЛЕРІНЕ

1864 жылғы ноябрьдегі «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Құрылтай Манифесінде» біз былай дегенбіз: «Егер жұмысшы табын азат ету ісі жұмысшылардың туысқандық ынтымағын керек ететін болса, онда қылмысты мақсаттарды көздеп, ұлттық соқыр сенімдерді пайдаланатын және тонаушылық соғыстарда халықтың қанын төгіп, байлығын ысырап ететін сыртқы саясат барда жұмысшылар бұл ұлы міндетті қалай орындап шыға алады?» Сөйтіп біз Интернационал талап етіп отырған сыртқы саясатты былайша сипаттағанбыз: «...өздерінің арасындағы қатынастарда жеке адамдар қолдануға тиісті болатын адамгершілік пен әділеттіліктің қарапайым заңдары халықтардың арасындағы қатынастарда да ең жоғарғы заңдар болуына жету керек»*.

Франциядағы тап күресін пайдаланып, өз өкіметін күшпен орнатқан және бірсыпыра сыртқы соғыстар арқылы өзінің үстемдігін соза түскен Луи Бонапарттың әуел бастан Интернационалға қауіпті жау деп қарауы таңданарлық емес. Плебисциттің¹²³ қарсаңында ол Интернационал жасырын қоғам, ол мені өлтіру мақсатымен заговор әзірлеп жатыр дегенді желеу етіп, Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің басқарушы комитеттерінің мүшелеріне қарсы Парижде, Лионда, Руанда, Марсельде, Бресте және басқа жерлерде, — қысқасы, бүкіл Францияда, — жорық ұйымдастырды; бұл ойдан шығарылған желеудің бүкіл қисынсыздығын көп ұзамай оның өзінің судьялары әшкерелеп берді. Интернационалдың француз секцияларының нағыз қылмысы неде еді? Олар француз халқына: плебисцитке қатынасу дегеніңіз ел ішіндегі деспотизмді жақтап және сыртқы соғысты жақтап дауыс беру болады деп табандылықпен ашық айтты. Ал шынында да, Францияның барлық ірі қалаларында, барлық өнеркәсіп орталықтарында жұмысшы табының плебисцитке бір адамдай болып қарсы шығуы сол секциялардың істеген ісі болды. Өкінішке орай, селолық округтер-

* Қараңыз: осы том, 13-бет. *Ред.*

дің барып тұрған надандығы басым болып шықты. Европалық мемлекеттердің биржалары, кабинеттері, Европаның үстем таптары мен баспасөзі плебисцитті француз императорының француз жұмысшы табын тамаша жеңуі деп құттықтады; сөйтіп плебисцит жеке адамды ғана емес, бүтіндей халықтарды құртуға жасалған дабыл болып шықты.

1870 жылы июльде болған әскери заговор¹²⁴ 1851 жылғы декабрьдегі *coup d'etat*^{*118} түзетілген түрі ғана болып табылады. Тосыннан қарағанда істің жайы қисынсыз болып көрінгендігі соншалық, соғыс туралы лақаптардың шындығына Франция нанғысы да келмеді. Ол министрлердің жаугершілік сөздерін құр әшейін биржалық айла-шарғы деп түсінген депутатқа** анағұрлым ынта қойып сенді. Ақырында, 15 июльде, Заң шығарушы корпусқа соғыс туралы ресми мәлімдеме жасалған кезде, бүкіл оппозиция алдын ала бөлінетін қаржыны бекітуден бас тартты; тіпті Тьердің өзі де соғысты «оңбағандық» нәрсе деп масқаралады; Париждегі тәуелсіз газеттердің бәрі соғысты айыптады, ал бір таң қаларлық нәрсе, провинциялық баспасөз түгелдей дерлік осыларды жақтады.

Оның бер жағында Интернационалдың Париждегі мүшелері қайтадан іске кірісті. Олар «*Réveil*»-де¹²⁵ 12 июльде «Барлық ұлттардың жұмысшыларына» деген манифест жариялады, ол манифестен біз төмендегі жерлерін келтіреміз:

«Европалық теңбе-теңдікті және ұлт намысын қорғауды желеу етіп, саяси атакқұмарлық жалпыға бірдей бейбітшілікке тағы да қауіп туғызып отыр. Француз, неміс, испан жұмысшылары! Өзіміздің үнімізді соғысқа қарсы ашынған ортақ бір айғайға қосайық!.. Басымдық мәселесі үшін болатын соғыс немесе қайсы бір династияның мүдделері үшін болатын соғыс жұмысшылардың көзқарасы бойынша тек қылмысты есуастық болады. Біздер,— бейбітшілік болсын, жұмыс болсын, бостандық болсын дейтіндер,— біздер «қан салығынан» ақы төлеп құтыла алатындардың және қоғам бақытсыздығы өздеріне жаңадан жалдаптық жасаудың көзі болатындардың жаугершілік үндеуіне қарсы шығамыз!.. Германиядағы бауырлар!— Біздің арамызда дұшпандық болудың бірден-бір нәтижесі — Рейннің екі жағалауында да деспотизмнің толық үстемдік құруы болар еді!.. Барлық елдердің жұмысшылары! Біздің жалпы күш салуымыздың нәтижесі қазіргі кезеңде қандай болмасын, біздер, ешқандай мемлекеттік шекараны мойындамайтын Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің мүшелері, сіздерге, айырылмас ынтымақтың кепілі ретінде, Францияның жұмысшыларынан жақсы тілек білдіріп, сәлем жолдаймыз».

Біздің Париждегі секциялардың осы манифесінен кейін осындай көптеген француз үндеулері шықты, бұлардың ішінен біз бұл арада біреуін ғана келтіріп өтеміз, бұл Сенадағы Нейя секциясы шығарып, «*Marseillaise*»¹²⁶ газетінде 22 июльде жарияланған үндеу.

* — мемлекеттік төңкерістің. *Ред.*

** — Жюль Фаврға. *Ред.*

«Бұл соғыс әділетті соғыс па? Жоқ! Бұл соғыс ұлттық соғыс па? Жоқ! Бұл бірден-бір династиялық соғыс. Адамгершілік үшін, демократия үшін, Францияның шынайы мүдделері үшін біз Интернационалдың соғысқа қарсы наразылығына түгелінен және бар жігерімізбен қосыламыз».

Бұл наразылықтар француз жұмысшыларының шын ниетін білдірді, мұны көп ұзамай-ақ бір қызық оқиға айқын көрсетті. Луи Бонапарт президент болып тұрған кезде тұңғыш ұйымдас-тырылған *10 декабрь бандасын*¹²⁷ соғыс желігі пароксизмін көрсету үшін жұмысшы киімін кигізіп, Париждің көшелеріне шығарғанда, қала маңында тұратын нағыз жұмысшылар бейбітшілікті жақтап күшті демонстрация жасағаны сондай, полиция префекті Пьетри: шын берілген париждіктер өзінің көптен бұлығып келген патриотизмін жеткілікті көрсетті және өзінің сарқылмайтын әскери энтузиазмына жол ашты деген сылтаумен мұнан былай көше демонстрацияларының қандайына болса да бірден тыйым салуды қажет деп тапты.

Луи Бонапарттың Пруссиямен соғысы немен тынатын болса да,— Екінші империя жөніндегі азалы үн Парижде қазірдің өзінде-ақ естілді. Екінші империя немен басталса, сонымен бітеді: масқара күлкі болып бітеді. Бірақ *қайта жаңғырған империяның* аса қатал сықағын Луи Бонапарттың он сегіз жыл бойы қайталауына мүмкіншілік бергендер, атап айтқанда, Европаның үкіметтері мен үстем таптары екенін ұмытпау керек.

Германия тарапынан бұл соғыс қорғану соғысы болып табылады. Бірақ Германияны қорғануға мәжбүр еткен кім? Луи Бонапарттың Германияға қарсы соғыс жүргізуіне мүмкіншілік берген кім? *Пруссия!* Пруссияның ішіндегі демократиялық оппозицияны күшпен басып, Германияны Гогенцоллерндер династиясының аннексиялауын жүзеге асырамыз деген үмітпен осы Луи Бонапарттың өзімен құпия келіскен басқа ешкім емес, Бисмарктің нақ өзі. Егер Садова түбіндегі шайқас⁹⁷ жеңіп шықпай, жеңіліп қалған болса, француз батальондары Пруссияның одақтастары есебінде Германияға қаптап кірген болар еді. Жеңіп шыққаннан кейін Пруссия құлдыққа түскен Францияға ерікті Германияны қарама-қарсы қоюға тым болмаса бір минут ойлады ма екен? Қайта керісінше болды! Пруссия өзінің ескі жүйесінің ежелгі кереметтерін қызғанышпен қорғап отырды, ал оның үстіне Екінші империяның барлық айла-шарғыларын қабылдап отырды: оның іс жүзіндегі деспотизмін және жалған демократияшылдығын, оның саяси айла-амалдары мен финанстық алаяқтығын, оның лепірме құрғақ сөздерін және нағыз оңбаған кулық-сұмдығын қабылдады. Осы кезге дейін Рейн өзенінің бір жағалауында ғана дәурен сүрген бонапарттық режим, сонымен, оның екінші жағалауынан да өзіне сыңар тапты. Ал істің жағдайы осындай болып тұрғанда, *соғыстан* басқа не күтуге болушы еді?

Егер неміс жұмысшы табы бұл соғыстың өзінің таза қорғаныс сипатын жойып, француз халқына қарсы соғысқа айналуына жол берсе,— онда жеңіп шығу да, жеңіліп қалу да бірдей апатқа ұшыратады. Азаттық соғыс дейтіннен кейін Германия душар болған бақытсыздықтың бәрі оның басына бұрынғысынан да қатал болып қайта орнайды.

Алайда Интернационалдың принциптері неміс жұмысшы табының арасында өте кең тарап, барынша терең тамыр жайды, сондықтан біз соғыс соншалықты қасіретпен тынады деп қауіптенетін жөніміз жоқ. Француз жұмысшыларының үніне Германияда үн қосып отыр. 16 июль күні Брауншвейгте болған жұмысшылардың аса зор жиналысы Париж манифесімен толық ынтымақтастығын мәлімдеді, Францияға қарсы ұлт дұшпандығы туралы пікірлердің қандайын болса да батыл теріске шығарды және қарар қабылдап, онда былай делінді:

«Біз — соғыс атаулының жауымыз, ал бәрінен бұрын династиялық соғыстардың жауымыз... Қашып құтыла алмайтын қырсық ретіндегі қорғаныс соғысына амалсыз қатысып отырғанымызға біз қатты күйініп, қиналамыз; бірақ сонымен бірге біз Германияның бүкіл жұмысшы табын соншалық сұмдық әлеуметтік бақытсыздықтың қайталануына мүмкіндік бермеуге, сөйтіп соғыс және бейбітшілік туралы мәселені шешу билігін халықтардың өз қолына беруге және халықтарды өз тағдырына өзі қожа болатын етуге күш салуға шақырамыз».

Саксондық 50 000 жұмысшының өкілі болған делегаттардың жиналысы Хемницеде бір ауыздан мынадай қарар қабылдады:

«Жалпы алғанда неміс демократиясының атынан, ал жекелеп алғанда Социал-демократиялық партияға кіретін жұмысшылардың атынан біз қазіргі соғысты бірден-бір династиялық соғыс деп жариялаймыз... Француз жұмысшыларының бізге созған туысқандық қолын біз қуана-қуана қысамыз... Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің: «*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*» деген ұранын еске ұстай отырып, біз *барлық* елдердің жұмысшылары — біздің *достарымыз* екенін, ал *барлық* елдердің деспоттары — біздің *жауларымыз* екенін ешқашан ұмытпаймыз».

Интернационалдың Берлиндегі секциясы да Париж манифесіне былай деп жауап берді:

«Біз сіздердің қарсылықтарыңызға шын жүректен қосыламыз... Әскери көрнейдің дауысы да, зенбіректердің гүрсілі де, және те, жеңіліс те барлық елдердің жұмысшыларын біріктіру жөніндегі ортақ ісімізден біздің бетімізді қайтара алмайды деп біз ұлы сертімізді береміз».

Солай болғай!

Осы өзара қырғын күрестің соңғы жағында Россияның қара түнек тұлғасы көрінеді. Мұның бір жаман нышаны сол, москвиттік үкімет өзі үшін стратегиялық жағынан маңызды темір жолдар салуды аяқтап, әскерін Прут бағытында қазірдің өзінде шоғырлап отырған кезде, міне нақ осы кезде қазіргі соғысты бастауға дабыл қағылып отырғандығында. Бонапарттық ша-

буылға қарсы өздерінің қорғаныс соғысында немістердің тілектестікке дәмеленуіне толық правосы бола тұрса да,— Пруссия үкіметі казактарды көмекке шақыруға жол берген не казактардың көмегін қабыл алған бойда-ақ олар осы тілектестіктен дереу айырылады. I Наполеонға қарсы өзінің азаттық соғысынан кейін Германияның тұтас ондаған жылдар бойы патшаның аяғының астында күрдай жорғалағанын немістер есіне түсірсін.

Ағылшын жұмысшы табы француз және неміс жұмысшыларына достық қолын созып отыр. Алда болатын жиренішті соғыс немен тынған күнде де, барлық елдер жұмысшыларының одағы түптеп келгенде соғыстың қандайын болса да жоятындығына ағылшын жұмысшы табы кәміл сенеді. Ресми Франция мен ресми Германия тумалар арасындағы қан төгіс күреске ұмтылып отырғанда, француз бен неміс жұмысшылары бір-біріне бейбітшілік пен достық сәлемін жолдауда. Тарихта теңдесі жоқ осы ұлы фактінің бір өзі неғұрлым жарқын болашаққа үміт артуға жол ашады. Бұл факт экономикалық жоқшылық пен саяси есуастыққа толы ескі қоғамға қарама-қарсы жаңа қоғамның туып келе жатқанын, бұл қоғамның халықаралық принципі — *бейбітшілік* болатынын, өйткені халықтардың әрқайсысының әміршісі біреу ғана — *еңбек* қана болатынын көрсетеді!

Осы жаңа қоғамның хабаршысы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі болып табылады.

256, Хай Холборн,
Лондон, Уэстерн Сентрал,
23 июль 1870 ж.

К. Маркс 1870 жылғы 19—23 июль аралығында жазған

Листовка түрінде ағылшын тілінде 1870 жылғы июльде, сондай-ақ жеке листовка болып және мерзімді баспасөзде неміс, француз және орыс тілдерінде 1870 жылғы август — сентябрьде басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 17-том, 1—5-беттер

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІ БАС СОВЕТІНІҢ ФРАНЦИЯ-ПРУССИЯ СОҒЫСЫ ТУРАЛЫ ЕКІНШІ ҮНДЕУІ¹²²

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІНІҢ ЕВРОПА МЕН ҚҰРАМА ШТАТТАРДАҒЫ МҮШЕЛЕРІНЕ

23 июльдегі бірінші үндеуімізде біз былай дегенбіз: «Екінші империя жөніндегі азалы үн Парижде қазірдің өзінде-ақ естілді. Екінші империя немен басталса, сонымен бітеді: масқара күлкі болып бітеді. Бірақ қайта жаңғырған империяның аса қатал сықағын Луи Бонапарттың он сегіз жыл бойы қайталауына мүмкіншілік бергендер, атап айтқанда, Еуропаның үкіметтері мен үстем таптары екенін ұмытпау керек»*.

Сонымен іс жүзінде соғыс қимылдары басталмас бұрын-ақ біз бонапарттық жел көбікке өткен іс сияқты қарағанбыз.

Біз Екінші империяның өмірлік қабілеті жөнінде жаңылғанымыз жок, сондай-ақ біз Германия үшін «соғыс өзінің таза қорғаныс сипатын жоғалтып, француз халқына қарсы соғысқа айналады» деп қауіптенгенімізде де теріс кеткеніміз жоқ-ты**.

Қорғаныс соғысы шынында да Луи Бонапарттың қолға түсуімен, Седан түбінде тізе бұгумен⁹⁹ және Парижде республиканың жариялануымен аяқталды. Бірақ осы оқиғалардан тіпті көп бұрын, бонапарттық қарудың әбден шірігендігі айқындалған кезеңнің өзінде, Пруссияның әскери сұрқиялары соғысты жаулап алу соғысына айналдыруға ұйғарды. Рас, король Вильгельмнің соғыстың бас кезінде жасаған өз мәлімдемелері бұл істің жолында әжептәуір ыңғайсыз кедергі болды. Солтүстік герман рейхстагы алдында сөйлеген салтанатты сөзінде Вильгельм: мен соғысты француз халқына қарсы емес, француз императорына қарсы жүргіземін деп салтанатпен мәлімдеген болатын. 11 августа ол француз ұлтына арнап манифест шығарып, онда былай деді***:

* Қараңыз: осы том, 204-бет. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 205-бет. *Ред.*

*** Қ. Маркс жасап, 1870 жылы жеке басылым болып басылған немісше аудармасында бұл сөйлем және манифестен алынған бұдан кейінгі цитат алып тасталған, ал одан арғы текст: «Сондықтан олар сол сәттің өзінде-ақ... белгі берді» деген сөздерге дейін қысқаша түрде баяндалған. *Ред.*

«Француз халқымен тату тұрғысы келген және қазір де тату тұрғысы келіп отырған неміс ұлтына император Наполеон құрылықта да, теңізде де шабуыл жасағандықтан, мен осы шабуылды тойтару үшін герман армияларына қолбасшылық етуді өз қолыма алдым, ал соғыс оқиғаларының барысы мені Францияның шекарасынан өтуге әкеліп соқтырды».

«Шабуылды тойтару үшін» герман армияларына қолбасшылық етуді өз қолына алғандығын мәлімдеуімен қанағаттанбай, Вильгельм соғыстың қорғаныстық сипатын дәлелдеу үшін «соғыс оқиғаларының барысы» ғана оны Францияның шекарасынан өтуге әкеліп соқтырды дегенді қоса салды. Қорғаныс соғысы, әрине, «соғыс оқиғаларының барысы» туғызатын шабуыл операцияларын тіпті де керексіз етпейді.

Сөйтіп, бұл инабатты король таза қорғаныс соғысын ғана жүргізуге Франция мен бүкіл дүние жүзі алдында берген сертіне байлаулы болды. Оны осы салтанатты сертінен қалай азат ету керек? Бүкіл осы комедияның режиссерлері істі король өзінің еркінен тыс неміс халқының қайтпас талабына бағынып істеп отыр дегендей етіп көрсетуге тиісті болды. Сондықтан олар сол сәттің өзінде-ақ профессорлары мен капиталистерін, муниципальдық кеңесшілері мен журналистерін қоса немістің либерал буржуазиясына белгі берді. Азаматтық бостандық жолындағы өзінің 1846 жылдан 1870 жылға дейінгі күресінде бұрынсоңды болып көрмеген табансыздық, қабілетсіздік пен қорқақтық көрсеткен бұл буржуазия неміс патриотизмінің ақырған арыстаны болу роліне, әрине, өте масаттанды, европалық сахнада ол осы рольді атқаруға тиісті болды. Пруссия үкіметін осы үкіметтің өзінің құпия жоспарларын орындауға күштеп отырғандай болып көріну үшін буржуазия азаматтық тәуелсіздік пердесін жамыла қойды. Ол Луи Бонапарттың қателеспейтіндігіне көп жылдар бойы сеніп келгеніне және дінге сенгендей сеніп келгеніне енді өкінді, сондықтан да ол француз республикасын бөлшектеуді қатты талап етті. Патриотизмнің бұл рыцарьларының таратып отырған сыпайы дәлелдеріне тым болмаса бір минут тоқтап өтейік.

Эльзас пен Лотарингияның халқы немістердің құшағына кіруді аңсап отыр деуге олардың батылы бармайды. Қайта тіпті керісінше. Францияға патриотизмдік сезімде болғаны үшін ол халықты жазалағысы келіп, Страсбургты алты күн бойында «немістің» бытыра снарядтарымен бомбалайды — айуандықпен бет алды бомбалайды, өйткені бұл қала өзінен бөлек орналасқан, басқарып тұрған қамалы бар қала, — қаланы өртеп, көптеген қорғансыз адамдарды қырғынға ұшыратады! Өйтпей қайтсін! Бұл провинциялардың жері бір кезде дүниеден әлдеқашан өткен Герман империясының иелігінде болған ғой¹²⁸. Сондықтан бұл жер өзінің халқымен бірге немістің заңды мерзімі өтпеген меншігі ретінде, сірә, конфискеленуге тиісті. Егер ескілікті сүй-

гіш адамдардың қыңырлығына сәйкес, Европаның ескі картасын қалпына келтіретін болсақ, онда кезінде курфюрст Бранденбургскийдің өзі де Пруссияның билеуші князі ретінде Польша республикасының вассалы болғанын ешуақытта ұмытпау керек¹²⁹.

Бірақ айлакер патриоттар Эльзасты және Лотарингияның халқы немісше сөйлейтін бөлігін француз шабуылына қарсы «материалдық кепілдік» ретінде талап етеді. Бұл оңбаған қулық-сұмдық көптеген тайыз адамдарды шатастырғандықтан, біз осыған толығырақ тоқталып өтуді өзіміздің міндетіміз деп санаймыз.

Күмән жоқ, Рейннің қарсы жағасымен салыстырғанда Эльзас жерінің жалпы ойы-қыры, сондай-ақ Базель мен Гермерсгеймнің арасындағы жолдың ортасында жатыр деуге де болатын Страсбург сықылды үлкен қамалдың болуы Францияның Оңтүстік Германияға басып кіруін өте-мөте жеңілдетеді, ал мұның өзі Оңтүстік Германия жағынан Францияға басып кіруді белгілі дәрежеде қиындатады. Онан соң, Эльзасты және Лотарингияның жоғарыда көрсетілген бөлігін қосып алу Оңтүстік Германияның шекарасын мықтап нығайтатыны да күмәнсыз: онда ол Вогез таулары жотасының ұзына бойын және олардың солтүстік асуларын қорғап тұрған қамалдарды өзіне қаратып алған болар еді. Егер Германия Мецті де қосып алатын болса, онда Франция Германияға қарсы қолданатын ең маңызды екі операциялық базасынан күмәнсыз айырылар еді, бірақ бұл Францияның Нанси немесе Верден маңынан жаңа база құруына кедергі болмас еді. Германияның қолында Кобленц, Майнц, Гермерсгейм, Раштатт және Ульм бар,— мұның бәрі Францияға қарсы бағытталған операциялық базалар. Германия бұларды соңғы соғыста тамаша пайдаланды. Бұл жағынан келгенде Мец пен Страсбург сықылды екі ғана елеулі қамалы бар Францияны күндеуге Германияның титтей де болса правосы бар ма? Оның үстіне, Страсбург Оңтүстік Германияға тек өзі Солтүстік Германиядан ажыраңқы тұрған кезінде ғана қорқыныш туғызады. 1792 жылдан 1795 жылға дейін Оңтүстік Германияға бұл жағынан бірде-бір басып кіру болған жоқ, өйткені Пруссия француз революциясына қарсы соғысқа қатынасты; ал енді Пруссия 1795 жылы өзінің сепараттық бітімін¹³⁰ жасап, Оңтүстікті дербес қалдырған бойда-ақ Оңтүстік Германияға басып кіру басталып, 1809 жылға дейін созылды, оның үстіне Страсбург операциялық база болды. Егер Германия, осы соғыста болғанындай, өзінің барлық әскерлерін Саарлуи мен Ландаудың арасына шоғырландырып, оларды ілгері қапталса немесе Майнцтан Мецке баратын жол бойында ұрыс жүргізсе, онда *біріккен* Германия шын мәніне келгенде Страсбургті қатерсіздендіре алады және Эльзастағы француз армиясының қандайын болсын әрқашан да қа-

терсіздендіре алады. Неміс әскерінің дені сол арада тұрған кезде, Страсбургтен Оңтүстік Германияға қарай шығатын француз армиясының қандайы болса да жау оны айналып кетер еді және коммуникацияларына қатер болар еді. Егер соңғы науқан бірденені дәлелдеген болса, онда атап айтқанда Германиядан Францияға басып кірудің оңайлығын дәлелдеді.

Бірақ, адалын айтсақ, соғыс жөніндегі пікірлерді ұлттардың шекарасын белгілеуге қолданылатын принципке айналдыру тегі қисынсыздық және анахронизм болып табылмай ма? Егер бұл қағидаға сүйенетін болсақ, онда Австрия әлі де болса Венецияны, Минчо шебін талап ете алар еді, ал Франция болса Парижді қорғау үшін Рейн шебін талап ете алар еді, өйткені оңтүстік-батыс жағынан Берлинге шабуыл жасау қаупінен гөрі, солтүстік-шығыс жағынан Парижге шабуыл жасалу қаупі күштірек екені сөзсіз. Егер шекаралар соғыс мүдделеріне сай белгіленетін болса, онда талаптардың шегі болмас еді, өйткені соғыс шебінің қай-қайсысының болса да қажеттілікке қарай өз кемшіліктері болады және оны іргелес жатқан жаңа территорияны қосып алу арқылы жақсартуға болады; ол ол ма, бұл шекараларды ешуақытта түпкілікті және әділ белгілеуге болмайды, өйткені женуші жеңілушіге әрдайым өз шарттарын орындатып отырады, ал бұл жерде, демек, жаңа соғыстардың ұрығы соның өзінде болып отырады.

Мұны бізге бүкіл тарих үйретіп отыр. Жеке адамдардың басында болатынның дәл өзі тұтас ұлттарда да болып отырады. Олардың шабуыл жасау мүмкіншілігін жою үшін олардың барлық қорғаныс құралдарын жою керек. Оларды алқымынан алып, қылғындырып қана қоймай, сонымен бірге өлтіру де керек. Егер женуші жақ ұлтты әлсірету үшін қайсыбір кезде «материалдық кепілдік» алған болса, онда мұны І Наполеон өзінің Тильзит шартын¹³¹ жасау арқылы және ол осы шартты Пруссияға және қалған Германияға қолдану арқылы істеді. Ал дегенмен, арада бірнеше жыл өткеннен кейін барып, оның барлық күдіретті күшін неміс халқы қамыс құрлы көрмей құл-талқан етті. Бірақ өзінің барып тұрған озбыр қиялымен арман етіп, Пруссияның Франциядан алуға дәмеленіп отырған, батылы барып алғысы келіп отырған «материалдық кепілдіктерің» І Наполеон Германияның өзінен алған «материалдық кепілдіктерімен» теңестіруге бола ма? Істің нәтижесі бұл жолы да бұрынғыдан кем апатты болмайды. Тарих мұның сазайын тартқызғанда, Франциядан тартып алынған шаршы миль жердің санына қарай емес, ХІХ ғасырдың екінші жартысында *жаулап алу саясатын* қайта туғызған қылмыстың мөлшеріне қарай тартқызады.

Тевтон патриотизмінің қорғаушылары былай дейді: бірақ сіздер немістерді француздармен шатастырмауға тиіссіздер. *Біздің* тілейтініміз даңқ емес, қауіпсіздік қана. Немістер — асылын-

да бейбітшілікті сүйетін халық. Олардың парасатты бақылауы арқылы тіпті жаулап алудың өзі болашақ соғыстың себебінен мәңгі бейбітшіліктің кепіліне айналады. Әрине, XVIII ғасырдың революциясын найзаның күшімен басып тастамақ болған көтеріңкі мақсатпен 1792 жылы Францияға басып кірген Германия емес екен ғой! Италияны құлдыққа түсіріп, Венгрияны жаныштап, Польшаны бөліске салып өзін масқаралаған Германия емес екен ғой! Германияның қазіргі милитаристік жүйесі жағдайында дені сау еркек халықтың бәрі екі бөлімге — саптағы тұрақты армияға және запастағы екінші тұрақты армияға бөлінеді, оның үстіне бұл армиялардың екеуі де өздерінің, тәңірінің рақымына бөленген әміршілеріне қалтқысыз бағынуға кіріптар болады, — міне осы жүйе, әрине, бейбітшіліктің «материалдық кепілдігі» және, оның үстіне, цивилизацияның көздеген биік мақсаты болып табылады екен ғой! Барлық жердегі сияқты, Германияда да билік басындағылардың құйыршықтары жалған мақтаныштың уымен жұртшылық пікірін уландыруда.

Француздың Мец және Страсбург қамалдарын көргенде немістің осы патриоттары өтіріктен-өтірік ашу-ызаға басады, бірақ олар Варшава, Модлин және Ивангород сықылды московиттік бекіністердің ұлан-ғайыр жүйесінде жаманшылық бірдеме бар деп білмейді. Бонапарттық баса-көктеп кірудің сұмдықтарынан қалтыраған олар патша қамқорлығының масқаралығын көргісі келмейді.

1865 жылы Луи Бонапарт Бисмаркпен қалай уәделескен болса, — 1870 жылы Горчаков та Бисмаркпен дәл солай уәделесті. Нақ сол сияқты, Луи Бонапарт 1866 жылғы соғыс екі жақтың да — Австрия мен Пруссияның — күшін сарқып, өзін Германияның тағдырын шешуші етеді деп қалай дәмеленген болса, Александр да 1870 жылғы соғыс Германия мен Францияның күшін сарқып, бүкіл Батыс Европаның тағдырын шешуші өзі болуына мүмкіншілік береді деп дәмеленді. Солтүстік герман одағы¹⁰¹ тұрғанда Екінші империя өзінің өмір сүруін мүмкін емес деп санаған болса, нақ сол сияқты, самодержавиелік Россия да Пруссия бастаған Германия империясының тарапынан өзіне туатын қатерді сезінуге тиісті. Ескі саяси жүйенің заңы осылай. Бұл жүйенің шеңберінде бір мемлекеттің ұтысы екінші мемлекет үшін ұтылыс болып табылады. Патшаның Еуропаға басымдық ықпалы оның Германияны дәстүрлі билеп-төстеп қалғандығына негізделеді. Жанартаудай әлеуметтік күштер Россияның өзінде самодержавиенің негізінің өзін шайқалту қатерін туғызып отырған кезде, патша өзінің елден сыртқы беделінен бұлай айырылуына жол бере ме? 1866 жылғы соғыстан кейін бонапарттық газеттер қандай тілмен сөйлеген болса, московиттік газеттер де қазір нақ осы тілде сөйлей бастады. Егер Францияны Россияның құшағына енуге мәжбүр етсек, Германия үшін

бостандық пен бейбітшілік* қамтамасыз етіледі деп тевтоп патриоттары шынымен ойлай ма екен? Егер соғыстағы сәттіліктер, өз табыстарына мастанушылық және династиялық эзгілдіктер Германияны француздардың облыстарын тонаушылық иелену жолына итермелесе, онда Германия үшін екі-ақ жол қалады: не ол қалай болғанда да орыстың жаулап алу саясатының көрінеу құралы болуы керек**, не ол аз уақыт тыныс алғаннан кейін басқа бір «қорғаныс» соғысына әзірлене бастауы керек, бірақ жаңадан ойлап шығарылған «жергілікті» соғыстардың біріне емес, *нәсілдік соғысқа*, біріккен славян және роман нәсілдеріне қарсы соғысқа әзірлене бастауға тиіс***.

Бұл соғысқа кедергі жасауға мүмкіндігі болмағандықтан, неміс жұмысшы табы оны Германияның тәуелсіздігі жолындағы және Франция мен Европаны Екінші империяның жиренішті сұмдығынан құтқару жолындағы соғыс ретінде бар күшін салып қолдады. Үйлерінде өздерінің аш-жалаңаш семьяларын қалдырып, немістің өнеркәсіп жұмысшылары село жұмысшыларымен бірге ержүрек әскерлердің ұйтқысы болды. Шетелдегі қанды майданда бұлардың қатарлары сиреп қалды, ал үйіне қайтқандағы көретін қайыршылығы онан да кем болмайды****. Сондықтан енді олар, өз кезегінде, «кепілдіктер», өздерінің есепсіз құрбандыққа ұшырауы босқа кетпеуіне, олардың бостандыққа қолы жетуіне, олардың Бонапарт армиясын жеңуі, 1815 жылғыдай, неміс халқының жеңілісіне айналып кетпеуіне кепілдіктер болуын талап етіп отыр¹³². Сөйтіп, олар осындай бірінші кепілдік ретінде *Франция үшін құрметті бітім жасалуын және Француз республикасының танылуын* талап етіп отыр.

Неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық комитеті 5 сентябрьде манифест жариялап, мұнда ол осы кепілдіктердің болуын қатты талап етті.

«Эльзас пен Лотарингияны аннексиялауға біз қарсымыз. Және біз неміс жұмысшы табының атынан айтып отырғанымызды ұғынамыз. Франция мен Германияның ортақ мүдделерін, бейбітшілік пен бостандық мүдделерін, батыс европалық цивилизацияның шығыстық варварлыққа қарсы мүдделерін көздеп, неміс жұмысшылары Эльзас пен Лотарингияны аннексиялауға шыдап отыра алмайды... Өзіміздің жолдастарымызбен бірге, барлық елдердің жұмысшы-

* 1870 жылғы немісше басылуында «бостандық пен бейбітшілік» деген сөздердің алдына «тәуелсіздік» деген сөз жазылған. *Ред.*

** 1870 жылғы немісше басылуында бұл араға мынадай сөздер қосылған: «мұның өзі Гогенцоллерндердің дәстүріне сәйкес келеді» *Ред.*

*** 1870 жылғы немісше басылуында бұл араға мынадай сөйлем қосылған: «Алжыған буржуазияшыл патриоттардың Германияға «кепілдік» етіп отырған бейбітшілік перспективасы осындай». *Ред.*

**** 1870 жылғы немісше басылуында бұдан әрі былай деп қосылған: «Ал патриотшыл даурықпалар капиталда отан жоқ және жалақы сұраным мен ұсынғанын *антипатриоттық интернационалдық* заңы арқылы реттеледі деп оларды жұбатқан болады. Сондықтан жұмысшы табына өз байламын айтып, буржуазиядан шыққан мырзалардың *оның атынан сөз сөйлеуіне* жол бермейтін уақыт жеткен жоқ па». *Ред.*

лармен бірге, біз пролетариаттың халықаралық ортақ ісін адал қорғайтын боламыз!»

Амал не, біз олардың қолма-қол табысқа жетуіне сене алмаймыз. Егер француз жұмысшылары агрессорды бейбіт уақытта тоқтата алмаған болса, онда неміс жұмысшыларының соғыс желікпесі кезінде жеңушіні тоқтату мүмкіншілігі көбірек бола қояр ма екен? Неміс жұмысшыларының манифесі Луи Бонапартты әдеттегі қылмыскер ретінде Француз республикасының қолына беруді талап етеді. Ал олардың билеп-төстеушілері Францияны апатқа ұшырату үшін ең қолайлы адам есебінде оны Тюильри тағына¹³³ тағы да отырғызуға, қайта, бар күшін салып қазірдің өзінде тырысып отыр. Қалай болса да, неміс жұмысшы табының неміс буржуазиясы сияқты болбыр материалдан жасалмағанын тарих көрсетеді. Ол өз борышын орындайды.

Неміс жұмысшы табымен бірге біз Францияда республиканың құрылуын құттықтаймыз, бірақ сонымен қатар қаупіміз де бар, ал ол қауіп негізсіз болып шығар деп сенеміз. Бұл республика тақты құлатқан жоқ, ол тек өзіне қалдырылған* бос орынды ғана алды. Ол әлеуметтік жеңіс ретінде жарияланған жоқ, қорғандың ұлттық шарасы ретінде жарияланды. Ол ішін-ара көрінеу орлеанистерден¹¹⁷, ішінара буржуазияшыл республикашылдардан құрылған уақытша үкіметтің қолында отыр, ал осы буржуазияшыл республикашылдардың кейбіреулеріне 1848 жылғы июнь көтерілісі¹⁸ өшпейтін дақ түсіріп кеткен болатын. Бұл үкіметтің мүшелерінің қызметті бөлісуінде де ешқандай жақсылық байқалмай отыр. Орлеанистер өте күшті позицияларды — армия мен полицияны — өз қолдарына алды, ал мылжың сөз сөйлеу міндетін бояма республикашылдарға берді. Бұл үкіметтің империядан қираған үйіндіні ғана емес, сондай-ақ империяның жұмысшы табынан үрейленуін де мұра еткенін бұл үкіметтің алғашқы қадамдарының қайсыбірі айқын көрсетіп отыр. Егер қазір бұл үкімет республиканың атынан мүмкін емес нәрселерді жұрт алдында уәде етіп отырған болса, онда бұл «болуы мүмкін» үкіметтің пайдасына шу көтеру үшін істеліп отырған жоқ па екен? Республиканың кейбір буржуазияшыл билеушілерінің ойындағысындай, республика орлеанистік реставрацияға қажет басқыш және көпір болуға тиіс емес пе екен?

Сөйтіп, француз жұмысшы табы өте қиын жағдайда қалып отыр. Жау Париждің қақпасына келіп қалған қазіргі дағдарыс кезінде жаңа үкіметті құлату әрекетінің қандайы болса да жанталастан туған көзсіздік болар еді. Француз жұмысшылары өздерінің азаматтық борыштарын орындауға тиіс**, бірақ соны-

* 1870 жылғы немісше басылуында бұдан әрі «неміс найзасының арқасында» деп қосылған. *Ред.*

** 1870 жылғы немісше басылуында «борыштарын» деген сөзден кейін «солар мұны істеп те отыр» деген сөздер қосылған. *Ред.*

мен бірге олар Бірінші империяның ұлттық дәстүрлермен алдауына түсіп қалған француз шаруалары сияқты, 1792 жылдың ұлттық дәстүрлеріне елігіп кетпеуі керек. Олар өткенді қайталамауы керек, болашақты құруы керек. Өз табының ұйымын әбден нығайту үшін олар республика бостандығының өздеріне беретін барлық құралдарын асып-саспай, батыл пайдалансын. Мұның өзі оларға Францияны жанарту және біздің ортақ ісіміз — еңбекті азат ету жолындағы күресімізге Геркулестің күшіндей жаңа күш қосады. Республиканың тағдыры солардың күші мен даналылығына байланысты.

Ағылшын жұмысшылары өздерінің үкіметінің француз республикасын мойындағысы келмейтіндігін сырттан сауықтыру қысымын жасау арқылы жеңу бағытында қазірдің өзінде-ақ бірсыпыра істер істеді¹³⁴. Қазіргі баяулығымен ағылшын үкіметі, сірә, 1792 жылғы якобиншілдерге қарсы соғысты және *сюр д'État* өзінің лайықсыз асығыстық жасап, тани қойғандығын жуып-шайғысы келетін болса керек¹³⁵. Ағылшын жұмысшылары, оның үстіне, өз үкіметінен оның Францияны бөлшектеуге барынша қарсы болуын талап етеді, ал ағылшын баспасөзінің бірсыпырасы ұялмай-қызармай Францияны бөлшектеуге шақырып отыр*. Мұның өзі Луи Бонапартты Европаның құдіретті күші деп жиырма жыл бойы сыйынып келген және Американың құл иеленушілерінің жасаған бүлігіне қуанышпен қол шапалақтаған баспасөз¹³⁶. Бұл баспасөз, нақ сол кездегісіндей, қазір құл иеленушілердің мүдделерін жақтап отыр.

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің секциялары барлық елдерде жұмысшы табын қимыл-әрекет жасауға шақырсын. Егер жұмысшылар өздерінің борышын ұмытса, егер олар еңжарлық жасаса, онда қазіргі сұмдық соғыс бұдан да сұмдық халықаралық жаңа соғыстардың бастамасы болады және әрбір елде қылыш рыцарьларының, жер мен капитал қожаларының жұмысшыларды тағы да жеңіп шығуына апарып соғады.

Vive la République!**

256. Хай Холборн,
Лондон, Уэстерн Сентрал,
9 сентябрь 1870 ж.

К. Маркс 1870 жылғы 6—9 сентябрь аралығында жазған. 1870 жылғы 11—13 сентябрьде ағылшын тілінде листовка түрінде, сондай-ақ неміс тілінде листовка түрінде және 1870 жылғы сентябрь—декабрьде неміс және француз тілдерінде мерзімді баспасөзде басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 17-том, 274—281-беттер

* 1870 жылғы немісше басылуында бұл сөйлемнің соңы төмендегі түрде берілген: «ағылшын баспасөзінің бір бөлігі мұны неміс патриоттарынан кем даурығып талап етіп отырған жоқ». *Ред.*

** — Республика жасасын! *Ред.*

К. МАРКС

ФРАНЦИЯДАҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІ БАС СОВЕТІНІҢ ҮНДЕУІ¹СЕРІКТІКТІҢ ЕВРОПА МЕН ҚҰРАМА
ШТАТТАРДАҒЫ БАРЛЫҚ МҮШЕЛЕРІНЕ

I

1870 жылы 4 сентябрьде, Париж жұмысшылары республиканы жариялаған кезде, сол сәтінде дерлік бүкіл Франция бір ауыздан құптаған республиканы жариялаған кезде, мансапқұмар адвокаттар шайкасы — мемлекеттік қайраткері Тьер, ал генералы Трошю болған шайка — қалалық ратушаны басып алды. Тарихи дағдарыстардың барлық кезеңінде Францияның өкілі болу Париждің міндеті дегенге бұл адамдардың ол кезде сөзсіз сенгені соншалық, бұлар Францияның билеушілері деген атақты өздерінің баса-көктеп алуын ақтау үшін сол күннің өзінде-ақ мерзімі өтіп кеткен Париж депутаттары деген мандаттарын көрсетсе, соның өзі де әбден жеткілікті деп санады. Бұл адамдардың дәрежесі көтерілгенінен соң бес күн өткеннен кейін, соңғы соғыс туралы жазған екінші үндеуімізде біз бұл адамдардың кім екенін сіздерге түсіндіргенбіз*. Бірақ жұмысшылардың шын көсемдері әлі де Бонапарт түрмелерінде отырған кезде, ал пруссақтар Парижге ентелей басып келе жатқан кезде, қапылыста қалған Париж осы адамдардың өкіметті иеленіп алуына жол берді, бергенде олар өкіметті тек қана ұлтты қорғау мақсаттары үшін пайдаланады деген шартпен жол берді. Париж жұмысшыларын қаруландыру арқылы ғана, оларды нағыз әскери күш етіп жасақтау арқылы ғана, оларды соғыс үстінде соғыс өнеріне үйрету арқылы ғана Парижді қорғауға болатын еді. Бірақ Парижді қаруландыру революцияны қаруландырғандық болар еді. Париждің Пруссия агрессорын жеңіп шығуы француз жұмысшысының француз капиталисін және оның мемлекеттік арамтамақтарын жеңіп шығуы болар еді. Ұлттық борыш пен таптық мүдделердің екеуінің бірін таңдауға мәжбүр болған ұлттық қорғаныс үкіметі бұл жөнінде бір минут та кобалжыған жоқ — ол ұлтқа опасыздық жасау үкіметіне айналды.

* Қараңыз: осы том, 213-бет. Ред.

Ең алдымен ол үкімет, қайыр сұрағандай, арамызға бітімші бол деп жалынып, ол үшін республиканы корольге айырбастаймыз деп уәде етіп, Европа сарайларын аралап қайтуға Тьерді жіберді. Париж қоршауға алынғаннан бастап төрт ай өткеннен кейін бұл үкімет тізе бұғу туралы сөз жүргізуге қолайлы мезгіл жетті деп білді; Трошю Жюль Фаврдың және басқа да әріптестерінің көз алдында жиналған Париж мэрлеріне былай деді:

«4 сентябрьдің кешінде-ақ менің әріптестерімнің маған берген бірінші сұрағы мынадай болды: Пруссия армиясының қоршауына ойдағыдай төтеп беруге Париждің қандай да болсын мүмкіншілігі бар ма? Мен бұл сұраққа іркілместен жоқ деп жауап бердім. Осында отырған әріптестерімнің кейбіреулері менің шындықты айтып тұрғанымды және менің ылғи осы пікірде болып келгенімді растайды. Мен оларға дәл қазіргі айтқанымды айтқан болатынмын: Істің қазіргі жағдайында Пруссия армиясының қоршауына Париждің төтеп беруге әрекет жасауы ессіздік болар еді. Күмән жоқ, бұл өзі ерлік ессіздік болады, бірақ дегенмен тек эссіздік қана болады,— деген сөзді қоса айтқанмын... Оқиғалар» (оларды ол өзі басқарды) «менің болжауымды растады».

Трошюдің осы бір кішкентай ғана әсем сөзін сол жерде болған мэрлердің біреуі, Корбон мырза, кейін келе жариялады.

Сонымен, Трошюдің «жоспары» Париждің тізе бұғуі екенін оның әріптестері республика жарияланған күні кешкісін-ақ білген. Егер ұлттық қорғаныс Тьердің, Фаврдың және К^о-ның жеке бастарының үстемдік етуінің сылтауы ғана болмаған болса, онда 4 сентябрьде шыға келген мансапқорлар 5 сентябрьде-ақ өкіметтен бас тартып, Трошюдің «жоспарын» Париж халқына хабарлап, оның не дереу жаудың қолына берілуін, не өз тағдырын өз қолына алуын ұсынған болар еді. Мұның орнына арам ниетті алдамшылар Парижді көзсіз ерліктен ашаршылықпен және қантөгіспен емдемекші болды да, әзірше оны өздерінің лепірге манифестерімен алдарқата берді. Трошю, «Париж губернаторы, еш уақытта тізе бүкпейді»,— деп жазылды әлгі манифестерде,— сыртқы істер министрі Жюль Фавр «бір сүйем жерімізді де, қамалдарымыздың бір тасын да жауға бермейді». Ал Гамбеттаға жазған хатында нақ осы Жюль Фавр өздерінің Пруссия солдаттарынан емес, Париж жұмысшыларынан «қорғанатынын» мойындады. Күні бұрын кам жасағыш Трошю Париж армиясына басшылық етуді тапсырған бонапарттық қарақшылар бүкіл осы қоршау кезінде өздерінің жекелей жазысқан хаттарында, осылай деуге келсе, әлгі қорғанысты арсыздықпен мазақ етті, өйткені оның құпиясын олар жақсы білетін еді (мысалы, Париж армиясы артиллериясының командашысы, Құрметті легион орденінің үлкен крестінің кавалері Адольф Симон Гионың артиллерияның дивизиондық генералы Сюзанға жазған, Коммунаның «Journal Officiel»¹³⁷-інде жарияланған хатын қара-

ңыз). Ақырында, 1871 жылы 28 январьда¹³⁸ бұл алаяқтар бет пердесін жұлып тастады. Ұлттық қорғаныс үкіметі Париждің тізе бугуі мәселесінде нағыз ерлікпен өзін өзі қорлады, бұл үкімет Бисмарктің қолға түскен тұтқындарынан құралған Франция үкіметі болып шықты,— бұл рольдің оңбағандық болғаны сонша, керек десе осы рольді тіпті Седандағы Луи Бонапарттың да өзіне алуға батылы бармады⁹⁹. 18 март оқиғасынан кейін үрейі ұшып Версальға қашқан capitulards¹³⁹ өздерінің опасыздық жасағандығын көрсететін документтерді Париждің қолында қалдырып кетті; Коммунаның провинцияға арналған манифесінде жазғанындай, бұл документтерді құртып жіберу үшін

«бұл адамдар Парижді тас-талқан етіп қиратудан, канға бояудан тартынбас еді».

Қорғаныс үкіметінің өте ықпалды кейбір мүшелерінің істі осылай тындыруға тырысуы бұлардың мүлде өзгеше, жеке мүдделерінен туған ойларына да байланысты еді.

Уақытша бітім жасағаннан кейін көп ұзамай, Ұлттық жиналыстың париждік депутаттарының бірі, кейін Жюль Фаврдың арнаулы бұйрығы бойынша атылған Миллер мырза толып жатқан нағыз юридикалық документтерді жариялады; бұл документтер мынаны дәлелдейді: Жюль Фавр Алжирде болған бір титықтаған маскүнемнің әйелімен көңілдес болып, көптеген жылдар бойы өзі жасаған нағыз ар-ұятсыз қулық-сұмдықтардың көмегімен, өзінің некесіз туған балаларының атынан мол мұраны басып қалудың ретін тапқан, бұл мұра оны бай адам еткен, ал осы мұраның заңды мұрагерлері оған қарсы жүргізген процесте бонапарттық соттардың қамқорлық етуімен ғана ол әшке-реленбей қалады. Осы мойын бұрғызбайтын юридикалық документтерге қарсы тұруға сұлу сөздің қандайы болсын дәрменсіз болғандықтан, Жюль Фавр өз өмірінде бірінші рет үндемей қалуды, сөйтіп Париж халқын семьяға, дінге, тәртіпке және меншікке ар-ұятсыз қарсы шыққан қашқын каторжниктер деп долдана балағаттау үшін азамат соғысы өртінің өршуін күтуді қажет деп тапты. Осы жалған документтер жасаушы 4 сентябрьден кейін, өкіметті қолына алған бойда ынтымақтастығына бағып, Пик пен Тайферді түрмеден босатып жібереді, бұлар «Etendard»¹⁴⁰ газетінің жанжалды оқиғасына байланысты жалған документ жасағаны үшін тіпті империяның тұсында сотталған болатын. Осы мырзалардың біреуінің, Тайфердің, арсыздығы сонша, ол Коммуна кезінде Парижге қайтып келген, бірақ Коммуна оны келген бойда түрмеге жапқан болатын. Сөйткен Жюль Фавр Ұлттық жиналыстың мінбесінен париждіктер каторжниктердің бәрін босатып жатыр деп даурығады!

Эрнест Пикар, ұлттық қорғаныс үкіметінің осы Джо Мил-

лері*, империяның ішкі істер министрі болу әрекеттерінен еш нәрсе шықпағандан кейін, өзін өзі республиканың финанс министрі етіп көтерген осы Эрнест Пикар Артур Пикар дегеннің ағасы болып келеді; бұл өзі алаяқтық жасағаны үшін Париж биржасынан қуылған (полиция префектурасының 1867 жылғы 31 июльдегі хабарлауын қараңыз) және Société Générale-дың¹⁴¹ Палестро көшесіндегі 5-номерлі үйдегі филиалдық бөлімінің директоры болып тұрған кезінде өзінің мойындауы бойынша 300 000 франк ұрлағаны үшін сотталған субъект болатын (полиция префектурасының 1868 жылғы 11 декабрьдегі хабарлауын қараңыз). Міне осы Артур Пикарды Эрнест Пикар өзінің «Electeur libre»¹⁴² газетіне редактор етіп тағайындады. Финанс министрлігінің осы газетінің ресми өтірігі биржаның қатардағы жалдаптарын адастырды, ал оның бер жағында Артур Пикар болса, биржадан министрлікке, министрліктен биржаға дамылсыз шауып жүріп, француз армияларының жеңілістерінен байып алды. Осы қадірменді ағайынды екеуінің финанс жөнінде жазысқан хаттарының бәрі Коммунаның қолына түсті.

4 сентябрьге дейін қайыршы адвокат болған Жюль Ферри қоршау кезінде Париждің мәрі ретінде астананың ашаршылыққа ұшырауы есебінен мол дәулет жинап алудың ретін тапты. Өзінің қожалық жасағаны туралы оның есеп беруіне тура келетін күн оның сотталу күні болған болар еді.

Мұндай адамдар босату билеттерін [tickets-of-leave]** тек Париждің ойран болғанынан кейін ғана ала алды: Бисмарктің көздеген мақсатына осылар дәл келе қалды. Осы кезге дейін үкіметке құпия түрде басшылық етіп келген Тьер оп-онай айлашарғы жасаудың нәтижесінде кенеттен үкімет басына келе қалды, ал қылмысты адамдар [ticket-of-leave men] оның министрлері болып шыға келді.

Тьер, осы ергежейлі-албасты, елу жыл бойы дерлік француз буржуазиясын сүйсіндіріп келді, өйткені ол буржуазияның өзінің таптық азғындауының нағыз идеялық көрінісі болды. Мемлекеттік отағасы болмас бұрын, ол тарихшы ретінде өзінің суайттық таланты бар екенін көрсетті. Оның қоғамдық істерінің шежіресі Францияның бастан кешірген ауыртпалықтарының тарихы болып табылады. 1830 жылға дейін республикашылдармен байланысты болып келген Тьер Луи-Филипптің тұсында,

* 1871 және 1891 жылдардағы немісше басылуларында «Джо Миллердің» орнына «Карл Фогт» деп, 1871 жылғы французша басылуында — «Фальстаф» деп басылған. *Ред.*

** Англияда қылмысты адамдар жазасының денін өтгеннен кейін оларға көбінесе босату билеті беріледі, сол билеттерімен олар полицияның бақылауымен бостандықта тұра алады. Мұндай билеттер tickets-of-leave деп аталады, ал ондай билеті бар адамдарды — ticket-of-leave men деп атайды. (1871 жылғы немісше басылуына *Энгельстің берген ескертуі*)

өзінің қамқоршысы Лаффитке сатқындық жасау арқылы министр болып шыға келді. Қара халықты дін басыларына қарсы шығуға — Сен-Жермен-л'Осеруа шіркеуі мен архиепископ сарайын талауға бастаған қарсы шығуға — айдап салып, министр-шпионның және герцогиня Беррийская жөнінде түрмеші-акушердің ролін атқару арқылы корольге жағынды¹⁴³. Транснонен көшесінде республикашылдарды қанға бояп жазалау, онан кейін баспасөзге және одақтар құру правосына қарсы шығарылған жексұрын сентябрь заңдары сол Тьердің істеген ісі болды¹⁴⁴. 1840 жылдың мартында ол енді премьер-министр болып сахнаға қайта шықты, сөйтіп өзінің Парижді нығайту жобасымен бүкіл Францияны тандандырды¹⁴⁵. Бұл жобаны Париждің бостандығына қарсы жасалған зұлымдық заговор деп санаған республикашылдардың айыптауына ол депутаттар палатасында былай деп жауап берді:

«Қалайша? Сіздер, қандай да болсын бір бекіністер күндердің бір күнінде бостандыққа қауіп туғызады деп ойлайсыздар ма? Ең алдымен, сіздер қандай да болса бір үкімет билікті өз қолына ұстап қалу үшін күндердің бір күнінде Парижді бомбалауға барады деп жала жауып отырсыздар... Ондай үкімет жеңістен кейін оған дейінгісінен жүз есе мүмкін емес болып шығар еді ғой».

Иә, сол форттарды бұрын пруссактарға берген үкіметтен басқа ешқандай үкіметтің Парижді форттар жағынан бомбалауға батылы бармас еді.

1848 жылы январьда король-бомба* өз күшін Палермоға жұмсап көргенде, ол кезде көптен-ақ министр емес Тьер депутаттар палатасында тағы да мынадай сөз сөйледі:

«Мырзалар, Палермода не болып жатқанын сіздер білесіздер. Үлкен қала 48 сағат бойы бомбаның астында болғанын естігенде бәріңіздің де» (парламенттік мағынада) «төбе шашыңыз тік тұрады. Ал сонда бомбалаушы кім? Соғыс правосын жүзеге асырушы жат жерлік жау ма? Жоқ, мырзалар, өз үкіметіміз. Не үшін дейсіз ғой? Осы бақытсыз қаланың өз праволарын талап еткені үшін. Иә, өз праволарын талап еткені үшін ол 48 сағат бойы бомбаланды... Европа жұртшылығы пікіріне жүгінуіме рұқсат етіңіздер. Европаның, мүмкін, ең ұлы мінбесіне көтеріліп, мұндай әрекеттер жөнінде жұрттың бәріне естіртіз қатты ашынған сөздер» (иә, шынында да, сөздер) «айту дегеніміз адамзат алдында еңбек сіңіргендік болады... Өзінің отанына қызмет еткен» (мұны Тьер еш уақытта істеген емес) «регент Эспартеро Барселонада бұрқ еткен көтерілісті күшпен басу үшін Барселонаны бомбаламақ болған кезде жер жүзінің тұс-тұсынан жаппай ашынған наразылық үні көтерілген болатын».

Арада жыл жарым өткеннен кейін Тьер француз армиясының Римді бомбалауын мейлінше қуаттағандардың қатарында болды¹⁴⁶. Сонымен, король-бомбаның қатесі, сірә, оның тек 48 сағат бойы ғана бомбалаумен тынғандығында болса керек.

* — II Фердинанд. *Ред.*

Өзін өкімет билігінен және баюдан ұзақ уақыт ығыстырып тастады деп Гизоға ызаланған және халық дауылының жақындап келе жатқанын сезген Тьер февраль революциясынан бірнеше күн бұрын депутаттар палатасында өтірік батырсынған стильде төмендегіні айтты, бұл үшін оны «Mirabeau-mouche»* деп атап кеткен болатын:

«Мен тек Франциядағы ғана емес, сонымен қатар бүкіл Европадағы революция партиясына жатамын. Мен революция үкіметінің баяу адамдардың қолында болуын тілер едім... Ал егер ол үкімет қызу адамдардың қолына көшсе, тіпті радикалдардың қолына көшсе де, мен бұған бола өзім қорғап отырған істен бас тартпас едім. Мен қашан да болса революция партиясының қатарында боламын».

Февраль революциясы бұрқ ете түсті. Гизо министрлігінің орнына Тьер министрлігін қоюдың орнына, — түкке тұрғысыз бұл адам осыны арман еткен еді, — революция Луи-Филиппті республикамен өзгертті. Жұмысшылардың өшпенділігінен оны сақтап қалған сол жұмысшылардың мұнан жиренуі екенін ұмытып, ол халық жеңісінің бірінші күні ыждағатты түрде жасырынып бақты. Оның өзі сияқты адамдардың қызметі үшін июнь қырғыны¹⁸ қоғамдық аренаны тазартқанға дейін, аты шулы батырыңыз ол аренадан қашқалақтаумен болды. Міне сонда барып ол тәртіп партиясының¹⁴⁷ және оның парламенттік республикасының — осы аноним патшасыз кезеңнің — идеялық көсемі болды; бұл кезеңде үстем таптың өзара бақталас фракцияларының бәрі халықты жаныштау үшін өзара құпия келісіп жатты және әрқайсысы өз монархиясын қалпына келтіру үшін бір-біріне қарсы эзезілдік жасаумен болды. Тьер сол кезде, қазірдегісі сықылды, республикашылдарды — олар республиканы нығайтуға бірден-бір кедергі болып отыр деп айыптады; сол кезде, қазіргі сықылды, республикаға, жендеттің дон Карлосқа айтқанындай: «Мен сенің өз қамың үшін сені өлтіремін» деді. Ал қазір, сол кездегі сықылды, өз жеңісінің ертеңіне оның: «L'Empire est fait — империя дайын деп даурығуына тура келер. Тьер өзінің қажетті бостандықтар туралы айтқан екі жүзді уағыздарына қарамастан, өзін ақымақ етіп кеткен және парламентаризмді сартқа лақтырып тастаған — ал парламентаризмнің жасанды атмосферасынан тыс бұл адам түкке тұрмай қалады және ол мұны біледі — Луи Бонапартты өзінің жек көретініне қарамастан, Тьер Екінші империяның барлық маскара істеріне — француз әскерлерінің Римді басып алуынан бастап, Пруссияға қарсы соғысуына дейінгі барлық істеріне — қатысты; Германияның бірлігіне құтырына шабуыл жасау арқылы ол осы соғысқа арандатты; ол Германияның бұл бірлігін Пруссия дес-

* — «Мирабо-шыбын». Ред.

потизмінің бет пердесі деп білген жоқ, Германияны бөлшектеп ұстайтын Францияның төл правосын бұзғандық деп білді. Бұл ерегейлі Европа алдында I Наполеонның қылышын онды-солды сермеуді ұнатты, ол өзінің тарихи еңбектерінде тек Наполеонның етігін тазалауды ғана білді, ал іс жүзінде оның сыртқы саясаты әрқашанда — 1840 жылғы Лондон конвенциясынан¹⁴⁸ бастап 1871 жылғы Париждің тізе бұгуіне дейін және қазіргі азамат соғысына дейін — Францияны мейлінше қорлыққа ұшыратып отырды; ал осы азамат соғысының кезінде ол Бисмарктің арнаулы рұқсаты бойынша Седан мен Мецтің тұтқындарын Парижге қарсы айдап салды¹⁴⁹. Өзінің жалтарғыш қабілетіне және талаптарының құбылмалылығына қарамастан, ол өмір бойы барып тұрған кертартпа болды. Осы күнгі қоғамда болып жатқан неғұрлым терең қозғалыстар ол үшін қай уақытта болса да ақыл жетпес құпия болып келгенін айтпаса да болады; барлық күші тіліне кеткен оның миы керек десеңіз тіпті қоғамның беткі қабатында болып жатқан өте айқын сезілетін өзгерістердің өзін ұға алмады. Ол, мысалы, француздың ескірген протекционистік жүйесінен ауытқудың қандайын болса да күпірлік деп ылғи әшкерелеумен болды. Луи-Филипптің министрі болған кезінде ол темір жолдарды сандырақ қиял деп мазақ етті; ал Луи Бонапарттың тұсында оппозицияда болған кезінде ол Францияның іріп-шіріген әскери жүйесін қайта құру әрекетінің қандайын болса да қорлағандық деп балағаттады. Өзінің ұзаққа созылған бүкіл саяси мансабы бойында ол іс жүзінде азды-көпті болса да, тіпті мүлде мардымсыз болса да пайдалы бірде-бір шара істеп көрген жоқ. Тьер тек байлыққа тоймайтын қомағайлығынан және сол байлықты жасайтын адамдарға жирене қараудан айныған емес. Луи-Филипптің тұсында министрлікті басқаруға бірінші рет кіріскен кезінде ол нақ Иов сықылды кедей болатын, ал осы министрліктен кетерінде ол миллионер болып шыға келді. Жаңағы айтылған корольдің тұсында (1840 жылдың 1 мартынан бастап) министрлікті соңғы рет басқарған кезінде ол қазына ақшасын шашты деп депутаттар палатасында ашықтан-ашық айыпталды. Осы тағылған айыпқа оның берген жауабы тек жылап жіберу ғана болды, — бұл жауап оған қиынға түскен жоқ, Жюль Фавр да, басқа да осы сияқты айдаһарлардың қайсысы болсын осындай жауаптармен оңай құтылып кететін. Төніп келген финанс күйзелісінен Францияны сақтап қалу үшін Бордода* оның қолданған бірінші шарасы өзіне жылына үш миллион жалақы белгілеу болды; мұның өзі 1869 жылы Париждегі сайлаушыларына Тьер перспективасын ашып берген «ұқыпшыл республиканың» бірінші және

* 1891 жылғы немісше басылуында «Бордо» деген сөзден кейін «1871 жылы» делінген. *Ред.*

ақырғы сөзі болды. 1830 жылғы депутаттар палатасындағы өзінің бұрынғы әріптестерінің бірі, өзі капиталист, бұған қарамастан Париж Коммунасының шын берілген мүшесі, Беле мырза, жуырда өзінің жұртқа арнаған прокламацияларының бірінде Тьерге былай деп жазды:

«Капиталдың еңбекті құл етуі әрқашан да Сіздің саясатыңыздың іргетасы болып келді, Париждің қалалық ратушасында еңбек республикасы орнаған уақыттан бастап, Сіз Францияға: қылмысты адамдар, міне осылар! деп — тынбастан жар салумен келесіз».

Ұсақ мемлекеттік суайттықтардың шебері, зұлымдық пен сатқындықтың майталманы, партиялардың парламенттік күресінің әдетке айналған алуан түрлі сұрқиялықтарына, пасық қулықтарына, арамза жауыздықтарына кәнігі болып алған майталманы; орнынан түскен күні-ақ революцияны өршітуден, ал өкіметті өз қолына алған бойда-ақ революцияны қанға бояудан тайынбайтын; идеяның орнына бойына таптық соқыр сенімдер мықтап ұялаған, адамгершілік орнына мансапқорлыққа салынған, қоғамдық өмірде қандай пасық болса, өзінің жеке тұрмысында да сондай арамза, тіпті қазірдің өзінде де, француз Сулласының ролін атқармақшы болып отырып, Тьер өзінің адам күлерлік менмендігімен өзінің қылықтарының пасықтығын жасырып отыра алмайды.

Пруссияның билігіне Парижді ғана емес, бүкіл Францияны да беру болған Париждің тізе бұғуі опасыздықпен жаумен жымдасушылықтың ұзақ тізбегінің соңы болды, бұл жымдасушылықты зорлықшылар, Трошюдің өзінің айтуынша, 4 сентябрьде, өздері билікті басып алған күні бастаған болатын. Екінші жағынан, бұл тізе бұғу азамат соғысының басталуы болды, бұдан соң олар бұл соғысты Пруссияның жәрдемімен республикаға және Парижге қарсы жүргізді. Тізе бұғу шарттарының өзінде-ақ тор құру болатын. Ол кезде елдің үштен бірінен көбірегі жаудың қолында болатын, астана провинциядан бөліп тасталғанды, қатынас жолдардың бәрі бұзылғанды. Мұндай жағдайларда Францияның шын өкілдері болып табылатын адамдарды сайлау дайындалуға жеткілікті уақыт болмайынша мүмкін емес еді. Міне, сондықтан да тізе бұғудің тектінде Ұлттық жиналыстың сайлауына бір апта мерзім белгіленді, сондықтан болашақ сайлау туралы хабар Францияның көптеген жерлеріне сол сайлаудың қарсаңында ғана жетті. Онан соң, тізе бұғудің ерекше бір пункті бойынша, Жиналыс тек бітім және соғыс мәселесін шешу мақсатында ғана, ал қажет болған жағдайда бітім шартын жасасу үшін де сайлануға тиіс болды. Уақытша бітім шарттары соғысты соза беруді мағынасыз етіп отырғанын, Бисмарк бұйырған бітім шартын жасасу үшін Францияның ең жаман адамдары ғана нағыз лайықты адамдар болып шығатынын халықтың

сезбеуі мүмкін емес еді. Бірақ, осындай сақтық шараларымен қанағаттанып қана қоймай, уақытша бітім құпиясы Парижге хабарландырылмастан бұрын, Тьер легитимистер партиясының¹¹⁷ өлексесін жандандыру үшін сайлау жұмысымен бүкіл елді аралап шықты; бұл партия орлеанистермен бірігіп, бұл кезде қабылдауға болмайтын бонапартистердің орнын басуға тиісті болды. Легитимистерден ол қорыққан жоқ. Қазіргі Францияның үкіметі ретінде олар мүлде жарамсыз еді, сондықтан бәсекеші ретінде түкке тұрғысыз еді; бұл партияның бүкіл іс-әрекеті, Тьердің өзінің айтуынша (1833 жылы 5 январьда депутаттар палатасында айтқан),

«әрдайым үш тірекке: шетелдің басып кіруіне, азамат соғысына және анархияға сүйенді».

Сондықтан бұл партия контрреволюцияның ең қолайлы қауымы болып табылды. Легитимистер өздерінің көптен күткен бұрынғы мың жылдық үстемдігінің қайта орнауына шынымен сенді. Ал шынында да, шетел жаулап алушысының етігі Францияны тағы да таптады; империя тағы құлатылып, Бонапарт тағы да тұтқынға түсті; ал легитимистер қайта тірілді. 1816 жылғы «*chambre introuvable*»-ге^{*150} дейін құлдырау үшін, сірә, тарих дөңгелегі кейін айналған болса керек. 1848—1851 жылдары республика тұсындағы ұлттық жиналыстарда легитимистердің өкілдері білімді және парламенттік күрес жөнінде әккі болған адамдар еді; енді олардың партиясының қарапайым адамдары — Францияның барлық Пурсоньяктары — алдыңғы қатарға шықты.

Бордода осы «помещиктер палатасы»¹⁵¹ жиналысымен, Тьер оған парламенттік жарыссөздер жүргізу құрметі оған тимейтінін, палата дереу бітімнің алдын-ала шарттарын қабылдауға тиіс екенін мәлімдеді, өйткені бұл — республикаға және оның тірегі — Парижге қарсы біздің соғыс бастауымызға мүмкіншілік беретін Пруссияның қойып отырған бірден-бір шарты деді ол. Шынында да, контрреволюцияның ойланып-толғануға мұршасы болмады. Екінші империя мемлекеттік борышты екі еседен аса көбейтті, үлкен қалалардың бәрі де жергілікті борышқа белшесінен батты. Соғыс борышты мейлінше көбейтіп, ұлттың ресурстарын мықтап сарықты. Апатты шегіне жеткізу үшін, Пруссия Шейлогы 500 мың әскерге азық-түлік алуға квитанциясын ұстап, 5 миллиард контрибуция¹¹⁹ және мерзімі өткен жорналарға 5 процент өсім талап етіп француз жерінде тұрды. Осының бәрін кім төлеу керек еді? Байлықтың иелері өздері туғызған соғыстың ауыртпалығын республиканы күшпен құлату ар-

* 1871 және 1891 жылдардағы немісше басылуларында бұдан әрі: «(ландраттар мен юнкерлер палатасы)» деген сөздер келеді. *Ред.*

қылы ғана сол байлықты өндірушілердің мойнына аудара алатын еді. Сонымен, Францияның осы кезге дейін болып көрмеген күйзелісі бұл патриоттарды — жер меншігі мен капиталдың бұл өкілдерін — шетелдік басқыншының асқан қамқорлығымен және соның көз алдында сыртқы соғысты азамат соғысымен, құл иеленушілердің бүлгімен аяқтауға итерді.

Бұл заговордың жолында тұрған аса зор бір кедергі — Париж еді. Парижді қарусыздандыру табысқа жетудің бірінші шарты болды. Осы себепті Тьер Париждің қаруды тастауын талап етті. Париждің төзімін тауысу үшін керек нәрсенің бәрі істелді: «помещиктік палата» республикаға қарсы барынша бұрқан-тарқан болып, байбалам салып жатты; Тьердің өзі республиканың өмір сүруінің заңдылығы жайында өте-мөте екі ұшты сөйледі; Парижді басшылық дәрежесін құртып, астаналық атағын жоямыз деп қорқытты; орлеанистерді елшілер етіп тағайындады; Дюфор мерзімінде төленбеген вексельдер және пәтер ақы туралы заңдары¹⁵², Париждің саудасы мен өнеркәсібінің түп-тамырын әлсірететін қауіп туғызған заңдарын шығарды; Пуйе-Кертъенің талап етуі бойынша қандай болмасын басып шығарылған басылымның әрбір данасына екі сантимдік салық салынды; Бланки мен Флуранс өлім жазасына кесілді; республикалық газеттерге тыйым салынды; Ұлттық жиналысты Версальға көшірді; Паликао жариялаған және 4 сентябрь оқиғалары жойған қоршаудағы жағдай қайта басталды; Винуа, *désembreux*¹⁵³, Париждің губернаторы болып бонапарттық жандарм Валантен полицияның префекті болып, ал генерал-иезуит Орель де Паладин — Париждің ұлттық гвардиясының бас қолбасшысы болып тағайындалды.

Ал енді біз Тьер мырзаға және ұлттық қорғаныс үкіметінің мүшелеріне, оның приказчиктеріне мынадай сұрақ қоюға тиіспіз. Өзінің финанс министрі Пуйе-Кертъенің делдалдығымен Тьердің екі миллиард заем алғаны мәлім. Ал сонымен, мына жайдың болғаны рас па, әлде өтірік пе:

1) «комиссиондық» бірнеше жүз миллионның Тьердің, Жюль Фаврдың, Эрнест Пикардың, Пуйе-Кертъенің және Жюль Симонның қалтасына түсетіндей етіп істің орайластырылғаны рас па?

2) төлемді Париж «тыныштандырылып» болғаннан кейін ғана төлеуге міндетті болғандары рас па¹⁵⁴?

Қалай болған күнде де, осы істі тым жеделдетуге оларды мәжбүр еткен бір жағдай болды, өйткені Тьер мен Жюль Фавр Пруссия әскерлерінің Парижді дереу басып алуын Бордо жиналысының көпшілігі атынан ешбір ұялмастан талап етті. Бірақ мұның өзі Бисмарктің есебіне енбеген, мұны ол Германияға қайтып оралғаннан кейін Франкфурттың таң-тамаша қалған филистерлеріне баршасына естірте, күлкі қылып айтып берді.

II

Қаруланған Париж контрреволюциялық заговор жолындағы бірден-бір мықты кедергі болды. Демек, Парижді қарусыздандыру керек болды. Бұл мәселе жөнінде Бордо палатасы барынша ашық айтты. Егер тіпті «помещиктік палата» депутаттарының құтырынған байбаламы мұны оншама айқын дәлелдемесе де, Тьердің Парижді *désembriseur* Винуаның, бонапарттық жандарм Валантен мен генерал-иезуит Орель де Паладиннің триумvirатына беруі ешбір күмән қалдырмады. Парижді қарусыздандырудың шын мақсаты туралы ар-ұятсыз мәлімдей отырып, заговоршылар шектен шыққан арсыз өтірік болып табылатын сыйлаумен Париждің қару тастауын талап етті. Париждің ұлттық гвардиясының артиллериясы мемлекеттің меншігі, сондықтан мемлекетке қайтарылуы керек деді Тьер. Ал іс жүзінде фактілер мынадай болатын: тізе бұғу шарты бойынша Бисмарктің тұтқындары Францияны оған бергенде Парижді жуасытуды көрінеу мақсат етіп, өз бастарын сақтау үшін едәуір адам сұрап алған еді; міне осы тізе бүккен күннен бастап Париж сақтық жасап күтінген болатын. Ұлттық гвардия қайта құрылды және Бонапарттың тұтыңғы әскерінің кейбір қалдықтарын қоспағанда, бүкіл ұлттық гвардияшылар бұқарасы сайлаған Орталық Комитетке жоғарғы қолбасшылықты тапсырды. Пруссактар Парижге кірер алдында Орталық Комитет *capitulards* опасыздық істеп, нақ пруссактар келіп кіруге тиіс кварталдарға немесе оларға жапсарлас кварталдарға тастап кеткен зеңбіректер мен митральездерді Монмартрға, Бельвильге және Ла-Виллетке тасып жеткізуге шара қолданды. Бұл артиллерия ұлттық гвардияның өзі жинаған қаржысына жасалған болатын. 28 январьдағы тізе бұғу текстінде ол ресми түрде ұлттық гвардияның жеке меншігі деп танылды, сондықтан жеңушіге тапсырылатын мемлекеттік қарудың жалпы санына кіргізілмеді. Парижге қарсы соғыс бастауға Тьердің титтей де дәлелі жоқ еді, сондықтан ол ұлттық гвардияның артиллериясы мемлекеттік меншік болып табылады деген арсыз өтірікті пайдалануға тиіс болды.

Артиллерияны басып алу сірә, Парижді жаппай қарусыздандырудың, демек, 4 сентябрьдегі революцияны қарусыздандырудың да бастамасы ғана болуға тиіс болды. Бірақ бұл революция *Францияның заңды жағдайына айналды*. Жеңген жау тізе бұғудің текстінде осы революцияның нәтижесі болған республиканы мойындады. Тізе бұғуден кейін оны шетелдік державалардың бәрі таныды; оның атынан Ұлттық жиналыс шақырылды. Бордо Ұлттық жиналысының және оның атқарушы өкіметінің бірден-бір заңды негізі Париж жұмысшыларының 4 сентябрьдегі революциясы болды. Егер 4 сентябрьдегі революция болмаған болса, бұл Ұлттық жиналыс өзінің орнын Заң шығарушы кор-

пұсқа дереу беруге тиісті еді, бұл Корпус пруссактар басқарған кезде емес, француздар басқарған кезде, 1869 жылы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған-ды, оны революция күшпен қуып таратқан болатын. Өздерін Қайеннаға¹⁵⁵ сапар шегу қажеттігінен құтқаратын, Луи Бонапарт қол қойған қорғаныш грамоталарын алу үшін Тьер және оның бандасы тізе бүгуге тиісті болды. Пруссиямен бітім жасауға уәкілдігі бар Ұлттық жиналыс революция эпизодтарының бірі ғана болып шықты, бұл революцияның шын бейнесі дегенмен қаруланған Париж болды, бұл революцияны жасаған Париж, сол үшін аштықтың барлық сұмдықтарын басынан кешіріп, бес ай бойы қоршауға төтеп берген Париж, Трошюдің жоспарына қарамастан, өзінің ұзақ уақыт қарсылық көрсетуімен провинцияда табан тірей қорғаныс соғысын жүргізуге мүмкіншілік берген Париж еді. Енді осы Париж Бордоның бүлік шығарған құл иеленушілерінің қорлық бұйрығы бойынша не қаруын тастап, 4 сентябрьде өзі жасаған революцияны өкімет билігін Луи Бонапарттың қолынан таққа отыруға үміткерлердің қолына жай ғана бере салудың өзі деп мойындауға тиісті болды, не Париж Францияның төл ісі үшін жан аямай күресуге тиіс болды; ал Францияны толық күйреушіліктен құтқару және оны жаңа өмірге жігерлендіру Екінші империяны туғызған және соның қамқорлығымен әбден іріп-шіруге жеткен саяси және әлеуметтік жағдайларды революциялық жолмен қирату арқылы ғана мүмкін еді. Бес ай бойы ашаршылықтың азабын тартқан Париж бір минут те қобалжымады. Пруссияның зеңбіректері Париждің өз форттарынан оған қауіп туғызып тұрғанына қарамастан, Париж француз заговоршыларына қарсы күрестің барлық қауіптерін баса көктеп өтуге ерлікпен бел байлаған еді. Бірақ Парижге таңуға тырысқан азамат соғысынан жиреніп, Орталық комитет Ұлттық жиналыстың арандатушы қылықтарына да, атқарушы өкіметтің озбырлық іс-әрекетіне де, Парижге және оның төңірегіне әскер жиналып, қауіп туғызуына да қарамастан, таза қорғаныс позициясын ұстап тұра берді.

Міне, осы кезде Тьер азамат соғысын бастады: қапылыста шабуыл жасап, ұлттық гвардияның артиллериясын басып алу үшін, ол Винуа бастаған полицияның және бірнеше линиялық полктардың есепсіз көп отрядын түнгі қарақшылық жорықпен Монмартрға аттандырды. Ұлттық гвардия тойтарыс беріп, әскермен халық бауырласып кеткендіктен бұл әрекеттің іске аспай қалғандығы барша жұртқа мәлім. Орель де Паладин жеңіс туралы хабарды күні бұрын баспаға басып та қойған болатын, ал Тьердің *coup d'état** жасауға қолданған шараларын хабарлайтын хабарландырулары да әзір еді. Бұл хабарландырулардың

* — мемлекеттік төңкеріс. *Ред.*

орнына Тьердің ізгілік жасап, ұлттық гвардияға сол гвардияның өзінің қаруын сыйға тартпақшы болғаны туралы хабарлаған манифест шығаруға тура келді; ұлттық гвардия осы қаруымен бүлікшілерге қарсы күресу үшін үкімет төңірегіне топтасатыны күмәнсыз деп мәлімдеді ол. Кішкентай Тьердің оны өздерінен қорғау үшін оның төңірегіне топтасуға шақырған үндеуіне 300 000 ұлттық гвардияшыдан 300 адам ғана келісті. 18 марттағы даңқты жұмысшы революциясы Парижді түгел биледі. Оның уақытша үкіметі Орталық комитет болды. Өзінің көз алдында болып жатқан осы соңғы ғажайып мемлекеттік және соғыс оқиғаларының шындығына Европаның өзі бір сәт күмәнданып: бұл өзі әлдеқашан өткен нәрсенің түске енуі емес пе екен деп қалғандай еді.

18 марттан бастан Версаль әскерлері Парижге басып кіргенге дейін пролетариат революциясы революцияларда, әсіресе «жоғары таптардың» контрреволюцияларында көп ұшырайтын зорлық әрекеттерінен ада болғаны сонша, пролетариат революциясының дұшпандары өздерінің ызалануы үшін, генералдар Леконт пен Клеман Томаның өлтірілуінен, Вандом алаңындағы қақтығыстан басқа ешбір сылтау таба алмады.

Монмартрға қарсы түнгі экспедицияға қатысқан Бонапарт офицерлерінің бірі, генерал Леконт, Пигаль алаңындағы қарусыз халықты атуға 81-линиялық полкқа төрт рет бұйрық берген; ал солдаттар оның бұйрығын орындаудан бас тартқанда, ол солдаттарды жер-жебіріне жетіп балағаттаған. Оның солдаттары қаруды әйелдер мен балаларға қарсы кезеудің орнына оның өзін атып тастаған. Жұмысшы табы дұшпандарының мектебінде үйреніп, солдаттардың бойына сіңген әдеттері олар жұмысшылар жағына шыққан минутта, әрине үшті-күйлі жоғалып кетпейді. Клеман Томаны да сол солдаттар атып тастаған.

Луи-Филипптің патшалық құруының соңғы жылдарында республикалық «National»¹⁵⁶ газетінің редакциясына тартылған, өзінің мансабына риза болмай жүрген бұрынғы вахмистр «генерал» Клеман Тома осы өте қиянқы газетте жалған жауапты редактордың (gérant responsable*) және бреттер-дуэлянттің міндетін қоса атқарды. Февраль революциясынан кейін, «National»-дағы адамдар өкімет басына келген кезде, олар бұрынғы вахмистрді генерал етіп шығарды. Бұл июнь қырғынының қарсаңында болған еді, ал ол қаскөй заговоршылардың бірі болды, Жюль Фавр сияқты, июнь қырғынына арандатты және осы қырғында жендеттің барып тұрған пасықтық ролін атқарды. Осыдан кейін ол өзінің генералдығымен көп уақыт көзден ғайып болып, 1870 жылдың 1 ноябріне дейін тіпті көзге түспеді. Осы күннің

* 1871 және 1891 жылдардағы немісше басылудағы бұдан әрі мынадай сөздер келеді: «түрме жазасын өтеуді өз мойнына алатын адам». *Ред.*

қарсаңында ратушада қолға түскен қорғаныс үкіметі өзінің басып алған өкіметін ерікті түрде Париж сайлаған Коммунаның¹⁵⁷ қолына береміз деп Бланкиге, Флурансқа және жұмысшылардың басқа да өкілдеріне салтанатты түрде уәде берді. Өзінің осы уәдесін орындаудың орнына ол үкімет енді Бонапарттың корсикалықтарының орнын басқан Трошию бретондықтарын Парижге қарсы айдап салды¹⁵⁸. Тек генерал Тамизье ғана мұндай зұлымдықпен өзіне таңба салғысы келмей, ұлттық гвардияның бас қолбасшысы атағынан бас тартты. Оның орнын басқан Клеман Тома тағы да генерал болып шыға келді. Клеман Тома өзі басшылық еткен бүкіл уақыт бойына пруссактарға қарсы соғысқан жоқ, Париждің ұлттық гвардиясына қарсы соғысты. Ол ұлттық гвардияның жаппай қарулануына бар күшін салып қарсы тұрды, буржуазиялық батальондарды жұмысшы батальондарына қарсы айдап салды, Трошиюдің «жоспарына» дұшпандықпен қараған офицерлерді шеттетті, қорқақтық жасайсындар деген айыппен масқаралап, пролетарлық батальондарды таратып жіберді, ал бұл батальондар қазіргі уақытта ерлігіне қас дұшпандардың өзі де таңданып отырған пролетарлық батальондар болатын. Париж пролетариатына өзінің мейлінше өш екенін тағы да іс жүзінде дәлелдей алғанын Клеман Тома өлердей мақтанаш етті; оның бұл өштігі 1848 жылғы июнь қырғынында өте-мөте айқын көрінген-ді. 18 марттан бірнеше күн бұрын ол соғыс министрі Лефлогға өзінің «Париж сапaille* la fine fleur-in (қаймағын) біржола құрту» туралы жобасын тапсырды. Ал Винуа жеңілгеннен кейін, ол әуесқой-шпион болып сахнаға шығу рахатынан бас тарта алмады. Принцесса Уэльская Лондонға келіп кірерінде қалың топта жұрттың аяғының астында қалып өлген кісілердің өліміне ол принцесса қаншалық айыпты болса, Клеман Тома мен Леконттың өліміне Орталық комитет пен Париж жұмысшылары да соншалық айыпты еді.

Вандом алаңында қарусыз азаматтарды ұрып-соғу дегеніңіз бос ертегі; Тьер мен «помещиктік палатаның» оны елге жаюды европалық журналистиканың малайларына ғана тапсырып, ол жөнінде жұмған аузын ашпауы тегін емес. «Тәртіп адамдары», Париж реакционерлері 18 март жеңісі туралы хабарды естігенде зәресі кетті. Бұл жеңіс олар үшін халықтың бұлардың сазайын тартқызар сағаты ақырында, жақындағаны деген сөз еді. 1848 жылдың июнь күндерінен бастап 1871 жылдың 22 январына¹⁵⁹ дейін өздері азаптап өлтірген құрбандықтарының елесі бұлардың көз алдына анталап келді. Бірақ олар тек жай үрейленумен ғана құтылды. Тіпті полицейлерді қарусыздандырып, қамауға алмағаны былай тұрсын,— дұрысында солай ету керек еді,—

* — қара халқының, тобырының. *Ред.*

қайта олардың Версальға аман-есен тайып отыруы үшін оларға Париж қақпасын айқара ашты. «Тәртіп адамдарын» тыныш қалдырғаны былай тұрсын, тіпті олардың бірігуіне және Париждің қақ ортасынан көптеген күшті позицияларды басып алуына мүмкіншілік берді. Орталық комитеттің осы кең пейілділігін, қаруланған жұмысшылардың осы қайырымдылығын, тәртіп партиясының салтына соншалық сыйыспайтын осы кең пейілділік пен қайырымдылықты ол партия жұмысшылардың өз әлсіздігін ұғынғаны деп білді. Винуаның зеңбіректермен, митральездермен қолын жеткізе алмағанына бейне қарусыз демонстрацияға шыққан болып жету әрекеті жөнінде тәртіп партиясының қисынсыз жоспарының тууы, міне осыдан болды. 22 мартта ең бай кварталдардан «сәнді мырзалардың» у-шу тобы көшеге шықты: бұл топ әрқилы *petits crevés** құралған еді, ал оны бастағандар: империяның белгілі асырандылары Геккерен, Кётлогон, Анри де Пен және осы сықылдылар болатын. Қорыққаннан бейбіт демонстрация ұрандарын бетке ұстап, бірақ бандиттердің қаруымен астыртын қаруланып алып, бұл сұмырайлар жолшыбай өздеріне кездескен ұлттық гвардияның жеке постылары мен патрульдерін қарусыздандырып, қорлап, көшеде сап түзеді. «Орталық комитет жойылсын! Кісі өлтіргіштер жойылсын! Ұлттық жиналыс жасасын!» деген айқаймен де ла Пе қөшесінен шығып, олар қарауыл постылардың шебін бұзып өтуге, сонан соң Вандом алаңындағы ұлттық гвардияның бас штабын қапылыста басып алуға әрекет жасады. Олар револьверден оқ атқанда, оларға әдеттегіше *sommations*-пен (тәртіпсіздіктер туралы ағылшын актінің француз эквиваленті)¹⁶⁰ жауап қатты, ал бұл талаптар орындалмағаннан кейін ұлттық гвардияның генералы** атыңдар деген мағана берді. Иисус Навиннің кернейінің Иерихон дуалына әсер еткені сықылды, «салиқалы қоғамның» көрінуінің бір өзі Париж революциясына әсер етеді деп ойлаған бұл мисыздардың тобыры бір залптан кейін-ақ тым-тырақай қаша жөнелді. Қаша жөнелген мырзалар екі ұлт гвардияшысын өлтіріп, тоғыз адамды ауыр жарақаттады (жарақаттанғандардың ішінде Орталық комитет мүшелерінің біреуі бар***), олардың осы ерлікті жасаған жерінің бәрінде револьверлер, қанжарлар, найзалы таяқтар және өздерінің «бейбіт» демонстрациясының «қарусыз» сипатын дәлелдейтін әлгіндей айғақ заттар ыбырсып жатты. Француз әскерлерінің Римге қарақшылық шабуыл жасауына наразылық білдіріп, ұлттық гвардия 1849 жылы 13 июньде шынында бейбіт демонстрация жасағанда, тәртіп партиясының сол кездегі генералы Шангарньені, өз әскерін қор-

* — сәнқой, тыраштардан. *Ред.*

** — Бержерде. *Ред.*

*** — Мальжурналь. *Ред.*

ғансыз бұқараға жан-жақтан айдап салғаны үшін, қорғансыз бұқараны атып, қылыштап, аттарына тапталғаны үшін Ұлттық жиналыс, әсіресе Тьер қоғамды құтқарушы деп құттықтаған болатын. Сонда олар Парижді қоршау жағдайында деп жариялады. Дюфор тездетіп, Ұлттық жиналыс арқылы жаңадан толып жатқан дракондық заңдар шығарды. Жаңадан қамауға алулар, жаңадан жер аударулар, террордың жаңа заманы басталды. Бірақ «төменгі таптар» мұндай реттерде басқаша істейді. 1871 жылғы Орталық комитет «бейбіт демонстрацияның» сабаздарын әшейін елеусіз қалдырды, сондықтан олар не бары екі күннен кейін адмирал Сессенің бастауымен енді *қарулы* демонстрация жасай алды, бұл демонстрация олардың үрейі қалмай Версальға атышулы қашуымен аяқталды. Тьердің Монмартрға қарсы ұрланып жасаған экспедициясымен басталған азамат соғысын жүргізе беруден қасарыса бас тартып, Орталық комитет сол кезеңде қатерлі қате жасады: дереу Версальға ұмтылу керек еді — ол кезде Версальдың қорғанарлық құралы жоқ еді — сөйтіп Тьердің және оның «помещиктік палатасының» заговорларын біржолата жою керек еді. Осылай етудің орнына 26 март күні болған Коммуна сайлауында тәртіп партиясының өз күшін сынауына тағы да мүмкіншілік берді. «Тәртіп адамдары» бұл күні Париж мэрилерінде шектен асқан қайырымды жеңушілермен бітімшілік сөз алмасып, сонымен бірге кезі келгенде бұларды қанға бояп жазалауға астыртын салтанатты серт берісті.

Енді медальдың екінші жағын аударып қарайық. Тьер Парижге қарсы екінші рет жорықты апрельдің басында жасады. Тұтқындалған париждіктердің Версальға әкелінген алғашқы тобына адам айтқысыз қаталдық жасады. Эрнест Пикар екі қолын шалбарының қалтасына салып, осы жерде ерсілі-қарсылы жүріп, тұтқындарды мазак етіп, әбден қорлады, ал құрметті (?) әйел нөкерлері қоршаған Тьер ханым мен Фавр ханым Версаль тобырының жексұрын қылықтарына балконда тұрып қол шапалақтады. Линиялық полктардың тұтқындалған солдаттарын аяусыз атып тастады. Біздің ержүрек досымыз, литейщик, генерал Дюваль ешқандай сотсыз атылды. Екінші империяның думан-сауықтарында ұялмай-қызармай жұртқа тәнін көрсетіп, атағы шыққан әйелінің «альфонсы» Галиффе қапылыста оның атқыштарының қолына түсіп, қарусыздандырылған ұлттық гвардияшылардың шағын отрядын олардың капитанымен және лейтенантымен қоса қырып тастауға бұйрық берген мен болатынмын деп прокламациясында мақтанды. Парижден қашқан Винуа линиялық әскерлердің коммунарлар арасында қолға түскен әрбір солдатын атып тастауды бұйыратын жалпы бұйрық шығарғаны үшін Тьерден Құрметті легион орденінің үлкен кресін алды. Рыцарьша кең пейілді Флурансты — 1870 жылы 31 октябрьде ұлттық қорғаныс үкіметінің мүшелерін өлімнен аман

алып қалған¹⁶¹ Флурансты — опасыздық жасап, қасапшыдай кескілеп өлтіргені үшін жандарм Демарьені орденмен наградтады. Ұлттық жиналыс мәжілістерінің бірінде Тьер осы өлтірудің «жігерлендіретін егжей-тегжейлері» туралы көрінеу рақаттана көкіді. Ақсақ Темір ролінде көрінуге мүмкіншілік берілген парламенттік шынашақтай ергежейлі атаққұмарлықпен кеудесін қағып, өзінің ергежейлік ұлықтығына қарсы көтерілген адамдарда соғысушы жақтың правосы бар деп танудан бас тартып, керек десе жаралылардың жарасын таңатын пункттердің бейтараптығын сақтағысы келмеді. Өзінің жолбарысқа тән қомағайлығын қанағаттандыру үшін уақытша қолына билік берілген бұл маймылдан жексұрын ештеңе болған емес, бұл жолбарыс-маймылдың портретін кезінде Вольтер сипаттаған болатын* (қосымшаның 35-бетін қараныз**).

Коммунаның: «Парижді Версаль қарақшыларының каннибалдығынан қорғауды және көзге көз, тіске тіс талап етуді»¹⁶² өзіміздің міндетіміз деп санайтынын жариялап, репрессия жасауға бұйрық берген 7 апрельдегі декретінен кейін де, Тьер тұтқындарға варварлықпен қарауын қоймады; Тьер оның үстіне өзінің бюллетеньдерінде «ождансыз демократияның онан да асқан ождансыз өкілдерін адал адамдардың қасіретті көзі әлі ешқашан көрген емес»,— Тьер сияқты және оның министрлер роліндегі бандалары сияқты адал адамдардың көзі көрген емес деп жазып, тұтқындарды қорлады. Солай бола тұрса да, тұтқындарды ату уақытша тоқталды. Бірақ Тьер және оның генералдары — декабрь төңкерісінің¹¹⁸ сарбаздары — Коммунаның репрессия туралы декреті жай ғана қорқыту екенін, керек десе Парижде ұлттық гвардияшылардың киімін киіп ұрланып келген жерінен ұсталған шпион-жандармдарға да және өрт шығаратын снарядтарымен ұсталған полицейлерге де аяушылық жасалғанын білген соң-ақ,— міне, осыны білген бойда-ақ, олар тұтқындарды тағы да жаппай ата бастады, бұл ату ақырына дейін тынбастан созылды. Ұлттық гвардияшылар тығылған үйлерді жандармдар қоршап алып, керосин құйып (бұл соғыста керосин осы жерде бірінші рет қолданылды), өртеп жіберді; баспасөздің санитарлық отряды кейін Терн кварталында олардың өртенген денелерін жинап алды. Апрельдің 25 күні Бель-Эпинде атты эскер атқыштар отрядының қолына өздері түскен төрт ұлттық гвардияшыны осы атқыштардың капитаны, Галиффенің өзіне лайықты малайы бір-бірлеп атып тастады. Осы гвардияшылардың өлді деп есептелген біреуі, Шеффер, еңбектеп әрең дегенде Париждің алдыңғы шептегі постыларына жетіп, осы фактіні Коммуна комиссияларының біріне дәлелдеп берді. Осы комис-

* Вольтер. «Кандид», 22-тарау. Ред.

** Қараныз: осы том, 260-бет. Ред.

сияның есебі жайында Толен соғыс министрі Лефлоға сұрақ қойғанда, «помещиктік палатаның» депутаттары айқай-шумен оның сөзін есіттірмей, Лефлоға жауап бергізбей қойды. Өйткені олардың «данқты» армиясының мұндай ерліктерін сөз ету оны қорлағандық болар еді. Мулен-Сакеде ұйқыда жатқан коммуналардың найзамен шаншылып өлтірілгенін, Қламарадағы жаппай ату туралы хабарлаған Тьер бюллетеньдерінің немқұрайды сөз саптауы ерекше сезімталдығымен көзге түспейтін тіпті Лондон газеті «Times»-тің¹⁶³ де жүйкесіне әсер етті. Бірақ шетел басқыншысының қамқорлығымен құл иеленушілер бүлігін шығарып, Парижді бомбалаған адамдардың барлық қатыгездігін — ал бұлар тек бастамасы болатын — тізіп жатуға әрекеттену ендігі жерде бос әурешілік болар еді. Осы сияқты барлық сұмдықтарға белшесінен батқан Тьер, ергежейліге жүктелген сұмдық жауапкершілік туралы өзінің парламентте айтқан сөздерін де ұмытып, өзінің бюллетеньдерінде l'Assemblée siége paisiblement (Жиналыс бейбіт мәжіліс құруда) деп мақтанады, сөйтіп біресе декабрь төңкерісінің сабаздары болған өз генералдарымен, біресе неміс принцтерімен ұлан-ғайыр салтанатты қонақасылар ұйымдастырып, керек десе Леконт пен Клеман Томаның аруақтары да оның асқазанын бұза алмағанын дәлелдейді.

III

1871 жылғы 18 март күні таңертең Париж «Vive la Commune!»* деген қатты айқайдан оянды. Бұл Коммуна дегеннің өзі не, буржуазияның миына ауыр жұмбақ болған бұл сфинкс не нәрсе?

«Париж пролетарлары»,— деп жазды Орталық комитет өзінің 18 март туралы манифесінде,—«үстем таптардың негізсіздігін және опасыздығын көріп, қоғам істәрін басқаруды өз қолдарына алып, жағдайды өздерінің сақтап қалуға тиіс болған кезеңнің туғанын түсінді... Осы парыздық борыштың өзіне жүктелгенін, үкімет билігін өз қолына алып, өз тағдырына өзі қож болуға даусыз праволы екенін түсінді».

Бірақ жұмысшы табы дайын тұрған мемлекеттік машинаны жай ғана алып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайды.

Орталықтанған мемлекеттік өкімет өзінің барлық жерде болмай қалмайтын органдарымен: тұрақты армиясымен, полициясымен, бюрократиясымен, дін басыларымен және судьялық сословиесімен бірге,— еңбекті жүйелі және иерархиялық түрде бөлу принципі бойынша құрылған органдарымен бірге — абсолюттік монархия заманынан бері қарай өмір сүріп келеді, ол кезде бұл өкімет жаңа туып келе жатқан буржуазиялық қоғамға,

* — «Коммуна жасасын!» *Ред.*

оның феодализмге қарсы күресінде күшті құралы болып қызмет етті. Бірақ феодал сеньорлардың кедергілері, жергілікті пұрсаттылықтар, қалалық, цехтық монополиялар және провинциялық заңдар — міне осы орта ғасырлық қоқсықтың бәрі бұл өкіметтің дамуына кедергі жасады. XVIII ғасырдағы француз революциясының алып зор сыпырғышы әлдеқашан өткен ғасырлардың осы күні өткен қоқсықтарының бәрін сыпырып тастады, сөйтіп қоғамдық негізді қазіргі заман мемлекетінің сарайы болып табылатын қондырма үшін ең соңғы кедергілерден тазартты. Бұл сарай Бірінші империяның тұсында салынды, ал Бірінші империяның өзі ескі жартылай феодалдық Еуропаның жаңа Францияға қарсы коалициялық соғыстары арқылы құрылғанды. Мұнан кейінгі режимдер тұсында үкімет парламенттік бақылауға бағынышты, яғни дәулетті таптардың тікелей бақылауына бағынышты болғандықтан, ол үкімет есепсіз мемлекеттік борыштардың, ауыр салықтардың көзіне айналып қана қойған жоқ; үкіметтің беретін табысы үшін, ықпалды және тиімді лауазымдары үшін үкіметке шексіз құмартқан үстем таптардың бақталас фракциялары мен авантюристері арасында бұл үкімет араздықты күшейтіп қана қоймай, — қоғамдағы экономикалық өзгерістермен бірге оның саяси сипаты да өзгерді. Қазіргі заман өнеркәсібінің прогресі капитал мен еңбектің арасындағы таптық қарама-қарсылықты дамытып, кеңейтіп, тереңдеткен сайын, мемлекеттік өкімет бірден-бірге еңбекке капиталдың ұлттық билік жүргізу сипатын, әлеуметтік құлдық үшін ұйымдастырылған қоғамдық күш сипатын, таптық үстемдік машинасы сипатын ала берді*. Тап күресінің белгілі дәрежеде ілгері басқандығын көрсететін әрбір революциядан кейін, мемлекеттік өкіметтің таза езушілік сипаты бірден-бірге айқындала түседі. 1830 жылғы революция өкіметті жер меншікшілерінен тартып алып, оны капиталистерге берді, яғни жұмысшы табының алысырақ дұшпанының қолынан алып, оның неғұрлым тікелей дұшпанының қолына берді. Буржуазияшыл республикашылдар февраль революциясының атынан мемлекеттік өкіметті басып алып, оны июнь қырғынын жасау үшін пайдаланды; осы қырғынымен олар жұмысшы табына: «әлеуметтік» республика — жұмысшы табының әлеуметтік құлдыққа түсуін қамтамасыз ететін республика екенін көрсетті, ал монархиялық ниеттегі буржуазия бұқарасы мен жер иеленушілер табына басқарудың қамы мен ақшалай тиімділігін буржуазияшыл «республикашылдарға» олардың қорықпай тапсыра беруіне болатынын көрсетті. Бірақ өздерінің июньде жасаған бір ғана ерлігінен кейін буржуазияшыл республикашылдар тәртіп партиясына, қазір өндіруші тап-

* 1871 жылғы немісше басылуында осы сөйлемнің соңғы жағы біраз өзгертілген: «мемлекеттік өкімет барған сайын еңбекті езу үшін қажетті қоғамдық өкімет сипатын, таптық үстемдік машинасы сипатын ала берді». *Ред.*

тарға ашықтан-ашық қарама-қарсы болып отырған иемденуші таптың өзара жауласушы барлық фракциялары мен партияларынан құралған осы коалициясына бірінші орынды беріп, оның артқы қатарына шығуға тиісті болды. Олардың бірлесіп басқаруының ең қолайлы формасы Луи Бонапарт президенті болған *парламенттік республика* болып шықты; бұл өзі бүркемеленбеген таптық террор жасайтын және «оңбаған қара бұқараны» әдейі қорлаушы режим болды. Тьердің айтуынша, парламенттік республика «бұларды» (үстем таптың түрлі фракцияларын) «бөле-жарып қарауы кемде-кем болды», бірақ оның есесіне сан жағынан осы аз тап пен одан тыс өмір сүріп отырған барлық қоғамдық организмнің арасын өте-мөте алшақтатып жіберді. Егер бұрынғы режимдердің тұсында осы таптың ішіндегі араздық мемлекеттік өкіметке қалай дегенмен белгілі бір тежеу салып отырған болса, енді бұл таптың бірігуінің арқасында ондай тежеушіліктер жойылды. Пролетариаттың қауіп төндірген көтерілісі себепті, біріккен үстем тап мемлекеттік өкіметті капиталдың еңбекке қарсы соғысының ұлттық құралы ретінде аяусыз және арсыз пайдалана бастады. Бірақ оның өндірушілер бұқарасына қарсы толастамаған крест жорығы бір жағынан, қарсылықты басу үшін атқарушы өкіметке барған сайын мол право беруге, екінші жағынан, өзінің парламенттік тірегінің — Ұлттық жиналыстың — атқарушы өкіметке қарсы қорғану құралдарының бәрін бірте-бірте тартып алуға мәжбүр етті. Осы атқарушы өкімет болып табылған Луи Бонапарт үстем таптың өкілдерін қуып жіберді. Екінші империя тәртіп партиясы республикасының табиғи нәтижесі болды.

Империя, *суп д'этат** дүниеге келуінің күәлігі болған, жаппай дауыс беру правосы — санкциясы болған, ал қылыш — аса таяғына айналған империя өзінің шаруаларға — капитал мен еңбектің арасындағы күреске тікелей тартылмаған өндірушілердің осы қалың бұқарасына — сүйенетінін мәлімдеді. Парламентаризмді қираттым, сонымен бірге үкіметтің дәулетті таптарға ашықтан-ашық бағынуын жойдым дегенді негізге алып, империя өзін жұмысшы табының құтқарушысы етіп көрсетті, ал жұмысшы табына дәулетті таптардың экономикалық үстемдік етуін қолдағанын негізге алып, дәулетті таптардың құтқарушысы етіп көрсетті. Ал, ақырында, ол ұлттық даңқтың өзі қайта жаңғыртқан елесі төңірегіне барлық таптарды біріктірдім деп дәмеленді. Шынына келгенде, империяның өзі буржуазия ұлтты басқару қабілетінен айырылып қалып, ал жұмысшы табы бұл қабілетке әлі ие бола алмай отырған кезеңдегі басқарудың бірден-бір мүмкін формасы болды. Бүкіл дүние жүзі империяны қоғамды аман сақтап қалушы ретінде құптады. Саяси машақат-

* — мемлекеттік төңкеріс. *Ред.*

тардан құтылған буржуазиялық қоғам империяның үстемдігі арқасында дамудың ол бұрын арман ете де алмайтын биік дәрежесіне жетті. Өнеркәсіп пен сауда орасан зор көлемде өріс алды; биржа жалдаптығы өзінің космополиттік думаны мейрамдады; қылмыспен және алдау-арбаумен жиналған былапыт сән-салтанаттың ар-ұятсыз әсемділігімен қатар бұқараның жоқшылығы әбден айқын көрінді. Қоғам үстінде қалықтап ұшып жүрген сияқтанып көрінетін мемлекеттік өкімет шынында осы қоғамның барып тұрған масқара сорақылығы болды, түрлі пасықтықтың ұясына айналды. Басқарудың осы жүйесінің орталығын Парижден Берлинге көшіруді көкसेген Пруссияның найзалары осы мемлекеттік өкіметтің бүкіл шіріктігін, сонымен қатар ол сақтап қалған қоғамның да шіріктігін әшкереледі. Империя режимі дегеніміз туып келе жатқан буржуазиялық қоғамның өзін феодализмнен азат ету құралы ретінде құра бастаған және әбден дамыған буржуазиялық қоғам ақырында келіп еңбекті капиталдың құлдану құралына айналдырған мемлекеттік өкіметтің нағыз сатқын және ең соңғы формасы.

Империяның тура қарама-қарсысы Коммуна болды. Париж пролетариатының февраль революциясын құттықтағандағы «әлеуметтік республика» ұраны таптық үстемдіктің тек монархиялық формасын ғана емес, сонымен қатар таптық үстемдіктің өзін де жоюға тиіс республикаға айқын емес ұмтылушылықты ғана білдірді. Коммуна осындай республиканың нақты формасы болды.

Ескі үкіметтік биліктің резиденциясы және орталығы болған, ал сонымен бірге француз жұмысшы табының әлеуметтік тірегі де болған Париж Тьердің және оның «помещиктік палатасының» империядан мұра болып қалған осы ескі үкіметтік билікті қайта орнатып, мәңгілік ету әрекетіне қолға қару алып қарсы шықты. Париждің қарсылық жасай алған себебі, ол қоршауға алынуы нәтижесінде армиядан құтылып, оны негізгі бұқарасы жұмысшылар болған ұлттық гвардиямен ауыстырды. Бұл фактіні баянды тәртіпке айналдыру керек болды, сондықтан да Коммунаның бірінші декреті тұрақты әскерді жойып, оны қаруланған халықпен ауыстыру болды.

Коммуна Париждің түрлі округтерінен жалпыға бірдей сайлау правосы бойынша сайланған қалалық депутаттардан құрылды. Бұлар жауапты болды және қай уақытта болсын ауыстыруға болатын болды. Бұлардың көпшілігі, әлбетте, жұмысшылардан немесе жұмысшы табының жұрт таныған өкілдерінен құралды. Коммуна парламенттік корпорация емес, жұмыс істеуші, сонымен қатар әрі заң шығарушы, әрі заңдарды орындаушы корпорация болуға тиіс болды. Осы кезге дейін орталық үкіметтің құралы болып келген полиция саяси міндеттерінің бәрінен дереу айрылып, Коммунаның кез келген уақытта орнынан

ауыстырылатын жауапты органына айналдырылды. Басқару ісінің басқа салаларының барлығындағы чиновниктер де дәл осындай жағдайда болды. Коммунаның мүшелерінен бастап, жоғарыдан төменге дейін, қоғамдық қызмет *жұмысшының алатын жалақысындай* ақыға атқарылуға тиіс болды. Артықшылық атаулының бәрі де және өкіл болғаны үшін жоғары мемлекет шеніндегілерге ақша берушілік сол шендердің өзімен бірге жойылды. Қоғамдық лауазымдар орталық үкіметтің тағайындап қойған адамдарының жеке меншігі болудан қалды. Қалалық басқарма ғана емес, сонымен қатар осы кезге дейін мемлекет қолында болып келген инициативаның бәрі Коммунаның қолына көшті.

Турақты әскер мен полицияны, ескі үкіметтің материалдық өктемдігінің осы құралдарын жойғаннан кейін, Коммуна мүлік иеленген корпорация болғандықтан шіркеуді мемлекеттен бөлу және барлық шіркеулерді экспроприациялау арқылы рухани езу құралын, «поптар күшін» қиратуға дереу кірісті. Священниктер өздерінен бұрын өткен апостолдар сияқты, дінге сенушілердің қайыр-садақасымен күн көретін болуы үшін жай адамдардың қарапайым тұрмысына қайта көшуге тиісті болды. Оқу орындарының бәрі халық үшін тегін болды және олар шіркеу мен мемлекеттің ықпалынан тыс болды. Сөйтіп, мектепте оқып білім алуға жұрттың бәрінің қолы жетіп қоймай, сонымен қатар ғылым да таптық соқыр сенімдер мен үкімет билігінің оған салған бұғауларынан азат етілді.

Судьялық шендер бірінен соң бірі ауысып келе беретін үкіметтердің, өздері адал болмақшы болып ант ететін, артынан антын бұзатын үкіметтердің бәрінің алдында өздерінің бас иіп жағымпаздануын бүркемелейтін перде ғана болып келген бояма тәуелсіздіктерінен айрылды. Енді олар, қоғамның басқа лауазым иелері сияқты ашық сайланатын, жауапты болатын және ауыстырылатын болуға тиіс болды.

Париж Коммунасы, әлбетте, Францияның барлық ірі өнеркәсіп орталықтарына үлгі болуға тиісті еді. Егер коммуналық құрылыс Парижде және екінші дәрежелі орталықтарда орнаған болса, ескі орталықтанған үкімет провинцияларда да өндірушілердің өзін өзі басқаруына орнын босатқан болар еді. Коммунаның одан әрі кеңейте түсуге уақыты болмаған ұлттық ұйымның қысқаша очеркінде Коммуна керек десеңіз тіпті ең кішкентай деревняның да саяси формасы болуға тиісті екендігі, ал тұрақты әскердің селолық округтерде де өте қысқа мерзіммен қызмет атқаратын халық милициясымен ауыстырылуға тиісті екендігі әбден айқын айтылады. Округтің басты қаласында мәжіліс жасайтын делегаттардың жиналысы әрбір округтің барлық селолық коммуналарының жалпы істерін басқаруға тиісті болды, ал осы округтік жиналыстар өз кезегінде Парижде мә-

жіліс жасайтын ұлттық делегацияға депутаттар жіберуге тиісті болды; делегаттар өздерінің сайлаушыларының берген mandat impératif (дәл нұсқауын) бұлжытпай басшылыққа алуға тиісті болды және кез келген уақытта ауыстырылуы мүмкін болды. Сонда, әлі де орталық үкіметтің қолында қалатын аз ғана, бірақ өте маңызды міндеттер жойылмауы керек болды,— жойылады деу көрінеу бұрмалаушылық еді,— қайта коммуналдық, яғни жауаптылығы өте күшті чиновниктердің қолына берілуге тиісті болды. Ұлттың бірлігі жойылуға тиісті емес, қайта, коммуналдық құрылыс арқылы ұйымдастырылуға тиіс еді. Өзін осы ұлт бірлігінің бейнесі деп көрсеткен, бірақ ұлтқа тәуелді болмай, сол ұлттан жоғары болғысы келген мемлекеттік өкіметті жою арқы-ұлт бірлігі шындық болуға тиіс еді. Іс жүзінде бұл мемлекеттік өкімет ұлт денесіндегі арам ет қана еді. Алда тұрған міндет: ескі үкіметтік биліктің таза езушілік органдарын қырқып тастап, ал оның заңды міндеттерін қоғамнан жоғары тұрғысы келетін өкіметтің қолынан тартып алып, оларды қоғамның жауапты қызметшілеріне беру болды. Үстем таптың қай мүшесі парламентте халықтың өкілі болып, халықты жаныштап отыруға тиісті екенін үш немесе алты жылда бір шешудің орнына, осының орнына жалпыға бірдей сайлау правосы коммуналарға ұйымдасқан халыққа өз кәсіпорындарына жұмысшылар, бақылаушылар, бухгалтерлер тауып алу үшін қызмет етуге тиіс болды; ал жеке-дара сайлау правосы да осы мақсат үшін жұмыс берушінің қандайына болса да қызмет ететін. Әдетте, нақ жеке адамдар сықылды, кәсіпорындар да өзінің іс-әрекеттерінде қолайлы орынға қолайлы адамды қоя білетіні, ал кейде қателесе қалса, өз қатесін өте тез түзете білетіні белгілі нәрсе ғой. Екінші жағынан, Коммуна өзінің табиғаты жағынан жаппай сайлау правосын иерархиялық инвеститурамен¹⁶⁴ ауыстыруға сөзсіз қарсы болды.

Жаңа тарихи творчествоның дағдылы тағдыры мынадай болады: оны жұрт осы жаңа мекемелер азды-көпті ұқсас келетін қоғамдық тұрмыстың ескі, тіпті заманы өткен формалары сықылды бірдене деп қабылдайды. Сол сияқты, қазіргі заманғы мемлекеттік өкіметті қирататын осы жаңа Коммуна да осы мемлекеттік өкіметтің пайда болуы алдында өткен және сонан соң ол өкіметтің негізі болған орта ғасырлық коммунаның қайта тууы деп қаралды.— Коммуналдық құрылысты ұсақ мемлекеттердің Монтескье мен жирондистер¹⁶⁵ арман еткен одағымен ауыстыруға әрекет жасау деп, ірі ұлттарда бар бірлік — басында саяси тұрғыдан күштеумен құрылған болса да, қазір қоғамдық өндірістің құдіретті факторы болып отырған бірлік деп қате есептеді.— Коммуна мен мемлекеттік өкіметтің арасындағы антагонизмді шектен асқан орталықтандыруға қарсы бұрыннан келе жатқан күрестің ұлғайған формасы деп қате есептеді. Бур-

жуазиялық басқару формасының Францияда болған классикалық дамуына ерекше тарихи жағдайлар кедергі жасауы мүмкін еді және мұның өзі, мысалы, Англияда болғаны сияқты, мемлекеттің басты-басты орталық органдары сатылғыш приход жиналыстарымен, қалалық советтердің құлқыншыл мүшелерімен, қалалардағы кедейлерге қамқорситын қатал қамқоршысымақтармен, графтықтардағы іс жүзінде мұрагер бітістіруші судьялармен толықтырылатын формаға алып келуі мүмкін еді. Коммуналық құрылыс осы кезге дейін қоғамның есебінен семіріп, қоғамның еркін алға басуын кідіртіп келген арам тамақ обыр, «мемлекет», жалмап келген күштердің бәрін қоғам денесінің өзіне қайтарған болар еді. Бір ғана осының өзімен-ақ Францияның қайта өрлеуі алға басқан болар еді.— Францияның провинциялық қалаларының буржуазиясы Коммунаны өздерінің деревня жөнінде Луи-Филипптің тұсында пайдаланған, ал Луи-Наполеон тұсында деревнялардың қалаларға жалған үстемдігімен ығыстырылған үстемдігін қалпына келтіру әрекеті деп білді. Шын мәнінде коммуналық құрылыс селолық өндірушілерді әрбір облыстағы басты қалалардың рухани басшылығына алып келер еді, сөйтіп оларға қалада, қала жұмысшылары арқылы олардың мүдделерінің табиғи өкілдерін қамтамасыз еткен болар еді.— Коммунаның өмір сүруінің өзі жергілікті өзін өзі басқаруды, өзінен-өзі-ақ түсінікті нәрседей, өзімен бірге ала келді, бірақ енді керексіз болып қалып отырған мемлекеттік өкіметке қарама-қарсылық ретінде әкелген жоқ. Париж Коммунасы қалалық басқарудың органдарын Пруссияның мемлекеттік полициялық механизмінің екінші дәрежелі тегершігі роліне дейін төмендететін Пруссияның қалалық құрылысына — 1791 ж. француз қалалық құрылысы карикатурасына — ұмтылды деу — әрқашан да қан төгу мен қаталдық бірінші орын алып отыратын эзәзілдіктерден бос уақытының бәрін өзінің әлдеқашанғы, өз ақыл-парасатына көбірек сай келетін қызметке — «Kladdegatsch»-ке¹⁶⁶ (берлиндік «Punch»-ке¹⁶⁷) ат салысуға бөлетін қайсы бір Бисмарктің ғана, тек сондай адамның ғана ойына келетін нәрсе.

Коммуна шығынның ең үлкен екі статьясын: тұрақты* армия мен чиновниктерді жойып, барлық буржуазиялық революциялардың үкімет арзан болсын дейтін ұранын шындыққа айналдырды. Коммунаның өмір сүруінің өзі монархияны теріске шығару болды; өйткені монархия, ең болмағанда Европада, кәдімгі ауыртпалық және таптық үстемдік етудің сөзсіз болатын бет-пердесі болып табылады. Коммуна республика үшін шын демократиялық мекемелердің іргесін қалады. Бірақ арзан үкі-

* 1871 және 1891 жылдардағы немісше басылуларында «тұрақты» деген сөз жоқ. *Ред.*

мет те, «ақиқат республика» да оның түпкі мақсаты емес-ті; бұлар онымен қосарласа болатын құбылыстар ғана еді.

Коммуна туғызған түсініктердің әр түрлі болуы және сол Коммунадан өз бейнесін тапқан мүдделердің әр түрлі болуы оның өте-мөте икемді саяси форма болғандығын дәлелдейді, ал бұрынғы үкімет формаларының бәрі де, шын мәнінде, езуші үкімет формалары болған еді. Коммунаның нағыз құпиясы мынау болды: ол, істің шын мәніне келгенде, жұмысшы табының үкіметі болды*, өндіруші таптың иемденуші тапқа қарсы күресінің нәтижесі болды; ол, ақырында, еңбекті экономика жағынан азат ететін ашық саяси форма болды.

Осы соңғы шарт болмаған жағдайда, коммуналық құрылыс мүмкін емес нәрсе, алдаушылық болар еді. Өндірушілердің саяси үстемдігі олардың әлеуметтік құлдығын мәңгі сақтаумен қатар өмір сүре алмайды. Сондықтан Коммуна таптардың өмір сүруінің өзі негізделіп отырған экономикалық тіректерді, демек, таптық үстемдікті де жою құралы болып қызмет етуге тиіс болды. Еңбек азат етілгеннен кейін барша жұрт жұмысшы болады, сөйтіп өндіруші еңбек белгілі бір тапқа тиісті болудан қалады.

Бір ғажабы: соңғы 60 жылдың ішінде еңбекті азат ету туралы жазылып та, айтылып та жүргендердің бәріне қарамастан, қай жерде болсын жұмысшылар бұл істі өз қолына батыл алса болғаны, оларға қарсы сол сағатта, қарама-қарсы екі шек: капитал мен жалдама еңбек құлдығы бар (жер меншіктенушілер қазір капиталистердің жария емес компаньондары ғана) қазіргі қоғамның қорғаушыларының апологеттік көпірме сөзі бастала кетеді. Капиталистік қоғам әлі күнге бейне бір дақ түспеген таза және бейкүнә күйінде тұрғандай! Оның қарама-қарсылығы әлі күнге бейне бір дамымағандай, оның өзін-өзі алдауы бейне бір ашылмағандай, оның жезөкшелік болмысының бәрі бейне бір әшкереленбегендей! Коммуна бүкіл цивилизацияның негізі болып отырған меншікті жойғысы келеді!— деп даурығады олар. Иә, мархабатты тақсырлар, көптің еңбегін азшылықтың байлығына айналдыратын осы таптық меншікті Коммуна жойғысы келді. Ол экспроприаторларды экспроприациялағысы келді. Ол осы кезде ең алдымен еңбекті құлдану мен қанаудың құралы болып отырған өндіріс құрал-жабдықтарын, жерді және капиталды ассоциацияланған еркін еңбектің құралына айналдырып, жеке меншікті шындыққа айналдырғысы келді.— Бірақ бұл коммунизм ғой, «мүмкін емес» коммунизм ғой! деседі. Алайда үстем таптардың қазіргі система ұзақ өмір сүре алмайтынын түсінуге ақылы жететін өкілдері,— ондайлар аз да емес,— кооперативтік өндірістің мазасыз, даурықпа апостолдары болып отыр. Ал егер

* 1871 және 1891 жылдардағы немісше басылуларында «жұмысшы табының үкіметі» деген сөздер курсивпен берілген. *Ред.*

кооперативтік өндіріс бос сөз болып немесе алдаушылық болып қалмауға тиіс болса, егер ол капиталистік системаны ығыстырып шығаруға тиіс болса, егер біріккен кооперативтік серіктіктер ұлттық өндірісті жалпы жоспар бойынша ұйымдастырса, сөйтіп оған басшылық етуді өз қолына алатын болса, капиталистік өндіріс тұсында сөзсіз үнемі болып тұратын анархияны және оқтын-оқтын болатын жанталасты тыятын болса,— онда мархатты тақсырлар, біз сіздерден бұл өзі коммунизм, «мүмкіндігі бар» коммунизм болып шықпай ма?— деп сұраймыз.

Жұмысшы табы Коммунадан кереметтер күткен жоқ. Олар *agr decret du peuple** даяр, кемелденген утопияларды жүзеге асыруды ойламайды. Өзінің азаттығына жету үшін және сонымен бірге өзінің экономикалық дамуы себепті қазіргі қоғам тоқтаусыз ұмтылып отырған жоғары формаға жету үшін жұмысшы табының ұзаққа созылатын күреске төтеп беруіне, жағдайларды да, адамдарды да мүлдем өзгертетін толып жатқан тарихи процестерді бастан кешіруіне тура келетінін ол біледі. Жұмысшы табының алдында тұрған міндет қандай болмасын бір мұраттарды жүзеге асыру емес, қирап бара жатқан ескі буржуазиялық қоғамның қойнауларында қазірдің өзінде дамыған жаңа қоғам элементтеріне өріс ашу ғана. Өзінің тарихи міндетін толық ұғына отырып, осы міндетті орындауға ерлікпен бел байлай отырып, жұмысшы табы газетші-малайлардың балағаттауларына, жаза баспайтын әулие болғансып, кешелік паясықтықты шатып, өздерінің сектанттық қиялдарын ұсынатын ізгі ниетті буржуа-доктринерлердің ғылымсыған уағыздарына жиренішпен миығынан күліп жауап бере алады.

Париж Коммунасы революцияға басшылық етуді өз қолына алған кезде; қарапайым жұмысшылар өздерінің «табиғи бастықтарының** артықшылығына — басқару артықшылығына — қол сұғуға тұңғыш рет бел байлаған кезде, олар бұл жұмысты құлақ естімеген ауыр жағдайларда инабатпен мұқият, ойдағыдай етіп орындады, оның үстіне бұлардың алған жалақысының ең жоғарғы мөлшері, ғылымдағы белгілі беделді адамның*** айтуынша, Лондон мектеп советінің секретары алатын минимум жалақының бестен бір бөлегінен аспайтын болды, міне осы жағдайда қалалық ратушаның үстінде желбіреген қызыл туды — Еңбек Республикасының символын — көргенде ескі дүние құтырына долданды.

Қалай дегенмен де, бұл өзі жұмысшы табы қоғамдық инициатива көрсетуге қабілетті бірден-бір тап деп ашық танылған

* халықтың декреті бойынша. *Ред.*

** 1871 және 1891 жылдардағы неміше басылуларында бұдан әрі: «дәулетті таптардың» деген сөздер келеді. *Ред.*

*** Неміше басылуларында бұдан әрі: «(профессор Гекслидің)» деген сөздер келеді. *Ред.*

бірінші революция болды; мұны тіпті Париждің орта табының қалың жіктерінің бәрі — ұсақ саудагерлер, қолөнершілер, көпестер — мойындады, тек бай-капиталистер ғана мойындаған жоқ. Орташа таптың өз ішінде араздық туғызуға әрқашан себепші болып келген мәселені — борышқорлар мен кредиторлар арасындағы есеп айырысу мәселесін¹⁶⁸ — даналықпен шешіп, Коммуна бұларды аман сақтап қалды. Орта таптың бұл бөлігі 1848 жылы жұмысшылардың июнь көтерілісін басуға қатысқан-ды, ал соның артынша-ақ Құрылтай жиналысы оны қалай болса солай өзінің кредиторларының қолына құрбандыққа бергенді¹⁶⁹. Бірақ бұл жолы ол жұмысшыларға сол үшін ғана қосылған жоқ. Ол Коммуна мен империяның, бұл өзі қандай жарнамамен қайта көрінсе де, біреуін таңдауға тура келіп отырғанын сезді. Қоғам байлығын талан-таражға салуымен, ірі биржалық жалдаптыққа қамқорлық жасауымен, капиталдың орталықтауының және осы орта таптың жоғарыда айтылған бөлегінің ол туғызатын экспроприациялануының әдейі тездеуіне жәрдемдесуімен империя оны экономика жағынан күйзеліске ұшыратты. Империя оны саяси жағынан ездi және өзінің сауық-думандарымен оны адамгершілік жағынан ашындырды; империя оның балаларының тәрбиесін freres ignorantins-ке¹⁷⁰ тапсырып, оның вольтершілдігін қорлады; бұл бөлікті ағаттықпен осы соғысқа киліктіріп, империя оның француздық ұлттық сезімін ашындырды, бұл соғыс оның барлық көрген жәбір-жапасын тек империяны құлатумен ғана өтеді. Сөйтіп, шынында да, бонапарттық жоғары мәртебелі сановниктер мен капиталистердің bohème* Парижден қашқаннан кейін орта таптың Республикалық одақ¹⁷¹ деген атпен қимыл жасаған нағыз тәртіп партиясы Коммуна туының астына жиналып, оны Тьердің жаласынан қорғады. Орта таптың осы бұқарасының құрмет көрсетуі қазіргі ауыр сыннан өте ала ма, жоқ па — оны болашақ көрсетеді.

Коммунаның шаруаларға: «біздің жеңісіміз — сіздердің бірден-бір үміттеріңіз!» — деп жариялауға толық правосы бар еді. «Помещиктік палата» француз шаруаларының өкілдері болды деу Версальда белең алып, атышулы еуропалық баспасөздің жалдама жазғыштары бүкіл әлемге таратқан жалалардың ішіндегі барып тұрған сұмдық өтірік болды. 1815 жылдан кейін өздерінің миллиард төлем төлеуге¹⁷² тиіс болған адамдарына деген француз шаруаларының сүйіспеншілігін елестетіп көріңізші! Ірі жер меншікшілерінің болуының өзі француз шаруаларының көзімен қарағанда олардың 1789 жылғы жеңіп алғандарына қол сұққандық болып табылады. 1848 жылы буржуа шаруалардың жеріне франк бас сайын 45 сантим қосымша салық салды,

* — богемалары, шайкалары. *Ред.*

бірақ мұны революцияның атынан істеді; енді олар өздері прус-сактарға төлеуге міндеттенген бес миллиард контрибуцияның негізгі ауыртпалығын шаруаларға аудару үшін, революцияға қарсы азамат соғысын тұтандырып отыр. Коммуна, қайта керісінше, өзінің ең алғашқы прокламацияларының бірінде, соғыстың ауыртпалығын осы соғысты шығарған нағыз айыптылар көтеруге тиіс деп мәлімдеді. Коммуна шаруаны қан салығынан құтқарған болар еді, оған арзан үкімет алып берген болар еді, нотариусты, адвокатты, сот приставын және казір шаруаның қанын сорып отырған басқа да соттық қансорғыштарды шаруалардың өздері сайлайтын және олардың алдында жауапты болатын коммуналық жалдама чиновниктермен ауыстырған болар еді. Коммуна шаруаны селолық полицияның, жандармның және префекттің зорлық-зомбылығынан құтқарған болар еді; Коммуна шаруаның ақыл-ойын топастандыратын священникті оның көзін ашатын мектеп мұғалімімен ауыстырған болар еді. Ал француз шаруасы ең алдымен есепқой келеді. Ол поптарға төленетін төлемді өзінен алым жинаушылар сығып алмай, әркім өзінің діндарлығына қарай еркімен төлегенін әбден орынды деп тапқан болар еді. Коммунаның — тек Коммунаның ғана — үстемдігінің француз шаруаларына тікелей уәде еткен елеулі игіліктері, міне осындай болатын. Сондықтан бұл арада шаруалардың пайдасына тек Коммуна ғана шеше алатын және шешуге әбден тиісті неғұрлым қиын және шын мәнінде өмірлік мәселелерге тоқтап жатудың қажеті жоқ; ол мәселелер: шаруалардың парцелласына сұмдық ауыртпалығы түсіп отырған ипотека борышы туралы, күн санап өсіп отырған *prolétariat foncier* (село пролетариаты) туралы, ең жаңа ауыл шаруашылығының дамуы мен капиталистік егіншілік бәсекесінің салдарынан шаруалардың өздерінің бірден-бірге жеделдей түскен экспроприациялануы туралы мәселелер.

Луи Бонапартты республиканың президенттігіне француз шаруалары сайлады, бірақ Екінші империяны тәртіп партиясы құрды. 1849 және 1850 жылдарда француз шаруасы өзінің мәрін үкіметтің префектіне қарсы қойып, өзінің мектеп мұғалімін үкіметтің священнигіне қарсы қойып, өзін үкімет жандармына қарсы қойып, шындығында оның өзіне не керек екенін осынысы арқылы көрсете бастады. Тәртіп партиясының 1850 жылы январь мен февраль айларында шығарған барлық заңдары, сол партияның өзінің мойындауы бойынша, шаруаларға қарсы бағытталды. Шаруа бонапартшыл болды, өйткені ол ұлы революцияны және оның шаруаға тигізген пайдасын Наполеонның атымен бір деп білді. Бұл сықылды өзін өзі алдаушылық Екінші империяның тұсында тез сейілді. Өткен заманның осы соқыр сенімі (өзінің шын мәніне келгенде бұл соқыр сенім «помещиктік палатаның» тілектеріне дұшпан еді) — шаруалардың өмірлік мүд-

делері мен көкейтесті тілектеріне Коммунаның көңіл аударуына қалай қарсы тұра алатын еді?

Егер коммуналар Парижі провинциялармен еркін қатынасып тұратын болса, онда әрі кеткенде үш айдан кейін шаруалардың жаппай көтерілісінің бұрқ ете түсетінін «помещиктік палата» жақсы түсінді — және бәрінен де гөрі ол осыдан қорықты. Сондықтан да ол үрейі ұшып, осы індеттің тарауына бөгет жасау үшін Парижді полициялық блокаданың қоршауына алуға асықты.

Коммуна, сөйтіп, француз қоғамының барлық адал элементтерінің шын өкілі болған болса, демек, шын ұлттық үкімет болған болса, онда ол сонымен бірге жұмысшылардың үкіметі еңбекті азат ету жолындағы батыл күрескер болғандықтан, ол сөздің толық мағынасымен интернационалшыл болды. Германияға француздың екі провинциясын қосқан Пруссия армиясы бетпе-бет тұрғанда Коммуна Францияға бүкіл дүние жүзінің жұмысшыларын қосып берді.

Екінші империя космополиттік алаяқтықтың мейрамы болды. Екінші империяның сауық-думандарына және француз халқы тонауына қатысу үшін оның шақыруына барлық елдердің сұрқиялары жабыла жиналды. Тіпті қазіргі минуттың өзінде Тьердің оң қолы валахиялық мүттәйім — Ганеску, сол қолы — орыс шпионы — Марковский болып отыр. Коммуна барлық шетел адамдарына мәңгілік іс үшін күрес үстінде мерт болу абыройын берді. Буржуазия өзінің опасыздық жасағандығынан жеңіліске ұшыраған сыртқы соғыс пен өзінің шетел басқыншыларымен бірге заговор жасауынан туған азамат соғысының арасындағы уақыттың ішінде бүкіл Францияда немістерді полицейлік қуғындаумен өзінің патриотизмін көрсетіп үлгірді. Коммуна болса неміс жұмысшысын* өзінің еңбек министрі етіп тағайындады. Тьер де, буржуазия да, Екінші империя да өздерінің поляктарға тілектестігін даурығып сөз етумен поляктарды үнемі алдап, іс жүзінде оларды Россияға сатып, Россияның лас қызметін атқарып келді. Коммуна Польшаның ержүрек ұлдарын** құрметтеп, оларды Парижді қорғаушылардың басшысы етті. Өзінің ұғына отырып ашқан жаңа тарихи заманын айқын көрсету үшін Коммуна, бір жағынан, жеңген пруссактар алдында, екінші жағынан, бонапарттық генералдар бастаған Бонапарт армиясының алдында соғыс даңқының алып символы болған Вандом колоннасын¹⁷³ қиратты.

Коммунаның ұлы әлеуметтік шарасы — оның өзінің өмір сүруі, оның істеген жұмысы болды. Оның қолданған жекелеген шаралары халықтың өзі арқылы халықтық басқару ісінің қалай

* — Лео Франкельді. *Ред.*

** Я. Домбровский мен В. Врублевскийді. *Ред.*

дамитын бағытын ғана көрсете алды. Ондай шаралар: наубайшылардың түнгі жұмысына тыйым салу; түрлі сылтаулармен жұмысшыларға айып салуға, сөйтіп жалақыны азайтуға жазамен қорқытып тыйым салды, бұл — өзі заң шығарушы, өзі судья және үкімді өзі орындаушы болатын, сөйтіп айып салудан түскен ақшаны өз қалтасына салатын кәсіпкерлердің үйреншікті тәсілі. Иелері қашып кеткен немесе жұмысын тоқтатып қойғандықтан жабылған шеберханалар мен фабрикалардың бәрін, өздеріне ақы төлеу правоарын қоса, жұмысшы серіктіктеріне беру де Коммунаның сондай шараларының бірі болды.

Коммунаның финанс жөніндегі шаралары, — үнемділігі, қарапайымдылығы жағынан тамаша шаралар, — қоршаудағы қаланың жағдайына сай келетін шаралар болды. Османның қамқорлығымен* ірі-ірі банкирлер компаниялары мен құрылыс мердігерлерінің Парижді ұрлап-жырмалағаны сонша, олардың мүлкін Коммунаның конфискелеуге правосы Луи Бонапарттың Орлеандар мүлкін конфискелеу правосынан анағұрлым зор болды. Байлықтарының дені шіркеу мүліктерін талап алудан құралған гогенцоллеридер мен ағылшын олигархтары шіркеу мүліктерін конфискелеуден не бары 8000 франк қана алған Коммунаға, әрине, қатты ызаланды.

Версаль үкіметі біраз еңсесін көтеріп, нығайып алғаннан кейін, Коммунаға қарсы барып тұрған зорлық-зомбылық шаралар қолдана бастады; Версаль үкіметі бүкіл Францияда пікірін еркін айтудың қандайын болсын тыйды, тіпті үлкен қалалардың делегаттар жиналыстарына да тыйым салды; бұл үкімет Версальда және бүкіл Францияда шпиондық торын құрды, оның үстіне Екінші империя кезіндегіден де анағұрлым кең көлемде құрды; оның инквизитор-жандармдары Парижде шығатын газеттердің бәрін өртеп жіберіп отырды, Парижден шыққан, Парижге келген хаттардың бәрін ашып қарады; Парижді қорғап сөз айтуға барынша жасқанып әрекет жасаудың өзіне Ұлттық жиналыс тіпті 1816 жылғы «chambre introuvable»-де естілмеген долдана ұлумен жауап берді. Версальдықтар Парижге қарсы қанқұмар соғыс жүргізіп қана қоймай, сонымен қатар Париждің ішіндегілерді сатып алу, заговор жасау арқылы да әрекет етуге тырысты. Өз міндетіне масқаралық опасыздық жасамайынша, осындай жағдайларда Коммуна либерализмнің шартты формаларын, нағыз бейбітшілік уақытындағыдай, сақтап тұра алушы ма еді? Егер Коммуна үкіметі өз сипаты жағынан Тьер үкіметіндей болса, онда Париждегі тәртіп партиясының газеттеріне,

* Барон Осман (Haussmann) Екінші империяның тұсында Сена департаментінің, яғни Париж қаласының префекті болды. Жұмысшы көтерілістеріне қарсы күресті жеңілдету мақсатымен жаңа көшелер салу және басқалар жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді. (В. И. Лениннің редакциялауымен 1905 жылы шыққан орысша басылуына берілген ескерту.) Ред.

Версальда Коммуна газеттеріне тыйым салуға себеп те болмас еді.

«Помещиктік палатаның депутаттары Францияны аман сақтап қалудың бірден-бір амалы шіркеу аясына қайта оралу деп жариялап отырғанда, дінге сенбейтін Коммуна Пикпюс әйелдер монастырі мен әулие Лаврентий шіркеуінің¹⁷⁴ құпияларын ашқаннан кейін бұл депутаттардың құтырынуы табиғи нәрсе. Ұрыста жеңіле білу, тізе бүгуге қол қоя білу және Вильгельмскхёде папирос жасай білу шеберлігін мойындау белгісі үшін¹⁷⁵ Тьер Бонапарт генералдарына Құрметті легион крестерін тоғытып отырғанда, Коммунаның өз міндеттерін салақ атқарғанына титтей күдік туған бойда өз генералдарын орнынан түсіріп, қамауға алуы Тьерді өлтіре келекелеу болмады ма? Дағдылы банкроттық үшін Лионда алты күн қамауда болғаннан кейін жалған атпен өзіне жасырынып кіріп кеткен өз мүшелерінің бірін* Коммуна өз арасынан қуып, қамауға алған болса, бұл әлі де Францияның сыртқы істер министрі болып қала отырып, оны Бисмаркке сатқан және үлгілі Бельгия үкіметіне бұйрықтар беріп отырған, жалған документ жасаушы Жюль Фаврдың бетіне ұрылған шапалақ емес пе? Бірақ Коммуна, бұрынғы ескі үкіметтердің бәрінің бірдей істеп келгеніндей, қателеспейміз деген жоқ. Ол өз мәжілістері туралы есептерді жариялап, өзінің іс-әрекеттерін хабарлап отырды; ол өзінің кем-кетіктерінің бәрін жұртқа мәлімдеп отырды.

Қандай революцияда болсын, оның шынайы өкілдерімен қатар, басқа сипаттағы адамдар да көтеріліп кетеді. Мұндайлар, бір жағынан, бұрынғы революцияларға қатысушылар және ол революцияларға соқыр сеніммен бас июшілер, қазіргі қозғалыстың мәнін түсінбеушілер, бірақ өзінің жұртқа мәлім адалдығының, өз ерлігінің арқасында немесе дағдылы дәстүр бойынша әлі де халыққа ықпалын сақтаған адамдар; мұндайлар, екінші жағынан, өз кезіндегі үкіметтерге қарсы өздерінің жатанды тақпақтарын жылма-жыл қайталай беретін, сондықтан жоғары дәрежелі революционерлер атағына ие болып алған кәдімгі даурықпалар. Мұндай адамдар 18 марттан кейін де пайда болып, олардың көрнекті роль атқарған кездері де болды. Өздері сияқты адамдардың барлық бұрынғы революциялардың толық дамуына кедергі жасағаны тәрізді, бұлар да қолынан келгенше жұмысшы табының шын қозғалысына кедергі жасады. Бұлар — сөзсіз болатын қырсық; олардан уақыт өте келе құтылады, бірақ нақ осы уақыт Коммунада болмады.

Коммуна Парижді керемет өзгертіп жіберді! Екінші империяның азғын Парижі із-түзсіз жоғалды. Францияның астанасы Британияның лендлордтарының, Ирландияның абсентеистері-

* — Бланшени. Ред.

нің¹⁷⁶, Американың экс-құл иеленушілерінің және аяқ астынан байығандарының, орыстың экс-крепостниктерінің және Валахия боярларының бас қосатын ордасы болудан қалды. Моргте ешкімнің өлігі жатпайтын болды; түнгі тонаушылықтар, бірде-бір ұрлық болмады деуге болғандай еді. 1848 жылдың февралынан бастап, көшелерде бір полицей болмаса да, Париж көшелері тұңғыш рет қауіп-қатерсіз болды.

«Кісі өлтіру туралы да, ұрлық туралы да, жеке адамдарға тиісу туралы да біз қазірдің өзінде-ақ естімейміз»,— деген болатын Коммуна мүшелерінің бірі,—«полиция өзінің кертартпа достарының бәрін өзімен бірге Версальға алып кеткен ғой деп ойлауға болады».

Ерке бикештер өздерінің қамқоршыларына, семьяның, діннің және, ең бастысы, жеке меншіктің осы бас сауғалап қашқан тіректеріне еріп кетті. Олардың орнына классикалық ежелгі заманның әйелдері сықылды ержүрек, ізгі жанды, жанқияр әйелдер — нағыз Париж әйелдері қайтадан алдыңғы шепке шықты, Еңбек етуші, ойлы-парасатты, күресуші, қансыраған Париж, бірақ жаңа қоғам құрылысына жан-тәнімен беріліп, өзінің тарихи инициативасын зор шабытпен ұғынып, жүзі гүл жайнаған Париж қарсы алдында тұрған кісі жегіштерді ұмытып та кеткендей болды!

Париждің осы жаңа дүниесіне бетпе-бет келіп Версальдың ескі дүниесі тұрды — мұның өзі барлық заманы өткен режимдерден қалған қан сорғыштардың: халықтың өлігін жұлмалауға құмартқан легитимистердің, орлеанистердің, ал кейінгі жағы Ұлттық жиналысқа қатысуымен құл иеленушілердің бүлігін қуаттап келген атам заманғы республикашылардың жиналған жері болды; олар парламентарлық республика басында отырған кәрі сайқымазақтың даңқ құмарлығымен парламентарлық республиканы сақтап қаламыз деп үміттенді; олар Жель-де-Помға* өздерінің аруақтарын шақырып, 1789 жылға еліктеумен шұғылданды. Бүкіл заманы өткен Францияның өкілі болған Жиналыс өзінің елестік тіршілігін Луи Бонапарт генералдарының қылышымен ғана сүйеп тұрды. Париж — тұрған бойы ақиқат; Версаль — тұрған бойы жалғандық; ал осы жалғандықтың жаршысы Тьер болды.

Сена мен Уаза департаменті мэрлерінің депутациясына Тьер былай деді:

«Сіздердің менің сөзіме сенулеріңізге болады; мен *еш уақытта* сөзімді бұзған емеспін».

* Доп ойынына арналған зал, мұнда Ұлттық жиналыс 1789 жылы өзінің атакты шешімін қабылдаған болатын. (1971 жылғы немісше басылуына Энгельстің берген ескертуі.)

Ол Жиналысқа: «бұл жиналыс Францияда бұрын-соңды болған барлық жиналыстардың ішінен ең либерал және неғұрлым ерікті түрде сайланған жиналыс» деді; ол өзінің қырық құрау әскеріне: бұл әскер «дүниенің кереметі және Францияда бұрын-соңды болған армиялардың ең жақсысы» деді; ол провинцияларға: Парижге менің бұйрығым бойынша бомба жаудырылды деу — бос ертегі ғана деумен болды:

«Егер зеңбіректер біраз атқылады деген күннің өзінде, оны атқан Версаль армиясы емес, өздері тұмсығын сұғынуға қорықса да, шайқасып жатқан-сымақ болған кәйбір инсургенттер».

Кейінірек ол провинцияларға былай деп жариялады:

«Версаль артиллериясы Парижге бомба жаудырмайды, тек оны оқта-текте атқылап қояды».

Париж архиепископына ол: атып жатыр, жазалау шараларын (!) қолданып жатыр деп версальдықтарды айыптаудың бәрі — бастан-аяқ өтірік деді. Ол Парижге «оны өзін езуші жексұрын тирандардан құтқарғысы» ғана келетінін, ал Коммунаның Парижі дегеніңіз «бар болғаны ат төбеліндей қылмыстылар» деп жариялады.

Тьердің Парижі «оңбаған тобырдың» шын Парижі болған жоқ, ол елестегі Париж болды, francsfileurs¹⁷⁷ Парижі болды, еркек-әйел аралас көше тоғышарларының Парижі болды, байлық құрған, капиталистік, алтынмен апталған, арам тамақ Париж болды; өздерінің малайларымен, бауқеспелерімен, азғын әдебиетшілерімен, ерке бикештерімен қазір Версальды, Сен-Дениді, Рюэйді және Сен-Жерменді толтырған, азамат соғысын сүйкімді ойын-сауық қана деп санаған, болып жатқан шайқасты дүрбімен тамашалаған, зеңбіректің қанша атылғанын есептеп, Порт-Сен-Мартен театрындағы спектакльден бұл спектакль анағұрлым қызғылықты қойылған деп өздерінің және жезөкше әйелдерінің арымен ант еткен Париж болды. Өйткені өлтірілгендер шынында да өліп жатты, жаралылардың ыңыранған дауыстары жалған емес-ті, ал оның үстіне олардың көз алдында өтіп жатқан драма бүкіл дүние жүзілік-тарихи драма болды.

Кобленц эмиграциясы¹⁷⁸ де Калонн мырзаның Франциясы болғанындай, Тьер мырзаның Парижі нақ сондай болды.

IV

Құл иеленушілер заговoryның Парижді Пруссия әскерлерінің күшімен басып алып, бағындырмақ болған алғашқы әрекеті Бисмарк бұдан бас тартқандықтан іске аспай қалды. 18 мартта жасалған екінші әрекет армияның жеңілуімен және үкіметтің

Версальға қашуымен аяқталды, үкіметтің бұйрығы бойынша, жұмысын тастап, Версальға бүкіл әкімшілік те тайып отырды. Парижбен бейбіт келіссөздер жүргізген болып, Тьер оған қарсы соғысқа дайындалу үшін уақыт ұтты. Бірақ армияны қайдан алмақ? Линиялық полктардың қалдықтары аз және сенімсіз еді. Ұлттық гвардия мен волонтерлер жіберіп, Версальға жәрдем беруді қайта-қайта сұраған Тьерге провинция үзілді-кесілді бас тартып жауап берді. Тек Бретань ғана бір топ шуандар¹⁷⁹ жіберді, олар ақ ту көтеріп соғысты, олардың әрқайсысының омырауына Христостың ақ матадан жасалған жүрегі тігулі еді; ал олардың жауынгерлік ұраны «Vive le Roi!» (Қороль жасасын!) болды. Сөйтіп, Тьер матростардың, теңіз жаяу әскері солдаттарының, папа зуавтарының, Валантен жандармдарының, Пьетридің полицейлері менouchards* қырық құрау тобырын ғана асығыс жинап ала алды. Бұл армия, егер Бисмарк, бір жағынан, азамат соғысын жүргізе беруге болатындай, екінші жағынан, Версальды Пруссияға құлшылық тәуелділікте ұстауға болатындай жеткілікті мөлшерде жіберіп отырған Бонапарт армиясының тұтқындары бірте-бірте келіп қосыла бермегенде, ол армия кісі күлерлік аз болған болар еді. Осы соғыс кезінде Версаль полициясы Версаль армиясын бақылап отыруға тиіс болды, ал жандармдар болса әрқашан ең қауіпті жерлерде тұрып, армияны өз соңынан ертуіне тура келді. Тізе бүккен форттар жеңіп алынған жоқ, сатып алынды. Париждің қарсылығын тойтару үшін Тьердің стратегиялық қабілеті де, оның қарамағындағы әскердің де жеткіліксіз екендігін коммуналардың ерлігі оған көрсетті.

Оның бер жағында Тьердің провинциямен қарым-қатынасы бірден-бірге шиеленісе түсті. Версальда Тьер мен оның «помещиктік палатасын» аз да болса жігерлендіретін бірде-бір тілектестік адрес болмады. Қайта, республиканы нақты түрде тану, коммуналық бостандықтарды орнықтырып, уәкілдік мерзімі өтіп кеткен Ұлттық жиналысты тарату негізінде Парижбен бітім жасауды сыпайы деуге мүлде келмейтін сарынмен талап еткен депутациялар мен жазба үндеулер тұс-тұстан келіп жатты. Депутациялар мен жазба үндеулердің көп келгендігі сонша, тіпті Тьердің юстиция министрі Дюфор 23 апрельдегі нұсқау хатында мемлекеттік прокурорларға «бітісуге шақыруды» қылмыс деп есептеуге бұйрық берді! Парижге қарсы жорықтан түк шықпайтынын көріп, Тьер тактикасын өзгертуді ұйғарды да, өзінің Ұлттық жиналысқа еріксіз қабылдатқан жаңа заңы бойынша апрельдің 30 күні бүкіл елде муниципалитет сайлауын өткізуді белгіледі. Біресе өзінің префекттерінің эзәзілдіктері арқылы, біресе өз полициясының үрейлендіруі арқылы әрекет жасап, ол

* — шпиондардын. *Ред.*

провинциядағы сайлаудың Ұлттық жиналысқа, бұрын-соңды онда болып көрмеген моральдық күш беретініне, сөйтіп Парижді бағындыру үшін провинциядан, ақырында, өзінің материалдық күш алатынына сенді.

Парижге қарсы қарақшылық соғысын, өз бюллетеньдерінде мадақтаған осы соғысты және өз министрлерінің бүкіл Францияда террор үстемдігін орнату әрекеттерін Тьер әуел бастан-ақ бітімге келудің кішкентай комедиясымен толықтыруға тырысты; мұның өзі бірнеше мақсат үшін қызмет етуге тиіс еді: ол комедия провинцияны алдап түсіруге, Париждің орта табының элементтерін Тьерге тартуға, ал, ең бастысы, өзінің Парижге опасыздығын Ұлттық жиналыстың жалған республикашыларының Тьерге сенім білдіруімен бүркемелеуіне мүмкіндік беруге тиіс еді. 21 мартта, Тьердің әлі армиясы жоқ кезде, ол Ұлттық жиналысқа былай деп мәлімдеді:

«Не болса ол болсын, бірақ мен Парижге әскер жібермеймін».

27 март күні ол тағы да былай деп жариялады:

«Мен республика болған фактіге айналған кезде лауазымға кірістім, сондықтан мен оны сақтап қалуға берік бел байлап отырмын».

Ал шынына келсек, оның Версальдағы «помещиктік палатасы» «республика» деген сөздің өзіне құтырына шабаланып жатқанда, ол республиканың атын пайдаланып, Лиондағы және Марсельдегі революцияны¹⁸⁰ жаныштады. Осы даңқты ерліктен кейін ол «болған фактіні» жорамалдағы фактінің деңгейіне түсірді. Сақтық жасап, Бордодан өзі қуып жіберген Орлеан принцтері енді ашықтан-ашық заңды бұзып, Дрёде өзіндік жасауға мүмкіндік алды. Париждің және провинциялардың делегаттарымен өткізген сансыз кеңестерінде Тьердің сөз еткен шарттары,—оның айтқан сөздері уақытқа, жағдайларға қарай өзгеріп, реңкі мен сарыны жағынан қаншама әр қилы болса да,

«Клеман Тома мен Леконтты өлтіруге кінәлы ат төбеліндей қылмыскерлерден»

— әр уақытта кек алу керек дегенге тіреліп отырды.

Әрине, бұл ретте Тьердің өзі 1830 жылы республикалар ішінен Луи-Филипп республикасын ең жақсы деп танығаны сияқты, Париж бен Франция да Тьер мырзаның өзін республикалардың ішіндегі ең жақсы республика деп сөзсіз тануға тиіс екендігі өзінен-өзі түсінілді. Алайда оның министрлерінің Ұлттық жиналыста бұл кеңшіліктерге берген ресми түсіндірмелері арқылы, Тьер тіпті ол кеңшіліктерге де күмән туғызуға тырысты. Бірақ осыған қанағаттанбай, ол Дюфор арқылы да әрекет жа-

сады. Орлеанист қарт адвокат Дюфор, қазіргі, 1871 жылғы сияқты қоршау жағдайында, Тьердің тұсында, сондай-ақ 1839 жылы Луи-Филипптің тұсында да және 1849 жылы Луи Бонапарттың президенттігі кезінде де жоғарғы судьяның ролін әрқашан атқарды. Министр лауазымында болмаған кезінде ол Париж капиталистерін қорғап байыды, ал сонымен қатар өзі шығарған заңдарға шабуыл жасап, ол саяси капитал да жинап алды. Париж құлағаннан кейін Франциядағы республикалық бостандықтың соңғы қалдықтарын құртуға тиіс болған бірсыпыра жазалау заңдарын Ұлттық жиналыс арқылы асығыс өткізіп алуына қанағаттанбай, ол Париждің болашақ тағдырын төмендегі шарамен көрсеткендей болды: әскери соттардың іс жүргізуі оған тым ұзақ жұмыс тәрізді болып көрінді — ол оны қысқартты¹⁸¹ және жер аудару туралы жаңа дракондық заң шығарды. 1848 жылғы революция саяси қылмыстар үшін қолданылатын өлім жазасын жойып, оны жер аударумен ауыстырған-ды. Гильотина тәртібін, қайткенде де ашықтан-ашық, қайта қалпына келтіруге Луи Бонапарт бара алмады. Париждіктер бүлікшілер емес, қарақшылар деп түспалдауға да әзір батылы бармаған помещиктік Жиналыстың Парижден кек алуға жасалған даярлықты әзірге жер аудару туралы Дюфордың жаңа заңымен шектеуіне тура келді. Мұндай жағдайда Тьердің бітісу комедиясы «помещиктік палата» депутаттарын құтырына өршелендірмесе — шын мәнінде Тьер осылай болса екен деп еді — ол бұл комедиясын жалғастыра алмас еді, ал бұл депутаттар өздерінің топастығынан Тьердің айла-амалын да, оның екіжүзділігінің, көлгірсуі мен шабандығының қажет болғанын да түсіне алмады.

30 апрель күні муниципалитет сайлауы өткізілетін болғандықтан, Тьер 27 апрель күні өзінің бітісу жөніндегі айла-шарғысының тағы бірін істеп көрді. Мәймөңкелеген бос сөздерінің арасында ол Ұлттық жиналыстың мінбесінен былай деп лепірді:

«Республикаға қарсы бір ғана заговор бар — ол бізді француз қанын төгуге мәжбүр етіп отырған Париж заговоры. Бірақ менің қайта-қайта қайталап айтарым: арам ниет қаруын көтеріп отырғандар қаруын тастасын, сонда біз жазалау семсерін қынабына салып, бітім шартын жасасамыз, бұл шартқа кірмейтіндер тек ат төбеліндей қылмыскерлер ғана болады».

«Помещиктік палатаның» оның сөзін бөле берген депутаттарының ызалы айқайларына жауап ретінде ол былай деді:

«Мырзалар, сіздерден өтіне сұрайтыным, айтыңыздаршы, менің осыным дұрыс емес пе? Қылмыскерлер ат төбеліндей ғана адамдар деп әділдігін айтқанымә сіздер шынында өкінесіздер ме? Біздің бақытсыздық жағдайымызда генералдар Леконт пен Клеман Томаның қанын төгуге бара алатын адамдардың бірен-саран ғана болып шығуы бақыт емес пе?»

Алайда парламенттік әсем әуенімен бар жұртты ұйытамын деп дәмеленген Тьердің сөздеріне Франция құлақ аспады. Францияда қалған 35 000 қауымынан сайланған 700 000 муниципалдық кеңесшіден легитимистер, орлеанистер мен бонапартистер бірлесе де, өздерін жақтайтын 8000 адамын да өткізе алмады. Қосымша сайлаулар Тьер үкіметіне онан да бетер дұшпан нәтижелерге алып келді. Ұлттық жиналыстың провинциядан өзіне барынша қажетті материалдық күш ала алмағаны былай тұрсын, моральдық күштің ролін атқаратын өзінің ең соңғы правосынан: өзін елдің жалпыға бірдей еркін білдіруші деп есептеу правосынан айрылды. Жығылған үстіне жұдырық дегендей, Францияның барлық қалаларының жаңадан сайланған муниципалдық советтері өкіметті күшпен басып алған Версаль жиналысына қарсы Бордода жиналыс өткіземіз деп ашықтан-ашық қауіп төндірді.

Бисмарк үшін іске батыл араласудың көптен күткен сәті енді туды. Біржолата бітім жасасу үшін Франкфуртқа дереу уәкілдер жіберуді ол Тьерге әміршінің тілімен бұйырды. Өзінің қожасы мен мырзасының бұйрығын екі етпей, құлшылықпен орындап, Тьер Франкфуртқа Пуйе-Кертъені қосып, өзіне сенімді Жюль Фаврды жіберуге асықты. Пуйе-Кертъе — Руанның «көрнекті» мақта-мата фабриканы, өзінің фабриканттық мүддесіне зиянын тигізген Англиямен арадағы сауда шартынан¹⁸² басқа Екінші империяда ешқандай кемшілік жоқ деп білетін, сондықтан Екінші империяны қатты жақтаушы, тіпті құлшылықпен жақтаушы. Тьер тіпті Бордоның өзінде оны финанс министрі етіп тағайындасымен-ақ, ол осы «қырсықты» шартқа шабуыл жасай бастады, бұл шарттың жуырда бұзылуын меңзеп, тіпті Эльзасқа қарсы бұрынғы қамқорлық баждарын дереу енгізуге арсыздық әрекет жасап көрді, бірақ мұнысы іске аспай қалды (өйткені ол Бисмарктің рұқсатын сұрамаған); оның айтуынша, бұған ол кезде ешқандай бұрынғы халықаралық шарттар кедергі жасамаған. Бұл адам контрреволюцияны — Руанда жалақыны төмендетудің құралы деп, ал француз провинцияларының берілуін — Францияда өз товарларының бағасын көтерудің құралы деп қарады. Сондықтан өзінің соңғы, қорытындылаушы опасыздығын жүзеге асыру үшін Тьердің Жюль Фаврға көмекші етіп тандап алуына міне *осындай адам* лайықты емес пе еді?

Ауыз жаласқан осы екі уәкіл Франкфуртқа келген бетте, Бисмарк оларға екінің бірін тандауға дерекі түрде әмір етті: «Не империя қайта орнатылады, не менің қойған бітім шарттарым екі етпей орындалады!» Оның қойған шарттары: соғыс контрибуциясын төлеу мерзімдерін қысқартуды және Франциядағы істің жайына Бисмарк разы болғанға дейін Пруссия әскерлерінің Париж форттарын өз қолына алуын көздеді. Сөйтіп, Пруссия Францияның ішкі істерінің жоғарғы төрешісі болып

танылды! Оның есесіне Бисмарк: Парижді қырып-жою үшін Бонапарт армиясын тұтқыннан босатуға және император Вильгельм әскерімен оған тікелей жәрдем көрсетуге әбден әзір екенін білдірді. Өзінің айтқан сөзінен танбайтындығына кепілдеме есебінде, ол Парижді «тыныштандырғанға» дейін контрибуцияның бірінші бөлігін төлеу мерзімін ұзартты. Тьер мен оның уәкілдері мұндай жемге, әрине, аранын аша ұмтылды. Майдың 10 күні олар бітім шартына қол қойды, ал 18 майда-ақ бұл шартты осылардың ынта салуының арқасында Ұлттық жиналыс бекітті.

Бітім жасасқаннан бастап Бонапарт әскерлерінің тұтқыннан қайтып оралуына дейінгі уақыт аралығында Тьер өзінің бітісу комедиясын жалғастыра беруді қажет деп тапты. Мұның қажет бола түскен себебі: Тьердің республикашыл қол шоқпарларына Парижде қантөгіс қырғын жасауға әзірлік жүріп жатқанына немқұрайды қарау үшін қолайлы сылтау өте қажет болды. Ол өзін бітісуге көндірмек болып келген орта таптың депутациясына тіпті майдың 8 күні былай деп жауап берді:

«Инсургенттер тізе бүгуге көнген бойдан-ақ, Париждің қақпасы генералдар Леконт пен Клеман Томаны өлтірушілерден басқалардың бәріне бір апта бойы ашық болады».

Бірнеше күн өткеннен кейін, «помещиктік палата» онан осы уәде жөнінде түсінік беруді талап еткен кезде, ол жауап беруден жалтарды, бірақ маңыздана былай деп атап көрсетті:

«Сіздерге айтарым, араларымызда шыдамсыз адамдар бар, олар тым-ақ асығыстық жасайды. Асықпай тағы бір апта шыдасын; аптаның аяқ шенінде енді ешқандай қауіп болмайды, сонда міндет те олардың өздерінің ерлігі мен қабілетіне сай болады».

Мак-Магон көп кешікпей өзінің Парижге кіретіндігіне оны сендірісімен-ақ, Тьер Ұлттық жиналысқа былай деп мәлімдеді:

«Парижге кіргенде қолыма *заңды* ұстап кіремін, сөйтіп солдаттардың қанын төккен, көшедегі ескерткіштерді қиратқан арамзалардың қылмыстары үшін сазайын тартатын етемін».

Шешуші кезең жақындаған сәтте ол Ұлттық жиналысқа өзінің «ешқандай рақымшылық жасамайтынын» мәлімдеді; Парижге ол үкімнің шығарылып та қойғанын мәлімдеді, ал өзінің бонапартшыл қарақшыларына — Парижден олар қанша кек алса да, үкімет рұқсат етеді деді. Ақырында, опасыздық 21 май күні генерал Дуэге Париждің қақпасын ашқанда, Тьер өзінің бітісу комедиясын тіпті түсінгісі келмеген «помещиктік палатаға» өз комедиясының «мақсатын» **22 майда ашып берді**

«Біз өзіміздің мақсатымызға жақындап келеміз деп мен сіздерге осыдан бірнеше күн бұрын айтқан едім; бүгін мен сіздерге *мақсатқа* жеттік деп айтқалы келдім. Тәртіп, әділеттік және цивилизация, ақырында, жеңіп шықты!»

Иә, мұның өзі жеңіс еді. Буржуазиялық құрылыстың құлдары мен езілгендері мырзаларға қарсы көтерілгенде, ол құрылыстың цивилизациясы мен әділеттілігі өзінің нағыз, жауыздық түрінде көрінеді. Осындай кезде бұл цивилизация, бұл әділеттік ештемемен бүркелмеген варварлық, заңсыз кек алушылық болып шығады. Байлықты өндірушілердің сол байлықты иемденушілерге қарсы тап күресіндегі әрбір жана дағдарыс осы фактіні бірден-бірге айқын көрсетіп отырады. 1871 жылғы құлақ естімеген жауыздықтарға тіпті буржуазияның 1848 жылғы июндегі айуандығы да барабар келе алмайды. Өздері сол цивилизацияның жалдама қорғаушылары мен кек алушылары болған солдатсымақтардың айуандық жүгенсіздіктері әлгі цивилизацияның бүкіл рухын қандай айқын көрсеткен болса, бүкіл Париж халқының — еркектердің, әйелдер мен балалардың — версальдықтар қалаға кіргеннен кейін де тура бір апта бойы болған ұрыста көрсеткен жанқиярлық ерлігі өз ісінің ұлылығын нақ сондай айқын көрсетеді. Тіпті ұрыс біткеннен кейін өзі өлтірген адамдардың төбе-төбе өліктерін қайда тығарын білмей, қиын міндетке тап болған бұл цивилизация неткен тамаша цивилизация еді десеңізші!

Тьердің және оның қанды ауыз төбеттерінің қылықтарына ұқсас бірдеме табу үшін Сулла мен екі бірдей Рим триумвиратының замандарына қайта оралу керек¹⁸³. Дәл сондағыдай, беті шімірікпей адамдарды жаппай қырып-жою; дәл сондағыдай жендеттер құрбандықтарының жынысына, жасына қарап жатпады; тұтқындарды нақ сондағыдай етіп азаптау; дәл сондағыдай қудалау, тек бұл жолы енді бүкіл тапты қудалады; ешбіреуі құтылып кетпеуі үшін жасырынған көсемдердің құтырына соңына түсу; дәл сондағыдай саяси дұшпандарының және өзінің жеке дұшпандары үстінен сөз жеткізу; күреске еш қатысы жоқ адамдарды дәл сондағыдай немқұрайдылық айуандықпен жазалау. Айырмашылығы тек сол, римдіктерде жазаланатындарды топтап ататын митральез болмады, «қолдарында заңы», ауыздарында «цивилизация» деген сөзі болмады.

Ал осындай сұмдықтардың бәрінен кейін енді осы буржуазиялық цивилизацияның оның өз баспасөзі суреттеген басқа бір онан сайын жиіркенішті жағын алып қараңыз!

Лондонның бір консервативтік газетінің Париждегі тілшісі былай деп жазады:

«Алыста дүркін-дүркін мылтық даусы әлі де естілуде, жәрдем-көмексіз қалған жаралылар Пер-Лашез зиратының ескерткіштері арасында жан тапсыруда; 6000 инсургент шытырман катакомбалар арасында адасып, жанталасып, босып жүр; митральезбен ату үшін көше-көшеммен сорлыларды топ-

тобымен айдап барады. Міне нақ осындай минутта кафелердің ішкілік ішуді және биллиард, домино ойнауды жақсы көретіндерге лық толы екенін, ал жезөкшелер ар-ұятты былай қойып, бульварларда серуендеп жүргенін, ал сонымен қатар бай ресторандардың *cabineets particuliers** естіліп жатқан думан-сауықтардың айғай-шуы тун тыныштығын бұзғанын көргенде ашынба-сыңа болмайды!»

Коммуна тыйым салған Версальдың «*Journal de Paris*»¹⁸⁴ га-зетінде Эдуар Эрве мырза былай деп жазды:

«Париж халқының (!) кеше өз қуанышын білдірген формасы шынында ұшқалақтықтан да асқан нәрсе болды, сондықтан біз бұдан әрі одан да жаман бола ма деп қорқамыз. Париж мерекелік түрге бөленген, ал мұнысы мүлдем орынсыз; егер біз *Parisiens de la décadence*** деген атаққа лайық болғымыз келмесе, біз мұны тоқтатуымыз керек».

Бұдан кейін ол Тациттен үзінді келтіреді:

«Сонымен, осы сұмдық күрестің ертеңіне таңертәң, тіпті күрес толық аяқ-талмастан бұрын оңбаған, азғын Рим оның денесін бұзып, жанын аздырған азғындықтың батпағына қайта батты — *alibi proelia et vulnere, alibi balneae ropinaeque* (мұнда шайқас пен жарақат, ал онда монша мен той-думан)».

Эрве мырзаның мұнда бір ғана ұмытқаны, оның сөз етіп отырған «Париж халқы» тек Тьер Парижінің, Версальдан, Сен-Дениден, Рюэйден және Сен-Жерменнен топ-тобымен қайтып келіп жатқан *francs-fileurs* Парижінің халқы ғана; бұл *шынында да да* «құлдырау заманының» Парижі.

Еңбекті құлдануға негізделген осы қылмысты цивилизация әрбір қантөгіс жеңісі тұсында өз құрбандықтарының, жана, ең абзал қоғам үшін жанқиярлықпен күрескен ерлердің ышқына шыққан айқайын жаңғырығы дүние жүзінің барлық түкпіріне жететін қудалаудың, жала жабудың байбаламымен тұншықтырып отырады. Жұмысшылардың байсалды Парижін, Коммуна Парижін «тәртіптің» осы қан құмар күзетші төбеттері кенет бір тозаққа айналдырды. Жан түршігерлік осы айналыс барлық елдер буржуазиясының пайымына не айтпақ? Бар айтары Коммуна цивилизацияға қарсы заговор жасапты! Париж халқы Коммунаның жолына асқан жігермен құрбандыққа барып отыр: тарихта белгілі шайқастардың бірде-бірі мұндай жанқиярлықты болген емес. Мұның мәнісі не? Бұл Коммунаның халық үкіметі болмай, ат төбеліндей қылмыскерлердің өкіметті күшпен басып алғанынан ғана демек пе! Париж әйелдері баррикадаларда да, атып-асу кезінде де қабақ шытпастан жанын пида етеді. Мұның мәнісі не? Коммунаның зұлым рухы оларды Мегералар мен Гекаталарға айналдырып жібергенінен ғана демек

* — жеке кабинеттерінен. *Ред.*

** — құлдырау заманындағы париждіктер. *Ред.*

пе! Коммунаның екі ай бойы толық үстемдік ету кезінің бәрінде ұстамдылық көрсетуі оны қорғаудың қаһармандық ерлігімен ғана теңдесе алады. Мұның мәнісі не? Өзінің сұмдық қанқұмарлығын өлім халіндегі жанталас сәтте ғана айқын көрсету үшін оны екі ай бойы ұстамдылық, адамгершілік пердесімен бүркеп келгенінен ғана демек пе!

Жұмысшылар Парижі өзінің жанқиярлық ерлігі үстінде үйлер мен ескерткіштерді де өртеп жіберді. Пролетариатты құлданушылар оның тірі денесін бөлшектеп жұлмалап жатқанда, олар өздерінің ешбір бүлінбеген үйлеріне салтанатпен қайта оралам деп дәмеленбесін. Версаль үкіметі: «Өртеп жатыр!» деп айқай салуда, сөйтіп өздерінің тіпті ең алыс деревнялардағы құйыршықтарына: «Менің дұшпандарымның бәрін кәдуілгі өрт салушылар ретінде қудаландар» деген ұран таратындар деп сыбырлайды. Шайқастың артынан адамдарды жаппай қырып-жойғанға дүние жүзінің буржуазиясы рахаттана қарайды, ал өзі кірпіш пен үй сылағын «қорлағанға» ызаланады!

Үкіметтер өздерінің соғыс флоттарына «өлтіріңдер, өртеңдер, қиратындар» деп ресми рұқсат бергенде, бұл өрт салуға рұқсат бергендік емес пе? Ағылшын әскерлері Вашингтондағы Капитолийді және Қытай императорының жазғы сарайын жөн-жосықсыз өртеп жібергенде¹⁸⁵,— бұл өрт салғандық болмады ма? Пруссактар соғыс қамы үшін емес, тек жай зұлымдық өш алу үшін, керосинді пайдаланып, мысалы, Шатоден сияқты қалалар мен толып жатқан деревняларды өртеп жібергенде — бұл өрт салушылық болмады ма? Тек ішінде адамы бар үйлерді ғана өртемеппін деп сендіріп, Тьер Парижді алты апта бойы бомбалағанда, бұл өрт салушылық болмады ма?— Соғыста өрт салу — басқа құралдардың бәрі сияқты заңды құрал болып табылады. Жау отырған үйлерді өртеп жіберу үшін оларды бомбалайды. Ал қорғанушылар осы үйлерді тастап кетуіне тура келгенде, олар шабуыл жасаушылардың осы үйлерге бекіне алмауы үшін, ол үйлерді өздері өртеп кетеді. Ұрыс кезінде қандай болмасын тұрақты армияның майданы алдында болып шығатын үйлердің бәрі де өртелмей қалмайды, ондай үйлердің тағдыры осы. Ал енді құлдар өздерін езушілерге қарсы соғысқанда, тарихта болатын бірден-бір осындай әділетті соғыста мұндай шараларды мүлде жол беруге болмайтын шаралар деп есептейді! Коммуна отты сөздің барынша қатаң мағынасында қорғану құралы ретінде пайдаланды; Коммуна отты пайдаланғанда Османның артиллериядан атқылауға әдейі ынғайлаған ұзын, түзу көшелеріне Версаль әскерлерін жібермеу үшін пайдаланды; версальдықтар шабуыл жасағанда гранаттар қолданғаны сияқты, Коммуна да отты өзінің шегінуін бүркеу үшін пайдаланды; ал гранаттар болса үйлерді Коммунаның отынан аз қиратқан жоқ. Шабуыл жасаушылардың қандай үйлерді өртегені, қор-

ғанушылардың қандай үйлерді өртегені осы кезге дейін талас мәселе болып қалып отыр. Ал оның үстіне Версаль әскері тұтқындарды жаппай ата бастағаннан кейін ғана қорғанушылар отты пайдалана бастады.— Оның үстіне Коммуна, егер жау оны төзімсіз халге жеткізсе, онда ол өзін Париждің қираған үйіндісімен көметінін, Парижді екінші Москваға айналдыратынын күн ілгері ашық жариялаған-ды; мұндай уәдені одан бұрын ұлттық қорғаныс үкіметі де берген-ді, бірақ, әрине, ол өзінің опасыздығын бүркемелеу үшін берген-ді. Трошю тіпті керосин қорын нақ осы үшін әзірледі. Коммуна өз дұшпандарының Париж халқына титтей де жаны ашымайтынын, бірақ олардың Париждегі өз үйлеріне жаны қатты ашитынын білді. Ал Тьер, өз тарапынан, аяусыз кек аламын деп жариялады. Бір жағынан, оның армиясы ұрысқа енді дайын болған кезде, ал екінші жағынан, пруссактар қаладан шығатын жолдардың бәрін бекітіп тастаған кезде, ол: «Менде еш аяушылық болмайды! Күнөның есесі толық қайтуға тиіс, ал сот қатал болу керек!» деп лепірді. Егер Париж жұмысшылары вандалдарша әрекет еткен болса, онда мұның өзі масайраған жеңушілердің вандализмі емес, жанталасып қорғанудың вандализмі болды; ал жеңушілердің вандализмі ежелгі заманғы мәжусилер дүниесі өнерінің шынында да баға жетпес ескерткіштерін құртып жіберген, христиандар кінәлы болған вандализм еді; бірақ тіпті осы вандализмді де тарихшы ақтады, өйткені ол енді туып келе жатқан жаңа қоғамның ыдырап бара жатқан ескі қоғамға қарсы аса зор күресінде болмай қоймайтын кезең және онша елеулі де емес кезең болды. Ал енді сұрқиялардың Парижине орын тазарту үшін тарихи Парижді қиратқан Османның вандализміне Париж жұмысшыларының бұл жүргізген шаралары тіпті де аз ұқсады!

Ал енді Коммунаның Париж архиепископынан бастап кепілде болған алпыс төрт адамды өлім жазасымен жазалауы ше! Қорғансыз тұтқындарды ату жөніндегі әлдеқашан аты өшкен соғыстық әдетті буржуазия мен оның армиясы 1848 жылғы июньде қайта орнатты. Бұдан кейін осы айуандық әдет Европа мен Индиядағы халық көтерілістерін жаныштаған жағдайдың бәрінде азды-көпті қатаң қолданылып жүрді, бұл оның нағыз «цивилизация прогресі» болғанын айқын дәлелдейді! Екінші жағынан, пруссактар кепілдіктер алу — ешбір кінәсыз адамдарды басқалардың істеген ісі үшін өз өмірімен жауап беретін кепіл ету әдетін Францияда қайтадан енгізді. Жоғарыда көргеніміздей, Тьер тіпті Парижге қарсы соғыстың бас кезінде-ақ тұтқындалған коммунарларды атып тастайтын адамгершілік әдетті енгізген кезде, Коммуна осы тұтқындардың өмірін сақтап қалу үшін пруссактардың кепілдіктер алу әдетін қолдануға мәжбүр болды. Солай бола тұрса да, қолындағы тұтқындарын атуды тоқтатпай, версальдықтар өздерінің кепілдіктерін өлім жазасы-

на үсті-үстіне бұйырып жатты. Мак-Магон преториандықтарының¹⁸⁶ Парижге кіргенде жасаған қанды қырғынынан кейін ол кепілдіктердің өмірін онан да әрі қалайша сақтай беруге болатын еді? Буржуазия үкіметінің еш нәрседен тайынбайтын айуандығынан осы соңғы қорғану — кепілдер алу — тек ойыншық болуға тиіс болғаны ма? Архиепископ Дарбуаның шын қанішері — Тьер. Коммуна архиепископты және басқа көптеген священниктерді Тьердің қолындағы бір ғана Бланкиге айырбастауды әлденеше рет ұсынды. Бірақ Тьер бұл айырбастан қасарысып бас тартты. Бланкиді босату арқылы Коммунаға басшы беретінін, ал архиепископ өлген кезде, оның өзіне анағұрлым пайдалырақ болатынын ол білді. Бұл ретте Тьер Кавеньяк еліктеді. 1848 жылы июнь айында Кавеньяк пен оның «тәртіп адамдары» архиепископ Афрды өлтірді деп ашынғансып, инсургенттерді қаншалық айыптады десеңізші! Іс жүзінде олар архиепископты тәртіп партиясының¹⁴⁷ солдаттары атып өлтіргенін жақсы білетін. Архиепископтың мұның басы-қасында болған бас викарий Жакме мырза осы оқиғаның артынша-ақ мұны оларға растаған.

Тәртіп партиясының өзінің қан төгіс ойрандарының бәрінде өз құрбандықтары жайында соншалық көп жалалар таратып отырғаны қазіргі буржуазия өздерін бұрынғы феодалдардың заңды мұрагерлеріміз деп санайтындығын ғана дәлелдейді; феодалдар болса плебейлерге қарсы қандай қару жұмсауға да қақымыз бар деп есептейтін, ал плебейлер қолында кез келген қарудың болуының өзі-ақ қылмыс болып шығатын.

Шетел басқыншысының қамқорлығымен үстем таптың азамат соғысының көмегі арқылы революцияны күшпен басып-жаншу заговору, — 4 сентябрьден бастап Мак-Магонның преториандықтары Сен-Клу қақпасына кіргенге дейінгі біз көрген заговор, — бұл заговор Парижде қан төгіс қырғынмен аяқталды. Бисмарк Париждің қирағанын көріп, жаны риза болады, соған қарағанда ол, сірә, мұны үлкен қалаларды жаппай қиратудың бастамасы деп білегін болу керек, өйткені өзі жай ғана помещик болып — Пруссияның 1849 жылғы *chambre introuvable* сінің¹⁸⁷ депутаты болып жүрген кезінде ол осыны көксейтін. Ол Париж пролетарларының өліктерін көріп сүйсінеді. Ол үшін мұның өзі революцияны құрту ғана емес, сонымен қатар қазір шынында да бассыз қалып отырған, оның үстіне француз үкіметінің өзі осылай етіп отырған Францияны да құрту болып табылады. Табыстан табысқа жетуші мемлекеттік отағасылардың бәрі сықылды үстірт ойлайтын Бисмарк осы сұмдық тарихи оқиғаның тек сырт жағын ғана көріп отыр. Өз жеңісін жеңілген үкіметтің қолындағы жандармның ғана емес, оның үстіне жалдама кісі өлтірушінің ролін атқарумен де аяқтауға бел байлаған женушіні осы кезге дейін тарихта көріп пе едік? Пруссия

мен Коммунаның арасында соғыс болған жоқ. Қайта, Коммуна алдын ала жасалған бітім шарттарына келісіп, Пруссия бейтараптық жариялаған-ды. Демек, Пруссия соғысушы жақ болған жоқ. Пруссия жексұрын қанішердің әрекетін жасады, өйткені бұл жағдайда жалдама қанішер ретінде оған ешқандай қауіп төнген жоқ, өйткені ол Париждің құлауын өзіне 500 миллион — жендеттіктің осы қанды бағасын — төлеуді алдын ала шарт етіп қойды. Дінсіз, азғын Францияны адамгершілігі зор, діндар Германияның қолымен жазалау үшін тәңірі жіберген соғыстың шын сипаты міне дәл осы арада келіп көрінді! С.-Петербург кабинетінің қолындағы жай қол шоқпар болып келген қылмысты Пруссия үкіметін заңнан тыс деп жариялауға Европаның «цивилизациялы» үкіметтерін көндірудің орнына, тіпті ескі дүние юристерінің тұрғысынан қарағанда да халықаралық правоны әлгі өрескел бұзушылық оларға: Парижді қоршаған екі қабат шептен сытылып шыққан азып-аулақ құрбандықтарды да Версаль жендетіне ұстап беру керек емес пе екен деген мәселені талқылауға сылтау ғана тауып берді!

Жаңа заманның барып тұрған сұмдық соғысынан кейін жеңген армия мен жеңілген армия пролетариатты бірлесіп қанға бояп жазалау үшін өзара бірігеді. Бұл сияқты көз көріп, құлақ естімеген оқиға өзіне жол салып келе жатқан жаңа қоғамның, Бисмарк ойлағандай, біржолата жеңіліс тапқандығын дәлелдемейді, — қайта, мұның өзі ескі буржуазиялық қоғамның әбден іріп-шірігендігін дәлелдейді. Ескі қоғамның әлі де істей алатын ерлігінің ең жоғарғы шыңы ұлттық соғыс, ал қазір бұл соғыстың өзі де үкіметтің нағыз алаяқтығы болып шығып отыр; бұл алаяқтықтың бірден-бір мақсаты — тап күресін неғұрлым кейінге ығыстыру болып шығады, ал тап күресі азамат соғысының жалынымен лаулаған кезде әлгі алаяқтықтың күлі көкке ұшады. Таптық үстемдік ендігі жерде ұлттық мундирмен жасырына алмайды; пролетариатқа қарсы шыққан ұлттық үкіметтердің мәні *бір мән!*

1871 жылғы Троица күнінен кейін француз жұмысшылары мен олардың еңбегінің жемісін иеленушілердің арасында ешқандай бітім, ешқандай уақытша бітім енді болуы да мүмкін емес. Жалдама солдаттардың темір қолы осы екі тапты да уақытша жаныштауы ықтимал, бірақ олардың арасындағы күрес сөзсіз қайта жалындайды және бірден бірге өрши түсетін болады, ал түптеп келгенде кімнің женетіні: немденуші азшылық жеңе ме, әлде еңбекшілердің орасан көпшілігі жеңіп шыға ма деген жөнінде ешбір күмән болуы мүмкін емес. Ал француз жұмысшылары — қазіргі барлық пролетариаттың авангарды ғана.

Европалық үкіметтер Париждің алдында таптық үстемдіктің халықаралық сипатын көрсетіп берді, ал сөйте тұра, өздері барлық қырсықтың басты себебі Жұмысшылардың Халықаралық

Серіктігі, яғни капиталдың бүкіл дүние жүзілік заговорына қарсы шыққан еңбектің халықаралық ұйымы болып отыр деп бүкіл дүние жүзіне байбалам салуда. Тьер бұл ұйымды ол — еңбекке өктемдік жасаушы деп айыптайды, ал өзін еңбекті азат етуші етіп көрсетеді. Пикар Интернационалдың француз мүшелерінің шетелдердегі оның мүшелерімен қандай болсын қатынас жасауына жол берілмесін деп бұйрық етті; 1835 жылға дейін Тьермен істес болған, қазір тірі аруаққа айналған граф Жобер цивилизациялы елдің әрбір үкіметінің басты міндеті Интернационалдың көзін жою болуға тиіс деді. «Помещиктік палата» Интернационалға қарсы итше ұлиды, ал европалық баспасөз оны жұмыла қолдауда. Біздің Серіктікпен ешқандай ортақтастығы жоқ бір қадірмен француз жазушысы* Серіктік туралы былай деді:

«Ұлттық гвардияның Орталық комитетінің мүшелері және Коммуна мүшелерінің көпшілігі — Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің нағыз іскер, айқын бейнелі және жігерлі басшылары... Бұлар — сөзсіз адал, ақ жүрек, ақылды, жан аямай қызмет істейтін, шынайы таза және сөздің жақсы мағынасында, фанатик адамдар».

Полицейшілдік әбден сіңген буржуазиялық пайым, әрине, Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігін қайдағы бір құпия заговоршылар қоғамы деп, ал оның орталық басқармасы түрлі елдерде оқтын-оқтын көтеріліс жасауды белгілеп отырады деп біледі. Ал іс жүзінде біздің Серіктік — цивилизациялы дүниенің түрлі елдеріндегі ең алдыңғы қатарлы жұмысшыларды біріктіретін халықаралық одақ қана. Тап күресі қай жерде болса да және қандай жағдайларда туса да, ол қандай формалар қабылдаса да, — барлық жерде бірінші орында біздің Серіктігіміздің мүшелері тұратыны өзінен-өзі түсінікті. Бұл Серіктіктің өсіп-өнетін негізі — қазіргі қоғамның нақ өзі. Қаншама қан төгілсе де, бұл Серіктік жойылмақ емес. Оны жою үшін, үкіметтер капиталдың еңбекке рақымсыз үстемдік етуін жоюы керек болар еді, яғни өзінің арам тамақтық өмір сүруінің негізін жоюы керек болар еді.

Жұмысшылар Парижін оның Коммунасымен бірге жаңа қоғамның даңқты хабаршысы ретінде әрқашан да құрметтейтін болады. Оның азап шеккен ерлері жұмысшы табының ұлы жүрегінде мәңгі сақталады. Оны тұншықтырған жендеттерді тарих қазірдің өзінде-ақ масқаралау бағанына шегелеп қойды, енді олардың поптарының барлық жалбарынуы да оларды бұдан құтқара алмайды.

256, Хай Холборн, Лондон.
Уэстерн Сентрал, 30 май 1871 ж.

* — Робине болса керек. *Ред.*

ҚОСЫМШАЛАР

I

«Тұтқындалғандардың колоннасы Урик авенюінә тоқтап, тротуарға төрт-төрттен немесе бес-бестен қатарласып, жүздерін көше жаққа беріп, сапқа тұрды. Генерал маркиз де Галиффе және оның штабы аттарынан түсіп, сапты қарауды сол жақ қанаттан бастады. Қатар тұрғандарды жайымен жағалай қарап, генерал әр жерге бір тоқтайды, қайсы бір адамның иығынан қағып немесе артқы қатарларда тұрған біреуіне бас изеп шақырып алады. Көбінесе, одан әрі сөзге келіп жатпай, осылай іріктеп алған адамдарды көшенің ортасына шығарады, мұнда көп ұзамай кішігірім жеке колонна пайда болды... Бұл арада қателесу мүмкіншілігі мол болғаны анық. Ат үстінде отырған офицер ерекше қылмыс жөнінде айыптылар-мыс деп, генералға бір еркек пен әйелді көрсетті. Әйел қатардан жүгіре шығып, екі қолын алға соза аяғына жығылды, өзінің айыпты емес екенін құлшына дәлелдеп жатты. Генерал біраз күтіп тұрды да, өте салқын түспен және немқұрайдылықпен былай деді: «Мадам, мен Париж театрларының бәрінде де болғанмын,— өзіңізді босқа қинап, комедия ойнамай-ақ қойыңыз (ce n'est pas la peine de jouer la comédie)»... Бұл күні өз қасындағы көршілеріңнен байқарлықтай жоғары болу да, ластау, та-залау, үлкендеу болу да немесе ажарсыздау болу да жаман еді. Бір адам мені өте-мөте таң қалдырды. Мұрны быт-шыт болуы арқасында, сірә, өмір ауыртпалығынан басқалардан тезірек құтылған болу керек... Міне осылайша жүзден астам адам іріктеп алынып, оларды ататын отряд тағайындалғаннан кейін, колонна бұларды сол жерде қалдырды да, ілгері жүріп кетті. Сонан бірнеше минут өткеннен кейін, арт жағымыздан жаппай атылған мылтық даусы естілді, сөйтіп атқылау ширек сағаттан аса уақытқа созылды. Бұл — әлгі асығыс үкім шығарылғандарды ату еді». («Daily News»-тің¹⁸⁸ Париждегі тілшісі, 8 июнь.)

Бұл Галиффе, «Екінші империяның сауық-сайрандарында өзінің тәнін ұялмай көрсетіп, жұртқа әйгілі болған өз әйелінің альфонсы», соғыс кезінде француз «Пистоль прапорщикі» атағымен белгілі болатын.

«Temps»¹⁸⁹ — сенсацияға қызыға бермейтін сақ газет — атылғаннан кейін бірден өлмей қалған және жан тапсырудан бұрын тірідей көмілген адамдар жайында жан түршігерлік оқиғаларды баяндайды. Бұлардың көпшілігі Сен-Жак-Ла-Бушри айналасындағы скверге көміле салды, ал олардың көбісі өте тайыз көміліпті. Күндіз көше шуы мұны естіртпеген, бірақ көршілес тұрған үйлердің тұрғындары түнгі тыныштықта алыстан естілген ыңыранған дауыстардан оянган, ал ертеңгісін олар жұдырығы түйілген қолдың жер астынан шошайып шығып тұрғанын көрген. Осы себепті көмілгендерді ашып алуға бұйрық беріліпті... Көптеген жаралылардың тірідей көмілгеніне менің ешқандай күмәным жоқ. Мен бір фактіге айғақ бола аламын. Брюнель өзінің сүйікті әйелімен бірге осы айдың 24-і күні Вандом алаңындағы бір үйдің қорасында атылған да, олардың денесі 27-сі күнгі кешке дәйін сол жерде жатқан. Жерлеуші отряд бұлардың денесін жинап алу үшін келгенде, ол отряд әйелдің әлі күнге тірі жатқанын көреді де, оны ауруханаға жеткізеді. Оған төрт оқ бірдей тпсе де, ол қазір қатерлі қауіптен аман қалды». («Evening Standard»-тың¹⁹⁰ Париждегі тілшісі, 8 июнь.)

II

Мына хат¹⁹¹ Лондонның «Times» газетінде 13 июньде басылған:

„TIMES“ ГАЗЕТИНІҢ РЕДАКТОРЫНА

Мархабатты тақсыр!

1871 ж. 6 июнде Жюль Фавр барлық европалық державаларға нұсқау хат жіберіп, онда ол бұл державаларды Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігіне қарсы оны жойғанға дейін күресуге шақырды. Осы документті сипаттау үшін бірнеше ескерту жасасақ та жетіп жатыр.

Біздің Уставымыздың кіріспесінің өзінде-ақ Интернационалдың «1864 жылы 28 сентябрьде Лондонда, Сент-Мартинс-холлда, Лонг-Эйкрде болған ашық жиналыста»* құрылғаны көрсетілгенді. Жюль Фавр бәрінен гөрі өзіне жақсы мәлім себептермен, Интернационалдың пайда болған күнін 1862 жылға дейінгі уақытқа көшіреді.

Біздің принциптерімізді түсіндіру үшін ол «оның» (Интернационалдың) «1869 жылғы 25 марттағы листовкасын» цитатқа келтіреді. Бірақ ол шын мәнісінде нені цитатқа келтіріп отыр? Оның цитатқа келтіріп отырғаны Интернационалға тіпті де жатпайтын бір қоғамның листовкасы. Париждің «National» газетін жалақорлық жөнінде оны Кабенің айыптауынан қорғау кезінде әлі біршама жас адвокат шағында-ақ ол осындай айла-шарғыны бұрын да қолданып көрген. Сонда ол Кабенің кітапшаларының үзіндісін оқып отырмын деп, шындығында өз жанынан қосқан сөйлемдерді оқыған болатын. Бұл алдау сот мәжілісі кезінде-ақ ашылған-ды, сондықтан, егер Кабе жұмсақтық жасамаған болса, Жюль Фавр Париждің адвокаттар корпорациясынан шығарылу жазасына тартылған болар еді. Жюль Фаврдың Интернационал документтері деп цитатқа келтіріп отырған барлық документтерінің бірде-бірі Интернационалдікі емес. Мысалы, ол былай дейді:

«1869 жылы июльде Лондонда құрылған Бас Советтің мәлімдеуінше, Альянс өзін атеистік деп жариялайды».

Бас Совет ешқашан да мұндай документ шығарған емес. Қайта керісінше, ол Альянстың — Женевадағы L'Alliance de la Démocratie Socialiste** — уставының өзін заңсыз деп жариялаған документті*** шығарған болатын, ал Жюль Фавр болса нақ сол Альянс уставын цитат етіп келтіріп отыр.

Белгілі бір бөлігі империяға да қарсы бағытталды делініп отырған бүкіл осы нұсқау хатта Жюль Фавр бонапарттық про-

* Қараңыз. К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 13-бет. Ред.

** — Социалистік демократия альянсының. Ред.

*** Қараңыз. К. Маркс. «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі және Социалистік демократия альянсы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 353—355-беттер.) Ред.

курорлардың тіпті сол империяның өз соттары алдында теріске шығарылған полицейлік өтіріктерін ғана қайталайды.

Жұртқа мәлім, өзінің соңғы соғыс туралы (өткен жылғы июльдегі және сентябрьдегі) екі үндеуінде де* Интернационалдың Бас Советі Пруссияның Францияға қарсы бағытталған басқыншылық жоспарларын әшкерелеген болатын. Кейін Жюль Фаврдың өз секретары Ретленжер мырза, әлбетте, босқа әуре болып, ұлттық қорғаныс үкіметін қолдау үшін Бас Советтің кейбір мүшелерінің Бисмаркке қарсы демонстративтік қимыл жасауын сұрады; бұл арада олардан өте-мөте өтінгені республиканы ауызға алмау болды. Жюль Фаврдың Лондонға келуі күтіліп отырғандықтан, демонстрацияға әзірлік жүргізілді,— дау жоқ ең жақсы ниетпен жүргізілді,— бірақ, өзінің 9 сентябрьдегі үндеуінде Париж жұмысшыларын Жюль Фавр мен оның әріптестерінен айқын түрде күн ілгері сақтандырған Бас Советтің тілегіне қарама-қарсы жүргізілді.

Егер Интернационалдың Бас Советі, өз тарапынан, барлық европалық кабинеттерге Жюль Фавр туралы нұсқау хат жазып, Парижде марқұм Мильер мырза жариялаған документтерге олардың назарын ерекше аударған болса, сол Жюль Фаврдың өзі не дер еді?

Мархатты тақсыр, әрқашан да Сіздің қызметіңізге әзір

Джон Хейлз,

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі
Бас Советінің секретары

256, Хай Холборн, Лондон,
Уэстерн Сентрал, 12 июнь

«Халықаралық серіктік және оның мақсаттары» деген мақалада Лондонның «Spectator»-ы¹⁰⁸ (24 июньде), ынсапты сөз тасушы ретінде Жюль Фаврдың істегенінен де тиянақтай түсіп, басқа да сол сияқты айдаларымен бірге Альянстың жоғарыда аталған документін Интернационалдың шығармасы деп цитатқа келтіреді. «Spectator» мұнысын жоғарыда келтірілген теріске шығару «Times» газетінде жарияланғаннан он бір күн өткеннен кейін басып шығарды. Бұл бізді таңдандырмайды. Иезуиттердің ішінде бәрінен оңбағаны протестанттық иезуиттер деп Ұлы Фридрихтің өзі-ақ айтқан болатын.

К. Маркс 1871 жылғы апрель — майда жазған

1871 жылғы июньнің орта шенінде Лондонда жеке басылым болып басылған және 1871—1872 жылдар ішінде Европаның түрлі елдерінде және АҚШ-та жарияланған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 17-том, 317—370-беттер

* Қараңыз: осы том, 202—206, 207—214-беттер. *Ред.*

Ф. ЭНГЕЛЬС

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ САЯСИ ҚИМЫЛЫ ТУРАЛЫ

1871 ЖЫЛҒЫ 21 СЕНТЯБРЬДЕ КОНФЕРЕНЦИЯ
МӘЖІЛІСІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДІҢ АВТОРЛЫҚ ЖАЗБАСЫ¹⁰⁰

Саясаттан үзілді-кесілді бой тарту мүмкін емес; бой тартуды жақтайтындар газеттерінің бәрі де саясатпен шұғылданады. Мәселе тек қандай саясатты қалай жүргізу керек екендігінде. Оның үстіне біздер үшін бой тарту мүмкін емес. Жұмысшы партиясы, саяси партия ретінде, қазірдің өзінде елдердің көпшілігінде бар. Саясаттан бой тартуды уағыздап партияның шырқын бұзар біз емес. Қазіргі өмірдің практикасы, қазіргі үкіметтердің — саяси мақсаттар үшін де, әлеуметтік мақсаттар үшін де — жұмысшыларды саяси тұрғыдан езуі оларды саясатпен шұғылдануға еріксіз мәжбүр етеді. Жұмысшыларды саясаттан бой тартуға уағыздау оларды буржуазиялық саясаттың құшағына итергендік болар еді. Пролетариаттың саяси қимыл жасауын күн тәртібіне қойған әсіресе Париж Коммунасынан кейін саясаттан бой тарту тіпті де мүмкін емес.

Біз таптардың жойылуын қалаймыз. Бұл мақсатқа жетудің құралы қандай? — Пролетариаттың саяси үстемдігі. Міне енді, осы жағдай айдан-анық болған кезде, біздің саясатқа араласпауымызды талап етіп отыр! Саясаттан бой тартуды уағыздаушылардың бәрі өздерін революционерлерміз деп атайды, керек десеніз неғұрлым революционерлерміз деп атайды. Бірақ революция дегеніміз саясаттың ең жоғары актісі; кімде кім революцияға ұмтылса, ол революцияны әзірлейтін, жұмысшыларды революцияға тәрбиелейтін құралдар саяси қимылдарды да мойындауға тиісті, өйткені бұларсыз шайқастың ертеңінде-ақ жұмысшыларды Фаврлар мен Пиалар әрқашан алдап кетеді. Ал жүргізілуі керек саясат болса, ол — жұмысшы саясаты; жұмысшы партиясы қайсыбір буржуазиялық партияның сонында салпақтамауға тиіс, қайта өзінің дербес мақсаты, өзінің дербес саясаты бар тәуелсіз партия болып қалыптасуға тиіс.

Саяси бостандықтар, жиналысқа және одаққа праволы болу, баспасөз бостандығы — біздің қаруымыз міне осылар; егер біздің осы қаруымызды тартып алғысы келетін болса, онда біз қол қусырып, саясаттан бой тарта аламыз ба? Саяси қимылдың қай-

қайсысы болсын болып отырған тәртіпті мойындаумен бірдей деседі. Ал егер ол тәртіп біздің қолымызға оның өзіне қарсы күресудің құралдарын беріп отырған болса, онда сол құралдарды пайдалану болып отырған тәртіпті мойындағандық болмайды.

Бірінші рет 1934 жылы «Коммунистический Интернационал» журналының 29-номерінде толық жарияланған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр. 2-басылуы, 17-том, 421—422-беттер

К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС

ИНТЕРНАЦИОНАЛДАҒЫ ОЙДАН ШЫҒАРЫЛҒАН ЖІКТЕЛІСТЕР

ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІ
БАС СОВЕТІНІҢ ЖАБЫҚ НҰСҚАУ ХАТЫ^{***}

Бас Совет бұл кезге дейін Интернационалдағы ішкі күрес жөнінде қандай да болсын пікірлер айтуды мүлдем қоя тұру керек деп есептеп келді және Серіктіктің кейбір мүшелері тарапынан міне екі жылдан астам уақыт бойына ашықтан-ашық шабуылға ұшырап келсе де, оған ешқашан жұрт алдында жауап берген емес.

Алайда, әзірге мәселе Интернационалдың және өзі пайда болғаннан бастап Интернационалға жау болған қайдағы бір қоғамның* арасында әдейі шатақ туғызуға тырысқан бірнеше эззілдің тіміскілеулерімен шектеліп отырғанда, одан әрі де үндемеуге болған болса, онда енді осы қоғам туғызып отырған жанжалдардан Европа реакциясы өзіне тірек тауып отырғанда, Интернационал өзі құрылғаннан бастап басынан кешірмеген дағдарысты басынан кешіріп отырған кезде, Бас Совет барлық осы эззілдіктерге тарихи шолу жасауға мәжбүр болып отыр.

I

Париж Коммунасы құлағаннан кейін Бас Советтің жасаған бірінші қадамы Франциядағы азамат соғысы туралы үндеуді жариялау болды**, онда ол Коммунаның барлық қимылдарына — бұл қимылдар буржуазияның, баспасөздің және европалық үкіметтердің жеңіліс тапқан париждіктерге барып тұрған оңбаған жалаларды үйіп-тегуіне сылтау болған кезеңнің нақ өзінде — өзінің қосылатынын білдірді. Тіпті жұмысшы табының бір бөлегі де өзінің төл ісінің жеңіліске ұшырағанын түсінбеді. Совет үшін бұған бір дәлел оның екі мүшесінің — Оджер және Лекрафт азаматтардың Совет құрамынан шығып кетуі болды, бұлар осы үндеуді қандай да болса жақтаудан мүлдем бас тартты. Үндеудің жариялануы дүние жүзінің барлық цивилизациялы елдерінде жұмысшы табының Париждегі оқиғаларға көзқарасының бірлігіне негіз салды деуге болады.

* — Социалистік демократияның халықаралық альянсының. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 215—262-беттер. *Ред.*

Екінші жағынан, Интернационал буржуазиялық баспасөзде, әсіресе ағылшынның үлкен баспасөзінде насихат жүргізудің аса қуатты құралын тапты, ол осы үндеу арқылы буржуазиялық баспасөзді айтысқа түсуге мәжбүр етті, ал бұл айтысты Бас Совет өзінің жауаптарымен қолдап отырды.

Коммунаның толып жатқан эмигранттарының Лондонға келуі Бас Советті еріксіз жәрдем комитетіне айналдырды және оны сегіз айдан астам уақыт бойына өзінің дағдылы міндетіне мүлдем жатпайтын осы қызметті атқаруға мәжбүр етті. Жеңілген және қуғынға ұшыраған коммунарлардың буржуазия жәрдемдеседі деп үміт ете алмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Ал жұмысшы табына келер болсақ, онда жәрдем талап ету ауыр кезеңнің үстіне тура келді. Швейцария мен Бельгияға эмигранттардың едәуір топтары келіп үлгірген еді, бұларға не жәрдем көрсету немесе Лондонға жетуіне көмектесу керек болды. Германияда, Австрияда және Испанияда жиналған сомалар Швейцарияға жіберілді. Англияда, шешуші кезеңі Ньюксалдағы оқиға¹⁹⁴ болған, тоғыз сағаттық жұмыс күні үшін жүріп жатқан ауыр күрес жұмысшылардың жеке жарналарын да сарықты, сондай-ақ тред-юниондардың қорларын да сарықты, ал тред-юниондардың қорларын уставтарға сәйкес тек кәсіптік күрестің мақсаттары үшін ғана жұмсауға болатынын айта кетейік. Алайда дамылсыз әрекет етіп, хат жазысудың арқасында Совет шамалы ақша жинап, оны апта сайын бөліп беріп отырды. Советтің үндеуіне Американың жұмысшылары неғұрлым кең көлемде үн қатты. Совет, буржуазияның үрейі ұшқан қиялының Интернационалдың қассасында бар деп білген талай миллиондарын үлестіре алатын болса-шы!

1871 жылғы май айынан кейін соғыстың салдарынан жоқ болған француз өкілдерінің орнына Совет құрамына Коммунаның бір топ эмигранттары енгізілді. Кооптацияланғандардың ішінде Интернационалдың ертеден келе жатқан мүшелері де, сондай-ақ өздерінің революциялық қажырымен белгілі бірнеше адам болды, бұлардың сайлануы Париж Коммунасын құрметтегендік болды.

Совет осы тәрізді барлық істермен қатар өзі шақыратын конференцияның әзірлік жұмысын жүргізуге тиісті болды¹⁹⁵.

Бонапартистік үкіметтің Интернационалға қарсы қатал қуғын жасауы Базель конгресінің⁹⁸ қаулысы бойынша Парижде конгресс шақырылуына бөгет жасады. Уставтың 4-статьясы бойынша өзіне берілген правоны пайдаланған Бас Совет 1870 жылғы 12 июльдегі нұсқау хатымен Майнцте конгресс шақырылатынын жариялады. Осымен бір мезгілде түрлі федерацияларға жіберген хаттарында* ол Бас Советтің тұрағын Англиядан бас-

* К. Маркс. «Барлық секцияларға құпия хабарлау» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 455-бет). Ред.

қа бір елге көшіруді ұсынды және осы мәселе жөнінде делегаттарға императивті мандаттар беруді сұрады; федерациялар Советті Лондонда қалдыруды бір ауыздан жақтады. Арада бірнеше күн өткеннен кейін бұрқ ете түскен Франция-Пруссия соғысы конгресс шақыруды жалпы мүмкін етпей тастады. Сонда барып біз пікірін сұраған федерациялар кезекті конгрестің мерзімін оқиғалардың барысына қарай белгілеу жөнінде бізге уәкілдік берді.

Саяси жағдай мүмкіншілік берген бойда, Бас Совет 1865 жылғы конференцияның³⁹ және ұйымдастыру мәселелері бойынша әрбір конгрестің кезінде өтіп отырған жабық мәжілістердің үлгілеріне сүйеніп, жабық конференция шақырды. Европалық реакция құтырынып тұрған кезеңде; Жюль Фавр барлық үкіметтерден, тіпті ағылшын үкіметінен де, эмигранттарды қылмысты айыптылар ретінде ұстап беруін талап еткен кезеңде; Дюфор Интернационалды заңнан тыс қойған заңды¹⁹⁶, кейіннен оның екіжүзді жасанды түрін Малу бельгиялықтардың алдына тартқан заңды помещиктік палатаға¹⁵¹ ұсынған кезеңде; Швейцарияда Коммуна эмигранттарының бірін ұстап беру талабына байланысты, федерациялық үкіметтің ұйғарымына дейін оны алдын-ала қамауға алған кезеңде; Интернационал мүшелерін қуғындау Бейст пен Бисмарктің арасындағы одақтың көрінеу негізі болған кезеңде, оның үстіне Интернационалға қарсы бағытталған келісімінің пунктіне қосылуға Виктор-Эммануил да жанталасқан кезеңде; испан үкіметі өзін бүтіндей Версаль жемдеттерінің қарамағына беріп, Мадридтегі Федерациялық советті өзіне Португалиядан баспана іздеуге¹⁹⁷ мәжбүр еткен кезеңде; ақырында, Интернационалдың бірінші міндеті өз ұйымын тығыз топтастырып, үкіметтердің тегеуіріне тойтарыс беру болып отырған кезеңде,— осындай кезеңде ашық конгресс шақыру мүмкін емес еді, мұның өзі континент делегаттарын үкіметтердің қолына ұстап беруге ғана апарып соқтыратын еді.

Бас Советпен тұрақты байланыс жасап тұрған секциялардың бәрі конференцияға мезгілінде шақырылды, сөз ашық конгресс жайында болмаса да, дегенмен бұған эзірлік елеулі қиыншылықтарға кездесті. Францияның сол кезде өзі болып отырған жағдайында делегаттар сайлай алмайтыны өзінен-өзі түсінікті болатын. Италиядағы бірден-бір ұйымдасқан секция ол кезде Неаполь секциясы болды; делегат сайлау кезеңінің қарсаңында ол қарулы күшпен қуып таратылған болатын. Австрия мен Венгрияда Интернационалдың неғұрлым белсенді мүшелері түрмеге қамалды. Германияда оның неғұрлым белгілі бірнеше мүшесі мемлекетке опасыздық жасады деген айып тағылып, қуғынға ұшырады, басқалары түрмеде болды да, партияның ақша қаражаты түгелдей солардың үй-іштеріне жәрдем беруге жұмсалып

жатты. Американдар делегациясын жіберуге арналған қаржыларын эмигранттарға жәрдемге пайдаланып, өз еліндегі Интернационалдың жағдайы туралы конференция атына толық есеп жіберді. Әйтсе де, федерациялардың бәрі де ашық конгресті жабық конференциямен ауыстырудың қажет екендігін мойындады.

1871 ж. сентябрьдің 17-сінен 23-іне дейін Лондонда болған конференция өз жұмысын аяқтағаннан кейін Бас Советке конференцияның қабылдаған қарарларын жариялауды, Ұйымдастыру регламентін біртұтас етіп біріктіріп, оны қайта қаралып, жөнделген Жалпы Уставпен* бірге үш тілде жариялауды, мүшелік карточканы маркамен ауыстыру туралы шешімді орындауды, Англиядағы Интернационалды қайта ұйымдастыруды¹⁹⁸ және, ақырында, осы алуан түрлі жұмыстарды орындау үшін қажетті қаражат іздестіріп табуды тапсырды.

Конференцияның материалдары жарияланған бойда, Парижден Москваға дейінгі және Лондоннан Нью-Йоркке дейінгі реакцияшыл баспасөз жұмысшы табының саясаты туралы қарарды** — «Times»¹⁶³ оны «шімірікпей ойластырған сотқарлық» деп айыптады, — мұның қаскүнемдігі соншалық, Интернационалды дереу заңнан тыс қою қажет деп жариялады. Екінші жағынан, өздеріне жалған атақ берген сектанттық секцияларды¹⁹⁹ айыптаған қарар халықаралық полицияға Бас Совет пен конференцияның қорлықты деспотизмнің қарсы қамқорымызға алып отырмыз дейтін жұмысшылардың ерікті автономиясын қорғағансып шу көтеруіне көптен күткен желеу тауып берді. Бас Советтің «ауыр езгісін» жұмысшы табының сезінгені соншалық, Бас Совет Европадан, Америкадан, Австралиядан, тіпті керек десеңіз Индиядан Интернационалға кіру туралы өтініштер және жаңа секциялардың құрылғаны туралы хабарлар алды.

II

Буржуазиялық баспасөздің жалақорлық айыптаулары және халықаралық полицияның шағымдары тіпті біздің Серіктіктен де өзіне тілектестік білдірушілер тапты. Сырттай қарағанда Бас Советке қарсы бағытталған сияқты, ал іс жүзінде бүкіл Серіктікке қарсы бағытталып отырған эзәзілдіктер Серіктіктің өз ішінде жасалды. Осы эзәзілдіктер тасасында *Социалистік демократияның халықаралық альянсы* — орыс Михаил Бакуиннің перзенті — тұрғандығы даусыз. Сибирьден қайтып оралғаннан кейін Бакуин Герцен «Колоколынын» беттерінде, өзінің ұзақ жылғы тәжірибесінің жемісі ретінде, панславизм мен нәсілдер соғы-

* Қараңыз: осы том, 15—18-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 263—264-беттер. *Ред.*

сын²⁰⁰ уағыздай бастады. Кейініректе, Швейцарияда болған кезінде, ол Интернационалға қарама-қарсы құрылған Бейбітшілік пен бостандық лигасының²⁰¹ басшылық комитетіне сайланды. Осы буржуазиялық қоғамның ісі барған сайын құлдырап бара жатқандықтан, оның президенті Г. Фогт мырза, 1868 ж. сентябрьде Брюссельде жиналған Интернационал конгресіне²⁰² Бакуниннің кеңесі бойынша, Лигамен одақ жасасуды ұсынды. Конгресс бір ауыздан: екіншісі бірі — не Лига да Интернационалдың көздегеніндей мақсатты көздейтін болады, — онда Лиганың өмір сүруінің ешқандай мағынасы жоқ, не Лиганың мақсаттары басқаша мақсаттар болып табылады — мұндай жағдайда одақ жасасу мүмкін емес деп мәлімдеді. Арада бірнеше күн өткеннен кейін Бернде болған Лига конгресінде Бакуниннің үндеуі пайда болды. Ол мұнда асығыс жасала салған программасын ұсынды, оның ғылыми құндылығы туралы төмендегі: *«таптарды экономикалық және саяси жағынан теңестіру»*²⁰³ деген бір сөйлемнің өзінен қорытынды жасауға болады. Болмашы азшылық қолдаған ол, Интернационалдың Жалпы Уставын өзінің кездейсоқ, Лига қабылдамай тастаған программасымен ауыстыруды, ал Бас Советті өзінің жеке басының диктатурасымен ауыстыруды көздеп, Интернационалға кіру үшін Лигадан қол үзді. Осы мақсатқа жету үшін ол өзіне арнаулы қару жасап алды — Интернационал ішіндегі Интернационал болуға арналған *Социалистік демократияның халықаралық альянсын* құрды.

Осы қоғамды құруға қажетті элементтерді Бакунин өзінің Италияда болған кезінде байланыс жасаған адамдарының ішінен және орыс эмигранттарының кіші-гірім тобының ішінен тапты; бұлар оның эмиссарлары және Швейцарияда, Франция мен Испанияда Интернационалдың мүшелерін өз жағына тартушылар болып қызмет атқарды. Алайда Бельгия және Париж федерациялық советтері Альянсты мойындаудан екінші рет бас тартқаннан кейін ғана Бакунин өзінің жаңа қоғамының уставын Бас Советтің мақұлдауына ұсынуға бел байлады, ал бұл устав «түсінілмеген» бердік программаны нақпа-нақ қайта жаңғыртудан басқа ештеңе емес еді. Совет 1868 жылғы 22 декабрьдегі төмендегі нұсқау хатымен жауап берді:

БАС СОВЕТ — СОЦИАЛИСТІК ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛЪЯНСЫНА

Осыдан бір ай шамасы бұрын бірнеше азамат Женеванда *Социалистік демократияның халықаралық альянсы* деген атпен жаңа халықаралық қоғамның орталық инициативалық комитетін құрды, бұл қоғам өзінің *«ерекше міндеті теңдіктің ұлы принципі негізінде саяси және философиялық мәселелерді және т. т. зерттеу»* деп жариялады.

Осы инициативалық комитеттің бастырып шығарған программасы мен уставы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас Советіне 1868 жылғы 15 декабрьде ғана хабар етілді. Бұл документтерге қарағанда, жоғарыда айтылған Альянс «Интернационалға бүтіндей сіңісіп кетеді» және сөйте тұра бұл Серіктіктен түгелдей тысқары құрылады. *Интернационалдың Женева*²⁰⁴, *Лозанна*²⁰⁵ және Брюссель конгрестерінде ылғи сайланып келген Бас Советімен қатар инициаторлардың уставына сәйкес Женевада өзін өзі тағайындаған басқа бір бас совет өмір сүретін болады. *Интернационалдың* жергілікті топтарымен қатар *Альянстың* жергілікті топтары өмір сүретін болады, бұл топтар *Интернационалдың* ұлттық бюроларынан тыс жұмыс істейтін өздерінің ұлттық бюролары арқылы «өздерін *Интернационалға* алу туралы *Альянстың* орталық бюросына өтініш жасайтын болады»; сөйтіп Альянстың орталық комитеті *Интернационалға* қабылдау правосын иемденетін болады. Ақырында, *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің жалпы конгресінің* де өзінің сынары — *Альянстың жалпы конгресі* — болады, өйткені инициаторлардың регламенті бойынша, жұмысшылардың жыл сайынғы конгресі кезінде Социалистік демократияның халықаралық альянсының делегациясы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің бөлімшесі ретінде «өздерінің ашық мәжілістерін бөлек үйде өткізетін болады».

Төмендегілерді еске алып,

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің ішінде және онан тыс жұмыс жүргізетін екінші халықаралық ұйымның болуы оның шырқын бұзу үшін нағыз таптырмайтын құрал болатынын ескеріп;

адамдардың қандай болсын басқа бір тобы кез келген жерде женевалық инициативалық топтың жолын қууға және азды-көпті игі ниетті сылтауратып Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігіне басқа ерекше міндеті бар халықаралық бөтен бір серіктіктерді енгізуге праволы болатынын ескеріп;

сөйтіп, Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі көп кешікпей кез келген ұлт пен кез келген партиядан шыққан эзәзілдердің қолындағы ойыншыққа айналуы мүмкіндігін ескеріп;

оның үстіне Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Уставы бойынша оның қатарына тек жергілікті және ұлттық секциялар енгізілетінін ескеріп (Уставтың I және VI статьяларын қараңыз);

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Жалпы Уставына және Ұйымдық регламентіне қайшы келетін уставтар мен ұйымдық регламенттерді Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі секцияларының қабылдауына тыйым салынғанын ескеріп (Ұйымдық регламенттің XII статьясын қараңыз);

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Уставы мен

Ұйымдық регламентін егер қатысып отырған делегаттардың үштен екісі қайта қарауды жақтаған жағдайда ғана жалпы конгресс қайта қарай алатынын ескеріп (Ұйымдық регламенттің XIII статьясын қараңыз);

бұл мәселе Брюссельдегі жалпы конгресте *Бейбітшілік лигасына* қарсы бірауыздан қабылданған қарарларда алдын ала шешіліп қойылғанын ескеріп;

осы қарарларда конгресс *Бейбітшілік лигасының* өмір сүруіне ешқандай негіз жоқ деп, өйткені оның жуық арадағы мәлімдемесі бойынша, оның мақсаты мен принциптері Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің мақсатымен және принциптерімен бірдей деп мәлімдегенін ескеріп;

Альянстың инициативалық тобының кейбір мүшелері делегаттар ретінде Брюссель конгресінде осы қарарларды жақтап дауыс бергенін ескеріп;

Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас Советі өзінің 1868 ж. 22 декабрьдегі мәжілісінде бір ауыздан қаулы етті:

1) Социалистік демократияның халықаралық альянсы уставының оның Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігімен қарым-қатынасын белгілейтін барлық статьялары жойылған және заңсыз деп жарияланады.

2) Социалистік демократияның халықаралық альянсы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігіне секция ретінде қабылданбайды.

Мәжілістің председателі — *Дж. Оджер*
Бас секретары — *Р. Шо*

Лондон, 22 декабрь, 1868 ж.

Арада бірнеше ай өткеннен кейін Альянс Бас Советтен Альянстың *принциптерін* ол мойындай ма, *ия ма немесе жоқ па?* деп қайта сұрады. Мойындайды деген жауап болған жағдайда Альянс Интернационал секцияларының ішіне сіңісіп кетуге өзінің әзір екендігі туралы мәлімдеді. Бұған жауап ретінде ол 1869 жылғы 9 марттағы төмендегі нұсқау хатты алды:

БАС СОВЕТ — СОЦИАЛИСТИК ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛЪЯНСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БЮРОСЫНА

Біздің Уставтың I статьясына сәйкес Серіктікке нақ бір ғана мақсатқа ұмтылатын, атап айтқанда: *өзара қорғауға, жұмысшы табының дамуына және толық азаттық алуына* ұмтылатын жұмысшы қоғамдарының бәрі қабылданады.

Әрбір елде жұмысшы табының түрліше отрядтары дамудың әр қилы жағдайында болатындықтан, шын қозғалыстың бейнесі

болып табылатын олардың теориялық көзқарастарының да бірінен бірінің айырмашылығы болмай тұрмайды.

Алайда Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі белгілеген қимыл-әрекет ортақтығы, түрлі ұлттық секциялардың баспасөз органдары арқылы жеңілдейтін идеялар алмасу және жалпы конгрестерде болып тұратын тікелей айтыстар біртіндеп ортақ теориялық программаның жасалуына жеткізуге тиіс.

Сонымен, *Альянстың программасын сын тұрғысынан қарастыру* Бас Советтің міндетіне жатпайды. Бұл программа пролетарлық қозғалыстың адекваттық көрінісі ме, жоқ па деп зерттеу — біздің міндетіміз емес. Бізге маңыздысы: ол программада біздің Серіктіктің *жалпы тенденциясына*, яғни *жұмысшы табын толық азат етуге* қайшы келетін бірденесі бары-жоғын білу ғана. Сіздердің программанызда осы талапқа сай келмейтін бір сөйлем бар. 2-статья былай дейді:

«Ол» (Альянс) «ең алдымен таптардың *саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан теңгерілуіне күш салады*».

Таптардың теңгерілуі, сөзбе-сөз түсінілгенде, буржуазияшыл социалистер мезі қылып, соншалық уағыздап келген *капитал мен еңбектің жарасуына* келіп саяды. *Таптардың теңгерілуі емес* — іс жүзінде жүзеге аспайтын қисынсыздық, — қайта керісінше, *таптарды жою* — пролетарлық қозғалыстың шынайы сыры, *Жұмысшылардың Халықаралық серіктігінің* ұлы мақсаты болып табылатын шынайы сыры міне осы.

Алайда, егер *таптардың теңгерілуі* деген осы сөз тұрған контексті алатын болсақ, онда бұл сөз андаусызда кеткен әшейін қате сияктанып көрінеді. Осыншалық қауіпті түсініспеушілікке желеу болатын осы сөйлемді өздеріңіздің программаныздан алып тастауға қарсы болмайтындарыңызға Бас Совет күмән келтірмейді. Біздің Серіктік, өзінің принциптеріне сәйкес, Серіктіктің жалпы тенденциясын бұзатын жағдайлардан басқаның бәрінде өзінің теориялық программасын еркін тұжырымдауды әрбір секцияның өз ықтиярына береді.

Демек, Альянс секцияларының Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің секцияларына *айналуына* ешқандай кедергі жоқ.

Егер *Альянсты тарату туралы және оның секцияларының Интернационалға кіруі туралы* мәселе біржолата шешілетін болса, онда біздің Регламентімізге сәйкес *әрбір жаңа секцияның тұрған орны және ондағы адам саны туралы Советке хабарлау* қажет болады.

*Бас Советтің 1869 жылғы
9 марттағы мәжілісі*

Альянс осы шарттарға келіскендіктен, Бакунин программа-сына қойылған кейбір қолдардан барып қателескен Бас Совет оны Интернационалға алды, алғанда Женевадағы Романдық федерациялық комитет Альянсты мойындады деп ұйғарды, ал шынында, керісінше, Альянспен істес болудан ол ылғи қашқақтап жүрген. Альянс өзінің таяудағы мақсатына: Базель конгресіне өкілдік алу мақсатына жетті. Альянсты жақтаушылар қолданған жымысқы әдістерге, Интернационалдың конгрестерінде осы жолғыдан басқа уақытта ешқашан қолданылып көрмеген әдістерге қарамастан, Бакунин Бас Советтің тұратын орнын конгресс Женеваға көшіреді деп және мұрагерлік правоны дереу жою туралы сен-симондық қоқысты — социализмнің практика жүзіндегі бастама пункті деп Бакунин ұсынған шараны — ресми түрде мақұлдайды деп жасаған есебінен алданып қалды. Осының өзі Альянстың Бас Советке қарсы ғана емес, сонымен бірге Интернационалдың барлық секцияларына да қарсы ашық және үздіксіз майдандасуына түрткі болды, ал бұл секциялар әлгі сектанттық тобырдың программасын және әсіресе оның саясат саласында мүлдем бой тарту туралы доктринасын қабылдаудан бас тартты.

Базель конгресіне дейін-ақ, Нечаев Женеваға келген кезінде, Бакунин онымен байланыс жасап, Россияда студенттердің арасында құпия қоғам құрды. Түрліше «революциялық комитеттердің» атын жамылғы етіп, өз атын үнемі жасырып, ол әр қилы алдаушылыққа және Қалиостро заманындағы көріне адастырушылыққа сүйенген шексіз билікке ие болуға тырысты. Женевадан сары конверттерге салған, сыртына орыс тілінде: «Құпия революциялық комитет» деген штамп басылған хаттар жіберіп, ешбір кінәсы жоқ адамдар жөнінде орыс полициясының күдігін туғызу — бұл қоғамның насихатының басты әдісі болды. Нечаев процесі туралы жарияланған есептер *Интернационалдың* атын пасықтық ниетпен пайдаланғандықты дәлелдейді*.

Бұл уақытта Альянс алғашында Локльде шығып тұрған «Progrès»²⁰⁷ газетінде, кейін Романдық федерацияның ресми органы — Женевадағы «Égalité»¹⁰⁷ газетінің бетінде Бас Советке қарсы ашық айтыс бастады, бұл газетке Бакунинмен бірге Альянстың бірнеше мүшесі кіріп алды. «Progrès»-тің — Бакуниннің өзінің органының — шабуылын елемеген Бас Совет енді «Égalité»-нің шабуылын елеусіз қалдыра алмады, өйткені бұл шабуылдар Романдық федерациялық комитеттің келісімі бойын-

* Жақын уақыттың ішінде Нечаев процесінен үзінділер жарияланады²⁰⁶. Оқушы бұлардан Бакуниннің достары жауапкершілігін *Интернационалға* артқан сорақы, сонымен бірге пасықтық ережелердің үлгілерін табады.

ша істеліп отыр деп ойлады. Сондықтан Совет 1870 ж. 1 январь-дағы нұсқау хатын* жариялады, онда былай делінген.

«1869 ж. 11 декабрьдегі «Egalité»-ден біз мынаны оқимыз:

«*Күман жоқ*, Бас Совет айрықша маңызды істерді елеусіз қалдырып отыр. Біз Регламенттің бірінші статьясында көрсетілген оның міндеттерін есіне саламыз: Бас Совет конгрестің қаулыларын орындауға *міндетті* және т. т. Біз Бас Советке жеткілікті сұрақтар қоя алар едік, бұларға берілетін жауаптар едәуір көлемді документ болып шығар еді. Біз мұны кейінірек істейміз... Ал әзірше және т. т.»

Бас Совет өзін «Egalité»-мен хат жазысуға немесе айтысуға міндеттеген, немесе газеттердің «сұрақтарына жауап» беруге міндеттеген статьяның барын Уставтан да, Регламенттен де білмейді. Бас Советтің алдында Романдық Швейцария секцияларының өкілі Женевада тұратын Федерациялық комитет қана болып табылады. Егер Романдық федерациялық комитет бірден-бір заңды жолмен, яғни өзінің секретары арқылы бізге сұрақтар қойып немесе айып тағып сөз салса, онда Бас Совет оған жауап беруге әрқашан әзір. Бірақ Романдық федерациялық комитет «Egalité» мен «Progrès» редакторларының пайдасына өз міндеттерінен бас тартуға да, комитеттің міндеттерін бұл газеттердің зорлықпен иемденуіне жол беруге де праволы емес. Жалпы айтқанда, Бас Советтің ұйымдық мәселелер жөнінде ұлттық және жергілікті комитеттермен жазысқан хаттарын жариялау Серіктіктің жалпы мүдделеріне үлкен зиянын тигізбей қоймас еді. Шынында да, егер Интернационалдың басқа органдары «Progrès» пен «Egalité»-ге еліктей бастайтын болса, онда Бас Совет екіншісіне ұшырап еді — не өзінің үндемей қалуымен қоғам алдында қадірін түсірер еді, не жария жауап беріп, өзінің міндеттерін бүзар еді. «Egalité» «Progrès»-пен бірігіп Париждегі «Travail»²⁰⁸ газетіне өз тарапынан Бас Советке шүйілуді ұсынған. Мұның өзі Қоғамдық игілік лигасы²⁰⁹ емей немене!»

Оның бер жағында осы нұсқау хатпен таныспай тұрып-ақ Романдық федерациялық комитет Альянстың жақтаушыларын «Egalité»-нің редакциясынан шығарып жіберген-ді.

1868 ж. 22 декабрьдегі және 1869 ж. 9 марттағы нұсқау хаттар сияқты 1870 ж. 1 январьдағы нұсқау хатты да Интернационал секцияларының бәрі мақұлдаған болатын.

Альянс өзі қабылдаған шарттардың бірде-бірін орындамағаны өзінен-өзі түсінікті. Оның жалған секциялары Бас Совет үшін құпия болып қала берді. Бакунин Испания мен Италиядағы бірнеше бытыранды топтарды және өзінің ықпалымен Интернационалдан бөлініп шыққан Неаполь секциясын өзінің жеке басшылығында ұстап қалуға тырысты. Италияның басқа

* Қараңыз: К. Маркс «Бас Совет — Романдық Швейцарияның федерациялық советіне» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 402—409-беттер. Ред.

қалаларында ол жұмысшылардан емес, адвокаттардан, журналистерден және басқа буржуазияшыл доктринерлерден құралған кіші-гірім топтармен байланыс жасап тұрды. Барселонада оның ықпалын өзінің кейбір достары қолдады. Францияның оңтүстігіндегі кейбір қалаларда Альянс Лиондағы Альбер Ришар мен Гаспар Бланнның басшылығымен сепараттық секциялар құруға әрекеттенді, бұлар жайында әлі ілгеріде сөз болады. Қысқасын айтқанда, Интернационалдың ішіндегі халықаралық қоғам қимыл жасай берді.

Альянс шешуші соққысын — Романдық Швейцария секцияларына басшылық етуді басып алу әрекетін — 1870 жылы 4 апрельде Шо-де-Фонда ашылған съезде жасамақшы болды.

Күрес Альянс делегаттарының съезге қатысу правосы туралы, Женева федерациясы мен Шо-де-Фон секцияларының делегаттары дауға салған право туралы мәселе жөнінде басталды.

Альянс жағындағылар, олардың өз есебі бойынша, федерация мүшелерінің бестен бірінің ғана өкілдері болса да, бұлардың Базельдегі айла-шарғыны қайталап, бір немесе екі дауыс артықшылықпен жалған көпшілікті өзіне қамтамасыз етуінің сәті түсті. Олардың өз органының (1870 ж. 7 майдағы «Solidarité»²¹⁰-ні қараңыз) айтуынша, бұл көпшілік тек *он бес* секцияның ғана өкілдігі болды, ал бір ғана Женеваның өзінде отыз секция болатын! Дауыс беру нәтижесінде романдық съезд екіге жарылып, бұлар бөлектеніп мәжіліс құра берді. Альянсты жақтаушылар, өздерін бүкіл федерацияның заңды өкілдеріміз деп есептеп, Романдық федерациялық комитеттің тұрағын Шо-де-Фонға көшірді де, Невшательде азамат Гильомның редакциясымен «Solidarité» деген өздерінің ресми органын құрды. Бұл жас жазушының арнайы міндеті Женевадағы «фабрика»²¹¹ жұмысшыларына, осы жексұрын «буржуаға» жала жабу, Романдық федерацияның органы «Egalité»-ге қарсы күрес жүргізу және саясат саласына мүлде бой тартуды уағыздау болды. Бұл тақырыптағы неғұрлым елеулі мақалалардың авторлары Марсельде — Бастелика және Лионда — Альянстың екі ұлы тірегі Альбер Ришар мен Гаспар Блан болды.

Женева делегаттары өздеріне қайтып оралғаннан кейін өз секцияларының жалпы жиналысын шақырып, бұл жиналыс Бакуиннің және оның достарының қарсы әрекеттеріне қарамастан делегаттардың Шо-де-Фон съезіндегі іс-әрекетін мақұлдады. Біраз уақыт өткеннен кейін Бакуин және оның неғұрлым белсенді жандайшаптары ескі Романдық федерациядан шығарылды.

Романдық съезд жабыла салысымен-ақ, Шо-де-Фондағы жаңа комитет Бас Советінің араласуын талап етіп, оған секретарь ретінде Ф. Робер, ал председатель ретінде Анри Шевале қол қойып хат жазды, ал арада екі ай өткеннен кейін комитеттің

органы «Solidarité» 9 июльде Анри Шевалені ұрлық жасады деп айыптады. Екі жақтың тапсырған документтерін қарай келіп, 1870 ж. 28 июньде Бас Совет Женевадағы Федерациялық комитеттің бұрынғы атқаратын қызметі өзінде қалдырылсын және Шо-де-Фондағы жаңа федерациялық комитет өзіне қандай бір болсын жергілікті ат қабылдасын деп қаулы етті. Осы шешімде өз дегені болмай, алданып қалған Шо-де-Фондағы комитет Бас Советтің араласуын алдымен өзі талап еткенін ұмытып, Бас Советтің *беделі* жөнінде айқай-шу көтерді. Осы комитеттің Романдық федерациялық комитеттің атына ие болуға жанын салып, Швейцария федерациясын тартқан лаңы Бас Советті бұл комитетпен қандай да болсын ресми байланысты тоқтатуға мәжбүр етті.

Осыдан біраз бұрын Луи Бонапарт Седан түбінде өзінің армиясымен тізе бүкті⁹⁹. Интернационал мүшелерінің соғыстың созылуына қарсы наразылығы тұс-тұстан естіле бастады. Бас Совет өзінің 9 сентябрьдегі үндеуінде* Пруссияның басқыншылық жоспарларын әшкерелеп, оның жеңісі пролетариат ісі үшін қаншалықты қауіпті екенін көрсетті, сөйтіп неміс жұмысшыларына бұл жеңістің бірінші құрбандығы болатындығын ескертті. Англияда Бас Совет *митингілер* шақырып, бұл митингілерде ағылшын сарайының пруссофилдық тенденцияларына тойтарыс берілді. Германияда жұмысшылар — Интернационал мүшелері республиканы мойындауды және «Франция үшін құрметті бітім» жасалуын талап еткен демонстрациялар ұйымдастырды...

Оның бер жағында, қызба Гильомның (Невшательден) өжет мінезі оған *аноним* манифест шығару жөнінде тамаша ой салды, манифест ресми орган «Solidarité»-нің қосымшасында соның атымен жарияланды²¹²; манифест пруссактарға қарсы соғысу үшін швейцариялық волонтер отрядтарын құруды талап етті; Гильомның өзінің соғысуына бөгет болған оның абстенционистік сенімдері екенінде күмән жоқ.

Лионда көтеріліс бүрк ете түсті²¹³. Бакунин сол жерге ұмтылды және Альбер Ришардың, Гаспар Блан мен Бастеликаның қолдауымен 28 сентябрьде қалалық ратушаға орналасты, бірақ саяси акт деп есептеп, айналасына күзет қоюдан *тартынды*. Ауыр толғақтың артынан, ақырында келіп *мемлекетті жою* туралы өзінің декреті жарық көрген кезде, оны бірнеше ұлттық гвардияшылар маскара етіп, ратушадан қуып шықты.

1870 ж. октябрьде Бас Совет, өзінің француз мүшелері жоқ болғандықтан, Бресттен келген эмигрант, Альянстың неғұрлым белгілі жақтаушыларының бірі, ал оның үстіне «Egalité» бетінде Бас Советке жасалған шабуылдардың авторы азамат Поль Робенді кооптациялады. Осы уақыттан бастап Робен Советте

* Қараңыз: осы том, 207—215-беттер. *Ред.*

Шо-де-Фондағы комитеттің ресми тілшісінің қызметін үздіксіз атқарып келді. 1871 ж. 14 мартта ол Швейцария жанжалын шешу үшін Интернационалдың жабық конференциясын шақыруды ұсынды. Бас Совет Парижде ірі оқиғалардың болғалы отырғанын көріп, мұнан үзілді-кесілді бас тартты. Робен осы мәселеге бірнеше рет қайта оралды, тіпті Советке жанжал жөнінде үзілді-кесілді шешім қабылдауды ұсынды. 25 июльде Бас Совет бұл істі 1871 ж. сентябрьде шақырылатын конференцияның¹⁹² шешуіне жататын мәселелердің қатарына енгізілсін деп қаулы етті.

10 августа, өзінің тіміскі әрекеттерінің конференцияда тексерілуін тіпті де қаламаған Альянс, сол айдың 6-сынан бастап өзін таратылды деп жариялады. Бірақ 15 сентябрьде ол қайта пайда болып, өздерін *атеист-социалистердің секциясы* деген атпен алуын Советтен сұрады. Базель конгресінің ұйымдық мәселелер жөніндегі V қарарына сәйкес Совет екі жыл бойы сектанттық секциялармен күрестің ауыр жүгін көтеріп келген Женева федерациялық комитетінің пікірін сұрастырмайынша бұл секцияны алуға праволы емес еді. Оның үстіне Совет мұнан бұрын ағылшынның христиандық жұмысшылар қоғамдарына (Young men's Christian Association*) Интернационал теологиялық секцияларды мойындамайтынын жариялаған болатын.

6 августа, Альянстың таратылатын күні, Шо-де-Фондағы федерациялық комитет Советпен ресми қарым-қатынас жасау туралы өзінің өтінішін қайталап, 28 июньдегі шешімді өзінің бұрынғыша мойындамайтынын және Женева жөнінде өзін романдық федерациялық комитет деп есептей беретінін, ал «бұл мәселені жалпы конгресс шешуге тиіс» екенін Советке мәлімдеді. 4 сентябрьде тағы да осы комитет конференция шақыру мәселесін бірінші болып өзі көтерсе де, конференцияның беделділігіне күмәнданып, қарсылық жолдады. Париж қоршауға алынғандың алдында Шо-де-Фондағы комитет Швейцария жанжалы туралы мәселе жөнінде²¹⁴ шешім шығаруын сұрап, Париж федерациялық советіне ұсыныс жасағанда, осы Париж федерациялық советінің бұған қандай беделі бар еді? деп конференция да өз тарапынан сұрақ қоя алушы еді. Бірақ конференция Бас Советтің 1870 ж. 28 июньдегі қаулысын қуаттаумен шектелді (дәлелді Женевадағы «Égalité»-нің 1871 жылғы 21 октябрьдегі санынан қараныз).

III

Швейцарияда осы жерден өздеріне пана тапқан бірнеше француз эмигранттарының болуы Альянсты біраз жандандырды.

Интернационалдың женевалық мүшелері эмигранттарға қол-

* — Христиан жастарының одағы. *Ред.*

дан келгенінің бәрін істеді. Бұлар алғашқы күндерден бастап эмигранттарға жәрдем берілуін қамтамасыз етті, үгітті кеңінен өрістетті, сөйтіп Версаль үкіметінің талап етуімен эмигранттарды ұстап беруге Швейцария өкімет орындарының келісуіне кедергі жасады. Ал қашқындардың шекарадан өтуіне көмектесу үшін Францияға сапар шеккен адамдар үлкен қауіп-қатерге ұшырады. Б. Малон* сияқты кейбір билеп-тестеушілер Альянстағы мырзалармен дереу байланыс жасап, Альянстың бұрынғы секретары Н. Жуковскийдің көмегімен Женевада Романдық федерациядан тыс «насихат және революциялық социалистік қимыл секциясы»²¹⁶ деген жаңа секция құрмалық болғанын білген кезде Женева жұмысшылары қалай аң-таң қалды десеңізші. Өз уставының бірінші пунктінде бұл секция былай деп мәлімдейді: ол

«Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Жалпы Уставын қабылдайды, *ис-әрекет* пен инициатива жөнінде өзін *толық ерікті деп біледі*, ал бұл бостандық Серіктіктің Уставы мен *конгрестері* мойындаған автономия мен федерация принципінің логикалық нәтижесі болып табылады».

Басқаша айтқанда, секция Альянстың ісін жалғастыруда өзін толық еріктімін деп санайды.

1871 ж. 20 октябрьде Малон Бас Советке хат жолдап, онда осы жаңа секция өзін Интернационалға алуды үшінші рет сұрады. Базель конгресінің V қарарына сәйкес, Совет Женева федерациялық комитетінің пікірін сұрады, ол «эзәзілдіктер мен алауыздықтардың» осы жаңа «ошағын» Советтің мойындауына барынша қарсы болды. Б. Малонның және Альянстың бұрынғы секретары Н. Жуковскийдің дегенін бүкіл федерацияға таңғысы келмеуі үшін Совет шындығында да жеткілікті дәрежеде «беделді» болып шықты.

«Solidarité» газеті өзінің өмір сүруін тоқтатқандықтан, Альянстың жаңа жақтаушылары Андре Лео ханымының жоғарғы

* Б. Малонның міне енді үш ай бойына дағдылы әдетпен оны «*Интернационалдың негізін салушы*» деп дәріптеп жүрген және оның кітабын²¹⁵ *Коммуна туралы бірден-бір объективті еңбек* деп жариялап жүрген достары Батиньоль мэрінің осы жәрдемшісінің февраль сайлауының қарсаңында қандай позицияда болғанын біле ме екен? Ол кезде Коммунаның болатынын әлі білмеген және өзінің Ұлттық жиналысқа сайлануын ғана ойлаған Б. Малон Интернационалдың мүшесі ретінде төрт сайлау комитетінің тізіміне іліну үшін эзәзілдіктерді қолданды. Осы мақсатты көздеп ол Париж федерациялық советінің бар екендігін арсыздықпен теріске шығарды және Батиньольде өзі құрған секцияның жасаған тізімін комитеттерге берді, сөйтіп оны бүкіл Серіктіктің тізімі деп көрсетпек болды.— Кейінірек, 19 мартта, ресми документте ол жақында болған ұлы революцияның басшыларының жер-жебіріне жетті. Енді келіп осы барып тұрған анархист тіпті бұдан бір жыл бұрын төрт комитетке өзі айтқан сөздерді: «Интернационал — ол мен!» деген сөздерді басып шығарды немесе соған жол беріп отыр. Б. Малон осымен бірге бірден XIV Людовикке де, шоколад фабриканты Перронға да ұқсауға дейін жетті. Перрон тек менің шоколадым ғана... дәмді демеп пе еді!

басшылығымен «Révolution Sociale»-ні²¹⁷ құрды; бұл ханым осының алдында ғана Бейбітшілік лигасының Лозанна конгресінде былай деп мәлімдеген болатын:

«Рауль Риго мен Ферре Коммунаның зұлым екі тұлғасы болатын, олар бұған дейін» (кепілдікке алынғандар өлтірілгенге дейін) «қантөгіс шараларды үнемі талап етіп келді — рас, бұлары ешқашан іске асқан жоқ».

Газет өзінің бірінші номерінен бастап-ақ «Figaro», «Gaulois», «Paris-Journal»²¹⁸ және басқа жексұрын листоктармен бір деңгейде болуға ұмтылды, олардың Бас Советке қарсы жиренішті шабуылдарын көшіріп басып отырды. Бұл газет керек десе Интернационалдың өз ішінде де ұлттық өшпенділіктің өртің тұтандыру үшін осы кезеңді қолайлы деп тапты. Оның айтуынша, Бас Совет Бисмарк тұрпатындағы адам басқарып отырған неміс комитеті болып табылады*.

Бас Советтің кейбір мүшелері өздерінің «ең алдымен галлдармыз» деп мақтана алмайтынын мықтап біліп алып, «Révolution Sociale» европалық полицияның таратқан екінші ұранына жабыса кетуден және Советтің *беделділігі* туралы хабарлаудан басқа жақсы ештеңе таппады.

Осы балалық сандырақты ақтамақ болып тырысқан фактілері қандай? Бас Совет Альянсты өз ажалынан өлсін деді және Женевадағы Федерациялық комитетпен келісіп, оның қайта жандануына жол бермеді. Оның үстіне, Бас Совет Шо-де-Фондағы комитетке Романдық Швейцарияда Интернационал мүшелерінің басым көпшілігімен тату тұруына жағдай жасайтындай ат тауып алсын деді.

Базель конгресінің өзіне берген жеткілікті кең уәкілдіктерін Бас Совет 1869 жылдың октябрінен 1871 жылдың октябріне дейінгі уақыттың ішінде, әлгі «беделділік» іс-әрекеттерінен басқа тағы қалай пайдаланды?

1) 1870 ж. 8 февральда Париждің «пролетар-позитивистер қоғамы» Бас Советке өздерін Интернационалға алуды сұрап сөз салды. Совет оған былай жауап берді: қоғамның ерекше ұстаынында капиталға қатысты бөлімінде баяндалған позитивистік принциптер Жалпы Уставтың** кіріспе бөліміне көрінеу қайшы келеді, демек, бұл принциптерді былай қойып, Интернационалға «позитивистер» ретінде емес, «пролетарлар» ретінде кіру керек, сөйтіп өзінің теориялық көзқарастарын Серіктіктің жалпы принциптерімен ерікті түрде үйлестіру правосын өзіне қалдыру керек. Осы шешімнің дұрыстығын мойындаған секция Интернационалға кірді.

* Бас Советтің ұлттық құрамы міне мынадай: 20 ағылшын, 15 француз, 7 неміс (бұлардың ішінде бесеуі Интернационалдың негізін салушылар), 2 швейцариялық, 2 венгер, 1 поляк, 1 бельгиялық, 1 ирланд, 1 даниялық және 1 итальян.

** Қараңыз: осы том, 15—18-беттер. Ред.

2) Лионда 1865 жылғы секция мен жуырда құрылған секцияның арасында ажыраушылық болды; соңғы секцияға адал ниетті жұмысшылармен қатар Альянс өкілдері Альбер Ришар мен Гаспар Блан да кірген еді. Осындай жағдайларда болатыны сияқты, Швейцарияда құрылған аралық соттың шешімі мойындалмады. 1870 ж. 15 февральда жаңа секция Бас Советтен Базель конгресінің VII қарары негізінде осы жанжал жөнінде шешім шығаруды талап етіп қана қоймай, сонымен бірге оған 1865 жылғы секция мүшелері маскараланып, Интернационалдан шығарылуын ұсынған өзінің дайын шешімін жіберді. Осы шешімге Бас Совет қолын қойып, *кері қайтатын почтамен* қайтарсын делінді. Совет осы құлақ естіп көрмеген әрекетті айыптап, тиісті документтер тапсыруды талап етті. Дәл осындай сұрауға 1865 жылғы секция Альбер Ришарға қарсы аралық сотқа тапсырылған айыптау документтерін Бакунин қолға түсіріп алып, ол документтерді қайтарудан бас тартып отыр; осы себепті секцияның Бас Советтің тілегін толық қанағаттандыруға мүмкіндігі жоқ деп жауап берді. Осы мәселе жөнінде Советтің 8 мартта шығарған шешімі екі жақтан де ешқандай қарсылық тудырмады.

3) Өз қатарына өте-мөте күдікті элементтерді қабылдаған Лондондағы француз секциясы бірте-бірте өзінше бір жарналық серіктікке айналды да, онда Феликс Пиа мырза өзі біліп, өзі қойған қожайын болып алды. Бұл секцияны ол Л. Бонапартты өлтіруді және т. с. талап еткен арандатушы демонстрациялар ұйымдастыру үшін және Францияда өзінің қисынға келмейтін манифестерін Интернационалдың атынан тарату үшін пайдаланды. Бас Совет бұл жөнінде Серіктіктің органдарында Пиа мырза Интернационалдың мүшесі емес, сондықтан оның жасаған қылықтары мен іс-әрекеттері үшін Интернационал жауап бермейді деп мәлімдеме* жасаумен шектелді. Осыдан кейін француз секциясы Бас Советті де, конгрестерді де өзінің мойындамайтынын жариялады; секция өзінен басқаның бәрі, бүкіл Интернационал революцияға қарсы қоғам болып табылады деп хабарланған плакаттарды Лондонның дуалдарына жапсырды. Іс жүзінде полиция ойдан шығарған, бірақ пиатистердің манифестері шындық тәріздендірген заговорға қатысып отыр деген сылтаумен, Интернационалдың француз мүшелерінің плебисцит¹²³ қарсаңында қамауға алынуы Бас Советті 1870 ж. 10 майда шығарған өзінің қарарын** «Marseillaise»¹²⁶ мен «Réveil»-де¹²⁵ жариялауға мәжбүр етті; мұнда Француз секциясы деп аталатынның Интернационалға жатпайтынына тіпті екі жылдан асты, ал секцияның әрекеттері — полиция агенттерінің ісі деп мәлім-

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 324-бет. Ред.

** Қараңыз: бұл да сонда, 447-бет. Ред.

делген болатын. Мұндай шараның қажеттігі Париж федерациялық советінің сол газеттердегі мәлімдемесінде, сондай-ақ Интернационалдың Париждегі мүшелерінің олардың процесі кезіндегі мәлімдемесінде қуатталды; екі мәлімдеме де Советтің қарарын дәлелге келтірді. Француз секциясы соғыстың басында тарап кетті, бірақ Швейцариядағы Альянс сияқты, бұл секция да жаңа одақтастарымен және басқа атпен Лондонда қайта пайда болды.

Лондонда конференцияның соңғы күндерінде Коммуна эмигранттарынан 1871 жылғы Француз секциясы деген құрылды, мұның құрамына шамамен 35 мүше кірді. Бас Советтің бірінші «беделді» актісі осы секцияның секретары Гюстав Дюранды француз полициясының шпионы ретінде көпшілік алдында әшкерелеу болды*. Біздің қолымызда бар документтер полицияның Дюранды алдымен конференцияға қатыстыруды, сонан соң оны Бас Советтің құрамына енгізуді көздегенін көрсетеді. Жаңа секцияның уставы оның мүшелерін «өз секциясынан ғана болмаса, Бас Советке ешқандай тағайындауды қабылдамасын» деп міндеттегендіктен, Тейс және Бастелика азаматтар Советтің құрамынан шығып кетті.

17 октябрьде секция императивті мандаттар беріп, өзінің екі мүшесін Советке жіберді; бұлардың бірі анау-мынау емес, артиллерия комитетінің бұрынғы мүшесі Шотар мырзаның өзі болатын. 1871 жылғы секцияның уставы қаралмайынша, бұларды өз құрамына алудан Совет бас тартты**. Бұл арада осы уставтан туған таластың басты-басты пункттерін еске салу жеткілікті.

2-статья былай дейді:

«Секцияның мүшелігіне алыну үшін өзінің күн көріс қаржысы, адамгершілік кепілдіктері және т. б. туралы мәліметтер тапсыру қажет».

1871 ж. 17 октябрьдегі қарарында Совет: *«күн көріс қаржысы туралы мәлімет тапсыру қажет»* деген сөздерді алып тастауды ұсынды.

«Күмәнді жағдайларда,— деп мәлімдеді Совет,— секция «адамгершілік кепілдігі» ретінде күн көріс қаржысы туралы анықтама сұрастырып ала алады, дегенмен, бірқатар басқа жағдайларда,— мысалы, эмигранттар, ереуіл жасаушы жұмысшылар және т. б. туралы сөз болғанда — күн көріс қаржысының болмауы адамгершілік кепілдігі болуға әбден жарайды. Бірақ Интернационалға алудың жалпы шарты ретінде кандидаттар-

* Қараныз: *Ф. Энгельс*. «Бас Советтің Дюранды шығару туралы қарары» (қараныз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том. 439-бет). *Ред.*

** Арада біраз уақыт өткеннен кейін Бас Советке таңбақшы болған осы Шотар Тьердің полициялық агенті ретінде өз секциясынан қуылды. Оны әшкерелуші Бас Советке біздің өкіліміз болуға басқалардың бәрінен де осы лайықты деп есептеген адамдардың өздері болды.

дан өзінің күн көріс қаржысы туралы мәліметтер тапсыруын талап ету Жалпы Уставтың мәні мен рухына қайшы келетін буржуазиялық жаңалық болған болар еді»*. Секция былай деп жауап берді:

«Жалпы Устав секция мүшелерінің адамгершілігі үшін секцияларға жауапкершілік жүктейді, демек, секциялардың қажет деп тапқан кепілдіктерді талап етуіне секциялардың правосы бар екенін мойындайды».

Бас Совет бұған 7 ноябрьде былай деп қарсылық білдірді:

«Бұл тұрғыдан қарағанда Интернационалдың teetotalers (ішкілікке қарсылар қоғамының мүшелері) құрған секциясы өзінің жергілікті уставына: «секция мүшелерінің қатарына алыну үшін алкогольді ішімдіктің қандайын болса да аузына алмауға ант беруі тиіс» деген тәрізді статья енгізе алар еді. Қысқасын айтқанда, секциялар өздерінің жергілікті уставтарында секциялар осылай істесе өз мүшелерінің адамгершілігіне сенімді бола алады деген сылтаумен Интернационалға алуға барып тұрған сорақы және мейлінше әр қилы шарттар қоя алар еді... «Стачкашылардың күн көріс қаржысының көзі,— деп қосады 1871 жылғы Француз секциясы,— стачкалық касса болып табылады». Бұған ең алдымен стачкалық касса деген екінің бірінде ойдан шығарылған нәрсе деп қарсылық айтуға болады... Оның үстіне, ағылшын жұмысшыларының көпшілігі...— әлде стачканың және жұмыссыздықтың салдарынан ба, әлде жалақының жеткіліксіз мөлшерінен және төлем төлейтін мерзімі келіп қалғандықтан ба, тағы басқа көптеген себептерден — ылғи да ломбардқа баруға және *борыштануға* мәжбүр болатынын ағылшынның ресми зерттеуі көрсетіп отыр. Мұның өзі азаматтардың жеке өміріне жол беруге болмайтын түрде қол сұқпайынша талап етуге болмайтын күн көріс қаржысы туралы мәліметтер. Сонымен, екінің бірі: не секция күн көріс қаржысы туралы мәлімет беруді талап ету арқылы адамгершілік кепілдігін ғана іздейді, бірақ онда бұл мақсатқа Бас Советтің ұсынысы сай келеді... Не секция өз уставының 2-статьясында күн көріс қаржысы жөнінде мәлімет тапсыру туралы адамгершілік кепілдігінен тыс қабылдау шарты ретінде әдейі айтты... ал бұл жағдайда Совет мұның өзі Жалпы Уставтың мәні мен рухына қайшы келетін буржуазиялық жаңалық дейді»**.

Олардың уставының 11-статьясында былай делінген:

«Бас Советке бір немесе бірнеше делегат жіберілетін болады».

* К. Маркс. «1871 жылғы Француз секциясының уставы туралы Бас Советтің қарары» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 441—442-беттер). Ред.

** К. Маркс. «1871 жылғы Француз секциясы туралы Бас Советтің қарарының жобасы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 467—468-беттер). Ред.

Совет бұл статьяны сызып тастауды талап етті, «өйткені Интернационалдың Жалпы Уставы секциялардың Бас Советке делегаттар жіберу правосын мойындамайды». «Жалпы Устав,— деп қосты ол,— Бас Совет мүшелерін сайлаудың тек екі әдісін ғана мойындайды: не оларды конгресс сайлайды, не оларды Бас Совет кооптациялайды...»

Рас, Лондонда болған түрліше секцияларға бір кезде өздерінің делегаттарын Бас Советке жіберу ұсынылған болатын, Бас Совет Жалпы Уставты бұзбау үшін әрқашанда былай жасап отырды: әр секциядан келетін делегаттардың санын алдын ала белгіледі, Бас Совет делегаттарды өздеріне жүктелген жалпы басшылық ету міндеттерін орындауға қабілетті деп есептейтін-есептемейтініне қарай оларды өз құрамына енгізу не енгізбеу правосын өзінде қалдырды. Бұл делегаттар өздерінің секциясы жібергендіктен емес, жаңа мүшелерді кооптациялау жөнінде Жалпы Уставтың Советке берген правосы себепті Бас Советтің мүшелері болатын болды. Соңғы конференция қабылдаған шешімге дейін Лондон Советі Халықаралық Серіктіктің Бас Советі де болып, Англия үшін орталық совет те болып қызмет атқарды, сондықтан ол тікелей өзі кооптациялаған мүшелерге қоса, кандидатураларын алдымен тиісті секциялар ұсынған мүшелерді де өз құрамына алуды қолайлы деп есептеді. Бас Советті сайлау тәртібін Париждің федерациялық советінің сайлауымен бірдей деу үлкен қате болар еді; Париждің федерациялық советі керек десеңіз, мысалы, Брюссельдің немесе Мадридтің федерациялық советтері сияқты ұлттық съезд сайлаған ұлттық совет те болған жоқ. Париждің федерациялық советі шынында Париж секцияларының делегаттарынан құралды... Бас Советті сайлау тәртібін Жалпы Устав белгілеген, сондықтан оның мүшелері үшін Жалпы Устав пен Регламенттен басқа императивті мандаттар жоқ... Егер мұның алдындағы статьяны еске алатын болсақ, онда 11-статьяның мағынасы мынадай болатыны айқын: Бас Советтің құрамын толығынан өзгерту және Жалпы Уставтың 3-статьясына қарамастан, оны Лондондағы секциялар делегаттарының жиналысына айналдыру; сөйтіп бұл жиналыста бүкіл Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің ықпалы жергілікті топтардың ықпалымен ауыстырылар еді. Ақырында, ең бірінші міндеті конгрестердің қаулыларын орындау болып табылатын (Женева конгресі қабылдаған Ұйымдық регламенттің I статьясын қараныз) Бас Совет былай деп мәлімдеді: «Жалпы Уставтың статьяларына — Бас Советтің құрамына қатысты статьяларға — енгізілуге тиісті түбірлі өзгерістер туралы 1871 жылғы Француз секциясы көзқарастарының Бас Советтің талқылауына тиісті мәселеге ешбір қатысы жоқ».

Дегенмен, Совет өзінің құрамына секцияның екі делегатын

Лондондағы өзге секциялардың делегаттарын қабылдау шарттары бойынша қабылдайды деп мәлімдеді.

Бұл жауапқа қанағаттанбаған 1871 жылғы секция 14 декабрьде өзі мүшелерінің, бәрі, оның ішінде жексұрын болып шығып, көп ұзамай эмигранттардың арасынан қуылған жаңа секретарь да қол қойған декларациясын жариялады. Заң шығарушылық міндетін иемденуден бас тартқан Бас Совет бұл декларацияда «әлеуметтік идеяны дөрекі бұрмалаушылыққа» айыпты деп жарияланды.

Осы документті жасау үстінде көрінген адалдықтың бірнеше үлгісін келтірейік.

Лондон конференциясы неміс жұмысшыларының соғыс кезіндегі іс-әрекетін мақұлдады²¹⁹. Швейцария делегаты* ұсынған, Бельгия делегаты қолдаған және бірауыздан қабылданған бұл қарардың соғыс кезінде өздерінің антишовинистік іс-әрекеті үшін түрмеге қамалып, әлі күнге дейін түрмеде отырған Интернационалдың тек неміс мүшелерін ғана айтқаны әбден айқын. Ол олма, қандай да болсын теріс пиғылда түсінушілік болмауы үшін Бас Советтің Франция жөніндегі секретары** «Qui Vive!»-де, «Constitution»-да, «Radical»-да, «Emancipation»-да, «Europe»-де және басқаларда жарияланған хатында жуырда ғана осы қарардың шын мағынасын түсіндірді. Соған қарамастан, арада бір апта өткеннен кейін, 1871 ж. 20 ноябрьде, 1871 жылғы Француз секциясының он бес мүшесі «Qui Vive!»-де неміс жұмысшыларының атына айтылған балағатқа толы «наразылық» бастырып шығарды, сөйтіп конференцияның қарарын Бас Советте «пангермандық идеяның» үстем болып отырғанының даусыз дәлелі жариялады. Германияның бүкіл феодалдық, либералдық және полициялық баспасөзі, өзі тарапынан келіп, неміс жұмысшыларына олардың интернационалдық арманының бос әурешілік екенін дәлелдеу үшін осы оқиғаға жанталаса жабыса кетті. Түптеп келгенде 1871 жылғы бүкіл секция 20 ноябрьдегі наразылықты тұтасынан қолдап, оны өзінің 14 декабрьдегі декларациясына қосты.

«Бас Совет беделділіктің ылдиына қарай құлдырап бара жатқанын» көрсету үшін декларация *«Бас Совет өзі қайта қараған Жалпы Уставтың ресми басылуын жариялады»* дегенді дәлелге келтірді.

Әрбір статья жөнінде қосымшада оның ақиқаттығын дәлелдейтін дерекке сілтеме бар екендігіне көз жеткізу үшін Уставтың жаңа басылымын қарап шығудың өзі де жетіп жатыр! Ал *«ресми басылым»* деген сөздерге келетін болсақ, онда Интернационалдың бірінші конгресі *«Жалпы Устав пен Регламенттің ресми*

* — Н. Утин. *Ред.*

** — О. Серрайе. *Ред.*

және міндетті текстін Бас Совет жариялайды» деп қаулы етті (қараңыз: «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің 1866 ж. сентабрьдің 3-інен 8-іне дейін Женевада мәжіліс құрған жұмысшы конгресі, 27-бет, ескерту»).

1871 жылғы секцияның Женева мен Невшательдегі жікшілдермен үнемі байланыс жасап тұрғандығы өзінен-өзі түсінікті. Бұл секцияның мүшелерінің бірі, Коммунаны қорғауда еш уақытта көрсетпеген қажырлылықты Бас Советке қарсы күресте көрсеткен Шаленді Б. Малон мүлдем күтпеген жерден ақтап шықты, Б. Малон осыдан сәл-ақ бұрын Советтің бір мүшесіне жазған хатында оған өте ауыр айып таққан болатын. Алайда, 1871 жылғы Француз секциясы өзінің декларациясын шығарып үлгермей-ақ, оның өз ішінде азамат соғысы бұрқ ете түсті. Ең алдымен одан Тейс, Авриаль және Камелина кетіп қалды. Осыдан кейін секция бірнеше ұсақ топтарға бөлінді, оның біреуін Варленге және басқаларға жала жапқаны үшін Бас Советтің құрамынан шығарылған, ал кейінірек 1868 жылғы Брюссель конгресі сайлаған Бельгия комиссиясы Интернационалдан қуып шыққан Пьер Везинье мырза басқарып отыр. Бұл топтардың басқа біреуін Б. Ландек құрды, бұл өзі 4 сентабрьде полиция префекті Пьетридің ойда жоқта қашып кетуінің арқасында ғана өз міндеттемесінен құтылды, мұны

«ол адал орындап келді, атап айтқанда, бұл — мұнан былай Францияда саясатпен және Интернационалдың істерімен шұғылданбау» (қараңыз: «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Париждегі үшінші процесі», 1870, 4-бет).

Екінші жағынан, Лондондағы француз эмигранттарының негізгі көпшілігі Бас Советпен толық келісе отырып жұмыс атқаратын секция құрды.

IV

Невшательдегі федерациялық комитетті бетке ұстап, жасырынып келген Альянстағы мырзалар неғұрлым кең көлемде Интернационалдың шырқын бұзу жөнінде тағы бір әрекет жасамақшы болып, 1871 ж. 12 ноябрьде Сонвильяда өз секцияларының съезін шақырды.— Мэтр Гильом өзінің досы Робенге жазған екі хатында июль айында-ақ егер Бас Совет «Женева бандиттері жөнінде» біздікі дұрыс екенін мойындамаған жағдайда, осы сияқты науқан ашамыз деп Бас Советті қорқытқан болатын.

Сонвильядағы съезд тоғыз секцияның, соның ішінде Женевадағы жана «насихат және революциялық социалистік қимыл секциясының» өкіліміз деп дәмеленген он алты делегаттан құралды.

Осы он алты адам Романдық федерацияны таратылды деп жариялаған анархистік декреттен бастады. Федерация альянсис-

терге дереу өздерінің «автономиясын» беруге асығып, оларды барлық секциялардан қуып шықты. Алайда, Лондон конференциясы өздеріне берген Юра федерациясы деген атты қабылдап, бұлардың жөн-жосықтылық нышанын көрсеткенін Совет мойындауға тиісті*.

Осыдан кейін он алтының съезі «Интернационалды қайта құруға» кірісті, сөйтіп конференцияға және Бас Советке қарсы бағытталған нұсқау хатын Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің барлық федерацияларына жіберді.

Нұсқау хаттың авторлары Бас Советті ең алдымен ол 1871 ж. конгресс шақырудың орнына конференция шақырды деп айыптайды. Жоғарыда келтірілген түсіндіруден бұл айыптаулардың конференция шақыруға бірауыздан келіскен бүкіл Интернационалға тікелей қарсы бағытталғаны көрінеді, айта кету керек, Робен мен Бастелика азаматтар арқылы Альянс сол конференцияға тиісті түрде қатысты.

Бас Советтің әрбір конгресте өзінің делегаттары болды; мысалы, Базель конгресінде бұлар алтау болды. Ал он алты енді келіп былай дейді:

«Бас Советтің алты делегатын шешуші дауыс правосымен қатыстыру арқылы конференцияда айла-шарғымен көпшілік құралды».

Ал шындығында, Бас Советтің конференцияға қатысқан делегаттары ішінен француз эмигранттары Париж Қоммунасының өкілдері болды, ал оның ағылшын және швейцариялық мүшелері мәжілістерге тек оқта-текте ғана қатыса алды, мұның өзі келесі конгреске тапсырылатын протоколдардан көрініп тұр. Совет делегаттарының бірінің ұлттық федерациядан алған мандаты болды. Советтің басқа бір мүшесіне оның қайтыс болғаны туралы газеттерде хабарлау басылғандықтан, мандат жіберілмеген, бұл конференция адресіне жіберілген хаттан көрінеді**. Сонда қалатыны бір делегат. Сөйтіп бір ғана Бельгияның өзінің делегаттарының саны Советтің өкілдері санына салыстырғанда 1-ге 6-дан келеді.

Өз өкілі Гюстав Дюран конференцияға жіберілмеген халықаралық полиция «құпия» конференция шақыру Жалпы Уставты бұзушылық болып табылады деп қатты қайғырды. Ол біздің жалпы Регламентпен әлі жете таныс емес болатын, сондықтан ұйымдық мәселелер жөніндегі конгрестердің мәжілістері *міндетті түрде жабық* болатынын білмейтін.

Солай бола тұрса да, оның шағынуларына Сонвильядағы он алты іш тартып, шу көтерді:

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 430-бет. *Ред.*

** Маркс туралы сөз болып отыр. *Ред.*

«Осылардың бәрінің ақырында келіп конференция болашақ конгрестің немесе оның орнына болатын конференцияның шақырылатын уақыты мен жерін Бас Совет өзі белгілейді деп қаулы етті; сонымен біз жалпы конгрестердің, Интернационалдың осы ашық ұлы мәжілістерінің жойылып кету қаупінің алдында тұрмыз».

Интернационал осы қаулысымен барлық қуғын-сүргінге қарамастан, белгілі бір жолмен өзінің жалпы жиналыстарын өткізуге берік бел байлағанын барлық үкіметтер алдында тек дәлелдеп қана қойғанын он алты түсінгісі келмеді.

1871 ж. 2 декабрьде Женева секцияларының Малон мен Лефрансе азаматтарды салқын қабылдаған жалпы жиналысында бұлар Сонвильяда он алтының қабылдаған қаулысын мақұлдауды, сондай-ақ Бас Советтің кінәсын бетіне басуды және конференцияға келіспеушілік білдіруді ұсынды.— Конференция «жариялауға арналмаған конференция қарарлары Бас Советтің корреспондент-секретарьлары арқылы түрлі елдердің федерациялық советтеріне хабарланатын болады» деп қаулы етті.

Жалпы Уставқа және Регламентке толығынан сәйкес келетін бұл шешімді Б. Малон мен оның достары төмендегіше бұрмалады:

«Конференция қарарларынан біразы тек федерациялық советтерге және корреспондент-секретарьларға хабарланатын болады».

Оның үстіне, Интернационалға тыйым салынған елдерде бірден-бір мақсаты оны қайта құру болған шешімдерді «жариялап» полицияның қолына беруден бас тартты, сөйтіп «адалдық принципін бұзды» деп олар Бас Советті айыптады.

Малон мен Лефрансе азаматтар бұдан әрі мынаған шағым жасайды:

«Серіктіктің өзін негіз болып отырған принциптер не болмаса секциялар мен федерациялардың өзара мүдделері немесе, ақырында, тұтас алғанда Серіктіктің жалпы мүдделері талқыланатын секциялар мен федерациялардың баспа органдарының қайсысын болсын әшкерелеуге және келіспеуге Бас Советке право беріп, конференция ой-пікір бостандығына және ой-пікірін айту бостандығына қол сұқты (21 октябрьдегі «Egalité»-ні қараңыз)».

21 октябрьдегі «Egalité»-де не келтіріліп еді? Конференцияның қарары келтірілген-ді, конференция бұл қарарда «өздерін Интернационал органдарымыз деп атайтын газеттердің бәрін — «Progrès» пен «Solidarité»-нің үлгісі бойынша өздерінің беттерінде жергілікті және федерациялық комитеттердің және Бас Советтің мәжілістерінде ғана немесе федерациялық не жалпы конгрестердің ұйымдастыру мәселелері жөніндегі жабық мәжілістерінде ғана талқылауға жататын мәселелерді буржуазиялық жұртшылықтың алдында талқылайтын газеттердің бәрін — Бас Советтің көпшіліктің алдында алдағы уақытта да әшкере-

леп отыруға және олармен келіспеуге міндетті екенін ескертеді»*.

Б. Малонның көлгірсіген назалануын лайығынша бағалау үшін бұл қарар өздерін Интернационалдың жауапты комитеттерінің орнына қоюға және онда буржуазиялық дүниеде журналистік бөгеманың атқарып отырған ролін атқаруға құмар кейбір журналистердің әрекеттеріне біржола тыйым салатынын ескеру керек. Атап айтқанда, нақ осындай әрекеттердің нәтижесінде Романдық федерацияның ресми органы «Égalité» газетін Женева федерациялық комитетінің көз алдында *Альянс* мүшелері федерацияға мүлдем дұшпан рухта редакциялап келді.

Дегенмен, Бас Совет Лондон конференциясынсыз да журналистердің қиянатын «жұртшылық алдында әшкерелеп, оларға қосылмайтынын» жариялай алатын еді, өйткені Базель конгресі былай деп қаулы етті (II қарар):

«Серіктікке шабуыл жасайтын басылымдардың бәрін секциялар дереу Бас Советке жіберіп отыруға тиіс».

«Бұл пункт»,— дейді Романдық федерациялық комитет өзінің 1871 ж. 20 декабрьдегі декларациясында (24 декабрьде шыққан «Égalité»),—«Серіктікке шабуыл жасайтын басылымдарды Бас Совет өзінің архивтерінде сақтау үшін қабылданбағаны, жаланың және қаскүнемдік шабуылдардың апатты ықпалына жауап беру үшін, ал қажет болған жағдайларда оны жою үшін қабылданғаны анық нәрсе. Сондай-ақ бұл пункттің тегі барлық басылымдарға қатысы бар, сондықтан егер біз буржуазиялық газеттердің шабуылдарын жауапсыз қалдырайық демесек, онда біз өзіміздің орталық өкілдігіміз арқылы, Бас Совет арқылы өздерінің бізге жасайтын шабуылдарын біздің Серіктіктің атымен бүркемелейтін басылымдарға қосылмайтынымызды жариялауға онан бетер міндетті екәніміз де анық нәрсе».

Сөз арасында айта кетейік, «Times», капиталистік баспасөздің осы кереметі, либерал буржуазияның Лионда шығатын газеті «Progrès» және эсіре реакцияшыл газет «Journal de Genève»²²⁰ конференцияға Малон мен Лефрансе азаматтардың таққан кінәларын дәл солардың сөздерімен дерлік қардай боратты.

Алғашында конференцияны шақыруға қарсы шығып, онан кейін оның құрамына және бейне оның құпия сипатына қарсы шығып, он алтының нұсқау хаты бұдан соң оның қаулыларының өзіне де шүйлігеді.

Ең алдымен Базель конгресі

«Бас Советке Интернационалға алу немесе алмау және Интернационалдың секцияларын уақытша шығару правосын беріп»,

өзінің правосынан бас тартты дей келіп, нұсқау хат бұдан әрі конференцияға төмендегі қылмысты таңады:

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 430-бет. *Ред.*

«Бұл конференция... шешімдер қабылдады... бұл шешімдердің тенденциясы Интернационалды, автономиялы секциялардың ерікті федерациясын, Бас Советке түгелдей бағынған тәртіпті секциялардың иерархиялық және беделді ұйымына айналдыру болып шығады, ал Бас Совет өз қалауы бойынша Интернационалға осы секцияларды алмай қоя алады немесе олардың қызметін тоқтатып қоя алады!!»

Бұдан әрі нұсқау хат «Бас Советтің атқаратын қызметін» бейне «бұрмалаған» Базель конгресіне қайта оралады.

Он алтының нұсқау хатының барлық осы қайшылықтары мынаған келіп тіреледі: 1871 ж. конференция 1869 ж. Базель конгресінің шешімдеріне жауапты, ал Бас Совет өзіне конгрестердің қаулыларын орындауды жүктеген Уставты орындағаны үшін айыпты.

Шындығында конференцияға жасалған осы шабуылдардың бәрінің нағыз себебінің неғұрлым астыртын сипаты бар. Ең алдымен конференция өзінің қаулыларымен Швейцарияда *Альянс* мырзаларының эзеділдіктеріне кедергі жасады. Бұған қоса Италияда, Испанияда, Швейцария мен Бельгияның бірсыпыра жерлерінде Альянстың жетекшілері *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің программасы мен Бакуиннің асығыс долбарлай салған программасын қасақана шатастырып, оны барынша қасарысып қолдап отырды.*

Конференция пролетариат саясаты туралы және сектанттық секциялар туралы өзінің екі қарарымен әдейі жасалып отырған осы түсінбеушіліктерге көңіл аударды. Бакуиннің программасында уағыздалатын саясаттан бой тартуды жойған бірінші қарар Жалпы Уставқа, Лозанна конгресінің қаулысына және басқа үлгі шешімдерге сүйенетін өзінің кіріспе бөлімінде толық негізделді*.

* Конференцияның *жұмысшы табының саяси қимылы туралы* қарары мынадай:

«Төмендегілерді еске алып,

алғашқы Уставтың кіріспесінде былай делінген: «Жұмысшы табын экономика жағынан азат ету дегеніміз ұлы мақсат болып табылады, бұл мақсатқа саяси қозғалыс атаулының бәрі *құрал ретінде* бағындырылуға тиіс»;

жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Құрылтай манифесінде (1864 ж.) былай делінген: «жер алпауыттары мен капитал алпауыттары өздерінің экономикалық монополияларын қорғап, мәңгілік ету үшін әрдайым өздерінің саяси артықшылықтарын пайдаланатын болады. Олар еңбекті азат ету ісіне көмектеспек түгіл, қайта оның жолына мұнан былай да неше түрлі кедергілер жасайтын болады... Демек, саяси өкіметті жеңіп алу жұмысшы табының ұлы міндеті болды»;

Лозанна конгресінде (1867 ж.) төмендегі қарар қабылданды: «Жұмысшылардың әлеуметтік азаттық алуы олардың саяси азаттық алуымен ажыратқысыз байланысты»;

Бас Советтің плебисцит қарсаңында (1870 ж.) Интернационалдың француз мүшелерінің ойдан шығарылған зағоворы жөніндегі мәлімдемесінде былай делінген: «Біздің Уставтың мағынасы бойынша Англиядағы, Европа контин-

Енді сектанттық топтарға көшейік:

Пролетариаттың буржуазияға қарсы күресінің бірінші кезеңінің сектанттық қозғалыс сипаты бар. Пролетариат тап ретінде қимыл жасау үшін әлі жеткілікті дамымаған дәуірде мұның осылай болуы мүмкін. Кейбір ойшылдар әлеуметтік қайшылықтарды сынай келіп, осы қайшылықтардың фантастикалық шешімдерін ұсынады, ал жұмысшылар бұқарасына қалатыны тек осыларды қабылдау, уағыздау және жүзеге асыру ғана болады. Осы бастамашылар құрған секталар өзінің табиғаты жағынан абстенционистік секталар: қандай да болсын нақтылы іс-әрекетке, саясатқа, стацкаларға, одақтарға жат — қысқасы, коллективтік қозғалыс атаулының бәріне жат секталар болып табылады. Пролетариаттың негізгі көпшілігі бұлардың уағзына немқұрайды қарайды немесе керек десеңіз дұшпандықпен қарайды. Ағылшын чартистері мен тред-юнионистерінің оунистерді мойындамағаны сияқты. Париж бен Лион жұмысшылары сен-симонистерді, фурьеристерді, икарыйліктерді мойындағысы келмеді. Пайда бола бастаған кезінде қозғалыстың тетігі болған секталар бұл қозғалыс оның шеңберінен асып түскен бойда кедергіге айналады; сол кезде бұлар реакциялық секталарға айналады. Мұны Франция мен Англиядағы секталар, ал соңғы кезде Германиядағы лассальшылдар дәлелдеп отыр, бұлар бірқатар жылдар бойында пролетариатты ұйымдастыру үшін бөгет болып келді және ақырында полицияның қолындағы тікелей қаруға айналды. Жалпы алғанда мұның өзі — астрология мен

нентіндегі және Америкадағы секцияларымыздың ерекше міндеті жұмысшы табы күресінің ұйымдастырушы орталықтары болу ғана емес, сонымен бірге тиісті елдерде өзіміздің түпкі мақсатымызға — жұмысшы табын экономикалық жағынан азат етуге — жетуге жағдай жасайтын саяси қозғалыс атаулының бәрін қолдау екені даусыз»;

алғашқы Уставтың бұрмаланған аудармалары оны жалған түсіндірулерге желеу болды, мұның өзі Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің дамуына және қызметіне зиянын тигізді;

жұмысшылар тарапынан азаттық алудың қандай да болса әрекетін қатал басып тастайтын және қара күшке салып, таптық айырмашылықтарды сақтауға және дәулетті таптардың осыдан туатын саяси үстемдігін сақтауға тырысатын жүгенсіз реакцияның алдында;

төмендегілерді еске алып:

дәулетті таптардың біріккен өктемдігіне қарсы жұмысшы табы дәулетті таптар құрған барлық ескі партияларға қарама-қарсы тұратын ерекше саяси партияға ұйымдасқанда ғана тап ретінде қимыл жасай алады;

жұмысшы табының саяси партияға осылай ұйымдасуы әлеуметтік революцияның жеңісін және оның түпкі мақсатына — таптарды жоюға — жетуін қамтамасыз ету үшін қажет;

экономикалық күрестің нәтижесінде жұмысшы табының қазірдің өзінде қолы жеткен осы күш біріктіруі оның ірі жер иелері мен капиталистердің саяси өктемдігіне қарсы күресіне тірек болуға тиісті, —

осы айтылғандарды еске алып, конференция *Интернационал* мүшелеріне, жұмысшы табының күресінде оның экономикалық қозғалысы мен саяси қимылы өзара ажыратқысыз байланысты екенін ескертеді».

алхимияның ғылымның балалық шағы болғаны сияқты, пролетариат қозғалысының балалық шағы болып табылады. Интернационалды құруға мүмкіндік болудан бұрын пролетариат осы кезенді артта қалдыруға тиіс болды.

Қиялдаушы және бәсекелесуші сектанттық ұйымдарға қарама-қарсы Интернационал капиталистер мен жер иеленушілерге қарсы, олардың мемлекетке ұйымдасқан таптық үстемдігіне қарсы жалпы күрес үстінде біріккен барлық елдер пролетариатының шынайы және жауынгер ұйымы болып табылады. Сондықтан Интернационалдың Уставында бәрі де бір мақсатты көздейтін және белгілі бір программаны мойындайтын «жұмысшы қоғамдары» жайында ғана айтылады; бұл программа пролетариат қозғалысының негізгі жолдарын белгілеумен шектеледі, ал ол жолдарды теория жағынан талдап белгілеу практикалық күрес мұқтажының әсерімен және социалистік нанымдардың барлық сарындарына түгелдей жол берілетін секцияларда, олардың органдарында және олардың съездерінде пікір алысу нәтижесінде жүзеге асырылады.

Әрбір жаңа тарихи кезеңде ескі қателердің қысқа мерзімге қайта жанданып, содан кейін дереу қайта жоғалатыны сияқты, Интернационалдың қойнауында да әлсіз түрде көрінсе де, сектанттық топтар пайда болды.

Секталардың қайта жандануын ілгері басқан зор қадам деп жорамалдайтын Альянстың өзі олардың заманы өткендігінің айқын дәлелі болып табылады. Өйткені, егер олар жаңа пайда болған кезінде прогрестің элементі болған болса, онда «құрансыз Мұхамедтің» жетегіне ерген Альянстың программасы буржуазияшыл топастарды ғана қорқыта алатын не бонапартшыл немесе басқа прокурорлардың көзінде Интернационалдың мүшелеріне қарсы айғақ болатын сылдыр сөздермен бүркемеленген, әлдеқашан ұмытылған идеялардың бей-берекет үйіндісі ғана болып табылады*.

Социалистік көзқарастардың барлық сарындарынан өкілдер болған конференция сектанттық секцияларға қарсы қарарды бірауыздан мақұлдады; бұл қарар Интернационалдың шын сипатын тағы да атап көрсетіп, оның дамуындағы жаңа кезең болады деп толық сенді. Альянстың осы қарар өлтіре соққы берген жақтаушылары бұл қарарды Бас Советтің Интернационалды жеңуі ғана деп білді, олардың нұсқау хатында айтылғандай,

* *Интернационал* туралы соңғы кезде баспасөзде пайда болған полицейлік шатпақтар, соның ішінде Жюль Фаврдың шет державаларға жіберген нұсқау хаты және помещиктік палатаның депутаты Саказдың Дюфор жобасы жөніндегі баяндамасы Альянстың лепірме манифестерінен алынған цитаттарға толы²²¹. Бүкіл радикализмді даурықпа сөздер болатын бұл сектанттардың бос сөздері реакцияның арам ниеттеріне барынша жақсылап қызмет етеді.

Бас Совет осының арқасында өзінің бірнеше мүшесінің «ерекше програмасының үстемдігін», «олардың өз доктринасының», «ортодокстік доктринасының», «Серіктікте бір өзінің ғана азаматтық правосу бар ресми теорияның» үстемдігін қамтамасыз еткені жөнсіз деп білді. Алайда, мұның өзі бұл мүшелердің кінәсі емес, қайта олардың Бас Советтің құрамына ену фактісінің болмай қоймайтын салдары, «аздыратын әсері» десті, өйткені олардың ойынша

«өзі тәрізділерге өктемдік жүргізетін» (!) «адамның адамгершілігі бар адам болып қалуы мүлде мүмкін емес. Бас Совет эззілдіктердің ошағына айналып барады».

Он алтының пікірі бойынша, Интернационалдың Жалпы Уставын жаңа мүшелерді кооптациялау жөнінде Бас Советке право бергенінің өзі үшін ғана қатаң жазғыруға болады. Осындай билік берілген Совет, дейді олар,

«келе-келе Советтің көпшілігін және оның тенденциясын толығымен өзгертіп жіберетін айтарлықтай адамдар тобын кооптациялай алар еді».

Олар, сірә, *моральдық бейнеңнен* айрылу былай тұрсын, сонымен бірге байыпты парасаттан да жұрдай болу үшін Бас Советтің мүшесі болсаң-ақ жеткілікті деп есептейтін болу керек. Әйтпесе көпшілік өз еркімен кооптациялау арқылы өзін өзі азшылыққа айналдырады деп ойлауға бола ма?

Алайда, сірә, осылардың бәріне он алтының өзінің де оншалықты көзі жете қоймаған болу керек, өйткені бұдан әрі олар Бас Совет

«қатарынан бес жыл бойы *ылғи қайта сайлана беретін белгілі бір кісілерден* құралды»

деп қынжылады да, дереу соның ізінше былай деп мәлімдейді:

«*бұлардың көпшілігі* біздің заңды уәкілдеріміз емес, өйткені *конгресте сайланған жоқ*».

Шындығында Бас Советтің адам құрамы үнемі өзгеріп отырды, дегенмен Бас Советті ұйымдастырушылардың кейбіреулері құрамда қалып отырды, Бельгия, Роман және басқа федерациялық советтерде де осылай болды.

Өзінің уәкілділігін орындау үшін Бас Совет мәнді-мәнді үш шартқа сай келуі керек. Өзіне жүктелген әр алуан жұмысты орындау үшін ең алдымен оның жеткілікті мөлшерде мүшелері болуға тиіс; сонан соң, оның құрамына «Халықаралық Серіктікте өкілдері бар түрлі ұлттарға жататын жұмысшылар» енуге тиіс және, ақырында, онда жұмысшы элемент басым болуға

тиіс. Бірақ егер жұмысшының жұмыс алу мүмкіншілігіне тәуелділігі Бас Советтің адам құрамының ылғи ауысып отыруына соқтыратын болса, онда кооптациялау правосы болмайынша, Бас Совет әлгі қажетті шарттардың бәрін қалай ұштастыра алмақшы? Ал, дегенмен, Совет осы правосы неғұрлым дәл белгілеу қажет деп есептейді; осы тілекті ол соңғы конференцияда білдірді.

Бірінен кейін бірі болған бірқатар конгрестерде, Англияның өкілдігі тым аз болған осы конгрестерде, Бас Советтің оның ең алғашқы құрамында қайта сайлануы Бас Советтің өз мүмкіншілігі шеңберінде өз борышын орындап отырғанын дәлелдесе керек еді. Он алты, керісінше, мұны «конгрестердің көз жұмып сене бергенінің», Базельде

«Бас Совет пайдасына бейне өз еркімен бас тартуға әкеліп жеткізген»

сенімнің дәлелі ғана деп біледі.

Олардың пікірінше, Советтің «дағдылы ролі» «жай ғана кореспондеттік және статистикалық бюронның» роліне саюға тиіс. Бұл түсінікке олар Уставтың бұрмаланған аудармасынан алынған бірнеше статьяны тірек етеді.

Барлық буржуазиялық қоғамдардың уставтарына қарама-қарсы, Интернационалдың Жалпы Уставы өзінің ұйымдық құрылымы мәселелеріне жеңіл-желпі ғана тоқтайды. Ұйымдық құрылымның дамуын ол практикаға, ал оның қалыптасуын — болашақ конгрестердің еркіне береді. Бірақ қимыл бірлігі мен ортақтығы ғана түрлі елдердің секцияларына нағыз интернационалдық сипат беретін болғандықтан, Устав ұйымның басқа буындарына қарағанда, Бас Советке көбірек көңіл бөледі.

Алғашқы Уставтың 5-статьясы²²² былай дейді:

«Бас Совет түрлі ұлттық және жергілікті топтардың *халықаралық органы* болып қызмет етеді»

және онан кейін Бас Советтің қалай қимыл жасауы керектігі жөнінде бірнеше мысал келтіреді. Осы мысалдардың ішінде Советке мынаған жету жөнінде нұсқау бар:

«дереу практикалық шаралар қолдану керек болған реттерде, мәселен, халықаралық жанжалдар бола қалған күнде, Серіктікке кіретін қоғамдар бір мезгілде және келісіп қимылдайтын болсын».

Будан әрі статьяда былай делінеді:

«Барлық тиісті реттерде Бас Совет әр түрлі ұлттық немесе жергілікті қоғамдарға ұсыныс енгізу инициативасын өз міндетіне алады».

Оның үстіне, Устав конгрестерді әзірлеп, шақыру ісінде Советтің ролін белгілейді және конгрестердің қарауына өзі ұсынуға міндетті нақтылы мәселелерді зерттеп әзірлеуді Советке тап-

сырады. Алғашқы Уставта топтардың дербес қызметі тұтас алғанда Серіктіктің қимыл-әрекетінің бірлігіне оншалықты қарама-қарсы қойылмайтындығы соншалық, 6-статьяда былай делінеді:

«Әрбір елде жұмысшы қозғалысының табысқа жетуі бірлесудің күшімен, ұйымдасумен қамтамасыз етілетін болғандықтан, ал екінші жағынан, Бас Советтің қызметі осындай жағдайда неғұрлым тиімді болатындықтан... Интернационалдың мүшелері, әрқайсысы өз елінде, бытыраңқы жұмысшы қоғамдарын орталық органдар түріндегі ұлттық ұйымдарға біріктіру үшін барлық күш-жігерін жұмсауы керек».

Женева конгресінің ұйымдастыру мәселелері жөніндегі бірінші қарары (1 статья) былай дейді:

«Конгрестердің қаулыларын *орындау* Бас Советтің міндетіне *жатады*».

Бұл қарар Бас Советтің әуел бастан атқарып келген қызметін: Серіктіктің *атқарушы органы* қызметін заңдастырды. Басқа бір «ерікті түрде мойындалатын бедел» болмай отырғанда моральдық «бедел» болмайынша шешімдерді орындау қиын болар еді. Сонымен бірге Женева конгресі Бас Советке «Уставтың ресми және міндетті текстін» жариялауды тапсырды.

Нақ осы конгресс былай деп қаулы етті (Женева конгресінің ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қарары, 14-статья):

«Әрбір секцияның жергілікті жағдайларға және өз елінің заңдарына үйлесімді өзінің жергілікті уставы мен регламентін жасауға правосы бар. Бірақ бұларда Жалпы Уставқа және Регламентке қайшы келетін ештеңе болмауға тиіс».

Ең алдымен ескерте кететініміз, мұнда Интернационалдың барлық топтары көздеген ортақ мақсаттан басқа белгілі бір секцияның өзіне ала алатын принциптерінің ерекше декларациялары, не арнаулы міндеттері туралы айтылған титтей де ишара жоқ. Әңгіме Жалпы Уставты және Регламентті «жергілікті жағдайлар мен өз елінің заңдарына» ыңғайлауға секциялардың праволы екендігі туралы ғана болып отыр.

Екіншіден, жергілікті уставтар Жалпы Уставпен үйлесетін-үйлеспейтінін кім белгілеуге тиіс? Осы қызмет жүктелген «бедел» болмаса, қарардың күші болмай шығатыны анық нәрсе. Онда полицейлік немесе дұшпан секциялар пайда болып қана қоймай, сонымен қатар Серіктікке өз табынан қол үзген сектанттар мен буржуазияшыл филантроптардың еніп кетуі оның сипатын өзгертіп жіберер еді, сөйтіп бұл элементтер конгрестерде өзінің санының көптігімен жұмысшыларды дендеп кетер еді.

Ұлттық және жергілікті федерациялар әуел бастан-ақ өз елдерінде, жаңа секциялардың уставтары Жалпы Уставқа сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарай, жаңа секцияларды алу неме-

се алудан бас тарту правосына ие болып алды. Нақ осы тәрізді міндетті Бас Советтің орындауы Жалпы Уставтың 6-статьясында алдын ала ескерілген; бұл статья *жергілікті тәуелсіз қоғамдарға* яғни тиісті елдердің федерациялық бірлестіктерінен тыс құрылған қоғамдарға Бас Советпен тікелей қарым-қатынас жауапқа право береді. *Альянс* өзін Базель конгресіне делегаттар жіберуіне мүмкіншілік беретін жағдайға қоюға тырысып, бұл правоны елеусіз қалдырмады.

Уставтың 6-статьясында кейбір елдерде ұлттық федерациялар құруға бөгет жасайтын заңдық күші бар кедергілер де ескерілген, осының нәтижесінде Бас Совет ол жерде федерациялық советтің міндетін орындауға тиісті (қараңыз: «Лозанна конгресінің протоколдары және т. т., 1867 ж.», 13-бет²²³).

Коммуна құлаған кезден бастап осы заңдық күші бар кедергілер түрлі елдерде барған сайын күшейе түсуде, сондықтан Серіктіктің қатарына күдікті элементтердің еніп кетуіне жол бермеуге бағытталған Бас Советтің жұмысын ол жерлерде онан бетер қажет етіп отыр. Мысалы, жуырда Франциядағы кейбір комитеттер полициялық шпиондардан құтылу үшін Бас Советтің араласуын өтінді, ал басқа бір ірі елдің* Интернационал мүшелері Бас Совет тек өзінің тікелей уәкілдері немесе солардың өздері құрған секцияларды ғана мойындауын талап етті. Олар өз өтінішін осындай жолмен арандатушылардан құтылу қажеттігімен дәлелдеді, ал арандатушылардың жанталаса ұмтылуы өзінің радикализмі жөнінен бұрын болып көрмеген секцияларды асығыс-үсігіс құра салудағы дақпыртпен көрінді. Екінші жағынан, өз араларында жанжал шыға қалса-ақ болғаны беделге қарсы секциялар дейтіндер көп ойланып жатпастан дереу Бас Советке жүгінеді және керек десе, Лиондағы жанжал кезінде болғаны сияқты, олардың дұшпандарын барынша қатал жазалауды Бас Советтен талап етеді. Осы жуық арада ғана, енді конференция өткеннен кейін, Туриндегі Жұмысшы федерациясы өзін Интернационалдың секциясы деп жариялауға қаулы алды. Онда жіктеліс болғаннан кейін азшылық Пролетарды азат ету қоғамын құрды²²⁴. Бұл қоғам Интернационалға қосылды және юралықтардың пайдасына қарар қабылдаудан бастады. Оның «Proletario» газеті беделділік атаулының бәріне қарсы ызалы сөздерге мейлінше толы. Қоғамның мүшелік жарналарын жіберіп, оның секретары** ескі федерация да, сірә, өзінің жарналарын жіберетін болар деп Бас Советке ескертті. Бұдан әрі ол былай деп жазады:

«Сіздер, сірә, Пролетарды азат ету қоғамының... жұмысшылар деген атты жамылғы етіп *Жұмысшы федерациясын* құрып жатқан буржуазиямен ынтымақ

* — Австрияның. *Ред.*

** — К. Терцаги. *Ред.*

жасау атаулыдан бас тартатыны туралы... мәлімдеді... дегенді «Proletario»-дан оқыған боларсыздар»

дейді де, ол Бас Советтен былай деп сұрайды:

«осы қарарды барлық секцияларға хабарлаңыздар және, егер жіберіле қалса, 10 сантиметрлік жарналарды қабылдамаңыздар»*.

Интернационалдың барлық ұйымдары сияқты Бас Совет насихат жұмысын жүргізуге міндетті. Ол бұл міндетін өз үндеулері арқылы және Солтүстік Америкада, Германияда және Францияның көптеген қалаларында Интернационалдың бірінші ұйымдарының негізін қалаған өз уәкілдері арқылы орындап отырды.

Бас Советтің енді бір міндеті: ереуіл жасаушыларға бүкіл Интернационалдың қолдауын қамтамасыз ете отырып, көмектесу (Бас Советтің түрлі конгрестерге берген есептерін қараңыз). Стачкалық күреске оның араласуының қандай маңызы болғанын, былайша айтқанда, төмендегі факті көрсетеді. Ағылшын литейщиктерінің қарсылық көрсету қоғамы, басқа елдерде, атап айтқанда Құрама Штаттарда, бөлімшелері бар өздігінше бір халықаралық тред-юнион болып табылады. Солай бола тұрса да, америка литейщиктері ағылшын литейщиктерін бұлардың еліне әкелдірмеу үшін ара тұруын өтініп, Бас Советке стачка кезінде сөз салуды қажет деп тапты.

Интернационалдың дамуы федерациялық советтерге жүктегені сияқты Бас Советке де төреші болу міндетін жүктеді.

Брюссель конгресі былай деп қаулы етті:

«Федерациялық советтер әрбір үш айда өз қарамағындағы секциялардың ұйымдастыру жұмысы және финанс жағдайы туралы Бас Советке есеп жіберіп тұруға міндетті» (Ұйымдастыру мәселелері жөніндегі 3-қарар).

Ақырында, он алтының зығырданын қайнататын Базель конгресі Серіктіктің дамуы барысында ұйымдастыру жұмысы саласында қалыптасқан қарым-қатынастарды тек қана ресмилендірді. Егер ол Бас Советтің уәкілдігін шектен тыс кеңейткен болса, онда осылай болуына соншалық күш салған Бакунин, Швицгебель, Ф. Робер, Гильом және Альянстың басқа да делегаттары болмағанда оған басқа кім айыпты? Сонда олар Лон-

* Пролетарды азат ету қоғамының көзқарастары ол кезде осындай *болып көрінді*, оның өкілі қоғамның корреспондент-секретары, Бакуниннің досы болды. Шындығына келгенде бұл секцияның көздегені мүлдем басқа болды. Қорларды ұрлағаны үшін, сондай-ақ Турин полициясының бастығымен достық байланыста болғаны үшін осы зұлымдығы басынан асып жатқан өкілді қуып шығып, бұл қоғам өзі мен Бас Советтің арасындағы түсінбеушілікті жойған түсініктеме тапсырды.

дон Бас Советіне «көз жұмып сенді» деп өздерін айыптамақшы ма екен?

Базель конгресінің екі қарары мынадай:

«IV. Интернационалға кіргісі келетін әрбір жаңа құрылған секция немесе қоғам өзінің Бас Советке қосылатынын дереу хабарлауға міндетті»

және «V. Бас Советтің жаңа қоғамдар мен топтарды қабылдауға немесе қабылдамауға правосы бар және бұл шешім жөнінде кезектегі конгреске шағым беруге олар правосы».

Федерациялық бірлестіктерден тыс құрылатын жергілікті тәуелсіз қоғамдарға келетін болсақ, онда бұл статьялар Интернационал пайда болған кезден бері қалыптасқан және сақтаулы Серіктік үшін өлім мен өмір мәселесі болып табылатын практиканы тек дәлелдейтін статьялар. Алайда кейбіреулер бұл практиканы жалпылама түрде алып және оны жаңадан құрылып жатқан секциялардың немесе қоғамдардың бәріне бірдей талғамай қолданып, тым әріге кетіп қалады. Бұл пункттер шынында да федерациялардың ішкі өміріне Бас Советтің араласуына право береді, бірақ Бас Совет еш уақытта бұл пункттерді осы мағынада қолданып көрген емес. Бас Совет былай деп мәлімдейді: бұрын бар топтарға немесе федерацияларға қосылуға әзір жаңа секциялардың ісіне Бас Советтің қашан болсын араласқан бірде-бір жағдайын он алты атап көрсете алмайды.

Біз жоғарыда келтірген қарарлар жаңадан құрылатын секцияларға қатысты; төмендегі қарарлар — бұрын танылған секцияларға қатысты:

«VI. Бас Совет сондай-ақ Интернационалдың секциясын кезектегі конгреске дейін уақытша шығаруға да правосы».

«VII. Бас Совет ұлттық бір топқа кіретін қоғамдардың я секциялардың немесе түрлі ұлттық топтардың арасында туатын жанжалдарды шешуге правосы; екі жақтың да бұл шешім жөнінде кезекті конгреске шағым беруге правосы бар, түпкілікті шешім осы кезектегі конгресте шығарылуы тиіс».

Бұл екі статья шектен тыс жағдайда қажет болады, алайда Бас Совет осы күнге дейін бұларды ешқашан қолданған емес. Жоғарыда келтірілген тарихи шолу Бас Советтің секцияларды уақытша шығаруды бірде-бір рет қолданбағанын және оның жанжалдар туған жағдайда екі жағы да қажет еткен төреші ретінде ғана қимыл жасағанын дәлелдейді.

Ақырында, біз күрес мұқтажының өзі Бас Советке жүктеген міндетке келіп тірелдік. Мұның өзі Альянсты жақтаушыларға мейлі тіпті жәбірлеу болып көріне берсін, бірақ бұл күмәнсыз факт: Бас Советке пролетарлық қозғалыстың барлық жаулары өршелене шабуыл жасайтындықтан, нақ сондықтан ол Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігін жақтайтын барлық күрескерлерге басшы болды.

V

Қазіргі күйінде Интернационалды бір жайлы қылғаннан кейін, он алты бізге енді оның қандай болуы тиіс екені жайында айтады.

Ең алдымен Бас Совет формальды түрде жай ғана корреспонденттік және статистикалық бюро болуға тиісті екен. Ұйымдастырушылық қызметі тоқталғаннан кейін оның жазысқан хаттары Серіктіктің органдарында бұрын жарияланған мәліметтерді қайта жаңғыртуға сайған болар еді. Сонымен корреспонденттік бюро да жойылған болар еді. Ал статистикаға келетін болсақ, онда бұл жұмыс мықты ұйым болмайынша және әсіресе, — мұның өзі алғашқы Уставта арнайы атап көрсетілген, — жалпы басшылық болмайынша — орындалмайтын жұмыс. Бірақ осының бәрінен «беделділік» қатты сезіліп тұрғандықтан, бюроньң, мүмкін, болуы да ықтимал, ал бірақ ешқандай статистика болмас еді. Қысқасы, Бас Совет өмір сүруден қалар еді. Нақ осы логикаға сәйкес федерациялық советтер, жергілікті комитеттер және басқа «беделді» орталықтар жойылады. Тек қана автономиялық секциялар қалады.

Еркін федерацияланған және бағына қарай билік атаулының бәрінен, «керек десе жұмысшылар сайлап, белгілеген биліктен де» құтылған осы «автономиялық секциялардың» міндеті қандай болмақшы.

Бұл арада нұсқау хатты он алтының съезіне Юра федерациялық комитетінің тапсырған баяндамасымен толықтыру қажет болады.

«Жұмысшы табын адамзаттың жаңа мүдделерінің нағыз өкіліне айналдыру үшін», — оның ұйымы «салтанат құруға тиісті идеяны басшылыққа алуы» қажет. «Бұл идеяны заманымыздың қажетінен, әлеуметтік өмір құбылыстарын дәйекті зерттеу жолымен адамзаттың асыл армандарынан *қорытып шығару керек, сонан соң бұл идеяны өзіміздің жұмысшы ұйымдарымызға енгізуге жету керек*, — мақсат осылай болуға тиіс және т. т.». Ақырында, «біздің жұмысшы халықтың арасында нағыз социалистік революциялық *мектеп*» құру керек.

Сонымен, автономиялық жұмысшы секциялары кенет *мектептерге* айналады, ал олардағы ұстаздар Альянстағы мырзалар болады. Тура ешбір із қалдырмайтын «дәйекті зерттеу» жолымен олар *идеяны қорытып шығарады*. Олар бұл идеяны, «сонан соң өзіміздің жұмысшы ұйымдарымызға *енгізеді*». Олар үшін жұмысшы табы дегеніміз — шикі материал, бей-берекеттік, бұл үшін, оның бір форма алуы үшін оған бұлардың қасиетті рухының лебі есуі қажет.

Мұның бәрі Альянстың төмендегі сөздермен басталатын ескі программасының қайталануы ғана:

«Бейбітшілік пен бостандық лигасының социалистік азшылығы осы Лигадан бөлініп шығып, Социалистік демократияның жаңа альянсын» ұйымдас-тырмақшы... сөйтіп саяси және философиялық мәселелерді зерттеудің *арнайы міндетін* өз мойнына алады...»

Ал бұдан «қорытып шығарылатын» идея осындай!

«Мұндай бастама... Европа мен Американың шынайы социалистік демократтарына ортақ тіл табудың және өз идеяларын орнықтырудың құралын береді»*.

Сонымен, бір буржуазиялық қоғамның азшылығы, оның өзінің мойындауынша, жұмысшы бұқарасы алдында құпия ғылымның — бас-аяғы төрт сөздің төңірегіне сыйып жатқан және ең биік шыңы «таптарды экономикалық және элеуметтік жағынан теңестіру» болып табылатын ғылымның абыздары болып көріну үшін Интернационалды құрал ретінде пайдалану мақсатын ғана көздеп, Базель конгресінен біраз бұрын Интернационалға өтіп алған.

Осы «теориялық міндеттен» басқа, Интернационалға ұсынылған жаңа ұйымның өзінің практикалық жағы да бар.

«Болашақ қоғам»,— дейді он алтының нұсқау хаты,— «Интернационалдың өзі өзі үшін белгілейтін ұйымның универсалды түрде қолданылуы ғана болуға тиіс. Сондықтан біз бұл ұйымды өз мұратымызға мүмкіндігінше жақындату қамын қарастыруға тиіспіз».

«Беделді ұйымнан теңдік пен бостандыққа негізделген қоғамның шығуы мүмкін бе? Бұл мүмкін емес. Интернационал, болашақтағы адамзат қоғамының бастамасы, қазірдің өзінде өзіміздің бостандық пен федерация принциптеріміздің айнымас бейнесі болуға тиіс».

Басқа сөзбен айтқанда, орта ғасырлық монастырьлер ғарыштағы өмірдің бейнесі болатыны сияқты, Альянс «бастамасын» өз құрсағында көтеріп жүрген жаңа Иерусалимнің бейнесі Интернационал болуға тиіс. Әлбетте, егер Коммуна «болашақ адамзат қоғамының бастамасы» болып табылатынын түсініп, коммунарлар тәртіп атаулының және қару атаулының бәрін — енді соғыс болмайтын кезде ғана жоғалуға тиісті заттарды — лақтырып тастаған болса ғой, онда Париж коммунарлары жеңіліске ұшырамаған болар екен де!

* Ашық конгресс шақыру барып тұрған сатқындық немесе ақымақтық болып табылатын кезеңде жабық конференция шақырды деп Бас Советті кінәлауын қоймай жүрген Альянстағы мырзалар, айқай-шудың, жариялылықтың осы сөзсіз жақтаушылары, біздің Уставымызға қарама-қарсы Интернационалдың ішінде Интернационалдың өзіне қарсы бағытталған және Интернационалдың қаннен қаперсіз секцияларын жоғары абыздың — Бакуниннің — басшылығына бағындыруды мақсат еткен нағыз құпия қоғам ұйымдастырды.

Бас Совет кезектегі конгресте осы құпия ұйымның және кейбір елдерде, мысалы Испанияда, осы ұйымға дем берушілердің іс-әрекетін тексеруді талап етпекші.

Бірақ «дәйекті зерттеуге» қарамастан, Интернационал өзінің өмір сүруі үшін күрес жүргізіп жатқан кезеңде Интернационалдың шырқын бұзатын және оны қарусыздандыратын осы бір сүйкімді жобаны басып шығарған он алты емес екенін жақсылап дәлелдеу үшін, Бакунин жуық арада Интернационалдың ұйымы туралы хатында ол жобаның түпнұсқа текстін жариялады (қараңыз: «*Almanach du Peuple pour 1872*», Женева).

VI

Енді он алтының съезіне Юра комитеті тапсырған баяндаманы оқып көріңіз.

«Мұны оқу»,— деп мәлімдейді олардың ресми органы «*Révolution Sociale*» (16 ноябрьде),— «жанқиярлық және практикалық парасат мағынасында Юра федерациясын жақтаушылардан не күтуге болатыны жөнінде *дәл түсінік* береді».

Баяндама «осы сұмдық оқиғаларға»— Франция-Пруссия соғысы мен Франциядағы азамат соғысына — «Интернационал секцияларының жағдайына белгілі дәрежеде *іріткі салу...*» әсері болды дегенді таңудан басталады.

Франция-Пруссия соғысы екі жақтың армиясына да орасан көп мөлшерде жұмысшыларды жасақтап, секцияларға *іріткі салуға* жағдай жасауға тиісті болғаны рас болса, онда империяның құлауы және Бисмарктің басқыншылық соғысты ашық жариялауы Германия мен Англияда пруссактардың жағына шыққан буржуазия мен өзінің интернационалдық сезімін қашанғыдан да гөрі күштірек білдірген пролетариаттың арасында қиян-кескі күрес туғызғанының да растығы одан кем емес. Бір ғана осы себептен осы екі елдің екеуінде де Интернационалдың ықпалы өсуге тиісті болды. Ал Америкада болса, нақ сол оқиғалар толып жатқан неміс жұмысшылары эмиграциясы арасында жік тудырды; мұның интернационалистік бөлегі шовинистік бөлегінен үзілді-кесілді бөлініп шықты.

Екінші жағынан, Париж Коммунасының жариялануы Интернационалдың кеңінен өсуіне және оның барлық ұлттар секцияларының, алайда, Юра секцияларынан басқасының, Интернационал принциптерін жігерлене қорғауына бұрын-соңды болып көрмеген қозғау салды; Юра секцияларының баяндамасында бұдан әрі былай делінген: «Асқан зор күрестің басталуы ойландырады... Біреулер өзінің дәрменсіздігін жасыру үшін сырт береді... Көп адамдар үшін туып отырған жағдай» (осылардың өз қатарларында) «ыдыраудың нышаны болады», бірақ «нақ керісінше... осы жағдай *Интернационалды мүлдем өзгертіп жібере алады*... олардың түр-сипатына қарай өзгертеді. Осы сыпайы тілек осы бір соншалықты қолайлы жағдайды неғұрлым терең қарастырғаннан кейін түсінікті болады.

Таратылып жіберілген, кейін Малон секциясы орнын басқан Альянсты есептемесек, комитет жиырма секциядағы істердің жағдайы туралы есеп беруге тиісті еді. Бұлардың жетеуі одан тура теріс айналып кетті; баяндамада бұл туралы міне былай делінген:

«Қорапшылар секциясы, сондай-ақ Бьенндегі *граверлер мен өрнекшілер* секциясы біздің оларға қойған сұрақтарымыздың бірде-біріне жауап бермеді».

«*Невшательдің* кәсіптік секциялары — *ағаш ұсталары, қорапшылары, граверлері және өрнекшілері* — федерациялық комитетке бір рет те ешқандай жауап берген жоқ».

«Біз *Валь-де Рюз* секциясынан ешқандай мәліметтер ала алмадық».

«*Локльдің граверлер мен өрнекшілер секциясы* федерациялық комитеттің сұрағына ешқандай жауап бермеді».

Автономиялық секциялардың өзінің федерациялық комитетімен еркін қатынас жасауы деп аталатыны міне осы.

Баска бір секция, атап айтқанда

«*Куртелари* округінің *граверлері мен өрнекшілерінің* секциясы үш жыл бойы табанды қасарысудан кейін... қазіргі кезеңде... қарсылық жасау қоғамына ұйымдасуда»—

Интернационалдан тыс ұйымдасуда, әйтсе де он алтының съезіне оның екі делегат жіберуіне мұның еш бөгеті болған жоқ.

Осыдан кейін төрт бірдей мүлдем өлексе секциялар келеді:

«*Бьенндегі Орталық секция* қазіргі кезде тарап кетті; алайда оның шын берілген мүшелерінің бірі жуырда бізге: Бьеннде *Интернационалдың* қайта жанданатынына әлі бар үмітіміз кесілген жоқ деп жазды».

«*Сен-Блездегі* секция тарап кетті».

«Катебадағы секция тамаша өмір сүргеннің артынан, осы жердегі *кожайындардың* (!) «*осы ержүрек*» (!) «секцияны таратып жіберу мақсатымен жүргізген эзәзілдіктеріне байланысты *шегінуге мәжбүр болды*».

«Ақырында, *Коржемондағы* секция да *кожайындар тарапынан* жасалған эзәзілдіктердің *құрбаны болды*».

Осыдан кейін *Куртелари округінің орталық секциясы* келеді, ол

«парасатты шараны қолданды: өз қызметін *уақытша тоқтатты*»,—

мұның өзі оның өзінің екі делегатын он алтының съезіне жіберуіне бөгет болмады.

Осыдан кейін *бары-жоғы барынша күмәнді болып отырған төрт секция* келеді.

«*Гранж* секциясы социалист-жұмысшылардың *шағын ұйтқысы* болып шықты... Бұлардың жергілікті жердегі қызметі өздерінің санының аздығынан тоқтап қалды».

«*Невшательдегі Орталық секция* оқиғалардың нәтижесінде қатты *күйзелді*, егер мұның жекелеген мүшелерінің жанқиярлығы мен белсенділігі болмағанда, *апатқа ұшырауы сөзсіз еді*».

«Бірнеше ай бойына өмір мен өлім арасында болған Локльдегі орталық секция ақыр соңында тарап кетті. Ол тіпті жақында ғана қайта ұйымдасты»—

он алтының съезіне екі делегат жіберу мақсатымен ғана ұйымдасқан шығар-ақ.

«Шо-де-Фондағы социалистік насихат секциясы қиын-қыстау халде тұр... Оның жағдайы жақсармақ былай тұрсын, қайта нашарлап барады».

Осыдан кейін екі секция — Сент-Имье мен Сонвильядағы ағарту үйірмелері келеді, бұлар туралы жұқалап қана айтылған және олардың жағдайлары жайында бір ауыз сөз айтылмаған.

Енді үлгілі секция қалып отыр, оның орталық секция деген атына қарағанда, бұл секция дербес алғанда басқа жойылып кеткен секциялардың жұрнағы ғана болып табылады.

«Мутьедегі орталық секция, күмән жоқ, басқалардан аз күйзелді... Мұның комитеті федерациялық комитетпен үзбей байланысып тұрды... Секциялар әлі құрылған жоқ...»

Бұған төмендегі жағдайлар себеп:

«Мутьедегі секцияның жұмысы — халықтық әдет-ғұрыптарды сақтап қалған жұмысшы халықтың тамаша орналасуына байланысты ерекше қолайлы жағдайда болып отыр... біз бұл жердің жұмысшы табы әр қилы саяси элементтерден өздерін бұрынғыдан да гөрі тәуелсіз ұстаса деп тілер едік».

Сонымен, бұл баяндама шынында

«жанқиярлық пен практикалық парасат мағынасында Юра федерациясын жақтаушылардан не күтуге болатыны жөнінде дәл түсінік береді»

Бұлар мұны осы Шо-де-Фонның, өздерінің комитеті алғашқыда тұрған жердің, жұмысшылары бұлармен қандай да болсын қарым-қатынас жасаудан әрқашан бас тартып келді дегенді қосса, толықтыра алған болар еді. Жуық арада ғана, 1872 ж. 18 январьдағы жалпы жиналыста осы жұмысшылар он алтының нұсқау хатына Лондон конференциясының қаулыларын, сондай-ақ 1871 ж. май айындағы Романдық съездің қаулысын мақұлдадық деп бірауыздан жауап берді; ал бұл қаулы былай дейді:

«Интернационалдан Бакунин, Гильом және осыларды жақтаушылар бір-жола қуылсын».

Сонвильядағы съезд деп аталатын, оған қатысушылардың сөзіне қарағанда «тартыс тудырған, Интернационалдың ішінде ашық тартыс тудырған» съездің маңызы туралы бір ауыз сөз болса да қосудың қажеттігі бар ма?

Әрине, бұл адамдардың, өздері қанша ұсақ болса, соншалық қатты шу көтерген адамдардың табысты болғаны даусыз. Бүкіл

либералдық және полицейлік баспасөз ашықтан-ашық осылардың жағына шықты; бұлардың Бас Советке жапқан жаласын, олардың Интернационалға қарсы дәрменсіз шабуылдарын барлық елдердің жалған реформаторлары қолдады. Англияда бұларды эзезілдіктерін Бас Совет іске асырмай тастаған буржуазияшыл республикашылар қолдады. Италияда бұларды еркін ойлаушы догматиктер қолдады, ал олар жуырда Стефанонидің туы астында, тұратын жері міндетті түрде Рим болатын «Рационалистердің универсалды қоғамын», «беделді» және «иерархиялық» ұйым, атеист монахтар мен монахинялар үшін монастырьлер құрды, бұл ұйымның уставы бойынша он мың франк жәрдем берген әрбір буржуаның мәрмәр мүсіні мәжіліс залына қойылады²²⁵. Ақырында, Германияда бұлар, полицейлік «Neuer Social-Demokrat»²²⁶ газетін шығаратынын айтпағанның өзінде, пруссакгерман империясының ақ көйлектілері²²⁷ ролін атқаратын бисмарктік социалистер тарапынан қолдау тапты.

Сонвильядағы Конклав — Малон мен Лефрансе азаматтардың айтуынша, — «Лондон советінің праволарды үнемі зорлықпен иемденуін болдырмау үшін», ал шынына келгенде, Интернационалды Альянспен ауыстыру үшін дереу конгресс шақыруды талап еткен көпірме үндеу жазып, Интернационалдың барлық секцияларына жіберді. Бұл үндеудің шабыттандыра түсетін қолдау тапқаны соншалық, Бельгиядағы соңғы съездің шешімдерін бұлардың дереу бұрмалауға кірісуіне тура келді. Өздерінің ресми органында («Révolution Sociale», 4 январь, 1872 ж.) олар былай деп мәлімдейді:

«Ақырында, неғұрлым маңызды нәрсе, Бельгия секциялары өзінің 24 және 25 декабрьде Брюссельде болған съезінде жалпы конгресті қауырт шақырудың қажеттігі туралы, Сонвильядағы съездің шешімімен қабысып жатқан, қаулыларды бірауыздан қабылдады».

Айта кету қажет, Бельгия съезі бұған тура қарама-қарсы шешім қабылдады. Ол Интернационалдың *кезектегі конгресінде* қарау үшін жаңа Жалпы Уставтың жобасын жасауды июньнен ерте бола қоймайтын Бельгиядағы таяудағы съезге тапсырды.

Интернационал мүшелерінің басым көпшілігінің келісімі бойынша Бас Совет жылда болатын конгресті тек 1872 жылы сентябрьде ғана шақырады.

VII

Конференциядан кейін бірнеше апта өткен соң Лондонға *Альянстың* неғұрлым беделді және ынталы мүшелері Альбер Ришар мен Гаспар Блан мырзалар келді; бұлар француз эмигранттарының ішінен империяны қайта жаңғырту үшін жұмыс істеуге әзір көмекшілер жинап алу тапсырмасымен келген бо-

латын; бұлардың пікірінше, мұның өзі Тьерден құтылудың және өздері де құралақан қалмаудың бір ғана жолы болды. Бас Совет мүдделі кісілерді және соның ішінде Брюссель федерациялық советін олардың бонапартистік тіміскі әрекеттері жайында ескертіп қойды.

1872 ж. январьда бұлар бет пердесін лақтырып тастап, мынадай кітапша жариялады: *«Империя және жаңа Франция. Халықты және жастарды француздар ожданына шақыру»*. Альбер Ришар мен Гаспар Бланның шығармасы. Брюссель. 1872.

Альянстың шарлатандарына тән кішіпейілділікпен бұлар былай деп жар салады:

«Француз пролетариатының ұлы армиясын ұйымдастырған біздер... Францияда Интернационалдың ең ықпалды көсемдері болған* біздер, бағымызға қарай, атылудан аман қалдық, міне енді біз солардың (*атаққұмар парламентарийлердің, тамағы тоқ республикашылдардың, әр алуан жалған демократтардың*) алдында, өзіміз көтеріп шайқасып жүрген туды тігу үшін және, өзімізге жабылатын жаладан, қорқытудан және қандай да болсын шабуылдан тайсалмай, аң-таң болған Европаға санамыздың терең тұңғығынан шыққан ұранды, көп ұзамай француздардың бәрінің жүрегінен орын алатын *„Император жасасын!“* деген ұранды көтеру үшін біз міне осындамыз».

«Маскара болған және бетіне түкірілген III Наполеонға тамаша ақталушылық керек»—

сондықтан да III Басқыншылықтың құпия қорынан ақысы төленген Альбер Ришар мен Гаспар Блан мырзалар оны ақтау керек деген тапсырма алды.

Әйтсе де, бұлар былай деп мойындайды:

«өз идеяларымыздың дамуының табиғи барысы бізді империяның жақтаушылары етті».

* «Egalité»-нің (Женсөвада шығатын) 1872 ж. 15 февральдағы санында *«Жұрт алдында маскаралалу»* деген тақырыппен жазылған мақаладан біз мынаны оқимыз: «Францияның оңтүстігінде Коммуна жолындағы қозғалыстың жеңілу тарихын жазатын уақыт әлі жеткен жоқ, бірақ қазірдің өзінде біздер, 30 апрельдегі Лион көтерілісінің қайғылы жеңілісінің көпшілігіміз бұрынғы куәсы болғандар, осы көтерілісті жеңіліске ұшыратқан себептердің бірі қалтарыста болып келген А. Ришардың бұйрықтарын орындап, барлық жерге араласқан Г. Бланның қорқақтығы, сатқындығы және ұрлықшылығы болды деп мәлімдей аламыз.

Өздерінің күні бұрын ойластырып алған айла-шарғыларымен бұл жексұрындар көтеріліс комитеттерінің әзірлік жұмысына қатысқандардың көбіне әдейі күйе жақты.

Ол ол ма, бұл сатқындардың Лионда Интернационалдың қадірін кетіруге сәті түскені соншалық, Париж революцияның кезінде Лион жұмысшылары Интернационалға сұмдық сенімсіздікпен қарады. Ұйымшылықтың мүлде болмауы осыдан, көтерілістің жеңілісі, өз күшімен өзі қалған Коммунаның құлауына апарып соқтырмай қоймайтын жеңіліс осыдан болды. Тек осы қанды сабақтан кейін ғана біз насихат жұмысымыз арқылы Лион жұмысшыларын Интернационал туының төнірегіне топтастыра алдық.

Альбер Ришар Бакуининнің және соның бауырларының сүйіктісі және әулиесі болды».

Олардың *Альянстағы* жақтастарының құлағына жағымды тиюге тиісті мойындау міне осы. «Solidarité»-нің бағы жанып тұрған күндеріндегі сияқты, А. Ришар мен Г. Блан «дамудың табиғи барысының» мәліметтері бойынша нағыз абсолюттік депотизмнің тұсында ғана, жайма шуақ күндерде серуенге шығудан бас тартатын тұтқын сияқты, жұмысшылар саясатқа араласудың қандайынан болсын бой тартқан кезде ғана жүзеге аса алатын «саясаттан бой тарту» туралы өздерінің ескілікті сөздерін такпақтаумен жүр.

«Революционерлер заманы»,— дейді олар,—«өтті... коммунизм Германия мен Англияға, ең алдымен Германияға енгізілді. Айта кетер болсақ, кейіннен барлық Интернационалда тарау үшін коммунизм ертеден-ақ байсалды түрде нақ сонда дамытылды және Серіктіктегі *неміс ықпалының* осы барынша алаңдататын табыстары оның дамуын бөгеуге аз жағдай жасаған жоқ немесе, дәлірек айтқанда, бірде-бір немістен ешқашан бірде-бір ұран алмаған Францияның орталығы мен оңтүстігіндегі секцияларда жаңа бағыт беру үшін аз жағдай жасаған жоқ».

Бұл арада осы біз Альянс пайда болған уақыттан бастап, орыс ретінде, *латын нәсілдерінің* өкілі болудың арнаулы міндетін өз мойнына алған ұлы иерофанттың* өзінің үнін естіп отырған жоқпыз ба? Әлде бұл

«Интернационалға неміс және Бисмарк данышпандары таңбақшы болатын кері қозғалыс туралы»

хабарлап отырған «Révolution Sociale»-дегі (2 ноябрь 1871 ж.) «нағыз миссионерлердің» үні ме екен?

Алайда, бағымызға қарай, Интернационалдың шын дәстүрлері сақталып қалыпты,— Альбер Ришар мен Гаспар Блан атылмай қалған екен! Демек, бұлардың жеке басының «жұмысы»— бонапарттық секциялар құру, бір ғана осы себептен «автономиялық» болып табылатын секцияларды құру әрекеті арқылы Францияның орталығы мен оңтүстігінде Интернационалға «жана бағыт беруде» болып отыр.

Ал енді, Лондон конференциясы ұсынғанындай, пролетариатты саяси партияға қалыптастыруға келетін болсақ, онда «*біздер*»— Ришар мен Блан —*империяны қайта жаңғыртқаннан кейін*—

«социалистік теорияларды ғана емес, сонымен бірге оларды жүзеге асыру жөніндегі әрекеттерді— бұқараның революциялық ұйымында орын теуіп отырған әрекеттерді де дереу құртамыз. Бір сөзбен айтқанда, «Интернационалдың... әсіресе *латын нәсілдес* елдерде... шын күші болып отырған» «секциялардың» ұлы «автономия принципін» («Révolution Sociale», 4 январь) пайдалана отырып,—

бұл мырзалар Интернационалдағы анархияға үміт артып отыр.

* — М. Бакуининнің. *Ред.*

Анархия — олардың социалистік системалардан тек ат қойып, айдар тағуды ғана алған ұстазы Бакуиннің жауға мінер аты міне осы. Социалистердің бәрі анархияны төмендегіше түсінеді: пролетарлық қозғалыстың мақсатына — таптарды жоюға — қол жеткеннен кейін, қоғамның өндірушілерден құралатын орасан көпшілігін болмашы қанаушы азшылықтың езуінде ұстау үшін өмір сүретін мемлекеттік өкімет құриды, сөйтіп үкіметтік міндеттер жай әкімшілік міндеттерге айналады. Альянс мәселені керісінше қояды. Ол пролетарлар қатарындағы анархияны қанаушылардың қолындағы қоғамдық және саяси күштердің құдіретті шоғырлануын талқандайтын неғұрлым сенімді құрал деп жариялайды. Ол осыны желеу етіп, ескі дүние Интернационалды жаныштауға тырысып отырған кезеңде Интернационалдан өзінің ұйымын анархиямен ауыстыруды талап етеді. Тьердің республикасын императордың мантиясымен бүркеп, оны мәңгі сақтап қалу үшін халықаралық полицияға бұдан артық ештеңенің керегі де жоқ*.

Лондон, 5 март 1872 ж.
33, Ратбон-плейс.

К. Маркс пен Ф. Энгельс 1872 ж. январь-
дың ортасы мен 5 марттың аралығында
жазған
Кітапша түрінде Женевада 1872 ж. ба-
сылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармалары-
ның тексті бойынша басылып отыр. 2-ба-
сылуы, 18-том, 1—46-беттер

* Дюфордың заңы туралы баяндамада помещиктік палатаның депутаты Саказ ең алдымен Интернационалдың «ұйымына» шабуыл жасайды. Бұл ұйымға оның жаны қас. «Осы қаһарлы Серіктіктің өрши түскен қозғалысын» атап айта келіп, ол былай деп жалғастырады: «Бұл Серіктік... өзінен бұрын болған секталардың құпия іс-әрекеттерін теріске шығарады. Мұның ұйымы барлық жұрттың көз алдында құрылып, түрін өзгертіп жатты. Осы ұйымның құдіреттілігі арқасында... оның қызметі мен ықпал шеңбері де бірден-бірге кенейе түсуде. Серіктік барлық елдерге тарап отыр». Осыдан кейін Саказ ұйымға «қысқаша сипаттама» беріп, қорытындысында былай дейді: «Осы ұлан-ғайыр ұйымның жоспары... өзінің кемел бірлігінде міне осындай. Оның күші түпкі мақсатының өзінде. Сондай-ақ оның күші ортақ жұмыспен байланысты өзінің жақтаушыларының көптігінде және, ақырында, оларды қозғалысқа келтіріп отыратын жойқын стимулда».

К. МАРКС

ПАРИЖ КОММУНАСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ АРНАЛҒАН МИТИНГІНІҢ ҚАРАРЛАРЫ²²⁸

1871 ж. 18 марттың жылдығына байланысты шақырылған митинг төмендегі қарарларды қабылдады:

I

Митинг 18 марттағы қаһармандық қозғалысты адамзатты таптық қоғамнан мәңгі азат ететін ұлы әлеуметтік революцияның бастамасы деп қарайды.

II

Митинг бүкіл Европада жұмысшыларға қарсы өздерінің өшпенділігімен біріккен буржуазия таптарының ақымақтығы мен қылмыстары ескі қоғамның басқару формалары қандай болмасын — монархиялық немесе республикалық формалар болмасын — ескі қоғамды өлім жазасына кесті деп мәлімдейді.

III

Митинг барлық үкіметтердің Интернационалға қарсы крест жорығы және Версаль жеңдеттерінің, сол сияқты оларды жеңген пруссактардың да терроры олардың табыстарының негізсіздігінің куәсі болып табылады және Тьер мен Вильгельм күш қоса отырып жойған қаһарман авангардтың соңында дүние жүзілік пролетариаттың айбынды армиясы тұрғанының дәлелі деп мәлімдейді.

К. Маркс 1872 ж. 13 және 18 март аралығында жазған 1872 ж. 24 мартта „La, Liberte“ газетінің 12-номерінде және 1872 ж. 30 мартта „The International Herald“ газетінің 3-номерінде басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 51-бет

ЖЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ²²⁹

Байлық атаулының ең бастапқы қайнар көзі — жер меншігі ұлы проблемаға айналды, жұмысшы табының болашағы осы проблеманы шешуге байланысты*.

Жерге жеке меншік болуын қорғаушылардың — юристердің, философтар мен экономистердің келтіріп жүрген барлық дәлелдерін бұл арада талқылауды өзіме міндет етіп қоймағандықтан, мен бұл арада тек, біріншіден, жеңіп алудың бастапқы фактісін «табиғи правомен» бүркеу үшін олардың аз күш жұмсамағандығын ғана атап көрсетемін. Егер жеңіп алушылық азшылық үшін табиғи право жасап берген болса, онда көпшілікке өзінен тартып алынған нәрсені жеңіп алуға жеткілікті күштер жинау ғана, сөйтіп табиғи правоға ие болу ғана қалып отыр.

Тарих барысында шапқыншылар дәрекі күштен туған өздерінің ең бастапқы правосына олардың өздері баса көктеп енгізген заңдары арқылы біраз қоғамдық тұрақтылық** мән беруді қолайлы санады.

Мұнан кейін философ шығып, бұл заңдар адамзаттың*** жалпылама келісімін көздейді және білдіреді деп дәлелдейді. Егер шынында жерге жеке меншік болуы осындай жалпылама келісімге негізделген болса, онда қоғам көпшілігі жерге жеке меншік болуын мұнан әрі сақтауды қаламаған кезде, ол меншік, сірә, өмір сүруін тоқтатуға тиіс шығар.

Алайда, меншік «праволары» дейтіндерді былай қоя тұрып, мен былай деймін: қоғамның экономикалық дамуы, халықтың өсуі мен шоғырлануы — капиталист-фермерді ауыл шаруашылығында коллективтік және ұйымдасқан еңбекті қолдануға, машиналардың және сол сияқты өнертабыстардың көмегін пайдалануға мәжбүр ететін шарттар — жерді национализациялауды

* Қолжазбаның алғашқы түрінде осы сөйлемнің алдында: «1-пунктке» деп белгі қойылған. *Ред.*

** Қолжазбаның алғашқы түрінде «тұрақтылық» деген сөздің орнына: «санкция» деп жазылған. *Ред.*

*** Қолжазбаның алғашқы түрінде «адамзаттың» деген сөздің орнына: «қоғамның» деп жазылған. *Ред.*

барған сайын «қоғамдық қажеттілік» ететін болады, бұған қарсы меншік праволары туралы пікір атаулының бәрі дәрменсіз. Қоғамның бұлтартпайтын қажеттіктері қанағаттандырылуға тиіс және қанағаттандырылатын болады, қоғамдық қажеттілік талап ететін өзгерістер өздеріне жолды өздері салады, сөйтіп ерте ме, кеш пе заңдарды өз мүдделеріне бейімдеп алады.

Біз күн сайын ұлғайып отыратын өндіріске мұқтажбыз, сондықтан бұл өндірісті ат төбеліндей бір топ адам өздерінің орынсыз тілектері мен жеке мүдделеріне сәйкес реттеп отыратын немесе жерді өңдеуін білмей құнарсыздандыратын жағдайда өндіріс қажеттіктері қанағаттандырылмайды. Осы заманғы барлық әдістер, суландыру, дренаж, бу соқасы, химия өнімдері және т. с. ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылуы тиіс. Бірақ біздің ғылыми білімдеріміз және ауыл шаруашылығын жүргізу жөнінде бізде бар машиналар және т. с. сияқты техникалық құрал-жабдықтар тек жерді зор көлемде өңдеу жағдайында ғана ойдағыдай қолданылуы мүмкін.

Егер жерді зор көлемде өңдеу (тіпті өндірушінің өзін жүк таситын жай жануардың қалпына түсіретін осы заманғы капиталистік әдіспен болса да) экономикалық тұрғыдан қарағанда* шаруашылықты ұсақ және бытыранды учаскелерде жүргізуден гөрі соншалық неғұрлым тиімді болса, онда шаруашылықты ұлттық көлемде жүргізу өндірістің дамуына бұдан да зор қозғау салмас па еді?

Бір жағынан, халықтың үздіксіз өсіп отырған қажеті, ал екінші жағынан, ауыл шаруашылық өнімдеріне бағаның үнемі өсуі жерді национализациялаудың қоғамдық қажеттілікке айналып отырғанын даусыз дәлелдейді.

Жер өңдеу ісі ұлттың бақылауымен** және ұлт игілігі үшін жүргізілген жағдайда, жекелеген адамдардың озбырлығы салдарынан ауыл шаруашылығы өнімінің азаюы, әлбетте, мүмкін болмайды.

Осы мәселені талқылау кезінде мен осында тыңдаған азаматтардың бәрі де жерді национализациялауды қорғап шықты, бірақ олар мейлінше әр түрлі көзқараста болды***.

Франция сан рет дәлелге келтірілді; бірақ өзінің *шаруа меншігі* жағынан Франция өзінің лендлордизмі бар Англиядан гөрі жерді национализациялаудан әлдеқайда алшақ жатыр****. Рас, Францияда, жерді сатып алуға кімде-кімнің жағдайы бол-

* Қолжазбаның алғашқы түрінде «экономикалық тұрғыдан қарағанда» деген сөздер жоқ. *Ред.*

** Қолжазбаның алғашқы түрінде бұдан кейін: «оның есебіне және оның мүдделеріне» делінген. *Ред.*

*** Қолжазбаның алғашқы түрінде бұл сөйлем жоқ; сірә, бұл Дюпонның айтқаны болу керек. *Ред.*

**** Қолжазбаның алғашқы түрінде бұл сөйлемнің алдына: «5-пунктке» деп белгі жасалған. *Ред.*

са, жерге әркімнің-ақ қолы жетеді, бірақ нақ осы қол жетушілік жердің ұсақ учаскелерге бөлшектенуіне әкеліп соқтырды, ол ұсақ учаскелерді азын-аулақ құрал-жабдықтары бар және көбінесе өз еңбегіне және өз үй-ішінің еңбегіне сенетін адамдар өңдейді. Жер меншігінің осы формасы және жердің ұсақ учаскелер түрінде осы меншік туғызған өңделуі ауыл шаруашылығында қазіргі заманғы жетістіктер атаулының қолданылуын болдырмай, сонымен қатар егіншінің өзін әлеуметтік прогресс атаулының, әсіресе, жерді национализациялаудың нағыз қарсыласына айналдырады. Ол біршама болымсыз табыс алу үшін барлық өмірлік күш-қуатын жұмсауы тиіс жерге байлаулы, ол өз өнімінің денін мемлекетке — алым-салықтар түрінде, сот сұрқияларына — сот шығындары түрінде және өсімқорға — проценттер түрінде беруге мәжбүр; ол өз қызметінің шектеулі шеңберінен тысқарғы әлеуметтік қозғалыс жайында мүлде түк білмейді, дегенмен де ол өзінің ұлтарактай жеріне және сол жерге деген өзінің таза номиналдық правосына көз жұма жабысып айрылмайды. Француз шаруасы өнеркәсіп жұмысшы табымен қатерлі антагонизмге осындай жолмен тартылды.

Шаруа меншігі жерді национализациялау үшін ең үлкен кедергі болып табылатындықтан, Франция, оның қазіргі жағдайында, сөз жоқ, осы ұлы проблеманың шешімін біздің іздеуге тиісті еліміз болып табылмайды.

Әкімет билігі буржуазияның қолында отырған кезде, жерді национализациялап, оны ұсақ учаскелер түрінде жекелеген адамдарға немесе жұмысшылар серіктіктеріне беру тек олардың арасында қиян-кескі бәсеке тудырған болар еді, сөйтіп, сайып келгенде, рентаның ұлғайып өсе түсуіне бастар еді, ал бұл өз кезегінде келіп, өндірушілердің есебінен өмір сүріп отырған жер иелеріне жаңа пайда келтірген болар еді.

Интернационалдың 1868 жылы Брюссельде болған конгресінде²⁰² біздің жолдастарымыздың бірі* былай деген еді:

«Жерге ұсақ жеке меншік болуын ғылым айыптайды, ал ірі жер меншігін — әділеттік айыптайды. Сонымен, тек екінің бірі ғана қалады: жер не село серіктіктерінің меншігі болуға тиіс, не бүкіл ұлт меншігі болуға тиіс. Бұл мәселені болашақ шешеді».

Ал мен болсам, керісінше былай деймін**: әлеуметтік қозғалыс жердің тек қана ұлттың меншігі болатын шешімге алып келеді. Жерді бірлескен ауыл шаруашылық жұмысшыларының қолына беру дегеніміз қоғамды тек бір ғана өндірушілер табына бағындырып қою болар еді.

* — Сезар де Пап. *Ред.*

** Қолжазбаның алғашқы түрінде келесі сөздердің орнына былай деп жазылған: «жердің тек қана ұлттық меншік болатындығын болашақ шешеді». *Ред.*

Жерді национализациялау еңбек пен капитал арасындағы қатынастарға толық өзгеріс жасайды, сөйтіп, түптеп келгенде, өндірістің капиталистік әдісін өнеркәсіпте де, сондай-ақ ауыл шаруашылығында да мүлдем жояды. Сонда таптық айырмашылықтар мен артықшылықтар олар негізделген экономикалық негізімен бірге жойылады*. Басқаның еңбегі есебінен өмір сүру келмеске кетеді. Қоғамның өзінен бөлінген үкімет немесе мемлекет енді болмайды! Ауыл шаруашылығы, кен ісі, фабрика өнеркәсібі — бір сөзбен айтқанда, өндірістің барлық салалары — бірте-бірте неғұрлым қолайлы түрде ұйымдастырылатын болады. *Өндіріс құрал-жабдықтарын ұлттық көлемде орталықтандыру* жалпы және тиімді жоспар бойынша қоғамдық еңбекпен шұғылданатын еркін және тең дәрежелі өндірушілер бірлестігінен құралған қоғамның ұлттық** негізі болады. XIX ғасырдың ұлы экономикалық қозғалысы жеткізетін адамгершілік*** мақсат міне осындай.

К. Маркс 1872 ж. март — апрельде жазған „The International Herald“ газетінде басылған, № 11, 15 июнь 1872 ж.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 54—57-беттер

* Қолжазбаның алғашқы түрінде «олар негізделген» деген сөздердің орнына: «өздері шыққан экономикалық негізімен бірге жойылады, сөйтіп қоғам еркін өндірушілер бірлестігіне айналады» деп жазылған. *Ред.*

** Қолжазбаның алғашқы түрінде «ұлттық» деген сөздің орнына: «табиғи» деп жазылған. *Ред.*

*** Қолжазбаның алғашқы түрінде «адамгершілік» деген сөз өшірілген. *Ред.*

К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС

ГААГАДА БОЛҒАН ЖАЛПЫ КОНГРЕСТІҢ ҚАРАРЛАРЫНАН

2—7 СЕНТЯБРЬ 1872 ж.²³⁰

I УСТАВ ТУРАЛЫ ҚАРАР

7-статьядан кейін Уставқа Лондонда болған ІХ конференция (1871 жылғы сентябрь)¹⁹² қарарының мазмұнын қорытатын төмендегі статья енгізілуге тиіс.

7 а статья. Дәулетті таптардың біріккен өкіметіне қарсы өзінің күресінде жұмысшы табы дәулетті таптар құрған барлық ескі партияларға қарама-қарсы тұратын ерекше саяси партияға ұйымдасқанда ғана тап ретінде қимыл жасай алады.

Жұмысшы табының саяси партияға бұл ұйымдасуы әлеуметтік революцияның жеңісін және оның түпкі мақсаты — таптарды жоюға жетуді қамтамасыз ету үшін қажет.

Жұмысшы табының экономикалық күрес арқасында қазірдің өзінде қолы жеткен өз күштерін біріктіруі, сонымен бірге өзін қанаушылардың саяси өкімет билігіне қарсы оның күресінің тетігі болып қызмет етуге тиіс.

Жер мен капитал шонжарлары өздерінің экономикалық монополияларын қорғап, мәңгілік ету үшін және еңбекті құлдану үшін өздерінің саяси артықшылықтарын әрдайым пайдаланып отыратындықтан, саяси өкімет билігін жеңіп алу пролетариаттың ұлы міндеті болып отыр.

5 дауыс қарсы, 29 дауыспен қабылданды; қалыс қалған 8...

К. Маркс пен Ф. Энгельс жазған

„Résolutions du congrès général tenu a la Haye du 2 au 7 septembre 1872“. Деген атпен кітапша түрінде. „Londres, 1872, сондай-ақ „La Emancipation“ газетінде № 72, 1872 ж. 2 ноябрьде және „The International Herald“ газетінде № 37, 1872 ж. 14 декабрьде басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 143-бет

К. МАРКС

ГААГА КОНГРЕСІ ТУРАЛЫ

1872 ЖЫЛЫ 8 СЕНТЯБРЬДЕ АМСТЕРДАМДАҒЫ МИТИНГІДЕ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДІҢ ТІЛШІЛІК ЖАЗБАСЫ¹⁹¹

XVIII ғасырда,— дейді шешен, бұл дүниенің корольдері мен күштілері өз әулеттерінің мүдделерін талқылау үшін Гаагада жиналатын әдеті бар еді.

Қорқыту атаулының бәріне қарамастан, нақ сол жерде біз жұмысшылардың конгресін шақыруға ұйғардық. Нағыз реакциялық жұрттың арасында біз өзіміздің ұлы Серіктігіміздің өміршендігін, қанат жайып, болашақтан үміт ететіндігін дәлелдегіміз келді.

Біздің шешіміміз жұртқа мәлім болған кезде, жағдай әзірлеу үшін бейне біз жіберген эмиссарлар жайында сөз бола бастады. Иә, біздің барлық жерде эмиссарларымыздың бар екенін біз теріске шығармаймыз, бірақ көп жағдайда олар бізге белгісіз. Біздің Гаагадағы эмиссарларымыз жұмысшылар болды, олардың еңбегі тым ауыр; Амстердамда да олар осындай жұмысшылар болды, күніне 16 сағаттан жұмыс істейтін жұмысшылардың дәл өздері. Біздің эмиссарларымыз міне осылар, басқалар бізде жоқ; сондықтан біз қай жаққа барсақ та, барлық елдерде олар бізді достық ниетпен қарсы алуға қашанда әзір, өйткені біздің мақсатымыз олардың жағдайын жақсарту екенін олар өте тез ұғынады.

Гаага конгресі маңызды-маңызды үш мәселені ойдағыдай орындады:

Ол жұмысшы табы үшін, ескі, күйреп бара жатқан қоғамға қарсы әлеуметтік салада қалай күрессе, саяси салада да сондай күрес жүргізуі қажет екендігін жариялады; сөйтіп біз Лондон конференциясының¹⁹² осы қарарының енді біздің Уставымызға* енгізілгендігімен өзімізді құттықтай аламыз.

Біздің арамызда қалыптасқан қайсыбір топ жұмысшылардың саяси жұмыстан бой тартуын жариялады. Бұл принциптердің біздің ісіміз үшін қаншалықты қауіпті де қатерлі болып табылатынын мәлімдеуді біз өз борышымыз деп есептедік. Жұмысшы еңбектің жаңа түрде ұйымдасуын белгілеу үшін болашақта

* Қараңыз: осы том, 312-бет. *Ред.*

саяси өкімет билігін өз қолына алуға тиіс; егер ол, саясатты елемей, оны мойындамаған алғашқы христиандар сияқты, өзінің жер бетіндегі үстемдігінен мәңгі айрылғысы келмесе, ол ескірген институттарды қуаттаушы ескі саясатты құлатуға тиіс болады.

Бірақ біз бұл мақсатқа барлық жерде бірыңғай жолмен жету керек деп еш уақытта да айтқан емеспіз.

Әр түрлі елдердің мекемелерімен, әдет-ғұрыптарымен және дәстүрлерімен санасу керектігін біз білеміз; сондықтан жұмысшылар өз мақсатына бейбіт жолдармен жете алатын Америка, Англия сияқты елдердің бар екенін біз теріске шығармаймыз, ал егер мен сіздердің мекемелеріңіздің жайын жақсы білген болсам, онда мүмкін оларға Голландияны да қосқан болар едім. Бірақ бұл тіпті осылай болған күнде де, біз сонымен бірге континент елдерінің көпшілігінде біздің революциямыздың тетігі күш болуы тиіс екендігін мойындауымыз керек; еңбек үстемдігін түпкілікті орнату үшін уақытша болса да нақ сол күшті пайдалануға тура келеді*.

Гаага конгресі Бас Совет үшін жаңа және бұрынғыдан да кең уәкілдіктер белгіледі. Шындығында да, Берлинде тәжілі бекзадалар²³² жиналып жатқан кезеңде және феодализм мен өткен дәуірдің күдіретті өкілдерінің осы жиналысында бізге қарсы жаңа және анағұрлым қатал жазалау шаралары қабылдануға тиісті болып отырған кезде; қуғындаулар ұйымдастырылып отырған кезде, Гаага конгресі өзінің Бас Советінің уәкілдігін күшейтуді және алдағы күрес үшін бытыраңқылық нәтижесіз ететін қызметті орталықтандыруды орынды және қажетті деп тапты. Оның үстіне Бас Советтің уәкілдігі біздің жауларымыздан басқа, кімге үрей туғызбақшы еді? Өзіне бағынуға мәжбүр ететіндей Бас Советтің бюрократтық аппараты немесе қарулы полициясы бар ма екен? Оның беделі таза моральдық бедел болып қана табылмай ма екен? Ал ол өзінің қаулыларын федерацияларға хабарлап отырмай ма, ол қаулыларды орындау соларға жүктелмей ме екен? Армиясыз, полициясыз, чиновниктерсіз, осындай жағдайға қойылған тәжілі бекзадалар, егер олар өзінің өкімет билігін тек моральдық ықпал мен моральдық беделге ғана сүйеніп құруға тиіс болса, революция жолындағы әлсіз бөгет болып шығар еді.

Және ақырында, Гаага конгресі Бас Советтің тұрағын Нью-Йоркке көшірді. Көп адамдар, тіпті біздің достарымыздың да бірқатары, сірә, мұндай шешімге таңданған болу керек. Американың көбінесе жұмысшылар әлеміне айналып келе жатқандығын, осы екінші континентке жыл сайын жарты миллион жү-

* «Volksstaat» газетінде бұл сөйлемнің орнына: «Алайда барлық елдерде бірдей істің жайы нақ осылай болып отырған жоқ» деп басылған. *Ред.*

мысшы қоныс аударып отырғандығын және жұмысшы басым болып отырған осы негізде Интернационалдың терең тамыр жаюы қажет екендігін, олар, шамасы, естен шығарып отырса керек. Оның үстіне, конгрестің қаулысы Бас Советке жалпы іс үшін өзі керек және пайдалы деп тапқан мүшелерді өз құрамына кооптациялау правосын береді. Бас Советтің парасатына үміт артайық та, оның өз міндеттерінің дәрежесінде болатын, біздің Серіктіктің туын Европада жоғары ұстай алатын адамдарды таңдап ала алатындығына сенетін болайық.

Азаматтар, Интернационалдың негізгі принципі туралы: ынтымақтық туралы еске алайық. Егер біз барлық елдердегі бүкіл жұмысшылар арасында осы, жігерлендіруші принципті мықтап нығайтатын болсақ, өзіміз ұмтылып отырған ұлы мақсатқа жетеміз. Революция ынтымақты революция болуға тиіс, бізді Париж Коммунасының ұлы тәжірибесі осыған үйретіп отыр, өйткені оның құлау себебі*: барлық негізгі орталықтарда, Берлинде, Мадридте және басқаларында Париж пролетариаты күресінің жоғары дәрежесіне сай келетін ұлы революциялық қозғалыс бір мезгілде бұрқ етпеді.

Ал маған келетін болсақ, мен өз ісімді одан әрі қарай жүргізе бермекпін, барлық жұмысшылардың болашақ үшін соншалық жемісті осы ынтымақтығын құру жолында қажымай жұмыс істей бермекпін. Жоқ, мен Интернационалдан кетпеймін, менің бұрынғы қызметім тәрізді, менің енді қалған өмірім де әлеуметтік идеялардың салтанат құруына арналатын болады, бұл идеялар, өзіміздің бұған кәміл сенетініміздей, ерте ме, кеш пе, пролетариаттың бүкіл әлемде үстемдік етуіне бастап әкеледі.

„*La, Liberté*“ газетінің 37-номерінде 1872 ж. 15 сентябрьде, „*Der Volksstaat*“ газетінің 79-номерінде 1872 ж. 2 октябрьде басылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 153—155-беттер

* «*Volksstaat*» газетінде мұнан кейін: «басқа елдер жұмысшыларының ынтымақтылығы көрінбеді деп жазылған». *Ред.*

ТҮРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ²³³

1887 ЖЫЛҒЫ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ

«Тұрғын үй мәселесі жөнінде» деген еңбек Лейпцигтің «Volksstaat»⁵¹ газетінде 1872 жылы жарияланған менің үш мақаламның көшіріліп басылуы болып табылады. Нақ сол кезде француз миллиардтары Германияға судай ағылған болатын¹¹⁹; мемлекеттік борыштар төленді, қамалдар мен қазармалар салынды, қару мен соғыс жабдықтарының қорлары жаңғыртылды. Басы бос капитал, айналымдағы ақша жиыны да, кенет зор дәрежеде өсті және мұның бәрі Германияның «біртұтас мемлекет» ретінде ғана емес, сонымен бірге ірі өнеркәсіпті ел ретінде де дүние жүзілік аренаға шыққан кезінде болды. Бұл миллиардтар жас ірі өнеркәсіпке өте күшті түрткі болды; соғыстан кейін қысқа, жалған үмітке толы гүлдену дәуірін, ал онан соң іле-шала, 1873—1874 жылдары орасан зор күйреушілікті туғызған ең алдымен осы миллиардтар болды, мұның өзі Германияның дүние жүзілік рынокқа шыға алатын өнеркәсіпті ел екенін көрсетті.

Ескі мәдениетті ел мануфактура мен ұсақ өндірістен ірі өнеркәсіпке осындай, оның үстіне соншама қолайлы жағдайлармен шапшандатылған түрде өткен уақыт көбінесе «тұрғын үй мұқтажының» да уақыты болады. Бір жағынан, деревнялардан көптеген жұмысшылар өнеркәсіп орталықтарына айналып, өркендеп келе жатқан ірі қалаларға кенет жиналып қалған болып шығады; екінші жағынан, бұл ескі қалалардың жоспарлануы жаңа ірі өнеркәсіптің жағдайларына және көшелерде сол туғызған қозғалысқа енді сәйкес келмейді; сондықтан көшелер кеңейтіледі, жаңа көшелер салынады, қалалар арқылы темір жолдар жүргізіледі. Жұмысшылар қалаларға лек-лек болып келіп жатқан нақ осы кезде, бұл қалаларда жұмысшылардың тұрғын үйлері жаппай қиратылып жатады. Осыдан келіп жұмысшылар да, сондай-ақ клиенттері жұмысшылар болып табылатын ұсақ саудагерлер мен қолөнершілер де кенет тұрғын үй мұқтажына ұшырайды. Әуел бастан өнеркәсіп орталықтары ретінде пайда болған қалаларда бұл тұрғын үй мұқтажығы белгісіз деуге болады. Ондай қалалар: Манчестер, Лидс, Брадфорд,

Бармен-Эльберфельд. Ал мұның керісінше, Лондонда, Парижде, Берлинде, Венада тұрғын үй мұқтаждығы бір кезде өте-мөте шиеленісті және көбінесе арылмайтын сипат қалпында қалып отыр.

Нақ осы шиеленіскен тұрғын үй мұқтаждығы, Германияда болып жатқан өнеркәсіп революциясының осы белгісі, ол кезде баспасөзде «тұрғын үй мәселесінің» кең талқылануын тудырды және әр түрлі әлеуметтік шарлатандық жасау үшін сылтау болды. Сондай мақалалардың бірқатары «Volksstaat»-та да шықты. Кейін өзін Вюртембергтегі медицина докторы А. Мюльбергер мырза деп атаған аноним автор бұл мәселеде неміс жұмысшыларына прудондық әлеуметтік шипаның керемет әсерлі күшін түсіндіру үшін жағдайды қолайлы деп тапты²³⁴. Мен редакцияға бұл оғаш мақалалардың жарияланғандығы жөнінде өзімнің танданғандығымды білдіргенімде, маған бұл мақалаларға жауап беру ұсынылды, мен мұны істедім де (бірінші бөлімді қараңыз: «Прудон тұрғын үй мәселесін қалай шешеді»). Мен осы мақалалардың сериясына көп ұзамай тағы бір серия мақалалар қостым, сөйтіп мұнда д-р Эмиль Закстың шығармасын²³⁵ мысалға алып, бұл мәселе жөніндегі филантропиялық-буржуазиялық көзқарастарды талдадым (екінші бөлімді қараңыз: «Буржуазия тұрғын үй мәселесін қалай шешеді»). Ұзақ уақыт үзілістен кейін д-р Мюльбергер менің мақалаларыма жауап қайтарды²³⁶, сөйтіп мені қайтадан қарсылық білдіруге мәжбүр етті (үшінші бөлімді қараңыз: «Тағы да Прудон туралы және тұрғын үй мәселесі туралы»); айтыс та, менің бұл мәселемен арнайы шұғылдануым да осымен аяқталды. Әрі жеке кітапша түрінде басылып шыққан осы үш серия мақалалардың пайда болуының тарихы осындай. Егер енді келіп жанадан басып шығару қажет болып отырса, бұған мен, сөз жоқ, өзінің тыйым салуымен, әрқашанғыдай, күшті сұраным тудырған герман империялық үкіметінің игі ниетті қамқорлығына тағы да қарыздармын, сондықтан бұл арада мен оған құрметтеушілікпен алғыс айтамын.

Мен жаңа басылым үшін тексті қайта қарап шықтым, қайсыбір қосымшалар мен ескертулер жасадым және бірінші бөлімде кеткен кішкентай бір экономикалық қатені түзедім, өйткені менің қарсыласым д-р Мюльбергер, өкінішке орай, ол қатені байқамапты.

Осы қайта қарау кезінде халықаралық жұмысшы қозғалысының соңғы он төрт жыл ішіндегі аса зор прогресі менің көз алдыма айқын көрінді. Ол кезде мынадай жай әлі факт болатын: «Роман тілдерінде сөйлейтін жұмысшылардың жиырма жыл бойына Прудонның шығармаларынан басқа ешқандай рухани қорегі болмады»*, айтқандай, тағы «анархизмнің» атасы

* Қараңыз: осы том, 345-бет. *Ред.*

Бакуниннің прудонизмді бір жақты түсіндіруі болды, оның пікірінше Прудон «біздің ортақ ұстазымыз», notre maître à tous болған екен. Францияда прудонистер жұмысшылардың арасында тек кішкентай секта бола тұрса да, дегенмен солардың ғана айқын тұжырымдалған программасы болды, сондықтан Коммуна кезінде экономикалық салада басшылықты өз қолдарына ала алды. Бельгияда валлон жұмысшыларының арасында прудонизм түгелдей үстем болды, ал Испания мен Италияның жұмысшы қозғалысында, тек бірен-саранынан басқалары, анархист еместердің бәрі нағыз прудонистер болды. Ал қазір ше? Францияда жұмысшылар Прудоннан мүлдем теріс айналды; радикал буржуа мен ұсақ буржуазияның арасында ғана Прудонның әлі жақтастары бар, прудонистер ретінде олар да өздерін «социалистерміз» деп атайды, алайда социалистік жұмысшылар бұларға қарсы нағыз қиян-кескі күрес жүргізуде. Бельгияда фламандтықтар валлондарды қозғалысқа басшылық студен ығыстырып шығарды, прудонизмді шеттетіп, қозғалысты өте күшті көтерді. Испанияда, Италиядағы секілді, 70-жылдар анархизмінің қаулап тасқындауы қайтты да, прудонизмнің қалдықтарын өзімен бірге ала кетті; егер Италияда жаңа партия әлі қалыптасу процесінде болып отырған болса, Испанияда Интернационалдың Бас Советіне адал қалпында қалып келген Жаңа мадридтік федерация²³⁷ шағын ұйытқыдан күшті партияға өсіп жетілді; бұл партия, республикашыл баспасөздің өзінен мұның көрініп отырғанындай, өзінен бұрынғы даурықпалы анархистердің бұрын-соңды қолы жеткенінен гөрі анағұрлым зор дәрежеде буржуазияшыл республикашылдардың жұмысшыларға ықпалын ойдағыдай әлсіретуде. Романдық жұмысшыларда ұмытылған Прудон шығармаларының орнын «Капитал», «Коммунистік манифест» және маркстік мектептің бірқатар басқа да шығармалары басты, ал Маркстің басты талабы — саяси үстемдікке жеке-дара ие болған пролетариаттың қоғам атынан барлық өндіріс құрал-жабдықтарын өз қолына алуы — енді романдық елдерде де бүкіл революцияшыл жұмысшы табының талабына айналды.

Бірақ егер прудонизмді тіпті романдық елдердің жұмысшылары да біржола қабылдамай тастаған болса, егер ол қазір, өзінің нағыз міндетіне лайық, француз, испан, итальян, бельгиялық буржуазияшыл радикалдардың буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық ниеттерін білдіруші болып қана қызмет етіп отырса, — онда енді оған қайта оралудың не керегі бар? Бұл мақалаларды қайтадан көшіріп басып, өлген жаумен қайта алысудың не керегі бар?

Біріншіден, мұның себебі, бұл мақалалар Прудонмен және оның неміс өкілдерімен айтысумен ғана шектелмейді. Мені мен Маркс екеуіміздің аразыда болып келген еңбек бөлінісінің нәти-

жесінде менің үлесіме біздің көзқарастарымызды мерзімді баспасөзде білдіріп отыру, — демек, атап айтқанда, Маркстің негізгі ұлы еңбегін жазып шығуына оның уақытын сақтау үшін дұшпан көзқарастарға қарсы күрес жүргізу тиді. Осы себептен біздің өз көзқарастарымызды басқа көзқарастарға қарама-қарсы қоя отырып, көп реттерде бұл көзқарастарды айтыс формасында баяндауыма тура келді. Бұл ретте де осылай болды. Бірінші және үшінші бөлімдерде мәселенің прудондық түсіндірілуі сыналып қана қоймайды, сонымен бірге біздің өз көзқарасымыз да баяндалады.

Екіншіден, европалық жұмысшы қозғалысының тарихында Прудон тым елеулі роль атқарды, сондықтан оны жай ұмыта салуға болмайды. Теорияда теріске шығарылған, практикада шетке ығыстырылған ол тарихи тұрғыдан өзіне әлі көңіл аударып келеді. Кімде-кім қазіргі замандағы социализмді азды-көпті байыптап зерттеп отырса, ол жұмысшы қозғалысындағы «біржайлы етілген көзқарастарды» да зерттеуге тиіс. Маркстің «Философия қайыршылығы»* деген шығармасы Прудонның қоғамды реформалаудың практикалық жобаларын ұсынуынан бірнеше жыл бұрын шықты; Маркс ол кезде прудондық айырбас банкінің тек бастамасын ғана көріп, оны әбден сынады. Сонымен, бұл жағынан алғанда Маркс шығармасының осы кітапшамен толықтырылуы, өкінішке орай, мүлдем жеткіліксіз. Маркс мұны әлдеқайда жақсы және көз жеткізе жасаған болар еді.

Ақырында, буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық социализмнің осы уақытқа дейін Германияда көптеген өкілдері бар. Бір жағынан, жұмысшыларды өз тұрғын үйлерінің меншікшілеріне айналдыру тілегі әлі де үлкен роль атқарып отырған катедер-социалистер²³⁸ мен әр түрлі филантроптар бар; демек, бұлар жөнінде менің еңбегім әлі де болса дер кезінде шыққан еңбек болып табылады. Ал екінші жағынан, социал-демократиялық партияның өзінде, бұған рейхстагтың фракциясын да қоса алғанда, белгілі сорттағы ұсақ буржуазиялық социализм орын алып отыр. Онда мұның белгісі мынадай формада білінеді: қазіргі заманғы социализмнің негізгі көзқарастары және барлық өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық меншікке айналдыру талабы дұрыс деп танылады, бірақ мұның жүзеге асырылуы қашықтағы, практикалық жағынан белгісіз болашақта ғана мүмкін болады деп танылады. Сөйтіп, қазіргі уақыттың міндеті жай әлеуметтік жамап-жасқау ретінде ғана белгіленеді және жағдайларға қарай, «еңбекші таптарды көтеру» дейтінге бағытталған ең реакцияшыл талаптарға тіпті тілектестік білдіруге

* Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 65—185-беттер. Ред.*

де жол беріледі. Германияда, мешандығы *par excellence** елде, оның үстіне өнеркәсіптің өркендеуі осы ежелден орныққан мешандықты күшпен және жаппай көлемде түп-тамырымен жұлып жатқан кезде мұндай бағыттың болуы әбден сөзсіз. Дегенмен, мұның өзі біздің жұмысшылардың социалистер туралы ерекше заңға¹¹⁵ қарсы, полиция мен судьяларға қарсы күрестің нақ соңғы сегіз жылында соншалық тамаша көрінген таңқаларлық парасаттылығы жағдайында қозғалыс үшін мүлдем қауіпті емес. Алайда, мұндай бағыттың бар екендігін әбден айқын түсіну керек. Ал егер бұл бағыт кейін келе неғұрлым тұрақты форма алып, неғұрлым белгілі бейнеге келсе,— бұл болмай қоймайды және тіпті керекті де,— онда бұл бағыт өзінің программасын тұжырымдаған кезде өзінің ізашарларына қайтып оралуға мәжбүр болады және бұл жағдайда Прудонсыз лаждары бола қояр ма екен.

«Тұрғын үй мәселесінің» буржуазиялық шешімінің де, ұсақ буржуазиялық шешімінің де негізі жұмысшының өз тұрғын үйіне меншігі болып табылады. Бірақ, Германияның соңғы жиырма жыл ішіндегі өнеркәсіптік өркендеуінің арқасында, бұл пункт мүлдем өзінше бір түрде түсіндіріліп келеді. Басқа ешқандай елде өзінің үйінің ғана емес, сонымен қатар огородының немесе жерінің де меншікшілері болып табылатын жалдама жұмысшылар мұншама көп емес; мұнымен қатар, іс жүзінде едәуір берік иемдену шарттарымен арендаторлар ретінде огороды немесе жері бар үй иемденіп отырған басқа да көп жұмысшылар бар. Огород шаруашылығымен немесе ұсақ ауыл шаруашылығымен қосылған деревнялық үй өнеркәсібі Германияның жас ірі өнеркәсібі үшін кең негіз болып отыр; батыста жұмысшылар — көбінесе меншікшілер, шығыста — көбінесе өз учаскелерінің арендаторлары. Үй өнеркәсібінің огород шаруашылығымен және егіншілікпен, демек, тұрғын үймен қамтамасыз етілуімен осылай байланысты болуы қол тоқымашылығы механикалық тоқыма станогымен әлі күресіп жатқан жерлерде: Төменгі Рейнде және Вестфалияда, Саксонияның Кенді тауларында және Силезияда ғана емес, барлық жерде кездеседі; бұл байланысты біз үй өнеркәсібінің қайсыбір саласы селолық кәсіпшілік ретінде орныққан жердің бәрінде, мәселен, Тюринген Орманында және Рёнде кездестіреміз. Темекі монополиясы туралы мәселе талқыланған кезде сигара жасаудың өзі де қазір селолық үй өнеркәсібінің сипатын алғандығы анықталды. Сондықтан мысалы, бұдан бірнеше жыл бұрын Эйфельде болғанындай²³⁹, ұсақ шаруалар арасында қайсыбір жерде өте-мөте мұқтаждық пайда болған кезде, буржуазиялық баспасөз жәрдемдесудің бір ғана амалы ретінде осы жердің жағдайларына сай

* — басым. Ред.

келетін үй өнеркәсібі салаларын орнықтыру туралы дереу шу көтереді. Шынында, неміс ұсақ шаруаларының арасында өсіп отырған мұқтаждық та, неміс өнеркәсібінің жалпы жағдайы да селолық үй өнеркәсібінің барған сайын кеңінен тарауына итермелеп отыр. Бұл — Германияның ерекшелігі. Бұған ұқсас нәрсені біз Францияда тек ерекшелік ретінде, мысалы, жібек шаруашылығы аудандарында кездестіреміз; ұсақ шаруалары жоқ Англияда селолық үй өнеркәсібі селолық күндікшілердің әйелдері мен балаларының еңбегіне негізделген; Ирландияда ғана біз, Германиядағыдай, дайын киім-кешек шығару жөніндегі үй өнеркәсібімен шұғылданатын нағыз шаруа семьяларын кездестіреміз. Дүние жүзілік өнеркәсіптік рынокқа шықпаған Россия және басқа елдер туралы бұл арада біз, әрине, сөз етіп отырғанымыз жоқ.

Сонымен, Германияның кең байтақ территориясында өнеркәсіп алғаш қарағанда қазіргі уақытта машиналар енгізілуден бұрын барлық жерде үстем болған жағдайды еске салатын жағдайда болып отыр. Бірақ бұл алғаш қарағанда ғана осылай. Бұрынғы уақыттардың огород шаруашылығымен және егіншілікпен байланысты селолық үй өнеркәсібі, ең болмағанда өнеркәсібі жөнінен өркендеген елдерде жұмысшы табының жөндем, кейбір жерлерде тіпті әжептәуір материалдық жағдайының негізі болды, ал сонымен қатар оның ақыл-ой және саяси жағынан бейшаралығының негізі де болды. Қол еңбегінің өнімі және оның өндірісінің шығындары рыноктық бағаны белгіледі; сондықтан, қазіргі замандағымен салыстырғанда ол кездегі мүлдем мардымсыз еңбек өнімділігі тұсында зат өткізу рыноктары әдетте ұсынымнан гөрі шапшаң өсіп отырды. Өткен ғасырдың орта шенінде Англияда және ішінара Францияда, әсіресе тоқыма өнеркәсібі саласында осылай болды. Ал Отыз жылдық соғыс⁶⁸ салған ойрандардан ол кезде ең қолайсыз жағдайларда әрең ғана есін жиып келе жатқан Германияда істің жайы, әрине, мүлдем басқаша болды; мұнда дүние жүзілік рынокқа жұмыс істеген бір ғана үй өнеркәсібі — зығыр тоқымашылығы — салықтардың және феодалдық міндеткерліктердің ауыртпалығын шеккендігі соншалық, тоқымашы-шаруа басқа шаруалардың өте төмен тұрмыс деңгейінен жоғары көтеріле алмады. Сөйтсе де, селолық үй өнеркәсібі жұмысшысының ол кезде белгілі дәрежеде қамтамасыз етілген күнкөрісі болды.

Машиналар енгізілгеннен бастап мұның бәрі өзгерді. Енді баға машиналы өндірістің өнімімен белгіленетін болды, сөйтіп үй өнеркәсібі жұмысшысының жалақысы осы бағамен бірге төмендеді. Бірақ жұмысшы не осындай жалақымен келісуге, не басқа жұмыс іздеуге мәжбүр етілді, ал ол пролетарға айналмайынша, яғни өзінің меншікті немесе арендалы үйін, огороды мен жерін тастап кетпейінше, мұны істей алмады. Бұған ол ілу-

де бір жағдайларда ғана бел байлады. Сонымен, бұрынғы деревнялық қол тоқымашыларының огород шаруашылығымен, егіншілікпен шұғылдануы себепке айналып, осы себепті қол тоқыма станогының механикалық тоқыма станогымен күресі барлық жерде тым ұзаққа созылды, ал Германияда осы уақытқа дейін әлі аяқталған жоқ. Бұл күресте, әсіресе Англияда, тұңғыш рет мынадай жай байқалды: бұрын жұмысшылардың біршама әл-ауқатының негізі болған жағдайдың өзі — олардың өндіріс құрал-жабдықтарын иемденуі — енді олар үшін кедергіге және бақытсыздыққа айналды. Өнеркәсіпте механикалық тоқыма станогы олардың қол станогын ығыстырып шығарды, ауыл шаруашылығында ірі егіншілік олардың ұсақ егіншілігінен басым болып шықты. Бірақ өндірістің екі саласында да көп адамдардың бірлескен еңбегі және машиналар мен ғылымның қолданылуы қоғамдық ережеге айналып отырғанда, — үйшік, огород, жер және тоқыма станогы тоқымашыны жеке меншік өндірісінің, қол еңбегінің ескірген әдісіне басыбайлы етті. Енді үй мен огород иемденудің бағалылығы көшіп-қонудың шексіз бостандығынан анағұрлым кем болды. Бірде-бір фабрикалық жұмысшы баяу, бірақ сөзсіз аштық өлімімен өліп бара жатқан деревнялық қол тоқымашысының орнында болғысы келмес еді.

Германия дүние жүзілік рынокқа кеш шықты; қырқыншы жылдары пайда болған біздің ірі өнеркәсібіміз өзінің тұңғыш өрлеуіне 1848 ж. революцияның арқасында жетті және оның жолынан ең болмағанда нағыз елеулі саяси бөгеттерді алып тастаған 1866 және 1870 жылдардағы революциялардан кейін ғана толық өрістей алды. Бірақ ол дүние жүзілік рынокты оның едәуір бөлегін басқалар алып қойған жағдайда көрді. Көпшілік тұтынатын өнімдерді Англия, таңдамалы сәнді-зейнет заттарды Франция жеткізіп тұрды. Германия баға жөнінен — мұның біріншілерін де, сапа жөнінен — екіншілерін де жеңе алмады. Сонымен, Германияның герман өндірісінің бұрынғы даңғыл жолымен жүре отырып, Англия үшін тым болымсыз, ал Франция үшін тым нашар болған товарлармен ең алдымен дүние жүзілік рынокқа еніп алудан басқа ештеме қалмады. Алдап соғудың ең ұнамды немістік практикасы — әуелі жақсы үлгілерді, ал одан кейін нашар товарларды жіберу — дүние жүзілік рынокта, әрине, көп ұзамай мықтап сазайын тартты және қолданылудан қалды деуге болады; екінші жағынан, артық өндірілу жағдайындағы бәсеке тіпті байсалды ағылшындарды да сапаны нашарлатудың тайғақ жолына аз-аздап итермеледі, сөйтіп бұл салада теңдестері жоқ немістерге көмек көрсетті. Сөйтіп біз, ақырында, ірі өнеркәсіп құрдық та, дүние жүзілік рынокта белгілі бір роль атқара бастадық. Бірақ біздің ірі өнеркәсіп тек қана ішкі рынокқа жұмыс істейді деуге болады (өндіріс деңгейі елдің ішкі қажеттерінен едәуір асып түсетін темір жасау өнер-

кәсібінен басқасы), сондықтан біздің шетке көптеп шығаратымыз көптеген ұсақ бұйымдардан құралады, бұлар үшін ірі индустрия тек қажетті жартылай фабрикаттарды ғана жеткізіп отырады, ал бұл бұйымдардың өздерін көбінесе селолық үй өнеркәсібі жеткізеді.

Дәл осы арада қазіргі жұмысшы үшін үйшік пен ұлтарақтай жерді иеленудің күллі «рахаты» мейлінше айқын көрінеді. Еш жерде, — тіпті тек ирландиялық үй өнеркәсібінде ғана болуы да екі талай, — неміс үй өнеркәсібіндегідей өте-мөте төмен жалақы еш жерде жоқ. Семьяның өз огородында немесе егістік жерінде өндіріп шығарғанын капиталист бәсекені пайдалана отырып, жұмысшы күшінің бағасынан шегереді; жұмысшылар қандай да болса кесімді ақыға көнуге мәжбүр, әйтпесе олар мүлдем түк алмай қалады, ал тек өзінің жер учаскесінің өнімімен олар күн көре алмайды, мұның тағы бір себебі, екінші жағынан, мынадай: нақ осы жер меншігі оларды бір орынға құрсап қояды, олардың басқа кәсіптер іздеуіне бөгет жасайды. Топып жатқан ұсақ товарларды өткізуде Германияның дүние жүзілік рынокта бәсекелесу қабілетін сақтау себебі нақ осыдан. *Капиталдан түсетін күллі пайда бірқалыпты жалақыдан шегеру жолымен өндіріп алынады, ал бүкіл қосымша құнды сатып алушыға сыйлыққа беруге болады.* Неміс экспорт товарларының көпшілігінің таң қаларлықтай арзаншылығының сыры осындай.

Қандай да болса басқа жағдайдың бәрінен гөрі нақ осы жағдай өнеркәсіптің басқа да салаларында неміс жұмысшыларының жалақысы мен тұрмыс деңгейін батыс европалық елдердің жұмысшыларының деңгейінен төмен ұстап отыр. Жұмыс күшінің құнынан дәстүрлі түрде едәуір төмен болатын осындай еңбек бағасының қорғасындай ауыр салмағы қалалардағы, тіпті ірі қалалардағы, жұмысшылардың жалақысына да әсерін тигізіп, оны жұмыс күшінің құнынан төмен түсіруде, — одан бетер, нашар ақы төленетін үй өнеркәсібі қалаларда да ескі қолөнердің орнын басып, мұнда да жалақының жалпы деңгейін төмендетуде.

Біз бұл арада мына жайды анық көріп отырмыз: неғұрлым ертедегі тарихи сатыда жұмысшының біршама әл-ауқатының негізі болған нәрсе — егіншіліктің өнеркәсіппен байланысы, өз үйі, огород, жер учаскесі, қамтамасыз етілген тұрғын үй, — қазір, ірі өнеркәсіптің үстемдігі тұсында, жұмысшы үшін ауыр бұғау болып отырғаны былай тұрсын, оның үстіне бүкіл жұмысшы табы үшін асқан зор бақытсыздық, өнеркәсіптің жеке салалары мен жеке аудандарда ғана емес, бүкіл елде жалақыны оның бір сыдырғы деңгейінен бұрын болып көрмеген мөлшерде кемітудің негізіне айналып отыр. Жалақыдан осылай көптеп ұстап қалу есебінен өмір сүріп, байып отырған ірі және ұсақ буржуазияның селолық өнеркәсіп туралы, өз үйі бар жұмысшы-

лар туралы арман ететіні және үй өнеркәсібінің жаңа салаларының енгізілуін шаруалардың барлық қиыншылықтарынан құтқаратын бірден-бір амал деп білетіндігі танданарлық емес!

Бұл — істің бір жағы; бірақ, оның екінші жағы да бар. Үй өнеркәсібі неміс экспорттық саудасы үшін, ал онымен бірге бүкіл ірі өнеркәсіп үшін де кең негізге айналды. Сондықтан Германияда ол кеңінен тараған және ол күн санап кеңінен тарауда. Ұсақ шаруаның оның өз тұтынуы үшін керек үйдегі өнеркәсіптік еңбегін конфекцион және машина өндірісі өнімінің арзаншылығы құртқан кезден бері, ал өзінің малынан, демек, кеңінен ол маркалық құрылыстың, жалпы марканың және еріксіз ауыспалы егіс жүйесінің бұзылуына байланысты айрылғаннан бері болмай қоймайтын күйзелісі, — міне осы күйзеліс өсімқорлар шырмап алған ұсақ шаруаларды қазіргі үй өнеркәсібіне күштеп тықпалауда. Ирландияда жер иелерінің жер рентасы сияқты, Германияда өсімқорлық ипотеканың проценттері де егіншіліктің кірісінен емес, үй өнеркәсібімен шұғылданатын шаруаның жалқысынан ғана төлене алады. Үй өнеркәсібінің етек алуымен бірге бір жердің шаруаларынан кейін екінші жердің шаруалары қазіргі заманның өнеркәсіптік дамуына тартылуда. Егіншілік жерлердің бұл революцияшылдануы үй өнеркәсібінің жәрдемімен Германиядағы өнеркәсіптік революцияны Англия мен Францияда болғанынан гөрі анағұрлым үлкен кеңістікке таратуда; біздің өнеркәсібіміздің біршама төмен деңгейі оны кеңінен таратуды соғұрлым көп керек етеді. Мұның өзі Англия мен Францияға қарама-қарсы, Германияда революциялық жұмысшы қозғалысының тек қана қала орталықтарымен тынбай, елдің байтақ кеңістігіне соншалықты көп тарағанының себебін көрсетеді. Мұның өзі бұл қозғалыстың байсалды, бекем, тоқтаусыз өсуінің де себебі. Германияда ұсақ қалалардың көпшілігі және деревнялық облыстардың көпшілік бөлегі төңкеріс жасау үшін толысып жеткен кезінде ғана астанада және басқа үлкен қалаларда жеңімпаз көтерілістің мүмкін болатыны өзінен-өзі айқын. Азды-көпті қалыпты даму жағдайында біз париждіктердің 1848 және 1871 жылдары жеткеніндей жеңіске тек жұмысшылардың күшімен еш уақытта жете алмаймыз, бірақ нақ сондықтан біз Париждің екі ретте де жеңілістерге ұшырағанындай, реакцияшыл провинцияның соққыларынан революцияшыл астананың жеңілуіне де ұшырамаймыз. Францияда қозғалыс әрқашанда астанадан басталып отырды, ал Германияда — ірі өнеркәсіп, мануфактура және үй өнеркәсібі аудандарынан басталып отырды; астана кейін ғана жеңіп алынды. Сондықтан, болашақта да инициативаның француздарда болуы ықтимал, бірақ үзілді-кесілді жеңіске тек Германияда жетуге болады.

Ал өзінің кең тарағандығы себепті Германияда өндірістің аса маңызды саласына айналған және сонымен бірге неміс ша-

руаларын барған сайын революцияшылдандырып отырған бұл селолық үй өнеркәсібі мен мануфактураның өздері бұдан былайғы төңкеріс үшін тек бірінші саты болып қызмет етеді. Маркстің бұдан бұрын-ақ көрсеткеніндей («Капитал», I том, 3-басылуы, 484—495-беттер*), бұлар үшін де дамудың белгілі бір сатысында машиналардан және фабрика өндірісінен мерт болу уақыты туады. Ал бұл уақыт қазірдің өзінде жақын сияқты. Бірақ машиналардың және фабрика өндірісінің селолық үй өнеркәсібі мен мануфактураны жоюы Германияда миллиондаған село өндірушілерінің күн көріс құралдарын жою, неміс ұсақ шаруаларының жартысына жуығын экспроприациялау, үй өнеркәсібін фабрика өнеркәсібіне ғана емес, шаруалар шаруашылығын да ірі капиталистік егіншілікке және ұсақ жер иеленушілікті ірі помещиктік шаруашылықтарға айналдыру деген сөз, шаруалардың есебінен капиталдың және ірі жер иеленушіліктің мүддесі үшін өнеркәсіп және ауыл шаруашылық революциясын жасау деген сөз. Егер Германия ескі қоғамдық жағдайлар тұсында-ақ бұл төңкерісті де жасайтын болса, онда ол төңкерістің бетбұрыс кезең болатыны күмәнсыз. Егер ол уақытқа дейін ешқандай басқа елде жұмысшы табы инициативаны өз қолына алмаса, онда шабуылды сөз жоқ, Германия бастайды, ал «даңқты жауынгер армияның» шаруа ұлдары ерлікпен көмек көрсетеді.

Сонымен, әрбір жұмысшы меншігіне үйшік беру және осы арқылы оны жартылай феодалдық негіздерде өзінің капиталисіне табындырып қою деген буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық утопия қазір мүлдем басқа түрге көшіп келеді. Мұны жүзеге асыру — барлық ұсақ селолық үй иелерін үй өнеркәсібі жұмысшыларына айналдыру, қазір «элеуметтік иірімге» тартылып отырған ұсақ шаруалардың ескі тұйықтығын және онымен байланысты саяси болымсыздығын жою деген сөз; өнеркәсіптік революцияны деревняға тарату, сөйтіп халықтың ең самарқау, ең кертартпа табын революцияның қайнар көзіне айналдыру және мұның бәрін аяқтай келіп, шаруаларды көтеріліс жолына күштеп итермелейтін машиналар арқылы үй өнеркәсібіндегі шаруаларды экспроприациялау деген сөз.

Буржуазиялық-социалистік филантроптар капиталистердің қоғамдық міндетін атқаруында өз мүдделеріне қарама-қарсы элеуметтік революцияның пайдасы мен игілігі үшін өз идеалын жүзеге асырып жатқан кезінде біз олардың бұл идеалына рақаттануына ықыласпен мүмкіндік бере аламыз.

Лондон, 10 январь 1887 ж.

Фридрих Энгельс

„Der Sozialdemokrat“ газетінің 1887 ж. 15 және 22 январьдағы 3 және 4 номерлерінде және мына кітапта басылған:
F. Engels. „Zur Wohnungsfrage“. Hottingen-Zürich, 1887

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 21-том, 334—344-беттер

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 481—491-беттер. Ред.

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ

І БӨЛІМ

ПРУДОН ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ШЕШЕДІ

«Volksstaat»-тың⁵¹ 10-және келесі номерлерінде тұрғын үй мәселесі жөнінде алты мақаладан құралған серия мақала басылып шықты, бұлар — 40-жылдардың әлдеқашан ұмытылған жартылай беллетристикалық бірнеше шимайын есептемегенде — Германияда Прудон мектебін орнатудың алғашқы әрекеті болып табылатындықтан ғана көңіл аударуға лайық мақалалар²³⁴. Мұның өзі бұдан 25 жыл бұрын-ақ нақ прудондық түсініктерге батыл соққы берген* неміс социализмі дамуының бүкіл барысы жағынан қарағанда кейін қарай зор қадам басқандық екендігі сондай — бұл әрекетке дереу қарсы шығуға тұрады.

Қазіргі уақытта баспасөзде сондай зор көңіл бөлініп отырған тұрғын үй мұқтаждығы дейтіннің мәнісі — жалпы алғанда жұмысшы табының жаман, жұрт тығыз тұратын, денсаулыққа жарамсыз үйлерде тұратынында емес. Бұл тұрғын үй мұқтаждығы қазіргі уақытқа тән бірдеме емес; бұл мұқтаждық тіпті бұрынғы барлық езілген таптардан өзгеше нақ қазіргі пролетариатқа тән азаптардың да бірі емес; мұның керісінше, бұл мұқтаждық барлық замандардың барлық езілген таптарын бір-келкі дәрежеде дерлік қамтып отырды. Бұл тұрғын үй мұқтаждығын жою үшін *бір* ғана амал бар: еңбекші таптарды үстем таптардың жалпы қанауын және езушілігін жою керек. — Қазіргі уақытта тұрғын үй мұқтаждығы деп түсініліп жүрген нәрсе — үлкен қалаларға халықтың кенет көп келуінің салдарынан жұмысшылардың онсыз да жаман тұрғын үй жағдайларының ерекше шиеленісуі; пәтер ақының орасан өсуі, кейбір жекелеген үйлерде тұрушылардың бұрынғыдан да гөрі тығыз тұруы, кейбіреулер үшін өзіне баспана табудың мүмкін еместігі. Міне *осы* тұрғын үй мұқтаждығы жұмысшы табымен тынбай, сонымен бірге ұсақ буржуазияны да қамтып отырғаны себепті ғана бұл туралы көп айтуға мәжбүр етіп отыр.

* Маркстің «Философия қайырышылығы» деген кітабында, Брюссель және Париж, 1847. [Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 65—185-беттер. *Ред.*]

Біздің қазіргі үлкен қалаларымыздың жұмысшыларының және ұсақ буржуазиясының бір бөлегінің тұрғын үй мұқтаждығы өндірістің қазіргі замандағы капиталистік әдісінен туатын *неғұрлым ұсақ*, екінші дәрежелі есепсіз қырсықтардың бірі. Бұл мұқтаждық капиталистің жұмысшыны жұмысшы *ретінде* қанауының әсте тікелей салдары емес. Осы қанау — түпкі қырсық, әлеуметтік революция өндірістің капиталистік әдісін жоя отырып, осы қырсықты жоюға ұмтылып отыр. Ал өндірістің капиталистік әдісінің түп-негізі мына факт болып табылады: біздің қазіргі замандағы қоғамдық құрылыс капиталистке жұмысшының жұмыс күшін оның құны бойынша сатып алуға, ал жұмысшыны жұмыс күші үшін төленген бағаны қайта өндіру үшін керекті уақыттан артық еңбек етуге мәжбүр етіп, жұмыс күшінен оның құнынан анағұрлым көп өндіріп алуға мүмкіндік береді. Осылайша өндірілген қосымша құн папа мен императордан бастап, аяғы түнгі күзетшілерге және басқаларына дейінгі ақы алатын барлық малайларымен бірге бүкіл капиталистер мен жер иелері табының арасында бөлінеді. Мұның қалай бөлінетінінің бізге бұл арада қажеті жоқ; еңбек етпейтіндердің бәрі осы қосымша құннан белгілі бір әдіспен өздеріне түсетіні есебінен ғана өмір сүре алатыны даусыз (*Маркстің «Капиталын»* салыстырыңыз, онда бұл тұңғыш рет түсіндірілген*).

Жұмысшы табы өндірген және одан өтеусіз тартып алынған қосымша құнның еңбек етпейтін таптардың арасында бөлінісі өте-мөте үлгі етерлік қазымырлық қырқысушылық және бірінбірі алдаушылық жағдайында болып жатады: бұл бөлініс сатып алу және сату арқылы жүзеге асырылатындықтан, оның басты тетіктерінің бірі сатушының сатып алушыны алдауы болып табылады, сөйтіп енді бұл алдаушылық бөлшек саудада, әсіресе үлкен қалаларда, сатушы үшін өмір сүрудің нағыз шартына айналды. Бірақ егер дүкенші немесе булқашы жұмысшыны товардың бағасы жөнінен немесе сапасы жөнінен алдаса, ол оны жұмысшы ретінде алдамайды. Қайта, қайсыбір жерде алдаушылықтың қандай да бір орташа мөлшері қоғамдық ережеге айналатындықтан, ол мөлшер, біраз уақыт өткеннен кейін жалақының тиісінше арттырылуымен орны сөзсіз толтырылуға тиіс. Дүкенші жөнінде жұмысшы сатып алушы, яғни ақшаның немесе кредиттің иесі болып табылады, демек, әсте де жұмысшы, яғни жұмыс күшін сатушы болып табылмайды. Бұл алдаушылық оны, жалпы кедей тап ретінде, қоғамның неғұрлым бай таптарынан гөрі көбірек шапни берсін, бірақ ол тек қана жұмысшыны шартытын, тек оның табына тән қырсық болып табылмайды.

Тұрғын үй мұқтаждығы жөнінде де істің жайы дәл осындай.

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, Ред.

Қазіргі үлкен қалалардың өсуі кейбір аудандарда, әсіресе қала орталығында жер учаскелері құнының әдейі, көбінесе орасан көп жоғарылауына соқтырады; бұл учаскелерде салынған құрылыстар әлгі құнды арттырудың орнына, қайта оны төмендетіп отырады, өйткені енді ол құрылыстар өзгерген жағдайларға сәйкес келмейді; оларды бұзып, басқа құрылыстармен ауыстырады. Ең алдымен орталықтағы жұмысшы тұрғын үйлері осындай халге ұшырайды, өйткені бұлардан алынатын жалдау ақысы, тіпті аса тығыздық жағдайында да, белгілі бір максимумнан еш уақытта артпайды немесе қалай болғанда да өте баяу артады. Ол үйлерді бұзып тастайды да, орнына магазиндер, қоймалар, қоғамдық үйлер салады. Бонапартизм, өзінің Османы арқылы зымияндық жасап, жеке басының баюы үшін бұл тенденцияны Парижде* орасан зор мөлшерде пайдаланды. Ал Османның рухы Лондонды, Манчестерді, Ливерпульді аралап шықты, сірә, Берлинде де, Венада да өзін өз үйіндегідей сезетін болса керек. Осының нәтижесінде жұмысшылар қала орталықтарынан шеткері қарай ығыстырылуда; жұмысшылар үшін тұрғын үйлер және жалпы кішкентай пәтерлер сирек және қымбат болып барады, ал көбінесе бұлар мүлдем табылмайды, өйткені әлгіндей жағдайларда құрылыс өнеркәсібі қымбат пәтерлер өзі үшін жалдаптыққа анағұрлым пайдалы арна болып табылатындықтан, жұмысшыларға арналған тұрғын үйлерді оқта-текте ғана салады.

Сонымен, бұл тұрғын үй мұқтажығы дәулетті таптардан гөрі жұмысшыға сөзсіз қатты тиеді; бірақ, дүкеншілердің алдаушылығы сияқты бұл мұқтаждық әсте тек жұмысшы табын ғана езетін ауыртпалық болып табылмайды және ол жұмысшы табын шарпитын болғандықтан, белгілі бір дәрежеде және белгілі бір уақыттан кейін ол белгілі бір экономикалық есесі өтелуін нақ солай сөзсіз табуға тиіс.

Жұмысшы табының басқа таптармен, әсіресе ұсақ буржуазиямен ортақ нақ осы азаптары жөнінде көбінесе ұсақ буржуазиялық социализм шұғылдануды ұнатады, ал Прудон да осыған жатады. Сондықтан, біздің неміс прудонистін** бәрінен бұрын тұрғын үй мәселесіне жармасуы әсте кездейсоқ емес, бұл мәселе, біздің көргеніміздей, ешбір ретте тек қана жұмысшы мәселесі болып табылмайды; оның, мұның керісінше, тұрғын үй мәселесін шын мәнісінде тек қана жұмысшы мәселесі деп жариялауы кездейсоқ емес.

«Капиталистке дегенде жалдама жұмысшы қандай болса, үй иесіне дегенде пәтер жалдаушы нақ сондай».

* «Парижде деген сөзді Энгельс 1887 жылы басылуында қосқан. *Ред.*
** — А. Мюльбергер. *Ред.*

Бұл мүлдем дұрыс емес.

Тұрғын үй мәселесінде біріне-бірі қарама-қарсы тұрған екі жақ бар: жалдаушы және жалға беруші немесе үй иесі. Бірінші екіншіден тұрғын үйді уақытша пайдалануға сатып алғысы келеді; оның ақшасы немесе, кредиті бар, бұл кредитті пәтер ақыға үстеме түрінде сол үй иесінен өсімқорлық баға бойынша сатып алуға мәжбүр болса да, әйтеуір кредиті бар. Бұл — әншейін товар сату; бұл — пролетар мен буржуаның арасындағы, жұмысшы мен капиталистің арасындағы келісім емес. Жалдаушы — тіпті ол жұмысшы болса да — *дәулетті адам* ретінде көрінеді; ол не өзіне тән товарды, жұмыс күшін, күні бұрын сатуға, сөйтіп бұл сатудан түскен ақшаға тұрғын үйді пайдалану правосын сатып алушы болып қимыл жасау мүмкіндігін алуға тиіс, не болмаса ол бұл жұмыс күші сатылатындығына кепілдік бере алатындай халде болуға тиіс. Капиталистке жұмыс күшін сатудан туатын өзінше бір нәтижелер бұл арада мүлдем жоқ. Капиталист сатып алынған жұмыс күшіне, біріншіден, өз құнын өндіртеді, ал екіншіден, уақытша және капиталистер табының арасында бөлінгеніне дейін капиталистің қолында қалатын тағы қосымша құнды өндіртеді. Демек, бұл арада артық құн өндіріледі; нақтылы құнның жалпы сомасы артады. Жалдау келісімі жағдайында істің жайы мүлдем басқаша. Жалға беруші жалдаушыдан қаншама үзіп-жұлып көп алса да, бұл әрқашан тек — қазірдің өзінде *бар*, бұрын *өндірілген* құнды беру, ал жалдаушы мен жалға берушінің қолындағы жалпы құн сомасы *бірге алғанда* өзгеріссіз қалып қояды. Капиталист жұмысшының еңбегіне ақыны төмен, жоғары немесе оның құны бойынша төлесін, бәрібір — жұмысшыдан оның еңбегі өнімінің бір бөлегін әрқашан еріксіз алып отырады; ал үй жалдаушы ақыны баспана құнынан артық төлеуге мәжбүр болған ретте ғана, осындай жағдайға ұшырайды. Сондықтан үй жалдаушы мен жалға берушінің арасындағы қатынасты жұмысшы мен капиталистің арасындағы қатынаспен бірдей деп көрсетуге әрекеттену ол қатынасты түгел бұрмалағандық болады. Мұның керісінше, біз бұл арада екі азаматтың арасындағы нағыз кәдімгі товарлық келісімді көріп отырмыз және бұл келісім жалпы алғанда товар атаулыны сатуды және жекелеп алғанда «жер иелігі» товарын сатуды реттеп отыратын экономикалық заңдарға сәйкес жасалады. Ең алдымен үйді немесе үйдің осы бір бөлегін салудың және күтіп ұстаудың шығындары есепке алынады; екінші кезекте — үйдің азды-көпті қолайлы орналасуымен байланысты, жердің құны есепке алынады; ақырында, мәселені сол кездегі сұраным мен ұсынымның арасындағы арасалмақ шешеді. Осы қарапайым экономикалық қатынас біздің прудонистің басында мынадай түрде бейнеленеді.

«Бір кезде салынған үй, үйдің іс жүзіндегі құны оның несіне пәтер ақы формасында әлдеқашан жеткілікті мөлшерден анағұрлым артық мөлшерде төленген болса да, қоғамдық еңбектің белгілі үлесін алуға *юридикалық мәңгі негіз* болады. Былай болып шығады: мысалы, бұдан 50 жыл бұрын салынған үй бұл мерзімнің ішінде өзінің бастапқы шығындарын одан алынатын пәтер ақымен 2, 3, 5, 10 және одан да артық есе өтейді».

Бұл арада Прудон түгелдей біздің алдымызда алақандағыдай айқын көрінеді. Біріншіден, бұл арада ескерілмей қалған нәрсе: пәтер ақы үйді салу жөніндегі шығындардың процентін жауып қана қоймай, сондай-ақ жөндеуді де, үміт етуге болмайтын борыштарды және төленбеген пәтер ақының орташа сомасын да, пәтерлердің бос тұруынан болуы мүмкін зиянды да жауып отыруға тиіс; және ақырында, үй біраз уақыт өткеннен кейін онда тұруға жарамсыз болып, бағасызданатындықтан, пәтер ақы бұл үйді салуға жұмсалған капиталдың тиісті үлесін жылма-жыл өтеп отыруға тиіс*. Екіншіден, пәтер ақы сол үй тұрған жер учаскесі құнының өсуі процентін жауып отыруға да тиіс екені, демек, оның бір бөлегі жер рентасынан құралатыны естен шығарылады. Рас, жер меншіктенушінің қатысуынан тыс болып жататын бұл құн өсуі право бойынша оныкі емес, қоғамдікі деп біздің прудонист сол арада-ақ түсіндіреді; осынысымен ол, істің мәніне келгенде, жер меншігін жоюды талап ететіндігін өзі байқамайды, бірақ бұл мәселеге біз бұл арада тоқтап жатпаймыз, өйткені мұның өзі бізді тым алысқа алып кетер еді. Ақырында, ол осы келісімде әсте меншікшіден үйді сатып алу туралы емес, үйді белгілі мерзімге пайдалану правосы туралы ғана сөз болып отырғанын байқамайды. Қайсыбір экономикалық құбылыстың болып жататын іс жүзіндегі шын жағдайлары туралы еш уақытта ойланып көрмеген Прудон үйді салу жөніндегі шығындардың бастапқы сомасының белгілі бір жағдайларда 50 жылдың ішінде үйді жалдағаны үшін төленетін ақы түрінде қалайша он есе өтеле алатындығын, әрине, өзі түсіне алмайды. Осы әсте қиын емес мәселені экономикалық жағынан зерттеп, ол экономикалық заңдармен шын қайшы келіп отыр ма және қайшы келсе, қалай қайшы келіп отыр деп тиянақтап анықтаудың орнына, — Прудон экономикалық саладан юридикалық салаға батыл секірумен құтылмақшы болады: «Бір кезде салынған үй» белгілі бір жылма-жылдық төлем үшін «*юридикалық мәңгілік негіз* болып қызмет етеді». Мұның өзі қалайша болады, үй юридикалық негізге қалай айналады, бұл туралы Прудон үндемейді. Ал ол нақ осыны түсіндіруге тиіс еді ғой. Осыны зерттесе, ол былай деп табар еді: дүниедегі барлық юридикалық негіздер, олар қаншалықты мәңгілік болса да, үйге оны

* Сөйлемнің аяғын «және, ақырында» деген сөзден бастап Энгельс 1887 жылғы басылымда қосқан. *Ред.*

салуға жұмсалған шығындардың сомасын пәтер ақы түрінде елу жыл ішінде он еселік мөлшерде қайтарарлықтай күш бере алмас еді және мұның өзі экономикалық жағдайлар нәтижесінде ғана мүмкін (бұл жағдайлар юридикалық негіздер түрінде қоғамдық тануға ие бола алады). Ал бұл арада оның қайтадан басынан бастауына тура келер еді.

Прудонның бүкіл ілімі экономикалық шындықтан юридикалық сөзуарлыққа осы құтқарып қалушы секіруге негізделген. Батыл Прудон құбылыстардың экономикалық байланысын аңғармаған жерде — ал ол елеулі мәселенің қайсысында болса да осыған ұшырап отырады, — ол право саласына қашып құтылып, *мәңгі әділеттілікке* жүгінеді.

«Прудон алдымен мәңгі әділеттілік жөніндегі өзінің идеалын товар өндірісіне сай келетін юридикалық қатынастардан алады, сөйтіп, сөз арасында айта кетейік, товар өндірісінің формасы, әділеттілік сияқты, мәңгілік нәрсе болып табылады деген, барлық филистерлер үшін соншалық жұбантарлық дәлелдеме береді. Одан кейін ол, керісінше, әділеттіліктің әлгі идеалына сәйкес нағыз товар өндірісін және оған сәйкес нағыз правоны қайта құруға тырысады. Зат алмасудың нағыз заңдарын зерттеудің орнына және олардың негізінде белгілі міндеттерді шешудің орнына заттар алмасуын «жаратылыс» пен «текестіктің» «мәңгі идеяларына» сәйкес қайта құрғысы келген химик туралы біз не айтқан болар едік? Бізге өсімқорлық «мәңгі әділеттілікке», «мәңгі шындыққа», «мәңгі өзара ілтипатқа» және басқа «мәңгі ақиқаттарға» қайшы келеді деп айтқан кезде, онан біз өсімқорлық туралы шіркеу тақсырларының білгенінен, олардың өсімқорлық «мәңгі мейрімділікке», «мәңгі нанымға», «құдайдың мәңгі өміріне» қайшы келеді деп айтқандарынан артық бірдене білеміз бе?» (*Маркс, Капитал, 45-бет**).

Біздің прудонистің** жағдайы оның ұстазының жағдайынан жақсы емес:

«Жалдау шарты жан-жануардың денесінде қанның айналуы қандай керек болса, қазіргі қоғамның өмірінде сондай керекті мыңдаған айырбас келісімдерінің бірі болып табылады. Әрине, бұл қоғам әлгі барлық айырбас келісімдерінің *праволық идеямен* арқаулануына, яғни барлық жерде бірдей әділеттіліктің қатаң талаптарына сәйкес жүргізілуіне мүдделі болар еді. Қысқасы, Прудонның айтатынындай, қоғамның экономикалық өмірі *экономикалық правоның* дәрежесіне дейін көтерілуге тиіс. Ал іс жүзінде нақ керісінше болып отыратыны жалпыға мәлім».

Маркс прудонизмді нақ осы шешуші жағынан соншалықты қысқа және дәл суреттегенінен кейін бес жылдан соң неміс

* Қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*, Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 94—95-беттер. *Ред.*

** — *А. Мюльбергердің. Ред.*

тілінде осындай сорақылықты басу мүмкін болып шығады деп ойлауға болып па еді? Бұл сандырақтың мәнісі не? Қазіргі заманғы қоғамды басқарып отырған экономикалық заңдардың практикалық зардаптары автордың праволық сезімін қорлайды және автор жағдайлар өзгеріп, қырсықтың түзетуіне ізгі ниет білдіреді деген сөзден басқа түк те емес.— Иә, егер құрбақаларда құйрық болса, олар құрбақа болмас еді! Ал өндірістің капиталистік әдісі «праволық идеямен», атап айтқанда жұмысшыларды қанауға өзінің ерекше праволылығымен «арқауланған» емес пе? Ал автор бізге бұл — *оның* праволық идеясы емес деп отырса, онда біз тіпті бір қадам болса да ілгері жылжыдық па?

Алайда тұрғын үй мәселесіне қайта оралайық. Бұл арада біздің прудонист өзінің «праволық идеясына» толық ерік беріп, бізді мынадай әсерлі ділмарсұмен тойындырады:

«Біздің даңқты болған ғасырымыздың бүкіл мәдениетін үлкен қалаларда халықтың 90 және одан да көп проценті өзіміздікі деп атай алатындай баспа-надан жұрдай екендігі фактісінен асқан жан түршігерлік қорлаушылық жоқ деп біз ешбір қобалжымастан айта аламыз. Адамгершілік және семьялық өмір сүрудің шын кіндігін, үй ошағын әлеуметтік құйын алып кетуде... Бұл жағынан біз тағы адамдардан анағұрлым төмен тұрмыз. Троглодиттің өз үңгірі, австралиялықтың балшықтан соққан өз лашығы, үндістің өзінің меншікті от басы бар,— ал қазіргі пролетар іс жүзінде ауа қармап тұр» және т. т.

Бұл зарлануда прудонизм өзінің бүкіл реакцияшылдығын көрсетіп отыр. Қазіргі заманғы революцияшыл тапты, пролетариатты, құру үшін бұрынғы заманның жұмысшысын әлі жерге байлап шырмаған кіндікті кесіп тастау әбден керек болды. Тоқыма станогымен қатар өзінің үйі, огороды және алақандай жері болған қол тоқымашысы, қаншалықты жоқшылықта болса да, қаншалықты саяси езушілікте болса да, «мейлінше тақуа және сияпатты», момақан, разы адам еді, байлардың, поптар мен чиновниктердің алдында бас киімін алып тұратын және өнебойы құлдық рухына толы еді. Жерге матаулы жұмысшыны меншік атаулыдан жұрдай болған, мұра болып қалған бұғаулардың бәрінен* құтылған, *заңнан тыс қойылған*** пролетарға айналдырған нақ қазіргі ірі өнеркәсіп,— нақ осы экономикалық революция еңбекші тапты қанаушылықты сол қанаушылықтың соңғы формасында, капиталистік өндіріс формасында ғана жоюға болатын жағдайлардың өзін жасады. Ал енді әлгі жылауық прудонист келіп, жұмысшылардың үй ошақтарынан қуылуы жөнінде қайғырады да, бұдан қатты кері кеткендікті көреді, ал

* «Volsstaat» газетінде «мұра болып қалған бұғаулардың бәрінен» деген сөздердің орнына «мұра болып қалған мәдениеттің бәрінен» деп басылған. *Ред.*

** Сөз ойнақылығы: «vogelfrei» — «заңнан тыс қойылған», сондай-ақ «құстай еркін». *Ред.*

шынында нақ осы қуудың өзі олардың рухани азат болуының ең бірінші шарты болды.

Бұдан 27 жыл бұрын («Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген кітапта*) мен жұмысшылардың өз үйлерінен қуылуының нақ осы процесін, бұл процесің XVIII ғасырда Англияда қалай болғанын негізінен суреттеп берген едім. Мұнда жер иелері мен фабриканттардың істеген зұлымдықтары, бұл қуып шығудың бәрінен бұрын соған душар болған жұмысшыларға сөзсіз әсерін тигізген зиянды материалдық және моральдық әрекеті онда тиісінше бейнеленді. Ал сол кездегі жағдайларда әбден керек болған осы тарихи даму процесін кейін қарай қадам басу—«тағы адамдардан төмен болу» деп білу менің ойыма келе алды ма? Мүлде келмеді. 1872 жылғы ағылшын пролетары 1772 жылғы «үй ошағы» бар селолық тоқымашыдан шексіз жоғары тұр. Ал өз үнгірі бар троглодит, өзінің балшықтан соққан лашығы бар австралиялық, өзінің баспанасы бар үндіс қашан да болсын июнь көтерілісін¹⁸ жасай ма немесе Париж Коммунасын жүзеге асыра ма?

Капиталистік өндіріс ірі көлемде енген уақыттан бері жұмысшылардың материалдық жағдайы тұтас алғанда нашарлағанына тек буржуа ғана күмәнданады. Бірақ біз осыған бола египеттіктердің еті бар құмыраларына²⁴⁰ (ол да өте жартымсыз), жан дүниесі малай жандарды ғана тәрбиелеген ұсақ селолық өнеркәсіпке, немесе «тағы адамдарға» жабырқаушылықпен кейін қарауға тиістіміз бе? Қайта, керісінше. Қазіргі заманғы ірі өнеркәсіп туғызған, мұра болып қалған барлық бұғаулардан, соның ішінде өзін жерге таңған бұғаулардан да азат болған және үлкен қалаларға қуып тығылған пролетариат қана таптық қанаушылық атаулы мен таптық үстемдік атаулыны біржола жоятын ұлы әлеуметтік төңкерісті жасай алады. Бұрынғы заманның баспанасы бар селолық тоқымашылары мұны еш уақытта істей алмас еді, олар еш уақытта мұндай ойға келе алмас еді, ал оның жүзеге асырылуын тілеуі одан да кем болар еді.

Прудон үшін, мұның керісінше, соңғы жүз жылдың бүкіл өнеркәсіптік революциясы, будың күші, қол еңбегін машиналармен ауыстыратын және еңбектің өндіргіш күшін мың еселеп арттыратын ірі фабрикалық өндіріс,— өте-мөте ұнамсыз оқиға, затында, болуға тиісті емес бірдеме тәрізді. Ұсақ буржуа Прудон әркім дереу тұтынуға және рынокта айырбастауға жарамды айрықша дербес өнім шығаратындай дүние орнатуға тырысады; егер бұл арада әркімге оның еңбегі өнімінің толық құны басқа өнім түрінде өтелетін болса, онда «мәңгі әділеттіліктің» қанағаттандырылғаны және жер бетінде ең жақсы дүниенің орна-

* Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 231—517-беттер. Ред.*

ғаны. Бірақ ірі өнеркәсіптің барлық салаларында оқшауланған еңбекті әлдеқашан жойған және оны машиналарға, табиғаттың бағындырылған күштеріне сүйенетін қоғамдық еңбекпен, еңбек болғанда, дереу айырбастауға немесе тұтынуға жарайтын эзир өнімі көп адамдардың қолынан өтуге тиісті болған, солардың бірлескен еңбегінің жемісі болып отырған еңбекпен ауыстырып, ұсақ және өте ұсақ өнеркәсіптің түрлі салаларында оны күн сайын үсті-үстіне жойып жатқан өркендеуші өнеркәсіптің дамуы әлгі прудондық ең жақсы дүниені ұрығында-ақ жаншып тастаған. Ал нақ осы өнеркәсіптік революцияның арқасында адам еңбегінің өндіргіш күші жоғары деңгейге жеткені соншалық, жұрттың бәрінің арасында еңбекті дұрыс бөлу жағдайында қоғамның барлық мүшелерінің мол тұтынуы үшін және бас артық мол қор жасау үшін жеткілікті мөлшерде өндіріп қана қоймай, сонымен бірге тарихи мұра болып қалған мәдениеттен — ғылымнан, өнерден, қарым-қатынас формаларынан және т. т. — шын мәнісінде бағалы нәрсенің бәрін алуға, алып қана қоймай, осының бәрін үстем таптың монополиясынан бүкіл қоғамның ортақ игілігіне айналдыруға да және бұл игілікті одан әрі дамытуға да әркімге жеткілікті бос уақыт беруге — адамзаттың өмір сүргенінен бергі уақыт ішінде тұңғыш рет — мүмкіндік жасады. Шешуші пункт дәл осында жатыр. Адам еңбегінің өндіргіш күші осындай жоғары деңгейге дейін шапшаң дамыған екен, үстем таптың өмір сүруі үшін сылтау атаулы жоғалады. Өйткені таптық айырманы қорғаушылықтың ақырғы дәлелі әрқашан мынадай болды ғой: қоректік нан табумен өзін күн сайын қалжырату қажеттігінен құтылған және қоғам үшін ой еңбегімен шұғылдануға уақыты болатын тап қажет десетін. Соңғы ғасырдың өнеркәсіптік революциясы осы уақытқа дейін өзіне талай тарихи ақтау тауып келген бұл мылжың сөздің тамырын біржолата қиды. Үстем таптың өмір сүруі өнеркәсіптің өндіргіш күшінің дамуына, дәл сондай-ақ — ғылымның, өнердің, әсіресе қарым-қатынастың мәдени формаларының дамуына күннен-күнге барған сайын үлкен кедергіге айналып келеді. Біздің қазіргі заманғы буржуадан асқан надандар еш уақытта болған емес.

Бірақ Прудон достың мұның бәрімен ісі жоқ. Ол басқа ештемеге емес, «мәңгі әділеттілікке» құштар. Әркім өз өніміне айырбасқа еңбектің толық табысын, өз еңбегінің толық құнын алуға тиіс. Бірақ мұны қазіргі өнеркәсіптің өніміне шағып есептеу — оңай іс емес. Қазіргі өнеркәсіп әрбір жеке адамның жиынтық өнімге қатысуының нақ сол ерекше үлесін көлегейлейді, бұл үлес бұрынғы оқшауланған қол еңбегі тұсында өндірілген өнімнен өзінен-өзі айқын көрінетін. Бұдан соң, қазіргі заманғы өнеркәсіп Прудонның бүкіл жүйесі негіз етіп отырған жеке-дара айырбасты, атап айтқанда — екі өндірушінің арасындағы тіке-

лей айырбасты, екі өндірушінің әрқайсысы екіншісінің өнімін тұтыну үшін айырбастап алатын айырбасты барған сайын жоюда*. Сондықтан бүкіл прудонизмге реакциялық белгі: өнеркәсіптік революциядан жиіркенушілік және бүкіл қазіргі заманғы өнеркәсіпті, бу машиналарын, жіп иіру машиналарын және басқа пәлелерді лақтырып тастап, ескі, сенімді қол еңбегіне қайта оралуға бірде көрінеу, бірде жасырын түрде білінген ұмтылушылық тән. Айырбасты әркім «еңбектің толық табысын» ала алатындай етіп, «мәңгі әділеттілік» жүзеге асырылатындай етіп ұйымдастыруымызға реті келсе-ақ болғаны,— бұл арада біздің өндіргіш күштің мыңнан тоғыз жүз тоқсан тоғызынан айрылатынымыздың, бүкіл адамзат жан түршігерлік еңбек құлдығына ұшырайтындығының, ашаршылық жалпы әдетке айналатындығының — міне мұның бәрінің қандай маңызы болсын? *Fiat justitia, pereat mundus!*

Мейлі дүние құри берсін, бірақ әділеттік салтанат құрсын!

Егер бұл прудондық контрреволюция тегі жүзеге асырылатын болса, оның тұсында дүние де құрып кетер еді.

Алайда, қазіргі заманғы ірі өнеркәсіппен байланысты қоғамдық өндіріс тұсында да әркімге «оның еңбегінің толық табысын» қамтамасыз етуге болатындығы өзінен-өзі түсінікті, өйткені бұл сөйлемнің тегінде мағынасы бар. Ал мағына болғанда бұл сөйлемде тек мына ретте ғана мағына болады: оны кең түрде түсіну керек, әрбір жеке жұмысшы әлгі «өз еңбегінің толық табысын» меншіктенуші бола бермейді, жұмысшылардан ғана құралған бүкіл қоғам өз еңбегінің барлық жиынтық өнімін меншіктенуші болып табылады, бұл өнімнің бір бөлегін қоғам өз мүшелерінің арасында тұтыну үшін бөледі, бір бөлегін өзінің өндіріс құрал-жабдықтарының орнын толтыруға және оларды көбейтуге жұмсайды, ал енді бір бөлегін өндіру мен тұтынудың резерв қоры ретінде жинайды деген мағынада түсіну керек**.

* * *

Осы айтылғанның бәрінен кейін, тұрғын үй жөніндегі ұлы мәселені біздің прудонистің қалай шешетінін біз күні бұрын біле аламыз. Ол, бір жағынан, бұдан былай біз *тағылардан төмен* болмауымыз үшін әрбір жұмысшының өзінің меншікті, оның өзіне тиісті тұрғын үйі болсын деген талап қояды. Екінші жағынан, ол, іс жүзінде болып отырғанындай, үйді салу жөніндегі бастапқы шығындарды пәтер ақы түрінде екі-, үш-, бес- немесе он есе өтеу *праволық негізге* сүйенеді ал бұл *праволық негіз*

* Осы сөйлемнің «атап айтқанда — екі өндірушінің арасындағы тікелей айырбасты» деген сөздерден бастап соңғы бөлегін Энгельс 1887 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

** «Ал мағына...» деп басталған сөзден бастап бүкіл соңғы сөйлемді Энгельс 1887 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

«*мәңгі әділеттікке*» қайшы келіп отыр деп сендірмекші болады. Барлығы оп-оңай шешіледі: біз праволық негізді жоямыз және мәңгі әділеттік себепті төленіп отырған пәтер ақыны тұрғын үйдің өзінің бағасын өтеу есебіне төленетін төлем деп жариялаймыз. Егер өзінде түпкі қорытындысы қазірдің өзінде бар осындай алғы шарттар қабылданған болса, онда, әрине, қалтадан күні бұрын әзір нәтижені суырып алып, осы қорытындыға жеткізген логиканың мызғымастығын мақтан ету үшін қандай да болса көз байлаушының қолының ептілігі жеткілікті.

Мұнда да солай. Тұрғын үй жалдауды жою қажеттілік болып жарияланады, жарияланғанда нақ әрбір жалдаушыны өз тұрғын үйінің иесіне айналдыру талабы формасында ғана жарияланады. Ал мұны қалай істеу керек? Оп-оңай:

«Жалдап алынған тұрғын үй сатып алынады... Бұрынғы үй иесіне оның үйінің құны ақырғы тиынына дейін төленеді. Төленіп отыратын жалдау ақысы, бұрынғыша үй жалдап алушының капиталдың мәңгілік правосын өтейтін алым-салығы болудың орнына, міне осының орнына жалға алынған тұрғын үйлер сатып алынды деп жарияланған күннен бастап, жалдаушының төлеп отыратын дәлме-дәл белгіленген сомасы өзінің қарамағына көшкен тұрғын үйді өтеу есебіне төленетін жылма-жылдық төлемге айналады... Қоғам... осындай жолмен тәуелсіз еркін пәтер иелерінің жиынтығына айналады».

Үй иесінің үйге жұмсаған өзінің капиталынан, еңбек етпей, жер рентасын және проценттер өндіріп ала алатындығын прудонист* мәңгі әділеттікке қарсы қылмыс деп біледі. Ол мұны тоқтату керек, үйге жұмсалған капитал бұдан әрі процент келтірмеуге тиіс, ал сатып алынған жер учаскесі болып табылатын дәрежеде бұл капитал жер рентасын да келтірмеуге тиіс деп жарлық етеді. Бірақ қазіргі заманғы қоғамның негізі — өндірістің капиталистік әдісіне мұның өсте қатысы жоқ екенін біз көрдік. Жұмысшыны қанаудың түп қазығы болып отырған түйінді пункттің өзі — жұмыс күшін капиталистке сатушылық және жұмысшыны жұмыс күшінің төленген құнынан әлдеқайда артық өндіруге мәжбүр етіп, бұл келісімді капиталистің қалай пайдаланатындығы. Капиталист пен жұмысшының арасындағы осы келісім бүкіл қосымша құнды тудырады; бұл қосымша құн кейін жер рентасы, сауда пайдасы, капитал проценті, салықтар және басқалары түрінде капиталистер мен олардың қызметшілерінің алуан түрлері арасында бөлінеді. Міне осы арада біздің прудонист келеді де, егер капиталистердің *жалғыз бір ғана түріне*, — оның үстіне жұмыс күшін тікелей өсте сатып алмайтын, демек, қосымша құн өндіруге мәжбүр етпейтін капиталистерге, — пайда немесе процент алуға тыйым салынса, онда мұның өзі ілгері басқан қадам болар еді! — деп мәлімдейді. Егер үй иелері өздеріне жер рентасын немесе проценттер төлеуге мәжбүр ету

* — А. Мюльбергер. *Ред.*

мүмкіндігінен күні ертең айрылса, жұмысшы табынан ақысы төленбей тартып алынған еңбек жиынтығы ешбір өзгермеген болар еді; алайда бұл біздің прудонистің былай деп мәлімдеуіне бөгет жасамайды:

«Сонымен, тұрғын үй жалдаушылықты жою революциялық идеяның аясында пайда болған ең жемісті және ең ізгі талаптардың бір болып табылады; мұның өзі әлеуметтік демократия үшін бірінші кезектегі талап болуға тиіс».

Мэтр Прудонның өзінің базарлық айқай-шуынан аумаған; оның қытқылдауы да салған жұмыртқасының мөлшеріне қашанда кері пропорциялы.

Бірақ әрбір жұмысшы, ұсақ буржуа мен буржуа жылмажылдық төлемдер төлеу жолымен өз тұрғын үйінің әуелі ішінара, содан кейін тіпті толық меншіктенушісіне айналуға мәжбүр болатын тамаша жағдайды көз алдарыңызға елестетіп көріңіздерші! Өнеркәсібі ірі, ал жұмысшыларға арналған үйлері кішкентай және әрбір семьялы жұмысшы жеке үйде тұратын Англияның өнеркәсіпті округтерінде мұның әлі де біраз маңызы болған болар еді. Бірақ Париждің ұсақ өнеркәсібі, континенттің ірі қалаларының көпшілігіндей, үлкен үйлермен толықтырылады, бұларда оннан, жиырмадан, отыздан семья тұрады. Дүниеге азаттық әкелетін және жалға берілетін тұрғын үйлердің сатып алынуын хабарлайтын декрет жарияланған күні, пәлендей бір Петер Берлинде машина жасау фабрикасында жұмыс істесін. Бір жыл өткеннен кейін, ол, айтайық, Гамбург қақпаларының маңындағы бір жерде бесінші қабаттағы кішкентай бір бөлмеден тұратын өз тұрғын үйінің он бестен бір бөлегінің меншіктенушісі болды дейік. Ол жұмысынан айырылады да, көп ұзамай Потгофта, Ганноверде, үшінші қабатта қора жақ көрінісі тамаша нақ әлгіндей үйге тап болады, мұнда ол бес ай тұрып, меншіктің дәл $\frac{1}{36}$ бөлегіне ие болады, бір жолы ойда жоқта стачка оны Мюнхенге алып барады, мұнда ол он бір ай болғаннан кейін Обер-Ангергассенің сыртындағы біршама қараңғы подвал үйдің дәл $\frac{11}{180}$ бөлегін меншіктенеді. Біздің заманымызда жұмысшының басында соншама жиі болатын одан былайғы көшіп-қону бұдан кейін оған: С.-Галленде бұрынғыдан кем түспейтін үйдің $\frac{7}{360}$ бөлегін, Лидсте екінші бір үйдің $\frac{23}{180}$ бөлегін, Серенде тағы бір үшінші үйдің, «мәңгі әділеттікті» бұзбау үшін дәлме-дәл есептеп шығарылған $\frac{347}{56223}$ бөлегін меншіктенуді таңады. Сонда осы үйлердің барлық бөлшектерімен біздің Петер не істемекші? Бұл бөлшектердің нағыз құнын оған кім береді? Өзінің бұрынғы үйлерінің қалған бөлшектерін меншіктенушіні немесе меншіктенушілерді ол қайдан іздейді? Ал, айтайық, қабаттары жиырма пәтерден болып келетін және сатып алу мерзімі өткен соң, тұрғын үйді жалға беру тәртібі жойылған соң, бәлкім, бүкіл дүние жүзіне бытыраған үш жүз жеке меншік

иелеріне қарасты болған кез келген үлкен үйде меншік қатынастарының жайы қандай болмақшы? Біздің прудонист: ол кезге дейін прудондық айырбас банкі болатын болады, ол банк еңбектің қандай өнімі үшін болса да әркімге еңбектің толық табысын қай уақытта болса да төлеп отыратын болады, ендеше тұрғын үйдің әрбір үлесі үшін де толық құнды төлеп отырады деп жауап қайтарады. Бірақ бұл арада прудондық айырбас банкінің бізге түкке керегі жоқ, өйткені біріншіден, тұрғын үй мәселесі жөніндегі мақалаларда оның тіпті еш жерде аты да аталмайды; екіншіден, бұл банкі егер кімде-кім товар сатқысы келсе, ол толық құн бойынша сатып алушыны да әрқашан табады деген ғажап адасушылыққа негізделген; ал, үшіншіден, Прудон ол банкіні ойлап таппай тұрып-ақ, ол Англияда Labour Exchange Bazaar²⁴¹ деген атпен бірнеше рет банкрот болып үлгірді.

Жұмысшы өзінің тұрғын үйін өзіне *сатып алуға* тиіс деген идеяның өзі тағы да келіп бұдан бұрын біз атап көрсеткен реакцияшыл прудондық принципке негізделеді, ол принцип бойынша қазіргі заманның ірі өнеркәсібі жасаған жағдайлар кеселді ұра болып табылады, сондықтан қоғамды күштеп, — яғни қоғамның жүз жыл бойы жүріп келе жатқан тенденциясына қарсы, — оқшауланған өндірушінің ескі, мешеу қол еңбегі жалпы ереже болатын жағдайға және жалпы алғанда, құрыған және әлі құрып бара жатқан ұсақ қолөнершілік өндірісті дәріптелген түрде қалпына келтіру ғана болып табылатын жағдайға қайта оралту керек. Егер жұмысшылар осы мешеу жағдайға қайтадан кейін шегеріліп тасталған болса, егер «әлеуметтік құйын» есен-аман жойылатын болса, онда жұмысшы, әрине, «үй ошағын» меншіктенушілікпен қайтадан пайдалана алған болар еді, сонда жоғарыда келтірілген сатып алу теориясы соншалықты ерсі болып көрінбеген болар еді. Бірақ мұны жүзеге асыру үшін әуелі дүние жүзілік тарих сағатының тілін жүз жылға кейін бұруына, сөйтіп қазіргі заманғы жұмысшыларды қайтадан олардың арғы бабалары қандай болған болса, сондай өріссіз, мәймөңке, жарамсақ құлшыл жандар етуіне тура келетіндігін Прудон ұмытып жүр.

Ал тұрғын үй мәселесін осы прудондық шешуде рационалды, практикада жүзеге асыруға болатын мазмұн бар болғандықтан, міне сол себептен мұның өзі қазір жүзеге асырылып жатыр, ал мұның өзі «революциялық идеяның аясында» емес, қайта... ең ірі буржуалардың арасында пайда болды. Бұл туралы испанның Мадридте шығатын тамаша «Емансипасіон»²⁴² газетінің 1872 ж. 16 мартта не жазғанын тыңдап көрейік:

«Тұрғын үй мәселесін шешудің Прудон ұсынған, алғаш қарағанда тамаша көрінетін, бірақ мұқият қарастырғанда өзінің толық дәрменсіздігін байқататын тағы бір тәсілі бар. Прудон пәтер жалдаушыларды бөліп-бөліп төлей-

тін сатып алушыларға айналдыруды, сөйтіп жылма-жыл үйдің төленіп отыратын жалдау ақысын тұрғын үй құнын ішінара өтеуге жатқызуды, ал пәтер жалдаушының белгілі уақыт өткеннен кейін бұл тұрғын үйдің меншіктенушісіне айналуын ұсынды. Прудонға өте революцияшыл болып көрінген бұл тәсілді қазір барлық елдерде жалдаптардың компаниялары қолдануда; сөйтіп олар жалдау ақысын арттыру арқылы өздеріне үйлердің құнын екі, үш есе етіп төлеуге мәжбүр етуде. Дольфус мырза және Солтүстік Шығыс Францияның басқа да ірі фабриканттары бұл жүйені ақшаны үйіп-төгіп алу үшін ғана емес, оның үстіне тағы да саяси арам оймен де жүзеге асырды.

Үстем таптардың неғұрлым әккі лидерлері пролетариатқа қарсы өздерінің армиясын құру үшін ұсақ меншікшілердің санын көбейтуге әрқашан күш салып отырды. Өткен ғасырдың буржуазиялық революциялары дворяндардың және шіркеудің ірі жер иеленушілігін ұсақ парцельдік меншікке ыдыратты,— әлі өмір сүріп отырған ірі жер иеленушілік жөнінде қазір испан республикашыларды да осыны істегісі келеді,— сөйтіп содан бері қоғамның ең реакцияшыл элементі және қала пролетариатының революциялық қозғалысына үнемі кедергіге айналған ұсақ жер меншіктенушілер табын құрды. III Наполеон мемлекеттік заемдардың ұсақ қағаздарын шығару арқылы қалаларда нақ әлгіндей тал құруды көздеді, ал Дольфус мырза және оның әріптестері, өз жұмысшыларына жылма-жыл төлем төлеу шартымен кішкентай тұрғын үйлер сатып, жұмысшылардың қандай да болса революциялық рухын тұншықтыруға және сонымен қатар оларды осы жер меншігімен өздері жұмыс істеп жүрген фабрикаға байлап қоюға тырысады. Сонымен, Прудон жоспарының жұмысшы табына ешқандай жеңілдік бермегені былай тұрсын, қайта оларға тіпті тікелей қарсы бұрылды*.

Тұрғын үй мәселесін қалай шешу керек? Қазіргі қоғамда, басқа қоғамдық мәселе атаулының бәрі қалай шешілсе, бұл мәселе де нақ солай шешіледі: сұраным мен ұсынымды экономика жағынан бірте-бірте теңгеріп отыру арқылы шешіледі, ал бұл шешім — мәселені үнемі қайта тудырып отыратын шешім, яғни түк те шешпейтін шешім. Бұл мәселені әлеуметтік революцияның қалай шешетіндігі уақыт пен орынның жағдайларына ғана байланысты емес, мұның өзі одан анағұрлым әрі кететін мәселелерге де байланысты; ол мәселелердің ішіндегі ең маңыздыларының бірі — қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жою туралы мәселе. Біз келешектегі қоғам құрылысының утопиялық жүйелерін ойлап шығарайық деп отырғанымыз жок, сондықтан бұған тоқталу барып тұрған еріккендік іс болар

* Жұмысшыларды үлкен немесе өсіп келе жатқан американ қалаларына жақын жерде меншікті «үйге» бекіту арқылы тұрғын үй мәселесін бұлай шешудің өзінен-өзі қалай туатындығы туралы Элонора Маркс-Эвелингтің 1886 ж. 28 ноябрьде Индианополитен жазған бір хатының мына бір жері дәлелдейді: «Қанзас-Ситиде, немесе дұрысырақ айтқанда, оның қасында, біз құлазыған құла түзде бар болғаны үш бөлмелі ұсқынсыз кішкентай ағаш үйлерді көрдік; жер учаскесінің бағасы 600 доллар еді және оның аумағы дәл кішкентай үйшік сыйғандай ғана еді; үйшіктің өзі 600 доллар тұрады, демек қаладан бір сағат жол жүретін жерде, батпақты бос даладағы кішкентай сүренсіз лашық үшін барлығы 4800 марка төлеу керек». Сонымен жұмысшылардың осы тұрғын үйлерді алу үшін ғана өздеріне ауыр ипотекалық борыштар алуына тура келеді, сонда барып олар өз қожайындарының шын мәніндегі құлдарына айналады; олар өз үйлеріне байланған, олар кете алмайды және өздеріне ұсынылған қандай да болса еңбек шарттарына көнуге мәжбүр. (1887 ж. басылуына Энгельстің берген ескертуі.)

еді. Бір күмәнсыз нәрсе, атап айтқанда, мынау: ірі қалаларда қазірдің өзінде-ақ, дұрыстап пайдаланған жағдайда, «тұрғын үй жөніндегі» шын «*мұқтаждыққа*» дереу жәрдемдесуге қажетті тұрғын үйлер жеткілікті. Әлбетте, мұны қазіргі үй иелерін экспроприациялау арқылы ғана, ол үйлерге үйсіз жұмысшыларды немесе қазір тым көп адам тұратын пәтерлердегі жұмысшыларды енгізу арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Пролетариат саяси өкімет билігін жеңіп алысымен, қоғам пайдасының мүдделері керек қылатын мұндай шара да, осы заманғы мемлекеттің басқа да экспроприациялары мен пәтерлерді алуы сықылды, оңай орындалатын болады.

* * *

Бірақ біздің прудонист* өзінің тұрғын үй мәселесіндегі жетістіктеріне әлі қанағат етпей отыр. Бұл мәселені ол күнәлы жерден әкетіп, ең жоғары социализм саласына көтеруге, сөйтіп онда да бұл мәселе «әлеуметтік мәселенің» маңызды «бөлегі» болып табылатындығын көрсетуге тиіс.

«Мысалы, барлық капиталдардан алынатын проценттің мөлшерін бір процент етіп берік белгілейтін, оның бер жағында проценттің бұл мөлшерін де бірте-бірте нольге жақындату, сөйтіп ақыр аяғында капитал айналымы үшін керекті еңбектен басқа енді ештеме төленбейтін ету тенденциясы бар өтпелі заң арқылы капитал өнімділігі шын мәнісінде қолға алынды дейік,— мұның өзі ерте ме, кеш пе, осылай болуға тиісті де. Әлбетте, үй де, пәтер де, барлық басқа өнімдер сияқты, осы заңның қолданылуына жатады... Үй иесінің өзі үйді сатуға бірінші болып ұмтылады, әйтпесе оның үйі бос қалар еді, ал бұған жұмсаған капитал тура пайдасыз болып шығар еді».

Бұл қағида прудондық катехизистің басты-басты наным шарттарының бірін қамтиды және онда басым болып отырған шатасушылықтың айқын үлгісін көрсетеді.

«Капиталдың өнімділігі» дегеніңіз мағынасыз нәрсе, мұны Прудон байқамай буржуазиялық экономистерден алып отыр. Рас, буржуазиялық экономистер де еңбек дегеніміз байлық атаулының қайнар көзі және барлық товар құнының өлшемі деп айтудан бастайды; бірақ олар өнеркәсіптік немесе қолөнершілік кәсіпке капитал жұмсайтын капиталист жұмсаған капиталын қалайша өзіне қайтарып қана қоймай, оның үстіне тағы да пайда түсіретіндігін де түсіндіруге тиіс. Осы себептен олар әр түрлі қайшылықтарға сөзсіз шырмалады да, капиталға да белгілі бір өнімділікті телуге мәжбүр болады. Прудонның буржуазиялық ойлау тәсіліне тағы мейлінше белшесінен батқандығына оның капиталдың өнімділігі туралы айту мәнерін осылай меңгеруінен асқан дәлел жоқ. «Капиталдың өнімділігі» дейтін нәрсе жалдама жұмысшылардың ақы төленбеген еңбегін өзіне

* — А. Мюльбергер. *Ред.*

немдену жөнінде капиталға тән (қазіргі қоғамдық қатынастар тұсында, бұл қатынастар болмаса, ол әсте капитал болмаған болар еді) қабілет, одан басқа түк емес екенін біз әуел баста көрдік.

Бірақ Прудонның буржуазиялық экономистерден өзгешелігі сол — ол осы «капиталдың өнімділігін» мақұлдамайды, қайта, керісінше, мұның өзі «мәңгі әділеттікті» бұзушылық деп табады. Жұмысшыға өз еңбегінің толық табысын алуға кедергі жасап отырған нақ осы «капитал өнімділігі». Демек, оны жою керек. Ал сонда қалайша жою керек?— Мәжбүр ететін заңдар бойынша *процент ставкасын* төмендету және ақыр-аяғында нольге түсіру арқылы. Сонда, біздің прудонистің ойынша, капитал өнімді болудан қалады.

Ақшалай қарыз капиталынан түсетін процент пайданың тек бір бөлегі болып табылады; өнеркәсіп немесе сауда капиталынан түсетін пайда капиталистер табының төленбеген еңбек түрінде жұмысшы табынан тартып алған үстеме құнның бір бөлегі ғана. Процент ставкасын реттейтін экономикалық заңдардың қосымша құн нормасын белгілейтін заңдардан тәуелсіздігі сол белгілі бір қоғамдық формацияның заңдары үшін бұл жалпы алғанда қаншалық мүмкін болса соншалық. Ал осы қосымша құнның жекелеген капиталистер арасында бөлінуіне келетін болсақ, онда мынадай жай айқын болады: басқа капиталистер кәсіпорындарына көп капитал жұмсаған өнеркәсіпшілер мен саудагерлер үшін, басқа жағдайлары тең болған ретте, процент ставкасы қандай дәрежеде төмендесе, пайда нормасы сондай дәрежеде артып отыруға тиіс. Демек, процент ставкасының төмендеуі және, ақырында, жойылуы іс жүзінде «капиталдың өнімділігі» дейтінді әсте «қолға алмас» еді, жұмысшы табынан ақы төленбей тартып алынған қосымша құнның жеке капиталистер арасында өзгеше бөлінуін белгілеген болар еді және өнеркәсіпші капиталист жөнінде жұмысшының артықшылығын емес, рантье жөнінде өнеркәсіпші капиталистің артықшылығын қамтамасыз етер еді.

Прудон өзінің юридикалық көзқарасымен барлық экономикалық құбылыстар сияқты процент ставкасын қоғамдық өндірістің жағдайларымен емес, сол жағдайларды жалпы білдіретін мемлекеттік заңдармен түсіндіреді. Мемлекеттік заңдардың өндірістің қоғамдық жағдайларымен байланысы туралы қандай болсын түсінікке жанаспайтын әлгі тұрғыдан қарағанда бұл мемлекеттік заңдар қай кезде болса да тура карама-қарсы бұйрықтармен оп-оңай ауыстырыла салатын мүлдем бет алды шығарылатын бұйрықтар болып көрінетіні сөзсіз. Сондықтан Прудон үшін,— егер бұған оның қолында тек өкімет болса,— процент ставкасын бір процентке дейін төмендететін декрет шығарудан оңай ештеме жоқ. Бірақ барлық басқа қоғамдық

жағдайлар бұрынғы қалпында калса, онда бұл прудондық декрет қағаз жүзінде ғана өмір сүретін болады. Ешқандай декреттерге қарамастан, процент ставкасы қазіргі уақытта өзі бағынған экономикалық заңдармен бұрынғысынша реттеліп отырады. Қарыз өтеу қабілеті бар адамдар бұрынғысынша, жағдайларға қарай, қарызға 2, 3, 4 және онан да көп процент есебімен ақша алатын болады, мұндағы айырмашылық тек мынау ғана: рантьелер өте сақ болады, сондықтан қарызға ақшаны олардың тарапынан сот процесі болады деп қауіптенбеуге болатын адамдарға ғана беріп отырады. Мұның үстіне капиталды оның «өнімділігінен» айырудың бұл ұлы жоспары — атам заманғы жоспар; процент ставкасын тежеу мақсатын көздеген *өсімқорлық туралы заңдар* қандай ескі болса, бұл жоспар сондай ескі, ал ол заңдар қазір барлық жерде бірдей жойылды, өйткені практикада ол заңдарды әрқашан бұзып отырды немесе орағытып кетті, сондықтан мемлекет қоғамдық өндіріс заңдары жөнінде өзінің дәрменсіз екенін мойындауға мәжбүр болды. Енді міне осы орта ғасырлық орындалмас заңдардың қалпына келтірілуі «капиталдың өнімділігін қолға алуға» тиіс көрінеді! Оқушының өзі көріп отырғанындай, прудонизмді неғұрлым терең зерттесең, оның реакцияшылдығы онан сайын айқындала түседі.

Осындай тәсілмен процент ставкасы нольге дейін төмендетілген кезде, демек, капиталдан процент алу жойылған кезде, «капитал айналымы үшін керекті еңбектен басқа ештеме төленбейтін болады». Мұның мәнісі — процент ставкасын жою пайданы және тіпті қосымша құнды жоюмен бірдей деген сөз болуға тиіс. Бірақ егер декрет арқылы процентті *шынымен* жоюға мүмкін болған күнде де, — мұның нәтижесі қандай болар еді? *Рантье* табы үшін өз капиталдарын қарыз формасында несиеге берудің бұдан былай мағынасы болмас еді, бірақ ол тәуекел етіп, бұл капиталдарын өзінің өнеркәсіп орындарына немесе акционерлік компанияларға салып отырар еді. Капиталистер табының жұмысшы табынан тартып алған қосымша құн жиыны өзгеріссіз қалған болар еді, тек қана оның бөлінуі өзгерген болар еді, онда да болмашы өзгерер еді.

Шынында біздің прудонист мынаны естен шығарады: қазірдің өзінде-ақ буржуазиялық қоғамда товарларды сатып аларда орта есеппен алғанда «капиталдың айналымы үшін керекті еңбектен» (мұның мәнісі: белгілі товарды өндіру үшін деген сөз болуға тиіс) басқа ештемеге артық ақы төленбейді. Еңбек дегеніміз барлық товарлардың құнының өлшемі, сондықтан қазіргі замандағы қоғамда — рыноктың ауытқуын былай қойғанда — жалпы және тұтас алғанда товарларды жасап шығару үшін керекті еңбектен жоғары оларға ақы төленуі мүлдем мүмкін емес. Жоқ, жоқ, құрметті прудонист, мұның тетігі мүлдем басқада жатыр: мұның тетігі «капиталдың айналымы үшін керекті

енбекке» (Сіздің шатастырып сөйлеу мәнеріңізді қолданғанда) ақының әншейін *толық төленбейтінінде!* Мұның қалай болатынын Сіз Маркстен оқи аласыз («Капитал», 128—160-беттер*).

Бірақ бұл әлі бәрі емес. *Капиталға* процент төлеу жойылады екен, *жалдау ақысын* төлеу де жойылады**. Өйткені «үй де, пәтер де, барлық басқа өнімдер сияқты, осы заңның қамтуына жатады». Мұның өзі бір қарт майордың қарамағындағы әскер қызметін еркімен атқарушыны шақыруға бұйырып, оған былай деп айтқаны тәрізді: «Тыңдаңызшы! Сіз доктор деседі,— маған мезгіл-мезгіл келіп-кетіп тұрсаңызшы; әйелің мен жеті балаң болса, емделетін адам әрқашан табылады».

Әскер қызметін өз еркімен атқарушы: «Кешіріңіз, майор мырза, мен философияның докторымын!».

Майор: «Мен үшін мұның бәрібір, доктор дегеніңіз доктор».

Біздің прудонист те сондай: жалдау ақысы ма немесе капиталға процент пе — ол үшін мұның бәрібір, төлем дегеніңіз төлем, доктор дегеніңіз доктор.

Біздің жоғарыда көргеніміздей, *vulgo**** жалдау төлемі деп аталатын жалдау бағасы мыналардан құралады: 1) бір бөлегі жер рентасынан, 2) бір бөлегі үй салу жөніндегі мердігердің пайдасын қоса құрылыс капиталына алынатын проценттен, 3) бір бөлегі жөндеу және қауіпсіздендіру шығындарынан, 4) бір бөлегі — пайданы да қоса алғанда, үй бірте-бірте жарамсыз болған сайын жылма-жыл төлемдермен құрылыс капиталының құнын өтеуден (амортизациясынан).

«Үй несінің өзі үйді сатуға бірінші болып ұмтылады, әйтпесе оның үйі бос қалар еді, ал бұған жұмсаған капитал тура пайдасыз болып шығар еді» — бұл енді тіпті соқыр адамға да айқын болуға тиіс. Әлбетте. Егер қарыз капиталына процентті жойса, онда бірде-бір үй иесі бұдан былай өз үйі үшін жалдау ақысының бірде-бір пфеннигін ала алмайды, өйткені үйді жалдау ақысын да жалдау ақысы деп атауға болады, әрі оның ішінде капиталға шын процент болып табылатын бөлегі бар. Доктор дегеніңіз доктор. Егер капиталға алынатын дағдылы процент жөнінде өсімқорлық туралы заңдарды оларды орағытып кету арқылы ғана жарамсыз етіп тастауға болған болса, онда бұл заңдардың жалдау ақысы ставкаларына ешқандай қатысы болған емес. Өзінің өсімқорлық туралы жаңа заңы, еш нәрсеге қарамастан, капиталға алынатын жай процентті ғана емес, үй үшін төленетін күрделі жалдау ақысын да реттеп отырады және бірте-бірте жояды деп Прудон ғана ойлай алатын еді. Ал онда

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 176—206-беттер. *Ред.*

** Сөз ойнақылығы: Zins — процент, Miethzins (немесе Miethe) — жалдау ақысы. *Ред.*

*** — әншейін. *Ред.*

үй иесінен осы «әншейін пайдасыз» үйді көп ақшаға сатып алу-дың керегі не және мұндай жағдайларда үй иесінің «әншейін пайдасыз» үйден құтылу үшін және оны жөндеуге бұдан былай қаржы шығармау үшін қосымша неге ақша төлемеске — бұл арасы біз үшін құпия қалып отыр.

Жоғары социализм (мэтр Прудонның айтуынша, супрасоциализм) саласындағы осы ұлы жетістіктен кейін біздің прудонист өзін бұрынғыдан да жоғары шарықтауға праволымын деп санайды.

«Біз зерттеп отырған осыншама маңызды тақырыпты барлық жағынан толық баяндау үшін енді тағы кейбір қорытындылар жасау ғана қалып отыр».

Сонда ол қандай қорытындылар? Тұрғын үйлердің бағасыздануы процент ставкасының жойылуынан туатындығы қандай аз болса, бұл қорытындылардың бұдан бұрынғы қорытындыдан туатындығы да сондай аз және мұның мәнісі — егер бұл қорытындыларды біздің автордың көпірме және даурықпа сөзуарлығынан арылтса, онда жалдама тұрғын үйлерді сатып алу ісін жақсырақ аяқтау үшін керектісі мынау деген сөз: 1) бұл тақырыптың дәлме-дәл статистикасы, 2) жақсы санитарлық полиция және 3) жаңа үйлер салуды өз міндетіне ала алатын құрылыс жұмысшыларының серіктіктері; мұның бәрі, әрине, өте жақсы, тамаша нәрселер, бірақ тек қана, әлгі барлық базарлық-айқайлы сөзуарлыққа қарамастан, бұлар прудондық идеялық шатаудың қараңғы түнегіне «жарық сәуле» әсте бере алмайды.

Кімде-кім әлгіндей ерлік істер істесе, оның неміс жұмысшыларына былай деп байыпты уағыз айтуына правосы бар:

«Осы және осыған ұқсас мәселелер, біздің ойымызша, әлеуметтік демократияның көңіл бөлуіне әбден лайықты... Ол осында тұрғын үй мәселесі қандай айқындылықпен қаралған болса, *кредит, мемлекеттік борыштар, жеке адамдардың борыштары, салықтар және басқалары* сықылды, маңыздылығы одан кем соқпайтын басқа мәселелерді де сондай айқындылықпен қарауға ұмтылсын» және тағысын тағылар.

Сонымен, біздің прудонист бізге «мұндай мәселелер» жөнінде болашақта толып жатқан мақалалар беруге уәде етеді, ал егер ол бұл мәселелердің бәрін қазіргі «соншама маңызды тақырыпты» байыптап талдағандай етіп, байыптап талдаса, онда «*Volkstaat*» газеті тұтас бір жылға қолжазбамен қамтамасыз етілгені. Дегенмен, берілетін жауаптарды біз күні бұрын болжай аламыз, — бәрі-бәрі келіп бұрын айтылғанға саяды: капиталға процент жойылады, сөйтіп мемлекеттік және жеке борыштар бойынша төленетін проценттер жоғалады, кредит тегін болады және тағысын тағылар. Нақ сол сыйқырлы сөз кез келген басқа тақырыпқа қолданылады және әрбір жеке ретте айнымас логикамен баяғы бір ғажап қорытынды келіп шығады: егер капитал-

ға проценттер жойылса, онда қарызға алған ақша үшін бұдан былай проценттер төлеудің керегі жоқ.

Дегенмен, біздің прудонистің бізге қожандап ала жүгіретін мәселелері де жақсы-ақ.— *Кредит!* Жұмысшыға жалақыдан жалақыға дейінгі кредиттен немесе ломбард кредитінен басқа қандай кредит керек? Оған мұндай кредитті тегін бере ме немесе процент есебіне бере ме, тіпті ломбардтардың өсімқорлық проценті есебіне бере ме,— ол үшін айырмашылығы зор болып па? Егер жұмысшы, жалпы айтқанда, бұдан пайда көрсе де, демек жұмыс күшін өндіру шығындары арзанырақ болса,— онда жұмыс күшінің бағасы да арзандамас па еді?— Бірақ буржуа үшін және әсіресе ұсақ буржуа үшін, кредит — маңызды мәселе, ал ұсақ буржуа үшін қай уақытта болса да кредит алуға, оның үстіне процентсіз кредит алуға мүмкіндігі болуы өте-мөте қолайлы болар еді.— *Мемлекеттік борыштар!* Жұмысшы табы бұл борыштарды өзінің жасамағанын біледі, ал өкіметті жеңіп алғаннан кейін, ол оны кім жасаса, соларға төлеттіртеді.— *Жеке борыштар!*— кредитті қараңыз.— *Салықтар!* Мұның өзі буржуазияның назарын барынша аударатын, бірақ жұмысшы назарын барынша аз аударатын нәрсе: жұмысшының салықтар ретінде төлейтіні, түптеп келгенде, жұмыс күшін өндіру шығындарына кіреді, демек, мұның есесін капиталист толтыруға тиіс. Осында жұмысшы табы үшін орасан маңызды мәселелер ретінде біздің алдымызға ұсынылған әлгі пункттердің бәрі шынында буржуа үшін ғана, одан бетер — ұсақ буржуа үшін маңызды мүдде болып табылады, ал біз, Прудонға қарама-қарсы, жұмысшы табы ол таптардың мүдделерін қорғауға әсте тиісті емес деп пайымдаймыз.

Жұмысшыларға шынымен қатысты ұлы мәселе туралы, капиталист пен жалдама жұмысшының арасындағы қатынас туралы, өз жұмысшыларының еңбегі есебінен капиталистің қалайша байитыны туралы, бұл туралы біздің прудонист бір ауыз сөз айтпайды. Рас, оның ұстазы бұл мәселемен шұғылданды, бірақ бұған әсте айқындық енгізген жоқ және тіпті өзінің соңғы шығармаларында да бұл жөнінде затында «*Philosophie de la Misère*» («Қайыршылық философиясынан») әрі бармады, ал мұның мүлдем түкке тұрғысыздығын 1847 жылдың өзінде-ақ Маркс соншама тамаша әшкерелеген болатын*.

Роман тілдерінде сөйлейтін жұмысшылардың жиырма бес жыл бойы осы «Екінші империя социалисінің» шимайларынан басқа ешқандай социалистік рухани қорегінің жоқтың қасы болғандығы өте күйінішті. Егер прудонистік теория енді Германияны да жайласа екі есе күйінішті болар еді. Бірақ бұдан қауіп-

* Қараңыз: К. Маркс «Философия қайыршылығы. Прудон мырзаның «Қайыршылық философиясына» жауап» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 65—185-беттер). Ред.

тенетін ештеңе жоқ. Неміс жұмысшылары теория жөнінен прудонизмнен елу жылдай алға кетті, сондықтан бұл жөнінде бұдан әрі еңбектенуден өзінді құтқару үшін мұны *жалғыз* тұрғын үй мәселесінің ғана мысалымен көрсетудің өзі-ақ жеткілікті.

И БӨЛІМ

БУРЖУАЗИЯ ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ШЕШЕДІ

I

Тұрғын үй мәселесінің *прудонистік* шешіміне арналған бөлімде бұл мәселе жөнінде ұсақ буржуазияның қандай дәрежеде тікелей мүдделі екені көрсетілді. Бірақ ірі буржуазия үшін де бұл мәселе жанамалай болғанмен де, әжептәуір назар аударатын мәселе болып табылады. Қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы жұмысшылар тығыз тұратын «жаман кварталдар» дейтіндердің дүркін-дүркін біздің қалаларымызды шарпып отыратын барлық індеттердің ошақтары болып табылатындығын көрсетті. Оба, сүзек және сүзек желікпесі, шешек және басқа апатты індеттер өздерінің жұқпалы ауруын осы жұмысшы кварталдардың ластанған ауасы мен уланған суына таратады; ол жерлер бұл аурулардан еш уақытта дерлік арылмайды, ал қойлайлы жағдайлар тұсында ол аурулар жаппай індетке айналып өршиді де, сонда өз ошақтарының шеңберінен шығып, қаланың капиталист мырзалар тұратын ауасы жақсы тазартылатын, неғұрлым сау бөлегіне ауысады. Үстемдік етуші капиталистер табы ешбір жаза көрместен жұмысшы табын эпидемиялық ауруларға ұшырату рахатына бөленіп отыра алмайды; мұның зардабы капиталистердің өздеріне де тиеді, сөйтіп ажал періштесі жұмысшылар арасында қандай қаһарын төксе, капиталистер арасында да сондай қаһарын төгеді.

Осының өзі ғылыми жолмен анықталысымен-ақ, адам сүйгіш буржуалар өз жұмысшыларының денсаулығына қамқорлық істеуде ізгі жарысқа түсуге құштарланды. Ылғи қайталай беретін індеттердің көзін түп-тамырымен құрту үшін қоғамдар құрып, кітаптар жазып, жобалар жасап, заңдар талқылап шығара бастады. Жұмысшылардың тұрғын үй жағдайлары тексеріле басталды, сөйтіп өте-мөте сорақы кемшіліктерді түзеу әрекеттері істелді. Ірі қалалары бәрінен де гөрі көп, демек, ірі буржуаларға қауіп бәрінен де гөрі көбірек төнген Англияда өте-мөте жігерлі қызмет өрістетілді; жұмысшы табы тұрмысының санитариялық жағдайларын тексеру үшін үкімет комиссиялары тағайындалды; бұлардың есептері, континентте шығарылып жүрген деректерден дәлдігімен, толықтығымен және әділеттігімен тиімді түрде өзгеше болып, жаңа, азды-көпті түбегейлі заңдар

үшін негіз болды. Бұл заңдар қаншалықты жетілмеген болса да, дегенмен бұлар континентте бұл бағытта осы уақытқа дейін істелгеннің бәрінен шексіз асып түседі. Осыған қарамастан, капиталистік қоғамдық құрылыс емдеу керектігі туралы сөз болып отырған кеселдерді сондай қажеттілікпен ылғи қайта тудырып отырады — тіпті Англияда да мұны емдеу бір қадам болса да ілгері баса қойды ма екен.

Германияда да үнемі болып тұратын індеттердің туатын көздері ұйқышыл ірі буржуазияны сергіту үшін керекті асқыну дәрежесіне жетіп күшейгенге дейін мұнда, дағды бойынша, анағұрлым ұзақ мерзім керек болды. Дегенмен, ақырын жүрсен, алысқа барасын, сөйтіп, ақырында, бізде де қоғамдық санитария жөнінде және тұрғын үй мәселесі жөнінде буржуазиялық әдебиет пайда болды; оның өзі шетелдік, бәрінен бұрын ағылшын ізашарларынан көшіріп алған мардымсыз үзінділер, даурықпа және көпірме сөздер арқылы зымияндықпен барынша түсінгенсіген үзінділер болып табылады. Мына кітап осы әдебиетке жатады: *Д-р Эмиль Закс. «Еңбекші таптардың тұрғын үй жағдайлары және ол жағдайлардың реформасы»*. Вена, 1869²³⁵.

Мен тұрғын үй мәселесі жөніндегі буржуазиялық көзқарастарды баяндау үшін осы кітапты таңдап алған бірден-бір себебім: бұл кітапта осы тақырып жөнінде мүмкін болғанынша күллі буржуазиялық әдебиетті қамтуға әрекет істеледі. Бірақ біздің авторға «дерек» болып қызмет атқарып отырған бұл әдебиет те жақсы-ақ ау! Шын негізгі деректер болып табылатын ағылшын парламенттік есептерінен ең ескі үшеуі ғана еске алынады; бүкіл кітап *бұлардың бірде-біреуін* автордың *еш уақытта көрмегендігін* көрсетеді; мұның есесіне ол толып жатқан онбаған-буржуазиялық, ізгі ойлы-мещандық, екіжүзді-филантропиялық шимай-шатпақтарды келтіреді: Дюкпесьо, Робертс, Хол, Хубер, әлеуметтік ғылымдардың (дұрысырақ айтқанда, әлеуметтік сандырақ) ағылшын конгресінің еңбектері, еңбекші таптардың игілігі жөнінде қамқорлық істейтін пруссиялық Одақтың журналы, Париждегі бүкіл дүние жүзлік көрме туралы австриялық ресми есеп, нақ сол туралы бонапартистік ресми есептер, «Illustrated London News»²⁴³, «Ueber Land und Meer»²⁴⁴ және, ақырында, «жұрт таныған бедел», «практикалық тапқыр ақылы бар», «шын жүректен нанымды сөйлейтін» адам,— атап айтқанда... *Юлиус Фаухер!* Деректердің бұл тізімінде сірә, тек «Gartenlaube»²⁴⁵, «Kladderadatsch»¹⁶⁶ және атқыш Кучке²⁴⁶ ғана жетіспей тұр.

Закс мырзаның көзқарастары жөнінде ешқандай ұғыныспаушылық туа алмайтын болуы үшін, ол 22-бетінде былай деп мәлімдейді:

«Әлеуметтік экономия деп біз халық шаруашылығы туралы ілімді, оның әлеуметтік мәселелерге қолданылуын, дәлірек айтқанда,— бұл ғылымның, өзі-

нің «темірдей» заңдары негізінде, қазір үстемдік етуші қоғамдық құрылыстың шеңберінде, дәулетсіз таптар дейтіндерді (1) дәулеттілердің деңгейіне дейін көтеру үшін бізге ұсынатын амалдары мен тәсілдерінің жиынтығын атаймыз».

«Халық шаруашылығы туралы ілім», немесе саяси экономия, жалпы алғанда, «әлеуметтік» мәселелерден басқа қайсыбір мәселелермен шұғылданады-мыс деген шатақ түсінікті біз талдап жатпаймыз. Біз бірден басты пунктпен шұғылданамыз. Д-р Закс буржуазиялық экономиканың «темірдей заңдары», «қазір үстемдік етуші қоғамдық құрылыстың шеңбері», басқаша айтқанда — капиталистік өндіріс әдісі өзгермей қалуын және, осыған қарамастан, «дәулетсіз таптар дейтіндердің» жағдайы «дәулеттілердің деңгейіне дейін» көтерілуін талап етеді. Бірақ капиталистік өндіріс әдісінің сөзсіз алғы шарты дәулетсіз тап дейтіннің емес, өзінің жұмыс күшінен басқа сатары жоқ, сондықтан осы жұмыс күшін өнеркәсіп капиталистеріне сатуға мәжбүр шын мәнінде дәулетсіз таптың өмір сүруі болып табылады ғой. Закс мырза ашқан жаңа ғылымның — «әлеуметтік экономияның» міндеті, демек, мынада болып отыр: бір жағынан, барлық шикі материалдардың, өндіріс құралдары мен күн көріс заттарының иелері — капиталистердің және, екінші жағынан, тек өзінің жұмыс күші ғана бар, одан басқа түгі жоқ, дәулетсіз жалдама жұмысшылардың арасындағы қарама-қарсылыққа негізделген қоғамдық құрылыстың ішінде, осы қоғамдық құрылыстың шеңберінде барлық жалдама жұмысшылардың жалдама жұмысшылар болып қала отырып, капиталистерге айнала алатын болуының амалы мен жолын табу. Закс мырза бұл мәселені шештім деп ойлайды. Ол бізге француз армиясының барлық солдаттарын — олардың әрқайсысы І Наполеонның заманынан бері қарай өзінің қоржынында маршалдық жезлды сақтап жүр ғой, — қарапайым солдат қалпында қалдыра отырып, қалайша фельдмаршалдарға айналдыруға болатындығын көрсетіп беруге рақымы түспес пе екен. Не болмаса Герман империясының қол астындағы барлық 40 миллион адамды қалайша герман императорлары етуді айтпас па екен!

Буржуазиялық социализмнің мәні нақ сол — ол қазіргі заманғы қоғамның барлық апаттарының негізін сақтай отырып, ол апаттарды жойғысы келеді. Буржуазияшыл социалистер, «Коммунистік Манифестің» өзінде-ақ айтылғанындай, «қоғамдық дерттерді емдегісі келеді, емдегенде, буржуазиялық қоғамның өмір сүруін нығайту үшін емдегісі келеді»; олар «пролетариатсыз буржуазия»* болуын тілейді. Біз Закс мырзаның мәселені дәл осылай қоятынын көрдік. Әлеуметтік мәселенің шешімін ол тұрғын үй мәселесінің шешілуінде деп біледі; ол мынадай пікірде:

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 132-бет. Ред.

«еңбекші таптардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту жолымен жоғарыда суреттелген денелік және рухани қайыршылықты ойдағыдай етіп жеңілдетуге болар еді, ал сөйтіп» — яғни бір ғана тұрғын үй жағдайларын кеңінен жақсарту жолымен — «бұл таптардың денін өзінің адамның өмір сүруіне лайықты келе қоймайтын батпағынан материалдық және рухани әл-ауқатының таза биік шыңдарына көтеруге болар еді» (14-бет).

Айта кетейік, буржуазиялық өндірістік қатынастар тудырған және ол қатынастардың онан әрі өмір сүруінің шарты болып табылатын пролетариаттың өмір сүру фактісін көмескілеу — буржуазияның мүддесі үшін керек. Сондықтан Закс мырза бізге 21-бетінде: еңбекші таптар деп нағыз жұмысшылармен қатар барлық «ауқатсыз қоғамдық таптарды», «жалпы ұсақ адамдарды — қолөнершілерді, жесірлерді, пенсионерлерді (!), төменгі чиновниктерді, т. б.» түсіну керек дегенді айтады. Буржуазиялық социализм ұсақ буржуазиялық социализмге қол созады.

Ал тұрғын үй мұқтаждығы қайдан шығады? Ол қалай пайда болды? Закс мырза кең пейіл буржуа болғандықтан, тұрғын үй мұқтаждығы қоғамның буржуазиялық формасының қажетті салдары болып табылатындығын білуіне болмайды; еңбекшілердің қалың бұқарасы тек қана жалақыға, яғни өмірін сақтау үшін және тұқым өрбіту үшін керекті күн көріс заттарына күнелтуге тиіс болып отырған қоғам; машиналы техникадағы жаңа жетілдірулер және т. б. жұмысшылар бұқарасын үнемі жұмыссыз қалдырып отыратын қоғам; өнеркәсіптің үздіксіз қайталап отыратын күшті ауытқулары, бір жағынан, бос қалған жұмысшылардың сансыз көп резерв армиясы болуын тудыратын, ал, екінші жағынан, жұмыссыз қалған орасан көп жұмысшыларды мезгіл-мезгіл көшеге лақтырып тастап отыратын қоғам; жұмысшылар үлкен қалаларға көп жиналатын және жиналғанда қазіргі жағдайларда олар үшін тұрғын үйлер салынуынан гөрі шапшаңырақ жиналатын қоғам; демек, ең лас шошқа қоралары әрқашанда өзіне жалдаушылар табатын қоғам; ақырында, үй иесінің капиталист ретінде, өзінің үй иелігінен неғұрлым жоғары жалдау ақысын өндіріп алуға праволы ғана емес, қайта бәсеке барлығы себепті, мұны істеуге белгілі дәрежеде тіпті міндетті болып отырған қоғам тұрғын үй мұқтаждығынсыз өмір сүре алмайтынын білуіне болмайды. Мұндай қоғамда тұрғын үй мұқтаждығы — әсте кездейсоқ нәрсе емес, ол — қажетті институт; ол мұқтаждықты туғызатын бүкіл қоғамдық құрылыс түп негізінен қайта құрылған күнде ғана — санитариялық жағдайға және т. т. тигізетін барлық салдарларымен бірге — оны да жоюға болады. Бірақ буржуазиялық социализмнің бұл туралы білуіне болмайды. Тұрғын үй мұқтаждығын осы күнгі жағдайлармен түсіндіруге оның батылы бармайды. Ендеше, оның мұны адамның бұзылғандығы, былайынша айтқанда, тұңғыш

күнә деп уағыз айтатын сөздермен түсіндіруінен басқа ештемесі қалмайды.

«Бұл арада мынаны мойндамасқа да болмайды,— демек бекер деуге болмайды» (қандай батыл қорытынды!),— «кінәнің өзі... ішінара тұрғын үйді керексінетін жұмысшылардың өздеріне жүктеледі, ішінара және анағұрлым үлкен дәрежеде, осы керексінуді қанағаттандыруды өз міндетіне алғандарға немесе өз қарамағында керекті қаржысы бола тұрып, бұл міндетті тіпті өзіне алмай отырғандарға,— *Әулетті, жоғары қоғамдық таптарға* жүктеледі. Соңғылардың айыбы... олардың жақсы тұрғын үйлердің жеткілікті ұсынылуын қамтамасыз етуге қам істемей отырғанында».

Прудонның бізді экономикалық саладан юридикалық салаға көшіргені сияқты, мұнда біздің буржуазиялық социалист бізді экономикалық саладан мораль саласына сүйрейді. Ал бұл әбден табиғи нәрсе. Кімде-кім капиталистік өндіріс әдісіне, қазіргі заманғы буржуазиялық қоғамның «темірдей заңдарына» қол сұғуға болмайды деп жарияласа және, сөйте тұрып, олардың жағымсыз, бірақ болмай қоймайтын зардаптарын жоюды тілесе, оның капиталистерге ақыл-кеңес беретін уағыздарын оқуынан басқа ештемесі қалмайды, ал бұл уағыздардың жүрек тебірен-терлік әсері жеке бастың мүддесінің ықпалымен, ал қажет болған ретте — бәсекенің ықпалымен қайтадан лезде жоғалып кетеді. Бұл уағыздар өзі басып шығарған үйрек балапандары ширақ жүзіп жүрген тоғанның жағасында тұрған тауықтың уағыздарына әбден ұқсайды. Үйрек балапандары су ішінде бөрене болмаса да, сумен жылжып жүре береді, ал капиталистер пайданың жаны жоқ болса да, пайдаға қарай ентелейді. Мұны Закс мырадан жақсырақ түсінген қарт Ганзман «ақша істерінде көңілшектікке орын жоқ» — деген болатын.

«Жақсы пәтерлер сондай қымбат — жұмысшылардың денінің ондай пәтерлерді пайдалану мүмкіндігі мүлде жоқ. Ірі капитал... еңбекші таптар үшін тұрғын үйлер салудан қорқақтап жалтарады, сондықтан бұл таптар өздерінің тұрғын үй жөніндегі тілектерін қанағаттандырмақ болғанда, көбінесе жалдап-тықтың торына түседі».

Жексұрын жалдаптық! Әрине, ірі капитал еш уақытта жалдаптық істемейді! Бірақ жұмысшы тұрғын үйлері жөнінде ірі капиталдың жалдаптық істеуіне зұлым тағдыр емес, тек білместік қана бөгет болып отыр:

«Тұрғын үй жөніндегі мұқтаждықты дұрыс қанағаттандырудың... қандай үлкен және маңызды роль атқаратындығын үй иелері әсте *білмейді*, әдетте, нашар, зиянды тұрғын үйлерді адамдарға соншалықты жауапсыздықпен ұсынып, *өзберінің адамдарға нендей зардап келтіретіндіктерін олар білмейді* және ақырында, осынысымен өздерінің өздеріне қандай зиян келтіретіндіктерін олар *білмейді*» (27-бет).

Бірақ тұрғын үй мұқтаждығы тууы үшін капиталистің білместігі жұмысшының білместігімен толықтырылуға тиіс. Жұ-

мысшылардың «ең төменгі топтары» «мүлдем баспанасыз қалмау үшін, үнемі лажсыздан (!) кез келген жерден өздеріне түнейтін орын іздестіреді және бұл жағынан алғанда мүлдем қорғансыз және дәрменсіз» деп мойындай келіп, Закс мырза бізге былай дейді:

«Олардың» (жұмысшылардың) «көбі аңғырттықтан, бірақ көбінесе білместігінен, рационалды гигиена туралы, әсіресе бұл жөнінен тұрғын үйдің қандай зор маңызы бар екендігі туралы *типтей де түсінігі болмай*, асқан шеберлікпен дерлік өз организмін табиғи дамудың және сау-саламат өмір сүрудің шарттарынан айыратындығы жалпыға мәлім факті ғой» (27-бет).

Бірақ нақ осы арада буржуаның есек құлақтары қалқайып шыға келеді. Капиталистердің «кінәсы» білместікте ғайып болып кеткен болса, жұмысшылардың білместігі оларға кінә арту үшін тек сылтау болып табылады. Тынданыңдар:

«Сонымен былай болып шығады:» (нақ сол білместіктің салдарынан) «олар пәтер ақыдан тіпті аз да болса үнемдеу үшін ғана қараңғы, дымқыл, тар тұрғын үйлерге, қысқасы, гигиенаның барлық талаптарын қорлайтын тұрғын үйлерге орналасады... көбінесе бірнеше семья бірігіп бір пәтерді тіпті тек бір бөлмені жалдап алады.— осының бәрі пәтерге азырақ шығын жасау үшін ғана істеледі, сөйте тұра *маскүнөмдікке және түкке тұрғысыз әр түрлі көңіл көтерушілікке* олар өз табысын нағыз күнәлы түрде ысырап етеді».

Жұмысшылардың «арақ пен темекіге ысырап ететін» (28-бет) ақшасы, «жұмысшы сословиесін қорғасын батпандай болып, ылғи қайта-қайта батпаққа сүйрейтін кабак тұрмысы мен оның барлық қайғылы зардаптары»,— міне Закс мырзаның көмейіне шынында қорғасын батпандай болып тұрып қалған нәрсе осы. Осы жағдайлар тұсында жұмысшылардың арасындағы маскүнөмдік — сүзек, қылмыс, паразиттер, сот приставы және басқа қоғамдық кеселдер сияқты олардың тұрмыс жағдайларының соншалықты лажсыз салдары екенін; лажсыздығы соншалық, маскүнөмдікке салынатын адамдардың орташа санын күні бұрын есептеп шығаруға болатынын,— Закс мырзаға мұны білуге тағы да болмайды. Айтпақшы, менің қарт мектеп мұғалімім бір кезде былай дейтін еді: «Қарапайым халық кабакқа, ал мырзалар клубқа барады», ал мен бұлардың екеуінде де болғандықтан, мұны растай аламын.

Екі жақтың да «білместігі» туралы осы мылжың сөздің бәрі капитал мен еңбек мүдделерінің жарастылығы туралы мезі қылған сөзге келіп тіреледі. Егер капиталистер өздерінің шын мүдделерін түсінген болса, олар жұмысшыларға жақсы тұрғын үйлер берген болар еді және жалпы алғанда оларға неғұрлым жақсы жағдайлар жасаған болар еді; ал егер жұмысшылар өздерінің шын мүдделерін ұғынған болса, олар стачкалар жасамас еді, социал-демократиямен әуестенбес еді, саясатпен шұғылданбас еді, құрдай жорғалап, өздерінің бастық-капиталистерінің

сонынан жүріп отырар еді. Бірақ, не пайда, екі жақтың екеуі де өз мүдделерін Закс мырзаның және оның көптеген ізашарларының уағыздарынан есте көрмей отыр. Капитал мен еңбектің арасындағы жарастықтың інжілі міне 50 жылдан бері уағыздалып келе жатыр; бұл жарастықты үлгі боларлық мекемелер арқылы дәлелдеу әрекеті буржуазиялық филантропияға қазірдің өзінде-ақ қымбатқа түсті; ал бұл елу жылдың ішінде істің жайы титтей де өзгерген жоқ, біз мұны төменде көреміз.

Біздің автор енді мәселені практика жүзінде шешуге көшеді. Прудонның жұмысшыларды олардың тұрғын үйлерінің *меншікшілеріне* айналдыру жобасының революцияшылдығы қаншама аз екені мынадан-ақ көрініп отыр: буржуазиялық социализм бұл жобаны практика жүзінде іске асыруға одан бұрын да тырысқан, әлі де болса тырысып отыр. Закс мырза да тұрғын үй мәселесін тұрғын үйге меншіктің жұмысшылар қолына көшуімен ғана толық шешуге болады деп мәлімдеп отыр (58 және 59-беттер). Ол ол ма, осы оймен ол елжірей масаттанады және мынадай шабытты лепірмені айтып көкіді:

«Жер меншігі жөнінде адамға тән аңсаушылықта, — тіпті қазіргі заманғы дүние қуған *жанталасқан қарбалас тіршіліктің* өзі де бәсеңдете алмаған осы аңсаушылықта өзінше бір нәрсе бар. Бұл — шаруашылығым болса ғой деген адамның өзі де ұғынбайтын сезім, ал жер меншігі сондай шаруашылық болып табылады. Осы меншікпен бірге адам берік жағдайға ие болады, ол жерге берік тамыр жайған тәрізді болады, сөйтіп әрбір шаруашылық (!) «осы меншік арқылы нағыз берік негізге ие болады. Бірақ жер меншігінің игілікті күші бұл материалдық пайдалардың шеңберінен әлдеқайда алысқа құлаш сермейді. Кімде-кім жер учаскесін өзімдікі деп атау бақытына ие болса, оның *шаруашылық тәуелсіздіктің көңіл жетер ең жоғары сатысына жеткендігі*; оның өз дегенімен билей алатын меншігі бар, ол өзіне өзі қожа, оның белгілі шамада билігі және басына таршылық түскен күнде *сенімді баспанасы* бар; оның өзіндік сана-сезімі, ал мұнымен бірге оның адамгершілік күші де артады. Осы себептен бұл мәселеде меншіктің терең мәні бар... Жұмыс берушіден ылғи тәуелділікте болып отырған, жағдайлардың құбылмалылығына қазір дәрменсіздікпен ұшыраған жұмысшы, сөйтіп әлгі солқылдақ жағдайдан белгілі дәрежеде құтылған болар еді; *ол капиталист болар еді* және осымен байланысты қозғалмайтын мүлікті кепілге беру арқылы өзіне кредит ашылуымен ол жұмыссыздық немесе еңбекке жарамай қалушылық қаупінен құтылған болар еді. *Ол осылайша дәулетсіздерден дәулеттілер табына көтерілген болар еді*» (63-бет).

Закс мырза, сірә, адам дегеніңіз өзінің жаратылысы жағынан — шаруа дегенге сүйенетін болу керек; айтпесе ол біздің ірі қалалардың жұмысшыларына жер меншігін аңсаушылықты, олардың арасынан осы уақытқа дейін ешкім аңғармаған аңсаушылықты әкеліп таңбас еді. Біздің үлкен қалалардың жұмысшылары үшін көшіп-қону бостандығы — бірінші өмірлік шарт, сондықтан жер меншігі олар үшін тек қана бұғауға айналуды мүмкін. Оларға меншікті үй беріңіздер, оларды қайтадан жерге таңыңыздар, сонда сіздер фабриканттардың жалақыны ке-

мітуіне олардың қарсыласу күшін күйретесіздер. Жеке жұмысшы реті келгенде, бәлкім, өзінің үйшігін сата алар еді, бірақ үлкен стачка тұсында немесе жаппай өнеркәсіптік дағдарыс тұсында* осы оқиға шарпыған барлық жұмысшыларға қарасты үйлердің бәрі рынокқа сатылуға түсуге тиіс болар еді, ал сонда бұл үйлерді сатып алушылар әсте табылмаған болар еді, не болмаса өзінің салынған бағасынан анағұрлым төмен сатыла бастар еді. Егер тіпті олардың бәрін сатып алушы табылған күнде де,— Закс мырзаның тұрғын үй жөніндегі бүкіл ұлы реформасы тағы да ештемесіз аяқталған болар еді, сөйтіп оның бәрін қайтадан бастауына тура келер еді. Алайда, ақындар қиял дүниесінде өмір сүреді; жер иесі «шаруашылық жағынан тәуелсіздіктің ең жоғары сатысына жетті», оның «сенімді баспанасы» бар, ол *«капиталист болады және осымен байланысты ол үшін қозғалмайтын мүлікті кепілге салу арқылы кредиттің ашылуымен ол жұмыссыздық немесе енбекке жарамай қалушылық қаупінен құтылған»* және тағысын тағылар деп қиялдайтын Закс мырза да солай өмір сүруде. Бірақ Закс мырза француздың және біздің Рейннің ұсақ шаруаларына байыптап қарап көрсін; олардың үйлері мен егістіктері шамадан тыс ипотекалар ауыртпалығына ұшыраған, олардың астығы сабағында тұрғанда-ақ олардың кредиторларынікі, ал олардың «иеліктерін» өздері емес, қайта өсімқор, адвокат және сот приставы өз қалауы бойынша емін-еркін билеп отыр. Бұл шынында да... өсімқор үшін шаруашылық тәуелсіздіктің көңіл жетер сатыларының ең жоғарғысы! Ал жұмысшылар өздерінің үйшіктерін өсімқордың осылай емін-еркін билеуіне мүмкін болғанынша тез тапсыруы үшін, ізгі ниетті Закс мырза жұмысшыларға олар үшін *қозғалмайтын мүлікті кепілге салу арқылы ашылған кредит* жайында, жұмыссыздық және енбекке жарамаушылық кезінде олар кедейлер туралы қамқорлық орындарына салмақ салудың орнына осы кредитті пайдалана алады деп қамқорсып көрсетеді.

Қайткен күнде де енді Закс мырза әуелде қойылған мәселені шешті: жұмысшы меншікті үйшік сатып алу жолымен *«капиталист болады»*.

Капитал дегеніміз басқалардың ақы төленбеген енбегіне үстемдік ету. Демек, жұмысшы өзінің үйшігін үшінші адамға жалға беріп, сол үшінші адамның енбегі өнімінің бір бөлегін жалдау ақысы формасында өзіне иемденгенде ғана оның үйшігі капиталға айналады. Бірақ жұмысшы ол үйде өзі тұратындықтан да, ол үй капитал бола алмайды, мұның өзі менің тігіншіден сюртук сатып алып, оны үстіме киген кездің нақ өзінде оның капитал болудан қалатыны сияқты. Рас, құны бір мың талерлік

* «Немесе жаппай өнеркәсіптік дағдарыс тұсында» деген сөздерді Энгельс 1887 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

үйшігі бар жұмысшы енді пролетар емес, бірақ оны капиталист деп атау үшін Закс мырза болу керек.

Алайда біздің жұмысшының капиталистік пішінінің тағы бір екінші жағы бар. Айтайық, қайсыбір өнеркәсіпті жерде әрбір жұмысшының меншікті үйшігінің болуы әдетке айналған екен дейік. Мұндай ретте *әлгі жердің жұмысшы табы тұрғын үйді тегін пайдаланады*; пәтер шығындары енді оның жұмыс күшінің құнына кірмейді. Бірақ жұмыс күшін өндіру шығынының қандай да болса кемуі, яғни жұмысшы үшін өмірлік қажеті бар өнімдерге бағаның қандай да болса ұзақ уақыт кемуі, «халық шаруашылығы туралы ілімнің темірдей заңдарының негізінде» жұмыс күші құнының кемуімен бірдей, сондықтан түптеп келгенде, жалақының тиісінше төмендеуіне апарып соғады. Сонымен, жалақы орта есеппен алғанда пәтер ақының үнемделген орташа сомасы мөлшерінде төмендеген болар еді, яғни жұмысшы өзінің меншікті үйіне жалдау ақысын төлеген болар еді, бірақ бұрынғыша үй қожасына ақша төлеу түрінде емес, өзі жұмыс істейтін фабрикантқа кететін ақысы төленбеген еңбек түрінде төлер еді. Сонымен, жұмысшының жинап-теріп үйшікке жұмсаған ақшасы шынында өзінше бір капиталға айналған болар еді, бірақ капитал болғанда оның өзі үшін емес, өзі жұмыс істейтін капиталист үшін капитал болар еді.

Сонымен, Закс мырза өз жұмысшысын тіпті қағаз жүзінде де капиталистке айналдыра алмай отыр.

Ескерте кетейік, жоғарыда айтылғандардың жұмысшының күн көріс заттарын үнемдеуге немесе арзандатуға келіп тірелетін әлеуметтік реформа дейтіндердің бәріне қатысы бар. Не бұл реформалар жалпылама етек алады, онда бұл реформалардан кейін жалақы тиісінше кемітіледі, не болмаса олар тек жеке-дара эксперимент болып қалады, ал онда бұл реформалардың ілуде бір болатын жағдай ретінде өмір сүруінің өзі бұларды кең көлемде жүзеге асыру қазіргі капиталистік өндіріс әдісімен сыйыспайтындығын дәлелдейді. Айтайық, белгілі бір жерде тұтынушылар одақтарын жаппай енгізу жолымен жұмысшылардың азық-түлік өнімдерінің бағасын 20% кемітудің реті келген екен дейік; онда әлгі жерде жалақы біраз уақыт өткеннен кейін шамамен 20% кемуге тиіс, яғни бұл өнімдерге жұмсалатын шығын жұмысшылардың бюджетіне қандай пропорцияда енетін болса, сондай пропорцияда кемуге тиіс. Мысалы, егер жұмысшы өзінің апталық жалақысының орта есеппен алғанда төрттен үшін сол өнімдерге жұмсайтын болса, онда жалақы, сайып келгенде, $\frac{3}{4} \times 20 = 15\%$ кемиді. Қысқасы, жұмысшының шығындарын үнемдеуге мүмкіндік беретін мұндай реформа жалпыға бірдей реформаға айналысымен, бұл үнем жұмысшының өз шығынын азайтуына қандай пропорцияда мүмкіндік беретін болса, сондай пропорцияда кемітілген жалақы ала бастайды.

Әрбір жұмысшыға үнемдеу жолымен 52 талерлік дербес кіріс беріңіз, сонда оның апталық жалақысы, сайып келгенде, бір талер кемуге тиіс. Сонымен: ол неғұрлым көп үнемдесе, жалақыны соғұрлым кем алады. Демек, ол өзінің жеке басының мүдделері үшін үнемдемейді, капиталистің мүдделері үшін үнемдейді. Ал «оны осы бірінші шаруашылық игілігі болып табылатын ұқыптылыққа... мейлінше батыл итермелеу» үшін тағы не керек? (64-бет).

Әйтсе де, оның артынша Закс мырза да бізге — жұмысшылар өздерінің жеке бастарының мүдделерінен гөрі капиталистердің мүдделері үшін үй иеленушілерге айналуға тиіс дейді:

«Қоғамның мүмкін болғанынша көп мүшелерінің жерге байлаулы» (!) «болуын бір ғана жұмысшы сословиесі емес, тұтасымен бүкіл қоғам көздеп отыр ғой» (осы жағдайда Закс мырзаға тым болмаса бір рет қана қарап қойғым келеді)...* «Барлық құпия күштер, біздің аяғымыздың астындағы, әлеуметтік мәселе деп аталатын жанып жатқан жанартауды лаулататын осы күштер,— пролетариаттың қатулануы, өшпенділік., ақылдың қауіпті түрде адасуы...— егер... жұмысшылардың өздері әлгіндей жолмен дәулеттілер табына көшетін болса, осының бәрі күн шыққандағы тұмандай ыдырап кетуге тиіс» (65-бет).

Басқаша айтқанда, Закс мырза жұмысшылар пролетарлар ретіндегі өз жағдайы өзгерісімен, үйге ие болу туғызуға тиісті өзгеріспен бірге өздерінің пролетарлық сипатынан да айырылады және меншікті үйлері болған ата-бабаларына ұқсап, қайтадан бас иген елгезек малайларға айналады деп үміттенеді. Прудонистердің мұны ойластырғаны жөн болар еді.

Закс мырза осылайша әлеуметтік мәселені шештім деп ойлайды:

«Игіліктерді неғұрлым әділетті бөлу,— бұдан бұрын көп адамдар шешпекші болып бекер зуреленген бұл сфинкс жұмбағы,— осының өзі қазір бізге сезілетіндей факт болып отырған жоқ па, сөйтіп оның өзі идеалдар саласынан шығып, шындық саласына еніп отырған жоқ па? Ал егер бұл жүзеге асырылған болса, онда тіпті ең шеткері бағыттағы социалистер де өз теорияларының шыңы деп білетін ең жоғары мақсаттардың біріне қол жеткен жоқ па?» (66-бет).

Әрең деп осы жерге жеткеніміз шын бақыт. Бұл масаттанған айғай Закс мырзаның кітабының нақ «ең биік шыңы» болып табылады, осыдан келіп автор ақырындап қайтадан ылдиға, «идеалдар саласынан» жадағай шындыққа түседі; ал ылдиға түскеннен кейін біз өзіміздің болмаған уақытымыздың ішінде ештеменің, мүлдем ештеменің өзгермегенін байқаймыз.

Жұмысшы тұрғын үйлерінің екі жүйесі бар: әрбір жұмысшы семьясының меншікті шағын үйі, ал мүмкін болғанынша шағын

* «Volksstaat» газетінде цитат неғұрлым толық келтірілген, «Барлық құпия күштер» деген сөздердің алдында былай деп басылған: «Жер меншігі... дәулетті таптың үстемдігіне қарсы күресушілердің санын азайтады». Ред.

бағы да болатын Англиядағыдай коттедждер жүйесі және Париждегідей, Венадағыдай және т. б. көптеген жұмысшы пәтерлері бар үлкен үйлердің казармалық жүйесі болады деп бізге ақыл айтып, біздің жол көрсетушіміз бізді ылдифа қарай еріксіз бірінші қадам бастырады. Солтүстік Германияда қабылданған жүйе — аралық жүйе болып табылады. Рас, коттедждер жүйесі жұмысшы өз үйін меншіктену правосын алуына болатын бірден-бір дұрыс және *жалғыз ғана* жүйе бола алар еді; казармалық жүйенің оның үстіне денсаулық, адамгершілік, үй ішінің жайлы жағдайы тұрғысынан өте ірі кемшіліктері бар,— бірақ, әттен, әттен, тұрғын үй мұқтаждығының нақ орталықтарында, ірі қалаларда жердің қымбаттығынан коттедждер жүйесін жүзеге асыруға болмайды, сондықтан егер онда үлкен казармалардың орнына 4—6 пәтерлі үйлер салуға немесе тіпті құрылыстың әр түрлі айлалары арқылы казармалық жүйенің басты-басты кемшіліктерін жоюға реті келсе, соған разы болу керек (71—92-беттер).

Біздің әжептәуір жерге ылдилап кеткеніміз рас емес пе? Жұмысшыларды капиталистерге айналдыру, әлеуметтік мәселені шешу, әрбір жұмысшының меншікті үйі болуы,— мұның бәрі жоғарыда, «идеалдар саласында» қалып қойды; біздің коттедждер жүйесін деревняларда енгізумен, ал қалаларда жұмысшы казармаларын мүмкін болғанынша дұрыс ұйымдастырумен шұғылдануымызға ғана тура келеді.

Сонымен, тұрғын үй мәселесінің буржуазиялық шешімі *қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылыққа* соқтығып, көрінеу күйреді. Ал осы арада біз мәселенің орталық пунктіне таяп келіп отырмыз. Қоғам соншалықты қайта құрылып, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты, қазіргі капиталистік қоғамда шегіне дейін жеткізілген осы қарама-қарсылықты жоюға кірісу мүмкін болғанда ғана тұрғын үй мәселесін шешуге болады. Капиталистік қоғам бұл қарама-қарсылықты жоя алмайтыны былай тұрсын, қайта, керісінше, мұны күннен күнге шиеленістіре түсуге мәжбүр. Оның есесіне қазіргі заманның тұңғыш утопияшыл социалистері — Оуэн мен Фурье — мұны дұрыс түсінді. Олардың үлгі құрылыстарында қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылық бұдан әрі болмайды. Демек, бұл арада Закс мырзаның айтып отырғанына нақ керісінше нәрсе бар: тұрғын үй мәселесін шешу сонымен бірге әлеуметтік мәселені шешуге бастап апармайды, қайта әлеуметтік мәселені шешудің арқасында, яғни капиталистік өндіріс әдісін жоюдың арқасында, сонымен қабат тұрғын үй мәселесін шешу мүмкін болады. Қазіргі заманғы ірі қалаларды сақтай отырып тұрғын үй мәселесін шешуге тырысу,— қисынсыз нәрсе. Бірақ қазіргі заманғы ірі қалалар капиталистік өндіріс әдісі құртылғаннан кейін ғана жойылады, ал ол құрту басталысымен-ақ,

мәселе әрбір жұмысшыға меншікті үйшік беру туралы емес, қайта мүлдем басқа түрдегі істер туралы болады.

Алайда қандай да болса әлеуметтік революция әуелі заттарды қандай қалпында тапса, сондай қалпында алуға және ең сорақы жамандыққа қарсы қолда бар құралдардың жәрдемімен күресуге мәжбүр болады. Тұрғын үй *мұқтаждығын* жоюға дәулетті таптардың қарауындағы сән-салтанатты пәтер үйлердің бір бөлегін экспроприациялау жолымен және қалған бөлегіне еріксіз түрде адам кіргізумен дереу көмектесуге болатынын біз жоғарыда көрдік те.

Ал егер Закс мырза қалалардың *қасында* салынуға тиісті жұмысшы колониялары туралы ұзыннан ұзақ баяндап, бұдан былай тағы да үлкен қалалардың бар екендігіне сүйеніп отырса, егер ол ортақ «су құбыры, газ жарығы, ауамен немесе сумен жылытылуы, кір жуатын, кір кептіретін орындары, моншалары және т. с.» бар, «бала яслилері, мектептері, ғибадатханалары» (!), «оқу үйі, кітапханасы.., шарап пен сыра погребі, барлық жағынан қолайлы би және музыка залы» бар, күші барлық үйлерге жеткізілетін және «белгілі дәрежеде өндірісті фабрикалардан қайтадан үй-үйдегі шеберханаларға көшіре» алатын бу двигателі бар мұндай колониялардың барлық рахатын суреттеп отырса,— мұның бәрі істің жайын әсте де өзгертпейді. Ол суреттеп отырған колонияны Хубер мырза социалистер Оуэн мен Фурьеден тікелей алып пайдаланған және социалистік дегеннің бәрін жай сызып тастаумен колонияға әбден буржуазиялық сипат берілген. Бірақ нақ осы себепті ол енді мүлдем утопиялық болып шығады. Бірде-бір капиталист мұндай колониялар құруға мүдделі емес және Францияда Гизедегі колония болмаса, олар дүние жүзінде еш жерде жоқ; бірақ оның өзін де кіріс түсіру жалдаптығы емес, социалистік эксперимент ретінде фурьерист құрған*. 40-шы жылдардың бас кезінде Гэмпширде Оуэн орнатқан және әлдеқашан өмір сүруден қалған коммунистік колония — «Harmony Hall»²⁴⁸ мысалын Закс мырза өзінің буржуазиялық жоба құмарлығының пайдасына сондай нәтижелі түрде келтіре алған болар еді.

Алайда, колониялар құру туралы бұл әңгімелердің бәрі «идеалдар саласына» қайтадан ұшып шығудың түкке тұрғысыз әрекеті ғана болып табылады, бұл әрекеттен кейін дереу төмен құлдырау қайтадан басталады. Біз тағы да желдіріп ылдиға түсіп келеміз. Мәселенің ең қарапайым шешімі:

«жұмыс берушілердің, фабриканттардың не өз есебінен тұрғын үйлер салып, не болмаса жұмысшылардың қарамағына жер учаскелерін беріп, қарызға

* Бірақ ол да түптеп келгенде әншейін жұмысшыларды қанау орнына айналып кетті. Париждің 1866 жылғы «Socialiste» газетін²⁴⁷ қараңыз. (1887-жылғы басылуына *Энгельстің ескертуі.*)

құрылысқа керек капитал және т. т. беріп, олардың өздерінің құрылыс жолындағы ісін демеп, қолдап, жұмысшылардың тиісті тұрғын үйлер алуына көмектесуінде» болып отыр (106-бет).

Сонымен, біз бұл сияқты бірдеме жөнінде әңгіме болуы мүмкін емес үлкен қалалардан тағы да тыс қалып қойып, қайтадан деревняға көшіп отырмыз. Бұл арада Закс мырза былай деп дәлелдейді: өз жұмысшыларының жөндем тұрғын үй алуына көмектесуге фабриканттардың өздері мүдделі, өйткені, бір жағынан, мұның өзі капиталды тиімді орналастыру болып табылады, ал екінші жағынан, сөзсіз

«осыдан келіп жұмысшылардың хал-жайының жақсаруы... олардың дене және ақыл-ой еңбек қабілетін арттыруға тиіс, мұның өзі, әрине, жұмыс берушілерге де... сондай... тиімді. Ал осы арқылы тұрғын үй мәселесін шешуге жұмыс берушілердің қатынасуы жөнінде дұрыс көзқарас та белгіленеді: бұл қатынасушылық *латенттік ассоциацияның* нәтижесі, өз жұмысшыларының күшқуаты, экономикалық, рухани және адамгершілік игілікті жағдайы туралы жұмыс берушілердің көбінесе гуманитарлық талаптарымен бүркемеленген қамқорлығының, өзінің нәтижелерімен, іскер, шебер, ыждағатты, разы және *берілген* жұмысшылар тобын тартуымен және сақтауымен өзінен-өзі ақшалай орны толатын қамқорлығының нәтижесі болып табылады» (108-бет).

Хубер буржуазиялық-филантропиялық шимай-шатпаққа «көтеріңкі мағына» беруге дәнекер етпекші болған «латенттік ассоциация»²⁴⁹ туралы сылдыр сөз істің жайын ешбір өзгертпейді. Жұмысшы тұрғын үйлерін салу қажеттілік қана емес, фабрикалық құрылыстың өзінің бір бөлегі ғана емес, сонымен бірге өте жақсы табыс келтіретініне селолық жерлердің ірі фабриканттарының, әсіресе Англияда, әлгі сылдыр сөзсіз-ақ әлдеқашан көзі жетті. Осындай жолмен Англияда тұтас селолар пайда болды, бұлардың біразы кейін қалаларға ұласты. Ал жұмысшылар адам сүйгіш капиталистерге алғыс айтудың орнына әлгі «коттедждер жүйесіне» ежелден бері өте үлкен қарсылықтар білдіріп келді. Әңгіме фабриканттың бәсекелестері жоқ болғандықтан жұмысшылардың үй үшін монополиялық баға төлеуіне тура келетінінде ғана емес; әрбір стачка сайын олар бірден-ақ баспанасыз қалады, өйткені фабрикант ешбір сөйлеспестен оларды көшеге лақтырып тастайды, мұның өзі олардың қарсыласуын өте қиындатады. Мұның егжей-тегжейін менің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген кітабымның 224 және 228-беттерінен оқуға болады*. Алайда Закс мырза бұл сияқты дәлелдемелерді «теріске шығарып жату лайық бола қоярма екен» деп ойлайды (111-бет). Әлде ол жұмысшыға өз үйшігін меншіктену правосын бергісі келмей ме? Әрине, бірақ «жұмыс берушілердің де жұмысшыны жұмыстан шығара қалған ретте

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 409—410 және 413-беттер. Ред.

оның орнын басушыға үй беру үшін тұрғын үйді билеуге әрқашан мүмкіндігі болуға тиіс» болғандықтан, онда... әрине, «мұндай реттер үшін айрықша келісім жасасу арқылы меншіктенудің жойылуын көздеу керек»* (113-бет).

Бұл жолы біз күтпеген жерден тез ылдилап кеттік. Әуелі: жұмысшының өз үйшігін меншіктену правосы делінді; содан кейін біз қалаларда мұның мүмкін емес екенін, тек деревняда ғана жүзеге асыруға болатынын білдік; енді келіп бізге деревняда да бұл право «айрықша келісім жасасу арқылы жойылатын» болуға тиіс деп мәлімдеп отыр! Жұмысшыларға арналған меншіктің Закс мырза жаңадан ашқан осы түрі арқасында, жұмысшыларды «айрықша келісім жасасу арқылы жойылатын» капиталистерге айналдыру арқасында, біз тағы да күнәкар жерге аман-сау қайтып келдік, сөйтіп мұнда тұрғын үй мәселесін шешу үшін капиталистердің және басқа филантроптардың *шын мәнісінде* не істегенін зерттей аламыз.

II

Егер біздің д-р Закске сенетін болсақ, онда капиталист мырзалардың тарапынан тұрғын үй мұқтаждығын жеңілдету үшін қазірдің өзінде-ақ көп елеулі істер істелген және мұның өзі тұрғын үй мәселесін капиталистік өндіріс әдісі негізінде шешуге болатындығын дәлелдейді.

Ең алдымен Закс мырза бізді... бонапартистік Францияға алып барады! Луи Бонапарттың Париждегі бүкіл дүние жүзілік көрме кезінде Франциядағы еңбекші таптардың халі туралы есеп жасау үшін дегенсіп, ал іс жүзінде, империяның данқын арттыра беру үшін, бұл халді ақиқат жұмақ деп көрсетуге комиссия тағайындағаны мәлім. Закс мырза бонапартизмнің ең сатылғыш малайларынан құрылған сол *әлгі* комиссияның есебіне сілтеме жасайды, бұған айрықша себеп — оның еңбектерінің нәтижелері «бұған уәкілдік алған комиссияның *өзінің сөздері* бойынша Франция үшін жеткілікті толық болып табы-

* Бұл жағынан алғанда да ағылшын капиталистері Закс мырзаның барлық асыл тілектерін әлдеқашан-ақ орындап қана қоймай, одан едәуір асып түсті. 1872 ж. 14 октябрь күнгі дүйсенбіде Морпет қаласында парламентті сайлаушылардың тізімін белгілейтін соттың өз есімдерін сайлаушылардың тізіміне енгізу туралы 2000 кен жұмысшысының өтініші жөнінде шешім шығаруына тура келді. Бұл адамдардың көпшілігі өздері жұмыс істейтін рудниктің уставы бойынша, өздері тұратын үйшіктердің *жалдаушылары ретінде емес*, қайта үй иесінің *қайырымдылығынан* сол үйлерде тұрушылар ретінде, қай уақытта болса да ешбір ескертусіз көшеге лақтырып тастауға болатын адамдар ретінде қаралғандығы анықталды (әрине, рудниктердің иесі мен үйлерді меншіктенуші сол бір адам). Судья бұл адамдар жалдаушылар емес, *малайлар*, солай болғандықтан, тізімге енгізілуге праволары жоқ деп шешті. («Daily News»¹⁸⁸, 15 октябрь 1872 ж.)

лады!» Ал ол нәтижелер қандай? Мәлімет берген 89 ірі өнеркәсіп орындарының, соның ішінде акционерлік компаниялардың 31-і жұмысшы тұрғын үйлерін мүлдем салмаған; Закс мырзаның өзінің жүргізген есебі бойынша, салынған тұрғын үйлерге ең көп дегенде 50—60 мың адам орналасқан, ал пәтерлердің бәрі дерлік бір семьяға тек екі бөлмеден ғана салынған!

Өз өндірісінің жағдайларынан — судың күші, көмір қазылатын жерлердің, темір рудасы кендерінің және басқа да рудниктердің т. с. орналасуы — белгілі бір селолық жерге жіпсіз байланатын әрбір капиталистің, егер тұрғын үйлер жоқ болса, өз жұмысшылары үшін тұрғын үйлер салуға мәжбүр болатыны өзінен-өзі түсінікті. Бірақ мұны «латенттік ассоциация» бар екендігінің дәлелі, «мәселені және оның зор маңызын түсінушіліктің артқандығының айқын айғағы», «көп үміт арттыратын бастама» (115-бет) деп білу үшін, — бұл үшін өзін өзі алдаушылыққа өте күшті әдеттенген болу керек. Әйтсе де, бұл жағынан алғанда да әр түрлі елдердің өнеркәсіпшілері өзінің ұлттық сипатының тұрақты белгілері жағынан бір-бірінен өзгеше. Мәселен, 117-бетінде Закс мырза бізге былай дейді:

«Англияда ең бергі заманда ғана жұмыс берушілердің бұл бағыттағы күшті әрекеті байқалады. Әсіресе селолық жерлердегі қашықтағы поселкелерде... жұмысшылардың көбінесе тіпті ең таяудағы мекенді жерден фабрикаға дейін ұзақ жол жүруіне, жұмысқа қалжырап баруына және жеткілікті өнімді жұмыс істей алмауына тура келетін жағдайдың нақ өзі жұмыс берушілер үшін өз жұмысшыларына арнап тұрғын үй салуға оларды итермелейтін себеп болып табылады да. Оның бер жағында қатынастарды неғұрлым терең түсінетіндігін көрсете отырып, латенттік ассоциацияның барлық басқа элементтерін тұрғын үй реформасымен азды-көпті дәрежеде байланыстыратын адамдардың саны да көбеюде; әлгі гүлденген колониялар осылардың арқасында пайда болды... Хайдадағы Аштонның, Тертондағы Ашуэрттің, Беридегі Гранттың, Боллингтондағы Грегтің, Лидстегі Маршаллдың, Бельпердегі Стреттің, Солтердегі Солттың, Қоплидегі Акройдтың және басқаларының есімдері осының арқасында Құрама корольдікте өте-мөте мәлім болып алды».

Қасиетті қарапайымдық және одан бетер қасиетті надандық! Ағылшын фабриканттары селолық жерде жұмысшы тұрғын үйлерін тек «ең бергі заманда» ғана салыпты! Жоқ, құрметті Закс мырза, ағылшын капиталистері — қалтасы жағынан ғана емес, ақылы жағынан да шын мәнісінде ірі өнеркәсіпшілер. Селолық жердегі фабрикалық өндірісте жұмысшы тұрғын үйлеріне жұмсалатын қаржылар бүкіл негізгі капиталдың қажетті, тікелей және жанама түрде өте пайдалы бөлегі болып табылатындығын олар Германияда шын мәніндегі ірі өнеркәсіп пайда болуынан көп бұрын түсінген еді. Бисмарк пен неміс буржуаларының арасындағы күрес неміс жұмысшыларына коалициялар бостандығын сыйлауынан көп бұрын ағылшын фабриканттарының, рудниктердің иелері мен кен завод иелерінің, егер өздері бұл жұмысшылардың үйлерінің қожалары да болса, ереуіл жасаушы

жұмысшыларға өздерінің қандай ықпал жасай алатындығына практика жүзінде көздері жеткен болатын. Қайдағы бір Грегтің, Аштонның, Ашуэрттің «гүлденген колонияларының» «ең бергі заманға» қатысының аздығы сонша, бұдан 40 жыл бұрын-ақ бұларды буржуазия үлгі ретінде мадақтаған болатын, менің өзім де бұдан 28 жыл бұрын-ақ мұны суреттеп жазғанмын (қараңыз: «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы», 228—230-беттері, ескертуі*). Маршалл мен Акройд (Akroyd — оның фамилиясы осылай жазылады) негізін салған колониялар да шамамен алғанда сол кезге жатады, ал бастамасы өткен ғасырда салынған Стреттің колониясы бұдан да ерте. Ал Англияда жұмысшы тұрғын үйінің жарамды болып тұратын орташа мерзімі 40 жыл болып белгіленетіндіктен, әлгі «гүлденген колониялардың» қазір қандай нашар халде екенін Закс мырзаның өзінің саусақпен санап шығуы қиын болмайды. Мұның үстіне, ол колониялардың көпшілігі енді селолық жерде емес; өнеркәсіптің орасан өсуінің нәтижесінде бұл колониялардың көпшілігі фабрикалар мен үйлердің ортасында қалғандығы соншалық, бұл колониялар қазір 20—30 мың және одан да көп халқы бар лас, түтін басқан қалалардың ортасында жатыр, — бірақ мұның өзі өкілі Закс мырза болып отырған неміс буржуазиялық ғылымының қазір енді шындыққа мүлдем сәйкес келмейтін 1840 жылғы ескі ағылшын мақтау өлендерін қазіргі уақытта да қастерлеп қайталауына бөгет болмай отыр.

Ал әсіресе — қарт Акройд**. Бұл пысық адам, сөз жок, нағыз филантроп еді. Ол өзінің жұмысшыларын, ал әсіресе жұмысшы әйелдерін, соншалықты жақсы көретін, — оның Йоркширдегі адам сүйгіштігі кем бәсекелестері: оның фабрикасында ылғи өз балалары жұмыс істейді! — дейтін-ді. Айтпақшы, Закс мырза бұл гүлденген колонияларда «некесіз бала туу сиреп барады» (118-бет) деп пайымдайды. Әбден дұрыс, *некелестей* некесіз бала туушылық: ағылшын фабрикалық округтерінде тәуір қыздар күйеуге тым ерте шығады.

Англияда қандай да болса ірі селолық фабрикаға жақын жерден және фабрикамен бір мезгілде жұмысшы тұрғын үйлерін салу соңғы 60 жылдың және одан да көбірек жылдардың ішінде дағдылы іске айналды. Жоғарыда айтылып өткеніндей, мұндай фабрикалық поселкелердің көбі ұйтқыға айналып, оның төңірегінде кейін тұтас бір фабрикалық қала құрылып, фабрикалық қаланың әкелетін барлық кеселдерін ала келді. Олай болса, бұл

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 413-бет. *Ред.*

** «Volksstaat» газетінде «қарт Акройд» деген сөздердің орнына: «Қарт А.— Мен есімін атағым келмей отыр, ол баяғыда өліп, жерленген» деген сөз басылған. *Ред.*

колониялар тұрғын үй мәселесін шешкен жоқ, қайта оны өз жерінде тұңғыш рет туғызды.

Мұның керісінше, ірі өнеркәсіп саласында Англияның соңнан тек ілбіп ерген және ірі өнеркәсіптің не екенін асылында 1848 жылдан бастап қана білген елдерде, Францияда және әсіресе Германияда, істің жайы мүлдем өзгеше. Мұнда алып металлургиялық заводтар мен фабрикалар,— мысалы, Крезводағы Шнейдердің және Эссендегі Крупптың заводтары сияқтылары — ұзақ қобалжып барып жұмысшыларға арнап біраз тұрғын үй салуға бел байлады. Селолық жерлердегі өнеркәсіпшілердің едәуір көпшілігі өз жұмысшыларын аптапта болсын, боранда болсын, жаңбырда болсын таңертең фабрикаға, кешке үйіне қайтқанда мильдеп жаяу жүргізіп қояды. Бұл әсіресе таулы жерлерде — француз және Эльзас Вогездерінде, Вупперде, Зигте, Аггерде, Леннде және басқа Рейн-Вестфалия өзендерінде кездеседі. Рудалы тауларда да жақсы емес. Немістерде де, француздарда да — сол бір ұсақ сарандық.

Көп үміт күттіретін бастаманың да, гүлденген колониялардың да мүлдем ешқандай маңызы жоқ екенін Закс мырза өте жақсы біледі. Сондықтан енді ол капиталистердің жұмысшы тұрғын үйлерін салудан қандай тамаша пайда түсіре алатындығын оларға дәлелдеуге тырысады. Басқаша айтқанда, ол капиталистерге жұмысшыларды алдап соғудың жаңа әдісін көрсетуге тырысады.

Ол әуелі оларға Лондонның ішінара филантропиялық, ішінара жалдаптық сипаттағы, 4 проценттен 6 процентке дейін және одан да артық таза пайда тапқан, толып жатқан құрылыс қоғамдарын мысалға келтіреді. Жұмысшы тұрғын үйлеріне жұмсалған капиталдың жақсы пайда келтіретінін Закс мырзаның бізге дәлелдеп жатуының қажеті жоқ. Жұмысшы тұрғын үйлеріне қаражаттың қазіргіге қарағанда енді көп жұмсалмайтындығының себебі мына жағдай: қымбат пәтерлер меншікшілерге онан сайын көп пайда келтіреді. Олай болса, Закс мырзаның капиталистерді үгіттеуі тағы да ақыл-кеңес беретін әншейін уағызбен тынады.

Ал тамаша табыстарын Закс мырза соншама даурығып мадақтаған әлгі Лондон құрылыс қоғамдарына келетін болсақ, онда оның өзінің шығарған есебі бойынша,— ал ол бұған қандай да болса құрылыс жалдаптығын әкеп қосады,— ол қоғамдар не бары 2132 семьяға және 706 жалғыз басты еркекке, яғни жалпы алғанда 15 000-ға жетпейтін адамға баспана берген! Ал осы сияқты баланың ермектерін Германиядағылардың ірі табыстар деп байсалды суреттеуге батылы барып отыр, ал оның бер жағында Лондонның шығыс жақ бөлегінің бір өзінде бір миллион жұмысшы адам айтқысыз ауыр тұрғын үй жағдайларында тұрады! Осы филантропиялық тыраштанулардың бәрінің

іс жүзінде түкке тұрғысыздығы мен болымсыздығы соншалық — жұмысшылардың жағдайына арналған ағылшын парламенттік есептерінде бұлар туралы тіпті бір рет те айтылмайды.

Біз Лондонды ерсі түрде білмеушілік туралы бұл арада айтып жатпаймыз, мұның өзі бүкіл осы бөлімде байқалып отыр. Бір нәрсені ғана атап көрсетейік. Закс мырза Соходағы жалғыз басты еркектерге арналған түнеу үйінің жабылғандығының себебі — бұл жерде «келетін адамдар көп болады деп есеп жасауға болмағандығы» деп ойлайды. Закс мырза, сірә, Лондонның бүкіл батыс бөлегін тек қана сән-салтанат қаласы деп біліп, ең әдемі көшелерге жапсарлас аса лас жұмысшы кварталдары бар екенін, мысалы, Сохоның солардың бірі екенін білмейтін болса керек. Закс мырза айтып отырған және маған бұдан 23 жыл бұрын-ақ мәлім болған Соходағы үлгілі түнеу үйіне әуелде халық қаптап көп келуші еді, бірақ оның жабылған себебі: ол үйде бір адам да тұруға шыдай алмады. Осының өзінде ол үй ең жақсы үйлердің бірі болатын.

Ал Эльзастағы Мюльхаузендегі жұмысшы қалашығы ше — әлде бұл табыс емес пе?

Аштонның, Ашуэрттің, Грегтің және компанияның бір кезде «гүлденген колониялары» ағылшын буржуалары үшін қандай болса, континенттік буржуа үшін Мюльхаузен жұмысшы қалашығы сондай мақтанай масаттанатын нәрсе болып отыр. Өкпіншке орай, бұл қалашық «латенттік» ассоциацияның жемісі емес, француз Екінші империясы мен Эльзас капиталистерінің арасындағы мүлдем ашық ассоциацияның жемісі болып отыр. Мұның өзі Луи Бонапарттың социалистік эксперименттерінің бірі болды, бұл эксперимент үшін мемлекет қажетті капиталдың $\frac{1}{3}$ мөлшерінде қарыз ақша босатты. 14 жылдың ішінде (1867 жылға дейін) жарамсыз жүйе бойынша 800 кішкентай үй салынды; ал бұл істі анағұрлым жақсы түсінетін Англияда бұл жүйе мүмкін болмас еді; 13—15 жыл бойы көтеріңкі пәтер ақы ай сайын төленіп отырғаннан кейін бұл үйшіктер жұмысшылардың меншігіне беріледі. Меншікке ие болудың, біздің кейін көретініміздей, ағылшын кооперативтік құрылыс серіктіктерінде ертеде енгізілген бұл әдісін Эльзас бонапартистерінің ойлап шығаруына әсте тура келген жоқ. Үйлерді сатып алу үшін пәтер ақыға қосылатын үстеме — ағылшындардікімен салыстырғанда — едәуір жоғары; мысалы, 15 жыл бойы бөліп-бөліп 4500 франк төлеп, жұмысшы бұдан 15 жыл бұрын құны 3300 франк болған үйді алады. Егер жұмысшы басқа жаққа көшкісі келсе немесе тіпті ең болмаса бір айдың жарнасын мерзімінде төлемесе (бұл ретте оның үйден шығарылып тасталуы мүмкін), онда оған жылдық жалдау ақысы ретінде үйдің бастапқы құнының $\frac{6}{3}$ проценті есептеледі (мысалы, үйдің құны 3000 франк болса, айына 17 франк), сөйтіп оған қалдық төленеді, бірақ *бір тиын*

процент берілмейді. «Мемлекеттік жәрдем» болмай-ақ қоғамның бұл арада қалтасын толтырып алатынын түсіну қиын емес; әл-гіндей шарттармен берілетін тұрғын үйлер — қаланың сыртында, жартылай селолық жерде болғандықтан да, — қаланың өзіндегі ескі қазармалық тұрғын үйлерден анағұрлым жақсы екені де өбден түсінікті.

Германиядағы бірнеше болымсыз эксперименттер туралы біз айтпай-ақ қояйық, бұлардың түкке тұрғысыздығын 157-бетінде Закс мырзаның өзі де мойындайды.

Бұл мысалдардың бәрі нені дәлелдейді? Жұмысшы тұрғын үйлерін салу, егер тіпті санитарияның барлық заңдары аяққа басылмаған күнде де, капиталистер үшін пайдалы іс екенін ғана дәлелдейді. Бірақ бұған ешкім еш уақытта таласқан емес, мұны біздің бәріміз әлдеқашаннан бері білгенбіз. Қайсыбір тілекті қанағаттандыратын қандай да болса капитал жұмсаушылық істі тиімді жүргізген күнде кіріс келтіреді. Барлық мәселе тек мынада: *осыған қарамастан*, тұрғын үй мұқтаждығының әлі неге болып отырғанында; осыған қарамастан, капиталистердің жұмысшылар үшін таза тұрғын үйлердің жеткілікті мөлшерде болуына қам істемеуінің себебі не? Бұл арада да Закс мырзаның капиталға тағы да тек ақыл-кеңес айтуына тура келеді, бірақ ол тіпті жауап бермейді. Бұл сұраққа шын жауапты біз жоғарыда беріп өттік.

Капитал — тіпті қолынан келген күнде де — тұрғын үй мұқтаждығын жойғысы *келмейді*, бұл қазір біржолата анықталды. Одан құтылудың басқа тек екі жолы қалады: жұмысшылардың өзара жәрдемі мен мемлекеттік жәрдем.

Өзара жәрдемге барынша ден қоятын Закс мырза тұрғын үй мәселесі саласында да ол туралы кереметтерді айтып бере алады. Өкінішке орай, әуел бастан-ақ ол мынаны мойындауға мәжбүр: өзара жәрдем не коттедждер жүйесі қазір бар, не бұл жүйені енгізуге болатын жерде ғана, яғни тағы да тек селолық жерде ғана бірдене бере алады; ал үлкен қалаларда, тіпті Англияда да, — өте шектеулі көлемде ғана нәтиже береді. Бұдан кейін, деп күрсінеді Закс мырза:

«реформа ол арқылы» (өзара жәрдем арқылы) *«тек орағыту жолымен ғана, демек, әрқашан ішінара ғана жүргізіле алады, ал атап айтқанда жеке меншік принципі тұрғын үйдің сапасына ықпал жасайтын күш ретінде қандай дәрежеде көрінсе, сондай дәрежеде ғана жүргізіледі».*

Мұның өзі де күмәнді; қайткен күнде де, «жеке меншік принципі» біздің автордың стилінің «сапасына» ешқандай дәрежеде реформа жасаушы ықпалын тигізген жоқ. Осының бәріне қарамастан, Англияда өзара жәрдемнің кереметтер жасағаны сонша, «оның арқасында істелгені тұрғын үй мәселесін шешу үшін онда басқа бағыттарда істелгеннің бәрінен *әлдеқайда асып түсті».*

Әңгіме ағылшын «building societies» туралы болып отыр, Закс мырзаның бұлармен соншалық егжей-тегжейлі шұғылданып отырғандығының себебі мынадай:

«олардың мәні мен жалпы қызметі туралы тым жеткіліксіз немесе қате түсініктер тарап кеткен. Ағылшын building societies әсте... тұрғын үй құрылыс қоғамдары немесе тұрғын үй құрылыс серіктіктері емес, оларды бәрінен де гөрі... неміс тілінде «үй сатып алу үшін құрылған одақтар» деп атаған жөн болар еді; бұлар — өз мүшелерінен дүркін-дүркін жарна алу жолымен қор жинап, ол қордан, қаражаттың жиналуына қарай, мүшелеріне үй сатып алуға қарыз беріп отыруды мақсат етіп қойған одақтар... Сонымен Building society өз мүшелерінің бір бөлегі үшін жинақ қассасы, ал екінші бөлегі үшін қарыз қассасы болып табылады. Сонымен, building societies — жұмысшының тілегін өтеуге арналған, көбінесе жұмысшылардың жиған-терген қаражатын... үй сатып алу немесе үй салу кезінде ақша салушылар қатарындағы олардың жолдастарына жәрдем беру үшін... пайдаланатын ипотека кредитінің мекемелері. Бұл қарыздар тиісті тұрақты мүлікті кепілге салу арқылы беріледі және бұл қарыздар қысқа мерзім ішінде біртіндеп төлемдер төлеумен өтелетін болып, мұның ішіне проценттер және амортизация кіретін болып белгіленеді... осылай болады деп болжау керек еді де. Ақша салушыларға процент төленбейді, әрқашан олардың есептеріне күрделі проценттер бойынша жазылып қойылады... Бір ай бұрын, алдын ала арыз бергеннен кейін, қай кезде болса да... салынған ақшаны өскен проценттермен бірге алуды талап етуге болады» (170—172-беттері). «Англияда 2 000-нан астам осындай одақтар бар... бұларда жиналған капитал 15 000 000 фунт стерлингге дейін дерлік жетеді, сөйтіп 100 000-дай жұмысшы семьялары осындай жолмен қазірдің өзінде меншікті үй ошағын иемденді; бұл — әлеуметтік жетістік, мұның теңдесін табу оңай емес» (174-бет).

Өкінішке орай, бұл арада да мұның ізінше-ақ сөзсіз туатын «бірақ» деген сөз келіп шығады:

«Алайда мәселенің толық шешілуіне мұнымен әлі әсте қол жеткен жоқ, оның бір себебі — үй сатып алу... неғұрлым жақсы ақы алатын жұмысшылардың ғана қолынан келеді... Атап айтқанда санитариялық жағдайларға көбінесе аз көңіл бөлінеді» (176-бет).

Континентте «мұндай одақтар... даму үшін тек өте шектеулі негіз алып отыр». Бұлар коттеждер жүйесі болуын көздейді, бұл жүйе мұнда тек селолық жерде ғана бар, ал онда жұмысшылар өзара жәрдемдесу үшін әлі жеткілікті өсіп жетілмеген. Екінші жағынан, нағыз тұрғын үй-құрылыс серіктіктері пайда бола алатын қалаларда оларға «әр түрлі өте елеулі және үлкен кедергі-бөгеттер» қарама-қарсы тұр (179-бет). Олар тек қана коттеждер сала алар еді, ал үлкен қалаларда бұл қолайлы емес. Қысқасы, «серіктік өзара жәрдемнің бұл формасы» «қазіргі жағдайларда осы мәселені шешуде басты роль атқара» алмайды «және таяудағы болашақта да атқара алуы екі талай». Бұл тұрғын үй-құрылыс серіктіктері әлі тек «алғашқы, дамып жетілмеген бастамалар сатысында» ғана. Мұның тіпті Англияға да қатысы бар» (181-бет).

Сонымен, капиталистер тілемейді, ал жұмысшылардың қолынан келмейді. Егер шульце-деличтік сарындағы буржуалар

біздің жұмысшылар үшін үлгі ретінде әрқашан алға тартатын ағылшын building societies туралы біраз түсінік беру сөзсіз қажет болмаса, біз бұл бөлімді осымен аяқтай алған болар едік.

Бұл building societies — әсте жұмысшы қоғамдары емес және олардың басты мақсаты — әсте жұмысшыларға меншікті үйлер беру емес. Қайта керісінше, біз мұның сирек кездесетін ерекше жағдай түрінде ғана болып жататынын көреміз. Затында, бұл building societies — жалдаптық сипаттағы ұйымдар, оның бер жағында мұның ұсақ қоғамдарға қандай қатысы болса — бастапқы кезде олар осындай болады — олардың ірі еліктеушілеріне сондай қатынасы бар. Қайсыбір трактирде, — әдетте, кейін трактирінде апталық жиналыстар болып тұратын трактиршінің бастамасы бойынша, — осында әрдайым келіп тұратындар мен олардың достарының, дүкеншілердің, приказчиктердің, коммивояжерлердің, ұсақ қолөнершілердің және басқа ұсақ буржуалардың бірқатары болып, ал кейбір жерде өз табының аристократиясына жататын қайсыбір машина жасаушы немесе басқа жұмысшы да қосылып, тұрғын үй-құрылыс серіктігін құрады. Бұған ең жақын себеп әдетте мынадай болады: трактирші сол маңайда немесе тағы басқа бір жерде біршама қымбат емес бағаға жер учаскесінің сатылатынын тіміскілеп біліп алады. Қатынасушылардың көпшілігі өздерінің кәсібі жағынан қайсыбір белгілі жермен байланысты емес; тіпті дүкеншілер мен қолөнершілерінің көбінің қалада тек өз кәсіпорыны бар, бірақ пәтерлері жоқ; қолынан келген адамның қайсысы болса да түтінді қаладан тыс тұрғанды жақсы көреді. Құрылыс учаскесі сатып алынады да, оған мүмкін болғанынша коттеждер салынады. Неғұрлым дәулетті мүшелердің кредиті сатып алу мүмкіндігін туғызады; апта сайынғы жарналар және кейбір шағын заемдар құрылыс жөніндегі апта сайынғы шығындарды жауып отырады. Мүшелердің ішінде меншікті үй иемденуді көздегендері жеребе бойынша дайын коттеждер алады және жалдау ақысына қосылатын тиісті үстеме сатып алу бағасын өтеп отырады. Қалған коттеждер жалға беріледі немесе сатылады. Ал тұрғын үй-құрылыс қоғамы, егер оның істері жақсы жүрсе, азды-көпті едәуір қаржы жинайды, бұл қаржы қоғамға қатынасушылар жарна төлеп отырған тұсында солардікі болады және оқтын-оқтын немесе қоғам жабыларда солардың арасында бөлінеді. Ағылшын тұрғын үй-құрылыс қоғамдарының оннан тоғызының тарихы осындай. Ал қалғандары көбінесе саяси немесе филантропиялық сылтаумен құрылған неғұрлым ірі қоғамдар болып табылады, бірақ бұлардың басты мақсаты түптеп келгенде әрқашан жер меншігімен жалдаптық істеу арқылы, *ұсақ буржуазияның* жиған-терген қаражатын ипотекалармен қамтамасыз етілген, жақсы проценттері және дивиденд алуға үміті бар жақсы орналастыру мүмкіндігін беруге келіп тіреледі.

Бұл қоғамдардың қандай түрдегі клиенттерге есеп жасайтынын олардың ішіндегі ең ірісінің болмаса да, ең ірілерінің бірінің проспектісінен көруге болады. Лондондағы «Birkbeck Building Society, 29 and 30, Southampton Buildings, Chancery Lane»*, мұның өмір сүруінен бергі кірісі 10¹/₂ миллион фунт стерлингіден (70 миллион талерден) асатын сомаға жетті, оның банктегі вкладтары және мемлекеттік қағаздарға салғаны 416 000 фунт стерлингіден асады және оның қазір 21 441 мүшесі мен ақша салушысы бар,— осы қоғам өзі туралы мынадай жарнама жариялайды:

«Фортепиано фабриканттарында қабылданған үш жылдық жүйе дейтін нәрсе көп адамдарға мәлім, бұл жүйе бойынша фортепианоны үш жылға ұстай тұруға алған әрбір адам осы уақыт өткеннен кейін фортепианоның меншіктенушісіне айналады. Бұл жүйені енгізуге дейін табысы шамалы адамдар үшін меншікті үй сатып алу қандай қиын болса, жақсы фортепиано немдену де сондай қиын еді; адамдар фортепианоны ұстай тұрғаны үшін жылдан жылға ақы төлеп, фортепианоның құнынан екі-үш есе артық ақша шығаратын. Ал фортепиано жөнінде қолданылатын нәрсені үй жөнінде де қолдануға болады... Бірақ үй фортепианодан қымбат тұратын болғандықтан... жалдау ақысы арқылы сатып алу бағасын өтеу үшін ұзағырақ мерзім керек. Осы себептен директорлар Лондонның әр түрлі бөлектерінде және оның маңындағы жерлерде үй иелерімен келісімге келді, бұл келісім бойынша директорлар Birkbeck Building Society мүшелеріне және басқаларға қаланың ең әр түрлі бөлектерінде көп үйден қалап алған үйлерін бере алады. Директорлардың қолданбақшы болып ниеттеніп отырған жүйесі мынадай: үйлер 12¹/₂ жылға жалға беріледі, осы мерзім өткеннен кейін, егер жалдау ақысы ұқыпты төленіп тұрған болса, бұдан әрі ешқандай төлем төленбестен үй жалдаушының түгелдей меншігіне айналады... Жалдаушы көтеріңкі ақы төлеу жағдайында мерзімді қысқарту немесе төмен ақы төлеу жағдайында мерзімді ұзарту туралы да келісімге келе алады... *Табысы шағын адамдар, дүкендер мен магазиндерде қызмет ететіндер және басқалары Birkbeck Building Society-ге мүше болып кіріп, қандай да болса үй қожайынынан дереу тәуелсіз бола алады.*»

Мұның бәрі жеткілікті айқын. Жұмысшылар туралы сөз де жоқ, оның есесіне табыстары шағын, дүкендер мен магазиндерде қызмет ететін адамдар және басқалар туралы айтылады; мұнымен қатар тағы да клиенттердің, әдетте, *қазірдің өзінде-ақ фортепианосы* бар деп болжанады. Шын мәнінде, бұл арада өсте жұмысшылар туралы сөз болып отырған жоқ, ұсақ буржуалар туралы және ұсақ буржуа болғысы келетін *және бола алатын* адамдар туралы, сауда приказчиктері сияқты және сондай кәсіптердің адамдары сияқты, табысы белгілі шекте болса да, жалпы алғанда аз-аздап өсіп отыратын адамдар туралы сөз болып отыр. Ал ең ондағанда өзгеріссіз номинальды түрде қалатын жұмысшының табысы оның семьясының көбеюі және тұтынуының артуы себепті шынына келгенде төмендеп отырады. Іс жүзінде мұндай қоғамдарға, ерекшелік ретінде, жұмысшы-

* «Биркбек құрылыс қоғамы, 29 және 30, Саутгемптон Билдингз, Ченсери-Лейн». *Ред.*

лардың тек аздағаны ғана қатынаса алады. Бір жағынан, олардың табысы тым болымсыз, екінші жағынан, 12½ жылға күн ілгері міндеттеме ала алатын болу үшін ол табыстың сенімділігі тым аз. Бұған жатпайтын бірен-саран адамдар не өте жақсы ақы алатын жұмысшылар, не болмаса фабрикалық бақылаушылар*.

Әйтседе, Мюльхаузен жұмысшы қалашығының бонапартистері бар болғаны әлгі ұсақ буржуазиялық ағылшын тұрғын үй-құрылыс қоғамдарының болымсыз еліктеушілері ғана болып табылатындығы әркімге айқын. Айырмашылық тек мынада: бонапартистер, оларға мемлекеттік жәрдем көрсетілгеніне қарамастан, өздерінің клиенттерін әлгі құрылыс қоғамдарынан гөрі анағұрлым көп алдайды. Олардың қоятын шарттарының либералдығы жалпы алғанда ағылшындық орташа шарттардан кемірек; Англияда әрбір жарнаға проценттер мен күрделі проценттер қоса есептелетін болса және салған ақшалары бір ай бұрын арыз бергеннен кейін қайта берілетін болса,—Мюльхаузен фабриканттары жай проценттерді де, күрделі проценттерді де өз қалтасына салады, сөйтіп сылдыраған бес франк монета түрінде салынған негізгі жарнаны ғана қайтарып береді. Ал бұл айырмашылық жөнінде ешкім Закс мырзадан артық таңданбайды, өйткені ол өзі де мұны білместен өз кітабына осының бәрін енгізген.

Сонымен, жұмысшылардың өзара жәрдемінен де ештеме шықпайды. Мемлекеттік жәрдем қалып отыр. Закс мырза бізге бұл жөнінде не ұсына алады? Үш нәрсені ұсына алады:

* Арнаулы лондондық тұрғын үй құрылыс одақтарының қызметі туралы тағы бір кішкентай қосымша. Жалпыға мәлім, бүкіл Лондонның дерлік жер аумағы шамамен алғанда оннан асатын аристократтардікі, олардың ішінде ең атақтылары — герцогтер Вестминстер, Бедфорд, Портленд және басқалары. Әуелі олар жеке құрылыс учаскелерін 99 жылға арендаға береді және осы мерзім өткеннен кейін жер учаскесін және онда тұрғанның бәрін иемденеді. Содан кейін олар бұл үйлерді неғұрлым қысқа мерзімге, мысалы, 39 жылға жалға береді, жалға бергенде repairing lease [жөндей отырып арендау] дейтін шартын қояды, бұл шарт бойынша жалдаушы үйді тұруға жарамды жағдайға келтіріп, сол қалпында ұстауға тиіс. Осындай шарт жасалғаннан кейін жер иесі үйді қарау үшін және керекті жөндеу жұмысын анықтау үшін өзінің архитекторы мен сол округтің құрылыс ведомствосының инспекторын (surveyor) жібереді. Жөндеу жұмысы көбінесе бүкіл көше жақ қабырғасын, шатырды жаңартуға және т. с. жетіп, өте зор болады. Онда жалдаушы аренда шартын кепілдеме түрінде құрылыс одағына береді де, одан құрылыс жұмыстарын өз есебінен жүргізу үшін керекті соманы қарызға алады: жылына 130—150 фунт стерлинг төлеп отыратын болып 1000 фунт стерлингке дейін және одан да артық қарыз алады. Сонымен, бұл тұрғын үй-құрылыс одақтары ірі жер аристократтарының ешбір еңбек сіңірместен, жұрттың есебінен, өздеріне қарасты лондондық үйлерді жаңартып, тұруға жарамды қалыпта сақтап отыруына мүмкіндік беру мақсатын көздейтін жүйеде маңызды делдалдық буынға айналады.

Сөйте тұра, бұл — жұмысшылар үшін тұрғын үй мәселесін шешкендік болып аталады! (1887 ж. бақылуына Энгельстің ескертуі).

«Біріншіден, қандай түрде болса да еңбекші таптардың тұрғын үй мұқтажығын күшейтуге апарып соғатынның бәрі өзінің заңдарында және басқару ісінде жойылуына немесе тиісінше жақсартылуына мемлекет қамқорлық істеуге тиіс» (187-бет).

Сөйтіп: құрылыстың арзанға түсуі үшін құрылыс мәселелеріне қатысты заңды қайта қарау және құрылыс кәсіпшілігіне еркіндік беру. Бірақ Англияда бұл заң минимумға дейін жеткізілген, құрылыс кәсіпшіліктері аспандағы құстай еркін, бірақ тұрғын үй мұқтажығы дегенмен бар. Мұның үстіне Англияда қазір үйді арзан салатыны соншалық — ол үйлер арба өтсе де селкілдеп тұрады, сондықтан күн сайын олардың бірнешеуі құлап жатады. Күні кеше, 1872 ж. 25 октябрьде Манчестерде бірден алты үй құлады, оның үстіне алты жұмысшы ауыр жаралы болды. Ендеше, мұның да көмегі болмағаны.

«Екіншіден, жеке адамдардың, өздерінің өресіз дарашылдығын істеп, бұл апатты таратуына немесе қайтадан тудыруына мемлекеттік өкімет кедергі жа-сауға тиіс».

Сөйтіп: жұмысшы тұрғын үйлеріне санитариялық және архитектуралық-құрылыстық жағынан полицейлік бақылау қою, өзінің санитариялық күйінің жамандығынан немесе тозығы жеткендігі себепті қауіп туғызатын үйлерді жабуға, 1857 жылдан бастап Англияда істелгеніндей, өкімет орындарына право беру. Бірақ бұл онда қалай жүзеге асырылды? Закс мырзаның өзінің мойындап отырғанындай, 1855 ж. бірінші заң (Nuisances Removal Act*), сол сияқты 1858 ж. екінші заң да (Local Government Act**) «өлі әріп» қалпында қалып қойды (197-бет). Мұның есесіне Закс мырза үшінші заңды (Artisans'Dwellings Act***), 10 000 адамнан астам халқы бар қалаларға ғана қолданылатын осы заңды «әлеуметтік істерді ағылшын парламентінің терең түсінетіндігінің күмәнсыз жақсы дәлелі болып табылады» деп ойлайды (199-бет); сөйтсе де бұлай деп пайымдау тағы да келіп Закс мырзаның ағылшын «істерімен» мүлдем таныс еместігінің «жақсы дәлелі» ғана болып табылады. Жалпы алғанда Англияның «әлеуметтік істерде» континенттен әлдеқайда озып кеткендігі өзінен-өзі түсінікті; ол — қазіргі заманғы ірі өнеркәсіптің отаны, онда капиталистік өндіріс әдісі неғұрлым еркін және кең дамыды, оның салдары мұнда неғұрлым айқын көрінеді, сондықтан заңдарда бұрынырақ орын алады. Фабрикалық заңдар бұған ең жақсы дәлел болады. Бірақ егер Закс мырза парламенттік актінің заң күшін алуы-ақ мұң — сол сағатта ол практикада жүзеге асырылады деп болжаса, онда ол мықтап қателеседі. Ал мұның бәрінен де гөрі нақ Local Go-

* — жұқпалы ауруды жою туралы заң. *Ред.*

** жергілікті өзін-өзі басқарушылық туралы заң. *Ред.*

*** — қолөнершілердің тұрғын үйлері туралы заң. *Ред.*

vement Act-іге қатынасы бар, парламенттік актілердің бірде-біреуіне (Workshops' Act*-іге ғана болмаса, басқаларына) ондай көп қатынасы жоқ. Бұл заңды жүзеге асыру қалалық өкімет орындарына тапсырылған еді; ал Англияда бұлар барлық жерде дерлік әр қилы сатылғыштықтың, тамыр-таныстықтың және jobbery** жалпы жұрт мойындаған ордасы болып табылады. Бұл қалалық өкімет орындарының өз қызмет орындарына әр түрлі семьялық байланыстардың арқасында орналасқан агенттері мұндай әлеуметтік заңдарды не орындай алмайды, не орындағысы келмейді, оның бер жағында нақ Англияда әлеуметтік заңдарды әзірлеу және жүзеге асыру ісі жүктелген өкімет чиновниктерінің көпшілік бөлегі өз міндеттерін бұлжытпай орындайтындығымен ерекшеленеді, сойтсе де қазір мұның дәрежесі бұдан жиырма-отыз жыл бұрынғыдан кемірек. Барлық жерде бірдей дерлік жайсыз салынған немесе қирау қаупі төніп тұрған үйлер иелерінің муниципалитеттерде тікелей болсын не жанамалап болсын күшті өкілдігі бар. Шағын округтер бойынша муниципалитет мүшелерін сайлау сайланатындарды өте ұсақ жергілікті мүдделер мен ықпалдарға тәуелді етеді; муниципалитеттің қайта сайланғысы келетін бірде-бір мүшесінің әлгі заңның өз сайлау округінде қолданылуын жақтап дауыс беруге батылы бармайды. Сондықтан барлық жергілікті өкімет орындарының тарапынан дерлік бұл заңның қандай қарсылыққа кездескені түсінікті; осы уақытқа дейін бұл заң ең жанжалды реттерде ғана, соның өзінде де өткен жылы Манчестер мен Солфордта шешек індеті кезіндегідей, эпидемия бүркіете түсуінің нәтижесінде ғана қолданылып келді. Ішкі істер министріне шағым ету бұл кезге дейін тек осы сияқты жағдайларда ғана өзінің әсерін тигізіп келді, өйткені Англияда қандай да болса либералдық үкіметтің принципі — әлеуметтік реформаторлық заңдарды өте қажеттіліктің қысымымен ғана ұсынып, бұрыннан бар заңдарды мүмкін болғанынша мүлдем орындамау ғой. Бұл заңның, Англиядағы көптеген басқа заңдар сияқты, мынадай ғана маңызы бар: жұмысшылар басқарып отырған немесе солардың ықпалында болып отырған, ақырында,

* — шеберханалар туралы заң. *Ред.*

** — *Jobbery* дегеннің мәтісі — қоғамдық қызмет орнын чиновниктің немесе оның семьясының жеке басының пайдасына пайдалану деген сөз. Егер, мәселен, қайсыбір елдің мемлекеттік телеграфының бастығы, қайсыбір қағаз фабрикасының құпия компаньонына айнала қалса, бұл фабрикаға өзінің ормандарынан ағаш жеткізіп беріп отырса, ал одан кейін телеграф бюролары үшін қағаз жеткізіп отыруды соған тапсырса, онда бұл едәуір ұсақ бола тұрса да, қанша айтқанмен соншалықты тәп-тәуір job болып шығады, мұның өзі jobbery принциптері туралы толық түсінік береді; айта кету керек, мұның өзі Бисмарктің тұсында өзінен-өзі түсінікті және әбден табиғи нәрсе болды. [«Volksstaat» газетінде «айта кету керек, мұның өзі» деген сөздер және онан әрі жоқ. *Ред.*].

бұл заңды іс жүзінде қолданатын үкіметтің қолында бұл заң қазіргі әлеуметтік құрылысты бұзып-жарып өту үшін күшті қару болады.

«Үшіншіден», Закс мырзаның айтуынша, мемлекеттік өкімет «қазіргі тұрғын үй мұқтаждығын бәсеңдету үшін өзінің қарамағында бар жақсы шаралардың бәрін мейлінше кең көлемде қолдануға» тиіс.

Мұның мәнісі — Public Works Loan Act* сәйкес Англияда істелетініндей, Парижде және Мюльхаузенде Луи Бонапарттың істегеніндей, мемлекеттік өкімет өзінің «төменгі чиновниктері мен қызметшілері» үшін (бірақ бұлар әсте жұмысшылар емес қой!) казармалар, «шын мәнісінде үлгілі үйлер» салуға тиіс және «енбекші таптардың тұрғын үйлерін жақсарту мақсатымен коммуналдық мекемелерге, қоғамдарға, сол сияқты жеке адамдарға... қарыз беріп отыруға» тиіс деген сөз (203-бет). Бірақ Public Works Loan Act те тек қағаз жүзінде ғана болып отыр; үкімет комиссарлардың қарамағына ең көбі 50 000 фунт стерлинг, яғни ең көп дегенде 400 коттедж салу үшін қаражат береді, демек, 40 жыл ішінде — 16 000 коттедж немесе ең көп дегенде 80 000 адам үшін тұрғын үй — теңізге тамған тамшы ғой! Егер біз тіпті енді 20 жылдан кейін қарыздардың қайтарылуы арқасында комиссияның қаражаты екі есе көбейеді, сөйтп қалған 20 жылдың ішінде тағы да 40 000 адам үшін тұрғын үй салынады дегеннің өзінде, мұның өзі теңізге тамған тамшыдай болып қала береді. Ал коттеждер орта есеппен алғанда тек 40 жыл тұра алатын болғандықтан, енді 40 жылдан кейін ең ескі, тозығы жеткен коттеждерді қалпына келтіруге жылмажыл 50 немесе 100 мың фунт стерлингін қолма-қол жұмсап отыруға тура келеді. Мұның өзі Закс мырзаның 203-бетінде: принципті практика жүзінде дұрыс және «кең көлемде» жүзеге асыру деп атайтынының дәл өзі! Тіпті Англияда да мемлекет «кең көлемде», былайынша айтқанда, ештеме істеген жоқ деп мойындап, Закс мырза, барлық мүдделі адамдарға тек қана тағы бір ақыл-кеңестік уағыз айтумен өз кітабын аяқтайды**.

Қазіргі замандағы мемлекеттің тұрғын үй күйзелістерін жоя

* — қоғамдық жұмыстарға қарыз беру туралы заңға. *Ред.*

** Соңғы уақытта Лондонның құрылыс ведомствосының өкімет орындарына жаңа көшелер жасау үшін экспроприациялау правосын беретін ағылшын парламенттік актілерінде осымен байланысты баспанасыз қалған жұмысшыларға біраз көңіл бөліне бастады. Жаңадан салынып жатқан үйлер, бұрын сол жерде тұрған халықтың категориялары тұруы үшін бейімделген болсын деген қаулы енгізілуде. Сондықтан ең арзан құрылыс учаскелерінде жұмысшылар үшін бес-алты қабат, табыс келтіретін казарма-үйлер салынып жатыр, сөйтп заң әрпі орындалуда. Жұмысшылар әдеттенбеген және ескі Лондонның жағдайларына мүлдем жат бұл жаңалықтан не шығатынын болашақ көрсетеді. Бірақ көшелерді қайта жоспарлаудың салдарынан шын мәнісінде баспанасыз қалған жұмысшылардың бұларға ең ондағанда төрттен бір бөлегі сыя қояр ма екен. (1887 ж. басылуына Энгельстің ескертгі).

алмайтыны және жойғысы келмейтіні айдан анық. Мемлекет дегеніміз дәулетті таптардың, жер иеленушілер мен капиталистердің қаналушы таптарға, шаруалар мен жұмысшыларға қарсы бағытталған, ұйымдасқан жиынтық өкіметі, одан басқа ештеме емес. Жеке капиталистер (ал бұл арада тек солар туралы сөз болып отыр, өйткені бұл іске қатысушы жер иесі де ең алдымен капиталист ретінде қимыл жасайды) нені тілемесе, олардың мемлекеті де соны тілемейді. Демек, егер *жеке* капиталистер тұрғын үй мұқтаждығына қынжыла тұрып, дегенмен оның ең сұмдық зардаптарын тым болмаса үстірт бүркемелеуге әрең қимылдап отырса, онда *жиынтық* капиталист — мемлекет те одан асып ештеме істей қоймайды. Ең ондағанда ол үстірт бүркемелеудің дағдылы дәрежесі барлық жерде бірдей, біркелкі жүргізілуіне қам жасайды. Ал біз мұның нақ осылай болып жататынын көрдік те.

Бірақ Германияда буржуа әлі үстемдік жүргізіп отырған жоқ, Германияда мемлекет әлі белгілі дәрежеде тәуелсіз, қоғамның үстінде қалықтап жүрген күш болып табылады, нақ сондықтан да ол тек бір ғана таптың емес, қоғамның бірлескен мүдделерін білдіріп отыр деп бізге қарсы шығушылар болуы мүмкін. *Мұндай* мемлекет буржуазиялық мемлекеттің қолынан келмейтін бірдемелерді істей алады-мыс; элеуметтік салада да одан мүлдем басқа бірдемені күткен жөн болады-мыс.

Бұл — реакционерлердің сөзі. Ал шынында Германияда да мемлекет, онда қазіргі өмір сүріп отырған түрінде, өзі өсіп шыққан қоғамдық негіздің қажетті жемісі болып табылады. Пруссияда — ал Пруссия қазір шешуші роль атқарады — әлі де болса күшті ірі помещьелі дворяндармен қатар біршама жас және өте-өте қорқақ буржуазия бар, ол осы уақытқа дейін Франциядағыдай тікелей саяси өкіметті, не Англиядағыдай азды-көпті жанама саяси өкіметті жеңіп алған жоқ. Бірақ осы екі таппен қатар тез көбейіп келе жатқан, ақыл-ойы өте жетілген және күн сайын ұйымдаса түсіп келе жатқан пролетариат бар. Сонымен, ескі абсолюттік монархияның негізгі шартымен қатар — жерлі дворяндар мен буржуазияның арасындағы теңбе-теңдікпен қатар — біз бұл арада қазіргі замандағы бонапартизмнің негізгі шартын: буржуазия мен пролетариаттың арасындағы теңбе-теңдікті көріп отырмыз. Бірақ ескі абсолюттік монархиядағы сияқты қазіргі заманғы бонапартистік монархияда да шын үкімет билігі ерекше офицерлік және чиновниктік кастаның қолында; Пруссияда бұл каста ішінара өз ортасынан, ішінара ұсақ майораттық дворяндардан, кейде жоғары дворяндардан және өте аз бөлегі — буржуазиядан толықтырылып отырады. Қоғамнан тыс және, былайша айтқанда, қоғамнан жоғары тұрғандай болып көрінетін бұл кастаның дербестігі мемлекетке қоғам жөніндегі дербестіктің сырт көрінісін береді.

Пруссияда (ал оның үлгісі бойынша Германияның жаңа империялық құрылысында да) осы өте қайшы қоғамдық жағдайлардан қажетті дәйектілікпен өсіп шыққан мемлекеттік форма жалған конституционализм болып табылады; бұл мемлекеттік форма әрі ескі абсолюттік монархияның іріп-шіруінің қазіргі замандағы формасы, әрі бонапартистік монархияның өмір сүруінің формасы болып табылады. Пруссияда жалған конституционализм 1848 жылдан 1866 жылға дейін абсолюттік монархияның баяу шіруін бүркемелеп, боямалап қана келді. Бірақ 1866 жылдан және әсіресе 1870 жылдан бері қоғамдық жағдайлардағы төңкеріс, ал сонымен ескі мемлекеттің ыдырауы жұрттың көз алдында және орасан өскен көлемде болып жатыр. Өнеркәсіптің және әсіресе биржалық амал-айлалардың тез өсуі үстемдік етуші таптардың бәрін жалдаптықтың иіріміне тартты. 1870 жылы Франциядан әкелінген коррупция кең көлемде және құлақ естімеген шапшаңдықпен етек алуға. Штрассбург пен Перейр біріне-бірі қол созуда. Министрлер, генералдар, князьдар мен графтар биржалық ойында ең айлакер биржашы-еврейлермен бәсекелеседі, ал мемлекет биржашы-еврейлерді көптеп барондық дәрежеге көтеріп, бұлардың теңдігін таниды. Қант заводшылары және шарап қайнатушылар ретінде көптен бері өнеркәсіппен шұғылданып келген селолық дворяндар өткендегі жақсы уақытты әлдеқашан ұмытып та кетті және өздерінің есімдерімен әр түрлі көрнекті және көрнексіз акционерлік қоғамдардың директорларының тізімдерін көркейтуде. Бюрократия жалақы мөлшерін арттырудың бірден-бір амалы болып табылатын ысыраптарға барған сайын немқұрайдылықпен қарауда; бюрократия мемлекеттік қызмет орындарын тастап, өнеркәсіп орындарын басқару жөніндегі анағұрлым табысты қызмет орындарымен әуестенуде; ал мемлекеттік қызметте әлі де қалып отырғандар өздерінің бастықтарынан үлгі алып, акциялармен жалдаптық істеуде немесе темір жол істеріне және тағы сондайларға «қатынасуда». Кейбір жалдаптықтар арқылы олжа табуды лейтенанттар да теріс көрмейді деп тіпті толық негізбен болжам жасауға болады. Қысқасы, ескі мемлекеттің барлық элементтерінің іріп-шіруі, абсолюттік монархияның бонапартистік монархияға өтуі барынша қарқынды жүріп жатыр және ең таяудағы ірі сауда-өнеркәсіп дағдарысы тұсында қазіргі замандағы алаяқтық қана емес, ескі пруссиялық мемлекет те құлайды*.

* Қазірде де, 1886 жылы, 1872 жылдан бері сан жағынан да, таптық санасезімі жағынан да орасан өскен пролетариаттан қорқушылық қана пруссиялық мемлекетті және оның негізі ірі жер иелері мен өнеркәсіптік капиталдың одағын, қамқоршылық баж салықтарымен бекітілген осы одақты әлі қолдап және біріктіріп отыр. (1887 ж. басылуына Энгельстің ескертуі).

Буржуазиялық емес элементтері күннен-күнге барған сайын буржуазияланып бара жатқан осы мемлекет «әлеуметтік мәселені» немесе ең болмаса тек тұрғын үй мәселесін ғана шешуге тиісті болып па?— Мұның керісінше. Барлық экономикалық мәселелерде пруссиялық мемлекет буржуазияның ықпалына барған сайын түсуде. Ал егер 1866 жылдан бастап экономика саласындағы заңдар буржуазияның мүдделеріне, іс жүзінде болып шыққаннан да гөрі зор дәрежеде бейімделмеген болса, бұған кім кінәлы? Ең алдымен буржуазияның өзі; ол, біріншіден, өзінің талаптарын жігерлі түрде қорғауға тым қорқақ және ол, екіншіден, кеңшілік атаулыға, егер бұл кеңшілік сонымен қатар өзіне қауіп төндіріп отырған пролетариаттың қолына жаңа қару беретін болса, кеңшілік атаулыға қарсыласады. Ал егер мемлекеттік өкімет, яғни Бисмарк, өзіне меншікті лейб-пролетариат ұйымдастырып, соның жәрдемімен буржуазияның саяси қызметін ауыздықтап ұстауға тырысса, онда мұның өзі қажетті және жақсы мәлім бонапартистік амал емей немене; бұл амал бірнеше мейірбандық сөздерден басқа және, ең әрі дегенде Луи Бонапарт а Іа* құрылыс қоғамдарына азды-кем мемлекеттік жәрдем көрсетуден басқа жұмысшылар жөнінде ештемеге міндеттемейді.

Француз миллиардтарын¹¹⁹, пруссиялық мемлекеттік машинаның қоғам жөніндегі дербестігін жаңадан қысқа мерзімге кейінге қалдырған миллиардтарын пайдалану пруссиялық мемлекеттен жұмысшылардың не күте алатындығының ең жақсы көрсеткіші бола алады. Көшеге лақтырып тасталған Берлин жұмысшыларының семьяларын баспанамен қамтамасыз етуге сол миллиардтардан ең болмаса бір талер жұмсалды ма? Ешбір жұмсалған жоқ. Жаздың күні жұмысшыларға бірден-бір баспана болған бірнеше ұсқынсыз баракты да күз түскеннен кейін мемлекет бұзып тастауға бұйрық берді. Әлгі бес миллиард даңғыл жолмен қамалдарға, зеңбіректер мен солдаттарға айтарлықтай тез кетіп жатыр; Вагнердің маңызданған ақымақтығына²⁵⁰ қарамастан, Австриямен өткізілген штиберлік конференцияларға²⁵¹ қарамастан, неміс жұмысшыларына бұл миллиардтардан тіпті Луи Бонапарттың Франциядан ұрлап алған миллиондарынан француздарға бөлгеніндей де бөлінбейді.

III

Шын мәнінде буржуазияның тұрғын үй мәселесін өзіне ыңғайлап шешуінің бір ғана әдісі бар, атап айтқанда ол — мәселені шешкенде бұл шешім әрбір жолы мәселені қайта көтеретін етіп шешу. Бұл әдіс «Осман» деп аталады.

* — үлгісіндегі. Ред.

«Осман» деген сөзді мен бұл арада үйлер тығыз салынған жұмысшы кварталдары арқылы ұзын, түзу және кең көшелерді ойып өткізіп, бұл көшелердің екі жақ бетін үлкен сәнді үйлермен қоршаған париждік Османның өзіне тән бонапартистік үлгі деп қана отырғаным жоқ; бұл арада стратегиялық мақсатпен — баррикадалық күресті қиындатумен қатар, үкіметке тәуелді өзіне тән өзгеше-бонапартистік құрылыс пролетариатын құру, сол сияқты, Парижді көбінесе сән-салтанат қаласына айналдыру да көзделді. «Осман» деген сөзді мен қандай сылтаумен болса да: қоғамдық санитария не әсемдеу деген сылтаумен болсын, қаланың орталығында ірі сауда орындарын керексіну немесе темір жолдар, көшелер және т. с. салу сияқты қатынас мұқтаждары деген сылтаумен болсын әсіресе біздің ірі қалаларымыздың орталығында орналасқан жұмысшы кварталдарын ойып өтудің жаппай қолданатын практикасы деп отырмын. Сылтаулары қаншалықты әр түрлі бола тұрса да, нәтижесі барлық жерде біреу ғана: аса ұсқынсыз шолақ көшелер мен тұйық көшелер буржуазияның әлгіндей зор табыс жөніндегі орасан мақтаншақтығы жағдайында жоғалып кетеді, бірақ... олар қайсыбір басқа жерде, көбінесе тіпті тікелей жақын жерде сол сағатта-ақ қайта пайда болады.

«Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген кітапта мен Манчестердің 1843—1844 жылдары қандай болғанын суреттеп бергенмін. Содан бері қала арқылы өтетін темір жолдардың арқасында, жаңа көшелер салынуының, үлкен қоғамдық және жеке меншік үйлер салынуының арқасында, — мен суреттеген ең жаман кварталдардың кейбіреулері кесіп өтілген, олар тазартылған және жақсартылған, ал басқалары мүлде жоқ болған, алайда олардың әлі көбі, одан бері күшейген санитариялық-полицейлік бақылауға қарамастан, әлі де болса сол қалпында немесе тіпті одан да нашар жағдайда қалған. Бірақ оның есесіне, содан бері халқы жарты еседен астам көбейген қаланың орасан ұлғаюы арқасында, ол кезде әлі кең және таза болған кварталдар қазір қаланың бір кезде ең жаман атағы шыққан бөлегі қандай болса, сондай қабаттасқан үйлерге толы, сондай лас және халқы шамадан тыс көп. Бұл арада бір ғана мысал келтірейін. Менің кітабымда, 80- және келесі беттерінде, мен Медлок өзенінің алқабында орналасқан, Кіші Ирландия (Little Ireland) деген атпен көптен бері Манчестердің маскарашылық дағы болып келген бір топ үйлерді суреттегенмін*. Кіші Ирландия әлдеқашан құрып кетті; оның орнында қазір іргесі биік қаланған вокзал тұр; Кіші Ирландияны бұзудың сәтті аяқталғанын буржуазия ұлы салтанат ретінде мақтанышпен атап көрсетті. Бірақ

* Қараныз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 296—298-беттер. Ред.*

өткен жазда сұмдық тасқын болды, өйткені жалпы алғанда әбден түсінікті себептер бойынша, біздің үлкен қалаларымызда бөгеп қойылған өзендер жылдан-жылға барған сайын күшті тасқын тудырады. Осы арада келіп Кіші Ирландияның әсте жойылмағаны, бар болғаны Оксфорд-родтың оңтүстік жағынан солтүстік жағына көшірілгені және бұрынғыша өршіп тұрғаны байқалды. Манчестердің радикал буржуаларының органы, манчестерлік «Weekly Times» 1872 ж. 20 июльде бұл туралы міне былай деп жазады:

«Өткен сенбіде Медлок алқабы тұрғындарының басына түскен бақытсыздық бір жақсы нәтижеге жеткізеді деп үміттенеміз: қоғамның назары санитарияның барлық заңдары көрінеу қорлаушылыққа аударылатын болады; ал онда қала чиновниктері мен қалалық санитариялық комитеттің иегінің астында бұл қорлаушылыққа соншама ұзақ төзіп келген еді. Біздің кеше күндіз шыққан газетіміздегі өткір мақала су тасқынына ұшыраған Чарлз-стриттегі және Брук-стриттегі кейбір подвалдағы баспаналардың маскара жағдайын әлі жеткілікті әшкерелемеді. Бұл мақалада көрсетілген қоралардың бірін мұқият тексеру біздің мақалада келтірілген мәліметтердің бәрін растауымызға және бұл қорадағы подвалдағы баспаналарды әлдеқашан жабу керек еді деп мәлімдеуімізге право береді; дұрысырақ айтқанда, олардың адам тұратын тұрғын үй болуына еш уақытта тезуге болмайтын еді. Чарлз-стрит пен Брук-стриттің бұрышындағы Скуайрз-корт жеті немесе сегіз тұрғын үйден құралған, бұлардың үстінен, Брук-стриттің ең төмен жерінен, темір жол арқасының астынан күн-күн сайын жаяу адам өзінің аяғының астындағы терең үңгірдегі індерде адам тұрады деп ойламай өтіп жүре береді. Бөгде адамдардың көзінен таса қораның моладағыдай тұтқынынан баспана іздеуге мұқтаждық мәжбүр еткен адамға ғана есігі ашық. Тіпті Медлоктың әдетте бөгеттермен қоршалып тұрған тоспа суы өзінің дағдылы деңгейінен жоғары көтерілмеген күнде де, тіпті сонда да бұл тұрғын үйлердің едені судың деңгейінен әрең дегенде бар болғаны бірнеше дюйм жоғары; кез-келген күшті нөсер, коқсық төгетін шұңқырлардан немесе ағын құбырлардан келген жиренішті шірік суды жоғары көтеріп, тұрғын үйлерді улы газдармен уландыра алады, бұл — әрбір су тасқынынан кейін қалатын ескерткіш белгісі... Скуайрз-корт Брук-стриттегі үйлердің кісі тұрмайтын подвалдарынан да төмен жатыр... көшеден жиырма фут төмен, ал коқсық төгетін шұңқырлардан сенбі күні көтерілген індетті жаман су үйлердің шатырына дейін жетті. Біз мұны білдік, сондықтан бос қалған қораны көрерміз немесе онда сасық қабырғаларды тазалап, дәрілеп жүрген санитариялық комитеттің қызметшілерін ғана кездестіреміз деп ойлағанбыз. Мұның орнына біз бір шаштаразының подвалдағы үйінде бұрышта жатқан бір үйме сасық коқысты күрекпен тачкаға тиеумен... шұғылданып жүрген адамды көрдік. Подвалы біршама тазартылған шаштаразы бізді одан да төмен қарай, бірнеше тұрғын үйлерге жіберді, бұл тұрғын үйлер туралы ол: егер жаз бұл болса газетке жазар едім де, бұлардың жабылуын талап етер едім деді. Сөйтіп, біз ақырында Скуайрз-кортқа жеттік, онда өңіне қарағанда денсаулығы мықты бір сұлу ирландканы кездестірдік, ол бір үйме төбе кірді жуып жатыр екен. Ол және оның ері — жеке адамның қызметіндегі үнгі күзетші, бұл қорада алты жыл тұрған және олардың семьясы үлкен... Олар жаңа ғана тастап шыққан үйде су тура шатырға дейін жеткен, терезелері талқандалған, мебелинің құл-талқаны шыққан. Үйде тұрушының айтуынша, ол бұл үйде адам төзгісіз сасық иістен әрбір екі ай сайын қабырғаны екпен ағартып отырумен ғана құтыла алған... Біздің репортеріміз тек енді ғана кіре алған ішкі қорада ол жоғарыда суреттелген үйлерге жапсарлас салынған үш үйді кездестірген; бұл үйдің екеуінде тұрғындар болған. Ондағы сасық иістен

сұмдықтығы соншалық, ең дені сау адам бірнеше минуттан кейін теңіз ауруымен ауыруға тиіс болар еді... Осы жексұрын қуыста жегі адамы бар семья тұрды, олар бейсенбі күні (су тасқыны басталған күні) кеште бәрі үйде ұйықтап жатқан. Дұрысында, мұны айтқан әйелдің кейін түзеп айтқанындай, олар ұйықтамаған, өйткені оның өзінің және күйеуінің түннің бір уағына дейін сасық иістен жүрегі айныған. Сенбі күні олар, омыраудан су кешіп, өз балаларын сыртқа шығаруға мәжбүр болған. Ол әйел де бұл қуыс шошқаға да жарамсыз деген пікірде, бірақ ақысы арзан — аптасына бір жарым шиллинг болғандықтан, ол мұны жалдап алған, өйткені оның күйеуі соңғы уақытта ауыра беріп, көбінесе табыссыз қалып отырған. Бұл қора және күні бұрын молаға көмілгендей бұл қораға көмілген тұрғындар шектен асқан мұқтаждық жағдайды білдіреді. Әйтсе де біз мынаны айтуға тиіспіз: біздің байқауымызша, Скуайр-корт бұл ауданның көптеген басқа үйлерінің көшірмесі, бәлкім, біраз ұлғайтылған көшірмесі ғана болып табылады, ал ол үйлердің болуын біздің санитариялық комиссия еш нәрсемен ақтай алмайды. Ал егер бұл үйлерге бұдан былай да кісі кіруіне жол берілетін болса, онда комиссияға жүктелетін жауаптылықтың ауырлығы туралы және бүкіл округке жұқпалы ауру індеттерінің қаупі төнетіні туралы айтпаса да түсінікті».

Тұрғын үй мәселесін буржуазияның іс жүзінде қалай шешетіндігінің айқын мысалы осындай. Капиталистік өндіріс әдісі әрбір түні біздің жұмысшыларды айдап кіргізетін жұқпалы ауру ошақтары, масқара індер мен ұралар, — міне бұлар жойылмайды, бұларды тек... *әрірек көшіреді!* Бұларды бір жерде тудырған экономикалық қажеттілік, оларды екінші жерде де тудырады. Сондықтан, капиталистік өндіріс әдісі өмір сүріп отырған кезде, міне бұл кезде тұрғын үй мәселесін немесе жұмысшының тағдырына қатысы бар қайсыбір басқа қоғамдық мәселені бөліп алып шешуге тырысу — ақымақтық. Мұның шешімі — капиталистік өндіріс әдісін құртуда ғана, тіршілік қажеттері мен еңбек құралдарының бәрін жұмысшы табының өзінің иемденуінде ғана.

III БӨЛІМ

ТАҒЫ ДА ПРУДОН ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

I

«Volksstaat»-тың 86-номерінде А. Мюльбергер өзін осы газеттің 51 және келесі номерлерінде мен сынаған мақалалардың* авторымын деп жариялайды. Өзінің жауабында²³⁶ оның маған толып жатқан кінәлар тағып бастырмалататыны және бұл арада әңгіме болып отырған көзқарастардың бәрін бұрмалайтыны соншалық, мен бұған амалсыздан жауап беруге тиістімін. Мен өзімнің қарсылығыма, — өкінішке орай, мұның өзі маған Мюльбергер таңған жеке айтыс саласына көбірек қатысты болуға

* Қараңыз: осы том, 330—346-беттер. *Ред.*

тиіс,— жалпы ілтипат туғызуға тырысып көремін, бұл үшін Мюльбергердің, мұның бәрі «затында ол үшін де, «*Volksstaat*»-тың басқа оқушылары үшін де ешбір жаңалық емес» деп мені қайтадан жазғыру қаупі төнетін болса да, маңызды-маңызды қағидаларды тағы да және мүмкіндік болғанынша бұрынғыдан гөрі айқынырақ дамытамын.

Мюльбергер менің сынымның формасы мен мазмұны жөнінде назаланады. Формаға келетін болсақ, талданып отырған мақалалардың кімдікі екенін менің ол кезде әсте білмегенімді айтып қарсылық білдірудің өзі-ақ жеткілікті. Демек, жеке басымның авторға қарсы «алдын ала кесіп-пішушілігі» туралы сөз болуы да мүмкін емес; ал бұл мақалаларда баяндалған тұрғын үй мәселесінің шешіміне қарсы менің, әрине, «алдын ала кесіп-пішушілігім» болды, өйткені бұл шешім маған Прудон шығармалары бойынша көптен таныс және бұған менің көзқарасым берік қалыптасқан болатын.

Менің сынымның «сарыны» туралы мен құрметті Мюльбергермен таласып жатпаймын. Мен сияқты, қозғалысқа көп уақыттан қатысып келе жатқан жағдайда, шабуылдар жасалуы жөнінде терің айтарлықтай қалындап алатындықтан, басқалардың да терісі сондай қалың болар деген ой тез келеді. Мюльбергерді қанағаттандыру үшін мен бұл жолы өзімнің «сарынымды» оның эпидермисінің (терісінің сыртқы қабатының) сезгіштігімен шамаластыруға тырысып көремін.

Мюльбергер менің оны прудонист деп атағанымға айрықша қынжылып, мен әсте прудонист емеспін дейді. Әрине, менің оған сенуіме тура келеді, бірақ дегенмен талқыланған мақалаларда — ал сөз тек солар туралы ғана болған — нағыз прудонизмнен басқа ештеме жоқ екеніне мен дәлелдемелер келтіремін.

Мюльбергердің пікірінше, мен Прудонды да «ат үсті» және мүлдем әділетсіз сынайтын көрінемін:

«Ұсақ буржуа Прудон туралы теория бізде, Германияда орныққан догмаға айналды, көп адамдар оның шығармаларының тіпті бірде-бір жолын оқымастан, осы догмаға ден қояды».

Менің роман тілдерінде сөйлейтін жұмысшылардың жиырма жыл бойы Прудонның шығармаларынан басқа ешқандай рухани қорегі болмады деп өкініш білдіруіме Мюльбергер: роман жұмысшыларында «Прудон тұжырымдаған принциптер барлық жерде дерлік қозғалыстың нақты ұйтқысы болып қызмет етеді» деп жауап қайтарады. Мен бұған келісе алмаймын. Біріншіден, ешбір жерде жұмысшы қозғалысының «нақты ұйтқысы» «принциптерде» емес, барлық жерде бірдей — ірі өнеркәсіптің дамуында және оның нәтижелерінде: бір жағынан капиталдың, екінші жағынан, пролетариаттың жинақталуында және шоғырлануында. Екіншіден, прудондық «принциптер» дейтіндердің

роман жұмысшыларында Мюльбергердің «принциптерге» таңып отырғанындай шешуші роль атқаратындығы бекер, ол былай дейді: «анархия принциптері, Organisation des forces économiques, Liquidation sociale* және т. с. онда... революциялық қозғалыстың нағыз жаршыларына айналды». Бар пәледен құтқаратын прудонистік панацеялар Бакунин одан бетер бүлдірген түрде ғана азды-көпті ықпалға ие болған Испания мен Италия туралы айтпағанның өзінде,— халықаралық жұмысшы қозғалысымен таныс әрбір адамға мына факт жақсы мәлім: Францияда прудонистер шағын ғана секта болып табылады, ал оның бер жағында жұмысшы бұқарасы Прудон ұсынған, Liquidation sociale және Organisation des forces économiques деген атпен белгілі қоғамдық реформалар жоспары туралы ештеме білгісі келмейді. Айтпақшы, мұның өзі, Коммуна тұсында айқындалды. Коммунада прудонистердің өкілдері көп болса да, дегенмен Прудон жобаларының негізінде ескі қоғамды жоюға немесе экономикалық күштерді ұйымдастыруға титтей де әрекет істелген жоқ. Мұның керісінше. Коммунаның асқан ұлы абыройына, оның барлық экономикалық шараларының «нақты ұйтқысы» қайдағы бір принциптер болған жоқ, қарапайым практикалық қажеттілік болды. Міне сондықтан да бұл шаралар — наубайшылардың түнгі еңбегіне тыйым салу, фабрикаларда ақшалай айыптардың алынуын тыю; жабылған фабрикалар мен шеберханаларды конфискелеу және оларды жұмысшы ассоциацияларына беру — әсте Прудонның рухына емес неміс ғылыми социализмінің рухына сәйкес келеді. Прудонистер жүргізген бір ғана әлеуметтік шара — Француз банкіні конфискелеуден *бас тарту* болды, ал Коммунаның мерт болуы ішінара осыдан да болды. Дәл сол сияқты, бланкист дейтіндер де таза саяси революционерлерден белгілі программасы бар социалистік жұмысшы фракциясына айналу әрекетін істесімен-ақ,— мысалы, Лондонда эмигрант-бланкистер басып шығарған «Интернационал және революция» деген манифесінде көрсеткеніндей,— қоғамды аман сақтап қалудың прудондық жоспарының «принциптерін» жариялаған жоқ, бұрын «Коммунистік Манифесте»** айтылғандай және одан бері сансыз көп рет қайталанғанындай, пролетариаттың саяси қимылының және оның диктатурасының таптарды, ал онымен бірге мемлекетті де жоюға көшу ретіндегі қажеттігі туралы неміс ғылыми социализмінің көзқарастарын, оның үстіне бұлжытпай дәлме-дәл жариялады. Ал егер Мюльбергер немістердің Прудонды сыйламайтынынан олар романдық қозғалысты «тура Париж Қоммунасына дейін» жеткілікті түсінбейді деген қорытынды

* — экономикалық күштерді, әлеуметтік жоюшылықты ұйымдастыру. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 115—118, 125—126-беттер. *Ред.*

шығарып отырса, онда да бұл түсінбеушілікті дәлелдеу үшін Интернационалдың Бас Советінің Франциядағы азамат соғысы туралы неміс Маркс жазған үндеуіндегідей* Коммунаны тым болмаса шамамен сондай дұрыс түсініп, суреттеген романдық әдебиет шығармасын атап көрсетсін.

Жұмысшы қозғалысы прудондық «принциптердің» тікелей ықпалында болып отырған бірден-бір ел — Бельгия, нақ сондықтан да, Бельгия жұмысшы қозғалысы, Гегельдің сөзімен айтқанда, «ештемеден дәнеме арқылы ештемеге»²⁵² бара жатыр.

Егер мен роман жұмысшыларының, тікелей немесе жанама-лап, жиырма жыл бойы рухани жағынан тек Прудонмен ғана қоректеніп келгендігін бақытсыздық деп санасам, онда бұл бақытсыздықты мен Мюльбергер «принциптер» деп атайтын прудондық реформалар рецептінің мүлдем қиялдық үстемдігінен деп отырғаным жоқ, олардың қазіргі қоғамды экономикалық жағынан сынауының мүлдем жалған прудондық көзқарастарға шалдыққандығынан, ал олардың саяси қызметінің прудонистік ықпалмен бүлдірілгендігінен деп отырмын. Ал кім «революцияда көп болды», «прудондандырылған роман жұмысшылары» ма әлде романдықтардың өзінің Прудонын түсінуінен гөрі неміс ғылыми социализмін қайткен күнде де шексіз жақсы түсінетін неміс жұмысшылары ма деген сұраққа, — міне бұл сұраққа біз «революцияда болу» дегеннің мәнісі не екенін білгенде ғана жауап бере аламыз. Адамдар туралы олар «христиандықта, ақиқат дінде, құдайдың рақымында болып отыр» және т. с. деп айтатын. Бірақ революцияда, барынша күштеумен болатын қозғалыста «болу»! Сонда «революция» — илану керек болатын догматтық дін болғаны ма?

Бұдан кейін Мюльбергер мені былай деп жазғырады: оның мақаласында дәлме-дәл айтылғанына қарамастан мен оны тұрғын үй мәселесін тек қана жұмысшы мәселесі деп жариялайды деппін.

Бұл жолы Мюльбергердің айтып отырғаны шынында дұрыс. Мен тиісті жерін қалдырып қойыппын. Кешіргісіз түрде қалдырып қойыппын, өйткені бұл жері — оның пайымдауларының бүкіл тенденциясы үшін өте-мөте тән сипатты жерлерінің бірі. Мюльбергер шынында дәлме-дәл былай дейді:

«Бізді *таптық саясат* жүргізіп отыр-мыс, *таптық үстемдікке* ұмтылып отыр-мыс және т. с. деп жиі-жиі және сан рет *кісі күлерлік түрде* кінәлағандықтан да, біз ең алдымен мына жайды үзілді-кесілді атап көрсетеміз: тұрғын үй мәселесі әсте тек пролетариатқа ғана қатысты емес, қайта *керісінше, мұның аса зор дәрежеде орта сословиенің, ұсақ колөнершілердің, ұсақ буржуазияның, бүкіл чиновниктердің мүддесіне қатысты бар.* Тұрғын үй мәселесі — бір жағынан, *пролетариаттың*, екінші жағынан, *қоғамның нағыз орта таптары мүдделерінің*

* Караныз: осы том, 232—247-беттер. *Ред.*

абсолютті ішкі ұқсастығын басқалардың бәрінен гөрі, сірә анағұрлым көбірек айқындай алатын әлеуметтік реформалар пунктiнiң нақ өзі. Жалдамалы тұрғын үйдiң еңсендi көтертпейтiн бұғауларынан орта таптар да пролетариат секiлдi күштi бәлкiм, *тiптi күштiрек* азап шегуде... Затында қоғамның орта таптары қазiр... жастық күш пен жiгерге толы жұмысшы партиясымен одақтаса отырып, қоғамды қайта құру, қайта құру болғанда *игiлiктi нәтижелерi алдымен өздерiне пайда келтiретiн* қайта құру процесiне қатынасуға өздерiнен... жеткiлiктi күш таба ала ма деген мәселенiң алдында тұр».

Сөйтiп, құрметтi Мюльбергер бұл арада былай деп атап айтады:

1) «Бiз таптық саясат» жүргiзбеймiз және «таптық үстемдiкке» ұмтылмаймыз. Алайда немiс Социал-демократиялық жұмысшы партиясы нақ *жұмысшы партиясы болғандықтан* да, «таптық саясатты», жұмысшы табының саясатын қажеттi түрде жүргiзiп отыр. Саяси партия атаулының бәрi мемлекет iшiнде үстемдiкке жетуге ұмтылатын болғандықтан, немiс Социал-демократиялық жұмысшы партиясы да өзі үстемдiк етуге, жұмысшы табының үстемдiгiне, яғни «таптық үстемдiкке» жетуге сөзсiз ұмтылып отыр. Әйтсе де, ағылшын чартистерiнен бастап, нағыз пролетарлық партия *атаулының бәрi* әрқашан бiрiншi шарт етiп таптық саясатты, пролетариатты дербес саяси партияға ұйымдастыруды, ал күрестiң ең таяудағы мақсаты етiп пролетариат диктатурасын алға қойып отырды. Мұны «кiсi күлерлiк» деп жариялап, Мюльбергер өзiн пролетарлық қозғалыстан тыс қояды да, ұсақ буржуазиялық социализмнiң қатарында болып шығады.

2) Тұрғын үй мәселесiнiң артықшылығы сол — ол тек жұмысшы мәселесi ғана емес, «ұсақ буржуазияны да барынша мүдделi етедi», өйткенi тұрғын үй мұқтаждығынан «заты орта таптар да» пролетариаттан да гөрі «күштi, бәлкiм, тiптi күштiрек» зардап шегуде. Кiмде-кiм тiптi тек бiр жағынан болса да, ұсақ буржуазия «бәлкiм, тiптi пролетариаттан да күштiрек» зардап шегiп отыр деп мәлiмдесе, ол ендi өзiн ұсақ буржуазиялық социалистерге қосты екен деп ешбiр назалана алмайды. Сөйтiп, мен былай деп айтқанымда Мюльбергердiң наразылық бiлдiретiн негiзi бар ма екен:

«Жұмысшы табының басқа таптармен, әсiресе ұсақ буржуазиямен ортақ нақ осы азаптары жөнiнде көбiнесе ұсақ буржуазиялық социализм шұғылдануды ұнатады, ал Прудон да осыған жатады. Сондықтан да бiздiң немiс прудонистiң бәрiнен бұрын тұрғын үй мәселесiне жармасуы әсте кездейсоқ емес, бұл мәселе, бiздiң көргенiмiздей ешбiр ретте тек қана жұмысшы мәселесi болып табылмайды»*.

3) «Қоғамның заты орта таптарының» мүдделерi мен пролетариаттың мүдделерi арасында «абсолюттi iшкi ұқсастық» бар және қоғамның алдағы қайта құрылу процесiнiң «игiлiктi нәти-

* Қараңыз: осы том, 328-бет. Ред.

желері» пролетариатқа емес, нақ әлгі заты орта таптарға «алдымен пайда тигізеді».

Сонымен, жұмысшылар алдағы әлеуметтік революцияны «бәрінен бұрын» ұсақ буржуаның мүдделері үшін жасайды. Ал одан соң, ұсақ буржуаның мүдделері мен пролетариаттың мүдделері арасында «абсолютті ішкі ұқсастық» бар. Егер ұсақ буржуаның мүдделері жұмысшылардың мүдделерімен ішкі жағынан ұқсас болса, онда жұмысшылардың мүдделері де ұсақ буржуаның мүдделерімен ұқсас болғаны. Демек, қозғалыстағы пролетарлық көзқарас қандай орынды болса, ұсақ буржуазиялық көзқарас та сондай орынды. Ал мұндай тең праволылық бар деп дәлелдеу ұсақ буржуазиялық социализм дейтіннің дәл өзі.

Сондықтан Мюльбергердің өз кітапшасының²³⁴ 25-бетінде «қоғамның нағыз *тірегі*» ретінде «ұсақ өндірісті» мадақтауы, «өйткені ол өзінің табиғаты бойынша үш факторды: енбекті — иеленуді — меңгеруді өз ішіне біріктіреді, өйткені ол осы үш факторды біріктірумен индивидтің даму қабілетіне ешқандай бөгет жасамайды» деуі және қазіргі замандағы өнеркәсіпті әсіресе бір қалыпты дұрыс адамдардың осы ұясын жояды деп және «өмірлік күштерге толы, ылғи өзін қайта жаңартып отыратын *тапты* өздерінің жасқаншақ назарын қайда аударуды білмейтін адамдардың санасыз *тобырына* айналдырды» деп кінәлауы оның тарапынан толық дәйектілік. Сөйтіп, Мюльбергер үшін ұсақ буржуа — үлгілі адам, ал ұсақ қолөнер Мюльбергер үшін — өндірістің үлгілі әдісі. Сонда мен оны ұсақ буржуазиялық социалистер қатарына қосқанда, оған жала жауыппын ба?

Мюльбергер Прудон үшін қандай да болса жауаптылықты қабылдамай отырғандығы себепті, прудондық реформа жоспарлары қоғамның барлық мүшелерін ұсақ буржуа мен ұсақ шаруаларға айналдыру мақсатын көздейтінін бұл арада бұдан әрі атап көрсету артық болар еді. Ұсақ буржуаның мүдделері мен жұмысшылардың мүдделерінің жалған ұқсастығына тоқталу да артық болар еді. Керектінің бәрі бұдан бұрын «Коммунистік Манифесте» айтылды (1872 ж. Лейпцигте басылуы, 12 және 21-беттер)*.

Сөйтіп, біздің зерттеуіміздің нәтижесі «ұсақ буржуа Прудон туралы аңызбен» қатар, ұсақ буржуа Мюльбергер туралы ақиқат туып отыр дегенге келіп тіреледі.

II

Енді басты пунктке көшеміз. Мен Мюльбергердің мақалаларына кінә таққанда экономикалық қатынастар бұл мақалаларда бейнелеп көрсетудің юридикалық әдісіне кө-

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 116—117, 128—129-беттер. *Ред.*

шірумен Прудонша бұрмаланады деп кінә тақтым. Мысал ретінде мен Мюльбергердің мына қағидасын алдым:

«Бір кезде салынған үй, үйдің іс жүзіндегі құны оның иесіне пәтер ақы формасында әлдеқашан жеткілікті мөлшерден анағұрлым артық мөлшерде төленген болса да, қоғамдық еңбектің белгілі үлесін алуға *маңгі юридикалық негіз* болады. *Былай болып шығады*: мысалы, бұдан 50 жыл бұрын салынған үй бұл мерзімнің ішінде өзінің бастапқы шығындарын одан алынатын пәтер ақымен 2, 3, 5, 10 және одан да артық есе өтейді».

Мюльбергер бұған мынадай шағым айтады:

«*Фактіні осы қарапайым, байыптап атап көрсету мені Энгельстің үй қалайша «юридикалық негізге» айналатынын оның түсіндіруі керек еді деп үйретуіне сылтау болыпты, — мұның өзі менің міндеттерімнің шеңберіне мүлдем кірмеп еді... Бейнелеу — бір басқа да, түсіндіру — өзіне басқа. Егер мен Прудонның ізімен, қоғамның экономикалық тіршілігі *праволық идеямен* қамтылуға тиіс деп отырсам, онда мен бұл арқылы қазіргі қоғамды онда праволық идея атаулы жоқ болмағанмен, *революцияның праволық идеясы* жоқ қоғам деп *суреттеймін*, — бұл — Энгельстің өзі қосылатын факт».*

Ең алдымен сол бір кезде салынған үйге тоқтайық. Жалға берілген үй өзінің салушысына жалдау ақысы түрінде жер рентасын, жөндеу қаржысын және құрылыс кезінде жұмсалған капиталына процентті, одан түсетін пайданы да қоса береді; төленіп отыратын жалдау ақысы, жағдайларға қарай үйді салуға шыққан бастапқы шығындардан екі, үш, бес, он есе асып түсетін соманы бірте-бірте құрастырады. Мұның өзі, құрметті Мюльбергер, *экономикалық* сипаты бар «фактіні» «қарапайым, байыптап атап көрсету» болып табылады; ал егер біздің бұл фактінің болуының өзі қалайша «осылай болып шығатындығын» білгіміз келсе, онда біз экономикалық салада зерттеу жүргізуге тиістіміз. Бұл фактінің әрбір балаға да түсінікті болуы үшін, оны жақынырақ алып қарап көрейік. Товар сатудың мәнісі мынау екені мәлім: товардың иесі оның тұтыну құнын береді де, айырбас құнын алады. Айта кетейік, товарлардың тұтыну құндары олардың тұтынылуы әр түрлі мерзімде жүзеге асырылатыны арқылы бір-бірінен өзгешеленеді. Бір көмбе нан бір күнде желінеді, екі шалбар бір жылда, бір үй, айтайық, жүз жылда тозады. Олай болса, тозу мезгілі ұзақ товарлар жөнінде олардың тұтыну құнын бөлшектеп, әрбір жолы белгілі мерзімге сатуға, яғни оны *жалға беріп тұруға* мүмкіндік туады. Демек, бөлшектеп сату айырбас құнды тек бірте-бірте ғана жүзеге асырады, авансыланған капиталды және ол капиталдан алынуға тиісті пайданы дереу кері қайтып алудан осы бас тартқандық үшін сатушы бағаға үстеме алады, проценттер есептеледі, ал бұл проценттердің ставкасы әсте бет алды емес, саяси экономияның заңдарымен белгіленеді. Жүз жыл өткеннен кейін — үй тұтынылған, тозған, кісі тұруға жарамсыз болып шығады. Егер біз осыдан кейін жалдау ақысының барлық төленген сомасынан:

1) жер рентасын, онымен бірге сол уақыттың ішінде оның біраз артқан мөлшерін, 2) жылма-жылғы жөндеуге шығатын шығындарды шегеріп тастасақ, онда біз қалдықтың орта есеппен: 1) үйді салуға жұмсалған бастапқы капиталдан, 2) одан түсетін пайдадан және 3) бірте-бірте өтелетін капиталға және пайдаға алынатын проценттен құралатынын көреміз. Рас, бұл уақыт өткеннен кейін үй жалдаушының үйі болмайды, бірақ үй иесінде де үй болмайды. Үй иесінің тек жер учаскесі ғана (егер ол нақ соныкі болса) және ол учаскедегі құрылыс материалдары бар, бірақ бұл құрылыс материалдары енді үй болудан қалған. Бірақ егер үй сол мерзім ішінде «бастапқы шығындарды 5 немесе 10 есе өтеген» болса, онда біз мұның тек қана жер рентасының өсуі арқасында болғандығын көреміз; жер иесі мен үй иесі көбінесе екеуі екі басқа адам болып отырған Лондон сияқты жерлерде мұның өзі әрбір адамға айқын. Жалдау ақысының бұлай орасан өсуі құрылыс учаскесінен түсетін жер рентасы өзгеріссіз дерлік қалып отыратын қайсыбір деревняда емес, тез өсіп келе жатқан қалаларда* болып отырады. Көтеріңкі жер рентасын шегеріп тастағанда, пәтер ақы үй иесіне жұмсаған капиталының жылма-жыл орта есеппен ең көп дегенде 7 процентін (пайданы қосқанда) беретіні баршаға мәлім, оның бер жағында бұл сомдан жөндеу мен тағы сондайларға жұмсалған шығындарды жабу керек. Қысқасы, жалдау туралы шарт дегеніңіз — нағыз көдімгі товар келісімі, теориялық жағынан мұның жұмысшының назарын аударуы жұмыс күшін сатып алу-сату туралы сөз болатын жағдайдан басқа ретте, қандай да болса басқа товар келісімінен артық та емес, кем де емес; ал практикалық жағынан алғанда бұл жалдау туралы шарт жұмысшының көз алдында буржуазиялық алдап соғушылықтың, мен жеке басылымның 4-бетінде** көрсеткен мындаған формаларының бірі болып шығады; ал бұл форма да, менің сонда көрсеткенімдей, белгілі экономикалық реттеуге ұшырап отырады.

Мюльбергер, мұның керісінше, жалдау туралы шарттан таза «озбырлықтан» басқа ештемені көрмейді (оның еңбегінің 19-беті), ал мен оған керісінше нәрсені дәлелдегенімде, ол «өкінішке орай, кілең менің өзімнің әлдеқашаннан бері білетін нәрселерімді ғана» маған айтып отыр деп назаланады.

Алайда пәтер ақы туралы ешқандай экономикалық зерттеулер бізді жалға пәтер беруді жою ісін «революциялық идеяның аясында туған ең жемісті және ең ізгі талаптардың біріне» айналдыруға алып келмейді. Бұған жету үшін, бұл қарапайым фактіні байыпты саяси экономияның саласының юриспруденцияның анағұрлым идеологиялық саласына көшіру керек. «Үй»

* «Volksstaat» газетінде былай деп басылған: «тез өсіп келе жатқан ірі қалаларда». *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 327—328-беттер. *Ред.*

оны жалға алғаны үшін төленетін ақының «мәңгілік юридикалық негізі болады»,— үйдің құны жалдау ақысымен 2, 3, 5 және 10 есе өтеліне алатын «осылай болып шығады». Мұның өзінің қалай осылай «болып шығатынын» білу үшін «юридикалық негіз» бізге титтей де көмектеспейді; сондықтан да мен үйдің қалайша юридикалық негізге айналатындығын зерттеу жолымен ғана Мюльбергер мұның қалай осылай «болып шығатындығын» біле алатынын айттым. Мұны біз пәтер ақыны үстем тап мақұлдап отырған юридикалық көрініске ызаланудың орнына пәтер ақының экономикалық жаратылысын, менің істегенімдей етіп, зерттеген күнде ғана біле аламыз.— Кімде-кім пәтер ақыны жою үшін экономикалық шаралар ұсынып отырса, ол пәтер ақының «пәтер жалдаушы капиталдың мәңгілік правосын өтеп отыратын салғырт» болып табылатынынан гөрі көбірек білуге міндетті ғой. Бұған Мюльбергер: «Бейнелеу — бір басқа да, түсіндіру — өзіне басқа» деп жауап береді.

Демек, олай болса, үй, ол әсте мәңгілік болмаса да, пәтер ақының мәңгілік юридикалық негізіне айналдырылған. Мұның қалай «осылай болғаны» бәрібір, бірақ біз осы юридикалық негіздің болуы себепті үйдің пәтер ақы түрінде өзінің құнынан сан есе асып түсетін кіріс келтіретінін көреміз. Юридикалық тілге аударудың арқасында біз арендалық ақының жалпы сомасы үйдің құнын аз-аздап сан рет өтей алатын құбылысын көру үшін ғана біз экономикалық саладан жетерліктей қашықтадық. Біз юридикалық түрде ойлайтын және сөйлейтін болғандықтан, бұл құбылысқа да біз правоның, әділеттіктің өресін қолданамыз және, бұл құбылыс *әділетсіз*,— бұл нәрсенің өзі нені көрсететін болса да,— ол «революцияның праволық идеясына» сәйкес келмейді және сондықтан юридикалық негіз еш нәрсеге жарамайды деп табамыз. Бұдан соң біз процент келтіретін капитал жөнінде де, арендаға берілген егістік жер жөнінде де осылай екенін анықтаймыз; мұның өзі бізге меншіктің бұл разрядтарын да басқаларынан бөліп шығаруға және оларды айрықша қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл қарастыру: 1) меншіктенушіні шарттан бас тарту правосынан, өз меншігін қайта талап ету правосынан айыруды, 2) жалдаушыға, қарыздарға немесе арендаторға оған берілген, бірақ оныкі емес затты тегін беруді және 3) меншіктенушіге оның меншігін процентсіз ұсақ үлестермен төлеуді талап етуге алып келеді. Осымен біз бұл саладағы прудондық «принциптерді» тамамдадық та. Прудондық «қоғамдық жоюшылық» дегеніңіз осы болады.

Айта кетейік, осы күллі реформалар жоспары түгел дерлік ұсақ буржуалар мен ұсақ шаруалардың ғана пайдасына баруға, сөйтіп олардың ұсақ буржуа мен ұсақ шаруалар ретіндегі жағдайын *баянды етуге* тиіс екендігі әбден айқын. Сонымен, Мюльбергердің айтуы бойынша, жұртқа аңыз болған «ұсақ буржуа

Прудонның» бейнесі бұл арада кенет өте көрнекі тарихи нақтылыққа айналып отыр.

Мюльбергер одан соң былай дейді:

«Егер мен Прудонның ізімен, қоғамның экономикалық тіршілігі *правольк идеямен* қамтылуға тиіс деп отырсам, онда мен бұл арқылы қазіргі қоғамды онда *правольк идея* атаулы жоқ болмағанмен, революцияның *правольк идеясы* жоқ қоғам деп *суреттеймін*,— бұл — Энгельстің өзі қосылатын *факт*».

Екіншке орай, менің Мюльбергерді бұлай қуантуға мүмкіндігім жоқ. Мюльбергер қоғам *правольк идеямен* қамтылуға *тиіс* деп талап қояды да, мұны бейнелеу деп атайды. Егер сот маған сот орындаушысы арқылы борышынды төле деген жарлық жіберсе, онда, Мюльбергердің айтуы бойынша, сот мені өз борыштарын төлемейтін адам ретінде *бейнелеуден* басқа түк істемейді! Бейнелеу — бір басқа да, талап ету — өзіне басқа. Неміс ғылыми социализмінің Прудоннан басты өзгешелігі де нақ осында. Біз бейнелейміз,— ал қандай да болса шынайы бейнелеу, Мюльбергерге қарама-қарсы, сонымен қабат затты түсіндіру де болып табылады,— біз экономикалық қатынастарды бейнелегенде, олардың қалай өмір сүріп отырғанын және қалай дамып келе жатқанын бейнелейміз және бұлардың бұл дамуы сонымен қабат әлеуметтік революция элементтерінің дамуы екенін: бір жағынан, пролетариаттың, тұрмыс жағдайлары өзін әлеуметтік революцияға сөзсіз бастайтын осы таптың, ал, екінші жағынан, капиталистік қоғамның шеңберінен асып түсіп, ол шеңберлерді сөзсіз бұзуға тиісті және сонымен қабат қоғамдық прогрестің өз мүдделері үшін таптық айырмашылықтарды біржолата жою мүмкіндігін туғызатын өндіргіш күштердің дамуы екенін экономикалық жағынан мүлтіксіз дәлелдейміз. Прудон, мұның керісінше, қазіргі заманғы қоғамға өзінің меншікті экономикалық даму заңдары бойынша емес, әділеттік талаптарына сәйкес қайта құрылу талабын қояды («*правольк идея*» оныкі емес, Мюльбергердікі). Біз дәлелдеп отырған жерде Прудон, ал оған ілесе Мюльбергер *уағыздайды* да жыламсырайды.

«Революцияның *правольк идеясы*» деген не,— мен мүлдем ойлап таба алмадым. Рас, Прудон «Революцияны» оның «әділеттілігін» елестететін және жүзеге асыратын өзінше бір әйел құдайға айналдырады; бұл арада ол 1789—1794 жылдардағы буржуазиялық революция мен болашақ пролетарлық революцияны бір жерге үйіп-төгіп, өрескел адасады. Ол мұны, әсіресе 1848 жылдан кейін, өзінің барлық шығармаларында дерлік істеп отырады; мысал ретінде мен тек «Революцияның жалпы идеясын» ғана келтіремін, 1868 ж. басылуы, 39—40-беттері. Бірақ Мюльбергердің Прудон үшін қандай да болса жауаптылықты өзінен алып тастайтындығы себепті, менің «революцияның *правольк идеясын*» түсіндіру үшін Прудонға сөз салуыма мүмкін-

дік жоқ, сондықтан мен әлі де болса египеттік қараңғылықтамын.

Бұдан кейін Мюльбергер былай дейді:

«Бірақ Прудон да, мен де қазіргі әділетсіз жағдайларды түсіндіру үшін «мәңгі әділеттілікке жүгінбейміз, оның үстіне, маған Энгельстің таңып отырғанындай, әлгі әділеттілікке жүгінуден бұл жағдайлардың жақсаруын күтіп отырғанымыз да жоқ».

Мюльбергер, сірә, «Прудонның Германияда мүлдем дерлік мәлім еместігіне» сүйенетін болса керек. Өзінің барлық шығармаларында Прудон барлық қоғамдық, праволық, саяси, діни қағидаларды* «әділеттіліктің» өлшемімен өлшейді, өзі «әділеттілік» деп атайтын нәрсеге ол қағидалардың сәйкес келетіндігіне немесе келмейтіндігіне қарай оларды қабылдамайды немесе қабыл алады. «Экономикалық қайшылықтарда» бұл әділеттілік «мәңгі әділеттілік», justice éternelle деп те аталады. Кейінірек келе мәңгілік туралы енді айтылмайды, бірақ затында ол сақталып қалады. Мәселен, «Революциядағы және шіркеудегі әділеттілік туралы» еңбекте, 1858 ж. басылуы, мына бір үзінді осы бүкіл үш томдық уағыздың мазмұнын білдіреді (1-том, 42-бет):

«Қоғамдардың негізгі принципі, органикалық, басқарушы, суверенді принципі қалғанының бәрін өзіне бағындыра отырып, басқаратын, қорғайтын, ығыстыратын, жазалайтын, ал қажет болған ретте, бүлікші элементтердің бәрін тіпті басып-жаншатын принцип, қандай? Бұл не?— дін бе, мұрат па, мүдде ме?.. Бұл принцип, менің көзқарасымша, әділеттілік болып табылады.— Әділеттілік деген не? *Адамзаттың өзінің мәні.*— Дүние жаралғаннан бергі уақытта ол не болды? Түк те болған жоқ.— Ол не болуға тиіс? Бәрі болуға тиіс».

Адамзаттың өзінің мәні болып табылатын әділеттілік,— егер мәңгі әділеттілік болмағанда, басқа немене? Қоғамдардың негізгі, органикалық, басқарушы, суверенді принципі болып табылатын әділеттілік, осыған қарамастан, осы уақытқа дейін түк те болмай келген, бірақ бәрі болуға тиіс болып отырған әділеттілік,— мұның өзі адамзаттың барлық істері өлшенуге тиісті болатын, қандай да болса қиын жағдайда жоғары судья ретінде жүгіну керек болатын өлшем болмағанда,— бұл немене? Ал Прудон өзінің саяси экономия саласындағы надандығын және өзінің дәрменсіздігін экономикалық қатынастар туралы экономикалық заңдар бойынша емес, әлгі мәңгі әділеттілік туралы өзінің түсінігіне ол қатынастардың сәйкес келетіндігіне немесе келмейтіндігіне қарап қорытынды жасауы арқылы бүркемелейді дегеннен басқа мен ештеме айттым ба? Ал Мюльбергер «қазіргі заманғы қоғамның өміріндегі барлық өзгерістер... пра-

* «Volkstaat» газетінде «барлық қоғамдық, праволық, саяси, діни қағидалар» деген сөздердің орнына: «барлық қоғамдық, праволық, саяси жағдайлар, барлық теориялық, философиялық, діни қағидалар» деп басылған. *Ред.*

волық идеямен қамтылуға тиіс, яғни барлық жерде бірдей әділеттіліктің қатаң талаптарына сәйкес жүргізілуге тиіс» деп талап етіп отырғанында, оның Прудоннан өзгешелігі қандай? Не мен оқи білмеймін, не Мюльбергер жаза білмейді.

Бұдан кейін Мюльбергер былай дейді:

«Прудон адамзат қоғамының шын қозғаушысы юридикалық қатынастар емес, экономикалық қатынастар екенін Маркс пен Энгельстен кем білмейді; халықтың праволық идеялары әрбір белгілі кезеңде экономикалық, әсіресе өндірістік қатынастардың тек белгісі, бейнелеуі, жемісі ғана екенін де ол біледі... Қысқасы, право Прудон үшін тарихи қалыптасқан экономикалық жеміс болып табылады».

Егер Прудон осының бәрін (мен Мюльбергердің көмескі айту тәсілін былай қойып, оның ізгі ниеттерімен қанағаттанамын) «Маркс пен Энгельстен кем білмесе»,— онда біз не туралы таласпақшымыз? Бірақ Прудонның білімдері жөніндегі мәселе біраз басқаша қойылып отыр, әңгіменің өзі де осында. Әрбір белгілі қоғамның экономикалық қатынастары ең алдымен *мүдделер* ретінде білінеді. Ал Прудон әлгінде ғана цитатқа келтірілген өзінің басты шығармасында «қоғамдардың өзіне барлық басқа» принциптерді «бағындыратын, негізгі басқарушы, органикалық, суверенді принципі»— *мүдде* емес, *әділеттілік* деп тайға таңба басқандай жазады. Ол осыны өзінің барлық шығармаларының барлық шешуші жерлерінде қайталайды. Осының бәрі Мюльбергердің одан әрі былай деуіне бөгет болмайды:

«...Прудонның «Соғыс пен бейбітшілікте» бәрінен де гөрі терең дамытқан экономикалық право идеясы Лассальдың «Иемденілген праволар жүйесінің» алғы сөзінде сондай жақсы баяндалған негізгі пікірлеріне әбден дәл келеді».

«Соғыс пен бейбітшілік»— Прудонның көптеген шәкірттік шығармаларының ішіндегі, сірә, ең шәкірттік шығарма болар, сондықтан бұл шығарма тарихты немістік материалистік тұрғыдан түсінуді, барлық тарихи оқиғалар мен түсініктерді, бүкіл саясатты, философияны, дінді белгілі бір тарихи дәуір өмірінің материалдық, экономикалық жағдайларымен түсіндіретін материалистік түсінуді Прудонның бейне бір меңгергендігіне дәлелге келтіріледі деп мен ешбір күтпеп едім. Бұл кітаптың материалистігінің аздығы соншалық — *жаратушыны* жәрдемге шақырмайынша, ол тіпті өзінің соғысты қалай түсінетінін де айта алмайды.

«Оның бер жағында біз үшін осындай өмір үлгісін қалап алған жаратушының өзінің мақсаттары болды (II том, 100-бет, 1869 ж. басылуы).

Бұл кітаптың қандай тарихи танымға негізделгенін мынадан көруге болады: онда алтын заманның тарихи өмір сүргендігіне сенім білдірілген:

«Әуелде, адамзат жер шарында әлі сирек бытырап жүрген кезде, табиғат адамның тілектерін оңай қанағаттандырып отырды. Мұның өзі алтын заман, молшылық пен тыныштық заманы еді» (бұл да сонда, 102-бет).

Прудонның экономикалық позициясы ең дәрекі мальтусшілдіктің позициясы болып табылады:

«Егер өндіріс екі есе артса, онда дереу халық та екі есе көбейеді» (106-бет).

Ал сонда бұл кітаптың материализмі неде? Бұл кітапта соғыстың себебі әрқашан «пауперизм» болды және осы уақытқа дейін сол болып отыр-мыс деп айтылатынында (мысалы, 143-беті). Бресиг ағай 1848 ж. сөзінде «Орасан зор қайыршылықтың себебі орасан зор раувретé* болып табылады» деген ұлы сөздерді айтып салғанында дәл сондай айлакер материалист еді.

«Иемденілген праволар жүйесінде» Лассаль юристің ғана емес, ескі гегельшілдің де барлық жалған үміттерінің шырмауында болып отыр. VII бетінде Лассаль «экономикада да иемденілген право ұғымы бұдан былайғы барлық дамуды қозғалысқа келтіретін бастама пункт болып табылады» деп тиянақты мәлімдейді; ол «право дегеніміз парасатты, «өзінен өзі шығып» (демек экономикалық алғы шарттардан шығып емес) «дамитын организм» деп көрсеткісі келеді (XI бет); ол үшін оның міндеті — правоны экономикалық қатынастардан емес, «дамуы және бейнеленуінің өзі право философиясы болып табылатын ерік ұғымының өзінен» тудырып шығаруда болып отыр (XII бет). Бірақ осы арада бұл кітаптың не қатысы бар? Прудон мен Лассальдың арасындағы айырмашылық мынау ғана: Лассаль шын мәнісінде юрист және гегельшіл болып еді, ал Прудон юриспруденцияда да, философияда да, сол сияқты барлық басқасында да, бар болғаны тек дилетант болды.

Бұлғи өзіне өзі қайшы келетіндігі мәлім болып отырған Прудонның екінің бірінде кейбір жерлерде идеяларды фактілерге сүйене отырып түсіндіруге талаптанатындығын білдіретін тәрізді ескертулер де жасайтынын мен өте жақсы білемін. Алайда бұл сияқты пікірлердің мағынасы оның ойының негізгі бағытымен салыстырғанда мүлде түкке тұрғысыз, ал бұлар кездесетін жерде олар оның үстіне өте шатасқан әрі дәйексіз.

Қоғам дамуының белгілі бір, барынша ертедегі сатысында өнімдерді өндірудің, бөлудің және айырбастаудың күннен күнге қайталап отыратын әрекеттерін жалпы ережемен қамту, сөйтіп жеке бір адамның өндіріс пен айырбастың ортақ шарттарына бағынатын болуына қам істеу керектігі туады. Әуелде әдет түрінде білінетін бұл ереже кейін заңға айналады. Заңмен бірге бұл заңның орындалуы тапсырылатын органдар да,— көпшілік-

* — кедейлік. Ред.

тік өкімет, мемлекет сөзсіз пайда болады. Одан былайғы қоғамдық дамудың барысында бұл заң азды-көпті көлемді заң болып ұлғаяды. Бұл заң шығарушылық неғұрлым күрделі болса, оны білдіру әдісі қоғам өмірінің дағдылы экономикалық жағдайларын білдіру әдісінен соғұрлым өзгеше болады. Заң шығарушылық өзінің өмір сүруін ақтауды және өзінің онан әрі дамуын дәлелдеуді экономикалық қатынастардан емес, өзінің ішкі негіздерінен, ең болмаса, айтайық, «ерік ұғымынан» табатын өзіндік мәні бар элемент тәрізді болып көрінеді. Адамдар өздерінің жануарлар дүниесінен шыққандығын ұмытқандығы сияқты, өздерінің праволары олардың өмірінің экономикалық жағдайларынан туатындығын ұмытады. Заң шығарушылықтың күрделі, аумақты тұтас нәрсе болып онан әрі дамуына қарай, еңбектің жаңа қоғамдық бөлінісінің керектігі туады: кәсібі право тану болған адамдар сословиесі қалыптасады, ал бұлармен бірге право ғылымы да пайда болады. Право ғылымы өзінің онан әрі дамуында әр түрлі халықтар мен әр түрлі замандардың праволық жүйелерін бір-бірімен салыстырғанда тиісті экономикалық қатынастардың бейнесі ретінде емес, өздерін негіздеп дәлелдеуді өзі ішінен табатын жүйелер ретінде салыстырады. Бұл салыстыру ортақ бірдеме бар деп жорамалдайды: бұл ортақ нәрсе әлгі барлық праволық жүйелерге азды-көпті бірдей тән нәрсенің бәрін юристердің *табиғи право* деген атақпен біріктіруінен көрінеді. Ал табиғи правоға жататын не, оған жатпайтын не, — мұны анықтайтын өлшем правоның өзінің аса абстрактылы белгісі — *әділеттік* болады. Сонымен, осы кезеңнен бастап, юристердің және олардың айтқанына сенетіндердің көз алдында правоның дамуы адам өмірінің жағдайларын, ол жағдайлардың юридикалық белгісі бар болғандықтан, әділеттілік идеалына қарай, *мәңгі* әділеттілікке қарай барған сайын жақындата беруге ұмтылу ғана болады. Ал бұл әділеттілік әрқашан қазіргі экономикалық қатынастардың не олардың консервативтік жағынан, не олардың революциялық жағынан идеологияландырылған, аспанға көтере дәріптелген көрінісі ғана болып табылады. Гректер мен римдіктердің әділеттілік дегені құлдықты әділетті деп тапты; 1789 ж. буржуаның әділеттілігі әділетсіз деп жарияланған феодализмнің жойылуын талап етті. Пруссия юнкерлері үшін тіпті округтер туралы болымсыз заң да мәңгі әділеттілікті бұзғандық болып табылады²⁵³. Сонымен, мәңгі әділеттілік туралы түсінік уақыт пен орнына қарай өзгеріп қана қоймайды: ол тіпті әр түрлі адамдарда да бірдей емес және, Мюльбергердің дұрыс ескерткеніндей, «әркім өзге бірдеме деп түсінетін» заттардың қатарына жатады. Егер күнделікті өмірде, онда кездесуге тура келетін қатынастардың қарапайымдығы жағдайында, әділетті, әділетсіз, әділеттілік, право сезімі сияқты сөздерді тіпті қоғамдық құбылыстар жөнінде де ерекше бір жаңылыссыз пай-

даланатын болса, онда бұл сөздер экономикалық қатынастардың ғылыми зерттеулерінде, біздің көргеніміздей, сондай адам айтқысыз шатасуға апарып соқтырады — мысалы, қазіргі замандағы химияда флогистон теориясының терминологиясын сақтауға тырысқан болса, онда дәл сондай шатасу туған болар еді. Прудонға ұқсап, әлеуметтік флогистонға, «әділеттілікке» нанса, немесе Мюльбергерге ұқсап, флогистон теориясының дұрыстығы оттегі теориясының дұрыстығынан кем емес деп сендірмекші болса, бұл шатасу одан да жаман болады*.

III

Мюльбергер бұдан әрі оның төмендегі «даурықпа» реніштерін менің реакцияшыл иеремиада деп атағаным үшін назаланады, онысы мынау:

«біздің данқты болған ғасырымыздың бүкіл мәдениетін үлкен қалаларда халықтың 90 және одан да көп процентінің менің өзімдікі деп атарлық баспаналарының болмауы фактісінен асқан, сұмдық келекелеушілік жоқ».

Шынында да, егер Мюльбергер, өзінің айтып отырғанындай, «қазіргі заманның сұмдықтарын» бейнелеумен тынса, онда мен, әлбетте, «ол туралы және оның жұпыны жазбалары туралы» бірде-бір жаман сөз айтпаған болар едім. Бірақ оның істеп отырғаны мүлде басқаша. Ол бұл «сұмдықтарды» жұмысшылардың «өздерінің менің өзімдікі деп атарлық баспаналары болмауының» салдары деп бейнелейді. «Қазіргі заманның сұмдықтары» жөнінде оларды жұмысшының өзінің тұрғын үй меншіктену правосын жойғандықтан болды деп назалана ма, немесе, юнкерлердің істеп отырғанындай, феодализм мен цехтарды жойғандықтан болды деп назалана ма, — бұл екі ретте де реакцияшыл иеремиададан басқа, болмай қоймайтын тарихи қажетті нәрсеңің басып кіргендігі туралы қайғылы өлеңнен басқа түк те шықпайды. Реакцияшылдық нақ мынада: Мюльбергер жұмысшының тұрғын үйге жеке-дара меншігін қалпына келтіргісі келеді, ал оның өзі тарих әлдеқашан жойған іс; ол жұмысшыларды азат ету әрбір жұмысшының қайтадан өз тұрғын үйін меншіктенуші-

* Оттегін ашпастан бұрын химиктер атмосфералық ауада денелердің жануын түсіндіру үшін, жанған кезде ұшып жоқ болатын айрықша жанар зат — флогистон бар деп жорамалдады. Жанған қарапайым денелердің жанғаннан кейінгі салмағы бұрынғысынан артық болатындығы себепті олар флогистонның теріс салмағы бар, сондықтан өзінің флогистонсыз дене флогистонды денеден гөрі ауыр болады деп жариялады. Сөйтіп флогистонға оттегінің барлық өте маңызды қасиеттері бірте-бірте таңыла бастады, бірақ бәрі — кері мағынада таңылды. Жанудың өзі жанушы денелердің басқа денемен, оттегімен қосылуы екендігі ашылған кезде және оттегі таза түрінде алынған кезде — алайда, ескі химиктердің ұзақ қарсыласуынан кейін — әлгі жорамал өзінің мәнін мүлде жоғалтты.

ге айналдыру түрінде ғана мүмкін, басқаша мүмкін емес деп біледі.— Бұдан кейін:

«Менің үзілді-кесілді пайымдайтыным мынадай: күрес затында капиталистік өндіріс әдісіне қарсы жүріп жатыр, сондықтан *сол әдістің өзгертілуіне сүйене отырып* қана тұрғын үй жағдайларының жақсартылуын күтуге болады. Энгельс мұның ештемесін байқамайды... Мен жалдама тұрғын үйлерді төлем төлеп алуға кіріспестен бұрын әлеуметтік мәселенің толық шешілуін көздеймін».

Өкінішке орай, мен қазір де мұның ештемесін әлі байқамай отырмын. Мен тіпті есімінің кім екені өзіме белгісіз біреудің миының жасырын түкпірінде нені жорамалдап отырғанын біле алмаймын ғой. Мен Мюльбергердің басылып шыққан мақалаларына ғана сүйене аламын. Ал онда мен жалдама тұрғын үйді жою үшін алғы шарт ретінде Мюльбергердің... жалдама тұрғын үйдің өзінен басқа ештемені жорамалдайтынын мен әлі де болса тауып отырмын (кітапшаның²³⁴ 15 және 16-беттерінде). 17-бетінде ғана ол «капиталдың өнімділігін қолға алады», бұған біз әлі қайтып ораламыз. Ол тіпті өзінің жауабында да осыны қуаттап, былай дейді:

«Іс көбінесе *қазіргі жағдайларға сүйене отырып*, тұрғын үй мәселесі саласында толық қайта құруды қалай жасауға бола алатындығын көрсетуде болды».

«Қазіргі жағдайларға сүйене отырып» және «капиталистік өндіріс әдісін өзгертуге» (мұның мәнісі — жоюға деген сөз болуға тиіс) «сүйене отырып» дегендердің өзі мүлдем қарама-қарсы ұғымдар ғой.

Дольфус мырзаның және басқа фабриканттардың жұмысшылардың меншікті үйі болуына көмектесу жөніндегі филантропиялық ниеттерін менің Мюльбергердің прудонистік жобаларын практикада жүзеге асырудың бірден-бір мүмкін амалы деп білуіме оның қайғыратыны танданарлық емес. Ал егер Мюльбергер қоғамды құтқарудың прудондық жоспары бүтіндей *буржуазиялық* қоғамның негізінде қалып қоятын қиял екендігін түсінсе, онда ол, әлбетте, бұл жоспарға соншама нанбаған болар еді. Ал мен оның игі ниеттеріне еш уақытта және еш жерде күмәнданған емеспін. Бірақ бұлай болғанда, ол Вена қалалық басқармасына Дольфус мырзаның жобаларына еліктеуді ұсынғандығы үшін д-р Решауэрді неге мақтайды?

Бұдан кейін Мюльбергер былай деп мәлімдейді:

«Жекелеп алғанда, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылыққа келетін болсақ, онда оны жоюға ұмтылу утопиялар саласына жатады. Бұл қарама-қарсылық — табиғи нәрсе, дұрысырақ айтқанда, тарихи түрде туған... Мәселе бұл қарама-қарсылықты *жоюда* емес, қайта ол *зиянсыз* тіпті *жемісті* болатындай саяси және әлеуметтік формаларды табуда. Осындай жолмен бейбіт келісімге жетуге, мүдделерді бірте-бірте теңестіруге болады».

Сөйтіп, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жою — утопия, *өйткені* бұл қарама-қарсылық — табиғи нәрсе, дұрысырақ айтқанда, тарихи түрде туған. Осы логиканы қазіргі қоғамның басқа қарама-қарсылықтарына қолданайық және мұның бізді қайда апарып соғатынын көрейік. Мысалы:

«Жекелеп алғанда» капиталистер мен жалдама жұмысшылардың «арасындағы қарама-қарсылыққа келетін болсақ, онда оны жоюға ұмтылу утопиялар саласына жатады. Бұл қарама-қарсылық — табиғи нәрсе, дұрысырақ айтқанда, тарихи түрде туған. Мәселе бұл қарама-қарсылықты *жоюда* емес, қайта ол *зиянсыз*, тіпті *жемісті* болатындай саяси және әлеуметтік формаларды табуда. Осындай жолмен бейбіт келісімге жетуге, мүдделерді бірте-бірте теңестіруге болады».

Сөйтіп, біз қайтадан Шульце-Деличке келдік.

Капиталистер мен жалдама жұмысшылардың арасындағы қарама-қарсылықты жоюдан гөрі, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жоюдың утопиялылығы артық та емес, кем де емес. Ол қарама-қарсылықты жою күннен күнге өнеркәсіп өндірісінің де, ауыл шаруашылық өндірісінің де практикалық талабына айнала түсуде. Мұны Либихтің агрохимия жөніндегі өз шығармаларында талап еткенінен гөрі қатты талап еткен ешкім жоқ, мұнда ол адамның жерден не алса, соны жерге қайтарып беруін бірінші талап ретінде әрқашан алға қойып отырды және мұнда қалалардың, әсіресе ірі қалалардың өмір сүруі бұған кедергі болып отырғаны дәлелденеді. Осында, Лондонның бір өзінде ғана, күннен күнге, орасан көп қаражат жұмсалымымен бүкіл Саксония корольдігінде өндірілгенінен анағұрлым көп көңнің теңізге төгілетінін көргенінде және бұл көңнің бүкіл Лондонды уландырмауы үшін қаншалықты зор құрылыс орындары қажет екенін көргенінде, — қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жою туралы утопия тамаша практикалық дәлелдемеге ие болады. Тіпті біршама шағын Берлиннің өзі қалай болғанда да отыз жыл бойы өзінің иіс-қоңысты ласынан тұншығуда. Екінші жағынан, Прудонға ұқсап, шаруаны сол қалпында сақтай отырып, қазіргі заманғы буржуазиялық қоғамда төңкеріс жасауды тілеу барып тұрған утопия болар еді. Халықты бүкіл ел ішіне мүмкін болғанынша неғұрлым біркелкі бөлу ғана, өнеркәсіптік және егіншілік өндірістің тығыз ішкі байланысы ғана, мұнымен қатар бұл үшін қатынас құралдарын қажетті түрде кеңейту ғана, — әрине, капиталистік өндіріс әдісінің жойылуы жағдайында, — мындаған жылдар бойы дерлік қалт-күлт тіршілік етіп келе жатқан село халқын оқшаулану мен топастану жағдайынан құтқара алады. Адамдардың олардың тарихи өткендегісі құрсаулап келген бұғаудан азат етілуі қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық жойылғанда ғана толық азат етілу болады деп пайымдау есте утопия болып

табылмайды; қазіргі қоғамға тән белгілі бір қарама-қарсылықтың шешілуге тиісті *формасын* «қазіргі қатынастарға сүйене отырып» алдын ала көрсетіп беруге әрекеттенген күнде ғана утопия пайда болады. Ал Мюльбергер тұрғын үй мәселесін шешудің прудондық формуласын қабылдап, нақ осыны істеп те отыр.

Бұдан кейін Мюльбергер «Прудонның капитал мен процент жөніндегі сорақылық көзқарастары» үшін менің белгілі дәрежеде оны да жауапты деп санайтыныма ренжиді де, былай деп мәлімдейді:

«Өндірістік қатынастардың өзгеруін мен *күні бұрын белгіленген* нәрсе деп жорамалдаймын, ал процент ставкасын реттейтін өтпелі заң өндірістік қатынастарға емес, қайта қоғамдық айналымға, айналыс қатынастарына қатысты... Өндірістік қатынастардың өзгеруі немесе, неміс мектебі дәлірек тұжырымдайтынындай, капиталистік өндіріс әдісінің жойылуы, әрине, маған мұны Энгельстің *таңып отырғанындай*, процентті жоятын өтпелі заңның нәтижесінде емес, *еңбектің барлық құралдарын*, бүкіл өнеркәсіпті еңбекші халықтың *іс жүзінде иемденіп алуы* нәтижесінде болады. Бұл арада еңбекші халық төлем төлеп алуға ма әлде дереу экспроприациялауға ма, қайсысына ден қояды» (!) «мұны Энгельс те шеше алмайды, мен де шеше алмаймын».

Мен таңданып, көзімді уқалаймын. Мюльбергердің жалдама тұрғын үйлерді төлем төлеп алуы «еңбектің барлық құралдарын, бүкіл өнеркәсіпті еңбекші халықтың іс жүзінде иемденіп алуын» күні бұрын көздейді деп мәлімдейтін жерін тауып алу үшін мен оның шығармасын басынан аяғына дейін тағы да қайта оқып шықтым. Бұл жерді мен таба алмадым. Ондай жері жоқ. «Іс жүзінде иемденіп алу» және т. т. туралы еш жерде сөз болмаған. Оның есесіне 17-бетте былай делінген:

«Мысалы, *барлық капиталдан алынатын проценттің мөлшерін бір процент етіп қатаң белгілейтін*, оның бер жағында проценттің бұл мөлшерін де бірте-бірте нольге жақындату тенденциясы бар *өтпелі заң арқылы* капиталдың өнімділігі *шын мәнісінде қолға алынды* дейік,— мұның өзі ерте ме, кеш пе, осылай болуға тиісті де... Әлбетте, үй де, пәтер де, барлық басқа өнімдер сияқты, осы заңның қолданылуына жатады... Сонымен, бұл жағынан алғанда да біз жалдама пәтерлерді төлем төлеп алу *жалпы алғанда капиталдың өнімділігін жоюдың қажетті нәтижесі болып табылатындығын* көріп отырмыз».

Демек, Мюльбергердің ен жаңа бет бұрысына толық қарама-қарсы, мұнда капиталдың өнімділігін — ал бұл шатастыратын сөзді ол біле тұра капиталистік өндіріс әдісі деп ұғынады — процентті жою туралы заң арқылы іс жүзінде «қолға алуға болар еді» және нақ осы заңның нәтижесінде «жалдама тұрғын үйлерді төлем төлеп алу жалпы алғанда капиталдың өнімділігін жоюдың қажетті нәтижесі болып табылады» деп түспалдамай тура айтылып отыр. Мүлдем олай емес дейді енді Мюльбергер. Бұл өтпелі заң «*өндірістік қатынастарға емес, айналыс қатынастарына қатысты*». Гётенің сөзімен айтқанда, «ақылдыларға да,

ақымақтарға да бірдей жұмбақ»* осындай барынша қайшылық болған жағдайда менің тек былай деп жорамалдауыма ғана болады: мен әр түрлі екі Мюльбергермен істес болып отырмын, олардың біреуі екіншісінің басып шығарғанын менің оған «таңғаныма» орынды түрде назаланады.

Еңбекші халық өзі іс жүзінде иемденіп алуы кезінде «төлем төлеп алуға ма, әлде дереу экспроприациялауға ма, қайсысына ден қоятынын» менен де, Мюльбергерден де сұрамайды,— бұл әбден дұрыс. Оның жалпы алғанда «ден қоймауды» артық санауы өте-мөте ықтимал. Бірақ еңбектің барлық құралдарын еңбекші халықтың іс жүзінде иемденіп алуы туралы әсте сөз болған жоқ қой; Мюльбергердің (17-бет) «тұрғын үй мәселесін шешудің барлық мазмұны *төлем* деген сөзде берілген» деп пайымдауы туралы ғана сөз болды. Егер ол енді келіп әлгі төлемді өте күмәнді деп танып отырса,— онда біз екеуміздің де, оқушылардың да құр бекер мазасын алудың керегі не?

Алайда, мынаны атап көрсету қажет: барлық еңбек құралдарын, бүкіл индустрияны еңбекші халықтың «іс жүзінде иемденіп алуы»— прудондық «төлемге» мүлде қарама-қарсы болып табылады. Соңғыдай болғанда, *жеке жұмысшы* тұрғын үйді, шаруа жер учаскесін, еңбек құралдарын меншіктенуші болады; ал бірінші жағдайда, үйлерді, фабрикаларды, еңбек құралдарын бірлесіп меншіктенуші «еңбекші халық» болады. Бұл үйлер, фабрикалар және басқалар, ең болмағанда, өтпелі дәуірде, жеке адамдардың не серіктіктердің пайдалануына берілгенде шығынның орнын толтыртпай беріле қояр ма екен. Нақ сол сияқты, жерді меншіктенушілікті жою жер рентасын жоюды көздемейді, оны, түрі өзгертілген формада болса да, қоғамның қолына беруді көздейді. Демек, барлық еңбек құралдарын еңбекші халықтың іс жүзінде иемденуі жалдау мен жалға берудің сақталуын ешбір жоймайды.

Пролетариат өкіметке ие болғанда, өндіріс құралдарын, шикі материалдарды және күн көріс заттарын жай күш жұмсау жолымен өзіне қаратып ала ма, бұл үшін ол дереу ақы төлей ме, әлде бұл меншікті шамалы ішінара төлем төлеп бірте-бірте ала ма,— жалпы алғанда әңгіме мүлдем мұнда емес. Бұл мәселеге күні бұрын және барлық болуы мүмкін жағдайлар жөнінде жауап беруге тырысу — утопияларды қолдан жасау деген сөз болар еді, ал мен мұны басқалардың істеуіне беремін.

IV

Ақырында, мәселенің Мюльбергер өзінің жауабында соншама жоламауға тырысқан дәл мәніне Мюльбергердің ескертулері

* *Гёте*. «Фауст», I бөлім, алтыншы сахна («Жезтырнақтың ас үйі») (сөздері ауыстырылып айтылып отыр). *Ред.*

мен жалтаруларының қалың нуынан өтіп жету үшін міне қаншама қағаз жазуға тура келді.

Мюльбергер өзінің мақаласында татымды не айтты?

Біріншіден,— «үй салуға, құрылыс учаскесіне және т. т. жұмсалған бастапқы шығындар мен оның қазіргі құнының арасындағы айырмашылық» право бойынша қоғамдікі. Бұл айырмашылық экономика тілінде жер рентасы деп аталады. Прудонның да бұл айырмашылықты қоғамға бергісі келеді, мұны оның «Революцияның жалпы идеясынан» оқуға болады, 1868 ж. басылуы, 219-беті.

Екіншіден,— тұрғын үй мәселесін шешудің мәнісі мынада: әрбір пәтер жалдаушы өз пәтерінің меншіктенушісіне айналады.

Үшіншіден,— бұл шешім жалдау жөніндегі төлемдерді тұрғын үйдің сатып алу бағасының орнын толтыру жөніндегі төлемдерге айналдыратын заң арқылы жүзеге асырылады.— Бұл екі пункттің екеуі де, екінші және үшінші пункттер, Прудоннан алынған, мұны «Революцияның жалпы идеясынан» әркімнің көруіне болады, 199 және келесі беттері, ал 203-бетінде тіпті редакцияланып әзір тұрған тиісті заң жобасы да бар.

Төртіншіден,— капиталдың өнімділігі өтпелі заң арқылы қолға алынады, бұл заң бойынша процент ставкасы әуелі 1 процентке дейін кемітіледі, одан кейін оның бұдан да кемітілуі еске алынады. Бұл да тура Прудоннан алынған, бұл туралы «Жалпы идеядан» толық оқуға болады, 182—186-беттері.

Осы пункттердің әрқайсысы бойынша мен Прудоннан цитат келтіргенде Мюльбергердің көшірмесінің түпнұсқасы бар жерінен келтірдім, сондықтан прудонистік көзқарастардан басқа ештеме жоқ, барып тұрған прудонистік мақаланың авторын менің прудонист деп атауыма мен праволы болдым ба әлде праволы болмадым ба?— деп сұраймын. Дегенмен Мюльбергер басқа ештеме емес, менің оны прудонист деп атағаным, менің бейне бір «Прудонға тән кейбір сөз саптауға тап болғандығымнан» солай атағаным сонша өкінішпен назаланады. Мұның керісінше, барлық «сөз саптау» Мюльбергердікі, ал мазмұны Прудондікі. Осыдан кейін мен прудонистік мақаланы Прудонмен толықтырғанымда, Мюльбергер мені оған Прудонның «сорақылық көзқарастарын» тықпалайды деп назаланады.

Ал сонда осы прудонистік жоспарға менің қарсылығым неде болды?

Біріншіден,— жер рентасын мемлекетке беру жеке-дара жер меншігін жоюмен бірдей.

Екіншіден,— жалдама тұрғын үйді төлем төлеп алу және тұрғын үй меншігін бұрынғы жалдаушыға беру капиталистік өндіріс әдісінің шырқын есте де бұзбайды.

Үшіншіден,— ірі өнеркәсіптің және қалалардың қазіргі заманғы дамуы жағдайында бұл ұсыныс қаншалықты реакцияшыл

болса, соншалықты қисынсыз, сондықтан әрбір жеке адамның өзінің тұрғын үйіне жеке меншіктілігін қалпына келтіру кері басқан қадам болар еді.

Төртіншіден,— капиталдан түсетін процентті еріксіз кеміту капиталистік өндіріс әдісіне ешбір нұқсан келтірмейді, қайта, мұның керісінше, өсімқорлыққа қарсы заңдардың дәлелдеп отырғанындай, өте ескі және орындалмайтын талап болып табылады.

Бесіншіден,— капиталдан түсетін проценттің жойылуымен үйлерді жалдағаны үшін төленетін ақы әсте жойылмайды.

Екінші және төртінші пункттер жөнінде Мюльбергер қазір келісті. Басқа пункттерге қарсы ол бір ауыз сөз де қарсылық білдірмейді. Ал бұлар нақ сол талас болып отырған пункттер ғой. Бірақ Мюльбергердің жауабы қарсылық емес; оның жауабында шешуші пункттер болып табылатын экономикалық пункттердің бәрі ыждағатты түрде орағытылып кетеді; бұл жауап — оның жеке басының шағымы, одан басқа түк емес. Сөйтіп ол оның басқа мәселелер, мысалы, мемлекеттік борыштар, жеке адамдардың борыштары, кредит туралы мәселелер жөнінде уәде еткен шешімін менің алдын ала аңғарып қойып, тұрғын үй мәселесінің шешімі қандай болса, барлық жерде де сондай болады — процент жойылады, процент төлемдері капиталды өтеу жөніндегі төлемдерге айналдырылады, ал кредит тегін болып жарияланады деуіме назаланады. Ал дегенмен мен қазір де мынаған бәстесуге әзірмін: Мюльбергердің осы мақалалары жарыққа шыққан кезде, бұлардың мазмұны затында Прудонның «Жалпы идеясына» сәйкес келетін болады (кредит — 182-бет, мемлекеттік борыштар — 186-бет, жеке адамдардың борыштары — 196-бет), тұрғын үй мәселесі туралы мақалалардың сол кітаптың цитат келтірілген жерлеріне сәйкес келгені сияқты болады.

Мюльбергер бұл мәселелер — салықтар, мемлекеттік борышпен жеке адамдардың борыштары, кредит туралы мәселелер, тағы оның үстіне қауымның автономиялылығы туралы мәселе — шаруа үшін және деревняда насихат жүргізу үшін өте-мөте маңызды деп бұл жөнінде мені үйретеді. Бұған едәуір дәрежеде қосыламын, бірақ 1) шаруалар жөнінде осы уақытқа дейін әсте сөз болған жоқ және 2) бұл мәселелердің бәрінің прудондық «шешімі», оның тұрғын үй мәселесін шешуі қандай болса, сондай экономикалық жағынан ақылға сыйымсыз және мәні жағынан сондай буржуазияшыл. Мені шаруаларды қозғалысқа тартуды қажет деп білмейді деп Мюльбергердің ишарат білдіруінен менің қорғануыма тура келмейді. Алайда мен осы мақсатпен шаруаларға прудондық балгерлікті ұсынуды дегенмен ақымақтық деп санаймын. Германияда ірі имениелер әлі өте көп. Прудондық теория бойынша бұлардың бәрін ұсақ-ұсақ шаруа ша-

руашылықтары етіп бөлшектеу керек болар еді, мұның өзі ауыл шаруашылығы ғылымының қазіргі деңгейі тұсында және Франция мен Батыс Германияның парцелльдік жер иемдену саласындағы тәжірибесінен кейін тура реакциялық қадам болар еді. Мұның керісінше қазір әлі бар ірі жер иеленушілік ассоциацияланған қызметкерлердің көмегімен егіншілікті кең ауқымда жүргізу үшін бізге қажетті негіз болады, ал қазіргі замандағы барлық көмекші құралдарды, машиналарды және т. с. қолдану және сол арқылы ұсақ шаруаларға ассоциация негізінде жүргізілетін ірі шаруашылықтың артықшылықтарын айқын көрсету егіншілікті әлгіндей кең ауқымда жүргізгенде ғана мүмкін болады. Бұл жағынан алғанда басқалардың бәрінен алда жүрген даниялық социалистер мұны әлдеқашан түсінді.

Дәл сол сияқты, жұмысшылардың қазіргі сұмдық тұрғын үй жағдайлары маған «маңызы жоқ бос нәрсе» болып көрінді-міс деген кінәлаудан да менің өзімді қорғап жатуымның қажеті жоқ. Менің білетінім, бұл жағдайларды, олардың Англияда болып отырған күйінде, классикалық даму формасында неміс әдебиетінде бірінші болып суреттедім; және мұның өзі, Мюльбергердің жорамалдап отырғанындай, бұл жағдайлар «менің *правольк сезімімді* қорлайтындықтан» емес,— кімде-кім өзінің *правольк сезімін* қорлайтын фактілердің бәрін кітапқа айналдырмақшы болса, ол көп әурешілікке ұшырар еді,— менің кітабымның алғы сөзінде* көрсетілгеніндей, сол кезде енді ғана пайда болған, құрғақ сөздер төңірегінде шырмалып жүрген неміс социализміне қазіргі заманғы ірі өнеркәсіп туғызған қоғамдық жағдайларды суреттеу жолымен фактілердің іргетасын қалап беру үшін еді. Бірақ, шынында да, тұрғын үй *мәселесі* дейтінді шешу менің ойыма кіріп те шықпайды, дәл сол сияқты, мен анағұрлым маңызды *азық-түлік мәселесін* шешудің егжей-тегжейімен шұғылдана қоймас едім. Мен біздің қазіргі заманғы қоғамның өндірісі қоғамның барлық мүшелерін қоректендіру үшін жеткілікті зор екенін және еңбекшілер бұқарасына қазірдің өзінде кең және таза баспана беру үшін жеткілікті үйлер бар екенін айта алсам, соның өзі мені толық қанағаттандырады. Ал болашақ қоғам тамақ пен тұрғын үйді бөлу ісін қалай реттейтіні туралы данасушылық тура *утопия* саласына бастап апарады. Өндірістің бұрынғы барлық әдістерінің негізгі жағдайларын зерттеуге сүйене отырып, біздің айта алатынымыздың ең маңыздысы мынау: капиталистік өндірістің құлауымен бірге ескі қоғамға тән иемденушіліктің белгілі формалары мүмкін болмай қалады. Тіпті өтпелі шаралардың өзі барлық жерде бірдей сол кездегі бар қаты-

* Ф. Энгельс. «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» (Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 238—240-беттер). Ред.

настарға сәйкес болуға тиіс; ұсақ жер иеленушілік елдерінде бұл шаралар ірі жер иеленушілік елдеріндегіден елеулі түрде өзгеше болады және тағысын тағылар. Тұрғын үй мәселесі және т. б. сияқты осы практикалық мәселе дейтіндерді даралап шешу әрекетінің нәтижесінде не болып шығатындығын Мюльбергердің өзінің мысалы бәрінен де гөрі жақсы көрсетіп отыр; ол әуелі 28 бетте «тұрғын үй мәселесін шешудің барлық мазмұны төлем деген сөзде берілген» деп тыңғылықтап түсіндіреді, ал содан кейін, оны тығырыққа тіреген кезде, үйлерді іс жүзінде иемдену немесе экспроприацияның қандай болса да басқа бір формасы жағдайында «еңбекші халық төлем төлеп алуға ден қоя ма» деген мәселе затында әлі өте үлкен мәселе деп қымсына міңгірлей бастайды.

Мюльбергер біздің *практикашыл* болуымызды, біздің «шын мәніндегі практикалық қатынастарға» «бір ғана өлі, абстрактылы формулаларды қарсы қоймауымызды», біздің «абстрактылы социализмнен *белгілі бір, нақтылы қоғамдық қатынастарға* бет бұруымызды» талап етеді. Егер Мюльбергер осылай істеген болса, онда ол, бәлкім, қозғалысқа көп еңбек сіңірген болып шығар еді. Белгілі бір нақтылы қоғамдық қатынастарға бет бұрудағы бірінші қадам — ол қатынастарды зерттеу, олардың шын экономикалық байланысын зерттеу болып табылады ғой. Ал біз Мюльбергерден не көріп отырмыз? Тұтасынан екі қағида көріп отырмыз, атап айтқанда:

1) «Капиталист жөнінде жалдама жұмысшы қандай болса, үй иесі жөнінде пәтер жалдаушы сондай».

Мен жоғарыда, жеке басылуының 6-бетінде* мұның мүлдем дұрыс емес екенін көрсеттім және Мюльбергердің бұған қарсы айтары жоқ...

2) «Дереу жігермен қолға алатын нәрсе» (әлеуметтік реформа тұсында) «саяси экономияның либералдық мектебінде *капиталдың өнімділігі* деп аталатын, *шынында жоқ, бірақ жалған түрде бар болуымен* қазіргі заманғы қоғамды басып тұрған теңсіздік атаулының бүркеніші болатын *капитал өнімділігі* дейтін болып табылады».

Сонымен, дереу жігермен қолға алатын нәрсе *«шынында жоқ»*, ендеше, қолға алатын «түк» те жоқ. Барлық пәле оның өзінде емес, оның *жалған түрде бар* болуында. Солай бола тұрса да, «(капиталдың) өнімділігі дейтін нәрсе жер бетінде үйлер мен қалаларды тамаша етіп сала алады»; бұл үйлер мен қалалардың болуы әсте де «жалған» емес (12-бет). Маркстің «Капиталы» «өзіне де жақсы таныс» екендігіне қарамастан бұл адам капитал

* Қараңыз: осы том, 329-бет. Ред.

мен еңбектің арасындағы қатынас туралы бірдемені шама-шарықсыз шатыстырып былдырлайды, неміс жұмысшыларына жаңа және ең жақсы жолды көрсету батылдығын өзіне алмақшы болады және өзін «ең болмағанда жалпы және тұтас алғанда болашақ қоғамның архитектуронасын түсінетін сәулетші» етіп көрсетеді!

«Белгілі бір, нақтылы қоғамдық қатынастарға» Маркстің «*Капиталда*» істегенінен асып ешкім одап жақын «бет бұрған» жоқ. Бұл қатынастарды жан-жақты зерттеуге ол жиырма бес жыл уақытын жұмсады, сондықтан оның сынының нәтижелерінде барлық жерде бірдей шешімдер дейтіннің — бұл шешімдер жалпы алғанда қазіргі уақытта қаншалықты мүмкін болса — бастамалары да бар. Бірақ құрметті Мюльбергерге бұл аз. Мұның бәрі абстрақтылы социализм, өлі абстрақтылы формулалар. «Белгілі бір нақтылы қоғамдық қатынастарды» зерттеудің орнына құрметті Мюльбергер Прудонның бірнеше томын оқумен қанағаттанады, ал бұл томдар белгілі бір нақтылы қоғамдық қатынастар туралы оған мүлдем ештеме айтпайды, бірақ оның есесіне оған барлық қоғамдық қырсықтардан құтқаратын өте бір айқын нақтылы ғажап рецептілер береді; әлеуметтік құтқарудың осы дайын жоспарын, осы прудондық *жүйені* ол неміс жұмысшыларының алдына әкеліп тартады, мұндағы ұстанатын желеуі: *ол «жүйелермен қоштасқысы»* келеді екен,— ал мен болсам, оның айтуынша, «қарама-қарсы жолды қалап алып-пын»! Мұны ұғыну үшін, мен — соқырмын, ал Мюльбергер саңырау деп жорамалдауға тиістімін, сондықтан біз бір-бірімізбен ешбір түсінісе алмаймыз.

Осы да жетер. Егер бұл айтыс басқа ешқандай қызмет ете алмаса, онда ол қайткен күнде де өздерін «практикашыл» социалистерміз деп атайтын социалистердің практикасының жайы қандай екенін көрсетуімен-ақ пайдалы. Барлық әлеуметтік қырсықтарды жоюға арналған бұл практикалық ұсыныстарды, бұл әлеуметтік панацеяларды қашан да болса, қай жерде болса да пролетарлық қозғалыс әлі сәбилік жаста болған кезінде бой көрсеткен секталардың негізін салушылар жасаған. Бұлардың қатарына Прудон да қосылады. Пролетариаттың дамуы бұл бала жаялықтарын аулақ лақтырып тастайды және жұмысшы табының өзін бұл күні бұрын ойдан шығарылған, қандай жағдайға болса да қолайлы келетін «практикалық шешімдерден» қолайлылығы аз ештеме жоқ, қайта, мұның керісінше, практикалық социализмнің мәнісі — капиталистік өндіріс әдісінің әр түрлі жақтарын дұрыс түсіну болып табылады деп ұғынушылыққа тәрбиелейді. Мұны ұғынып алған жұмысшы табына әрбір нақтылы жағдайда өзінің басты соққыларын қандай әлеу-

меттік мекемелерге қарсы және қалай бағыттау керек екенін шешу *ешқашан* қиын болмайды.

Ф. Энгельс 1872 ж. майда — 1873 ж. январьда жазған

„Der Volksstaat“ газетінің 1872 ж. 26 және 29 июньдегі, 3 июльдегі, 25 және 28 декабрьдегі 51, 52, 53, 103 және 104-номерлерінде, 1873 ж. 4 және 8 январьдағы, 8, 12, 19 және 22 февральдағы 2, 3, 12 13, 15 және 16-номерлерінде басылған және 1872—1873 жылдары жеке үш кітапша түрінде Лейпцигте басылған

Қол қойған: Фридрих Энгельс

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 203—284-беттер

БЕДЕЛ ТУРАЛЫ²⁵⁴

Соңғы уақытта кейбір социалистер өздері *бедел принципі* деп атайтынға қарсы нағыз крест жорығын бастап отыр. Белгілі бір қимылды айыптау үшін оны *беделді* деу оларға жетіп жатыр. Осы қарадүрсін тәсілдің теріс пайдаланыла бастағаны соншалық, бұл мәселені біраз толығырақ қарастырып өту қажет. Бұл арада әңгіме болып отырған мағынадағы бедел — басқаның еркін бізге еріксіз таңу болып табылады; екінші жағынан, бедел — бағынушылықты талап етеді. Бірақ осы екі пікірдің екеуі де жағымсыз естілетіндіктен және олар арқылы білдірілетін қарым-қатынас бағынушы жақ үшін ауыр тиетіндіктен, осы қарым-қатынассыз-ақ өмір сүруге болмай ма, біз — қазіргі қоғамда болып отырған жағдайлар тұсында — осы бедел мағынасыз қалатын, демек, жойылуға тиіс болатын басқа қоғамдық құрылыс құра алмаймыз ба деген сұрақ туады. Қазіргі буржуазиялық қоғамның негізінде жатқан экономикалық, өнеркәсіптік және аграрлық қатынастарды қарастыра келіп, біз бұл қатынастардың бытыраңқы қимылдарды адамдардың бірлескен қызметімен барған сайын ауыстыра түсу тенденциясы барлығын көреміз. Бытыраңқы өндірушілердің шағын шеберханаларының орнына зор фабрикалары мен заводтары бар осы заманғы өнеркәсіп пайда болды; бұл фабрикалар мен заводтарда жүздеген жұмысшылар бұмен жүргізілетін күрделі машиналарды басқарады; кішкене желкенді қайықтар мен фелюгаларды пароходтардың ығыстырып шығарғаны сияқты, үлкен жолдарда дилижанстар мен арбаларды темір жол поездары ығыстырып тастады. Тіпті егіншілікте де ұсақ меншікшілерді жалдама жұмысшылардың көмегімен көлемі үлкен жерді өңдейтін ірі капиталистермен баяу да болса үнемі алмастырушы машина мен бу барған сайын үстем бола түсуде. Сонымен, бірлескен қызмет, біріне-бірі байланысты процестердің күрделіленуі жеке адамдардың байланыссыз қызметінің орнын басып келеді. Бірақ бірлескен қызмет ұйымдасу деген сөз, ал беделсіз ұйымдасу мүмкін бола ма?

Әлеуметтік революция қазіргі уақытта байлықтар өндірісі

мен оның айналысы беделіне бағынышты болып отырған капиталистерді құлатты дейік. Айтайық, беделге қарсылардың көзқарасы жағында толық бола отырып, жер мен еңбек құралдары оларды пайдаланатын жұмысшылардың коллективтік меншігіне айналған екен дейік. Сонда бедел жойыла ма, әлде ол тек өзінің формасын ғана өзгерте ме? Қарастырып көрейік.

Мысал ретінде мақта иіру өнеркәсібін алайық. Мақта жіпке айналмастан бұрын ең аз дегенде бірінен соң бірі болатын алты операциядан өтуге тиіс және бұл операциялар көбінесе әр түрлі үйлерде болады. Сонан соң, машиналардың кідіріссіз жұмыс істеуі үшін бу машинасын бақылайтын инженер керек, күнделікті жөндеулер үшін механиктер және өнімдерді бір үйден екінші үйге тасымалдау және басқалар үшін көптеген басқа да жұмысшылар керек. Осы жұмысшылардың — еркектердің, әйелдер мен балалардың — бәрі жеке адамның автономиясымен жұмысы жоқ бу беделі белгілейтін сағатта жұмысты бастап, аяқтауға мәжбүр болады. Сонымен, жұмысшылар ең алдымен еңбек сағаттары жөнінде келісіп алуға тиіс; ал осы сағаттар қалай белгіленісімен, олар енді жұрттың бәріне бірдей міндетті болады. Сонан соң әрбір үйде өндіріс процесіне, материалдарды бөлуге және тағы басқаларға қатысты жеке мәселелер минут сайын туып отырады, бүкіл өндірістің дереу тоқтап қалмауы үшін бұл мәселелерді қолма-қол шешіп отыру керек. Бұл мәселелер қалай шешілсе де, еңбектің әрбір саласын басқаруға қойылған делегаттың ұйғаруымен шешілсе де, немесе, егер бұл мүмкін болса, көпшілік дауыспен шешілсе де, жеке адамдардың еркі әрқашан да бағынуға тиіс, ал мұның өзі мәселелер бедел арқылы шешілетін болады деген сөз. Үлкен фабриканың механикалық автоматы жұмысшылар жұмыс істеп беретін ұсақ капиталистердің қашанда бір болғанынан гөрі әлдеқайда қаталырақ болады. Қалай болғанда да, еңбек мерзіміне келетін болсақ, онда бұл фабрикалардың қақпаларының мандайшасына былай дап жазып қоюға болады. *Мұнда кіретін сіздер, автономия атаулыны қойыңыздар!** Егер адам ғылыммен және творчестволық данышпандықпен табиғат күштерін өзіне бағындырып алса, онда бұл күштер өздерін адам пайдаланатын болғандықтан, әлеуметтік ұйымның қандай болғандығына қарамастан, адамның өзін нағыз деспотизмге бағындырып, одан кегін алады. Ірі өнеркәсіпте беделді жойғысы келу дегеніміз өнеркәсіптің өзін жойғысы келу — қол ұршыққа қайтып оралу үшін бумен жүретін жіп иіру машинасын жойғысы келу деген сөз.

Басқа бір мысалды — темір жолды алайық. Мұнда да сансыз көп адамдардың бірлесіп жұмыс істеуі сөзсіз қажет; бұлай бір-

* Данте. «Күдіретті комедия». Дозак, III өлең, 3-шумақ (өзгертіп алынған). Ред.

лесу апатты жағдайларға ұшырамас үшін дәлме-дәл белгіленген уақытта жүзеге асырылуы тиіс. Мұнда да істің бірінші шарты бағыныңқы мәселе атаулының бәрін шешетін өктемдік ерік болып табылады,— бұл ерік бір делегатқа берілген бе немесе мүдделі адамдар көпшілігінің қаулысын орындау тапсырылған тұтас бір комитетке берілген бе, мұның бәрібір. Бұл жағдайдың қай-қайсысында болсын бедел айқын көрініп тұр. Ол ол ма: егер жолаушы мырзалар жөнінде темір жол қызметшілерінің беделі жойылған болса, онда тіпті бірінші жөнелтілген поездың өзінің күйі не болар еді?

Ашық теңіздегі кемеде беделдің — бедел болғанда нағыз өктем беделдің — қажет екендігі айдан анық. Онда қауіп төнген шақта барлық жұрттың өмірі бір адамның еркіне олардың бәрінің дереу және сөзсіз бағынуына байланысты болады.

Егер мен беделге мейлінше қарсы болушыларға осы дәлелдерді қарсы қойсам, онда олар маған мынадай ғана жауап қайтара алады: «Ия! бұл рас, бірақ бұл жерде әңгіме делегаттарымызға өзіміз беретін бедел туралы емес, *белгілі бір тапсырма туралы* болып отыр ғой». Бұл адамдар егер біз белгілі бір заттың атын өзгертсек, онда ол заттың өзін де өзгерте аламыз деп ойлайды. Осы терең ойшылдар бізді турадан-тура күлкі қылып отыр.

Сонымен, біз, бір жағынан, қалай пайда болса да, белгілі бір беделдің, ал екінші жағынан, қоғамдық ұйымның қандай болғандығына қарамастан, белгілі бір түрде бағынушылықтың өнім өндіру мен өнім айналысы болып жататын материалдық жағдайлар тұсында біздер үшін міндетті екенін көрдік.

Екінші жағынан, біз ірі өнеркәсіп пен ірі егіншіліктің дамуына байланысты өндіріс пен айналыстың материалдық жағдайлары сөзсіз күрделілене түсетінін және осы беделдің өрісін барынша кеңейте түсуге тырысатынын көрдік. Сондықтан да бедел принципін мүлдем жаман, ал автономия принципін — барынша жақсы деп көрсету қисынсыз болады. Бедел мен автономия дегендер относителді нәрсе, сондықтан оларды қолдану саласы қоғамдық дамудың әр түрлі кезеңімен бірге өзгеріп отырады. Егер де автономистер болашақтағы әлеуметтік ұйым беделге өндіріс жағдайлары сөзсіз керек ететін шеңберлерде ғана жол беретін болады дегісі келсе, онда олармен түсінісуге болар еді. Бірақ олар беделді қажет ететін барлық фактілер жөнінде көз жұмады да, сөзге қарсы аянбай күреседі.

Беделге қарсы болушылар саяси беделге қарсы, мемлекетке қарсы айқай-шу көтерумен неге тынбайды? Барлық социалистер болашақ әлеуметтік революцияның нәтижесінде саяси мемлекет, ал сонымен бірге саяси бедел де құритындығына, яғни қоғамдық функциялар өзінің саяси сипатын жоғалтып, әлеуметтік мүдделерді бақылайтын қарапайым әкімшілік функцияларға айнала-

тындығына келіседі. Бірақ беделге қарсы болушылар саяси мемлекеттің дереу жойылуын, тіпті оны тудырған әлеуметтік қатынастарды жойып болмастан бұрын жойылуын талап етеді. Олар әлеуметтік революцияның бірінші актісі беделді жою болуын талап етеді. Олар, осы мырзалар, революция дегенді қашан да болса көріп пе екен? Революция дегеніміз, күмән жоқ, мүмкін болатын нәрсенің ішіндегі ең беделді нәрсе. Революция дегеніміз халықтың бір бөлегі өзінің еркін мылтықтың, найзаның, зеңбіректің күшімен, яғни өте-мөте беделді құралдармен халықтың екінші бөлегіне еріксіз таңатын акт. Егер жеңіп шыққан партия өзінің күш-жігерінің жемісінен айрылып қалғысы келмесе, онда ол өз үстемдігін реакционерлерге үрей тудыратын қаруының күшімен ұстап отыруға тиісті. Егер Париж Қоммунасы буржуазияға қарсы қаруланған халықтың беделіне сүйенбеген болса, онда ол бір күннен артық өмір сүре алар ма еді? Қайта, біз Коммунаның осы беделді тым аз пайдаланғаны үшін оны кінәлауға праволы емеспіз бе?

Сонымен: екінші бірі. Не беделге қарсы болушылар өздерінің не айтып отырғанын өздері білмейді, олай болған жағдайда олар тек шатастырумен болады. Не олар мұны біле тұра істейді, бұлай болған жағдайда олар пролетариат қозғалысына опасыздық жасап отыр. Бұл екі жағдайда да олар тек реакцияға қызмет етеді.

Ф. Энгельс 1872 ж. октябрьде — 1873 ж. мартта жазған

1873 ж. декабрьде мына жинақта басылған: „Atanasso Repubblica per l'anno 1874»

Қол қойған: Фридрих Энгельс

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 302—305-беттер

КОММУНАНЫҢ БЛАНКИСТІК ЭМИГРАНТТАРЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫ

(«ЭМИГРАНТТЫҚ ӘДЕБИЕТ» СЕРИЯСЫНАН II МАҚАЛА)²³

Күйрей жеңілген әрбір революциядан немесе контрреволюциядан кейін шет елге қашып барған эмигранттар арасында жанталасқан қызу жұмыс басталады. Әр алуан сарындағы партиялық топтар құрылып, олардың әрқайсысы қалғандарын тығырыққа тіреген солар деп жазғырады, олар сатқындық істеді, бәрін бүлдірген солар деп қай-қайдағы кінәні үйіп-төгіп айыптай бастайды. Олар сөйте жүріп отанымен тығыз байланысын үзбейді, астыртын жұмыс ұйымдастырып, оны жүргізеді, листовкалар мен газеттер басып шығарады, жиырма төрт сағаттан кейін бәрі де қайтадан «басталады», жеңіс біздің қолымызда тұр деп ант ішіседі, соны сәуегейлікпен алдын ала көріп қойғандай күні бұрын үкімет басындағы қызмет орындарын өзара бөліседі. Әлбетте, олар түңілген үстіне түңіле түседі, ал мұның бәрін қалайда болмай қалмайтын тарихи жағдайлармен байланыстыра қарамай, жекелеген адамдардың кездейсоқ қателерінен болды дегенге саяды, осыдан барып бірін-бірі өзара айыптау көбейеді, сөйтіп іс жаппай ұрыс-керіске айналып тынады. 1792 жылғы роялистік эмигранттардан бастап күні бүгінге дейінгі барлық эмиграциялардың тарихы осындай; ал ақыл-парасатынан айрылмаған, есті эмигранттар мұндай түк нәтиже шықпайтын ұрыс-керістен аулақ кетуге тырысады, мүмкін болғанынша мұнда әдептен аспай, қандай болмасын пайдалырақ істі қолға алады.

Коммунадан кейінгі француз эмиграциясы да мұндай болмай қоймайтын ауыртпалыққа соқпай өте алмады.

Бәрі бірдей душар болған және әсіресе француз эмиграциясы жалпы орталық деп білген Интернационалдың Бас Советі Лондонда болғандықтан Лондондағылары ерекше душар болған өсек-жаланың жалпы европалық науқаны салдарынан француз эмиграциясы тым болмаса сыртқы дүниенің көз алдында өзінің ішкі дау-жанжалдарын біраз уақыт тежей тұруға мәжбүр болды, алайда соңғы екі жылда өз ортасында барған сайын үдеп бара жатқан ыдырау процесін жасырып қалуға оның шамасы келмеді. Тұс-тұстан ашық араздық бұрқ ете түсті. Швейцарияда эмигранттардың біразы жасырын Альянсты құрушылардың бірі

өзі болған Малонның ықпалымен бакунистерге қосылып кетті. Одан кейін Лондонда бланкистер деп аталатындар Интернационалдан бөлініп шықты да, «Революциялық коммуна» деген атпен дербес топ құрды. Одан кейін басқа да көптеген топтар пайда болды, алайда олар үздіксіз жаңғыру мен қайта құрылу жағдайында болды, сөйтіп олар, керек десе, дұрыс манифест те жасай алмады; оның есесіне бланкистер «*Commu-neux*»* деген үндеуінде жуырда ғана өз программасын бүкіл әлемге паш етті.

Олардың бланкистер деп аталуының себебі әсте де Бланкидің өзі құрған топ болғандықтан емес — программаға қол қойған отыз үш адамның екі-үшеуі ғана бір кезде Бланкимен кездесіп сөйлескен шығар — оның себебі олар Бланкидің рухында және оның дәстүріне сай қимыл жасағысы келеді. Бланки көбіне-көп саяси революционер; ол өзінің сезімі, халықтың қайғы-мұңына ортақтастығы жағынан ғана социалист, бірақ оның социалистік теориясы да, әлеуметтік қайта құру жөніндегі тыянақты практикалық ұсыныстары да жоқ. Ол өзінің саяси қызметі жағынан алғанда негізінен шағын ғана, жақсы ұйымдасқан азшылық оңтайлы кезеңде революциялық төңкеріс жасау ниетімен күреске шығып, өздерінің бастапқы бірнеше жеңістерінің арқасында халық бұқарасын соңына ерте алады, сөйтіп жеңімпаз революция жасай алады дегенге сенген «істің адамы» болды. Луи-Филипптің тұсында, әлбетте, ол мұндай ұйтқы топты тек қана құпия қоғам түрінде ұйымдастыра алатын еді, міне осы арада, әдетте, заговорлар кезінде болатын жағдай ұшыраса кетті: өне-бойы іркүден, сондай-ақ көрерсіздер көп кешікпей-ақ басталады деген құрғақ уәдеден жалыққан адамдар, ақырында, барлық шыдамы таусылып, бүлік шығарды, міне сонда, не заговордың ыдырауына жол ашу, не ешқандай сыртқы себепсіз-ақ көтерілісті бастау, осы екеуінің бірін тандау қажет болды. Көтеріліс (1839 жылы 12 майда) басталып және сол бойда-ақ күшпен басылды. Дегенмен, Бланкидің бұл заговору полиция ізіне түсіп, ақыры аша алмай қойған бір ғана заговор болды; көтеріліс полиция үшін ашық күнгі жайдың оғындай болды.— Бланки революция атаулының барлығын шағын ғана революциялық азшылықтың күшімен болатын төңкеріс деп ұғатын болса, онда көтеріліс жеңіске жеткеннен кейін диктатураның қажеттігі өзінен-өзі келіп шығады, бірақ ол бүкіл революциялық таптын, пролетариаттың диктатурасы емес, төңкерісті жасаған азғана адамның диктатурасы екендігі әбден түсінікті, бұлардың өздері де, өз кезегінше, күні бұрын бір немесе бірнеше адамның диктатурасына бағынышты болды.

Көріп отырсыздар. Бланки — бұрынғы ұрпақ революционері. Революциялық оқиғалардың барысы туралы мұндай түсінік-

* — «Коммунарларға». Ред.

тер қалай дегенмен неміс жұмысшы партиясы үшін әлдеқашан ескірген, Францияның өзінде де ол кемелденбеген немесе неғұрлым шыдамсыз жұмысшылар тарапынан ғана қолдау табуы мүмкін. Біз сондай-ақ аталып өткен программада да бұл түсініктерге белгілі шектеулер қойылғанын көреміз. Алайда біздің лондондық бланкистердің түсінігі негізінде де жалпы революциялар өздігінен жасалмайды, оларды жасайды деген принцип жатыр; оларды біршама болмашы азшылық жасайды, жасағанда алдын ала дайындалған жоспар бойынша жүзеге асырады; және, ақырында, ол кез келген уақытта «жақында басталуы» мүмкін деген принцип жатыр.

Адамдардың мұндай принциптермен кез келген эмигранттық өзін өзі алдаудың үмітсіз құрбаны болуы және бір есаландықтан екіншісіне ұрынуы табиғи нәрсе. Олар көбіне-көп Бланкидің ролінде болғысы, «істің адамы» болғысы келеді. Бірақ бұл арада бір ғана жақсы ниет жеткіліксіз; Бланкидің революциялық сезімталдығы, оның шапшаң батылдығы әркімнің бойынан табыла бермейтін қасиет, Гамлет қайрат-жігер жөнінде қанша қақсағанмен, ол бәрібір сол Гамлет болып қала береді. Ал біздің әлгі отыз үш істің адамы өздері іс деп атайтын салада оларға тындыратын мүлдем ешнәрсе болмай қалғанда, біздің отыз үш Брут өздеріне өздері қарсы трагедиялық қайшылықтан гөрі комедиялық қайшылыққа душар болады; тіпті олардың әрқайсысы «қойнына қанжар тыққан «Мёрос» сияқты түнеріп жүрсе де, бәрібір одан трагедиялық қайшылық шықпайды, бірақ бұл олардың миына да кіріп шықпайды. Сонда олар не істейді? Олар Коммунаға қатысқан адамдардың қатарын тазалау (*épurer*) үшін күні бұрын қаралау тізімін жасап,— кезекті «жарылыс» әзірлейді; сондықтан да басқа эмигранттар оларды *тазалар* (*les purs*) деп атайды. Олардың өзі бұл атақты қабылдай ма, жоқ па, онысы маған белгісіз, оның үстіне бұл атақ олардың кейбіреулеріне үйлеседі де қоймас еді. Олардың мәжілістері жабық түрде өтеді, ал қабылданған шешімдер құпия сақталуы тиіс, бірақ мұның өзі ертеңіне-ақ бүкіл француз кварталының оларды неше саққа жүгіртуіне кедергі бола алмайды. Бітіретін іс жоқ жерде бұл сынды байыпты іскер адамдардың қашанда осындай жағдайға ұшырайтыны секілді, олар өздеріне лайықты бір қарсылас тауып, онымен жекелей, кейін әдеби таласқа киікті, олары кіші Париж баспасөзінің ең бір күмәнді адамдарының бірі, Коммуна тұсында 1793 жылғы Эбер газетіне²⁵⁶ карикатура ретінде түкке тұрғысыз «Père Duchêne» газетін шығарған белгілі Вермерш болатын. Олардың зілсіз ізгілікті кейістігіне жауап ретінде жазған памфлеттерінің бірінде әлгі көргенді батырың олардың барлығына «ұры-қарылар немесе солардың сыбайластары» деп айдар тағады, аузына келгенін айтып, түк қалдырмай сөгеді:

«Әрбір сөзі былғаныш, құдды түнгі құмырадай»*.

Біздің отыз үш Брут осы сияқты қарсыласымен бүкіл жұртшылықтың көз алдында салғыласып жатуды қажет деп санайды!

Әбден қалжыратқан соғыстан кейін, Париждегі аштықтан кейін, әсіресе 1871 жылдың май күндеріндегі жүрек шайлығытын қантөгістен кейін қайтадан күш жинау үшін Париж пролетариатына ұзаққа созылған тыныс керек, мерзімінен бұрын көтеріліс жасауға әрекеттенудің қай-қайсысы да жаңа, бұрынғыдан да бетер қорқынышты жеңіліске ұшыратуы мүмкін, міне, шынында да күмәндануға болмайтын нәрсе осы. Біздің бланкистердің пікірі бұдан өзгеше.

Версальдағы монархияшыл көпшіліктің ыдырауы олардың ойынша мына жайды көрсетеді:

«Версальдың құлауы, Коммуна үшін қайтарылған қарымта. Өйткені біз өз қиындықтарынан әбден титықтап, өлім халіне жеткендей болып отырған халықтың бойына қайтадан жаңадан күш жинап, революциялық жорыққа шыққалы отырған ұлы тарихи кезеңдердің біріне, ұлы дағдарыстардың біріне жақындап келеміз».

Сөйтіп, тағы да басталғалы отыр және оның үстіне дереу басталғалы отыр. «Коммуна» үшін дереу «қарымта қайтару» жөніндегі бұл үміт — жай ғана эмигранттық алдамшы үміт емес; бұл осындай кезеңде, олардың айтып отырған мағынасында, революциялық көтеріліс мағынасында, тіпті ешнәрсе істеуге болмайтын кезеңде миларына біз «істің адамы» болуымыз керек дегенді әбден сіңіріп алған адамдардың өздеріне қажетті сенім символы еді.

Ескі әуен. Іс қазірдің өзінде басталып отырса, онда, олардың ойынша, «эмиграцияда жүріп өміршендік қабілетін әлі де сақтағандардың барлығы өздерінің тұратын позициясын айқындайтын кезең туды».

Ал бұл орайда бізге отыз үштің өзі біз 1) атеистерміз, 2) коммунистерміз, 3) революционерлерміз деп мәлімдеп отыр.

Біздің бланкистердің бакунистермен ортақ ерекшеліктерінің бірі — олар ең алысты көздейтін, ең шектен шыққан бағыттың өкілдері болғысы келеді. Сөз реті келгенде айту керек, міне сондықтан да олар мақсаттарының бүкіл қарама-қарсылығына қарамастан, күрес құралдары жағынан алғанда, не дегенмен, бакунистермен жиірек бір жерден шығып отырады. Сонымен, әңгіме атеизм жөнінде барлығынан да батылырақ болу туралы болып отыр. Бақытымызға қарай, бұл күндері атеист болу дегеніміз онша қиын іс болмай қалды ғой. Кейбір елдерде атеизм көбінесе құдайға сену — социализм атаулының бәріне қайшы

* Гейне. «Диспут». Ред.

келеді, ал Мариям-анаға сену — мұның жөні басқа, әрине, оған әрбір парасатты социалист сенуі керек деп мәлімдеген испан бакунисінің атеизмі сияқты сипат алып отырса да, Европаның жұмысшы партияларында атеизм өзінен-өзі түсінікті нәрсе сияқты болып барады. Неміс социал-демократиялық жұмысшыларының орасан көпшілігі* туралы айтқанда, атеизм олар үшін өтіп кеткен кезең болды деуге болады; неміс жұмысшылары жөнінде олар мұндай емес деп қана қоюға болмайды, өйткені олар құдайға сенушілікке енді теориялық жағынан емес, практика жүзінде қарсы шығып отыр; олар *құдай дегенді үзілді-кесілді ұмытты*, тіршілігі де, ойлары да ақиқат дүниеде, сондықтан да олар материалистер болып табылады. Францияда да жағдай шамамен осындай. Егер олай болмаған күнде, жұмысшылар арасында француздың өткен ғасырдағы тамаша материалистік әдебиетін, осы уақытқа дейін өзінің формасы жағынан да, сондай-ақ мазмұны жағынан да француз рухының ең биік жетістігі болып табылатын әдебиетті және ғылымның сол кездегі деңгейін еске алғанда өзінің мазмұны жағынан тіпті қазір де шексіз биік тұрған, ал формасы жағынан әлі де қол жетпес үлгі болып отырған әдебиетті жаппай таратуға қам жасаудан оңай не болушы еді. Бірақ біздің бланкистерге бұл ұнамайды. Олар өздерінің басқалардан батылырақ екенін дәлелдеу үшін 1793 жылғыдай құдайды декретпен жоққа шығарады:

«Коммуна адамзатты өткен бақытсыздықтарының осы бір елесінен» (құдайдан) «қазіргі бақытсыздықтарының осы бір себебінен» (дүниеде жоқ құдай — себеп болыпты!) «мәңгілік құтқарсын.— Коммунада поптарға орын жоқ; діни уағыз атаулыға, діни ұйым атаулыға тыйым салынуы тиіс».

Ал осы талапқа — адамдарды *par ordre du mufti*** атеистерге айналдыруға — Коммунаның екі мүшесі қол қойған, бұл екеуінің біріншіден, іс жүзінде орындалуын ешқандай қамтамасыз етпей-ақ қағазға қалағанынша бұйрықтар жазуға болатынына, ал екіншіден, қудалау — жағымсыз көзқарастарды нығайтудың таптырмайтын құралы екендігіне көздерін жеткізуге мүмкіндіктері әбден болған шығар-ау! Бір ғана нәрсеге күмәндануға болмайды: біздің заманымызда құдайға әлі де болса қызмет етудің бір ғана жолы бар, — ол атеизмді ықтиярсыз сенім символы деп жариялау, сөйтіп дін атаулыға тыйым салу арқылы Бисмарктың культуркампф²⁵⁷ жөніндегі шіркеуге қарсы заңдарынан да асып түсу.

Программаның екінші пункті — коммунизм.

Біз бұл арада өзімізді неғұрлым көбірек үйренісіп қалған

* «Орасан көпшілігі» деген сөздерді Энгельс 1894 жылғы басылуында қосқан. *Ред.*

** — мүфтидің дегенімен, жоғарыдан болатын бұйрық бойынша. *Ред.*

салада тұрғандай сезінеміз, өйткені бұл арада жүзіп жүрген кеме 1848 жылдың февралында жарияланған «Коммунистік партияның Манифесі» деп аталады*. 1872 жылдың күзінде-ақ Интернационалдан шығып кеткен бес бланкист өздерін барлық маңызды пункттері бойынша осы күнгі неміс коммунизмінің программасына сәйкес келетін социалистік программаның жақтастарымыз деп жариялады, ал өздерінің Интернационалдан шығу себебін осы бесеудің істегенін істеп, Интернационалдың революция ойынын ойнамауынан деп дәлелдеді. Енді отыз үштің советі де тарихты материалистік тұрғыдан түсінетін осы программаны қабылдап отыр, алайда оның бланкистік француз тіліне аудармасы «Манифестің» тексті сөзбе-сөз дәл берілмеген жерде тым нашар-ақ мысалы, мына жері осындай:

«Құлдықтың барлық формаларының ең ақырғы көрінісі ретіндегі еңбекті қанаудан буржуазия оның бұрынғы мистикалық жамылғыларын алып тастады: капиталистер мен жалдама жұмысшылардың жай ғана қарама-қарсылығы болып шыққан бұл қоғамда бұрынғы, сондай-ақ қазіргі үкіметтер де, діндер де, семья да, заңдар да, мекемелер де ақырында, езу құралдары ретінде көрінді, ал буржуазия солардың көмегімен өз үстемдігін демеп, пролетариатты езіп-жаншып отыр».

Енді онымен «Коммунистік Манифестің» 1-бөлімін салыстырып көріңіз:

«Ол, қысқасы, діни және саяси жалған үмітпен бүркелген қанауды ашық, ұятсыз, тіке, қатыгез қанаумен алмастырды. Буржуазия бұл күнге дейін құрметті саналып келген және тағзыммен ардақталып келген түрлі қызметтердің бәрін қасиетті даңқынан айырды. Ол дәрігерді, юристі, священникті, ақынды, ғылым адамын өзінің ақы төленетін жалдама қызметкерлеріне айналдырды. Буржуазия семья қатынастарының нәзік сыпайыгершілік пердесін жұлып тастап, оларды таза ақша қатынастарына айналдырды» т. б.**

Бірақ теория биігінен практика саласына төмен түссек болғаны,— отыз үштің өзіндік ерекшеліктері бірден байқалады:

«Біздің коммунистер болатын себебіміз жеңіс күнін алыстатып, құлдықтың мерзімін ұзарта беретін аралық станцияларға тоқтамай, компромистерге бармай өз мақсатымызға жеткіміз келеді».

Неміс коммунистерінің коммунистер болатын себебі: олар өздері жасамаған, тарихи дамудың барысында қалыптасқан барлық аралық станциялар мен компромистерден өтіп барып, өздерінің түпкі мақсатын айқын көреді және үнемі көздеп отырады***: ол — таптарды жою, сөйтіп жерге және барлық өндіріс

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 106—137-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 109—110-беттер. *Ред.*

*** «Үнемі көздеп отырады» деген сөздерді Энгельс 1894 жылғы басылуына қосқан. *Ред.*

құрал-жабдықтарына жеке меншік болмайтын қоғамдық құрылыс орнату. Отыз үш бланкистің коммунистер болатын себебі олар аралық станциялар мен компромистерден секіріп өткілері келген екен, онда істің біткені және егер осы таяудағы күндерде «басталады» екен,— ал бұған олар кеміл сенеді,— өкімет олардың қолына тиеді екен, онда бүрсігүні «коммунизм енгізілетін болады» деп қиялдайды. Демек, бұл айтылғандарды қазір-ақ жасауға болмайтын болса, онда олар да коммунистер емес.

Өз қара басының шыдамсыздығын теориялық дәлелдеме ретінде ұсынатын неткен балалық аңқаулық!

Ақырында, біздің отыз үш «революционерлер» болып табылады.

Көпірме сөздерге келетін болсақ, онда бұл салада бакунистердің адам жетеді-ау деген шекке жетіп тынғаны белгілі; соған қарамастан біздің бланкистер олардан да асып түсуді өзінің борышы деп есептейді. Бірақ қалайша? Лиссабон мен Нью-Йорктен Будапешт пен Белградқа дейінгі жердегі барша социалистік пролетариаттың Париж Коммунасының қимылы үшін жауапкершілікті en bloc* дереу өзіне алып отырғаны белгілі. Біздің бланкистерге бұл аз көрінеді:

«Ал бізге келетін болсақ» (Коммуна тұсында) «халық жауларының көзін жойған жазалаулар үшін жауапкершіліктің өзімізге тиісті үлесін талап етеміз» (атып тасталғандардың есебі келтіріледі), «біз монархистік немесе буржуазиялық езгінің құралдарын қирату үшін немесе күресушілерді қорғау мақсатында істелген өрт қоюлар үшін жауапкершіліктің өзімізге тиісті үлесін талап етеміз».

Басқа барлық уақыттағы сияқты революция атаулыда да көптеген ағаттық-ақымақтықтар қалай да жасалмай қалмайды; сөйтіп, ақырында, адамдар әбден сабасына түсіп, қайтадан сын айтуға қабілетті болған кезде, олар міндетті түрде мынадай қорытындыға келеді: біз жасамай-ақ қойса да жақсы болатын көп нәрселерді істедік, ал жасау керек болғанның көбін жасамадық, міне сондықтан да ісіміз оңға баспады.

Бірақ Коммунаны қастерлеп мадақтау үшін, оны күнәдан пәк деп жариялау үшін, әрбір өртенген үй, атылған әрбір құрбандық шынында қалай істелуі тиіс болса, дәл солай істелді деп дәлелдеу үшін сын атаулыдан қаншалық қашқақтау керек десеңізші! Мұның өзі майдағы сол аптада халық артығы жоқ, кемі жоқ кімді ату қажет болса, тек соларды ғана атты, қандай құрылысты өртеу қажет болса, тек соларды ғана өртеді деп пайымдау болып шықпай ма? Мұның өзі бірінші француз революциясы кезінде басы кесілген әрбір адам — ең алдымен

* — бүтіндей, толығымен. *Ред.*

Робеспьердің бұйрығы бойынша басы кесілгендер, содан кейін Робеспьердің өзі — өз сазайын тартты деп дәлелдегенмен бірдей емес пе? Затында тіпті жұп-жуас адамдар өздерін құбыжық етіп көрсетсем деген қиялына ерік бергенде іс осындай бала-лыққа барып ұрынады.

Жеткілікті болды. Бүкіл эмигранттық шалағайлығына және бала Карлды (немесе Эдуардты?)* құбыжық етіп көрсетпек болған кісі күлерліктей әрекеттеріне қарамастан, бұл программада елеулі ілгері басқандық барын байқамасқа болмайды. Бұл француз жұмысшылары осы заманғы неміс коммунизміне келіп қосылған тұңғыш манифест болды. Және оның үстіне бұлар — француздарды революцияның қалап алған халқы, ал Парижді — революциялық Иерусалим деп есептейтін бағыттағы жұмысшылар. Оларды бұл жолға түсіруге манифестің соңында басқалармен қатар қолы тұрған және неміс тілімен, немістің социалистік әдебиетімен жете таныс екендігі белгілі Вайянның сөзсіз еңбегі сінді. Ұлттық шовинизм атаулыдан өздерінің мүлдем ада екендігін 1870 жылы дәлелдеген неміс социалистік жұмысшылары болса, француз жұмысшыларының дұрыс теориялық қағидалар қабылдауын, олар Германиядан шыққан қағидалар болып отырса да, қабылдауын игі істің нышаны деп есептеуіне болады.

Ф. Энгельс 1874 ж. шоньде жазған „Der Volksstaat“ газетінің 1874 жылғы 26 шоньдегі 73-номерінде, сондай-ақ мына кітапта басылған: F. Engels. „Internationalen aus dem „Volksstaat“ (1871—1875)“. Berlin, 1894

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 510—517-беттер

Қол қойған: Ф. Э н ● е л ь с

* «(Немесе Эдуардты?)» деген Эдуард Вайянды меңзейтін сөзді Энгельс 1894 жылғы басылымында алып тастаған. Ред.

РОССИЯДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ²⁵⁸

(«ЭМИГРАНТТЫҚ ӘДЕБИЕТ» СЕРИЯСЫНАН V МАҚАЛА)

Ткачев мырза менде Россия жөнінде тіпті «титтей де мәлімет» жоқ екенін, қайта, оның керісінше, менің тек қана «надандық» көрсетіп отырғанымды неміс жұмысшыларына жол-жөнекей хабарлай кетеді; сондықтан ол неміс жұмысшыларына істің ақиқат жағдайын, ал, әсіресе — дәл қазір Россияда әлеуметтік революцияны жеңіл-желпі және ойнап жүріп-ақ, Батыс Европадағыдан анағұрлым оңай жүзеге асыруға мүмкіндік беретін себептерді түсіндіруге өзін мәжбүрмін деп сезінеді.

«Бізге қала пролетариаты жоқ, ол рас; бірақ оның есесіне бізде буржуазия да жоқ. Біздің жұмысшылардың келешекте тек *саяси өкіметке* қарсы күресуіне тура келеді: *капитал өкіметі* бізде әлі де бастама қалпында. Ал, сізге, мархабатты тақсыр, алғашқысымен күресу, соңғысымен күресуден гөрі анағұрлым оңай екені беймәлім емес»²⁵⁹.

Қазіргі социализм көздеп отырған төңкерістің мәнісі, қысқаша айтқанда, пролетариаттың буржуазияны жеңуінде және таптық айырмашылық атаулыны жою арқылы қоғамның жаңа ұйымын құруда. Бұл үшін осы төңкерісті жасайтын пролетариаттың ғана емес, сонымен қатар қолындағы қоғамдық өндіргіш күштер таптық айырмашылықтарды біржола жоюға мүмкіндік берерліктей даму дәрежесіне жететін буржуазияның да болуы қажет. Тағылар мен жартылай тағыларда да көбінесе ешқандай таптық айырмашылықтар жоқ, ал әрбір халық осындай қалыптан өткен. Мұны қайта орнату біздің ойымызға да кіріп шықпақ емес, оның бір ғана себебі — мұндай қалыптан, қоғамдық өндіргіш күштердің дамуына байланысты, таптық айырмашылықтар сөзсіз туып отырады. Қоғамдық өндіргіш күштер дамуының белгілі, тіпті біздегі қазіргі жағдайлар үшін де өте жоғары, сатысында ғана өндірісті сондай дәрежеге, таптық айырмашылықтарды жою нағыз прогресс болатын, мұны баянды ететін және мұның соңынан қоғамдық өндіріс әдісінің тоқырап қалуын немесе тіпті құлдырап кетуін туғызбайтын дәрежеге көтеру мүмкін болады. Бірақ өндіргіш күштер тек буржуазияның қолында ғана осындай даму дәрежесіне жетті. Де-

мек, бұл жағынан алғанда да буржуазия, нақ пролетариаттың өзі сияқты социалистік революцияның қажетті алғы шарты болып табылады. Сондықтан бұл революцияны пролетариаты жоқ болса да, оның есесіне буржуазиясы да жоқ елде жүзеге асыру оңайырақ дей алатын адам өзінің әлі де социализм әліппесін үйренуі керек екенін ғана дәлелдейді.

Сонымен, орыс жұмысшыларына — ал бұл жұмысшылар, Ткачев мырзаның өз айтуынша, «егіншілер және осылай болғандықтан пролетарлар емес, меншікшілер», — мұны істеу оңай екен, өйткені олардың келешекте капитал өкіметімен емес, тек саяси өкіметпен», орыс мемлекетімен күресуіне тура келеді екен. Ал бұл мемлекет

«тек алыстан ғана күш болып көрінеді... Халықтың экономикалық тіршілігінде оның ешқандай тамырлары жоқ, ол ешқандай сословиенің мүдделерін жүзеге асырмайды... Сіздердегі мемлекет есте жалған күш емес. Ол екі аяқтап капиталға табан тірейді; ол белгілі бір экономикалық мүдделерді өзі арқылы» (!) «жүзеге асырады... Бізде бұл жағынан істің жайы нақ керісінше; біздегі қоғамдық форманың өмір сүруі мемлекеттің арқасы, ал мұның өзі, былайша айтқанда, ауада ілініп тұр, қазіргі әлеуметтік құрылысқа оның ешқандай қатысы жоқ және оның тамырлары қазіргі шақта емес, өткен шақта».

Экономикалық мүдделер өзінің жүзеге асырылуы үшін осылардың өздері жасайтын мемлекетті керек етеді деген шатасқан ұғымға, немесе орыстың «қоғамдық формасының» (бұған шаруалардың қауымдық меншігі де жатады ғой) «өмір сүруі мемлекеттің арқасы» деген батыл пікірге де, сонымен қатар, бұл мемлекеттің бейне бір өзі туғызған қазіргі әлеуметтік құрылысқа «ешқандай қатысы жоқ» деген қайшы пікірге де тоқтап жатпаймыз. Онан да бірден ешқандай сословиенің мүдделерін білдірмейтін әлгі «ауада ілініп тұрған мемлекетке» зер салайық.

Европалық Россияда шаруалардың иелігінде 105 миллион десятина жер бар, дворяндарда (мен ірі жер иелерін ықшамдық үшін осылай атап отырмын) 100 миллион десятина жер бар, бұл жердің жартысына жуығы әрқайсысы, осылайша, 3300 десятина жерді иеленетін 15 000 дворянға тән. Демек, шаруалардың жері дворяндардың жерінен сәл-сәл ғана артық. Көріп отырсыздар, дворяндар өздеріне елдің жартысын иемденуін камтамасыз етіп отырған орыс мемлекетінің өмір сүруіне титтей де мүдделі емес екен! Сонан соң. Шаруалар өздеріне тиген жарты үлестен жылына 195 миллион сом жер салығын төлейді, ал дворяндар 13 миллион төлейді! Дворяндардың жері орта есеппен алғанда шаруалардың жерінен екі есе құнарлы, өйткені барщинадан төлем төлеп құтылуға байланысты жүргізілген бөліс кезінде мемлекет жердің көбін ғана емес, сонымен бірге таңдаулысын да шаруалардан тартып алып, дворяндарға берді, оның үстіне шаруалар өздерінің нашар жерлері үшін

дворяндарға ең таңдаулы жердің бағасы бойынша ақы төлеуге мәжбүр болды*. Сөйтіп, орыс дворяндары орыс мемлекетінің өмір сүруіне мүлдем мүдделі емес екен!

Шаруалар — олардың көпшілігі — төлем төлеу нәтижесінде ерекше мүшкіл халде, мүлде төзгісіз жағдайда болып шықты. Олардың өз жерлерінің үлкен және таңдаулы бөлігін тартып алып қана қоймағаны былай тұрсын, тіпті империяның ең құнарлы облыстарында да шаруалардың үлес жерлері — орыстың егіншілік жағдайлары бойынша — тым шағын болып шықты, бұған тамақ асырау мүмкін емес. Шаруалардан бұл жер үшін шектен тыс жоғары баға алынып қана қойған жоқ, ал мұны олар үшін мемлекет күн ілгері төлеп қойды және олар қазір мұны проценттерімен қоса мемлекетке бірте-бірте төлеуге мәжбүр болып отыр. Жер салығының ауыртпалығы түгел дерлік соларға жүктеліп отыр, ал дворяндар бұдан мүлде дерлік босатылған; бұл салықтың бір өзі ғана шаруа жерінен алынатын рентаның бүкіл құнын жалмап қояды, тіпті одан асып та түседі, сондықтан шаруаның келешекте төлейтін басқа төлемдерінің бәрі — бұлар туралы біз төменде айтамыз — оның жалақысы болып табылатын табыс бөлігінен тікелей алынатын алым болып шығады. Ол ол ма. Жер салығының, сатып алу төлемдерінің және мемлекеттің төлеген авансы үшін берілетін проценттердің үстіне жергілікті басқару енгізілген кезден бастап губерниялық және уездік алымдар қосылды. Бұл «реформаның» аса үлкен бір салдары — шаруаларға жүктелген жаңа алым ауыртпалықтары болды. Мемлекет өзінің табыстарын түгелінен сақтап қалды, бірақ шығындарының едәуір бөлегін ол губерниялар мен уездерге артты, олар келіп бұл шығындарды жабу үшін жаңа салықтар енгізді, ал Россияда бір ережеге айналған нәрсе — жоғары сословиелер салықтан мүлде дерлік босатылған, ал шаруа мұның бәрін дерлік төлейді.

Бұл жағдай өсімқор үшін әдейі жасалған сияқты, ал онда өсімқор жағынан еш жерде тапшылық жоқ, өйткені төменгі формаларында сауда жүргізуге, қолайлы жағдайларды пайдалануға және осымен тығыз байланысты алдаушылыққа келгенде орыстардың шеберлігі теңдессіз деуге болады: тіпті I Петрдің өзі бір орыстың үш еврейге шамасы жетеді деп текке айтқан емес қой. Алым өндіретін кез жақындады дегенше-ақ өсімқор, кулак — көбінесе нақ сол қауымның бай шаруасы — жетіп келеді де, өзінің қолма-қол ақшасын ұсынады. Шаруаға қалайда ақша керек, сондықтан ол өсімқордың шарттарын сөзсіз қабылдауға мәжбүр болады. Сөйтіп, ол бұрынғыдан бетер қатты қыс-

* Бұған тек Польша ғана қосылмайды, өйткені онда үкімет өзіне жау дворяндарды күйзеліске ұшыратып, шаруаларды өз жағына тартқысы келді. («*Volksstaat*» газетінде жарияланған текске ескерту; 1875 және 1894 жылдардағы басылымдарында жоқ.)

паққа түседі, қолма-қол ақшаға барған сайын көбірек мұқтаж бола береді. Егін орағы кезінде астық саудагері жетіп келеді; ақшаға мұқтаж болып отырған шаруа өз семьясының ішіп-жеуіне қажетті астығының бір бөлегін өткізуге мәжбүр болады. Астық саудагері бағаны төмендететін жалған лақаптар таратып, төмен баға төлейді, тіпті оның өзін кейде ішінара нарқы жоғары әр алуан товарлармен төлейді, өйткені товармен төлеу жүйесі Россияда өте кең өріс алған. Сонымен, орыс астығының шетке көп шығарылуы тікелей шаруалар жұртының ашығуына негізделген.— Шаруаларды қанаудың екінші бір әдісі мынада: жалдап қазыналық жер учаскесін үкіметтен ұзақ мерзімге арендаға алады, жер ешбір тыңайтқышсыз-ақ жақсы өнім беріп тұрғанда оны өзі өңдейді; онан соң бұл учаскені ол ұсақ танаптарға бөліп, тозған жерді жоғары арендаға, жері аз көрші шаруаларға береді. Егер біз жоғарыда ағылшындардағыдай товармен төлеу жүйесін көрген болсақ, онда бұл арада біз ирланд middlemen* дәл көшірмесін көріп отырмыз. Қысқасы, буржуазиялық қоғамы мейлінше алғашқы тағылық қалпында болып отырғанда, капиталистік арамтамақтығы нақ Россиядағыдай соншалық өріс алған, бүкіл елі, бүкіл халық бұқарасы жанышталып, соның шырмауына түскен басқа мұндай ел жоқ. Сөйтіп, шаруаларды сорып отырған осы қансорғыштардың бәрі, осылардың бәрі заңдары мен соттары олардың айлакерлік және пайдакүнемдік әрекеттерін қорғап отырған орыс мемлекетінің өмір сүруіне ешбір мүдделі емес екен!

Соңғы он жылдың ішінде, әсіресе темір жолдардың салынуы арқасында, адам айтқысыз шапшаңдықпен дамып келе жатқан және соңғы дағдарыс шымбайына мейлінше қатты батқан Петербургтің, Москваның, Одессаның ірі буржуазиясы, шетке астық, кенеп, зығыр, май шығарушы, барлық істерін бүтіндей шаруалардың қайыршылығына негіздеп жүргізуші осы экспортшылардың бәрі, өзі мемлекеттің маркабатымен алған қорғаныш баждар арқасында ғана өмір сүріп отырған орыстың бүкіл ірі өнеркәсібі,— халықтың ықпалды және тез өсіп келе жатқан осы элементтерінің бәрі орыс мемлекетінің өмір сүруіне мүдделі емес пе? Россияны түгелдей қаптап, оны талан-таражға салып жүрген және онда нағыз сословие құрып отырған сансыз чиновниктер армиясы туралы айтып жатудың қажеті де жоқ. Ал осыдан кейін келіп Ткачев мырза: орыс мемлекетінің «халықтың экономикалық тіршілігінде ешқандай тамырлары жоқ, ешқандай сословиенің мүдделерін жүзеге асырмайды», ол «ауада ілініп тұр» деп бізді сендірмек болғанда, бізге ауада ілініп тұрған орыс мемлекеті емес, қайта Ткачев мырзаның өзі ғой деп ойлай бастаймыз.

* — делдалдарының. Ред.

Крепостнойлық тәуелділіктен азат етілген кезден бері орыс шаруаларының хал-жайы адам төзгісіз болып кеткендігі, бұл жағдайдың ұзаққа бармайтындығы, осы себептен-ақ Россияда революцияның жақындап келе жатқандығы — айқын нәрсе. Мәселе тек мынада: бұл революцияның нәтижесі қандай болуы мүмкін, қандай болып шықпақ? Ткачев мырза ол әлеуметтік революция болады дейді. Бұл нағыз тавтология. Қандай да болсын шын мәніндегі революцияның әлеуметтік революция болатын себебі жаңа тапты үстемдікке жеткізетіндіктен және оның қоғамды өзінің сипат-бейнесіне лайықтап қайта құруына мүмкіндік беретіндіктен. Бірақ Ткачев мырза революция социалистік революция болады, ол революция батыс европалық социализм ұмтылып отырған қоғамдық форманы, Батыста біздің бұған жетуімізден бұрын-ақ, Россияда енгізеді демекші,— ал мұның өзі қоғамның қазіргі қалпында, пролетариат та, буржуазия да әзірше тек некен-саяқ кездесетін және дамудың төменгі сатысында тұрған жағдайда болатын көрінеді! Ал мұның мүмкін болатын себебі — артель және жерге қауымдық меншігі бар орыстар, былайша айтқанда, социализмнің таңдаулы халқы болып табылады-мыс!

Ткачев мырза артельді тек жанамалап қана ауызға алады, бірақ біз бұл жерде оған тоқтап өтпекшіміз, өйткені Герценнің заманынан бері-ақ көптеген орыстар артельде бір құпия сырлы роль бар десіп жүр. Артель дегеніміз Россияда кең тараған серіктік формасы, аңшы тайпаларда аң аулау кезінде кездесетін ассоциация сияқты ерікті ассоциацияның ең қарапайым формасы. Аты жағынан да, мәні жағынан да мұның өзі славяндардан емес, татарлардан шыққан. Мұның екеуі де, бір жағынан, қырғыздарда, якуттарда және т. т., екінші жағынан, саамдарда, ненецтерде және басқа фин халықтарында кездеседі.* Сондықтан артель бастапқы кезде Россияның оңтүстік-батысында емес, солтүстігі мен шығысында, финдермен және татарлармен іргелес жерлерде дамыған. Қазақ климат әркілкі өнеркәсіп жұмысын жүргізуді керек етеді, ал қалалардың жеткіліксіз дамуын және капиталдың жетімсіздігін мүмкіндігіне қарай кооперацияның осы формасы толтырып отырады.— Артельдің аса маңызды айрықша белгілерінің бірі, үшінші адамдар алдында артель мүшелерінің бір-бірі үшін беретін айнала кепілдігі, бастапқы кезде, ертедегі германдарда болған өзара кепілдік, қанды көк және сондайлар сияқты, қандас туыстық байланыстарына негізделген.— Тегінде, артель деген сөз Россияда әр алуан түрдегі бірлескен жұмыс жөнінде ғана қолданы-

* Артель туралы, атап айтқанда, мынадан қараңыз: «Sbornik materialow ob Arteljach v Rossiji» («Россиядағы артельдер туралы материалдар жинағы», І шығарылуы, С.-Петербург, 1873 ж.).

лып қоймайды, сонымен қатар ортақ мекемелер жөнінде де қолданылады*.

Жұмысшы артельдерінде әрдайым староста (starosta, старшина) сайланады, ол казначейдің, есепшінің, т. с. міндеттерін, қажеттігіне қарай,— басқарушының міндеттерін атқарып, айрықша жалақы алып отырады. Мұндай артельдер:

1) уақытша болатын кәсіптер үшін құрылады да, бұлар біткен соң таратылады;

2) белгілі бір кәсіппен айналысатын адамдар арасында, мәселен, қол жүгін тасушылар, т. с. арасында құрылады;

3) тұрақты кәсіпорындар үшін, сөздің шын мағынасында алғанда өнеркәсіп орындары үшін құрылады.

Бұлар барлық мүшелер қол қойған келісім негізінде құрылады. Егер бұл мүшелер қажетті капиталды өздері жинай алмайтын болса,— ал мұның өзі, мәселен, сыр қайнататын және балық аулайтын орындарда (ау, кеме және басқалар сатып аларда) жиі болып отыратын жағдай,— онда артель өсімқордың шенгеліне ілігеді, өсімқор жетпеген соманы жоғары процентпен қарызға береді де, сол кезден бастап еңбек табысының көбін өз қалтасына салып отырады. Бірақ кәсіпкерге жалдама жұмысшылар ретінде түгелдей жалданатын артельдер онан да бетер сорақы қаналады. Олар өздерінің өнеркәсіптік жұмысын өздері басқарады да, осы арқылы капиталистің бақылау шығындарын сақтап қалады. Капиталист олардың тұруына лашықтарын жалға береді, несиеге азық-түлік береді, оның үстіне товармен төлеу жүйесі тағы да мейлінше сорақы түрде өріс алады. Архангельск губерниясындағы ағаш кесушілер мен қарамай қайнатушыларда, Сибирьдегі және басқа жерлердегі көптеген кәсіпшіліктерде жағдай осындай (салыстырыңыз: Flerovsky. «Polozenie rabocago klassa v Rossiji», Флеровский. «Россидағы жұмысшы табының жағдайы», С.-Петербург, 1869). Сөйтіп, артель мұнда жалдама жұмысшыларды капиталистің қанауын едәуір жеңілдететін құрал болып табылады. Екінші жағынан, алайда, серіктікке мүше емес жалдама жұмысшылары болатын артельдер де бар.

Сонымен, артель дегеніміз кооперативтік серіктіктің өз бетімен пайда болған, осы себепті де әлі мүлде жетілмеген формасы, сондықтан ол бұл қалпында тек қана орысқа тән немесе славянға тән нәрсе емес. Мұндай серіктіктер қажеті болған жерлердің бәрінде құрылады: Швейцарияда сүт кәсібінде, Англияда балық аулау кәсібінде бар, мұнда олар тіпті сан алуан. 40-жылдарда соншалық көп неміс темір жолдарын салған силезиялық жер

* Онан әрі: «Биржа дегеніміз де артель» деген сөйлемше болған, оны Энгельс 1894 жылғы басылуында алып тастаған. *Ред.*

қазушылар (әсте поляктар емес, немістер) нағыз артельдерге ұйымдасқан болатын. Россияда бұл форманың басым болуы, әрине, орыс халқында ассоциацияға күшті ұмтылушылық бар екенін дәлелдейді, бірақ бұл халықтың осы ұмтылушылықтың көмегімен артельден социалистік қоғамдық құрылысқа тіке аттап өте алатындығын әсте дәлелдей қоймайды. Мұндай өту үшін ең алдымен артельдің өзінің дамуға қабілетті болуы, өзінің стихиялық формасынан — біздің көргеніміздей, жұмышылардан гөрі капиталға көбірек қызмет ететін формасынан — арылуы, сөйтіп ең кемінде батыс европалық кооперативтік серіктіктердің деңгейіне көтерілуі керек болар еді. Бірақ, бұл жолы Ткачев мырзаға сенген күнде де (ал жоғарғының бәрінен кейін, рас, бұған тәуекел деу қиын), — бұған әлі өте алыс жатыр. Мұның керісінше, өзінің көзқарасына өте-мөте тән паңдықпен ол бізді былай деп сендірмек болады:

«Таяудан бері Россияда неміс үлгісі бойынша» (!) «жасанды түрде құрылып жатқан кооперативтік және кредиттік қоғамдарға келетін болсақ, біздің жұмысшылардың көпшілігі оларды мейлінше селкос қарсы алып отыр, сондықтан олар барлық жерде дерлік толық сәтсіздікке ұшырады».

Қазіргі кооперативтік қоғам, ең болмағанда, ірі өнеркәсіп орындарын (Ланкаширдегі жіп иіру және тоқыма кәсіпорындары) тиімді түрде дербес жүргізуге өзінің қабілетті екенін дәлелдеді. Ал артельдің осы күнге дейін бұған қабілетсіз екені былай тұрсын, сонымен бірге ол, егер онан әрі дамитын жолға түспесе, ірі өнеркәсіппен соқтығысқанда сөзсіз құрып кетуге тиіс.

Орыс шаруаларының қауымдық меншігін 1845 жылы Пруссияның үкіметтік кеңесшісі Гакстгаузен ашып, ол мұны әлденендей бір таңғажайып нәрсе деп бүкіл әлемге жар салды, дегенмен Гакстгаузен өз отаны Вестфалиядан мұның талай қалдықтарын әлі де тапқан болар еді, ал үкімет чиновнигі ретінде ол бұларды дәл білуге міндетті де еді²⁶⁰. Герцен, өзі орыс помещигі бола тұрып, өз шаруаларының жерді бірлесіп иемденетінін бірінші рет Гакстгаузеннен білді де, мұны ескіре түскен, шіріп бара жатқан европалық Батыстың жұмысшыларына, социализмді өз ішінен тек жасанды жолмен ғана алаптанып шығаруға тиісті болатын жұмысшыларға қарама-қарсы орыс шаруаларын социализмнің нағыз иелері, туа болған коммунистер етіп суреттеу үшін пайдаланды. Бұл мәліметтер Герценнен Бакунингге, Бакуниннен Ткачев мырзаға көшті. Ал осы соңғының пікірін тыңдап көрейік.

«Біздің халық... оның орасан көпшілігі... қауымдық иелік принциптерін берік тұтынған; ол, осылай деп айтуға болатын болса, түйсігі жағынан, дәстүрі жағынан коммунист. Коллективтік меншік идеясының орыс халқының бүкіл дүние пайымдауымен» (орыс шаруасының дүние ауаны қаншама кең екенін біз төменде көреміз) «терең біте қайнасып кеткені соншалық, қазір, үкімет бұл идеяның «көркейген» қоғамның принциптерімен сыйыспайтындығын

түсіне бастап осы принциптер жолында жеке меншік идеясын халықтың санасы мен халықтың тіршілігіне сіңіруге әрекеттеніп отырған кезде,— ол бұған найза мен қамшының көмегі арқасында ғана жете алады Сондықтан, бір айқын нәрсе, біздің халық, өзінің надандығына қарамастан, Батыс Европаның халықтары одан білімдірек болғанмен де, олардан гөрі социализмге анағұрлым жақын тұр».

Шын мәнінде жерге қауымдық меншіктің өзі Индиядан Ирландияға дейінгі барлық индоевропалық халықтар дамуының төменгі сатысында және тіпті индиялық ықпалмен дамып келе жатқан малайялықтарда да, мәселен Явада, бізге кездесіп отыратын институт болып табылады. 1608 жылдың өзінде-ақ Ирландияның жаңа ғана жаулап алынған солтүстігінде жерге жалпы танылған қауымдық меншіктің болуы ағылшындардың бұл жерді иесіз деп жариялауына және осындай жер ретінде тақ иесінің пайдасына конфискулеп алуына сылтау болды. Индияда қауымдық меншіктің толып жатқан формалары осы күнге дейін бар. Германияда ол жалпылама құбылыс болатын; қазірде де кей жерлерде кездесетін қауымдық жерлер соның қалдықтары болып табылады; әсіресе таулы жерлерде оның анық іздері: қауымдық жерлерді ауық-ауық қайта бөлу және сол сияқтылар әлі де жиі кездесіп отырады. Ерте замандағы герман қауымдық жер иелігі жайында неғұрлым дәл мәліметтер мен егжей-тегжейлерді *Маурердің* бірқатар шығармаларынан табуға болады; бұлар осы мәселе жөнінен классикалық шығармалар болып табылады. Батыс Европада, Польша мен Малороссияны қоса алғанда, бұл қауымдық меншік, қоғамдық дамудың белгілі сатысында, ауыл шаруашылық өндірісі үшін шырмауға, бөгетке айналды да, аз-аздап барып жойылды. Мұның керісінше, Великобританияда (яғни Россияның нағыз өзінде) ол осы күнге дейін сақталып қалған, ал мұның өзі ауыл шаруашылық өндірісі және оған сәйкес келетін селолық қоғамдық қатынастар мұнда әлі мүлде жетілмеген қалыпта екенін дәлелдейді, бұл шынында да солай. Орыс шаруасы тек өз қауымында ғана тұрып, жұмыс істейді; ол үшін бүкіл басқа дүние оның қауымына қаншалық араласатын болса, соншалық дәрежеде ғана өмір сүреді. Мұның дұрыстығы соншалық, орыс тілінде *мир* деген бір сөздің өзі, бір жағынан, «әлем», ал екінші жағынан, «шаруалар қауымы» деген сөз. *Ves' mir*, бүкіл әлем дегеніміз шаруаның тілінде қауым мүшелерінің жиналысы деген сөз. Демек, егер Ткачев мырза орыс шаруасының «*дүние пайымдауы*» туралы айтып отырған болса, онда ол орыстың *мир* деген сөзін көрінеу теріс аударған болып шығады. Жеке қауымдардың бір-бірінен осылайша толық оқшаулануы, бүкіл елде, расында, біркелкі, бірақ ешбір ортақ емес мүдделер туғыза отырып, *шығыс деспотизмі* үшін табиғи негіз болып табылады; Индиядан

Россияға дейін, мұндай қоғамдық форма басым болған жердің бәрінде де, ол әрқашанда осы деспотизмді туғызып отырды, әрқашанда өзін осымен толықтырып отырды. Жалпы алғанда орыс мемлекеті ғана емес, тіпті оның ерекше формасы — патшалық деспотизм де әсте ауада ілініп тұрған нәрсе емес, орыстың қоғамдық жағдайларының қажетті және логикалық нәтижесі болып табылады, ал Ткачев мырзаның айтуынша, бұл жағдайларға оның «ешқандай қатысы жоқ!» — Россияның *буржуазиялық* бағытта онан әрі дамуы орыс үкіметінің «найзасы мен қамшысының» ешбір араласуынсыз-ақ мұнда да қауымдық меншікті аз-аздап жойған болар еді. Ал мұның осылай болатын себебі — Россиядағы шаруалар, Индияның кейбір облыстарында әлі де болып отырғандай, тек өнімді ғана бөлу мақсатымен қауымдық жерді бірлесіп өндемейді. Қайта, Россияда жер жеке семья басылары арасында ауық-ауық қайта бөлініп отырады да, әркім өз учаскесін өзі үшін өңдейді. Мұның өзі қауымның жеке мүшелерінің әл-ауқатында өте үлкен теңсіздік болу мүмкіндігін туғызады, ал бұл теңсіздік шынында бар. Барлық жерде дерлік қауым мүшелерінің арасында өсімқорлықпен айналысып, шаруалар бұқарасының нәрін сорып алып отыратын бірнеше бай шаруалар, кейде миллионерлер болады. Мұны ешкім де Ткачев мырзадан жақсы білмейді. Өзінің түйсігі, дәстүрі жағынан коммунист болып табылатын орыс шаруасы «коллективтік меншік идеясынан» тек қамшы мен найзаның күшімен ғана бас тартуы мүмкін деп неміс жұмысшыларын сендірмек болады да, ол сонымен бірге өзінің орысша кітапшасының 15-бетінде былай дейді.

«Шаруалар ортасынан *өсімқорлар* (kulakov), шаруалық және помещиктік жерлерді *сатып алушылар, жалға алушылар* табы — мужиктік аристократия өсіп шығуда».

Бұлар біз жоғарыда жазған нақ қанішерлердің дәл өзі.

Барщинаға төлем төлеу де қауымдық меншікке мейлінше қатты соққы болып тиді. Жердің көбін де, тандаулысын да помещик алып қойды; шаруаларда тамақ асырауға әрең жететін, екінің бірінде тіпті оған да жетпейтін жер ғана қалды. Оның үстіне орман помещиктерге кетті; бұрын шаруаның тегін алуына болатын отынды, бұйымдық және құрылыстық ағашты енді ол сатып алуға мәжбүр болып отыр. Сөйтіп, қазір шаруаның үйі мен алақандай тақыр жерінен басқа түгі де жоқ, оны өңдейтін құралы тағы жоқ; семьясымен бірге орақтан ораққа дейін күнелтуі үшін әдетте сол жері де жеткіліксіз. Мұндай жағдайларда және алым-салық пен өсімқорлардың езгісінде жерге қауымдық меншік игілікті іс болудан қалады да, шырмауға айналады. Шаруалар семьяларымен бірге немесе семья-

сыз қауымнан көп реттерде қашып кетеді, өзінің жерін тастап, көлденең кәсіптерден күн көріс тірегін іздейді*.

Россиядағы қауымдық меншік өзінің гүлдену дәуірін әлдеқашан бастан кешіріп, енді барлық сынайына қарағанда өзінің ыдырауына бет алып бара жатқандығы осының бәрінен айқын көрініп отыр. Солай бола тұрса да, егер тек бұл қоғамдық форма бұған керекті жағдайлар пісіп-жетілгенше сақталатын болса және шаруалардың жерді енді жеке-дара емес, бірлесіп өндей бастауы мағынасында дамуға қабілетті болып шықса, онда мұны жоғары формаға көшіруге мүмкіндік сөзсіз бар,** оның бер жағында жоғары формаға осылайша көшудің өзі орыс шаруаларының буржуазиялық парцельдік меншік түріндегі аралық сатыны өтуін керек етпей-ақ жүзеге асырылатын болады. Бірақ мұның өзі Батыс Европада, осы қауымдық меншік тіпті біржола ыдырағанға дейін, орыс шаруасына осындай көшу үшін қажетті жағдайлар туғызатын,— атап айтқанда оның бүкіл егіншілік жүйесінде осымен сөзсіз байланысты төңкеріс жасауына керекті материалдық құралдар беретін,— жеңімпаз пролетарлық революция болған күнде ғана жүзеге асуы мүмкін. Сөйтіп, Ткачев мырзаның: орыс шаруалары, «меншікшілер» бола тұрса да, меншіктен құралақан Батыс Европа жұмысшыларынан гөрі «социализмге жақын» тұр деуі барып тұрған сандырақ. Тура мұның керісінше. Орыстың қауымдық меншігін әлі де аман сақтап қала алатын және оның жаңа, нағыз өміршең формаға айналуына мүмкіндік беретін нәрсе бар болса, ол нақ Батыс Европадағы пролетарлық революция.

Экономикалық революцияны оп-оңай шешкені сияқты, Ткачев мырза саяси революцияны да оп-оңай шеше салады. Орыс халқы, дейді ол, «діни секталар... алым-салық төлеуден бас тарту... қарақшылық шайқалар (неміс жұмысшылары баскесер Ганстың герман социал-демократиясының атасы болып шыққаны үшін өздерін құттықтай алады)... өрт салу... бүлік шығару...» формасында құлдыққа қарсы «қажымай-талмай наразылық білдіруде», «сондықтан орыс халқын түйсігі жағынан революционер деп атауға болады». Осының бәрі Ткачев мырзаны мынадай сенімге келтіреді: «халқымыздың кеудесінде әрдайым

* Шаруалардың жағдайы туралы, атап айтқанда, мыналардан қараңыз: үкіметтің ауыл шаруашылық комиссиясының ресми есебі (1873 ж.), онан соң — *Скалдин*. «W Zacholusti i w Stolice» («Меңіреу түпкірте және астанында»). С.-Петербург, 1870 ж.). Бұл соңғы еңбек біртоға консерватордың қаламынан шыққан.

** 1963 ж. көтерілістің нәтижесінде помещиктері көбірек күйзеліске ұшыраған Польшада, әсіресе Гродно губерниясында шаруалар қазір көп реттерде помещиктердің усадьбаларын сатып алады немесе арендаға алады, сөйтіп бұларды *ортақ пайдалары үшін* бірлесіп өндейді. Ал бұл шаруаларда ғасырлар бойы ешқандай қауымдық меншік болған емес, оның үстіне бұлар великоросстар емес, поляктар, литвандар және белорустар.

қайнап тұратын... ыза мен наразылықтың жиналған сезімін бірнеше жерде бір мезгілде қоздырсаң-ақ болғаны». Сонда «революцияшыл күштердің бірігуі *өзінен-өзі-ақ* болады, ал күрес... халық ісі үшін қолайлы түрде аяқталуға тиіс болады. Практикалық қажеттік, бас сауғалау түйсігі» «наразылық білдіруші қауымдар арасында» *өзінен-өзі-ақ* «тығыз және ажырамас байланыс» жасайды.

Бұдан оңай және бұдан ұнамды революцияны ойлап табу қиын. Көтерілісті үш-төрт жерде бір мезгілде бастасаң болғаны, онан кейінгі жерде қалғанының бәрін «түйсігі жағынан революционер», «практикалық қажеттілік», «бас сауғалау түйсігі» «өзінен-өзі-ақ» істейді. Осындай адам айтқысыз оңай болып отырғанда революцияның әлдеқашан жасалмауы, халықтың азат етілмеуі және Россияның үлгілі социалистік елге айналмауы неліктен екенін тіпті түсініп болмайды.

Шындығында істің жайы мүлде басқаша. Орыс халқы, осы «түйсігі жағынан революционер», рас, *дворяндарға* қарсы және жеке чиновниктерге қарсы сансыз көп бытыраңқы шаруа көтерілістерін жасаған болатын, бірақ, халықты бір *жалған есімшінің* бастап, өзіне тақты талап еткен реттерін былай қойғанда, *патшаға қарсы ешқашан да* шыққан емес. II Екатерина тұсында шаруалардың соңғы ірі көтерілісінің мүмкін болған себебі мынау ғана: Емельян Пугачев өзін соның күйеуімін деп, әйелінің қолынан өлмеген, тек тағынан айрылып, түрмеге қамалған, алайда онан қашып шыққан III Петрмін деп жариялаған болатын. Мұның керісінше, шаруаға патша жердегі құдай болып көрінеді: Воq yusok, Car daljok, құдай көкте, патша алыста деп тарығып налиды ол. Шаруа халқының дені, әсіресе барщинадан төлем төлеп құтылғалы бері, үкімет пен патшаға қарсы күресуге барған сайын көбірек мәжбүр ететін жағдайға душар болды,— мұнда ешбір күмән жоқ; бірақ «түйсігі жағынан революционер» деген ертегіні Ткачев мырза басқа біреуге-ақ айтсын.

Ал оның үстіне, *егер* тіпті орыс шаруаларының бұқарасы түйсігі жағынан барып тұрған революцияшыл болған *күнде де*; тіпті біз революцияларды, бір топ өрнекті шыт немесе самауыр сияқты, заказ бойынша жасауға болады деп ұйғарған *күнде де* — тіпті солай болғанда да былай деп сұрауға рұқсат етіңіз: он екі жасар шағынан әлдеқашан өткен адамның революцияның барысы туралы, біздің осы арада көріп отырғанымыздай, шектен тыс балалық ұғымда жүруі лайық па? Тек ойлап қаранызшы, мұның өзі 1873 жылы Испанияда осы бакунистік үлгі бойынша әзірленген бірінші революция ерен сәтсіздікке ұшырағаннан кейін жазылып отыр. Ол жерде де көтеріліс бірнеше жерде бірден басталған. Ол жерде де жұрт практикалық қажеттік, бас сауғалау түйсігі наразылық білдіруші қауымдар ара-

сында өзінен өзі-ақ ажырамас берік байланыс орнатады деп сенген болатын. Ал бұдан не шықты? Әрбір қауым, әрбір қала өзін өзі ғана қорғады, өзара көмектесу туралы сөз де болған жоқ, сөйтіп тек 3000 солдат бар Павиа екі аптаның ішінде бір қаладан соң бір қаланы бағындырды да, бүкіл осы анархистік ұлылықты құртып жіберді, (менің «Бакунистердің әрекеті» деген мақаламды* қараңыз; онда бұл толық суреттелген).

Россия, күмән жоқ, революцияның қарсаңында тұр. Финанс істері мейлінше қожыраған. Салық тегеуріні қызмет көрсетуден бас тартуда, ескі мемлекеттік борыштар жөніндегі проценттер жана заемдар арқылы төленуде, ал әрбір жана заем барған сайын көптеген қиыншылықтарға кездесуде; тек темір жолдар салу сылтауымен ғана әлі де ақша табуға мүмкіндік болып отыр! Әкімшілік әлдеқашан бақайшағына дейін азғындап болған; чиновниктер өз жалақысынан гөрі ұрлықпен, парамен және жемқорлықпен көбірек күнелтуде. Бүкіл ауыл шаруашылық өндірісі — Россиядағы ең маңызды өндіріс — 1861 жылғы төлемнің салдарынан өбден қожырауда; ірі жер иелігіне жұмыс күші жетімсіз, шаруаларға жер жетімсіз, олар салықпен жанышталған, өсімқорлардың тонауына түскен; ауыл шаруашылық өнімі жылдан жылға кеми түсуде. Осының бәрі тұтас алғанда Батыстағы біздің тіпті озбырлығы жайында ешбір айтып жеткізуімізге келмейтін азиаттық деспотизм арқылы әрең дегенде және сырт жағынан ғана тежеліп отырады, бұл деспотизм оқымысты таптардың көзқарастарына, әсіресе тез өсе түскен астана буржуазиясының көзқарастарына күн сайын мейлінше сорақы қайшы келіп отырған деспотизм ғана емес, сонымен бірге өзінің қазіргі иесі түрінде өзі де шатасып болған деспотизм: бүгін ол либерализмге кеңшіліктер жасайды да, ертеніне оларды қорыққанынан қайтып алады, сөйтіп өзіне деген сенім атаулыны оның өзі барған сайын кетіре береді. Оның үстіне астанада ұлттың шоғырланып жатқан неғұрлым оқымысты топтарының арасында мұндай жағдайдың төзгісіз екенін, төңкерістің жақын екенін ұғынушылық нығайып отыр, бірақ сонымен бірге бұл төңкерісті конституциялық тыныш арнаға салуға болады деген жалған үміт те туып келеді. Мұнда революцияның барлық шарттары келіп ұштасады; бұл революцияны астананың жоғары таптары, бәлкім тіпті үкіметтің өзі-ақ бастайды, бірақ шаруалар оны ілгері өрістетіп, бірінші конституциялық фазистің шеңберінен тез-ақ алып шығады; бүкіл европалық реакцияның ең соңғы, әлі де мұрты кетілмеген резервін бір соққының күшімен жоятын болғандықтан-ақ, бұл революцияның бүкіл Европа үшін орасан зор маңызы болмақ. Бұл революция күмәнсіз жақындап

* Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 457—474-беттер. Ред.*

келеді. Мұны тек екі оқиға ғана ұзақ уақытқа кейінге қалдыра алар еді, бұлар: Түркияға немесе Австрияға қарсы сәтті соғыс; бұл үшін ақша мен сенімді одақтастар керек; не болмаса... көтеріліс жасау жөніндегі мезгілсіз әрекет, ал мұның өзі дәулетті таптарды қайтадан үкіметтің құшағына апарып тығады.

Ф. Энгельс 1875 ж. апрельде жазған

Мына газетте басылған: „Der Volksstaat“ №№ 43, 44 және 45; 16, 18 және 21 апрель, 1875 ж. және жеке кітапша түрінде басылған: F. Engels. „Sozialcs aus Rußland“. Leipzig, 1875, сондай-ақ мына кітапта басылған: F. Engels., „Internationales aus dem „Volksstaat“, (1871—1875).“ Berlin, 1894

Кол қойған: Ф. Энгельс

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 537—548-беттер

«РОССИЯДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ» ДЕГЕН ЕҢБЕККЕ²⁵⁸ СОҢҒЫ СӨЗ

Мен ең алдымен мынадай түзету жасауым керек: егер дәлмедәл айтатын болсақ, П. Ткачев мырза бакуист яғни анархист болған жоқ, өзін «бланкистпін» дейтін. Бұл тандануға болмайтын қателік еді, өйткені жоғарыда айтылып өткен Ткачев мырза, орыс эмигранттарының сол кездегі салтымен, Батыс Европа алдында өзін барлық орыс эмигранттарымен тілеулеспін деп жариялады және өзінің кітапшасында²⁵⁹ шынында да Бакуин мен оның компаниясын менің сынымнан қорғады, қорғағанда да сын тура оның жеке өзіне қарсы бағытталған адамдай қорғады.

Оның менімен айтысқанда қорғаған орыстың коммунистік шаруалар қауымы жөніндегі көзқарастары шын мәнісінде Герценнің көзқарастары болатын. Революционер деп компитқан осы соңғы айтқан адам, панславистік беллетрист өз имениелеріндегі крепостной шаруалардың жерді жеке меншіктенбейтінін, егістік жер мен шабындықтарды дүркін-дүркін өзара қайта бөлісіп отыратынын Гакстгаузеннің «Россия туралы этюдтерінен» оқып білген. Оған беллетрист ретінде, көп кешікпей-ақ жұрттың бәрі-бәріне белгілі болған жайды, атап айтқанда, жерді қауым болып меншіктенудің иемдену формасы болғанда оның алғашқы қауымдық дәуірде германдықтарда, кельттерде, үнділерде, қысқасы, барлық индоевропалық халықтарда үстем болған иемдену формасы болып табылатынын, Индияда күні бүгінге дейін сақталып отырғанын, Ирландия мен Шотландияда тек жақында ғана күшпен жойылғанын, Германияда кей жерлерде қазір де кездесіп қалатынын, мұның өзі іс жүзінде дамудың белгілі бір сатысында барлық халықтарға ортақ құбылыс

екенін, иемденудің құрып бара жатқан формасы екенін зерттеудің түкке де қажеті жоқ еді. Алайда, панславист ретінде, ең тәуір дегенде сөз жүзінде ғана социалист болған Герцен, қауымға өзінің «қасиеті» Русін іріп-шіріген Батыстың алдында бұрынғыдан да жарқырата көрсету үшін және оның міндеті — дәурені өткен, іріп-шіріген Батысты, тіпті қажет болған жағдайда қарудың күшімен, жасартып, қайта тудыру екенін айқынырақ көрсету үшін жаңа дәлел деп қарады. Қаусаған француздар мен ағылшындар, қанша күш салғанымен іске асыра алмай отырған нәрсені орыстар өз қолдарында дайын күйінде ұстап отыр екен.

«Қауымды сақтау және жеке адамдарға бостандық беру, халықтың бірлігін сақтай отырып, селолық және болыстық өзін өзі басқаруды қалаларға және бүкіл мемлекетке тарату — Россияның болашағы жөніндегі, яғни қалай шешілуі Батыстың ойшылдарын ойландырып-толғандырып отырған әлеуметтік қайшылықтың мәселесі міне осы» (Герцен. Линтонға жазған хаттары).

Сөйтіп, Россияда саяси мәселе әлі бар болар; бірақ «әлеуметтік мәселе» Россия үшін шешіліп болған.

Герцен сияқты оған көз жұма еліктеген Ткачев те іске осылай жеңіл-желпі қарады. 1875 жылы ол Россияда «әлеуметтік мәселе» шешіліп қойылған деп енді айта алмайтын болса да, ол алайда туысынан коммунистер — орыс шаруалары социализмге шексіз жақын тұрады және оның үстіне олар кедей, құдайдың өзі де ұмытқан Батыс Европа пролетарларына қарағанда әлдеқайда жақсы тұрады деді. Егер жүз жылдық революциялық қызметінің тәжірибесіне сүйенген француз республикашылдары өз халқын саяси жағынан тандаулы халық деп есептесе, сол кездегі орыс социалистерінің көпшілігі Россияны әлеуметтік жағынан тандаулы халық деп жариялады; өзінің күресі арқасында ескі экономикалық дүниені қайта жасартатын Батыс Еуропаның пролетариаты емес, бұлар емес, бұл қайта жасару оған орыс шаруаларының қалың ортасынан келеді десті. Менің сыным да міне осы балалық көзқарасқа қарсы бағытталған болатын.

Алайда орыс қауымына Герцендер мен Ткачевтерден әлдеқайда жоғары тұратын адамдар да назарын аударып, ден қойды. Олардың ішінде Россия шексіз қарыздар ұлы ойшыл Николай Чернышевский де болды, оның Сибирь якуттарының арасында ұзақ жыл айдауда әбден титықтап келгеннен кейінгі өлімі «Азат етуші» II Александрдың маңдайына басылған мәңгі маскара таңба болып қалады.

Россияны Батыс Еуропадан бөліп тұрған парасаттық тосқауылдың салдарынан Чернышевский Маркстің шығармаларын еш уақытта да білмеді, ал «Қапитал» жарыққа шыққанда ол әлдеқашан Средне-Виллюйскіде, якуттардың арасында жүр

еді. Оның барлық рухани кемелденуі осы парасаттық тосқауыл тудырған жағдайда өтуге тиіс болды. Орыс цензурасы өткізбеген нәрсенің барлығы да Россия үшін мүлдем дерлік болмаған немесе мүлдем болмаған дүние болды. Сондықтан да, біз жеке-леген жағдайларда оның олқы жерлерін, ой-өрісінің шектеулілігін кездестірсек, мұндай жағдайлардың бұдан әлдеқайда көп болмағанына таңдануға ғана тура келеді.

Чернышевский де орыстың шаруалар қауымына осы заманғы қоғамдық формадан дамудың жаңа сатысына, бір жағынан орыс қауымынан, ал екінші жағынан таптық қарама-қайшылықтары бар батысевропалық капиталистік қоғамнан жоғары тұрған сатыға өтудің құралы деп қарады. Батыста мұндай құрал жоқ уақытта Россияның қолында оның болуын Чернышевский Россияның артықшылығы деп білді.

«Батыс Европада жақсы тәртіп енгізу жеке адам праволарын шексіз кейтіп жібергендіктен аса қиынға түсіп отыр... қазір пайдаланып әбден дағдыланып қалғандардың болмашы бөлігінің өзінен бас тарту қиын, ал Батыста жеке адам өз праволарының шексіздігіне әбден үйренген. Өзара кеңшілік жасаудың қажет те пайдалы екендігін ашы тәжірибе мен ақылға салып ұзақ ойлау ғана үйрете алады. Батыста экономикалық қатынастарда жақсы тәртіп орнату құрбандықтарға көну арқылы болады, сондықтан ондай тәртіп орнату өте қиындап кеткен. Ол ағылшын және француз шаруаларының әдет-дағдыларына үйлеспейді». Бірақ «бір елде утопия болып көрінетін нәрсе, басқа елде факт ретінде бар... ағылшын мен француз үшін халық өміріне енгізу өлшеусіз қиын іс болып көрінетін дағдылар орыстарда халық өмірінің фактісі ретінде бар... Қазір Батыс осыншалық қиын да ұзақ жолмен жетпек болып отырған тәртіп біздің село тұрмысының қуатты халықтық әдет-дағдыларында әлі бар... Жерге қауымдық меншіктің жойылуы Батыста қандай қайғылы жағдайлар туғызғанын және батыс халықтарына бұл шығынның орнын толтырудың қаншалықты ауыр екенін біз көріп отырмыз. Батыстың үлгісін біз көзден таса етпеуіміз керек». (Чернышевский. Шығармалары, Женевада басылуы, V том, 16—19-беттер; цитат Плехановтан алынған. «Біздің таластарымыз»*, Женева, 1885).

Жерді қоғамдасып өңдеу және одан түскен өнімді жеке семьялар арасында бөлу тәртібі осы уақытқа дейін үстемдік етіп келген Урал казактары туралы ол былай дейді:

«Егер уралдықтар қазіргі құрылымымен егіншілікке машиналар қолданылатын уақытқа дейін жететін болса, онда уралдықтар жүздеген десятинаға жететін аса ірі шаруашылықта ғана пайдалануға келетін машиналарды қолдануға болатын құрылымның өздерінде сақталғанына қатты қуанған болар еді». (Ibidem**, 131-бет).

Бұл арада естен шығармайтын бір жай, уралдықтардың соғыстық сипаттағы қатерден сақтану үшін (казармалық коммунизм бізде де бар ғой) жерді қоғамдасып өңдеуі Россияда

* Түпнұсқада кітаптың аты орысша латын әріптерімен жазылған. *Ред.*

** — бұл да сонда. *Ред.*

ілуде бір болатын оқшау жай, бұлар жерді ауық-ауық қайта бөліске салып отыратын шамамен біздің Мозельдегі үй басы қауымдары [Gehöferschaften] сияқты. Егер оларда қазіргі құрылыс машинаны енгізу кезеңіне дейін сақталатын болса, онда оның пайдасын уралдықтардың өздері көрмейді, оларды малай қылып ұстап отырған орыс мемлекеттік қазынасы көреді.

Қалай болғанда да факт мынадай: Батыс Европада капиталистік қоғам ыдырап және оның дамуындағы жоюға болмайтын қайшылықтар оған өлім қаупін төндіріп отырған кезде, міне, тап осы кезде Россияда барлық өнделетін жердің жартысына жуығы әлі де ортақ меншік ретінде шаруалар қауымдарының қолында болып отыр. Егер Батыста бұл қайшылықтарды қоғамды жаңадан ұйымдастыру жолымен шешу барлық өндіріс құрал-жабдықтарын, демек жерді де бүкіл қоғамның меншігіне беруді қажетті шарт ретінде көздеп отырса, Батыста тек алдағы уақытта жасалғалы отырған осы ортақ меншікке Россияда қазірдің өзінде бар, дәлірек айтқанда әлі де бар қауымдық меншіктің қатынасы қандай? Ол бүкіл капиталистік кезеңді аттап өтіп, орыстың шаруалар коммунизмін барлық өндіріс құрал-жабдықтарына осы заманғы социалистік ортақ меншікке бірден айналдыратын және оны капиталистік заманның барлық техникалық жетістіктерімен байытатын халықтық қозғалыстың бастау пункті бола алмас па екен? Немесе, Маркс өзінің бір хатында, төменде үзінді келтіріліп отыр*, Чернышевскийдің пікірін тұжырымдағанындай: «Россия капиталистік құрылысқа өту үшін, мұны оның либерал экономистері қалап отырғанындай, селолық қауымды қиратудан бастауға тиіс пе, әлде, бұған керісінше, ол осы құрылыстың азабын тартпай-ақ, тарихи тұрғыдан өзінде барды дамыта отырып, оның барлық жемістеріне ие бола ала ма?»

Мәселенің қойылу тұрғысының өзі-ақ оның шешімін іздейтін бағытты көрсетеді. Орыс қауымы жүздеген жылдар өмір сүрді және оның өз ортасынан ортақ меншіктің жоғары формасын тудыру жөніндегі ынталылық бірде-бір рет байқалған жоқ; герман маркасы, кельт кланы, үнді қауымы және алғашқы қауымдық-коммунистік тәртіптер ұстанған басқа да қауымдардың да жағдайы дәл осылай болған. Олардың барлығы да уақыт өткен сайын өздерінің айналасындағы, сондай-ақ өз ішінде туындап жатқан және біртіндеп оларды өзіне қаратып жатқан товар өндірісімен, жеке адамдар мен жеке семьялар арасындағы айырбастың ықпалымен барған сайын өздерінің коммунистік сипатынан айрылып, бір-біріне тәуелсіз жер иеленушілер қауымдарына айналды. Сондықтан да, орыс қауымының болашағы бұдан өзгеше және жақсы болмас па екен деген сұрақты

* Қараңыз: осы том, 434—435-беттер. *Ред.*

жалпы алғанда қоюға келетін болса, онда оның себебі қауымның өз ішінде емес, бір ғана мына жағдайда болып отыр: европалық елдердің бірінде ол өзінің біршама өміршеңдігін осы кезге дейін, Батыс Европада жалпы товар өндірісі ғана емес, оның ең жоғары және соңғы формасы — капиталистік өндіріс өзі жасаған өндіргіш күштермен қайшылыққа келген кезге дейін, енді ол бұдан әрі осы күштерді басқаруға қабілеті жетпейтін, содан барып осы ішкі қайшылықтардың және солар арқылы туатын таптық жанжалдардың салдарынан құритын кезге дейін сақтай алғандығында болып отыр. Осының өзінен-ақ көрініп отырғанындай, орыс қауымын бұлай қайта құру инициативасы қауымның өзінен емес, тек қана Батыстың өнеркәсіп пролетариатынан шығуы мүмкін. Батыс Европа пролетариатының буржуазияны жеңуі және осыған байланысты капиталистік өндірісті қоғам болып басқаратын өндіріспен алмастыру, — міне орыс қауымын дамудың нақ сондай сатысына дейін көтерудің қажетті алғы шарты осындай.

Шынында да: рулық құрылыстан сақталып қалған аграрлық коммунизмнен ешқашан және еш жерде өзінен-өзі ыдыраудан басқа ешнәрсе туып көрген емес. Орыстың шаруалар қауымының өзі 1861 жылдың өзінде-ақ осы коммунизмнің біршама әлсіреген формасы болатын; Индияның кейбір жерлерінде және орыс қауымының шыққан тегі болуы мүмкін оңтүстік славяндық үй қауымында (задругада) әлі бар жерді бірлесіп өңдеу шаруашылықты жеке семья болып жүргізуге орын беруге тиіс болды; қауымдық меншік әр жерде әр түрлі уақыттан кейін қайталанып жүргізіліп жататын жерді қайта бөлісу ісінен ғана көрінетін. Осы қайта бөлістер өзінен-өзі немесе ерекше қауымның нәтижесінде тоқтап қалса болды, — парцельді шаруалар деревнясы шыға келеді.

Алайда бір ғана мына факт: Батыс Европадағы капиталистік өндіріс орыстың шаруалар қауымымен жақын жапсарлас өмір сүре отырып, өзінің құритын кезеңіне таялып келеді және оның өз ішінде өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық меншік ретінде жоспарлы түрде пайдаланылатын өндірістің жаңа формасының ұрығы бар, бір ғана осы факт орыс қауымының бойына оған өзінің ішінен мұндай жаңа қоғамдық форманы дамытуға мүмкіндік беретіндей күш құя алмайды. Мұндай революцияны капиталистік қоғамның өзі жасамастан бұрын қоғамдық меншік және қоғамдық құрал ретіндегі капиталистік қоғамның орасан зор өндіргіш күштерін қауым қалайша игере алады? Орыс қауымы өз меншігіндегі жерді қоғамдық негізде өндеуді келістіре алмай отырғанда, ол қалайша бүкіл әлемге ірі өнеркәсіпті қоғамдық негізде жүргізуге болатынын көрсете алады?

Рас, Россияда батыстың капиталистік қоғамын, оның барлық бітіспес қарама-қарсылықтары мен жанжалдарын жақсы

білетін және тосыннан қарағанда тығырық болып көрінетін осы тұйықтан шығудың жолын айқын көріп отырған адамдар аз емес. Бірақ, біріншіден, мұны түсінетін сол бірнеше мың адам қауым ішінде тұрмайды, ал Великобританияда әлі де болса жерге қауымдық меншік жағдайында өмір сүріп отырған табандатқан елу миллион адамның бұл туралы түк түсінігі жоқ. 1800—1840 жылдардағы ағылшын пролетарларына оларды аман сақтап қалу үшін Роберт Оуэн ойлап тапқан жоспарлар қаншалықты түсініксіз және жат болса, оларға әлгі бірнеше мың адамның көзқарастары да, қалай дегенде де, соншалықты түсініксіз және жат. Оуэннің Нью-Ланарктегі фабрикасында істейтін жұмысшылардың көпшілігі Кельт-Шотланд кланында ыдырап бара жатқан коммунистік рулық құрылыстың тәртіптері мен ғұрыптары тұсында өсіп ержеткен адамдар болатын, алайда Оуэн осы адамдар мені тәуірірек түсінді деп бір ауыз сөз айтқан жоқ. Ал екіншіден, экономикалық дамудың әлдеқайда жоғары сатысында тұрған қоғамда ғана туған және тууы да мүмкін міндеттер мен жанжалдарды экономикалық дамудың неғұрлым төмен сатысында тұрған қоғамның шешуі тарихи тұрғыдан мүмкін емес нәрсе. Товар өндірісі мен жеке айырбас тумас бұрын пайда болған рулық қауымның барлық формаларының болашақ социалистік қоғаммен ортақ бір ғана жағы бар, белгілі бір заттар, өндіріс құрал-жабдықтары белгілі топтардың ортақ меншігі мен ортақ пайдалануында болады. Алайда бір ғана осы ортақ қасиет төменгі қоғамдық форманы капиталистік қоғамның өзі тудыратын оның ең ақырғы нәтижесі — болашақ социалистік қоғамды өз қойнауынан жасап шығаруға қабілетті ете алмайды. Әрбір нақты экономикалық формация тек өзіне ғана тән, өз ортасынан туындайтын міндеттерді ғана шешуі тиіс; басқа, мүлдем жат формацияның алдында тұрған міндеттерді шешуді қолға алу барып тұрған қисынсыздық болар еді. Және мұның орыс қауымына қатысы оңтүстік славян задругасына, Индияның рулық қауымына немесе өндіріс құрал-жабдықтарын ортақтасып иемденумен сипатталатын тағылық не варварлық дәуіріндегі барлық басқа да қоғамдық формаларға қатысынан әсте кем емес.

Бірақ оның есесіне Батыс Европа халықтарында пролетариат жеңіске жеткеннен кейін және өндіріс құрал-жабдықтары ортақ иемденуге көшкен соң капиталистік өндіріс жолына түсуге енді ғана мүмкіндік алған және рулық тәртіптер немесе олардың қалдықтары әлі де сақталып отырған елдер қауымдық иеліктің осындай қалдықтары мен оларға сәйкес келетін халықтық әдет-ғұрыптарды өздерінің социалистік қоғамға қарай даму процесін едәуір қысқарту үшін және бізге Батыс Европада солар арқылы өтіп, жол салуға тура келетін ауыртпалықтар мен күрестен едәуір дәрежеде құтылу үшін қуатты құрал есебінде

лайдалануына болады, бұл мүмкін ғана емес, сонымен бірге күмәнсіз нәрсе. Бірақ мұның міндетті шарты әзірше капиталистік болып отырған Батыстың үлгі көрсетуі мен белсенді қолдауы болады. Капиталистік шаруашылық өз отанында және ол әбден кемелденген елдерде жеңілген кезде ғана, артта қалған елдер осы үлгіден «оның қалай жасалатынын», осы заманғы өнеркәсіптің өндіргіш күштерін қоғамдық меншік ретінде тұтас алғанда бүкіл қоғамға қалай қызмет еткізуге болатынын көрген кезде ғана,— тек сол уақытта ғана әлгі артта қалған елдер дамудың осындай қысқарған процесі жолына түсе алады. Бірақ оның есесіне онда олардың табысқа жетері даусыз. Және мұның тек Россияға ғана емес, капитализмге дейінгі даму сатысында тұрған барлық елдерге де қатысы бар. Дегенмен, Россияда бұл басқалардан гөрі неғұрлым оңайырақ болады, себебі мұнда негізгі тұрғын халықтың біразы капиталистік дамудың интеллектуалдық жемісін игеріп алған, соның арқасында революция кезінде мұнда қоғамды қайта құру ісін Батыспен бір мезгілде дерлік жүзеге асыруға болады.

Бұл пікірді біз Маркс екеуіміз 1882 жылы 21 январьда «Коммунистік манифестің» Плеханов аударған орысша басылымына жазған алғы сөзде айтқан болатынбыз. Онда біз былай деп жазған едік:

«Бірақ біз Россияда тез өршіп келе жатқан капиталистік жанталасумен қатар және тек енді ғана орнап келе жатқан буржуазиялық жер меншігімен қатар жердің жартысынан көбі шаруалардың қауымдық иеленуінде екенін көріп отырмыз. Енді мынадай сұрақ туады: алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі жерді ортақтасып иеленудің осы формасы, рас, қазір мықтап қаусаған формасы болып отырған орыс қауымы ортақтасып иеленудің жоғары дәрежелі, коммунистік формасына тікелей көше ала ма? Немесе, керісінше, ол әуелі Батыстың тарихи дамуына тән ыдырау процесін өтуге тиіс пе? Қазіргі уақытта бұл сұраққа қайтаруға болатын бірден-бір жауап мынадай. Егер орыс революциясы Батыстағы пролетарлық революцияға дабыл болса, сөйтіп екеуі бірін-бірі толықтыратын болса, онда орыстың осы заманғы қауымдық жер меншігі коммунистік дамудың бастама пункті бола алады»*.

Алайда орыстың қауымдық меншігінің бұл арада айтылып отырған әбден ыдырауы одан бері де дендей түскенін естен шығармау керек. Қырым соғысы кезіндегі жеңіліс Россия үшін өнеркәсіпті шапшаң дамыту қажеттігін айқын көрсетті. Ең алдымен темір жолдар керек болды, ал отандық ірі өнеркәсіпсіз оның кеңінен дамуы мүмкін емес. Ірі өнеркәсіптің пайда болуына қажетті алғы шарт шаруаларды азат ету деген болды; осы-

* Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 97—98-беттер. *Ред.*

мен бірге Россия үшін капиталистік дәуір басталды, бірақ сонымен қатар жерге қауымдық меншіктің тез күйреу дәуірі де басталды. Төлем төлеуден және көбейе түскен алым-салықтан, оның үстіне аз әрі құнарсыз жер алып, ауыртпалық тартқан шаруалар осыдан барып өсімқорларға кіріптар болды, бұл өсімқорлардың көбі шаруалар қауымының байыған мүшелері болатын. Темір жолдар бұрын шалғайда жатқан көптеген жерлердің тұрғындарына өздері өсірген астығын рынокқа шығаруға мүмкіндік берді; бірақ мұның есесіне осы жолдар арқылы бұл жерлерге ірі өнеркәсіптің арзан өнімдері де жеткізіле бастады, бұл осы кезге дейін біразын өз қажетіне, ал енді біразын сатуға деп осындай бұйымдар жасайтын шаруалардың майдагерлік кәсіпшілігін ығыстырып шығарды. Ежелден келе жатқан шаруашылық қатынастар бұзылды, барлық жерде де жұрт натуралдық шаруашылықтан ақшалы шаруашылыққа көшіп, байланыс ыдырай бастады, қауым мүшелерінің арасында дүниемүлік жөнінде ірі айырмашылықтар келіп туды,—кедейлер байларға кіріптарлыққа түсті. Қысқасы, Солонның аз-ақ алдында Афиныда Афины руының ыдырауына әкеліп соқтырған нақ сол ақшалы шаруашылықтың ену процесінің нәтижесінде мұнда да орыс қауымының ыдырауы басталды*. Рас, ол кезде Солонның әлі де жас жеке меншік правосына революциялық жолмен араласып, кіріптарлыққа түскен борышкерлердің қарыздарын жойып жіберу арқылы оларды босатуға мүмкіндігі болған еді. Бірақ ежелгі Афины руын ол қайтадан тірілте алмады, дәл осы сияқты орыс қауымының ыдырау процесі белгілі бір деңгейге жеткенде бұл қауымды да қалпына келтіретін күш әлемде жоқ. Оның үстіне орыс үкіметі шаруаның жерді қайта бөлісу дегенді барған сайын ұмыта түсуі үшін және оның өз үлестік жеріне жеке меншігім деп қарай бастауы үшін қауым мүшелерінің арасында жерді 12 жылда бір реттен артық қайта бөліске салуға тыйым салды.

Маркс тіпті 1877 жылдың өзінде Россияға жолдаған хаттарының бірінде осындай пікір айтқан болатын.** Қазір Мемлекеттік банктің кассирі ретінде орыстың кредит билеттерін өз қолымен куәландыратын Жуковский деген бір мырза «Вестник Европыда» Маркс туралы бір нәрсе басыпты (Vestnik Evropy), басқа бір жазушы*** «Отечественные запискиде» (Otetschestvennaja Zapiski) оған қарсы шығыпты.²⁶¹ Маркс осы соңғы мақала-

* Қараңыз: Ф. Энгельс. «Семьяның және т. б. шығуы», 5-басылуы, Штутгарт, 1892, 109—113-беттер. (қараңыз: осы басылуы, 3-том, 309—312-беттер. *Ред.*)

** Қараңыз: К. Маркс. «Отечественные записки» редакциясына хат» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 19-том, 116—121-беттер). *Ред.*

*** — Н. К. Михайловский. *Ред.*

ға түзету ретінде «Запискидің» редакторына хат жазды, ол хаттың французша түпнұсқасынан түсірілген қолжазба көшірмелері Россияда ұзақ уақыт айналып жүріп қалды, сонан соң 1886 жылы орыс тіліне аударылып, Женевада «Вестник Народной Волиде» (Vestnik Narodnoj Voli) жарияланды, ал кейінірек Россияның өзінде жарық көрді²⁶². Маркстің қаламынан туған дүниелердің барлығы сияқты бұл хат орыс топтары арасында өзіне барынша назар аударып, мейлінше әр түрлі мағынада ұғынылды; сондықтан мен бұл жерде негізінен оның мазмұнын келтірмекпін.

Маркс ең алдымен «Отечественные Запискидің» оған таңған: орыс либералдары сияқты Маркс те Россия үшін шаруалардың қауымдық меншігін жойып, капитализмге қауырт өтуден басқа шұғыл жұмыс жоқ деп есептейді деген көзқарасты теріске шығарады. Оның «Капиталдың» бірінші басылуына қосқан қосымшасында Герцен жөніндегі қысқаша ескертпесі еш нәрсеге де дерек бола алмайды. Бұл ескертпеде былай делінген: «Егер Европа континентінде адам ұрпағын әлсірететін... капиталистік өндірістің ықпалы осы уақытқа дейін болып келгеніндей ұлттық әскери күштің көлемін, мемлекеттік бoryштар мен салықтарды және т. б. шектен тыс ұлғайту ісіндегі, соғыс жүргізудің шебер тәсіліндегі бәсекемен тығыз бірлікте дамитын болса,— онда, бәлкім, түбінде жартылай россиялық, оның есесіне бүтіндей московит Герценнің кәдімгідей сәуегейлікпен айтып отырғанындай, Европаны қамшының күшімен және тамырына міндетті түрде қалмақ қанын құю арқылы жасарту да шын мәнінде болмай қалмас (сөз арасында, айта кету керек, бұл беллетрист «орыс коммунизмі» жөніндегі өзінің жаңалықтарын Россияда емес, прусс регирунгсраты Гакстгаузеннің шығармаларынан ашты)» («Капитал», I том, неміс тіліндегі бірінші басылуы, 763-бет).²⁶³ Бұдан кейін Маркс былай деп жалғастырады: бұл жері «ешбір ретте де менің көзқарастарымның, көзқарас болғанда» (әрі қарай түпнұсқада орыс тілінде цитат келеді) «орыс адамдарының өз отаны үшін Батыс Европа жүріп келген және жүріп келе жатқан жолдан өзгеше бір даму жолын табуға күш салуына деген көзқарастарымның кілті бола алмайды» және т. б.— «Капиталдың» неміс тіліндегі екінші басылуына соңғы сөзде мен «орыстың ұлы ғалымы және сыншысы» (Чернышевский)* жөнінде оған лайық үлкен құрметпен айттым. Бұл ғалым өзінің тамаша мақалаларында — Россия капиталистік құрылысқа өту үшін, мұны оның либерал экономистері қалап отырғанындай, селолық қауымды қиратудан бастауға тиіс пе, әлде бұған керісінше, ол осы құрылыстың азабын тартпай-ақ тарихи тұрғыдан өзінде барды дамыта отырып, оның барлық жемісіне

* Қараңыз: осы том, 97-бет. Ред.

не бола ала ма деген мәселені зерттеді. Ол осы соңғы шешіммен орайлас пікір білдіреді».

«Тегінде, мен өзім «болжал жасауға орын қалдыруды» ұнатпайтындықтан, тұспалдамай турасын айтамын. Россияның экономикалық дамуы жөнінде жағдайды жетік біліп пікір айтуға мүмкіндігім болу үшін мен орыс тілін үйрендім және ұзақ жылдар бойына бұл мәселеге қатысы бар ресми және басқа да басылымдарды оқып зерттедім. Мен мынадай қорытындыға келдім. *Егер Россия 1861 жылдан бері қарай жүріп келген жолмен бұдан былай да жүретін болса, онда ол тарих қайсыбір уақытта болмасын, қандай бір халыққа болмасын туғызып көрмеген ең қолайлы жағдайды қолдан қапы жіберіп алады, сөйтіп капиталистік құрылыстың барлық қатерлі қиындықтарын бастан кешіреді**.

Маркс онан әрі өзін сынаушы сыншының ұрынған тағы да кейбір қателіктеріне түсінік береді; біз қарастырып отырған мәселеге қатысы бар бірден-бір жерінде былай делінген:

«Сөйтіп, менің сыншым бұл тарихи очерктен Россия жағдайында қолданарлықтай не таба алды екен». (Әңгіме капиталдың бастапқы қорлануы жөнінде болып отыр) «Тек төмендегі ғана. Егер Россияның Батыс Европа ұлттарының үлгісімен капиталистік ұлт болу тенденциясы болса,— ал кейінгі жылдары ол осы бағытта аз еңбектенген жоқ,— онда ол өз шаруаларының едәуірін пролетарларға айналдырып алмай тұрып бұған жете алмайды; ал бұдан кейін капиталистік құрылыстың құшағына енген соң басқа да күнәкар халықтар сияқты ол оның бұлжымас заңдарына бағынышты болады. Міне, бар болғаны осы».

Маркс 1877 жылы осылай деп жазған еді. Россияда ол кезде екі үкімет болатын-ды: патша үкіметі және террорист-заговоршылардың құпия атқару комитетінің (ispolnitel'nyjkomitet) үкіметі²⁶⁴. Бұл екінші, құпия үкіметтің билігі күн санап өсе түсті. Патша өкіметінің құлатылуы онша алыс емес сияқты болатын; Россиядағы революция бүкіл европалық реакцияны оның аса күшті тірегінен, резервтегі ұлы армиясынан айыруы тиіс еді және осы арқылы Батыстың саяси қозғалысына жаңадан аса қуатты қозғау салуы, ол үшін күрес жүргізуге қажетті қосымша әлдеқайда қолайлы жағдайлар жасауы тиіс еді. Маркстің өз хатында орыстарға капитализмге секіруге оншама асықпандар деп кеңес беруіне тандануға болмайды.

Россияда революция болған жоқ. Патша өкіметі сол кезде «тәртіп сүйгіш» барша ауқатты таптардың өзін патша өкіметінің құшағына итере салған терроризмді жеңіп масайрады. Маркстің хаты жазылған сол кезден бері өткен 17 жыл ішінде

* Курсив Энгельстікі. Ред.

Россияда капитализмнің дамуы да, шаруалар қауымының ыдырауы да көп ілгері басты. Енді қазіргі, 1894 жылғы жағдай қандай?

Қырым соғысындағы жеңілістен кейін және император I Николай өзін өзі өлтіргеннен кейін де ескі патшалық деспотизм өзгермеген күйі өмір сүре бергендіктен,— бір ғана жол қалды: ол капиталистік өнеркәсіпке мүмкіндігінше неғұрлым тезірек өту еді. Армияны титықтатқан империя жерінің соншалықты кеңдігі, майдан даласына жетудің қиыншылықтары болды; бұл шалғайлықты стратегиялық темір жолдар жүйесін салып жою қажет болды. Бірақ темір жол салу дегеніміз капиталистік өнеркәсіпті құру және қарапайым егін шаруашылығын революцияландыру деген сөз. Бір жағынан, елдің ең шалғай жатқан жерлерінің егіншілік өнімдері дүние жүзілік рынокпен тікелей байланысқа түседі; екінші жағынан, рельстер, локомотивтер, вагондар т. б. жасап беріп тұратын отандық өнеркәсіпсіз темір жолдардың кең жүйесін салып, пайдалануға мүмкіндік болмайды. Бірақ бүкіл жүйесімен қоса енгізбейінше ірі өнеркәсіптің *бір ғана* саласын құруға болмайды; Москва мен Владимир губернияларында, сондай-ақ Прибалтика өлкесінде бұған дейін-ақ тамырын жайған біршама осы заманғы тоқыма өнеркәсібінің жаңадан өрлеуіне қозғау салынды. Темір жолдар мен фабрикалар салумен орайлас жаңа банктер құру және бұрынғыларын кеңейту ісі жүргізілді; шаруаларды крепостнойлық тәуелділіктен азат ету жүріп-тұру еркіндігіне жол ашты, сонымен қатар бұдан кейін осы шаруалардың едәуір бөлігінің жерге иелік етуден өзінен-өзі айрылып қалатындығын да күтуге болатын еді. Сөйтіп, Россияда қысқа мерзім ішінде капиталистік өндіріс әдісінің барлық негіздері қаланды. Бірақ сонымен бірге орыс шаруалар қауымының тамырына да балта шабылғалы тұрды.

Енді бұған қайғырудан ештеңе өнбейді. Егер Қырым соғысынан кейін патшалық деспотизм дворяндар мен бюрократияның тікелей парламенттік үстемдігімен алмастырылған болса, онда бұл процесс біршама баяулар ма еді, қайтер еді; егер өкімет басына енді туып келе жатқан буржуазия келсе, онда бұл процесс сөзсіз шапшаңдаған болар еді. Қалыптасқан жағдайда бұдан басқа таңдайтын жол жоқ болатын. Францияда Екінші империя өмір сүріп отырған кезде, Англияда капиталистік өнеркәсіп әбден өркендеген кезде, шынында да Россиядан шаруалар қауымының негізінде бас-көз жоқ жоғарыдан мемлекеттік-социалистік эксперименттер жасауды талап етуге болмайтын еді. Не де болса бір нәрсе болуы тиіс еді. Сөйтіп, мұндай жағдайда не мүмкін болса сол болып тынды; товар өндірісі елдерінде қашан да, қай жерде де осылай болатынындай, адамдар көбінесе өздерінің не істеп жатқандарын жарым-жартылап

қана ұғынып немесе мүлде ұғынбай көз жұмып қимылдады.

Бұл екі арада Германия бастап жол салған жаңа кезең, жоғарыдан жасалатын революциялар кезеңі, сонымен бірге Европаның барлық елдерінде социализмнің шапшаң өсу кезеңі туды. Россия жалпы қозғалысқа қатысты. Құтуге болатынын да, дай-ақ мұнда бұл қозғалыс патшалық деспотизмді құлату, ұлттың интеллектуалдық және саяси дамуы үшін еркіндікті жеңіп алу мақсатында батыл шабуыл формасын алды. Әлеуметтік қайта жаңғыруды өз қойнауынан тудыра алатын және тудыруға тиісті шаруалар қауымының ғажайып күшіне деген сенім, біз көргеніміздей Чернышевскийдің өзі де арыла алмаған сенім, — міне, осы сенім орыстың ержүрек алдыңғы қатарлы күрескерлерінің жігері мен қайратын шындап, өз дегенін істеді. Бас-аяғы бірнеше жүзден аспайтын бұл адамдарды, алайда өздерінің жанқиярлығы мен ерлігінің арқасында патшалық абсолютизмді тізе бүгуіміз мүмкін-ау, оның шарттары қандай болмақ деп ойлана бастауға дейін мәжбүр еткен адамдарды, олар өздерінің орыс халқын әлеуметтік революцияның таңдаулы халқы деп есептегені үшін жауапқа тарта алмаймыз. Бірақ олардың жалған үмітін қолдауға әсте де міндетті емеспіз. Таңдаулы халықтар бар дейтін кезең келмеске кеткен.

Ал бұл күрес қызып тұрған кезде Россияда капитализм еркін ілгері басып, террористердің қолы жетпеген мақсатқа: патша үкіметін тізе бүгуге мәжбүр ету мақсатына барған сайын жете түсті.

Патша өкіметіне ақша қажет болды. Қажет болғанда тек сарайдың сән-салтанаты үшін, бюрократия үшін және бәрінен бұрын — армия мен параға негізделген сыртқы саясат үшін ғана қажет емес, сонымен бірге әсіресе оның азып-тозған финанс шаруашылығы мен оның темір жол құрылысы саласындағы осыған сәйкес келетін ебедейсіз саясаты үшін қажет болды. Шетелдегілер патша қазынасының олқылықтарының бәрін толтыра алмады және оған ықыласы да жоқ еді; көмекті елдің өз ішінен іздеуге тура келді. Темір жол акцияларының біразын, сондай-ақ заемдардың бір бөлегін де елдің өз ішінде таратуға тура келді. Орыс буржуазиясының алғашқы жеңісі темір жол концессиялары болды, бұл концессиялар бойынша болашақ пайданың бәрі акционерлерге тиетін болды да, болашақ зиянның бәрі мемлекеттің мойнына түсетін болды. Онан әрі өнеркәсіп орындарын салғаны үшін ақшалай көмектер мен сыйлықтар, сондай-ақ отандық өнеркәсіптің мүддесін қорғайтын салықтар жалғасты, осы салықтардың салдарынан ақыр аяғында көптеген заттарды шеттен тасып әкелуге мүмкіндік болмай қалды. Борышы шексіз көбейіп кеткен және шет елдердегі кредиті әбден әлсіреген орыс мемлекетіне қазнаның тікелей мүддесі үшін отандық өнеркәсіпті қолдан жасауға тура келді.

Ол шетелдегі мемлекеттік борыштары бойынша процент төлеу үшін алтынға әрқашан мұқтаж болды. Алайда Россияда айналымда алтын болмайды, тек қағаз ақшалар ғана жүреді. Алтынның біразы таза алтын күйінде ғана алынатын баж салықтарынан түседі және айта кететін бір жай: ол осы салықтардың мөлшерінен 50 процент асып түседі. Бірақ алтынның көбі сырттан тасылатын шетел өнеркәсібінің бұйымдарымен салыстырғанда сыртқа шығарылатын орыс шикізатының мөлшерін арттыру есебінен түсуге тиіс; осы артық шикізаттың сомасына шетел сатып алушылары беретін вексельдерді орыс үкіметі Россияның өз ішінде қағаз ақшаға сатып алады да, кейін солар арқылы алтын алады. Сондықтан да, егер үкімет шетелдерге берешек борыштары бойынша процент төлеу үшін шетелдерден жаңа қарыздар алғысы келмесе, онда ол орыс өнеркәсібін барлық ішкі қажеттерді қанағаттандырырлықтай дәрежеде шапшаң нығайту қамын жасау керек. Россия шетелге тәуелді емес, өзін өзі жабдықтайтын өнеркәсіпті ел болуы керек деген талап осыдан туады; үкіметтің бірнеше жыл ішінде Россияны капиталистік дамудың ең биік шыңына жеткізу үшін жанталаса күш салуы да осыдан. Өйткені, егер бұл іске аспайтын болса, онда Мемлекеттік банк пен казначействода жинақталған металл соғыс қорына қол сұғудан немесе мемлекеттік банкрот болуға тәуекел жасаудан бөтен ештеңе қалмайды. Екі жағдайдың екеуінде де бұл орыс сыртқы саясатының күйреуі болар еді.

Бір ғана нәрсе айқын: мұндай жағдайда орыстың жас буржуазиясы мемлекетті түгел өз қолында ұстап отырады. Манызды-маңызды экономикалық мәселелердің бәрінде мемлекет оның дегеніне көнуге мәжбүр болады. Егер ол патша мен оның чиновниктерінің озбырлық самодержавиесімен әлі келісімге келіп отырса, оның бір ғана себебі мынада: самодержавие бюрократияның сатылғыштығымен жұмсара түсумен қатар, ол буржуазияға Россияның ішіндегі қазіргі жағдайда ақырының немен тынарын ешкім де болжай алмайтын буржуазиялық-либералдық рухтағы болсын өзгерістерден гөрі көп келілдік береді. Сөйтіп, Россияның өнеркәсіптік-капиталистік елге айналуы, шаруалардың едәуір бөлігінің пролетарлануы және ескі коммунистік қауымның қирауы осылайша барған сайын шапшаң қарқынмен жүріп жатыр.

Осы қауым бұл күндері, Маркс сияқты мен де 1882 жылы сенгеніміздей, қажет болған кезде Батыс Европадағы төңкеріспен ұштасып, коммунистік дамудың бастама пункті бола алатындай дәрежеде өзін өзі сақтап қала алды ма, жоқ па, мен ол жөнінде кесімді пікір айта алмаймын. Бірақ бір нәрсе күмәнсыз: бұл қауымнан аз да болса жұрнақ бір нәрсе сақтау үшін, ең алдымен патшалық деспотизмді құлату керек, Россияда революция болуы қажет. Орыс революциясы ұлттың, шаруалар-

дың көбін олар үшін бүкіл дүние*, бүкіл әлем болып көрінетін деревняларының оқшаулығынан құтқарып қана қоймайды, шаруаларды сыртқы дүниені көріп танитындай, онымен бірге өзін өзі танып, өз жағдайын, қазіргі жоқшылықтан құтылудың жолын ұғынатындай, кең аренаға шығарып қана қоймайды, сонымен қатар, орыс революциясы Батыстың жұмысшы қозғалысына жаңа қозғау салады, олардың күресіне жаңа жақсы жағдай туғызады және сөйтіп, осы заманғы өнеркәсіп пролетариатының, жеңісін тездетеді, ал бұл жеңіссіз бүгінгі Россия қауымның негізінде де, капитализмнің негізінде де қоғамды социалистік жолмен қайта құруға жете алмайды.

1894 жылы январьдың бірінші жартысында жазылған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 22-том, 438—453-беттер

Мына кітапта басылған: *F. Engels. „Internationales aus dem „Volksstaat“ (1871—1875)» Berlin, 1894*

БАКУНИННИҢ «МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ АНАРХИЯ» ДЕГЕН КІТАБЫНЫҢ КОНСПЕКТИСІНЕН²⁶⁵

«Мысалы, марксистер ықыласпен қарай қоймайтыны белгілі және әлі мәдениеттің төменгі сатысында тұрған «шаруалар тобырын» (das gemeine Bauernvolk, der Bauerprobel), тегінде қала мен фабрика пролетариаты басқаратын болар».

Демек, шаруа жеке меншік жер иесі ретінде әлі де көп болып отырған жерде, ол Батыс Европа континентінің барлық елдеріндегі сияқты тіпті азды-көпті елеулі көпшілік болып отырған жерде, ол жойылып кетпеген және Англиядағы сияқты ауыл шаруашылығы батырақтарымен алмастырылмаған жерде мынадай жағдай болады: не шаруа осы кезге дейін Францияда істеп келгеніндей жұмысшы революциясының қандайына да болсын кедергі жасайды да, оны күйреуге әкеліп соқтырады, немесе пролетариат (өйткені меншік иесі шаруа пролетариатқа жатпайды; өзінің жағдайына қарай пролетариатқа жатқан күннің өзінде де, ол өзін оған жатпаймын деп ойлайды) үкімет ретінде шаруаның жағдайын өзінің бастамасында тікелей жақсартатын, демек, оны революция жағынан шығаратын шаралар қолдануға тиіс; жерді жеке меншіктенуден коллектив болып меншіктенуге көшуді жеңілдететін бұл шаралар бұған шаруашылық жолмен шаруаның өзі келетіндей шаралар болуы қажет; бірақ, мысалы мұрагерлік правосын жою немесе оның меншігін жою қажеттігін жариялап, шаруаны абыржытуға болмайды; соңғысын капиталист-арендатор шаруаны жерінен ығыстырып шығарған, сөйтіп нағыз егінші қала жұмысшысы сияқты пролетарға, жалдама жұмысшыға айналған, демек, онымен жанамалай емес, *тікелей* мүдделес болған жерде ғана істеуге болады; оның үстіне бакуниндік революциялық жорықтарғадай шаруаларға үлкен имениелерді жай бере салу жолымен олардың парцельдерін көбейтіп, парцельді меншікті нығайтуға болмайды.

«Немесе, бұл мәселеге ұлттық көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, айттық, немістер үшін неміс пролетариаты өз буржуазиясының бағынышты құлы болып отырғанындай, дәл сол себепті де славяндар да жеңімпаз неміс пролетариатына құлдық бағыныштылыққа түседі» (278-бет).

Бұл шәкірттің сандырағы! Түбегейлі әлеуметтік революция экономикалық дамудың белгілі бір тарихи жағдайларымен байланысты; соңғысы оның алғы шарты болып табылады. Демек, революция өнеркәсіп пролетариаты капиталистік өндіріспен бірге, ең кем дегенде, халық бұқарасының ішінде елеулі орын алған жерде ғана болуы мүмкін. Және оның жеңіске деген аз да болса үміті болуы үшін, ол шаруалар үшін ең болмағанда француз буржуазиясы өз революциясы тұсында сол кездегі француз шаруаларына істегенін *mutatis mutandis** тікелей істей алатындай жағдайда болуы керек. Жұмысшылардың үстемдігі ауыл шаруашылығы еңбегін құлданумен бірге болады деген идея келісіп-ақ тұр! Бірақ дәл осы арада Бакунин мырзаның әбден жасырып келген сыры көрініп қалады. Ол әлеуметтік революция жөнінде мүлдем ешнәрсе түсінбейді, ол туралы тек саяси жел сөздерді ғана біледі. Оның экономикалық шарттарын ол есіне де алмайды. Осы кезге дейін өмір сүріп келген экономикалық формалардың бәрі мейлі ол дамыған не дамымаған болсын қызметкерді қанап келсе (жалдама жұмысшы формасында болсын, шаруа формасында болсын т. б.), онда оның ойынша, осы формалардың барлығының тұсында да *түбегейлі революция* болуы бірдей ықтимал. Ол ол ма! Ол капиталистік өндірістің экономикалық базисіне негізделген еуропалық әлеуметтік революцияның егіншілікпен және мал бағумен айналысқан орыс немесе славян халықтарының деңгейінде болуын және оның осы деңгейден асып кетпеуін қалайды; *теңізде жүзу* ағайындылар арасында айырмашылық туғызатынын көріп отырса да, алайда тек *теңізде жүзу* ғана, өйткені бұл,— барлық саясатшыларға белгілі айырмашылық! Оның әлеуметтік революциясының негізі экономикалық жағдайлар емес, *ерік* болып табылады.

К. Маркс 1874 ж.— 1875 жылдың басында жазған

Бірінші рет 1926 жылы «Летописи марксизма» журналының 11 номерінде жарияланған

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 18-том, 611—615-беттер

* — тиісті өзгерістерімен. Ред.

Х А Т Т А Р

МАРКС — ЛЮДВИГ КУГЕЛЬМАНҒА

ГАННОВЕРГЕ

Лондон, 23 февраль 1865 ж.

Құрметті досым!

Кеше мен Сіздің өзім үшін өте қызықты хатыңызды алдым, енді оған пункт-пункт бойынша жауап қайырайын.

Ең алдымен мен Сізге өзімнің *Лассальға* көзқарасымды қысқаша баяндап бермекпін. Ол үгіт жүргізе бастаған кезде біздің қатынастарымыз үзілген болатын, үзілгенде: 1) оның кісіні мезі қылатын мақтаншақтығының салдарынан, оның бұл мақтаншақтығы сонымен қатар менің шығармаларымнан және басқалардың шығармаларынан барып тұрған арсыз түрде ұрлап алушылықпен ұштасып отырды, 2) мен оның *саяси* тактикасын *батыл айыптағаным* себепті, 3) осында, Лондонда, оның үгіті басталғанға дейін-ақ мен: «*П р у с с и я мемлекетінің*» тікелей *социалистік* араласуы ақылға сыйымсыз нәрсе екендігін оған толық түсіндіріп, «дәлелдегенім» себепті үзілді. Өзінің маған жазған хаттарында (1848 жылдан 1863 жылға дейін), сондай-ақ менімен жүзбе-жүз кездесулерінде ол ылғи өзін мен өкілі болып отырған партияның жақтаушысымын деп жариялайтын. Бірақ оның менімен мәймөңкелесуінің реті келмейтініне Лондонда (1862 ж. аяғында) көзі жетісімен-ақ, ол «жұмысшы диктатор» ретінде маған және ескі партияға *қарсы* шығуға бел байлады. Осының бәріне қарамастан, мен оның үгіт жөнінде сiңiрген еңбегiн мойындадым, бiрақ оның ұзаққа бармаған мансабының аяқ кезінде тiптi бұл үгiттiң өзi де маған барған сайын екi ұшты болып көрiне бастады. Оның кенет қайтыс болуы, ескi достық, графиня Гацфельдтiң шағына жазған хаттары, тiрi кезiнде өзi қатты қорыққан адам жөнiнде буржуазиялық газеттердiң *қорқақтықпен арсыздық* жасауынан жирену,— осының бәрi менiң оңбаған Блиндқа қарсы қысқаша мәлiмдеме жасауыма себеп болды* (Гацфельдт бұл мәлiмдеменi «*Nords-*

* К. Маркс. «Штутгарттағы «*Veobachter*» газетінің редакторына» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 21—23-беттер). Ред.

tern»-ге²⁶⁶ жіберді), алайда, бұл мәлімдеме Лассальдың істеген қызметінің мазмұнына соққан жоқ. Нақ жоғарыда айтылған пікірлермен және маған қауіпті болып көрінген элементтерді тайдыру үмітімен мен Энгельспен бірге «*Social-Demokrat*»-ка¹² қатысып тұрамыз деп уәде еттім (газет «Құрылтай Манифесінің»* аудармасын басты және газеттің сұрауы бойынша мен Прудонның қайтыс болуына байланысты ол туралы мақала жаздым**) және Швейцер бізге өз редакциясының қанағаттанарлық программасын бергеннен кейін оның бізді қызметтестер деп атауына рұқсат еттім. Бізге тағы да бір кепіл болған жағдай: В. Либкнехттің редакцияның ресми емес мүшесі болғандығы болды. Бірақ кешікпей-ақ шынында да Лассальдың партияға опасыздық еткені ашылды — мұның дәлелдемесі біздің қолымызға түсті. Ол Бисмаркпен нағыз келісім жасасқан (әлбетте, бұл ретте өзіне ешқандай кепілдік қамтамасыз етпеген). 1864 жылғы сентябрьдің аяғында ол Гамбургке барып, онда (делқұлы Шраммен және Пруссияның полицейлік шпионы Маррмен бірге) Бисмаркты Шлезвиг-Гольштейнді қосып алуға «көндіруге», яғни осы қосып алуды жұмысшылардың, т. т. атынан жариялатуға тиіс болған, бұл үшін Бисмарк жалпыға бірдей сайлау правосын және кейбір әлеуметтік шарлатандықтар жасауды уәде еткен. Лассальдың бұл комедияны орындауына реті келмегендігі өкінішті! Бұл комедия оны кісі күлерлік ақымақтық жағдайда көрсететіні соншалық, бұл комедия осы тәрізді әрекеттердің бәрін біржолата тыяр еді!

Лассальдың осы жалған жолға түскен себебі ол Микель мырзаның сарынындағы «нақты саясатшы» болды, тек үлкенірек көлемдегі және неғұрлым ірі мақсаттары бар саясатшы болды. (Реті келгенде айта кетейік, менің Микельдің кім екенін әлдеқашан-ақ жеткілікті дәрежеде білгендігім соншалық, мен оның қылығын былай деп түсіндім: ганноверлік кішкентай адвокат үшін Ұлттық одақ²⁶⁷ Германияға, өзінің шағын төңірегінен тыс жерге, әйгілі болудың және осылайша, өзінің жеке басының «нақтылығын» көтеріп, өзінің ганноверлік отанында жанамалай танылуына қол жеткізуінің және сонымен бірге Пруссияның қорғауымен ганноверлік Мирабо болып көрінудің тамаша мүмкіншілігі болып табылады). Микель мен оның қазіргі достарының өздерін және Ұлттық одақты «Пруссияның жоғары топтарының» тегершігіне тіркеу үшін Пруссияның принц-регенті жариялаған «жаңа заманға»²⁶⁸ жармасқаны сияқты, жалпы алғанда олардың өздерінің «азаматтық мақтанышын» Пруссияның қорғауымен дамытқаны сияқты, нақ сол сияқты Лассаль да өзі мен Пруссия тәжі арасындағы жеңгетайлық рольді Бис-

* Қараңыз: осы том, 5—14-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 21—28-беттер. *Ред.*

маркпен бірге пролетариаттың маркиз Позасын укермарктік II Филипп* тұсында ойнап көрсеткісі келді. Ол Ұлттық одақтағы мырзаларға тек қана еліктеді. Бірақ ол мырзалар буржуазияның мүдделерін көздеп пруссиялық «реакцияға» ден қойған кезде, Лассаль пролетариаттың мүдделері үшін деп Бисмарктің қолын қысты. Бұлай етуге Лассальдан гөрі Ұлттық одақтағы мырзалардың дәлелдері көп еді, өйткені буржуа өзінің көз алдында тұрған мүддені ғана «нақтылық» деп қарауға дағдыланған және бұл тап барлық жерде тіпті феодализммен де іс жүзінде мәмлелесуге барды, ал жұмысшы табы өзінің жаратылысы жағынан адал «революцияшыл» тап болуға тиіс.

Лассаль сияқты (алайда, мұны лауазым, бургомистр қызметі, т. т. тәрізді садақаға сатып алуға болмайтын еді) атаққұмарқұбылмалы адамға пролетариаттың мүдделері үшін Фердинанд Лассаль жасаған тікелей ерлік туралы ой өте-мөте қызығарлық ой болды! Бірақ шындығына келгенде ол өзіне өзі сын көзімен қарау үшін осындай ерліктің шын экономикалық жағдайларын ойлау жағына келгенде тым надан еді! Екінші жағынан, оңбаған «*нақты саясаттың*» салдарынан, саясат болғанда, герман буржуазиясы 1849—1859 жылдардағы реакцияға төзген және оны халықтың қалай ақымақ етілуіне қол қусырып қарап қана отырушы еткен саясаттың салдарынан герман жұмысшыларының «*шырқы бұзылғаны*» соншалық, тіпті өздерін бір секіргенде-ақ жерұйыққа жеткізуге уәде еткен жәрмеңкелік шарлатан құтқарушыны құттықтамай тұра алмады!

Сонымен, менің айта бастаған нәрсеме қайтып оралайық! «Social-Demokrat» құрылысымен-ақ, Гацфельд кемпірдің, ақырында, Лассальдың «әсиетін» орындағысы келетіні белгілі бола кетті. Ол Вагенер («*Kreuz Zeitung*»-тағы²⁶⁹) арқылы Бисмаркпен байланыс жасап тұрған. Ол Бисмарктің қарамағына Жалпы герман жұмысшы одағын²⁷⁰, «Social-Demokrat»-ты т. с. берді. «Social-Demokrat»-та Шлезвиг-Гольштейннің аннексиялануын жариялау, жалпы алғанда Бисмаркті қамқоршы деп тану, т. т. керек болды. Берлинде және «Social-Demokrat» редакциясында бізден Либкнехттің болуы арқасында бүкіл осы тамаша жоспар бұзылды. Энгельс пен маған газеттің бағыты ұнамағанымен де — жарамсақтанып Лассальға табыну, қолайлы жағдай атаулы бола қалса-ақ Бисмаркпен жалбақтасу, т. т.— Гацфельд кемпірдің өзезілдігіне және жұмысшы партиясының беделін әбден түсіруге кедергі жасау үшін әзірше газетпен ресми байланыста болу, әрине, маңыздырақ болды. Сондықтан біз, газет прогрессистерге²⁷¹ қарсы қалай күрес жүргізсе, Бисмаркке қарсы да

* — маркиз Поза мен II Филипп — Шиллердің «Дон Карлос» драмасының кейіпкерлері. «Укермарктік II Филипп» деп I Вильгельмді айтып отыр. Ред.

сондай дәрежеде күрес жүргізуге тиіс деп «Social-Demokrat» редакциясына *privatim** үнемі жазып отырғанымызбен, *bonne mine à mauvais jeu*** жасадық. Өсиет бойынша Лассальдан мұра етіп алған мән-манызды шындап қабылдаған көпірме кербез Бернхард Беккер *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігіне қарсы* әзәзілдік жасаған кезде де біз шыдадық.

Ал Швейцер мырзаның «Social-Demokrat»-тағы мақалалары күн асқан сайын бисмарктік сарынға түсе берді. Мен оған тіпті ерте кезде-ақ былай деп жазғанмын: «коалициялар туралы мәселеде»²⁷² прогрессистерді *қорқытуға* болады, бірақ *Пруссия үкіметі* коалициялар туралы заңдарды толық бұзуға *ешқашан да және тіпті де* бармайды, өйткені олай ету бюрократизмге нұқсан келтіргендік болар еді, жұмысшыларға азаматтық праволар беруге, малайлар туралы ережені²⁷³ жоюға, деревняда дворяндар қолданып отырған дүре соғу жазасын жоюға, т. т. және т. с. әкеліп соғар еді, бұған Бисмарк *ешқашан да* жол бермейді және оның өзі Пруссияның *бюрократиялық* мемлекетімен жалпы сыйыспайтын нәрсе. Мен бұған былай деп қостым: егер палата коалициялар туралы заңдарды жоятын болса, үкімет осы заңдарды күшінде сақтау үшін *бос сөздермен* (мәселен, әлеуметтік мәселе «неғұрлым терең» шаралар қолдануды керек етеді, т. т. деген тәрізді) жалтарып кетеді. Осының бәрі расталды. Ал фон Швейцер мырза не істеді? Ол Бисмаркті *жақтап* мақала жазды және өзінің бүкіл қаһармандық ерлігін барынша кішкене, Шульце, Фаухер, т. т. сияқтыларға қарсы күресу үшін сақтап қалды.

Мен Швейцерде және басқаларында *адал* ниет бар, бірақ олар *«нақты саясатшылар»* деп ойлаймын. Олар *қазіргі бар* жағдайлармен санасқысы келеді және «нақты саясаттын» *артықшылықтарын* тек Микель мырза мен К⁰-ға бергілері келмейді. (Соңғылар, сірә, Пруссия үкіметінің істеріне араласу правосын өздерінде сақтағысы келетін болу керек.) Олар Пруссиядағы (демек, қалған Германиядағы) жұмысшы баспасөзі мен жұмысшы қозғалысы полицияның рұқсатымен ғана өмір сүріп отырғандығын біледі. Сондықтан олар жағдайларды, бұлар қандай күйде болса, сондай күйде алғысы келеді, біздің *«республикалық»* нақты саясатшылар Гогенцоллерндерден шыққан *императорды* «қабылдайтыны» сияқты, нақ сол сияқты олар үкіметті кейіткісі келмейді, т. т. Ал мен «нақты саясатшы» болмағандықтан, мен «Social-Demokrat»-қа қатысып тұрудан бас тарту жөнінде Энгельспен бірге жұрт алдында мәлімдеме жа-

* — жеке түрде. *Ред.*

** — жақсы шырай көрсетумен сыр білдірмедік. *Ред.*

сауды қажет деп таптым (Сіз бұл мәлімдемені таяуда әйтеуір бір газеттен оқисыз)*.

Осыдан келіп Сізге менің қазіргі кезде Пруссияда неліктен *ештеңе* істей алмай отырғаным бірден түсінікті болады. Ондағы үкімет менің Пруссия азаматы деген правомды қалпына келтіруден турадан-тура бас тартты²⁷⁴. Менің онда үгіт жүргізуіме, егер ол үгіт фон Бисмарк мырзаның тілейтін формасында болса ғана рұқсат етер еді.

Мен өзімнің үгітімді осында *Халықаралық Серіктік* арқылы жүргізуді жүз есе артық көремін. *Ағылшын* пролетариатына тікелей әсер етіліп отыр және ол барынша маңызды болып отыр. Енді біз бұл арада жалпыға бірдей сайлау правосу туралы мәселеге, мұнда, әлбетте, Пруссиядағыдан гөрі *мүлде басқаша маңызы* бар мәселеге бар күшті салып жатырмыз⁴¹.

Жалпы алғанда, бұл Серіктіктің табысы мұнда, Парижде, Бельгияда, Швейцарияда және Италияда *куткеніміздің бәрінен асып түсті*. Тек Германияда ғана маған, әрине, Лассальдың жолын қуушылар қарсы әрекет етіп отыр, олар: 1) асқан ақымақтықпен өз ықпалынан айрылып қалудан қорқады; 2) менің немістер «нақты саясат» деп атайтынның ашық дұшпаны екенімді біледі. (Бұл «*нақтылықтың*» өзі Германияны барлық цивилизациялы елдерден көп кейін қалдыратын нақтылық.)

І шиллингке мүшелік билет сатып алатын әрбір адам Серіктіктің мүшесі бола алатындықтан; өздерінің бізге «ассоциация» түрінде қосылуына заң тыйым салып отырғаны себепті француздар (*ditto*** бельгиялықтар да) жеке мүшеліктің осы формасын тандап алғандықтан; Германияда да істің жайы нақ осындай болып отырғандықтан,— мен енді Германияның түрлі жерлеріндегі өз достарыма мүшелерінің саны қанша болғанына қарамастан барлық жерде шағын қоғамдар құруды ұсынуға ұйғардым, мұндай қоғамның әрбір мүшесі ағылшындық мүшелік билет алатын болсын. Ағылшын Серіктігі *жария* серіктік болған себепті, бұл әдіс тіпті Францияда да кедергілерге кездеспейді. Өзіңізге неғұрлым жақын жүрген адамдармен бірге Сіздің де осындай жолмен Лондонмен байланыс жасауыңызды мен өте тілеген болар едім...

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 31-том, 379—384-беттер

* К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Social-Demokrat» газетінің редакциясына мәлімдеме» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 79-бет). Ред.

** — Сондай-ақ. Ред.

МАРКС — ЛЮДВИГ КУГЕЛЬМАНҒА ГАННОВЕРГЕ

Лондон, 9 октябрь* 1866 ж.

...Мен Женевадағы бірінші конгресс²⁰⁴ жөнінде өте қауіптініп едім, бірақ менің күткеніме қарамастан ол жалпы жақсы өтті. Оның Франциядағы, Англиядағы және Америкадағы әсері барлық күткенімізден асып түсті. Мен конгреске бара алмадым және барғым да келмеді, бірақ Лондон делегаттарының программасын жазып бердім^{**}. Мен программаны мынадай пункттермен: жұмысшылардың тікелей келісуіне және бірлесіп қимыл жасауына болатын пункттермен және тап күресі мен жұмысшыларды тап етіп ұйымдастырудың қажеттеріне тікелей материал беретін және қозғау салатын пункттермен әдейі шектедім. Париждік мырзалардың бастары түкке тұрғысыз прудонистік жел сөздермен лық толы. Олар ғылым туралы мылжындайды, ал өздері ештеме білмейді. Олар қандай да болсын *революциялық*, яғни тап күресінің өзінен туатын қимылға, қандай да болсын шоғырланған, қоғамдық қозғалысқа, яғни *саяси құралдармен* де (мәселен, жұмыс күнін *заң бойынша* қысқарту) жүзеге асырыла алатын қозғалысқа жирене қарайды. *Бостандық және антигувернаментализм, немесе антиавторитаризм — индивидуализм* дегенді *желлеу етіп*, бұл мырзалар — нағыз масқара деспотизмге 16 жыл бойы тып-тыныш шыдап келген және шыдап отырған бұлар — іс жүзінде прудондық түрде дәріптелген кәдімгі буржуазиялық шаруашылықты ғана уағыздап жүр! Прудон орасан зор зиян тигізді. Оның жалған сыны және өзінің утопистерге жалған қарама-қарсылығы (оның өзі ұсақ буржуазиялық утопист болып табылады, ал Фурье, Оуэн және басқалары сияқты адамдардың утопияларында жана дүниені күн ілгері болжау және оны қиялмен суреттеп көрсету бар) әуелі «тамаша жастарды», студенттерді, сонан соң жұмысшыларды, әсіресе сән-салтанат заттарын өндірумен шұғылдана отырып, ескі қоқсыққа қатты ұмтылатын, өздері мұны сезбейтін Париж жұмысшыларын елітіп, өзіне қаратып алды. Надан, атакқұмар, дөмегөй, мылжын, өр көкірек олар конгреске өздерінің мүшелерінің санына мүлдем сай келмейтін соншалық көп мөлшерде келіп, істің бәрін бүлдіре жаздады. Есепте, олардың аттарын тура атамай-ақ, мен олардың сыбағасын беремін.

Осымен бір мезгілде Балтиморда өткен американ жұмысшы съезі⁴⁰ мені қатты қуантты. Ондағы ұран — капиталға қарсы күресу үшін ұйымдасу ұраны болды және таңданарлық бір нәр-

* Түпнұсқада қате кеткен: «ноябрь», *Ред.*

** Қараңыз: осы том, 79—88-беттер. *Ред.*

се — менің Женеваға арнап тұжырымдаған талаптарымның көпшілігі, жұмысшылардың адал түйсігінің арқасында, нақ сондай-ақ онда да ұсынылған.

Мұндағы реформа жолындағы қозғалыс, біздің Орталық Совет дүниеге келтірген (*quoque magna pars fui**) қозғалыс қазір орасан зор көлем алып отыр және жеңілмейтін қозғалысқа айналып барады⁴¹. Мен үнемі өзімді тасада ұстадым және іс жөнделіп кеткен соң, енді ол туралы алаңдамаймын...

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 31-том, 443—444-беттер

МАРКС — ЛЮДВИГ КУГЕЛЬМАНҒА

ГАННОВЕРГЕ

Лондон, 11 июль 1868 ж.

...«Centralblatt»-ка²⁷⁵ келетін болсақ, онда мақаланың авторы егер заты құн туралы ұғымға әйтеуір бір мағына беретін болсақ, онда менің қорытындыларыммен сөзсіз келісуге тура келеді деп, маған үлкен кеншілік жасап отырмын деп ойлайды. Ол сорлы мынаны байқамай отыр: егер менің кітабымда «құн» туралы тарау⁴⁶ тіпті болмаған болса, онда нақты қатынастарға мен жасап отырған талдауда құнның нағыз қатынастарының дәлелдемелері мен қуатталуы бәрібір болар еді. Құн деген ұғымды дәлелдеу қажеттігі туралы мылжын сөздер әнгіме болып отырған тақырып жөнінде де, ғылыми метод жөнінде де барып тұрған надандыққа ғана негізделіп отыр. Егер әрбір ұлт жұмысты, бір жыл бойы демей-ақ қояйын, ең болмағанда бірнеше апта бойы тоқтатқан болса, ол ұлттың қырылатындығын әрбір бала біледі. Нақ сол сияқты, қажетсіздің әр түрлі көлеміне сай келетін өнімдер көлемі қоғамдық жиынтық еңбектің әр түрлі, сан жағынан белгілі көлемін керек ететіні де жұрттың бәріне мәлім. Қоғамдық еңбектің осы белгілі бір тең қатынаста *бөліну қажеттігін* қоғамдық өндірістің *белгілі бір формасы* әсте де жоя алмайтыны өзінен-өзі түсінікті; тек *оның көріну* формасы ғана өзгеруі мүмкін. Заты табиғат заңдарының жойылуы мүмкін емес. Қоғамның әр түрлі тарихи жағдайларына байланысты, осы заңдардың өзіне жол салатын *формасы* ғана өзгеруі мүмкін. Қоғамдық еңбектің байланысы еңбектің жеке-дара өнімдерін *жекеше айырбастау* түрінде өмір сүретін қоғам жағдайында еңбектің

* — мұнда менің сіңірген зор еңбегім бар (*Вергилий. «Энеида»,* екінші кітап). *Ред.*

осы тең қатынаста бөлінісі өзіне жол салатын форма — бұл форма сол өнімдердің айырбас құны болып табылады да.

Ғылымның міндеті атап айтқанда — құн заңының өзіне қалай жол ашатындығын түсіндіру. Демек, егер заңға қайшы келетін сияқты болып көрінетін құбылыстардың бәрін жұрт бірден «түсіндіргісі» келетін болса, онда ғылымнан бұрын ғылым жасауға тура келер еді. Рикардоның қатесінің өзі нақ мынада: ол өзінің құн жөніндегі бірінші тарауында³⁷ әлі қорытылып шығарылуға тиіс әр алуан категорияларды олардың құн заңына барабарлығын дәлелдеуге керекті мәліметтер деп ұйғарады.

Екінші жағынан, Сіздің дұрыс ойлап отырғаныңыздай, *теория тарихы*, әрине, мынаны дәлелдеп отыр: құн қатынасын ұғыну *әрқашан бір түрлі* болды, тек қана неғұрлым айқын немесе неғұрлым күнгірт, жалған елестермен қатты шырмалған немесе неғұрлым ғылыми түрде анықталған болды. Ойлау процесінің өзі белгілі бір жағдайлардан туатындықтан, оның өзі *табиғи процесс* болып табылатындықтан, нағыз жете ойлау дегеннің өзі бір түрлі ғана болуы мүмкін, дамудың кемелденуіне қарай, демек ойлау органының дамуына қарай да тек дәреже жағынан ғана айырмасы болуы мүмкін. Қалғанының бәрі — бос сандырақ.

Айырбастың және құн көлемінің шын, әдеттегі қатынастарының *тікелей барабар бола алмайтындығы* туралы тұрпайы экономистің титтей де түсінігі жоқ. Буржуазиялық қоғамның бүкіл мәнінің өзі нақ мынада: ол қоғамда өндірісті ешқандай да саналы түрде қоғамдық жолмен реттеп отыру деген а priori* жоқ. Ақылға сыйымды және табиғи қажетті нәрсе беталды әрекет ететін орта бір нәрсе ретінде ғана өзіне жол ашады. Ал тұрпайы экономист заттардың ішкі байланысын ашып көрсету орнына, құбылыстарда заттар басқаша түрде көрінеді деп маңызданғанда бір ұлы жаңалық аштым деп ойлайды. Іс жүзінде ол көріністі қатаң басшылыққа алып, оны соңғы бірдеме деп қабылдайтынына мақтанады. Бұлай болғанда заты ғылымның керегі қанша?

Бірақ мұның ар жағында басқа бірдеме де жасырынып жатыр. Заттардың байланысы ұғылған екен, онда өмір сүріп отырған тәртіптердің үнемі қажеттігі жөніндегі теориялық сенімнің бәрі күйрейді, ол тәртіптер практика жүзінде тас-талқаны шыққанға дейін-ақ күйрейді. Демек, бұл арада үстем таптардың сөзсіз мүддесінің өзі мағынасыз шатастырушылықтың мәңгілік етілуін талап етеді. Саяси экономияда тегі ойлауға рұқсат етілмейді деуден басқа ешқандай ғылыми дәлелді алға тарта алмайтын жалақор-мылжындарға осы үшін ақы төлемегенде, не үшін ақы төлейді дейсіз?

* — көрінеу. Ред.

Алайда *satis superque**. Қалай болғанда да, мұның өзі осы буржуазия поптарының соншалықты құлдырағанын көрсетеді: жұмысшылар және тіпті фабриканттар мен көпестер де менің кітабымды** түсініп, оны ұға білді, ал әлгі «кітап кеміруші ғалымдар» (!) мені біздің ақыл-ойымызға шектен тыс талаптар қойып отыр деп шағынады...

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 32-том, 460—462-беттер

МАРКС — ЛЮДВИГ КУГЕЛЬМАНҒА

ГАННОВЕРГЕ

Лондон, 12 апрель 1871 ж.

...Кеше біз Лафарг (Лаура емес) қазір Парижде жүр деген онша қуанышты емес хабар алдық.

Егер сен менің «Он сегізінші брюмерімнің»*** соңғы тарауына көз салсаң, онда мынаны көресің: мен онда француз революциясының келесі әрекетін былай деп жариялаймын: бюрократиялық-әскери машинаны, бұған дейін болып келгеніндей, бір қолдан екінші қолға бермеу керек, оны *сындыру* керек, континентте болатын әрбір шын халықтық революцияға алдын ала қойылатын шарт та дәл осындай. Біздің Париждегі ержүрек жолдастарымыздың әрекетінің өзі де дәл осы. Бұл париждіктердің оралымдылығы, тарихи инициативасы, өздерін құрбандыққа шалудан да тайынбайтындығы неткен керемет десеңіші! Сыртқы жаудан гөрі, көбіне-көп ішкі опасыздықтан туған алты айға созылған аштық пен күйзелістен кейін, бейне бір Франция мен Германия арасында соғыс болмаған сияқты, бейне бір жау Париж қақпаларының алдында тұрмаған сияқты, олар прусс наязасына қарамай көтеріліс жасайды! Тарих мұндай ерліктің өнегесін әлі күнге дейін білген емес! Егер олар жеңіліп қалатын болса, бұған кінәлы олардың «ақ көңілділігінен» басқа ештеңе емес. Винуа, ал оның ізінше Париждегі ұлттық гвардияның реакцияшыл бөлегі Парижден қашқаннан кейін-ақ, дереу Версальға аттану керек еді. Ұжданы бармай, уақытты өткізіп алды. Адам айтқысыз азғын Тьердің өзі Парижді қарусыз қалдырмақ болған әрекетімен азамат соғысын бастамай отырғандай-ақ *азамат соғысын бастағылары* келмеді! Екінші қате: Коммунаға орын беру үшін Орталық комитет өз уәкілдігінен тым ерте бас тартты.

* — жеткілікті және тіпті әбден жеткілікті. *Ред.*

** К. Маркс. «Капитал» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том), *Ред.*

*** Қараңыз: осы басылуы, 1-том, 489—503-беттер. *Ред.*

Тағы да сол шүбәлануға дейін жеткізілген «адалдықтың» арқасында бас тартты! Қазіргі Париж көтерілісі, қайткен күнде де, — тіпті оны ескі қоғамның қасқырлары, доңыздары және онбаған төбеттері жаныштағанның өзінде де, — партиямыздың Париждегі июнь көтерілісінен бергі жердегі ең данқты ерлік ісі болып табылады. Қазарманың, шіркеудің, юнкерліктің, ал бәрінен гөрі филистерліктің исі аңқып тұрған атам заманғы маскарадтары бар герман-пруссактың қасиетті Рим империясының малайларын аспанмен арпалысуға да әзір тұрған әлгі париждіктермен салыстырып көрсін.

Айтпақшы. Тикелей Л. Бонапарттың кассасынан берілген субсидиялар туралы документтердің ресми басылуында Фогт 1859 жылғы августа 40 000 франк алды деп көрсетілген! Мен мұны онан әрі пайдалану үшін Либкнехтке хабарладым*.

Сен маған Гакстгаузенді²⁷⁶ жіберуіңе болады, өйткені мен соңғы кезде тек Германиядан ғана емес, тіпті Петербургтен де түрлі кітапшаларды, т. с. аман-есен алып жүрмін.

Түрлі газеттер жібергенің үшін алғыс айтамын (оларды көбірек жіберуінді сұраймын, өйткені мен Германия туралы, рейхстаг, т. с. туралы бірдеңе жазғым келеді).

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша Басылып отыр, 2-басылуы, 33-том, 172—173-беттер

МАРКС — ЛЮДВИГ КУГЕЛЬМАНҒА ГАННОВЕРГЕ

[Лондон], 17 апрель 1871 ж.

Сенің хатыңды алдым. Қазіргі уақытта менің жұмысым басымнан асып жатыр. Сондықтан бірнеше ауыз сөз ғана жазып отырмын. 1849 жылғы 13 июньдегі²⁷⁷ à la және басқа ұсақ буржуазиялық демонстрацияларды Париждегі қазіргі күреспен сенің қалайша салыстырып отырғаның маған мүлде түсініксіз.

Егер күрес тек қатесіз қолайлы мүмкіншіліктер жағдайында ғана жүргізілетін болса, дүние жүзілік тарихты жасау, әрине, өте ыңғайлы болған болар еді. Екінші жағынан, егер «кездейсоқтықтар» ешқандай роль атқармаған болса, онда тарих өте мистикалық сипат алған болар еді. Әлбетте, бұл кездейсоқтықтардың өздері басқа кездейсоқтықтармен теңесе отырып, дамудың жалпы барысына құрамдас бір бөлім болып кіреді. Бірақ қозғалыстың шапшаңдауы мен баяулауы осы «кездейсоқтықтарға» барынша байланысты болады, бұлардың ішінде бастапқы кезде

* Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 33-том, 171-бет. Ред.

қозғалыстың басында болатын адамдардың мінезі сияқты «жағдай» да болады.

Бұл жолы шешуші қолайсыз «жағдайды» ешбір ретте де француз қоғамының жалпы жағдайларынан іздемеу керек, қайта оны Париждің өзіне төніп тұрған пруссактардың Францияда болуынан іздеу керек. Париждіктер мұны өте жақсы білді. Мұны буржуазияның версальдық сұрқиялары да білді. Сондықтан да олар париждіктердің алдына екінің бірін қалауды қойды: не күреске шақыруды қабылдау керек, не күрессіз берілу керек. Соңғы жағдайда жұмысшы табының қожырауы «басшылардың» қаншасының болсын өлгенінен гөрі анағұрлым зор бақытсыздық болған болар еді. Жұмысшы табының капиталистер табына және оның мемлекетіне қарсы күресі Париж Коммунасының арқасында жаңа фазаға енді. Нақ осы жолы іс қалай аяқталған күнде де, бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы бар жаңа бастама пункт қалай дегенмен жеңіп алынды.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 33-том, 175-бет

МАРКС — ФРИДРИХ БОЛЬТЕГЕ НЬЮ-ЙОРККЕ

[Лондон], 23 ноябрь 1871 ж.

...*Интернационал* социалистік және жартылай социалистік секталарды жұмысшы табының күреске арналған нағыз ұйымымен ауыстыру үшін құрылды. Бастапқы Устав* пен Құрылтай Манифесі** осыны бірден көрсетеді. Екінші жағынан, егер тарихтың барысында-ақ сектанттық талқандалмаған болса, онда Интернационал баяндап тұра алмайтын еді. Социалистік сектанттықтың дамуы мен шын мәнісіндегі жұмысшы қозғалысының дамуы әрқашанда бір-біріне кері қатынаста болады. Жұмысшы табы дербес тарихи қозғалыс үшін әлі пісіп-жетілмеген кезде ғана секталардың болуы өзінше (тарихи) орынды нәрсе. Жұмысшы табы мұндай дәрежеде кемелденісімен-ақ, барлық секталар шын мәнісінде реакцияшыл болып шығады. Алайда, барлық уақытта тарихта болатын нәрсенің нақ өзі Интернационал тарихында да қайталанды. Ескірген нәрсе жаңадан пайда болған формалардың шеңберінде қалпына келіп, баянды болуға тырысады.

Интернационалдың тарихы да жұмысшы табының нағыз қоз-

* К. Маркс. «Серіктіктің Уақытша Уставы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 12—15-беттер). Ред.

** Қараңыз: осы том, 5—14-беттер. Ред.

ғалысына қарама-қарсы Интернационалдың өз ішінде бекіп алуға тырысқан секталар мен дилетанттық тәжірибелерге қарсы *Бас Советтің* жүргізген *үздіксіз күресі* болды. Бұл күрес *конгрестерде* жүргізілді және мұнан да зор дәрежеде Бас Советтің жеке секциялармен болған жария емес келіссөздері арқылы жүргізілді.

Парижде прудонистер (мютюэлистер²⁷⁸) Серіктікті құрушылардың қатарында болғандықтан, олар алғашқы жылдары Парижде қозғалыстың басында болды, бұл табиғи нәрсе. Әрине, кейін келе онда оларға қарама-қарсы коллективистік, позитивистік және басқа да топтар құрылды.

Германияда — лассальшылар тобы. Менің өзім екі жыл бойы атышулы Швейцермен хат жазысып тұрдым және лассальшылық ұйым — тура сектанттық ұйым екендігін және бұл күйінде ол *нағыз* жұмысшы қозғалысының Интернационал ұмтылып отырған ұйымына дұшпан ұйым екендігін оған бұл тартпай дәлелдедім. Бірақ мұны түсінбеуге оның өз «негізі» болды.

Интернационалдың ішінен және *өзінің жеке басшылығымен «Социалистік демократия альянсы»* деген атпен *екінші интернационал* құру мақсатымен 1868 жылдың аяғында *Интернационалға* орыс Бакунин кірді. Ол, ешқандай да теориялық білімі жоқ адам, осы ерекше корпорацияда Интернационалдың ғылыми насихатын жүргізуші адам болуға дәмеленді, сөйтіп осы насихатты *Интернационал ішіндегі* осы *екінші интернационалдың* мамандығы еткісі келді.

Оның программасы әр жерден ат үсті үзіп-жұлып алынып жасалған қойыртпақ болды — *таптардың теңдігі* (!), элеуметтік қозғалыстың *бастама жері* ретінде *мұрагерлік правосын жою* (сенсимондық ескі-құсқы), Интернационал мүшелеріне *догма* ретінде таңылған *атеизм*, т. т., ал басты догма ретінде (*прудонистие*) — *саяси қозғалысқа қатысудан бой тарту* болды.

Балаларға лайық бұл ертегілердің тілектестікпен қабылданған жерлері (мұның өзі белгілі бір дәрежеде қазір де жалғасып отыр) жұмысшы қозғалысының нақты алғы шарттары әлі аз дамыған Италия мен Испания болды, сондай-ақ Роман Швейцариясы мен Бельгияда кейбір даңғой, атаққұмар, бос кеуде доктринерлердің ортасы болды.

Бакунин мырза үшін оның доктринасы (Прудоннан, Сен-Симоннан және басқаларынан алынған үзінділерден құрастырылған бос мылжың) *екінші дәрежелі нәрсе*, өз басын дәріптеу үшін керекті құрал ғана болды және солай болып қалып отыр. Бірақ егер ол теория жағынан түкке тұрғысыз болса, әезілдікке келгенде үйреншікті ортасын тапқандай болады.

Бас Советтің бұл заговорға қарсы жылдар бойы күресуіне тура келді (бұл заговорды француз прудонистері, әсіресе *Оңтүс-*

тік Францияда, белгілі бір дәрежеде қолдап отырды). Ақыр аяғында конференцияның қарарлары арқылы — 1, 2 және 3, IX, XVI және XVII — Бас Совет көптен дайындалып келген соққыны берді²⁷⁹.

Өзінің Европада қарсы күресіп отырған нәрсесін Бас Советтің Америкада қолдамайтыны өзінен-өзі түсінікті. 1, 2, 3, және IX қарарлар қандай да болсын сектанттықты және дилетанттық топтарды жою үшін және қажет болғанда оларды шығарып тастау үшін қазір Нью-Йорк комитетінің қолына заңды қару беріп отыр...

Жұмысшы табының саяси қозғалысының түпкі мақсаты — жұмысшы табы үшін саяси өкіметті жеңіп алу екендігі өзінен-өзі түсінікті, ал бұл үшін, әлбетте, жұмысшы табының дамудың белгілі бір дәрежесіне жеткен және экономикалық күрестің өзінен өсіп шығатын алдын ала ұйымы болуы қажет.

Ал, екінші жағынан, жұмысшы табы үстем таптарға қарсы тап ретінде шығатын және ол таптарды сырттан қысым жасау арқылы жеңуге тырысатын әрбір қозғалыс саяси қозғалыс болып табылады. Мәселен, стачкалар және т. с. арқылы әйтеуір бір жеке фабрикадағы немесе тіпті өнеркәсіптің жеке бір саласындағы жекелеген капиталистерді жұмыс уақытын шектеуге мәжбүр ету әрекеті — таза экономикалық қозғалыс; мұның керісінше, сегіз сағаттық жұмыс күні және т. б. туралы заң шығаруға мәжбүр етуді мақсат ететін қозғалыс — саяси қозғалыс болып табылады. Сөйтіп, жұмысшылардың бытыранды экономикалық қозғалыстарынан барлық жерде саяси қозғалыс өсіп шығады, яғни өзінің мүдделерін жалпы формада, яғни бүкіл қоғам үшін мәжбүр етушілік күші болатын формада жүзеге асыруға тырысатын таптың қозғалысы өсіп шығады. Егер бұл қозғалыстар кейбір алдын ала құрылған ұйым болуын көздейтін болса, онда олар, өз тарапынан келіп нақ сондай дәрежеде осы ұйымды дамыту құралы да болып табылады.

Жұмысшы табы коллективті өктемдікке қарсы, яғни үстем таптардың саяси өкіметіне қарсы батыл жорық бастау үшін өзінің ұйымдасуында әлі де жеткілікті табысқа жетпеген жерде сол өкіметке қарсы бағытталған ұдайы үгіт жүргізу арқылы және үстем таптардың саясаты жөнінде дұшпан позиция ұстау арқылы қалай болған күнде де жұмысшы табын әлгі жорыққа әзірлеу керек. Бұлай болмаған жағдайда жұмысшы табы үстем таптардың қолындағы ойыншық болып қала береді, мұны Франциядағы сентябрь революциясы²⁸⁰ дәлелдеді және мұны Англияда Гладстон мырзаның және К⁰ жасауына осы күнге дейін сәті түсіп отырған айла-шарғы белгілі бір дәрежеге дейін дәлелдеп отыр.

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 33-том, 278—283-беттер

ЭНГЕЛЬС — ТЕОДОР КУНОҒА МИЛАНҒА

Лондон, 24 январь 1872 ж.

...1868 жылға дейін Интернационалға қарсы өзезілдік жасап келген Бакунин сонан соң Берндегі бейбітшілік конгресінде²⁰³ толық сәтсіздікке ұшырап, Интернационалға кірді және кірісімен-ақ *Интернационалдың ішінде* Бас Советке қарсы заговорлар жасай бастады. Бакуниннің өзінше бір теориясы бар — ол прудонизм мен коммунизмнің қойыртпағы, оның бер жағында оның теориясындағы ең мәнді нәрсе сол — ол жойылуға тиісті басты қырсық деп капиталды емес, демек, қоғамдық дамудың нәтижесінде капиталистер мен жалдама жұмысшылардың арасында туған таптық қарама-қарсылықты емес, *мемлекетті* есептейді. Социал-демократиялық жұмысшылардың негізгі бұқарасы біздермен бірге мынадай көзқараста: мемлекеттік өкімет дегеніміз үстем таптар — жер иелері мен капиталистер — өздерінің қоғамдық артықшылықтарын қорғау үшін құрған ұйымнан басқа ештеңе де емес деген көзқараста болып отырғанда, Бакунин: *мемлекет* капиталды туғызды, капиталист өзінің капиталына *тек мемлекеттің мейірімділігімен ғана* ие болып отыр дейді. Демек, мемлекет басты қырсық болғандықтан, ең алдымен мемлекетті жою қажет, сонда капитал өзінен-өзі өзі құрып кетеді дейді. Ал біз керісінше айтамыз: капиталды — барлық өндіріс құрал-жабдықтарын азшылықтың иемденуін жойыңыздар, — сонда мемлекет те өзінен-өзі құлайды дейміз. Мұнда елеулі айырма бар: алдымен әлеуметтік төңкеріс жасалмай тұрып мемлекетті жою деген — ақылға сыйымсыз нәрсе; ал капиталды жою — әлеуметтік төңкерістің *дәл өзі* және оның өзі бүкіл өндіріс әдісін қайта құру болып табылады. Ал Бакунин үшін мемлекет негізгі қырсық болып табылатындықтан, мемлекетті яғни бәрібір қандай мемлекет болмасын — республиканы, монархияны немесе қандайын болсын сақтап қалатын ештеңе істемеу керек. Осыдан келіп — *саясат атаулыдан толық аулақ болу*. Саяси акт жасау, әсіресе сайлауларға қатысу, — принципке опасыздық ету болады. Исихат жүргізу керек, мемлекетті сөгу керек, ұйымдасу керек, сөйтіп, ақырында, *барлық* жұмысшылар, демек, көпшілік өз жағында болған кезде, сонда, ақырында келіп, барлық өкімет органдары жойылады, мемлекет құриды, сөйтіп оның орнына Интернационал ұйымы орнайды. Мың жылдық дүниенің басталуы болатын осы ұлы акт — *әлеуметтік жою* деп аталады.

Осының бәрінің тым батыл және қарапайым естілетіні соншалық, мұны бес минутта-ақ жаттап алуға болады, — міне сондықтан бакунистік теорияның Италияда да, Испанияда да жас адвокаттардың, докторлардың және басқа да доктринерлердің

арасында тез-ақ қолдау тапқаны да осыдан. Бірақ жұмысшылар бұқарасы өз елдерінің қоғамдық істері сонымен бірге сендердің өз істерің емес дегенге еш уақытта да сенбейтін болады; бұл бұқара өздерінің табиғаты жағынан *саяси белсенді* бұқара, сондықтан өздеріне саясаттан бас тартуды ұғындырмақшы адамның бәрін олар ақыр аяғында тастап кетеді. Жұмысшыларға қандай жағдайларда болсын саясаттан аулақ болуды уағыздау — оларды поптардың немесе буржуазиялық республикашылардың құшағына итермелеу деген сөз.

Бакуниннің ойынша, Интернационал саяси күрес үшін емес, әлеуметтік жою кезінде дереу ескі мемлекеттік ұйымның орнын басу үшін құрылғандықтан, ол болашақ қоғам жөніндегі бакунистік мұратқа мүмкіндігінше неғұрлым ұқсас болуға тиіс. Ол қоғамда, ең алдымен, ешқандай *бедел* болмайды, өйткені бедел — мемлекет — барып тұрған қырсық. (Соңғы инстанцияда бірыңғай шешуші нәрсе болып табылатын еріксіз, бірыңғай басшылықсыз жұрттың фабрикаларды қалай іске қосатынын, темір жолдарды қалай пайдаланатынын, кемеңі қалай басқаратынын, — мұны олар бізге, әрине, айтпайды.) Сондай-ақ көпшіліктің азшылық жөніндегі беделінің де өмір сүруі тоқталады. Әрбір жеке адам, әрбір қауым автономиялы, бірақ екі адамнан болса да құрылған қоғам сол екі адамның әрқайсысы әйтеуір бір нәрсе жөнінде өз автономиясын кемітуге келіспесе, қалайша мүмкін болады, — бұл туралы Бакунин тағы үндемейді.

Сонымен, Интернационал да осындай үлгі бойынша құрылуға тиіс. Әрбір секция автономиялы, ал әрбір секцияның ішінде әрбір жеке адам автономиялы. Бас Советке қатерлі және оның өзін қожырататын бедел беріп отырған *Базель шешімдері*²⁸¹ құрысын! Тіпті егер бұл бедел *ерікті түрде* берілген болса да, ол құртылуға тиіс, — нақ бедел *болғандықтан* да құртылуға тиіс!

Бүкіл осы алдаудың негізгі пункттері қысқаша осындай. Бірақ Базель шешімдерінің инициаторлары кімдер? *Бакунин мырзаның өзі* және оның компаниясы!

Бұл мырзалар Базель конгресінде өздерінің жоспарын жүзеге асыруға — Бас Советті Женеваға көшіруге, яғни оны өз қолдарына түсіріп алуға — реті келмейтінін көрген кезде, олар басқаша қимылдай бастады. Сіз қазір бакунистік итальян баспасөзінен, мәселен, «Proletario»-дан, «Gazzettino Rosa»-дан²⁸² тағы да кездестіретін желеумен: салқын қанды, баяу солтүстік-тегілерден гөрі қызу қанды латын нәсілдері үшін неғұрлым айқын программа керек деген желеумен, олар Социалистік демократияның альянсын, ұлы Интернационалдың *ішінен* халықаралық қоғам құрды. Интернационалдың *ішінде* қандай да бір сепараттық *халықаралық* ұйымның өмір сүруіне, әрине, жол бере алмаған Бас Советтің қарсы қимылының арқасында әлгі бо-

лымсыз жоспар сәтсіздікке ұшырады. Сонан бері Бакуининнің және оның жақтастарының Интернационалдың программасын бакунистік программамен ауыстыру әрекетіне байланысты нақ сол жоспар қайта әр түрлі формаларда пайда болып отырды; екінші жағынан, Жюль Фавр мен Бисмарктен бастап Мадзиниге дейінгі реакция, әңгіме Интернационалға қарсы шығу керек болғанда, әрқашанда нақ сол бакунистік түкке тұрғысыз, мақтаншақтық желсөзге шүйлікті. Осыдан келіп Мадзини мен Бакуиниге қарсы 5 декабрьде жазылған менің мәлімдемемнің қажеттігі туды, бұл мәлімдеме сондай-ақ «Gazzettino Rosa»-да да басылды*.

Бакунистердің ұйтқысы бірнеше ондаған юралықтардан құралған, бұлардың соңында жалпы алғанда 200-ге жетер-жетпес жұмысшы бар; Италияда қазір өздерін барлық жерде итальян жұмысшыларының өкілдеріміз деп жүрген жас адвокаттар, докторлар мен журналистер, Барселона мен Мадридтегі осылар тәрізді бірнеше адамдар және кей жерлердегі — Лион мен Брюссельдегі — жалғыз-жарым адамдар авангард болып отыр; бұлардың арасында жұмысшылар жоққа тән; мұнда** — жалғыз Робеннің бір өзі ғана. — Конгресс шақыруға мүмкіндік болмаған себепті оның орнына өте қажет болғандықтан шақырылған конференция олар үшін сылтау болып табылды, ал Швейцарияда француз эмигранттарының көпшілігі солардың жағына шыққандықтан, — бұлар (прудонистер) бакунистерден көп жақындық тапқандықтан, сондай-ақ жеке бас себептерімен де шыққандықтан, — олар науқан ашты. Әрине, барлық жерде де Интернационалдың ішінде наразы азшылық пен жұрт танымаған даналар бар — міне осыларға сенулері де орынсыз емес. Қазіргі уақытта олардың жауынгерлік күштері мынадай:

1) Бакуининнің өзі — осы компанияның Наполеоны.

2) 200 юралықтар мен француз секциясының 40—50 адамы (Женевадағы эмигранттар).

3) Брюссельде Гинс, «Liberté»-нің²⁸³ редакторы, алайда, бұл оларды ашық жақтап шықпайды.

4) Мұнда — біз ешқашанда мойындамаған 1871 жылғы француз секциясының²⁸⁴ қалдықтары, бұл секция қазірдің өзінде-ақ өзара жауласушы үш бөлімге бөлініп кетті; сонан соң фон Швейцер мырза типіндегі, неміс секциясынан қуылған (Интернационалдан жаппай шығу туралы ұсыныс жасағандары үшін) 20 шақты лассальшылар, бұлар барынша орталықтандыруды

* Ф. Энгельс. «Мадзинидің Интернационал туралы мақалалары жөнінде итальян газеттерінің редакциясына Бас Советтің мәлімдемесі» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 477—478-беттер). Ред.

** — Лондонда. Ред.

және қатаң ұйымды қорғаушылар болғандықтан, анархистер мен автономистердің одағына тамаша жарасымды.

5) Испанияда Бакуиннің бірнеше жеке достары мен оның жолын қуушылар бар, бұлардың ең болмағанда теория жөнінен болса да жұмысшыларға, әсіресе Барселонада, күшті ықпалы болды. Бірақ испандар ұйымға барынша көңіл бөледі, сондықтан басқаларда ұйымның болмауы оларға айқын көрініп тұрады. Бұл жерде Бакуиннің табысқа жетем деп есептеуіне қаншалық болатыны апрельдегі испан съезінде ғана белгілі болады, бірақ онда жұмысшылар басым болатындықтан, мен ештеңеге қауіптенбеймін.

6) Ақырында, Италияда, маған белгілісі, Туриннің, Болоньяның және Джирджентидің секциялары конгресті *мерзімінен бұрын* шақыруды жақтап шықты. Бакунистік баспасөз бізге 20 итальян секциясы қосылды деп отыр, олар маған белгісіз. Қалай болған күнде де, барлық жерде дерлік басшылық Бакуиннің үлкен шу көтеріп отырған достары мен жолын қуғандардың қолында; бірақ, сірә, істі неғұрлым мұқият зерттеп келген кезде олардың соңында халықтың онша көп еместігі айқындалатын болар, өйткені итальян жұмысшыларының орасан зор көпшілігі дегенмен әлі күні бүгінге дейін мадзинистік пиғылда болып отыр және онда әзірге Интернационал саясаттан бой тартумен барабар етіліп отырғанда сол пиғылда қала береді.

Бірақ, қалай болған жағдайда да, Италияда іс былай болып отыр: ол жерде бакунистер Интернационалдағы жағдайға әзірше қожалық етіп отыр. Бас Совет бұған шағым етуді ойламайды да; итальяндар тілегенінше ақымақтық жасай беруіне праволы, ал Бас Совет бұған тек бейбіт айтыстар арқылы ғана қарсы әрекет ететін болады. Сондай-ақ олар юралықтар рухында конгресті жақтап пікір айтуға да праволы, бірақ әрине, жаңа ғана қосылған және еш нәрсе туралы әлі хабардар емес секциялардың мұндай мәселе жөнінде дереу белгілі бір жаққа шығуы, әсіресе олар *екі* жақты да тындамай тұрып шығуы барып тұрған танданарлық нәрсе! Мен бұл жөніндегі өзімнің көзқарасымды тулиндіктерге бәрін ашық айттым және осылайша бой көрсеткен басқа секциялар жөнінде де нақ осылай етемін. Өйткені нұсқау хаттың²⁸⁵ талаптарына қосылу туралы жасалған осындай мәлімдеме атаулының бәрі Бас Советке қарсы ол нұсқау хатта айтылған жалған айыптар мен жалаларды жанана түрде мақұлдағандық болып табылады, алайда, Бас Совет бұл мәселе жөнінде таяу уақытта өз нұсқау хатын шығарады*. Егер Сіз *ол шыққанға дейін* миландықтардың әлгі тәрізді мәлімдемесіне кедергі жасай алсаңыз, онда Сіз біздің барлық тілегімізді орындайсыз.

* Қараңыз: осы том 265—306-беттер. *Ред.*

Бәрінен де кісі күлерлік нәрсе мынау: юралықтарды жақтап пікір айтқан және, олай болса, бізді авторитаризм жөнінде кінәлап отырған нақ сол тулиндіктердің өздері енді келіп кенет Бас Советтен: өздерімен бәсекелес болып отырған тулиндік Жұмысшы федерациясына қарсы шығуды, оның үстіне өзі еш уақытта істеп көрмеген беделділік рухында қарсы шығуды, Интернационалда тегі болмаған Бегеллиді «Fiscanaso»-дан²⁸⁶ қууды, т. с. талап етіп отыр. Ал мұнын бәрі, тіпті біз Жұмысшы федерациясын тындамастан бұрын, біз *оның* бұл жөнінде де айтатынын естіместен бұрын істелуге тиіс!

Дүйсенбі күні* мен Сізге юра нұсқау хаты басылған «Révolution Sociale»-ні²¹⁷, Женева «Egalité»-сінің¹⁰⁷ бір номерін (өкінішке орай, енді менде юралықтардан гөрі, жиырма есе көп жұмысшылардың өкілі болып табылатын Женева федерациялық комитетінің²⁸⁷ жауабы басылған бір де номері жоқ) және «Volksstaat»-тың⁵¹ бір номерін жібердім, мұнан Сіз бұл оқиға жөнінде Германияда жұрттын не ойлайтынын көресіз. Саксон съезі — 60 жерден келген 120 делегат — *бір ауыздан* Бас Советті жақтап шықты²⁸⁸. — Бельгия съезі (25—26 декабрь) Уставты қайта қарауды, бірақ *кезекті* конгресте (сентябрьде)²⁸⁹ қарауды талап етеді. Франциядан біз күн сайын мақұлдау хабарын алып отырмыз. Мұнда, Англияда, осы эзәзілдіктердің бәрі ешқандай негіз таба алмай отырғаны өзінен-өзі түсінікті. Ал Бас Совет бірнеше эзәзілдер мен мақтаншақтарға бола, әлбетте, төтенше конгресс шақырмайды. Әзірге бұл мырзалар заңды негізде тұрғанда, Бас Совет оларға қимыл бостандығын қуана-қуана береді — нағыз әртекті элементтердің бұл коалициясы жақында ыдырайды; бірақ олар Уставка немесе конгрестердің қаулыларына қарсы бірдене қолданса-ақ, Бас Совет өз борышын орындайды.

Егер бұл адамдар өздерінің заговорын қандай кезеңде, — Интернационал барлық жерде нағыз өршеленген қудалауға душар болып отырған кезде, нақ осы кезде, — бастап отырғанын ойласан, халықаралық полициядағы мырзалар осы іске араласып отырған жоқ па екен деген ойдан арылу мүмкін емес. Шынында да ол осылай. Базеде полицияның бас комиссары** Женева бакунистерінің тілшісі болып отыр. Көрнекті ек бакунист, Лионнан шыққан Альбер Ришар мен Леблан, осында болып, өздері әнгімелескен бір жұмысшыға, Лионнан келген Шолльге, былай деп мәлімдеген: Тьерді құлатудың бірден-бір амалы — Бонапартты қайтадан таққа отырғызу, сондықтан да *біз бонапарттық реставрацияның пайдасына* эмигранттардың арасында *насихат* жүргізу үшін *Бонапарттың ақшаларымен ел* аралап жүр-

* — 22 январь. *Ред.*

** — Буске. *Ред.*

міз деген! Міне осыны бұл мырзалар саясаттан аулақ болу деп атайды! Берлинде Бисмарк қаржы беріп отырған «Neuer Social-Demokrat»²²⁶ та сол әуенге басып отыр. Бұл іске орыс полициясы қаншалықты араласып отыр, бұл мәселені мен өзирге ашық қалдырамын, бірақ Бакунин Нечаев оқиғасында қатты шатасты (рас, ол мұны теріске шығарады, бірақ бұл жерде бізде түпнұсқадағы орыс документтері бар, ал Маркс екеуіміз орысша түсінеміз, сондықтан ол бізді алдай алмайды)²⁰⁶. Ал Нечаев не орыстың арандатушы-агенті, не, қалай болған күнде де, осылай әрекет еткен адам; ал оның үстіне Бакуниннің орыс достарының арасында әр түрлі күдікті адамдар бар.

Сіздің өз орныңыздан айырылып қалғаныңыз маған өте өкінішті, орыннан айырылып қалуға әкеліп соғатын нәрсенің бәрінен Сіз аулақ болыңыз деп мен Сізге арнайы жазып едім. Интернационал үшін Сіздің Миланда болуыңыз жұрт алдында сөйлеуден туатын болмашы нәтижеден гөрі әлдеқайда маңызды: жұрт алдына ашық шықпай-ақ, көп нәрсе істеуге болады, т. с. Егер мен Сізге аударма жасау және басқалар жөнінде жәрдем ете алсам, онда мен мұны зор қуанышпен істеймін. Маған тек Сіз қай тілдерден және қай тілдерге аударма алатыныңызды, менің Сізге *немен* жәрдем ете алатынымды ғана айтыңыз.

Сөйтіп, полицей иттер менің фотосуретімді де қолына түсіріп алған екен. Сізге басқа суретімді жіберіп отырмын және Өзіңіздің екі суретіңізді жіберуіңізді сұраймын: біреуі фрейлейн Марксті өз әкесінің фото суретінің біреуін Сізге беруге ой салу үшін керек (тек онда ғана әлі бірнеше жақсы суреттер бар).

Бакунинмен байланысты адамдардың *бәрінен* сақ болуыңызды Сізден тағы да өтінемін. Барлық секталардың заты ерекшеліктері сол, олардың мүшелері бірімен-бірі тығыз байланысты және өзәзілдік жасап отырады. *Сіздің қандай да болсын хабарыңыз* дереу Бакунингке жеткізіледі — бұған сене беріңіз. Оның басты принциптерінің бірі: өз сөзінде тұру және сол тәрізді нәрселер — әшейін буржуазиялық соқыр сенімдер, нағыз революционер іс мүдделері үшін бұларды әрқашан елемеге тиісті деген пікір. Россияда ол бұл туралы ашықтан-ашық айтып отыр, ал Батыс Европада бұл — құпия ілім.

Маған *мүмкіндігінше тезірек* жазыңыз. Егер біз Милан секциясын итальян секцияларының жалпы хорына қатынаспайтын ете алсақ, бұл өте жақсы болған болар еді...

ЭНГЕЛЬС — АВГУСТ БЕБЕЛЬГЕ

ГУБЕРТУСБУРГКЕ

Лондон, 20 июнь 1873 ж.

Мен алдымен Сіздің хатыңызға жауап беремін, себебі Либкнехттің хаты әлі Марксте жатыр, ал ол оны дереу тауып бере алмайды.

Тіпті де Гепнер емес, Комитеттің атынан Йорктің Гепнерге жазған хаты мұнда бізді: партия басшылығы — сорға қарай, түгелдей лассальшыл басшылық — Сіздің қорытындыңызды «Volksstaat»-ты⁵¹ өзінше бір «адал» «Neuer Social-Demokrat»-қа²²⁶ айналдыру үшін пайдаланып кете ме деп қауіптенуге мәжбүр етті. Мұндай ниеттің барлығы Йорктің істерінен ап-айқын көрініп тұр, ал Комитет редакторларды тағайындау және ауыстыру правосын өзіне иемденіп алғандықтан, күмән жоқ, қауіп соншалық үлкен болды. Гепнердің алдағы уақытта жер аударылатындығы бұл жоспарларды жүзеге асыру үшін онан сайын кең мүмкіншіліктер берді. Мұндай жағдайларда біз істің мән-жайын әбден дәл білуге тиіс болдық; бұл хат жазысу осыдан...

Ал партияның лассальшылдыққа көзқарасына келетін болсақ, онда Сіз, әлбетте, жекелеген жағдайларда қандай тактика қолданылуға тиіс екені туралы бізден гөрі жақсы пікір айта алар едіңіз. Алайда мынаны да еске алу керек. Сіз сияқты, Жалпы герман жұмысшы одағымен²⁷⁰ белгілі бір дәрежеде бәсекелесуге тура келген кезде, онда бәсекелесіңе тым көп назар аудара бастайсың да, әрбір жағдай жөнінде ең алдымен ол туралы ойлауға дағдыланып кетуің оп-оңай. Бірақ Жалпы герман жұмысшы одағы мен Социал-демократиялық жұмысшы партиясы, екеуін қоса алғанда, әлі де болса герман жұмысшы табының болмашы азшылығы ғана болып табылады ғой. Ал біздің көп жылдық тәжірибе дәлелдеген пікірімізше насихаттағы дұрыс тактика не мына жерде, не ана жерде қарсыласыңнан жеке адамдар мен ұйым мүшелерінің жекелеген топтарын өз жағына шығарып алуда емес, әлі де болса ұйымға тартылмаған қалың бұқараға әсер етуде. Біз өзіміз қараңғылық қалыптан шығарып алған бір тың адам әрқашанда өздерімен бірге партияға өздерінің теріс көзқарастарының элементтерін ала келетін ондаған лассальшыл қашып өтушілерден гөрі неғұрлым бағалы. Егер тек қана бұқараны олардың *жергілікті басшыларынсыз* қаратып ала алсақ, онда мұның өзі бір сәрі болар еді. Бірақ, дегенмен, әрқашанда үстемеге әлгі тәрізді толып жатқан басшыларды қосып алуға тура келеді, бұлар өздерінің бұрынғы көзқарастарымен байланысты болмаған күнде де, өздерінің бұрын жұрт алдында сөйлеген сөздерімен байланысты, сондықтан бұлар өздерінің принциптерінен безбегендігін, қайта керісінше, Социал-

демократиялық жұмысшы партиясы *нағыз* лассальшылдықты уағыздап отыр деп қайткен күнде де көрсетуге тиіс болады. Эйнахтағы қырсық²⁹⁰ та дәл осы болды — мүмкін, бұл ол кезде лажсыз болған шығар, — бірақ бұл элементтер партияға сөзсіз зиян келтірді, олар қосылмаған күнде де партияның қазіргі уақытта ең болмағанда күші кемімес те ме еді, қайтер еді. Қалай болған күнде де, менінше, егер бұл элементтер қосымша күш алса, бақытсыздық болған болар еді.

«Бірігу» туралы айқай-шумен өзінді адастыруға болмайды. Осы ұранды кімдер көбірек мадақтаса, нақ солар алауыздықты негізгі қоздырушылар болып табылады да; барлық жіктелушілікті бастаушылар, бірігуден басқа еш нәрсе туралы мұндайлық қатты айқай-шу көтермейтін Швейцария Юрасының қазіргі бакунистері нақ осындай адамдар. Бірігудің бұл фанатиктері — не барлығын түгел бір қазанға араластырғысы келетін өресі тар адамдар; мұндай жағдайда осы элементтердің бәрі бір қазанға түсетін болғандықтан, қайшылықтардың бұрынғыдан бетер шиеленіскен формада қайта өршуі үшін оның сәл-пәл тұнуының өзі жетіп жатыр (сіздерде, Германияда, жұмысшылар мен ұсақ буржуаны ымыраластыруды уағыздайтын мырзалар түрінде тамаша мысал бар); не бұлар мұны ұғынбай (мәселен, Мюльбергер сияқты) немесе біле тұра қозғалысты бұрмалауды тілейтін адамдар. Міне, барып тұрған сектанттардың және шектен шыққан пәлеқорлар мен алаяқтардың белгілі бір кезеңде бірігу туралы бәрінен де қатты айғайлауы осыдан. Өз өміріміздің ішінде біз бірігудің айқай-шулы уағызшыларынан артық қолайсыздықтар мен арамдықтарды ешкімнен көргеніміз жоқ.

Әрине, әрбір партия басшылығы табысқа жетуге ұмтылады, мұның өзі өте жақсы да. Алайда неғұрлым маңызды мәселелер үшін *дереу қол жететін* табысты құрбан етуге ерлік керек болатын жағдайлар болады. Әсіресе, біздің партиямыз сияқты партия, түпкілікті жеңісі әбден қамтамасыз етілген және біздің уақытымызда, біздің көз алдымызда соншалық орасан өскен партия тегі дереу қол жететін табысқа әрқашан және сөзсіз мұқтаж емес. Мысалға Интернационалды алыңыз. Коммунадан кейін оның беделі орасан зор болды. Өлердей қорыққан буржуа оны күдіретті күш деп есептеді. Интернационал мүшелерінің басым көпшілігі өмір бойы осылай бола береді деп ойлады. Біз бұл желкөбіктің жарылуға *тиіс* екенін өте жақсы білдік. Интернационалға қай-қайдағы жексұрындар кіріп жатты. Ондағы сектанттар ардан безді, Интернационалды теріс пайдаланды және олардың орасан ақымақтық пен арсыздық істеуіне жол беріледі деп сенді. Біз бұған шыдай алмадық. Желкөбіктің бір кезде жарылуға тиіс екенін тамаша біле отырып, біз апатты кешеуілдетпеуге, қайта ол апаттан Интернационалды таза және бұрмаланбаған күйінде алып шығуға тырыстық. Гаага-

да²³⁰ желкөбік жарылды, ал конгресс делегаттарының көпшілігі үйді-үйіне қатты түніліп тарағанын Сіз білесіз. Интернационалдан жаппай бауырласу мен ымыраласудың идеалын табамыз деп үміттенген осы түңілушілердің бәрі дерлік өз үйлерінде Гаагада өршіген ұрыс-керістен гөрі неғұрлым қатты ұрыс-керісті өрістетті емес пе! Енді келіп сектанттық жасаушы даукестер ымыраласуды уағыздап отыр және сыйыспайтын адамдар, диктаторлар деп біз туралы айқай-шу көтеріп отыр! Ал егер біз Гаагада ымырашылдық жасасак, егер біз жіктелушіліктің болуына кедергі жасасак,—мұның салдары қандай болған болар еді? Сектанттар, атап айтқанда бакунистер, Интернационал атынан онан сайын көп есуастық пен жексұрындық жасау үшін өз қарамағына тағы бір жыл артық уақыт алар еді; ең дамыған елдердің жұмысшылары жиіркенішпен сырт айналып кетер еді; желкөбік жарылмас еді, түйреуіштің шаншуынан зақымдалған желкөбік ақырындап бүрісер еді, сөйтіп таяуда болатын, дағдарыс қайткенде де өршуге тиіс болатын конгресс нағыз оңбаған адамдардың арасындағы ұрыс-керіске айналған болар еді, өйткені *принцип* Гаагада құрбандыққа шалынған болар еді! Міне сонда Интернационал шын мәнісінде құрыған болар еді, «бірліктің» қырсығынан құрыған болар еді!—Мұның орнына біз шіріген элементтерден абыроймен арылып шықтық — соңғы, шешуші мәжіліске қатынасқан Коммуна мүшелері: бізге Коммунаның бірде-бір мәжілісі Европа пролетариатын сатып қеткендерге жасалған осы соттай қатты әсер еткен жоқ дейді,—біз он ай бойы оларға бар күшімен өтірік айтуға, жала жабуға, әзәзілдік жасауға ерік бердік, ал мұнан не шықты? Интернационалдың орасан зор көпшілігінің осы жалған өкілдерінің өздері енді: жуырда болатын конгреске баруға біздің батылымыз жетпейді деп мәлімдеп отыр (егжей-тегжейі осымен бірге «*Volksstaat*»* үшін жіберіліп отырған мақалада). Ал егер бізге тағы да бір рет әрекет етуге тура келсе, біз жалпы және тұтас алғанда басқаша істемеген болар едік; тактикалық қателер, әлбетте, әрқашанда болуы мүмкін.

Қалай болған күнде де, мен лассальшылардың қатарындағы таңдаулы элементтер болашақта өздері-ақ сіздерге қайта келеді деп сенемін, сондықтан жемісті піспей жатып ұзу ақылсыздық болар еді, бірігуді жақтаушылар осылай еткісі келеді.

Айтпақшы, тіпті Гегель шалдың өзі былай деген еді: партия өзінің өмірге қабілеттілігін *жіктеліске* бара алатындығымен және осы жіктеліске төтеп беруге қабілетті екендігімен дәлелдейді²⁹¹. Пролетариат қозғалысы дамудың түрлі сатыларынан өтпей қоймайды; әрбір сатыда ілгері бармайтын адам-

* Ф. Энгельс. «Интернационалда» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 18-том, 453—456-беттері). Ред.

дардың бір бөлегі отырып қалады. «Пролетариат ынтымақтас-тығы» шындығында барлық жерде де аса ауыр қудалаулар дәуірінде Рим империясындағы христиан секталары тәрізді өліспей беріспейтіндей өзара күрес жүргізетін түрлі партиялық топ-тасулар түрінде жүзеге асырылатынының себебі осы ғана.

Сондай-ақ Сіз мынаны да ұмытпауға тиіссіз: егер, мәселен, «Volksstaat»-қа қарағанда «Neuer Social-Demokrat»-тың жаздырып алушылары көп болып отырса, онда мұның себебі мына-да: әр сектада сөзсіз өзіне тән фанатизм бар, міне осы фанатизмнің арқасында — әсіресе секта жаңа секта болып отырған жерде (мәселен, Шлезвиг-Гольштейндегі Жалпы герман жұмысшы одағы) — секта ешбір сектанттық өрескелдіктерсіз-ақ тура нағыз қозғалыстың өкілі болып отырған партиядан гөрі дереу болатын әлдеқайда ірі табыстарға жетеді. Бірақ оның есесіне фанатизм ұзаққа бармайды.

Хатымды аяқтаймын, почта жіберіледі. Тағы бір нәрсе туралы асығыс айта кетейін: Маркс французша аудармасы* бітпейінше (шамамен июльдің аяғы) Лассальды²⁹² қолға ала алмайды, оның үстіне ол дем алуға өте мұқтаж, өйткені әбден шаршаған...

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылым отыр, 2-басылуы, 33-том, 492—496-беттер

ЭНГЕЛЬС — ФРИДРИХ АДОЛЬФ ЗОРГЕГЕ

ХОБОКЕНГЕ

Лондон, 12 [—17] сентябрь 1874 ж.

Сенің кетуіңмен²⁹³ бұрынғы Интернационал өзінің өмір сүруін толығымен аяқтады. Мұның өзі жақсы да. Ол бүкіл Европада үстем болып отырған езіп-жаншу жаңа ғана қайтадан оянып келе жатқан жұмысшы қозғалысын бірлік жасауға және ішкі айтыс-тартыс атаулыдан тартынуға мәжбүр еткен кездегі Екінші империяның дәуіріне жататын Интернационал еді. Мұның өзі пролетариаттың жалпы халықаралық мүдделері бірінші қатарға қойылған кезең еді. Германия, Испания, Италия, Дания қозғалысқа жаңа ғана кірісіп отырған немесе енді ғана кірісе бастаған болатын. 1864 жылы қозғалыстың өзінің теориялық сипаты бүкіл Европада, яғни бұқара ішінде, шындығында әлі өте көмескі болатын, неміс коммунизмі жұмысшы партиясы ретінде әлі болмаған еді, өзінің сүйікті әуеніне басу үшін прудонизм тым-ақ әлсіз еді, ал Бакуниннің жаңа балдыр-батпағы

* — «Капиталдың» бірінші томының. Ред.

тіпті оның өзінің басында да әлі жоқ еді; тіпті ағылшын тред-юниондары лидерлерінің өздері Уставтың кіріспе бөлімінде* баяндалған программаның негізінде қозғалысқа қосылуға болады деп есептеді. Бірінші ірі табыс барлық фракциялардың осы аңғырт ынтымақтастығын бұзуға тиіс болды. Мұндай табыс Коммуна болды, оны дүниеге келтіру үшін Интернационал ештеме істемесе де Коммуна Интернационалдың, сөзсіз, рухани перзенті еді; сөйтіп Коммуна үшін Интернационалға жауапкершіліктің жүктелуі белгілі дәрежеде әбден орынды еді. Интернационал Коммунаның арқасында Европада моральдық күшке айналысымен — дереу бақастық басталды. Әрбір ағым бұл табысты өзі үшін пайдаланғысы келді. Болмай қоймайтын ыдырау басталды. Бұрынғы кең программаның негізінде жұмысты жалғастыра беруге шынымен әзір бірден-бір адамдардың — неміс коммунистерінің — өсіп отырған күшін көре алмаушылық Бельгия прудонистерін бакунистік авантюристердің құшағына итермеледі. Гаага конгресі²³⁰ іс жүзінде осының ақыры, оның үстіне екі партияның екеуі үшін де ақыры болды. Америка Интернационал атынан әлі де болса бірдемелер істеуге болатын бірден-бір ел болды, сондықтан салиқалы түйсінүшілік жоғарғы басшылықты сонда көшіруге ой туғызды да. Бірақ қазір оның бөделі онда да сарқылды, сондықтан оған жаңадан өмірлік күш беруге бұдан әрі күш жұмсаудың бәрі есуастық және күштерді босқа сарп еткендік болған болар еді. Интернационал он жыл бойына европалық тарихтың бір жағына — атап айтқанда болашақ соған негізделген жағына үстемдік етіп келді, сондықтан ол өзінің жұмысына мақтанышпен көз жібере алады. Бірақ оның ескі формада күні өтті. Бұрынғы Интернационал сияқты жаңа Интернационал — барлық елдердің күллі пролетарлық партияларының одағы — құрылу үшін, бұл үшін 1849—1864 жылдардағы сияқты жұмысшы қозғалысын жаппай басып-жаншу қажет болған болар еді. Бірақ бұл үшін қазір пролетарлық дүние тым зор, тым кең дүниеге айналды. Мен келесі Интернационал — Маркстің шығармалары бірнеше жылдар бойы өзінің ықпалын тигізгеннен кейін — таза коммунистік Интернационал болып, нақ біздің принциптерімізді салтанатты түрде жариялайды деп ойлаймын...

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының тексті бойынша басылып отыр, 2-басылуы, 33-том, 537—538-беттер

* Қараңыз: осы том, 15—16 беттер. Ред.

ЕСКЕРТУЛЕР
КӨРСЕТКИШТЕР

ЕСКЕРТУЛЕР

¹ 1864 жылғы 28 сентябрьде Лондондағы Сент-Мартинс-холлда жұмысшылардың халықаралық үлкен жиналысы болды, мұнда Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі құрылды, (кейінде Бірінші Интернационал атанып мәлім болған) және Уақытша комитет сайланды. К. Маркс осы Комитеттің құрамына сайланды, ал кейін оның 5 октябрьде болған бірінші мәжілісінде Серіктіктің программалық документтерін жасау үшін құрылған комиссияның құрамына да сайланды. 20 октябрьде комиссия Маркске, ол ауырып қалған кезде комиссия дайындаған, мадзинистік және оуэнистік идеялар рухында жазылған документті редакциялауды тапсырды. Бұл документтің орнына Маркс іс жүзінде мүлде жаңа екі документ — «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Құрылтай Манифесі» мен «Серіктіктің Уақытша Уставын» жазды, — бұлар 27 октябрьде комиссияның мәжілісінде мақұлданды. Серіктіктің басшы органы болып заңдастырылған Уақытша комитет 1864 жылғы 1 ноябрьде «Манифест» пен «Уставты» бір ауыздан бекітті. Тарихқа Интернационалдың Бас Советі болып енген бұл орган 1866 жылдың аяғына дейін көбіне Орталық Совет деп аталды. Бас Советтің іс жүзіндегі басқарушысы Карл Маркс болды. Ол Бас Советтің нағыз ұйымдастырушысы, көсемі, толып жатқан үндеулердің, мәлімдемелердің, қарарлар мен басқа да документтердің авторы болды.

«Құрылтай манифесінде» — программалық тұңғыш документте Маркс жұмысшы бұқарасына саяси өкіметті жеңіп алудың, дербес пролетарлық партия құрудың, сондай-ақ әр түрлі елдердің жұмысшылары арасында туысқандық одақ құрудың қажеттігін ұғындырды.

Алғаш рет 1864 ж. жарияланған «Құрылтай манифесі» өмір сүруін 1876 жылы тоқтатқан I Интернационалдың бүкіл тарихы бойында бірнеше рет қайта басылып шықты. — 5.

² «Тұншықтырушылар» (gagoters) — XIX ғасырдың 60-жылдарында адамдарды кеңірдектен алып буындыратын тонаушыларды осылай деп атайтын. — 5.

³ *Көк кітаптар* (Blue Books) — ағылшын парламентінің материалдары мен сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық документтерін жариялаудың жалпы аты, мұқабасының көптігінен осылай деп аталып кеткен. Англияда XVII ғасырдан бастап шығарылып келеді және осы елдің экономикалық, дипломатиялық тарихы жөніндегі негізгі ресми дерек болып табылады.

6-бетте «Жер аудару мен қаторгалық жұмыстарға қатысты заңдардың күшін тексеру жөніндегі комиссияның есебі туралы» әңгіме болады. I том, Лондон, 1863; 94-бетте — «Ұлы мәртебелінің өнеркәсіп пен тред-юниондар мәселелері жөнінде шетелдік миссиялармен жазысқан хаттары» туралы әңгіме болады. Лондон, 1867. — 5, 93.

⁴ Америкадағы азамат соғысы (1861—1865) Солтүстіктің өнеркәсіпті штаттары мен Оңтүстіктің бүлік шығарған құл иеленуші штаттарының арасында болды. Англияның жұмысшы табы құл иеленуші-плантаторларды қолдаған ағылшын буржуазиясының саясатына қарсы шықты, сөйтіп Англияның АҚШ-тағы Азамат соғысына араласуын болдыртпады.—6, 20, 30, 91, 121, 166.

⁵ Жұмысшы табының жұмыс күнін заң жүзінде он сағат етіп шектеу жолындағы күресі Англияда XVIII ғасырдың аяғынан бастап жүрді де, XIX ғасырдың 30-жылдарының басынан бастап пролетариаттың қалың бұқарасын қамтыды.

Тек жас өспірімдер мен әйелдерге ғана қатысы болған он сағаттық жұмыс күні туралы заңды парламент 1847 жылғы 8 июньде қабылдады. Алайда көптеген фабриканттар іс жүзінде оны елеусіз қалдырды.—11, 36.

⁶ «Жалпы Устав» Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Лондон конференциясында 1871 жылғы сентябрьде қабылданды. Оның негізіне 1864 жылы I Интернационалды құрған кезде Маркс жазған (1-ескертуді қараңыз) «Уақытша Устав» алынды. 1872 жылғы сентябрьде Гаага конгресінде «Уставқа» 7-статьядан кейін қосымша 7 а статьясын енгізу туралы Маркс пен Энгельс жазған қарар қабылданды, бұл қосымша статья жұмысшы табының саяси қимылы туралы 1871 ж. Лондон конференциясында қабылданған IX қарардың мазмұнын қорытындылаған еді (қараңыз: осы том, 15—18-беттер, ескерту). Гаага конгресінің «Уставқа» 7а статьясын енгізу туралы қарарын осы томның 312-бетінен қараңыз.—15.

⁷ Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің АҚШ президенті А. Линкольнге оның екінші рет президент болып сайлануына байланысты жолдаған үндеуін Бас Советтің шешімі бойынша Маркс жазған болатын. АҚШ-тағы азамат соғысының өршіп тұрған кезінде бұл үндеудің зор маңызы болды. Үндеу бүкіл халықаралық пролетариаттың тағдыры үшін Америкадағы құлдыққа қарсы соғыстың орасан зор маңызы бар екенін атап көрсетті. Маркс Интернационалдың әр түрлі елдердегі секцияларының міндетін «тек жұмысшы табының ұйымдастырушы орталықтары болып қана қоймай, сонымен бірге біздің түпкі мақсатымыз — жұмысшы табын экономикалық жағынан азат ету мақсатына жетуімізге сеп боларлық әр түрлі елдердегі саяси қозғалыстың қандайын болсын қолдап отыру» (қараңыз: Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 445-бет) деп білді. Маркс жұмысшы табының жалпы демократиялық қозғалыста авангардтың құрметті ролін орындайтын болуына, сөйтіп оның ұлттық және халықаралық аренада дербес саяси күш болып шығатын болуына ұмтылды.

Прогресшіл, демократиялық қозғалыстың қандайын болса да қолдай отырып, Маркс пен Энгельс пролетариатты және оның Интернационалдағы алдыңғы қатарлы қайраткерлерін езілген халықтардың өз азаттығы жолындағы күресіне шынайы интернационалдік тұрғыдан қарауға тәрбиеледі.—19.

⁸ Бұл арада «Тәуелсіздік декларациясы» айтылып отыр, 1776 жылғы 4 июльде Филадельфиядағы конгресте Солтүстік Америкадағы 13 ағылшын колониясының делегаттары қабылдаған бұл декларация Солтүстік Америка колонияларының Англиядан бөлінгенін, тәуелсіз республика — Америка Құрама Штаттарының — құрылғанын жариялады. Бұл документте жеке адамның бостандығы, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, халықтың суверенитеті туралы ереже және т. б. сияқты буржуазиялық-демократиялық принциптер тұжырымдалған еді. Алайда американ буржуазиясы мен ірі жер иелері декларацияда жарияланған демократиялық праволарды әуел бастан-ақ бұзды, халық бұқарасын саяси өмірге қатысудан шеттетті және республика халқының едәуір бөлігі болып отырған негрлерді адамның қарапайым праволарынан құр алқан қалдырған құлдық институтын сақтап қалды.—19.

⁹ *Мақта дағдарысы* Азамат соғысы кезінде солтүстіктегілердің флотының оңтүстік құл иеленуші штаттарды блокадаға алуы себепті Америкадан келіп түсетін мақтаның тоқтауынан болған еді. Еуропаның мақта-мата өнеркәсібінің дені қарап қалды, мұның өзі жұмысшылардың жағдайына ауыр тиді. Еуропа пролетариаты барлық ауыртпалықтарға қарамастан Солтүстік штаттарды ба-тыл қолдап отырды.—20.

¹⁰ *Англияның Солтүстік Америка колонияларының* ағылшын үстемдігіне қарсы тәуелсіздік жолындағы соғысы (1775—1783) қалыптаса бастаған амери-кан буржуазиялық ұлтының дербестікке және капитализмнің дамуына жасал-ған бөгеттерді жоюға ұмтылған ниеттерінен туған еді. Солтүстік американдық-тардың жеңісі нәтижесінде тәуелсіз буржуазиялық мемлекет — Америка Құрама Штаттары құрылды.— 20, 91, 166.

¹¹ *«Прудон туралы»* мақаланы Маркс Прудонның қайтыс болуына байла-нысты «Social-Demokrat» газетінің редакторы Швейцердің сұрауы бойынша жазған еді. Прудонның философиялық, экономикалық және саяси көзқарас-тарын «Философия қайыршылығында» және өзінің басқа да еңбектерінде сы-науын қорытындылағандай болып, Маркс прудонизм идеологиясының түгелдей негізсіздігін ашты. Прудонның «әлеуметтік мәселені шешуге» бағытталған практикалық жобаларына тоқтала келіп, Маркс Прудон ұсынған «тегің кре-дит» және осыған негізделген «халықтық банк» идеясын, Прудон мектебі кө-термелей дәріптеп жүрген идеяны, Маркстің сөзімен айтқанда осы «тұла бойы түгел *мещандық* қиялды» өлтіре сынады. Прудонға берген өз бағасын тұжы-рымдай келе, Маркс оны ұсақ буржуазияға тән идеологтардың бірі деп сипат-тайды.— 21.

¹² *«Social-Demokrat»* («Социал-Демократ») — лассальдық Жалпы герман жұмысшы одағының органы. Газет осы атпен 1864 жылғы 15 декабрьден 1871 жылға дейін Берлинде шығарылып тұрды; 1864—1867 жылдары И. Б. Швейцер редакциялаған.— 21, 443.

¹³ Бұл арада Прудонның: «Essai de grammaire générale» («Жалпыға бір-дей грамматика тәжірибесі») деген еңбегі айтылып отыр, бұл еңбек мына кі-тапқа енген: Bergier. «Les éléments primitifs des langues». Besançon, 1837 (Бержье. «Тілдердің бастапқы негіздері». Безансон, 1837).— 21.

¹⁴ Энгіме Ж. П. Бриссо де Варвильдің мына еңбегі туралы болып отыр: «Recherches philosophiques. Sur le droit de propriété et sur le vol, considérés dans la nature et dans la société» («Философиялық зерттеулер. Табиғат пен қоғамда байқалатын меншіктену правосы туралы және ұрлық туралы»).— 23.

¹⁵ Ch. Dunoyer. «De la liberté du travail, ou Simple exposé des conditions dans lesquelles les forces humaines s'exercent avec le plus de puissance». T. I—III, Paris, 1845 (Ш. Дюнуайе. «Еңбек бостандығы туралы немесе Адам-ның күші барынша тиімділігімен көрінетін жағдайларды қарапайым бейнелеу». I—III томдар, Париж, 1845).— 26.

¹⁶ Францияда 1848 жылы болған Февраль революциясы айтылып отыр.— 26.

¹⁷ Бұл арада Прудонның француз Ұлттық жиналысының мәжілісінде 1848 жылғы 31 июльде сөйлеген сөзі айтылып отыр. Прудон бұл сөзінде ұсақ буржуазиялық утопиялық доктриналар (қарыз беруден алынатын процент-ті жою және т. б.) рухында бірқатар ұсыныстар жасай отырып, Парижде 1848 жылғы 23—26 июньде болған пролетариат көтерілісіне қатысушыларды жазалауды зорлық пен озбырлықтың көрінісі деп сипаттаған болатын.— 26.

¹⁸ *Июнь көтерілісі* — француз буржуазиясы айрықша каталдықпен басып тастаған Париж жұмысшыларының 1848 жылғы 23—26 июндегі қаһармандық көтерілісі. Көтеріліс пролетариат пен буржуазия арасында тарихта тұңғыш рет болған ұлы азамат соғысы болды.— 26, 173, 191, 213, 220, 333.

¹⁹ Бұл арада Францияның Ұлттық жиналысының финанс комиссиясына Прудонның енгізген ұсыныстарына қарсы Тьердің 1848 ж. 26 июльде сөйлеген сөзі айтылып отыр.— 26.

²⁰ «*Gratuité du crédit. Discussion entre M. Fr. Bastiat et M. Proudhon*». Paris, 1850 («Тегін кредит. Фр. Бастиа мырза мен Прудон мырзаның арасындағы болған дискуссия»). Париж, 1850).— 27.

²¹ P. J. Proudhon. «*Si les traités de 1815 ont cessé d'exister? Actes du futur congrès*». Paris, 1863 (П. Ж. Прудон. «1815 жылғы шарттар өмір сүруден қалғаны ма? Болашақ конгрестің актілері»). Париж, 1863). Прудон бұл шығармасында 1815 жылғы Вена конгресінің Польша туралы шешімдерін қайта қарауға және Европа демократиясының поляк ұлт-азаттық қозғалысын қолдауына қарсы шықты, мұнысымен ол орыс патша өкіметінің езушілік саясатын ақтады.— 28.

²² Бұл еңбек — Бас Советтің 1865 жылғы июньде болған мәжілістерінде Маркс оқыған баяндаманың тексті. Мұнда Маркс өзінің қосымша күн теориясының негіздерін жұрт алдында тұңғыш рет баяндады. Интернационал мүшесі Уэстонның жалақының көбейтілуі жұмысшылардың жағдайын жақсартпа алмайды, сондықтан тред-юниондардың жұмысын зиянды деу керек деп дәлелдеген жансақ көзқарастарына қарсы тікелей бағытталған бұл баяндама сонымен қатар жұмысшылардың экономикалық күресі мен кәсіптік одақтарына теріс көзқараста болған прудонистерге, сондай-ақ лассальшыларға да соққы берді. Маркс бұл еңбегінде пролетарларға өздерін қанап отырған капиталдың алдында енжар және көнбіс бол дейтін уағызға батыл қарсы шығады, жұмысшылардың экономикалық күресінің ролі мен маңызын теория жағынан дәлелдейді, сөйтіп бұл күресті пролетариаттың түпкі мақсатына — жалдама еңбек жүйесін жою мақсатына бағындыру қажеттігін атап көрсетеді. Баяндаманың тексті Маркстің қолжазбасы түрінде сақталған. Баяндаманы Э. Эвелингтің алғы сөзімен тұңғыш рет Маркстің қызы Элеонора 1898 жылы Лондонда «*Value, price, and profit*» («Құн, баға және пайда») деген атпен жариялаған болатын. Қолжазбада тақырыбы болмаған кіріспе мен алғашқы алты параграфқа Эвелинг тақырып қойды. Бұл басылымында осы тақырыптардың бәрі де, жалпы тақырыбынан басқасы сақталып қалынды.— 29.

²³ «Уақытша Уставта» 1865 ж. Брюссельде болады деп көзделген конгрестің орнына Лондонда алдын ала конференция шақырылды (ол туралы 39-ескертуді қараңыз).— 29.

²⁴ Француз буржуазиялық революциясы дәуірінде якобиндік Конвент 1793 және 1794 жылдары ең жоғары тұрақты жалақымен қатар аса қажет бірсыпыра заттарға тұрақты жоғары баға белгіленген болатын.— 36.

²⁵ *Ғылымның дамуына жәрдемдесетін Британ ассоциациясы* 1831 жылы құрылған болатын және қазірге дейін бар. Маркс бұл арада Ассоциацияның экономикалық секциясының 1861 жылғы сентябрьдегі жиналысында У. Ньюмарчтың (Маркс мұның фамилиясын жазғанда қате жіберген) сөйлеген сөзін айтып отыр.— 37.

²⁶ Қараңыз: R. Owen. «*Observations on the Effect of the Manufacturing System*». London, 1817, p. 76 (Р. Оуэн. «Өнеркәсіп жүйесінің ықпалы туралы ескертпелер». Лондон, 1817, 76-бет).— 37.

²⁷ Әңгіме 1853—1856 жылдардағы Қырым соғысы туралы болып отыр — 38.

²⁸ XIX ғасырдың орта кезінде селолық жерлердегі тұрғын жайларды жаппай көшіріп-қондырудың күшеюінде мына жағдай елеулі роль атқарды: кедейлердің пайдасына деп жер иеленуші төлейтін салық мөлшері көп ретте оның жерінде тұратын кедейлердің санына байланысты болды. Жер иеленушілер өздеріне керексіз болғанымен, «басы артық» село халқына баспана болуға жарайтын үйлерді әдейі қиратты. (Бұл туралы толық мәліметті мынадан қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 686—705-беттер).— 38.

²⁹ *Өнер мен қолөнер қоғамы* (Society of Arts)— 1754 жылы Лондонда құрылған буржуазиялық-ағартушылық және филантропиялық қоғам. Айтылып отырған рефератты Джон Мортонның баласы Джон Чалмерс Мортон оқыған еді.— 38, 123.

³⁰ Шетелден астық әкелуді шектеуге немесе оған тыйым салуға бағытталған *астық заңдары* деп аталған заңдар Англияда ірі жер иеленуші лендлордтардың мүдделерін көздеп енгізілген болатын. 1838 жылы манчестерлік фабриканттар Кобден мен Брайт Астық заңдарына қарсы лига құрды. Бұл Лига саудаға толық ерік беру керек деген талаптарды қойып, жұмысшылардың жалақыларын азайту және жер аристократиясының экономикалық, саяси позицияларын әлсірету мақсатын көздеп, астық заңдарын жойдырмақ болды. Осы күрестің нәтижесінде 1846 жылы өнеркәсіп буржуазиясының жер аристократиясын жеңіп шыққандығын білдірген астық заңдарын жою туралы билль қабылданды.— 30, 97.

³¹ A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I. Edinburgh, 1814, p. 93 (А. Смит. Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу». I том. Эдинбург, 1814, 93-бет).— 54.

³² Әңгіме XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француз буржуазиялық революциясы дәуірінде Англияның Францияға қарсы жүргізген соғыстары туралы болып отыр. Бұл соғыстар кезінде ағылшын үкіметі өз елінде еңбекші бұқараға қарсы қатал террор режимін орнатты. Атап айтқанда, осы көрсетілген кезеңде халықтың бірқатар толқулары тұншықтырылды және жұмысшы одақтарын құруға тыйым салатын заңдар қабылданды.— 69, 140.

³³ К. Маркс Мальтустің «An Inquiry into the Nature and Progress of Rent, and the Principles by which it is regulated». London, 1815 («Рентаның табиғаты мен өсуі туралы сондай-ақ оны реттеп отыратын принциптер туралы зерттеу». Лондон, 1815) деп аталатын памфлетін айтып отыр.— 69.

³⁴ *Жұмыс үйлері* Англияда XVII ғасырда енгізілген болатын; 1834 жылы қабылданған «кедейлер туралы заң» бойынша жұмыс үйлері кедейлерге көмек көрсетудің бірден-бір формасына айналдырылды; жұмыс үйлері каторгалық-түрме тәртібін қолдануымен көзге түсті де, халық арасында «кедейлерге арналған бастилиялар» деп аталып кетті.— 70.

³⁵ *Джаггернаут* (Джаганнатх)— Индусс құдайы Вишнудың бір бейнесі. Джаггернаут храмының абыздары жаппай тауап етушіліктен көп пайда тауып отырды (әрі храмда тұратын әйелдер — баядеркалардың жезөкшелігі қолпашталды). Джаггернаутқа табыну дәстүрі әлем-жәлем ғұрпымен, сондай-ақ шектен асқан діни фанатизмімен ерекшеленетін, дінге сенушілер өзін өзі қи-нап, өзін өзі өлтіруге дейін баратын. Үлкен мереке күндерінде олардың кейбіреулері Вишну-Джаггернауттың суретін алып келе жатқан арбаның астына құлайтын болған.— 71.

³⁶ Англияда XVI ғасырдан бастап болған *кедейлер туралы заң* бойынша әрбір приходта кедейлердің пайдасына ерекше салық алынатын болған; өзін және семьясын асырай алмайтын приход тұрғындары кедейлерге қарастың касса арқылы жәрдем алып тұрған.— 74.

³⁷ D. Ricardo. «On the Principles of Political Economy, and Taxation». London, 1821, p. 479 (Д. Рикардо. «Саяси экономияның және салық салудың бастамалары туралы». Лондон, 1821, 479-бет).— 76, 449.

³⁸ Бұл *Нұсқауды* Уақытша Орталық Советтің (кейін Бас Совет деп аталатын болды) Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің I конгресіне жіберген делегаттарына арнап Маркс жазған-ды; конгресс 1866 жылғы 3—8 сентябрьде Женевада болды. Нұсқау конгресте талқылануға тиісті мәселелердің шешімін беретін еді. Онда бірқатар нақты міндеттер қойылды, бұларды жүзеге асыру жолындағы күрес жұмысшы бұқарасын топтастыруға, олардың таптық сана-сезімін арттыруға, жұмысшы табының жалпы күресіне тартуға тиіс болды. Нұсқауда Маркс тұжырымдаған тоғыз пункттің алтауы: қимыл-әрекеттерді интернационалдық тұрғыдан біріктіру туралы, жұмыс күнін қысқарту туралы, балалар мен әйелдердің еңбегі туралы, кооперативтік еңбек туралы, кәсіптік одақтар туралы, тұрақты армиялар туралы пункттері конгресс қарарлары болып қабылданды.— 78.

³⁹ Бұл арада 1865 жылғы 25—29 сентябрьде болған *Лондон конференциясы* айтылып отыр; оның жұмысына Бас Советтің мүшелері мен жекелеген секциялардың басшылары қатысты. Конференция Бас Советтің баяндамасын тыңдады, оның финан есебін және алда болатын конгрестің күн тәртібін бекітті. Дайындық жұмысы мен өткізуін Маркс басқарған Лондон конференциясы Интернационалдың құрылуы мен ұйымдық жағынан қалыптасуы кезеңінде үлкен роль атқарды.— 78, 267.

⁴⁰ Заң жүзінде 8 сағаттық жұмыс күнін белгілеу туралы мәселе 1866 жылғы 20—25 августа Балтиморда өткен америкн жұмысшы съезінде талқыланды. Съезд сондай-ақ мына мәселелерді: жұмысшылардың саяси жұмысы туралы, кооперативтік серіктіктер туралы, жұмысшылардың бәрін тред-юниондарға біріктіру туралы, стачкалар туралы және басқа да мәселелерді талқылады.— 81, 447.

⁴¹ Әңгіме ағылшын тред-юниондарының 1865—1867 жылдарда сайлау правосына екінші реформа жасау жолындағы жалпы демократиялық қозғалысқа кеңінен қатысуы туралы болып отыр.

Сайлау правосына реформа жасауды жақтаушылардың 1865 жылғы 23 февральда болған жиналысында Интернационалдың Бас Советінің инициативасымен және етене қатынасуымен Реформа лигасын құру туралы шешім қабылданды, бұл Лига жұмысшылардың екінші реформа жолындағы жаппай қозғалысына басшылық жасайтын саяси орталық болды. Реформа лигасы Маркстің күш салуымен елдің барлық ересек еркек адамдары үшін жалпыға бірдей сайлау правосы болу талабын қойды. Алайда, Реформа лигасының басшылығына енген буржуазиялық радикалдардың, жұмысшылардың жаппай қозғалысынан сескенген осы буржуазиялық радикалдардың ауытқулары салдарынан, сондай-ақ тред-юниондардың оппортунистік лидерлерінің келісімшілдігі салдарынан Лига Бас Совет белгілеген бағытты жүзеге асыра алмады; ағылшын буржуазиясы қозғалысқа жік сала алды, сөйтіп 1867 жылы шүнтіған реформа жасалды, бұл реформа жұмысшы табының негізгі бұқарасын бәз-баяғыдай саяси правосыз калдырып, тек ұсақ буржуазия мен жұмысшы табының жоғары топтарына ғана сайлау правоарын берді.— 86, 446, 448.

⁴² АҚШ-тағы Азамат соғысы кезінде америкн тред-юниондары Солтүстік штаттарға олардың құл иеленушілерге қарсы күресінде белсенді көмек көрсетті.— 86.

⁴³ Ағылшын тред-юниондарының Шеффилдтегі конференциясы 1866 жылы 17—21 июльде болды. Онда локауттарға қарсы күрес туралы мәселе талқыланды.— 86.

⁴⁴ *Қасиетті одақ* — европалық монархтардың реакцияшыл бірлестігі; мұны патшалық Россия, Австрия мен Пруссия жекелеген елдердегі революциялық қозғалысты басу және феодалдық-монархиялық режимдерді сақтап қалу үшін 1815 жылы құрған болатын.— 87, 96.

⁴⁵ *«Капитал»* — марксизмнің даналық шығармасы. Өзінің ең басты еңбегін жасау жолында Маркс 40-жылдардың басынан бастап өмірінің соңына дейін қырық жыл бойы еңбек етті. «Маркс экономикалық құрылысты саяси қондырма тұрғызылатын негіз болып табылады деп танып, осы экономикалық құрылысты зерттеуге мейлінше көп көңіл бөлді» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 48-бет).

Саяси экономиямен жүйелі түрде шұғылдануға Маркс 1843 жылдың аяғында Парижде кірісті. Оның бұл саладағы алғашқы зерттеулері «1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбалар», «Неміс идеологиясы», «Философия қайыршылығы», «Жалдама еңбек және капитал», «Коммунистік партияның манифесі» сияқты еңбектерінде және басқа да еңбектерінде бейнеленген. Осы еңбектердің өзінде-ақ капиталистік қанаудың негіздері, капиталистер мен жалдама жұмысшылар мүдделерінің ымыраға келмейтін карама-қарсылықтары, капитализмнің барлық экономикалық қатынастарының антагонистік және өтепелі сипаты ашылады.

1848—1849 жылдардағы революция тудырған белгілі үзілістен кейін Маркс өзінің экономикалық зерттеулерін тек Лондонда ғана жалғастыра алды; ол мұнда 1849 жылғы августта эмиграцияға келуге мәжбүр болған еді.

1857—1858 жылдары Маркс болашақ «Капиталдың» алғаш жазылған нобайы секілді болған көлемі 50 баспа табақтан астам қолжазба жазды. Бұл қолжазбаны КПСС Орталық Комитетінің жанындағы Марксизм-ленинизм институты түпнұсқаның тілінде «Grundrisse der Kritik der politischen Ökonomie» («Саяси экономия сынының негізгі белгілері») деген атпен тұңғыш рет 1939—1941 жылдары жариялаған болатын. Мұның үстіне ол тұтас алғанда бүкіл шығарманың жоспарының алғашқы нобайын жасап, кейінгі айларда егжей-тегжейін нақтылай түседі де, 1858 жылғы апрельде барлық еңбегін 6 кітап қылып баяндасам деген тоқтамға келеді. Алайда Маркс көп ұзамай өзінің еңбектерін бас-басына жеке кітап етіп бөлек-бөлек шығаруға кіріспек болады.

1858 ж. ол бірінші кітабын шығару жұмысына кірісті, мұны «Саяси экономияның сыны жөнінде» деп атады. Кітап 1859 жылы жарыққа шықты. Келесі кітаптарын шығаруды әзірлеу үстінде Маркс 1861—1863 жылдары көлемі 200 баспа табақтай, 23 дәптер болған қомақты қолжазба жазды; бұл да 1859 жылы шыққан кітап сияқты «Саяси экономияның сыны жөнінде» деп аталды. Бұл қолжазбаның дені (VI—XV және XVIII дәптерлер) экономикалық ілімдердің тарихын түсіндіреді. Мұны баспаға әзірлеп, орыс тілінде «Косымша күн теориясы» («Капиталдың» IV томы) деген атпен шығарған КПСС Орталық Комитетінің жанындағы Марксизм-ленинизм институты. Қалған дәптерлерде «Капиталдың» барлық үш томының проблемалары белгілі бір шамада сөз болады.

Бұдан кейінгі жұмысының барысында Маркс өз еңбегінің бастапқы жоспарын өзгертті. 6 кітап болады деген жоспар «Капиталдың» 4 томы болады деген жоспар болып өзгерді. 1863—1865 жылдары ол орасан көп жаңа қолжазба жасайды, дәл осы қолжазбалар «Капиталдың» теориялық үш томының егжей-тегжейлі талданған нұсқасы болды. Тек еңбектің бәрі түгелдей жазылып біткеннен кейін ғана (1866 жылғы январь), Маркс оны баспаға арнап түпкілікті өңдеуге кіріседі, кіріскенде Энгельстің кеңесі бойынша ол бүкіл еңбекті бірден емес, ең алдымен «Капиталдың» бірінші томын дайындауды ұйғарады. Осы түпкілікті өңдеуді Маркс барынша ұқыптылықпен жүргізді де,

ол шын мәнінде «Капиталдың» бірінші томын түгелдей тағы бір рет қайта өңдеу болып шықты.

«Капиталдың» бірінші томы жарыққа шыққаннан кейін (1867 жылғы сентябрь) Маркс неміс тілінде жаңа басылымдарын және шетел тілдеріне аудармаларын дайындауға байланысты жұмысын жалғастыра береді. Ол екінші басылымына (1872 ж.) көптеген өзгерістер енгізеді, Петербургте 1872 жылы шыққан және «Капиталдың» шетел тіліне алғаш аудармасы болған орысша басылуына байланысты елеулі-елеулі нұсқаулар береді, француз тіліндегі аудармасын едәуір дәрежеде қайта өңдеп, редакциялайды, бұл 1872—1875 жылдары жеке кітаптар болып шығады.

Екінші жағынан, Маркс «Капиталдың» бірінші томы шыққаннан кейін, бүкіл шығарманы тез арада аяқтап шықпақ болып, келесі томдарының жұмысын жалғастыра береді. Бірақ оған мұны істеудің сәті түспейді. I Интернационалдың Вас Советіндегі сан салалы жұмыс көп уақытын алады. Денсаулығының нашарлығынан жұмысты әлсін-әлі үзіп отыруға тура келеді.

«Капиталдың» келесі екі томын Маркс қайтыс болған соң баспаға дайындаған және жариялатқан Энгельс болды, екінші томы — 1885 жылы, үшінші томы — 1894 жылы шықты. Осы арқылы Энгельс ғылыми коммунизм қазынасына баға жетпес үлес қосты.

Осы басылымда «Капиталдың» бірінші томының 24-тарауын жариялауда жол арасындағы ескертулердің Маркстің өзі қойған номерлері сақталды.— 89.

⁴⁶ Маркс бұл арада «Капиталдың» I томының немісше бірінші басылымындағы бірінші тарауын («Товар және ақша») айтып отыр. Бұл томын немісше екінші және кейінгі басылымдарында оған бірінші бөлім (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 23-том, 43—156-беттер) сәйкес келеді.— 89, 448.

⁴⁷ Бұл арада Ф. Лассальдың төмендегі еңбегінің үшінші тарауы айтылып отыр: «Herr Bastian — Schulze von Delitzsch, der ökonomische Julian, oder: Capital und Arbeit». Berlin, 1864 («Бастия Шульце-Делич мырза, экономикалық Юлиан, немесе Капитал мен еңбек»). Берлин, 1864).— 89.

⁴⁸ *Birk шіркеу* — англикан шіркеуіндегі бағыт, бұл жолға түскендер көбіне-көп ақсүйектер арасынан болды; католицизммен сабақтастық байланысын айттырмай танытатын әлем-жәлем ескі ғұрыптарын сақтап отырды.— 92.

⁴⁹ S. Mayer. «Die sociale Frage in Wien. Studie eines «Arbeitgebers»». Wien, 1871 (З. Майер. «Венадағы әлеуметтік мәселе. Бір «жұмыс берушінің» этюді». Вена, 1871).— 95.

⁵⁰ «Капиталдың» бірінші томының неміс тіліндегі төртінші басылымында (1890) осы соңғы сөздің алғашқы төрт абзацы түсіп қалған. Ол екінші басылымындағыдай бұл томда да толық күйінде беріліп отыр.— 95.

⁵¹ «Der Volksstaat» («Халықтық мемлекет») — неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясының (эйзенахшылдардың) орталық органы, Лейпцигте 1869 жылғы 2 октябрьден 1876 жылғы 29 сентябрьге дейін шығып тұрған. Газетке В. Либкнехт жалпы басшылық жасады, басылып шығарылуын А. Бебель басқарды. Маркс пен Энгельс газет жұмысына ат салысып, оны редакциялауға үнемі көмектесіп отырды. Газет 1869 жылға дейін «Demokratisches Wochenblatt» (87-ескертуді қараңыз) деген атпен шығып тұрды.

Әңгіме И. Дицгеннің «Demokratisches Wochenblatt» газетінің 1868 жылғы 31, 34, 35 және 36 номерлерінде жарияланған мына мақаласы туралы болып отыр: «Карл Маркс. «Капитал. Саяси экономия сыны». Гамбург, 1867».— 98, 180, 316, 326, 459, 461.

⁵² «The Saturday Review of Politics, Literature, Science, and Art» («Саясат, әдебиет, ғылым мен өнер мәселелері жөніндегі сенбілік шолу») — ағылшын

консервативтік апталық журналы, Лондонда 1855 жылдан 1938 жылға дейін шығып тұрды.— 98.

⁵³ «Санкт-Петербургские ведомости» («Санкт-Петербург ведомостары») — орыстың күнделікті газеті, ресми үкіметтік орган; осы атпен 1728—1914 жылдары шығып тұрған; 1914—1917 жылдары «Петроградские ведомости» деген атпен шығып тұрды.— 98.

⁵⁴ Әңгіме «*La Philosophie positive. Revue*» («Позитивистік философия. Шолу») журналы туралы болып отыр, Парижде 1867—1883 жылдары шығып тұрды. Оның 1868 жылғы ноябрь — декабрьдегі үшінші номерінде О. Конгтың позитивистік философиясының жолын қуушы Е. В. Де-Робертидің «Капиталдың» бірінші томына жазған қысқаша рецензиясы жарияланды.— 99.

⁵⁵ Н. Зибер. «Бертіндегі толықтырмалар мен түсіндірмелерге байланысты Д. Рикардоның құндылық пен капитал теориясы». Киев, 1871, 170-бет.— 99.

⁵⁶ «*Вестник Европы*» («Европа хабаршысы») — буржуазиялық-либералдық бағыттағы ай сайын шығып тұрған тарихи-саяси және әдеби журнал; 1866 жылдан 1918 жылға дейін Петербургте шыққан.— 99.

⁵⁷ Бұл арада немістің буржуазияшыл философтары Бюхнер, Ланге, Дюринг, Фехнер және басқалары айтылып отыр.— 101.

⁵⁸ Дүние жүзілік рыноктағы революция дегенде бұл арада XV ғасырдың аяғынан бастап Генуяның, Венецияның, Солтүстік Италиядағы басқа да қалалардың транзиттік саудадағы ролінің күрт құлдырауы айтылып отыр; бұл жағдай сол замандағы географиялық ұлы жаңалықтардың: Кубаның, Гаитидің және Багам аралдарының, Солтүстік Америка материгінің, Африканың оңтүстік жағалауын жағалап отырып Индияға апаратын теңіз жолының және ақырында Оңтүстік Америка материгінің ашылуы нәтижесінде болды.— 106.

⁵⁹ J. Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». Vol. I, Dublin, 1770, p. 52 (Дж. Стюарт. «Саяси экономияның бастаулары туралы зерттеу». 1 том, Дублин, 1770, 52-бет).— 107.

⁶⁰ «*Rauper ubique jacet*» («Бар жерде бірдей кедейлер бақытсыз») — Овидийдің «Фасты» деген шығармасынан алынған сөздер, бірінші кітап, 218-өлең.— 111.

⁶¹ Сірә, қашқын шаруаларды іздеу туралы указ айтылып отырған болу керек, бұл указ Федор Иванович патшалық құрған 1597 жылы, Россияның іс жүзіндегі билеушісі Борис Годунов болған кезде шықты. Помещиктердің шектен тыс езгісі мен құлдығынан қашып кеткен шаруалар бұл указға сәйкес бес жыл бойы іздестірілуге және бұрынғы иелеріне еріксіз қайтарылуға тиіс болды.— 113.

⁶² Ағылшын буржуазиялық тарихнамасында 1688 жылғы мемлекеттік төңкеріс «*даңқты революция*» деген ат алды, бұл төңкерістің нәтижесінде Англияда Стюарттар әулеті құлатылып, жер иеленуші ақсүйектер мен ірі буржуазияның арасындағы келісімге негізделген Вильгельм Оранский бастаған конституциялық монархия орнады (1689).— 113.

⁶³ Бұл арада Римнің халық трибундары Лициний мен Секстийдің аграрлық заңы айтылып отыр, плебейлердің патрицийлерге қарсы жүргізген күресінің нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы 367 жылы қабылданған бұл

заң Рим азаматтарына мемлекеттік жер қорынан 500 югерден (125 гектардай) артық жер иеленуге тыйым салатын.— 117.

⁶⁴ Бұл арада Стюарттардың корольдік әулетін жақтаушылардың 1745—1746 жылдардағы көтерілісі айтылып отыр, бұлар ағылшын тағына «жас үміткер» деп аталған Чарлз Эдвардты отырғызуды талап еткен-ді. Бұл көтеріліс сонымен бірге өздерін ленлордтардың қанауына және жерден жаппай айыруға қарсы Шотландия мен Англияның халық бұқарасының наразылығын білдірген еді. Көтерілісті Англияның тұрақты әскерлері басып тастасымен Шотландияның таулы бөктерлеріндегі кландық жүйе мықтап ыдырай бастады да, шаруаларды жерден қуып шығу бұрынғыдан да күшейді.— 119.

⁶⁵ *Таксмендер* деп Шотландияда кландық жүйе үстем болып тұрған кезде кланның көсемі — ләрдке («үлкен адамға») тікелей бағынатын старейшиналарды атады. Ләрд старейшиналардың қарауына бүкіл кланның меншігі болып табылатын жерді («так») үлестіріп беретін, ал ләрдтің билігіне мойынсұнғандықтың белгісі деп оған шамалы алым беріп тұратын. Таксмендер болса, бұл жер учаскелерін өздерінің вассалдарына бөліп беретін. Қландық жүйе ыдырағаннан кейін ләрд ленлордқа айналды, ал таксмендер шын мәнінде капиталистік фермерлер болды. Бұған қоса бұрынғы алымдардың орнына жер рентасы келді.— 119.

⁶⁶ *Гэлдар* — Солтүстік және Батыс Шотландияның таулы аудандарының байырғы халқы, ежелгі кельттердің ұрпақтары.— 119.

⁶⁷ Маркс өзінің мына мақаласын айтып отыр: «Сайлаулар.— Финанс қиыншылықтары.— Герцогия Сатерленд және құлдық», бұл мақала 1853 жылғы 9 февральда «New-York Daily Tribune» газетінде жарияланғанды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 521—528-беттер).

«New-York Daily Tribune» («Нью-Йорктің күнделікті трибунасы») — 1841 жылдан 1924 жылға дейін шығып тұрған америкн прогресшіл буржуазиялық газеті. 1851 жылғы августан 1862 жылғы мартқа дейін газетке Маркс пен Энгельс жазып тұрды.— 121.

⁶⁸ *Отыз жылдық соғыс* (1618—1648) — протестанттар мен католиктердің арасындағы күрестен туған жалпы европалық соғыс. Германия осы күрестің басты аренасы, соғыс талан-таражының және соғысқа қатысушылардың басқыншылық дәмелерінің объектісі болды.— 122, 321.

⁶⁹ «The Economist» («Экономист») — ағылшынның экономика мен саясат мәселелері жөніндегі апталық журналы, Лондонда 1843 жылдан бері шығады; ірі өнеркәсіп буржуазиясының органы.— 123.

⁷⁰ *Petty Sessions* (кіші сессиялар) — Англиядағы бітістіруші соттар сессиясы, бұларда сот ісі қара дүрсін жүргізіліп, майда-шүйде істер қаралады.— 126.

⁷¹ A. Smith. «An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations». Vol. I, Edinburgh, 1814, p. 237 (орысша басылымын қараңыз: Смит, А. «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы зерттеу». М.— Л., 1935, I том, 127-бет).— 128.

⁷² [Linguet, N.]. «Théorie des loix civiles, ou Principes fondamentaux de la société». T. I, Londres, 1767, p. 236 [Ленге, Н.]. «Азаматтық заңдар теориясы, немесе Қоғамның негізгі бастамалары». I том, Лондон, 1767, 236-бет).— 128.

⁷³ Қандай да болмасын жұмысшы ұйымдарының құралып, әрекет етуіне тыйым салатын *коалицияларға қарсы заңдарды* ағылшын парламенті 1799 және 1800 жылдары қабылдаған болатын. Парламент 1824 ж. бұл заңды бұзды, 1825 жылы ол заңды бұзғандығын тағы да растады. Бірақ бұдан кейін де жұмысшы одақтарының қызметі мықтап шектеліп отырды. Тіпті жұмысшыларды одаққа кір, стачкаларға қатынас деген қарапайым үгіттердің өзі «мәжбүр ету» және «күштеу» деп танылып, қылмысты айып ретінде жазаланып отырды.— 129.

⁷⁴ «*Конспирацияларға*» қарсы заң Англияда сонау орта ғасырлардан бастап болған еді. Осы заңның негізінде жұмысшылардың ұйымдары мен тап күресі коалицияларға қарсы заңдар (73-ескертуді қараңыз) қабылданғанға дейін де және ол жойылғаннан кейін де жанышталып отырды.— 131.

⁷⁵ Әңгіме Францияда 1793 жылғы июньнен 1794 жылғы июнге дейін болған якобиндік диктатураның үкіметі туралы болып отыр.— 132.

⁷⁶ A. Anderson. «An Historical and Chronological Deduction of the Origin of Commerce, from the Earliest Accounts to the present Time» (А. Андерсон. «Сауда туралы ең ертедегі мәліметтерден бастап осы кезге дейінгі сауданың тарихи және хронологиялық очеркі»). Бірінші басылуы Лондонда 1764 жылы шықты.— 135, 149.

⁷⁷ J. Steuart. «An Inquiry into the Principles of Political Oeconomy». Vol. I, Dublin, 1770, First book, Ch. XVI (Дж. Стюарт. «Саяси экономияның бастаулары туралы зерттеу». I том, Дублин, 1770, бірінші кітап, XVI таурау).— 135.

⁷⁸ Нидерландының (қазіргі Бельгия мен Голландияның территориясы) Испаниядан бөлінуі 1566—1609 жылдардағы буржуазиялық революцияның нәтижесінде болды; революция буржуазия мен халық бұқарасының феодализмге қарсы күресі мен Испания үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық соғыстың ұштасуы болды. 1609 жылы бірнеше жеңіліске ұшырағаннан кейін Испания буржуазиялық Голландия республикасының тәуелсіздігін мойындауға мәжбүр болды. Қазіргі Бельгияның территориясы 1714 жылға дейін испандықтардың қолында қалды.— 140.

⁷⁹ «*Апиын соғыстары*»— Қытайға қарсы басқыншылық соғыстар, 1839—1842 жылдарды Англия жалғыз өзі жүргізді де, 1856—1858 және 1860 жылдары Франциямен бірлесіп жүргізді. Бірінші соғыстың басталуына ағылшындардың апиынмен жасаған контрабандалық саудасына қарсы Қытай өкімет орындарының қолданған шаралары себеп болды, соғыстардың аты да осыдан шықты.— 141.

⁸⁰ *Ост-Индия компаниясы* — ағылшын сауда компаниясы, 1600 жылдан 1858 жылға дейін өмір сүріп, Англияның Индияда, Қытайда және Азияның басқа да елдерінде жүргізген отаршылық тонау саясатының құралы болды. Индиямен сауда жасау монополиясы және бұл елді басқарудың маңызды міндеттері ұзақ уақыт бойы осы компанияның қолында болды. Индияда 1857—1859 жылдары болған ұлт-азаттық көтерілісі Англияны отарлық үстемдіктің формаларын өзгертуге және 1858 жылы Ост-Индия компаниясын жоюға мәжбүр етті.— 142.

⁸¹ Маркс Гюлихтің мына еңбегінен цитат келтіріп отыр: «Geschichtliche Darstellung des Handels, der Gewerbe und des Ackerbaus der bedeutendsten handeltreibenden Staaten unsrer Zeit». Bd. I, Jena, 1830, S. 371 («Біздің заманымыздағы сауда жасайтын маңызды-маңызды мемлекеттердің саудасының

өнеркәсібі мен егіншілігінің тарихи сипаттамасы». I том Йена, 1830, 371-бет).— 143.

⁸² Маркс бұл арада, сірә, Ян де Витт жазған дейтін төмендегі кітаптың ағылшынша басылуына сілтеме жасап отырған болу керек: «Aanwysing der heilsame politike Gronden en Maximen van de Republike van Holland en West-Friesland» («Голландия мен Батыс Фрисландия республикасының аса маңызды саяси принциптері мен ережелерін көрсету»), бұл кітап тұңғыш рет 1662 жылы Лейденде жарияланған еді. Қазірде анықталып отырғанындай, Ян де Витт жазған екі тарауынан басқа бұл кітаптың авторы голланд экономисі әрі кәсіпкер Питер фон дер Хоре (бұған қоса ол Питер де ля Кур) болған.— 146.

⁸³ *Жеті жылдық соғыс* (1756—1763)—феодалдық-абсолюттік державалардың басқыншылық пиғылдарынан және Франция мен Англияның отарлаушылық бәсекелестігінен туған жалпы европалық соғыс. Соғыстың нәтижесінде Франция Англияға өзінің ең ірі отарларын (Канаданы, Ост-Индиядағы иеліктерін және т. б.) беруге мәжбүр болды: Пруссия, Австрия және Саксония соғысқа дейінгі шекараларын сақтап қалды.— 147.

⁸⁴ Бұл арада *Утрехт бітім шарты* айтылып отыр; 1713 жылы бір жағынан Франция мен Испанияның, ал екінші жағынан, антифранцуз коалициясына қатысушы мемлекеттердің (Англия, Голландия, Португалия, Пруссия мен Австрия Габсбургтары) арасында жасалған бұл шарт испан мұрасы үшін болған ұзаққа созылған соғыстың (1701 ж. басталған) аяқталуы болды. Шарт бойынша Вест-Индия мен Солтүстік Америкадағы, бірқатар француз және испан отарлары, сондай-ақ Гибралтар Англияға ауысты.

Асьенто — шарттардың аты, бұл шарттар бойынша Испания XVI—XVIII ғасырларда өзінің америкн иеліктеріне құл-негрлер сатуға шет мемлекеттер мен жеке адамдарға ерекше право бергенді.— 149.

⁸⁵ *Tantae molis erat* (соншалық қиындыққа түсті)—Вергилийдің «Энеида» деген поэмасынан алынған сөздер, бірінші кітап, 33-өлең.— 150.

⁸⁶ С. Pecqueur. (Théorie nouvelle d'économie sociale et politiques, ou Etudes sur l'organisation des sociétés». Paris, 1842, p. 435 (К. Пеккёр. «Әлеуметтік және саяси экономияның жаңа теориясы немесе Қоғамдардың ұйымдасуы туралы зерттеулер». Париж, 1842, 435-бет).— 151.

⁸⁷ Бұл мақала «Қапиталдың» I томына Энгельс жазған рецензиялардың бірі; рецензиялар кітаптың негізгі ережелерімен танымал ету мақсатымен жұмысшы баспасөзі мен демократиялық баспасөздің беттерінде жарияланды. Энгельс мақалада жұмысшы табы күресінің бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызын көрсетеді және «Маркстің экономикалық теориясының іргетасы» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 23-том, 48-бет) болып табылатын қосымша құн туралы ілімді баяндайды. Жұмысшыларға арналған мақалалардан басқа Энгельс Маркстің данышпандық еңбегін «үнсіздік заговорымен» қарсы алған ресми экономикалық ғылым мен буржуазиялық баспасөздің осы заговорын бұзу үшін буржуазиялық баспасөзге арнап бірнеше аноним рецензиялар да жазған болатын. Энгельс бұл рецензияларында кітапты бейне «буржуазиялық тұрғыдан» сынға алады, Маркстің сөзімен айтқанда осы «соғыс құралын» буржуазиялық экономистерді кітап туралы сөйлей бастауға мәжбүр ету үшін қолданады.

«*Demokratisches Wochenblatt*» («Демократиялық апталық») — неміс жұмысшы газеті, В. Либкнехттің редакциялауымен 1868 жылғы январьдан 1869 жылғы сентябрьге дейін Лейпцигте шығып тұрған. Газет неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясын құруда елеулі роль атқарды. 1869 ж. болған Эйзенах съезінде газет Социал-демократиялық жұмысшы партиясының орталық органы болып жарияланды да, «*Volksstaat*» деп аталды. Газетте Маркс пен Энгельс жұмыс істеді.— 154.

⁸⁵ Бас Советтің Ұлттық жұмысшы одағына арнаған «үндеуін» Маркс жазған-ды және 1869 жылғы көктемде Англия мен АҚШ-тың арасында соғыс шығып кету қаупіне байланысты Бас Советтің 11 майдағы мәжілісінде өзі оқыған болатын. «Үндеуде» Англияға қарсы соғыс дайындап жатқан Америка Құрама Штаттары республикалық партиясының лидерлерін әшкерелеп, Маркс жұмысшыларды бейбітшілікті сақтау жолында күресуге шақырады. Ол жұмысшы табының ұлттық және халықаралық аренада дербес саяси күш болып көрінуін көздейді. Бас Совет бір ауыздан қабылдаған «үндеу» листовка түрінде, сондай-ақ бірқатар газеттер мен журналдарда жарияланды.

Ұлттық жұмысшы одағы АҚШ-та 1866 жылғы августа Балтимордағы съезде құрылған болатын; Одақты құруға америка жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері У. Силвс белсене қатысты. Одақ өзінің құрылған күнінен бастап Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігін қолдап шықты және 1870 ж. оның ұйымына қосылмақ болды. Алайда бұл ниет жүзеге аспады. Ұлттық жұмысшы одағының басшылары көп кешікпей ақша реформасын жасаудың утопиялық жобаларын жасаумен әуестеніп кетті, бұл реформаның мақсаты банк жүйесін жойып, мемлекеттің арзан кредит беруін камтамасыз ету еді. 1870—1871 жылдары Одақтан тред-юниондар кетіп қалды да, ол 1872 ж. іс жүзінде өмір сүруден қалды. Ұлттық жұмысшы одағының барлық әлсіз жақтарына қарамастан, ол АҚШ-тағы жұмысшы ұйымдарының дербес саясаты жолында, негрлер мен ақ нәсілді жұмысшылардың ынтымақтастығы жолындағы, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу және қызметші-әйелдер правосы жолында жүргізілген күресті өрістетуде үлкен роль атқарды.— 166.

⁸⁶ Түпнұсқада — «shoddy aristocrats»; «shoddy» — мақтаның түтуден қалған қалдықтары, қайта өңдеудің әдісі табылғанға дейін бұлар іске жарамайтын және ешқандай бағасы болмайтын. Америкада «shoddy aristocrats» деп соғыстың арқасында әп-сәтте байып кеткен адамдарды атайтын.— 167.

⁹⁰ «Германиядағы шаруалар соғысының» екінші басылуына 1870 жылғы февральда жазған алғы сөзінде Энгельс елдің экономикалық және саяси өмірінде 1848 жылдан бері болған өзгерістерге және әр түрлі таптар мен партиялардың герман тарихының осы дәуіріндегі рольдеріне талдау жасайды. Пролетариаттың шаруалармен одақтасуының қажеттігі туралы Маркс пен Энгельстің 1848—1849 жылдардағы революцияның тәжірибесіне сүйеніп бірнеше шығармаларында тұжырымдаған аса маңызды теориялық және саяси қорытындысы мұнда одан әрі дамытылып, нақтылана түсті. Энгельс шаруалардың жіктерін айыра қараудың қажет екендігін көрсетіп, шаруалардың қандай топтарының және қандай себептер бойынша пролетариаттың революциялық күресінде одақтас бола алатынына талдау жасайды. 1874 жылы «Германиядағы шаруалар соғысының» үшінші басылуын баспаға әзірлеу кезінде Энгельс 1870 жылы алғы сөзді теорияның социалистік және жұмысшы қозғалысындағы маңызы туралы аса мәнді ескертпелермен толықтырды. Бұл ескертпелерді Ленин «практикалық жағынан да, саяси жағынан да нығайтып алған неміс жұмысшы қозғалысына сәт сапар тілеу» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 6-том, 28-бет) деп сипаттады. Энгельс бұл қосымшасында пролетариат партиясы өзінің тарихи міндетін революциялық теориямен қаруланған болса ғана орындай алады деген терең мағыналы ойын тұжырымдайды. Ол партия басшыларының міндеті теорияны үзбей оқуда деп біледі. «Социализм, — деп жазды Энгельс, — өзі ғылымға айналған уақытынан бері оған ғылым деп қарауды, яғни өзін оқып-үйренуді талап етеді» (қараңыз осы том, 182-бет). Энгельс бұқараны пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу қажет екендігін ерекше атап көрсетеді.

Алғы сөзге қосылған қосымшада жұмысшы табының және оның партиясының күресінің сипаты, міндеттері мен формалары туралы аса маңызды теориялық нұсқаулар берілген. Энгельс жұмысшы табының күресі жүргізілуге тиісті әрі өзара ажырағысыз байланыста болатын үш бағытты: теориялық

саяси және практикалық-экономикалық саладағы бағыттарды белгілеп береді (осы томның 181-бетін қараңыз). Маркс пен Энгельс неміс жұмысшы партиясының алдында бірінші кезектегі міндет ретінде еңбекшілердің қалың бұқарасын өз жағына тартып алу міндетін қояды.— 168, 176.

⁹¹ «*Neue Rheinische Zeitung. Politisch-ökonomische Revue*» («Жаңа Рейн газеті. Саяси-экономикалық шолу») — журнал, Коммунистер одағының Маркс пен Энгельс негізін құрған теориялық органы. 1849 жылғы декабрьден 1850 жылғы ноябрьге дейін шығып тұрған; журналдың барлығы алты номері жарыққа шықты.— 168.

⁹² Циммерманның «*Allgemeine Geschichte des großen Bauernkrieges*» («Шаруалардың ұлы соғысының тарихы») деген кітабы үш бөлімді болып 1841—1843 жылдары Штутгартта шықты.— 168.

⁹³ Бұл арада 1848—1849 жылдардағы революция кезінде Майндағы Франкфуртта мәжіліс ашқан жалпы герман Ұлттық жиналысының әсіре солшыл қанаты айтылып отыр; ол көбіне-көп ұсақ буржуазияның мүдделерін көздеді, бірақ неміс жұмысшыларының біразының таралынан да қолдау тауып отырды. Жиналыстың басты міндеті Германияның саяси бытыраңқылығын жою және жалпы германдық конституцияны жасап шығару болды. Алайда либералдыққа салынған көпшіліктің су жүректігі мен солжылдақтығының салдарынан Жиналыс елдегі жоғарғы өкіметті өз қолына алудан қорықты, сөйтіп герман революциясының негізгі мәселелерінде батыл позиция ұстана алмады. 1849 жылғы 30 майда Жиналыс өзінің тұрағын Штутгартқа ауыстыруға мәжбүр болды. 1849 жылғы 18 июньде әскерлер оны қуып жіберді.— 168.

⁹⁴ *Национал-либералдар* — неміс буржуазиясының 1866 жылдың күзінде құрылған партиясы. Национал-либералдар Пруссияның басқаруымен неміс мемлекеттерін біріктіруді өздерінің негізгі мақсаты етіп қойды; олардың саясаты неміс либерал буржуазиясының Бисмарктің алдында тізе бүккенін көрсетті.— 170.

⁹⁵ 1865 ж. пайда болған *Неміс халықтық партиясы* негізінен оңтүстік герман мемлекеттерінің ұсақ буржуазиясы мен ішінара буржуазиясының да демократиялық элементтерінен құрылды. Партия Германияда Пруссия гегемониясының орнауына қарсы шықты, сөйтіп Пруссиямен қоса Австрия да кіруге тиіс болатын «Ұлы Германия» деп аталған жоспарды жақтады. Федерациялық герман мемлекетін құру идеясын насихаттай отырып, партия Германияны біртұтас орталықтандырылған демократиялық республика формасында біріктіруге қарсы шықты.— 171.

⁹⁶ XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында Пруссияда өнеркәсіптің бірсыпыра салалары үшін арнайы рұқсаттар (концессиялар) жүйесі белгіленген болатын, бұларды алмайынша өнеркәсіп жұмысымен айналысуға болмайтынды. Кәсіпшілік жөніндегі бұл жартылай орта ғасырлық заң капитализмнің дамуын тежеді.— 171.

⁹⁷ *Садова тубіндегі шайқас* 1866 ж. 3 июльде Чехияда болды да, 1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысында шешуші шайқас болды, бұл соғыс Австрияны Пруссияның жеңуімен аяқталды.— 173, 176, 204.

⁹⁸ Бұл арада Интернационалдың 1869 жылы 6—11 сентябрьде болған *Базель конгресі* айтылып отыр, мұнда 10 сентябрьде жер меншігі туралы мәселе жөнінде Марксті жақтаушылар ұсынған төмендегі қарар қабылданған еді:

«1) Қоғамның жерге жеке меншікті жоюға және оны қоғамдық меншікке айналдыруға правосы бар.

2) Жерге жеке меншікті жою және оны қоғамдық меншікке айналдыру қажет».

Конгресте мұнымен бірге кәсіптік одақтарды ұлттық және халықаралық көлемде біріктіру туралы шешім мен Интернационалды ұйымдық жағынан нығайту жөнінде және Бас Советтің уәкілдіктерін кеңейту жөнінде де бір-қатар шешімдер қабылданды.— 175, 266.

⁹⁹ 2 сентябрьде француз армиясы Седан түбінде талқандалды да, императорымен бірге қолға түсті. 1870 жылғы 5 сентябрьден 1871 жылғы 19 мартқа дейін III Наполеон мен командалық құрам Вильгелмскхээде (Қассельдің маңында) прусс корольдерінің замогында ұсталды. Седан апаты Францияда Екінші империяның күйреуін тездетті де, 1870 жылы 4 сентябрьде республиканың жариялануына бастады. «Ұлттық қорғаныс үкіметі» деп аталған жаңа үкімет құралды.— 176, 193, 217, 276, 207.

¹⁰⁰ Прусс ұлтының қасиетті герман империясы туралы айтқанда Энгельс герман ұлтының орта ғасырлық Қасиетті Рим империясының атын өзгертіп айтып отыр (128-ескергуді қараңыз) осы арқылы Германияның бірігуі Пруссияның бастауымен болғандығын және герман жерлерінің прусстануымен қоса жүргенін баса айтып отыр.— 176.

¹⁰¹ Пруссия басшылық еткен Солтүстік және Орталық Германияның 19 мемлекеті мен ерікті 3 қаласы қосылған *Солтүстік герман одағы* Бисмарктің ұсынысы бойынша 1867 жылы құрылды. Одақтың құрылуы Пруссияның гегемониясымен Германияны қайтадан біріктірудің шешуші кезеңдерінің бірі болған еді. Герман империясының құрылуына байланысты, Одақ 1871 жылғы январьда өз тіршілігін тоқтатты.— 177, 211.

¹⁰² Бұл арада Солтүстік герман одағына 1870 жылы Баварияның, Баденнің, Вюртемберг пен Гессен-Дармштадтың қосылғандығы айтылып отыр.— 177.

¹⁰³ *Шпихерннің* (Лотарингия) түбінде прусс әскерлері 1870 жылғы 6 августа француз бөлімшелеріне соққы берген болатын. Тарихи әдебиетте Шпихерн түбіндегі шайқас — Форбах түбінде болған шайқас деп те аталады. *Марс-ла-Тур* (Веонвиль түбінде болған шайқас деп те аталады) түбінде неміс әскерлері 1870 жылғы 16 августа француздың Рейн армиясының Мецтен шегінуін тоқтатып, ал содан кейін оның шегіну жолын кесіп тастай алды.— 179.

¹⁰⁴ 1874 жылғы 10 январьдағы Рейхстаг сайлауында неміс социал-демократтары 9 депутат сайлауға қолдары жетті; сайланғандардың ішінде сол кезде түрмеде отырған Бебель мен Либкнехт те болды.— 180.

¹⁰⁵ I Интернационалдың *орыс секциясын* ұлы революционер-демократтар — Чернышевский мен Добролюбовтың идеяларында тәрбиеленген әр тексті демократияшыл жастардан шыққан орыс саяси эмигранттарының тобы Швейцарияда 1870 жылғы көктемде құрды. Бұл секцияны құру ісін дайындауда Интернационалдың мүшесі А. А. Серно-Соловьевич үлкен роль атқарды. Секцияның комитеті 1870 жылғы 12 мартта Бас Советке өзінің программасын, уставын жіберді, сондай-ақ Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Бас Советінде секцияның өкілі болуды өтініп Маркске хат жолдады. Орыс секциясының программасы өзі алдында тұрған міндеттерді былай деп белгіледі: «1. Интернационалдық Ассоциацияның идеялары мен негіздерін мүмкін болған тімді құралдардың бәрін... пайдаланып Россияда насихаттау. 2. Орыс жұмысшы бұқарасы арасында интернационалдық секциялардың құрылуына жәрдемдесу. 3. Россия мен Батыс Еуропаның еңбекші таптарының арасында берік, ынтымақты байланыс орнатуға жәрдемдесу және өзара көмек көрсету арқылы

олардың ортақ мақсаттарына — азаттыққа неғұрлым табысты жетулеріне себепкер болып отыру» («Народное дело» № 1, 15 апрель, 1870 ж.).

Бас Советтің 1870 ж. 22 марттағы мәжілісінде Орыс секциясы Интернационалға қабылданды және Маркс Бас Советте оның өкілі болуды өз міндетіне алды. Орыс секциясының мүшелері — Н. Утин, А. Трусов, Е. Бартенева, Г. Бартнев, Е. Дмитриева, А. Корвин-Круковская Швейцариядағы жұмысшы қозғалысы мен халықаралық жұмысшы қозғалысына белсене қатынасты. Секция Россияның өзінде болып жатқан революциялық қозғалыспен байланысты жолға қоюға әрекет жасады. Секция өзінің өмір сүруін 1872 жылы тоқтатты. — 183.

¹⁰⁶ «Құпия хабарды» Маркс 1870 ж. 28 март шамасында Интернационалдың ішінде бакунистердің Бас Советке, Маркске және оның жақтастарына қарсы жүргізген күресінің шиеленіскен жағдайларында жазған еді. Бұған дейін 1870 жылғы 1 январьда осыған байланысты Бас Советтің кезекті мәжілісінде бакунистердің ықпалы күшті болған Романдық Швейцарияның Федерациялық советіне Маркс жазған жабық нұсқау хат та қабылданған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 16-том, 402—409-беттер). Хаттың тексті кейін Бельгия мен Францияға хабарланды. Нұсқау хат тұтас күйінде «Құпия хабарға» да қоса енгізілді, мұны Маркс Германияға бөлінген корреспондент-секретарь ретінде неміс Социал-демократиялық партиясының Комитетіне жіберген болатын.

Осы басылымда «Құпия хабардың» 4 және 5-пункттері жарияланып отыр, бұларда Бас Советтің ағылшын жұмысшы қозғалысы мен Ирландия ұлт-азаттық қозғалысына көзқарасы ашып көрсетіледі, бакунистер осы қозғалыстарға айрықша қарсы шыққан болатын.

Халықаралық пролетариаттың жалпы күресінде сол кезеңде ағылшын жұмысшы қозғалысының алып тұрған маңызына сүйене отырып және осыған орай Бас Советтің тарапынан ағылшын жұмысшы қозғалысына тікелей басылық етудің қажеттігіне байланысты Маркс осы еңбектің төртінші пунктінде Интернационалдың федерациялық советін басқа елдердегідей етіп Англияда құрудың неліктен тиімсіз болғандығын түсіндіреді.

Осы еңбектің бесінші пунктінде Маркс Ирландия мен Англияны мысалға келтіріп, құлдыққа түскен халықтардың азаттық күресі мен пролетарлық революцияның арасындағы байланысты, пролетариаттың табиғи одақтастары ретіндегі езілген ұлттардың ролін көрсетеді. — 185.

¹⁰⁷ «*L'Egalité*» («Теңдік») — Швейцарияның апталық газеті, Интернационалдың Роман федерациясының органы; Женевада француз тілінде 1868 жылғы декабрьден 1872 жылғы декабрьге дейін шығып тұрды. Біраз уақыт Бакуниннің ықпалында болды. 1870 жылғы январьда Роман федерациялық советі редакциядан бакунистерді шығарды да, осыдан кейін газет Бас Советтің бағытын қолдайтын болды. — 185, 273, 459.

¹⁰⁸ «*The Pall Mall Gazette*» («Пэл-Мэл газеті») — Лондонның күнделікті газеті, 1865 жылдан 1920 жылға дейін шығып тұрды; 60—70-жылдары газет консервативтік бағыт ұстады; 1870 жылғы июльден 1871 жылғы июньге дейін бұл газетке Маркс пен Энгельс жазып тұрды.

«*The Saturday Review*» — 52-ескертуді қараныз.

«*The Spectator*» («Көрермен») — либералдық бағытта болған ағылшын апталығы. Лондонда 1828 жылдан бастап шығып тұрған.

«*The Fortnightly Review*» («Екі апталық шолу») — тарих, философия, әдебиет мәселелері жөніндегі буржуазиялық-либералдық бағыттағы ағылшын журналы; осы атпен Лондонда 1865 жылдан 1934 жылға дейін шығып тұрды. — 186, 262.

¹⁰⁹ *Жер және еңбек лигасы* 1869 жылғы октябрьде Бас Советтің қатысуымен Лондонда құрылды. Оның программасына жерді национализациялау, жұмыс күнін қысқарту, жалпыға бірдей сайлау правосын беру, ауыл шаруашы-

лық колонияларын құру талаптары енгізілген болатын. Алайда, 1870 жылдың күзіне таман-ақ Лигада буржуазияшыл элементтердің ықпалы күшейіп кетті де, 1872 жылға қарай ол Интернационалмен барлық байланысын жойды.— 186.

¹¹⁰ Бұл арада 1801 жылғы 1 январьдан бастап күшіне енген *ағылшын-ирландия униясы* айтылып отыр. Уния Ирландия автономиясының соңғы тамықтарын құртты. Ирландия парламентін таратты, сөйтіп Англияның Ирландияны толық құлдануына әкеліп соқты.— 186.

¹¹¹ «Франциядағы азамат соғысы» — ғылыми коммунизмнің аса маңызды шығармаларының бірі. бұл шығармада Париж Коммунасының тәжірибесі негізінде тап күресі, мемлекет, революция және пролетариат диктатурасы туралы маркстік ілімнің негізгі қағидалары одан әрі дамытылған. Серіктіктің Европа мен Құрама Штаттардағы барлық мүшелеріне Интернационалдың Бас Советінің үндеуі ретінде жазылған бұл шығарма коммунарлардың ерлік күресінің мәні мен маңызын барлық елдердің жұмысшы табына жете ұғындыруды, бұл күрестің бүкіл дүние жүзілік-тарихи тәжірибесін барлық пролетариаттың игілігіне айналдыруды мақсат етіп қойған еді.

Бұл еңбекте Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (қараңыз: осы басылуы, 1-том. (412—503 беттер) деген шығармасында пролетариат үшін буржуазиялық мемлекеттік машинаны қиратудың қажеттігі туралы айтқан қағидасы дәлелденіп, одан әрі дамытылды. Маркс: «жұмысшы табы дайын тұрған мемлекеттік машинаны жай ғана алып, оны өз мақсаттары үшін жүргізіп жібере алмайды» (қараңыз: осы том, 232-бет) деген қорытындыға келеді. Пролетариат оны қиратуға тиіс және Париж Коммунасы тұрпатты мемлекетпен ауыстыруға тиіс. Пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасы ретіндегі жаңа тұрпатты — Париж Коммунасы тұрпатындағы — мемлекет туралы Маркстің бұл қорытындысы революциялық теорияға Маркс енгізген жаңа үлестің басты мазмұны болып табылады.

Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасы кеңінен таралды. 1871—1872 жылдары ол бірсыпыра тілдерге аударылып, Европаның әр түрлі елдері мен АҚШ-та жарияланды. Орыс тілінде ол 1871 жылы Цюрихта шықты. 1905 жылы Маркстің еңбегі В. И. Лениннің редакциялауымен Одессада басылды.— 189, 215.

¹¹² Энгельс бұл кіріспені Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегінің немісше мерекелік үшінші басылымы үшін жазған-ды, бұл басылым Париж Коммунасының жиырма жылдығына тұстастырылып, 1891 ж. шыққан болатын. Париж Коммунасы тәжірибесінің және «Франциядағы азамат соғысы» деген шығармасында Маркстің сол тәжірибені теориялық тұрғыдан қорытындылауының тарихи маңызын атап көрсетіп, Энгельс өзінің кіріспесінде Париж Коммунасының тарихына қатысы бар, соның ішінде, Коммунаға енген бланкистер мен прудонистердің қызметіне қатысты бірнеше толықтырулар да жасаған. Бұл басылымға Энгельс Франция-Пруссия соғысы туралы Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Маркс жазған бірінші және екінші үндеуін қосқан. Бұлар әр түрлі тілдерде шыққан кейінгі жеке басылымдарында да әдетте «Франциядағы азамат соғысымен» бірге жарияланып отырды.— 189.

¹¹³ Бұл арада неміс халқының 1813—1814 жылдары Наполеон үстемдігіне қарсы ұлт-азаттық соғысы айтылып отыр.— 189.

¹¹⁴ *Демагогтар* деп Германияда XIX ғасырдың 20-жылдарында неміс интеллигенциясының арасынан оппозициялық қозғалыстарға қатысқандарды атады, бұлар неміс мемлекеттеріндегі реакциялық құрылысқа қарсы шығып, Германияның бірігуін талап етті. «Демагогтар» герман өкімет орындары тарапынан қатал қуғынға ұшырап отырды.— 189.

¹¹⁵ Социалистерге қарсы ерекше заң Германияда 1878 жылғы 21 октябрьде енгізілген болатын. Бұл заң бойынша социал-демократиялық партияның барлық ұйымдарына, бұқаралық жұмысшы ұйымдарына, жұмысшы баспасөзіне тыйым салынып, социалистік әдебиет конфискеденді, социал-демократтар қуғын-сүргінге ұшырады. Жұмысшылардың бұқаралық қозғалысының тегеурінімен заң 1890 жылғы 1 октябрьде бұзылды.— 189, 320.

¹¹⁶ Әңгіме Франциядағы 1830 жылғы июль буржуазиялық революциясы туралы болып отыр.— 191.

¹¹⁷ Бұл арада легитимистер, орлеанистер мен бонапартистер айтылып отыр. *Легитимистер* — Францияда 1792 жылы құлатылған Бурбондар әулетін жақтаушылар партиясы, жер иеленуші ірі ақсүйектер мен жоғары дін басыларының мүдделерін көздеген партия; бұл әулет екінші рет құлатылған соң партия болып 1830 ж. қалыптасты. 1871 жылы легитимистер Париж Коммунасына қарсы аттанған контрреволюциялық күштердің жаппай жорығына қосылды. *Орлеанистер* — Бурбондар әулетінің 1830 жылғы Июль революциясы заманынан бастап өкімет басында болып, 1848 жылғы революция құлатқан кіші тармағы Орлеан герцогтарын жақтаушылар; бұлар финанс аристократиясы мен ірі буржуазияның мүдделерін көздейді.— 192, 213, 223.

¹¹⁸ Бұл арада 1851 ж. 2 декабрьде Луи Бонапарт жасаған және Екінші империяның бонапартістік режимінің өмір сүруінің бастамасы болған мемлекеттік төңкеріс айтылып отыр.— 192, 203, 213, 231.

¹¹⁹ Бұл арада Франция мен Германия арасында 1871 ж. 26 февральда Версальда, бір жағынан Тьер мен Ж. Фавр және екінші жағынан Бисмарк қол қойған уақытша бітім шарты айтылып отыр. Бұл шарттың талаптарына сәйкес Франция Германияға Эльзас пен шығыс Лотарингияны берді және 5 миллиард франк мөлшерінде контрибуция төледі. Түпкілікті бітім шартына 1871 ж. 10 майда Майндағы Франкфуртта қол қойылды.— 194, 223, 316, 374.

¹²⁰ *Поссибилистер* — француз социалистік қозғалысындағы Брусс, Малон және басқалар бастаған оппортунистік ағым, бұл ағым Францияның Жұмысшы партиясының ішінде 1882 жылы жік туғызды. Бұл ағымның лидерлері «мүмкіндігі барға» («possible») ғана ұмтылайық деген реформистік принципті жариялады; поссибилистер деген ат осыдан шыққан.— 198.

¹²¹ Энгельстің кіріспесін «Neue Zeit» журналында Bd. II, № 28 1890—1891 жылдары жарияланған кезде редакция мұның текстіне қол сұғып, қолжазбаның соңғы абзацында қолданылған «социал-демократиялық филистер» деген сөзді «неміс филистері» деген сөзбен алмастырды. Фишердің 1891 ж. 17 мартта Энгельске жазған хатынан байқалатынындай, Энгельс бұл ойдан жасалған өзгертуді мақұлдамайтынын білдірген, алайда өз еңбегінің бір мезгілдегі бірнеше шығуында ала-қуалық болуына жол бергісі келмегендіктен болу керек, бұл өзгертілген сөздерді бөлек басылымында да сақтап қалған. Екінші басылымындағы сияқты осы томда да бастапқы тексті қалпына келтірілді.— 201.

¹²² Франция-Пруссия соғысына Интернационалдың көзқарасы туралы Бас Советтің тапсыруы бойынша Маркс соғыс басталысымен жазған *Бірінші үндеу*, сондай-ақ 1870 жылғы сентябрьде ол жазған *Екінші үндеу* жұмысшы табының милитаризм мен соғысқа деген көзқарасын, Маркс пен Энгельстің жаулап алушылық ниеттегі соғыстарға қарсы, пролетарлық интернационализм принциптерін жүзеге асыру жолында жүргізген күресін білдіреді. Үстем таптардың пайда құмарлық мүдделерін көздейтін басқыншылық соғыстардың әлеуметтік себептері туралы маркстік ілімнің негізгі қағидаларын айқын дәлелдей келіп, Маркс жаулап алушылық соғыстардың бұған қоса пролетарияттың

революциялық қозғалысын тұншықтыру мақсаттарын да көздейтінін көрсетеді. Ол неміс пен француз жұмысшыларының мүдделерінің бірлігін ерекше атап көрсетіп, оларды сол екі елдің екеуінің де билік жүргізуші таптарының жаулап алушылық саясатына қарсы бірлескен күрес жүргізуге шақырды.

Маркс Бірінші үндеуде пролетариат өкіметінің орнауы соғыс атаулының жойылуына жеткізеді және халықтар арасындағы бейбітшілік болашақ коммунистік қоғамның ұлы интернационалдық принциптерінің бірі болады деген қорытындыны болашақты болжағыш айрықша күшпен дәлелдейді.— 202, 207.

¹²³ *Плебисцитті* (бүкіл халықтық дауыс беруді) халық бұқарасының империяға қалай қарайтынын анықтаймыз деген желеумен 1870 жылғы майда III Наполеон өткізген болатын. Дауысқа қойылған мәселелер тұжырымдалғанда Екінші империяның саясатын мақұлдамаған сөз демократиялық реформа атаулыға қарсы айтылған сөз болып шығатындай етіліп тұжырымдалды. I Интернационалдың Франциядағы секциялары мұндай демагогиялық айлашарғыны әшкереледі, сөйтіп өз мүшелеріне дауыс беруден қалыс қалуды ұсынды. Плебисциттің қарсаңында Париж федерациясының мүшелері III Наполеонды өлтіруді көздеген заговорға қатынасты деген айып тағылып, тұтқынға алынған-ды; бұл айыптауды үкімет Францияның түрлі қалаларында тұратын Интернационал мүшелерінің ізіне түсіп, қудалау үшін кең науқан ұйымдастыруға пайдаланды. Париж федерациясының мүшелеріне 1870 жылғы 22 июньнен 5 июльге дейін болған сот процесінде заговорға қатынасты деген айыптың жалған сипаты түгел ашылды; алайда Интернационалдың бірқатар мүшелері тек Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігіне жататындығы үшін түрмеге қамау жазасына кесілді. Францияда Интернационалды қудалау жұмысшы табының тарапынан жаппай наразылықтар туғызды.— 202, 280.

¹²⁴ 1870 жылғы 19 июльде Франция-Пруссия соғысы басталды.— 203.

¹²⁵ *«Le Réveil»* («Ояну») — француз газеті, солшыл республикашылдар органы; III. Делеклюздің редакциялауымен Парижде 1868 жылғы июльден 1871 жылғы январьға дейін шығып тұрды. Газет Интернационалдың документтері мен жұмысшы қозғалысы туралы материалдарды жариялап тұрды.— 203, 280.

¹²⁶ *«La Marseillaise»* («Марсельеза») — француздың күнделікті газеті, солшыл республикашылдардың органы; Парижде 1869 жылғы декабрьден 1870 жылғы сентябрьге дейін шығып тұрды. Газет Интернационалдың қызметі туралы және жұмысшы қозғалысы туралы материалдарды басып тұрды.— 203, 280.

¹²⁷ Бұл арада *10 декабрь қоғамы* — көбіне өз табынан шеттеген элементтерден, саяси авантюристерден, әскери адамдар өкілдерінен, т. б. құрылған жасырын бонапартистік қоғам айтылып отыр; оның мүшелері Француз республикасының президенті етіп 1848 жылғы 10 декабрьде (Қоғамның аты осыдан шыққан) Луи Бонапартты сайлауға жәрдемдесті.— 204.

¹²⁸ 1806 жылғы августқа дейін Германия герман ұлтының Қасиетті Рим империясы деп аталған империяның құрамына кірген-ді; X ғасырда құрылған бұл империя императордың жоғарғы өкіметіне мойынсұнған феодалдық княздіктер мен ерікті қалалардың бірлестігі болатын.— 208.

¹²⁹ Бранденбург курфюрстігі 1618 жылы Пруссия (Шығыс Пруссия) герцогтығымен қосылды, бұл герцогтық XVI ғасырдың бас кезінде Тевтон орденінің иеліктерінен құрылған болатын және Речь Посполитаның лендік тәуелділігінде болған еді. Бранденбург курфюрстігі Пруссия герцогы ретінде 1657 жылға дейін Польшаның вассалы болып келді, осы жылы Польшаның Шве-

циямен соғысқан кездегі қиыншылықтарын пайдаланған ол Пруссия иеліктеріне өзінің суверенді правосы болуын мойындатқызуға жетті.— 209.

¹³⁰ Бұл арада *Базель бітім шарты* айтылып отыр, Европа мемлекеттерінің алғашқы антифранцуздық коалициясына қатысқан Пруссия оны 1795 жылғы 5 апрельде Француз республикасымен сепараттық тұрғыда жасасқан болатын.— 209.

¹³¹ *Тильзит шарты* наполеондық Францияның және төртінші антифранцуздық коалицияға қатынасқан, соғыста жеңілген Россия мен Пруссияның арасында 1807 ж. 7—9 июльде жасалған шарт. Бітімде койылған шарттар өз территориясының едәуір бөлігінен айырылып қалған Пруссия үшін мейлінше ауыр болды. Россия ешқандай территориялық шығынға ұшыраған жоқ, бірақ Францияның Европадағы позициясының күшейе түскенін мойындауға, сөйтіп Англияның блокадасына (континенттік блокада деп аталатынға) қосылуға мәжбүр болды. I Наполеон еріксіз жасатқан тонаушылық Тильзит бітімі Германия халқының арасында күшті наразылық тудырды, сөйтіп наполеондық үстемдікке қарсы 1813 ж. өрістеген азаттық қозғалыстың болуына негіз дайындады.— 210.

¹³² Маркс бұл арада Наполеон үстемдігі күйрегеннен кейінгі жерде Германияда феодалдық реакцияның салтанат құрғандығын айтып отыр; Германияда феодалдық бытырандылық сақталып қалды, герман мемлекеттерінде феодалдық-абсолюттік құрылыс нығайды, дворяндардың барлық артықшылықтары сақталып, шаруалардың жартылай-крепостниктік қаналуы күшейе берді.— 212.

¹³³ Бұл арада Париждегі *Тюльрия сарайы* — III Наполеонның резиденциясы айтылып отыр.— 213.

¹³⁴ Маркс ағылшын жұмысшыларының 1870 ж. 4 сентябрьде орнаған Француз республикасын тану жолындағы қозғалысын айтып отыр. 5 сентябрьден бастап Лондонда және басқа да ірі қалаларда митингілер мен демонстрациялар болды, бұларға қатысушылар өздерінің қарарлары мен петицияларында ағылшын үкіметінен Француз республикасын дереу тануды талап етті. Франциядағы республиканы тану жолындағы қозғалысты ұйымдастыру ісіне Интернационалдың Бас Советі тікелей қатысты.— 214.

¹³⁵ Маркс революцияшыл Францияға қарсы 1792 ж. соғыс бастаған феодалдық-абсолюттік мемлекеттер коалициясын құруға Англияның белсене қатысқанын, сондай-ақ 1851 жылғы 2 декабрьде Луи Бонапарт жасаған мемлекеттік төңкерістің нәтижесінде Францияда орнаған бонапарттық режимді ағылшын билеуші олигархиясының Европада бірінші болып танығанын мезгел отыр.— 214.

¹³⁶ Америкада өнеркәсіпті Солтүстік пен плантаторлық құл иеленуші Оңтүстік арасында болған Азамат соғысы кезінде (1861—1865) ағылшын буржуазиялық баспасөзі Оңтүстікті, яғни құл иеленушілік құрылысты жақтап шықты.— 214.

¹³⁷ *«Journal Officiel de la République Française»* («Француз республикасының ресми газеті») 1871 жылғы 20 марттан 24 майға дейін шығып тұрды және Париж Коммунасының ресми органы болды; Француз республикасы үкіметінің Парижде 1870 жылғы 5 сентябрьден бастап шығарылған ресми газетінің атын сақтап қалды (Париж Коммунасы кезінде нақ осы атпен Версальда Тьер үкіметінің газеті шығарылып тұрды). 30 марттағы номері *«Journal Officiel de la Commune de Paris»* («Париж Коммунасының ресми газеті») деген атпен

шықты. Симонның хаты газетте 1871 жылғы 25 апрельде жарияланғанды.— 216.

¹³⁸ 1871 жылғы 28 январьда Бисмарк пен ұлттық қорғаныс үкіметінің өкілі Фавр «Бітімге келу және Париждің тізе бұгуі туралы конвенцияға» қол қойған болатын. Масқара тізе бұгушілік Францияның ұлттық мүдделеріне сатқындық жасау болды. Конвенцияға қол қою кезінде Фавр пруссақтар қойған қорлаушылық талаптарына: екі апта мерзімде 200 миллион франк контрибуция төлеу, Париж форттарының көпшілігін беру, Париж армиясының далалық артиллериясы мен соғыс жабдықтарын қолдан табыс ету сияқты талаптарға келісті.— 217.

¹³⁹ *Capitulards* (капитулярлар)— 1870—1871 жылдардағы қоршауда қалған кезде Париждің тізе бұгуін жақтағандарға қойылған жиіркенішті ат. Осыдан кейінгі жерде француз тіліне жалпы тізе бүккіштерге қойылған ат болып сіңісіп кетті.— 217.

¹⁴⁰ «*L'Etendard*» («Ту») — бонапартистік бағыттағы француз газеті, Парижде 1866 жылдан 1868 жылға дейін шығып тұрды. Газеттің шығуы бұл газетке берілетін қаржының алаяқтық операциялардан түсетіні әшкереленуіне байланысты тоқтатылды.

¹⁴¹ Бұл арада *Société Générale du Crédit Mobilier* 1852 жылы құрылған француздың ірі акционерлік банкі айтылып отыр. Банкке түсетін пайданың ең басты көзі бағалы қағаздармен жалдаптық жасау болды. *Crédit Mobilier* Екінші империяның үкіметтік топтарымен тығыз байланысты болды. 1867 ж. қоғам банкрот болды да, 1871 жылы жойылды.— 218.

¹⁴² «*L'Electeur libre*» («Ерікті сайлаушы») — француз газеті, оңшыл республикашылардың органы, Парижде 1868 жылдан 1871 жылға дейін шығып тұрды; 1870—1871 жылдары ұлттық қорғаныс үкіметінің финанс министрлігімен байланысты болды.— 218.

¹⁴³ 1831 жылғы 14 және 15 февральда Парижде герцог Беррийскийді еске алу кезіндегі аза тұтуда легитимистік демонстрацияға қарсы наразылықтың белгісі ретінде жиналған тобыр Сен-Жермен-л'Осеруа шіркеуін және архиепископ Келеннің сарайын талқандады. Шіркеудің және архиепископ сарайының талқандалып жатқанын көзімен көріп тұрған Тьер ұлттық гвардияшыларды жұрттың әрекеттеріне бөгет болмандар деп үгіттеп тұрды.

1832 ж. сол кезде ішкі істер министрі болып тұрған Тьердің жарлығы бойынша француз тағына легитимистік үміткер граф Шамбордың анасы герцогина Беррийская тұтқынға алынды да, оның жасырын некелескендігін жұртқа жария қылу, сөйтіп саяси жағынан оның атына кір келтіру мақсатымен медицина сарабының қорлаушылық тексеруінен өткізілді.— 219.

¹⁴⁴ Маркс бұл арада Июль монархиясы режиміне қарсы Париждің халық бұқарасының 1834 жылғы 13—14 апрельдегі көтерілісін талқандауда Тьердің (ол кезде ішкі істер министрі болатын) атқарған жексұрын ролін айтып отыр. Бұл көтерілісті басу әскери адамдардың айуандық әрекет жасауларымен қосарланып отырды, бұлар атап айтқанда Транснонен көшесіндегі үйлердің бірінде тұратындарды қырып салған болатын.

Сентябрь заңдары — баспасөзге қарсы 1835 жылғы сентябрьде француз үкіметі шығарған реакциялық заңдар. Бұл заңдар бойынша меншікке және өз кезіндегі мемлекеттік құрылысқа қарсы шыққаны үшін түрмеге жабу және ақшалай көп айып салу жазалары енгізілді.— 219.

¹⁴⁵ 1841 жылғы январьда Тьер депутаттар палатасында Парижді айнала әскери бекіністер жасау жобасын ұсынып сөз сөйледі. Революцияшыл-демо-

кратиялық топтар арасында бұл жоба халық қозғалыстарын тұншықтыру үшін жасалған дайындық шара деп танылды. Тьердің жобасында жұмысшылар тұратын кварталдар маңында ерекше күшейтілген форттар салу көзделген еді.— 219.

¹⁴⁶ Франция 1849 жылғы апрельде Австриямен және Неапольмен одақтасып Рим республикасына қарсы, оны езіп-жаншу және папаның ақсүйектік өкіметін қайта орнату мақсатын көздеп, интервенция ұйымдастырған болатын. Француз әскерлері Римді аяусыз бомбалады. Рим республикасы қаһармандықпен қарсылық жасағанына қарамастан құлатылды, ал Римді француз әскерлері оккупациялады.— 219

¹⁴⁷ *Тәртіп партиясы* — ірі консервативтік буржуазияның 1848 ж. пайда болған партиясы, Францияның екі монархиялық фракциясының: легитимистер мен орлеанистердің (117-ескертуді қараңыз) коалициясы болды; 1849 жылдан бастап 1851 ж. 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкеріске дейін Екінші республиканың Заң шығару жиналысында басшылық етуші жағдайда болды.— 220, 257.

¹⁴⁸ Англия, Россия, Пруссия, Австрия және Түркия Францияның қатысуынсыз 1840 жылғы 15 июльде Лондонда Египеттің билеушісі Мұхаммед-Алиге қарсы түрік сұлтанна көмек көрсету туралы конвенцияға қол қойды, Мұхаммед-Алиді Франция қолдайтын. Конвенцияның жасалуы нәтижесінде Франция мен Европа державалары коалициясының арасында соғыс шығып кету қаупі төнді, алайда король Луи-Филипп соғысқа батылы бармай, Мұхаммед-Алиді қолдаудан бас тартты.— 221.

¹⁴⁹ Революциялық Парижді басып-жаншу үшін Версаль армиясын күшейткісі келген Тьер Бисмарктен негізінен Седан мен Мецте тізе бүккен армиялардан француз соғыс тұтқындарының есебінен әскер санын көбейтуге рұқсат беруін сұрады.— 221.

¹⁵⁰ *«Chambre introuvable»* («теңдесі жоқ палата») — Францияның 1815—1816 жылдардағы (Қайтадан қалпына келтіру режимінің алғашқы жылдарындағы) әсіре реакционерлерден құралған депутаттар палатасы.— 223.

¹⁵¹ *«Помещиктік палата», «деревнялықтар жиналысы»* — 1871 ж. Бордода мәжіліс құрған Ұлттық жиналысқа жиренішпен таңылған атақ, көбіне реакционер-монархистерден: селолық сайлау округтерінде сайланған провинциялық помещиктерден, чиновниктерден, рантье мен саудагерлерден құралды. Жиналыстағы 630 депутаттың 430-ға жуығы монархистер болды.— 223, 267.

¹⁵² Ұлттық жиналыс 1871 жылғы 10 мартта 1870 жылдың 13 августынан 12 ноябрьге дейін келісілген «Ақшалай міндеттемелердің төленуін кейінге қалдыру туралы» заң қабылдады; 12 ноябрьден соң келісілген міндеттемелер бойынша төлемдерді кейінге қалдыруға болмайтын болды. Сөйтіп бұл заң жұмысшылар мен халықтың дәулеті шамалы топтарына ауыр соққы болып тиді, сондай-ақ көптеген ұсақ өнеркәсіпшілер мен саудагерлерді банкротқа ұшыратты.— 224.

¹⁵³ *Décembriseur* — 1851 жылғы 2 декабрьде болған бонапарттық мемлекеттік төңкеріске қатысушы және осы төңкерістің рухындағы әрекеттерді жақтаушы.— 224.

¹⁵⁴ Газеттердің хабарлары бойынша Тьер үкіметі өткізбек болған ішкі заемның Тьердің өзі және оның үкіметінің басқа да мүшелері «комиссиялық» сыйлық деген атпен 300 миллион франктан астамын алуға тиіс болған. Па-

риж Коммунасын жаншып-басқаннан кейін 1871 жылғы 20 июнде заем туралы заң қабылданды.— 224.

¹⁵⁵ *Кайенна* — Француз Гвианасындағы (Оңтүстік Америка) қала — саяси тұтқындарды қаторгаларға және жер аударуға жіберетін жер.— 226.

¹⁵⁶ *«Le National»* («Ұлттық газет») — француздардың күнделікті газеті, Парижде 1830 жылдан 1851 жылға дейін шығып тұрған; буржуазиялық баяу республикашылдардың органы.— 227.

¹⁵⁷ 1870 ж. 31 октябрьде Париж жұмысшылары мен ұлттық гвардияның революцияшыл бөлігі ұлттық қорғаныс үкіметінің прусстармен келіссөз бастауға ұйғарғанын біліп көтеріліс жасады және қалалық ратушаны басып алып, революциялық өкімет органы — Бланкидің басқаруында Қоғамдық құтқару комитетін құрды. Жұмысшылардың тегеурінімен ұлттық қорғаныс үкіметі отставкаға кетеміз деген уәде беруге, сөйтіп 1 ноябрьге Коммуна сайлауын белгілеуге мәжбүр болды. Алайда, Париждің революциялық күштерінің жеткіліксіз ұйымдасқандығын және көтерілісті басқарған бланкистер мен ұсақ буржуазиялық демократ-якобиншілдердің арасындағы алауыздықтарды пайдаланып, үкімет өз жағында қалған ұлттық гвардия батальондарының көмегімен ратушаны алды да, өз өкіметін қайта орнатты.— 228.

¹⁵⁸ *«Бретондықтар»* — бретон мобильдік гвардиясы, мұны Трошю Париждегі революциялық қозғалысты басу үшін жандарм әскерлері ретінде пайдаланды.

Корсикалықтар Екінші империя тұсында жандармдар корпусының едәуір бөлігі болды.— 228.

¹⁵⁹ 1871 ж. 22 январьда бланкистердің инициативасы бойынша Париж пролетариаты мен ұлттық гвардияның үкіметті құлатып, Коммунаны құруды талап еткен революциялық демонстрациясы болды. Ұлттық қорғаныс үкіметінің жарлығы бойынша демонстрацияны ратуша үйін күзетіп тұрған бретон мобильдері атқылады. Террор арқылы революциялық қозғалысты басқан үкімет Париждің тізе бүгүін әзірлеуге кірісті.— 228.

¹⁶⁰ *Sommations* (алдымен тараңдар деп талап ету) — өкімет орнындағылардың жиналған топқа тараңдар деп үш қайтара айтып барып, одан кейін қарулы күш жұмсайтындығы бірсыпыра буржуазиялық мемлекеттердің заңында көзделген.

Англияда 1715 ж. күшіне енген *Тәртіпсіздіктер туралы акт* (Riot act) 12 адамнан артық «бүлікшілік жынның» қандайына болсын тыйым салды: заңды бұза қалған жағдайда өкімет өкілдері арнайы шығарылған ескертуді оқып беруге және егер жиналғандар бір сағаттың ішінде тарамаса күш жұмсауға міндетті болған.— 229.

¹⁶¹ 31 октябрьде болған оқиғалар кезінде (157-ескертуді қараңыз) Флуранс ұлттық қорғаныс үкіметінің мүшелерін атып тастауға бөгет болды, бұған көтеріліске қатысушылардың бірі шақырған еді.— 231.

¹⁶² Маркс айтып отырған кепілдіктер туралы декретті Коммуна 1871 ж. 5 апрельде қабылдаған болатын (Маркс декреттің шыққан күнін оның ағылшын баспасөзінде жарияланған күнімен алып отыр). Бұл декрет бойынша, Версальмен қатысы бар деп айыпталған адамның бәрі, олардың айыптары дәлелденген жағдайда кепілдіктер деп жарияланды. Париж Коммунасы осы шара арқылы версальдықтардың коммунарларды атып тастауларына бөгет жасауды көздеді.— 231.

¹⁶³ «*The Times*» («Замана») — ағылшынның консервативтік бағыттағы аса ірі күнделікі газеті; Лондонда 1785 жылдан бері шығып тұрады.— 232, 268.

¹⁶⁴ *Инвеститура* — лауазым адамдарын тағайындау жүйесі, оған тән сипат иерархиялық басқыштың төменгі сатысында тұрғандардың жоғары сатыда тұрғандарға толық тәуелді болуы.— 237.

¹⁶⁵ *Жирондистер* — XVIII ғасырдың аяғында болған француз буржуазиялық революциясы дәуіріндегі ірі буржуазияның партиясы (Жиронда департаментіне байланысты осылай аталған); бұл партия якобиндік үкімет пен оны қолдаған революцияшыл бұқараға департаменттердің автономиясы мен федерациясы болу праволарын қорғаймыз деген желеумен қарсы шыққан болатын.— 237.

¹⁶⁶ «*Kladderadatsch*» («Кладдерадач») — сатиралық көркемделген апталық журнал, Берлинде 1848 жылдан бастап шығарылып тұрған.— 238, 347.

¹⁶⁷ «*Punch, or the London Charivari*» («Петрушка, немесе Лондон айқай-шуу») — ағылшынның буржуазиялық-либералдық бағыттағы апталық юмористік журналы, Лондонда 1841 жылдан бері шығады.— 238.

¹⁶⁸ Бұл арада Париж Коммунасының бүкіл борышты міндеттемелер бойынша төленетін төлемдерді 3 жылға созу туралы және олар бойынша төленетін проценттерді жою туралы 1871 ж. 16 апрельдегі декреті айтылып отыр.— 241.

¹⁶⁹ Маркс бұл арада Құрылтай жиналысының 1848 ж. 22 августа «мархабатты келісімдер» туралы заң жобасын қабылдамай тастағанын айтып отыр, бұл заң жобасында борышкерлердің төлейтін төлемдерін кейінге қалдыру көзделген болатын. Осының салдарынан ұсақ буржуазияның едәуір бөлігі мүлде күйзелді де, ірі буржуазиядан шыққан қарыз берушілерге кіріптарлыққа түсті.— 241.

¹⁷⁰ *Frères ignorantins* («надан ағайын») — 1680 ж. Реймсте пайда болған діни орденге тағылған ат, мұның мүшелері өздерін кедейлердің балаларын оқытуға арнауға міндеттенді; орденнің мектептерінде оқушылар негізінен діни тәрбие алды, басқа салалардан алатын білімдері тым аз болды.— 241.

¹⁷¹ *Департаменттердің республикалық одағы* — Францияның түрліше облыстарында туып, Парижде тұрған ұсақ буржуазия топтары өкілдерінен құралған саяси ұйым; бұл ұйым департаменттердің бәрінде Версаль үкіметі мен монархиялық Ұлттық жиналысқа қарсы күресуге және Париж Коммунасын қолдауға шақырды.— 241.

¹⁷² Маркс бұл арада бұрынғы эмигранттарға француз буржуазиялық революциясы жылдарында конфискеденген помещеелерінің құнын төлеу туралы 1825 ж. 27 апрельдегі заңды айтып отыр.— 241.

¹⁷³ *Вандом колоннасы* 1806—1810 жылдары Парижде наполеондық Францияның жеңістеріне ескерткіш ретінде жаулардың зеңбіректерінің қоласынан құйылып жасалды да, үстіне Неполеонның мүсіні орнатылды. 1871 жылғы 16 майда Париж Коммунасының қаулысы бойынша Вандом колоннасы алынып тасталды.— 243.

¹⁷⁴ Пикпюс монастырінде жүргізілген тінту нәтижесінде монах әйелдерді ұзақ жылдар бойына қапасты құжырада қамап ұстау оқиғалары анықталды, сондай-ақ азаптау құралдары да табылды; әулие Лаврентий шіркеуінен кісі

өлтіріп отырғандықтарын дәлелдейтін жасырын қабырлар табылды. Бұл фактілерді Коммуна 1871 ж. 5 майда «*Mot d'Ordre*» («Пароль») газетінде, сондай-ақ «*Les Crimes des congrégations religieuses*» («Шіркеушілердің қылмыстары») деген кітапшада жұртқа жария қылды.— 245.

¹⁷⁵ Француз соғыс тұтқындарының Вильгельмскхээдегі (99-ескертуді қараныз) негізгі кәсібі өздерінің тартуы үшін папиростар дайындау болды — 245.

¹⁷⁶ *Абсентеистер* («absent» — «бұл жерде жоқ» деген сөзден шыққан) — әдетте өз именелерінде тұрмайтын ірі жері иелері, бұлар жерлерін жер агенттері арқылы басқарып отырды немесе делдал-жалдаптарға арендаға беретін болды, ал делдалдар оларды ұсақ арендаторларға кіріптарлыққа түсіретін шарттармен субарендаға беретін болды.— 246.

¹⁷⁷ *Francs-fileurs* (сөзбе-сөз айтқанда «ерікті қашқындар») — қала қоршауда қалған кезде одан қашып кеткен Париж буржуазына кекесінмен таңылған атақ. Бұл атаққа оның *franc-tireurs* (ерікті атқыштар) деген сөзбен үндестігі мысқылды сипат берді; ерікті атқыштар — пруссактарға қарсы күреске белсене қатысқан француз партизандарының аты еді.— 247.

¹⁷⁸ *Кобленц* — Германиядағы қала, XVIII ғасырдың аяғында болған француз буржуазиялық революциясы кезінде дворяндық-монархиялық эмиграцияның және революцияшыл Францияға қарсы интервенция дайындаудың орталығы болды. Кобленцте XVI Людовиктің бұрынғы министрі барып тұрған реакционер де Калонн бастаған эмигранттық үкімет болды.— 247.

¹⁷⁹ «*Шундар*» деп коммунарлар Версаль армиясының Бретаньнан жиналып алынған монархиялық пифылдағы отрядын атады, XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы дәуірінде Солтүстік-Батыс Францияда болған контрреволюциялық бүлікке қатысқандар осылай аталған болатын.— 248.

¹⁸⁰ Париж Коммунасын құруға әкеп жеткізген Париждегі пролетарлық революцияның ықпалымен Лионда және Марсельде Коммуна жариялау мақсатымен революциялық бас көтерулер болды. Алайда халық бұқарасының бас көтерулерін үкімет әскерлері қаталдықпен басты.— 249.

¹⁸¹ Әскери соттардың жүру барысы туралы заң жөнінде Ұлттық жиналысқа Дюфор ұсынған сот ісі 48 сағаттың ішінде шешіліп, үкім орындалуға тиіс болды.— 250.

¹⁸² Әңгіме Англия мен Франция арасындағы 1860 жылғы 23 январьда қол қойылған сауда шарты туралы болып отыр. Бұл шартта Франция тыйым салатын баж саясатынан бас тартты да, оны салық енгізумен алмастырды. Бұл шартты жасаудың салдарынан Англиядан товарлардың көптеп келуі нәтижесінде Францияның ішкі рыногындағы бәсеке күрт күшейіп кетті, мұның өзі француз өнеркәсіпшілерінің наразылығын туғызды.— 251.

¹⁸³ Бұл арада біздің заманымыздан бұрынғы I ғасырда күл иеленуші Рим республикасындағы дағдарыстың түрліше кезеңдерінде Ежелгі Римде болған террор мен қанға бояған жазалаулар жағдайы айтылып отыр. *Сулла диктатурасы* (біздің заманымыздан бұрынғы 82—79 жылдар). *Бірінші және екінші римдік триумвираттар* (біздің заманымыздан бұрынғы 60—53 және 43—36 жылдар) — Рим қолбасшыларының диктатурасы, бірінші ретте — Помпейдің, Цезарь мен Красстың, екінші ретте — Октавианның, Антоний мен Лепидтің диктатурасы.— 253.

¹⁸⁴ «*Journal de Paris*» («Париж газеті») — күнделікті газет, Парижде 1867 жылдан бастап шыққан, монархистік-орлеанистік бағыт ұстанған. — 254.

¹⁸⁵ 1814 ж. августа Англия мен АҚШ арасындағы соғыс кезінде ағылшын әскерлері Вашингтонды алып, Капитолийді (конгресс үйін), Ақ үйді және астананың басқа да қоғамдық үйлерін өртеп жіберген болатын.

1860 ж. октябрьде Англия мен Францияның Қытайға қарсы соғыс кезінде ағылшын-француз әскерлері Пекиннің маңындағы сарайлы жазғы қалашықты тонап алып, одан соң өртеп жіберді — мұнда қытай архитектурасы мен өнерінің аса бай қазынасы болған еді. — 255.

¹⁸⁶ *Преторийліктер* деп Ежелгі Римде қолбасының немесе императордың жеке өзінің артықшылықтармен пайдаланатын гвардиясын атайтын: преторийліктер ішкі бүліктерге ұдайы қатысып отырды және таққа өз адамдарын жиі отырғызып жүрді. «Преторийліктер» деген сөз бертінде әскери шенділердің жалданушылығының, жүгенсіздігі мен озбырлығының символы болып кетті. — 257.

¹⁸⁷ Марк Пруссия депутаттар палатасын француз палатасына ұқсас болғандықтан «*chambre introuvable*» («теңдесі жоқ палата») деп атап отыр (150-ескертуді қараңыз). 1849 ж. январь-февральда сайланған жиналыс артықшылықтарымен пайдаланатын ақсүйектік «мырзалар палатасынан» және екінші палатадан құралды, ал екінші палатаның екі сатылы сайлауына тек «дербес пруссактар» деп аталатындар ғана жіберілетін болды. Екінші палатаға сайланған Бисмарк мұнда әсіре оңшыл конкерлік топтың лидерлерінің бірі болған-ды. — 257.

¹⁸⁸ «*The Daily News*» («Күнделікті жаңалықтар») — ағылшынның либералдық газеті, өнеркәсіп буржуазиясының органы; осы атпен Лондонда 1846 жылдан 1930 жылға дейін шығып тұрған. — 260, 359.

¹⁸⁹ «*Le Temps*» («Уақыт») — француздың консервативтік бағыттағы күнделікті газеті, ірі буржуазияның органы; Парижде 1861 жылдан 1943 жылға дейін шығып тұрды. — 260.

¹⁹⁰ «*The Evening Standard*» («Кешкі ту») — ағылшынның консервативтік «Standard» газетінің кешкі шығатын саны; Лондонда 1857—1905 жылдары шығып тұрды. — 260.

¹⁹¹ Бұл хатты Қ. Марк пен Ф. Энгельс жазған болатын. — 260.

¹⁹² I Интернационалдың *Лондон конференциясы* 1871 жылғы 17—23 сентябрьде болды. Париж Коммунасы жеңілгеннен кейін Интернационал мүшелері душар болған қатал жазалау жағдайында шақырылған бұл конференция өзінің құрамы жағынан біршама шағын болған еді: оның жұмысына шешуші дауыспен 22, кеңесші дауыспен 10 делегат қатысты. Конференцияға делегат жібере алмаған елдердің атынан Бас Советтің корреспондент-секретарьлары өкіл болды. Марк конференцияға Германияның, Энгельс Италияның атынан қатынасты.

Лондон конференциясы Марк пен Энгельстің пролетарлық партия құру жолындағы күресіндегі маңызды кезең болды. Конференция «Жұмысшы табының саяси қимылы туралы» қарар қабылдады, мұның негізгі бөлігі Интернационалдың Гаага конгресінің шешімімен Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Жалпы Уставына енгізілген болатын. Конференцияның бірқатар қарарларында пролетарлық партияның аса маңызды тактикалық және ұйымдық принциптері тұжырымдалып, сектанттық пен реформизмге соққы берілді. Лондон конференциясы пролетарлық партиялық принциптерінің анархистік оппортунизмді жеңуі ісінде үлкен роль атқарды. — 263, 276, 312, 313.

¹⁹³ «*Интернационалдағы ойдан шығарылған жіктелістер*» — Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің жабық нұсқау хаты, мұның негізгі қағидаларын Маркс Бас Советтің 1872 жылғы 5 марттағы мәжілісінде баяндаған болатын. Бұл хатта Маркс пен Энгельс бакунизмді бұқаралық жұмысшы қозғалысына дұшпан сектанттықтың бір көрінісі, оған тән сипат теориялық артта қалушылық пен бұқаралық революциялық қозғалыстардан қол үзіп қалу, догматизм мен «революцияшыл» авантюризм деп әшкереледі, сөйтіп тұтас алғанда ұсақ буржуазиялық ортаның жұмысшы табына ықпалы болып табылатын сектанттықтың әлеуметтік тамырларын ашып берді. Секталарға қарама-қарсы, деп атап көрсетті Маркс пен Энгельс, жұмысшы табының өз бұқаралық революциялық ұйымы болу керек. Мұндай ұйым барлық елдер пролетариатының шынайы да жауынгер ұйымы Интернационал болып табылады. Бакунистердің талабының — Бас Советтің қызметін әшейін корреспонденттік және статистикалық бюроның қызметіне әкеліп саю жөніндегі талабының — орындалуы пролетариаттың өзінің тәртіпті, идеялық жағынан біртұтас ұйымын құрудан бас тартқандығы болып табылар еді. Маркс пен Энгельстің Бас Советтің міндеттері туралы мәселе жөніндегі күресі шын мәнінде пролетарлық партияның ұйымдық принциптері жолындағы күрес болған еді. Бас Советтің бір ауызды шешімі бойынша нұсқау хат 1872 жылғы майдан аяқ кезінде француз тілінде жарияланды. — 265.

¹⁹⁴ 50-жылдардың аяқ шенінен бастап ағылшын жұмысшыларының негізгі талаптарының бірі тоғыз сағаттық жұмыс күнін қолдану талабы болды. 1871 жылғы майда Ньюкаслдың құрылысшы және машина жасаушы жұмысшыларының ірі стачкасы басталды, оған тоғыз сағаттық жұмыс күні жолындағы күрес Лигасы басшылық етіп, тред-юниондарға кірмейтін жұмысшыларды күреске тұңғыш рет тартты. Лиганың председателі Барнетт Интернационалдың Бас Советінен Англияға штрейкбрехерлердің әкеліне бастауына бөгет жасауды өтінді. Интернационалдың Бас Советінің күш салып қолдауының арқасында штрейкбрехерлердің әкелінуі тоқтатылды. 1871 жылғы октябрьде Ньюкаслдағы стачка жұмысшылардың жеңісімен аяқталды: жұмысшылар үшін 54 сағаттық жұмыс аптасы қолданылатын болды. — 266.

¹⁹⁵ 1871 жылғы 25 июльде Бас Совет Энгельстің Лондонда 1871 жылғы сентябрьде Интернационалдың жабық конференциясын шақыру туралы ұсынысын қабылдады. Осы уақыттан бастап Маркс пен Энгельс ұйымдық және теориялық жағынан конференцияны дайындау жөнінде орасан зор жұмыстар жүргізді: олар жұмыстың программасын және қарарлардың жобаларын жасады, бұлар Бас Советтің мәжілістерінде талқыланды, ал содан кейін Лондон конференциясына ұсынылды (бұл туралы 192-ескертуді қараңыз). — 266.

¹⁹⁶ Ж. Фаврдың 1871 ж. 26 майда Францияның шетелдердегі дипломатиялық өкілдеріне жіберген жарлығында Европа үкіметтерінен Коммуна эмигранттарын қатардағы қылмысты жазалылар деп тұтқындап ұстап бергізуге күш салу бұйырылды.

Дюфор француздың Ұлттық жиналысының арнайы комиссиясы жасап шығарған және 1872 жылғы 14 мартта қабылданған заң жобасын ұсынды. Бұл заң бойынша Интернационалға қатысты дегендер түрмеге қамалып жазаланатын болды. — 267.

¹⁹⁷ 1871 жылдың жазында Бисмарк пен Австро-Венгрияның канцлері Бейст жұмысшы қозғалысына қарсы бірлесіп күресу үшін қадам жасады. 1871 жылғы 17 июльде Бисмарк Бейстке хат жолдап, онда Интернационалдың қызметіне қарсы Германияда және Францияда қолданылған шаралар туралы хабарлады. 1871 жылғы августа герман және Австрия императорларының Гаштейнде және 1871 жылғы сентябрьде Зальцбургте болған кездесуінде арнайы талқылау үшін Интернационалға қарсы бірлесіп күресудің шаралары туралы мәселелер ұсынылды.

Италия үкіметі Интернационалға қарсы жалпы жорыққа қосылды, мұның өзі 1871 жылғы августа неапольдық секцияның талқандалуынан және Серіктіктің мүшелерін, соның ішінде Т. Куноны қуғындаудан көрінді.

1871 жылдың көктемі мен жазында испан үкіметі жұмысшы ұйымдарына және Интернационал секцияларына қарсы жазалау шараларын қолданды; осыған байланысты Испан федерациялық советінің мүшелері Мора, Мораго және Лоренцо Лиссабонға эмиграцияға кетуге мәжбүр болды.— 267.

¹⁹⁶ Лондон конференциясы Маркстің ұсынысы бойынша Бас Советке Англияға арнап федерациялық совет құруды тапсырды, өйткені 1871 жылдың күзіне дейін мұндай советтің атқаратын қызметтерін Бас Советтің өзі орындап келген болатын. 1871 жылғы октябрьде Интернационалдың ағылшын секцияларының өкілдерінен Британия федерациялық советі құрылды. Бірақ бұл совет құрылғаннан бастап оның басшылығында Хейлз бастаған реформистер тобы болды, бұл топ Бас Советке және Ирландия мәселесі жөнінде ол жүргізіп отырған пролетарлық интернационализм саясатына қарсы күрес жүргізді. Хейлз және басқалар өз күресінде Швейцариядағы анархистермен, Америка Құрама Штаттарындағы буржуазиялық-реформистік элементтермен және басқалармен блок жасасты. Гаага конгресінен кейін Британия федерациялық советінің реформистік бөлігі конгресс шешімдерін мойындаудан бас тартып, бакунистермен бірге Бас Совет пен Маркске қарсы жалақорлық науқан ашты. Бұларға Британия советінің екінші бөлігі қарсы шықты, бұлар Маркс пен Энгельсті белсене қолдады. 1872 жылғы декабрьдің бас кезінде Британия федерациялық советінде жік туды; Советтің Гаага конгресінің шешімдеріне адал болып қалған бөлігі Британия федерациялық советі деп заңдастырылды да, тұрағы Нью-Йоркке ауыстырылған Бас Советпен тікелей байланыс орнатты. Интернационалдың Британия федерациясын реформистердің өз сонынан ертіп алмақ болған әрекеттері күйреумен тынды.

Британия федерациялық советі іс жүзінде 1874 жылға дейін өмір сүрді. Оның қызметінің тоқтауы тұтас алғанда Интернационал қызметінің бітуіне, сондай-ақ ағылшын жұмысшы қозғалысында оппортунизмнің уақытша жеңуіне байланысты болды.— 268.

¹⁹⁹ Бұл арада 1871 жылы Лондон конференциясының «Ұлттық советтердің аттары және т. б. туралы» II қарары айтылып отыр, бұл қарар әр түрлі сектанттық топтардың Интернационалға өтуіне бөгет болған-ды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 423—424-беттер).— 268.

²⁰⁰ Әңгіме Бакуиннің «Орыс, поляк және бүкіл славян достарға» деген прокламациясы туралы болып отыр, бұл прокламация 1862 жылғы 15 февральдағы «Қолоколдың» 122—123-номерінің қосымшасында жарияланды.

«Қолокол» («Қоңырау») — орыстың революциялық-демократиялық газеті, 1857—1867 жылдары А. И. Герцен мен Н. П. Огарев орыс тілінде, ал 1868—1869 жылдары орысша қосымшасымен француз тілінде шығарған; 1865 жылға дейін Лондонда, кейін Женевада шығып тұрды.— 269.

²⁰¹ Бейбітшілік пен бостандық лигасы — 1867 жылы Швейцарияда бірқатар ұсақ буржуазиялық және буржуазиялық республикашылдар мен либералдар құрған буржуазиялық-пацифистік ұйым.— 269.

²⁰² Интернационалдың Брюссель конгресі 1868 жылғы 6—13 сентябрьде болды. Конгресті даярлауға Маркс тікелей ат салысқанмен, оның жұмысына өзі қатыспады. Конгреске Англияның, Францияның, Германияның, Бельгияның, Швейцарияның, Италия мен Испанияның жұмысшыларының атынан 100-ге тарта делегат қатысты; темір жолдарды, кендерді, шахталар мен рудниктерді, орман-тоғайларды, сондай-ақ егістік жерлерді қоғам меншігіне берудің қажеттігі туралы өте маңызды шешім қабылданды. Француз және

Бельгия прудонистерінің көпшілігінің коллективизм позициясына көшкендігінің айғағы болған бұл шешім Интернационалда пролетарлық социализм идеяларының ұсақ буржуазиялық реформизм идеясын жеңіп шыққандығын паш етті. Конгресс мұнымен бірге Маркс ұсынған 8 сағаттық жұмыс күні туралы, машиналарды қолдану туралы, Бейбітшілік пен бостандық лигасының (201-ескертуді қараңыз) 1868 жылғы Берн конгресіне көзқарас туралы қарарларды, сондай-ақ барлық елдердің жұмысшыларына К. Маркстің «Капиталын» оқып-үйренуді және оны неміс тілінен басқа тілдерге аударуға жәрдемдесуді ұсынып неміс делегациясының атынан Ф. Лесснер енгізген қарарды қабылдады.— 269, 310.

²⁰³ Әңгіме Бейбітшілік пен бостандық лигасының (201-ескертуді қараңыз) Бернде 1868 жылы сентябрьде болған конгресінде Бакуининнің өзі жасаған шытырманды социалистік программасын («таптарды әлеуметтік және экономикалық жағынан теңдестіру», мемлекетті және мұрагерлік правоны жою, т. б.) қабылдатпақ болған эрекеті туралы болып отыр. Көпшілік дауыспен оның жобасын қабылдамағаннан кейін Бакуинин Бейбітшілік лигасынан шықты да, Социалистік демократияның халықаралық альянсын құрды.— 269, 455.

²⁰⁴ Интернационалдың *Женева конгресі* 1866 жылғы 3—8 сентябрьде болды. Оған Бас Советтен, Англияның, Францияның, Германия мен Швейцарияның секциялары мен жұмысшы қоғамдарынан 60 делегат қатынасты. Бас Советтің ресми баяндамасы ретінде Маркс жазған «Уақытша Орталық Советтің делегаттарына кейбір мәселелер жөнінде нұсқау» (қараңыз: осы том, 79—88 беттер) оқылды, конгреске қатынасқан прудонистердің дегеніне қарамастан, бұл нұсқаудың пункттерінің көбі конгрестің қарарлары болып бекітілді. Женева конгресі бұған қоса Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Уставы мен Регламентін де бекітті.— 270, 447.

²⁰⁵ Интернационалдың 1867 жылғы 2—8 сентябрьде болған *Лозанна конгресі* Бас Советтің есебін және жекелеген елдерде Интернационал ұйымдарының нығайғандығын дәлелдеген жер-жердің баяндамаларын тыңдады. Бас Советтің дегеніне қарамастан прудонистер өз күн тәртібін тықпалады: кооперация туралы, әйел еңбегі туралы, оқу-ағарту туралы мәселелер, сондай-ақ бірсыпыра жеке мәселелер екінші рет талқыланды, бұлар Бас Совет ұсынған нағыз көкейтесті мәселелерді талқылаудан конгрестің назарын бұрып әкетті. Прудонистер өздерінің бірнеше қарарын қабылдаттыра алды. Алайда олар Интернационалды басқаруды өз қолдарына ала алмады. Конгресс Бас Советті бұрынғы құрамында қайта сайлады және Лондондағы тұрақты орнын сақтап қалды.— 270.

²⁰⁶ *Нечаев процесі*— құпия революциялық қызметі үшін айыпталған оқушы жастарға жасалған процесс, 1871 жылғы июль-августы Петербургте тыңдалды. 1869 жылдың өзінде-ақ Нечаев Бакуининмен байланыс орнатты, Россияның бірсыпыра қалаларында заговоршыл «Халық жазасы» ұйымын құру жөніндегі жұмысты үдете жүргізді, мұнда «түк қоймай қирату» дейтін анархистік идеялар уағыздалды. Революциялық пиғылдағы студент жастар мен халықтың әр текті жіктерінің өкілдері патша режимін қатал сынауға және оған қарсы батыл күресуге үндегенге ден қойып нечаевтік ұйымға кірді. Бакуининнен «Европаның революциялық одағының» өкілі деп алған мандатты пайдалана отырып, Нечаев өзін Интернационалдың өкілімін деп көрсетпек болды және осынысымен өзі құрған ұйым мүшелерін шатастырды. 1871 жылы Нечаев ұйымы талқандалды да, сот процесінде Нечаевтің өз мақсаттарына жету үшін қолданған авантюристік әдістері әйгіленді.

Лондон конференциясы Утинге Нечаев процесі туралы қысқаша есеп жазуды тапсырған еді. Утин есептің орнына 1872 жылғы августың аяғында Маркске Интернационалдың Гаага конгресіне арнап, Бакуинин мен Нечаевтің

Серіктікке душпандық қызметі туралы ұзақ құпия баяндама жіберді.— 273. 460.

²⁰⁷ «*Le Progrès*» («Прогресс») — бакунистік газет, Гильомның редакциялауымен 1868 жылғы декабрьден 1870 жылғы апрельге дейін Люкльде француз тілінде шығып тұрды.— 273.

²⁰⁸ «*Le Travail*» («Еңбек») — француз апталық газеті, Интернационалдың Париж секцияларының органы, 1869 жылдың 3 октябрінен 12 декабріне дейін Парижде шығып тұрған.— 274.

²⁰⁹ *Қоғамдық игілік лигасы* — феодалдық шонжарлар одағы; бұл одақ 1464 жылдың аяғында Францияда пайда болды және король XI Людовиктің Францияны біртұтас орталықтандырылған мемлекетке біріктіру саясатына қарсы бағытталды. Лигаға қатысушылар Францияның «жалпы игілігі» жолындағы күрескерлерміз деген желеумен шықты.— 274.

²¹⁰ «*La Solidarité*» («Ынтымақтастық») — бакунистік апталық газет, француз тілінде (апрель — сентябрь 1870) Невшательде және (март — май 1871) Женевада шығып тұрды.— 275.

²¹¹ Ол кезде Женевада және оның маңында сағаттар мен зергерлік бұйымдар жасау өндірісін «*Фабрика*» («*La Fabrique*») деп атайтын болған, бұл өндіріс мануфактура тұрпаттас болып ірі және ұсақ шеберханаларда жүргізілді, сондай-ақ үйге алып істейтін жұмысшылар арқылы істелді.— 275.

²¹² Әңгіме 1870 жылғы 5 сентябрьде шыққан «Интернационалдың секцияларына» деген үндеу туралы болып отыр, бакунистер Дж. Гильом мен Г. Блан құрастырған бұл үндеу Невшательде «*Solidarité*» газетінің 22-номерінде қосымша ретінде жарияланды.— 276.

²¹³ *Лиондағы көтеріліс* Седан түбіндегі жеңіліс туралы (99-ескертуді қараңыз) хабарға байланысты 1870 жылғы 4 сентябрьде басталған еді. 15 сентябрьде Лионға келген Бакунин қозғалысқа басшылық етуді өз қолына алып, өзінің анархистік программасын жүзеге асыруға тырысты. 28 сентябрьде анархистер төңкеріс жасауға әрекеттенді. Қимыл жасаудың белгілі бір жоспары болмағандықтан және Бакунин мен анархистердің жұмысшылармен байланыстары жоқтығынан бұл әрекет сәтсіз аяқталды.— 276.

²¹⁴ Бакунист Робен 1870 жылғы апрельде Шо-де-Фонда болған съезде анархистер құрған федерациялық комитетті Романдық федерациялық комитет деп мойындау жөнінде Париж федерациялық советіне ұсыныс жасады. Бас Совет Париж федерациялық советінің мүшелеріне Швейцарияда болған жіктің мәнін түсіндіргеннен кейін, федерациялық совет бұл іс Бас Советте қаралуға тиіс болғандықтан, біздің ол іске араласуға хақымыз жоқ деп шешкен болатын.— 277.

²¹⁵ В. Малон. «*La troisième défaite du prolétariat français*». Neuchâtel, 1871 (В. Малон, «Француз пролетариатының үшінші жеңілісі». Невшатель, 1871).— 277.

²¹⁶ «Социалистік демократия альянсының» августа таратылып жіберілген Женева секциясының орнына 1871 жылғы 6 сентябрьде *Насихат және революциялық социалистік қимыл секциясы* пайда болды. Оның ұйымына бұл секцияның бұрынғы мүшелері Жуковскийге, Перронға және басқаларға қоса кейбір француз эмигранттары, соның ішінде Ж. Гед пен В. Малон қатынасты.— 278.

²¹⁷ «*La Révolution Sociale*» («Әлеуметтік революция») — апталық газет, 1871 жылғы октябрден 1872 жылғы январға дейін Женевада француз тілінде шығып тұрды, 1871 жылдың ноябрінен анархистік Юра федерациясының ресми органы. — 278, 459.

²¹⁸ «*Le Figaro*» («Фигаро») — француздың реакциялық газеті, Парижде 1854 жылдан бері шығып келеді; Екінші империя үкіметімен байланысты болды.

«*Le Gaulois*» («Галл») — консервативтік-монархиялық бағыттағы күнделікті газет, ірі буржуазия мен аристократияның органы, 1867 жылдан 1929 жылға дейін Парижде шығып тұрған.

«*Paris-Journal*» («Париж газеті») — полициямен байланысты болған күнделікті реакцияшыл газет; 1868 жылдан 1874 жылға дейін Анри де Пен Парижде шығарып тұрды. Интернационал мен Париж Коммунасы туралы пасық өсек-аяндар таратты. — 278.

²¹⁹ Бұл арада «Конференцияның ерекше қарарларының» 2-бөлімінің герман жұмысшылары өздерінің интернационалдық борышын орындап шықты деп атап көрсеткен қарары айтылып отыр; 1871 жылғы Лондон конференциясы туралы 192-ескертуді қараңыз. — 284.

²²⁰ «*Journal de Genève national, politique et littéraire*» («Женеваның ұлттық, саяси және әдеби газеті») — консервативтік газет, 1826 жылдан бері шығарылып келеді. — 288.

²²¹ Бұл арада сыртқы істер министрінің 1871 жылғы 6 июньде Францияның дипломатиялық өкілдеріне жіберген нұсқау хаты айтылып отыр, бұл хатта Жюль Фавр барлық үкіметтерді Интернационалға қарсы бірлесіп күресуге шақырған-ды. Ж. Фаврдың нұсқау хаты жөнінде Вас Советтің Маркс пен Энгельс жазған мәлімдемесін мынадан қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 17-том, 372—373-беттер. Бұған қоса Дюфордың заң жобасын (196-ескертуді қараңыз) қараған комиссияның атынан 1872 жылғы 5 февральда Саказ жасаған баяндама да айтылып отыр. — 291.

²²² Бұл арада және бұдан кейінгі жерде Маркс Женева конгресі қабылдаған және Лондонда ағылшын тілінде шығарылған Интернационал Уставынан («*Rules of the International Working Men's Association*». 1867) цитат келтіреді. — 293.

²²³ Бұл жерде қате кеткен. Жалпы Уставтың 6-статьясы Интернационалдың 1866 жылғы Женева конгресінде қабылданған-ды. Қараңыз: «*Congrès ouvrier de l'Association Internationale des Travailleurs tenu à Genève du 3 au 8 septembre 1866*». Genève, 1866, pp. 13—14 («Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің 1866 жылғы 3—8 сентябрьде Женевада болған жұмысшы конгресі». Женева, 1866, 13—14-беттер). — 295.

²²⁴ *Жұмысшы федерациясы* 1871 жылғы күзде Туринде құрылды және мазданистердің ықпалында болды. 1872 жылғы январьда федерациядан пролетарлық элементтер шығып кетті, бұлар кейінде Интернационалға секция ретінде қабылданған *Пролетарды азат ету* қоғамы болып құрылды. Қоғамның басшылығында 1872 жылдың февралына дейін полицияның құпия агенті Терраги болды.

«*Il Proletario*» («Пролетарий») — итальян газеті; 1872 жылдан 1874 жылға дейін Туринде шығарылып тұрды, Вас Советке және Лондон конференциясының шешімдеріне қарсы шығып, бакунистерді қорғады. — 295.

²²⁵ Буржуазияшыл демократ Стефанони 1871 жылғы ноябрьде «Рационалистердің универсал қоғамын» құрудың жобасын ұсынды, мұның програм-

масы буржуазиялық-демократиялық көзқарастардың ұсақ буржуазиялық утопиялық социализм (элеуметтік мәселені шешу үшін егіншілік колонияларын құру және т. б.) идеяларымен қосылған қосындысы болып шықты. Қоғамның мақсаты жұмысшылардың назарын Интернационалдан бұрып өкету және Италияда Интернационалдың ықпалының тарауына бөгет жасау болды; мұның үстіне Стефанони Социалистік демократия альянсымен өзінің ынтымақтас екендігін де мәлімдеді. Стефанонидің шынайы мақсаттарын және анархистердің буржуазиялық демократтармен тікелей байланыстырып Маркс пен Энгельстың өшкерелеулері, сондай-ақ итальян жұмысшы қозғалысының бірқатар қайраткерлерінің Стефанонидің жобасына қарсы шығуы Стефанонидің Италия жұмысшы қозғалысын буржуазияның ықпалына бағындырмақ болған әрекетін күйретті.— 303.

²²⁶ «*Neuer Social-Demokrat*» («Жаңа Социал-демократ») — неміс газеті, 1871 жылдан 1876 жылға дейін Берлинде шығып тұрды; лассальшылдық Жалпы герман жұмысшы одағының органы; Интернационалдың маркстік басшылығына және неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясына қарсы күрес жүргізді; бакунистерді және басқа да антипролетарлық ағымдарды қолдады.— 303, 460, 461.

²²⁷ Екінші империя полициясының префектурасы ұйымдастырған бандалар «ақ көйлектілер» немесе «ақ жейделілер» деп аталды. Табынан қол үзген элементтерден құралған бұл бандалар өздерін жұмысшы етіп көрсетіп, нағыз жұмысшы ұйымдарын қуғынға ұшыратуға желеу беріп, арандатушылық демонстрациялар мен әрекеттер жасап отырды.— 303.

²²⁸ Бас Советтің 1872 жылғы 20 февральдағы мәжілісінде Юнгтің Лондонда 18 мартта Париж Коммунасының тұңғыш бір жылдығын бұқаралық митингі жасаумен атап өтейік деген ұсынысы қабылданды. Алайда жұртшылық митингісі болмай қалды, өйткені үй иесі ең соңғы минутта залын бермей қойды. Сөйте тұрса да, Интернационалдың мүшелері мен бұрынғы коммунарлар тұңғыш пролетарлық революцияның бір жылдығы құрметіне 18 мартта салтанатты жиналыс өткізді. Бұл жиналыста Маркс митингі үшін арнайы жазған қысқа-қысқа үш қарар қабылданды.— 307.

²²⁹ Марксизмнің аграрлық мәселе жөніндегі аса маңызды документтерінің бірі болып табылатын Маркстің «*Жерді национализациялау*» деген қолжазбасы Интернационалдың Манчестер секциясында жерді национализациялау туралы мәселенің талқылауына байланысты жазылған еді. Дюпон Энгельске 3 мартта жазған хатында аграрлық мәселе жөнінде секция мүшелерінің көзқарастарындағы шатасушылық туралы хабарлады, сөйтіп өзінің алдағы сөйлер сөзінің 5 пунктін баяндады да, секцияның жиналысына дейін сіздердің ескертпелеріңізді ескере алар едім деп Маркс пен Энгельстен өздерінің ескертпелерін беруді сұрады. Маркс жерді национализациялау туралы мәселе жөніндегі өз көзқарастарын егжей-тегжейлі дәлелдеп берді, мұны Дюпон өзінің баяндамасында толық пайдаланды. Маркс жерді национализациялауды, өзі айтқандай бұл ұлы проблеманы, пролетарлық революцияның және бүкіл қоғамды социалистік жолмен қайта құрудың міндеттерімен біртұтас байланыста қарайды.— 308.

²³⁰ Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің Гаага конгресі 1872 жылғы 2—7 сентябрьде болды. Оған 15 ұлттық ұйымнан 65 делегат қатынасты. Конгрестің жұмысын Маркс пен Энгельстің өздері басқарды. Конгресте жұмысшы қозғалысындағы ұсақ буржуазиялық сектанттықтың барлық түрлеріне қарсы Маркс пен Энгельстің және олардың серіктерінің ұзақ жылдар бойы жүргізіп келген күресі аяғына дейін жеткізілді. Анархистердің жікшілдік әрекеті айыпталып, олардың лидерлері Интернационалдан шығарылды. Гаага

конгресінің шешімдері болашақта әр түрлі елдерде жұмысшы табының дербес саяси партияларын құрудың іргетасын қалады.— 312, 465.

²³¹ Гаага конгресінің жұмысы аяқталғаннан кейін (230-ескертуді қараңыз) Маркс басқа да делегаттармен бірге Интернационалдың жергілікті секциясымен кездесу үшін Амстердамға жүріп кетті. Ол 8 сентябрьде митингінде Гаага конгресінің қорытындылары туралы сөз сөйледі. Пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы идеясын қажымай-талмай қорғай отырып, Маркс өзінің сөзінде тарихи нақты жағдайларға, таптық күштердің орналасуы мен арақатынасына байланысты әр түрлі елдердің капитализмнен социализмге өтуінің формалары туралы мәселені шешуге творчестволық тұрғыдан келудің тамаша үлгісін көрсетті. Ол пролетариат диктатурасын орнату мен оны сақтаудың сол кездегі жағдайларға байланысты елдердің басым көпшілігінде болмай қоймайтын амалы революциялық күштеумен қатар кейбір елдерде: Англияда, АҚШ-та және, бәлкім, Голландияда, бұларда қалыптасқан белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты (ол кезде өрбіген чиновниктік-бюрократтық және милитаристік аппараттың жоқтығы) пролетариат революциялық күштеуге бармай-ақ, өзі үстемдік етуге жете алар еді деген тезисті ұсынып дәлелдеді.—313.

²³² Бұл арада әңгіме үш императордың — I Вильгельмнің, Франц-Иосифтің және II Александрдың — 1872 жылғы сентябрьде Берлиндегі кездесуі туралы болып отыр.— 314.

²³³ Энгельстің «Тұрғын үй мәселесі жөнінде» деген еңбегі — буржуазиялық қоғамның кеселдерін бүркемелемек болған ұсақ буржуазияшыл және буржуазияшыл социал-реформаторларға қарсы бағытталған еңбек. Тұрғын үй мәселесін шешудің прудонистік жобаларын сынға ала отырып, Энгельс бұл мәселені капитализм тұсында шешудің мүмкін еместігін дәлелдейді. Тек жеңіп шыққан пролетариат қана, деп көрсетеді ол, социалистік қоғам орнатудың түбегейлі проблемаларын шеше отырып, тұрғын үй мәселесін де шешетін болады.

Энгельстің бұл еңбекте тек коммунистік қоғам жағдайларында ғана мүмкін болатын деревняны социалистік жолмен қайта құру туралы, қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықтарды жою туралы айтқан пікірлерінің ерекше маңызды мәні бар.— 316.

²³⁴ Мюльбергердің «Die Wohnungsfrage» («Тұрғын үй мәселесі») деген тақырыптағы алты мақаласы қол қойылмай 1872 жылғы 3, 7, 10, 14, 21 февральда және 6 мартта «Volksstaat» газетінде жарияланған болатын; кейініректе бұл мақалалар мынадай жеке кітапша болып шықты: «Die Wohnungsfrage. Eine sociale Skizze». Separat-Abdruck aus dem «Volksstaat». Leipzig, 1872 («Тұрғын үй мәселесі. Әлеуметтік очерк». «Volksstaat»-тан алынған жеке дана. Лейпциг, 1872).— 317, 326, 382, 392.

²³⁵ E. Sax. «Die Wohnungszustände der arbeitenden Classen und ihre Reform». Wien, 1869 (Э. Закс. «Еңбекші таптардың тұрғын үй жағдайлары және олардың реформасы». Вена, 1869).— 317, 347.

²³⁶ Энгельстің мақалаларына Мюльбергердің жауабы «Zur Wohnungsfrage (Antwort an Friedrich Engels von A. Mülberger)» («Тұрғын үй мәселесі жөнінде Мюльбергердің Фридрих Энгельске жауабы») деген тақырыппен 1872 жылғы 26 октябрьде «Volksstaat» газетінде жарияланған болатын.— 317, 377.

²³⁷ Жаңа Мадрид федерациясын Интернационалдың мүшелері мен «La Emancipación» газеті редакциясының мүшелері 1872 жылғы июльде құрған болатын; бұл газет редакциясының мүшелерін Күпия социалистік демократия альянсының Испаниядағы жұмысын газеттің әшкерелеуіне байланысты анархистік көпшілік Мадрид федерациясынан шығарып тастаған еді. Жаңа кү-

рылған Мадрид федерациясы Испанияға анархистік ықпалдың тарауына қарсы батыл күрес жүргізді, ғылыми социализм идеяларын насихаттады, Испанияда дербес пролетарлық партия құру жолында күресті. Мұның органы «Емансипасіон» газетіне Энгельс қатысып тұрды. Жаңа Мадрид федерациясының кейбір мүшелері 1879 жылы Испания социалистік жұмысшы партиясын құруда үлкен роль атқарды.— 318.

²³⁸ *Катедер-социализм* — XIX ғасырдың 70—90-жылдарында буржуазиялық идеологияда болған бағыттардың бірі, мұның өкілдері — ең алдымен неміс университеттерінің профессорлары — университет кафедраларынан (немісше *Katheder*) социализм дегенсіп, буржуазиялық реформизмді уағыздады. Катедер-социализмнің өкілдері (А. Вагнер, Г. Шмоллер, Л. Брентано, В. Зомбарт, т. б.) мемлекет дегеніңіз бір-біріне дұшпан таптарды бітістіре алатын және капиталистердің мүдделеріне тиіспей-ақ «социализмді» біртіндеп енгізе алатын, таптардан жоғары тұрған институт болып табылады деп мәлімдеді. Олардың программасы жұмысшыларды аурудан және бақытсыздық жағдайлардан қауіпсіздендіру жағын ұйымдастыруға, фабрикалық заң салаларында кейбір шаралар жүргізуге келіп сайды. Катедер-социалистер жақсы ұйымдастырылған кәсіподақтар жұмысшы табының саяси партиясын керексіз етеді деп санады. Катедер-социализм ревизионизмнің идеялық шығар көздерінің бірі болды.— 319.

²³⁹ Әңгіме 1882 жылғы аштық туралы болып отыр, ол әсіресе Эйфель ауданының (Пруссияның Рейн провинциясы) шаруаларын қатты күйзелткен еді.— 320.

²⁴⁰ Энгельс бұл арада «етке толы египет қазандарын айтып өкіну» деген таурат айызынан алынған сөзді кекесін түрде пайдаланып отыр; еврейлер египет тұтқынынан қашып сөздің кезде олардың ішіндегі ынжықтары жол мен аштықтың қиыншылықтарын ықтап, қалай болғанда да әйтеуір ток жүретін едік-ау деп қапаста болған күндерін айтып өкінген екен.— 333.

²⁴¹ Энгельс бұл арада еңбек өнімдерін әділетті айырбастау үшін құрылған базар дейтінді айтып отыр, бұларды Англияның әр түрлі қалаларында жұмысшылардың оунистік кооператив қоғамдары құрған болатын. Бұл базарларда еңбек өнімдері өлшемі жұмыс уақытының бір сағатына шағылатын еңбектің қағаз ақшаларының көмегімен айырбасталатын-ды. Алайда, бұл кәсіпорындар көпке бармай банкротқа ұшырады.— 338.

²⁴² «*La Emancipación*» («Азат ету») — испан апталық жұмысшы газеті, 1871 жылдан 1873 жылға дейін Мадридте шығып тұрды. Интернационал секцияларының органы; 1871 жылғы сентябрьде — 1872 жылғы апрельде — Испания федерациялық советінің органы; Испаниядағы анархистік ықпалға қарсы күрес жүргізді. 1872—1873 жылдары газетте Маркс пен Энгельстің еңбектері жарияланып тұрды.— 338.

²⁴³ «*Illustrated London News*» («Лондонның көрнекі жаңалықтары») — ағылшын апталық журналы, 1842 жылдан шығып тұрады.— 347.

²⁴⁴ «*Veber Land und Meer*» («Құрылықта және теңізде») — немістің апталық суретті журналы, Штутгартта 1858 жылдан 1923 жылға дейін шығып тұрды.— 347.

²⁴⁵ «*Gartenlaube*» («Мәслихатхана») — немістің ұсақ буржуазиялық бағыттағы апталық әдеби журналының аты; 1853—1903 жылдары Лейпцигте және 1903—1943 жылдары Берлинде шығып тұрды.— 347.

²⁴⁶ *Атқыш Август Кучке* — неміс ақыны, 1870—1871 жылдардағы Франция-Пруссия соғысы кезінде шыққан солдаттың ұлтшылдық әнінің авторы Готгельф Хофманның бүркеншік аты. — 347.

²⁴⁷ *«Le Socialiste»* («Социалист») — француз апталық газеті, 1885 жылдан 1902 жылға дейін Жұмысшы партиясының органы, 1902 жылдан 1905 жылға дейін — Франция социалистік партиясының органы, 1905 жылдан Француз социалистік партиясының органы; газетке Ф. Энгельс қатысып тұрды.

Гизедегі колониялар туралы мақалаларды 1886 жылғы 3 және 24 июльдегі газеттен қараңыз: — 357.

²⁴⁸ *«Harmony Hall»* («Хармони-холл») — 1839 жылдың аяғында Роберт Оуэн бастаған ағылшын утопист-социалистері құрған коммунистік колония; 1845 жылға дейін болған. — 357.

²⁴⁹ Қараңыз: V. A. Huber. «Sociale Fragen. IV. Die Latente Association». 1866 (В. А. Хубер. «Әлеуметтік мәселелер. IV. Латенттік ассоциация». Норд-хаузен, 1866) — 358.

²⁵⁰ Энгельс бұл арада Вагнердің бірсыпыра кітаптарында және сөйлеген сөздерінде Франция-Пруссия соғысынан кейін және әсіресе 5 миллиардтық контрибуцияның нәтижесінде Германияда конъюнктураның жандануы еңбекші бұқараның хал-жайын едәуір жақсартады деген мәлімдемелерін айтып отыр. — 374.

²⁵¹ Бұл арада Германия мен Австрия императорларының және олардың канцлерлерінің 1871 жылғы августа Гаштейнде және 1871 жылғы сентябрьде Зальцбургте болған келіссөздері айтылып отыр. Энгельс бұл конференциялардың Пруссияның саяси полициясының бастығы Штибердің атымен штиберлік конференциялар деп атайды, бұлай дегенде олардың полицейлік-реакциялық сипатын атап көрсетеді. — 374.

²⁵² Қараңыз: Гегель. «Логика ғылымы». I бөлім, 2-тарау. — 380.

²⁵³ Бұл арада 1872 жылы Пруссияда болған әкімшілік реформа айтылып отыр, бұл реформа бойынша помещиктердің деревнядағы мұрагерлік иелікті билігі жойылып, жер-жерлерде өзін-өзі басқарудың кейбір элементтері: қауымдарда жұрт сайлап қоятын старосталар, ландраттардың жанында округтік советтер т. с. болатын болды. — 390.

²⁵⁴ Энгельстің «Бедел туралы» деген еңбегінде бедел атаулыны мойындамайтын бакунистердің көзқарастары терең сыналып, пролетарлық революцияның мемлекетке көзқарасы туралы мәселе жөніндегі маркстік көзқарастарға дәлелдеме берілген. Энгельс бұл еңбегінде мемлекетті тудырған әлеуметтік қатынастар жойылмай тұрып «мемлекеттің жойылуы» дейтін анархистік идеяның ғылымға қарсы және революцияға қарсы келетін мәнін әшкереледі. Ол анархистердің догматизмі мен сектанттығын қатаң сынады. — 402.

²⁵⁵ Ф. Энгельстің *«Коммунаның бланкистік эмигранттарының программасы»* деген еңбегі «Эмигранттық әдебиет» сериясының екінші мақаласы болып табылады, бұлар «Volksstaat» газетінде 1874 жылғы июньде — 1875 жылғы апрельде басылған болатын. Француз социалистік қозғалысының дамуындағы жаңа тенденцияларды көрсете отырып, Энгельс бланкистердің — Коммуна эмигранттарының негізгі қателерін ашып береді, бұл қателер олардың өздері шығарған «Aux Communeux» («Коммунарларға») деген кітапшада бейнеленген. Лондонның бланкист-эмигранттарының көзқарастарындағы едәуір өзгерістерді — олардың ғылыми коммунизмге жақындай түскендігін атай отырып, Энгельс осының өзінде олардың заговоршылдық тактикасын, волонтира-

ризмін, пролетариаттың революциялық күресінің барысында қандай болмасын мәмлеге келушілікті түгелдей теріске саюын қатаң сынайды.— 406.

²⁵⁶ «*Le Pere Duchesne*» («Дюшен-экей») — француз газеті, 1790—1794 жылдары Ж. Эбер Парижде шығарып тұрған; қалалық жартылай пролетар бұқараның көңіл-күйін білдірді.

«*Le Père Duchêne*» («Дюшен-экей») — француздың күнделікті газеті, Вермерш 1871 жылғы 6 марттан 21 майға дейін Парижде шығарып тұрды; өзінің бағыты жағынан бланкистік баспасөзге жақын болды.— 408.

²⁵⁷ «*Культуркамф*» («мәдениет үшін күрес») — XIX ғасырдың 70-жылдарында Бисмарк үкіметі жүргізген шаралар жүйесіне буржуазияшыл либералдардың қойған аты, діни емес мәдениет үшін күресу деген желеумен жүргізілген бұл шаралар помещиктердің, буржуазияның және Пруссияның католик аудандары мен Оңтүстік-Батыс Германия мемлекеттерінің шаруаларының біразының сепаратистік және антипрустық тенденцияларын қолдаған католик шіркеуі мен Орталық партиясына қарсы бағытталды. Католиктікке қарсы күресу деген сылтаумен Бисмарк үкіметі Пруссияның өктемдігіне тап болған поляк жерлерінде ұлттық езгіні де күшейте түскен еді. Бисмарктің бұл саясатында діни ниеттерді қоздыру арқылы жұмысшылардың назарын тап күресінен басқа жаққа аулақтату мақсаты да бар еді. 80-жылдардың бас кезінде жұмысшы қозғалысының өсе түскен жағдайларында Бисмарк реакцияшыл күштерді топтастыру мақсатын көздеп, бұл шаралардың көпшілігін жойды.— 410.

²⁵⁸ Энгельстің «*Россиядағы әлеуметтік мәселе туралы*» деген еңбегі «Эмигранттық әдебиет» сериясының V мақаласы болып табылады. Мақалада Энгельс Россиядағы революциялық жағдайды өрбите түскен шешуші факторларды: орыс жұмысшы табының саяси аренаға шығуын және крепостнойлық право жойылғаннан кейін де шаруаларды тонауға жауап болып табылатын шаруалардың бұқаралық қозғалысының қалайда өскендігін атап көрсеткен. «Россиядағы әлеуметтік мәселе туралы» деген мақаласында, сондай-ақ 1894 жылы оған жазған соңғы есінде Энгельс 70-жылдардың бас кезіндегі орыс халықшылдығының П. Лавров және П. Ткачев сияқты идеологтарының және өте-мөте 80—90-жылдардағы либералдық халықшылдықтың негізгі бағыттарын сынға алды. Энгельс бұларда тарихқа халықшылдарға тән идеалистік, волюнтаристік көзқарасты, олардың қоғамдық дамудың материалістік негіздерін түсінбейтіндіктерін ашып береді. Россиядағы 1861 жылдан кейінгі әлеуметтік қатынастарға жасалған жалпы талдау Энгельсті бұл елде капитализм барған сайын дамып келеді және осыған байланысты деревнядағы қауымдық меншік ыдырай түсуде деген қорытынды жасауға әкеліп жеткізді. Ол шаруалар қауымын халықшылдардың дәріптеп жүргенін қатаң сынға алады, Россияның капиталистік-өнеркәсіпті елге айналудың қарқынының жеделдей түскенін, шаруалардың пролетарларға айналуын және «ескі коммунистік қауымның ыдырауын» (қараңыз: осы том, 38-бет) көрсетеді. Ол орыс революциялық қозғалысында халықшылдық көзқарастардан қол үзген және ғылыми коммунизм теориясын менгерген адамдардың көріне бастағанын қанағаттанғандықпен атап көрсетеді.— 414, 426.

²⁵⁹ Бұл арада және бұдан кейінгі жерде Энгельс Ткачевтің 1874 жылы Цюрихте шыққан мына кітапшасынан цитат келтіреді: «*Offener Brief an Herrn Friedrich Engels*» («Фридрих Энгельс мырзаға ашық хат»).— 426, 414.

²⁶⁰ Энгельс Гакстаузеннің 3 бөлімді болып 1847—1852 жылдары Ганновер мен Берлинде шыққан мына кітабын айтып отыр: «*Studien über die innern Zustände, das Volksleben und insbesondere die ländlichen Einrichtungen Rußlands*» («Россияның халық өмірінің ішкі қарым-қатынастарын және әсіресе селолық мекемелерін зерттеулер») — 420.

²⁶¹ Өңгіме «Вестник Европы» журналының 1877 жылғы 9-кітабындағы Ю. Г. Жуковскийдің «Карл Маркс және оның капитал туралы кітабы» деген мақаласы туралы және осы мақалаға «Отечественные Записки» журналының 1877 жылғы 10-номерінде «Карл Маркс Ю. Г. Жуковскийдің төрелігі алдында» деген атпен шыққан Н. К. Михайловскийдің жауабы туралы болып отыр.

«Вестник Европы» туралы 56-ескертуді қараңыз.

²⁶² «Отечественные Записки» («Отандық Жазбалар») — әдеби-саяси журнал, Петербургте 1820 жылдан шыға бастады; 1839 жылдан бастап сол уақыттағы прогресшіл журналдардың ең тандаулыларының бірі болды. «Отечественные Записки» ұдайы цензуралық құдалауға ұшырап, 1884 жылғы апрельде патша үкіметі жауып тастады. — 433.

²⁶² «Вестник Народной Воли» («Халық Еркінің Хабаршысы») — журнал, Россиядан эмиграцияға кеткен Халық Еркі Аткару комитетінің мүшелері 1883—1886 жылдары Женевада шығарып тұрды. Барлығы 5 номері шықты.

Маркстің хаты орыстың жария баспасөзінде 1888 жылғы октябрьде «Юридический Вестник» журналында жарияланды. — 434.

²⁶³ Бұл қосымшаны Маркс «Капиталдың» бірінші томының немісше екінші басылуында және кейінгі басылымдарында қоспаған. — 434.

²⁶⁴ Бұл арада, сірә, халықшылдық ұйымдардың басшы органдары «Жер және Еркі» (1876 жылдың күзінен 1879 жылдың күзіне дейінгі) пен «Халық Еркі» (1879 жылғы августан 1881 жылғы мартқа дейінгі) айтылып отырған болу керек; мұның соңғысы террорды саяси күрестің негізгі құралы деп жариялаған болатын. — 435.

²⁶⁵ Бакуниннің 1873 жылы шыққан «Мемлекеттік және анархия» деген кітабына К. Маркстің жасаған конспектісі өзіндік ерекшелігі бар сыни да айтысты шығарма, мұнда анархистік доктриналарды терең сынау бұларға қарсы ғылыми коммунизмнің маңызды-маңызды қағидаларын: мемлекет туралы, пролетариат диктатурасының тарихи жағынан болмай қоймайтындығы туралы, социалистік революцияның жеңуінің қажетті шарты ретінде жұмысшы табының шаруалармен жасайтын одағы туралы қағидаларды кеңінен баяндаумен ұштастырылады. Бұл қағидаларды Маркс конспектінің қолжазбасында бірсыпыра авторлық қосымша түрінде тұжырымдаған, олардың біреуі осы томда басылып отыр. — 440.

²⁶⁶ «Nordstern» («Солтүстік жұлдыз») — немістің апталық газеті, 1860—1866 жылдары Гамбургте шығарылды; 1863 жылдан бастап лассальшылдық бағытқа түсті. — 443.

²⁶⁷ Ұлттық одақ неміс мемлекеттері буржуазияшыл либералдарының Майндағы Франкфуртта болған съезінде 1859 жылғы 15—16 сентябрьде құрылды. Одақты ұйымдастырушылар Пруссияның басшылығымен Австриядан басқа барлық Германияны біріктіруді мақсат етіп қойды. 1867 жылғы 11 ноябрьде Солтүстік герман одағы құрылғаннан кейін Одақ өзін өзі таратылды деп жариялады. — 443.

²⁶⁸ Принц-регент 1858 жылы Мантёйфельдің министрлігін орныан босаты да, өкімет басына баяу либералдарды шақырды; буржуазиялық баспасөзде бұл бағыт «жаңа заман» деген дақпыртты ат алды; ал іс жүзіне келгенде Вильгельмнің саясаты Пруссия монархиясы мен юнкерлігінің позицияларын нығайта беруге ғана бағытталған еді. «Жаңа заман» іс жүзінде 1862 жылғы сентябрьде өкімет басына келген Бисмарктің диктатурасын дайындады. — 443.

²⁶⁹ «Kreuz-Zeitung» («Крест газеті») — немістің күнделікті газеті «Neue Preussische Zeitung»-ті («Жаңа прусс газеті») басына ландвер эмблемасын —

крест белгісін бейнелегендіктен осылай деп атаған-ды; Берлинде 1848 жылғы июньнен шығарыла бастады; контрреволюцияшыл сарай маңындағылар мен прусс юнкерлігінің органы болды.— 444.

²⁷⁰ *Жалпы герман жұмысшы одағы* — Лассальдың белсене қатысуымен 1863 жылы құрылған герман жұмысшыларының саяси ұйымы. Одақ 1875 жылға дейін өмір сүрді, осы жылы Готада болған съезде лассальшылар мен эйзанахшылар (Либкнехт пен Бебель басқарған партия) Германияның социалистік жұмысшы партиясы болып бірікті.— 444, 461.

²⁷¹ *Прогрессистер* — 1861 жылы июньде пайда болған Пруссия буржуазиялық партиясының өкілдері. Прогрессистік партия Пруссияның басшылығымен Германияны біріктіруді және жалпы герман парламентін шақыруды, депутаттар палатасының алдында жауап беретін либерал министрлік құруды талап етті.— 444.

²⁷² Коалициялар туралы мәселе кәсіпшілік уставының коалициялар мен стачкаларға тыйым салған параграфтарын жоюды талап еткен жұмысшылардың бас көтеруіне байланысты 1865 жылы январьда Пруссия ландтагында талқыланған болатын. Прогрессистер уставтың 181-параграфын бұзуды талап етті, бұл параграф жұмысшылар тарапынан мойынсұнуды қамтамасыз ету үшін кәсіпкерлерге өндірісті тоқтатуға тыйым салатын еді, ал демагогиялық мақсаттарды көздеп, прогрессистер мұнымен қатар 182-параграфты бұзу туралы да талап қойды; бұл параграфта стачка жасауға түртпектеген жұмысшыларды жазалау туралы айтылған-ды. 1865 жылғы 14 февральда Пруссия ландтагы жұмысшылардың қойған талаптарын қанағаттандырмай, кәсіпшілік уставының тек 181 және 182-параграфтарын ғана бұзды.— 445.

²⁷³ Маркс Пруссияда қолданылған кәсіпшілік уставын кекесінді түрде осылай деп атаған. XVIII ғасырда «малаялар туралы ереже» деген атпен Пруссия провинцияларында феодалдық ережелер қолданылды, бұл ережелер крепостной шаруаларға помещик-юнкерлер не істеймін десе де ерік берді.— 445.

²⁷⁴ Маркс 1861 жылдың көктемінде өзінің Пруссия азаматтығын қалпына келтіруге қам жасап еді, бірақ Пруссия өкімет орындары 1845 жылы Пруссия азаматы болудан «өз еркімен» бас тартты дегенді формальды тұрғыда сылтау етіп, оған рұқсат бермеді.— 446.

²⁷⁵ «*Literarisches Centralblatt für Deutschland*» («Германия үшін орталық әдеби шолу») — немістің ғылыми-информациялық, реферативтік және сыни апталығы; Лейпцигте 1850—1944 жылдары шығып тұрды.— 448.

²⁷⁶ Эңгіме А. Гакстгаузеннің 1842 жылы Берлинде шыққан мына кітабы туралы болып отыр: «*Ueber den Ursprung und die Grundlagen der Verfassung in den ehemals slavischen Ländern Deutschlands im allgemeinen und des Herzogthums Pommern im besondern*» («Жалпы алғанда Германияның бұрынғы славян жерлеріндегі және соның ішінде Померания герцогтығындағы қоғамдық құрылыстың шығуы және негіздері туралы»).— 451.

²⁷⁷ 1849 жылғы 13 июньде Парижде ұсақ буржуазиялық Гора партиясы Италиядағы революцияны басу үшін француз әскерлерін жіберуге қарсы наразылық білдіріп, бейбіт демонстрация ұйымдастырды. Демонстрацияны әскерлер қуып таратты. Гораның көптеген лидерлері тұтқынға алынып, жер аударылды немесе Франциядан эмиграцияға кетуге мәжбүр болды.— 451.

²⁷⁸ *Мютюзлистер* («mutuel» — өзара) — өзара көмек ұйымдастыру арқылы (кооперативтер, өзара көмек көрсету қоғамдарын және т. б.) еңбекшілерді азат етеміз деген реформистік ұсақ буржуазиялық жоспар ұсынған прудонистер XIX ғасырдың 60-жылдарында өздерін осылай деп атаған-ды.— 453.

²⁷⁹ 1871 жылғы Лондон конференциясының мына қарарлары айтылып отыр: «Ұлттық советтердің аттары және т. б. туралы» (II қарар, 1, 2, 3-пункттер), «Жұмысшы табының саяси қимылы туралы» (IX қарар), «Социалистік демократияның альянсы туралы» (XVI қарар) және «Романдық Швейцариядағы жіктеліс туралы» (XVII қарар) (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шағармалар, 2-басылуы, 17-том, 423, 426—427, 429 және 430-беттер)— 454.

²⁸⁰ Француз армиясының Седан түбінде талқандалғандығы туралы хабар алынғаннан кейін 1870 жылғы 4 сентябрьде Парижде халық бұқарасының революциялық бас көтеруі болып, ол Екінші империя режимінің құлауына және республиканың жариялануына жеткізді. Алайда жаңадан құрылған уақытша үкіметтің құрамына баяу республикашылдардан басқа монархистер де кіріп кетті. Париждің әскери губернаторы Трошю және оның іс жүзіндегі дем берушісі Тьер бастаған бұл үкімет Францияның буржуазиялық-помещиктік топтарының тізе бүккіш пифылдарын және олардың халық бұқарасы алдындағы қорқынышты үрейлерін білдіре отырып, ұлтқа опасыздық жасау және сыртқы жаумен сатқындықпен мәмлеге келу жолына түсті.— 454.

²⁸¹ Бұл арада Базель конгресінің (98-ескертуді қараңыз) ұйымдық мәселелер жөнінде Бас Советтің праволарын кеңейткен қарарлары айтылып отыр.— 456.

²⁸² «*Il Proletario*»— 224-ескертуді қараңыз.

«*Gazzettino Rosa*» («Қызыл газет») — Италияның күнделікті газеті, солшыл мадзинистердің органы, Миланда 1867 жылдан 1873 жылға дейін шығып тұрды; 1871 жылы Париж Коммунасын жақтап шықты, Интернационалдың материалдарын жариялады; 1872 жылдан бастап бакунистердің ықпалында болды.— 456.

²⁸³ «*La Liberté*» («Бостандық») — Бельгияның демократиялық газеті, 1865 жылдан 1873 жылға дейін Брюссельде шығып тұрды, 1867 жылдан бастап Интернационалдың Бельгиядағы органдарының бірі.— 457.

²⁸⁴ 1871 жылғы француз секциясы француз эмигранттарының біразынан 1871 жылғы сентябрьде Лондонда құрылды. Секцияның басшылығы Швейцариядағы бакунистермен тығыз байланыс жасады, сөйтіп Интернационалдың ұйымдық принциптеріне қарсы шыққан олардың шабуылына қосылып, олармен бірлесіп әрекет етті. Секция Интернационалға қабылданбады, өйткені оның уставының кейбір пункттері Жалпы Уставқа қарама-қайшы келді. Кейін секция бірнеше топ болып бөлініп кетті.— 457.

²⁸⁵ Бұл арада бакунистік Юра федерациясының 1871 жылғы 12 ноябрьде Сонвильяда болған съезінде қабылданған «Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің барлық федерацияларына нұсқау хаты» айтылып отыр. Нұсқау хат Лондон конференциясының шешімдері мен Бас Советтің праволарын теріске шығарумен қағар, барлық федерацияларға Интернационалдың Жалпы Уставын қайта қарау үшін және Бас Советті айыптау үшін дереу конгресс шақыруды талап етуді ұсынды.— 458.

²⁸⁶ «*Ficcanaso*» («Жылпос») — Италияның республикалық күнделікті сатиралық газеті, солшыл мадзинистердің органы, 1868 жылдан 1872 жылға дейін Туринде шығарылып тұрды.— 459.

²⁸⁷ Энгельс бұл арада «Роман федерациясы комитетінің Сонвильядағы съезге қатысқан 16 адамның нұсқауына қайтарған жауабын» айтып отыр.— 459.

²⁸⁸ Социал-демократтардың *Саксон съезі* 1872 жылғы 6—7 январьда Хемнице болды. Съезд басқа мәселелермен (сайлау правосы туралы, кәсіподақтарды ұйымдастыру туралы) қатар Сонвилья нұсқау хатына (285-ескертуді қараңыз) көзқарас туралы және анархистерге қарсы Интернационалдың өз ішінде жүріп жатқан күрес жөнінде мәселе талқылады. Съезд Бас Советті бір ауыздан қолдап, 1871 жылғы Лондон конференциясының қарарларын мақұлдады.— 459.

²⁸⁹ *Интернационалдың Бельгия федерациясының* 1871 жылғы 24—25 декабрьде Брюссельде мәжіліс құрған *съезі* Сонвилья нұсқау хатын талқылаған кезде Швейцария анархистерінің жалпы конгресті дереу шақыру туралы қойған талаптарын қолдамады, бірақ сөйте тұра Бельгия федерациялық советіне Гаага конгресінде (230-ескертуді қараңыз) талқылау үшін Интернационалдың жаңа уставының жобасын әзірлеуді тапсырды.— 459.

²⁹⁰ Германияның, Австрия мен Швейцарияның социал-демократтарының *Эйзенахта* 1869 жылғы 7—9 августа болған жалпы немістік съезінде неміс Социал-демократиялық жұмысшы партиясы құрылды, мұның программасы тұтас алғанда Интернационал талаптарының рухында болды.— 462.

²⁹¹ Г. В. Ф. Гегель. «Рух феноменологиясы», «Ағарту ақиқаты» параграфы.— 463.

²⁹² 1872—1873 жылдары Либкнехт пен Гепнер Маркске «Volkstaat» үшін Лассальдың көзқарастарын сынап кітапша немесе мақала жазуды сұрап бірнеше рет өтініш білдірді.— 464.

²⁹³ Зорге Бас Советтің құрамынан 1874 жылғы августа шығып кетті, бұл туралы ол Энгельске 1874 жылғы 14 августа хабарлады; оның отставкасы ресми тұрғыдан 1874 жылғы 25 сентябрьде болды.— 464.

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

- Аврраль* (Avrial), Огюстен (1840—1904)— француз жұмысшы қозғалысының қайраткері, солшыл прудонист, Интернационалдың мүшесі, Париж Коммунасының қайраткері, кейін эмигрант.—285.
- Аддингтон* (Addington), Стивен (1729—1796)— ағылшын священнигі, бірқатар оқу құралдарының авторы.—116.
- II Александр* (1818—1881)— орыс императоры (1855—1881).—211, 427.
- Александра* (1844—1925)— Дания королі IX Кристианның қызы; 1863 жылдан Уэльс принцінің, 1901 жылдан бастап ағылшын королі VII Эдуардтың әйелі.—228.
- Андерсон* (Anderson), Адам (шамамен 1692—1765)— Шотландияның буржуазиялық экономисі.—135, 149.
- Андерсон* (Anderson), Джемс (1739—1808)— ағылшын буржуазиялық экономисі.—116, 119, 135.
- Анна* (1665—1714)— ағылшын королевасы (1702—1714).—126.
- Аппиан* (I ғасырдың аяғы—II ғасырдың 70-жылдары)— ежелгі Рим тарихшысы.—117.
- Арбатнот* (Arbutnot), Джон— ағылшын фермері, «Тамақ өнімдерінің қазіргі бағалары мен фермалардың көлемі арасындағы тәуелділікті зерттеу» деген кітаптың авторы.—118.
- Афр* (Affre), Дени Огюст (1793—1848)— француз священнигі, Париж архиепископы (1840—1848),

1848 жылғы июнь көтерілісі кезінде үкімет әскерінің солдаттары атып өлтірген.—257.

Б

- Байлс* (Byles), Джон Барнард (1801—1884)— ағылшын юрисі, тори, «Фритредершілдіктің софизмдері» деген және басқа кітаптардың авторы.—128.
- Бакунин*, Михаил Александрович (1814—1876)— орыс революционері және публицисі, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; анархизм идеологтарының бірі; I Интернационалда марксизмге қас жау ретінде қарсы шықты; 1872 жылғы Гаага конгресінде Интернационалдан жікшілдік әрекеті үшін шығарылды.—181, 268, 273—276, 280, 289, 296, 299, 300, 302, 304, 305, 318, 379, 420, 426, 440, 441, 453—457, 460, 464.
- Бартон* (Barton), Джон (XVIII ғасырдың аяғы—XIX ғасырдың басы)— ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның өкілі.—77.
- Бастелика* (Bastelica), Андрэ (1845—1884)— француз және испан жұмысшы қозғалыстарының қайраткері, Интернационалдың мүшесі, бакунист.—275, 276, 281, 286.
- Бастиа* (Bastiat), Фредерик (1801—1850)— француз тұрпайы экономисі, буржуазиялық қоғамда таптық

- мүдделердің үйлесімділігі теориясын уағыздаушы.—27, 98.
- Бebelь** (Bebel), Август (1840—1913)—халықаралық және неміс жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, 1867 жылдан Неміс жұмысшы қоғамдары одағын басқарды, I Интернационалдың мүшесі, 1867 жылдан рейхстаг депутаты, неміс социал-демократиясының негізін қалаушылардың және көсемдерінің бірі, Маркс пен Энгельстің досы әрі серігі; II Интернационалдың қайраткері.—461, 464.
- Бегелли** (Bèghelli), Джузеппе (1847—1877)—итальян журналисі, Гарибальдидің жорықтарына қатысушы, бірқатар республикалық газеттердің редакторы.—459.
- Бейст** (Beust), Фридрих, граф (1809—1886)—Саксония және Австрия мемлекет қайраткері, реакционер, Австро-Венгрияның сыртқы істер министрі (1866—1871) және канцлері (1867—1871)—267.
- Беккер** (Becker), Бернхард (1826—1891)—неміс публицисі, лассальшыл, Жалпы герман жұмысшы одағының президенті (1864—1865).—445.
- Беле** (Beslay), Шарль (1795—1878)—француз кәсіпкері және саяси қайраткері, Интернационалдың мүшесі, прудонист, Париж Коммунасында Финанс комиссиясының мүшесі, оны национализациялаудан бас тарту және оның ішкі істеріне қол сұқпау саясатын жүргізді.—222.
- Берви**, Василий Васильевич (бүркәншік аты *Н. Флеровский*) (1829—1918)—орыс экономисі әрі социологы, халықшылық утопиялық социализмнің өкілі, «Россиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген кітаптың авторы.—183, 184, 419.
- Бержере** (Bergere), Жюль Виктор (1839—1905)—Париж Коммунасының қайраткері, ұлттық гвардияның генералы, кейін эмигрант.—230.
- Бёрк** (Burke), Эдмунд (1729—1797)—ағылшын саяси қайраткері, реакционер, экономикалық мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—114, 149, 150.
- Беррийская** (Berry), Мария Каролина Фердинанда Луиза, герцогиня (1798—1870)—Францияның тағына легитимист үміткер граф Шамбордың шешесі; 1832 жылы Луи-Филиппті құлату мақсатында Вандеяда көтеріліс ашуға тырысты.—219.
- Бисмарк** (Bismarck), Отто, фон *Шёнгаузен*, князь (1815—1898)—Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері және дипломаты, Пруссия юнкерлігінің өкілі; Пруссияның министр-президенті (1862—1871), Герман империясының канцлері (1871—1890).—190, 193, 204, 211, 217, 218, 221, 223, 225, 238, 245, 248, 251, 252, 257, 258, 262, 267, 269—300, 360, 370, 374, 410, 443—447, 457, 459.
- Бичер-Стю** (Beecher-Stowe), Гарриет Элизабет (1811—1896)—белгілі американ жазушысы.—121.
- Блан** (Blans), Гаспар—француз жол шебері, бакунист, 1870 жылғы Лиондағы көтеріліске қатысушы.—274, 276, 279, 301—303.
- Бланки** (Blanqui), Луи Огюст (1805—1881)—француз революционері, коммунист-утопист, бірқатар құпия қоғамдар мен заговорларды ұйымдастырушы, 1830 және 1848 жылдардағы революцияларға белсене қатысушы, Франциядағы пролетарлық қозғалыстың басшысы; бірнеше дүркін түрме жазасына кесілген.—197, 224, 228, 257, 407, 408.
- Бланше** (Blanchet), Станисла (шын фамилиясы *Пуриль*) (1833 жылы туған)—француз монағы, Париж Коммунасының мүшелігіне өтіп алған полиция агенті өшкереленіп тұтқынға алынды.—245.
- Блейки** (Blakey), Роберт (1795—1878)—ағылшын буржуазиялық философы.—112.
- Блинд** (Blind), Карл (1826—1907)—неміс журналисі, ұсақ буржуазиялық демократ, 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; 50-жылдарда Лондондағы неміс ұсақ буржуазиялық эмиграциясы лидерлерінің бірі, 60-жылдардан национал-либерал.—442.
- Блок** (Block), Морис (1816—1901)—француз экономисі, тұрлайы саяси экономияның өкілі.—99.
- Болингброк** (Bolingbroke), Генри (1678—1751)—ағылшын философы

- денсі және саяси қайраткер, тори партиясы лидерлерінің бірі.—145.
- Больте** (Bolte), Фридрих — американ жұмысшы қозғалысының қайраткері, ұлты — неміс, Интернационалдың Солтүстік Америка секциялары Федерациялық советінің секретары (1872), Бас Советтің мүшесі (1872—1874), 1874 жылы Бас Советтен шығарылды.—452—454.
- Брайт** (Bright), Джон (1811—1889) — ағылшын фабриканты, фритредер. Астық заңдарына қарсы лиганың негізін салушылардың бірі; 60-жылдардың аяғынан бастап либералдар партиясы лидерлерінің бірі; либералдық кабинеттерде бірқатар министрлік қызметте болды.—97, 139, 172.
- Бриссо** (Brissot), Жан Пьер (1754—1793)—XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткері, алғашында якобиншіл, кейін жирондистер партиясының көсемі әрі теоретигі.—23.
- Брум** (Brougham), Генри Питер (1778—1868)—ағылшын юрисі әрі әдебиетші, виг, лорд-канцлер (1830—1834).—149.
- Брут** (Марк Юний Брут) (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 85—42 жылдар)—Римнің саяси қайраткері, Юлий Цезарьға қарсы заговордың басшысы — 408, 409.
- Брюнель** (Brunel), Антуан Маглуар (1830 жылы туған)— француз офицері, бланкист, ұлттық гвардия Орталық Комитетінің және Париж Коммунасының мүшесі; 1871 жылы версальдықтар ауыр жаралады—260.
- Буске** (Bousquet), Абель,— француз анархисі, полиция қызметкері ретінде Интернационал секциясынан шығарылған.—459.
- Быккенен** (Buchanan), Давид (1779—1848)—ағылшын буржуазиялық экономисі, А. Смиттің ізбасары әрі комментаторы.—119, 120.
- Бэкон** (Bacon), Фрэнсис, барон *Веруламский* (1561—1626) аса көрнекті ағылшын философы, ағылшын материализмінің негізін салушы.—109, 110.
- Бюклер** (Bücker), Иоганн (шамамен 1780—1803)—неміс қарақшысы, қамыпезер Ганс деген лақап атымен белгілі болған.—423.
- Бюше** (Buche), Филипп (1796—1865)—француз саяси қайраткері әрі тарихшы, буржуазиялық республикашыл, христиандық социализмнің идеологтарының бірі.—132.

В

- Вагнер** (Wagener), Герман (1815—1889)—неміс публицисі және саяси қайраткері, «Neue Preußische Zeitung»-тің редакторы (1848—1854), Пруссия консервативтік партиясының негізін салушылардың бірі, Бисмарктің жолын қуушы.—444.
- Вагнер** (Wagner), Адольф (1835—1917)—немістің тұрпайы экономисі, саяси экономиядағы әлеуметтік-право мектебі деп аталатынның өкілі, катедер-социалист.—374.
- Вайян** (Vaillant), Эдуар Мари (1840—1915)—француз социалисті, бланкист; Париж Коммунасының мүшесі, I Интернационалдың Бас Советінің мүшесі (1871—1872); 1889 жылғы Халықаралық социалистік жұмысшы конгресіне қатысушы; Францияның социалистік партиясының (1901) негізін салушылардың бірі; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды.—197, 413.
- Валантен** (Valentin), Луи Эрнест — француз генералы, бонапартист, 1871 жылғы 18 март көтерілісінің қарсаңында Париж полициясының профекті міндетін атқарды.—224, 248.
- Варлен** (Varlin), Эжен (1839—1871)—француз жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, солшыл прудонист, Интернационалдың Франциядағы секциялары басшыларының бірі, ұлттық гвардия Орталық Комитетінің және Париж Коммунасының мүшесі, версальдықтар атып өлтірген.—285.
- Везинье** (Vésinier), Пьер (1826—1902)—француз ұсақ буржуазиялық публицисі, Интернационалдың және Париж Коммунасының мүшесі, Маркске және Интернационалдың Бас Советіне қарсы шықты.—285.
- Вергилий** (Публий Вергилий Марон)

- (біздің заманымыздан бұрынғы 70—19)— Римнің аса көрнекті ақыны.— 448.
- Вермерш* (Vermersch), Эжен (1845—1878)— француз ұсақ буржуазиялық журналисі әрі бастырушы.— 408.
- II Виктор-Эммануил* (1820—1878)— Сардиния королі (1849—1861), Италия королі (1861—1878).— 267.
- I Вильгельм* (1797—1888)— Пруссия королі (1861—1888), герман императоры (1871—1888).— 207, 208, 252, 307, 444.
- III Вильгельм Оранский* (1650—1702)— Нидерланды штатгальтері (1672—1702), ағылшын королі (1689—1702)— 113.
- Винца* (Vinou), Жозеф (1800—1880)— француз генералы, бонапартист, 1851 жылғы 2 декабрьдегі мемлекеттік төңкеріске қатысушы; 1871 жылдың 22 январынан бастап Париж губернаторы; Коммунаны тұншықтырған жендеттердің бірі, версальдықтардың резервтегі армиясын басқарды.— 225, 227, 229, 231, 450.
- Витт* (Witt), Ян де (1625—1672)— Нидерландының мемлекет қайраткері, ірі сауда буржуазиясының мүдделерін көздеген.— 146.
- Вольтер* (Voltaire), Франсуа Мари (шын фамилиясы *Аруэ*) (1694—1778)— француздың аса көрнекті ағартушысы, деист-философ, сатирик жазушы, тарихшы.— 28, 231.
- Врублевский* (Wróblewski), Валерий (1836—1908)— поляк революцияшыл демократы, Париж Коммунасының генералы; Интернационалдың Бас Советінің мүшесі және Польша үшін корреспондент-секретарь (1871—1872), бакунистерге қарсы күреске белсене қатысты.— 243.
- Г**
- Гакстаузен* (Haxthausen), Август (1792—1866)— прусс чиновнигі әрі жазушы, Россияның жер қатынастарындағы қауымдық құрылыстың қалдықтарын суреттеуге арналған еңбектің авторы.— 420, 426, 434, 451.
- Галиффе* (Galliffet), Гастон Александр Огюст, маркиз де (1830—1909)— француз генералы, Париж Коммунасын тұншықтырған жендеттердің бірі.— 230, 231, 260.
- Гамбетта* (Gambetta), Леон (1838—1882)— француз мемлекет қайраткері, буржуазиялық республикашыл, ұлттық қорғаныс үкіметінің мүшесі (1870—1871).— 216.
- Ганеску* (Ganesco), Грегори (шамамен 1830—1877)— француз журналисі, шыққан тегі румын, Екінші империя тұсында бонапартист болған, кейін Тьер үкіметінің жағында болды.— 143.
- Ганзман* (Hanseman), Давид (1790—1864)— немістің ірі капиталисі әрі банкир, Рейн либерал буржуазиясы лидерлерінің бірі, Пруссия финансы министрі (март-сентябрь 1848).— 350.
- Каныгезер Ганс* — қараңыз: *Бюклер*, Иоганн.
- Гастингс* (Hastings), Уоррен (1732—1818)— Индияның бірінші ағылшын генерал-губернаторы (1774—1785), қатал отаршылдық саясат жүргізді.— 142.
- Гацфельдт* (Hatzfeldt), Софья, графиня (1805—1881)— Лассальдың досы және жақтасы.— 442, 444.
- Гегель* (Hegel), Георг Вильгельм Фридрих (1770—1831)— немістің классикалық философиясының аса ірі өкілі, объективті идеалист.— 21, 22, 100, 101, 180, 380, 463.
- Гейне* (Heine), Генрих (1797—1856)— немістің революцияшыл ұлы ақыны.— 409.
- Геккерен* (Heeckeren), Жорж Шарль Дантес, барон де (1812—1895)— француз саяси қайраткері, А. С. Пушкинді өлтіруші; 1848 жылдан бонапартист, 1871 жылғы 22 мартта Париждегі контрреволюциялық бас көтеруді ұйымдастырушылардың бірі.— 229.
- Гексли* (Huxley), Томас Генри (1825—1895)— ағылшын ғалымы, табиғат зерттеушісі, Ч. Дарвиннің ең жақын серігі, оның ілімін түсіндіріп таратушы, философияда дәйексіз материалист.— 240.
- Гельвеций* (Helvétius), Клод Адриан (1715—1771)— француздың аса көрнекті философы, атеист, механикалық материализмнің өкілі.— 26.
- VII Генрих* (1457—1509)— ағылшын королі (1485—1509).— 109, 110, 124.

- VIII Генрих** (1491—1547)—ағылшын королі (1509—1547).—109, 124, 126.
- II Георг** (1683—1760)—ағылшын королі (1727—1760).—129, 130.
- III Георг** (1738—1820)—ағылшын королі (1760—1820).—130.
- Геннер** (Нернер), Адольф (1846—1923)—неміс социал-демократы, «Volksstaat» газеті редакторларының бірі, Интернационалдың Гаага конгресінің (1872) делегаты, кейін социал-шовинист.—461.
- Герцен**, Александр Иванович (1812—1870)—орыстың ұлы революцияшыл демократы, философ-материалист, публицист әрі жазушы; 1847 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, онда «Еркін орыс баспаханасын» құрды да, «Полярная звезда» («Темір қазық») жинағы мен «Колокол» («Қоңырау») газетін шығарып тұрды.—269, 420, 422, 427, 428, 434.
- Gёте** (Goethe), Иоганн Вольфганг (1749—1832)—немістің ұлы жазушысы және ойшылы.—395.
- Гизо** (Guizot) Франсуа Пьер Гийом (1787—1874)—француз буржуазиялық тарихшысы және мемлекет қайраткері, 1840 жылдан бастап 1848 жылға дейін іс жүзінде Францияның ішкі және сыртқы саясатын басқарды.—220, 221.
- Гильом** (Guillaume), Джемс (1844—1916)—Швейцария мұғалімі, Интернационалдың мүшесі, оның бірсыпыра конгресстеріне қатысушы, бакунист; Гаага конгресінде (1872) жікшілдік әрекеті үшін Интернационалдан шығарылды.—275, 277, 285, 296, 302.
- Гинс** (Hins), Эжен (1839—1923)—Бельгия мұғалімі, прудонист, кейін бакунист; Интернационалдың Бельгия секциясының негізін салушылардың бірі.—457.
- Гю** (Guiod), Адольф Симон (1805 жылы туған)—француз генералы, 1870—1871 жылдары Парижді қоршау кезінде артиллерияның бас бастығы.—216.
- Гисборн** (Gisborne), Томас (1758—1846)—ағылшынның діни ғалымы, «Великобританиядағы жоғары және орта таптар адамдарының міндеттерін зерттеу» деген және басқа кітаптардың авторы.—148.
- Гладстон** (Gladstone), Уильям Юарт (1809—1898)—ағылшынның мемлекет қайраткері, XIX ғасырдың екінші жартысында либералдық партияның лидерлерінің бірі; казначейство канцлері (финанс министрі) 1852—1855 және 1859—1866) және премьер-министр (1868—1874, 1880—1885, 1886, 1892—1894).—5, 7, 131, 454.
- Гоббс** (Hobbes), Томас (1588—1679)—ағылшынның аса көрнекті философы, механикалық материализмнің өкілі.—56.
- Гогенцоллерндер**—Бранденбург курфюрстерінің (1415—1701), прусс корольдерінің (1701—1918) және герман императорларының (1871—1918) әулеті.—204, 212, 244, 445.
- Годскин** (Hodgskin), Томас (1787—1869)—ағылшын экономисі, «Табиғи және жасанды меншік правосының бір-біріне қарама-қарсылығы» деген кітаптың авторы, капитализмді утопиялық социализм позициясынан сынады.—140.
- Годунов**, Борис Федорович (шамамен 1551—1605)—орыс патшасы (1598—1605).—113.
- Гораций** (Квинт Гораций Флакк) (біздің заманымыздан бұрынғы 65—8)—Римнің аса көрнекті ақыны.—90.
- Горчаков**, Александр Михайлович, князь (1798—1883)—орыстың мемлекет қайраткері әрі дипломат, Венадағы елші (1854—1856), сыртқы істер министрі (1856—1882).—211.
- Грюн** (Grün), Карл (1817—1887)—немістің ұсақ буржуазиялық публицисі, 40-жылдардың орта кезінде «ақиқат социализмнің» басты өкілдерінің бірі; Прудонның жолын қушы.—23.
- Гюлих** (Güllich), Густав (1791—1847)—немістің буржуазиялық экономисі әрі тарихшы, халық шаруашылығы тарихы туралы бірқатар еңбектердің авторы.—95, 143.

Д

- Даблдей** (Doubleday), Томас (1790—1870)—ағылшын публицисі әрі экономисі, буржуазиялық радикал.—146.
- Даннинг** (Dunning), Т. Дж. (1799—1873)—ағылшын кәсіподақ қай-

- раткәрі әрі публицисі, «Тред-юниондар және стачкалар» деген кітаптың авторы.—150.
- Данте Алигьери** (Dante Alighieri) (1265—1321)— италянның ұлы ақыны.—93, 403.
- Дарбуа** (Darbouy), Жорж (1813—1871)— француз теологы, 1863 жылдан Париж архиепископы, 1871 жылғы майда кепілге алған адам ретінде Коммуна атып өлтірді.—196, 257.
- Демаре** (Desmarest)— француздың жандарм офицері, Г. Флурансты өлтіруші.—231.
- Де Пап** (De Paere), Сезар (1842—1890)— Бельгия жұмысшы және социалистік қозғалысының көрнекті қайраткері, Интернационалдың мүшесі, оның бірқатар конгрестерінің делегаты; 1872 жылдан кейін біраз уақыт бакунистерді қолдады; Бельгия жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі.—310.
- Джонс** (Jones), Ричард (1790—1855)— ағылшын буржуазиялық экономисі; оның еңбектері саяси экономияның классикалық мектебінің құлдырауы мен ыдырауын бейнелейді, осының өзінде саяси экономияның бірқатар мәселелері жөнінде ол Рикардодан асып түсті.—77.
- Дицген** (Dietzgen), Иосиф (1828—1888)— неміс жұмысшысы, өз бетімен оқып жеткен философ, диалектикалық материализм негіздеріне өз бетімен келген; социал-демократ.—98.
- Дольфус** (Dollfus), Жан (1800—1887)— Эльзастың ірі фабриканты, буржуазиялық филантроп, Мюлуз мэрі.—339, 392.
- Домбровский** (Dombrowski), Ярослав (1836—1871)— поляктың революцияшы демократы, XIX ғасырдың 60-жылдарындағы Польшадағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысушы; Париж Коммунасының генералы, 1871 жылғы майдың басынан бастап оның барлық қарулы күштерінің бас командашысы, баррикадада өлтірілді.—243.
- Дуэ** (Douay), Феликс (1816—1879)— француз генералы, Седанда тұтқынға алынған; Париж Коммунасын тұншықтырған жендеттердің бірі, версальдықтар армиясы командирлерінің бірі.—252.
- Дюваль** (Duval), Эмиль Виктор (1841—1871)— француз жұмысшы қозғалысының қайраткері, литейщик, Интернационалдың мүшесі, ұлттық гвардия Орталық Комитетінің және Париж Коммунасының мүшесі, Коммуна ұлттық гвардиясының генералы; 1871 жылдың 4 апрелінде қамауға алынып, версальдықтардың қолынан атылды.—230.
- Дюкпесьо** (Ducpétiaux), Эдуард (1804—1868)— Бельгия публицисі әрі статистигі, буржуазиялық филантроп; түрме және қайырым жасау мекемелерінің инспекторы.—347.
- Дюнуайе** (Denuoye), Шарль (1786—1862)— француз тұрпайы экономисі әрі буржуазиялық саяси қайраткері.—26.
- Дюпон** (Dupont), Эжен (шамамен 1831—1881)— халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, француз жұмысшысы, Франциядағы 1848 жылғы революцияға қатысушы; 1862 жылдан бастап Лондонда тұрды, Интернационалдың Бас Советінің мүшесі, оның барлық конгрестеріне қатысушы, 1874 жылы Америка Құрама Штаттарына көшіп барды.—309.
- Дюран** (Durand), Гюстав (1835 жылы туған)— француз зергері, полиция шпионы, 1871 жылдың октябрінде әшкереленіп, Интернационалдан шығарылды.—281, 286.
- Дюфор** (Dufaure), Жюль Арман Станисла (1798—1881)— француз адвокат және мемлекет қайраткері, орлеанист, ішкі істер министрі (1848 және 1849), юстиция министрі (1871—1873, 1875—1876 және 1877—1879), Париж Коммунасын тұншықтырған жендеттердің бірі, министрлер советінің председателі (1876, 1877—1879).—224, 230, 248, 249, 291, 306.

Е

- II Екатерина** (1729—1796)— орыс императрицасы (1762—1796).—424.
- Елизавета** (1533—1603).— ағылшын королевасы (1558—1603).—112, 125, 126, 129, 130.

Ж

Жакме (Jacquetmet)— француз священнигі, 1848 жылы Париж архиепископының бас викарыйі.—257.

Жобер (Jaubert), Ипполит Франсуа, граф (1798—1874)— француз саяси қайраткері, монархист, қоғамдық жұмыстар министрі (1840), 1871 жылы Ұлттық жиналыстың депутаты.—259.

Жоффруа Сент-Илер (Geoffroy Saint-Hilaire), Этьенн (1772—1844)— француз зоологы, эволюционист, «Натурфилософияның синтетикалық, тарихи және физиологиялық танымы» деген кітаптың авторы.—135.

Жуковский, Николай Иванович (1833—1895)— орыс анархисі, эмигрант, купия Альянстың басшыларының бірі.—278.

Жуковский, Юлий Галактионович (1822—1907)— орыстың тұрпайы буржуазиялық экономисі, әрі публицист, Мемлекеттік банктің меңгерушісі; марксизмге қарсы өшпенді шабуыл жасау бағытындағы «Карл Маркс және оның капитал туралы кітабы» деген мақаланың авторы.—433.

З

Закс (Sax), Эмиль (1845—1927)— Австрияның буржуазиялық экономисі.—317, 347, 348, 350—364, 368—371.

Зибер, Николай Иванович (1844—1888)— орыстың белгілі экономисі, Маркстің экономикалық еңбектерін Россияда алғаш түсіндіріп таратушылардың бірі.—99.

Зорге (Sorge), Фридрих Адольф (1828—1906)— халықаралық және америкн жұмысшы және социалистік қозғалысының көрнекті қайраткері, 1848 жылғы революцияға қатысушы, Интернационалдың белсенді мүшелерінің бірі, Нью-Йорктегі Бас Советтің мүшесі және оның бас секретары (1872—1874), марксизмді белсене насихаттаушы; Маркс пен Энгельстің досы әрі серігі.—464.

И

Иден (Eden), Фредерик Мортон (1766—1809)— ағылшын буржуа-

зиялық экономисі, «Кедейлердің жағдайы» деген кітаптың авторы.—112, 115, 117, 118, 147, 150.

Қайырымды II Иоанн (1319—1364)— француз королі (1350—1364).—128.

Й

Йорк (York), Теодор (1875 жылы қайтыс болған)— неміс жұмысшы қозғалысының қайраткері, лассальшыл, 1871—1874 жылдарда Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясының секретары.—461.

К

Кабе (Cabet), Этьенн (1788—1856)— француз публицисі, бейбіт утопиялық коммунизмнің көрнекті өкілі, «Икарняға саяхат» деген кітаптың авторы.—26, 261.

Кавеньяк (Cavaignac), Луи Эжен (1802—1857)— француз генералы және саяси қайраткері, баяу буржуазиялық республикашыл; 1848 жылдың майынан бастап соғыс министрі, Париж жұмысшыларының июнь көтерілісін шектен шыққан қаталдықпен басты; атқару өкіметінің басшысы (июнь—декабрь 1848)—257.

Калиостро (Cagliostro), Алессандро (шын аты Джузеппе *Бальзамо*) (1743—1795)— итальян авантюрисі.—273.

Калонн (Calonne), Шарль Александр де (1734—1802)— француздың мемлекет қайраткері, XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы кезінде контрреволюцияшыл эмиграция көсемдерінің бірі.—247.

Калпер (Culperer), Томас (1578—1662)— ағылшын буржуазиялық экономисі, меркантилизмді жақтаушы.—150.

Камелина (Camelinat), Зефирен (1840—1932)— француз жұмысшы және социалистік қозғалысының көрнекті қайраткері, Интернационалдың Париж секциялары басшыларының бірі, Париж Коммунасына қатысқан, 1920 жылдан Франция коммунистік партиясының мүшесі.—285.

Кант (Kant), Иммануил (1724—

- 1804)—немістің классикалық философиясының негізін салушы, идеалист.—22, 24.
- I Карл* (1600—1649)—ағылшын королі (1625—1649), XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде жазаланып өлтірілген.—110, 111.
- V Карл* (1500—1558)—Қасиетті Рим империясы деп аталатынның императоры (1519—1556) және *I Карл* деген атпен испан королі (1516—1556)—127.
- X Карл* (1622—1660)—швед королі (1654—1660).—114.
- XI Карл* (1655—1697)—швед королі (1660—1697).—114.
- Ұлы Карл* (шамамен 742—814)—француз королі (768—800) және императоры (800—814).—117.
- Кауфман*, Илларион Игнатъевич (1848—1916)—орыстың буржуазиялық экономисі, «Карл Маркстегі саяси-экономикалық сын көзқарасы» деген мақаланың және ақша айналымы мен кредит мәселелері жөніндегі еңбектердің авторы.—99, 100.
- Кент* (Kent), Натаниел (1737—1810)—ағылшын егіншісі, ауыл шаруашылығы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—116.
- Кенэ* (Quesnay), Франсуа (1694—1774)—француздың ірі экономисі, физиократтар мектебінің негізін салушы.—97.
- Кётлогон* (Coëtlogon), Луи Шарль Эмманюэль, граф *де* (1814—1886)—француз чиновнигі, бонапартист, Париждегі 1871 жылғы 22 марттағы контрреволюциялық бас көтеруді ұйымдастырушылардың бірі.—229.
- Коббет* (Cobbett), Уильям (1762—1835)—ағылшын саяси қайраткері және публицист, «Англия мен Ирландиядағы протестанттық «Реформация» тарихының» авторы, ұсақ буржуазиялық радикал.—111, 144, 146.
- Кобден* (Cobden), Ричард (1804—1865)—ағылшын фабриканты, фритредерлер лидерлерінің бірі және Астық заңдарына қарсы лиганың негізін салушылардың бірі; парламент мүшесі.—97.
- Кольбер* (Colbert), Жан Батист (1619—1683)—француздың мемлекет қайраткері, меркантилизмді жақтаушы, финанстерінің бас бақылаушысы.—146.
- Конт* (Comte), Огюст (1798—1857)—француз философы, позитивизмнің негізін салушы.—98.
- Конт* (Comte), Шарль (1782—1837)—француздың тұрпайы буржуазиялық экономисі, «Заңдылықтар туралы трактат» деген кітаптың авторы.—141.
- Корбон* (Corbon), Клод Антим (1808—1891)—француздың саяси қайраткері, республикашыл, Құрылтай жиналысының депутаты (1848—1849); кейін Париж округтерінің бірінің мэрі, 1871 жылғы Ұлттық жиналыстың депутаты.—216.
- Кромвель* (Cromwell), Оливер (1599—1658)—XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы кезіндегі буржуазияның және буржуазияланған дворяндардың көсемі; 1653 жылдан Англияның, Шотландияның және Ирландияның лорд-протекторы.—110, 113, 138.
- Крупп* (Krupp), Альфред (1812—1887)—неміс металлургиялық және соғыс заводтарының ірі қожасы.—362.
- Кугельман* (Kugelmann), Людвиг (1830—1902)—неміс дәрігері, 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, Интернационалдың мүшесі, оның бірқатар конгрестерінің делегаты; Маркс семьясының досы.—94, 447, 450, 452, 453.
- Кузен-Монтобан* (Cousin-Montauban), Шарль Гийом Мари Аполинер Антуан, граф *де Паллиао* (1796—1878)—француз генералы, бонапартист, 1860 жылы Қытайдағы ағылшын-француз экспедициялық әскерлерін басқарды, соғыс министрі және үкімет басшысы (август—сентябрь 1870).—224.
- Куно* (Cuno), Фридрих Теодор (1846—1934)—неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, социалист, I Интернационалдың қызметіне белсене қатысты; кейін американ жұмысшыларының «Еңбек рыцарлары» деген ұйымын басқарушылардың бі-

рі; «New Yorker Volkszeitung» газетінің қызметкері.—455, 459—461.
Кэри (Carey), Генри Чарлз (1793—1879)—американ тұрпайы буржуазиялық экономисі, «Құлдарды ішкі және сыртқы саудаға салу» деген және басқа да бірқатар кітаптардың авторы.—121, 139.

Л

Лавуазье (Lavoisier), Антуан Лоран (1743—1794)—француздың аса көрнекті химигі, флогистон дегеннің болатындығы туралы болжамды теріске шығарды; сонымен қатар саяси экономия және статистика проблемаларымен де шұғылданды.—163.

Ландек (Landeck), Бернар (1832 ж. туған)—француз зергері, Интернационалдың және 1871 жылғы француз секциясының мүшесі.—285.

Лассаль (Lassalle), Фердинанд (1825—1864)—немістің ұсақ буржуазиялық публицисі, адвокат, 1848—1849 жылдарда Рейн провинциясындағы демократиялық қозғалысқа қатысты; 60-жылдардың басында жұмысшы қозғалысына қосылды, Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі; Германияны «жоғарыдан» Пруссия гегемониясы арқылы біріктіру саясатын қолдады; герман жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік бағытты бастаушы.—89, 90, 389, 390, 444—448, 464.

Лафарг (Lafargue), Лаура (1845—1911)—француз жұмысшы қозғалысының қайраткері, Поль Лафаргтың әйелі, Маркстің қызы.—450.

Лафарг (Lafargue), Поль (1842—1911)—халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, марксизмнің аса көрнекті насихатшысы, Интернационалдың Бас Советінің мүшесі, Испания үшін корреспондент-секретарь (1866—1869), Интернационалдың Франциядағы (1869—1870), Испания мен Португалиядағы секцияларын (1871—1872) құруға қатынасты, Гаага конгресінің (1872) делегаты, Франция жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі; Маркс пен Энгельстің шәкірті және серігі.—450.

Лаффит (Laffitte), Жак (1767—1844)—француздың ірі банкирі және саяси қайраткері, орлеанист.—219.

Леблан (Leblanc), Альбер Феликс (1844 жылы туған)—Интернационалдың Париж ұйымының мүшесі, бакунистерге қосылды, Париж Коммунасына қатысушы, Коммунаның Лиондағы делегаты болып жүрші, онда Коммуна жариялау әрекетіне қатысты; Коммуна басылғаннан кейін Англияға эмиграцияға кетіп, бонапартист болды.—459.

Леви (Levi), Лион (1821—1888)—ағылшынның буржуазиялық экономисі, статистик әрі юрист.—123.

Леконт (Lecomte), Клод Мартен (1817—1871)—француз генералы, Тьер үкіметінің ұлттық гвардияның артиллериясын басып алу әрекеті күйрегеннен кейін көтеріліске шыққан солдаттар атып тастаған.—227, 228, 231, 249—251.

Лекрафт (Lucraft), Бенджамин (1809—1897)—ағылшын жұмысшысы, тред-юниондар лидерлерінің бірі, реформист, Интернационалдың Бас Советінің (1864—1871) мүшесі, 1871 жылы Париж Коммунасына қарсы шықты, оның ренегаттығын айыптаған Бас Советтен шықты.—265.

Ленге (Linguet), Симон Никола Анри (1736—1794)—француз адвокаты және экономисі, буржуазиялық бостандықтар мен меншікті қатты сынады.—28, 128.

Лео (Leo), Анре (шын аты Леони Шампсе) (1829—1900)—француз жазушысы, Париж Коммунасына қатысушы, кейін эмигрант болды, бакунистерді қолдаған.—278.

Лессинг (Lessing), Готхольд Эфраим (1729—1781)—немістің ұлы жазушысы, сыншы әрі философ, XVIII ғасырдағы көрнекті ағартушылардың бірі.—101.

Лефло (Le Flo), Адольф Эмманюэль Шарль (1804—1887)—француз генералы және саяси қайраткері; тәртіп партиясының өкілі, Екінші республика кезіндегі Құрылтай және Заң шығару жиналыстарының депутаты.—228, 231.

Лефрансе (Lefranais), Гюстав (1826—1901)—француз мұғалімі,

Интернационалдың және Париж Коммунасының мүшесі, солшыл прудонист; Швейцарияға эмиграцияға кетіп, онда анархистерге қосылды.—287, 288, 303.

Ле Шателье (Le Chapelier), Исаак Рене Ги (1754—1794)— француздың саяси қайраткері, реакционер, жұмысшы одақтары мен стачкаларға тыйым салу туралы заңның (1791) авторы; якобиндік диктатура кезінде жазаланып өлтірілді.—132.

Либих (Liebig), Юстус (1803—1873)— немістің аса көрнекті ғалымы, агрохимияның негізін салушылардың бірі.—393.

Либкнехт (Liebknecht), Вильгельм (1826—1900)— неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері; 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; Коммунистер одағының және I Интернационалдың мүшесі; герман социал-демократиясының негізін салушылардың және көсемдерінің бірі, Маркс пен Энгельстің досы және серігі.—443, 444, 451, 461.

Линкольн (Lincoln), Авраам (1809—1865)— Американың аса көрнекті мемлекет қайраткері, АҚШ-тың президенті (1861—1865); республикалық партияның негізін салушылардың бірі; 1865 жылдың апрелінде құл иеленушілердің агенті өлтіріп кетті.—20—21, 166.

Линтон (Linton), Уильям Джемс (1812—1897)— ағылшын гравёрі, акын әрі публицист, республикашыл, Герценнің мақалалары басылып тұрған «English Republic» журналын шығарушы; 1866 жылы АҚШ-қа эмиграцияға кетті.—427.

Лициний (Гай Лициний Столон)— Римнің біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекет қайраткері; халық шешені болып, Секстиймен бірге плэбейлердің мүдделерін көздейтін заңдар енгізді.—117.

Луи Бонапарт— қараңыз: *III Наполеон*.

Луи-Наполеон— қараңыз: *III Наполеон*.

Луи-Филипп (1773—1850)— Орлеан герцоғы, француз королі (1830—

1848).—9, 191, 192, 221, 222, 223, 227, 238, 250, 407.

XIV Людовик (1638—1715)— француз королі (1643—1715).—278.

XVI Людовик (1754—1793)— француз королі (1774—1792), XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының кезінде жазаланып өлтірілді.—127, 195.

Лютер (Luther), Мартин (1483—1546)— Реформацияның көрнекті қайраткері, Германиядағы протестантизмнің (лютерандықтың) негізін салушы; неміс бюргерлігінің идеологы.—143.

М

Мадзини (Mazzini), Джузеппе (1805—1872)— италиян революционері, буржуазияшыл демократ, Италиядағы ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің бірі, 1849 жылы Рим республикасы уақытша үкіметінің басшысы, 1850 жылы европалық демократияның Лондондағы Орталық Комитетін ұйымдастырушылардың бірі; I Интернационал құрылған кезде, оны өз ықпалына бағындыруға тырысты, Италияда өз алдына дербес жұмысшы қозғалысының дамуына кедергі жасады.—457.

Мак-Куллох (Mac Culloch), Джон Рамси (1789—1864)— ағылшын буржуазиялық экономисі, «Саяси экономия жөніндегі әдзбиет» деген және басқа да бірқатар кітаптардың авторы, Рикардоның экономикалық ілімін тұрпайыландырушы.—116.

Мак-Магон (Mac-Mahon), Мари Эдм Патрис Мюрис (1808—1893)— француздың реакцияшыл соғыс және саяси қайраткері, бонапартист; Селанда қамауға алынды; Париж Коммунасын тұншықтырған жететтердің бірі, версальдықтар армиясының бас команданшысы; Үшінші республиканың президенті (1873—1879).—252, 256, 257.

Маколей (Macaulay), Томас Бабингтон (1800—1859)— ағылшынның буржуазиялық саяси қайраткері, виг; «Англия тарихы» деген және басқа еңбектердің авторы.—106, 110.

Малон (Malon), Бенуа (1841—

- 1893)— француз социалисі, Интернационалдың және Париж Коммунасының мүшесі, кейін эмигрант, анархистерге қосылды, кейін послибилистер лидерлерінің бірі.—277, 278, 285, 288, 289, 300, 303, 407.
- Малу* (Malou), Жюль (1810—1886)— Бельгияның мемлекет қайраткері, финанс министрі (1844—1847, 1870—1878), министрлер советінің председателі (1871—1878); католиктік партияда болды.—267.
- Мальтус* (Malthus), Томас Роберт (1766—1834)— ағылшын священнигі, экономист; халық санының өсуі жөніндегі адамзатқа қас теорияны уағыздаушы.—22, 69.
- Марковский* — патша үкіметінің Франциядағы агенті, 1871 жылы Тьер қызметкерлерінің бірі.—243.
- Маркс* (Marx) Женни (1844—1883)— К. Маркстің үлкен қызы, халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, 1872 жылдан Ш. Лонгенің әйелі.—460.
- Маркс* (Marx), Карл (1818—1883) (өмірбаяндық мәліметтер).—21, 23—26, 29, 34, 79, 89—91, 92—95, 99—102, 121, 155, 158—164, 168, 169, 183, 189, 190, 199, 286, 315, 318, 319, 331, 346, 380, 388, 401, 429, 432, 436, 438, 442—452, 460, 461, 463—465.
- Маркс* (Marx), Элеонора (Тусси) (1855—1898)— Карл Маркстің кіші қызы; ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, 1884 жылдан Эдуард Эвелингтің әйелі.—339.
- Марр* (Marr), Вильгельм (1819—1904)— немістің ұсақ буржуазиялық публицисі; 1865—1866 жылдарда «*Veobachter an der Elbe*» газетін бастырушы, 60-жылдардың басында Бисмарктің саясатын қолдады.—443.
- Маурер* (Maurer), Георг Людвиг (1790—1872)— немістің көрнекті буржуазиялық тарихшысы, ежелгі және орта ғасырлық Германиядағы қоғамдық құрылысты зерттеуші.—421.
- Мейснер* (Meissner), Отто Карл (1819—1902)— Гамбург кітап шығарушысы, Маркс пен Энгельстің бірқатар еңбектерін бастырып шығарды.—154.
- Мендельсон* (Mendelssohn), Мозес (1729—1786)— немістің реакцияшыл философы, дәист.—101.
- Менений Агриппа* (біздің заманымыздан бұрынғы 493 жылы өлген)— Рим патрицийі.—32.
- Микель* (Miquel), Иоганн (1828—1901)— немістің саяси қайраткері, 40-жылдарда Коммунистер одағының мүшесі; кейін национал-либерал; 90-жылдарда Пруссияның финанс министрі.—443, 445.
- Миллер* (Miller), Джозеф (Джо) (1684—1738)— ағылшынның кенінен танымал күлдіргі актері.—217.
- Милль* (Mill), Джон Стюарт (1806—1873)— ағылшын буржуазиялық экономисі және философ-позитивист, саяси экономиядағы классикалық мектептің эпигоны.—96, 97, 139.
- Мильер* (Millière), Жан Батист (1817—1871)— француз журналисі, солшыл прудонист; 1871 жылғы майда версальдықтар атып өлтірді.—217, 262.
- Мирабо* (Mirabeau), Оноре Габриель (1749—1791)—XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткері, ірі буржуазия мен буржуазияланған дворяндардың мүддесін білдіруші, «Ұлы Фридрихтың тұсындағы Пруссия монархиясы туралы» деген кітаптың авторы.—107, 122, 123, 137, 147, 220, 443.
- Михайловский*, Николай Константинович (1824—1904)— орыс социологы, публицисі әрі әдеби сыншы, либерал халықшылдықтың көрнекті идеологы; «Русское Богатство» және «Отечественные Записки» журналдары редакторларының бірі.—433.
- Монтей* (Monteil), Аман Алексис (1769—1850)— француздың буржуазиялық тарихшысы, «Тарихтың әр түрлі тараулары бойынша қолжазба материалдар туралы трактат» деген және басқа шығармалардың авторы.—135.
- Монтескье* (Montesquieu), Шарль (1689—1755)— француздың аса көрнекті буржуазиялық социологы, экономист әрі жазушы, XVIII ғасырдағы буржуазиялық Ағарту

өкілі, конституциялық монархияның теоретигі.—145, 237.

Мор (More), Томас (1478—1535)—ағылшын саяси қайраткері, утопиялық коммунизмнің алғашқы өкілдерінің бірі. «Утопияның» авторы.—108, 126.

Мортон (Morton), Джон Чалмерс (1821—1888)—ағылшын агрономы, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—38.

Мюльбергер (Mülberger), Артур (1847—1907)—немістің ұсақ буржуазиялық публицисі, прудонист; мамандығы дәрігер.—317, 328, 336—338, 340, 341, 344, 346, 377—388, 391—491, 462.

Мюнцер (Münzer), Томас (шамамен 1490—1525)—немістің ұлы революционері, Реформация мен 1525 жылғы Шаруалар соғысы кезіндегі шаруа-плебей лагерінің көсемі әрі идеологы, теңгермелік утопиялық коммунизм идеяларын уағыздады.—168.

Н

I Наполеон Бонапарт (1769—1821)—француз императоры (1804—1814 және 1815).—28, 195, 199, 207, 211, 221, 242, 244, 348, 457.

III Наполеон (Луи-Наполеон Бонапарт) (1808—1873)—I Наполеонның немере інісі, Екінші республиканың президенті (1848—1851), француз императоры (1852—1870).—28, 29, 172, 189, 190, 202, 204, 207, 208, 211, 212, 214, 217, 220—223, 225—227, 234, 238, 243—245, 247, 250, 276, 277, 291, 304, 339, 359, 363, 374, 376, 451, 460.

Нерон (37—68)—Рим императоры (54—68).—8.

Нечаев, Сергей Геннадиевич (1847—1882)—орыс заговоршы-революционері, Петербургтегі 1868—1869 жылдардағы студенттік қозғалысқа қатысушы, 1869—1871 жылдары Бакуинмен тығыз байланыста болып, «Халықтық жазалау» (1869) жасырын ұйымын құрды, 1872 жылы Швейцария өкімет орындары орыс үкіметіне ұстап беріп, Петропавл қамалында өлді.—273, 274, 460.

I Николай (1796—1855)—орыс императоры (1825—1855).—436.

Ньюмарч (Newmarch), Уильям (1820—1882)—ағылшын буржуазиялық экономисі әрі статистик.—37.

Ньюмен (Newman), Фрэнсис Уильям (1805—1897)—ағылшын буржуазиялық радикалы, діни, саяси және экономикалық мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—37, 114, 119.

О

Оджер (Odger), Джордж (1820—1877)—ағылшын етікшісі, тредюниондар лидерлерінің бірі, реформист, Интернационал Бас Советінің мүшесі (1864—1871), оның председателі (1864—1867); 1871 жылы Париж Коммунасына қарсы шықты, өзінің ренегаттығын айыптаған Бас Советтен шықты.—265, 271.

Ожье (Augier), Мари—француз журналисі, экономика мәселелері жөніндегі мақалалардың авторы.—150.

Орель де Паладин (Aurelle de Paladines), Луи Жан Батист *д'* (1804—1877)—француз генералы, клерикал, 1871 жылғы мартта Париж ұлттық гвардиясының командашысы, 1871 жылғы Ұлттық жиналыстың депутаты.—224, 226.

Орлеандар—Франциядағы (1830—1848) король әулеті.—244, 249.

Осман (Hausmann), Жорж Эжен (1809—1891)—француздың саяси қайраткері, бонапартист, Сена департаментінің префекті (1853—1870), Парижді қайта құру жөніндегі жұмыстарды басқарды.—244, 255, 256, 328, 375.

Оуэн (Owen), Роберт (1771—1858)—ағылшынның ұлы социалист-утописті.—12, 37, 154, 181, 356, 357, 431, 447.

П

Павиа-и-Родригес (Pavia у Rodriguez), Мануэль (1827—1895)—испан генералы әрі саяси қайраткер, 1873 жылы карлистерге қарсы республика әскер бөлімдерін басқарды, Анталузиядағы кантоналистер көтерілісін басты.—425.

- Паликао** — қараңыз: *Кузен-Монтобан*.
- Пальмерстон** (Palmerston), Генри Джон *Темпл*, виконт (1784—1865)— ағылшынның мемлекет қайраткері, тори, 1830 жылдан вигтер лидерлерінің бірі; сыртқы істер министрі (1830—1834, 1835—1841 және 1846—1851), ішкі істер министрі (1852—1855) және премьер-министр (1855—1858 және 1859—1865)—12.
- Пеккёр** (Pecqueur), Константен (1801—1887)— француз экономисі, социалист-утопист.—151.
- Пен** (Péne), Анри де (1830—1888)— француз журналисі, монархист, 1871 жылғы 22 мартта Париждегі контрреволюциялық бас көтерудің ұйымдастырушыларының бірі.—229.
- Перейр**, немесе *Перейра* (Pereira), Исаак (1806—1880)— француз банкирі, бонапартист; 1852 жылы өзінің бауыры *Эмиль* Перейрмен бірге «Crédit Mobilier» акционерлік банкіні құрды.—373.
- I Петр** (1672—1725)—1682 жылдан орыс патшасы, 1721 жылдан бүкіл россиялық император.—27, 416.
- III Петр** (1728—1762)— орыс императоры (1761—1762).—424.
- Пиа** (Puat), Феликс (1810—1889)— француз публицисі, ұсақ буржуазиялық демократ, 1848 жылғы революцияға қатысушы, 1849 жылдан бастап эмигрант; бірқатар жылдар бойына Маркс пен Интернационалға қарсы жалақорлық күрес жүргізді; бұл үшін Лондондағы Француз секциясын пайдаланды; Париж Коммунасының мүшесі.—263, 280.
- Пик** (Pic), Жюль — француз журналисі, бонапартист, «Etendard» газетінің жауапты шығарушысы.—217.
- Пикар** (Picard), Эжен Артур (1825 жылы туған)— француз саяси қайраткері әрі биржалық епшіл, баяу буржуазиялық республикашыл.—218.
- Пикар** (Picard), Эрнест (1821—1877)— француз адвокаты әрі саяси қайраткер, баяу буржуазиялық республикашыл, ұлттық қорғаныс үкіметінің финансы министрі (1870—1871), Тьер үкіметінде ішкі істер министрі (1871), Коммунаны тұншықтырушы жездәттердің бірі, осының алдында айтылған Пикардың ағасы.—218, 219, 224, 230, 259.
- Пиль** (Peel), Роберт (1750—1830)— ағылшынның ірі фабриканты, тори, парламент мүшесі.—148.
- Пиль** (Peel), Роберт (1788—1850)— ағылшынның мемлекет қайраткері, баяу торилердің лидері, ішкі істер министрі (1822—1827 және 1828—1830), премьер-министр (1834—1835 және 1841—1846); либералдардың қолдауымен астық заңдарын жойғызды (1846), осының алдында айтылған Пильдің баласы.—97, 148.
- Пиндар** (шамамен біздің заманымыздан бұрынғы 522 жылы туып, 442 жыл шамасында өлген)— ежелгі грек ақыны.—149.
- Питт** (Pitt), Уильям, Кішісі (1759—1806)— ағылшынның мемлекет қайраткері, премьер-министр (1783—1801 және 1804—1806), тори лидерлерінің бірі.—130.
- Плеханов**, Георгий Валентинович (1856—1918)— орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, философ, Россияда марксизмді насихаттаушы, орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобының негізін салушы; 80—90-жылдарда халықшылдармен күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы шықты; кейін меньшевик; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинист.—428, 432.
- Прайс** (Price), Ричард (1723—1791)— ағылшын радикал публицисі, экономист әрі философ-моралист.—116.
- Пристли** (Priestley), Джозеф (1733—1804)— ағылшынның белгілі химигі, философ-материалист әрі прогрессшіл қоғам қайраткері.—162, 163.
- Прудон** (Proudhon), Пьер Жозеф (1809—1865)— француз публицисі, экономист әрі социолог, ұсақ буржуазияның идеологы, анархизмнің негізін салушылардың бірі.—21—25,

- 197, 198, 317—320, 327, 329, 331—333, 335, 336, 337, 338—341, 343, 344, 346, 348, 351, 354, 377—379, 381, 382, 385—390, 395, 397—399, 402, 444, 449, 454.
- Пузачев**, Емельян Иванович (шамамен 1742—1775)—Россиядағы XVIII ғасырдағы шаруалар мен казактардың крепостниктікке қарсы аса ірі көтерілісінің көсемі.—424.
- Пуье-Кертье** (Pouyer-Quertier), Огюстен Тома (1820—1891)—француздың ірі фабриканты және саяси қайраткері, финансы министрі (1871—1872).—224.
- Пьетри** (Pietri), Жозеф Мари (1820—1902)—француздың саяси қайраткер, бонапартист, Париж полициясының префекті (1866—1870).—204, 248, 285.
- Р**
- Рамсей** (Ramsay) Джордж (1800—1871)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның соңғы өкілдерінің бірі—77.
- Рассел** (Russell), Джон (1792—1878)—ағылшынның мемлекет қайраткері, вигтер лидері, премьер-министр (1846—1852 және 1865—1866).—114.
- Раумер** (Raumer), Фридрих (1781—1873)—немістің реакцияшыл тарихшысы және саяси қайраткер.—28.
- Рафлс** (Raffles), Томас Стамфорд (1781—1826)—ағылшын чиновнигі, 1811—1816 жылдарда Ява губернаторы, «Ява тарихының» авторы.—141.
- Решауэр** (Reschauer), Генрих (1838 жылы туған)—Австрия буржуазиялық жазушысы әрі журналист, либерал.—392.
- Риго** (Rigault), Рауль (1846—1871)—француздың революционер-бланкисі, Париж Коммунасының мүшесі, Қоғамдық қауіпсіздік комиссиясының делегаты, 26 апрельден бастап Коммуна прокуроры; 24 майда версальдықтар ұстап алып, сотсыз атып тастады.—278.
- Рикардо** (Ricardo), Давид (1772—1823)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілі.—25, 48, 76, 77, 96, 99, 148, 164, 449.
- Ришар** (Richard), Альбер (1846—1925)—француз журналисі, Интернационалдың Лион секциясы басшыларының бірі, құпия Альянстың мүшесі, 1870 жылғы Лион көтерілісіне қатысушы; Париж Коммунасы тұншықтырылғаннан кейін бонапартист болды.—275—277, 279, 305—307, 459.
- Робен** (Robin), Поль (1837 жылы туған)—француз мұғалімі, бакунист, Социалистік демократия альянсы басшыларының бірі, Бас Советтің мүшесі (1870—1871), Интернационалдың Базель конгресі (1869) мен Лондон конференциясының (1871) делегаты.—276, 286, 287, 457.
- Робер** (Robert), Фриц—Швейцария мұғалімі, Интернационал мүшесі, бакунист.—275, 296.
- Робертс** (Roberts), Генри (1876 жылы қайтыс болған)—ағылшын архитекторы, буржуазиялық филантроп.—347.
- Робертс** (Roberts), Джордж (1860 жылы қайтыс болған)—ағылшынның буржуазиялық тарихшысы, «Англияның оңтүстік графтықтары халқының әлеуметтік тарихы» деген және басқа шығармалардың авторы.—110.
- Робеспьер** (Robespierre), Максимилиан (1758—1794)—XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының аса көрнекті қайраткері, якобиншілдер көсемі, революциялық үкіметтің басшысы (1793—1794).—36, 413.
- Робине** (Robinet), Жан Франсуа Эжен (1825—1899)—француз тарихшысы, позитивист, 1870—1871 жылдардағы қоршау кезінде Париж округтерінің бірінің мәрі.—259.
- Родбертус** (Rodbertus), Иоганн Карл (1805—1875)—немістің тұрпайы экономисі және саяси қайраткері, пруссиялық «мемлекеттік социализм» деген реакциялық идеяларды уағыздаушы.—162, 164.
- Роджерс** (Rogers), Джемс Эдвин Торолд (1823—1890)—ағылшынның буржуазиялық экономисі, «Англиядағы ауыл шаруашылығы және баға тарихы» деген және басқа ең-

бектердің авторы.—112, 139.

Роско (Roscoe), Генри Энфилд (1833—1915)—ағылшын химигі, химия жөніндегі біраз еңбектердің авторы.—162.

Роуз (Rose), Джордж (1744—1818)—ағылшынның мемлекет қайраткері, тори, казначейство канцлэрі (финанс министрі) (1782—1783 және 1784—1801).—74.

Ру-Лавернь (Roux-Lavergne) Пьер Селестен (1802—1874)—француздың буржуазиялық тарихшысы, философ-идеалист.—132.

Руссо (Rousseau), Жан Жак (1712—1778)—француздың аса көрнекті ағартушысы, демократ, ұсақ буржуазияның идеологы, философ-деист, «Саяси экономия туралы пайымдаулар» деген және басқа еңбектердің авторы.—27, 136.

С

Саказ (Sacase), Франсуа (1808—1884)—француз чиновнигі, монархист, 1871 жылдан Ұлттық жиналыстың депутаты.—291, 306.

Сатерленд (Sutherland), Харриет Элизабет Джорджиана, герцогиня (1806—1868)—Шотландияның ірі жер иеленушісі.—121.

Сатерленд (Sutherland), Элизабет, маркиза *Стаффорд*, 1833 жылдан герцогиня (1765—1839)—Шотландияның ірі жер иеленушісі, алдында айтылған Сатерлендтің қайын енесі.—120.

Сениор (Senior), Нассау Уильям (1790—1864)—ағылшынның тұрпайы буржуазиялық экономисі.—11, 36, 121.

Сен-Симон (Saint-Simon), Анри (1760—1825)—француздың ұлы социалист-утописі.—21, 154, 181, 453.

Серрайе (Serrailier), Огюст (1840 жылы туған)—француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, Интернационалдың Бас Советінің мүшесі (1869—1872), Бельгиядағы (1870) және Франциядағы (1871—1872) корреспондент-секретарь; Париж Коммунасының мүшесі, Маркстің серігі.—284.

Сессе (Saisset), Жан (1810—1879)—

француз адмиралы және саяси қайраткері, монархист, Париж ұлттық гвардиясының қолбасшысы (20—25 март, 1871 ж.), 18 марттағы пролетарлық революцияны тұншықтыру үшін реакция күштерін біріктіруге тырысты; 1871 жылғы Ұлттық жиналыстың депутаты.—230.

Сили (Seeley), Роберт Бентон (1798—1886)—ағылшын кітап бастырушысы, «Халық үшін қауіп-қатерлер» деген кітаптың авторы, буржуазиялық филантроп.—118.

Симон (Simon), Жюль (1814—1896)—француздың мемлекет қайраткері, баяу буржуазиялық республикашыл халық ағарту министрі (1870—1873), Коммунаға қарсы күресті рұхтандырушылардың бірі; министрлер советінің председателі (1876—1877).—224.

Сисмонди (Sismondi), Жан Шарль Леонар *Симон де* (1773—1842)—Швейцария экономисі, капитализмнің ұсақ буржуазиялық сыншысы.—77, 96, 153.

Скалдин—Федор Павлович *Еленевтиң* бүркеншік аты (1828—1902),—орыс жазушысы, публицист, 60-жылдардағы буржуазиялық либерализмнің өкілі; «Отечественные записки» журналына жазып тұрды, «Алыс түкпірде және астанада» деген белгілі кітаптың авторы; кейін реакционер.—423.

Слоон (Sloane), Ханс (1660—1753)—ағылшын табиғат зерттеушісі, кітаптар мен қолжазбалардың коллекционері, оның коллекциясы (басқа жеке меншік екі жинамамен бірге) Британ музейінің құрылуына бастама болды.—114.

Смит (Smith), Адам (1723—1790)—ағылшын экономисі, классикалық буржуазиялық саяси экономияның аса ірі өкілдерінің бірі.—48, 54, 76, 99, 103, 119, 120, 128, 150.

Смит (Smith), Голдуин (1823—1910)—ағылшын буржуазиялық тарихшысы әрі экономисі; либерал; 1871 жылдан Канадада тұрды.—139.

Смит (Smith), Эдуард (шамамен 1818—1874)—ағылшын дәрігері.—6.

Солон (біздің заманымыздан бұрынғы шамамен 638—558 жылдар)—

- Афиньның атақты заң шығарушысы, халық бұқарасының ықпалымен текті ақсүйектерге қарсы бағытталған бірқатар реформа жүргізді.—433.
- Сомерс* (Somers), Роберт (1822—1891)—ағылшын буржуазиялық публицисі, «Таулы Шотландиядан хаттардың» авторы.—121—123.
- Спиноза* (Spinoza), Барух Бенедикт (1632—1677)—Голландияның аса көрнекті философ-материалисі, атеист.—102.
- Стаффорд* (Stafford), Уильям (1554—1612)—ағылшын экономисі, алғашқы меркантилизмнің өкілі.—134.
- Стефанони* (Stefanoni), Лунджи (1842—1905)—итальян жазушысы, ұсақ буржуазиялық демократ, бакунистерді қолдады.—303.
- Страйн* (Strype), Джон (1643—1737)—ағылшын священнигі әрі тарихшы, «Англикан шіркеуіндегі Реформация мен дінді нығайтудың және басқа әр түрлі оқиғалардың шежіресінің» авторы.—126.
- Стюарт* (Steuart), Джемс (1712—1780)—ағылшын экономисі, меркантилизмді жақтаушы.—109, 119, 135.
- Стюарттар*—1371 жылдан бастап Шотландияны және Англияны (1603—1649, 1660—1714) билеген корольдер әулеті.—113.
- Сулла* (Луций Корнелий Сулла) (біздің заманымызға дейінгі 138—78)—Рим қолбасшысы әрі мемлекет қайраткері, консул (біздің заманымызға дейінгі 88), диктатор (біздің заманымызға дейінгі 82—79)—222.
- Сюзан* (Susane), Луи (1810—1876)—француз генералы, соғыс министрлігінің артиллерия басқармасының бастығы қызметін атқарды, француз армиясының тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—216.
- Т**
- Тайфер* (Taillefer)—бонапартистік «Etendard» газетін шығаруға байланысты қылмысты істерге қатысқан адам.—217.
- Такер* (Tucker), Джозая (1712—1799)—ағылшын священнигі және экономисі.—150.
- Такет* (Tuckett), Джон Дебелл (1864 жылы қайтыс болған)—ағылшын тарихшысы, «Еңбекші халықтың өткендегі және қазіргі жағдайының тарихы» деген шығарманың авторы.—111, 139.
- Тамерлан*—қараңыз: *Тимур*.
- Тамизье* (Tamisier), Франсуа Лоран Альфонс (1809—1880)—француз генералы және саяси қайраткері, республикашыл; Париж ұлттық гвардиясының командашысы (сентябрь—ноябрь 1870), 1871 жылғы Ұлттық жиналыстың депутаты.—228.
- Тацит* (Публий Корнелий Тацит) (шамамен 55—шамамен 120)—Римнің аса ірі тарихшысы, «Германия», «Тарих», «Анналдар» деген еңбектердің авторы.—258.
- Тейс* (Theisz), Альбер (1839—1880)—француз жұмысшысы, прудонист, Париж Коммунасының мүшесі, эмигрант, Бас Советтің мүшесі және оның казначейі (1872).—281, 285.
- Терцаги* (Terzaghi), Карло (шамамен 1845 жылы туған)—итальян адвокаты, жұмысшылардың Туриндегі «Пролетариатты азат ету» қоғамының секретары, 1872 жылы полиция агенті болды.—296.
- Тимур* (Тамерлан) (1336—1405)—орта азиялық қолбасшы және жаулап алушы, Шығыстағы кең-байтақ мемлекеттің негізін салушы.—231.
- Ткачев*, Петр Никитич (1844—1885)—орыс революционері, публицист, халықшылдық идеологтарының бірі.—417, 418, 420, 422—426, 428, 429.
- Толан* (Tolain), Анри Луи (1828—1897)—француз гравер-жұмысшысы, оншыл прудонист, Интернационалдың Париж секциясы басшыларының бірі, Интернационалдың Лондон конференциясының (1865) және бірқатар конгресстерінің делегаты, 1871 жылғы Ұлттық жиналыстың депутаты; Париж Коммунасы кезінде версальдықтар жағына шығып, Интернационалдан шығарылды.—232.
- Тома* (Thomas), Клеман (1809—1871)—француздың саяси қайраткері, генерал, баяу буржуазиялық республикашыл; Париждегі 1848 жылғы июнь көтерілісін тұншықтыруға қатысушы; Париж ұлттық гвардиясының командашысы (но-

- ябрь, 1870—февраль, 1871), қала қорғанысына сатқындықпен саботаж істеді; 1871 жылғы 18 мартта көтеріліс жасаған солдаттар атып тастады.—227, 228, 231, 249—251.
- Торнтон** (Thornton), Уильям Томас (1813—1880)—ағылшын буржуазиялық экономисі.—74, 108.
- Трименхир** (Tremenheere), Хью Сеймур (1804—1893)—ағылшын чиновнигі, жұмысшылардың еңбек жағдайын зерттеу жөніндегі үкіметтік комиссиялардың құрамында бірнеше рет болды.—8.
- Трошио** (Trochu), Луи Жюль (1815—1896)—француз генералы әрі саяси қайраткері, орлеанист; ұлттық қорғаныс үкіметінің басшысы, Париж қарулы күштерінің (сентябрь 1870—январь 1871) бас командашысы, қала қорғанысына сатқындықпен саботаж істеді; 1871 жылғы Ұлттық жиналыстың депутаты.—215, 216, 222, 225, 227, 256.
- Тук** (Тооке), Томас (1774—1858)—ағылшын буржуазиялық экономисі, классикалық мектепке қосылды; Рикардоның ақша теориясының сыншысы.—37, 55.
- Тьер** (Thiers), Адольф (1797—1877)—француз буржуазиялық тарихшысы әрі мемлекет қайраткері, орлеанист, атқарушы өкіметтің басшысы (министрлер советінің председателі) (1871), республика президенті (1871—1873); Париж Коммунасын тұншықтырған жендет.—25, 104, 194, 196, 203, 215, 216, 219—225, 229—232, 234, 236, 241—244, 246—251, 252—255, 257, 281, 303, 306, 307, 450, 459.
- Тюдорлар**—Англиядағы корольдер әулеті (1485—1603).—138.
- У**
- Уитбред** (Whitbread), Самюэл (1758—1815)—ағылшынның саяси қайраткері, виг.—130.
- Уркарт** (Urquhart), Давид (1805—1877)—ағылшын дипломаты, реакциялық публицист әрі саяси қайраткер, туркофил; 1847—1852 жылдарда парламент мүшесі.—39, 120, 137, 138.
- Утин**, Николай Исаакович (1845—1883)—орыс революционері, студенттік қозғалысқа қатысушы, эмигрант, Интернационалдың Орыс секциясын ұйымдастырушыларының бірі, «Народное дело» редакциясының мүшесі (1868—1870), бакунистерге қарсы күресті, 70-жылдардың ортасында революциялық қозғалыстан қол үзді.—284.
- Уэйд** (Wade), Бенджамин Франклин (1800—1878)—американ саяси қайраткері, республикалық партияның сол қанатында болды, АҚШ-тың вице-президенті (1867—1869).—93.
- Уэльская**, принцесса — қараңыз: *Александра*.
- Уэстон** (Weston), Джон — ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері, оуэнист, Интернационал Бас Советінің мүшесі (1864—1872), 1865 жылғы Лондон конференциясының делегаты, Британ Федерациялық советінің мүшесі, Реформа лигасы атқару комитетіне енді, Еңбек және жер лигасы басшыларының бірі.—29—33, 35—37, 39—46, 76.
- Ф**
- Фавр** (Favre), Жюль (1809—1880)—француз адвокаты және саяси қайраткер, баяу буржуазиялық республикашылар лидерлерінің бірі; сыртқы істер министрі (1870—1871), Париждің тізе бүгуі және Германиямен бітім туралы келіссөз жүргізді, Париж Коммунасын тұншықтырған жендет, Интернационалға қарсы күресті рұхтандырушылардың бірі.—203, 217, 218, 221, 225, 227, 245, 251, 262—264, 267, 291, 458.
- Фаухер** (Faucher), Жюль (Юлиус) (1820—1878)—неміс публицисі, сауда бостандығын жақтаушы, тұрғын үй мәселесі жайындағы еңбектердің авторы; прогрессист.—347, 447.
- Фейербах** (Feuerbach), Людвиг (1804—1872)—Маркске дәйінгі кезеңдегі аса ірі неміс материалист-философы.—21.
- II Фердинанд** (1810—1859)—Неаполь королі (1830—1859), 1849 жылы Мессинаны бомбалағаны үшін король-бомба деп аталып кеткен.—219.

- Ферре** (Ferre), Теофиль Шарль (1845—1871)— француз революционер-бланкисі, Париж Коммунасының мүшесі, Қоғамдық қауіпсіздік комиссиясының мүшесі, ал кейін оның басшысы, Коммуна прокурорының орынбасары, версальдықтар атқан.—278.
- Ферри** (Ferry), Жюль Франсуа Камиль (1832—1893)— француз адвокаты, публицист және саяси қайраткер, баяу буржуазиялық республикашылдар лидерлерінің бірі; ұлттық қорғаныс үкіметінің мүшесі, Париж мэрі (1870—1871), революциялық қозғалысқа қарсы белсене күресті, министрлер советінің председателі (1880—1881 және 1883—1885), отаршыл жаулап алу саясатын жүргізді.—218.
- Филден** (Fielden), Джон (1784—1849)— ағылшын фабриканты, филантроп.—148, 149.
- Флеровский**— қараңыз: *Берви*, Василий Васильевич.
- Флетчер** (Fletcher), Эндрю (1655—1716)— Шотландияның саяси қайраткері, Шотландияның тәуелсіздігі үшін күресті.—112.
- Флуранс** (Flourens), Гюстав (1838—1871)— француз революционері және табиғат зерттеушісі, бланкист, Париждегі 1870 жылғы 31 октябрьдегі және 1871 жылғы 22 январьдағы көтерілістердің басшыларының бірі; Париж Коммунасының мүшесі, 1871 жылғы апрельде версальдықтар айуандықпен өлтірді.—224, 228, 230.
- Фогт** (Vogt), Густав (1829—1901)— Швейцария экономисі, буржуазиялық пацифист, Бейбітшілік пен бостандық лигасын ұйымдастырушылардың бірі, К. Фогттың інісі.—269.
- Фогт** (Vogt), Карл (1817—1895)— неміс табиғат зерттеушісі; тұрпайы материалист, ұсақ буржуазиялық демократ; Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы; 50—60-жылдарда эмиграцияда Луи Бонапарттың жасырын ақылы агенті.—218, 451.
- Форстер** (Forster), Натаниел (шамамен 1726—1790)— ағылшын священнигі, «Қазіргі азық-түлік қымбатшылығының себептерін зерттеу» деген және басқа еңбектердің авторы.—115, 116.
- Фортезкью** (Fortescue), Джон (шамамен 1394—шамамен 1476) ағылшын юрисі, «Англия заңдарының артықшылығы туралы» деген еңбектің авторы.—108.
- Фосетт** (Fawcett), Генри (1833—1884)— ағылшын буржуазиялық экономисі және саяси қайраткері, виг.—139.
- Франкель** (Frankel), Лео (1844—1896)— венгер және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Париж Коммунасының мүшесі, Еңбек және айырбас комиссиясын басқарды, Интернационалдың Бас Советінің мүшесі (1871—1872), Венгрияның Жалпыға бірдей жұмысшы партиясының негізін салушылардың бірі; Маркс пен Энгельстің серігі.—243.
- Франклин** (Franklin), Бенджамин (1706—1790)— Американың аса көрнекті саяси қайраткері, ғалым әрі дипломат, буржуазиялық демократ, Солтүстік Америкадағы тәуелсіздік жолындағы соғысқа қатысушы.—49.
- Фрейтаг** (Freitag), Густав (1816—1895)— немістің буржуазиялық жазушысы.—130.
- II Фридрих** («Ұлы» атанған) (1712—1786)— прусс королі (1740—1786)—122, 136, 262.
- Фурье** (Fourier), Шарль (1772—1837)— француздың ұлы социалист-утописі.—21, 154, 181, 357, 447.

X

- Хантер** (Hunter), Генри Джулиан — ағылшын дәрігері, жұмысшы өмірінің жоқшылық жағдайлары туралы бірқатар есептердің авторы.—110.
- Харрисон** (Harrison), Уильям (1534—1593)— ағылшын священнигі, Англияның тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.—108, 133.
- Хауитт** (Howitt), Уильям (1792—1879)— ағылшын жазушысы, «Отарлау және христиандық» деген кітаптың және басқалардың авторы.—141, 142.
- Хейлз** (Hales), Джон (1839 жылы туған)— ағылшын тред-юниондық қозғалысының қайраткері, Интер-

националдың Бас Советінің мүшесі (1866—1872) және оның секретары. Реформа лигасы, Жер және еңбек лигасы құрамына кірді; 1872 жылдың басынан бастап Британ федерациялық советінің реформистік канатын басқарды, Интернационалдың Англиядағы ұйымдарына басшылық етуді өз қолына алу үшін Маркс пен оның жақтаушыларына қарсы күрес жүргізді.—262.

Хол (Hole), Джемс — ағылшын буржуазиялық публицисі, жұмысшы табының тұрғын үй жағдайы туралы кітаптың авторы.—347.

Холиншед (Holinshead), Рафаэл (шамамен 1580 жылы қайтыс болған) — ағылшын тарихшысы.—126.

Хорнер (Horner), Фрэнсис (1778—1817) — ағылшын экономисі және саяси қайраткері, виг.—148.

Хофман (Hoffmann), Готгельф бүркеншік аты Атықш Август *Кучке* (1844—1924) — неміс ақыны.—347.

Хубер (Huber), Виктор (1800—1869) — неміс публицисі әрі әдебиет тарихшысы, консерватор.—347, 358, 359.

Ц

Циммерман (Zimmermann), Вильгельм (1807—1878) — неміс тарихшысы, ұсақ буржуазиялық демократ, 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысушы, Франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты, сол канатта болды; 1841—1843 жылдары шыққан «Германиядағы шаруалар соғысы тарихының» авторы.—168.

Ч

Чайлд (Child), Джозая (1630—1699) — ағылшын экономисі әрі банкир, меркантилизмді жақтаушы.—150.

Чернышевский, Николай Гаврилович (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы және әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі.—97, 184, 429—431, 435, 437.

Ш

Шален (Chalain), Луи Дени (1845 жылы туған) — француз жұмысшысы, Париж Коммунасының және оның комиссияларының мүшесі; кейін эмигрант, Лондондағы 1871 жылғы француз секциясына кірді, кейін анархистерге қосылды.—285.

Шангарнье (Changarnier), Никола Анн Теодюль (1793—1877) — француз генералы және буржуазиялық саяси қайраткері, монархист; 1848 жылдың июнінен кейін Париж гарнизоны мен ұлттық гвардиясының командашысы, 1849 жылғы 13 июньде Парижде болған демонстрацияны қуып таратуға қатысты.—229.

Швейцер (Schweitzer), Иоганн Баптист (1833—1875) — Германиядағы лассалшылықтың көрнекті өкілдерінің бірі, Жалпы герман жұмысшы одағының президенті (1867—1871), неміс жұмысшыларының I Интернационалға қосылуына кедергі жасады, Социал-демократиялық жұмысшы партиясына қарсы күрес жүргізді; 1872 жылы прусс өкімет орындарымен байланысы барлығы әшкереленіп, Одақтан шығарылды.—21, 445, 447, 453, 457.

Швицгебель (Schwitzguebel), Адемар (1844—1895) — Швейцария гравері, Интернационалдың мүшесі, күпия Альянс пен Юра федерациясының басшыларының бірі, анархист; 1873 жылы Интернационалдан шығарылды.—296.

Шевале (Chevalley), Анри — Швейцария тігіншісі, анархист.—275.

Шееле (Scheele), Карл Вильгельм (1742—1786) — швед химигі.—163, 164.

Шекспир (Shakespeare), Вильям (1564—1616) — ағылшынның ұлы жазушысы.—74, 134.

Шербюлье (Cherbuliez), Антуан Эливе (1797—1869) — Швейцария экономисі, Сисмондидің жолын қушы.—77.

Шиллер (Schiller), Фридрих (1759—1805) — немістің ұлы жазушысы.—443.

Шнейдер (Schneider), Эжен (1805—1875) — француздың ірі өнеркәсіп иесі, Крезодағы металлургия заводтарының иесі.—362.

- Шо** (Shaw), Роберт (1869 жылы қайтыс болған)—ағылшын жұмысшы қозғалысының қайраткері, Интернационалдың Бас Советінің мүшесі (1864—1869) және оның казначейі (1867—1868), Америка үшін бөлінген корреспондент-секретарь (1867—1869).—271.
- Шолль** (Scholl)—француз жұмысшысы, Интернационалдың Лион секциясының мүшесі, Лондонда эмигрант, 1872 жылы бонапартистердің империяны қалпына келтіру жоспарын қолдады.—459.
- Шорлеммер** (Schorlemmer), Карл (1834—1892)—немістің ірі химик-органигі, материалист-диалектик; герман социал-демократиялық партиясының мүшесі, Маркс пен Энгельстің досы.—162.
- Шотар** (Chautard)—француз шпионы, Лондондағы 1871 жылғы француз секциясының мүшесі, әшкереленіп, секциядан қуылды.—281.
- Шрамм** (Schramm), Карл Август—неміс социал-демократы, реформист, «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik»-тің редакторларының бірі, 80-жылдары партиядан шықты.—443.
- Штибер** (Stieber), Вильгельм (1818—1882)—Пруссия полиция чиновнигі, Пруссия саяси полициясының бастығы, (1850—1860), Коммунистер одағы мүшелеріне қарсы Кёльндегі сот процесін ұйымдастырушылардың бірі; 1870—1871 жылдарда соғыс полициясының бастығы.—377.
- Штрусберг** (Stroußberg), Бетель Генри (1823—1884)—немістің ірі темір жол мердігері; 1873 жылы банкротқа ұшырады.—373.
- Шульце-Делич** (Schulze-Delitzsch), Герман (1808—1883)—немістің саяси қайраткері, тұрпай буржуазиялық экономист; 1848 жылы Пруссия Ұлттық жиналысының депутаты; 60-жылдарда буржуазиялық прогрессистер партиясы лидерлерінің бірі; кооперативтік қоғамдар құру жолымен жұмысшыларды революциялық күрестен аулақтауға тырысты.—89, 393, 445.
- француз буржуазиялық революциясының қайраткері, якобиншілдердің сол қанатының көсемі.—408.
- Эд** (Eudes), Эмиль Дезире Франсуа (1843—1888)—француз революционері, бланкист, ұлттық гвардия генералы және Париж Коммунасының мүшесі; Коммуна тұншықтырылғаннан соң Швейцарияға, кейін Англияға эмиграцияға кетті; Францияға қайтып оралғаннан соң (1880 жылғы амнистия бойынша) бланкистердің Орталық революциялық комитетін ұйымдастырушылардың бірі.—196.
- III Эдуард** (1312—1377)—ағылшын королі (1327—1377).—128.
- VI Эдуард** (1537—1553)—ағылшын королі (1547—1553)—124, 125.
- Эйкин** (Aikin), Джон (1747—1822)—ағылшын дәрігері, радикал публицист.—140, 148, 149.
- Энгельс** (Engels), Фридрих (1820—1895) (өмірбаяндық мәліметтер).—169, 170, 182, 189, 316, 317, 319, 335, 349, 361, 363, 376, 380, 383, 394, 401, 433, 441, 446—448, 460—466.
- Энсор** (Ensor), Джордж (1769—1843)—ағылшын публицисі, «Әр түрлі елдердің халық санын зерттеудің Мальтус мырзаның «Халықтың өсіп-өнуі туралы тәжірибесін» теріске шығаратын зерттеудің» авторы.—120.
- Эрве** (Hervé), Эдуар (1835—1899)—француз публицисі, «Journal de Paris» газетінің негізін салушылардың бірі және оның бас редакторы, буржуазиялық либерал, Екінші империя құлағаннан кейін орлеанист.—254.
- Эспартеро** (Espantero), Бальдомеро (1793—1879)—испан генералы және мемлекеттік қайраткері, регент (1841—1843), үкімет басшысы (1854—1856), прогрессистер партиясының лидері.—219.

Ю

Юр (Ure), Эндрью (1778—1857)—ағылшын химигі, тұрпай экономист.—11, 36.

Я

I Яков (1566—1625)—ағылшын королі (1603—1625).—111, 126, 129.

Э

Эбер (Hébert), Жак Рене (1757—1794)—XVIII ғасырдың аяғындағы

ӘДЕБИ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯЛЫҚ КЕІПКЕРЛЕР

- Авель** — таурат аңызы бойынша Адамның баласы, өзінің ағасы Қайынның қолынан қызғанышпен өлтірілген.—139.
- Адам** — таурат аңызы бойынша құдайдың балшықтан жасаған бірінші адамы, кәйін күнәға батқан.—103.
- Гамлет** — Шекспирдің аттас трагедиясының бас кейіпкері.—408.
- Геката** — ежелгі грек мифологиясындағы ай жарығының құдайы, үш басы әрі үш денесі бар, жер астындағы өлілер патшасының тажалдары мен елестерінің әміршісі, зұлымдық пен сиқырдың қамқоршысы.—254.
- Геркулес** — ежелгі грек мифологиясының кеңінен мәлім кәйіпкері, өзінің алып күшімен, батырлық ерліктерімен белгілі Гераклдың римше аты.—214.
- Дамокл** — ежелгі грек аңызында айтылатынындай, Сиракуз тираны Дионисийдің (біздің заманымызға дейінгі IV ғасыр) жақыны. «Дамокл семсері» деген сөз — үнемі төніп тұратын, жақын және қатерлі қауіптің синонимі; аңыз бойынша Дамоклды Дионисийдің тойға шақыруына байланысты, той үстінде Дионисий мұны қызғанышпен көре алмай жүрген Дамоклға адам бақытының баянсыздығына көзін жеткізу үшін оны өз тағына отырғызған да, оның төбесінен жылқының бір тал қылына өткір семсерді асып байлап қойған.—190.
- Джаггернаут** (Джаганнатх) — ежелгі үнді мифологиясындағы Вишну құдайдың бір бейнесі.—71.
- Бресис ағай** — Рейтердің сықақ әңгімелерінің кәйіпкері —389.
- Иисус Навин** (Иегошуа бен Нун) — таурат кейіпкері, аңыз бойынша, Иерихон қаласының қабырғасын өзінің әскерлерінің ұранымен және қасиетті кәрней дауысымен қиратқан.—229.
- Иов** — таурат кейіпкері, құдайдан көнбістігі мен момындығы үшін сый алған, көп азап шеккен кедейдің бейнесі.—221.
- Каин** — таурат аңызы бойынша Адамның үлкен баласы, өз інісі Авельді қызғанышпен өлтірген.—139.
- Карлос**, дон — испан королі II Филипптің (1545—1568) бірқатар әдеби шығармаларда дәріптелген ұлының бейнесі; өз әкесінің бағытына қарсы болғаны үшін қуғынға ұшырап, қамауда өлген.—120.
- Левиафан** — таурат аңызы бойынша теңіздің орасан зор тажалы.—289.
- Мұхаммед** — исламның негізін салған, аты жартылай аңыз болған адам.—291.
- Мария** — таурат аңызы бойынша Иисус Христтің шешесі.—410.
- Мегера** — ежелгі грек мифологиясында кекшіл үш әйел құдайдың бірі, ыза мен қызғаныштың бейнесі, ауыспалы мағынасында — долы, ұрысқақ әйел.—254.
- Медуза** — грек мифологиясында адамды бір қарағаннан тасқа айналдыратын тажал.—91.
- Мёрос** — Шиллердің «Кепілдік» деген өлеңіндегі кейіпкер.—408.
- Молох** — Ежелгі Финикия және Қарфаген дініндегі күн құдайы, оған мойынсұнушылар құрбандыққа адам шалатын болған; кәйін Молохтың аты қаһарлы жалмауыз күштің бейнесі болды.—11.
- Персей** — грек мифологиясында батыр, Зевс құдайдың Данаядан туған баласы; бірқатар ерлік жасаған, соның ішінде Медузаның басын шауып тастаған.—91.
- Пистоль** — Шекспирдің «Қороль IV Генрих», «Қороль V Генрихтің өмірі», «Виндзордың көңілді құдағилары» деген шығармаларының кейіпкері; шулер, қорқақ әрі мақтаншақ.—260.
- Попа**, маркиз — Шекспирдің «Дон Карлос» трагедиясының кейіпкері; ізгі әрі еркін ойлайтын сарай адамының бейнесі.—444.
- Пурсоньяк** — Мольердің «Мырза де Пурсоньяк» комедиясының бас кейіпкері, топас және надан провинциялық дворянның бейнесі.—223.
- Фальстаф** — Шекспирдің «Виндзордың көңілді құдағилары» және

- «Король IV Генрих» деген шығармаларының кейіпкері; мақтаншак қорқақ, қалжыңбас, маскүнем.— 218.
- II Филипп* — Шекспирдің «Дон Карлос» трагедиясының кейіпкері.— 444.
- Христос* (Иисус Христос)— мифте христиандықтың негізін салушы.— 248.
- Шейлок* — Шекспирдің «Венеция көпесі» комедиясының кейіпкері; қарызын төлемеген борышкерінен вексельдің шарты бойынша бір қадақ ет кесіліп алынуын талап еткен ме-йрімсіз өсімқор.—223.

АТАУ КӨРСЕТКІШІ

А

Абстракция (зерттеу методы ретінде) — 90.
Австрия — 169, 171, 266, 268, 295, 374.
1866 жылғы Австрия-Пруссия соғысы — 169, 170, 172, 175, 209.
Аграрлық мәселе — 171—173, 399—400.
XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы — 109—110, 113, 138.
Адам — 390.
Айырбас — 55—56.
Айырбас құны — 24, 48, 386, 442.
Акция, акционерлік қоғамдар — 84, 144, 345.
Ақша — 37—41, 89, 90, 104 165;
 — қағаз ақша — 40;
 — кредит ақша — 145—146.
Алғашқы коммунизм — 431—433.
Алтын (және күміс) — 43.
Америка
 — Америка Құрама Штаттары — 19—20, 35, 39, 75—76, 81, 93, 143, 150, 166, 167, 168, 200—201, 268, 296—300, 314, 341—342, 447—448, 465.
 — тәуелсіздік үшін соғыс — 19, 20, 91, 167;
 — азамат соғысы — 6, 20, 39, 91, 167, 169.
Анархистер — 278, 306, 318, 404, 406—407, 425, 455—457.
Англия — 5—10, 12, 13, 27, 31, 35, 38—40, 69, 71, 74—76, 86, 91—94, 95—97, 159, 171, 172, 176, 186, 187, 188, 215, 238, 267, 276, 290, 300, 303, 314, 321, 322, 324, 333, 338, 348, 360—375, 419, 454, 459.

— капитализмнің классикалық елі — 185, 186, 439;
 — буржуазиясы — 172, 187, 188, 362—363, 374;
 — жұмысшы табы — 5—8, 10, 13, 36—39, 75, 128, 160, 166, 185—187, 206, 214, 281, 335, 339, 431, 447;
 — ауыл шаруашылығы және аграрлық қатынастар — 74, 106—107, 111—112, 134—135, 138, 185, 310, 322, 441;
 — Англияның отаршыл саясаты — 76, 141—144, 146;
 — капиталдың алғашқы қорлануы — 105—134, 140—150;
 — құл саудасы — 148;
 — заң шығару — 110, 115, 124—127, 129—130.

Аннексиялар — 190.
Антагонизм — 9, 84, 91, 188, 310.
Антикалық дүние — 21—22, 118.
Антиякобиндік соғыс — 69, 74, 141, 214.
Аренда — 133—135.
Аристократия — 97, 113, 114, 167.
Армия — 87, 187—188.
Артель (Россиядағы) — 418—420.
Артық өндіру — 77.
Артық өндіру дағдарысы — қараңыз: *Экономикалық дағдарыстар*.
Атеизм — 410—411, 455.
Ауыл шаруашылығы — 311.
Африка — 140.

Б

Баға — 45—47, 52—55.
Бағалы қағаздар — 42, 145.
Базис пен қондырма — 23, 90, 91, 233, 310, 312, 392—393, 414. Сондай-ақ

қараңыз: *Мемлекет, Право, Дін, Философия.*

Бакунизм, бакунистер — 269, 273, 275—277, 290, 301, 306, 409, 411, 414, 426—428, 443, 454—464, 466.

Бала еңбегі — 82—83.

Банкілер — 38, 144—146.

Барщина — 157.

Бәсеке — 47, 85, 154, 159, 323.

Бейбітшілік — 167, 168, 206.

Бельгия — 266, 290, 319, 382, 448, 455.

Биржа — 135, 145, 204, 235, 375, 421.

Бланкизм, бланкистер — 198—199, 382, 409—414.

Бонапартизм — 177, 178, 193, 243, 304, 330, 375, 376, 461.

Бөлу — 449.

Буржуазия — 173, 255, 308, 413, 417, 446.

— буржуазияның даму тарихы — 167, 173, 192, 193;

— және пролетариат — 153, 173, 188, 192, 235, 290, 291; 301, 349, 351, 416, 453;

— және мемлекет — 233, 235;

— ірі мемлекет — 348.

Буржуазиялық демократия — 237—238.

Бюрократия — 199, 376, 447.

В

Венгрия — 211, 267.

Г

Гегельшілдік — қараңыз: *Немістің классикалық философиясы.*

Германия — 13, 87, 90—95, 96, 97, 98, 107, 122, 129—130, 170—173, 176—181, 184, 190, 205—207, 209—212, 243, 257—258, 266, 268, 276, 291—297, 301, 365, 374—

377, 400, 421, 423, 428, 439, 445, 447, 448, 450, 304, 317, 318, 321—326, 349, 451, 453;

— жұмысшы табы — 159, 170, 173, 180—183, 213, 214, 285, 321, 324, 375, 446, 462;

— буржуазия — 170, 172, 173, 179, 209, 214, 325, 374—375, 445, 446;

— Германияның бірігуі — 177, 178;

— жұмысшы қозғалысы — 444—446, 464;

— шаруалар — 175—176, 320—321, 325.

Германия социал-демократиялық жұ-

мысшы партиясы (эйзенахшылдар)—462—463.

Германия социал-демократиялық партиясы — 202, 320, 383, 412, 415, 456, 462—465.

Германиядағы социалистерге қарсы ерекше заң — 189, 321.

Голландия — 127, 141, 142, 144, 146, 315.

Греция (Ежелгі)—433.

Ғ

Ғылым — 9, 24, 51, 53, 90, 153, 182, 236, 291, 448, 449.

Д

Дания — 464.

Деревня — қараңыз: *Қала мен деревня.*

Деспотизм — 421, 422, 427, 438, 439.

Диалектика

— идеалистік — 24, 28, 99—102;

— материалистік — 24, 28, 82, 99.—102;

— сондай-ақ қараңыз: *Маркстік саяси экономияның методы. Диалектикалық материализм* — қараңыз: *Диалектика, Материализм.*

Дипломатия — 13.

Догматизм — 43, 47, 48.

Дүние жүзілік рынок — 106, 140, 152, 323—324, 437.

Дін — 26, 30—31, 91, 135, 195, 196, 236, 245, 277, 410.

Е

Егіншілік — 107, 138, 139.

Еңбек — 49—53, 61, 67, 72, 155, 159, 165, 185, 343, 344, 450.

Еңбектің бөлінуі — 49, 53, 336, 392—393.

Еңбекті интенсификациялау — 73.

Еңбектің капиталға формальды тәуелділігі — 128.

Еңбектің капиталға реалды тәуелділігі — 128.

Еңбек өнімділігі — 9, 52, 53.

Ж

Жабайылар — 414.

Жалақы — 29, 31, 32, 33, 40, 41, 63—66, 70, 73—74, 77, 81, 165, 213, 324, 351—352, 356;

— реалды — 9, 29;

— относителді — 68;

- оны арттыру үшін күрес — 29—30, 67—69, 72, 73;
 - оны заң жолымен реттеу — 126—130.
 - Жалдама еңбек* — 12, 61, 77—78, 84.
 - Жалпы герман жұмысшы одағы* — 461.
 - Жапония* — 107.
 - Жезөкшелік* — 245.
 - Жер иелену* — 97, 401.
 - Жер меншігі* — 97, 107—108, 111, 132—133, 135—136, 188, 309, 434.
 - Жер меншіктенуші* — 63, 93, 132—133, 239.
 - Жер национализациялау* — 175, 308—310, 399.
 - Жер рентасы* — 63, 134, 157, 311, 339, 346, 385, 386, 399.
 - Жұмыс күні* — 69—71, 74, 88, 158;
 - оны қысқарту үшін күрес — 10, 11, 37, 71, 72, 75, 80—81, 160, 449.
 - Жұмысшы* (капиталистік қоғамдағы) — 72—74, 84.
 - Жұмыс күші* — 56, 70, 157, 165, 329, 331, 339, 350.
 - оның құны — 56—58, 60—61, 67, 72, 73—75, 76, 157—158;
 - товар ретінде — 71.
 - Жұмыссыздық* — 349.
 - Жұмысшы қозғалысы* — 16, 167, 180—183, 214—215, 295, 318—319, 325—327, 381, 382, 453. сондай-ақ қараңыз: *Тап күресі*.
 - Жұмысшы партиясының тактикасы* — 456, 462—464.
 - Жұмысшы табы* — 14, 18, 85, 127—128, 160—161, 167—168, 213, 240—241, 265—267, 292, 309, 313, 446, 455. сондай-ақ қараңыз: *Пролетариат*.
 - Жұмысшы табының қайыршылануы* — 5, 6, 156, 161—162, 167, 235, 333, 364;
 - относителді — 8, 9, 69;
 - абсолютті — 153.
 - Жұмысшы табының партиясы* — 13, 263, 264, 291, 306, 313, 383, 455.
 - Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі* — 5, 13—17, 28, 80, 81, 83, 84, 167, 184, 186, 189, 198, 203, 204, 206, 207, 215, 258—259, 261, 262, 265—273, 275—276, 279—283, 287, 291—292, 295, 297, 298, 300, 301, 303, 307, 308, 316, 319, 412—413, 447, 448, 454, 458—460, 464—466;
 - Бас Совет — 183, 185, 265—270, 274, 276, 277, 279—281, 283—285, 287, 290, 293—298, 300, 303, 408, 449, 454, 455, 458—460;
 - Женева конгресі — 284, 285, 295, 447—448;
 - Лозанна конгресі — 289, 296;
 - Брюссель конгресі — 270, 271, 285, 297, 311;
 - Базель конгресі — 176, 266, 273, 277, 279, 280, 287, 289, 290, 294, 296—298, 300, 456;
 - 1871 жылғы Лондон конференциясы — 266—268, 277, 279, 280, 285—288, 290, 291, 303, 304, 313, 453;
 - Гаага конгресі — 304, 314—316, 463—465;
 - Устав — 15—16, 81, 171, 172, 280, 283—285, 287, 288, 290—293, 294, 295, 313, 452;
 - орыс секциясы — 183—184;
- З**
- Заговорлар, заговоршылдық әрекет* — 198, 408, 409.
 - Заң* — 449.
 - Заң* (юримдикалық) — 309, 390.
- И**
- Идеализм* — 20—21, 24, 102.
 - Индия* — 140—142, 423, 424, 428, 430, 432.
 - Интернационал* — қараңыз: *Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі*.
 - Ирландия* — 7, 87, 118—119, 147, 175, 187—189, 322, 324, 325, 421, 427, 431.
 - Испания* — 141, 149, 266, 267, 268, 275, 290, 300, 426—427, 455, 457, 459, 464.
 - Италия* — 13, 41, 106, 212, 268, 275, 280, 303—304, 448, 455, 457, 459, 464.
- К**
- Капитал*
 - жалпы сипаттама — 26, 69, 85, 150—151, 155—156, 165, 233, 343; 356, 456, 458.
 - ақшаның капиталға айналуы — 103, 164;
 - Капиталдың бастапқы қорлануы* —

- 57, 103—106, 118, 150—154, 437;
— капиталдың құрылуы — 132—134, 136—138, 150;
— пролетариаттың пайда болуы — 108—117, 124, 127—128, 137—139, 151, 152;
— шаруаларды жәрден күштеп қуу — 106—125.
- Капиталдың қорлануы** — 73—75, 160—161, 379;
— оның тарихи тенденциясы — 150—153.
- Капиталдың органикалық құрылымы** — 77, 127.
- Капиталдың толқуы** — 32, 33.
- Капиталдың шоғырлануы** — 53, 144, 152—153, 381.
- Капиталистік қорланудың жалпыға бірдей заңы** — 150, 160—161.
- Капиталистік өндіріс әдісі**
— жалпы сипаттамасы — 13, 58, 62, 69, 71, 76—78, 82, 84, 85, 89, 95, 98, 103, 127, 153—155, 158, 160—162, 186, 240, 253, 258, 229, 234, 339, 350—352, 359, 372, 379—380, 389, 399, 404, 413, 430—432, 436, 449, 450.
— оның қайшылықтары — 73—74, 98, 102, 207, 240, 329, 349, 432, 433, 455—456;
— өндірістік қатынастар — 63, 310, 450;
— оның тарихи өткінші сипаты — 91, 153, 308, 312, 329, 389, 432.
Сондай-ақ қараңыз: *Буржуазия, Жалақы, Капитал, Бәсеке, Дүние жүзілік рынок, Жалдама еңбек, Пролетариат, Өнеркәсіп, Жұмыс күші, Меншік, Экономикалық дағдарыстар.*
- Капиталистік өндірістің анархиясы** — 239, 449.
- Кәсіптік одақ** — 86, 87, 128—132.
Сондай-ақ қараңыз: *Тред-юниондар.*
- Кездейсоқтық** — 453.
- Клан** — 119—120, 123, 431, 433.
- Коммунизм** (қоғамдық-экономикалық формация) — 206;
— өндіріс — 12—13, 83, 154, 199, 240, 312, 336—338, 405, 432, 449;
— бөлу — 337—338, 400, 451;
— тұтыну — 335—337;
— материалдық алғы шарттар — 78, 84, 160—161, 312, 430;
— өндіргіш күштер — 334, 434;
— өндірістік қатынастар — 153, 311, 430, 232;
— ауыл шаруашылығы — 397—398;
— және жеке меншіктің жойылуы — 153, 154, 240, 413, 431—433;
— еңбек — 12—13, 207, 239—240, 450;
— қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуы — 339, 358, 395, 396;
— таптардың жойылуы — 15, 98, 239—240, 263, 272, 290; 306, 308, 312, 313, 336—337, 413, 416, 415;
— және мемлекет — 84, 200—202, 237, 306, 404;
— капитализм мен коммунизм арасындағы өтпелі кезеңнің қажеттілігі — 398.
- Коммунизм** (ілім) — 180, 181, 319, 381, 388—389, 403, 413, 415, 416, 465;
— ғылыми — 181, 182, 319, 381, 388—389, 403, 413, 415, 416;
— утопиялық — 181, 400; 538.
- «Коммунистік партияның манифесі»** (шығу және таралу тарихы) — 318, 411, 434.
- Кооперативтік қозғалыс** — 11, 13, 84—85, 240, 420.
- Кооперация** — 151, 153.
- Көпестер** — 144.
- Кредит** — 27, 144—146, 347.
- Крепостной шаруалар** — 12, 61, 104—107, 112, 117, 151, 158.
- Күштеу, оның тарихтағы ролі** — 103, 141, 147, 148, 290.

К

- Қайшылық** — 152, 154.
— өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштер арасындағы — 310, 432.
— еңбек пен капитал арасындағы — 233, 235, 240, 259, 348, 350—351, 443, 455.
- Қала мен деревня** — 106;
— қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылық — 237, 358—359;
— социализм тұсында қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуы — 392, 359, 396, 397.
- Қанау** — 327, 332—334, 338, 412.
- Қасиетті Одақ** — 88, 97.
- Қауым** — 114, 423, 428, 431, 433.

Қауым (орыс қауымы)—418, 422—425, 428—435, 438—441.

Қауымдық жерді қоршау — 114—118.
Қоғам — 92.

Қоғамдық қажетті еңбек — 51—52.
Қоғамдық-экономикалық формация — 240, 431.

Қондырма — қараңыз: *Базис пен қондырма*.

Қосымша құн — 58—60, 62—64, 155—159, 163—165, 324, 329, 333, 339, 343—345.

Қосымша құн нормасы — 60, 342—344.

Құлдық — 11, 17, 19, 60, 71, 142, 150, 158, 166.

Құн — 23, 45, 47—55, 62—64, 68, 73, 89, 155, 165, 450;
— жұмысшы күшінің құны — 56—58, 60—61, 68, 73—74, 77, 157, 158;

Қырым соғысы — 436, 439.

Қытай — 141, 142.

Л

Лассальшылар — 89, 291, 444—446, 448, 452—453, 457, 459—460, 463;

Легитимистер (Франциядағы)—223, 224, 246.

Люмпен-пролетариат — 174.

М

Мальтусшілдік — 389.

Мануфактура — 136—138, 142, 148, 149, 326.

Мән мен құбылыс — 449.

Марка (герман қауымы)—324, 431.

Марксизм (оның тарихы)—400, 436, 465.

Сондай-ақ қараңыз: *Маркстің «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері», Маркстің «Франциядағы азамат соғысы», Маркстің «Қапталы», Энгельстің «Тұрғын үй мәселесі жөнінде», Маркстің «Саяси экономия сыны жөнінде», Маркстің «Франциядағы тап күресі», «Коммунистік партияның манифесі», Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі.*

Маркстің «Қапталы» (жазылу және таралу тарихы)—89, 94, 95, 98, 99, 101, 103, 154, 319, 402, 429, 450, 465.

Маркстің «Луи Бонапарттың он се-

гізінші брюмері» деген еңбегі (жазылу тарихы)—169, 189.

Маркстің «Саяси экономия сыны жөнінде» деген еңбегі (жазылу тарихы)—89.

Маркстік саяси экономияның методы. Сондай-ақ қараңыз: *Абстракция, Диалектика.*

Маркстің «Франциядағы азамат соғысы» деген еңбегі (жазылу тарихы)—189, 190, 262, 264, 382.

Маркстің «Франциядағы тап күресі» деген еңбегі (жазылу тарихы)

— 172;
— материалистік дүниетаным — 411;
— тарихи материализм — 100, 101, 170, 391.

Машина — 9, 50, 76, 326, 336, 402.

Мексика — 142.

Мемлекет — 141, 200—202, 233—235, 239, 306, 311, 312, 344, 374—375, 392, 453, 456;

— оның пайда болуы — 233, 417;
— буржуазиялық мемлекет — 83, 127—132, 141, 233—235, 237, 374, 375;

— оның таптық қоғамдағы ролі — 127—128, 141;

— пролетариаттың мемлекеттік өкіметті алуы — 84, 200—202, 233, 407;

— пролетарлық революция кезінде мемлекеттік машинаны қирату қажеттілігі — 200—202, 233, 237, 238, 452;
— мемлекеттің жойылуы — 305, 405.

Мемлекеттік борыш — 144, 146, 147.

Мемлекеттік заем — 141, 146, 147.

Мемлекеттік социализм — 438—439, 444.

Мемлекеттердің шекаралары — 210.

Меншік — 18, 21—22;

— жеке меншік — 151, 152, 309, 310, 413;

— өндірушілердің өз еңбегіне негізделген жеке меншік — 107, 151, 152, 154;

— басқаның еңбегін қанауға негізделген жеке меншік — 103—105, 108, 111, 151, 154;

— қоғамдық меншік — 151, 153;

— қауымдық меншік — 108, 113, 114;

— көне заманғы меншік — 21—22;

— феодалдық меншік — 21—22;

— буржуазиялық меншік — 22, 152—153;

— мемлекеттік меншік — 114;

— жеке меншікті жоюдың қажетті-
гі — 153, 154, 240, 413, 431—433.
Мерзімдік баспасөз — 272, 287.
Метафизика — 99.
Мещандық — 27, 321.
Монархия — 199, 201;
— абсолюттік — 177, 232, 375, 377;
— буржуазиялық — 177, 375, 377.
Монополия — 12, 152.
Мұрагерлік — 273.

Н

Насихат — 266, 461—462.
*Немістің классикалық философия-
сы* — 23, 181.

О

Оброк — 107.
Ойлау — 449.
*XVIII ғасырдың аяғындағы ұлы
француз буржуазиялық револю-
циясы* — 19, 38, 131—132, 211,
233, 242, 247, 258, 452.
Орлеанистер (Франциядағы) — 213,
223, 244.
Орта ғасырдағы коммуналар — 84,
237.
Орта ғасырлар — 86, 105—107, 135,
140, 141, 144, 233, 300.
Орталықтандыру — 145—146, 152—
153.
Ост-Индия компаниясы — 140.
Отарлар — 9, 75—76, 143, 144.
Сондай-ақ қараңыз: *Индия*
Отарлау — 76.
Отарлық система — 141—144.

Ө

Өзгермелі капитал — 128, 137, 166.
Өндіріс — 153, 310, 312.
Өндіргіш күштер — 161, 389, 416.
Сондай-ақ қараңыз: *Экономика-
лық заңдар*.
Өндірістік қатынастар — 22, 23, 104—
105, 151, 351.
Сондай-ақ қараңыз: *Экономика-
лық заңдар*.
Өндірістің құл иеленушілік әдісі —
151.
Өндіріс құралдары — 50.
*Өндіріс құралдарының амортиза-
циясы* — 50.
Өндірістің оқыту — 84, 85.
Өнеркәсіп — 332, 334, 335, 404.

Өнеркәсіптік капитал — 105, 139—
140.
Өнеркәсіптік революция — 318, 325,
326, 335.
Өнеркәсіптік цикл — 71—73, 96—97,
103.
Өнертабыстар — 324.
Өсімқорлық — 418—419.

П

Пайда — 33, 34, 54, 61—65, 75, 152,
154—155, 157, 324, 339, 343—344.
Пайда нормасы — 34, 35, 65, 66, 343—
344.
Пайданың орта нормасы — 33, 76.
Париж Коммунасы
— оның тарихи маңызы — 181, 193,
195—200, 227—232, 235—246, 248,
253—257, 259, 263, 265, 296, 301,
308, 319, 381—382, 407, 411, 414,
452—453, 462, 465;
— Коммуна мемлекеттің жаңа типі
ретінде — 195, 200—202, 232—
233, 235—241;
— экономикалық жәнз саяси шара-
лары — 194, 195, 198, 199, 236—
237, 241, 244, 379—380, 452;
— оның кателері мен жеңілу себеп-
тері — 199, 229, 230, 305, 316,
380—381, 452;
— Коммуна жеңілгеннен кейінгі
коммунарлар — 266, 267, 278, 286,
287, 408.
Панславизм — 427.
Парцеллдік егіншілік — 310, 425.
Патша өкіметі (Европалық реакция-
ның тірегі ретінде) — 437, 439.
Пауперизм — 5, 38, 86, 112, 162, 167.
Пәтер ақы — 326, 330, 331, 338, 346,
356, 385—388.
Польша — 13, 87, 183, 212, 418, 421,
425.
Португалия — 141, 267
Право (жеке адамның) — 136, 258,
309, 392, 393.
Пролетариат — 213, 350—351, 417,
443.
— оның даму тарихы — 108—116,
125, 127—128, 137—138, 150, 151,
153, 154, 168, 258, 334, 335, 403,
464;
— пролетариат пен буржуазияның
арасындағы қарама-қарсылық —
154, 173, 191;
— пролетариат пен буржуазияның
арасындағы тап күресі — 173,

- 191, 268, 290, 291, 301, 416, 452;
 — және коммунистік дүние таным — 319, 334, 335, 388;
 — таптарды жою жөніндегі пролетарлық талап — 14, 98, 239—240, 263, 272, 291, 306, 308, 312, 313, 336—337, 413, 416, 417;
 — оның тарихи міндеті — 14, 154, 162, 240—241;
 — және саяси өкіметті жеңіп алуы — 12, 200—202, 233, 263; 264, 290, 291, 306, 313, 315, 407, 455—457;
 — пролетарлық интернационализм — 12—15, 16—17, 79, 80, 166—167, 184, 185, 188, 189, 195, 204, 206, 207, 243—244, 272, 276, 291, 292, 294, 297, 464, 465;
 — оның күресінің формалары — 290—291, 313, 315, 455—457;
 — шаруалармен одактасудың қажеттілігі — 176—178; 326, 327, 440—441.
 Сондай-ақ қараңыз: *Пролетариат диктатурасы*, *Жұмысшы табы*.
- Пролетариат диктатурасы* — 98, 153, 201—202, 239, 342, 382, 383, 409—410, 455—457.
- Пролетарлық интернационализм* — 12—15, 18—19, 79, 80, 166—167, 183, 184, 186, 187, 188, 195, 204, 206, 207, 243—244, 272, 276, 291—292, 294, 297, 465, 466.
- Пролетариаттың қарулануы* — 88.
- Процент* — 63, 64, 339, 343, 344.
- Прудонизм* — 21—27, 182, 198, 199, 319, 328, 332—337, 339, 340, 343—348, 381, 382, 385, 388—394, 398—400, 403, 449, 454, 455, 459, 466.
- Пруссия* — 189, 276, 445, 446.
- революцияның Батыс Европада жеңуі оның Россияда жеңіп шығуын жеңілдетеді — 425, 427—428, 432—434, 437, 441;
 — оның бейбіт жолмен жеңу мүмкіндігі — 315;
 — артта қалған елдердің социализмге өту жолдары — 433—434.
 Сондай-ақ қараңыз: *XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы*, *1848—1849 жылдардағы революция*, *Франциядағы 1848 жылғы революция*, *1848—1849 жылдардағы революция* — 10, 12, 97, 191.
- Рента* — қараңыз: *Жер рентасы Республика*
 — буржуазиялық республика — 200—201, 324;
 — парламенттік республика — 234.
- Рим (Ежелгі)* — 8, 105, 117, 189, 192, 465.
- Россия* — 13, 26, 38, 39, 114, 166, 184—185, 191, 206—207, 212, 213, 273, 322, 416—418, 420, 422, 423, 425, 426, 428—431, 433—437, 439—441;
 — шаруалар — 417—420, 424, 425, 427, 435, 438, 441;
 — дворяндар — 417, 418, 426;
 — астық экспорты — 419;
 — капитализмнің дамуы — 419—421, 424, 426, 435, 437—440;
 — 1861 жылғы реформа — 418, 424, 427, 435, 438;
 — социалистік революцияның жеңу мүмкіндігі — 425, 427—430, 432—434, 437, 441.
 Сондай-ақ қараңыз: *Артель (Россиядағы)*, *Қауым (орыс қауымы)*, *Халықшылдық*, *Россияның революцияшыл демократтары*.
- Россияның революцияшыл демократтары* — 429, 431.

P

- Революция* — 24, 57, 85, 186, 191—192, 233—234, 246, 263, 414, 420, 433;
 — оның алғы шарттары мен жағдайлары — 186, 187, 241, 334—335, 389, 443, 452;
 — социалистік революция — 79, 80, 98, 154, 186, 189, 191—192, 240—241, 263, 291, 308, 313, 315, 319, 326, 329, 335, 342, 380, 389, 396, 405, 407, 417, 425, 443, 457;
 — пролетарлық революция алдыңғы қатарлы елдердің бәрінде бір уақытта болады — 13, 315;

C

- Сайлау правосы* (жалпыға бірдей) — 159, 171, 201, 237—239, 448.
- Салықтар* — 88, 89, 141, 145—147, 148, 311, 339, 345.
- Саясат* — 263, 264, 289.
- Саяси экономия* — 22, 23, 156, 157, 164;
 — маркстік — 11, 157, 163, 164;
 — классикалық — 46, 97, 165, 450;
 — тұрпайы — 11, 12, 22, 23, 24, 26,

- 27—31, 34, 35, 42—46, 97, 98,
104—105, 163, 309, 343, 450—451.
Сектанттық — 290—292, 295, 403,
453, 454, 461, 463—465.
Семья — 137—139, 413.
Соғыс — 166—168, 190, 191, 205,
212—213, 255.
— азамат соғысы — 226, 230, 242,
257, 258, 452.
— пролетариаттың соғысқа көзқарасы — 179—180, 204—207, 212—
213, 214.
Социализм — 24;
— ғылыми — 181—182, 187, 306,
400—401, 416, 417, 420, 439;
— утопиялық — 12, 20, 21, 23, 25,
164, 182, 291, 359, 433, 449;
— буржуазиялық — 272, 320, 351—
352;
— ұсақ буржуазиялық — 24, 182,
198—199, 320, 330—331, 384, 385.
Социалистік демократия альянсы —
269—280, 286—290, 292, 293, 296;
297—301, 304—307, 406, 453—
454, 456, 457.
Спекуляция (философиялық) — 23, 24.
Статистика — 82, 83, 91, 299.
Стачка — 297, 455.
Сұранымдар — 310.
Сұраным мен ұсыным — 11, 32, 44, 45,
54, 75.
Сыртқы саясат — 202.

Т

- Табиғаттану* — 346;
Табыну — 444.
Таптар
— олардың қарама-қарсылығы —
194, 232;
— олардың жойылуы — 15, 98, 239—
240, 263, 271, 291, 306, 308, 312,
313, 336—337, 413, 416, 417.
Тап күресі — 253, 258, 259, 449—450.
— капитализм тұсындағы — 75, 76—
77, 80, 85—86, 97, 98, 153, 253,
290—291, 453—456;
— саяси — 76, 191, 192, 314, 382,
383, 449;
— экономикалық — 28, 75, 76—78,
80, 290, 291, 314.
— және саяси өкіметті жеңіп алу —
314.
— оның формалары өндірістің даму
деңгейіне байланысты — 152.
Тарих (ғылым ретінде) — 180, 453.
Тарихи материализм — қараңыз: *Ма-
териализм* — 410.

- Тарихты материалистік тұрғыдан тү-
сіну* — 23, 90—93, 98, 162, 170,
391, 413, 433.
Тәрбие — 83—84.
Темір жолдар — 436.
Теория — 182, 183, 272, 292, 450—
451.
Терістеуді терістеу — 154.
Товар — 49—50, 165, 386.
Транспорт — 53.
Тред-юниондар — 77—78, 131, 182,
186, 187, 266, 291, 297, 465.
Тұрақты капитал — 164.
Тұтыну құны — 383.
Тұрғын үй мәселесі
— капитализм тұсындағы — 316,
317, 321, 328—332, 348, 349, 351—
353, 366, 373—374, 377;
— тұрғын үй мәселесінің буржуазия-
лық шешімі — 21, 326—327, 341,
342, 348—352, 354—374, 377—380;
— тұрғын үй мәселесінің прудонис-
тік шешімі — 321, 326—327, 330—
332, 334, 338—342, 346—348, 354,
394, 395, 399;
— тұрғын үй мәселесін пролетарлық
революцияның шешуі — 328, 329,
342, 359, 380.
Түркия — 139.

У

Уақыт — 70.

Ұ

- Ұдайы өндіріс* — 104—105.
Ұлт — 92.
Ұлттық байлық — 144—145.
Ұлттық борыш — 166.
Ұлт мәселесі — 12, 188, 189, 278.
Ұсақ буржуазия — 25—26, 153, 241,
321, 348, 381—384.

Ф

- Фабрикалық заң* — 10, 11, 35—36, 71,
83, 85.
Фейербахшылдық — 20—21.
Феодализм — 21—22, 105—108, 124—
125, 134—144, 233.
Физика — 90.
Философия — 308.
Сондай-ақ қараңыз: *Идеализм*,
Немістің классикалық философия-

сы, *Материализм, Фейербахшылдық.*

Форма және мазмүн — 448.

Франция — 13, 27, 38, 39, 93, 97, 112, 127, 128, 131—132, 135, 172, 186, 190—192, 199, 203, 204, 210—212, 214—216, 221, 223, 224, 226, 233—235, 238, 243, 245, 257, 258, 268, 275, 281, 296, 297, 305, 318, 321, 322, 324, 359, 361, 373, 380, 408, 412, 427, 446, 454, 460;

— пролетариат — 191—192, 204, 214, 215, 226, 319, 414;

— буржуазия — 173, 224, 375;

— ұсақ буржуазия — 241—242;

— шаруалар — 242—243, 311, 442;

— июль монархиясы — 192, 219—220;

— Екінші империя — 192, 204—206, 207, 211, 212, 220, 223, 227, 234, 235, 241—245, 362, 438;

— 1870 жылғы 4 сентябрьде республиканың жариялануы және «Ұлттық қорғаныс» үкіметі — 193, 203, 208, 213—214, 216, 219, 223—227, 230—232, 248—254, 458.

Сондай-ақ қараңыз: *Париж Коммунасы, Франциядағы 1848 жылғы революция.*

Франциядағы буржуазиялық-республикалық партия («National» партиясы) — 192, 214, 233.

Франциядағы 1848 жылғы революция — 25, 192, 230, 241, 250, 326;

— Февраль революциясы — 220, 221, 228, 234, 235;

— июнь көтерілісі — 192, 214, 221, 228, 256, 257, 451.

1871 жылғы Франция-Пруссия соғысы — 181, 189, 192—193, 204—209, 276, 285, 301, 453.

XVIII ғасырдағы француз философиясы — 410.

Фритредерлер — 98.

X

Халық — 308.

Халықтың артық өсіп-өнуі — 308, 309, 311.

Халықшылдық — 414—416, 420, 422, 424—426, 428—429, 437, 438.

Химия — 53, 163—164.

Христиандық — 256, 464.

Ц

Цехтар (орта ғасырлық) — 105, 140, 141, 233.

Ч

Чартизм — 10, 290, 383.

Ш

Шаруалар — 106—109, 112—114, 118, 137—138, 147, 175—177, 235, 326, 355, 396, 400, 440—441.

Швейцария — 41, 266, 267, 290, 409, 421, 448, 455, 458—459.

Швеция — 114.

Шовинизм — 192, 195, 415.

I

Iрі өнеркәсіп — 95—96, 137, 148, 154, 199, 335, 336, 381, 399, 438;

Iшкі рынок — 135—139.

Ә

Экономикалық дағдарыстар — 9, 10, 72, 96—97, 102, 240, 354, 419.

Экономикалық заңдар

— антагонистік формацияларда олардың жүзеге асу сипаты — 11, 89—91, 127, 439, 449.

— коммунизм тұсында олардың жүзеге асу сипаты — 11.

— өндірістік қатынастардың өндіріс күштердің сипатына үйлесу заңы — 417.

Экспроприация

— тікелей өндірушілерді экспроприациялау — 105, 106, 109—111, 115—127, 152, 326, 333—335;

— экспроприаторларды экспроприациялау — 153, 239, 340, 357.

Эльзас және Лотарингия — 190, 209, 210, 212.

Эмиграция — 406.

Энгельстің «Германиядағы шаруалар соғысы» деген еңбегі (жазылу тарихы) — 168, 169.

Энгельстің «Тұрғын үй мәселесі жөнінде» деген еңбегі (жазылу тарихы) — 316—319.

М А З М Ұ Н Ы

К. МАРКС. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІНІҢ ҚҰРЫЛТАЙ МАНИФЕСІ	5—14
К. МАРКС. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІНІҢ ЖАЛПЫ УСТАВЫ	15—18
К. МАРКС. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ АВРААМ ЛИНКОЛЬНГЕ	19—20
К. МАРКС. ПРУДОН ТУРАЛЫ (И. Б. Швейцерге хат)	21—28
К. МАРКС. ЖАЛАҚЫ, БАҒА ЖӘНЕ ПАЙДА	29—79
Алдын ала ескертпелер	29
1. Өндіріс және жалақы	29—32
2. Өндіріс, жалақы, пайда	32—40
3. Жалақы және ақша	40—44
4. Ұсыным және сұраным	44—45
5. Жалақы және баға	45—48
6. Құн және еңбек	48—56
7. Жұмыс күші	56—58
8. Қосымша құн өндіру	58—60
9. Еңбек құны	60—61
10. Пайда товардың өз құнына сатылуынан шығады	61—62
11. Қосымша құнның бөлінетін түрлі бөлімдері	62—65
12. Пайда, жалақы және баға арасындағы жалпы арақатынас	65—67
13. Жалақыны арттыру үшін немесе оның төмендеуіне қарсы күресудің аса маңызды жағдайлары	67—73
14. Капитал мен еңбектің арасындағы күрес және оның нәтижелері	73—79
К. МАРКС. УАҚЫТША ОРТАЛЫҚ СОВЕТТІҢ ДЕЛЕГАТТАРЫНА ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУ	79—88
1. Халықаралық Серіктікті ұйымдастыру	79—80
2. Еңбек пен капитал арасындағы күресте Серіктіктің көмегімен қимылдарды интернационалдық тұрғыдан біріктіру	80—81
3. Жұмыс күнін шектеу	81—82
4. Балалар мен жеткіншектер (ұлы да, қызы да) еңбегі	82—84
5. Кооперативтік еңбек	84—85

6. Кәсіптік жұмысшы одақтары (тред-юниондар). Бұлардың өткендегісі, қазіргісі мен болашағы	85—86
7. Төте және жанама салықтар	86—87
8. Интернационалдық кредит	87
9. Польша мәселесі	87
10. Армиялар	87—88
11. Дін мәселесі	88
К. МАРКС. «КАПИТАЛДЫҢ» БІРІНШІ ТОМЫНЫҢ НЕМІСШЕ БІРІНШІ БАСЫЛУЫНА АЛҒЫ СӨЗ	89—93
К. МАРКС. «КАПИТАЛДЫҢ» БІРІНШІ ТОМЫНЫҢ 1872 ЖЫЛЫ НЕМІСШЕ ЕКІНШІ БАСЫЛУЫНА СОҒҒЫ СӨЗ	94—102
К. МАРКС. КАПИТАЛ. ЖИЙРМА ТӨРТІНШІ ТАРАУ. АЛҒАШҚЫ ҚОРЛАНУ ДЕЙТІН ҚОРЛАНУ	102—153
1. Алғашқы қорланудың сыры	103—106
2. Село халқының жерін экспроприациялау	106—123
3. Экспроприацияланғандарға қарсы XV ғасырдың аяғында шығарылған канқұйлы заң. Жалақыны төмендету мақсатымен шығарылған заңдар	124—132
4. Капиталистік фермерлердің генезисі	132—134
5. Егіншіліктегі революцияның өнеркәсіпке енгізетін кері ықпалы. Өнеркәсіп капиталы үшін ішкі рыноктың жасалуы	135—139
6. Өнеркәсіп капиталісінің генезисі	139—150
7. Капиталистік қорланудың тарихи тенденциясы	150—153
Ф. ЭНГЕЛЬС. К. МАРКСТІҢ «КАПИТАЛЫНЫҢ» БІРІНШІ ТОМЫНА „ДЕМОКРАТИСЧЕСКОЕ ВОСНЕНБЛАТТ“ ҮШІН ЖАЗЫЛҒАН РЕЦЕНЗИЯ	154—161
I	154—157
II	157—161
Ф. ЭНГЕЛЬС. К. МАРКСТІҢ «КАПИТАЛЫНЫҢ» ЕКІНШІ ТОМЫНА ЖАЗЫЛҒАН АЛҒЫ СӨЗДЕН	162—165
К. МАРКС. ҚҰРАМА ШТАТТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҰМЫСШЫ ОДАҒЫНА ҮНДЕУ	166—167
Ф. ЭНГЕЛЬС. «ГЕРМАНИЯДАҒЫ ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА» АЛҒЫ СӨЗ	168—182
1870 жылғы екінші басылуына алғы сөз	168—176
1875 жылғы үшінші басылуына арнап 1870 ж. алғы сөзге жазылған қосымша	176—182
К. МАРКС. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТІГІ БАС СОВЕТІ — ЖЕНЕВАДАҒЫ ОРЫС СЕКЦИЯСЫ КОМИТЕТІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ	183—184
К. МАРКС. ҚҰПИЯ ХАБАРДАН	185—188
К. МАРКС. ФРАНЦИЯДАҒЫ АЗАМАТ СОҒЫСЫ	189—262
Ф. Энгельстің 1891 жылғы кіріспесі	189—201
Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы екінші үндеуі	202—206
Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің Франция-Пруссия соғысы туралы бірінші үндеуі	207—214
Франциядағы азамат соғысы. Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі Бас Советінің үндеуі	215—259

I	215—224
II	225—232
III	232—247
IV	247—259
Қосымшалар	260—262
I	260
II	260—262
Ф. ЭНГЕЛЬС. ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ САЯСИ ҚИМЫЛЫ ТУРАЛЫ 1871 жылғы 21 сентябрьде конференция мәжілісінде сөйленген сөздің авторлық жазбасы	263—264
К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС. ИНТЕРНАЦИОНАЛДАҒЫ ОЙДАН ШЫ- ҒАРЫЛҒАН ШІКТЕЛІСТЕР. ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІК- ТІГІ БАС СОВЕТІНІҢ ЖАБЫҚ НУСҚАУ ХАТЫ	265—306
I	265—268
II	268—277
III	277—285
IV	285—297
V	298—300
VI	300—303
VII	303—306
К. МАРКС. ПАРИЖ КОММУНАСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҒЫ ҚҰРМЕТІНЕ АР- НАЛҒАН МИТИНГІНІҢ ҚАРАРЛАРЫ	307—308
К. МАРКС. ЖЕРДІ НАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛАУ	308—31
К. МАРКС пен Ф. ЭНГЕЛЬС. ГААГАДА БОЛҒАН ЖАЛПЫ КОНГРЕС- ТІҢ ҚАРАРЛАРЫНАН 2—7 сентябрь, 1872 ж.	312—313
К. МАРКС. ГААГА КОНГРЕСІ ТУРАЛЫ. 1872 жылы 8 сентябрьде Амстердамдағы митингіде сөйленген сөздің тілшілік жазбасы	313—315
Ф. ЭНГЕЛЬС. ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ	316—491
1887 жылғы екінші басылуына алғы сөз	316—325
Тұрғын үй мәселесі жөнінде	326—401
I бөлім. Прудон тұрғын үй мәселесін қалай шешеді	326—346
II бөлім. Буржуазия тұрғын үй мәселесін қалай шешеді	346—359
I	346—377
II	359—374
III	374—377
III бөлім. Тағы да Прудон туралы және тұрғын үй мәселесі туралы	377—401
I	377—382
II	382—391
III	391—395
IV	395—401
Ф. ЭНГЕЛЬС. БЕДҒЛ ТУРАЛЫ	402—405
Ф. ЭНГЕЛЬС. КОММУНАНЫҢ БЛАНКІСТІК ЭМИГРАНТТАРЫНЫҢ ПРОГРАММАСЫ («Эмигранттық әдебиет» сериясынан II мақала)	406—413

Н Г Е Л Ъ С. РОССИЯДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ игранттық әдебиет» сериясынан V мақала)	414—439
Россиядағы әлеуметтік мәселе туралы» деген еңбекке соңғы сөз	426—439
АР Қ С. БАКУНИННІҢ «МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ АНАРХИЯ» ДЕГЕН ІНЫҢ КОНСПЕКТІСІНЕН	440—441
Р Қ С пен Ф. Э Н Г Е Л Ъ С. ХАТТАР	442—465
Маркс — Людвиг Кугельманға, 23 февраль 1865 ж.	442—446
Маркс — Людвиг Кугельманға, 9 октябрь 1866 ж.	447—448
Маркс — Людвиг Кугельманға, 11 июль 1868 ж.	448—450
Маркс — Людвиг Кугельманға, 12 апрель 1871 ж.	450—451
Маркс — Людвиг Кугельманға, 17 апрель 1871 ж.	451—452
Маркс — Фридрих Больтеге, 23 ноябрь 1871 ж.	452—454
Энгельс — Теодор Куноға, 24 январь 1872 ж.	455—460
Энгельс — Август Бебельге, 20 июнь 1873 ж.	461—464
Энгельс — Фридрих Адольф Зоргеге, 12[—17] сентябрь, 1874 ж.	464—465
<i>ертулер</i>	466—508
<i>идер көрсеткіші</i>	509—530
<i>и көрсеткіші</i>	531—539

Маркс Карл и Энгельс Фридрих
ИЗБРАННЫЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ в 3-х томах. Том II
(на казахском языке)

ИБ № 979.

Сдано в набор 31.05.78. Подписано к печати 07.07.80. Формат 60×90¹/₁₆. Бумага тип. № 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. Усл. п. л. 34,0. Уч.-изд. л. 35,5. Тираж 8900 экз. Заказ № 992. Цена 1 р. 10 к.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480045, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.